

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

**ЖАҢА ҰЛТТЫҚ ӘЛПБИ:
ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН ЖАҢҒЫРТУ**
(ақпараттық-медиа кеңістіктегі материалдар)

1-кітап

Алматы 2017

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен
«Мемлекеттік тілдің латиницаға өтуі үшін латын графикасын пайдаланудың
Бірыңғай стандартын әзірлеу» жобасы бойынша дайындалды

Жауапты редактор:

филология ғылымдарының кандидаты Айгүл Әмірбекова

Редакция алқасы:

*филология ғылымдарының докторы, профессор Е.Қажыбек (төраға),
филология ғылымдарының докторы, профессор Н.Уәли, филология
ғылымдарының докторы, профессор Ж.Манкеева, филология
ғылымдарының докторы, профессор Б.Момынова, филология
ғылымдарының докторы Қ.Рысберген, филология ғылымдарының докторы,
профессор Қ.Күдерінова, филология ғылымдарының кандидаты А.Хабиева*

Пікір жазғандар:

*филология ғылымдарының докторы Рүстем Шойбеков,
филология ғылымдарының докторы Орынай Жұбаева*

Жауапты шығарушылар:

*Филология ғылымдарының кандидаты Гүлсінай Исаева,
Филология ғылымдарының кандидаты Дана Пашан*

Құрастырушылар:

**Ж.Тұрғанбаева, Н.Бармешова, З.Садырбаева, Н.Оспанғазиева, Б.Жеңіс,
Г.Әбдіхалықова, Ж.Манапбаева, Е.Бесіров, М.Садықова, А.Ақкөзова.**

Жаңа ұлттық әліпби: Қазақ жазуын жаңғырту (ақпараттық-медиа кеңістіктегі материалдар). 1-кітап. – Алматы, 2017. – 537 бет.

Бұл кітапта қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесіне қатысты ой-пікірлер, ғылыми-зерттеу мақалалары, сыни ұсыныстар және қарсылықтар мен қолдау пікірлер ұсынылып отыр. Оның ішінде 2012 жылғы Елбасының жолдауында айтылған латын әліпбиіне көшу мәселесінен бастап, күні бүгінге дейінгі даулы мәселелер сарапталып берілді. Әсіресе А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкерлері ұсынған әліпби жобаларының талдаулары, оның артықшылығы мен кемшілігін талдаған көпшіліктің пікірлері ұсынылды. Сондай-ақ Институт қызметкерлерінің латын науқанында атқарған жұмыстары, ғаламторда және мерзімді бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалары мен сұхбаттары берілді. Бұл кітап латын әліпбиіне көшу тұсындағы тарихи сәттердің айқын айғағы бола алады.

Ұсынылып отырған еңбек қазақ жазуының латын әліпбиіне көшу үдерісімен таныс болғысы келетін миллиондаған студенттер, жастар мен зиялы қауым және қалың жұртшылыққа арналады.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

1-тарау. Латын әліпбиіне көшеміз бе, көшпейміз бе....

1.1 Дүр сілкінткен Жолдау: латын әліпбиіне көшуді қолдаушылар мен қарсылықтар

1.2 Латын әліпбиіне көшу - дұрыс қадам.

1.3 Латын әліпбиіне көшу мәселесі қайта оралды: ұсыныстар, пікірлер, ойтолғамдар

2-ТАРАУ. Бұйрық шықты: тамызық пікірлер мен қызу талқылаулар

2.1 Ұлттық әліпби құрастыруға не кедергі: қазақ тіліне тиімді әліпби жобасын таңдау жұмыстары хақында.

2.2 Ана тілі - ұлттық мәдениеттің коды: төл тілдің мәртебесі артсын десек, ұлттық әліпби жобасы жасалсын

2.3. Жаңа әліпбиге көшудің бейнеті мен зейнеті: қандай кедергілер күтілуде....

3-ТАРАУ. Ғылыми сындарлы-сарабдал ойлар

3.1. Тіл тазалығына ерекше мән беру керек

3.2 «Бір әріп- бір дыбыс» қағидаты

3.3. Жаңа әліпбиге көшудегі мақсат - төл тіліміздің иммунитетін көтеру

3.4. Жаңа латын әліпбидің лингвистикалық және техникалық қырлары

4-ТАРАУ. Жарлық шықты: бейімделу жұмыстары басталды

4.1. Іске кірісетін сәт туды: 32 таңбалы латын әліпбиі таңдалды

4.2 Қазақ-латын апостроф әліпбиінің артықшылықтары мен кемшіліктері

4.3. Жаңа әліпбиге бейімделу: неден бастау керек?

5-ТАРАУ. Көпшілік талқысына салынған латын әліпбиі

5.1 Латын графикасын қабылдауға қарсы хаттар

5.2 Ұсынылған жобалар

5.3 Апострофты латын әліпбиін өзгертуді сұрайтын хаттар

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тілін латын графикасына көшіру Қазақстан қоғамының әртүрлі әлеуметтік топтары арасында қарама-қайшы әсер тудыратын, күрделі үрдіс болып табылады. Осындай қиындықтарына қарамастан, Қазақстан үшін жазу-сызуды реформалау орта және ұзақ мерзімде оның келешегі пайдалы әрі нәтижелі болатыны күмән тудырмайды. Себебі 2012 жылдан бері қарай халық талқысына түскен латын әліпбиін қолдаушылар қатары көбейіп келеді.

Қазақ тілін латын графикасына көшіру нығайып келе жатқан тәуелсіз Қазақстанды жаңа заманауи мемлекет ретінде танытудың жолы болмақ. Бұрынғы кезде қазақ тілінің жазу-сызуын халық сыртқы күштердің, сыртқы мәдениет пен саясаттың ықпалы арқылы қабылдаған болатын. Қазір қазақ тілінің жазу формасы үшін латын әліпбиі саналы таңдау түрінде еркін жүргізіліп отыр.

Оған назарларыңызға ұсынылып отырған «Жаңа ұлттық әліпби: қазақ жазуын жаңғырту (ақпараттық-медиа кеңістіктегі материалдар)» ақпараттық-сараптамалық талдау кітабы айқын дәлел бола алады. Кітапта 2012 жылғы Елбасының жолдауында жарияланған латын қарпіне көшу мәселесінен кейінгі қазақстандықтардың пікірлерінен бастап, күні бүгінге дейінгі, яғни 2017 жылғы латын әліпбиіне көшу Жарлығына дейінгі пікірталастары ақпараттық негізде ұсынылып отыр.

2012 жылғы Жолдаудан кейін латын әліпбиіне көшуге қарсылық басым болғаны айқын. Солай болуы да күтілген жайт еді. Ең бастысы қазақ қоғамы ұлт болашағы үшін алаңдады, жаңа реформаның басталайын деп тұрғанын сезді. Лингвист ғалымдар мен тарихшылар, саясаттанушылар мен философтардың ғылыми талдамаларының нәтижесінде латын әліпбиінің қазақ қоғамы үшін қажет екені, оның даму жолындағы маңыздылығы зор екені айқындалды. Осыдан кейін БАҚ-та бұқара халыққа жаңа әліпбиге көшу заман талабы екенін түсіндіру ағыны жүре бастады. Латынға қарсылық білдірген мақалалардың екпініне ғылыми негіздемесі бар мақалалар араласқанда мерзімді басылымдарда пікірталастар мен ойталастар толқыны өріле түсті.

Кітапта негізінен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қызметкерлерінің БАҚ-та жариялаған мақалалары, телебағдарламаларда берген сұхбаттары, латын әліпбиіне қатысты жүргізілген іс-шаралары туралы ақпараттар берілген. Себебі латынға қатысты пікірталастар, қайшылықтар туындағанда Тіл білімі институты ғалымдарының мақалалары көпшілік арасында сенімді, нанымды сипаттағы негізгі тұжырымдамасымен қолдау тауып отырды.

Уақыт өте келе БАҚ беттерінде қазақ жазуы үшін жаңа реформаның қажет екенін, соның ішінде латын әліпбиіне көшу ұлт болашағы үшін маңызды екенін мойындайтын мақалалар жарық көре бастады. Демек Елбасының сындарлы саясатына деген халықтың оң көзқарасы ояна бастады деген сөз. Кітапта осы даулы таластардың материалдары берілді. Материалдар мейлінше хронологиялық тәртіппен ұсынылды. 2012 жылғы

Елбасы Жолдауынан кейін, артынша латын әліпбиіне ауысуға қарсы ашық хат жарияланды. Ақын Мұхтар Шаханов өз қарсылығын білдіріп, яғни латын әліпбиіне көшуде көршілес түркі тілдес мемлекеттердің қателіктеріне бойұрындыру қаупі бар екенін шырылап айтқан болатын. Осы деректер толықтай жарияланды.

2017 жылдың 12 сәуірінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарияланды. Елбасының мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Ол – Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік дағдыларынан тұтастай арылту. Осы саяси, рухани-әлеуметтік мәні бар мақаланың арқасында халық Латын қарпіне көшу де – еліміз үшін Ұлы көшке ілесудегі батыл бастама екенін мойындағандай болды. Себебі 2017 жылы латынға көшуге қарсылық болған жоқ десе де болады. Жаңа әліпбиге ауысу, төл тіліміздің рухани жаңғыруын қалайтын, қазақ тілінің сапалы қарқынды тілдік қолданысын аңсайтындар қатары көбейгені байқалды.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында латын әліпбиіне көшудің терең логикасы бар екенін, сол орайда бұл істі тезірек қолға алуды тапсырған болатын. Сол уақыттан бері латын әліпбиіне көшудің мәні қоғамда қызу талқыланып, түрлі жобалар да дайындалды. Латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуы қазаққа керек пе, жоқ па? Көше қалсақ, бізге не береді? Бүкіл қазақ халқының көкейіндегі сұрақ осы. Ұтамыз ба, ұтыламыз ба? Шыққан қаражат орны тола ма, әлде толмай ма? Ең бастысы, өзін ғана емес, елін де, ұлтын да ойлайтын зияткерлік ұлтты қалыптастыруға бұл әліпбидің септігі тие ме? Міне, осы сұрақтар туындап, оған жауап іздеген телебағдарламалар да басты тақырыпқа латын әліпбиіне оңтайлы көшу мәселесін қойды. Телебағдарламаларда сұхбат берген Институт ғалымдарының пікірлері толықтай көрсетілді.

Бұнымен қоса, көпшіліктің латынға көшуге қатысты шынайы пікірлері де берілді. Соларға сараптама жасай келгенде, 2012 жылғы латынға көшу пікірлері мен 2017 жылғы пікірлердің арасында айтарлықтай айырмашылық бар екені байқалды. 2017 жылғы көпшілік қауым қазақ тілінің ұлттық негізде жаңғыруына жаңа әліпбидің қажет екенін, жаһандану дәуірінде көштен қалмай, озық технология лебіне ілесу керек екенін сезінгені байқалады. Мысалы, *«Латын графикасына көшкенде жаһандану процесіне және озат технологияға сәйкес біздің қоғамымызға әлемдік ақпараттық кеңістікке кіруге мүмкіндік ашылар еді. Кейбіреулердің пікірлері бойынша, әліпбиді өзгерткенде Ресейден және ресейлік мәдениеттен ашақтап кетеміз және кириллицаға негізделген рухани байлықтарымызды жоғалтамыз дейді. Біз халық болып бұл жазуды қолдап алып кетпесек, өркениетті елдердің қатарына ілесе алмаймыз»* (филология ғылымының докторы, профессор Бекен Сағындықұлы). *«Біріншіден, латын графикасына өтудің оңы мен солын саралап алғанымыз жөн. Соған талдау жасап, мәтіннің оқу әуезін, әдісін, заңдылығын меңгеріп алуымыз керек. Екіншіден, латын әліпбиіне*

көшу үшін емле ережесінің сақталуына баса мән берген жөн. Яғни, бірліктік, ортақ қағида болуы шарт. Үшіншіден, балабақшаларда, мектептерде, жалпы оқу үрдісінде латын әріптерін жазуды үйрететін пән - каллиграфия (жазу өнері) деген сабақты енгізу қажет». (профессор Айман Зейнуллина) «Латын әліпбиіне көшсек, ешқандай қиындық туындамайды деп ойлаймын. Қуантарлығы, бүгінде бастауыш сыныптарда оқитын балаларымыз ағылшынша үйренуде. Білім қуған жастар шет тілдерін меңгеріп, шетелдерде білім алуда. Осы тұрғыдан алғанда латын әліпбиіне көшуден қорқудың еш негізі жоқ деп санаймын» (журналист Арман Қани). «Алға ұмтылған адам үшін алынбайтын қамал жоқ. Мәселен, мен латын әліпбиін білмеймін, бірақ кітаптарды оқи алады екенмін. Себебі, латын қарпі мен ағылшын тілінің әріптері өте ұқсас келетініне көз жеткіздім». (Майя Исақаева). «Ғалымдар айтқандай, алдымен латын әліпбиіне көшу мәселесінің оңы мен солын саралап, елеп-екшеп, сосын ғана нақты бір шешім қабылдау қажет. Себебі, осы мәселеге байланысты қоғам пікірі екіге жарылатыны сөзсіз. Мұны қалыпты жағдай деп түсінуіміз керек. Бірақ бұл ретте орыс тілінің факторын мүлдем жоғалтып аламыз деген ой болмауы тиіс. Кириллица да керек. Өйткені, Қазақстанның Ресеймен экономикалық байланысы 65 пайызды құрайды екен» (тілдерді дамыту бөлімінің сектор меңгерушісі Мейрам Нұғыман). «Бүгінгі таңда кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал қалған мемлекеттердің көбі латын әліпбиін қолданады. Демек, бұл - кең таралған жазу. Қарапайым ғана мысал келтірер болсақ, қазір ұялы телефонда латын қарпінде жазу оңай, ал кириллицада қазақша тере алмай қиналып жатамыз. Себебі, латын әліпбиінің базасы қалыптасқан әрі ауқымы кең».(кәсіпкер Владимир Шнайдер). «Неше таңбаны пайдаланған жөн, ол жағын ғалымдар зерттеп, дәлелдеп, тиімді тұсын ұсынсын. Екінші мәселе, қыруар қаражат қажет дедік. Бұл мәселені шешу – үкіметтің міндеті. Ал әр саланың мамандары өздеріне жүктелген міндетті бұлжытпай орындап, жүйелі жұмыс істеуі тиіс. Біз, қазақстандықтар көпшілік болып латын әліпбиін үйренуге, меңгеруге әзір екенімізді көрсетіп, осындай маңызды қадамға баруға ауызбіршілік танытқанымыз жөн деп ойлаймын».(кәсіпкер Жұмабек Сманов). «Жастардың көбі ағылшын тілін жақсы меңгеруде. Латын әліпбиі соған ұқсас болғандықтан, көп кешікпей сәнге айналады деп ойлаймын. Өйткені, қоғамдағы жарнаманың өзі ағылшынша жазылса, адам назарын бірден аудартады. Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде ағылшынша жазатын жастар көбейіп барады».(студент Жарқынбек Амантай). «Латынға көшсек, сырттағы 5 миллион қазаққа жақындаса түсеміз» ("Жанашыр" қоғамдық қорының президент Жаңыл Әпетова). «Шет тілін меңгеріп жатқан кез келген адам латын қарпін біледі. Ол қазір кеңінен қолданылып та жүр. Қазіргі жастардың барлығы сауатты, латынның негізін біледі. Меніңше, латын әліпбиіне көшу үшін жеті жыл жеткілікті» (ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Ә.Байменов). «Өнер саласында жүргендіктен, шет мемлекеттерде көп болдым. Сол кезде көргенім, өнер туындыларының көбі латын әліпбиінде жазылған және оны

аудару арқылы түпнұсқасын жоғалту қауіпі бар. Сондықтан тарихи жәдігерлеріміздің, өнер туындыларымыздың түпнұсқасын сақтап, тарихи маңыздылығын жоғалтпай жеткізу үшін латын әліпбиіне өткеніміз дұрыс деп бағалаймын. Сонымен қатар біздің келешек ұрпақ ғылыми-техникалық инновация дәуірін-де өмір сүруде. Техника тілі ағылшынша емес пе? Сол үшін қазірден бастап латын әліпбиінде жазып үйренсін, дағдылансын деймін».(халық әртісі Б.Төлегенова). «Латын әліпбиі – әлемде кеңінен тараған әліпбилердің бірі. Тәуелсіз еліміздің латын әліпбиіне көшуі тегін емес, ел үшін жеке басын сипаттайтын, ешкімге еліктемей ұлттық кодымызды одан әрі нық қалыптастыру мақсатында іске асырылып отыр.Латын әліпбиіне ауысу – еліміздің өз дамуын жалғастыруда зор ықпалын тигізеді».(ақын Шөмішбай Сариев). «Латын әліпбиін алыс шет мемлекеттері, оның ішінде ислам әлемінде көшбасшы орындарды алып отырған елдер (Түркия, Индонезия, Малайзия) қолданады. Азия құрлығының мұсылман емес бөлігінде Вьетнам мен Филиппин қолданса, Қытай мен Жапонияда иероглифтік жазумен қатар, латын транскрипциясы пайдаланылады (атап айтсақ, дәл осы жағынан аталған елдерде компьютерлендіру мәселесі шешілген). бүгінгі таңда латын әмбебап халықаралық әліпби болып отыр, әрі оны қолдану «батысшыл» бағыттың белгісі емес, керісінше, бұл Қазақстанның әлемдік қауымдастықтың құрамына толыққанды мүшесі ретінде енуінің тағы бір белгісі іспетті».(саясаттанушы Тимур Козырев). «Техника мен ғылыми-инновация кезеңінде латын әріптерін оқи алатын, латынша жаза алатын маман ғана өз жаңалығымен әлемді таңғалдыра алады». (техника ғылымдарының кандидаты Қ. Тұрсымбекова). «Бұл бастаманы кешіктіруге болмайды. Латын қарпіне көшуде бізде, қазақтарда бірауыздылық болу керек. Кеңес тұсындағы әліпби ауыстырулардың бәрі де саясаттың қолымен жасалған рухани зобалаң екенін жастарға түсіндіріп айтуымыз керек. Ал бүгінгі шешім одан мүлде басқа екенін, болашақ үшін жасаған өзіміздің таңдауымыз болатынын ұғындыру керек». (тарих ғылымдарының докторы Т.Омарбеков). «Шынымды айтсам, бастапқыда үйреніп қалған кириллицамен жүре бергеніміз жөн шығар деген пікірде болғанмын. Бұл мәселенің маңыздылығын терең түсінбеймін. Енді осындағы ғалымдардың пікірлерін естіп, ойымды өзгерттім. Білмейтінім көп екеніне көзім жетті. Менің айтпағым, осы тақырыпты әлі де халық арасында талқылап, түсіндіру жұмыстарын көбірек жүргізген жөн. Әйтпегенде, латын әліпбиінің маңызын түсінбейтін жастар басқаша пікірде болуы мүмкін» (Дәрия Досмағамбетова, ИНЕУ-дің студенті).

Мінекей, халықтың осындай жаңа серпілісі, жаңа әліпбиін қабылдауға деген талпыныс болашақта ұлттық тіліміздің мәртебелі қызмет етуіне толық кепіл бере алады.

Ақпараттық мәліметтерді жинақтаудағы кітаптың басты мақсаты - жаңа әліпбиіге көшу жұмысы мен халықтың оған деген көзқарасы қандай екенін бақылау болатын. Расында да Елбасының игі саясаты мен халықтың үні өзара сабақтас екені байқалды.

Кітаптың 1-тарауында 2012 жылғы Жолдаудан кейінгі, соның ішіндегі латын әліпбиіне көшу туралы ұсыныстан кейінгі көпшіліктің пікірлері, ғылыми ұстанымдар, талқылауға түскен басты тақырыптар аясындағы ойтолғамдардан ақпарат берілген.

2-тарауда 2017 жылғы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында жарияланған латын әліпбиіне көшудің басты қадамдарына қатысты халықтың, зиялы қауымның пікірлері ұсынылған. Латынның тиміді жобасын таңдау барысындағы ғылыми таластар, талқылаулардан үзінді берілді. Ғалымдардың зерттеулері мен латын жобасының ұтымды, ұтымсыз жақтарын саралайтын мақалалары көрсетілді.

3-тараудан латын жобаларының көп болуына байланысты компьютердік, тілтанымдық жобалардың таласы басталғанын байқауға болады. Бұл тарауда ғалымдардың ғылыми-теориялық негіздемесі айқын тұжырымдамалары, лингвистикалық-тарихи зерттеулер, әрбір әріп, дыбыс жүйесіндегі назар алынатын мәселелер, ұлттық тілдің болмысына лайықты әліпби жобасын құру мәселелері сөз болады.

4-тарауда Жарлық шыққаннан кейінгі атқарылған ақпараттық, талдамалық, ғылыми-танымдық жұмыстардың тарихи сәттері баяндалған.

5-тарауда латын әліпбиіне көшудің ғылыми жұмыстарын атқаратын бас мекеме – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына 2017 жылдың 12 сәуірінен бастап келіп түскен хаттар мен іс-қағаздар беріліп отыр. Хаттар бірнеше тақырыптық топтарға іріктелді. Хаттардың берілу себебі - олардың да тарихи мәні бар, сондықтан көпшілік тарихи оқиғалардан ақпараттық мәлімет алуы тиіс. Хаттардың барлығы дерлік жоғары басқару органдарынан келіп түскен, бұнымен қоса қарапайым халықтың ұсыныстары мен өтініштері де тіркелген. Олардың барлығының көздейтіні қазақ ұлтының болашағы екені айқын болды. Әрине бұл – қуантарлық жайт.

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу қарсаңындағы тарихи оқиғалардан ақпараттық мәлімет беретін бұл кітаптың келешек ұрпақ үшін маңызы зор. Себебі, БАҚ беттеріне жарияланған мақалалардың бірқатары жойылып та кетуі мүмкін. Бұл кітапта сол кезеңдегі латын әліпбиіне көшуді қолдаудың да, қарсы болудың да басты себептері тайға таңба басқандай көрініп тұр.

I-тарау

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШЕМІЗ БЕ, КӨШПЕЙМІЗ БЕ....

Латын әліпбиіне көшу – тәуелсіздігімізбен тетелес талқылана дамып келе жатқан ең өзекті те көкейкесті мәселелердің бірі. Бұған латын әліпбиін қабылдаған түркі тілдес көрші мемлекеттердің ұлттық тілін дамыту әрі жетілдіру мақсатындағы реформасы да елеулі ықпал еткені сөзсіз. Содан бері қарай Қазақстанда латын қарпіне ауысу тақырыбы дүркін-дүркін талқыланып, бірде қызу қолдап, бірде жоққа шығарылып, талай рет «жабулы қазан күйінде» қалғаны да өтірік емес. Себебі, бастапқы жылдары расында да кирилл әліпбине үйреніп қалған қазақстандықтардың аса таныс емес латынға көшуге ешбір ынтасы болмады. Бертін келе, қоғам ағымы өзі-ақ латын қарпінде тілдесуге, хат алысуға мәжбүрлей түсті. Олай дейтініміз, халықаралық байланыс еркіндігі, шетелдік білім алу қолжетімділігі қалыптасты, виртуалды, ғаламтор кеңістігіндегі тілдік қатынасты латын әріптерімен таңбалану тиімділігі өрши түсті. Заман, өмір талабына сәйкес ағылшын тілін меңгеруге деген талпыныс арта түсті. Міне, осы факторлардың барлығы 1991 жылы сөз болған латын әліпбиіне көшу мәселесін жеделдетуге негіз болды.

2012 жылдың соңында жариялаған Елбасымыздың жолдауында 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне көшіруге кірісуіміз керек деген ұсынысы жұртшылыққа әртүрлі серпін бергені рас. Әрине, егде жастағылар сол сәтте-ақ латын әрпіне көшуге қарсылық білдірді. Ал әлеуметтік желіде латынша жазып дағдылана бастаған жастар үшін құптарлық жайт болды. Бұл – заңды құбылыс.

Сонау 1991 жылдан бері зерттеп келе жатқан тілші-ғалымдар үшін латынға көшудің нақты қадамының белгілі болғаны қуантарлық хабар болды. Себебі, көпұлтты мемлекетте мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, ұлттық тілдің қызметі мен қолданысын жетілдіру, оның құндылығын сақтаудың бірден бір кепілі - жаңа ұлттық әліпби жасау болатын.

Өздеріңізге белгілі, жолдауда ұсынылған аталмыш мәселеден кейін «латын әліпбиіне көшеміз бе, көшпейміз бе» деген пікірталастар өрши түсті. Тіпті кейбір зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері де қарсы болғаны айдан анық. Елбасына ашық хат жариялағаны да рас.

Дегенмен, тарихи, лингвистикалық тұрғыдан ғылыми талданған мақалалардың жиі жариялануы латын әліпбиіне көшуіміздің маңыздылығы мен қажеттілігін түсіндіріп отыратын көмекші құрал ретінде қызмет етті. Ұлттық бірегейлігі мен ұлттық тілдің мүддесі үшін жасалып жатқан күрделі реформаны әп-сәтте атқару мүмкін емесі анық. Сондықтан түбегейлі өзгерісті жасау алдында оның мақсаты мен міндеттерін, қажеттілігін түсіндіретін насихат жұмыстары жүргізіліп, жұртшылықтың мүдделері ортақтасуын күтуге Елбасымыз 13 жыл (2012-2025жж) беріп отыр.

«Латынға көшеміз бе, көшпейміз бе...» деген тарау 2012 жылдың 14 желтоқсанында жарияланған Жолдаудағы латын мәселесінен бастау алып,

күні бүгінге дейінгі БАҚ-та жарияланған көшу/көшпеу пікірталастарымен жалғасып отырады. Жолдаудан кейін көп ұзамай-ақ 2013 жылдың 13 ақпанында латын әліпбиіне көшуге қарсылық білдіріп 66 қазақтың зиялы қауымы қол қойған ашық хат жарияланды. Бұнымен қоса, бұқаралық ақпарат құралдарына латынға қарсы болып, жеке пікірін білдірген жұртшылықтың да саны көбейе бастады. Осы тұста тарихшылар мен лингвист-ғалымдардың латынға көшудің ұлт мүддесі үшін маңыздылығын ғылыми негізде түсіндірген мақалалары қатар жарияланып отырды. Журналист Қазыбек Исаның «Латын әліпбиіне көшуге қарсылық – ұлт мүддесіне қарсылық!» атты мақаласында латынға қарсы болғандардың да ұлт мүддесін көздейтінін, дегенмен, Қазақстан үшін бір өзгерістің қажет екенін, латын әліпбиіне ауысудың астарында да ұлттық бірегейлікті сақтау саясаты жатқанын түбегейлі түсіндіргенін байқап отырсыздар.

Бұнымен қоса, қазақ тілі үшін жаңа әліпби қажеттілігінің ғылыми уәжі айқындалғаннан кейін, жалпы төл тіліміздің құндылығын жаңғырту, қолданыс аясын кеңейту мәселелері латын әліпбиіне ауысу кезінде оңтайлы шешім табатынына сенім ұялағаннан кейін жұртшылықтың көзқарасы өзгере бастады. БАҚ беттерінде латын әліпбиіне көшуге ниетті тұлғалардың мақалалары жарқын көрініс таба бастады. Одан кейін, «латынға көшеміз бе, көшпейміз бе?», «көшсек қалай болады екен?», «көп қиындықтар туындауы мүмкін, оны қалай шешеміз?», «істі қалай бастау керек?», «алдымен неден бастау керек?» деген екіұшты ойлардың талқысы туындай бастады. Демек, латын қарпіне ауысуға деген оң бетбұрыс қалыптасты деген сөз. Ендігі кезекте ауысу жолдарын анықтау, нақты қай уақытта көшу керек деген сұрақтардың нүктесін қою қажет болды.

Осы тұста Елбасы 2017 жылдың 12 сәуірінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында латын әліпбиіне көшудің нақты қадамдарын атап өтті. 2017 жылдың соңында латын әліпбиінің шешуші нұсқасы белгіленуі керек деген тапсырманың өзі жайбарақат жатқан халықты тағы да бір сілкіп алды. Демек, 2012 жылғы айтылған сөз бекер емес екеніне бәрі айқын көз жеткізді.

Осы тарауда қамтылған материалдарды көріп отырсаңыздар, тіпті БАҚ материалдарын жіті бақылап отырсаңыздар да бұрынғы қарсылық екпіні жоқ. Керісінше латын әліпбиіне көшуді қолдайтындар легі басым түскені байқалады. Бұның барлығы тарихи оқиғалар. Сондықтан да ішінара қарсылық білдіргендерді де жасырып қалуға болмайды. Кітапта 2017 жылғы латын әліпбиіне көшу жұмыстарын белгілеу ісіне де қарсылық білдірген тұлғалардың пікірлері берілді. Бұл жағдайда олардың қарсылығы қаржыны үнемдеу, кирилл әліпбиіне жазылған рухани құндылықтарды латын қарпіне аударудағы ауыртпалық пен қиындықтарды қалай шешу мәселесі аясында ғана айтылды.

2017 жылы латын әліпбиіне көшуді қолдаған зиялы тұлғалар мен қарапайым халықтың пікірлерін түгелдей беруге де болар еді. Дегенмен кітаптің көлемі көтермейтіні анық.

Ең бастысы ұлттық жаңа әліпбиді оңтайлы енгізудің жолындағы Елбасымыздың сындарлы саясаты сәтті орындалып келеді. Төл тіліміздің мәртебесін көтеруге, тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетіп отыратын ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртуға бағытталған әліпби реформасына деген халықтың оң көзқарасы қалыптасты.

1.1. ДҮР СІЛКІНТКЕН ЖОЛДАУ: ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІ ҚОЛДАУШЫЛАР МЕН ҚАРСЫЛЫҚТАР

2006 жылдың 24 қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», – деген сөзінен кейін бұл мәселе қазақ қоғамын біраз дүрліктіріп барып басылды. Содан соң араға біраз уақыт салып, бұл мәселе тағы да көтерілді. Оған ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады», – деп латын графикасына көшудің нақты мерзімін белгілеп берген сөзі себеп болып, қазақтілді қоғам арасында латынға көшу жөніндегі қоғамдық пікір аса жандана түсті. Небір ғылыми, ғылыми-көпшілік баяндамалар жасалып, мақалалар жарияланды. Латыншаға негізделген қазақ әліпбиінің жобалары қалың қауымға ұсынылып, талқыланды.

Демек, тәуелсіздік таңы атқалы бері латынға көшу мәселесі талқыланып келеді. Содан бері бұқара халықтың санасы да үйрене бастады. Тіпті қазіргі жастар ғаламтор желісінде қазақша латын қаріптерімен тілдесуге де дағдылана бастады. Оған қоса түркітілдес мемлекеттермен, соның ішінде әсіресе түрік ағайындармен латын әліпбиінде хат алысу жеңіл бола бастады. Кейбір екі тілге де ортақ сөздердің дыбысталуы мен жазылуындағы ерекшеліктерге мән берілетін болды. Соның негізінде қарапайым халыққа ұлттық тілге тән құбылыстарды тануға мүмкіндік туа бастады. Басқа елдермен салыстырғанда, орфографиясы мен орфоэпиясында айтарлықтай айырмашылығы бар қазақ тілінің төл дыбыстары ұлттық колорит екенін мойындаған халық «Тіл жойылса ұлт та жойылады» деген мақалдың астарын түсіне бастағандай. 70 жыл бойы Кеңес Өкіметінің құрамында болған қазақ ұлтының ана тіліне де төл нышандарынан, яғни ұлттық дыбысталу қасиетінен айрылу қаупі төнгенін тарихтан білеміз. Дегенмен, тәуелсіздігін алып, егемендігін сақтап қалған қазақ үшін ұлттық құндылықтарды қалпына келтіру, жаңғырту оңайға соғып жатқан жоқ. Соның ішінде ана тілінің

мәртебе құруы ұзақ жылдарға жалғасқан созылмалы үдеріс болды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 10 жыл аралығында қазақты қазақша сөйлету мәселесі біртіндеп оңтайлы шешіле бастағанмен, жаппай ісқағаздарды қазақша толтыру мәселесі бүгінгі күнге дейін бірізді жүзеге асып жатқан жоқ.

Елбасының «Қазақ тілінің мемлекеттік қызметте де, өндірісте де, ғылымда да, білім беруде де дәл орыс тілінше қолданылуы үшін бәрін істеу қажет» – деп айтқан пікірі барша қазақ елінің нақты мақсаты болуға тиіс. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып қабылданғанына көп уақыт өтсе де, жұртшылық жүз пайыз қазақша сөйлеп кете қойған жоқ. Осыдан кейін, ақпарат беттерінде «әлемде әр екі апта сайын бір тіл жойылып кетеді екен. Қазақ тілін де жоғалтып аламыз-ау» – деп күдіктенген тіл жанашырлары арасында қызу тартыстар әлі күнге дейін жүріп келеді.

Мемлекеттік тілдің толыққанды қызметін қалыптастыру үшін қаншама бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылды. Олардың елеулі ықпалы болғанымен, басты мәселені толыққанды шеше алмады. Латын қарпіне көшу үрдісінің басты мақсаты да - осы проблеманы түбегейлі шешу.

Елбасымыздың жылдар бойғы бақылауы, сарапқа салып, ой қорытуы, көрші мемлекеттердің тәжірибесін ескеруі елімізде қазақ тілінің еркін қолданысын жаңғыртуға бағытталған болатын. Қазақ тілінің ұлттық құндылықтарын жойып алмай ұрпақтан ұрпаққа сол қалпында жеткізу үшін жаңа ұлттық әліпби жасау, соған дағдылану жоспарланды. Жаңа ұлттық әліпби ретінде латын қаріптеріне көшу туралы Елбасымыз халқына жолдау жолдады. Қолдаушылар да болды. Қолдамаушылар да болды. Зерттеуші ғалымдар қазақ дыбыстарын латын қаріптерімен таңбалаудың, яғни жаңа әліпби арқылы ұлттық мүмкіндіктерді сақтап қалуға, қайта жаңғыртуға толық негіз бола алатынын алға тартып, халықтың көзін ашуға тырысты. 2012 жылғы Жолдаудан кейінгі елдің реакциясы, латын әліпбиіне көшуді қолдаушылар мен қолдамаушылар болып екі бөлінуі туралы деректер осы тараушада ұсынылып отыр.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ 2012 жылғы 14 желтоқсан

7. Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі

Үшінші. Қазақ тілі және тілдердің үштұғырлылығы.

Жауапкершілікті тіл саясаты қазақ ұлтын біріктіруші басты факторлардың бірі болып табылады.

(1) Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз.

Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі

тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет.

Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек.

Біз 2025 жылдан бастап **әліпбиімізді латын қарпіне**, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз.

Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады.

Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет. Бұл мәселе оқшауланған қайраткерлердің ортасында шешілмеуге тиіс. Үкімет мұны реттегені жөн.

Бүкіл әлемде бірдей қабылданған терминдер бар. Олар кез келген тілді байытады. Біз өмірді өзіміз күрделендіре түсеміз, түсінбестікке бой алдырып, ақыл-ойды сапырылыстырамыз, көнерген сөздердің шырмауынан шықпаймыз. Мұндай мысалдар аз емес.

Мен қазіргі тілде жазылған кемінде жүздеген қазіргі кітаптардың тізімін жасап, қазақ тіліне қазіргіше аударуды ұсынамын. Бәлкім, жастар арасында конкурс жариялау керек шығар: өздеріне не нәрсе қызықты әрі пайдалы екенін олар да айтсын.

Abai.kz

13.02.2013

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУГЕ ҚАРСЫМЫЗ!

Қазақстан Республикасының Президенті [Н.Назарбаев](#)қа,
Қазақстан Республикасының Премьер Министрі [С.Ахметов](#)ке,
Қазақстан Республикасының Парламент депутаттарына
және қазақ халқына

АШЫҚ ХАТ

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы кейбір ғалымдар, қоғам қайраткерлері бірнеше жылдан бері әңгіме қозғап келеді. Жуырда Президенттің «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында латын әліпбиіне көшу 2025 жылы жүзеге асатындығы айтылды. Жолдаудан кейін біреулер латын әліпбиіне 2017 жылдан бастап бұрылайық десе, базбіреулер, тіпті, ертеңнен бастап көшуге әзір екендіктерін білдіруде. «Латын графикасына бүкіл Қазақстан, еліміздегі барлық басылымдар, барлық ұлт өкілдері бірлесіп көше ме, жоқ,

немесе жалғыз қазақ тілі ғана бет бұра ма?» деген сұрақ алдымызды орады. Егер бүкіл республика латынға көшуді мақсат тұтса, онда біз бұл ашық хатты жазуға ниеттенбес те едік. Латын қарпіне «Мемлекеттік тіл» деген аты бар да заты жоқ жалғыз қазақ тілі ғана көшпек. Бұл еліміздің бірлігіне, тұтастығына нұқсан келтірмей ме? Ендеше осы істе жолымызды екі үлкен мәселе кескестеп тұр.

Бірінші мәселе – мынау. Осы күнге дейін Республикамызда еліміздің ежелгі, кейінгі тарихына, мәдениетіне, рухани құндылықтарына байланысты және ғылымымызды, әдебиетімізді, салт-санамызды әспеттейтін миллиондаған атпен кітаптар, ғылыми еңбектер басылды. Латын әліпбиіне көшкен жас бүлдіршіндеріміз кириллицада басылған баба тарихымыздан, рухани парасатымыздан қол үзіп қалатыны айдан анық. Латыншаға ауысқан Өзбекстан мен Әзірбайжан республикаларының қаншама ғылым, әдебиет, өнер қайраткерлері бізге осы мәселе төңірегінде өз өкініштерін білдіргені жадымызда. Мәселен, Өзбекстанда, кириллица дәуірінде жарты миллион данамен, немесе 300, 200, 100 мыңмен шығып тұрған газеттер 5 мың, 3 мың, тіпті мың данаға дейін құлдыраған. Бұл ғасыр компьютер ғасыры болғанымен, күні бүгінге дейін жарық көрген кітаптардың 20, тіпті 10 пайызын латын әліпбиіне аударуға миллиардтаған қаржы қажет. Басқа шараларды жиып қойғанның өзінде, үкімет соңғы жылдары мектеп оқулықтарын жеткілікті түрде басуға қаржы таппай жатқанда, қарын мүддесі ғана алға шығып, онсыз да қауқарсызданған рухани парасатымызды мүлде тұқыртып алатынымыз ешкімге құпия сыр емес.

Базбіреулер латын әліпбиін нақ бір қазақ немесе түрік халықтарының бірі ойлап тапқандай құлшыныс танытады. Латын әліпбиін біздің эрамызға дейінгі IV-III ғасырларда көне римдіктер қолданған. Ол итальян тобындағы жазу. Тағы біреулер кириллицадан кетсек, орыс отаршылдығынан құтыламыз деп кеуде соғады. Бұл қиял ғана. Олар кириллицаның IX ғасырдың аяғында, X ғасырдың басында грек жерінде, кейіннен грек діни уағыздарын славян халықтарына тарату мақсатында дүниеге келгенін аңғара бермейді. Кезінде халқымыздың ұлы ғұламасы Ахмет Байтұрсынұлының өзі мынадай пікір білдірген екен: «Латын әрпін алу деген тіршілік мұқтаж қылғаннан ділгерлік қысып туғызып отырған мәселе емес... Әліппеде бірден мәдениет түрінің төбе басына шығарып жіберетін адам білместей айрықша қасиет те, жасырын сыр да болмасқа тиіс».

Әліпби ауыстыру арқылы мүшкіл халде тұрған тіліміздің жағдайын онан сайын әлсірететінімізді көп адамның түсінбейтініне қайран қалудамыз. Егер Жапонияда бала 12 жасқа келгенше тек өз ана тілінде тәрбиеленіп, бірінші кезекте ана қуатын бойына сіңірсе, бізде балабақшадағы нәрестеден және мектептерде 1-ші сыныптан бастап «Үш тұғырлы тілдің» салтанат құруы, әрі оған латын әліпбиіне көшу идеясының келіп қосылуы ана тіліміздің болашағын қанатсыз, мүлде ажарсыз етері даусыз.

Енді ең басты мәселеге, яғни, біздің үлкен қарсылығымызды тудырған екінші мәселеге назарларыңызды бұралық. Үндеуге қол қойған адамдардың бірімен, осыдан үш жылдай уақыт бұрын, [Астанадағы Н.Назарбаев](#) атындағы

орта мектепте кездесу өткен. Әрине, көлемі мен жас оқырмандарға жасаған ыңғайлылығы мен қамқорлығы жағынан бұл білім ордасына тең келер мектепті тек Қазақстаннан ғана емес, күллі әлемнен табу оңай соқпайтын шығар. Осы мектепте оқитын бүлдіршіндердің 22 сыныбы қазақша, 22 сыныбы орысша білім алады екен. Ал орыс тілінде оқитындардың шамамен 90 пайызға жуығы қазақтар, негізінен билік басында жүргендер мен қалталы кәсіпкерлердің перзенттері болып шықты. Тура сол кезеңде [Астанадағы](#) қазақ балаларының 47 пайызы тек орыс мектептерінде оқитыны айқындалған-ды. Биліктің жасырын тапсырмасына орай, мұндай мәліметтер бұл кезеңде құпия ұсталады. Қазақ балаларының космополиттенуін зейін қойып зерттеген адам, еліміздің басқа қалаларындағы жағдай [Астанадағыдан](#) әлдеқайда сорақы екендігіне көз жеткізеді. Бірнеше жыл бұрын Президенттің өзі де қазақ халқының тең жарымынан астамы өз ана тілінде оқып, жаза алмайтынын айтқан еді. Өткен жылы билік маңындағы бір шенеунік «бүгінгі таңда қазақтардың тек 30 пайызы ғана ана тілін білмейді» деген жалған мәлімет таратты. Билікке осы мәлімет қолайлы. Әйтпесе, олар 2020 жылға дейін қазақша сөйлейтіндердің санын қалай 95 пайызға жеткізе алады? Ал, «Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының мәліметіне сүйенер болсақ, қазіргі кезеңде қазақтардың 60 пайызға жуығы өз ана тілінде оқи алмайды, жаза алмайды. Міне, мәселе қайда жатыр? Енді осындай кезеңде «Латын әліпбиіне көшейік!» деген мақсат алдымызды орады.

Қазіргі таңда елімізде, қазақ тілінде 500-дің арғы, бергі жағында ғана газет-журнал бар екенін, оның 300-і тек [Шымкент](#) қаласынан шығатынын көп адам біле бермеуі мүмкін. Латыншаға көшкеннен кейін ол басылымдардың таралымы күлкілі жағдайға дейін құлдырап, күрт төмендейді. Республикамызда 2500-ге жуық баспасөз тек орыс тілінде жарық көреді. Бұған қоса Ресей Федеративтік Республикасынан Қазақстанға жыл сайын 5 жарым мыңға жуық газет-журналдың келіп таралуы және Қазақстан қалаларындағы кітап дүкендерінің бәрінде дерлік 80, 90, 95, 100 пайызға дейін тек Ресей баспаларының өнімдері сатылуы, қазақ тілді қауымды «Осы біз Қазақстанда тұрамыз ба, жоқ әлде Ресей құрамына еніп кеттік пе?» деген ой көп жылдан бері мазалауда. Республикамызда жалғыз қазақ тілінің ғана латыншаға көшуі, туған тілімізде оқып, жаза алмайтындардың санын күрт көбейтіп, кириллицаның бағын одан сайын жандыра түсетіні күмәнсіз.

Латын әліпбиіне Түркия 1928 жылы көшкен. Егеменді ел атанғаннан кейін Әзірбайжан, Өзбекстан, Түрікменстан республикалары латын қарпіне ауысты. Осы қатарға туысқан ел болғандықтан біздің де қосылуымыздың еш сөкеттігі жоқ екені рас. Бірақ, бұл жерде жұрттың бәрі терең түрде аңғара бермейтін мынадай бір үлкен проблема бұғып жатыр. Алдымен Өзбекстандағы жағдайға үңілетік. Бұл мемлекетте тұратын басқа ұлт өкілдері де, тіпті, орыстар да өзбек тілінде сөйлейді. Өзбек тілі мемлекеттік тіл ретінде үлкен беделге ие болса, бізде қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бейшара халде. Ғаламторда болсын, баспасөзде болсын қазақ тілінің мүдделеріне ашық түрде қарсы шығып жүрген басқа ұлт өкілдері емес, өз ішімізден шыққан шала қазақтарымыз. Кириллицада тұрғанда олардың ана

тілін үйренуге құлқы соқпағанда, латын әліпбиіне көшкенде ұлттық сезімі оянады деп ойлау мүлде қате түсінік. Тіпті билік басындағылар «қазақ тілі республикамыздағы басқа тілдерді басып кетпеуі керек» деген пікірді де алға шығарды. Онда оның несі мемлекеттік тіл? Жоғарыда айттық, «бүгінгі таңда қазақтардың 60 пайызға жуығы өз ана тілінде оқи алмайды, жаза алмайды» деп. Ең бастысы, өзбек халқы біздер сияқты «ана тілін меңгерген қазақтар» немесе ана тілін менсінбейтін «космополит қазақтар» болып екіге бөлінген жоқ. Олардың бізден артықшылығы да осында. Әліпби негізінде қазақтарды ашық түрде екіге бөлу қылмысқа барабар іс. Сондықтан да, латын қарпіне көшу – орны толмас өкінішке бастары хақ.

Жуырда осы хатқа қол қойған адамның бірі мынадай өлең жариялады:

«Рас, қазақ жылдам ашсын ғаламторлық құлыпты.
Компьютерге бола сонда жоямыз ба ұлтты?
Латын қарпін меңгеруді міндет етіп қоюға,
Болмайды ма, қиын ба әлде, солай канат жаюға?
Ұлтсыздану жағынан біз тұрмыз жардың шетінде,
Қазақтай көп орыстанған ұлт жоқ жердің бетінде.
Әзірбайжан, өзбектерден айырмамыз осында,
Сондықтан да, зор қасірет қол бұлғап тұр қасыңда...
Кімдер онда ұлтқа мұндай жұмбақ шідер тастады?
Өз тілінде ойлай алмас,
Өз тілінде сөйлей алмас,
Нәм жаза алмас, қазақтың тең жарымынан астамы.
Секілденіп «ұлтсызданған бөлек қазақ аралы»,
Олар түгел кириллица аумағында қалады.
Ортақ елдік мүдделерді тастап желдің өтіне,
Сөйтіп қазақ ашық түрде бөлінеді екіге...»

Осылай болатынына күмән жоқ. Ендеше неге онсыз да аз қазақты екіге бөлер, сол арқылы тұтас ұлттық мүддеге, ортақ ұлттық сенімге сына қағар, сөйтіп, бірте-бірте халқымызды жояр іске бет бұрғалы отырмыз? Рас, латын әліпбиінің компьютерді жан-жақты меңгеруде және түркі тілдес ұлттарды бір-біріне жақындастыруда пайдасы бар екенін ешкім жоққа шығармайды. Билік тапсырма берсе, міндеттесе, еліміздің тағдырына залал келтірер мұндай зиянды шараға бармай-ақ латын қарпін үйреніп алу, кез келген сауатты адамға пәлендей қиындық тудырмайды... Иә, әлі де ойлануға, толғануға уақыт бар. Болашақта Президент те, Үкімет те осы аса күрделі мәселеде әділетті шешімге бас қояр деген сенімдеміз.

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы;

Амангелді АЙТАЛЫ, қоғам және мемлекет қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор;

Шериаздан ЕЛЕУКЕНОВ, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы;

Мекемтас МЫРЗАХМЕТОВ, «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты;

Мұхтар ШАХАНОВ, «Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының төрағасы, Қазақстанның Халық жазушысы;
Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы;
Нұрғали НҮСПЖАНОВ, ҚР халық әртісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты;
Оразалы СӘБДЕН, Қазақстан Ғалымдар Одағының президенті, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты;
Эрнест ТӨРЕХАНОВ, жазушы, [Алматы](#) қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, Республикалық М.Әуезов атындағы сыйлықтың лауреаты;
Әзімбай ҒАЛИ, саясаттанушы, тарих ғылымдарының докторы;
Софы СМАТАЕВ, жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты;
Марал ЫСҚАҚБАЕВ, жазушы, Қазақстан авторлар қоғамының төрағасы;
Еркін РАҚЫШЕВ, «Жас Ұлан» киностудиясының директоры;
Хайролла ҒАБЖАЛИЛОВ, «Алаш» тарихи-зерттеу орталығының президенті;
Совет-Хан ҒАББАСОВ, жазушы, Медицина және педагогика ғылымдарының докторы, Махамбет сыйлығының лауреаты, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері;
Жұбаныш ЖЕКСЕНҰЛЫ, әнші, ҚР Мәдениет қайраткері;
Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты;
Құдияр БІЛӘЛ, жазушы, ҚР Мәдениет қайраткері;
Мереке ҚҰЛКЕН, жазушы, «Өлке» баспасының президенті;
Ертай АЙҒАЛИҰЛЫ, «Қазақстан-Заман» газетінің бас редакторы;
Қоғабай СӘРСЕКЕЕВ, «Қазақ» газетінің және «Айқап» журналының бас редакторы;
Аманхан ӘЛІМ, ақын, М.Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты, ҚР Мәдениет қайраткері;
Марат ТОҚАШБАЕВ, «Президент және халық» газетінің бас редакторы;
Әшірбек СЫҒАЙ, сыншы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты;
Мэлс ЕЛЕУСІЗОВ, «Табиғат» экоодағының төрағасы;
Сәуле ӘБЕДИНОВА, Қазақстан журналистер Одағының мүшесі, «Ақжүніс [Астана](#)» журналының бас редакторы;
Жасұлан СҰЛТАН, «Жастар today» газетінің бас редакторы;
Бейбіткүл ТОҚАБАЕВА, «Мырза» газетінің бас редакторы, Қалдыбек ҚҰРМАНӨЛІ, композитор, шәмшітанушы;
Көбейсін АЛТЫНБЕКОВ, медицина ғылымдарының докторы, профессор;
Назарбек ҚАНАФИЯ, филология ғылымдарының кандидаты;
Бақытжан ТОБАЯҚОВ, ақын, ҚР Мәдениет қайраткері, Ә.Бөкейханов атындағы сыйлықтың лауреаты;
Иса ОМАР, «Замана» баспа үйінің бас директоры, «Жалын» журналы тағайындаған Ғ.Мүсірепов атындағы сыйлықтың иегері; Қажымұқан ҒАБДОЛЛА, «Қазақ елі» газетінің бас редакторы;
Әлібек ҚАЛАМБАЕВ, КСРО халық ағарту ісінің үздігі, Сарыағаш ауданының құрметті азаматы;
Өмірзақ АҚЖІПТ, журналист;
Мырзан КЕНЖЕБАЙ, ақын, ҚР мәдениет қайраткері;
Бейсенғазы СӘДУҰЛЫ, «Желтоқсан ақиқаты» қоғамдық бірлестігінің төрағасы;
Жангелді ШЫМШЫҚОВ, [Астана](#) қалалық тіркелмеген «Халық рухы» партиясы ұйымдастыру комитетінің төрағасы;
Болат ТӨЛЕПБЕРГЕН, [Астана](#) қалалық «Тәулсіздікті қорғау» қозғалысы төрағасының орынбасары;
Тілеуғазы БЕЙСЕНБЕК, ақын, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі;

Марат БӨТЕЕВ, «Аллажар-қолдау» қоғамдық қорының төрағасы;
Сабыржан ШҮКІРҰЛЫ, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері;
Секен ТҰРЫСБЕКОВ, күйші-композитор, «Ақжауын» Мемлекеттік камералық оркестрінің көркемдік жетекшісі, ҚР еңбек сіңірген әртісі;
Қарлығаш ҚОЖАМҰРАТОВА, «Алаш аманаты» қоғамдық бірлестігінің төрайымы;
Тілеуберді БІНӘШЕВ, мүсінші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері; Әбиірбек ТІНӘЛИЕВ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері;
Тоғайбай РЫСБЕК, журналист;
Жадыра СЕЙДЕШ, ҚР тұңғыш Президенті қорының 2012 жылғы журналистика саласы бойынша лауреаты;
Геройхан ҚЫСТАУБАЕВ, қоғам қайраткері;
Шәкизада ӘБДІКӘРІМОВ, Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясының төрағасы, республикалық «Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының Қызылорда облыстық филиалының төрағасы;
Ұларбек ДӘЛЕЙ, ақын, Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтың лауреаты;
Нұржан ОШАНБЕКОВ, «Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының жауапты хатшысы;
Кәмнұр ТӘЛІМҰЛЫ, Талғар аудандық мемлекеттік тілді оқыту орталығының директоры;
Аманғазы КӘРІПЖАН, ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі;
Жұмаш КЕНЕБАЙ, «Таным» пікірсайыс клубының жетекшісі;
Мақсұт ҚАЛЫБАЙ, Қазақстан Республикасына ерекше еңбегі сіңірген зейнеткер;
Бақтыбек ИМАНҚОЖА, «Желтоқсан рухы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы;
Жанна ИМАНҚҰЛОВА, журналист, Ғ.Мүсірепов атындағы сыйлықтың лауреаты;
Нұрғали ЖҮСПАЙ, Дүниежүзі түркі жастары одағы Демократия және адам құқықтары орталығының координаторы;
Бекзат СМАДИЯРОВ, ақын, Төлеген Айбергенов атындағы сыйлықтың лауреаты;
Берік АҒЫБАЕВ, «Болашақ» қозғалысының жастар қанатының жетекшісі;
Жарылқасын ДӘУЛЕТ, сазгер, ҚР Мәдениет қайраткері; Фазылбек ӘБСАТТАР, журналист, саясаттанушы;
Сахан ӘКЕЛЕЙ, әнші, Халықаралық әншілер конкурсының лауреаты, Ұлттық Өнер академиясының аға оқытушысы;
Еркінбек СЕРІКБАЙ, жазушы, Республикалық «Тәуелсіздік толғауы» байқауының лауреаты;
Барлығы 66 адам. Қол қою әлі де жалғасуда.

«Serke.org» ақпараттық-сараптамалық сайты
16 сәуір 2013
Serke.org

АҚЫН МҰХТАР ШАХАНОВ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУГЕ ҚАРСЫ

"Мемлекеттік тіл" қозғалысының төрағасы Мұхтар Шаханов латын әліпбиіне өтуге қарсылық білдірді. Адуынды ақын өзінің дәлелін айтты.

Мұхтар Шаханов: Латын әліпбиіне көшейік деп жатыр. 2025 жылдан бастап түбегейлі көшеді. Кейбіреулер осы 2017 жылдан көшейік деген ұсыныс айтып жатыр. Біреулер тіптен келесі жылдан бастап кірісейік бұл

мәселеге деп жатыр. Жұрттың біраздары соны қолдап жатыр. Ал біздің көзқарасымыз басқа. Өйткені біз де осыны зерттегенбіз, белгілі деңгейде білеміз деп айтуымызға да болады. Енді бүгінге дейін, бүгінгі күнге дейін мынау кириллицада миллионнан астам кітап басылған. Әр түрлі ғылыми еңбектер бар оның ішінде. Одан да басқа түрлі-түрлі мәселелер жетіп артылады. Ал енді соған көшетін болсақ, мұның барлығы қалады. Оларды, әрине, іріктеп, тандап бастыруға болады, бірақ оны кім басып береді деген сұрақ туады. Жақында менде бір топ мектептің директорлары болды. Олар айтты: мына кейбір оқулықтарды мектепте бес-алты баладан оқып жатыр екен, бірлесіп, бес-алты бала. Неге десек, мына мемлекеттің қаржысы жоқ оған, жаңағыны басуға. Сондықтан бес-алты баладан бірлесіп оқып жатыр екен. Ал енді мемлекет тек мектеп оқулықтарын баса алмай отырған кезеңде кім басып береді оның барлығын? Бір.

Ал енді, екінші мәселе. Латын әліпбиіне көшейік дейік, мысалы. Бүгінгі таңда қазақ халқының 60 пайызға жуығы, кезінде Президент тең жарымнан астамы, 50 пайыздан астамы деп айтқан, 60 пайызға жуығы, керек десеңіз одан да көбейіп кетуі мүмкін, өз ана тілінде оқи алмайды, жаза алмайды, рухани мүгедекке айналған. Қазір кез-келген мекемеге барайық. Қазір осында айтыңыздар, пәлен деген мекеме бар, қазақтың жігіттер көп істейтін мекеме болсын. Соған барайық. Егер сол мекемеден өз ана тілінде жаза алатын он адам тауып берсеңіздер, мен сіздердің беттеріңізден сүйейін. Он адам тауып берсеңіздер. Кезінде мына үкіметте 300-ге жуық қазақ істеді. Ал соның ішінде бесеуі ғана өз ана тілінде жаза алатындар еді. Бесеуі ғана. Өнеугүні мен Астанадағы ауруханада жаттым, Президенттің іс басқармасы ауруханасында. Сонда 300-ге жуық қазақтың қыз-келіншектері жұмыс жасайды екен. Ал солардың 90 пайызы бір-бірімен тек орысша сөйлеседі. 90 пайыз. Сондықтан мынау қазіргі кезеңде... Өнеугүні біреулер шығып айтып жатыр онда биліктің тапсырмасымен. Ойбай, бізде өз ана тілінде оқи алмайтын, жаза алмайтын 25 пайыз ғана адам екен. Атасының басы. Ол шыли өтірік. Кейбір жерлерде 70 пайызға кетіп қалған. Астанада оқитын қазақ балаларының 47 пайызы тек орысша оқып білім алады, мектепте.

Көшеде біз зерттеу жүргіздік. Көшеде, Астанада, әрбір әңгімелесіп кетіп бара жатқан адамдардың, он топ іріктесек, соның сегізі не тоғызы бір-бірімен орысша әңгімелесіп бара жатады. Сондықтан мына халқымыздың үлкен бөлігі өз ана тілінде оқи алмайды, жаза алмайды. Ал латын әліпбиіне көштік дейік. Сонда аналардың барлығы, қазір кириллицаның өзінде үйренбей жүргендер, латын әліпбиіне көшкенде үйрене ме? Оның бәрі сол жақта қалады. Ал содан кейін ауылдан келген жігіттердің, енді бұл қазақтың шамамен 20 пайызы, осы Алматыда, Астанада, басқа қалаларда қызмет жасап жүр. Солардың барлығы қазір арба тасып жүр базарларда, содан кейін күзетшілікте жүр. одан кейін әр түрлі жұмыстарда жүр. Міне сондай жұмыстарда жүр, 20 пайызы қазақтардың. Ал сонда 80 пайыз қазақ балаларын асырай ма, жоқ әлде латын әліпбиін үйрене ме? Міне мәселе. Сонда 80 пайыз қазақ өзінің несінде қалады. Содан кейін олар, ана газеттердің барлығы, мына қазақ газеттерінің барлығы неге көшеді ғой енді,

латын әліпбиіне. Ал сонда олар тек орыс тілінде шыққан газеттерді алады да, соны оқи береді. Міне, сондықтан бұл тікелей қазақ халқын екіге бөледі.

Содан кейін, мынау Өзбекстан көшті, Әзірбайжан көшті. Өзбекстанда да, Әзірбайжанда да менің таныстарым, жақын адамдарым көп. Солардың барлығы қарсы пікір білдіріп отыр. Ал енді, кезінде Өзбекстанда, жаңағы, жарты миллион тиражбен шыққан газеттер қазір үш мың тиражбен шығып тұр. Үш мың тиражбен. Біреулері ғана бес мыңмен шығып тұр. Ал енді қазақшаға көшіңіздер, мына Егемен Қазақстанның өзі мың данаға түседі. Міне сонда қалай болады. Ал егер бүкіл Республика болып көшетін болсақ, мына Қазақстанда қаншама өзбек газеттері бар, ұйғыр газеттері бар, содан кейін басқа тілде шығатын газеттер бар, орыс тілінде шығатын басылымдар бар, ал солардың барлығы көшетін болса, онда біз бұған қарсы емеспіз. Ал бірақ тек қазақ тілін ғана көшірмекші. Басқа газеттер өз орнында қалады. Өзбекше шығатын газеттер өзбекше шыға береді. Орысша шығатын газеттер орысша болады. Солай қала береді. Тек қазақ тілін ғана көшірмекші. Бұл кімге керек? Бұл – тікелей ұлтты жоюға бастайтын қадам. Міне. Содан кейін, біз бекерден-бекер қарсы шықпаймыз. Мысалы, 1989 жылы орыстың тілі мемлекеттік тіл болып кеткен кезде, басқа депутаттардың бәрі үстелдің астына кіріп кеткен кезде, сол кезде мен билікке қарсы шықпағанымда, ал бұның аяғы екінші Желтоқсан болады, бүкіл елді көтереміз деп билікке қарсылық айтпағанымда, сонда орыстың тілі мемлекеттік тіл болып кеткенде, бүгінгі таңда қазақтың 85-90 пайызы орыс болып отырған болар еді. Білдіңіздер ме? Ал сол кезде мен бүкіл Мәскеуде сөйлеген сөзімде, Желтоқсан туралы сөйлеген сөзімде, барлық одақтас республикалардың тілдеріне, автономиялы республикалардың тілдеріне, автономиялы округтардың тілдеріне мемлекеттік мәртебе беру мәселесін бірінші болып көтергенмін. Сөйтіп, Расул Ғамзатов екеуіміз Горбачевты көндіргенбіз. Сонда бүкіл Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Әзірбайжан өздерінің тілдерін мемлекеттік тіл жасағанда, Қазақстан бірден орыс тілін мемлекеттік тіл етіп жіберді. Сонда мен үндемей қалғанымда, осы күнде жағдайларын басқаша болар еді. Ал енді біз Қазақстандық ұлтты тоқтатпағанда, не болар едіңдер?

Сондықтан, Қазақстандық ұлт өзінің негізін американдық ұлттан алады. Бәріміз бір ұлт болуымыз керек. Тіл болмайды, қазақтың мектептері болмайды. Міне, соған кіргізіп қойған кезде біз тоқтаттық қой. Сондықтан біз бекерден-бекер айқайламаймыз. Алғашқы кезде бізге бәрі қарсы шығады. Ал кейін барып дұрыс екен дейді. Міне, сондықтан, қазіргі кезеңде латын әліпбиіне көшу – бұл тікелей ұлтты жоюға бастайтын қадам.

Зейнеп Базарбаева
доктор филологических наук,
профессор Института языкознания им.
А. Байтурсынова

О ПЕРЕХОДЕ КАЗАХСКОГО АЛФАВИТА НА ЛАТИНСКУЮ ГРАФИКУ

В Послании Президента народу «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» сказано, что нужно провести модернизацию казахского языка, который «должен стать консолидатором народа Казахстана».

«Казахский язык - это наш духовный стержень. Наша задача - развивать его, активно используя во всех сферах. Мы должны оставить в наследство нашим потомкам современный язык, в котором к опыту многих поколений наших предков был бы гармонично добавлен и наш заметный след... Наш суверенитет, наша независимость наконец-то обретут то, что скрепляет нацию, цементирует ее, - это родной язык. Это главный бриллиант в короне суверенности нашего государства», - сказано в Послании.

Говоря о необходимости перехода казахской письменности на латинскую графику, Лидер нации отмечает, что процесс перевода казахского языка на латиницу должен быть хорошо подготовленным и взвешенным. Он создаст условия для нашей интеграции в мир, лучшего изучения английского языка и языка Интернета.

В Послании Президента народу «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» сказано, что нужно провести модернизацию казахского языка, который «должен стать консолидатором народа Казахстана».

«Казахский язык - это наш духовный стержень. Наша задача - развивать его, активно используя во всех сферах. Мы должны оставить в наследство нашим потомкам современный язык, в котором к опыту многих поколений наших предков был бы гармонично добавлен и наш заметный след... Наш суверенитет, наша независимость наконец-то обретут то, что скрепляет нацию, цементирует ее, - это родной язык. Это главный бриллиант в короне суверенности нашего государства», - сказано в Послании.

Говоря о необходимости перехода казахской письменности на латинскую графику, Лидер нации отмечает, что процесс перевода казахского языка на латиницу должен быть хорошо подготовленным и взвешенным. Он создаст условия для нашей интеграции в мир, лучшего изучения английского языка и языка Интернета.

Общественность Казахстана поддержала эту идею Президента, и в последнее время на страницах печати стали появляться статьи о различных способах перехода на латиницу. Если вспомнить предысторию вопроса, то еще в начале 90-х годов прошлого столетия с обретением Казахстаном независимости, данная идея дискутировалась в СМИ. В 1992 году в Турции состоялся конгресс тюркских народов бывшего СССР. Одним из основных вопросов повестки дня был вопрос о переходе письменности тюркоязычных народов на латинскую графику. Члены делегаций тогда с энтузиазмом восприняли эту идею.

На латиницу успели перейти наши соседи - азербайджанцы, туркмены, узбеки. Казахстанцы не тратали попусту время, за эти годы наше суверенное государство окрепло, в результате социального и рыночного реформирования произошел этап становления общественно-политического имиджа страны как стабильной и быстро развивающейся.

Политико-экономические преобразования всегда оказывают влияние на общество, требуя от него адекватного ответа на реалии нового исторического этапа. Социально-экономические изменения, происходящие в обществе, пробудили самосознание народа. Возросла востребованность казахского языка как государственного как внутри страны, так и за его пределами. Казахи, живущие за рубежом, при общении со своими сородичами на родном языке все больше используют современные информационные сети, основанные на латинице. Стремление молодых людей владеть иностранными языками, компьютеризация общества, использование Интернета, влияние западной культуры через телевидение, кино, стремление к европейскому качеству (евростандарты) - все это неуклонно и последовательно продвигает наше общество в «объятия латиницы».

Общество любит стабильность. В силу своей инерции, привычки или лени простой обыватель не засядет за изучение латинского алфавита. Заставлять людей переучиваться, ломать прежние стереотипы, осваивать новую графику очень нелегко. В такой ситуации большая роль отводится интеллигенции, которая в силу своей духовности и гражданской позиции взяла бы на себя роль локомотива общества. Уместно привести слова Лидера нации о том, что «интеллигенция должна стать ведущей силой в укреплении общенациональных ценностей на этапе состоявшегося государства. Интеллигенция может и должна играть ключевую роль в проектировании ментальной мировоззренческой модели будущего страны». В эпоху глобализации и передовых технологий введение латиницы позволило бы нашему обществу интегрироваться с тюркоязычными народами и влиться в мировое информационное пространство.

Некоторые считают, что в результате смены алфавита государство и народ дистанцируются от России, русской культуры, потеряется целый культурный пласт, основанный на кириллице. Эта точка зрения некорректна, так как наши обширные границы с Россией не позволят нам изолироваться друг от друга, тем более что наши культурные и родственные связи так сильно переплетены, что мы пожизненно «обречены» быть вместе. Знание

русского языка, владение кириллицей в будущем, как нам кажется, станет главным критерием образованного человека. Это наше национально-культурное достояние, и, как говорит Президент, «важно, чтобы это народное достояние не было утрачено для последующих поколений казахстанцев, к русскому языку и к кириллице мы должны относиться столь же бережно, как и к казахскому языку, владение русским языком - это историческое преимущество нашей нации».

Казахстанцы 2050 года - это общество образованных, свободных людей, говорящих на трех языках, написано в Послании. Молодая казахская нация обладает мощным потенциалом, наша молодежь по степени развития, образованности не уступает никому в мире, об этом можно судить по различным международным олимпиадам, конкурсам, на которых наши школьники, студенты занимают призовые места.

«Ответственная языковая политика является одним из главных консолидирующих факторов казахской нации», - говорится в Послании. Идею латинизации самыми первыми подхватили ученые-языковеды, потому что они в силу своей профессии как никто другой понимают важность и необходимость реформы алфавита в эпоху возрождения казахского языка, распространения информационных технологий, глобализации. На данный момент уже имеется множество проектов нового алфавита. После изучения и обобщения имеющихся вариантов последнее слово должны сказать, на наш взгляд, ученые Института языкознания им. А. Байтурсынова, так как в таком сложном и ответственном шаге должны быть задействованы ученые-лингвисты, компетентные в вопросах фонетики и фонологии, орфографии и орфоэпии.

Реформа алфавита имеет большое практическое значение. Школьнику-первокласснику намного легче усвоить 26 латинских букв, чем 42 буквы кириллицы. В результате развития фонологической системы в европейских языках фонем насчитывается намного больше, чем графем. Например, во французском языке 35 фонем, в английском - 45. Эти многочисленные фонемы передаются всего 26 латинскими буквами. А в казахском языке 28 исконных звуков-фонем передаются аж 42 буквами. Поэтому нашему маленькому соотечественнику намного труднее выучить казахский, чем маленькому европейцу - свой английский или французский. Одна только буква «а» во французском языке соответствует трем фонемам: <a> - переднеязычная, <a> - заднеязычная, <a> - носовая. Буква «о» также реализуется в трех фонемах: <o> - открытое, <o> - закрытое и <o> - носовое. Буква «е», соответственно, реализуется в трех фонемах: <e> - открытое, <e> - закрытое и <e> - носовое.

Распространено мнение, что идеальным следует считать такой алфавит, в котором для каждой фонемы имеется отдельная графическая единица. Но уже доказано и другое, а именно то, что такой способ обозначения фонем не только не обязателен, но и не всегда желателен, так как неэкономичен.

Ученые-лингвисты пытались вывести математические формулы сочетания фонем и графем, предусматривающие создание формулы

построения наиболее экономного алфавита. В русском языке экономность построения алфавита достигается тем, что дифференциальные признаки твердости и мягкости у согласных фонем обозначаются последующими гласными буквами. Этот способ для русского письма получил наименование силлабического, или слогового принципа русской орфографии. Применительно к русскому языку, в котором имеется значительное количество разграниченных по мягкости и твердости согласных звуков, слоговой принцип графики очень выгоден, так как сокращает в алфавите количество необходимых букв.

Чтобы обозначить мягкие согласные звуки особыми буквами, потребовалось бы придумать и выучить 15 новых букв. Обозначение мягкости согласных букв путем использования пяти «смягчающих» гласных букв (я, ю, е, ё, и) создает большую экономию графических средств, что очень важно для компьютерного набора и письма. При этом твердые и мягкие согласные могут чередоваться в пределах одного слова.

В казахском языке, в отличие от русского, твердость и мягкость согласных не имеет фонологического значения. Сравните: в русском языке в примерах кон и конь, мол и моль согласные фонемы служат для различения слов. В казахском языке в примерах тан и тән, тыс и тіс смыслоразличительную функцию слов выполняют твердые и мягкие гласные, влияющие на соседние согласные.

В казахском языке экономное письмо было предложено основоположником казахского языкознания Ахметом Байтурсыновым. Согласно закону сингармонизма казахские слова могут произноситься твердо или мягко. Для мягкого произношения слов ученый использовал знак дэйекше, который ставился в начале всего слова. О необходимости сокращения букв в казахском алфавите писал и первый профессор казахской филологии Кудайберген Жубанов. В 1935 году им был подготовлен проект изменений орфографии и алфавита казахского языка на основе латинской графики, в котором предлагалось сократить число букв за счет удвоенных обозначений гласных, а также за счет отдельного обозначения твердых и мягких разновидностей звуков. Как видим, идеи, высказанные нашими учеными более полувека назад, не потеряли актуальности и по сей день.

Алфавит любого языка условен в передаче на письме звуков речевого потока живой речи. Условности и недостатки алфавита обычно компенсируются правилами орфографии. При составлении казахского алфавита на основе латинской графики, безусловно, следует учитывать орфографические и фонологические законы. В целях экономии графем исконно казахские фонемы предлагается обозначать при помощи диакритических знаков, локализующихся над основными графемами: тогда гласные фонемы <ә, ү, ө> будут обозначаться латинскими <ä, ü, ö>. Согласным фонемам <ғ, ң> будут соответствовать латинские <ğ, ŋ> и т. д.

Неудобным и невыгодным было бы обозначение мягкости согласных каким-либо особым знаком, например апострофом (что иногда предлагают). С одной стороны, апостроф, если им часто пользоваться, неудобен,

однообразен и невиден. С другой - он несет избыточную информацию, так как мягкие гласные фонемы уже настраивают говорящего на мягкое произношение согласных. Сравните написанные с апострофом слова: in'is'i, k'il'em'.

В некоторых вариантах проектов казахские специфические фонемы предлагается обозначать сочетаниями букв, например, <ə> как «эе», <ө> как «ое», <ү> как «ие» и т. д. Обозначение фонем сочетаниями букв увеличило бы объем печатных текстов, что неудобно как для пишущего, так и для читателя, а также оно не отвечает главному принципу - стремлению языка к экономии.

О переходе на новый казахский алфавит на основе латинской графики на страницах печати в разное время высказывались ученые Института языкознания: академики А. Кайдаров, Р. Сыздыкова, профессора К. Хусаинов, А. Жунисбеков, Н. Уалиев. На данный момент работа в этом направлении продолжается: обобщаются уже имеющиеся проекты, выбираются и конкретизируются лингвистические принципы и методы перехода на латинский шрифт, ведется работа по унификации латинской письменности, на фонологической основе детально анализируются соотношения конкретных звуков и букв. После окончательного (положительного) решения проблемы в пользу введения латиницы лингвисты готовы предложить самый оптимальный вариант.

При выборе наиболее приемлемого проекта, соответствующего фонетико-фонологическим, орфографическим законам казахского языка, следует учитывать историю развития языка, а также диалектическое развитие нашего общества. Развитие фонематической структуры каждого языка представляет собой непрерывный процесс постоянного совершенствования звукового выражения языка. Универсальный процесс фонологизации с превращением аллофонов в самостоятельные фонемы характерен для языков различного типа. Современная казахская фонетическая система также находится в стадии развития и становления под влиянием внешних и внутренних факторов.

С одной стороны, обогащение фонетической системы происходит за счет фонем, пришедших из русского языка через заимствованные слова, с другой - за счет внутренних законов самого языка, перехода вариаций фонем с синтагматической оси в парадигматическую. Процесс становления фонем, т. е. явление фонологизации, происходит в связи с развитием языка и мышления, а также обогащением его новыми понятиями, новой лексикой, влиянием смежных культур и мировоззрений.

Любопытно, что фонема <ф>, а также аффрикаты <ц> и <ч>, которые не входят в фонетическую систему казахского языка, но встречаются в интернациональных словах греческого и латинского происхождения, пришедших через русский язык, в самом русском языке долго не приживались. В произведении Л. Толстого «Филиппок» главный герой не может выговорить свое имя и называет себя Хвилиппок, так как в славянских языках не было фонемы <ф>, и артикуляторный аппарат не был

приспособлен для ее произнесения. В исконно русском языке слов, начинающихся на фонему <ф>, нет, а существующие слова «фабрика», «фирма», «фильм» заимствованы из европейских языков. В некоторых говорах русского языка до сих пор не употребляют аффрикаты <ц> и <ч>, поэтому вместо «курица» произносят «куриса», вместо «чай» - «шай», так как раньше в русском языке не было фонологической оппозиции <в> : <ф>, <с>: <ц>, <ш> : <ч>. Эти фонемы вошли все же в фонетическую систему русского языка. Таким образом, фонема - категория исторически развивающаяся и изменяющаяся.

В исконно казахском языке, в его парадигматике нет фонем <ц> и <ч>, <ф> и <в>, хотя в синтагматике они присутствуют, т. е. существуют как физические звуки, являясь вариациями фонем <с> и <ш>, <п> и <б> в слабой позиции. Рассматриваемые аллофоны фонем под влиянием фонетических законов и частого употребления уже приспособились к артикуляторному аппарату носителей языка. По поводу этих заимствованных согласных на предмет их вхождения в латинский алфавит казахского языка также были споры и дискуссии, но все же ученые пришли к консенсусу. Учитывая то, что фонетическая система каждого языка развивается, совершенствуется, обогащаясь новыми фонемами, большинство лингвистов за то, чтобы некоторые заимствованные фонемы присутствовали в новом казахском алфавите, основанном на латинской графике. Так, согласные <в> и <ф> будут традиционно обозначаться как «v» и «f». Согласные <ц> и <ч> - сочетанием букв «ts» и «th». Острые дискуссии развернулись вокруг заимствованных звуков (букв) «и» и «у». Эти дифтонгоидные звуки состоят из сочетаний <ый>, <ій>, <ұу>, <үу>.

В казахском алфавите, основанном на кириллице, в целях экономии данные сочетания звуков стали обозначаться буквами «и» и «у». Носителями языка эти звуки воспринимаются как дифтонгоидные фонемы, на письме они передаются соответствующими графемами, что крепко вошло в сознание людей, здесь налицо закон фонологизации, т. е. зарождение новых фонем. Мы не задумываясь пишем «ине, икемдеу, институт, университет, кино» и т. д., а не «ійне, ійкемдеуу, ійнстїйтүүт, үунїйверсїйтет, кїйно», как пишется в транскрипции. Поэтому при переходе на латиницу желательно соблюдать преемственность и простоту в написании. Такое написание приветствуется средним и молодым поколением, которые выросли в традициях кириллицы. Старшее поколение, кому за семьдесят, какое-то время пользовалось прежней латиницей, и они вспоминают с ностальгией транскрипционное написание слов, с отражением на письме всех произносимых звуков. Этот социолингвистический фактор является камнем преткновения в выборе окончательного проекта латинского алфавита. Даже в одной взятой семье может возникнуть спор между разными поколениями. Поэтому при переходе на латиницу, кроме научно-лингвистических особенностей, следует учитывать и экстралингвистические, в том числе социолингвистические факторы.

Различные мнения имеются также по обозначению исконно казахского звука <к>. Этот звук является твердым вариантом звука <г>, так же как и <ғ> - твердым вариантом <г>. Буквы «ғ» и «г» обозначаем как «ǵ» и «g», соответственно, соблюдая систему, «қ» и «к» следовало бы передавать похожими знаками. В расширенной латинице есть буква «қ». И эта графема широко применяется в европейских языках, например в литовском алфавите. При употреблении этого знака на государственных символах республики, а также в паспортах, документах слова «қазақ» и «Қазақстан» писались бы примерно одинаково на казахском, русском, английском и других европейских языках. Сравните: на казахском - қазақ, Қазақстан, на английском - kazakh, Kazakstan, на русском - казах, Казахстан. В некоторых проектах звук <к> предлагается обозначать графемой «q» (qazaq, Qazaqstan, Qaydar, Qazbek), что не очень удобно, так как написание слов должно отвечать критериям преемственности, идентичности, узнаваемости и эстетичности.

Также не должно быть затруднений и путаницы в изучении казахского языка как неродного представителями других национальностей. Например, в английских, французских и других европейских словах знак «q» всегда сопровождается знаком «u» - quality, quarry (англ.), quelque, quartier (франц.) и т. д. Такие укоренившиеся правила в языках, основанных на латинском шрифте, могут отрицательно сказаться на усвоении казахской орфографии. Хотя вопрос об обозначении казахского твердого <к> не принципиальный, всегда можно найти компромиссное решение. Поэтому в алфавите предлагается два варианта - қ и q.

В результате социологического опроса среди преподавателей, студентов, школьников, учитывая их пожелания и требования к реформе алфавита (максимальная доступность и легкая усвояемость), предлагается следующий проект латинского алфавита (в скобках дается второй вариант латинской графемы для обозначения кириллических букв) (см. таблицу).

Букву «h» латинского алфавита предлагается использовать в словах habar (хабар), hat (хат), kaharman (кахарман), а также в именах собственных Mûhtar (Мұхтар), Dinmûhamed (Дінмұхамед), Hûsni (Хүсни).

Для обозначения твердых гласных приняты традиционные буквы латинской графики, для соответствующих мягких гласных ставится двоеточие над буквами «ä, ö, ü». В общетюркском алфавите мягкий <э (ä)> передается как «э», т. е. остается, как было раньше. Этот знак имеется в расширенной латинице. Поэтому мы его дали как второй вариант.

Латинская буква «i» так же как и во многих языках предназначается для обозначения казахского мягкого гласного, а также гласного <и>.

<Й> традиционно обозначается буквой «y». Для исконно казахского твердого <ы> предлагаются «l» или «û». Знак «l» имеется в общетюркском алфавите, но знак «û» нам кажется более выразительным. Оба знака присутствуют в расширенной латинице. Оба варианта даны в проекте.

Для обозначения твердого согласного <г> над буквой «g» ставится диакритический знак в виде опрокинутого полумесяца - «ǵ».

Твердый согласный <қ> предлагается передавать присутствующим в расширенной латинице знаком «қ», а также знаком «q», как было принято обозначать в 30-е годы. Оба варианта показаны в проекте.

В целях экономии письма звук <у>, состоящий из сочетаний <ұу>, <уу>, обозначается одной буквой «и». Букву «ұ», обозначающую твердый исконно казахский звук, можно передать графемой «û».

Для согласного <ң> предлагается ранее использованная в латинской графике 30-х годов буква «η». Для согласного <ш> по опыту турецкого языка предлагается латинская буква «ş».

Звуки <ц> и <ч>, встречающиеся в заимствованных словах, предлагается передавать сочетаниями «ts» и «th».

Ниже даны образцы слов в латинской графике: *Astana, Almatû (Almati), Qazaqstan (Qazaqstan), Balakayev, Uali, Karimov, Qaydar (Qaydar), Köbey, ine, ikemdeu, kino, institut, universitet, tau, kelu, baru, säuir (säuir), su, siÿr (sir), ayu, himia, fizika, Mahmet, Uali, halÿq (halıq), küin, qûn (qûn), qağaz (qağaz), şapan, alaş, tsirk, Thili.*

"Интерфакс-Қазақстан" агенттігі

Қаңтар 2013

<https://www.interfax.kz>

Анар Фазылжановамен сұхбат

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІН ЛАТЫН ӘРПІНЕ КӨШІРУ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІН САҚТАП ҚАЛУҒА ЖӘНЕ ЕЛІМІЗДІҢ ҒАЛАМДЫҚ ПРОЦЕСТЕРГЕ ҚОСЫЛУЫНА КӨМЕКТЕСЕДІ

Қазақ әліпбиінің латын жазуына көшіру мәселесі Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бері қызу талқыланып келе жатқан тақырыптардың бірі. Былтырғы жыл соңында елбасы Нұрсұлтан Назарбаев латын графикасына өтетін уақытты белгілеп, бұл даудың ақырғы нүктесін қойған болатын. А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжанова «Интерфакс-Қазақстан» агенттігіне берген сұхбатында не себепті кириллицадан бас тарту қажеттігін және жаңа әліпбидің қазақ тілін дамытуға қандай үлес қосатынын түсіндіріп берген болатын.

– Анар ханым, лингвистердің пікірінше, қазақ әліпбиінің латын графикасына көшірудің қандай артықшылықтары бар? Латын хариіптері қазақ тілінің ерекшеліктерін толық сақтайды деген сөз рас па?

– Біз, қазақ лингвистері осыны көптен күткен едік. Себебі, қазір қолданылып жүрген кириллица жазуын қолдана беретін болсақ, алдағы уақытта тілімізге қауіп төнген болар еді.

Кейінгі жолдауларының бірінде президент жоқ жерден бәле іздеудің қажеті жоқ деген болатын. Мұның ешқандай саяси астары жоқ. Өйткені, бұл

әлеуметтік-мәдени тұрғыдағы мәселе және ол қазақ тілін әрі қарай дамытуды ғана көздейді.

Оған қоса, мәселе кириллица қазақ тілінің дыбыстық құрылымын толық жеткізе алмайтындығында емес. Шынында, әр тіл кез – келген алфавитті өзіне қарай ыңғайлай алады.

Бірде-бір қазақ сөзді кирил әріптері айтуына қарай ыңғайлап, жаза алмайды. Кириллицаның өзі біздің санамызға сіңіп қалған. Ал, психологиялық тұрғыдан алғанда стереотипті бұзу қиын, оны айналып өту қажет. Қазіргі сәтте біз үшін оның ең тиімді жолы латын жазуына көшу.

– Сонда, ХХ ғасырдың 40-шы жылдары кириллицаның енгізілуі өзге тілдегі сөздердің фонетикалық тұрғыдан меңгерілуін тоқтатып, біз орыс тілінен кірген сөздердің орыс тіліндегі айтылу нұсқасын пайдалана бастағанбыз ғой?

– Дәл солай. Бірақ, біз латынға көшсек қазақ тілінің қорғану (иммундық) тетіктерін қалпына келтіреміз. Өздеріңіз білетіндей, кез-келген тіл өзге тілдің лексикасы арқылы байиды. Басқаша болуы мүмкін емес. Шектен шығып кетпесе кірме сөздерден үркүдің қажеті жоқ.

Бізге кеңестік тәртіптің қысымымен кириллицаға өткен кезде орыс тілінен кірген сөздерді қазақ тілінің сөйлеу ерекшелігіне қарай қайта жасау тетігі жойылды. Оған дейін бұл механизм жұмыс істеп келген болатын.

– Осы мәселеге қатысты бірнеше мысал келтіре аласыз ба?

– Қазақ тілінде орыс тілінен кірген, қазақ тілінің ыңғайына қарай қайта жасалған тұрмыстық сөздер қоры көп. Ол сөздердің орыс сөзі екені тіпті, сол ұлт өкілдерінің өздері де ажырата алмайды. Мысалы, кереует – кровать, самаурын – самовар, бөтелке – бутылка, бөрене – бревно деген сияқты...

Кириллицаға өтпес бұрын біз араб емлесіндегі төте жазумен жаздық. Ал, кириллицаға өткеннен кейін оларды қазақ тіліне қарай ыңғайлап «бревно» деп емес, «бөрене» деп жаза бастадық. Бірақ, жат сөздерді қазақ тіліне ыңғайлаудың артикуляциялық тетігі бұзылды. Өйткені, кирилл алфавиті кеңестік заманның «орыс орфографиясында жазылғандай етіп жазу» туралы ережесімен бірге біздің санамызға сіңіп қалды.

Тіпті, тәуелсіздік алғаннан кейін дүниеге келген оқушының өзін орыс сөзін кирил әріптерімен қазақшалап жаздыру қиын. Қазақ тіліне кірген кез-келген орыс сөзін алып, қазақтарды сол сөзді орысша емес, қазақша жаздырып көріңізші. Мысалы, айтылу тәртібіне қарай «вагон» деген сөз «багон», «Вашингтонг» - «Уашингтон» болуы шарт.

2007 жылы шығарылған Қазақ тілінің орфографиялық сөздігін алып қарасаңыз, жағаңызды ұстар едіңіз. Өйткені, біздің орфографиялық сөздігіміз екі тілдің орфографиялық ережесі бойынша құрастырылған. Бұл әлемдегі өзге тілдердің бірде-бірінде кездеспейтін жағдай.

Қазақ мектебінің бірінші сыныбына баратын бала алты жасынан бастап орыстың да, қазақтың да әліпбиін үйрене бастайды. Бізде орыс тілінен алынған, бірақ қазақ тіліне қарай бейімделмеген бір топ сөздер бар. Олар орыс орфографиясымен жазылады және солай айтылады. Қазақ мектебінің оқушысы орыс тілінің де, қазақ тілінің де жазылу, айтылу ережелерін

жаттайды. Мұндай жағдай өзге тілдерде жоқ. Қазақ тілінің қорғаныс тетіктерін қалпына келтіру үшін осындай жағымсыз стереотиптерден ада басқа бір алфавитке көшу қажет.

– Бұл мақсатта кириллицадан басқа кез-келген графиканы пайдалануға болатын болса неліктен латын харпіне басымдық беріліп отыр?

– Неге орхон жазуы немесе араб емлесі емес, латын жазуы таңдалды дейсіз ғой? Себебі, латын әрпі жаһандану графикасына айналды. Латын тілі дегенде көз алдымызға жаңа технологиялар, сапа, компьютер елестейді. Тіпті, жапон фирмаларының өздері жапонша атауын латынша жазуға тырысады. Қытайдың өзі әлемдік рынокқа шығу үшін, әлемдік деңгейдегі тұтынушыға ұғынықты болуы үшін экономиканың кейбір секторларында латын жазуы қолданылады. Жалпы, бұл графика брендке айналды десек те болады.

Біз де уақыт көшінен қалып қоймай, әлемдегі процестерге қосылу үшін, жалпы ұлт ретінде сақталып қалуымыз үшін латын жазуына көшуіміз керек.

– Латынға көшеміз деп ұлттық ерекшелікті жоғалтып алмаймыз ба?

– Біз үнемі жаһандану туралы айтып жүрміз. Бірақ, табиғатта белгілі бір құбылыс пайда болса оған қарсы қоятын дүниенің міндетті түрде болатынын естен шығарып аламыз. Жаһандануға қарсы этнизациялау процесі қарсы тұра алады.

Бүгінгі таңда әлемнің көптеген елдерінде ұлттық мәселелер көп көтеріліп жүр, этникалық, ұлттық мүдде қорғалуда, ұлттық мәдениетке қолдау күшейді. Латын жазуы осы екі процеске де сәйкес келеді. Біз латын жазуы арқылы қазақ тілінің этникалық ерекшеліктерін сақтап қалуға тырысамыз және сонымен қатар ғаламдық процестерге қосыла аламыз.

– Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру 2025 жылы басталады. Оған дейін 12 жыл уақыт бар. Жалпы, бұл жеткілікті ме?

– Мен тұтастай процесс үшін жауап бере алмаймын. Бірақ, латын жазуына көшуге және аталған мәселені талқылау үшін билік тарапынан берілген уақыт жеткілікті деп ойлаймын.

90-шы жылдары латынға көшіп кеткен посткеңестік түркі тілді мемлекеттердің тәжірибесіне сүйенсек, бұл жеткілікті. Сол кезде латын жазуына көшуді бастап кеткен Өзбекстан мен Әзірбайжанда процесс 2000 жылдардың басында аяқталды.

– Латын жазуына көшкен елдердің тәжірибесі зерттелді ме? Лингвист мамандардың пікірінше, қайсысының тәжірибесін Қазақстанда қолдануға болады?

– 2006 жылы президент қазақ әліпбиін латын графикасына ауыстыру мәселесін қозғады. Ол латынға көшкен елдердің тәжірибесін зерттеп, тиімді-тиімсіз тұстарын зерделеуді тапсырған болатын. Елбасының тапсырмасы бойынша Білім және ғылым министрлігі Өзбекстан, Түркия мен Әзірбайжанға ғылыми-зерттеу экспедициясын ұйымдастырды. Сонымен қатар, кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілді, біздің институтымыз соның

басы-қасында жүрді. Оған министрліктің Алматыдағы гуманитарлық ғылыми-зерттеу институттары жұмылдырылды.

2007 жылы ғылыми экспедиция нәтижесі бойынша сол мемлекеттердің латын жазуына көшу тәжірибесі меңгерілді. Экспедиция барысында біз бұл істің ұтымды, ұтымсыз жақтарын нақтылап, саяси, экономикалық, мәдени-элеуметтік факторлардың қайсысының басым болғанын анықтадық. Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, алфавиттің ол мемлекеттер тілінің ұлттық ерекшеліктерін қаншалықты көрсете алғаны, оның жаңа ақпараттық технологияларға қаншалықты бейімдігі зерделенді.

Кімнің тәжірибесін таңдадыңыз деген сұрақ жалпы дұрыс емес дер едім. Бізге олардың бәрінің тәжірибесінің пайдасы тиді. Бірақ, бұл мәселеде біреулердің тәжірибесі айқын рөл атқарды деп өсіріп айтуға болмайды. Бұл жерде өз мүмкіндіктеріміз бен ресурстарымызды, қауіп-қауіптерлерді тыңғылықты зерттеу қажет болды. Осыған орай, Тіл білімі институты қазақ жазуын латын графикасына негізделген жаңа алфавитке көшірудің ғылыми негіздемесін меңгеру жөніндегі кешенді ғылыми-зерттеу бағдарламасы жобасын әзірлеп жатыр.

2007 жылы латын жазуына көшу тұжырымдамасының бастапқы нұсқасы әзірленді. Сондай-ақ, латын харпіне көшу жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар жобасының бірнеше нұсқасы жасалды. Біздің институт мамандары жаңа әліпбидің бес түрлі нұсқасын ұсынған болатын. Менен: «неге біреу емес, неге бесеу?» деп сұрайтындар бар. Меніңше, бірнеше жоба болса ең тиімдісін таңдау мүмкіндігі де жоғары болады.

Сонымен қатар, 2007 жылы бұл мәселе нақты шешілмеген болатын. Латынға көшу мүмкіндіктерін, бұл мәселенің ұтымды, ұмытсыз жақтарын қарастыру туралы жай ғана тапсырма берілді. Сондықтан біздің институт сол кезде алфавиттің бес нұсқасын ұсынды.

– Қазақстанның қарапайым тұрғындары тарапынан институтқа жаңа әліпбиге қатысты ұсыныстар түсе ме?

– 90-шы жылдардың басында, тәуелсіздік алғаннан кейін латын жазуына көшу мәселесі тұңғыш рет көтерілген кезде отандастарымыз тарапынан түрлі жобалар келіп түсті. Олардың арасында тамаша жобалар да бар, әрине. Дегенмен, бұл мәселемен лингвист мамандардың айналысқаны жөн. Лингвистика – атом физикасы, химия сынды нақты ғылым. Әркім өзінше әліпби нұсқасын жасап, ұсына беретін болса жұртшылық арасында бұл мәселеге қатысты қарама-қайшы пікірлер туындауы мүмкін.

Жалпы, мен әліпби авторы деген мәселені көтермеуді ұсынар едім. Яғни, оны әзірлеуге бір ғана лингвист емес, бірнеше маман қатысуы тиіс. Ол көптеген ғалымдар арасында талқылануы қажет. Оларды арасында лингвистер ғана емес, психологтар да, педагогтар да болуы керек.

– Өткен ғасырдың 40-шы жылдарына дейін қолданылып келген латын әліпбиіне көшуге болмай ма?

– Тіл білімі институты мамандары бұл мәселені де зерделеп көрді. Көптеген мамандарымыз 40-шы жылдарға дейін қолданылып келген алфавиттің лингвистикалық негіздерін зерттеді. Бірақ, ол алфавит

қабылданған кезде Интернет те, жаңа технологиялар да болған жоқ қой. Сондықтан біз қабылдайтын әліпбиде осы жағдайлар да ескерілуі тиіс.

– Латын жазуына көшу неше кезең бойынша жүзеге асырылады деп ойлайсыз?

– Менің ойымша, қазақ әліпбиін латын жазуына көшіру үш кезең бойынша жүргізіледі. Бірінші – дайындық кезеңі. Онда көшірудің ғылыми негіздемесі, бұл реформаны құқықтық, экономикалық, әлеуметтік қамтамасыз ету негіздемесі әзірленеді. Екінші кезеңде мемлекеттік бағдарлама мен оны жүзеге асыру жоспары дайындалады. Үшінші кезеңде алдымен қазақ тілінің ономастикалық жүйесі – жергілікті жерлердің атаулары латын тіліне көшіріледі. Содан соң оқулықтар көшіріледі.

Латын жазуына көшу процесінің негізгі бөлігі тек қана үшінші сатыда жүзеге асырылады деп ойламаймын. Бірінші және екінші кезеңдерде де ол жартылай жүзеге асырылуы тиіс. Меніңше, Интернетте, газеттерде латын харпімен жазылған қазақша мәтіндер бұрышы пайда болады. Кейін оның көлемі артады.

– Әзірбайжандық әріптестеріңіз жақында Қазақстанда осы мәселеде қолұшын беруге дайын екендіктерін мәлімдеген болатын. Көмек қажет пе, әлде, мәселені өздеріңіз шешесіздер ме?

– Біздің зерттеу жобамызға қаржы бөлінетін болса, Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен латын әліпбиіне көшкен елдерге тағы бір рет іссапарлар ұйымдастырмақпыз. Сөйтіп, олардың тәжірибесін түпкілікті әрі мұқият меңгеріп қайтамыз. Әрине, олардың көмегін қуана қабылдаймыз. Дегенмен біздің әліпбиімізбен өз ғалымдарымыздың айналысқаны жақсы.

- Қызықты сұхбатыңыз үшін рахмет!

«Ана тілі» газеті

4 қаңтар 2013 ж

<http://anatili.kazgazeta.kz>

Құралай Күдерінова

*Сүлейман Демирел университетінің доценті, филология
ғылымдарының докторы*

ЛАТЫН ҚАРПІ: САРАБДАЛДЫҚ ҚАЖЕТ

Елбасы Қазақстан Халқына арнаған «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында латын қарпіне көшу мәселесіне тоқтала келіп: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе» десе, Жаңа жыл қарсаңында отандық жетекші телеарналар өкілдерімен кездесу кезінде: «Латын қарпі бізге дүниежүзінің халқымен, әлемнің ғылым-білімімен қарым-қатынас үшін керек. Егер латын әліпбиін енгізуге ақылмен келе алсақ, біз компьютер тіліне көшеміз, балаларымызға және бізге экономикалық және ғылыми кеңістікке еруге оңайырақ болады. Бұдан қашып құтыла алмаймыз, бұл – келешектің талабы. Сондықтан біз осыған ұмтылуға тиіспіз. Бірақ бұл мақсатқа біз үлкен

сарабалдықпен, байыптылықпен келуіміз керек» деп атап өткен болатын. Осыған орай, бүгінгі таңда қазақ жазуының латынға көшетін уақыты белгіленіп, маңыздылығы арта түсуде. Ендігі мақсат қалай көшеміз, неден бастаймыз деген мәселе төңірегінде ойласу. Сондықтан аса жауапты істі қолға алмас бұрын бірқатар мәселенің басын ашып алу керектігі байқалады.

1-сұрақ. Қазақ тілінің өзіне тән дыбыстары қалай белгіленеді? Бұл ретте біз латын негізді қазақ әліпбиінде 28 қазақ тілінің төл фонемасын белгілейтін әріптердің үстіне 3 – <в>, <ф>, <h> дыбыстарын беретін v, f, h әріптерін қабылдап, барлығы 32 әріптен тұратын әліпби болғанын жөн көреміз.

Қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарын әріп тіркесімен емес, әріпүсті және әріпасты диакритикасымен беру өзге түркі халықтарының әліпбилерімен бірдейлестіруге және жазу үнемділігіне мүмкіндік береді. Профессорлар Ә.Жүнісбек пен Н.Уәли дауысты дыбыстарды әріпүсті қос нүктемен беруді алғаш ұсынған ғалымдар: <ә>-ä, <ө>-ö, <і>-i, <ы>-ı, <ұ>-u, <ү>-ü. Бұл латын жазуын қабылдаған түрік, әзірбайжан тілдерімен бірдейлестіреді.

Ал қазақ тілінің өзіне тән дауыссыз дыбыстарын әріпүсті доға немесе әріпүсті сызықша арқылы беруге: <ғ>-ğ, <ң>-ñ, сондай-ақ <ш> фонемасын әзірбайжан мен түрік тіліндегідей – ş таңбасымен, <қ> фонемасын әзірбайжан және өзбек алфавитіндегідей – q графемасымен таңбалауға болады. Мысалы, äyel, ädemi, kökpar, küna, kinä, ıqılım, ğalım, mañ, şana, Qasaqstan, qasaq, şıñğis, Resey.

2-сұрақ. Кірме әріптер алына ма? Профессор Ә.Жүнісбектің зерттеуі және зерттеу қорытындысы бойынша, жаңа әліпби жобасында қазақ тілінің фонологиялық құрамын көрсететін 28 фонеманың таңбасы әліпбидің негізгі «сүйегі» болады. Ал тілімізге кирил графикасына дейін де араб тілінен енген сөздерді түпнұсқа принципін жазу үшін берілетін және 1938 жылы қазақ жазуына енгізілген өзгерістің бірі болған v, h, f әріптерін қазақ дыбыстық құрамында соңғы 100 жылдықта болып жатқан үдерістерді көрсететін және белгілейтін таңбалар деп табамыз.

Жалпы, әліпби ауыстыру мәселесі бір жағынан жазудың тілге тигізетін әсері мол болғандықтан көтерілгені белгілі. Ендеше қазақ тілі дыбыстық құрамына тән емес, бөгде тіл фонемаларын сол тілден ауысқан термин сөздерді жазу, яғни емленің цитаталық принципі үшін ғана әліпби құрамына алу дұрыс еместігі айқын. Алайда біз тілдің даму диалектісін естен шығармауымыз керек сияқты. Тілдің дыбыс жүйесінде ф, h, в дыбыстары болмағанмен, тапса – таһса, сепсе – сеһсе, абай – абай, ебедейсіз – ебедейсіз сияқты сөздерді айтқанда аһ ұрды, үһілеу тәрізді одағайларды дыбыстағанда пайда болатын п, б, к фонемаларының [п], [б], [к] – вариациялары, Файзолла, Фазыл, Сайфолла тәрізді кісі есімдеріндегі <ф> фонемасының саналы да, санасыз түрде де айтылуы тілдің дыбыстық құрамында өзгеріс, даму жүріп жатқанынан хабар береді.

Тіл-тілдің дыбыс жүйесі өзгермейтін құбылыс емес. Кез келген тілдің дыбыс жүйесінде дыбыс реңктерінің дифференциациясы, көрші тілдің, кірме сөздердің әсерінен болған дыбыстық өзгерістер орын алады. Мысалы, орыс

тіліндегі [a], [э] дыбыстарынан сөз басталмайтын заңдылықты шет тілден енген анкета, эпоха, этаж сияқты сөздер бұзып келген. Сондай-ақ екі дауыстының қатар келуі де орыс тілі фонетикалық жүйесіне қайшы еді. Бірақ қазір орыс тіліндегі поэт, ореол, аут, театр сөздерінде екі дауысты қатар таңбалана береді. Сондай-ақ орыс тіліндегі [ф] әрпі тек кірме сөздерді таңбалау үшін қолданылады: форум, факт, фонарь, софа, фильм, афера, форма, афоризм, эфир, профиль. XVII ғасырға дейін орыс графикасында да, тілінде де ч, щ, ц, х, э дыбыстары болмағанын тек 1760 жылы кірме сөздерде айтылғаны үшін алынғанын ескерсек, кірме дыбыс мәселесі орыс тілінің өзін де әсері болғанын көреміз.

Қазіргі ақпараттар ағыны, жаңа технология тасқыны толастамайтын ғасырда тіл сөздердің жаңадан жасалуын күтіп отырмайды, өмірге енген денотат, реалий сол түпнұсқа тілдің номинативтерімен келіп жатыр. Бүгінде ғылым, техника, әскер, қаржы, банк, спорт саласына қатысты лексика халықаралық (ортақ) сипат алуға ұмтылып отыр. Ғылыми-техникалық прогреске, өркениетке деген ұмтылыс тілде де бейнесін таппай қоймайды. Ендеше өзге тілдің терминдік атауын алуға тарихи прогрестің өзі итермелейді. Сондықтан бөтен тіл элементтерінен қашу кей жағдайда пуризмге соқтырады.

Біздің ойымызша, егер әліпби ауыстырудағы бір мақсат түпнұсқа принципімен алынған орыс алфавитінің әріптерін әліпби құрамынан алу болса және оларды латын әріптерімен беру мүмкіндігі болмаса немесе аз болса, қосар әріп, диакритикалық таңбалармен бейнелеудің қажеттілігі жоқ. Сондықтан f, v, h әріптерін өз қызметінде жұмсап, [x], [h] дыбыстарын кірме сөздерде h әрпімен, <ц>=>/s/ (sement, sirk, sellofan, sentner, sifr, ceh), <ч>/=>/ʃ/ (şarlston, şempion, maş), /э/=>/e/ (elektir, energetike), <щ>-/=>/ʃ/ (şors, şötke) әріптерімен беру керек деп санаймыз.

Өйткені қазіргі қазақ тілінің артикуляциялық базасы босаң, жуысыңқы дауыссыздарды айтуға икемделді (тепсе, ақша, абай). Әрі тілдің болашақтағы дамуы ұяң, үнді дыбыстардың басымдығымен сипатталуы мүмкін. Сондықтан мысалы, quqaiа [қыйқайа], qaqaɣman [қақарман], jiqaz [жыйқаз], uqlɛw [уклеу], poto [пото], pilolog [пыйлолог], pilɛm [пийлм] деп, <ф>, <в>, <h> дыбыстарын тұйық дыбыстағаннан босаң, жуысыңқы айту сөздің естілімін жағымды етеді деп ойлаймыз.

3-сұрақ. Кирилшедегі и, у таңбалары қалай беріледі? Ұсынылған әліпбидегі у – латыншада [wai], бірнеше мағынасы бар, яғни [I] дыбысын беретін (symbol, myster-құпия, symphony, any, ready, lady), сондай-ақ әсіресе сөз басында [j] дыбысын беретін (you, youth, yes) – әрпін, профессор Ә.Жүнісбектің ұсынуы бойынша, қазақ сөздеріндегі дауыссыз, үнді <й> фонемасын беруге әбден болады. Ал [ый], [ий] дыбыс тіркесін таңбалайтын «ұзын и», «дауысты и» деп әріп-фонема қатынасынан қате түсініліп жүрген и таңбасы жаңа графика бойынша қазақ сөздерінде жазылмайды. Ал халықаралық терминдер мен ел аттары і әрпімен жазылады. Мысалы, kino, institut, himie, tehnikе, kibernetike, fizike, film. Бұл фонология тұрғысынан жүйелі. Яғни сый, тый сөздерінде ғана жазылып келген орфограмма енді

барлық и таңбаланатын тұстарда жазылатын болады. Мысалы: сыйлық – siylıq, сиыр – siyır, ми – miy, инелік – iynelik, қияр – qıyar, тиын – tiyn.

Қалай жазылса, солай оқылу нормаға айналған бүгінгі қазақ жазба тілі мен ауызша тілінің арасындағы ажырағысыздықты жазба тіл арқылы реттемесе, енді бір 20 жылда қазақ тілі өзінің ұлттық орфоэпиялық ерекшелігінен айырылады. Қазіргі қазақ жастарының орфоэпиясында ерін үндестігі мүлде жоғалды деуге болады. Сөз тіркесіндегі ырғақтық топтарда, екі сөз жігіндегі ықпал да бірте-бірте көмескі тартуда. Сонда күту – kütüw, miy – ми, jıuyw – жию делініп, дыбыс тіркесі ажыратыла таңбаланса, қалай жазылса, солай оқып дағдыланған түйсік біртіндеп сөздің дұрыс айту нормасын меңгере бастайды.

Сондай-ақ тағы бір мынадай сұрақ туады. У дыбысы ұу, үу болып тіркесе ме, әлде ыу, іу болып тіркесе ме?

<у> фонемасы өзге дауыссыздардан алдынан не соңынан [ұ] дыбысын қосып айтуымен ерекшеленеді (басқа дауыссыздар қысаң, жуан езулік [ы] дыбысын қосып айтады). Бір қызығы, ХХ ғасырдың басында – қазақ орфоэпиялық нормасына «сызат түспеген» дәуірде А.Байтұрсынұлы бұл позициядағы инвариант дыбысты <ы> деп тапқан. «Қазіргі тұжырымдардан, алуб десек, келіб демей, келүб десек, онда алұу, барұу деуге болады. Оның үстіне алыуды – алыс, барыуды – барыс, келіуді – келіс деген сөздермен алмастыруға болады. Ендеше у-дың алдына ұ, ү әріптерін салудың еш қисыны жоқ» (А.Байтұрсынұлы Емле туралы // Қазақстан Республикасы БжҒМ ҒА Хабарлары. 2000, №3.) дейді ғалым.

Қазақ тіліндегі кез келген дауыссыздың алдынан не соңынан қысаң езулік қосылып айтылады. А.Байтұрсынұлының сөзімен айтсақ, «жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін қолданып келген қазақ» (сонда) қысаң, жуан езуліктерді инвариант деп табады: [бы], [жы], [ыр], [қы]. Осы жүйе бойынша, [ый], [йы], [ыу], [уы] болуы керек. Бірақ <й> фонемасының айырым белгілері қысаң езуліктермен дыбыстатады. Ал еріндік дауыссыз болып табылатын <у> еріндіктермен дыбыстатады. Сонда «исключение» у фонемасында ғана. Ендеше [ұу], [үу] таңбалануға тиіс емес, фонетикалық вариант болып табылады. Егер біз жаңа орфографияда <у> фонемасын дыбыс тіркесіне ажыратып жазсақ, онда тауық, сауық, жауық, сеуіп, теуіп, кеуіп сияқты сөздерде ы орнына ұ, ү жазу керек. Өйткені дыбыстың алды мен соңы бірдей позицияда. Мұнда дыбыс инварианты фонема емес, дыбыс варианты таңбаланған болып шығады. Бұл орфограммалар, әрине, қазақ сөзінің дұрыс айтылу нормасын сақтауға көмектеседі. Қазақ тілінің дыбыстық құрамы жаңа сауаттанатын баланың санасына дұрыс бекиді.

Қиын сұрақ. Егер латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиіне ауысарда осы орфограмманы таңдасақ, тіліміздегі ерін үндестігінің қаншалықты басыңқы сипатта болатынына келісіп алуымыз керек.

– Құю – qıuyw, үю – üuyw, сою – soyıw, күю – küuyw, осындай транскрипциялық жазуды қабылдауға тілұстармандардың (профессор Н.Уәли термині) санасы қаншалықты дайын?

– Сөз аяғында, соңғы буында ұ, ү еріндіктері жазылмайды деген ережені алып тастағанда үндесім турасында шекараны қалай айқындап аламыз?

Осы сауалдарды әбден ойланып шешкеніміз жөн. Әрине, біздер тілшілер қауымы жаңа графикада қазақ сөздерінде у, и әріптерінің дыбыстық құрамын ажыратып, ал халықаралық терминдерді, ел, халық атауларын жазуда «ұзын и», «ұзын у» әріптеріне і және и таңбасын алғанның негізі бар деп көреміз: Ukraina, Belorus, ministir, universitet, institut. Бұл мәселеге педагогтар, психологтар, жазармандар, экономистер не дейді? Ақылдасайық!

4-сұрақ. Кірме сөздер қалай жазылады? Жоғарыдағы 28 төл дыбыс, 3 кірме дыбыс таңбасымен халықаралық терминдерде де, әрине, үндесімге бағынып жазылады. Олай етпесе орыс орфографиясының нормасына жүгіну тағы басталады: химия – himie, физика – fizike, техника – tehnikе, компьютер – kämpüyter, хоккей – käkkei болып жазылуы тиіс. Қазіргі терминдердегі жұрнақтардың көбі орыс тілі арқылы енген латын суффикстері екені белгілі. Мысалы, -ция – -sion/-tion деген латын жұрнағы, ол орыс тіліне presentation, construction, action деген сияқты сөздердің құрамында келген. -ist, -ism, -al жұрнақтары да pianist, physicist (физик), abstractionism (абстракционизм), central, formal сөздерімен енген. Ал жаңа қазақ жазуында түпнұсқа тілдегі жазылуы бойынша таңбаланғаны жөн. Ол түрік тіліндегі терминденуге де сәйкес келеді. Мысалы, түрік тілінде филологиялық терминдер я аударылады, я түпнұсқаға жақындатылып жазылады: morfoloji, fonetik, fonem, grafikler, transkripsiyon. Сонда қазақ тіліндегі жұрнақтар -ция, -изм емес, -sion, -ism болып жазылу және айтылу керек.

Жалпы, ендігі қазақ жазуы латын графикасындағы өзге түркі тілдерімен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін жеңілдету және бірегейлендіру бағытында болуы керек.

Бұл аяқталған, қорытынды тұжырым емес, ойласу үшін берілген пікір, сондықтан басы ашылмаған, әсіресе кірме сөздердің жазылуы, и, у әріптерінің таңбалануы сияқты мәселелер негізді, тұжырымды пікірлер күтеді.

*«Ана тілі» газеті
24 қаңтар 2013 ж
<http://anatili.kazgazeta.kz>*

Анар Фазылжанова

***А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты директорының
орынбасары, филология ғылымдарының кандидаты***

**ЛАТЫН ӘЛПБИІНЕ КӨШУ ТҮРКИЯ, ӘЗІРБАЙЖАН, ӨЗБЕКСТАН
ЕЛДЕРІНДЕ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛДІ?**

*Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы
ассамблеясының XII (2006ж., қазан) сессиясындағы тілдік саясат пен*

мемлекеттік тілді дамытуды жақсартуға байланысты ұсыныстарының бірінде латын әліпбиіне көшудің тиімді-тиімсіз тұстарын бағдарлау жөніндегі берілген тапсырмасын орындау үшін Білім және ғылым министрлігінің жанынан құрылған мемлекеттік комиссия өз жоспарына сәйкес латын қарпіне көшкен Түркия, Әзірбайжан және Өзбекстан – үш түркітілдес республикалардың тәжірибесін зерттеп, қарастыру үшін 2007 жылдың көктемінде ғылыми іссапар ұйымдастырған болатын. Іссапар барысында қазақ ғалымдары осы елдерде әліпби реформасын жасауға белсене қатысқан мемлекеттік, үкіметтік, лингвистикалық комиссиялар құрамына мүше болған беделді ғалымдарымен, қоғам қайраткерлерімен және осы мәселені егжей-тегжейлі зерттеген тұлғалармен сұхбат, кездесулер өткізді.

Осы экспедицияның тілтанушы мүшесі ретінде мәселені жан-жақты қарастыру үшін мынадай мақсат-міндеттерді алға тартқан едік. Ең алдымен Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан елдеріндегі латын әліпбиіне көшу тәжірибесін зерттеу, оның лингвистикалық, аспектідегі тиімді-тиімсіз тұстарын, қолайлы-қолайсыз жағдайлары мен оң-теріс әсерлерін анықтау. Ол үшін:

- Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан елдерінің латын графикасы негізді жазуға көшуіне себеп болған негізгі факторларын анықтау;
- осы факторлардың ішіндегі басымдарын айқындау;
- аталмыш елдердің латын қарпіне өткенге дейінгі тілдік жағдаятынан ақпарат алу;
- осы елдерде латын әрпіне өту кезеңі және одан кейінгі тілдік жағдаятты айқындау;
- өткенге дейінгі және өткеннен кейінгі тілдік жағдаятты салыстыру;
- Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан елдеріндегі латын әліпбиі негізіндегі жазудың алдыңғы жазуға қарағанда артықшылықтары мен кемшіліктері туралы ақпарат алу;
- латын әліпбиі жобаларын талқылаудың барысы туралы ақпарат алу;
- жаңа әліпби жобаларының лингвистикалық негіздері жағынан артықшылықтары мен кемшіліктерін айқындау;
- жаңа әліпби жобаларындағы графемалар құрамы мен оның аталған ұлттар тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестігін айқындау;
- жаңа әліпби жобаларының қазіргі қолданысы туралы ақпарат алу;
- жаңа әліпбидегі диакритикалық таңбалар жайын білу;
- төл дыбыстарға алынған таңбалар туралы ақпарат алу;
- жаңа әліпби жобасын ұсынып, енгізудегі жетістіктері мен кемшіліктері;
- жаңа жобаны таңдаудың негізгі критерийлері қандай болды;
- аталған елдердің тәжірибесіндегі графика сынды жетістіктердің, жаңа әліпбиді қолданудағы оңтайлылықтың және оны оқып-үйренудегі жеңілдіктердің немесе білім беру саласындағы болған алға басулардың себебін анықтау;

– аталған елдердің тәжірибесіндегі графика сынды кемшіліктердің, жаңа әліпбиді қолданудағы қолайсыздықтардың және оны оқып-үйренудегі қателіктердің немесе білім беру саласындағы болған дағдарыстардың себебін анықтау;

– латын графикасы түркітілдес халықтардың ұлттық тілдерінің дамуына қалай әсер еткенін анықтау;

– тіл ғалымдарының көзқарасы мен осы істі жүзеге асыруға қаншалықты қатыстырылғанын анықтау;

– аталмыш елдердің тәжірибесін қорыту бойынша Қазақстан тәжірибесі үшін қажетті ұсыныстар жасау міндеттері қойылды.

Түркия. Стамбул, Анкара қалаларындағы ғалымдармен кездесу барысында анықталған ақпараттар бойынша Түркияда латын графикасына көшуге саяси, экономикалық, мәдени, лингвистикалық, қоғамдық-әлеуметтік түрткіжайттар себеп болды. Түріктің араб графикасына негізделген жазуына реформалар жасау мәселесі, оның қолайсыздығы туралы пікірталастар Түрік Республикасы жарияланбай тұрғандағы Осман империясының кезінен бастап көтерілген. Кейіннен осы идеяны ұстанған басқа ғалымдар да түрік тілінің араб графикасын реформалаудан гөрі одан мүлде бастартып жаңа жазу латын жазуына көшуді оңтайлы деп табады.

Түркияның министрлер кеңесі 1928 жылдың 28 маусымында «Алфавит жөніндегі комиссия» құрып, ол 8 және 12-шілдедегі өзінің отырысында латын графикасына негізделген жаңа түрік әліпбиін қабылдайды. Бұл «Әріп революциясы» деп аталатын қазіргі Түркия Республикасының негізін қалаушы М.К.Ататүріктің жүзеге асырған маңызды реформаларының бірі болды деуге болады. Оның басты себебі Түркия Республикасының өз даму бағытында батысты бағдарға ұстағанынан, яғни батыстың мемлекеттік моделін негізге алғанынан және көршілес Еуропа мемлекеттерімен тығыз қарым-қатынасты орнатуды көздеуінен шығады.

Дәстүрлі жазу графикасын жаңа әліпбиге ауыстыруға саяси факторлар басым себеп болды. Мұның дәлелі ретінде профессор Ертем Рейкін «Біз тек әліпбиде ғана араб дәстүрінен батыс дәстүріне өткен жоқпыз, біз бұл бағытты жүйелі ұстандық, күнтізбемізді де, уақытты өлшеуді де (сағатты), өлшем бірліктерді де, тіпті кейбір атауларды да араб үлгісінен батыс үлгісіне ауыстырдық» дейді (мысалы, түрік тілінде «мәдениет» еді, қазір «kültür»).

Түркі дүниесінен алшақта Еуропаның ортасында отырған жаңа республиканың экономикасының қарқындап дамуы үшін көршілес батыс елдерімен тығыз қарым-қатынас орнату үшін латын негізді жазуға көшудің маңызы зор болды. Бұл жаңа әліпбиге көшудің экономикалық жағын анықтайды.

Тілдік фактор. Әрине, қазіргі ақпараттар заманында жазу-сызу тілдің ең бір күрделі мәселесі болып саналады. Осыны сезінген түрік ғалымдары семит-хамит тобындағы араб тілінің ерекшеліктерін толық көрсете алатын араб графикалы жазудың түрік тілі дыбыстық жүйесіне икемсіз екенін, оның үстіне осы жазу тұрғанда, олар ешқашан Осман империясының реакциялық әсерлі құбылыстарынан құтыла алмайтынын сезінді. Елдегі саяси,

экономикалық жағдайлардың қыспағымен аталған тілдік проблемалардың шешімі радикалды түрде жүзеге асырылып, тіптен жаңа әліпбиге көшу туралы көзқарастар жеңіп шықты.

Латын әрпіне дайындық, өту кезеңі және одан кейінгі тілдік жағдаят. Дайындық кезеңінде Ататүріктің басшылығымен 1928 жылдың 28 маусымында «Алфавит жөніндегі комиссия» құрылып, ол:

- латын графикасына негізделген жаңа түрік әліпбиін қабылдайды;
- жаңа грамматиканың жобасын жасайды;
- осы жобаларды қолданысқа енгізу жолдарын көрсетеді.

Түркияда латын әліпбиіне өту кезеңі бар-жоғы 1 жылға ғана созылды. 1928 жылдың 1 қарашасында М.К.Ататүрік «Жаңа түрік әріптерінің қабылдануы мен қолдануы туралы» Заң шығарды. Бұл заң бойынша 1929 жылдан бастап мемлекеттік мекемелердің латын әліпбиіне өтіп, араб графикасын қолдануына рұқсат берілмеді. 1929 жылдың 1-маусымына дейін ғана қатар қолданылып келген араб графикасына ісқағаздар жүргізуде мүлдем тыйым салынды. Латын әліпбиіне өту кезеңінде негізгі күш әкімшілік жүйеге салынғаны анықталды. Осының нәтижесінде жаңа әліпбиге өту кезеңі қысқа болды. Сондай-ақ Анкара қаласы муниципалитет басшысының айтуынша, 1928 жылы Ономастика жөнінде бірыңғай мемлекеттік ереже қабылданып, Стамбул, Анкара қалаларындағы маңдайшалар, содан кейін басқа аудандар мен орталықтардағы көше, қала, алаң, ауыл аттары сол бойынша латын қаріптеріне ауыстырылды. Ол ереже бүгінгі күнге дейін мүлтіксіз орындалып келеді.

Жоғарыда аталған комиссия түрік тілін араб-парсы сөздерінен тазарту, сонымен бірге еуропа сөздерін өз тіліне икемдеп игеру ісімен де айналысты. Олар: а) араб-парсы сөздеріне түрік тілінен балама тауып, бекітті;

ә) Еуропа елдерінің тілінен келген сөздердің өзгеріссіз қолдануына тосқауыл болды, ол үшін енген сөздерге түрік тілінен балама тауып бекітті не шет тілді сөздерді өз тілдерінің дыбыстық заңдылықтарына қарай икемдеп, тұрпатын түркілендіріп, өзгертіп отырды;

б) осы сөздердің барлығын және оларды игеруге қатысты ережелер дайындап, сөздіктер жасады.

«Түрік тілі құрамының» қазіргі төрағасы Шүкру Халық Акалиннің саралауынша, «араб графикасын пайдаланған Осман империясы тұсында түрік халқының сауаттылығы 10 пайызды ғана құрайтын, ал латын әліпбиіне өту кезеңі аяқталғаннан кейінгі сауаттылық деңгей 60 пайызға өсті. Себебі жаңа әліпбиге үйретуді көздеген ең алғашқы ұлттық мектептер мен курстар ашылды. Ол кезде Түркия халқының саны 15 млн. болды, 1 жылда осы курстардан 3 млн. адам диплом алып шығатын, курстар 3-4 жыл бойы жұмыс жасады, сонда осы мерзімнің ішінде 10-12 млн. адам сауат ашып шықты. Қазіргі кезде Түркия халқының 90 пайызы сауатты. Ал қалған 10 пайызының көп бөлігін ауылды жерлерде діни наным-сенімдерімен оқымай қалған қыз балалар құрайды».

Қазіргі түрік тілінің латын әліпбиіне негізделген жазуының артықшылығын түрік ғалымдары былай деп көрсетеді:

1) әрбір әріп бөлек-бөлек таңбалады, ал араб жазуында бірге жазылады;

2) әлемнің көп бөлігіндегі дәстүрге сәйкес латын жазуы солдан оңға қарай жазылады, ал араб жазуында оңнан солға жазылатын;

3) латын графикасы түрік тілінің дыбыстық қорындағы негізгі дыбыстарды белгілейді, ал араб графикалы жазу түрік тілінде жоқ, бірақ араб-парсы сөздеріндегі бөтен дыбыстарды да таңбалайтын;

4) латын графикасына көшкен кезде түркі тілдес басқа халықтар да латын әліпбиін қабылдаған болатын, сондықтан түркі әлеміне ортақ жазу ортақ ақпарат алмасуға қолайлы болды;

5) экономикасының батыстық даму бағытына латын графикалы жазу тиімді болды;

6) латын графикалы жазу-сызу сауат ашушылар үшін әріп саны аз болуына байланысты ыңғайлы келді.

Түрік жазу-сызуы үшін қазіргі түрік тілінің латын әліпбиінің кемшіліктерін түрік ғалымдары былай деп көрсетті:

1. Жаңа әліпби жасалған тұста түрік әдеби тілінің жалпыхалықтық негізде қалыптаспағандығы мен түрік тілінің негізгі дыбыстық қорының толықтай айқындалмағандығы салдарынан қазіргі графикада жалпыхалықтық тілдің дыбыстық қорындағы үш негізгі дыбысты таңбалайтын әріптер әліпби жүйесіне енбей қалғандығы. Олар: Q [Қ], W [дауыссызУ], Й [Ң];

2. Араб графикасына негізделген сан ғасырлық мұралардың барлығын толықтай халық пайдалана алмайды.

Түркияда жаңа әліпби жобасын енгізудің жетістіктері ретінде әкімшілік жүйенің белсенді жұмысын айтуға болады. Себебі М.К.Ататүріктің саясатымен негізгі күш осы әлеуметтік топқа түсті. 1928 жылдың орта шенінде қабылданған заң бойынша барлық ісқағаздар мен әкімшілік мекемелер 5 айдың ішінде латын графикалы жазуға көшті. Кемшіліктері ретінде, ғалымдардың пікірі бойынша халықтың талқысына салынбай, психологиялық дайындыққа аз уақыт беріп, бірден жаңа жазуды енгізіп жібергенінде деп есептейді. Дегенмен, бұны өздері заман өткеннен кейін кемшіліктен гөрі көреген саясат жетістігі деп бағалайды. Сонымен бірге дәстүрлі діні исламның канондарының бірі ретіндегі араб жазуынан латынға ауысу көп халықтың наразылығын тудырды.

Жаңа жобаны таңдаудың негізгі критерийлеріне түрік ғалымдары, ең алдымен, оның

- түрік тілінің Стамбул диалектісінің дыбыстық жүйесіне негізделуін;
- араб-парсы тілдерінің дыбыстарын белгілейтін әріптердің болмауын;
- әрбір бөлек дыбысқа бір таңба болуын;
- латын әліпбиі жүйесіндегі негізгі таңбалардан тыс әріп болмауын;
- тіл жүйесіндегі ерекше дыбысқа латын қорының графемалары жеткіліксіз болғанда, негізгі латын графемаларына қосымша белгі қою арқылы түрік графемасын жасауды;
- жазуға оңтайлылық принципіне жауап беруін алға тартты.

Түрік жазуының латын графикасына көшу тәжірибесін қорыту.

1 факт. Негізгі күшті әкімшілік жүйеге салу арқылы мемлекеттік басқару саласы мен ісқағаздар жүргізу жаңа әліпбиге қысқа мерзімде көшірілді (1928 жылдың маусымы – қарашасы).

Түйін. Қазіргі Қазақстанның мультимәдени қоғамының әрбір әлеуметтік, конфессиялық, ұлттық және т.б. ерекше топ өкілдерінің арасынан осы процеске қатысты пікір қайшылығы шығып, талас-тартыс, талқының соңы қайтымсыз процестерге әкелу қаупінің алдын алу үшін, түріктердің ұзаққа созбай, жаңа жазуға бірден көшіру тактикасы тиімді.

2 факт. М.К.Ататүріктің табандылығы мен өзінің белсене кірісуі халықтың жаңа жазудың болашағына деген сенімін күшейтіп, рухтануына түрткі болды (М.К.Ататүрік Стамбулдағы Халық паркіне үлкен қара тақта қойдырып, халықты латын қарпімен жазуға үйретті).

Түйін. Қазақстан үшін ұлттық сананың көтерілуі, патриоттық сезімнің артуын жаңа жазу жүйесіне өту процесімен байланыстыру жазу реформасының жеңіл өтуіне сеп болады.

3 факт. Жаңа әліпби негізіндегі түрік жазуы кірме сөздерді игерудің күшті механизмінің негізіне айналды. Ұлттық тілге қызмет ететін жазу жүйесі қалыптасты (шет тілінен енген сөздер түрік айтылымы бойынша жазылады).

Түйін. Қазіргі қазақ тілінің қосамжар орфографиясы мен орфоэпиясының проблемасын шешіп, ұлттық сипаттағы жазу жүйесін қалыптастыруда қажетті тәжірибе.

4 факт. Жаңа әліпбиге үйрету арқылы халықты жалпы сауаттандыру проблемасы шешілді (түріктердің сауаттылығы Осман империясы кезеңінде жаңа жазуға өткенге дейін 10 пайызды, латынға өткеннен кейін 63 пайызды құрады).

Түйін. Латын графикасы негізді жазуға оқытуды міндеттеу арқылы Қазақстандағы орыстілді халықты, соның ішінде мемлекеттік тілді білмейтін өзге ұлт өкілдері мен қазақтардың өздерін де қазақ тілінде жазу-сызумен қатар сөйлеуге біршама үйретіп алуға болады.

Әзірбайжан. Баку қаласындағы ғалымдармен кездесу барысында анықталған ақпараттар бойынша Әзірбайжанда латын графикасына көшуге саяси, экономикалық, мәдени, лингвистикалық, қоғамдық-әлеуметтік түрткіжайттар себеп болды. Осы аталғандардың ішінде алғашқысы саяси, одан кейінгі кезектегісі экономикалық, тілдік түрткіжайттар болған.

1991 жылы 25 желтоқсанда Әзірбайжан Республикасының Президенті А.Муталибов «Латын графикасы негізіндегі әзірбайжан әліпбиін қалпына келтіру туралы» заңға қол қояды. Бұл заң бойынша Әзірбайжанда 1940 жылға дейін қолданылған 32 әріптен тұратын латын графикасындағы әліпби азын-аулақ өзгерістермен қалпына келтірілу ұйғарылды. Бұл шаралар Кеңес үкіметі құлағаннан кейінгі кеңістіктегі түркі мемлекеттерінің егемендік алуымен байланысты ұлттық сананың көтерілуімен, өз рәміздерін, ұлттық нақышын белгілеу процесінің жемісі болды. Оның үстіне Әзірбайжан елі шекаралас жатқан бауырлас Түркия мемлекетімен тығыз мәдени қарым-қатынасы да осы процестің Әзірбайжанда бірінші болып басталуына себепші

болды. Әзірбайжан зиялылары елде ХХ ғасырдың 90 жылдары үлкен отаншылдық серпіліс, ұлттық сананың асқақтап көтерілген кезеңі болды дейді. Осы аталғандар графика реформасына себеп болған саяси түрткіжайттарға жатады.

«Әзірбайжан тілінің кирилл әліпбиі негізіндегі жазудың екіжақты болғаны жазудағы дағдарысқа әкелді» дейді әзірбайжан ғалымдары. Себебі орыс тілінен енген сөздерді өзгеріссіз жазуға арнайы жасалған кирилл графикасы олардың тұрпатын өзгертуге мүмкіндік берген жоқ. Сонымен бірге моноконфессиялық (мұсылман діні) әзірбайжан үшін кирилл жазуы әр уақытта да діни жаттығымен көрініп тұрды. Осы аталғандар лингвистикалық факторды білдіреді.

Одан кейінгі кезекте мәдени-әлеуметтік түрткіжайттар орын алды:

1) бірінші кезекте ұлттық сананың көтерілуімен болған елдегі ұлттық отаншылдықтың серпілісіне жауап беретін нақты шаралар керек болды, ұлттық жазуға негізделген графика талап етілді;

2) көршілес мемлекет Түркиямен теледидар, сауда, БАҚ құралдары арқылы да кеңінен тарап, орныққан мәдени қарым-қатынас нәтижесінде осы аяда қолайлы болатын жазуды талап етті.

Латын қарпіне өткенге дейінгі жағдаят: 1) посткеңестік дағдарыс кезеңінде елде көптеген саяси ағымдар мен діни секталар көбейіп, ұлттық отаншылдық сезімінің көтерілу процесімен қатар үлкен саяси пікірталас, тартыс кезеңі қатар жүрді. Осындай жағдайда ұлттың басын біріктіретін шаралар қолға алыну керек болды. Оның бірден-бір амалы мемлекеттік тілді барлық мемлекет тұрғындарының мүддесіне қызмет еткізу болды. Ал орыс жазуына негізделген кирилл графикасы тілдің осындай қызметіне жауап бере алмады;

2) халық арасында латын жазуымен өркендеп өсіп жатқан Түрік мемлекетінің мәдениетіне, экономикасының дамуына бет бұру керек деген сияқты көзқарастар күшейді;

3) орыс графикасына негізделген кирилл жазуы діни жағынан біртекті мұсылман болып келетін әзірбайжан халқы үшін православие дініне қызмет ететін жазу деген сипатынан ажырамады;

4) Әзірбайжан тілінің өз ішінде де диалектілік тармақтар мен айырмашылығы бір-бірінен алшақ сөйленістердің болуы жалпыға ортақ басым әдеби тілдің қалыптасуына кедергі жасады. Ал бұл өз кезегінде жазуды реформалау үшін қажетті алғышарттың бірі еді;

5) Еуропа елдерінің даму қарқынына ілесуді көздеген мемлекеттік саясат үшін тоталитарлық жүйенің бодан елі психологиясынан құтылудың бірден бір жолы өз атрибутикасы мен рәміздерін белгілеу болып табылды;

6) Әзірбайжан тілінің 1940 жылдарға дейін қолданған әліпбиіне қайта оралу проблемасы көтерілді;

7) елде орыс тілінің беделі күрт төмендеді, мұның себебі Әзірбайжан халқының ең көп пайызын әзірбайжан тілділер құрады. Мемлекеттің құрамында титулдық ұлттың пайызы үстем болғандықтан, басқа ұлт өкілдерінің арасында да мемлекеттік тілді білмейтіндер аз болды;

8) ұлттық мүддені көздейтін «Народный фронт» («Халық майданы») атты саяси басым күштердің ұйымы белсенділік танытып, қоғамдық өмірдің өзгерістеріне қатысып отырды.

Латын әрпіне дайындық, өту кезеңі және одан кейінгі жағдаят. Латын графикасындағы әліпби азын-аулақ өзгерістермен қалпына келтірілген (1991) кезеңнен бастап латын қарпіне өтуге дайындық жүргізілді. Біртіндеп елдің білім беру және басқару жүйелері қатар өтті.

Әзірбайжан ғалымдарының айтуынша, 1991 жылы Әзірбайжанда түрік тілінің нұсқасындағы әліпби қабылданды; алғашқы заң қабылданғаннан кейін ел ішінде осы мәселеге қатысты әртүрлі көзқарастар болды; осыны ұзаққа созып, аяғын ушықтырып жібермес үшін Үкімет қатаң қадағалау саясатын ұстанды; артық-ауыс пікір білдіруге теріс қарады, тіпті агрессиялық қатаңдықпен барлық қарсылықтарды тыйып отыруды ұстанды, осының нәтижесінде негативті жайттар көп орын алған жоқ; елдің беті бірден бері қарады; біржақтылықты ұстанған саясат өз жемісін берді; қазіргі кезде Әзірбайжанда латын графикасына өту процесі аяқталды, осы кезеңге дейін аталған мәселе бойынша айтарлықтай наразылық болған жоқ.

1991-2001 жылдар аралығында мынадай шаралар жүзеге асырылды:

– ең бірінші орта білім беретін мектептің бірінші сыныбы мен басқа сыныптары латын графикасында білім алды;

– 5-6 жылдың ішінде барлық ісқағаздары кезеңімен жаңа қаріпке көшірілді;

– осы аралықта барлық мемлекеттік мекемелер латын жазуына көшірілді;

– соңында барлық БАҚ латын әліпбиіне көшірілді.

Сөйтіп, өту кезеңінің соңында ӘР Президенті Г.Әлиев 2001 жылдың 18 маусымында «Мемлекеттік әзірбайжан тілін қолдануды жетілдіру туралы» Жарлық шығарады. Процестің аяқталғанының белгісі ретінде Республика Президентінің 2001 жылдың 9 тамызындағы «Әзірбайжан тілі мен әзірбайжан әліпбиінің күнін өткізу туралы» Жарлық қабылдады.

Латын әліпбиі негізіндегі жазудың алдыңғы жазуға қарағанда артықшылықтары мен кемшіліктері мәселесінде артықшылықтарына алдымен толталайық. Әзірбайжан жазу-сызуы үшін қазіргі әзірбайжан тілінің латын әліпбиі мен оған көшу кезеңінің артықшылығын ғалымдары былай деп көрсетті:

1) латын графикасы әзірбайжан тілінің дыбыстық қорындағы фонемаларды белгілейді, ал орыс графикалы жазу әзірбайжан тілінде жоқ, бірақ орыс тілінен келген сөздеріндегі бөтен фонемаларды да таңбалайтын;

2) латын графикасына көшкен кезде түркітілдес басқа халықтар да латын әліпбиін қабылдаған болатын, сондықтан түркі әлеміне ортақ жазу ортақ ақпарат алмасуға қолайлы болды;

3) графемалық жүйесі ықшам әрі қолайлы болғандықтан, әзірбайжан тілінен сауат ашу процесі жеңілдеді.

4) жастар мен сауда адамдары латын қаріпін тез үйреніп алып, оның таралуын қолдап отырды;

5) көршілес мемлекет Түркияның ресми әрі коммерциялық телеарналары Әзірбайжанда еркін көрсетілетіндіктен, латын графикасы негізіндегі бейнеақпарат легі әліпбидің игеріліп, қолданылуына оң әсерін тигізді;

Әзірбайжан жазу-сызуы үшін латын әліпбиіне көшудің кемшіліктерін әзірбайжан ғалымдары былай деп көрсетті:

1) мектептер латын қарпіне көшірілген алғашқы жылдары оларды оқытатын бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау ісі бірден алға баса алмады, мұғалім тапшы болды. Кирилл графикасында білім алған мұғалімдер үшін латын әліпбиін оқып-үйрену қиынға соқты;

2) балаларға арналған латын қарпіндегі әдебиеттер тапшы болды;

3) ересектерге арналған латын жазуын оқытатын курстардың аздығынан ұрпақ арасындағы түсіністік қиындап қалды;

4) кирилл графикасына негізделген бір ғасырлық мұралардың барлығын толықтай халық пайдалана алмады.

Әзірбайжан тілінің латын графикасындағы жаңа әліпбиінде 32 графема, бір апостроф таңбасы бар, ол ұлт тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес деп анықталады. Графемалар тұрпатына келгенде, көзшалымдық жағынан жағымды болу принципі басым түсіп, жіңішке А дауыстысын бейнелейтін латын жүйесінен тыс Ә графемасы қабылданды. Бұл – А графемасының үстінен диакритикалық белгілерді қоюдан бастартудың салдары. Бұны әзірбайжан ғалымдары Ә фонемасының сөздің барлық буындарында қолданылып, жиілігінің көптігімен түсіндіреді, егер аталмыш әріп диакритикалық таңбамен берілсе, сөздің графикалық тұрпатында көзшалымға қолайсыз қосалқы таңбалар көбейіп, жазу жылдамдығына нұқсан келеді деп түсіндірді тілтанушы әзірбайжандық ғалымдар.

Әзірбайжанда жаңа әліпби жобасын енгізудің жетістіктері:

– үкімет тарапынан елдегі осы мәселеге қатысты реакциялық топтардың әрекеттерін қатаң тыйып отыруы;

– мектепті көшіргенде алдымен мектеп мұғалімдерін дайындауға ден қойылған, ол үшін мұғалімдердің біліктілігін арттыру мекемелері латын қарпін оқытумен айналысқан;

– ересектерге білім беретін курстар ашылып, оларды тәмамдаған азаматтарға латын графикасы негізінде мемлекеттік тілдің курсы бітіргені туралы сертификат тапсырылды;

– кирилл графикасындағы әзірбайжан мәдени мұрасының латын графикасына көшірілетін еңбектердің алғашқы тізімі жасалып, олар алғашқыда тегін таратылды;

– жоғары оқу орындары филология факультеттеріне «әзірбайжан графикасы тарихы» пәні енгізілді.

Кемшіліктері: – ересектерді оқытатын курстардың жеткіліксіздігінен жасы алпыстан асқандар мен зейнеттегі азаматтар латын қарпімен жазуды меңгермей қалды;

– әсіресе техника саласындағы оқулықтар мен ғылыми әдебиет латынға бірден көшірілмегендіктен, осы сала мамандарына қиынға соқты;

– қабылданған әліпбидің жетілдірілмеген тұстары болғандықтан, қате көп болды, әзірбайжан жазба тіл мәдениетінде біраз дағдарыс болды.

Жаңа жобаны таңдаудың негізгі критерийлеріне әзірбайжан ғалымдары ең алдымен оның:

– әзірбайжан тілінің дыбыстық қорына негізделуін;

– әзірбайжан тілінің Баку диалектісінің дыбыстық жүйесіне негізделуін;

– көзшалымға оңтайлы болуын (мәселен жіңішке [ә] фонемасын (негізгі дыбысын) А әрпінің үстінен екі ноқат қойып жазудан қашып, латын жүйесінен тыс Ә графемасы, яғни кирилл әліпбиінің әрпі осы үшін алынған). Егер өйтпегенде әзірбайжан тілінде қолданылу жиілігі жоғары [ә] дыбысын А-ның үстіне екі ноқат қойып жазылған мәтінде ұсақ әріпүсті таңбалары жыпырлап, мәтін оқу (көзшалым) үшін де, жазу (қолтаным) үшін де қиындап кетер еді деп көрсетті тілтанушы мамандар);

– әрбір бөлек фонемаға бір таңба, оның ішінде орыс тілінен енген сөздердің құрамындағы кейбір фонемаларға жеке таңба алынуын (мәселен, К фонемасы – комсомол);

– тілдің барлық дыбыстық қорын бейнелей алмай жатқан жағдайда латын әліпбиі жүйесіндегі негізгі таңбалардан тыс та таңба алынуын;

– тілдің жүйесіндегі спецификалық дыбысқа латын қорының графемалары жеткіліксіз болғанда, негізгі латын графемаларына қосымша белгі қою арқылы әзірбайжан графемасын жасауды;

– жазуға оңтайлылық принципіне жауап беруін алға тартты.

Латын графикасы әзірбайжан ұлттық тілінің дамуына қалай әсер етті. Ең алдымен латын графикалы әзірбайжан жазуы, ғалымдардың пікірінше, орыс, еуропа тілдерінен енген кірме сөздердің айтылу нақышының әзірбайжаншалануына, сонымен бірге халықтық тілдің жазба әдеби тіл мәдениетінің дамуына зор себеп болып, жазудың ұлттық тіл мүддесіне қызмет етуіне жол ашты.

Әзірбайжан жазуының латын графикасына көшу тәжірибесін қорытатын болса, мына фактілер айқындалады:

1 факт. Әзірбайжан тілінің дыбыстық жүйесіне негізделген латын графикасындағы жазу кирилл әліпбиінде қалыптасқан қосамжар орфографиядан арылудың жолына айналды.

Түйін. Қазіргі қазақ орфографиясындағы дәл осы проблеманы түбегейлі реформа жасау, яғни әліпби алмастыру арқылы ғана шешуге болатыны айқын.

2 факт. Түркі дүниесіне ортақ жаңа әліпби негізінде бауырлас елдермен, әсіресе көршілес Түркиямен мәдени қатынастарды жақсарту көзделді;

Түйін. Қазақ халқында бауырлас елдермен ортақ түркілік бірегейлік (идентичность) төмендеп кетті, түркі дүниесіне ортақтанып келе жатқан латын графикасы негізіндегі жаңа жазу оны жаңғыртуға септігін тигізері сөзсіз.

3 факт. Жаңа графика тоталитарлық жүйенің боданынан босаған жаңа мемлекетте ұлттық сананың көтерілу, өз рәміздерін, ұлттық нақышын белгілеу процесінің жемісі ретінде қаралып, әртүрлі саяси қарсы топтар тарапынан болған қарсылықтар мемлекеттің қатаң саясаты арқылы тойтарылып отырды.

Түйін. Қазақстанда жаңа әліпби отаншылдықтың бір белгісі ретінде танылып, оның бекуіне қарсылардың барлығына тойтарыс беретін мықты қоғамдық-әлеуметтік күш қалыптастыру керек.

4 факт. Ұлттық тілдің ерекшелігіне негізделген жаңа жазу республикада әзірбайжан тіліндегі монотілдік жағдаяттың (ситуация) қалыптасу процесін үдете түсті. Қазіргі кезде елде мемлекеттік тіл элитарлық тіл саналады.

Түйін. Жаңа әліпбимен сауаттандыру процесі мемлекет құрушы ұлттың тілін элитарлық тілге айналдыруға жұмыс істеу керек.

Өзбекстан. Өзбек тілінің латын графикасы негізіндегі жазуға көшуінің себептері:

1. Бірінші кезекте ұлттық сананың көтерілуімен болған елдегі ұлттық отаншылдықтың серпілісіне жауап беретін нақты шаралар керек болды, ұлттық жазуға негізделген графика талап етілді.

2. Әлемдік сауда, экономикалық қатынастар үшін латын графикалы жазудың тиімді болғаны алға тартылды.

3. Дүниежүзі бойынша ақпарат алмасудың негізгі құралы латын қаріптері негізінде ұлттық жазу әліпбиін жасау қазіргі ақпарат заманының талабы болды. Сөйтіп, Өзбекстан үшін латын графикалы жазуға көшудің ең басты себебі саяси және экономикалық түркіжайттардан келіп туындады.

Әрине, тіл проблемасы да өзекті болды. Өзбек тілінің ұлттық сипатын бейнелейтін жазу керек болды, өйткені о баста кирилл жазуы кеңестік өкімет тарапынан күштеп енгізілген графика болғандықтан, өзбек тілінің дыбыстық жүйесінің ұлттық арнада дамуына мүмкіндік тудырмады.

Латын әрпіне дайындық, өту кезеңі және одан кейінгі тілдік жағдаят. Дайындық кезеңі. 1989 жылы 21 қазанда «Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тіл туралы» заң қабылданып, өзбек тіліне мемлекеттік мәртебе берілді.

1993 жылы 2 қыркүйекте Өзбекстан Республикасы «Латын графикасы негізіндегі өзбек әліпбиін енгізу туралы» заң қабылдады. Бұл заңға сәйкес 26 әріп, үш әріптік тіркестен тұратын графемалар жүйесі қабылданды. 1994 жылдың 16 маусымында осы заңды жүзеге асырушы мемлекеттік бағдарлама бекітілді. Осы бағдарлама бойынша орта және жоғары білім беретін мекемелерде өзбек тілі мен әдебиетінің оқулықтарын, өзбек тілінің сөздіктерін жасау жоспарланды.

Өзбекстан Республикасы мәжілісінің 1995 жылы 21 желтоқсанда қабылдаған «Мемлекеттік тіл туралы Өзбекстан Республикасының заңын жүзеге асыру тәртібіне қатысты» жарлығы бойынша Өзбекстан республикасының латын жазуына көшуінің соңғы кезеңі болып 2005 жылдың 1 қыркүйегі қабылданды.

Аталған 1993 жылдан бастап латын қарпіне өту жүргізілді. Біртіндеп елдің білім беру және басқару жүйелері қатар өтті.

1993-2007 жылдар аралығында мынадай шаралар жүзеге асырылды:

– орта білім беретін мектептің бірінші сыныбы мен басқа сыныптары латын графикасында білім алды;

– осы жылдар ішінде мемлекеттік ісқағаздарының бір бөлігі жаңа қаріпке көшірілді;

– барлық мемлекеттік мекемелер атаулары мен маңдайшалардағы жазу латын әрпіне көшірілді;

– ресми БАҚ латын әліпбиіне көшірілді;

– жекеменшік мекемелердегі ісқағаздар толық көшкен жоқ;

– орыс және қазақ мектептерінде кирилл жазуымен білім беріледі.

– осы кезеңде өзбек тілінің 4 томдық академиялық сипаттағы түсіндірме сөздігі де құрылып аяқталып қалды.

–Министрлер кабинетінің «Мемлекеттік тіл туралы» заңды жүзеге асырушы мемлекеттік бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар туралы 1996 жылдың 10 қыркүйектегі жарлығы бойынша «O'zbekim dasturlari» электрондық баспалар редакциясымен тіл мамандары біріге отырып, 120 мың сөзді қамтитын «Ibora» атты өзбекше-орысша-ағылшынша электрондық сөздік құрастырылды. Бұл сөздік көпшілікқолдылығымен, толықтығымен ерекшеленеді, мұнда сөздер тек кирилл емес, сондай-ақ латын әліпбиімен де берілген.

Дегенмен, Өзбекстанда латын графикасына өту кезеңі әлі де толық аяқталмаған соң, көшудің кезеңін мемлекет 2010 жылға дейін созуды бекітті.

Өзбек жазу-сызуы үшін қазіргі өзбек тілінің латын әліпбиі мен оған көшу кезеңінің артықшылығын ғалымдар былай деп көрсетті:

1) латын графикасы өзбек тілінің дыбыстық қорындағы фонемаларды белгілеуге негізделген, ал орыс графикалы кирилл жазуы орыс тілі сөздеріндегі бөтен фонемаларды да таңбалайтын;

2) латын графикасына көшкен кезде түркітілдес басқа халықтар да латын әліпбиін қабылдаған болатын, сондықтан түркі әлеміне ортақ жазу ақпарат алмасуға қолайлы болды;

3) экономикасының батыстық даму бағытына латын графикалы жазу толық жауап берді;

4) жастар мен сауда адамдары латын қаріпін тез үйреніп алып, оның таралуын қолдап отырды.

Өзбек жазу-сызуы үшін латын әліпбиіне көшудің кемшіліктерін өзбек ғалымдары былай деп көрсетті:

1) ең алдымен мектептер латын әрпіне көшірілгендіктен, оларды оқытатын мұғалімдерді дайындау ісі жолға қойылмады; кирилл графикасында білім алған мұғалімдер үшін латын әліпбиін оқып-үйрену қиынға соғып отыр;

2) балаларға арналған латын қарпіндегі әдебиеттер тапшы болып отыр.

3) өзбек әдеби тілі гетерогендік (көпнегізді) сипатта болуы себепті онда жалпыхалықтық тілдегі дыбыстар мен жазба тілдегі ескі түркі тілінің,

сондай-ақ жазба тіл арқылы қалыптасқан араб-парсы сөздеріндегі фонемалары араласып жазуда таңбаланып келді. Жаңа әліпбиге көшу кезеңінде ғылымда олардың арақатынасы жеткілікті анықталмағандықтан, қазіргі графикасында бір таңбамен әртүрлі фонемалық статустағы дыбыстар белгіленіп жүр; бұл жаңа жазуда көрініс беріп, оның халық арасында бірден түсінікті болып кетуіне кедергі келтірді;

4) өзбек тілінің жаңа әліпби жобасын жасауда тілші ғалымдар пікірлері тыңдалып, оны қабылдау кезінде интернетке икемдеуді жөн көрген компьютерлік техника саласы мамандарының ұсыныстары басымдық алып кеткен; қазіргі кезде өзбек әліпбиі интернет желісіне икемді болғанымен, ұлттық тілдің мүддесінен шықпай отыр деген көзқарастар басым айтылып жүр;

5) жаңа латын графикасында алынған 3 әріптік тіркес бір сөздер құрамында бір дыбыс ретінде оқылса, келесі бір сөздерде екі дыбыс түрінде оқылып, жазуда ережелермен де реттеле алмайтын келеңсіздіктер, екіұшты оқылулар пайда болған; бұның бәрі өзбек жазуының мағынаны дұрыс жеткізу сипатына нұқсан келтіріп, жазба тіл беделін төмендеткен.

Жаңа әліпби жобасының лингвистикалық негіздеріне интернет жүйесіндегі ақпараттар тасушы таңба талаптарына сәйкестік принципі алынды. Бұл принциппен қатар өзбек тілінің дыбыстық қорын толықтай белгілеу жағы да алынды, яғни жаңа латын әліпбиі ұлттық тілдің мүддесін көздейтін жазуды қамтамасыз ету керек болатын. Дегенмен, өзбек әдеби тілінің гетерогендік сипатына байланысты жалпыхалықтық тілдің дыбыстық қорындағы барлық фонемалар, сонымен бірге орыс тілінің әсерімен енген сөздер құрамындағы орыс фонемаларының сөзіндегі <o>, ескі жазба тілден енген сөздердің құрамында сақталып қалған араб-парсы фонемаларының қайсысын графемалық жүйеде көрсету керек деген проблема әлі күнге дейін талас тудырып келеді.

Сонымен бірге бір дыбысқа бір графема принципі толық сақталмады. Әріп тіркестері алынып, бір дыбысқа екі әріп принципі қоса жүрді. Әйтсе де мұндай тіркестер құрамындағы әріптер жеке тұрғанда да толық мағынасы, яғни белгілейтін жеке дыбысы болғандықтан, екі түрлі оқылды. Мысалы, Ishak – 1) Исхак; 2) Ишак. Мұндай әріптік тіркестерді алуға интернет жүйесінде таңбаға қойылатын талаптарға икемді болу принципі негіз болды.

Өзбек тілінің латын графикасындағы жаңа әліпбинде 26 графема 3 әріптік тіркес, бір апостроф таңбасы бар.

Өзбек тілінің латын графикасына көшу тәжірибесін қорыту.

1 факт. Өзбек тілінің дыбыстық жүйесіне негізделген латын графикасындағы жазу кирилл әліпбиінде қалыптасқан қосамжар орфографиядан арылудың жолына айналды;

Түйін. Қазіргі қазақ орфографиясындағы дәл осы проблеманы реформаны түбегейлі жасау, яғни әліпби алмастыру арқылы ғана шешуге болатыны айқын.

2 факт. Жаңа әліпби өзбек жазба тілінің жүйеленуіне, оның мәдениетінің дамуына әсерін тигізді.

Түйін. Жаңа жазу жүйесін қабылдау үшін ғылыми зерттеулер жүргізу қажеттілігі туындап, қазақ тіл білімінің фонетика, фонология, грамматология салалары бойынша білімнің жүйеленуіне әкеледі.

3 факт. Жазу реформасын жүзеге асырушы құзырлы орындар құрамына өзбек тіл білімінің фонетика, фонология, грамматология саласындағы лингвист мамандардың аз тартылып, олардың пікірі негізге алынбады.

Түйін. Тілге қатысты мәселеде шешуші сөзді осы салада біліктілігі жоғары мамандар айту керектігін Өзбекстанның осы тәжірибесі дәлелдеп отыр.

4 факт. Жаңа әліпби жобасы Интернет желісіне қолайлы болу керек деген принцип басым түсіп кеткен. Кейбір дыбыстарды қосалқы таңбалармен бірге қолданылатын бір әріппен белгілеуден қашып (интернет үшін қолайсыз болғандықтан), бір дыбысты екі әріптің тіркесімен таңбалаған.

Түйін. Қандай жазу болмасын ең алдымен сол тілдің ұлттық сипатын сақтауға қызмет етіп, оның еркін дамуына, сыртқы әсерді өзінше игеріп алу қабілетіне қызмет ету керектігі ескерілмеген жағдайда, ол жазудың қолайлы болуы екіталай.

5 факт. Өзбек тілінің жаңа әліпбиіндегі графемалар жүйесі гетерогендік сипаттағы әдеби тілдің дыбыстық қорына негізделгендіктен, бір әріп бірнеше фонеманың репрезентанты болып қабылданған. Жалпыхалықтық тіл элементтері өзбек фонетикасында басым емес, сондықтан халықтың сауат ашу ісін жаңа әліпби біраз қиындыққа соқтырды.

Түйін. А.Байтұрсынұлы төте жазуға көшіру реформасы кезінде қазақ жазуын жалпыхалықтық тілге негіздеп бергендіктен, қазіргі қазақ тілінің әдеби тілінде ескі кітабы элементтер басым емес, фонетикалық жүйесі біртекті жалпыхалықтық элементтер негізіне құрылған, сондықтан графика алмастыру мәселесінде өзбек тіліндегідей қиындықтар болмайды.

Қорытынды. Графика ауыстыру, жазу реформасын жүргізу ісінде әр елдің осыған себеп болған түрткіжайттары, тілдерінің даму деңгейі, шараларды жүзеге асыру кезеңдері, әріп таңдау принципі әртүрлі. Сондықтан басқа елдің оң тәжірибесін өзгеріссіз қабылдай салуға немесе теріс тәжірибесін талдаусыз жоққа шығаруға болмайды. Ең басты мақсат өз еліміздегі жағдайды талдап, тілдің мұқтажын, халықтың қалауын, қазақ тілінің ұлттық тіл ретіндегі, сондай-ақ адамзат мәдениетіндегі ерекше феномен ретіндегі сақталуы мен болашақтағы дамуына мүмкіндік туғызуды бірінші кезекте ойлау керек.

1.2. ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ - ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН ДАМУДА ДҰРЫС ҚАДАМ

Латын әліпбиіне көшу - ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады. Еліміздің латын әліпбиіне көшу ұлтымыз үшін жасалған маңызды

қадамдардың бірі. Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғыры байлық – жер, екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады. Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі». Латын бізге таңсық дүние емес.

Түркияның ғалымы Әбдіуақап Қара «Латын әліпбиі қазақ тілін еркіндікке шығарады» дейді. Бүгінгі күнге дейін Тіл саласының білікті мамандары латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиінің жобаларын жасауда қызу талқылауда. Айта кетсек, солардың бірі - филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің пікірі: «Латын әліпбиіне көшудің қиыншылығы қазіргі біздің қолданып жүрген әліпбиіміз қазақтың төл әліпбиі емес, орыс тілімен араласып кеткені, бізге өзге тілден енген дыбыстар араласып кетсе, онда кедергілер туындайтынын, латын әліпбиіне төл дыбыстарымызды баптап, соның аясында көшуін және қазақ жазуына тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек екенін, ол реформа үш мәселені дыбыс, әліпби және емле ережені бірдей қамтиды». Әрине, ұлт үшін маңызды өзекті мәселелердің оңды шешілуіне қосып отырған кәсіби білікті мамандардың пікірлері ескеріліп, латын қарпіндегі қазақ әліпбиін жасалу жолдарына қатысты өрбісе және басқа жоғарыда аталған елдердің тәжірибесіне қарап салыстыра отырып жасалса, құба-құп болар еді. Бұл тараушада 2012 жылғы Жолдаудан кейінгі талқы-таластар, латын әліпбиіне көшу жолындағы проблемалар, кедергілер талқыланады. Әлемдік әліпбилердің ішінде неге латын әліпбиі таңдалып отырғаны, оның қандай лингвистикалық артықшылықтары бар екені ғылыми негізде анықталады. Бұнымен қоса, жазу тарихына реформа жасаудың астарындағы саяси идеологияның тек ұлттың мүддесі үшін жасалып жатқанын насихаттайтын публицистикалық деректер беріледі. БАҚ беттерінде жарияланған осы материалдар әліпби ауыстырудың бірінші сатысы, яғни халыққа бұл өзгерістің мақсаты мен мүддесін түсіндіру жұмыстары болғанын аңғарамыз.

*«Baq.kz» сайты
10 ақпан 2013 ж
baq.kz*

Анар Фазылжановамен сұхбат

ЛАТЫН АЛФАВИТІ: СӨЗДІ ҚОЙЫП, ІСКЕ КӨШУ ҚАЖЕТ!

АСТАНА. 10 ақпан. Baq.kz - Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселесі әлі күнге дейін қызу талқылануда. Жақында саяси шешім Институтында өткен жиын барысында Ахмет Байтұрсынов атындағы

Тіл білімі Институты директорының орынбасары Анар Фазылжанова жиылған көпшілік алдында осыған қатысты ойларымен бөлісті. Директор орынбасарының айтуы бойынша, қазақ жазуы жаңа реформаларды талап етеді. «Алайда, неліктен арабтың өрме жазуы мен орхон жазулары емес, латын әліпбиіне көшу қажет?» деген сұрақты негіз ете отырып, лайықты жауабын беруге тырысты ол.

Тіл мамандары латынға «жаһандану әліпбиі», «жастар графикасы», тіпті «сапа белгісі» деген сынды балама атаулар беріп те үлгерген.

«Біріншіден, латын әліпбиінде қаріптер мен дұрыс жазу ережелері аз. Сол себепті мәтінді тексеруге де аз уақыт кетеді. Екіншіден, жаңа әліпби ұлттық нақышта болып, шет тілдерінің сөздері қазақ тілі заңдылығына бағынып жазылатын болады», -деп латын графикасының артықшылығын түсіндірді Анар Фазылжанова.

Сонымен қатар тілтанушы ғалым тарихқа біраз көз жүгіртіп, «Байтұрсынов феномені» жайлы баяндап берді. ХХ ғасырдың басында тілтанушы ғалым, жазушы Ахмет Байтұрсынов араб графикасын негізге ала отырып, қазақ әліпбиін жасағанын еске салды. Әлемдік тәжірибеде алфавиттер тіл заңдылығына сәйкес әріптен дыбыстары аз болса, Байтұрсынов әріптен дыбыстары көп әліпбиді жасағанын баяндады.

Өз кезінде атақты лингвист Евгений Поливанов латын әліпбиін жоғары бағаласа, енді бір ғалым Николай Яковлев математикалық тәсіл бойынша латын әліпбиінің тиімділігін дәлелдеп бергенін мысал ретінде келтірді.

Бүгінде әрине, арабтың өрме жазуына қайтып оралмайтынымыз анық. Алайда Ахмет Байтұрсыновтың әліпби жасауда ұсынған ұстанымдары әлі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. Ол қай әліпбидің қолайлы екенін «тіл дыбысына қанша белгі қажет болады, қай әліпбиде оқу мен жазу оңай, кітап шығаруға қандай әліпби қолайлы» деген тәрізді сұрақтарды ескере отырып, осы критерийлер бойынша анықтауға болатынын айтты. Осыған сәйкес, тіл мамандары «латын әліпбиі аталған критерийлерге толықтай сай келеді» деп отыр.

«Қазақ үні» газеті

19 Ақпан 2013

[http:// http://www.qazaquni.kz](http://www.qazaquni.kz)

Қазыбек Иса

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУГЕ ҚАРСЫЛЫҚ – ҰЛТ МҮДДЕСІНЕ ҚАРСЫЛЫҚ!

Орыс кириллицасының отарынан шығуға қорқатындар кімдер?

Қазақ мемлекеті Тәуелсіздік алған соң ең алдымен кез-келген азаттық алған елдер секілді деколонизациялау мәселесі қолға алынуы керек еді. Бірақ ел егемендігіндегі ең басты мәселе осы уақытқа дейін кешеуілдеп келеді. ХХ

ғасырдағы 37 жылғы қанды қырғын – саяси репрессия, 1917-20-жылдары мен әйгілі 30-шы жылдардағы қолдан ұйымдастырылған алапат ашаршылықтың бағасын беріп, Украина секілді елді қырғынға ұшыратқан империялық Ресейді айыптау билік тарапынан әлі қолға алынған жоқ. Тек 2012 жылы тамызда еліміздің бұрынғы астанасы Қызылордада «Ақ жол» партиясы төрағасы Азат Перуашев қана «Қазақты әдейі қынадай қырған ашаршылық үшін Коммунистік партия жауап беруі тиіс» деп мәлімдеді. Бұл- «Ақ жол» партиясын ұнатпайтындарға ұнамаса да, тарихи шындық. Сол секілді нағыз рухани репрессия – түркі халықтарына ортақ латын әліпбиіндегі қазақ мемлекетін 1940 жылы бір күнде империалистік мақсатпен орыстың шовинистік кириллицасына өткізіп жіберуі болатын. Енді міне, осы рухани репрессияның зардабын жоюдың алғашқы қадамдары жасалып, Қазақ мемлекеті 2025 жылы қайтадан Латын әліпбиіне өтетін болды! Ұлттық рухани деколонизация латын әліпбиіне көшу әрекетімен басталды!

Ұлт мүддесі үшін күресушілердің 72-жылдан бері армандап келе жатқан арманы орындалатын болған соң, Елбасы шешіміне ел болып қуанып жатқаны анық. Бірақ кез-келген өзгерістің кедергі-қиындықсыз, қарсылықсыз өтпейтіні белгілі. Біз ең бірінші бұл қарсылықты 22 жылда да мемлекеттік тілді меңгермеген орыстілді қоғамнан күткен едік. Өзінің империалистік мақсаттағы орыс кириллицасы қорасынан шығармауға барын салатын Ресейден күткен едік. Иә, орыстілді қоғам да, Ресейдің Жириновский секілді шовинист саясаткерлері де қарсылығын көрсетіп жатыр. Ал бірақ ең қатты қарсылық – ұлт мүддесі үшін күресіп келе жатқан әлемге әйгілі ақын, қоғам қайраткері Мұқтар Шаханов бастаған ұлтшылдардан шыққанда ел аңтарылып, түсінбей қалды...

Пікір айырмашылығы үшін, талғам таласы секілді ешкімді айыптауға болмас. Кешегі Атазаңнан орыс тілін алып тастау туралы 138-дің хатына алғаш қол қойған 138 азаматтың (кейін бұл хатқа қол қоюшылардың саны 10 мыңнан асып кеткені «Қазақ үні» газетінде жазылды) 66-сының аты осы «Латын әліпбиіне көшуге қарсымыз» атты ашық хатта жүр. 66 адам 138-дің жартысына жетпесе де, олардың атан тарта алмайтын атақ-дәрежелеріне қарап, елдің ойланып қалғаны рас. Қол қойғандардың ішінде, әліпби білсе де, әліпби мәнісін әліп деп танымайтындар да толып жүр. Әрине, оларды бармағын батыра салғандары үшін кінәлауға да болмас... Бірақ осы ашық хат жарияланғалы интернет әлемінде қызу айтыс-талас жүріп жатыр. Кейбірелер: «Шаханов айтты – бітті! Ойланатын не бар»-деп, айқайға сүрең қосуда. Енді бірі: «Бұл Ресей отаршылдығын қолдау, ұлтымыздың рухани тәуелсіздігін тәрк ету!»-деп қарсы шығуда. Бір қуанарлығы латын әліпбиін қолдаушылар – яғни 66-ның хатына қарсылық танытып, Ресейдің рухани отарынан құтылуды қуана құптаушылар анағұрлым басым және дәлел-дәйектері мен дауыстары айқын. Әсіресе, жастар жағы басым болып тұр.

Дегенмен, екі жақтың да айтысына қарап отырып, 66-ның хатында қаперге алар жайттардың да бар екенін айта кетуге тиіспіз. «Латын графикасына бүкіл Қазақстан, еліміздегі барлық басылымдар, барлық ұлт өкілдері бірлесіп көше ме, жоқ, немесе жалғыз қазақ тілі ғана бет бұра ма?»

деген сұрақ алдымызды орады. Егер бүкіл республика латынға көшуді мақсат тұтса, онда біз бұл ашық хатты жазуға ниеттенбес те едік. Латын қарпіне «Мемлекеттік тіл» деген аты бар да заты жоқ жалғыз қазақ тілі ғана көшпек. Бұл еліміздің бірлігіне, тұтастығына нұқсан келтірмей ме?»-дейді ашық хатта.

Иә, осы ең алдымен «латын әліпбиіне мемлекет түгел өте ме, әлде тек қазақ тілі ғана өте ме?»-деген басты сұрақ – елдің сұрағы. Ертең бүгінгі халіміздей мемлекеттік тіл өз жайында- босағада, ресми тіл –орыс тілі төрде келе жатқанындай жағдай енді әліпби статусында да қайталанбай ма? Заң тілімен айтқанда, де-юре ойдағыдай екі тілдің де-факто әділетсіз статустары енді әліпбиде қайталанбайтынына кім кепілдік бере алады?

Дегенмен, кириллицаның – орыстың отарлау құралы, латынның – сол отардан құтылу құралы екенін ойласақ, 66-ның ашық хаты ««Латын әліпбиіне көшуге қарсымыз»-деген бағытта емес, «Латын әліпбиіне тек бір қазақ тілі ғана емес, орыс тілі де өтуі тиіс!» -деген бағытта болуы керек еді. Сонда 66 ғана емес, 666 адам қол қояр еді...

Біз енді қанша шуласақ та, латын алфавитіне өту – 2012 жылғы Тәуелсіздік күні қарсаңында Елбасы жолдауында жариялаған еліміздің «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағыт-бағдарламасына енгізілді. Елімізді рухани тәуелсіздікке бастайтын латын алфавитін қабылдау, мемлекеттік тілдің үстемдікке жетуі, мемлекеттің Қазақ мемлекеті атануы секілді басты-басты ұлттық мәселелер ел алдына шығарылғаны үшін де мүмкін, бұл Жолдаудың кезекті жолдаулардан айрықшаланып, әдеттегідей жаңа жылдан кейінгі қатардағы айларда емес, Тәуелсіздік күні қарсаңында жариялануы. Енді біз тек “өтпеймізді” емес, “қалай өтеміз, қайтсек, қиындығы мен қателігі аз болады” деп қимыл-қайрат көрсетуіміз керек. Ашық хат жазған 66 азамат осы қателік-қарсылықтарын «ұлт мүддесі үшін істеп отырмыз»-деп ойлайтыны анық. Өйткені олардың көбісі ұлт мүддесі үшін күресте жүргендер. Бірақ олар ойлағандай, қазақ тілінің дамуына кедергі мен елді екіге бөлу қаупі – латын әліпбиіне өтуден емес, Тәуелсіздік алғалы 22 жылдан бері кириллица кесірінен болып келе жатқан кесепат екені ұлттық мүддені бәрінен жоғары қоятын зиялылар мен көзі ашық қарапайым халыққа әйгілі.

Енді 66-ның біз келіспейтін жайттарына келейік. «Бірінші мәселе – мынау. Осы күнге дейін Республикамызда еліміздің ежелгі, кейінгі тарихына, мәдениетіне, рухани құндылықтарына байланысты және ғылымымызды, әдебиетімізді, салт-санамызды әспеттейтін миллиондаған атпен кітаптар, ғылыми еңбектер басылды. Латын әліпбиіне көшкен жас бүлдіршіндеріміз кириллицада басылған баба тарихымыздан, рухани парасатымыздан қол үзіп қалатыны айдан анық. Латыншаға ауысқан Өзбекстан мен Әзірбайжан республикаларының қаншама ғылым, әдебиет, өнер қайраткерлері бізге осы мәселе төңірегінде өз өкініштерін білдіргені жадымызда.» – дейді ашық хат иелері.

Бұл аландау да түсінікті жайт. Бірақ, 66 зиялының қазіргі технология заманының жетістіктерінен хабары барлығы күмән келтіреді. Біріншіден,

миллиондаған әдеби-мәдени-ғылыми еңбектердің ішіндегі асылы мен жасығы іріктеліп, елге пайдалы дүниелер іріктеледі. Оның ішінде аударуға жататын асыл шығармалардың алдыңғы қатарында Мұқтар Шаханов пен Мұзафар Әлімбаев бастаған дарындардың, Мекемтас пен Айталы бастаған ғалымдардың кітаптары тұратыны анық.

Ал екіншіден, бұған дейінгі шығармаларды латын алфавитіне аудару (Мұқаңның басты қаупі) қазіргі интернетті технология дәуірінде қиын емес. Бізде кемінде кейінгі 5-6 жыл бедерінде Мәдениет және ақпарат министрлігі шығарған әлеуметтік маңызы бар әдебиеттердің барлығы электронды нұсқасымен қабылданып, сол нұсқамен Ұлттық кітапханаға өткізілуде. «Мәдени мұра» бағдарламасымен шығарылған миллиондаған тиражды кітаптардың барлығы электронды нұсқалармен сақтаулы тұр. Электронды нұсқадағы дүниелер бір сәтте-ақ белгіленген латын нұсқасына аударылатынын біз күніге өз басымыздан кешіп жүрміз. Мысалы, «Қазақ үні» («Жас қазақ үні») газетінің www.qazaquni.kz интернет нұсқасы 2009 жылдан бері басылымдар ішінде ең алғашқылардың бірі болып латын нұсқасын қатар пайдаланып келеді. Сонда қанша жылдан бергі газет нұсқасы, сайттың өзге де мақалалары «латын» деген нүктені басып қалсаңыз, бір секунд ішінде аударылып шыға келеді. Бұған сенбегендер осы мақаланы оқып бола салысымен, немесе оған шыдамаса, бірден дәл қазір біздің сайтқа кіріп тексеруге болады... Әрине, әзірше латынның түрік нұсқасы пайдаланылуда. Ертең өзіміздің қазақ нұсқасы қашан шығатынын біз асыға күтудеміз. Сондықтан оқылымы қазақ газеттерінің ішінде «Егемен Қазақстаннан» кейін екінші орында тұрған сайтымызды Европа қазақтары да оқуда. Түркиядан келген 100-ден асқан кейуананың хаты бұған айқын дәлелдің бірі ғана. Технологияның бұндай жаңа жетістігін кез-келген мықты, соңғы технологиямен жарактандырылған баспаханадан телефон арқылы сұрап, онда да сенбесе, барып көруге де болады. Бір қызығы, ішінде басылымдар мен баспалар басшылары бар, ғалымдары бар, бәйбіше зиялының бір де, біреуі: «Оу, Мұқа, оны аудару деген қазіргі заманда түк емес қой. Бұл біздің білместігімізді білдіреді» деп айтпағанына таңғалдым. Не олардың бәрі де білмейді, немесе «жауапкершілік менде емес қой» деген оймен әдейі іркіліп қалған...

Ал зиялылар аяқ астынан ойлай қалған өздеріне тән емес мәселе – қаржы мәселесіне, түрлі қиындықтарға келетін болсақ, 42 әріпті кириллица мен 34 әріпті латын алфавитінің шығындарына келсек, қарапайым арифметикалық амалдарды түсінбеген күннің өзінде латын алфавитінің әлдеқайда экономикалық тиімділігін кез-келген сауатты экономистен ақысыз-ақ сұрап алуға болады... Онсыз да кириллицамен басылуы тиіс дүниелер енді латын әліпбиінде шықса, оның шығыны кириллицаға қарағанда аздау болатыны анық. Ал болашақ ұрпақтар үшін, ұлттың рухани тәуелсіздігі қандай қаржы шығыны болса да, (мұнайы ағып жатқан елде көлденең көл-дария шығындар болмай жатқандай), әрине, қиындықтар да болады, қандай ауыртпалық пен қателіктер болса да, құрбан етуге болады.

Енді екінші мәселеге келейік. «Қазіргі таңда елімізде, қазақ тілінде 500-дің арғы, бергі жағында ғана газет-журнал бар екенін, оның 300-і тек Шымкент қаласынан шығатынын көп адам біле бермеуі мүмкін. Латыншаға көшкеннен кейін ол басылымдардың таралымы күлкілі жағдайға дейін құлдырап, күрт төмендейді. Республикамызда 2500-ге жуық баспасөз тек орыс тілінде жарық көреді. Бұған қоса Ресей Федеративтік Республикасынан Қазақстанға жыл сайын 5 жарым мыңға жуық газет-журналдың келіп таралуы және Қазақстан қалаларындағы кітап дүкендерінің бәрінде дерлік 80, 90, 95, 100 пайызға дейін тек Ресей баспаларының өнімдері сатылуы, қазақ тілді қауымды «Осы біз Қазақстанда тұрамыз ба, жоқ әлде Ресей құрамына еніп кеттік пе?» деген ой көп жылдан бері мазалауда. Республикамызда жалғыз қазақ тілінің ғана латыншаға көшуі, туған тілімізде оқып, жаза алмайтындардың санын күрт көбейтіп, кириллицаның бағын одан сайын жандыра түсетіні күмәнсіз,»- дейді олар. Әрине, 22 жылдан бері бүгінге дейін ел еңсесін езіп жатқан бұл күрделі мәселеге біз де қосыламыз. Газет тиражын ойласақ, біраз журналистер бала-шағасын асырап, күн көріп отырған газетіміз бен журналымыз, баспамыз бар болғандықтан, осы уақытқа дейін ең алдымен біздің де айқайлап шығатын жөніміз бар ғой. Бірақ біз үшін ең алдымен ең бастысы – жеке бас жағдайы, басылымдарымыз бен баспа-кітаптарымыздың тиімділігі емес – Ұлтымыздың орыс кириллицасынан құтылуы болып табылады. Әрине, басылымдардың тиражының зор болуы ел руханияты мен тәуелсіздігі жолында, ақпараттық қауіпсіздік мақсатында маңызды екені анық. Ал осы ашық хатта айтылғандай, «Республикамызда 2500-ге жуық баспасөз тек орыс тілінде жарық көреді. Бұған қоса Ресей Федеративтік Республикасынан Қазақстанға жыл сайын 5 жарым мыңға жуық газет-журналдың келіп таралуы және Қазақстан қалаларындағы кітап дүкендерінің бәрінде дерлік 80, 90, 95, 100 пайызға дейін тек Ресей баспаларының өнімдері сатылуы» ертең ел латынға өткенде біз үшін қатерлі болудан қалады. Латын алфавитінде оқитын ел кириллицамен шығатын Ресей басылымдарын оқудан қалатындықтан олардың тиражы да күрт төмендейтіні, өздерін ақтамайтындықтан кейбіреулері Қазақстанға таратылуын тоқтататындығы заңдылық қой. Қазір Ресейлік басылымдарды кириллицада орыс та, қазақ та оқитын болғандықтан, латынға өткенде ол тек орыс оқырмандарымен ғана шектеледі, әрі қазақ оқырмандары үшін ықпалдылығын жояды. Ал латынға өтудің ең басты жетістіктерінің бірі- ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету емес пе? Кеше күзде қабылданған Қазақстан Журналистерінің Этикалық кодексінің бірінші бабына осы жолдардың авторы «ұлттық ақпараттық қауіпсіздікті нығайту» мәселесін енгізгенде де осы қауіпті ескерген болатынбыз..

Жалпы, орыс кириллицасы отарынан шығу - бейнелеп айтқанда, ресейлік рубль аймағынан шығудан да артық маңызды мәселе! Бұны түсінбейтіндердің аз еместігіне қарап, 1993 жылы “рубль аймағынан шығамыз ба?”- деп сұрамай-ақ, талқыламай-ақ, шешім қабылдағаны үшін Елбасыға рахмет айту керек шығар деп ойлаймын.. . Әйтпесе, бұлар осыдан жиырма жыл бұрын сол кезде де, 1993 жылы “ойбай рубль аймағынан

(кириллица аймағынан деп қабылдаңыз-2013ж)шығуға болмайды, қараң қаламыз, күніміз қиын болады”-деп, шулап шығар еді...

Үшінші мәселеге келейік. «Латын әліпбиіне Түркия 1928 жылы көшкен. Егеменді ел атанғаннан кейін Әзірбайжан, Өзбекстан, Түрікменстан республикалары латын қарпіне ауысты. Осы қатарға туысқан ел болғандықтан біздің де қосылуымыздың еш сөкеттігі жоқ екені рас. Бірақ, бұл жерде жұрттың бәрі терең түрде аңғара бермейтін мынадай бір үлкен проблема бұғып жатыр. Алдымен Өзбекстандағы жағдайға үңілетік. Бұл мемлекетте тұратын басқа ұлт өкілдері де, тіпті, орыстар да өзбек тілінде сөйлейді. Өзбек тілі мемлекеттік тіл ретінде үлкен беделге ие болса, бізде қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бейшара халде. Ғаламторда болсын, баспасөзде болсын қазақ тілінің мүдделеріне ашық түрде қарсы шығып жүрген басқа ұлт өкілдері емес, өз ішімізден шыққан шала қазақтарымыз. Кириллицада тұрғанда олардың ана тілін үйренуге құлқы соқпағанда, латын әліпбиіне көшкенде ұлттық сезімі оянады деп ойлау мүлде қате түсінік. Тіпті билік басындағылар «қазақ тілі республикамыздағы басқа тілдерді басып кетпеуі керек» деген пікірді де алға шығарды. Онда оның несі мемлекеттік тіл? Жоғарыда айттық, «бүгінгі таңда қазақтардың 60 пайызға жуығы өз ана тілінде оқи алмайды, жаза алмайды» деп. Ең бастысы, өзбек халқы біздер сияқты «ана тілін меңгерген қазақтар» немесе ана тілін менсінбейтін «космополит қазақтар» болып екіге бөлінген жоқ. Олардың бізден артықшылығы да осында. Әліпби негізінде қазақтарды ашық түрде екіге бөлу қылмысқа барабар іс. Сондықтан да, латын қарпіне көшу – орны толмас өкінішке бастары хақ»-дейді ашық хат.

Бұл жерде де күдікке бой алдыру бар да, үмітке орын жоқ. Бәлкім, бұл бүгінгі орысшыл биліктің зиянының әсері екені анық. Дегенмен, мәселеге тереңнен қарайық. Ұлтқа жанашырлық деп, латынға қарсы шығып отырғанымыз – жаңылысуға соқтыратын қадам емес пе деп бір сәт ойланайық... Тағы бір айтарымыз, Мұқаң жиі қолданатын «қазақтардың 60 пайызға жуығы өз ана тілінде оқи алмайды, жаза алмайды» – деген мәлімет сенімсіздік тудырады. Бұл билік басындағы, солтүстіктегі қалалардағы қазақтар арасында болуы мүмкін, ал жалпы қазақтың 60 пайызы қазақша сөйлей алмайды, жаза алмайды деу ақиқаттан алыс жатыр. Бұл мәлімет «қазақтар қазақша жаза алмайды, сөйлей алмайды» – деп соғып жүрген Жириновскийлердің құлағына жетсе, ол үшін «тамаш көзір» болуы мүмкін...

Латынға өтуді кезінде Алаш көсемдері де жақтаған. Түркияның президенті Ататүріктен бастап, Алаштың көсемі Әлихан Бөкейханов та қатты қолдаған. Ал 1929 жылы латынға өту кезінде Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынов пен Халел Досмұхамедовтың қарсы болуы – бүгінгі кейбіреулердің әдейі елді шатастырып жүргеніндей, кириллицаға өтуді қолдауы емес, Аханның өзі жасаған төте араб жазуынынан кетуді қаламағандық болатын. Кейін, ақыр латынға өтетіні белгілі болған соң, Халел Досмұхамедовтың өзі ұлт мүддесі үшін латын әліпбиін қазақ тіліне үйлестіріп жасауға мемлекет қайраткері ретінде тікелей атсалысқаны белгілі. Ал 100 жылдан кейін бүгінгі ғарыш пен интернет заманында біздің

саясаткерлер мен қайраткерлер осындай мемлекетшілдік пен ұлтшылдық һәм ілкімділік көрсете алмай кері тартып, желге шаптырып жатыр...

Осы жерде айта кету керек, саяси партиялар ішінде латынға өтуді ең алғаш қолдаған Алаштың ізбасары «Ақ жол» партиясы. «Ақ жол» партиясы Ақылдастар алқасының төрағасы Амангелді Айталының (бүгінде латынға өтуге қарсы болып отыр...) өзі басшылық етіп, ұлт зиялыларымен бірігіп жасаған, салмақты саясаттанушылардың жоғары бағасын алған “Ақ жолдың” 2007 жылы жарияланған 2010-2015 жылға арналған Ұлттық тұжырымдамасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі, алфавит – латын әліпбиі болу керек деп айқын жазылған болатын...

Елді екіге бөліп, қазақ тілін тұқыртып отырған – орыс кириллицасы

Ашық хат жазушылар латынға өту елді екіге бөледі дейді... Мемлекеттік тілдің дамуына тосқауыл қояды дейді. Жалпы, осындай ой, тұсаулағыш тұжырым қайдан шыққан? Дәлел қайда? 100 пайыз қазақша сөйлегенше латыншаға өтпеймін десең, өмір бойы өтпейсің. Орыс кириллицасының отарында жайылып жүре бересің. Ешқандай алға жылжымаудан гөрі латын әліпбиі арқылы ең болмаса орыс отары қамалынан босануға бір қадам -он қадам болса да, алға жылжу жақсы емес пе? Мемлекеттік тілді үйреніп алмай, латын тіліне өтуге болмайды деген тұжырым, қазақша қарапайым тілмен айтқанда, барар жеріңе жету үшін бір етігіңнің кемшілігі үшін екінші сыңар етігіңді де лақтырып тастап, жалаңаяқ қалып, жолға шықпау деген сөз! Бізге дәл қазір бір етіктің кемшілігін жөндеп, ол болмаса, сыңар етікпен болса да, тіпті жалаңаяқ қалсаң да, жолға шығуымыз керек болар! Ұлт мүддесі жолында ерлерімізге ескі болса да, етігімен су кешу, жалаңаяқ жар кешу керек дүр. Тілдің дамуына әліпбидің рөлі өте зор екенін тіл мамандары жақсы біледі. Яғни, аяққа қарап етік тігеді, етікке қарап аяқ жасамайды... Ал елді екіге бөлмеу мен мемлекеттік тілді үйренуге алқынып отырған 66-ның айрықша қорғауындағы кириллицаның пайдасы тиді ме? Жоқ! Қайта елді қазақ тілді, орыстілді деп, екіге бөліп, мемлекеттік тілді білуге биліктің ықылассыздығы мен жігерсіздігі арқасында кесірін тигізіп келген тек орыс кириллицасы! Бұған ешкім таласа алмайды! Ендеше болашақ- латында. Алға қарау керек. Оу, елді осы уақытқа дейін екіге бөліп келген – кириллица ғой, латын емес. Өйткені кириллицаны орыс пен қазақ екі түрлі пайдаланады, әрқайсысы өз әріптерімен. Мысалы, ә, ү, ұ, і, ө, қ, ғ, ң, һ секілді қазақы әріптерді қазақтан басқа орыстілділеріңнің ұрып қойғаны бар ма? Ал біз байғұс Тәуелсіз өз елімізде отырып, орыстың ц, щ, ь, ь, э, ч, т.б. әріптерін мұртын бұзбай қабылдауға құлдықпыз. Мысалы, қазақтар Мұқтар, Қазыбек деп жазса, орысша «Мухтар, Казыбек» деп жазылады. Елді екіге бөлу-екі түрлі жазу деген осы. Бұл жерде қазақ тілінің жазылу жүйесі, орфографиялық заңдылығы ұлттық негізде, мемлекеттік дәрежеде бекітіліп, сақталмаған. Бұл кемшілікті енді латын алфавитін қабылдауда қайталамауға тиіспіз. Сонда қай тілде болса да, Mұqtar, Qazibek деп, бір тілде, тек қазақ тілінің жазылу заңдылығымен жазылуы керек. Бұл жерде и әрпінің үстіне қысқалық белгісі қойылғанда ол қазақша «ұ» әрпін

білдіреді (әзірше латынның түрік нұсқасы бойынша). Ал латын тек қазаққа ғана емес, бүкіл әлемде бір-ақ әріптермен (қосымша санаулы ғана ұлттық дыбыстарды айқындайтын әріптер қосылуымен) қолданылады. Мысалы, кез-келген шенеунік, министрің де, әкімің де, тіпті академигіңіз де аты-жөнін орысша нұсқада айтса, немесе, «Алжас Амарович» десе де, әлемге әйгілі ақынымыз да елп ете қалады да, орыстың қарапайым сантехнигі Егор Якубовичке « Жагор Жақыпұлы» десең, «не оттап тұрсың?»-деп, сайманын сайлап, гүр ете қалатыны анық. Сонда бұл жерде біздің жоғары шенеуніктер мен атақты академиктеріміз, ғаламшарлық қаламгерлеріміз бен қарапайым орыс сантехнигінің қайсысының ұлттық намысы зор болып тұр?..

Сол секілді тәуелсіз қазақ елінің азаматтары да өз есімдерінен «ов», «ова», «ович», « овна» -деген құлдық жалғауларды алып тастайтын уақыт жетті. Бұған біз алдағы уақытта арнайы тоқталамыз.

(Айта кету керек, мен 1999 жылы аты-жөнімді таза қазақша «Қазыбек Иса» деп, төлқұжат алуыма байланысты қазір қай тілде болса да, «Қазыбек Иса Жарылқасынұлы» деп жазғызамын. Банкке де, басқа жерге де бар жазбаларды да, аты-жөнімді де таза қазақ тілінде жазамын. Басында қарсы болған «ТұранӘлем» банкі бөлім бастығы орыс әйелі менің банк бастығына арыз жазуыма байланысты ақыры жазбаша кешірім сұрауына тура келді. Бұл талапты біз өз газетімізде де қолдануға тырысып келеміз. Төлқұжатта аты-жөні таза қазақша болса да, орысша мақалаларына «Омирзак Акжигит» деп қол қоятын, кириллица мен латыннан гөрі ежелгі түркі жазуы-руникаға бірден өтіп кетуді аңсап жүрген (мүмкіндігін көріп отырсақ, бұны бәріміз де қолдар едік. Қ.И.) белгілі журналисіміздің аты-жөнін де «Өмірзак Акжігіт» деп жаздыруға ықпал еттік.)

Латынға өту – ең алдымен ердің атынан бұрын елдің атын таза қазақша жазуға қол жеткізер еді... Біз бұрын да, талай айтып, жазып келе жатқанымыздай, ең алдымен мемлекетіміздің атын дұрыстап алуымыз керек. Тағы да қайталаймыз, Қазақстан Республикасы емес, Қазақ Республикасы болуы тиіс. Кешегі кеңес империясы кезінің өзінде Қазақ (Советтік Социалистік) Республикасы атанғанда, Тәуелсіз кезімізде қайдағы бір «станға» жабысып қалдық... Бұдан түбі шығатынымызды өткен жолдауда елбасымыз да айқын мәлімдеп, болашақта «Қазақ мемлекеті» боламыз деді. Сонымен бірге менің айтарым, осы шет тіліне, мысалы халықаралық ортақ тіл ағылшын тіліне біздің елдің аты неге қазақ тілінен емес, өзімізді кеше отарлап келген Ресей тілінен аударылады? Неге «Kazakhstan» деп орыстың «Қазахстан» сөзінен аударылады? Неге «Қазақстан» деген өзіміздің қазақ тілінен «Qazaqstan» деп тәржімаланбайды? Міне, құлдық психологияның басы қайда жатыр? Бас атауымызда, БҰҰ-да жатыр... Сонда оны аударып, жазып беретіндер қазақ емес, Тәуелсіз Қазақстан Азаматы емес, Ресей азаматтары болғаны ма? Баяғыда Балтық елдері әр әріптерінің ұлттық, төл тұрғыға негізделуі үшін күресті. Мысалы, Эстонияның астанасы Таллин қаласының атына тағы бір «н» қосылып, Таллинн болып өзгертілді. Не деген ұлттық мінез, не деген сауатылық пен жауаптылық десеңізші...

Ендігі бір мәселе- туысқан түрік, әзірбайжан, өзбек елдерінің латынға өткен соң «қатты қиындықта, өкініште өмір сүріп жатқаны» туралы жалғандық. Кеше ғана Әзірбайжан Республикасы Ұлттық академиясы Тілтану институты директоры орынбасары, филология ғылымының докторы Масуд Махмудов қазақстандықтарға латын әліпбиіне өту үшін көмек көрсететін жариялады.. Онда ол әзірбайжан елінің оңды тәжірибесін алға тартады. Ал Әзірбайжанның Қазақстандағы елшісі Закир Гашимов: «Әзірбайжан ТМД елдері ішіндегі ең бірінші латын әліпбиін қабылдаған ел. Белгілі бір кезеңде қиындықтар болатыны табиғи заңдылық. Ал қазір елдің бүкіл азаматтары латын тілінде еркін сөйлеп, жаза алады. Қазақстанның латын алфавитіне өтуі түркі халықтарын жақындастыра түседі»-деп мәлімдеді.

Яғни, латынға өткен әзірбайжан елінде, Бакуде емес... айдаладағы Алматыда отырған біздің бб зиялы зарлап отырып айтатындай «өкініш пен зар» сезілмейді.

2010 жылы Ирандағы Ислам революциясының 31 жылдығына және Иран көсемі Аятолла Хомейниді ұлықтауға байланысты Қазақстаннан жалғыз мен барып едім. Сонда Әзірбайжаннан келген «Хаджы» журналының бас редакторы Расулзадемен бірге болдық. Ол маған сапар барысында парсы тілінен аудармашының рөлін атқарды. Бұл сапарым туралы мен кейін «Иілмейтін Иран» атты мақаламда «Жас қазақ үні» газетінде, www.qazaquni.kz сайтында жазған болатынмын. Сонда орыс тілі пәнінің мұғалімдерінің баласы, журналист Расулзаде Әзірбайжан елінің латынға өтуімен рухани Тәуелсіздік қадамын жасағанын мақтана айтып, әлі орыс кириллицасы отарында жүрген Қазақстан азаматы, өзінен едәуір үлкен маған мүсіркей қараған еді... Мүмкін, латын тіліне өткен соң, кездессек, мен де енді онымен терезем тең сөйлесетін шығармын. Бірақ, оның есесіне еліміздің жемқорлығы мен парақорлығы жөніндегі «жарысқа» келгенде мен одан үстемдеу болған сияқтымын... Сол кезде ол әке-шешесінің Бакудегі орта мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімдері болса да, барлық күн көрісі мектептегі орыс тілінің дамуына тәуелді болса да, Әзірбайжан руханиятының орыс кириллицасынан тәуелсіздігі үшін латын әліпбиіне өтуді қолдап шыққанын мақтана мәлімдеді. Ал менің кеше ғана 81 жасында дүниеден өткен, әдебиет пен тарихтан, қазақ шежіресінен айтысқанда ауылдың шала мамандары мен қарабайыр әкімқаралары түгіл Алматыда жүрген біздің өзімізді тығырыққа тірейтін Жарылқасын әкем орыс тіліне ешқандай қатысы болмаса да, 7 кластық біліммен латын әліпбиін беске біліп тұрса да, латын әліпбиіне қарсылығын айтып, дастархан басында екеуіміз айтысып отыратынбыз. Бұл әке мен баланың, яғни ескі мен жаңаның айтысы болатын... Енді міне, әкемдей сыйлайтын Мұқтар ағам Шахановпен айтысудамыз... (Мұны мен әртүрлі эзезілдер мен жантықтардың «кеше ғана бірге жүрген ардақты ағасына қарсы шықты» деп, қуана санын шапаттап жатқандарына қарата айтып отырмын). Өйткені біз түрік, түркімен, әзірбайжан, өзбек емес, тіпті Ресей отарында отырып, латын тіліне өтеміз деп

батыл мәлімдеген татар да емес, өзгеге еліктеуден, өзгенің ығына жығылудан ешкімге жол бермейтін қазақпыз ғой...

Өз туған жеріміз Оңтүстік Қазақстанға, Шымкентке екі барсақ, іргесіндегі Ташкентке бір барамыз. Онда латын әрпінен зәрезап болып, екі көзін жасқа малып, орыс кириллицасын аңсап, Мәскеуге қарап ұлып отырған өзбекті де, өзбекстандықты да көрген жоқпыз. Бәрі латын қарпінде жазып, өзбек тілінде «гәпіріп» жүріп жатыр. Әрине, оларда да, орыс кириллицасын аңсаған кертартпа күштер біраз мәселе көтеріп баққан. Бірақ, естуімізше, бізге қарағанда ұлтшылдығы да, мемлекетшілдігі де көш ілгері өзбектер (сондықтан да екі ғасырда да жер дауында біз жеңіліп келеміз) Мәскеуге қарап маңырағандардың «мәселелерінің» мәсісін тігіп жіберген...

Ал енді кешегі Ататүріктей көсемі, бүгінгі Ердоғандай ері бар Түркияға келейік. Кейбір мәліметтерді есепке алсақ, Ататүріктің арманы Кеңес одағы құрсауында қалған түркі елдерімен бір әліпбиде болып, туысқандық бірлікте болуды мақсат еткені айқын. Оны жақсы білген Кеңес одағының көсемі Сталин Түркияға әзірбайжандық Мырза Фатали Ахундов дегенді жіберіп, араб тіліндегі кеңес түркі елдерімен байланысын үзу үшін Түркияны латын тіліне өтуге үгіттейді. Ол кезде төте араб жазуында болған кеңестік түркі елдерімен байланыста болу үшін олар латын әліпбиіне өтпейді. Оған ерегескен Сталин олардан алшақ ұстау үшін кеңестік түркі елдерін бір күнде латын алфавитіне өткізіп жібереді. Түркия да соны біліп, 1928 жылы латын алфавитіне өтеді.

Ал бұл кезде Ресейдің өзінде де латын әліпбиіне өту насихаты қызу жүргізіліп жатқан болатын. Сондықтан Сталин сәл кешігіп барып, 1940 жылы ғана тағы да кеңестік түркі елдерін бір түнде орыс кириллицасына өткізді...

Латын әліпбиіне өтуді қолдаған Ресейдің 1919 жылдан басталған бұл қадамы Ресей оқу-ағарту халық комиссары А.Луначарскийдің айтуынша Кеңес Одағының және дүниежүзілік пролетариат көсемі В.И. Лениннің өзінің бастамасы болған. «Я не сомневаюсь, что придет время для латинизации русского шрифта, но сейчас наспех действовать будет неосмотрительно. Против академической орфографии, предлагаемой комиссией авторитетных ученых, никто не посмеет сказать ни слова, как никто не посмеет возражать против введения календаря. Поэтому вводите ее (новую орфографию) поскорее. А в будущем можно заняться, собрав для этого авторитетные силы, и разработкой вопросов латинизации. В более спокойное время, когда мы укрепнем, все это представит собой»-деген коммунистердің мәңгілік көсемі В.И.Ленин Ресейдің бүкіл аймағы болашақта латын әліпбиіне өтуге тиіс екендігін айтады.

Ал кері тартқан кейбіреулер латын әліпбиінің грек әліпбиінің бір тармағы екенін айтып, мұқатқандай болады. Иә, бұл рас. Латын түркінің де, қазақтың да әліпбиі емес. Бірақ, біріншіден грек әліпбиінің латын нұсқасы екінші нұсқа – славяндық империяшыл орыс кириллицасынан таралу аумағы мен жаңа интернеттік технология құралы ретінде айырмашылығы жер мен көктей жоғары. Ал кириллицаның империялық-шовинистік пиғылы

жайлы 1935 жылы Ресейдің латын әліпбиіне өту туралы шешім шығарып, латынның орыс нұсқасын жасаған мемлекеттік комиссия төрағасы, профессор Н.Ф. Яковлев былай дейді:

«1. Всякая графика не только техника письма, но и его идеология – алфавит отражает в себе идеологию создавшего его общества и класса (греческий и латинский алфавит эпохи восточной и западной империи, кириллица, петровский гражданский шрифт).

2. Русский гражданский алфавит в его истории является алфавитом самодержавного гнета, миссионерской пропаганды, великорусского национал-шовинизма, что в особенности проявляется в руссификаторской роли этого алфавита по отношению к нац. меньшинствам бывшей Российской Империи (записка генерала Кауфмана и др. документы). В то же время этот алфавит является орудием пропаганды русского империализма за рубежом (славянофильство, борьба за проливы). Латинский алфавит в настоящее время фактически уже перерос в международную графическую основу, в особенности после того, как на советском и отчасти на зарубежном Востоке он делается одним из лозунгов культурной революции. Унификация национальных латинских алфавитов на советском Востоке (НГА, НДА, НГА), несмотря на некоторые ее недостатки, является реальным шагом вперед на пути к созданию единого международного алфавита.

6. Современный русский алфавит, как и другие национальные графики (еврейская, грузинская, армянская и пр.), затрудняют языковое и культурное общение национальностей внутри Союза, в частности, мешают пользоваться нарастающей во всех языках международной терминологией. Наоборот, введение международного алфавита на латинской основе, единого для всех национальностей Союза и предназначенного сменить национальные разновидности латинского алфавита во всем мире, явится одной из решающих предпосылок, которая в невиданной до сих пор степени облегчит языковое и культурное взаимодействие национальностей (система двуязычного обучения в нацобластях и во второй ступени, изучение языков). В этом смысле международный алфавит на латинской основе есть шаг на пути к международному языку. Наоборот, русский алфавит, как и другие национальные алфавиты, в настоящее время уже противоречит темпу развития и использования международного запаса слов.

9. Латинская графика в большей степени, чем русский гражданский шрифт, отвечает уровню современной полиграфической техники и физиологии чтения и письма. Это объясняется тем, что современная латинская графика, как и физиология глаза и руки современного человека, соответствуют современному уровню развития техники, тогда как графические формы современного русского алфавита (как и других национальных алфавитов Востока) отвечают более низкому уровню развития производительных сил, а следовательно и техники письма и чтения. Поэтому формы латинских букв по сравнению с русскими экономнее в смысле пространства, более четки и удобны для чтения и письма и более красивы и удобны для художественной стилизации. Переход на латинский алфавит с сохранением технических и

графических достоинств последнего даст значительную экономию бумаги, металла и рабочей энергии (10-15%), что выразится в десятках миллионов ежегодно и облегчит процессы чтения и письма. Кроме того полиграфическая индустрия получит огромную экономию и рационализацию производства от введения единого стандартного международного алфавита (затраты на оборудование, стандартизация и рационализация производства).

10. Технические и экономические трудности введения латинского алфавита не следует переоценивать, в особенности в отношении полиграфии. Как это показывают прилагаемые тезисы, введение латинского алфавита не потребует коренного переоборудования, если латинизация будет рассчитана на несколько лет. С другой стороны полиграфия технически и экономически настолько выиграет от введения единого латинского алфавита, что расходы на латинизацию несомненно будут покрыты в ближайшее же время достигнутой экономией.

Что касается переобучения грамотных, то, во-первых, следует помнить, что количество неграмотного русского населения до сих пор почти равно количеству грамотных. Количество грамотного взрослого населения, повидимому, составляет около 55%. Грамотное население сосредоточено в наиболее культурных городских и промышленных центрах и частью уже знакомо с латинским алфавитом, что значительно облегчает переобучение. Все трудности последнего компенсируются тем, что международный латинский алфавит, графически более совершенный и связанный с переходом к рациональной орфографии, несомненно в ближайшем же году обеспечит полную ликвидацию неграмотности (понижение срока обучения на неделю – месяц).

Латынға өтуге бекініп, орыс әліпбиін жасап қойған (үш нұсқасының бірі түрік нұсқасына негізделген) осы мемлекеттік комиссия шешімін Сталин ғана қарсы болып, тоқтатып тастайды. Бұл жерде В.И. Лениннің орыс болуды армандаған өзге ұлт өкілінің өз ұлтына зияны орыстан да бетер қатты тиетіні жайлы сөзі еске түседі...Осы Ресейдің тіл мен әліпби жөніндегі басты идеологы, әйгілі профессор Н.Ф.Яковлев басқарған небір марғасқа ғалымдардан құралған мемлекеттік комиссияның қорытындыларына қарап-ақ, біздің бб зиялымыз табынып жүрген орыс кириллицасының орасан кемшіліктері мен империяшыл-шовинистік пиғылдарын біле беруге болады.

Ассамблея ел мен елбасы шешімі – латынға өтуді неге насихаттамайды?

Тағы бір латынға өтуге қарсылардың сылтауы – «Елбасы неге аяқ астынан латынға өтуді жақтай қалды» деген сұрақ. Бұл сұрақтың енді ешқандай негізі жоқ. Себебі, туғанымызға жақпасақ та, турасын айтуымыз керек, латын әліпбиіне өту оншақты жылдан бері қозғалып келеді. Біз білетін нақты ресми мәлімдеме – Елбасының 2006 жылғы 24 қазандағы Қазақстан халқы Ассамблеясының мәжілісіндегі «Латын алфавитіне өту туралы ғалымдардың ұсынысын күтетіндігін» мәлімдеуі болатын. Одан кейін де бұл мәселе талай айтылып жүрді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы демекші, осы бір кіші «БҰҰ»-ның мемлекетті құрап отырған негізгі ұлт – қазақтардың мүддесі үшін бір де бір рет мәселе көтергенін көрмеппіз. Неге енді Елбасының осы стратегиялық бағдарламасының басты талаптарының бірі-латын әліпбиіне өтуді насихаттамасқа. Неге олар: «22 жыл бойы біздің көңілімізге қараған қазақ елі мен елбасына рахмет, бізді енді мемлекеттік тілді білуге мәжбүрлейтін заң шығару керек» деп бастама көтеріп, мәлімдеме жасамайды?!. Мұқтар Шаханов ағамыз бастап, 138-дің хатын жариялап, мемлекеттік тіл мәселесін көтеріп жүрген кезде Алматыда 2011 жылы Ұлттық баспасөз клубында бір орыс қаламгерінің (аты-жөнін www.qazaquni.kz сайтынан тауып алуға болады) «Қазақ билігі әдейі бізді «қазақ тілін білмесін, Ресейге кетсін» деп, мемлекеттік тілді білуге мәжбүрлейтін заң шығармай отыр, біз, өзге ұлт өкілдері, бұған қарсымыз» деп мәлімдеген болатын... Біздің билікке бұдан артық енді не керек дейсіз ғой күйініп. Мемлекеттік тілдің дамымай, Атазаңдағы заңды тәріне шыға алмай отырған себебі өзге ұлт өкілдеріне байланысты емес, өзіміздің «миын ауыстырмаса, қазақша қақпайтын» (Сыртқы істер министрі Е.Бідырысовтың парламенттегі мәлімдемесі) аты ғана қазақ шенеуніктер армиясының тегеурінді қарсылығында..

.Ассамблея туралы біздің білетініміз – қазақ туралы бір ауыз сөзі жоқ, ел бірлігін бұзатын «Ел бірлігі» дүбара доктринасы ғана. Осы дүбара доктрина кезінде осы жолдардың авторы Мұқтар Шахановпен бірге өзі бастап, редакцияның 4 журналисі аштық жариялауға бекінді. Ешқандай редакциядан да, тіпті Мұқаң басқаратын “Жалын” журналынан да мұнша адам шыққан жоқ. Ал Конституциядан орыс тілі туралы бапты алып тастау жайлы Мұқтар Шаханов бастаған 138-дің хаты 10 мыңға жуық қол жинап, оған Ресей саясаткерлері мен БАҚ-тары, Елбасыға шейін араласуы , “Сарыарқа” кинотеатрының артына митингілер тарихында 5 мың адам жиналуы ол шараның ең жоғары деңгейде өткенін көрсетсе керек. Орыс басылымдары мен интернет сайттары мені сол үшін “Серый кардинал” атандырып, жаппай жамандағанын, оған өзіміздің орысшыл оппозиция мен орыстілді қоғам қосылғанын ел жақсы біледі. Ұлт мүддесі жолында осындай істер атқарып келе жатқан ұлтшылдардың енді бүгін латын әліпбиін қолдап, Ресейдің кириллица отарынан шығуын жаппай жақтап шығатын кезінде екіге бөлінуі - жаныңа бататын жағдай...

Ассамблея мүшелерінің мемлекетшілдігін айтқанда аузымызға тек қазақтарға қазақ тілін насихаттаушы болып жүрген қос тұлға – әзірбайжан әпкеміз Асылы Осман мен Мәжіліс депутаты, өзағам Розақұл Халмурадов қана оралады. Ал 1987 жылы М.Әуезовтың 90 жылдығында Әбіш Кекілбаевтан бастап барлық қаламгерлер, тіпті ұлы Мұқтардың атын алған қос Мұқтар да (Шаханов пен Мағауин) орысша сөйлеп жатқанда, «қазақ тілінде «Абай жолын» жазып әлемге танылған Мұқтар Әуезовтың 90 жылдығында бір ауыз қазақша сөйлейтін қазақ қаламгері қалмапты» деп, қазақша келістіріп тұрып, баяндама жасаған неміс көкем Герольд Бельгердің Ассамблея мүшелігінде бары-жоғын білмеймін... Бір білетінім, кейінгі кезде бірде былай, бірде олай сөйлеп кетіп, 138-дің хатына қарсы шыққаны ғана...

Қазақ елін қорасынан шығарғысы келмей, латынға қарсы болып отырған Ресейді қолдайтындар кімдер?

Мысалы, мен өз басым, тоқетерін айтқанда, орыс кириллицасы қорасынан, отарлықтан шығу үшін кез-келген алфавитке өтуді қолдар едім. Ал латын алфавиті кез-келген алфавит емес, маңдайалды, осы заманның, интернет дәуірінің прогрессивті, №1 алфавиті. Интернетті қарап отырсаңыз, сауалнамалар мен пікірлердің 80 пайызы латынды қолдайды. Ал қарсы шығып жатқан азын-аулақтың көбісі жасы үлкен жасамыстар. Кері тартқан ғалымдар. Қазақтың толыққанды тілі де, тарихы да жоқ деп, ұлы Абайды тұқыртып жүрген, ұлттық мүддеге қарсы шығуымен атышулы Қанағат Жүкешов дейтіндер. Белгілі саясаткердің жиі айтатын «Көзі ашықтың – көкірегі ояу емес, көкірегі ояудың көзі ашық емес» деген осы шығар... Осы біздің шалдар бір сәт өздерінің қамынан да басқаны, болашақты, ұрпағының жайын ойласа болады ғой. Әрқайсысы өзінің жасап алған өзімпаздық өрісі тар “теорияларының” тұтқыны болмай, алға да бір қарау керек қой. Осы орыстың кириллица қорасынан шығуға қорқатындар неге негізсіз қалтырай беретініне түсінбеймін. Мұқаңның өзі айтып жүргендей, ТЖ деп, орыстың кириллицасының қорасынан шығудан қорқатындарды айтады. Ресейдің анау-мынау бұлталақтап, былқылдағандарды езіп-жаншып кететін империалық керзі етігін жалау болып шығады бұл!..

Қазақтың ұлт ретінде жойылып кету қаупі латынға көшуде емес, көшпеуде, яғни кириллица отарында қала беруде күшейе береді. Қазақстан Ресей ықпалынан – кириллица аймағынан шығуға ұмтылып жатқаны үшін Ресей қарсы болуда. Сонда біз кімді қолдауымыз керек? Қазақстанды ма, Ресейді ме? Кез-келген намысы бар, сауаты бар қазақ әрине, өз елі Қазақстанды қолдайды. Мысалы, тағы да қайталаймыз, кириллица аймағынан шығу- рубль аймағынан шығумен бірдей саясат екенін кез-келген сауатты адам білуі керек қой.

Биліктің латынға өтеміз дегенін барлық ұлтшылдар қуана қолдауда. Тіпті нағыз билікке – Назарбаевқа радикалдардың өзі бұл қадамды құптап отыр. Сонда Шаханов бастаған 66 азаматтың неге шатасқанын ел түсінбеуде. Мемлекеттік тіл үшін күресіп жүрген ұлтшылдар көсемі Мұқаң бастаған олар ең алдымен орыс кириллицасынан құтылуды қолдауы керек емес пе? Жай адам адасса – өзі ғана адасады. Ал Шахановтай елдің алдында беделі ең жоғары сүйікті тұлғалары адасса, елді де адастырады. Әсіресе, латынның саяси жетістігі мен пайдасын түсіне бермейтін, өз пікірі жоқ қарапайым халық еріп кетеді...

Ал енді латын әліпбиіне қай кезде өту керек деген маңызды сұрақ кескестейді. «Қазақстан – 2050» стратегиясында 2025 жыл деп көрсетілгенімен, елдің ықыласын көрген Елбасы одан бұрын да өтіп қалу мүмкіндігін жоққа шығармады. Әшейінде ұлтшыл болып, латын тіліне өтуді армандап жүргендердің біразы енді бұл қарқынды «науқаншылдық» дей қалыпты. Енді бірі тіпті 2025 жылдан да әрі, өздері көрмейтін кезенді меңзейді... «Кейінгі ұрпақ не болса, о болсын, қиындықты өзім көрмесем болды» дейтін шығар...

Оу , өмір бойы науқаншылдықтың ұлтқа зиянын тартып келе жатыр екенбіз, ендеше енді бұл науқаншылдық латын әліпбиіне өтуде – ұлт мүддесі жолында өз жемісін беруі де керек емес пе?..

Иә, «Өлімнен басқаның барлығының ертесі жақсы» деген жағымды сөз бар. Демек, қоғам дайын болса, ертерек өте берудің зияны жоқ. Өйткені, суға неғұрлым ерте түссең, соғұрлым жүзуді ерте үйренесің. Меніңше, 2015 жылы бастап, 2025 жылға дейін орыс кириллицасы қатар жүріп, латын әліпбиінде мектеп бітіретін кезең – 2025 жылдан бастап, латын әліпбиі Қазақ мемлекеті үшін жекедара мемлекеттік әліпби болуы тиіс. Қысқасы, Мемлекеттік тіл – қазақ тілі, мемлекеттік әліпби- латын әліпбиі болуы керек. Ал орыс әліпбиі қосымша рөл ғана атқаруы тиіс. Онда да 2025 жылға дейін. Одан кейін биліктің «бір мемлекет, бір тіл (қазақ тілі), бір ұлт (тек қазақстандық емес – қазақ. Қ.И.) деп айтып жүргеніндей, тек латын әліпбиі – бір әліпби – мемлекеттік әліпби болуға тиіс.

Бұл жерде араб тіліндегі барлық мемлекеттердің, Қытай мен Жапония секілді әлем алпауыттарының қосымша әліпбиі – латын әліпбиі болған сияқты орыс кириллицасын да қосымша әліпби ретінде қалдыруды да ойластыруға болар. Бірақ бұл бүгінгі Конституциямен бекітілсе де, мемлекеттік тілді лақтырып тастаған ресми тіл – орыс тілінің басқыншылығын қайталамауы тиіс.

Баспасөз бен интернетті қарап отырсақ, латынға өтуді жастардың 80 пайызы қолдап отыр. «Жас алаш» газеті сайты мен «Қазақ үні» газетінің сайтындағы, Dat жобасы басылымындағы, Abai.kz бастаған түрлі интернет порталдардың сауалнамалары мен пікірлеріне қарасаң да, елдің басым бөлігі латынға өтуді қолдауда. Ал қадірлі Мұқаң бұрыннан қарсы болып келеді. Бірақ технология – латын алфавитінде. Яғни, заманның да талабы.«Шаханов өз ұлтына ғана емес, өз шығармасына да қарсы шығуда» дейді оқырман қауым. Әйгілі шығармасы “12-3=?” поэмасында жастарға қарсы болған қоғамның болашағы жоқ екенін көрсетеді де, өзі жас қауым мен жаңашылдыққа қарсы шығады. Ал Мұқаң бір өлеңінде алжыған кемпірдің бүркітке жақсылық жасаймын деп, тұяғын кескенін келтіреді. Дәл қазір осы маңызы терең, маржан жырдың авторы ұлтқа жақсылық жасаймын деп, ұлт тұяғын кесіп отыр дейді ел...

Латынға қарсы шығушыларға бір ғана формула айтайын. Билік айтты екен деп жасанды қарсы шығуға болмайды. Ал жүдә, қарсы шыққың келіп бара жатса, Ресей біздің латынға өтуімізге, яғни қораларынан шығамыз дегенге жанталаса қарсыласуда. Ендеше, сен де Ресейге қарсы шық! Латынға өтуді қолда. Ұлт мүддесі үшін күресіп келе жатқан тұлғалардың Қазақ мүддесін ойлаудың орнына орыс кириллицасының құрсауынан шықпайық дегені парадокс емес пе? Ресейге жаман болған нәрсе – Қазаққа жақсы болатынына кез-келген сауатты адамның миы жетпей ме? Отарлауда өткен 70-жылда осыны түсінбейтіндерге таңым бар...

Қорыта айтқанда, орыстың рухани отаршылдығынан құтылудың, рухани тәуелсіздіктің басты жолдарының бірі – әліппе ауыстыру. Латынға өту- Тәуелсіздікті ойлайтындар үшін баламасыз байлам болуы керек!

«ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУГЕ ҚАРСЫМЫЗ!» ДЕГЕНДЕР ТҮБЕГЕЙЛІ ҚАРСЫ ЕМЕС ЕКЕН

Президенттің жолдауында латын қарпіне көшу мәселесі айтылғалы қоғамдық пікір екіге жарылғандай. Қолдайтындар және қолдамайтындар болып. Біреу біліп айтады, біреу еріп айтады. Жақында Абай.кз сайтында елге белгілі біраз азаматтардың «Латын әліпбиіне көшуге қарсымыз!» деген тақырыппен ашық хаты жарияланды. «Егер қазақ жұрты латынға көшсе ұлт мәдениеті мен әдебиетінен келер ұрпақ ажырап қалмай ма немесе мемлекеттік тілді толық меңгермей жатып латынға ойысу құтқара ма?» дейді алқалы топ. Мұзафар Әлімбаев, Мұхтар Шаханов, Мекемтас Мырзахметов, Амангелді Айталы бастаған қазақ зиялылары әліпби ауыстыруға неге сонша үрке қарайды? Пікірін таразылап көрсек.

Әшірбек СЫҒАЙ, театр сыншысы: Президент өз Жолдауында латын әліпбиіне 2025 жылы көшеміз деп айтып еді, ендігі жерде неге ертерек көшеміз деп дуылдатып бара жатқандарды түсінбеймін. Асыра сілтеу емес пе бұл?! Бүгінгі күнге дейін қазақ тілін дамытуға, маңдытуға неге осылай асықпадық? Әйтеуір латынға келгенде Өзбекстан мен Әзірбайжанды мысалға аламыз. Салыстырмалы түрде олардағы жағдай бізге қарағанда тәуір. Басқа ұлт өкілдері өзбек, әзірбайжанша сөйлейді. Ал бізде қазақтың өзі ана тілінде сөйлегісі келмей жүр.

Марат ТОҚАШБАЕВ, «Президент және халық» газетінің бас редакторы: Ашық хатқа қол қойғаныммен, латын әліпбиіне түбегейлі қарсы емеспін. Өз басым латын әліпбиіне ойысуға қарсы емеспін. Бұл тақырып пісуі жеткен жөні дұрыс мәселе ғой. Менің ашық хатты қолдағаным, біз латын әліпбиіне жақын уақыттары емес, оны әбден таразылап, жетер жеріне жеткен кезде көшу керек деп есептеймін. Ал бәрін жиып қойып, бірден көшу бізді ұшпаққа шығармайды. Оған үлкен дайындық керек. Әліпби ауыстыруға тәжірибе жасау арқылы көше, дүкен, жер-су, атауларын, аты-жөнімізді бір ізге түсіріп алып, көз үйретіп барып көшсе дұрыс болар еді.

Нұрғали НҮСПЖАНОВ, Халық әртісі: Түбі әліпби ауыстыратынымызды білемін. Өнердің қазанынан су ішіп жүргеннен кейін ұлттық салт-дәстүрлерміз мен үшін бәрінен де қымбат. Латынның әрпі бізге күнделікті тұрмыс жағдайында сіңісе береді. Оған бола мақтанып, кеуде қағатындай ештеңені көріп тұрған жоқпын. Дабыра қылатын өзіміз мойындамай жүрген ана тіліміз. Қазақтың ас-суын ішіп жүріп қазақ тілін менсінбеу жағы мені алаңдатады. Осы орайда латынға көшу арқылы біз осыны жеңе аламыз ба? Мәселе осында. Қазір дүңгіршекке барсаң, қазақша кітап, газет таба алмайсың. Астанаға барғанда газет алайын десем, онын

үзігін де көрген емеспін. Оған бола ешкімнің басы ауырып жатқан жоқ. Ал латынға көшу туралы әңгімеге келгенде бәрі шетінен белсенді. Әліпбиге ауыстыруға ешкім қарсы болмас. Біз сөзсіз түбі соған мойын бұрамыз. Бірақ қазақ тілінің мәртебесі қай кезде де бәрінен биік тұруы керек.

Бақытжан ТОБАЯҚОВ, ақын: Алдымен тілімізді түзеп алайық.

Мемлекеттік тілді жиырма жылдың ішінде толық меңгермей жатып латын әліпбиіне көшіру еш қисынға келмейді. 2020 жылы мемлекеттік тілді меңгергендер 95 пайызды құрайды дейміз. Қазірдің өзінде еліміздегі адамдардың елу пайыздан астамы қазақ тілін толық меңгермеген. Егер басқа әліпбиге көшу маңызды болса, онда көне түркі жазуына ауысқанымыз дұрыс шығар. Әрі әліпби ауыстыру қыруар қаржыны керек етеді. Ал бұл тұрғыдан келгенде біздің әдеби-мәдени мұралар қайда қалмақ? Онсыз да латынша әріпті меңгеріп, кейін ауыса берерміз. Бірақ түбегейлі ауысудың қажеті жоқ. Мемлекеттік тілді толық меңгеру ұзақ уақытқа созылғанымен, соңы нәтижесіз аяқталып келеді. Оның қасында ресми тіл жоғары тұр. Ал латынға көшу арқылы біз орыстан құтыла алмаймыз. Болмаса тәуелсіздік жылдарында біржола латынды таңдауымыз керек еді.

*«El.kz» сайты
2 наурыз 2014ж
<http://el.kz>*

Анар Фазылжанова

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДАМУЫН ҚАРҚЫНДАТАТЫН ЖАҢА ӘЛІПБИДІ ҚАЛАЙ ТАҢДАЙМЫЗ?

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасының 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан – 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауында жүйелі түрде сипатталып көрсетілген дамыған 30 елдің қатарынан орын алу идеясы қазақстандық жалпы ұлттық идеяға айналып келеді [1]. Әсіресе осы Жолдаудағы қазақ жазуын латын графикасына көшіру туралы алға тартылған мақсат тиімді жолдармен жүзеге асырылса, Қазақстанның өркениетті болашағы үшін жасалған маңызды қадам болар еді. Сондықтан да болар мұны түсінген зиялы қауым арасында осы мәселеге қатысты ізденістер бірден басталып кетті. Бүгінгі күнге дейінгі аз уақыт аралығында Қазақстанның БАҚ-нан, ғылыми басылым беттерінен, теле-радиоарналарынан латын графикасына көшіруге қатысты берілген ақпараттан сарапшылар мен ғалымдарымыздың, қоғам қайраткерлеріміз бен мемлекет қызметшілерінің, жалпы жұртшылықтың көтерген мәселелерін былай топтастыруға болады:

– әліпби ауыстыруда басқа емес, латын графикасының таңдалуын негіздеу [2];

– латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшудің, оны қолданудың отандық тәжірибесі: әліпби ауыстырудың тілтанымдық,

ұйымдастырушылық, ақпараттық, әлеуметтік мәселелері бойынша атқарған іс-шаралар т.б. [3];

– шетелдік, оның ішінде гетерогенді [4] және гомогенді [5] қатынастағы басқа тілдердің латындану тәжірибесі: әліпби ауыстырудың тілтанымдық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, әлеуметтік мәселелері бойынша атқарған іс-шаралары, т.б.;

– жаңа әліпби жобасы: графемалар жүйесі, олардың фонетика-фонологиялық мазмұн межесі, графемалардың тұрпат межесі, әліпбидегі әріптердің құрамы, т.б. [6; 7; 8];

– жаңа қазақ әліпбиіне қатысты орфограммалар: шет тілінен енген сөздерді таңбалау принциптері, фонетикалық игеруді графикада берудің типтік принциптері, қазақ сөзіндегі кейбір фонемалар мен фонема тіркестерін графикада таңбалау принциптері, т.б. [8];

– жаңа әліпбиге көшіру процесін ұйымдастырудың проблемалары: кезеңдерін анықтау; бұған жауапты органдар мен ведомстволарды белгілеп, олардың атқаратын жауапты функцияларының хронологиялық алгоритмін жасау; бұлардың жұмысына құзырет беретін нормативтік актілер желісін әзірлеу; қоғамның жаңа әліпбиде сауаттануын жүзеге асыратын институттар мен кадрлар дайындау ісінің өту барысын, оған жауаптыларды белгілеу, жаңа әліпбиге үйрететін оқу құралдарының түрлі форматтарын дайындап, олардың қоғамға қолжетімділігін қамтамасыз етуге жауапты құрылымдарды белгілеп, олардың жұмысын жоспарлау, т.б.

Осылардың қатарына алынуға тиісті өзектілігі жағынан аса маңыздыларға жататын мынадай мәселелер алдағы уақытта талқыға салынуы керек деп ойлаймыз:

1) ұсынылған жобалардың ішінен жаңа тиімді әліпбиді таңдап алудың объективті процедурасын анықтау;

2) кирил немесе орыс жазуын қолданған кезеңдегі тілтанушылық оң тәжірибелердің ішінде латынға көшкенде пайдалануға болатындарын анықтау, оларды ескеру;

3) жаңа жазуға көшудің ғылыми негіздерін зерттеу қандай болу керек?

Әрине, біздің ұсынып отырған мәселелер қатары бұл күрделі процесті жүзеге асыру барысының барлық қырларын қамтымайтыны белгілі. Сонымен қатар әлі басы ашық мәселе қатары да біз көрсеткеннен әлдеқайда көп болуы әбден мүмкін. Сондықтан бұл мақаламызда осы қаралмай жатыр-ау деген үш проблеманың алғашқысына қатысты өз ойларымызбен бөліспекбіз. Ал соңғы екеуіне қатысты ізденістерімізді алдағы жарияланымдарымызда жарыққа шығару жоспарланып отыр.

Ұсынылған жобалардың ішінен жаңа тиімді әліпбиді объективті түрде таңдап алу үшін оның процедурасы қандай болу керек? Латын графикасына көшіп үлгерген посткеңестік кеңістіктегі түркітілдес мемлекеттер – Әзербайжан мен Өзбекстан тәжірибелерінен жаңа әліпбиді таңдау процедурасы алқалық ұйымның жұмысы арқылы жүзеге асқаны белгілі. Яғни бұл мемлекеттерде латын негізіндегі жаңа әліпбидің нұсқасы түрлі деңгейдегі комиссиялардан өту арқылы таңдалып алынды, соңғы

шешімді республика үкіметтері жанындағы комиссия мүшелері қабылдағаны белгілі. Әрине, бұл дәстүрлі жол. Әліпби жобасын анықтаудың соңғы инстанциясына келгенге дейін де жобалар басқа төменгі деңгейдегі комиссиялардың қарастыруынан өткізілді.

Бұндай жол бойынша таңдау кезінде жобалардың ішінен сұрыпталып алынғандары комиссия мүшелерінің талқысына ұсынылады, сонымен қатар қоғамдық талқының нәтижелері де ескеріліп, жобаның артық кем тұстары көрсетіледі. Келесі кезеңге өткен жобалардың кемшін тұстары жөнделіп, тағы қарастырылады, сөйтіп соңында ең жоғары комиссия тарапынан «оң» деп табылған нұсқа қабылдануға ұсынылады. Міне, бұл әліпби таңдау процедурасының жалпылама түрдегі қарапайым алгоритмі. Мұның кейбір детальдары түсіп қалуы әбден мүмкін. Алайда негізгі принцип – алқалық ұйымның жұмысын басшылыққа алу. Біздің ойымызша, әліпби жобасын таңдаудың мұндай процедурасы субъективті фактордың, сонымен бірге қазақстандық саяси-мәдени кеңістікке тән болып отырған кейбір кері (саяси-әлеуметтік, экономикалық, интеллектуалдық бедел иелеріне көзсіз иек арту, мамандардың пікіріне құлақ аспау, т.б.) құбылыстардың да әсеріне шалдығу қауіптерінен толықтай сақтай алмайды. Мұндай теріс тәжірибелер, бір өкініштісі, әсіресе Өзбекстандағы латындандыру үдерісінде кездескені көпшілікке мәлім. Сондықтан әліпби таңдаудың өзіне латынға көшірудің арнайы кезеңі ретінде ерекше ықтияттықпен қарау керек.

Осымен байланысты жұмыста әліпби таңдау процедурасын ұйымдастырудың басқа да тиімді жолдарын да іздестіріп, мүмкіндігінше оны комиссияларды жұмысы сияқты дәстүрлі жолмен үйлестіре қолданған абзал деп санаймыз. Осындай бір тәсіл ретінде эксперимент әдісін ұсынуға болады.

Біздің ойымызша, эксперимент арқылы артықшылығы мен кемшілігі анықталған жобаны жетілдіру де оңай болады, сонымен бірге олардың ішіндегі жазуға, оқуға, компьютерлік техникада қолданып, жедел ақпарат алмасуға қолайлысын объективті жолмен таңдауға мүмкіндік туады. Сондықтан да негізгі жобаны таңдауда субъективті факторлардың араласуына тосқауыл қойылады.

Эксперимент жайында. Тәжірибеге өздерінің кәсіби қызметінде негізінен **жазба мәтінмен жұмыс істейтін** және оны тудыратын **мамандық иелері** – журналистер, жазушылар, мемлекеттік қызметшілер, IT мамандары, ғалымдар, ЖОО оқытушылары, мұғалімдер, докторанттар, магистранттар **сарапшы** ретінде қатысады. Сарапшыларға лингвистикалық комиссияның әрбір кезең сайынғы жұмысының нәтижесінде жарамды деп тапқан қазақ жазуының жаңа әліпби жобалары тексеруге беріліп отырады. Әрбір жобаны тексеру **мерзімі**, біздің ойымызша, 10 күннен кем болмауы тиіс.

Тексерудің мәні: сарапшылар берілген мерзім уақытында пайдалануға берген жобамен **оқу, жазу, ұялы телефон, компьютер** арқылы ақпарат алмасады. Әрбір қызмет түріне қатысты осы әліпби негізінде орындалатын **жұмыс көлемі** (мәтін көлемі) алдын ала сарапшылар алдына міндетке тартылады, яғни сарапшылар оқу бойынша сынаққа алынғалы отырған әліпбимен терілген міндетті көлемдегі мәтіндерді тәжірибе мерзімінде оқып

шығуы тиіс. Мұнда белгіленген көлемдегі мәтін сынақ мерзімінің **әр күніне теңдей бөлініп** беріледі және оқылған сайын осыған жұмсалған **уақыт өлшеніп** отырады. Соңында бір минутте қанша сөз оқылғаны әр сарапшыдан тіркеліп, алынады; Дәл осы ретпен **жазуға** арналған аудио (дыбысталған) мәтін ұсынылады. Мұнда да сарапшылар бір күн ғана жазып қоймайды, олар тәжірибе кезеңінің бар күнінде де осы әрекетке тартылады, себебі жазуға ұсынылған мәтін теңдей порциялармен ұсынылып отырады. Жазған сайын осыған жұмсалған **уақыт өлшеніп** отырады. Тәжірибе соңында бір минутте жазылған мәтін көлемі анықталады. Осы қатарда **қолтелефон, компьютер** арқылы терілетін мәтіндер көлемі де сынақ мерзімінің әр күніне теңдей бөлінеді. Бұнда да тәжірибе соңында бір минутте терілген мәтін көлемі анықталады. Мұның сыртында сынаққа қатысушыларға тәжірибені ұйымдастырушылармен (яғни тілтанушылармен) болатын барлық коммуникацияда тек тексерілгелі отырған әліпбиді пайдалану ұсынылады. Тәжірибені өткізушілер де өз кезегінде сарапшылармен барлық қатынасты сыналып отырған әліпби негізінде жүргізеді.

Сөйтіп, тәжірибе мерзімі аяқталғанда сарапшылардан **фокус-группа** өткізу және **сауалнама** алу әдістері арқылы жобаға қатысты барлық ақпарат жинақталады. Бұл ақпаратты тәжірибешілер алдына ала белгіленген критерийлер бойынша талдап, қорытынды шығарады. Қорытындыда қолданыста болған әліпби жобасының мынадай бірнеше белгілерге қатысты бағасы шкала бойынша анықталады:

Оқу бойынша:

- 1) Көзшалымға қандай? оңтайлы +10-нан +100 баллға дейін; нашар -10-нан -100 баллға дейін;
- 2) Оқылуы қандай? Тез оқылады +10-нан +100 баллға дейін; баяу оқылады -10-нан -100 баллға дейін;
- 3) Оқу барысында қандай сөздердің жазба образын тану қиынға соқты?
- 4) Оқу барысында қандай әріптерден қиналдығыз (немесе шатастығыз)?
- 5) Тәжірибе барысында оқуға ұсынылған мәтіннің барлығын оқып шығуға кеткен жалпы уақытты көрсетіңіз.
- 6) Бір минутта қанша сөз оқыдыңыз?

Жазу бойынша:

- 7) Қолшалымға (күш жұмсалымы: әріптерді жазуда қол күші көп кетеді ме, әлде олай емес пе) қандай? оңтайлы +10-нан +100 баллға дейін; нашар -10-нан -100 баллға дейін;
- 8) Жазылуы қандай? Тез жазылады +10-нан +100 баллға дейін; баяу жазылады -10-нан -100 баллға дейін;
- 9) Аудиомәтінді тыңдағанда қандай сөзді әріптермен таңбалап хатқа түсіру қиын соқты?
- 10) Аудиомәтінді тыңдағанда қандай дыбысты әріппен таңбалап хатқа түсіру қиынға соқты?
- 11) Тәжірибе барысында жазуға ұсынылған мәтіннің барлығын жазып шығуға кеткен жалпы уақытты көрсетіңіз.

12) Бір минутте қанша сөз жаздыңыз?

Қолтелефонмен хабар жазысу арқылы ақпарат алмасу:

1) Жазылуы қандай? Тез жазылады +10-нан +100 баллға дейін; баяу жазылады -10-нан -100 баллға дейін;

2) Қандай сөзді телефон пернетақтасынан теру қиынға соқты?

3) Қандай әріпті телефон пернетақтасынан теру қиынға соқты?

4) Тәжірибе барысында теруге ұсынылған мәтіннің барлығын теріп шығуға кеткен жалпы уақытты көрсетіңіз.

5) Бір минутте телефон пернетақтасынан қанша әріп тердіңіз?

Компьютермен мәтін теру арқылы ақпарат алмасу:

1) Терілуі қандай? Тез теріледі +10-нан +100 баллға дейін; баяу теріледі -10-нан -100 баллға дейін;

2) Қандай сөзді компьютер пернетақтасынан теру қиынға соқты?

3) Қандай әріпті компьютер пернетақтасынан теру қиынға соқты?

4) Тәжірибе барысында теруге ұсынылған мәтіннің барлығын теріп шығуға кеткен жалпы уақытты көрсетіңіз.

5) Бір минутте компьютер пернетақтасынан қанша әріп тердіңіз?

Міне, осындай бірнеше сұраққа жауаптар алынған соң, бұл материал тілтанушылардың, педагогтар мен психологтардың зерделенуіне (интерпретациясына, термин проф. Н.Уәлидікі) тапсырылады. Сөйтіп, лингвистикалық комиссия қарап эксперимент арқылы тексеруге ұсынылған үміткер жобалардың ішінен сарапшылар жоғары бағалаған біреуі таңдалып алынады.

Тәжірибе ашық (прозрачный) болуы үшін оның барысы жайында арнайы ашылған сайтта, БАҚ-та ақпарат, хабар беріп отыру абзал болар еді.

1.3 ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ МӘСЕЛЕСІ ҚАЙТА ОРАЛДЫ: ҰСЫНЫСТАР, ШҚІРЛЕР, ОЙ-ТОЛҒАМДАР

Араға 5 жыл салып, латын әліпбиіне көшу мәселесі қайта оралды. Бұл жолы халыққа ұсыныс айту, халық пікірімен санасу жағдайы емес, керісінше, әліпби ауыстырудың нақты қадамдары шегеленіп айтылған, соған орай тапсырмалар берілген бұйрықты сипатта болды. Яғни Президент 2017 жылғы 12 сәуірдегі мақаласында 2025 жылы латын әліпбиіне көшу туралы бұрын мәлімдегенін есімізге салып, 2017 жылдың соңына дейін жаңа қазақ әліпбиін дайындауды тапсырды. Бұл - жаңа әліпбиге көшудің екінші саты.

Бүгінгі күнгі бұқаралық ақпарат құралдары мен зиялы қауым өкілдері арасында кеңінен талқыланып жатқан мәселелердің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру үрдісі. Себебі жазу – белгілі бір әріптердің жиынтығы ғана емес, ұлттың өзіндік болмысын танытатын таңбалар жүйесі, сол ұлттың тарихы, мәдениетінің таңбаланған жәдігері. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, ғылымы мен білімінің, барлық саладағы даму деңгейін көрсететін маңызы зор әлеуметтік-мәдени құбылыс. Жазу арқылы өткен мен бүгінгі және болашақ өміріміз жалғастық табады. Ол – ұрпақтар сабақтастығын

камтамасыз ететін алтын көпір. Ал, жазудың өзгертілуі сол халықтың қоғамдық өмірінің барлық саласына, рухани әлемі мен мәдени деңгейіне, тіпті, әлеуметтік психологиясына әсер етеді.

Бұқаралық ақпарат деректеріне сүйенсек, бүгінде әлемнің 70% елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда. Бұл дегеніміз – білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білдіреді. Демек, латын әліпбиінің біздің отанымыздың әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу талабының орындалуы жолында маңызды роль атқаратыны сөзсіз.

2017 жылғы латын әліпбиіне көшу талқысы негізінен оң көзқараста болды. Себебі халықты бұл өзгеріске бейімделгені, елдің болашағы үшін қажетті реформа екенін түсінгені байқалады. Әліпби ауысатынын іштей мойындаған халықтың көкейінде әліпби ауысқанда қандай қиындықтар болады, оған қалай дағдыланамыз? деген сұрақтар мазалайтыны аңғарылады. Осы қорқынышты сейілту мақсатында жаңа әліпбиіге көшудің дайындық жұмыстарын жүргізетін лингвистер мен әдіскерлердің, әлеуметтанушылар мен саясаттанушылардың сұхбаттары, пікірлері мен алдағы жоспарлары БАҚ-та жарияланып отырды. Сол деректер аталмыш тараушада ұсынылып отыр.

*«Akorda.kz» сайты
12 сәуір 2017ж
<http://www.akorda.kz>*

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

II. ТАЯУ ЖЫЛДАРДАҒЫ МІНДЕТТЕР

Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Осыған байланысты, мен алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынамын.

Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық.

Қазақ тілінің әліпбиі тым тереңнен тамыр тартатынын білесіздер.

VI-VII ғасырлар – ерте орта ғасыр кезеңі. Бұл уақытта Еуразия құрлығында ғылымға «Орхон-Енисей жазулары» деген атаумен танылған көне түркілердің руникалық жазуы пайда болып, қолданылды.

Бұл адамзат тарихындағы ең көне әліпбилердің бірі ретінде белгілі.

V-XV ғасырларда түркі тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды.

Мәселен, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді.

Халқымыз Ислам дінін қабылдаған соң руникалық жазулар біртіндеп ысырылып, араб тілі мен араб әліпбиі тарала бастады.

X ғасырдан XX ғасырға дейін, 900 жыл бойы Қазақстан аумағында араб әліпбиі қолданылды. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпбиі - «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады.

Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді.

Мен 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан-2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдедім. Бұл – сол кезден барлық салаларда біз латын қарпіне көшуді бастаймыз деген сөз. Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз.

Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз. Үкімет қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауы керек.

Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес.

2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет.

Алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс. Әрине, жаңа әліпбиге бейімделу кезеңінде белгілі бір уақыт кириллица алфавиті де қолданыла тұрады.

Тарих ғылымдарының докторы С.Смағұловамен сұхбат

ӨЗБЕК ПЕН ТҮРКІМЕННІҢ ҚАТЕЛІГІН ҚАЙТАЛАМАЙЫҚ

Қазақстандағы жаңа әліпбиді жасау білікті ғалымдарға, тіл мамандарына тапсырылып, жасалған жобалар қызу талқылауға түскен. Біз кешегі Өзбекстан мен Түркіменстанның қателігін қайталамауымыз керек. Мемлекет тарапынан арнайы қаулы қабылданып, оған ғалымдар жұмылдырылуы абзал. «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» дегендей, бұл істе ұқыптылықтың болуы шарт.

Елбасы Жаңа жолдауында 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қаріпіне көшіру керектігін айта отырып, бір кездерде мұндай қадамды бастан өткізгеніміз жайында атап өтті. Өткен ғасырдың 20-30-жылдары еліміз араб графикасынан латынға көшу үрдісін өткеріп, 40-жылдың басына дейін латын әрібін қолданып келдік. КСРО ыдырағаннан кейін Орта Азияның бірнеше мемлекеттері осы әліпбиге көшті. Олардың қатарын қазақстандықтар да толықтырғалы отыр. Осы орайда біз Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы Светлана Смағұлованы сөзге тартқан едік.

– Өткен жылдарға үңілер болсақ, жалпы латын әріпіне көшу мәселесі қай кезеңдерде көтерілді?

– Түркі халықтарында араб әліппесінің орнына латын әліппесін енгізу мәселесі XIX ғасырдың 60-жылдары көтерілген. Әзірбайжандық ғалым, драматург Мырза-Фатали Ахунов латын жазуына көшу мәселесін патша үкіметіне де, Түркия және Иран басшыларына да ұсынып көрген. Дегенмен оның бұл әрекеті сол кездерде жауапсыз қалып қойды. Ол райынан қайтпай екінші рет түрік басшыларына тағы да ұсыныс еткен. Үкімет басшылары бұған да оған назар аудармады. 1905 жылғы орыс революциясынан кейін Әзірбайжан мен Татарстан оқытушылары, баспасөз қызметкерлері арасында түркі халықтарын латын әрібіне көшіру мәселесі қайтадан көтеріліп, оны жақтаушылардың қатары көбейе түсті. Алайда патша үкіметі бұл мәселенің қалың бұқара арасына кең түрде таралуына жол бермеуге тырысып, оны насихаттаушыларды қысымға алған. Латын әліпбиіне көшу мәселесі «жәдитшілдік», «мұсылманшылдық» қозғалыс өрлеген жылдары қайтадан көтеріліп, 1908 жылы Түрік парламентінде жаңа әліпби байланысты комиссия құрылып іске кіріскен. Бұл мәселе 1914-1918 жылдары империалистік соғыс тұсында уақытша тоқтап, тек 1922 жылы қайтадан қолға алынды.

– Сонымен түркі халықтары жазуын реформалау мәселесін бірінші болып көтерген Әзірбайжан ғалымдары болды ғой. Оларға не түрткі болды?

– Ия, 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Әзірбайжаның зиялы қауым өкілдері мен оқытушыларының, ғалымдарының әліпбиді өзгерту қажеттігін көтерудегі өзіндік себебі бар. Сол кезде орыс үкіметі түркі жазуын орыс әліпбиіне, яғни кириллицаға көшіруге әрекеттеніп жанталаса іске кіріскен болатын. Мұнда бір нәрсені айта кету қажет, кеңестік билік түркі халықтарына орыстандырудың жалғасы екендігін білдірмеу үшін, олардың қолданып жүрген араб жазуының қиыншылығын алға тартып, кириллицаға көшіруді іске асырудың бірнеше жолдарын ұсынды. Кеңестік биліктің бұл әрекеті түркі жұртының оқымыстыларына үлкен ой салып, осы тұста олар латын әліпбиін енгізудің сәті түскендігін түсінді. Сөйтіп 20-жылдың басында Әзірбайжан баспасөздерінде тіл, емле, жазу мәселелерімен қатар жаңа әліппе мәселесі қозғалып, комиссия құрылып, жаңа әліпбидің жобасы жасалды. Көпшілік талқысына салынды. 1922 жылы Бакуде түркі халықтарының жиналысын өткізіп, араб жазуын латынға алмастыру мәселесін көтеріліп, ұзақ айтыс-тартысқа түсіп, ақыры бұл ұсыныс қабылданды.

– Әліпбиге алмастыру мәселесінде қызу айтыс-тартыс жаңа латыншылар мен араб әрібін жақташылар арасында өрбіді емес пе. Біздің ұлт зиялыларымыз, оның ішінде А. Байтұрсынов араб әрібін қолдана беру қажеттігін ұстанса, ал жаңашылдардың арасында Нәзір Төреқұлов, Мұқтар Мурзин сияқты қайраткерлеріміз латынға көшудің маңыздылығын дәлелдеп кітап та жазды. Қазірде де қоғамда әліпбиді алмастыруда үлкен талас туып отыр. Бұл жайында не айта аласыз?

– ХХ ғасырдың 20-жылдардың басында Ахмет Байтұрсыновтың «Төте жазу әліппесі» халық арасында кең қолдау тауып, Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде араб әліппесіне лайықтанған қазақ графикасы қабылданған болатын. Бұл ұзақ уақыттар бойы «Байтұрсынов емлесі» деп те аталып келгені белгілі. Латынға көшу мәселесі 1923 жылдан бастап қазақ ұлт интеллигенциясы мен оқытушылар арасында көтерілді. Латынға көшуді насихаттаған қоғам қайраткері Нәзір Төреқұловтың 1924 жылы Мәскеуде «Жаңа әліпби неге керек?» деген кітабы жарық көрді. Ол латын әрібіне көшудің негізгі себебі араб әрібінің оқу мен жазудағы қолайсыздығы деп көрсеткен. Үкімет жаңа әліпбиді жақтаушылар мен бұрынғы әліппені қолдаушылар арасындағы айтыс-тартысқа, еркін түрде пікірлерін айтуға, баспасөзге жариялауға бар мүмкіндіктерді жасаған. Екі жақтың да пайымдауларын ескеруге тырысты. Ұлт зиялысы Халел Досмұхамедов кезінде латын әліпбиіне қарсы болса да, латын әріптерінің жобасын жасауға қатысты. Өз жобасын ұсынды. Негізінде латыншылар мен арабшылар арасындағы тартыс 1926 жылы Бакуде өткен бірінші түркология съезінде қатты көтерілген. Съезге Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынов, Әзиз Байсейітов, Елдес Омаров, Нәзір Төреқұловтар қатысқан. Дауысқа салу

барысында латыншылар басым болып, латын әліпбиін қабылдауға шешім етілді. Қазақстандағы жаңа әліпбиді жасау білікті ғалымдарға, тіл мамандарына тапсырылып, жасалған жобалар қызу талқылауға түскен. Бұл жерде де түрлі пікірлер пайда болған. Жаңа әліпби 1928 жылдың басынан мектептерге енгізіле бастады. Латын әліпбиіне толықтай көшкенше араб пен латын жазуы қатарласа қолданылды. Елбасының Жобасынан кейін баспасөз беттерінде осы латын әліпбиіне көшу турсында түрлі пікірлер туындап отырғаны өзіңізге белгілі. Бұл заңдылық. Соның бірі тез арада латынға көшуіміз керек деген пікір. Бұл тым асығыстық шешім. Менің ойымша, біріншіден қабылданатын әліпбиіміздің нақты нұсқасын анықтап алу қажет. Себебі қазіргі таңда латын әліпбиінің қаншама нұсқасы жасалынып, ғалымдардың өздері әлі қайсысының лайықты екендігіне көз жеткізе алмай отыр. Екіншіден, халықты осы әліпбимен баспасөз, теледидардан арнаулы бағдарламалар арқылы таныстырып, дайындап алған абзал. 2006 жылы болған Қазақстан халқы ассамблеясының 12-сессиясында Елбасымыз латын графикасына көшуді қозғап, осы мәселені жіті зерттеп, нақты ұсыныстар даярлауға тапсырма берген еді. 2007 жылы Білім және ғылым министрлігінде осы латын әліпбиі мәселесіне байланысты комиссия құрылып, қоғамдық институттардың мамандары біршама іс-шараларды жүзеге асырған болатын. Бұл комиссия жұмысына қатысқан біздің институттың тарихшы мамандарының арасында мен де болдым. Әр институтқа нақты атқарылатын істері жүктелініп берілді. Мәселен, біздер ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы латынға көшудің тарихын зерттедік, латын әліпбиіне көшкен елдердің іс-тәжірибесі, сауалнамалар нәтижесі жазылған құжаттар, шетелдік зерттеушілердің ұсыныстары жинақталған құжаттар қарастырылып, талданды. Латын графикасына көшірудің негіздемесі жасалды. Тіл мамандары тілдің жағынан, экономистер қажетті шығынын қарастырды. Бірнеше мәжілістер өткізіліп, мамандар ұсынған әліпбилер талқылауға салынды. Латын әрібін қабылдаған Түркия, Өзбекстан, Түркіменстан мемлекеттеріне арнайы экспедиция жіберіліп, олардың тәжірибелерімен бөлісіп қайтты. Бұл комиссия жұмысы сол кездерден кейін тоқтап қалмай, жұмысын жалғастыра түскенде бірер жылдар аралығында қабылдайтындай дәрежеге жетіп те қалар едік. Екінші пікір бұл латын әліпбиін қабылдасақ, ол әріпке жаттыққанға дейін ежіктеп оқып қалмаймыз ба, орыс әрібінде шыққан құнды дүниелерімізді кейінгі ұрпақ оқи алмастай жоғалтып алмаймыз ба деген қорқыныш. Бұл бір жағынан орынды. Себебі, шындығында 20-30-жылдары латынға, 40-жылы кириллицаға көшуіміз бертінгі ұрпақтың ХХ ғасыр басында жарық көрген көптеген ұлттық құндылықтарымызды оқудан мақұрым етті. Қаншама зиялыларымыздың еңбектері осы күнге дейін әлі ашылмай жатыр. Алысқа бармай ақ тұңғыш журналымыз «Айқап» пен биыл шыққанына жүз жыл толып отырған «Қазақ» газетінің толық нұсқасын араб әрібін білмегеннен қолдана алмай отырғандар қаншама. Ал ол дүниелерде қаншама баға жетпес материалдар бар. Латын әріпімен басылған қаншама құнды дүниелеріміз кітапхана сөресінде өз оқырмандарын таба алмай жатқаны баршаңызға аян. Осыған

орай алда бұл мәселені де орайына келтіре шешу керек сияқты. Тағы бір пікір бұл қазіргі таңда интернетте жастар латын жазуын еркін қолдана алады, сондықтан таяу арада қабылдауға еш кедергі жоқ деуі. Рас, жастар бұған икемшіл. Баланың қабылдау қабілеті өте күшті. Олардың техниканың, электрониканың жаңалықтарын да тез қабылдап алады. Қош. Ал орта жастағылар мен егде азаматтарымыз ше? Олардың үйренуіне біршама уақыт кетеді емес пе? Бұл мәселеде біз әліпбиімізді нақтылап алғаннан кейін баспасөз арқылы кең түрде насихаттап, жаңа әліпбиге көзімізді үйретуіміз керек.

– Сонда латын қаріпіне көшу мәселесінде сол кездегі тәжірибелерді ескеру қажет дейсіз ғой?

– Әлбетте. 20-жылы латын әліпбиін енгізуді жүзеге асыру туралы мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Үкіметтің қарарлары бойынша жергілікті өкімет пен халық ағарту органдары әліпби мәселесіне арналып көпшілікке түсіндірме түрінде арнаулы кітаптар шығарылды, газеттердің бір беті жаңа әліпбиге арналып, жұртты жаттықтыру жұмыстары жүргізілген. Арнаулы курстар ашып, әліпбиді үйрететін ұстаздар даярланды. 2007 жылғы комиссия жұмыс барысында даярланған анықтама-ұсыныстарда, 1929 ж. латын әріпіне ауыстыру тәжірибесін ескеру қажеттілігі негізделіп, жоғарғы орынға ұсынылған. Сондықтан сол кездердегі тәжірибеге жүгінгеннің артығы болмас.

– Ал «Латын әліпбиіне көшуге биылғы жылдың қыркүйегінен бастап кірісу керек» деген пікірге қалай қарайсыз?

– Құр сөзбен қамал да, қала да тұрғыза алмайсың. Нақты қолданатын әліпбиді таңдап алмай, сол әліпбиді үйрететін маман ұстаздарды даярламай ол мүмкін емес. Бірақ түбі осы латынға көшеміз. Сондықтан бұл үдеріс жақсы дайындықпен және ойластырылып жүргізілуі аса қажет. Біз кешегі Өзбекстан мен Түркіменстанның қателігін қайталамауымыз керек. Мемлекет тарапынан арнайы қаулы қабылданып, оған ғалымдар жұмылдырылуы абзал. «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» дегендей, бұл істе ұқыптылықтың болуы шарт.

Сұхбаттасқан Жолдасбек Дуанаба

«ziyatker-on.kz» сайты

11 қыркүйек 2017 ж.

<http://www.ziyatker-on.kz>

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ НЕМЕСЕ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ ҚАЗАҚҚА НЕ БЕРЕДІ?

Шәкір ЫБЫРАЕВ, ҚР Білім және ғылым министрлігі Түркі академиясының президенті: Алдымен бүгінгі компьютер заманында интернет жүйесінде үстемдік ететін латын әліпбиі екендігін мойындауымыз керек. Бәріміздің электрондық поштамыз бар. Ол поштамыз кирил, араб, немесе басқа емес, латынмен жазылған. Астымыздағы көлігіміздің

нөміріндегі әріптер латынмен берілген. Куәлігіміз бен паспортымызда латын әліпбиі тұр. Осындай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Яғни латын әліпбиі бізге таңсық емес. Ол біздің қоғамға еніп кеткен. Оны еліміздегі кез келген сауатты адам белгілі дәрежеде біледі. Ал латынның бізге берері дегенде толып жатқан тиімді тұстарын көрсетуге болады. Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымыз төмендегідей: **Біріншіден**, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. **Екіншіден**, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқаратыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. **Үшіншіден**, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. **Төртіншіден**, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Ол да табиғи іс екендігін айтқым келеді.

Саясаттанушы, «Қазақстан» Ұлттық арнасының директоры Ерлан Карин: Латын әліпбиіне көшу – жай әліпбиді ауыстыра салу емес, ол біз үшін өркениетті шешім. Бұл біздің ашық әлемнің бір бөлігі болуға талпынуымызды, алға жылғымыз келетінін растайды және бұл осыған дейін Қазақстандағы білім беру жүйесін жетілдіру туралы идеялармен байланысты болып тұр.

А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының директоры Ерден Қажыбек: Бұл – біздің ұлттық мүддеге арналған керемет бағдарлама. Дегенмен, жалпы алғанда, жұртшылық кирилл, яғни орыс әліпбиіне үйреніп кеткен. Бірақ біз маңызды бір мәселеге көңіл бөлмей келеміз. Ол – сауатты, қате жібермей жазу мәселесі. Ал, қазіргі газет-журналдарды алсаңыз, орфографиялық нормалардың сақталмауы, қателер деген өріп жүр – оны мойындау керек. Мысалы, «Айқын» **шекара** деп жазса, «Егемен» **шегара** деп жазады. Осы сынды қателер өте көп. Біздің мемлекеттегі классикалық үлкен басылымдар осындай қателіктерді жібереді, тіпті, әр журналистің өзіндік жазу принциптері бар. Ғылым бекіткен ережелер бөлек, ал әр ақынның, әр журналистің, әр жазушының жазу тілі мүлдем бөлек. Бұл дұрыс емес, белгілі бір жүйе қалыптасу керек, бірдей орфографиялық норма болуы тиіс және ол сақталуы шарт. Бұл – өте үлкен мәселе. Шетелде бір газетті алып, кез келген мақаласын оқысаңыз және сол жерден бір қате табылса, оны бүкіл ел болып талқылайды, сол қатені үлкен мін етіп көрсетеді. Ал, бізде сауатсыз жазу, ережелерді сақтамау әдетке айналған. Неге? Себебі, біздің әліпбиіміз «мал қора» секілді. Мені қатты айтты дерсіздер, дегенмен мұны да мойындау керек. Тіліміздегі төл дыбыстардың саны 26-28, ал әріптеріміздің саны 42, екі есе көп. Кириллицаны 30 жылдардың аяғы мен 40 жылдардың басында қабылдаған кезінде еліміз өте қиын жағдайда болған. Орфографияға да, орфоэпияға да сауатты бүкіл адамдарды құртып, жоғары жақтан

кириллицаны бұйрықпен күштеп енгізген болатын. Қазақ тіліне еш қатысы жоқ, біздің табиғатымызға жат әріптерді кіргізе салды. Сол бір орыс әліпбиінің негізінде қазақ тілі әліпбиінің 20-30 шақты нұсқасын жасап берді. Мысалы, біз башқұртпен, ноғайлармен сөйлескенде тілімізде ешқандай да айырмашылық жоқ, бір-бірімізді оңай түсінісе аламыз, бірақ бір-біріміздің кітаптарымызды оқи алмаймыз. Себебі, біздің әліпби орыс әліпбиі негізінде жасалған. Қазақ тілінде бір ғана дыбысты беретін әріптер кириллицада екі-үш таңбамен таңбаланады.

*«Егемен Қазақстан» газеті
13 сәуір 2017ж.
egemen.kz*

Мәулен ӘШІМБАЕВ
Парламент Мәжілісінің депутаты

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ДҰРЫС ҚАДАМ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бірнеше жыл бұрынғы Жолдауында бұл тақырып нақты атап көрсетілген. Біздің ойымызша, бұл – дұрыс қадам әрі еліміз үшін үдемелі ілгерілеушіліктің қадамы. Қалай десек те, белгілі бір өтпелі кезең қажет болатынын, тиісті қиындықтар туындауы мүмкін екенін түсінуіміз қажет. Осы тұрғыда халықты даярлауға, түсіндіру жұмыстарын жүргізуге қажетті ғылыми жұмыстарға байланысты шаралар қамтылатыны анық. Стратегиялық басым мақсаттар тұрғысынан алғанда, біздің латын әліпбиіне көшуіміз еліміз үшін дұрыс қадам деп пайымдаймын. Себебі, ол біздің мемлекеттің ұлттық мүддесіне сай келеді. Бүгінде экономикалық ахуал тұрақталып келе жатқандықтан, конституциялық реформадан соң, Қазақстанның ұзақ мерзімді мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған қандай да бір стратегиялық қадамдарды іске асыру қажет. Сонымен қатар, заңнамалық бағытта маңызды жұмыстардан кейін Мемлекет басшысы осындай бастаманы жариялады. Бұл шешімді, әрине, қолдаймыз. Ал латынға көшу шаралары кезең-кезеңмен жүруі тиіс. Осы орайда, мемлекеттік органдар бұл бағыттағы процесті лайықты деңгейде, яғни жоспарлы негізде іске асыруы қажет. Атап айтқанда, алда атқарылатын шаралар аясында Үкімет сауатты бағдарламаны құруы тиіс. Түсіндіру жұмыстарын, кеңестерді байыппен жүргізу керек. Осыдан кейін біртіндеп латын әліпбиіне көшіруді іске асыруға болады.

Мұртаза Бұлғатай
дінтанушы

ЛАТЫНҒА КӨШСЕК...

77 жыл қолданыста болған кирилшенің өзін жөнге келтіре алмай жатып, қазақ тілінің сөздік қорын өмірдің барлық саласын асырай алатын деңгейге жеткізе алмай жатып, бір әліппені өзгерту арқылы осы хроникалық науқастың бәрін ампутация жасап тастаймын деу – әншейін демагогия, популизм, иллюзия... Қазақ тілі онсыз да қиын жағдайда қазір, халықтың көбісі білмейді, білгендердікі жүрмейді. Ал латыншаға өту бір күндік шаруа емес. Халқының бәрі өзбекше білетін Өзбекстан ресми түрде 2000 жылы латын әліпбиіне өткенімен, әлі күнге шейін кирилшелерін тастаған жоқ. Өзбектер 17 жылда толықтай өте алмай жатса, біз 30 жылда да өте алмай, дүбәра халде қалатын шығармыз. Қазақша сөйлейтін халықтың басым бөлігі кирилшеде қала беретін шығар, жастар латыншаға үлкендерден гөрі тезірек өтуі мүмкін. Ал орыстілді көпшілік болса, ол тілдің әліппесі өзгеріссіз қалғандықтан, ешбір қиындыққа душар болмайды. Қазақтілділер бірнеше әліппеге бөлініп, өтпелі кезеңде бытырап, жанталасып жатқанда халықтың көбісі орыс тілінің ықпалында кетуі әбден мүмкін...

Әр халық өзінің тарихын, мәдениетін, адамзат өркениетіне қосқан үлесін мақтаныш етеді. Ал әліппе – осының бәрін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін басты құрал. Жапондар, кәрістер, үнділер, гректер сияқты көптеген халықтар өздерінің байырғы жазуларымен келе жатыр. Еврейлер ғасырлар бойы қолданыстан шығып кеткен жазулары мен тілдерін жаңғыртты, Израиль орнағанда олар латыншаны қабылдаулары да мүмкін еді ғой. Бірақ тәуелсіз елдің тәуелсіз азаматтарының тәуелсіз санасын қалыптастыру үшін өздерінің төл жазуларын, ата-баба аманатын өмірге қайта әкеліп, еврей жастарының санасына құйды. Ал біздің арғы ата-бабаларымыздың да өздерінің керемет жазу үлгілері болған, бұл тіпті ғылымның бір саласына айналып та кетті. Меніңше, кім көрінгеннің әліппесіне жармаса бермей, Күлтегін бабамыз қолданған байырғы түркі жазуына көшкеніміз жөн болар, – дейді.

Анар Фазылжанова, Зейнеп Базарбаева, Құралай Күдерінова

ЛАТЫН ӘЛІПБИ

«Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне әкелері сөзсіз. Латын әліпбиіне көшу қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады» деп атап өтті өз мақаласында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Латынға көшу жаһандандық тілдік кеңістікке кіруге жол ашады. Эфирде «Әңгіменің ашығы». Ассалаумағалейкүм, құрметті көрермен! Эфирде «Әңгіменің ашығы» ток шоуы. Сіздермен бірге мен, Дәурен Бадамұрат. Сонымен, қарсы алыңыздар. Ортада біздің токшоу бағдарламасының алғашқы қонақтары жазушы, филология ғылымдарының докторы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Уәлихан Қалижан ағамыз және белгілі саясаттанушы Талғат Жақсыбай. Қазақтың маңдайалды жазушысы Дулат Исабеков ағамыз. Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары Анар Фазылжанова ханым.

Ары қарай ток шоуға келген қонақтар латын әліпбиі туралы өз ойларын айтты. Содан соң А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында түсірілген бейнетүсірілім көрсетілді. Видеода Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты латын әліпбиіне көшудің жобасын әзірлеп, дайындап қойған-ды, қазір жобаның екі нұсқасы бар, біріншісі – лингвистикалық, екіншісі – ғаламтор нұсқасы деп аталатындығы айтылды.

Бейнетүсірілімде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Зейнеп Базарбаева сөз сөйледі.

Зейнеп Базарбаева: «Лингвистикалық әліпбиді алатын болсақ, онда әр дыбыс бір әріппен беріледі және ол дәстүрлі әліпби болады. Бірақ осы өзіміздің дыбыстарымыз диакритикалық таңбалар арқылы беріледі. Интернет әліпбиін алсақ, оның негізінде компьютердің клавиатурасы жатыр, онда 26 әріп бар. Ал біз өзіміздің дыбыстарымызды диграфпен дауыссыздарды, ал дауыстыларды апострофпен береміз. Бұнда өзіміздің, мысалы, дауыстыларды апострофпен көрсетеміз. Қазір заман өзгерді, меніңше осы заман талабына мүмкін интернет алфавит сай шығар, неге десеніз, себебі, Өзбекстан 1993 жылы осындай лингвистикалық әліпби қолданған болатын. Онда өздерінің дыбыстарын олар диакритикалық таңбалар арқылы берді, бірақ 2 жыл өткеннен кейін олар осы интернет алфавитін алған болатын, сонда олар диграфты да алды және апостровты алған. Солардың тәжірибесін ескеру қажет», – деді.

Дәстүрлі латын графикасына негізделген бұл жоба ағылшын және интернет тілін меңгеруді жеңілдететіндігі, сонымен бірге әлемнің ақпараттық жүйесіне кіруге қиындық туғызбайтындығы айтылды бейнекөрсетілімде.

– **Анар ханым, қош келдіңіз студияға! Енді негізінен мынау латын әліпбиіне қазақ тілінің көшуінде көш бастап тұрған сіздің институт. Жаңа сіздердің институттың өкілдері сөйледі және де біраз түсініктер берді. Жалпы дәл қазір нақты бір сараланған електен өткен нұсқалар бар ма латын әліпбиінің?**

– Бар. Біздің институттың мамандары бұл мәселемен биыл ғана айналысқан жоқ, ең алғаш Елбасымыз 2007 жылы тапсырма берген болатын, оң-солын бажайлаңыздар деген, сол кезден бастап айналыстық, бірнеше жоба ұсынылған болатын, осы күні біз сол бірнеше жобаның басын қосып, бір ғана тілтанушылардың жобасын ұсынуды ұйғарып отырмыз, бірақ жоба болған соң, оның бірнеше нұсқасы болуы тиіс қой, әйтпесе комиссия бір жобаны ғана бекітпейді ғой, комиссияның міндеті ол бірнеше жобаның ішінен тиімдісін тандап алу керек қой, сондықтан біз бірнеше түрленген жоба дайындаймыз, алайда олардың барлығының принципі бір принципке негізделеді. Жаңа Зейнеп апайдың интервьюында жақсы айтты, бір дыбысқа бір әріп принципін ұстанамыз.

– **Яғни ана клавиатураның ішіне енеміз ба, енбейміз бе? Енді, Ахмет Байтұрсынов көкеміз көрсеткен екен, қазақ тілінде 28 дыбыс бар, ал енді ана клавиатурада 26 таңба бар. Сол 26-ның ішіне енеміз бе, жоқ әлде бізге қосымша бәрібір таңбаларды белгілеу қажет болады ма?**

– Осы тұрғыда мен енді маман ретінде сөйлеймін, тілтанушы маман ретінде. Компьютердің саласының маманы ретінде біреу пікір айтса, бәлкім маған қарсы келер, бірақ бұл әліпби ол тілге қызмет ету керек, тіл қазір біз екеуміз өмір сүріп жатқан уақыттың кесіндісінде ғана бар болатын дүние емес. Тіл ол мәңгілік дүние, сондықтан сіз тілдің талабына ілесем десеңіз, жазуыңыз болашаққа қызмет етсін десеңіз, сіз компьютерді тілге икемдеуіңіз керек, тілді компьютерге емес. Осы тұрғыдан келгенде, әліпби таңдау ол оңай шаруа емес, ол мынау біздің жазуымыздың дұрыс болуы үшін қажет, ол біз жазу не үшін керек, ауызша сөз не үшін керек? Ауызша сөз міне қазір көзбе-көз қарым-қатынаста бір-бірімізге өзара ойымызды жеткізу үшін керек, ал жазу содан бөлек тағы да бір ұлы міндетті атқарады, ол қазіргі болған фактілерді, оқиғаларды ғасырдан ғасырға жеткізетін құрал. Сондықтан жазудағы негізгі оның құралы әліпбиді ол тілдің жүйесінен жасау керек, егер компьютерде клавиатура оған сәйкес келмей тұрса, оған бола біз тілдің жүйесін бүлдірмеу үшін бұзып жазуды жасамаймыз ғой.

– **Яғни, бұл жерде жаңағындай мәселе бар дейсіз ғой? Ал, енді Анар ханым, тағы да бір енді бізде көп айтылатын мәселе мынау, латынға көшу барысында бізге көрші Өзбекстанның, Түрікменстанның бауырлас елдер ғой, енді Әзербайжанның мысалдарын жиі келтіреді, сол мысалдардың ішінде көп айтатын дүние Өзбекстанның латынға көшуі ұзағырақ процеске созылды да, әлі аяқталған жоқ, нәтижесі мардымды емес деп айтып жатады, олар қандай қателік жіберді?**

– Енді мына жерде отырып қазір бүкіл өзбек халқын мынандай қате жіберді деп айту ол әдепке оғаш болады. Иә, ол әдепке жатпас, дегенмен де біз бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастырдық, үлкен ғалымдарымен кездестік. Сондағы академик тілтанушы ғалымдар: «Әліпби таңдау ісінде ғалымдардың пікіріне көбірек жүгініңіз деп бізге өздерінің ұсынысын, кеңесін берді. Ғалымдардың пікіріне көбірек жүгініңіздер, содан кейін мынау техниканы тілге икемдеп алғандарыңыз абзал болар, әліпбиді жасағанда клавиатурадағы әріптермен ғана шектелсеңіздер, онда бір дыбысты екі әріптің тіркесімен беруге тура келеді» деді. Ал екі әріптің тіркесі бір сөздің контексінде бір дыбыс ретінде оқытылса, ал екінші бір сөздің контексінде екеуі екі бөлек дыбыс ретінде оқылып кетуі әбден мүмкін деген сияқты да кеңестер берді. Бірақ «міне, маңызды, өте маңызды» Өзбекстанның тәжірибесін сондай бір сәтсіз деп айта алмаймын, олардың да өздерінің қиыншылықтары бар, менің ойымша, бұл әліпби реформасындағы Өзбекстандағы қиыншылықтар тек қана тілтанымдық ойлау жүйесінің осалдығынан болған жоқ сияқты, ол жерде мәселе әлеуметтік факторларға да тірелуі мүмкін, экономикалық факторларға, ол жағынан мен маман емеспін.

– **Дәл бүгін бізде студия қонақтарының арасында Зейнеп апайымыз келіп отыр, жаңа ғана біз экраннан Зейнеп апай сізді көрдік, айтқан дүниелеріңізді ойымызға түйдік, алып-қосарыңыз бар ма?**

– Ең алдымен, мен филолог ретінде айта аламын, мысалы, біздің қазақ тілі фонетикалық жүйесі осы алфавитке сай келмейді, кириллицаға сай келмейді, жалпы осы жаңа жобаны ұсынғанда тілдің тарихын оның диалектикалық дамуын ескеру қажет, әр тілдің фонетикалық құрылымының дамуы оның жетілген дыбыс жүйесінің нәтижесі болып табылады. Дыбыстардың қалыптасуы тіл мен ойдың дамуымен байланысты және жаңа дыбыстар, жаңа фонемалар, жаңа лексикасымен, жаңа ұжымымен толығымен және көршілес мәдениеттің және өркениеттің ықпалымен дамиды.

– **Студияның келесі қонақтары Сүлеймен Демирел университетінің доценті, филология ғылымдарының докторы Күдерина Кұралай Бимолдақызы және де Мемлекеттік тілді дамыту институтының директоры Қапалбек Бижомарт ағамыз.**

Күдерина Кұралай:

– Осында айтылып отырғандай, бірінші үгіт-насихат жұмыстары жүргізілу, ең қарапайым түрде түсіндіру, орта мектепте оқитын балалардан бастап қарапайым деңгейдегі түсіндіру жұмыстары болу қажет. Одан кейін жақсы, сәтті жасалған алфавит құрастырылуы керек. Ол алфавитте тек қана лингвистер емес, оған педагогтар, психологтар, экономистер, бағдарламашы-технарлардың біріккен, ортақ ойластырылған әліпбиін құрастыру керек. Және ол әліпби көптің талқысына салынуы керек. Мысалы, кезінде 1940 жылы біз кирилге ауысқан кезде 39 жылы алғашқы жоба ұсынылды, сол жоба 40 жылы алфавитке ұсынылды. Сонымен бірге орфографиялық ереже, сөздіктер де ұсынылды. Және осылардың барлығы 17 жыл бойы БАҚ құралдарында, мектептерде, ЖОО талқыланды.

Сөйтіп 17 жылдан кейін ғана, 1957 жылы орфографиямыздың негізгі ережесін бекіттік. Ол кездегі газеттерді, журналдарды қарап отырсаңыздар, өте көп мақалаларды оқып талай пікірлердің қалыс қалып қалғанын, талай пікірлердің басқаша сипатталып кеткендеріне көз жеткізуге болады. Сондықтан алдымен талқылау керек, жақсы әліпби құрастыру керек, жан-жақты қарастырылған.

– Құралай ханым, міне мен сізге арнайы тақта әкеп қойдым, жазып бір көрсетіп берсеңіз. Өзіңіз айтып жатқан дүниелерді.

– Қазақ тіліне тән дыбыстары алына ма, қалай алынады? – деген бір жай ғана қарапайым сұрақ. Сол кезде қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарын белгілеу туралы 1995 жылы профессор Әлімхан Жүнісбек, Нұргелді Уәли, Көбей Хұсайынов үлкен бір мақала жазды. Ол мақалада қазақтың дыбыстарын түрік жазуы бойынша жазуды ұсынады. Түрік алфавиті деп аталмайды, бірақ та жазу жүйесі соған сәйкес. Ал кезінде түріктер ол жазуды неміс жазуы арқылы алған. Мысалы, бізде Ә, Ө, Ұ, Ү, І деген қазақтың өзіне тән дыбыстары бар. Енді осыны қалай аламыз десек, мұның барлығы латын әліпбиіндегі жуан дыбысты беретін әріптің жіңішкелерін жуан әріптерге умлаут дейміз ғой, диакритика А-А, О-О, U-U, Мысалы, осы жүйені үйрету де жалпы жеңіл деп ойлауға болады. Қ -Q , Ң- N, F-G осылай беруге болады. Бұл бір қарағанда өте қиын, шырмау, төбесіндегі нүктелері көбейіп кеткен, басқа да тағы бір қиындықтар бар сияқты. Бірақ бір қарағанда біз бұлай әліпбиге көшсек, бір апта, 10 күн ежіктеп оқитын боламыз. Мысалы, газет басылып жатыр, оны оқу үшін әріптеп, ежіктеп, сосын барып біз оны сөз, сөйлеммен оқитын боламыз.

Ал біз кирилде автоматты оқу жүйесіндеміз. Автоматты оқу деген суретпен сурет түрінде көріп оқу, тіпті біз ары қарай мақаланы оқымай-ақ оның тақырып аттары, тірек сөздері арқылы мақаланың не екенін тани аламыз. Ал мына процесс жаңағыдай буындап оқу, ежіктеп оқу, сөйлеммен оқу, бұның барлығы жеке бір адам үшін, өзіңіз үшін бір ай көлемінде сіз мұны жеңесіз. Бір айдан кейін сіз автоматты түрде оқуға қол жеткізетін боласыз. Енді ұсынылып отырған екінші жобаны интернет жоба деп кезінде профессорлар айтқан еді, біз ондағы қиындық ежіктеп оқуға тап боламыз. Бірақ бәрібір де түбінде болашақ ұлттың болашағы үшін өте қажетті қадам болады.

Зейнеп Базарбаева:

– Бірінші лингвистикалық жоба, екінші интернет жоба, екеуінде де артықшылық және кемшілігі бар. Мысалы, бірінші жобаның артықшылығы неде дейміз? Бір әріпке бір дыбыс сәйкес келеді және осы дәстүрлі жоба ол түркі тіліне жақын және әзербайжан тіліне жақын. Ал кемшілігі неде? Ол компьютердің клавиатурасына тағы дыбыстар, тағы таңбалар қосу керек. Ал интернет жобаны алатын болсақ, ол ағылшын тілін үйренуге өте оңай болады да, сосын қазір заман да өзгеріп жатыр, өзіміз де өзгереміз, дамимыз дегендей, сондықтан, меніңше, осы интернет жобаға көбірек мән беру керек сияқты.

– Өте жақсы. Терең әңгімелер айтылып жатыр.

Анар Фазылжанова:

– Осы «ә» туралы айтайыншы, эзирбайжандар неге «ә» деген графеманы кирил жүйесінен алып, латынның ішіне кіргізіп қойған. Эзербайжан тәжірибесіне дейін латын қаріптерінің жүйесінде кирилдің «ә» деген таңбасы болмаған, оны эзербайжандар енгізген, себебі, эзирбайжан оғыз тобындағы тілдерге жатады, ол тілдің бір ерекшелігі «ә» дыбысы сөздің басынан бастап сөздің соңғы буына дейін кездесу жүйелігі өте жоғары, біздің институт қазақ әріптерінің әрқайсысының қазақ мәтіндеріндегі статистикасын жасады, сонда біз ең жиі қолданылатын әріп «а» әрпі екенін анықтадық, одан кейінгі екінші жиілікте орында тұрған әріп «т» әріпі, содан кейін «қ», қалғандары өте аз қолданылады, соның ішіндегі ең аз қолданылатын «ә» әрпі.

Эзербайжандар неге «ә» деген графеманы алды, өйткені егер олар мына латын жүйесіндегі «ә»-ге балама болатын үстінде екі ноқаты бар әріпті алса, онда олардың жазуында үстіңгі жағы жыпырлаған нүктеге айналып кететін еді. Олар сол себепті осы графемадан бас тартты, бірақ біздің тіл ол эзирбайжан тілі емес, сондықтан біз олар не істесе соны істемеуіміз керек, біз тіліміздің жүйесіне қарауымыз керек.

Бізде әліпбиді бұл жолға түсіру, бұл реформа, бірақ фактордың себебінен болып тұр, ол – тілтанымдық фактор, ол тілді сақтау. Бұл жерде ешқандай саяси астарды іздеудің қажеті жоқ. Саяси астар іздеп жатқандар қатты қателеседі. Себебі былай біз жетпіс жыл бойы кирил жазуымен орыс тілінен енген сөздерді орыстың орфографиялық заңы бойынша орыстың орфоэпиялық айтылу заңы бойынша игердік, игерген жоқпыз, қабылдай салдық, егер қазір біз кирил қаріптерін реформалап, сол орыстың сөздерін түгел қазақшалап жазатын болсақ, қазақшалап айтқызатын болсақ, бұл ісіміз алға баспайды, оны ешкім жасамайды, себебі кирил қарпінде мені орысша жаз деген стереотип отыр. Біз сол үшін бұл әліпби жүйесінен бас тартып отырмыз. Бұл жерде саяси мәселе жоқ.

– Қымбатты студия қонақтары, студия көрермендері! Біздің бүгінгі бағдарлама осымен тамам!

*«Астана» телеарнасы
Жаңалықтар
17 мамыр 2017 ж.
www.astana.tv*

Анар Фазылжанова

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ БАРЫСЫНДА КИРИЛ ҚАРПІМЕН ЖАЗЫЛҒАН ЕҢБЕКТЕР ҚАЙТА ЖАҢҒЫРАДЫ

«Латын әліпбиіне көшу барысында кирил қарпімен жазылған еңбектер тарих қойнауында қалып қоймайды, оны жаңа технологиялардың көмегімен қайта жаңғыртуға болады». Бүгін Назарбаев университетінде өткен дөңгелек үстелде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты директорының

орынбасары осылай деді. Анар Фазылжанованың айтуынша: «құнды дүниелер, мен жазбалар, сондай-ақ әдебиет пен ғылымның жетістіктерінен айырылып қаламыз деп дабыл қағу артық. Латын әліпбиіне көшудің астарынан солақай саясат іздеудің де қажеті жоқ, бұл бірінші кезекте тілдің өміршеңдігін сақтау үшін жасалып отырған шара» – деді.

А. Фазылжанова: «Негізгі емле ережелер бекітілгеннен кейін, мәселен, сіз Айти маманы болсаңыз, сіздің қолыңызға сол ережелерді береміз, бекітілген әліпбиді береміз, сөйтіп сіз соған сүйене отырып кирил графикасындағы мәтінді латынға ауыстырудың ІТ бағдарламасын жасайсыз. Ол әрине мүмкін, сөйтіп ол бағдарламалар қолжетімді дүниеге айналу керек». Латын қаріптерін қолдану барысында халықтың тең жартысы сауатсыз болып қалады деген қауесет те шындыққа жанаспайды, жиынға қатысушылардың пікірі осы. Керісінше мемлекеттік тілді меңгеруге жасалған оң қадам деп бағалап отыр. Назарбаев университетінің профессоры Джон Шоберлайн латын әліпбиіне көшу мерзімі мемлекеттің жүйелі жұмысына байланысты деп отыр.

Өзбекстан латын әліпбиіне көшуді ұйғарған еді, бірақ бұл процес әлі күнге аяқталған жоқ. Кирил алфавиті әлі күнге қатар қолданылып келеді. Бұл жерде мемлекеттің саясатты қалай жүргізгеніне байланысты. Жүйелі түрде қарастырса Әзірбайжан сияқты аз уақыттың ішінде көшіруге болады.

*«e-history.kz» сайты
21 Тамыз 2017
<http://e-history.kz>*

**Амангелді Айталы
Философ**

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШКЕНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АХУАЛЫ ҚАЛАЙ БОЛМАҚ

Латын әліпбиіне көшкенде қазақ тілінің ахуалы қалай болмақ деген мәселе қоғамда қызу талқылануда. Қазақстан ғалымдары латын әліпбиіне көшкен Түркия, Әзербайжан және Өзбекстанның ащы сабақтарын жасырмай алға тартып жатыр. Оларды жинақтасақ мыналар: 1. Күні бүгінге латын әліпбиіне 1928 жылы көшкенмен, әлі де түрік тілінің дыбыстық қорындағы бірқатар дыбыстарды таңбалайтын әріптер түріктердің әліпби жүйесіне енбей қалған. Өзбектерде де ондай мәселе бар. 2. Әзербайжан, өзбектерді айтпағанда, түріктер сан ғасырлық араб графикаларына негізделген рухани мұраларын пайдалана алмай отыр. 3. Балалар әдебиеті тапшы. 4. Ғылыми әдебиет кирилл графикасында жазылған. 5. Мұғалімдер дайындау мәселесі өз алдына үлкен проблема. 6. Жекеменшік мекемелер іс-қағаздарын латын әліпбиіне көшіруге асықпайтын сияқты көрінеді. 7. Орыс мектептерінде, мысалы, Өзбекстанда, кирилл жазуымен білім береді. 8. Өзбекстанда латын

әліпбиінде оқитындар азайған соң, ұлттық баспасөзге де сұраныс азайған. Ол әсіресе орта жастағылар мен үлкендер арасында. Түрік ұлты болса, бодан емес, билеуші, отарлаушы ұлт болған, олардың психологиясы бөлек, ана тілі бәріне ортақ. Азербайжандар мен өзбектер де ана тілдерін толық меңгерген ұлттар. Қазақстандағы жағдай өзгеше. 2009 жылғы халық санағы бойынша қазақтардың 98,3% ауызекі тілді түсінеді, 95,4% еркін оқиды, 93,2% еркін жазады деп көрсеткен. Өз басым осы деректерге сенбеймін. Марк Твен айтқандай, өтіріктің үш түрі бар: «жай өтірік, арысз өтірік және статистика». Бұл жерде этнопсихологиялық факторларды ескеру жөн. Кейбір санақшылар бірқатар қазақтардың қазақ тілін білмесе де, білем деп көрсетуді талап еткенін айтады. Неге олай? - десе, «тіл білмегесін мені орыс деп жазасындар, ал мен орыс болғым келмейді» деген. Болмаса «қазақ тілін білмейтіндер көп демесін» деген ой айтқан. «Қазақ тілін білмесем де, оны білмейтінімді мойындауға ұялдым», - дегендер бар. Сондықтан да қағазда барлығы да аман-сау, теп-тегіс. Тіл саясаты жемісін беріп жатыр деуге де жақсы. Сөз жоқ, тіл саясаты азды-көпті табыстарға қол жеткізді, бірақ әлі де өмірде қазақ тілін меңгермеген қазақтар аз емес, ол тілге сұраныс туғызылып отырған да жоқ. Оны міндеттейтін заң әлі жоқ, болмайтын да сияқты. Бүгін қазақ негізінен екі тілді ұлт болып отыр, ал мемлекетімізде орыс тілі басым.

Айдос Сарым
Саясаттанушы

БҰНЫҢ АРТЫНДА ҮЛКЕН САЯСАТ ЖӘНЕ ҮЛКЕН ЭКОНОМИКА ЖАТЫР

Бұның артында үлкен саясат және үлкен экономика жатыр. Үлкен саясат дейтініміз, Қазақстан ерте ме, кеш пе, детоталитаризация және деколонизация үдерістерін өзінің басынан өткізуі керек. Рухани құлдықтан шығудың, Ресейдің ықпалынан шығудың бірден-бір жолы, жалпы түрік халықтарымен бірге болудың бір үлкен жолы – ортақ әліпбиде жүру. Қазақ тілінің латын әрпіне көшуі – алдымен қазақтың шаруасы. Орыс тіліне, орыстың мектебіне, басқасына бұның ешқандай қатысы жоқ. Сондықтан бұл мәселені тым саясиландырмай, шын өзіміздің ұлттық мүддемізден туындайтын осындай қадамдар жасауымыз керек. Менің түсінігімде, Өзбекстан тәжірибесі аса мәз емес. Кем дегенде Әзірбайжан сияқты мемлекеттердің осындай үлкен қадам жасағанын ескеру керек. Біз де ХХ ғасырдың өзінде 2-3 рет әліпбиді ауыстырдық. Сол тәжірибенің бәрін зерттейтін үлкен орталық ашып, сонда 2-3 жыл бойы барлығын саралап, бүгінгі заманға лайықты әліпбидің нұсқасын жасап, жүйелі түрде үлкен саяси шешіммен, жігермен іске асыратын болсақ, қазақ ұлты ол тұрғыдан ұтылмайды. Керісінше, ұтады. Қазақтың латын әрпіне көшуі – кем дегенде бүкіл ұлтты бір күнде партаға отырғыза алатын жағдай. Яғни, бәріміз қайта жаза бастаймыз, қайта үйренеміз. Сол арқылы тілді білмеген азаматтардың өзі де қатарға қосылып, бізбен бірге үлкен жетістікке де жетуге болады. Өзге

ұлттардың да қазақ тілін оқуға, зерттеуге деген сұранысын туғызуы әбден мүмкін.

Әзімбай Ғали
демограф
БІЗГЕ ЛАТИНИЦА ЕМЕС, ТИЯНАҚТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ
КЕРЕК

Латын жазбасына қазақтың тілінің өтуі – қазақты орысшаға өтуді мәжбүрлеу. Үштұғырлы тіл және латыншаға өту – Кремльдің бізге күштеп отырған саясаты, мақсат: қазақты орыстың тіл кеңістігі мен пропагандистік ықпалда қалтыру. Нысаналы және кешенді соққылар түбіне жетеді. Қазақ тілі әрі де жеңіле береді. Кейін тағы алфавит өзгертпек болады. Алфавит өзгерту қазақ тілін жеңудің жеңіл жолы бола қалды. Қоғамдағы маңызды мәселелер талқылаусыз қалады. Қазақ тілін өзін күшейтуге жұмсалатын уақыттан ұтылады. Қанша қаржы далаға кетеді? Бұл – қазақ тіліне қарсы диверсия. Естеріңізге алсаңыз, біз арабица да болдық 1929 жылға дейін, содан кейін латиницаға ауыстық, кейін кириллицаға ауыстық, қалай ауыстық, солай кезіндегі көп жазбалар оқусыз қалды. Содан арабицадағы мен латиницадағы жазылған әдеби мұра далада қалды. Енді барлық бұрынғы мәдени мұра жоқ болды. Солай біз қазақты адастырдық. Қазақша құжат айналымы азаяды, себебі латиницада жазылған құжатты түсіну қиын болады. Орысшасын оқитын боламыз. Ол қазақ тілін шегіндіреді. Біздің түпкі мақсатымыз қазақты қазақтандыру еді, кириллицаны бәрі біліп қазақтандыру мүмкіншілігі көбірек еді. Енді орыс тілді қазақты латиницадағы қазақшаға үйрету қиындау тиер. Бізге латиница емес, тиянақты мемлекеттік тілі керек, егер де алфавит айтыстырсақ, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеру мүмкін болмас. Себебі көп қазақ латиницаны игергенше тағы уақыт керек болады.

«Қазақстан-ZAMAN» газеті
24 сәуір 2017 ж.
kazakhstanzaman.kz

Әділ Ахметов
мемлекет және қоғам қайраткері

ЛАТЫНҒА КӨШСЕК...

– Бұл – жақсы бастама. Сол арқылы орыстың топонимдерінен құтылуға болады. Латынға көшу туралы мәселе көптен қозғалып келе жатыр. Шынын айтсақ, латын әліппесі бізге жат нәрсе емес еді. Соғыстан бұрынғы жылдары Қазақстанда бір мезгіл осы латын әліппесі қолданыста болғанын жақсы білеміз. Ал қазіргі жастарға тіпті оңай болмақ, күнделікті компьютерде, ғаламторда осы әліпбимен жұмыс істеп жатыр. Кезектегі бастаманы әркім өз

әлінше пайымдап жатқаны белгілі. Бізді күні бүгін өздерінің отар еліндей көретін солтүстіктегі көршіміз, Қазақстанның латын әліппесіне көшкенін ұнатпай отыр. Енді біреуге ұнамайды екен деп, егемен еліміздің маңызды шешімінің жауабын өзгелерден күтудің қажеті қанша? Қазірге дейін латынға көшкен түркі елдері бірнеше түрлі нұсқамен кетті. Енді оларды оқып, түсінуде де ешқандай қиындықтар жоқ. Бар-жоғы бірнеше әріптің айырмашылығы бар. Барлық түркі тілдес халықтар ортақ әліпбиде болсақ дегенді біздің ғалымдар көтерген еді. Бірнеше жыл бұрын халықаралық Түркі академиясы өзге бауырлас елдермен ортақ әліпбиде болудың маңыздылығын тағы да алға тартты. Бұл ұсыныс ғалымдар жағынан бірауыздан қолдау тапты. Сондықтан түркі тілдес елдер ортақ бір жүйеге келуге мүмкіндік те бар, – дейді.

Біраздан бері айтылып келе жатқан мәселе төңірегінде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев маңызды нұсқаулар берумен келеді. «Мен 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан – 2050» Стратегиясында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін мәлімдедім. Бұл – сол кезден барлық салаларда біз латын қарпіне көшуді бастаймыз деген сөз. Яғни 2025 жылға қарай ісқағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды – бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз», – дейді. Сөйте тұра, мемлекет басшысының бұл айтқандары «науқандық шара» болып кетпесе екен дейтін азаматтар да бар. Өйткені Елбасымыз осымен екінші рет арнайы тоқталып отыр. Ал 2013 жылы латынға көшу мәселесі төңірегіндегі пікірталас республикалық деңгейдегі талқылауларға жалғасып барып басылған болатын. Әр саланың ғалымдары өздерінің дәлел-дәйектерін келтіре отырып, 40-тан астам (жалпы ел көлемінде 100-ге тарта) нұсқа БАҚ беттерінде жарияланған еді. Осы ретте Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтының ғалымдары «жан-жақтылы талқылаулардан өткен» нұсқаның дайын екендігін айтып отыр. Бұл жағы ғалымдарымыздың еншісінде. Ал біздің мақсат «аққу, шортан һәм шаян» секілді жан-жаққа тартып жатқан жұрт пікірін екшеп көру ғана.

*«Егемен Қазақстан» газеті
22 қыркүйек 2017 ж.
egemen.kz*

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕР

**Қазақтың Еңбек Ері
Асанәлі Әшімов**

ӘЛЕМДІК КЕҢІСТІККЕ БАСТАР ЖОЛ

Қайта жаңғыру заманындағы барлық озық технологияның үлгісі болып отырған латын әліпбиіне көшу бұл – еліміз үшін, өнеріміз бен мәдениетіміз үшін үлкен рухани құбылыс. Латын әліпбиін енгізу – халқымыздың білімі

мен мәдениеті, өнерінің дамуына тағы бір серпіліс әкелетін дара жолы деп білемін. Республика Парламентінің Мәжілісінде «Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселелері туралы» өткен тыңдау Парламенттің өз сайлаушыларының көңіл күйін, еліміздің егемендікті бекітуге деген арман-тілегін жақсы білетінін көрсетті. Мәжілістің отырысында «Қазақ тілін жаңғыртудың басты көрсеткіші – латын жазуына көшу» деп атап көрсетіліп, бұл қадамның әлем қазақтарын біріктіретін маңызды фактор екеніне назар аударылуы соның тағы бір жарқын дәлелі. Ұлттық өнердің қара шаңырағы бола білген М.Әуезов театрының ұжымы бүгінгі – ел болашағы үшін қабылданғалы отырған маңызды шешімге қолдау көрсетіп, еліміздің жаңа әліпбиге көшуіне белсенді атсалысатын боламыз. Барша қазақстандықтарды егемендік пен елдік жолындағы бетбұрысты қадаммен шын жүректен құттықтаймын. Латын әліпбиі – әлемдік кеңістікке енуге апаратын жол!

Сергей Вишняк

Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары

Тіл – адамзат қоғамын құру үшін халыққа берілген маңызды құрал. Оны өзге де механизмдер секілді қоғамның дамуы үшін үнемі жетілдіріп, жаңғыртып отыру қажет. Осы орайда әліпби таңдау аса маңызды. Бұл бағыттағы бастамаларға жеңіл қарауға болмайды. Жалпы, менің Қазақстан азаматы және Ассамблея мүшесі ретінде қазақ әрпін латын әліпбиіне көшіру туралы өзімнің пікірім бар. Мемлекет басшысы қазақ әрпін латын әліпбиіне көшіру мәселесіне байыппен қарап, түрлі пікірлер мен ұсыныстарды саралай келе өзінің салиқалы шешімін айтты. Бұл қадам дер кезінде, барлық жағдаяттар ескеріле отырып жасалды. Біз латынға көшу ісіне үлкен дайындықпен келдік. Көптеген шаралар атқарылды. Қоғамның пікіріне баса назар аударылды. Қоғамымызда латынға көшуді қолдайтындардың үні басым түсті. Өйткені латынға көшу уақыт талабы, замана сұранысы екенін халық терең түсіне білді. Ел бірлігін нығайту, Қазақстан халқының бірегейлігін дамыту Ассамблеяның басты міндеттерінің бірі. Осы орайда ел бірлігі мен татулығының кепілі Елбасы екенін ұмытпауымыз керек. Сөз соңында айтарым, Мемлекет басшысының қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру бастамасына баршамыз қолдау білдіргеніміз жөн. Өйткені, өзіміз таңдаған, өзіміз сенім артқан Елбасының әрбір бастамасы халық үшін аса маңызды.

«Қазақ үні» газеті

28 сәуір 2017 ж.

<http://www.qazaquni.kz>

**Қоғам қайраткері, лингвист-жазушы
Олжас Сүлейменовпен сұхбат**

**ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІН ЛАТЫНҒА КӨШІРУДЕГІ АСЫҒЫСТЫҚ
ҚОСЫМША ПРОБЛЕМАЛАР ТУҒЫЗУЫ МҮМКІН**

Танымал лингвист-жазушы Олжас Сүлейменов қазақтардың латын әліпбиіне көшуге наразылығын осылайша жұмсартып жеткізіп, сұхбат берді.

О.Сүлейменов: 1929 жылы біз латынға көшуге тырысып көрдік. Ол кезде біз прогрессивті қайраткер Ататүрікке еліктедік. Ол ислам ығынан шығып, Еуропаға жақындау мақсатында әліпбиді латынға ауыстырды. Бірақ проблема латын тілінің жансыз, жай ғана механикалық белгілер жиынтығы болып келуінде болды емес пе?

Кириллицаны құндылық деп ұғыну қажет, ол құндылықтан бас тартуға болмайды. Бұл туралы мен «Тюрки в доистории» кітабында жазған болатынмын.

Латынды қазір қайтеміз, алдымен, үштілділік туралы жап-жақсы жобамызды жүзеге асырып алайық. Менің пікірімше, латынға көшуде асығыстық танытсақ, бұл халқымыздың дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

Қазір елімізде өте жақсы жоба – үштілдік жүзеге асырылып жатыр. Жаңа ұрпақ, мектептерде, сөзсіз, осы жолмен жүреді. Және де олар классикалық халықаралық латынды меңгеріп алады, оны пайдалану арқылы әлемдік ғылым мен техника жетістіктеріне қосылуға болады.

Әліпби, ең алдымен, тілмен байланысты болуы тиіс. *Өзбек, әзірбайжан немесе түркімен латынына еліктеу прогреске әкелмейді.* Латын мен кириллица арасындағы күрес бүкіл дүниежүзіне тән. Бүгінде әліпбилердің бұл жарысына арабтың өрме жазуы мен қытай иероглифтері де түсіп жатыр. Әзірге ойлануға уақыт бар кезде латын әліпбиіне өтудің барлық пайдасы мен кемшіліктерін саралау қажет.

Сөз соңында, жазушы Үкімет қана шешпейді ғой, рас па? Біз демократиялық елде өмір сүреміз, өз жолымызды талқылап, таңдап алайық, - деп мәлім етті

Сұхбаттасқан Аян Мырзабек

*Жаңалықтар
9 қазан 2017 ж.
www5.inform.kz*

ЕЛІМІЗДІҢ ҚАЙ АЙМАҒЫНЫҢ ЛАТЫНҒА КӨШУДІ ҚОЛДАМАЙТЫНЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Ақтөбе қалалық тілдерді дамыту басқармасы арнайы штабы таратқан мәлімет бойынша еліміздің қай өңірлерінің латын әліпбиіне көшуді қолдамайтындары анықталды.

Орталықтың мәліметі бойынша, Оңтүстік Қазақстан облысы латыншаға көшуді 6 пайыз қолдаса, ал Ақмола 21 пайыз, бұл ретте Қарағанды облысы 2-ақ пайызды көрсеткен. Қазіргі таңда латын әліпбиі нұсқасын Парламент қарастырып жатыр. Әліпбидің ресми нұсқасы 2018 жылдың басында қолданысқа енгізілуі мүмкін. Толыққанды 2025 жылға дейін енгізілмек.

«ЛАТЫН ӘРПІ - ҰЛТТЫҚ КОДЫМЫЗДЫ ӨРКЕНДЕТУДІҢ ЖОЛЫ» МАНИФЕСІ

(Белгілі қоғам қайраткерлері латын әліпбиін енгізуге қатысты манифест қабылдады)

Біз жылдам да, өзгермелі, динамикаға толы заманда өмір сүрудеміз: атқан әрбір таңымыз тосын жаңалық әкеліп, оны дереу шешудің талабын қоюда. Әлемдегі болып жатқан өзгерістер легі шапшаң. Біз жоғары технология мен ақпараттар әлеміндеміз, бұл жағдай бізден тез іс-қимылдар ғана емес, уақыттан оза іс- әрекет жасауды талап етеді. Сондықтан біз, бүкіл азаматтарды, ұлттық кодымызды сақтау және өзіндік сана-сезімімізді дамыту тәрізді бірінен бірі ажырамас ұғымды байланыстыра отырып, алдарына қойған мақсат пен мұрат көкжиектерін кеңейтуге шақырамыз. Бүгінгі заманымыздың басты тенденциясы - инновация мен ноу-хау, дәстүрлі емес энергияны пайдалану, қоғамдық даму мен әлеуметтік модернизациялаудың басты өзегі болып табылады. Біздің балаларымыздың осындай жылдам да, өзгермелі уақытта өмір сүруге қабілетті болуы жеткіліксіз, олар осы оқиғалар мен үдерістердің қайнаған ортасы мен топ басында болуы шарт. Сондықтан да, латын әрпін енгізу ұлтымыз үшін маңызды, өте қажетті, уақыт талабына сай келетін жаңа атрибут деп санаймыз. Бүгінгі елімізге ұлтты жұмылдыра алатын, замануи ағымға сәйкес, жаңа бағыттағы рухани ағым қажет. Бұл жерде біз мәдениет пен өнер, әдебиет пен кино, музыка мен шынайы шығармашылық саласын бірінші кезекке қойып айтып отырмыз. Латын қарпін енгізудің ең басты мәйегі мен өзегі, оның басты драматургиясы осында жатыр! Жаһандану процесі өзінің жағымды жақтарымен қатар, ұлттық мәдениетті коррозияға ұшырата отырып, рухани әлемімізге өшпес сызат түсіретіндігін көрсетіп отыр! Осындау рухани алапаты көп заманда өмір сүріп қана қоймай, қарышты даму үшін әрдайым даму үстінде болу шарт. Біз әлемдік мәдени кеңістігінде рухани-мәдени «геттоға» айналмауымыз керек! Латын әрпін енгізудің мән-жайы осындай күрестен туады! Сонымен бірге, біз бұл процестің кешенді ғылыми таразыға салынып, барша халықпен кеңесе отырып, жүйелі түрде өмірге ендіру қажет деп есептейміз. Латын әрпі - біздің дәстүрлі мәдениетімізді дамытудың, әлемдік ғылыми-техникалық, қаржы-экономикалық айналымға ену жолындағы «рухани лифті», іргетасы болмақ. Біз азаматтарымыздың болашағын қолдайтындықтан, латын қарпін қолдаймыз! Болашағыңа ат салыс!»

Әбдіғали Берік, Әбенев Мұрат, Әуесбай Қанат, Бапи Ермұрат, Байтук Ғалым, Байғұлов Төлеген, Беккужин Исламбек, Елеукен Есен, Домбай Қуат, Қалиев Талғат, Қосанов Әміржан, Кисиков Бекнұр, Мәмбетов Серік,

Лоскутова Оксана, Орынбек Айгүл, Ошақбаев Рахым, Рожин Максим, Тайжан Мұхтар, Толибаев Марат, Сарым Айдос, Саиров Ерлан, Сәтжан Динара, Досымов Нұрлан, Споткай Максим, Шужеева Азиза.

«Engime.org» сайты

15 қыркүйек 2017

engime.org

ШКІРТАЛАС НҮКТЕСІ ҚОЙЛДЫ МА?

(Тағы да латын әліпбиі хақында...)

Мәрия Майлықұтова

Түркі халықтарының әліпбиі отарлаушы елдердің жойқын күшімен сан түрлі өзгеріске ұшырап, тағдыр тәлкегін бастан кешірді. Латын әліпбиіне көшу мәселесі қазақ тарихында екінші рет көтеріліп, қызу пікірталас тудырып отыр.

1920 жылдары араб қарпін тастап латынға көшу қажет деген мәселе күн тәртібіне қойылды. Мәскеуде, Тәшкентте латыншылдар ұйымдары құрылды. 1924 жылы маусым айында Орынборда әліпби ауыстыру мәселесін талқылау мақсатында Қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш сиезі ұйымдастырылды. Аталған жиында қоғам қайраткері Нәзір Төреқұлов: «Біз қазаққа латын әрпін күшпен алдырғалы отырғанымыз жоқ. Латын әрпі үйрену, жазуға тым пайдалы, жеңіл. Түрік (араб) әрпінің біреуі төрт түрлі, латындікі бір ғана түрлі» деп, латын әліпбиі Қырғыз, Өзбек, Түрік сынды шығыс елдерінде қолдау тауып отырғандығын да айтты.

Алаш арыстарының әліпби мәселесі жайлы пікірталасын сол тұстағы «Еңбекші қазақ», «Ақ жол», «Жаңа мектеп» сынды басылымдарда кеңінен жариялады. «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты хатшысы Ерғали Алдоңғаров «Өнердің басы - әліпби» тақырыпты мақаласында «заман талабы, өркениетке жету жолы – латын таңбаларына көшу болып отыр. Партия жолынан таймай, бірте – бірте осы әріпке көшкеніміз жөн. Керітартпалыққа салынбалық» деп жазды. Алаш арыстарының көпшілігі араб таңбаларын тастап, латынға көшуге қарсы болды. Қошке Кемеңгеров: «мұндай өзгеріс жасауға қазақтың қалтасы тайыз, күші келмейді» деген пікірде болса, Елдес Омаров «қазаққа жаңа әріптің керегі жоқ, біздің маңдайымызға біткен ұлт әрпіміз бар. Өгей әріп қазаққа жанаспайды» деген ұстанымда болды.

Латын графикасына көшуге байланысты айтыс-тартыс 7-8 жылға созылды. Әбдірахман Байділдин “Латын әрпін аламыз деу бұрынғы миссионерлердің жолы” деген арабшылдардың пікіріне қарсы дау айтады. Бұл сөзді 1923 жылы Ахмет Байтұрсынұлы айтса, 1927 жылдың қысында Қызылорда өткен айтыста Ілияс Ахметұлы дәлел ретінде тілге тиек еткенін еске салады.

Дегенмен, 1929 жылы 24-қаңтарда Қазақстан Орталық Кеңес Комитеті IV-сессиясында “Латын әрпі негізінде құрылған жаңа қазақ әліпбиі Қазақстанда мемлекет әліпбиі деп саналсын” деген қаулы қабылдады. Осы қаулыдан кейін 1931 жылдың 1-қазанынан әрі қарай барлық мекемелер,

кооперативтер, түрлі кәсіпорындар мен ұйымдар істерін жаңа әліпбиге көшіруге тиіс деп табылды. Жаңа әліпбиге көшуге әзірлік жүргізілді. 1930 жылдың қаңтарынан бастап газет, журнал, кітаптар тек жаңа әліпбимен басылуы тиіс болды. Қазақстан оқу комиссариатына 1931-32 жылғы оқу жылдары барлық мектептер тек жаңа әліпбимен оқытылатын болсын деп нұсқау берді. Сессия Халық комиссарлар кеңесіне, оқу комиссариатына, орталық шаруашылық кеңесіне, баспа орындарына тапсырма берді. Қазақстандағы аз ұлттардың (өзбек, дүнген, татар т.б.) жаңа әліпбиге көшуіне тиісті қолқабыс көрсету Орталық жаңа әліпби комитеті мен Оқу комиссариатына тапсырылды. 1940 жылдарға қарай ешқандай талқыға салынбастан, үкімет қаулысымен кириллицаға ауыстырылды.

Бір ғасырға жуық қуақытты артқа тастап, латын таңбалары тәуелсіз мемлекетіміздің есігін тағы қақты. 1991 жылы Түркия мемлекеті сыртқы істер министрлігінің бастамасымен Анкара қаласында Егемендік алып, Тәуелсіз ел болған ТМД елдерінен Әзербайжан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан және Қазақстаннан арнайы шақырылған бір топ ғалымдардың (Ә. Қайдар, Е. Қажыбек, С. Батыршаұлы) жиналысы өткізіліп, онда латын жазуына өту мәселесі және осыған орай түркі халықтарының тілдік ерекшеліктеріне сәйкес, латын таңбаларына көшу мәселесі қарастырылды. Қазақстаннан барған ғалымдар қазақ тілі үшін латынның отыз төрт таңбасы жарамды деп тауыпты. Осыдан кейін 1994 жылы Анталия қаласында дүниежүзілік түркітану құрылтайын өтті. Қазақстан делегациясын бастап барған *академик Әбдуәли Қайдар* латын мәселесі жайлы „Егемен Қазақстан” газетіндегі мақаласында былай дейді: *„Түркі халықтарының жер жүзілік құрылтайында латын жазуына көшу арнайы сөз болып „латынға өтеміз” деп Түркияның көне әдеті бойынша „іс бірлігі, тіл бірлігі, дін бірлігі” деген девизбен, темір төстің үстіне қойылған, қыздырылған ат тағасын әр делегация атынан бір-бір адам балғамен үш рет соғып „берген сертке берік болу” салтын орындап тарасқан едік. Міне, осы берген сертке берік болудың жолы деп, мен Алматыға келгеннен соң Елбасына ашық хат жазып, осы идеяны қолдап, оны газетке жарияладым”*. Ғалымның елбасына жазған ашық хатынан кейін Егемендігін алған қазақ елінде әліпби мәселесі тағы көтерілді.

2006 жылдың 24 қазанында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», – деген болатын. Латын әліпбиіне көшірілген көршілес мемлекеттердің тәжірибесін назардан тыс қалдырмауды да осы жиында тапсырған еді.

Бүгінгі күні де қазақ мерзімді және электронды басылымдары латын әліпбиіне көшу мәселесін көпшілік талқысына салуда. Қазіргі кезде латынға көшуді қолдайтындар және қолдамайтындар болып қызу пікірталас жүріп жатыр.

Елбасының "Қазақстан-2050" стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты жолдауында латын әліпбиіне көшу 2025 жылы жүзеге асатындығы айтылды. Қазақтың бір топ белгілі қоғам қайраткерлері Елбасы Н.Назарбаевқа, Премьер-Министр С.Ахметовке, Парламент депутаттары мен қазақ халқына ашық хат жолдады. Ақын **Мұхтар Шаханов бастаған ұлт зиялылары** ашық хатта: *«Латын әліпбиіне көшкен жас бүлдіршіндеріміз кириллицада басылған баба тарихымыздан, рухани парасатымыздан қол үзіп қалатыны айдан анық. Латыншаға ауысқан Өзбекстан мен Әзірбайжан республикаларының қаншама ғылым, әдебиет, өнер қайраткерлері бізге осы мәселе төңірегінде өз өкініштерін білдіргені жадымызда. Мәселен, Өзбекстанда, кириллица дәуірінде жарты миллион данамен, немесе 300, 200, 100 мыңмен шығып тұрған газеттер 5 мың, 3 мың, тіпті мың данаға дейін құлдыраған. Бұл ғасыр компьютер ғасыры болғанымен, күні бүгінге дейін жарық көрген кітаптардың 20, тіпті 10 пайызын латын әліпбиіне аударуға миллиардтаған қаржы қажет. Басқа шараларды жиып қойғанның өзінде, үкімет соңғы жылдары мектеп оқулықтарын жеткілікті түрде басуға қаржы таппай жатқанда, қарын мүддесі ғана алға шығып, онсыз да қауқарсызданған рухани парасатымызды мүлде тұқыртып алатынымыз ешкімге құпия сыр емес»* деген ойларын ортаға салды. Алайда, зиялы қауымның басым көпшілігі латын әліпбиіне көшуі жөн санап, қолдап отыр. Мәселен, мәдениеттанушы ғалым **Мұрат Әуезов**: *«Өз басым қазақ қоғамының латын графикасына көшу керектігін жақтаушылардың бірімін. Осы мәселеге қатысты ой-пікірлерімді бұрыннан бері айтып та, жазып та келемін. Жалпы, бұл идеядан біз басымызды алып қашпауымыз керек. Кезіндегі Кеңес үкіметі тұсында бізбен бауырлас кейбір халықтар латынға көшкенде, арамыздағы рухани байланыстар үзіліп, бір-біріміздің жазуымызды түсіне алмайтын деңгейге түсіп кеттік. Біз бұған дейін отаршылдық саясаттың құрбаны болып келдік. Ал латын графикасын қабылдау арқылы біз рухани, саяси дербестігімізді де нығайта түсер едік. Олай болса, латын графикасы жалпы түркі халықтарының ортақ түсінісетін жазуы болары сөзсіз. Қазіргі уақытта латын әрпін қолдану, ең біріншіден, заман талабы болып отыр. Сондықтан да заманауи технологияларға тәуелді екенімізді мойындап, кез келген жаңа дүниелермен санасуымыз керек»* десе, филология ғылымдарының докторы, профессор **Тұрсынбек Кәкішұлы**: *«Латынға көшу керек. Біз қатарымыздан кешігудеміз. Әзірбайжандар бірден көшіп, техника тіліне үйреніп қалды. Ал қасымыздағы Өзбекстан осыдан он жыл бұрын мектептерін латыншаға көшірген. Балалардың оқуын латыншаға көшіру арқылы олардың ата-аналарының да сауатын ашып алды. Оларға енді онша қиындық келмейді. Ал қырғыз бауырларымыз орыс тілін мемлекеттік тіл деп жариялап, көріп жатқан күндері мынау. Ал біздің Қазақстан орыс тілін ресми тілге*

айналдырып алды да, ана тілін дау-дамайдың объектісіне айналдырып жіберді. Қазақ қазақпен қазақша сөйлесе алмай әлектенудеміз, тіпті түсіну жағында да қиындық көп. Осындай шындыққа көңіл аударған Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында қазақ тілінде іс жүргізуді мемлекеттік қызметкерлерге мықтап ескертіп, латын әліппесіне көшу міндетін алға қойған болатын. Ағайындар, бүкіл адамзаттың 60-70 пайыздайы латын әліппесін қолданады. Дүниежүзіндегі техникалық құрал-аспаптар латын әріпіне негізделген. Өркендеу заңы жасалғанды сақтап, бауырыңа басып жата бер демейді. Шамаң барда басқалардың пайдалы да ұтымды іс-әрекетін қолдануға талаптан дейді. Славяндармен өкпе-бауырымыз жабыса тумазан болар. Біз латынға көшсек, олар онша қинала да қоймас. Сондықтан латыншаға көшкен жөн. Енді тартыншақтай берсек, көш соңында қалып қою оңайдың оңайы. Елу елдің қатарына кіреміз десек, латын әріпінің пайдасы тимесе, зияны тимейді» дейді.

Әрине, пікірталас болған соң, сан түрлі пікірлер айтылады. Бір ғалымдарымыз 2025 жылды күтпей, әрі кетсе 2015 жылы латынға өтуіміз керек десе, бірі 2017 жылы болатын ЭКСПО көрмесіне дейін латынға көшіп үлгеру керектігін айтады. Қазірдің өзінде латын әліпбиіне қатысты 100-ге тарта жобаның үлгісі бар екен. Қазір «Латын әліпбиіне өтеміз бе, өтпейміз бе?» деген мәселе емес, «Қалай өтеміз?» деген сауалға жауап іздестіре бастағандаймыз. Ғалымдарымыз латынға сатылай көшу керек, алдымен қолданыстағы жазуымызға реформа жасап алуымыз керектігін тілге тиек етеді. Бүгінгі жазудың емле-ережесі – орыс-қазақ әліпбиіне келеді. Қазақтың сөзінің әрбір үндес әуезін сақтайтын және морфем құрамын, буын тұрқын, тасымал ережесін бұзбайтын әліпби жасау қажеттігіне баса назар аудартады.

Ал, «латынға көшсек ел екіге бөлінеді» деген зиялыларымыздың пікірі, латын таңбаларына тек қазақтар мен қазақ тілділер ғана көшеді дегенге саяды. Алайда қоғам қайраткерлері мен ғалымдар дөңгелек үстелде бұл мәселенің басын ашып айтты. Мәселен, **Ә.Бәкірұлы**: «Мемлекет онсыз да тілдік, діндік тұрғыдан бөлінеді. Бұл бөліну емес. Сіз ағылшынды кириллицамен жазбайсыз ғой. Сол сияқты емес пе? Орыс тілі қазақтар үшін шет тілі болып қалады» десе, **Ә.Жүнісбек**: «Қазақстандағы орыс тілінің оқулығы кириллицамен жазылады. Кириллицаны өзгертуге біздің құқымыз жоқ. Оны тек Ресей өзгертеді. Ал орыс мектептеріндегі балалар өзінің туған тілін орысша, қазақ тілін латынмен оқиды. Оған дау жоқ» сынды пікірін ашық айтса, ғалым **Ғ.Әнес**: «Кириллица азгантай уақыт жүреді. Әрқайсымыздың ішімізде бір орыс бар. Біз солардың қамын ойлаймыз. Біз неге өз мемлекеттік тілімізді дамытпаймыз? Бұл – мемлекеттің мәселесі. Мұны саясаттандырмау керек. Өйткені, латын әліпбиі – өмір талабы. Ең алдымен, арнайы комиссия құрып, латын қарпіндегі қазақ әліпбиін компьютерге бейімдеу керек» деп мәселені түйіндегендей болды. Ең бастысы қандай әліпбиге көшсек те қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне негізделіп, жаңа әліпби қазақ жазба тілінің жүйеленуіне, оның мәдениетінің дамуына үлес қосарына сеніміміз мол. Жаңа жазу таңбаларын қабылдау үшін ғылыми

зерттеулер жүргізу қажет және қазақ тіл білімі фонетика, фонология, грамматология салалары бойынша жүйеленіп, лингвист мамандардың пікірі негізге алынғаны абзал.

«Қазақ үні» газеті
2қараша 2017ж
<http://www.qazaquni.kz>

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ: ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ӨКІЛДЕРІНІҢ ПІКІРІ ҚАНДАЙ?

Төрегелді Шарманов, *Тамақтану академиясының директоры, Алматы қаласының «Құрметті азаматы»:* Елбасы латын әліпбиіне өту туралы Жарлыққа қол қоя отырып, болашаққа үлкен әрі нақты қадам жасап отыр. Бұл біздің, ұлтымыздың рухани кодексі десек те болады. Бұл Елбасының бастамасы мәні зор, келешектің бақытты көрінісі, мақтанатын нәрсе. Латын ол қазіргі жаңа технологияның, ғылымның, тіпті әдебиеттің тілі. Осы бастаманы Нұрсұлтан Әбішұлы қолдап отырғанына қуаныштымын.

Аягүл Миразова, *Қазақстанның Еңбек Ері:* Бүгін Қазақстан халқы үшін ерекше күн деп санаймын. Себебі Елбасымыз көптен бері талқыға түсіп отырған қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіруге байланысты шешімге қол қойды. Дүние жүзіндегі халықтардың 70 % латын қарпіне көшкені белгілі. Сол себептен бұл бізге қажет дүние. Елбасымыздың өзі бүкіл қазақ халқының тіл бірлігін сақтауымыз керек деп айтып жүр. Қазақтардың үштен бір бөлігі шет елдерде дейтін болсақ, бәріміздің басымызды тек тіл ғана біріктіре алады. Тілде бірлік болмаса, ұлттық бірегейлік болмайды. Осы тұрғыда түрлі ғалымдарымыздың, тіл мамандарының, қоғам қайраткерлерінің тағы да басқа көптеген тұлғалардың пікір білдіріп, қолдауы еліміздің келешегіне бей-берекет қарамағандығы деп қуанамын. Қазірдің өзінде еліміз әлем көшімен қатар даму үстінде. Халықаралық деңгейде ЭКСПО көрмесін өткізуіміздің өзі мемлекетіміздің қуаттылығын көрсетсе, латын қарпіне көшуіміз соны нығайта түседі деп ойлаймын.

Алтынбек Қоразбаев, *композитор:* Бүгін қол қойылған Елбасының латын әліпбиіне көшу туралы Жарлығы біз үшін қуанышты жаңалық болып отыр. Біз бұған дейін де латын қарпіне көшуіміз керек еді, әлі де болса кеш емес. Осы тұрғыда бұл дер кезінде қабылданған шешім. Себебі бізге болмаса да балаларымызға, кейінгі ұрпаққа латын қарпі өте қажет дүние. Сондай-ақ, бізге тән латын әліпбидің нұсқасын дайындау және бекітуді көп созбай, тиянақты жұмыс атқарылғаны қуантарлық жағдай.

Жадыра Дәрібаева, *ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері:* Мен бүгін қол қойылған Елбасының Жарлығын және бұл шешімін қолдаймын, толық келісемін. Себебі латын қарпіне көшудің уақыты келді. Ел болып, халық болып талқылауға қатыстық. Сондықтан қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру дер кезінде қабылданған шешім. Біздің қарқынды дамып келе жатқан мемлекетіміз үшін заман ағымымен қатар жүру басты міндеттердің бірі. Қазақ тілі өте бай тіл, ал латын әліпбиіне көшу арқылы біз соны көрсете

аламыз деп ойлаймын. Сонымен қатар, өзге халықтармен, соның ішінде туыстас түркі халықтармен етене араласуымызға жол ашылған секілді. Осы жасаған қадамнан біз жақсылық болмаса, жамандық көрмейміз.

Шәмша Беркімбаева, ҚР бұрынғы Білім министрі: Латын әліпбиіне көшу үлкен дайындықты, жан-жақтылықты қажет ететін жұмыс. Сол себепті де қанша уақыт бойы халықтың талқылауынан өтіп, түрлі ғалымдар мен тіл мамандары бұл жұмысқа жұмылдырылды. Осы өткізілген жұмыстардың нәтижесі ретінде бүгін Елбасымыз Жарлыққа қол қойып, халық назарына соңғы нұсқаны ұсынды. Осыған орай Елбасымызды, елімізді осынау жаңа қадаммен құттықтаймын. Ендігі мәселе халықты ақпараттандыру, олардың арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу болып отыр.

*«Baq.kz» сайты
22 қаңтар 2013ж
baq.kz*

АУЗЫМЫЗДАН ШЫҚҚАН ҮННІҢ, ӘРІПТІҢ БІРЛІГІ БОЛМАЙ, ҰЛТТЫҢ БІРЛІГІ БОЛМАЙДЫ

Шәмшидин Паттаев, «Түркістан» халықаралық апталығының бас редакторы:

– «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының бастамасы, «Нұр Медиа» ЖШС қолдауымен «Түркістан» халықаралық апталығының жанынан Қазақстан қоғамында болып жатқан рухани, саяси, әлеуметтік-экономикалық және басқа да өзгерістер мен жаңалықтарды талқылайтын ашық алаң ұйымдастыру жөнінде шешім қабылданды. Бүгін міне, осы интеллектуалдық клубтың алғашқы отырысында Қазақстан Көшбасшысының ел алдындағы ХХІ ғасыр ортасына дейінгі ұзақмерзімді міндеттері анық айқындалған «Қазақстан – 2050» стратегиясы – Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында айтылып, қоғамда үлкен қызығушылық тудырған латын әліпбиіне көшу мәселесі талқыланбақ. Өйткені бұл тек тілдік, лингвистикалық немесе қазақтың әдебиеті мен мәдениетіне ғана қатысты мәселе емес. Қазір жұртшылық арасында, бұқаралық ақпарат құралдарында, көптеген сайттарда «ертең республикадағы қоғамдық жағдай қалай болады, бұл қоғамның дамуына, бірігуіне, біртұтас халық болуына қандай әсер етеді» деген үлкен пікірталас жүріп жатыр. Сондықтан «Алдаспан» пікірсайыс алаңының тұсаукесер алғашқы отырысын біз осы мәселені талқылаудан бастауды жөн көрдік. Бәріңіз білесіздер, бұдан он шақты жыл бұрын ТМД-ға кіретін бірнеше түркі тілдес тәуелсіз мемлекеттер латын әліпбиіне көшті. Бірақ ақпарат құралдарында осы тұста жіберілген көптеген кемшіліктер айтылуда. Солардың бәрін талдап, осы елдердің тәжірибелерін сараптап, Қазақстан латын әліпбиіне көшкен кезде солардың қайталанбауы үшін не істеуіміз керек? Бүгін біз осы мәселе төңірегінде әңгіме өрбітіп, келешек жұмыстарымыздың айқындалуына көмек болатындай маңызды қадам жасағалы отырмыз. Сондықтан «Алдаспан» пікірсайыс алаңының алғашқы отырысын ашық деп жариялап, бәріңіздің белсенді қатысып, өздеріңіздің

дәлелді, тиянақты ойларыңызды ортаға салуларыңызды сұраймын. Болашақта бұл алаңда қазақ қоғамының кез келген өзекті мәселелері жан-жақты, ашық, батыл, конструктивті түрде талқыланып, оған билік басында, саясат, экономика, қаржы, білім-ғылым, әдебиет, мәдениет, өнер, спорт және басқа салаларда жүрген танымал тұлғалар, қоғам қайраткерлері, ғалымдар, сарапшылар қатысып, Мемлекет басшысы белгілеп берген бағыттар бойынша, еліміздің өркениетті дамуына өзіндік қосар үлесі болады деп сенемін.

Жақан МОЛДАБЕКОВ, философия ғылымдарының докторы, профессор:

– Біріншіден, бәріңізді бүгінгі жаңа бастамамен құттықтаймын! Екіншіден, латын әліпбиіне өту – бәрімізді, әсіресе, зиялы қауымды ойландырып отырған өте өзекті мәселе екенін жоққа шығармаймын. Халқымыз ұлт патриоттарының бұл мәселені бұрыннан айтып келе жатқанын жақсы біледі. Ал Президентіміз өзінің Жолдауында, кейінгі сұхбатында оның қажеттілігін шегелеп айтты. Мен негізінен, үш мәселені бөліп айтар едім. Бірінші, түрік тілдес халықтардың тарихи мұраларын ортақ мұра, ортақ құндылыққа айналдыру мәселесі. Екінші, төте жолмен әлемдік ақпараттық-коммуникативтік кеңістікке ену. Үшінші, болашақта Қазақ мемлекетін қалыптастырудың жалпыға бірдей тетігін іске қосу мәселесі. Өз басым бұл тақырыпты осы үш мәселе тұрғысынан қарастырып, сараптауға ниет еттім. Бетбұрыс – шын мәнісінде, күрделі, жауапты үрдіс. Бұл – этнолингвистикалық қана бағыт емес, өз ұлтына адал барлық мамандардың кәсіби сауаттылығын, қоғамдық қолдауды, мемлекетті басқару жүйесін жетілдіруді қажет ететін іргелі іс-шара. Сондықтан осы үш мәселені үйлестіру өте өзекті. Қоғамда күдік те жоқ емес. Осы тұрғыдан ұлттық мүдделермен халықаралық деңгейдегі тәжірибені үйлестіру мәселесі тұр. Біз қазір осы бастаманы қолдайтын, қолдамайтын және бей-жай жүрген топтар бар дейміз. Қазірше қай жағы басым деген сұраққа ешкім дәл жауап бере алмайды. Бүгінгі негізгі нәрсе, мемлекеттік саясаттың өзекті проблемасы ретінде қойылып отырған осы мәселені қоғамдық қолдау жағы. Меніңше, жаңа әліпбиге өтудің ғылыми стратегиялық негізі әлі қалыптасқан жоқ. Онсыз көптеген олқылықтар орын алып, қиындықтарға ұшырауымыз мүмкін. Сондықтан бірінші кезекте осы мәселеде кем-кетік барынша аз болуы керек. Екіншіден, қиындықтарды жеңудің жүйелі тетіктері қалыптасуы тиіс. Егер ғылыми стратегиялық негіз қалыптасса, қоғамда күдік сейіле бастайды. Өйткені онда әр нәрсені іске асырудың нақты тетіктері, тәсілдері, бағыттары белгіленеді. Үшіншіден, барлық сала мамандарының пікірлері кәсіби тұрғыда жинақталған кешенді көзқарас қалыптасуы тиіс. Сонда мәселені шешудің нақты жолдары, айқындалған бағыты, іске асыру тетіктері пайда болады. Жалпы алғанда, латын әліпбиіне көшуді біз бірінші, ұлттық саясаттың, екінші, мәдени саясаттың, үшінші, мемлекеттік саясаттың мәселесі деп қарастыруымыз керек. Меніңше, кем дегенде осындай үш бағыттағы жұмыстарды бір-бірімен ұштастырып, өзара үйлесімді түрде жүргізсек, ісіміз нәтижелі болады. Егер бүгінгідей талқылау дәстүрге айналып, ол уақыт өткен сайын қоғамда қолдау

таба беретін болса, ұлттық мүддені зерделеу мәселесі тиянақты шешімін табады деген сенімім мол. Басқа жағдайда әлеуметтік эксперимент деген шаралардан мүмкіндігінше аулақ болған жөн.

Дос КӨШІМ, «Ұлт тағдыры» қоғамдық қозғалысының төрағасы:

– Мен латын әліпбиіне көшуді қолдағанмен, қызу қолдайтындардың қатарына кірмеймін. Бірақ бізде билік осындай шешімге келсе, демек, көшеміз деген сөз. Бұл мәселе жөнінде бұрын да Мемлекет басшысы тоқсаныншы жылдардың басында және 2006 жылы екі рет айтты. Жалпы, реформа дегенді кез келген ел барлық жағдайы жақсы кезде жасағаны дұрыс. АҚШ ұлттық валютасының бетіндегі суреттерді өзгертудің өзін экономикасы шарықтап тұрған кезде жасады. Менің ойымша, дәл осы латын әліпбиіне көшуді Қазақстан халқының бәрі қазақ тілін меңгеріп, ол қоғамдық өмірдің барлық салаларында қолданысқа енгеннен кейін қолға алған дұрыс. Өйткені әлі күнге біз қазақ тілі толық мемлекеттік тілге айнала ма, айналмай ма деген екіұдай күйде жүрміз. Қостілділік жағдайында әліпбиімізді өзгерту қоғам өміріне әртүрлі әсер етуі мүмкін. Естеріңізде болса, 1991 жылы Ыстамбұлда тілші ғалымдар жиналып, ортақ түрік тілін жасау туралы мәселе көтерілді. Сол жиында түріктің 29 әрпіне 5 әріп қосылған 34 әріп бекітілді. Бірақ 1991 жылы Әзірбайжан, 1993 жылы Өзбекстан мен Түрікменстан латын әліпбиіне көшкен кезде, түрік әліпбиіне негізделген өз әліпбилерін қабылдады. Менің білуімше, олардың арасындағы айырмашылық 12 әріпке дейін барады. Сондықтан біз реформа жасаймыз десек, осы мәселені, жалпыға ортақ түрік әліпбиіне көшу тұрғысынан қарастырып, Қазақстан оны бірінші болып қолға алса, мен қос қолдап қуаттаймын. Себебі сол кезде 200 миллион халқы бар түрік әлемі Америка мен Ресейден кем болмайды деп ойлаймын. Өйткені түрік әлемі бір-бірімен ынтымақтаса түскен сайын бәрібір бұл мәселе алдымыздан шығады. Жалпы, реформа жайлы айтар болсам, дәрігер мамандардың мәлімдеуінше, бір ота жасалған ағзаға екінші, үшінші рет қайта ота жасау сәйкесінше қиындап бара береді екен. Бұл тұрғыдан біз бас-аяғы 100 жылдың ішінде үш рет отаға түстік, енді төртінші ота жасағалы тұрмыз. Ал кирилл әліпбиіндегі біздің ұлттық үнімізге келмейтін 9 әріпті алып тастап, осы әліпбиге өзгеріс енгізу арқылы қолданыста қалдыра берсек деген пікірге келсек, бірінші, латын әліпбиіне көшу арқылы біз түркі дүниесімен бірігуді көздейміз, екінші, біз орыс бодандығынан қалған көп нәрсені қабылдамаймыз, соның біреуі – кирилл әліпбиі. Бірақ мен аралық ота жасау дегенге қарсымын. Көшеміз дедік пе, көшуіміз керек. Латын әліпбиіне көшу бодандық жағдайда жаратылған көптеген қажетсіз мұралардан тазартатын бір елек те болар еді. Ал ең маңызды, қажетті дүниелер міндетті түрде қалады. Бірақ ортақ түрік әліпбиі деген мәселені естен шығармау қажет. Кезінде 1991 жылы келісілген мәселенің неге тоқтап қалғанын өз басым түсінбеймін.

Айдос САРЫМ, саясаттанушы:

– Бұл мәселе ХХ ғасырдың ортасынан бері қазақ қоғамында талқыланып келе жатыр. Бүгінгі биліктің бұған бет бұруы – қоғамның, әсіресе, жас буынның талап-тілегінің ескеріле бастауы дер едім. Біріншіден,

бұл – үлкен саяси мәселе, оның негізгі мәні – бодандықтан құтылу, оның кез келген іздерін азайту, келесі буын сол іздерді көрмейтіндей, керек болса, бодандық дегеннің не екенін түсінбейтіндей жағдай қалыптастыру. Екінші, бұл жерде геосаяси мәселе бар. Біз өзіміздің өркениет көкжиегімізді анықтап жатырмыз, оның бір бөлігі – туысқан түркі халықтарымен бірлесу, ортақ дәулет құру. Ол үшін сөзсіз жақындасуымыз керек. Сыртта жүрген диаспорамыз бар, оның да көбі латын әліпбиін қолданады. Осы тұрғыдан латын әліпбиіне көшу қажеттілік екені анық.

Жаңа күдік деген бір сөз айтылып қалды. Оның еш реті жоқ. Өйткені бұл мәселені Елбасының өзі қойып отырғасын, бұл – мемлекеттік деңгейде қабылданған стратегия. Сондықтан ешқандай күдік болмауы керек. Менің ойымша, 2025 жылды күтпей-ақ, әрі кеткенде бұған 5-7 жылдың ішінде өтуге болады. Дос ағамыздың пікірлерін негізінен, қолдаймын, бірақ тарих тәжірибесіне жүгінсек, жақсы, тоқ заманда бірде-бір реформа өтпеген. Адам отаға да жақсылықтан бармайды, бәрі керемет болса, оның қажеті қанша?

Меніңше, бүгінгі күні екі мәселе бар. Оны Президент те айтып өтті. Бірінші, ол – орыс тілінің, орыстілді азаматтардың, басқалардың ешқандай құқығын таптамай, қазақтың өзінің ішкі мәселесі ретінде тілінің, өркениетінің, саясатының, тіпті символикалық кеңістігінің жаңару мәселесі. Екінші, мұны қазақ тілінің дамуымен байланыстырмау қажет. Өйткені қазақ тілін кирилл не латын әліпбиінде дамытсақ та бәрібір. Ең бастысы, бұл мәселені тек тіл мамандарының ырқына беріп қоймау керек. Саясат ырық бергеннен кейін бұған жалпы қоғам ыңғайласуы керек. Тағы бір үлкен мәселе – мұра. Кезінде біз орхон-түркі әліпбиінде болдық, одан соң араб, латын, кирилл әліпбиіне көштік. Сол кезде одан бұрынғы мұралардың барлығы көшкен әліпбиімізге аударылды ма? Жоқ! Олардың көбі мұрағаттарда, Тіл білімі, Әдебиет және өнер институты және басқа мекемелердің қорларында шаң басып жатыр. Мәселе қоғамның талғамында. Яғни латын әліпбиіне көшу белгілі бір құнды төлеуден басталу керек, өйткені кем дегенде бір ұрпақ бұл үрдістен қалып қояды. Барлық нәрсені толық қамтитын, бәрін қамтамасыз ететін біздің жағдайымыз да, тарихи уақытымыз да жоқ сияқты. Сондықтан көшетін болсақ, 5-7 жыл ішінде бірден көшіп, ұлт ретінде бәріміз жаппай партаға отыруымыз керек. І Петр бай-шонжарлардың сақалын қиғанындай, сол кезде мұның нәтижесі болады.

Нұртөре ЖҮСП, «Айқын» газетінің бас редакторы, Президент сыйлығының иегері:

– «Түркі халықтарының тіл бірлігі» деген бастама болып, осы жиынның «Түркістан» газетінің редакциясында өтіп жатқандығының өзі жақсы ырым деп ойлаймын. Латын әліпбиіне көшуді мемлекет саясатының үлкен бір мәселесі деп айтуға болады. Бұл мәселе жөніндегі ойларымды Қазақстан халқы ассамблеясында да білдіргенмін. Бірақ біздің қоғамда латын әліпбиіне тек қазақ ұлтының өкілдері ғана өтеді деген түсінік бар. Егер солай болатын болса, бұл реформаның, бұл саясаттың ешқандай мәні болмайды. Сондықтан бір Ту, бір мемлекет, бір тіл, бір алфавит деген мәселе біздің өзекті тақырыбымыз болуы және ол біздің түбірлі ұстанымымыз болуы керек

деп ойлаймын. Өйткені орыстілді азаматтар кирилл әліпбиінде қалып, латынға тек қазақ тілді азаматтар өтетін болса, ол қазақтың ұлттық дамуын біраз кейінге ысырып тастауы мүмкін. Егер біз ұлттың бірлігін, мемлекеттің бірлігін, халықтың бірлігін қамтамасыз етеміз деп шынайы ойлайтын болсақ, онда аузымыздан шыққан үннің, әріптің бірлігі болмай, ұлттың бірлігі болмайды. Бұл – ең түбірлі мәселе! Сондықтан 2017-де ме, 2025-те ме, 2050-де ме, қай жылы көшсек те, осы мәселе есте тұруы тиіс.

Бізде түркі халықтарының бірлігі жөнінде ниет бірлігі бар болғанмен, әрекет бірлігі болмай тұр. Осындай жағдайда біз кереғар саясаттың қатпарына түсіп кетпеуіміз керек. Жаңағы Жақан ағамыз айтқандай, бұл мәселе ұлттық, мемлекеттік және мәдени даму бағыттарын қамтитын саяси мәселе болғандықтан, барлығын асықпай, барынша дәл айқындап алу қажет. Шынында да, латын әліпбиіне көшкенде, кітап сөрелерінде тұрған советтендіру кезіндегі көптеген мұралардан тазаруға болады. Сондай-ақ Елбасының Мәдени мұра бағдарламасының негізінде бізде «Электронды кітапхана» деген үлкен жоба қолға алынған. Егер соны латын әліпбиінде жасасақ, біздің келешек ұрпақ өзіне қажетті дүниелердің барлығын жинап алуына мүмкіндік туады. Өткен жылы Астанада IT мамандардың бір жиыны өтті. Сонда Қытайдан келген бір бауырымыз компьютерлік бағдарламасын көрсетті. Өлгіні қолданып, кирилл әліпбиінде жазылған дүниені төте жазуға, оны латынға түсіруге болады екен. Қазір латын қарпін «Егемен Қазақстан», «ҚазАқпарат» және бір-екі сайт баламалы түрде қолданып отыр. Егер сондай жетілдірілген бағдарлама болса, оны пайдалану өте бір тиімді нәрсе болар еді. Өйткені сырттағы қандастарымыздың өздеріне қолайлы әліпбиде компьютерлік бағдарламаны пайдаланып, мейлінше толық ақпарат алуларына мүмкіндік туады. Қазір латын әліпбиіне қатысты біреу жиырма жоба бар десе, мен жүзден аса жоба бар деп естідім. Бұл да «менікі мықты, сенікі әлсіз» деп үлкен дау-дамайға соқтырып, негізгі мақсатымыздан ауытқуға әкелуі мүмкін. Сондықтан бәрін салмақтап, сараптап алған дұрыс.

Жалпы, Мағжан ақынның айтқанындай, жастарға сену керек. Біз басқа буынбыз. Ал жастар бәрін меңгеріп, дөңгелетіп алып кетеді. Біздің келешегіміз де солар!

Бақытжан ХАСАНҰЛЫ, социологист, жазушы:

– Бұл мәселеде 10 адамнан тұратын еңбек ұжымын құру қажет. Оның басында социологист тұруы керек. Өйткені тіл менен қоғамды зерттейтін ғылым – социологистика. Екінші психологист болуы керек. Ол – жеке адам мен тілдің қолданылуын зерттейтін сала. Үшінші экономист тұруы керек. Ол қоғамға келетін заттық, материалдық пайданы зерттейді. Содан соң заңгер, әлеуметтанушы, саясаттанушы, философ, фонетист болуы керек. Егер латынға көшетін болсақ, бүкіл қоғам көшуі тиіс. Өйткені оның мүшелерінің бәрі, кім екеніне қарамастан, тілді қолданушы, бізбен бірге тәуелсіз Қазақ елінің тең құқықты азаматтары. Сондықтан ешкімді де шет қалдыруға болмайды. Егер қоғамның бір бөлігі шет қалатын болса, онда олардың құқығы неге шектеліп жатыр деген сұрақ туады. Осы тұрғыдан ең басты мәселе – латын әліпбиіне өтуді жалпы қоғам қалай қабылдайтындығында.

Латын әліпбиіне көшуде фонетистің атқаратын рөлі күшті. Жана 9 әріпті қысқарту жөнінде айттыңыздар. Өзбек ағайындарымыз содан зардап шегіп отыр, ал әзірбайжандар соның арқасында күшейіп кетті. Вайсалов дейтін фонетист бар оларда, сол барлық жағдайды дұрыстап түсіндіріп берді. Ал өзбек ағайындар төрт-бес рет конференция шақырып, әлі күнге әліпбилерін қалай жөндейміз деп отыр. Егер фонетист барлығын әдемілеп, соқырға таяқ ұстатқандай етіп жазып берсе, соны пайдаланған соң қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарының бәрі құлпырып орнына келеді. Латын әліпбиіне көшу – меніңше, бүкіл әлеуметтік топтардың бәрін қамтитын болғандықтан, бірінші кезекте әлеуметтік мәселе. Ол – бір мекеменің немесе министрліктің мәселесі емес, Үкіметтің, бүкіл қоғамның мәселесі. Кезінде қазақтың заңғар жазушылары Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов араб әліпбиінде жазғанын білесіздер, бірақ оларға ешкім неге осы әліпбиде жаздыңдар деген жоқ қой. Латын әліпбиіне өткенде де кирилде жазатын адамдарды шектемеу керек, уақытымен бәрі өз орнына келеді. Бірақ ресми әліпби біреу болуы тиіс.

Анар ФАЗЫЛЖАНОВА, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары, филология ғылымдарының кандидаты:

– 2006 жылы 16 қазанда өткен Қазақстан халқы ассамблеясының сессиясында сөйлеген сөзінде Елбасы латын әліпбиіне өтудің алғышарттарын, жолдарын, басқа елдердің тәжірибесін зерттеп көру жөнінде айтты. Мұны біздің институт ұжымы, еліміздің бүкіл тілтанушы ғалымдары үлкен қуанышпен қабылдады. Өйткені 90-жылдардың басында бұрынғы Кеңес Одағы құрамындағы республикалардың біразы латын әліпбиіне көше бастаған кезде, Қазақстанда да бұл бастама қайта жаңғырған еді. Оның бастамашысы, себепшісі біздің институттың директоры, академик Әбдуәли Қайдар ағамыз болған. Ол кісі 1992 жылы Президентке латын әліпбиіне көшейік деп ұсыныс жасаған. Сол ұсыныстың араға жиырма жыл салып жүзеге асқалы отырғанына біздер қуанып отырмыз. Неге? Өйткені кеңестік кеңістікте болып, сол жылдары латын әліпбиіне өткен түркітілдес мемлекеттерде үлкен кемшіліктер орын алып, ойланбай істелген тәжірибе тілді дағдарысқа түсірген жағдайлар болған екен. Қазіргі кезде олардың бәрі біршама түзелді. Солардан кейін, оның үстіне компьютерлік технология дамыған, оң-солымызды танып, етек-жеңімізді жиған заманда, біздің қоғамда латын әліпбиіне көшу үлкен қиындықтарсыз, әлеуметтік дүмпулерсіз өтетін сияқты. Оған біздің ғалымдарымыздың толық көзі жетіп отыр. Сонымен бірге біз латын әліпбиіне көшкен елдердің тәжірибесін зерттедік. Сөйтсек оларда мұның ғылыми негіздері болмапты, ал бұл істің бүкіл қоғамдық, әлеуметтік ауыртпалығын функционерлер көтерген. Сондықтан көптеген қателіктер кетіп, халықтың арасында түсінбеушілік болған, сауатсыздық белең алып, білім беру жүйесінде кешеуілдеу орын алған. Олардың бізге берген бірінші кеңесі – латын әліпбиіне көшудің ғылыми негізін жасап алу. Осы тұрғыдан Елбасымыздың берген тапсырмасы өте өзекті, алдымен жақсылап зерттеп алу керек.

Латын әліпбиіне өтудегі басты мәселе – қазақ тілінің даму мүмкіндіктерін жоғалтып алмау. Егер біз кирилл әліпбиінде қала беретін болсақ, қазақ тілінің өзін-өзі сақтау иммунитеті жойыла береді, жойыла береді. Иммунитет деп тұрғанымыз жай әншейін абстрактілі нәрсе емес. Кез келген тілдің өзге тілдерден енген сөздерді игеру жүйесі болады. Сол жүйенің біріне сөздерді аудару, өзіндегі балама сөз бен атау жатады. Егер ондай сөз не атау болмаса, өзге тілдегі сөзді өзінің артикуляциялық базасына салып қолдану. Осындай жолмен кезінде біздің сөздік қорымыз тұрмыстық зат атауларымен байыды. Мысалы, резіңке, бәтіңке, бөрене, бөкебай, әмірхан сөздері осылай тілдік қорымызға енді. Солардың бәрі қазір бір орыс танымайтындай болып өзгерді. Бірақ 70 жыл бойы осы жүйе дұрыс жұмыс істемеді. Өйткені кирилл жазуы бізде орыс сөзін орысша жаз деген мықты стереотип қалыптастырды. Егер латынға көшсек, тілтанушылардың көмегімен жаңағы жүйелерді жаңғыртамыз. Қазір бірінші сыныптың оқушысына осындай сөздерді қазақ тілінде кирилл әрпімен жаз десеңіз, дұрыс жаза алмайды. Егер қазақ тілінің орфографиялық сөздігін қарасаңыз, жартысы қазақ сөздерінің, қалған жартысы орыс сөздерінің орфографиялық ережесін үйретеді. Бұл – 6 жастағы бала үшін үлкен жүк. Ешбір тілде мұндай жағдай жоқ.

Серік НҰҒЫМАН, IT маманы:

– Латын әліпбиіне тездетіп көшу керек. Себебі шетелден мыңдаған сөздер кіріп, қазақ тілі қайта жасалып, жатыр. Бірақ ол есі түзу күйінде емес, орысшаланып, көзі шығып, басы жарылып, есеңгіреген түрде еніп жатыр. Мысалы, орыс тілінде «ң» әрпі жоқ. Олар ағылшын тіліндегі жазылған «ң» мен «джи»-ді бөледі. Мысалы, митинг, боинг деген сөздерді айтуға болады. Осылай ағылшын атауларының өзі бұзылып, бізге орыс сөзі ретінде кіріп жатыр. Сондықтан латын әліпбиіне көшкен кезде шет тілдерден алынатын атаулардың заңдылығы, ережелері жасалауы керек. Оның да өзіндік қиындықтары бар. Ахмет Байтұрсынов атамыз айтқандай, «шошқа» деп жазып, көбі «ит» деп оқиды. Осыдан дыбысталуы бойынша аламыз ба, жазылуы бойынша аламыз ба деген мәселе туындайды. Кезінде орыс тілінде не деп жазылса, солай аламыз деп қабылдағанбыз. Бүгінгі күні орыстардың өзі ағылшын тілінен алынған атауларды дыбысталуы бойынша жаза бастады. Өйткені қазір көптеген адамдар өздері барып, таза ағылшын ортасымен тікелей араласып жүр, сөйтіп, орыс тілінің заңдылығы өздеріне жарамай жатыр. Біз қазір ағылшын тілін үйреніп жатырмыз. Оны орыс тілі арқылы емес, тікелей түпнұсқадан үйренгеніміз жөн. Неге екі тілдің ортасында тағы бір тіл тұруы керек?

Жалғас ЕРТАЙ, IT маманы:

– Менің интернетте жүргеніме біраз болды. Латынға көшуде бірнеше стереотиптік пікірлер бар. Соның ішінде қазақ тілі интернетке жарамайды деген пікір мүлдем қате. Сондықтан осы тұрғыдан ғана латын қарпіне көшеміз деген пікір де қате. Әр тілдің өзінің грамматикалық ерекшеліктері бар. Өзіне қажетсіз дыбыстардан, артық әріптерден, сол әріптердің жанындағы ережелерден құтылу үшін латынға көшу қажет деп есептеймін.

Қазақ тілін тұтынушылар кирилл әрпінде қазақша сауатты жазады деген пікір де қате деп есептеймін. Интернеттің тәжірибесі дәлелдеп отырғандай, интернетте қазақ тілі қате пайдаланылады, қазақ тілінің төл әріптері ешқандай рөл ойнамайды. Мысалы, бір ғана mail.ru порталының қызметін пайдаланушылар қазақ тілінің төл әріптерін ешқашан өз орнында пайдаланған емес. Бұл – қазақ тілінің қазіргі таңдағы негізгі проблемасы. Бүгінгі жас ұрпақ екі тілді пайдалануға және латын графикасынан кирилл графикасына оңай ауысуға бейімделіп алды. Осыған байланысты жастар үйрене алмайды деген мәселе болмауы керек. Содан соң, біздің 70 жылдық мұрамыз қалып қояды деген де бос сөз. Оларды латын графикасына ауыстыру үшін 5 минут қана уақыт керек, тіпті 5 гигабайт болса да. Бір-ақ мәселе, қазақ тіліндегі латын графикасының әріптері мен ережелері қабылдануы және бағдарламашылар ортақ бір жүйеге негізделген скрипт жасап шығуы керек. Соларды пайдаланып, кирилл қарпіндегі мұраларды латынға көшіру тіпті ешқандай уақыт алмайды деп есептеймін мен. Жалпы, латын графикасына ауысқан кезде артық әріптер мен кірме сөздерден арылу сияқты бірнеше проблема шешіледі. Бұл жерде интернетті негізге алудың қажеті жоқ, ол уақыт талабына байланысты күнделікті қажеттілік ретінде біздің өмірімізге өз-өзінен ене береді. Содан соң орыс тілінен құтылдық дегенмен, ертең ағылшын тілінің ықпалына түсеміз. Сондықтан осы мәселені де шешіп алу қажет.

Қуаныш МАҒЗҰМОВ, IT маманы:

– Латынға көшкендегі басты мақсат – сана тәуелсіздігіне жол ашу. Ертең еркін, тәуелсіз, азат ұрпақ келеді. Негізінен, бұл мәселені тежеп отырған аға ұрпақ. Жаңа Нұртөре аға жақсы айтты, жастарға сену керек, оларға барлық мүмкіндікті жаратып беру керек. Бүгінгі күнмен өмір сүрмейік, болашақ ұрпақты ойлайық. Олар ертең кітап, газет-журналды оқымайды, қағаз күйінде ештеңе ұстамайды, компьютер, планшет, телефонмен өмір сүруі мүмкін. Жалпы, латынға көшу – жаһандандудың мәселесі. Кирилдегі дүние шынында да, ескіріп кеткен. Ресейдің өзі дамыған Батыс елдерінен 20 жылға кейін қалып отыр. Мысалы, қазір ММУ-дің дипломын шетелдердің көбінде мойындамайды. Сол себепті Ресейдің өзінде латынға көшу мәселесі айтылып жатыр. Бізге Елбасының өзі тапсырма беріп отыр. «Темірді қызғанда соқ» демекші, бұл мәселені қазір түбегейлі шешпесек, ұрпағымыз бодандық бұғауында қала беруі мүмкін. Ал ұлтымыздың ұлы мұраты – Мәңгілік ел болу! Демек, кешігуге болмайды!

2-тарау

БҰЙРЫҚ ШЫҚТЫ: ТАМЫЗЫҚ ПІКІРЛЕР МЕН ҚЫЗУ ТАЛҚЫЛАУЛАР

Тарауда стандартты әліпби нұсқасын қабылдауға байланысты Қазақстан БАҚ-дағы бүкіл пікірталастар, сұхбаттар қамтылмаған, негізінен, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мамандарының аталған мәселеге қатысты пікірлері, ойлары, ғылыми тұжырымдары топтастырылған. Әрбір пікір жай ғана айтыла салған сөз емес, себебі әрбір сұхбат беруші түрлі факторлардың қордаланған жиынтығынан хабардар, білімі мен беделін пайдалана отырып, дер кезінде мәселені өз дәрежесінде көтерген, қоғамда қалыптасқан әлеуметтік-саяси хал-ахуалды, проблеманы тереңнен түсініп, халық пен қоғам мүддесін көздеген өз саласының білікті мамандары, сондықтан материалдарды елдегі мәдени-әлеуметтік, қоғамдық-саяси фонның қалыптасу жағдайын көрсете алатын маңызды медиахабарларға жатқызуға болады.

Елбасының сындарлы әрі бағдарлы сөзінен кейін қоғам дүр сілкініп, қызу талқылау басталғанын <http://www.astanatv.kz/news/show/id/60568.html>, Azattyq TV, «Хабар» телеарнасы («Әңгіменің ашығы» бағдарламасы), Астана телеарнасы www.astana.tv, Жаңалықтар (17 мамыр 2017 ж.), <https://youtu.be/D6CM7xCikiU>; <http://www.tilalemi.kz/article/621> (3 мамыр 2017 ж.), Qamshy.kz (13 сәуір 2017ж.), <http://www.qamshy.kz> «Қазақ үні» ұлттық порталы (9 қыркүйек 2017ж.), <http://www.qazaquni.kz>, <http://jasqazaq.kz/2017/04/13/oldanys-a-engeli-zhat-an-latyn-lipbii-andaj-boluy-tiis/> (13 сәуір 2017 ж.), QAZAQSTAN телеарнасы (1-студия бағдарламасы, 17 қыркүйек 2017ж.), КТК телеарнасы. Жаңалықтар (21 қыркүйек, 2017 ж.), <https://youtu.be/WT2p9kuIF9A> т.б. сайттар мен порталдарындағы, телеарналардағы пікірталастар, көзқарастар, сондай-ақ «Ана тілі» газетіндегі сұхбаттар (16 - қараша, 2017 ж.) (<http://anatili.kazgazeta.kz/?p=45803>) т.б. байқатады.

Елбасының сөзін «Ұлт болашағының бағдарламасы» деп бағалаған Анар Фазылжанова (31 мамыр 2017 ж., «Егемен Қазақстан»): «Мәселен, ұлттық бірегейлік <лат. identikus> психологиялық процесс болғанымен, ұлтты ұйытушы саяси–мәдени, әлеуметтік маңызы зор фактор. Осы бірегейлікті жасаушы мәдени, генетикалық және тілдік – үш негізгі құраушының ең күштісі де, әмбебабы да тілдік бірегейлік. Тілдік бірегейлігі күшті этномәдени ұжымда ұлттық бірегейлік те мықты болады. Осы тұрғыдан қазақ тілін ұлттық және мелекеттік тіл ретіндегі ұлттық бірегейлік қалыптастырушы фактор тұрғысынан Тіл білімі институты ұжымы 2007–2009 жылдары кешенді зерттеулер жүргізді», дей отыра, «Шын мәнінде, кирилл жазуы латыннан әлдеқайда жаңа, жетілген графикалық жүйе» екенін айтады. Бірақ бұл жазудан бас тартудың тағы маңызды себебі қазақ қоғамында сол әліпби қалыптастырған қасаң стереотиптер көп. «Бұл

стереотип бойынша орыс тілінен енген сөздер қазақ айтылымына сындырыла алмайды. Осының салдарынан тілімізде шет тілінің сөздері орыс орфографиясы бойынша талай жыл жазылып келеді, жазыла бермек те, ал «...сөздік қорымыздың жартысынан астамы орыс сөзіне айналып кетпеуіне кепіл болмай қалатынын» (А.Фазылжанова) көрсетеді. Лингвист тарапынан айтылған бұл пікір тараудағы лингвист ғалымдардың тұжырымдарын құрайтын **бірінші көзқарас**. Ал **екінші көзқарас** қазір қазақ тілінің заңдары – таза қазақы түсініктегі заңдар емес, жазғанда да, сөйлегенде де екі тілдің (орыс және қазақ) заңдары аралас, сондықтан қазіргі қолданыстағы ережелермен қазақ тілінің өрісі тарыла береді (Е.Қажыбек), сөздің үндесімі, морфем құрамы, буын құрамы бұзылып жатыр (Ә.Жүнісбек), сондықтан бүгінгі емле ережелер өзгереді, мәтіндегі әрбір сөздің жазу образы өзгереді, образ өзгергеннен кейін оны қабылдаудың да механизмдері өзгереді (А.Фазылжанова) дейтін көзқарас; **төртіншіден**, болашақта латын негізді қазақ жазуын қабылдау арқылы тілдің дыбыстық жүйесін реттеу мүмкіндігі бар (кирилл әліпбиі әсерінен жоғалтқан әріптерді қалпына келтіру және басы артық әріптерден арылу) деген көзқарас. **Бесіншіден**, «тілге қатысты заңды өзгерту, іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізудің нақты нәтижесіне қол жеткізудің бірден-бір амалы латын әліпбиіне көшу арқылы шешіледі (Е.Қажыбек) деген көзқарас. **Алтыншыдан**, тілге кеткен қаражат өзін ғасырлар бойы ақтайды, себебі тіл инерция заңымен өмір сүреді (А.Фазылжанова және басқа да тіл мамандары) дейтін көзқарас. Бұл пікір инженерлік-технология мамандарына қарата айтылған аса бір уәжді пікір. Себебі аталған сала мамандары қаржы мәселесін алға тартып отырғаны белгілі.

Тілтанушылар тарапынан ұсынылып отырған жоба – екеу: біріншісі - лингвистикалық жоба, екіншісі - интернет жоба. Бірінші жобаның артықшылығы бір әріпке бір дыбыс сәйкес келеді және ол дәстүрлі жоба саналады әрі түрік және Әзербайжан елі қабылдаған жобаға жақын. Бірақ компьютердің пернетақтасына (клавиатурасына) тағы дыбыстар, таңбалар қосуды қажет етуі жобаның кемшілігіне жатады.

Ал интернет жоба, «компьютердің пернетақтасына негізделген. Ондағы әріптің саны 26-дан аспайды, яғни ағылшын тіліндегі 26 әріп болып қала береді. Ал қазақ тіліндегі «ә,ө,ү» жіңішке дауыстылары ілмекше (‘) арқылы беріледі. Ал дауыссыздар болса екі әріптің қосылуымен беріледі (ғ-gh, ң-ng, ш-sh, ж-zh). Бір дыбыстың бұлай диграфпен таңбалануы еуропа тілдерінде жиі кездеседі. Мысалы, ағылшын, француз, неміс тілдерінде бар. Аталмыш жоба қазіргі заманның сұранысына жауап береді. Қазір бізде үш тілділік қабылданды, сол себепті де ағылшын тілін меңгеруге оңай болады, ақпараттық кеңістікте онлайн кіруге мүмкіндік туады және де компьютердің пернетақтасы өзгермейді. Сондықтан интернет жобаға көбірек мән беру керек сияқты» деген (З.М.Базарбаева) пікір де осы тарауда орналасқан.

Пікір жарыстырушы тараптар әр түрлі сала, әлеуметтік топ өкілдері. Бірақ, негізгі пікірталас, қызу айтыс екі топтың арасында өрістегені аңдалады. Олардың біріншісі – компьютер саласының мамандары, IT-

мамандар, екінші топ осы мамандардың кейбір уәждерімен келісе бермейтін тілтанушы ғалымдар.

Соған орай бұл тарауда А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы Е.З.Қажыбек, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Айтбайұлы, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор З.М.Базарбаева, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары, филология ғылымдарының кандидаты А.М. Фазылжанова т.б. ғалымдардың сұхбаттары әліпбидің қандай болуы керектігіне талдаулар жасалған ғылыми тұжырымдардан, уәжді ойтүйіндерден құралады. Сонымен қатар журналистер Берік Уәли, Дәуренбек Бақдәулет т.б. өткір сұрақтар беріп, жазу мен жазу мәдениетінің табиғатын түрлі сала иелерінің аша түсуіне мүмкіндік туғыза алғаны тарау материалдарынан көрініп тұр. Ал бағдарламашы-инженер Жанат Аймағанов, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің төрағасы Болатбек Әбдірасылов, Қазақпарат халықаралық ақпарат агенттігі Бас директорының кеңесшісі Қ. Мәметқазыұлы, Ж.Шаяхметов атындағы тіл орталығының директоры Е.Тілешовтердің т.б. жаңа жазуға көшуге байланысты айтқан пікірлері мен көзқарастары қазақ елінің, саяси элитаның, қоғамдағы белгілі бір топ өкілдерінің бұл шешімді қолдайтынын көрсетеді.

Саясаттанушылар Ерлан Саировтың, Айдос Сарымның сөздері латынға көшуге байланысты саясаткерлер пікірлерінің бағыт-бағдарын танытса, белгілі қаламгерлер, ақын-жазушылар Н. Оразалин, Б. Нұржеке, Иран Ғайып т.б. қысқа ғана айтылған пікірлері латын қарпіне негізделген қазақ жазуына көшуді қолдайтын көзқарастар қатарын толықтырады. Тараудағы осы сияқты бірнеше адамның сөздерінен құралған медиамәтіндер жеке авторлық материал емес, коллегияльды пікірлердің көріністері болып табылады.

Ал тілтанушы мамандар материалдардың коммуникативтік фонын тудырып тұрған маңызды мәселе әліпбимен байланысты болғандықтан, әліпбиді жаңалау қазақтың рухани жаңғыруын тудыратынын, ұлттық болмыс-бітімін жаһандану заманында сақтап қалатын бірден-бір құрал екенін түсіндіру үшін: ұсынылып отырған медиамәтіннің бұқараға таралуы мен дұрыс қабылдануын қамтамасыз етуді көздеп, қоғамда болып жатқан құбылыстарды мейлінше кең ауқымда қамтып, әліпбиге арналған пікірталастардың әлеуметтік-мәдени маңызын барынша айқын көрсетуге тырысқан. Сондықтан өздері жеткізіп отырған метахабардың құр сөзден ғана құралмай, керісінше, фактологиялық жағының да болуын ойластырған. Ондай материалдар, метахабарлар Тіл білімі институтының қызметкерлеріне тән.

Тарауда жазылған материалдың ішінде орыс тілділердің латын әліпбиіне көшу-көшпеуі мәселесін көтерген сауалдарға уәжді жауаптар берілген (Е.Қажыбек, А.Фазылжанова т.б.), ол жауаптарда бір мемлекетте екі әліпбидің қалай қатар өмір сүретіні түсіндірілген.

Сұхбаттарды *жүйелі талдауларға* (тілдегі дыбыстар мен таңбалары сипаттауда, айталық, тілімізде 9 төл дауысты дыбысымыз бар, сонан кейін қазақ тілінде 19 дауыссыз дыбыс бар. Сол 28-ге 3 әріп қосылады, шет тілінен келген. Өйткені «Ф» тек қана орыс тіліндегі сөздерді емес, ол араб тілінен енген сөздерде да бар. Екінші «Х», хабар, хат дегенде, мысалы, егер оны қ-мен жазатын болсақ, онда мағынасын тану қиындау болады. Сондай әріптердің тағы бірі - «В». «В»-ның бір ерекшелігі ол «х» мен «ф» сияқты басқа араб тілінен енген сөздерді таңбаламайды, ол тек орыс тілінен енген сөздерді белгілейді. Бірақ «в»-ны алуға тура келеді. Өйткені «в»-ны алмасақ, мәтінде «в»-ның кездесетін жерінде басқа әріпті беретін болсақ, мәтінді оқып отырған адамға түсіну өте қиынға соғып кетеді. Ол әріптердің инвентарын жасау ісі - күрделі лингвистикалық процесс), *логикалық* (мынау бізді қоршаған лингвистикалық әлем образдары өзгереді, лингвистикалық ландшафт өзгереді) және *контент-анализдерге* (жекелеген сөздер мен сөздерге қосымшалар жалғану барасындағы ерекшеліктер ашылған), *әлеуметтік және салыстырмалы-мәдени талдауларға, риторикалық сыни көзқарастарға* топтастыруға болады.

Тараудағы кейбір материалдар комментарий дәрежесінде жазылған, олар тіл саласы емес, өзге сала мамандарының пікірлері мен ойлары түрінде келеді, ал енді бір материалдар айтылған ақпараттарға анализ-талдау түрінде берілген. Талдама материалдардың иелері - саясаттанушылар мен тіл білімі саласының мамандары екенін айту керек.

Тарау материалдарындағы көпшілікке әсер етудің лингвомедиалық технологиялары әртүрлі. Біріншіден, материалдар көбінесе тіл мәдениетінің канондарына, талаптарына жауап бермейді. Сондықтан сұхбаттардағы толық аяқталмай қалған ойлар (келесі тараптың киіп кетуінен туындайтын), кейбір сөйлемдердің аяқталмай қалуы (жазудағы көп нүктемен берілетін), сөйлеу барысында сөйлемді әдейі аяқтамай тыңдаушының көңілін аудару, бұру әрекеттері, аяқталмай қалған сөйлемдегі ойды инерциясымен түсінуге тыңдаушыны жетелеу, кейде қыстырма сөздердің (ия.. ия.., о-о.), ой қайталауларының болуы т.т. медиамәтіндердің ерекшеліктері ретінде қабылдану керек. Сұхбат берушілер тарапынан жасалатын ақпараттық саясат көріністерін (жазуда көп нүктемен берілген паузалардың болуын, сондай-ақ сөзді соза түсіп айту т.б.) көпшілікке ықпал етудің немесе манипуляцияның құралы ретінде қабылдау жөн, себебі сұхбаттардың дені тікелей эфирде өткен. Аталған ерекшеліктер тарауда берілген материалдардың, яғни медиасөйлеудің белгілеріне, ал мәтіндердегі әр сала терминдерінің (әлеуметтану, саясаттану, психология, журналистика, тарих, информатика, IT-технологият т.б.) болуы медиахабар ландшафтысының белгілері болып табылады. Тараудағы медиамәтіндердің құрылымы динамикалы, дені ақпараттық талдаулар мен комментарийлерден құралған. Кейбір материалдар, атап айтқанда, филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбектің материалдары мәтін-очерк деңгейінде жазылған, ондай материалдар ағылшын тілінде “features” терминімен аталады.

Тараудағы Ә.Жүнісбек, А.Сарым, А.Фазылжанова т.б. материалдары медиаталдаулар үлгілеріне жатады және бұл материалдардың бір ерекшелігі көтеріліп отырған аса маңызды мәселеге қатысты сұхбат берушілердің өз ой-тұжырымдарын, өз пікірлері мен бағалауларын жеткізіп отырумен байланысты. Аталған медиаталдау түріндегі материалдар ғылыми және ғылыми-көпшілік стильдерінің тоғысында жазылған/айтылған.

Қорыта айтқанда, қазіргі ақпараттық және технологиялық кеңістікте латын жазуы – жаһандық деңгейдегі коммуникацияның жүзеге асуын қамтамасыз етіп отырған прагматистік қызметі ересен күшті құрал. Латын қаріпті қазақ жазуына көшу: қазақ тілінің төл заңдылықтарының сақталуын; ағылшын тілінде жасалған терминдердің орыс тілі арқылы емес, тікелей ағылшын тілінен қабылдануын; сөздік қордағы орыс тілінің әсерімен қалыптасқан стереотиптердің біртіндеп жойылып, олардың орнын тіл заңдылығына бейімделген, қазақ тілі заңдылықтарымен сындырылған шеттілдік сөздер басуын және сол арқылы лексикалық қордың баюын қамтамасыз етеді деген сенім бар.

2.1 ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИ ҚҰРАСТЫРУҒА НЕ КЕДЕРГІ: ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ТИІМДІ ӘЛІПБИ ЖОБАСЫН ТАҢДАУ ЖҰМЫСТАРЫ ХАҚЫНДА

2017 жылғы 12 сәуірде жарияланған Елбасы мақаласынан кейінгі мамандардың кәсіби қызметтерінің талқысы, олардың қазақ-латын әліпбиін құрастырудағы позициялары, ұлттық әліпби жасауға басымдық берудегі әрекеттері, төл тіліміздің табиғи мүмкіндіктерін (ұлттық құндылығын) осы реформа тұсында енгізу жоспарлары бұқаралық ақпарат құралдарына берілген сұхбаттары арқылы халыққа жетіп отырды. Әрине, халықтың пікірі үнемі бір жақты болмайды. Себебі әртүрлі ойлар, әртүрлі көзқарастар болары анық. Бұл жолы ұлттық әліпби жасаушылар көзқарасы мен ІТ мамандардың, яғни компьютерге лайықталған әліпби жасаушылардың пікірлері қарама-қайшы келгені рас. Әр тарап өзінің мүддесін қорғауға тырысты. Мәселен лингвист ғалымдар мен тарихшылар, философтар ұлттық әліпбиге бейімделген жобаны қолдауындағы басты мақсат жазу жүйесіне жаңа реформа енгізу керектігін, төл жазудың қазақы болмыста болуын алға тартады. Себебі жаңа әліпби ауыстыру мақсаттарының бірі - мемлекеттік тілдің қолданысын жаппай енгізу, ана тіліміздің таза табиғи болмысын ұрпақтан ұрпаққа жеткізу деген қағиданы ұстанады. Ал компьютерге бейімделген әліпбидің ұсынатындар болашақ дамыған елдердің жетістіктеріне ілесу, дамудың жаңа қарқынына ілесуді көздейді.

Екі тараптың да түпкі түйсігі - Қазақстанның болашағы. Осы екі көзқарасты бір арнаға сыйдырып, әрі компьютерге бейімделген, әрі ұлттық әріптердің әртүрлі позицияда еркін жазылуын қамтамасыз ете алатын ұтымды әліпби жасау науқаны басталды. Оны ойлап шығаруға уақыт тым аз берілді. Бірнеше әліпби жобалары сыннан өтті. Осындай оңтайлы әліпби таңдаудың қайнаған жұмыстары БАҚ беттерінде қызу талқыға түсті.

ЛАТЫН ҚАРПІНЕ КӨШУ. ТАЛҚЫ БАСТАЛДЫ

Қазақ әліппесінің жаңа нұсқасы туралы. Латын қарпімен жасалған әліппенің бір үлгісі апта басында Парламентте талқыланды. Басын ашып алатын нәрсе, көпшілік латын қарпіне көшудің маңызын жақсы түсінеді, тиісінше, қолдайды. Оған еш әңгіме, талас жоқ. Бірақ әліппенің ұғынықты, ыңғайлы болғанын да қалайды.

«Айқын» газетінің журналисі Серікбол Хасан фейсбуктегі парақшасында архивтен тапқан мына мақаланы жариялапты*:

«Латын әліппесін алу керектігіне бір себеп мынау: латын әліппесі батыс Ауропа мәдениетінің әліппесі; Ауропа мәдениеті әлі көпке шейін жер жүзінің мәдениет бәйгесінде бәйгенің алдын бермеуі анық; сондықтан бір әліппе бүтін жер жүзіне әсерін тигізеді десек, сол әліппе – латын әліппесі болуға ыңғайы бар. Латын әліппесін алғанда, түрүк дыбыстарын тегіс таңбалау үшін бірлі-жарымды жаңа әріб қосу керек. Бұл – бір. Кейбір латын әрібін Ауропаның әр қалқы әр түрлі айтады; түрүктерде кейбір латын әрібін Ауропадан басқаша атауға мүмкін, бұл – екі. Барлық түрүк елдерінің әліппесі біреу-ақ болу үшін, бірінің жазғанын бірі іркілмей тану үшін әліппені алғанда былай ету керек: жаңадан қосылған әріб неғұрлым аз болсын; латын әрпі өзінде қандай дыбысқа ие болса, түрүк тілінде де сондай дыбысқа ие болсын; әрібтің бұрынғы дыбысы тым бұзылмасын...

«Тел-Жан (Телжан Шонанұлы), «Еңбекші қазақ» газеті, 1926 жыл, №87, әпрелдің 25-і».

Журналист 1926 жылғы латын қарпіне байланысты Баку съезінің стенограммасын оқып шыққанын жазады. «Түрік әлемінің 100 мықтысының бәрі дерлік, оның арасында қазақтан Ахмет, Нәзір аталар сөйлеген, қосар әріптің тиімсіздігін алға тартыпты. Соған қарағанда, бізге әлі мына қаріпті қабылдамай тұрып, «жеті рет өлшеп, бір рет кескен» дұрыс болады-ау!», - дейді. Саясаттанушы А.Сарым: «...Жұмыс тобы өз жұмысын аяқтаған жоқ. Әлі біраз айтыс болады. Нәтижесінде бір ортақ нұсқаға келуіміз міндет. Қажет болса 30-40 адамды бір бөлмеге қамап, ортақ нәтижеге жетіп, мұржадан ақ түтін шыққанша айтыстыру қажет деп санаймын», – деп жазды. Маңызды мәселеге байланысты материалды Дәуренбек Бақдәулет дайындады.

Ұсынылған қазақ әліпбиінің жаңа нұсқасы, Парламентте көрсетілген мезеттен-ақ көптің талқылауына түсті. Көпшілік бірден өз есімдерін жаңа нұсқада жазып жіберіп, бірі қуанды, бірі мұңайып қалды. Нәтижелерін әлеуметтік желілерде бөлісіп, тілге жұмыр келер жеріне байланысты айтысып жатты. Бірі бір дыбысты қос әріппен бергеніне наразылық

* Мақаланың түпнұсқасы сақталып, сөзқолданысы сол қалпында берілді.

танытқан, енді бірі кей сөздердің жаңаша жазылу әдісіне бас қатырды. Тағы бірі диграфтарды алып тастап, төл дыбыстарымызды кей әріптердің үстіне нүкте немесе үтір қою арқылы белгілеуді ұсынды. Ал Парламентте талқыланған нұсқаны дайындағандар өздерінің нұсқасын «жақсы» дейді, әрине. Диграф жүйесін қолданған – екі әріппен бір дыбысты беру формасы.

Ербол Тілешов, Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамыту республикалық орталығының директоры:

– Мына «ң» әрпін айта алмай жүрміз ғой әлі біз, ертең күндердің күнінде «ә»-ні айта алмай қаламыз. Түріктер Кемаль Ататүріктің кезінде «қ» дыбысын әлппесіне енгізбеді. Бұл кәте болды. Қазір 90 жылдан кейін Түріктер «қ» дыбысын жоғалтып алды. 1 ғасырдың ішінде түріктер қазір Карадениз дейді. «Қара» деген сөз болған, 100 жыл бұрын, жоғалтып алды. Әзірбайжан Түрік алфавитіне еліктеймін деп, жоғалтып алып, қайта соңғы реформада енгізді. Бір дыбысты жоғалту ол тілге деген қауіп.

Расымен де, көпшілік ішінде жалқаулық дейміз бе, жауапсыздық дейміз бе, ұялы телефонда бар төл әріптерді пайдаланбайтындар бар. Салдарынан әкеміз «әке», әжеміз «әже» болып жазылып кеткелі қай заман. Бір қарағанда ресми құжат немесе мақала, шығарма емес, онда тұрған не бар? – дерсіз, бірақ бұл кіршіксіз тілдің бүлінуінің алғашқы сатысы екен. Әйтсе де айтпай кетпеуге болмайтыны – ұсынылған нұсқаны қабылдамай жатқандардың арасында ғалымдар да бар.

Анар Фазылжанова, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары:

– Мысалы, «үй» деген сөзді «үйлеріміздегі» деп өзгерткен кезде журнал, жалғаулардың арқасында ол сөздегі әріптер көбейеді, ал сол сөзді диграф арқылы жазатын болса, тіпті ұлғаяды. Бұл жәй мәселе емес.

Талай жыл бағдарламалар инженері болып жүрген Жанат Аймағанов та біраз жұрт айтып жатқан – кей әріптің үстіне үтір қойып белгілеу формасын қиын емес, – дейді.

Жанат Аймағанов, бағдарламашы-инженер:

– Міне, керек болса бәрі бар, осылай шығып жатыр. Тап смартфон, самсунгта да солай. Бірден айтайын айфонда бұл басқаша. Біз бұл компанияға хабарластық, олар айтады, сіздер, Қазақстанның кодын жіберсеңіздер, сол әріпті енгізу керек дейді. Біз енді Алла жазса, осы әліппеге көшкен соң, жедел арада Қазақстанның екі не үш әріптік кодын енгіземіз. Қоғам қалай қабылдайды, сол жағын ойлауымыз керек қой. Мен түсінемін, фонетикалық, тағы басқа заңдар бар, менің ойымша, мен еш заң ашып жатқан жоқпын, тек жолдарын тауып жатырмын.

Елдің күдігі, тіпті кекесіні бұл жолы билікті шошытқан жоқ. Себебі ұлт үшін қабылданар маңызды мәселеде алдымен халықтың пікірі тыңдалуы керектігін Президенттің өзі айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті: Маған келіп ғалымдар көрсетті де айтты, мына Жарлыққа қол қойыңыз да, шығарыңыз, содан кейін жұмыс істейміз деп. Мен айттым, болмайды деп. Халық түгел қарасын, асығатын ештеңе жоқ. Мен Парламентте талқылауды

ұсындым. Бәрі ойын айтты, қазір детальдар қаралып жатыр. Консенсус болып, ғалымдар, тарихшылар бір шешімге келген соң, мен жаңа әліпбиді жария етемін.

Көпшілік ақын-жазушылардың жазбаларын жаңа әріпке көшіруде қиындық бола ма, – деп алаңдаушылық білдірген. Бірақ бұған негіз жоқ сияқты. Арнайы әзірленген конвертер «Абай жолын» кирил қарпінен латыншаға 3 секундта аударып алады.

Қуаныш Біләл:

– Бұл конвертердің қызметі шектеусіз, шынын айту керек. Мысалға сайтты ашып, 5 мың әріпті бірден аударып аласыз. Немесе «Абай жолының» 4 томы, басқа да ғылыми әдебиеттерді аударып аласыз, файлды жүктеп алып, мынаған енгізіп аударып ала аласыз. Сондықтан мұнда сан мыңдаған кітап, рухани қазынамыздан айырылып қаламыз деген өтірік. Керек болса, бір айдың ішінде сегіз сағаттық режиммен барлық әдебиетімізді аударып алуға болады.

Латын әріптерімен жазылған Абайдың өлеңін қала тұрғындары қалай оқитынын көргіміз келді. Нәтижесі бізге ұнады. Сіз де бағалап көріңіз.

1. Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң арқалан. Сен де – бір кірпіш, дүниеге Кетігін тап та, бар қалан!

2. Қайрат пен ақыл жол табар Қашқанға да, қуғанға. Әділет, шапқат кімде бар, Сол жарасар туғанға.

3. Бастапқы екеу соңғысыз Біте қалса қазаққа, Алдың – жалын, артың – мұз, Барар едің қай жаққа?

Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті: Бүгінде ақпараттың 70 пайызға жуығы латын әрпінде таралады. Ғылыми-техникалық прогресті де біз осы латын қарпінде оқимыз. Бұл болашақта жемісін мол беретін бағдарлама. Біз ешкімнен қалып қоймауымыз керек.

Дәуренбек Бақдәулет:

– Бастысы, ұлт үшін, ел үшін маңызды қадам жасалды. Енді халық пен билік санасып, ғалым мен қара ақылдасып, жаңа әліппе төңірегінде бір мәмілеге келуі керек. Зерттеулер ел азаматтарының 90 пайызға жуығы латын қарпіне көшуді жақтайтынын көрсеткен. Демек, бізге тиімді таңбаны таңдау ғана қалды.

Ерден Қажыбек

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ҒЫЛЫМИ ПРОБЛЕМА ЕМЕС, ӨТЕ ОҢАЙ ҚҰБЫЛЫС

Алдағы 2-3 жыл көлемінде елімізде елеулі өзгерістер орын алмақ. Бұған басты дәлел – Нұрсұлтан Назарбаевтың «Біз латын әліпбиіне көше бастаймыз» – деген сөздері. Елбасының айтуынша, біз осы жылдың соңына дейін латын әліпбиіне көшеміз, демек, 2018 жылдан бастап барша оқулықтар, жазулар латын графикасында жазылады. Бір газсырға жуық кириллицаны пайдаланған жұртшылық бұл үрдіске қалайша үйреніседі екен? Сонымен қатар, латын әліпбиіне көшудегі басты мақсат не? Осы сұрақтар төңірегінде Нұрсұлтан Назарбаев аталмыш мәселеге жауапты етіп тағайындаған А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Ерден Қажыбек мырадан «Қамшы» ақпараттық агенттігінің тілшісі сұхбаттасып, бұл жаңашылдықтың мән-жайын егжей-тегжейлі сұрастырып білді.

– Ерден мырза, Елбасымыз «Біз латын әліпбиіне көшуді бастаймыз» деп бұйрық берді. Бұл кеше ғана қозғалған мәселе емес, бірнеше жылдар бойы көтеріліп келе жатқан ұсыныс. Осыған байланысты өз пікіріңізді айтсаңыз. Жалпы, латын әліпбиінің үрдісі қалыптасты ма? Халық латын әліпбиіне көшуге дайын ба?

– Бұл – біздің ұлттық мүддеге арналған керемет бағдарлама. Дегенмен, жалпы алғанда, жұртшылық кирил, яғни орыс әліпбиіне үйреніп кеткен. Бірақ біз маңызды бір мәселеге көңіл бөлмей келеміз. Ол – сауатты, қате жібермей жазу мәселесі. Ал, қазіргі газет-журналдарды алсаңыз, орфографиялық нормалардың сақталмауы, қателер деген өріп жүр – оны мойындау керек. Мысалы, «Айқын» шекара деп жазса, «Егемен» шегара деп жазады. Осы сынды қателер өте көп. Біздің мемлекеттегі классикалық үлкен басылымдар осындай қателіктерді жібереді, тіпті, әр журналистің өзіндік жазу принциптері бар. Ғылым бекіткен ережелер бөлек, ал әр ақынның, әр журналистің, әр жазушының жазу тілі мүлдем бөлек. Бұл дұрыс емес, белгілі бір жүйе қалыптасу керек, бірдей орфографиялық норма болуы тиіс және ол сақталуы шарт. Бұл – өте үлкен мәселе. Шетелде бір газетті алып, кез келген мақаласын оқысаңыз және сол жерден бір қате табылса, оны бүкіл ел болып талқылайды, сол қатені үлкен мін етіп көрсетеді. Ал, бізде сауатсыз жазу, ережелерді сақтамау әдетке айналған. Неге? Себебі, біздің әліпбиіміз «мал қора» секілді. Мені қатты айтты дерсіздер, дегенмен мұны да мойындау керек. Тіліміздегі төл дыбыстардың саны 26-28, ал әріптеріміздің саны 42, екі есе көп. Кириллицаны 30-жылдардың аяғы мен 40-жылдардың басында қабылдаған кезінде еліміз өте қиын жағдайда болған. Орфографияға да,

орфоэпияға да сауатты бүкіл адамдарды құртып, жоғары жақтан кириллицаны бұйрықпен күштеп енгізген болатын. Қазақ тіліне еш қатысы жоқ, біздің табиғатымызға жат әріптерді кіргізе салды. Сол бір орыс әліпбиінің негізінде қазақ тілі әліпбиінің 20-30 шақты нұсқасын жасап берді. Мысалы, біз башқұртпен, ноғайлармен сөйлескенде тілімізде ешқандай да айырмашылық жоқ, бір-бірімізді оңай түсінісе аламыз, бірақ бір-біріміздің кітаптарымызды оқи алмаймыз. Себебі, біздің әліпби орыс әліпбиі негізінде жасалған. Қазақ тілінде бір ғана дыбысты беретін әріптер кириллицада екі-үш таңбамен таңбаланады.

– Біз латын әліпбиіне көшеміз бе әлде ораламыз ба?

– Кезінде бүкіл халық бір әліпбиді қолданатын, ол – төте жазу, яғни араб әліпбиінің негізінде жасалған. Оны бізде ең алғаш құрастырған Ахмет Байтұрсынұлы болатын. Әрине, өзге тілдерден біршама ұсақ-түйек айырмашылықтар болды. Бүкіл түркі халықтарының ішінде әліпбидің ең ыңғайлысы, ең қолайлысы қазақтарда болатын. Кейіннен латын әліпбиіне көштік. Сол кезеңде латын әліпбиіне көшуді ең алғаш әзербайжан мен қазақ халқының зиялылары бастаған. Бұл – Түркияның инициативасы емес. Бүкіл түркі халықтары жиналып, Бакуде үлкен конференция өткізіп, латын әліпбиіне көшуді дауысқа салып, сол жерде шешім қабылдаған. Содан кейін Түркия халқы бауырларымыздан айырылмайық деп, олар да латынға көшкен. Ал бізді 10 жылдан кейін кириллицаға аударып жіберді. Қазір халық кириллицаға еті үйреніп кеткенмен, бұл әліпби мүлде қолайлы емес. Қазақ халқы, әсіресе, жастары қазақ тілінде бір мәтінді оқыса, акцентпен оқиды. Сонымен қатар, артық таңбалар өте көп. Мысалы, қазақ мәтінінде орыс тіліндегі сөз кездесе, оны орысшада қалай жазу керек, дәл солай жазамыз, оқылу нормасына сай оқимыз. Ал, қазақтың сөздері олай айтуға келмейді. Осыдан барып айтылу артикуляциясы, қазақ әріптерінің дыбысталуы бұзылады. Сондықтан да бұл – латын әліпбиіне көшу емес, оған қайтадан оралу.

– Оның ендігі кезектегі нұсқасы қандай болмақ? 20-ғасырдың басындағы латын әліпбиі негізінде ме әлде жаңаша нұсқада жасалады ма?

– Ол кезден бері біршама уақыт өтті. Сол заманда латын әліпбиін жасағанда бүкіл түркі халықтары бір-бірімен өзара келісімге келіп, ортақ түрік әліпбиін жасау мәселесін қозғаған және соның негізінде жасалған. Ал қазіргі таңда не себепті латын әліпбиіне көшу мәселесі көтеріліп отыр? Себебі, қазақ тілі – түркі тілдерінің ішіндегі ең негізгісі, ең бай тіл. Өзіміздің бауырлас елдермен түсінісе алатын және бір-біріміздің жазғанымызды оқи алатындай болуымыз керек. Латын әліпбиін жасау – ғылыми проблема емес, өте оңай құбылыс болмақ. Тіл білімі институтына тапсырма берілді, бірнеше үлкен монографиялық еңбектерді зерттеп, жаңа әліпбиді жасау қиын жұмыстар емес. Бірақ, біз осы уақытқа дейін латын әліпбиіне көшпей отырдық. Неге? Себебі, қасымызда үлкен көршіміз отыр. Еліміздегі жағдайларды аздап ретке келтіріп, асығыстық жасамай, экономикамызды біраз көтеріп барып қолға алу керектігін түсіндік. Жан-жақты елімізді

нығайтып, халықаралық дәрежеде орнымызды қадап белгілеп алу қажет болды. Мұндай үлкен келелі мәселеде асығыстық жасауға болмайды.

Сұхбаттасқан Ержан Жаубай

«Tilalemi.kz» сайты

13 сәуір 2017 ж.

<http://tilalemi.kz>

Айдос Сарым

саясаттанушы

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ ӨЗІМІЗДІҢ ІШКІ МӘСЕЛЕМІЗ. РЕСЕЙ ХАЛҚЫ АРАЛАСПАСЫН!

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіреміз деп мәлімдеді.

«Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім» дей отыра ҚР Президенті «Болашаққа бағдар: рухани жаңарту» мақаласын жариялаған болатын.

Аталмыш мақаланың «Таяу жылдардағы міндеттер» деген бөлімінде қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің маңыздылығы айтылды. Алайда, мұндай шешім Ресей халқына ұнамай қалған секілді, жаңалықты ашумен қабылдағандар табылып жатты. Дегенмен, Қазақстанның орыс тілді 30% тұрғынына реформаның қатысы жоқ екенін айта кеткен жөн.

Еске сала кетейік, қазақ халқы ХХ ғасырда тілге қатысты екі түрлі реформаны бастан кешті: 1923 жылы араб әліпбиінен латынға көшті, ал, 1940 жылы кириллицаға ауысты. Бүгінгі таңда Қазақстан тұрғындарының тең жартысы орыс тілінде жазып, сөйлейді. Сонымен қоса, Ресейдегі әлеуметтік желі пайдаланушылары Назарбаев бұйрық еткен үкімді сатқындық ретінде санады. Тіпті, Қазақстанның өзінде аталмыш реформаны жаңа заманға лайық емес деп қарсылық танытып жатқандардың қарасы көбейді. Мәселен, Твиттер қолданушысы өз парақшасында былай деген: «Сатқын қазақтар латын әліпбиіне көшпекші. Кезінде орыстар қазақтардың жанын алып қалды, жер берді. Ал, олар жақсылықты осылай қайтара ма?»

Латын әліпбиіне көшу туралы Назарбаевтың айтып келе жатқанына бірнеше жылдар болды. Ал, бұл жолы нақты латын әліпбиіне көшу жөнінде «жол картасын» дайындау жұмыстары іске асырылуы тиіс, 2017 жылы карта дайын болуы керек. Алдағы 8 жылда тілдің реформалануы үшін атқарылар іс көп. Латын әліпбиін білмейтін миллиондаған адамдарды үйрету керек, арнайы педагогтар жалдау керек, кітаптарды қайта басып шығу керек.

Азаттық Радиосы латын әліпбиіне көшу жөнінде саясаттанушы Айдос Сарымның пікірін сұрастырды. Саясаткердің пікірін «Қамшы» ақпараттық агенттігі қазақ тіліне аударып, қысқаша мазмұнын оқырмандар назарына

ұсынды: Оның айтуынша, латын әліпбиіне көшу Қазақстан үшін аса пайдалы. Бұл қазақ халқы ендігі орыс әлемінің ықпалына тәуелді болмайды деген сөз.

Иә, орыстарға тәуелді болмау бар қазақтың арманы шығар, бәлкім. Саясаткер «латын әліпбиіне көшуге қадам осыдан 5 жыл бұрын да қарастырылған. Алайда, биліктегі орысқұлдардың кесірінен жүзеге асыру мүмкін болмады. Ал осы жолы ақиқатқа айналары сөзсіз» дейді.

Бұл қадам Қазақстанға өзіндік геосаяси және өркениетті таңдауларын ашық жасай алатын үлкен мүмкіндік әкелетіні сөзсіз. Сондай-ақ, латын әліпбиіне көшкен жағдайда оны тек мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін меңгеріп, қазақ тілін қолданатын азаматтарға ғана қатысты екенін айтып қалды. Қоғам бұл мәселеге оң көзқарас танытатынына сенімді. Алайда, қарсы тараптардың да болатыны анық. Мәселен, үлкен буын бұл жаңалыққа қауіппен қарауы мүмкін дейді саясаткер. Себебі, тілге қатысты таңдау – халықтың тағдырын шешетін таңдау. Ал латын әліпбиін танып қалған жас буын өкілі аталмыш реформаға оң көзқарас танытады.

Ал, тілдік реформадан кейін Қазақстан Украинаның кейпін киіп жүрмей ме деген сұраққа былай деп жауап қатты: «Жоқ, мен Украинамен салыстыра алмас едім. Қазақстанның жағдайы мүлдем бөлек. Бізде тұрғындардың 22%-ы орыстардан тұрады. Латын әліпбиін қолдану негізінен қазақтарға ғана қатысты. Қазақ тілін жетік меңгерген адам үшін бұл қиындық туғызбайды. Ал, орыстарға келетін болсақ, латын әліпбиінің оларға қатысы жоқ. Көтеріліп қайтпек? Бәрібір қазақ газеттерін, сайттарын оқымайды ғой».

Бұл ең алдымен өзіміздің ішкі мәселеміз. Ал Ресей халқының пікірі қаралмайды. Өздерінің орыс арналарын қалай көрсе, сол қалпында жалғастыра берсін, кириллицамен жазылған газеттерін, сайттарын қалай оқып жүрсе, солай оқи берсін. Ал, ішкі саяси мәселемізге араласпасын».

*«Жас қазақ» газеті
13 сәуір 2017 ж.
<http://jasqazaq.kz>*

ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГЕЛІ ЖАТҚАН ЛАТЫН ӘЛІПБИІ ҚАНДАЙ БОЛУЫ ТИІС?

Осы сұрақ төңірегінде елімізде нағыз қызу пікірталас басталды. Кириллицаға бүйрегі бұратындар бастаманы сынаса, жаңалықты қуана қабылдағандар түрлі жобаларын ұсынып жатыр. Ал бұл іске жауапты Білім министрлігі арнайы комиссия құрды. Жалпы, латын әліпбиінің Ахмет Байтұрсынов жасаған жобасынан бөлек, елде оннан астам түрі бар екен.

Сексен жылға жуық кириллицамен хат жазып, санасы әбден сіресіп қалған қоғам, латынша қалай жазамыз деп даурығып жатыр енді. Бұған дейін мектепте бүлдіршінге 42 әріп жаттатсақ, енді оның саны 28-ге дейін кемімек. Ендігі мәселе қазақтың кей төл және кірме дыбыстарын қалай белгілейміз деген сұрақ.

Қазірдің өзінде қолданыста жүрген бекітілмеген әліпбидің екі түрлі нұсқасында қазақтың һ әрпі , кириллицадағы *щ, х, ч, ц, ё, ю, я* әріптері мүлдем жоқ. Оның орнына авторлар екі әріпті қосып немесе асты-үстінен арнайы белгілер салып таңбаламақшы. Қазақ тіліндегі дыбыстардың таңбалануын зерттейтін бірден-бір мекеме Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты. Орталыққа бүгінге дейін жүзден астам әліпби нұсқасы келіп түсіпті. Институт маманы көпшілік айтып жүргендей, кезіндегі әліпбиді қайтара салуға болмайды дейді.

Анар Фазылжанова, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары:

– Сол кездегі қаріпті толық алып, сол кездегі жүйені, емле ережелерін сол күйінде өзгеріссіз ала алмаймыз. Өйткені ол кезден бері заман қандай қарқынмен өзгергенін өздеріңіз білесіздер. Тілде де қаншама жаңалықтар бар. Біздің қазіргі латын графикасы негізіндегі әліпбиіміз қазіргі қазақ тілінің сұранысына, болашақтағы сұранысына жауап беру керек, сондықтан қазіргі әліпбиде өзгерістер көп болады. Ал мәтінін латын әрпіне алғаш боп көшірген ақпарат құралдарының бірі – «Қазақпарат» агенттігі. 2004 жылы Әбдуәли Қайдардың жазған әліпбиімен қиырдағы қазақтар үшін ақпарат тарата бастаған агенттік, соны әлі қолданып келеді.

Қанат Мәметқазыұлы, «Қазақпарат» халықаралық ақпарат агенттігі Бас директорының кеңесшісі:

– Бұнда ешқандай қиындық жоқ. Мына арнайы бағдарламамен қазақ тілінде қандай ақпарат шықса, автоматты түрде латынға аударылып отырады. Мысалы, дыбысына келсек, латынша н-мен үстінде ноқатымен белігіленеді. Енді мұны жетілген, жақсы нұсқа деп те айта алмаймыз. Ал күні кеше әліпби жаңарту бойынша пікір білдіруге асықпаған Білім министрлігі бүгін жанданды. Құзырлы ведомство латынға баланысты арнайы комиссия құрмақшы.

Болатбек Әбдірасылов, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің төрағасы:

– Бұл жерде көптеген проблемалар шығады. Ол компьютерларді ауыстыру. Біздің оқулықтарды ауыстыру. Бірінші сыныптан бастап өзгерту керек. Ол үлкен жұмыс. ktr.kz хабарлағандай, жұмыс көп деп алдын ала ескерткен шенеуніктер, әліпбидің сан түрін жазып шыққан өз авторларымызды қоспағанда, бұл іске шетелден келген мамандар да қатысады дейді. Ал қоғам, қаріптің қамы қалтаның сорына айналып кетпесе игі деп, өзгеріске дайын отыр. Ортақ стандартты бекітпекке жыл соңына дейін уақыт бар.

Анар Фазылжанова

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ: ЖАҢҒЫРУ-ЖАЗУДАН БАСТАЛАДЫ

2007 жылы алғаш рет тапсырма беріліп, шетелдік тәжірибені бажайлай бастадық. Республикалық салаарлық комиссия құрылып, әзербайжан, өзбек, түрік ғалымдарымен кездестік. Осы процедураны жүргізіп, басы-қасында болған ғалымдармен тілдестік. Өзбекстанда бізге әліпби таңдау ісі – ең маңызды іс екенін жыларман боп жеткізді. «Әліпбидегі графемаларды таңдауды ғалымдарға берген дұрыс. Өзбекстанда комиссия құрамындағы он екі адамның тек екеуі ғана ғалым, қалғандары шенеуніктер болған. Соның кесірінен айтылған пікір сыртта қалды. Себебі технологияға икемді, аз қаражат жұмсалатын, пернетақтадағы 26 графеманы ғана алдық», – деді ғалым Әбдірахманов.

Мысалы, «ш» дыбысын ағылшын тілінде «sh» деп таңбалайды. Бірақ бізде «с» мен «х» әріптерінің де тіркесі бар. Мысалы, «асхана» сөзі. Асхананы ағылшындар сияқты жазсақ «ashana», яғни «ашана» болып оқылады. Өзбекте ең жиі кездесетін есім – Исқақ. Латын әліпбиімен «Ishak» деп жазылды, оны барлығы «Ишак» деп оқыған. Ешқашан тілді техникаға икемдеуге болмайды, техниканы тілге икемдеу керек. Тіл ғасырлар бойы өмір сүреді. Мысалы, түріктер латын әліпбиіне көшкен кезде техника да болған жоқ. Өздері қабылдаған қаріп бойынша пернетақта жасап алды. Кейіннен «қ» әрпін жоғалтып алдық деп шулады. Түркиядағы «қ» әрпі қазақ тіліндегі «қ» әрпінен бөлек. Түріктердің әдеби тілінің негізіне Стамбұл диалектісі алынған, бұл – оғыз тектілердің тілі. Оғыз текті түріктердің тілінде «қ» жұмсартылып, «к» болып айтылады. Ал Анадолы түріктері – қыпшақ тектілер, олар «қ» әрпін анық айтады. Осыдан кейін түріктер «Q» пернетақтасын енгізді, онда «қ» таңбасы бар. Кез келген ұлт өзінің ұлттық мүддесі үшін техникаға қаржы құюда аянып қалмау керек, бұл болашаққа құйылған қаржы. Құжаттар өтпеді, бағдарлама жасалмады деп кідіріп қалмай, барлығын ретімен жасақтаған абзал.

2007 жылдан бері осы мәселе бойынша жинақталған сұрақтардың жауабын таптық. Қазір түркітілдес мемлекеттердің тәжірибесіне сүйеніп, ғалымдарын шақырып, комиссия құру керек деп жиі айтылып жүр. Тіл білімі институты шетел тәжірибесінің оң-солын зерделеп шықты. Бізге осы тәжірибені пайдалану керек, себебі басқа ұлттың ғалымы бізге әліпби жасап бере алмайды. Отандық тілтанушы мамандарға әліпби таңдауда басымдық берілуі тиіс деп ойлаймын. Әліпбиді тіл мамандары жасайды. Әліпби таңдауды идеология, саясат, экономикамен байланыстырудың қажеті жоқ. Мұндағы басты түйткіл – ұлттық эгоизм. Әліпби ұлттық мәселенің барлығын

шешпейді. Дегенмен тіл мәселесін шешкен соң, басқа мәселелер өздері-ақ реттеледі. Бұл – таза лингвистикалық проблема.

Елімізге кирил жазуының қандай әсері болды? Шынында, бұл орыс жазуы. Жалпы, кириллицаның латын әліпбиіне қарағанда мүмкіндіктері зор. Кириллица латынның негізінде пайда болған жас графика. Оның жүйесі латынға сүйенеді, латынның оң тәжірибесін алған. Кирил жазуын қолданатын ұлттар да оны жетілдірді. Компьютерде латынның жинақталған таңбаларына қарағанда, кириллицаның таңбалары анағұрлым көп. Бұл өте жақсы графика, тез икемделеді. Олай болса, неге біз кириллицадан қашамыз? Графика тілді бере алмайды деген ұғым дұрыс емес. Егер тілтанушы мамандар мықты болса, кез келген графиканы өз ұлтына сәйкестендіріп, әліпби жасап алады. Ахмет Байтұрсынов араб жазуын пайдалана отырып, қазақтың ұлттық әліпбиі – төте жазуын жасады. Кириллицаға қарағанда латын жетілген әліпби деген ой да түбегейлі қате. Кирил әліпбиі қазақтың санасында мықты стереотип қалыптастырған. Кирилл жазуы «мені орысша жаз» деп тұрады. Орыс тілі бізге донор тіл, бұл – тарихи ақиқат. Біз посткеңестік кеңістікте өмір сүреміз, басқа кеңістікке көшіп кете алмаймыз. Посткеңестік кеңістіктегі ақпарат көзі – орыстілді ақпарат. Егер Қазақстанда ағылшын тілінде сөйлейтін халықтың саны көп болса, олар басқа әлемге есік ашады. Ағылшын тілінен қазақ тіліне өздері-ақ тікелей аударып алады. Егер кирил жазуында қала берсек, шет тілінен енген сөздердің бәрі орыс тілі арқылы кіреді. Олай болса, жаңа сөздерді қазақша айтылу жүйесіне сіңдіре алмай қаламыз. Бұрын тіліміз арқа сүйеген форма – ауызша сөйлеу еді. Амал жоқ, қазір жаһаният дәуірінде жазбаша тілге кез келген әдебиет арқа сүйейді. Жазбаша тіл арқылы жаңалықтар кіреді, хабар таратылады. Солай емес пе? Елімізге алғаш переселендер келіп, кеңес дәуірі орнағанша тілімізге қаншама орыс сөздері енді. Қазір айтсам, ол сөздерді танымайсыздар. Мысалы, бөкебай – пуховой, болыскей – польский, әмірқан етік – американский етік, бөрек – пирог, атбекет – адвокат, кровать – кереует. Ауызша тіл арқылы игерілген сөздер өз тілімізге еніп, икемделді. Қазір осы процесс тоқтап қалды. Бұл кез келген тілдің өміршең болуы үшін қажет механизм. Сырттан келген сөздерді игеріп отырудың ең күшті жолы – фонетикалық игеру, дыбыстық игеру. Кирилл әліпбиі енгізілгеннен кейін орыс тілінен енген сөздер орыс орфографиясымен жазылып, орыс орфоэпиясымен айтылсын деді. Өз басым үш орфографиялық сөздіктің редакторы болдым. Осыдан байқағаным, орыс сөздерінің саны жылдан жылға көбейіп келеді. Әлемдік дамуға ілесу үшін дүниелердің атауын атауымыз керек, ал олар бізге орыс тілі арқылы кіруде. Енді жаңа сөздерді тілімізге икемдеп, кирил жазуымен түсірсек, оның образы қабылданбайды. Егер латын қаріптерімен жазсақ, қабылдауға жеңіл. Өйткені латын әліпбиінде сөзді басқа тілдің ережесімен жаз деген стереотип жоқ. Сондықтан латынға таза тілтанымдық тұрғыдан көшуіміз керек. Сонда шет тілден енген сөздерді игеру механизмі қайтадан іске қосылады, тіліміздің иммунитеті күшейеді. Аханның «Ел бүгіншіл, мен ертеңшіл» дегені осы.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ: ЖАҢҒЫРУ – ЖАЗУДАН БАСТАЛАДЫ

Әлімхан Жүнісбек: Өткен ғасырдың 50-ші жылдарының ортасында қазақ жазуына реформа жасалды. Ол кезде де айтыс-тартыс көп болды. Бірақ ол саяси реформа еді. Астарында не жатты? Мақсат – қазақ тілінің айтылуын, жазылуын орыс жазуына икемдеу. Сол реформаның нәтижесін қазір көріп отырмыз. Осы реформаның бағдарымен өскен көзі ашық тіл мамандарының өзі бас тарта алмауда. Қазіргі әліпбиі – қазақ әліпбиі емес, тіпті, қазақ-орыс емес, орыс-қазақ әліпбиі. Сондықтан латын әліпбиіне өту науқанын бір әліпбиден екіншісіне өту емес, қазақ жазуына реформа жасау деп түсінген дұрыс. «Ел бүгіншіл, менікі – ертең үшін» деген екен Ахмет Байтұрсынұлы. Қазір қолға алып жатқан дүниенің бәрі біз үшін емес, бүгін-ертең балабақшаға баратын ұрпақ үшін жасалып жатқан тірлік. Ол үшін қазақтың жазуы ұлттық болуы керек. Егер жаңағыдай аралас болса, онда басты қатырмай, осы жазуда қала беру керек. Біріншіден, қазақ тілінде қанша төл дыбыс бар, соның басын ашып алу керек. Қазақ тілінде 9 дауысты дыбыс, 17 дауыссыз дыбыс, бас-аяғы 28 дыбыс бар. Яғни, бізге керегі 28 таңба. Оған кірме дыбыс кіріп кетсе, бүкіл жүйе бұзылады. Бірақ қазіргі заманда халықаралық атаулар, терминдер көп. Оның бәрін орыс тілі тұрғысынан айтамыз. Одан құтыла алмаймыз. Мұны қалай шешеміз? Ресейдің өзі компания атауын, жарнамаларды латын қарпімен жазып жатыр. Біз де өз еркімізбен бірдеңе ойлап таппаймыз, сол халықаралық үлгінің негізінде жасауымыз керек. Бұл – ұлттық сананың жаңғыруы. Жаңғыру – жазудан басталады. Қазір «қазақтың тілі дамып кетті» деген пікірді жиі естимін. Қазақтың тілінің дамығаны – тек лексикасы ғана. Дыбыс дамыған жоқ. Керек десеңіз, қазіргі дыбыс орхон жазуындағы дыбыстармен тең. Тағы бір мәселе – осыдан біраз жыл бұрын Түркі кеңесі 34 таңбадан тұратын әліпбиі түзді. Ондағы мақсат – егер түркі халқы республикалары латын әліпбиіне көшетін болса, таңбаны соның ішінен алсын деді. Әрине, сөздің айтылуы әртүрлі бола беруі мүмкін, бірақ жазылу тұрқы бәріне түсінікті болады деді. Ататүрік латын қарпіне өткенде қиналып, араб таңбаларымен жазып отырады екен. Тек біреу келіп қалса, латынша жазуға көшетін көрінеді. Біздің де басымыздан осы жағдай өтеді. Біз де латынға өтетін болсақ, биліктегілердің өздері үлгі көрсетуі қажет.

Талас Омарбек: Кириллицамен жазылған дүниелер не болады? Олар аударыла ма, жоқ па?

Әлімхан Жүнісбек: Біз «Абай жолын» бұдан былай шығармаймыз ба? Енді жарық көретін болса, латын қарпімен басып шығарамыз. Яғни, сұрыпталған дүниелер басылады. Мамандар ортағасырлық, көне түркі жазуларын оқып, зерттеп жатыр. Қабдеш Жұмаділовтің «Оқылатын кітап қай

әліпбимен жазылса да, оқылады. Оқылмайтын кітап қалай жазсаң да, оқылмайды» деген пікіріне қосламын.

Ал өзбектер латынға көшкенде комиссия құрамында екі-ақ тіл ғалымы болыпты. Тілді не компьютерге, не компьютерді тілге икемдеуі керек еді. Өзбектер керісінше, тілін компьютерге икемдеп, латын әліпбиінің қадірін кетіріп алды. Ал Әзірбайжанның көшелерінің бәрі – латын. Ешкім адасып жүрген жоқ. Мұнда орыс тілін білмейтін ұрпақ өсіп келеді. Егер біз латын әліпбиіне қазақтың төл дыбыстарын баптап өтетін болсақ, ешқандай қиыншылық болмайды. Әрі кетсе бір-екі жыл ішінде латынша жазып шыға келеміз. Қаражат, тағы басқаның бәрі – бітпес іске себеп көп. 28 таңба керек. Амал жоқ, халықаралық терминдерді жазу үшін біраз дыбыстарды алуымыз қажет. Оның да үлгісі бар, түк қиындығы жоқ. Ең бастысы, қазіргі қолға алған тірлік – бүгінгі бүлдіршіннің қамы.

2.2 ҰЛТТЫҚ ТІЛ -КОДТАРДЫҢ КОДЫ: ТӨЛ ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІ АРТСЫН ДЕСЕК, ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИ ЖОБАСЫ ЖАСАЛСЫН

Жаңа қазақ әліпбиі – бұл ұлттық стратегиялық мақсат. Сондықтан әліпби ауыстырудағы негізгі мүдде ұлттық тілдің табиғи болмысын сақтау. Бұл тараушада ұлттық әліпби жобасын ұсынушылардың ізденістері, ойтолғамдары ұсынылып отыр.

Латын әліпбиіне көшу – ұлттық сананы жаңғыртудың дара әрі сара жолы. Филолог ғалымдар мен зиялы қауым өкілдерінің пікірінше, жанару мен жаңғыруға бет алған еліміздің ендігі болашағы саяси-экономикалық факторлармен қатар, мемлекеттік тіліміз - қазақ тілінің тағдырына да тікелей байланысты. Сондықтан, мұндай өзгерісті жіті саралап, оған жан-жақты дайындықпен кірісу қажет. Мақсат – қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дәл бейнелейтін әліпби қалыптастыру, - дейді ғалымдар.

Тіл мамандарының айтуынша, латын жазбасы, қазақ тілінің табиғи болмысына сәйкес келеді. Ал, қоғам қайраткерлері әліпби ауыстыру Қазақстанды әлемдік аренада одан әрі танымал бола түсуге жағдай жасайды, әрі шетелдермен байланыс жаңа деңгейге көтеріледі деп сенеді.

Демек, әліпбиді ауыстырудың ең маңызды, ең салмақты нәтижелері – жаңа әліпби тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ жазуының кемшіліктерін жоюға мүмкіндік береді, тілдің дамуына, қолданысын кеңейтуге күшті әсер етеді, қазақ тіліне айрықша мән беріп, қайтадан жаппай оқуға себеп болады. Сондай-ақ, тіліміздің таза табиғи қалпын сақтап қаламыз. Сондықтан ұлттық әліпби жасауға ешбір кедергі болмауы тиіс. тіл компьютерге емес, компьютерге тілге бейімделуі тиіс.

Анар Фазылжанова

ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Ұлт болашағының бағдарламасы «Егемен Қазақстанда» жарияланған Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы біз үшін көптен күткен үлкен жаңалық, біз мұны әр қазақтың, қазақстандықтың даму болашағы кодының құпиясын ашып көрсеткен бағдарлама деп атар едік.

Елбасының сөзіндегі «ұлттық сана», «бәсекелік қабілет», «ұлттық бірегейлік», «ұлттық код», «ұлттық прагматизм», «білім», «эволюциялық жолмен даму», «жаңа ұлттық әліпби», «жаңа гуманитарлық оқулық», «туған жеріңді таны», «Қазақстанның рухани құндылықтары», «мәдени-географиялық белдеу», «Қазақстанның жаңа есімдері» сияқты негізгі ұғымдардың дені ұлттың жарқын болашағы үшін қажет концептілердің жүйесі сияқты. Егер мақаланы «ұлт болашағы» атты бір концептосфера деп алып қараса, бұл ұғымдар соны жасап тұрған маңызды элемент – концептілерді құрайды. Олар бір жүйеде болғандықтан, қай-қайсысы да өз алдына маңызы бөлек, бірімен-бірі тығыз байланысты, біріне-бірі тәуелді ұлы ұғымдар. Осы негізгі ұғымның барлығы да тілге келіп тіреледі. Мәселен, ұлттық бірегейлік <лат. identikus> психологиялық процесс болғанымен, ұлтты ұйытушы саяси-мәдени, әлеуметтік маңызы зор фактор. Осы бірегейлікті жасаушы мәдени, генетикалық және тілдік – үш негізгі құрауышының ең күштісі де, әмбебабы да тілдік бірегейлік. Тілдік бірегейлігі күшті этномәдени ұжымда ұлттық бірегейлік те мықты болады. Осы тұрғыдан қазақ тілін ұлттық және мелекеттік тіл ретіндегі ұлттық бірегейлік қалыптастырушы фактор тұрғысынан Тіл білімі институты ұжымы 2007–2009 жылдары кешенді зерттеулер жүргізді. Бұл зерттеулерде алынған бастапқы нәтижелерді жалғастырып, жаһанияттағы озық елдер қатарына Қазақстан қоғамы қандай құндылықтарға арқа сүйегенде қосыла алады, адамның компьютерленуі, рухани құндылықтардың құнсыздануы, әсірекомфортқуғыштық сияқты теріс жаһандық құбылыстардың зиянды әсерінен біздің қоғам өз саламаттылығын, өз бет-бейнесін қалай сақтап қала алады деген сұрақтарға жауап беретін жаңа тілтанымдық зерттеулер жасауға бастама бар. Кез келген ақпарат кодқа салыну арқылы сақтала алады. Кез келген ақпарат кодта сақталады. Тіл – кодтардың коды. Тілде ұлттың мәдени, саяси, тарихи, ахлақтық, рухани, эстетикалық, т.б. дамуының сан алуан ақпараты сақталып тұр. Сол кодтарды ашу – қазіргі заманғы тіл ғылымында алға шыққан лингвомәдениеттану, лингвокогнитология сияқты салаларының қалыптасуына әкелді. Бұл саладағы зерттеулер қазақ тіл білімінде де қарқын алып келеді. Тіл білімі институтында профессор Н.Уәли, Ж.Манкеева,

Қ.Рысбергenniң еңбектері осы бағыттағы жүйелі ізденістердің бастауы. Елбасымыздың алғы сөзімен институт жарыққа шығарған он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі», үлкен бір томдық «Қазақ сөздігі» лингвомәдениеттанымдық лексикографиялық еңбек, яғни мұнда сөзде сақталған осы алуан-алуан кодтардың астарындағы сан қырлы ақпараты ашылып көрсетілді. Ендігі мақсат – осыны білім беру саласына енгізу, насихаттап, халықтың өзіне қайта қайтару. Ұлттық санада көмескі тартқан ұлы ұғымдарын жаңғырту. Елбасы мақаласында осы жылдан қалмай латын қарпі негізіндегі жаңа әліпбиге көшуге дайындықты бастау керек деген міндетті алға тартқаны тілтанушы қауымды ғана емес, барша озық ойлы азаматтарымызды, әсіресе жастарымызды қатты қуантты. Жастар біздің елде ғана емес, жаһаниятта латын қарпімен мәтін тергенді құп көретініне бәріміз куәміз. Мұның себебі неде? – деген сұраққа жауап іздеген институт жастарының ізденісі мынадай фактіні анықтады: «латын графикасы» деген концептіні құраушы ұғымдардың ішінде «ағылшын жазуының әліпбиі», «кең таралған әліпби» және т.б. тілтанымдық мазмұндағы ұғымдармен қатар «сапа», «жаңа технологиялар», «инновациялар» деген ұғымдар да бар екен. Мұның дәлеліне әлемдік брендтердің ұлттық тілде аталып, латын қарпімен жазылатыны (Samsung, Toyota) сияқты фактілерді келтіруге болады. Жаңа әліпбидің негізіне латын қарпінің алынуына басты себеп кирил жазуының қолайсыздығы немесе жүйесіздігі емес. Шын мәнінде, кирил жазуы латыннан әлдеқайда жаңа, жетілген графикалық жүйе. Мәселе қазақ қоғамында сол әліпби қалыптастырған қасаң стереотипте болып тұр. Бұл стереотип бойынша орыс тілінен енген сөздер қазақ айтылымына сындырыла алмайды. Осының салдарынан тілімізде шет тілінің сөздері орыс орфографиясы бойынша талай жыл жазылып келеді, жазыла бермек те, себебі сырттан келген жаңалық атауларының түгелі орыс тілі арқылы енетіні шындық. Олай болса, кирил жазуымен отыра берсек, уақыт өте келе, қазақ тілінің жазу-сызу ережелері орыс ережесімен әбден араласады, сөздік қорымыздың жартысынан астамы орыс сөзіне айнып кетпеуіне кепіл болмай қалады. Тілдің ерекшелігін сақтап қалатын күшті иммундық механизмнің бірі – шет тілінен енген сөздердің фонетикалық бейімделуі, дыбысталуы жағынан игерілуі, мәселен, бұған дейін тілімізге араб тілінен енген сөздер: мектеп, мұғалім, кітап, орыс тілінен енген сөздер: бөкебай, болыскей, әмірхан, бөрене, атбекет, т.б. қазақи тұрпат алып кеткен. Алайда, кеңестік кездегі «кірме сөздерді кирил жазуымен орыс емлесі негізінде жазу керек» деген стереотипті бұзу қиынға соқты. Оны айналып өтудің жолы – ешбір стереотип таңылмаған, ұлттық санада оң ұғымдарға байлаулы жаңа әліпбиге көшу. Сөйтіп, шеттілдік сөздерді мейлінше ұлттық айтылу нормасына сәйкес сындырып жазу керек. Міне, бұл біздің, тілтанушылардың көздегені. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдары 2013–2015 жылдары «Латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшудің ғылыми негіздері» атты кешенді зерттеу жүргізіп, 2016 жылы ұжымдық монография жариялады. Осы зерттеудің нәтижесінде тиімді әліпби жобалары әзірленді. Алғаш рет үш типтегі әліпби жобаларының қолданысына талдау

жасау үшін тілтанымдық тәжірибе өткізілді. Бір қызығы, ешбір түркітілді мемлекет жаңа жазуға көшкенде әліпбиді таңдау ісінде тәжірибеге сүйенбеген екен. Әліпби түрлі комиссияларда талқылаудан өткізіліп, таңдалып алынған. Біздің ойымызша, әліпбидің тиімді-тиімсіздігін сол әліпбиді қолданушылар анықтай алады. Сөйтіп, біздің қанатқақты тәжірибеге күнделікті кәсіби өмірі жазу процесімен тығыз байланысты 250 сарапшы қатысып, біріншісі компьютерге ыңғайлы, екіншісі тілдің дыбыстық жүйесін көрсететін жазуға ыңғайлы, үшіншісі осы екеуінен аралас құралған – үш тип әліпбиді сынаққа алды. Үш түрлі әліпбимен терілген бір мәтінді оқып, уақытын тіркеді, т.б. көптеген операцияны орындап, әрбір әліпби туралы өз ойларымен бөлісті. Тәжірибе материалдарын зерделей келе, тілтанушылар тілдік жүйеге икемді, яғни тіл білімі саласының мамандары жасаған әліпби сарапшылар қолданысына ыңғайлы болғанын анықтады. Қорыта келе, Елбасының сындарлы бағдарламасын жүзеге асыруға келгенде гуманитарлық ғылым саласы, соның ішінде тіл ғылымы мамандары құралақан емес екендігін алға тартамыз.

«Айқын» газеті
27 маусым 2017
<https://aikyn.kz>

Е.Қажыбекпен сұхбат

ЖАҢА ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИМІЗ – БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫ

Жаңа латын әліпбиіне көшу – халық таңдауы. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қазақ тілін біртіндеп латын қарпіне көшіру жұмыстарын бастау керектігі туралы айқындап бергені белгілі. Осыған орай Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жұмысты бастап кетті. Жұмыс тобына елімізге белгілі білікті мамандар еніп отыр. Тіл білімі институтының директоры Ерден Қажыбек жұмыс барысы туралы әңгімелеп берді.

– Ерден мырза, Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек» – деді. Әрі «2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек» екендігін айтты. Осы орайда Тіл білімі институты қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартын дайындап үлгерді ме?

– Елбасы жыл аяғына таман мерзімді нақты белгілеп берді. Орталық және жергілікті жұмыс топтары, сарапшылар алқасы, серіктес мекеме және ұйым басшылары тізімі, басқарушы кеңес құрылды. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық комиссияға қарасты жұмыс тобының

құрамына еліміздегі танымал тілші ғалымдары да, компьютер, кодтау, IT, математикалық тіл білімі мамандары да кірді. Атап айтсақ, олар – қазақ тілі мен түркітану, кирил әліпбиі және ағылшын, Еуропа тілдерінің, әлеуметтік лингвистика, терминтану мен аударма, ономастика, этнолингвистика, емле мен тіл мәдениеті, орфография мен орфоэпия, грамматика мен лексикология, фразеология мен фонетика және басқа көптеген салалар бойынша білікті мамандар.

Біз үшін бұл бірінші тапсырма емес. Елбасы Тіл білімі институтына соңғы он бес-жиырма жылдың ішінде бір емес, бірнеше рет нақты тапсырмалар берген және ғалымдарымыз оларды тапжылмай орындаған. Көптеген монография, жинақ, ғылыми мақала жарияланды. Ғылыми негіз толық қаланды деуге болады. Осы сала мамандарының арасында дәл қазір ешбір ала-құлалық жоқ деп айтуға болады. Әр даулы мәселені аздап болса да күмән келтіруге мүмкіндігі бар жайттарды ғалымдарымыз таразыға салып, жан-жақты қарастырып, бақайшағына шейін шағып, мүшелеп тұрып талдап, көздерін анығына жеткізді.

– **Олай болса, жұмыс тобы немен шұғылданып жатыр қазір?**

– Елбасы бұл келелі істі «барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып» шешудің маңызына ерекше назар аударды. Латын әліпби нұсқаларының ұзын саны жүзден асып жығылады. Әр апта сайын жаңа жобалардың оншақтысы келуде. Бұл біздіңше, заңды әрі құптарлық жағдай. Сөзсіз оны халықтық жаппай қолдауының белгісі деп топшылаған жөн. Мысалы, Азат Перуашов басқарған халық қалаулыларынан да, Ұлттық Ғылым академиясының президенті, академик Мұрат Жұрынұлынан да, қарапайым ауыл зейнеткерлері, мұғалімдер, жастардан да, шетелдегі отандастарымыз бен елші-дипломаттарымыздан да, қысқасы, жан-жақтан хаттар, ұсыныстар келуде.

Бір ғана мысал келтірейін. 70-жылдардың басында өзінің жұмысына бізде ең жоғары мемлекеттік дәрежеде қатаң саяси тыйым салынғанына (компартия құрылтайы мінберінен) қарамастан, бірер жылдан кейін Мәскеудің өзінде көне түркі және көне жапон тілдерінің туыстығы жөнінде диссертациясын үлкен табыспен қорғап, ғасырлар бойы жорамал деңгейінен аспаған әлемдік проблеманы оңтайлы шешіп – гипотезаны ғылыми теория биігіне көтерген танымал ғалым, ұлты қазақ, мәскеулік Ерғали Әзербай (Эрколи Азербает) өзі Алматыға арнайы ат терлетіп келіп, келесі отырысымызда Ахмет Байтұрсынұлының әліпбилік көзқарасы жөнінде баяндама жасамақ. Қытайдағы бауырластарымыздың әліпбиге байланысты жобасының көлемі жүз беттен асады.

– **Осыған дейін латын қарпіне байланысты жүзден астам жоба әзірленгенін естідік. Соншама көп жобаның ішінен нақты біреуіне тоқтам жасай аламыз ба?**

– Жаксы сұрақ. Ұсыныстардың ішінде іске асатындары да бар, мүлде жарамсыздары да кездеседі. Тіпті тілді мүлде білмейтіндер де жоғары билікке ойларын жеткізуде. Кейде таза компилятивтік пікірлер де кезігеді, яғни өз атынан басқа тасқа басылғандарды толықтай қайталайтын дүниелер.

Осындайлардың алдын алу мақсатында біз әр жоба ұсынушы азаматқа нақты талап қойдық – олар міндетті түрде сауалнама толтыру және ұсынысын белгіленген тәртіпке бағындыру керек. Сауалнамада білімі, мамандығы, тілді және тіл заңдылықтарын білу жөнінде ақпарат берілсе, жобасының жоспарында бұрын-соңды тәжірибеден ұсынылып отырған ұсынысының ерекшелігі, жаңалығы туралы және автордың өзінің бұл сала бойынша тындырған еңбектері жөнінде мәлімет ену шарт.

Бұл жолмен жүздеп саналатындардың ішінен тәуірлерін сұрыптап алып отырмыз. Оларды да топтауға болады: ағылшын ұстанымын жақтайтындар, түрік нұсқасына бүйрегі бұрып тұрғандар, компьютер, IT, кодтаушы-бағдарламашы (программист) инженерлер, ортақ түркі алфавитін қолдайтындар және таза қазақ тілінің мамандары. Әрине, бұлардың арасын «қытай қорғаны» бөліп тұрған жоқ. Сондықтан әрқайсысының жақсы тұстарын алып, жарамас жәйттерін алып тастап, құрама, компромистік те пікірлер бар.

– Жаңа графикадағы бірыңғай стандартты әзірлеу үшін нақты неге сүйенген абзал?

– Көп адам латын графигіне ауысуды әріп ауыстырумен шатастырады. Бұл – қате түсінік. Әріп мәселесі – ең соңғы, ең оңай мәселе. Сіз айтқандай, жаңа графикадағы бірыңғай стандартты әзірлеу жұмысы, біріншіден, төл грамматикалық, фонетика және фонологиялық, лексика және синтаксистік, семантика және орфографиялық заңдылықтарымызды ескеріп, солардың негізіне сүйеніп, сөйлеу мен жазылым принциптерін ажыратудан, жүйелеуден басталады. Дәл қазіргі әліпбиімізбен пайдаланып отырған тұста – осының бәрі өрескел бұзылған, ескерілмеген, шатастырылған күйде.

Сондықтан жаңадан жазуымыз керек. Одан кейін ғана, тілдің өзінен әліпбиімізді шығаруымыз керек.

– Латын қарпіне байланысты құрылған комиссияның екі-үш отырысы өтті. Ғалымдар бірізге келе алды ма?

– Жұмыс тобымыз бірнеше біріккен отырыс өткізді. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Стратегиялық зерттеулер институтымен, Назарбаев университетімен және әл-Фараби мен Абай атындағы, Қазақ ұлттық аграрлық университеттерімен, Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетімен, республикалық Ш.Шаяхметов атындағы Тіл орталығымен, Қазақ ұлттық кітапханасымен, Халықаралық Түркі академиясымен, Білім және ғылым министрлігі, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология, Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану, Философия, саясат және дінтану институттарымен, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамымен т.б.

Астанада терминтануға және Шымкентте ономастикаға байланысты семинарларға қатыстық, Алматыда екі үлкен республикалық конференция ұйымдастырдық: «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы: зерттеу, жүйелеу, насихаттау» және «Тамыры терең әліпби: Жалпы түркілік бірегейліктің мызғымас негізі» атты. Бұл басқосуларға бүкіл өңірден, облыс

пен ірі қалалардан тіл саясатына жауапты жетекшілер, белгілі ғалымдар шақырылды және осы екі маңызды шараның қалың ғылыми жинақтары жарық көрді. Қысқасы, жұмыс жоспар бойынша ойдағыдай жүріп жатыр.

– Кезінде Әбдуәли Қайдар аға бастаған топ ұсынған жоба латын әліпбиінің негізі болуы мүмкін бе?

– Әбекеңнің жобасы – институт жобасының негізі. Институтымыз тек Отанымыздың шеңберінде емес, кезінде дүниежүзілік масштабта түркітану бойынша ең алдыңғы қатарлы ғылыми ұйым болып саналған. Көптеген, жарты миллионнан астам филология ғылымының докторлары мен кандидаттары, түркітанушылар – Татарстан, Башқұртстан, Чувашия, Алтай, Хакассия, Тува, Якутия, Қарашай-балқар, Қабарты-шеркес, Дағыстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Әзірбайжан, Сібір, Қырым, Шыңжаң-ұйғыр автономиялық районы, Кавказ және басқа да елдер бойынша жоғары білікті ғылыми кадрлар бізде даярланып, бізде қорғап, ғылыми атақтарына ие болған. Осындай халықаралық деңгейдегі беделі жоғары ғылыми мекемені көп жылдар бойы басқарған академик Әбдуәли Туғанбайұлы – латынға көшу туралы бастаманы да бірінші болып көтерген, талап еткен, жан-жақты зерттеген адамның бірі әрі бірегейі.

– Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты латын қарпіне байланысты арнайы зерттеулер жүргізіп, монография шығарғаны белгілі. Институттың зерттеу жұмыстары бойынша нақты неше таңба болуы тиіс?

– Мамандар үшін бұл басы ашық, дауы жоқ мәселе. Әр тілде қанша дыбыс бар, ең көбі, әріп саны одан аз болмаса, аспау керек. Бізде 28 дыбыс бар. Бұл – төл, таза қазақ тілінің дыбыстары. Аханның төтесінде де 28 әріп болды, 1928 жылғы латыншамызда да 28 әріп болды ғой. Кейін 1938–1940 жылдары арыстарымызды тоталитарлық режим о дүниеге аттандырған соң, қазақта бір де бір сауатты маман қалмаған жағдайда саяси билік ойына келгенін істеді. Осының салдарынан біздің әріп саны 42-ге барып тірелді.

Әріп саны да, ереже-заңдылықтары да, айтылым мен жазылым стандарттары да – бәрі тек туған тілдің өз ерекшеліктеріне, төл табиғатына сүйене шығарылады.

– «Мәселе әріп ауыстыруда емес» дедіңіз жоғарыда. Сонда әліпби ауыстырудың негізгі мәні неде?

– Жұмыс тобының жетекшісі әрі кәсіби лингвист ретінде айтарым: біз тамыры терең тарихи шешім қабылдайтын ұлы өзгерістің алдында тұрмыз. Көпшілік қауым әліпби ауыстыруды әріп алмастыру деп жаңсақ түсініп жүр. Қайталап айтамын – бұл теріс пікір.

Жаңа ұлттық әліпбиіміз – тағдыр сыйы, болашақтың бағдары, бұл – халық таңдауы. Тағы да тілтанушы ретінде баса айтқым келеді, Қазақстан халқы әртүрлі жағдайларға байланысты соңғы мыңжылдықта дербес әрі ерікті түрде дәл осындай маңызды шешімді алғаш рет қабылдады.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің тарихи-бағдарламалық мақаласында ежелгі заманда ата-бабаларымыз көне түркі руна жазуын пайдаланғаны жөнінде атап өтті.

Одан кейінгі араб жазуын біз өз еркімізбен таңдаған жоқпыз, тіпті кирил жазуын меңгеруіміз де салқын саясат ықпалымен халықтың қалауынсыз жүзеге асқанын сіз де, біз де жақсы білеміз.

Қазақстан таңдау жасауға асықпады.

Соңғы ширек ғасыр ішінде жаңа ұлттық жазу мәселесін жүзеге асыруда кездесетін қиындықтар мен әр алуан қоғамдық пікірді білу үшін Елбасы бір емес, бірнеше рет арнайы тапсырма берді. Қазіргі уақытта «алдымен экономика, содан соң саясат» бағдарламасы нәтижелі жүзеге асқаннан кейін, Нұрсұлтан Әбішұлы латын графикасына көшу туралы тарихи маңызы зор шешім қабылдады.

Баса айта кету керек, Елбасы шешімі – Қазақстан халқының ортақ таңдауы. Бұл – ұлттың рухани жаңғыруы мен ел дамуының орасан зор, ең маңызды, басты алғышарты болып табылатын – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілінің қажеттілігі мен дамуы жолында ерікті түрде қабылданған шешім, тәуелсіз таңдау.

Дамыған өркениетті елдердің қатарына ену үшін мемлекеттік тіл, Елбасы айтқандай, қоғамдық өмірдің және мемлекеттің барлық саласында толыққанды қолданыста болу керек.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Гүлзина БЕКТАС.

*«baq.kz» сайты
24 тамыз 2017ж
baq.kz*

Бағдан Момынова

филология ғылымдарының докторы, профессор

ҰЛТТЫҚ КОДТЫ ЖАҢҒЫРТУ ӨЛГЕНІМІЗДІ ТІРІЛТІП, ӨШКЕНІМІЗДІ ЖАҒАДЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлттық кодты жаңғырту туралы келелі ойлар айтылды. Жалпы, мақаланың өзі - қазіргі қазақ қоғамының бет-бейнесін айқындап, алдағы мақсаттар мен міндеттер хақында іргелі жолды көрсетіп берген. Осы арқылы нендей қадам жасау керек, қандай істер атқару керектігін айғақтайды.

Ұлттық код дегеніміз не? Оны қалай сақтау керек? Филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдан Момынова бізге берген сұхбатында осы сұрақтарға жауап бере отырып, ұлттық код түсінігін жаңғырту мен қалыптастыруда белгілі адамдардың қаншалықты ықпалға ие екендігіне кеңінен тоқталды.

Қазақ тіл білімінде мемлекет қайраткерлері, саяси қайраткерлер тілі жеткілікті деңгейде зерттеліп жатыр ма?

Жалпы, масс-медиа арқылы таралатын саяси, мемлекеттік қайраткерлер сөздерінің ұлттық кодтарды жаңғырту мен қалыптастырудағы әлеуеті өте жоғары. Басылым беттерінде қайраткерлердің тілін зерттеуге қатысты материалдар оқта-текте бой көрсетіп қалады. Ал былай кешенді түрде атқарылып жатқан жоқ. Мәселен, бұрын билер сөзінен, шешендік өнер шырқауынан бастау алатын лидерлер сөзі жазба әдебиетте алғаш «Қазақ» газетінде (1913-1918жж., Орынбор) көрініс бергені белгілі. Осы газетте саяси қайраткерлер ретінде идеялық бағыт-бағдар ұсынған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы қаламынан туған бас мақалалар арқылы лидерлер тілі өз ерекшеліктерімен қалыптаса бастады. Ал Кеңес өкіметі жылдарында бұл мәселе өз деңгейінде зерттелген емес. Оның бірнеше объективті себептері болды. Ең бастысы ел егемендігінің болмауы және қайраткерлердің өз сөздерін бірден-бір ресми тіл орыс тілінде айтып-жазуында еді. Сондықтан ол кездегі лидерлер сөзі аударманың аспектісі ретінде ғана қарастырылуы тиіс. Ол уақыттарда негізінен Лениннің, Сталиннің, өзге де өкімет басшыларының тілі стилистикалық, лексикалық талдаулардың аспектісі болды. Бүгінгі таңда өз саяси қайраткерлеріміз, Елбасы мен өзге де саясаткерлердің, парламент тілін қазақ тіл білімінің нысаны ретінде зерттеуге мүмкіндік туып отыр.

Жалпы, кез келген адамның әлеуметтік-идеологиялық тұрғыдан ой қорытуына, баға беруіне әлеуеті жете ме?

Олай түсінсек, дұрыс болмас еді. Бұл өзі «хан айтқанды құл да айтады, бірақ ауызының дуасы жоқ» дегенге саяды. Яғни, әлеуметтік-идеологиялық бағалау немесе қоғамдық құбылыстар туралы сөз қозғау тұлғалық «мен» арқылы қалыптасады. Сосын барып бағалауға ұласады. Адамның тұлғалық, адамгершілік, діни, саяси, эстетикалық, интеллектуалдық қарым-қабілеті және таным-түсінігінің дамуы адам санасының жоғары сатыға көтерілуімен, адам интеллектісінің жоғарылауымен пропорциялық қатынаста болады. Сондықтан әлеуметтік-идеологиялық тұрғыда сөз айту «бағалаудың субъектісімен», «тұлғамен», «индивид» тұлғасымен тікелей байланысты. Ал лидердің назарына қашан да қоғам үшін актуальды құбылыстар ілігеді. Сол сияқты әрбір кезеңде белгілі бір сөздер өзектеніп, әлеуметтік-идеологиялық жақтан бағаланып отырған. Осындай өзекті сөздердің бағасы белгілі мақсатқа бағындырыла отырып берілетіндіктен, қару ретінде қолданылған. Сондықтан тіл қашан да идеологиялық қару саналады. Қоғамдағы құбылыстарды бағалау адам санасында тоқтаусыз жүріп жататын процесс, ол адамның ойлау қабілеті арқылы іске асатын интеллектуальды-психикалық акт болып саналады. Қазіргі қоғамдағы жаңғыртулар тұсында жаңалықтар, түрлі әлеуметтік-саяси өзгерістердің БАҚ арқылы тілдік сипаты қалыптасуда. Қоғамдық құбылыстар мен өзгерістердің атаулары Президент сөздерінен орын алып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа таралуда. Айталық, 90 жылдардан басталған экономиканы ырықтандыру, ақша-қаржы жүйесін тұрақтандыру, білім гранттары, мемлекеттік гранттар тағы да басқа ондаған атаулар - соның дәлелі. Саяси лидер ретінде Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Назарбаевтың тілін зерттеуде оның

айтулы даталарда сөйлеген сөзі, құттықтаулары, түрлі деңгейдегі кездесулерде айтқан сөздері, жыл сайынғы Жолдаулары тілдік материал бола алады.

Яғни, Елбасы сөздерінің жалпы лидерлер тілін қалыптастыруда әсері мол ғой?

Әлбетте. Мемлекетіміздің бірінші адамы Елбасы сөздері лидерлер тілінің көп ерекшеліктерін байқатып қана қоймай, оны қалыптастырады. Соған орай Президент тіліндегі жаңа қолданыстарды былайша тақырыптық топтарға бөлуге болады: саясатқа байланысты сөздер; экономика, қаржы саласындағы сөздер; білім, ғылым саласындағы сөздер; мәдени сала сөздері; ұлттық ұғымды, танымды жаңғыртатын немесе ұлттық кодтарды жандандырып, жаңғыртатын сөздер т.б. Мәдени кодтарды әркім өзінше түрге бөліп жүр. Бірақ есте үнемі болатыны - кез келген нәрсе, құбылыс код бола алмайды, код ретінде негізге әрбір ұлт мәдениетінің архетипі саналатын базалық кодтар алынады және ол әрбір ұлттың, ұлыстың әлемді түсінуінің қарапайым түрі ретінде тілдік санада орныққан, қалыптасқан болуы керек. Ал Елбасы Жолдауында осы базалық кодтар туралы терең түсінік бар әрі жаңа мағыналы көптеген сөз, сөз тіркестері кездеседі. Сол түсініктерді негіз етіп, заман ағымына ілесу үшін ХХІ ғасырдағы ұлттық сананы өзгертудің бағыты туралы ой қозғайды.

Жаңа өзіңіз айтып отырған мәдени кодтар ғылыми ортада қалай бағаланады. Осы мәселені ғылымға сүйеніп сараптауға қандай мүмкіндік бар?

Ғылыми ортада мәдени кодтарды: соматикалық (тәндік); кеңістіктік; уақытша; заттық; биоморфтық; рухани деген түрлерге бөледі. Жалпы алғанда ғалымдар мәдени кодтардың эмпирикалық базасы ретінде статусы әрбасқа тілдік құбылыстарды алады. Ғалымдардың бір тобы диалектілік және субмәдени орта қолданылатын мәтіндердегі кодтарды, айталық, конфессионалдық және фольклорлық кодтарды, келесі бір топ жалпыұлттық әдеби тілдік фактілерді, көркем әдеби, діни-философиялық фактілерді негізге алса, орыс ғалымдары діни, яғни богословтық мәтіндерді негізге алады. Мәдени кодтарды екіге бөліп қарастырып жатады: субстанциональды, концептуальды немесе элементтердің ортақ мәніне негізделген, бірақ материалдық тұрғыдан әртүрлі кодтар бар. Бұл кодтардың ішінде вербалды кодтың орны бөлек. Себебі бұл код - мәдени кодтар жүйесіндегі жеке дара өзіндік ерекшелігі мол, тәуелсіз элемент, ол - МЕТАКОД. Өйткені метакод немесе концептуальды код басқа кодтарды да вербалдандыратын ерекше код. Ол белгілі бір ортада белгі, таңба заттық негізі бар нәрсе, құбылыс, әрекет түрінде кездеседі.

Президенттің мақаласы бізге сүрлеу салып беру тұрғысынан қандай маңызға ие?

Таралу аймағы мен танымалдығы және қолжетімділігіне қарай қазақ елі үшін жалпылық сипат алып отырған Президент мақаласы - әрі ортақ сипаты бар, әрі авторы белгілі саяси лидер сөзіне жатады. Президент жолдауы – тұтас, жүйелі мәтін. Ал мәтін Рухани жаңғыру қолданысының мәнін ашатын,

мағынасын түсіндіретін көптеген жаңа қолданыстар арқылы тұтасып, лейтмотиві анық дүние болып тұр. Бұл қолданыстар - Жолдаудың мәтінін құрап, тұтастырушы қызмет атқарып тұрған тілдік бірліктер.

Сұхбаттасқан Ақжігіт Қазбек

«Айқын» газеті №112 (3184)

29 шілде 2017 ж.

<https://aikyn.kz>

Әлімхан Жүнісбек

ЛАТЫН ӘЛІПБИІН ТЕЗ-АҚ ҮЙРЕНЕМІЗ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы Қазақстанның рухани өміріндегі бірқатар өзекті мәселелерді көтеріп, оларды шешу жолдарын да ұсынған болатын. Қоғамның үлкен қызығушылығы мен қызу талқысына ие болған мақалада мемлекет басшысы латын әліпбиі мәселесіне кеңінен тоқталған. Елбасының айтуынша, қазіргі таңда Қазақстан қоғамының жазу реформасын жедел түрде жасауы – кезек күттірмейтін шаруа. Оған біздің қоғам дайын.

«Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Осыған байланысты, мен алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынамын. Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық», – деген еді Президент.

Елбасының айтуынша, Қазақстан 2025 жылы толыққанды латын әліпбиін қолдануды бастап кетуі тиіс. Бірақ оған дейін де кезең-кезең атқарылатын шаруалар легі жетерлік. Себебі, бүтіндей бір мемлекетті бір әліпбиден басқасына толықтай ауыстырып тастау оңай жұмыс емес. Бұл – қоғамдық сауаттылықты қамти отыра атқарылатын ауқымды шара. Қазір ғылыми институттар латын әліпбиіне көшу мәселесіне қатысты үлкен дайындықты бастап кеткен. Тіпті жылдың аяғына дейін белгілі бір нақты нұсқа да дайын болмақ. Осы ретте Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының білікті маманы, профессор Әлімхан Жүнісбектен процестің қалай жүріп жатқанын сұраған едік.

– Латын әліпбиіне арнайы нұсқа ұсынумен сіздердің институт айналысатыны белгілі. Бұл процесс қалай жүріп жатыр?

– Түбінде латын әліпбиіне көшетініміз анық. Осы бағытта мамандар екіге жарылып отыр. Бірінші тарап – ақпараттық технология мамандары. Олар ағылшын-латын бағыты бойынша қазіргі компьютер жүйесінен

шықпауымыз керек деп, бәрін соған икемдеп жатыр. Ол үшін оң жақ, сол жағынан дәйекші қояды, таңбаларды қосақтайды, әйтеуір олардың айтатын уәжі – қазіргі компьютер жүйесінен шықпаймыз дейді. Екіншіден, арнайы бағдарлама жасап керегі жоқ, қолжетімді болады дегенді айтады. Бірақ олар бір нәрсені есепке алмай отыр. Ертең оқулық жазылады, оған әдістеме жасалады, мұғалімдер дайындалады, сосын мектепте сабақ басталған кезде барып, ол бағыттың қиындықтары сол кезде білініп қалады. Біз, тіл мамандары, өзіміздің ұлттық әліпбиді жасағымыз келеді. Ұлттық әліпби дегеніміз – біздің төл дыбыстарымызды өз алдына жеке қамти алатын, емле ережесі оңай әліпби. Біз бір дыбысқа бір таңбадан жасауды ұсынып отырмыз.

– Біздің тілдік-дыбыстық ерекшеліктерімізді айқындайтын қ, з, ң, ұ, ү, ө сияқты дыбыстарды қалай латыншалаймыз?

– Қазақи дыбысталуға тән әріптерді латыншаға қалай аударамыз деп қиналудың қажеті жоқ. Оған да біздің дайындап қойған нұсқаларымыз бар. Бәрі компьютер базасында тұр. Тек арнайы бағдарламаны жетілдіру арқылы, заманауи жүйеге қосып кеп жіберуге болады. Мұндай нұсқаны шетелдегі түрік ағайындар қолданып отыр. Солардың пайдаланып отырған бағдарламасына екі-ақ дыбысты қосады екенбіз. Оның бірі – ә, екіншісі – ң. Содан соң тағы бір мәселе бар. Осыдан 5-6 жыл бұрын бүкіл академиктер жиналып, жалпы түркі жұрты үшін ортақ бір әліпбиді ұсынған. Ондағы мақсат егер түркі халықтары латын әліпбиіне көшіп жатса, онда таңбаны сол 34 таңбаның ішінен алсын, сонда түркі жұрты бірінің жазғанын бірі оқи береді деген. Әрине, айтылым әртүрлі болады. Мысалы, біз «кім» десек, қырғыз ағайындар «ким» дейді. Бірақ жазуда орфографиялық тұрғыда айырмашылық болмайды. Сондықтан бірінің сөзін бірі оқып кете береді деген ұстаным енді. Жазу дегеніміздің өзі – халықтардың басын ұйыстырудың үлкен амалы.

– Әзербайжан мемлекеті сонау 1991 жылы-ақ латын әліпбиіне көшіп кетті. Өзбекстан Республикасы 1994 жылдың 16 маусымында әліпби ауыстыру туралы шешім қабылдады. Жалпы, әліпбилерін латыншаға ауыстыру үшін бұл елдер қандай жолдарды жүріп өтті? Қазір ол шешімдері қаншалықты ақталып жатыр?

– Шетелдердің тәжірибесін көрейік, сіңірейік деген оймен Түркияға, Әзербайжанға да барып қайттық. Әзірге, осы екі мемлекет дұрыс бағыттағы латын әліпбиін қолданып отыр. Өзбек ағайындар бұл ретте сәл қиыс кетті. Олар жаңағы ақпараттық технология мамандары ұсынған нұсқаны іске асырды. Жоғарыда айтып өткенімдей, оның қиындығы мектепке барған кезде, оқулық жазған кезде басталады. Өйткені дәйекшіні қай жағынан қоямын, таңбаларды қалай қосақтаймын деп бас қатыру ол – үлкен емле ережесін қажет ететін дүние. Сондықтан біз ол бағытты қолдамадық. Біз, тіл мамандары, сәті келіп тұрған кезде ұлттық әліпбиімізді жасап қалайық деп отырмыз. Сонда ғана ертеңгі күні біздің сөздеріміздің айтылымы бұзылмайды. Қалай айтылады, солай жазылып отырады. Емле ереже қарапайым күйге түседі де, бұл балалар, жастар үшін де өте ыңғайлы нәрсеге айналады. Ұлттық әліпби қабылданған жағдайда сөздің буын, морфем тұрқы

бұзылмай, сөздерді тасымалдау оңай болады. Қазіргі кирил әрпін қолданып жатқан кездегі сөздерді тасымалдау ережесі тіптен шектен шығып кетті деуге болады. Яғни, сөздің айтылымына тура келмейді. Ұлттық әліпби үлгісін дайындадық, мәтіндерінің де қалай болатынын көрсетіп жатырмыз. Әйтеуір әрекетсіз емеспіз. Әрине, тіл мамандарының ішінде де өзара талас-тартыс, талқылау болып тұрады. Бірақ ол да керек нәрсе. Алуан түрлі пікірталас арқылы біз ортақ шешімге келе аламыз деп ойлаймын.

– **Әсіресе, кирил қарпімен үйреніп қалған ересек буын біраз қиналатын секілді деген сыбыстар естіліп қалады...**

– Елбасымыз айтқандай, егер әліпбиді биылғы жылдың аяғына дейін дайындап, бір нұсқаға тоқтап алсақ, онда келер жылдың басында соны үйретудің әдістемелерін, көрнекті әдістемеліктер, оқулықтар қалай жазылу керек, мәтіндер қалай құрастырылу қажет деген мәселені сосын бастауға болады. Латын әліпбиін үйрену, меңгеру қиын деген де бекер әңгіме. Қарапайым тілмен айтқанда, кез келген қазақ бір шайдың үстінде үйреніп алады. Балалар үшін де қиын емес. Латын дегеніңіз – күнделікті оқып жүрген ағылшын әліпбиімен таңбалану жағынан бірдей ғой. Арғы жағында әрине, түсіндіретін бірлі-жарым таңбалар бар. Сондықтан балаларға қиын болады, ересектер үшін қиынға соғады деген әңгіме қисынсыз. Тек тәуекел деп, іске кірісіп кету керек. Қазіргі әліпбиіміз қазақ емес, орыс-қазақ әліпбиі болып кеткен. Жазуымызда да қайшылықтар көп. Қазіргі кирил әліппесі арқылы біздің сөздің үндесімі, морфем құрамы, буын құрамы бұзылып жатыр. Әдістемелік тұрғыдан да бірқатар қиыншылықтар бар. Елбасымыз айтқандай, қазақ ұлттық кодында рөл ойнайтын ең басты дүние – жазу. Жазудың ішінде – әліпби. Жазу – егемендіктің де бір белгісі. Ол ұлттық болу үшін, оның әліпбиі ұлттық болу керек. Ол ұлттық әліпбиі өзіміздің төл дыбыстарымызға, заңды тілімізге икемделген, соның көрнекі көрінісі болу керек.

– **Ел арасында «латыншаға ауыстыру арқылы бірқатар рухани байлығымыздан ажырап қалуымыз мүмкін» деп дабыл қағушылар бар. Яғни, кириллицамен шыққан кітаптар кәдеге аспай қала ма деген қорқыныш. Бұл қиындықты қалай айналып өтсек болады?**

– Рас, кириллицамен қаншама қыруар кітап шықты. Бірақ қазір соның қаншасы біздің қазақ үшін керек? Латынға көшу деген – қазіргі тілдегі қыруар жазба еңбектерімізді сүзгіден өткізу деген сөз. Оның ең қажет, ұтымды, сапалы түрлері екшеліп қалады да, керек еместері өзінен-өзі тарих қойнауында қала береді. Енді қалған дүние зерттеушілер үшін керек. Жазу тарихын, тілдің тарихын зерттейтін мамандар бар. Олар көп емес, бірді-екілі ғана. Олар өздері кирил әрпімен жазылған кітаптарды алып қарап, зерттей береді. Мысалы, қазір орта ғасырда жазылған мұрағаттарымызды зерттеп жатқан мамандар бар. Сол кітаптарды түгел қазақтың оқуы міндетті емес ғой. Мамандар өздеріне керекті дүниелерді тауып оқып, халыққа қажетті тұжырымды жасайды. Сондықтан руханиятымыздан айырылып, ажырап қаламыз деп байбалам салудың түкке де керегі жоқ. Сосын латын әліпбиі қабылданды екен деп кириллица бірден қатардан шығып қалмайды. Бәрібір алдағы 20-30, бәлкім 40-50 жыл қыр-соңымыздан қалмайды. Қазіргі ұрпақ

оны ә дегеннен ұмытып кетеді деп айта алмаймын. Латынға көшетін болсақ, ол процесс балабақша мен 1-сыныптан басталады. Олар ержетіп, өз қолдары өз ауыздарына жеткен уақытта таза латыншыл болып шығады. Мәселен, Әзербайжанда қазір орыс тілін білмейтін, өз тілі мен ағылшыншаны жақсы меңгерген ұрпақ өсіп келе жатыр. Сосын әліпби ауыстыруды бір таңбаны басқа таңбаға ауыстыра салу деп түсінбеу керек. Бұл қазіргі жазуымызға жасалған үлкен, іргелі, тарихи мәні бар реформа болмақ. Дыбысымызды түгендеп, оның әліпби үлгісін таңдап, сосын оның емле ережесін дайындап, оған сай әдістеме мен сол әдістемені лайықты түсіндіре алатын әдіскерлерді дайындау, бұл – өте күрделі мәселе. Сондықтан бұған үлкен дайындықпен келген абзал.

– Өздеріңіз дайындап жатқан латын әліпбиі нұсқасын жоғары жаққа қай кезде ұсынасыздар?

– Алдағы қыргүйек айында дайындаған нұсқамызды комиссия қарауына өткіземіз. Арнайы құрылған ресми комиссияның алдында лайықты қорғап шығуға тырысамыз. Содан кейін жылдың аяғына дейін бір жобаға тоқтауымыз керек деген саяси шешім бар. Одан кейінгі жағдай сол шешім нәтижесіне байланысты болады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Абай Аймағамбетов

*«Хабар» телеарнасы
Бетпе-бет бағдарламасы
2 тамыз 2017
// <https://www.youtu.be>*

Анар Фазылжанова

ЛАТЫН ҚАРПІНЕ КӨШУ МӘСЕЛЕСІ

– Ассалаумағалейкүм! Мен Дархан Әбдурахит, Хабар арнасының эфирінде «Бетпе-бет» бағдарламасы. Бетпе беттің бүгінгі қонағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары, мемлекеттік тілді латын қарпіне көшіру бойынша жұмыс тобының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжанова ханым. Студиямызға қош келдіңіз! Латын қарпіне көшу деген қазіргі кирил әріптерін ауыстыра салу ғана ма? Жалпы бұл іс қандай ғылыми негіздерге сүйеніп жасалу керек?

– Өте жақсы сұрақ. Өйткені қоғамда сондай адамдар бар бізде. Әріп ауыстыруды механикалық түрде бір әріптің орнына екінші жүйедегі әріпті әкеліп қоя салу деп түсінетін. Шын мәнінде, латын қарпіне әліпбиімізді ауыстыру деген ол күрделі – жазу реформасы. Себебі біз әліпбиімізді басқа

жүйедегі таңбаларға ауыстырған кезде біздің бүгінгі күндегі емлеміз толықтай өзгереді десем, қателеспеймін. Емле ережелеріміз өзгереді, мәтіндегі әрбір сөздің жазу образы өзгереді, образ өзгергеннен кейін оны қабылдаудың да механизмдері өзгереді. Сондықтан бұл күрделі реформа. Міне, сол себепті біздің Елбасы тоқсаныншы жылдары тәуелсіздік алған басқа түркі мемлекеттері өткен кезде асықпауды, жан-жақты зерттеуді ұсынған. Ол кісінің сарабал саясатының арқасында бұл мәселе біраз жыл елімізде зерттелді.

– **Енді қазір дайынбыз ба? Халық дайын ба бұған?**

– Қазір тілтанушылар яғни осы реформаның ғылыми негіздерін жасаушы мамандар бұл реформаға әбден дайын. Өйткені ең алғаш бұл мәселені тоқсан бірінші жылы Тіл білімі институтының академигі Әбдуәли ағамыз Қайдаров көтерген болатын. Тоқсан бірінші жылы Елбасына ол кісі хат жазған, басқа елдермен – түркі тектес елдермен бірігіп, осы жаңа әліпбиге өтейік деп, бірақ сол кездегі экономикалық жағдай, сол кездегі біздегі тілдік жағдаят – осының бәрін саралай келе, Елбасымыз асықпауды, дұрыстап оң-терісін жақсылап зерттеуді ұсынған. Енді тілтанушылар сол кезден бері біраз зерттеулер жүргіздік десек, артық айтпаймын. Ең алдымен 2006 жылы 27 қазанда өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында Елбасымыз айтқан болатын. Осы мәселеге біз асықпауымыз керек, осының оң-солын қарап, шетелдік тәжірибені зерттеңіздер деп тапсырма берген. Сөйтіп біздің институт 2007 жылы бір зерттеу жүргізді. Ондағы негізгі көздегеніміз шетелдік, яғни түркі тілдес мемлекеттердің латын қарпін қолдану тәжірибесінің оң-солын түгел зерттеу болған. Одан кейін 2012 жылы Елбасы «Қазақстан - 2050 даму стратегиясы» атты өте маңызды Жолдауында латын қарпіне 2025 жылға дейін көшуіміз керек, бұның ғылыми негіздерін жақсылап қарау керек, деп тағы да тапсырма берді. Сол кезде де А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімінің институтының ұжымы бұл проблеманы алып, егжей-тегжейлі зерттегенбіз. Сондағы бір жетістік ретінде айтатыным, сол зерттеуіміздегі қол жеткізгеніміз, тұңғыш рет әліпби таңдау процедурасында экспериментке сүйенуді негіздедік және сондай бір экспериментті жүзеге асырдық. 250 жазу-сызумен айналысатын респонденттерге осы күнге дейін ұсынылып келген 100-ден астам жобаның 3 типін қолданысқа бердік. Яғни олар сол 3 әліпбимен мәтінді жазды, мәтінді оқыды, санасында жаттап алған мәтінді жазды, оны аудирование дейді, орфограммасы қиын, яғни емлесі қиын сөздерді кирил графикасына жаңағы үш типтегі латын әліпбиінде жазып, сол өздерінің экспериментке қатысу барысындағы барлық әрекеттерін уақыттық жағынан тіркеп отырды. Яғни біз әліпбидің уақыт сыйымдылығын шығардық және сол әліпбилерде жазу-сызу барысында кеткен қателерді есептеп, ол әліпбидің қуат сыйымдылығын шығардық. Сонда бірінші рет жасалған ғылыми жаңалық десе де болады, біздің жаңалығымыз мынандай. Оңтайлы болуы үшін, кез келген әліпби оңтайлы деп аталу үшін оның уақыт сыйымдылығы мен қуат сыйымдылығы өте төмен болуы керек. Яғни сіз ол әріптерді пайдаланған кезде, өте қысқа уақыттың аралығында сол әріп арқылы кодталған информацияны, ақпаратты

түсініп үлгеруіңіз керек. Және сіз ол әріптерді пайдаланып жазған кезде сізде қате кетпеуі керек, яғни сіздің энергияңыз көп жұмсалмауы керек. Яғни қуат сыйымдылығы әліпбидің төмен болуы керек. Сөйтіп біз осы эксперимент нәтижесінде тілтанушылардың, яғни тілдің ішкі сырын, дүниесін білетіндердің жасаған әліпбиі қуат сыйымдылығы және уақыт сыйымдылығы жағынан өте төмен мәндерден көрінгенін тәжірибие арқылы дәлелдедік. Ал түркі мемлекеттері жаңа әліпбиге көшкен кезде әліпби таңдауда тек мынау комиссияларға жүгіну процедурасын қолдау, тәжірибеге жүгінуді қолданып көрген жоқ ешқайсысыда. Сөйтіп біз зерттеу нәтижесінде былай деп айттық: «Егер біз өте сауатты әліпби таңдаймыз десек, комиссияға ұсынылған бірнеше жобаны кәдімгідей тәжірибеден, сынақтан өткізіп алып, бірақ бекітуіміз керек» – деген қорытынды жасадық.

– **Біз қалай таңдағалы отырмыз қазір жеме-жемге келгенде...**

Біз енді, қазіргі кезеңде сол комиссия құрылды. Лауазымды тұлғалар, белді ғалымдарымыз бар комиссия жұмыс жасап жатыр. Қазіргі кезде менің енді байқағаным, бізде екі түрлі жобаны қолдаушылардың төбесі көрініп қалды. Ең бірінші ол тілтанушы, біздің тіл мамандары және соларды қолдайтын зиялылар бар, халық арасынан шыққан азаматтар бар, олардың негізгі көздегені тілдегі спецификалық дыбыстарды мейлінше әліпбиде бейнелеуде тырысу.

– **Неге?**

– Себебі, біздің әліпби – дыбыстық әліпби. Мысалы, қытай тілінің әліпбиіндегі иероглифтер ол дыбыстық емес, олар иероглифтер, жеке сөзді таңбалайды. Ал біздегі дыбыстық, сондықтан біз тіліміздің шұрайын сақтап қаламыз десек, тіліміздегі дыбыстарды түгел әліпби арқылы беруіміз керек. «Бір дыбысқа – бір әріп» деген принципті ұстануымыз керек. Және ол әріптер жазған кезде өзінің мазмұнындағы дыбысты көрсетіп тұруы қажет, адам тану керек, а мынау мына дыбыстың әрпі екен ғой деп, осы принципті ұстанып жасадық тілтанушы ғалымдар біздің жобамызды. Бұл бір топ.

– Екінші топтың өкілдері, байқауымша, компьютер саласының мамандары. Бәлкім олар қазақ тілін ... өзі тілде сөйлеушілердің бірнеше тобы болады. Төмен топ, орта топ, элиталық топ. Бәлкім ол сол элиталық топқа жата қоймас, өйткені олардың қазақ тілінің барлық стилінде жетік сөйлеп тұрғанын көрмедім. Міне, осылар әліпби жасау ұсынып жүр қазір. Әрине, ол кісілердің талпынысы өте дұрыс, себебі біз қазір АЙТИ технологиялармен үйлесу үшін АЙТИ мамандарының әліпби жасауға араласуы қажет. Алайда ол кісілердің көздегені тек қана ыңғайлы әліпби болып бара жатыр.

– **Ал сіздер үшін маңыздысы ...**

– Ал біздер үшін маңыздысы тілдің ерекшелігін сақтау, тіл иелмендерінің санасы үшін әріптердің танылатындай жеңіл болуы. Ал ол кісілер клавиатурадағы латын қарпін таңбалап тұрған 26 әріптерден шықпаймыз дейді. Бір өкініштісі, клавиатурадағы 26 әріп ол ағылшын тіліндегі дыбыстарды жеткізуге әбден қолайлы, ыңғайлы, сәйкес соған.

– **Ал қазақ тілінде ...**

– Ал қазақ тіліндегі кейбір дыбыстарды тек қана 26 әріптің шеңберінде жеткізе алмай қаламыз.

– **Одан да көп болуы мүмкін ғой...**

– Одан да көп болуы әбден мүмкін. Пікірталас осы мәселеде өрбиді ау деген менде болжам бар. Ал қоғамды сіз сұрадыңыз, ғалымдар дайын дедім, қоғам да дайын. Себебі, 2007 жылы біз әлеуметтік зерттеу жүргізгенбіз. Қазақстан жастары арасында сауалнамашылардың контентін көбінесі жастардан алдық. Сонда 42 пайыз ғана қолдаған, латын қарпіне көшуді. Ал қазіргі кезде бір көлемді сауалнама жүргізілген жоқ, оған мен арқа сүйеп айта алмаймын. Алайда өзіміздің институтта, жоғары оқу орындарының студенттеріне жүргізген сауалнамамызда Алматы қаласының студенттерінің 90 пайызы, 90 пайызынан артығы латын қарпіне көшуді қолдап отыр. Яғни болашақ латынды қолдап отыр. Сондықтан біз болашаққа қарауымыз керек. Қолдамайтындардың көбі олар орта жастан асқандардың ішінен шығуы әбден мүмкін. Ал жастардан шығады деп айта алмаймын. Жағдай әбден өзгерді, латын қарпінің қазір біздің қазақ қоғамындағы концептісі байыды. Қалай байыды? Латын графикасы деген концептіге де зерттеу жүргіздік. Мысалы, мынандай сұрақ қойылды. «Ақыры әліпби ауыстырып жатырмыз, неге өзіміздің төл әріптеріміз руна жазуына көшпейміз? Неге А. Байтұрсынов кезінде керемет әліпби жасаған, араб жазуына көшпейміз? Дінімізбен де бірегейлігі күшейді деп айтушылар болды. Сонда біз осы әріптің, әріп жүйесінің қазіргі қоғам санасындағы концептісін зерттедік. Сонда мынандай қорытынды шықты. Орхон жазуы деген кезде біздің қазіргі қазақ қоғамының санасында ешқандай да білімдер жүйесі жоқ, тек қана бір ғана тарихи жазу деген, көне жазу деген ғана білім шығады. Ал араб жазуы деген кезде ислам өркениетімен байланыс деген ғана, мұсылмандық деген ғана білімдер шығады. Ал енді латын жазуы десе, бұл жерде мынандай концептілер шығады. Сапа концептісі, бұл сапаның белгісі дейді. Себебі әлемдік брендтер басқа елдерде жасалса да, басқа мәдениеттің бренді болып табылса да, латын қарпітерімен таңбаланады. Мысалы, SAMSUNG, TOYOTA деген сияқты. Екіншіден, бұл жаңа технологиялар, яғни компьютерлік технологиялар, гаджеттер т.б. Үшіншіден, бұл латын қарпі деген жаһаниятқа интеграциялану кез-келген жерде жүріп, латын қарпін қолданатын болсақ, кез келген жерде өзімізді еркін сезінеміз деген сияқты осындай мықты-мықты концептілер бар екен. Бұл жердегі біздің білгеніміз кирил жазуы 70 жылдан бері біздің әліпбиде қолданылған уақытында мынандай ереже мықты жұмыс жасады. Кирил әріптерімен орыс тілінен енген сөздерді орыс тілінің орфографиялық ережелері бойынша жазу керек. Орысша айтқанда «пиши меня по русский» деп тұрады. Кирил графикасын көрсеңіз, орыс тілінің сөзін қазақша сындырып жаза алмайсыз, жазғыңыз да келмейді, себебі сол стереотип қоғамда қатты орнықты. Мысалы, 1917 жылғы төңкеріске дейін қазақ-орыс мәдениеті етене араласты. Орыс тілінен қазақ тіліне енген сөздер өте көп. Олардың барлығы қазақ тілінің орфографиялық ережесі бойынша жазылды, қазақша айтылды. Мысалы, бөрене, бәтеңке, резеңке, самаурын, әмірқан, бөшке деген сияқты толып жатқан орыс сөздері. 1917 жылға дейін игеріліп

кеткен сөздер. Одан кейін қатаң түрде тыйым салды, орысша жазасындар, себебі сендердің әріптеріңнің ішіне 42 қылдырып орыстың әрпін бекер салған жоқпыз деді. Сонымен жазып шығасындар деді. Енді бір өкініштісі дейміз бе, енді оны тарих біледі, қалай болғанын, бірақ бізге шет тілінен енген сөздер бір ғана донор тіл, бір ғана канал - орыс тілі арқылы арқылы кірді, яғни олар алдымен орыс тілінің орфографиясына сындырылды, содан кейін бізге тура сол күйінде көшіріліп жазылып жүрді. Ал біз латын қарпіне көшуді тілтанушылар не үшін қолдап отырмыз, жаңа реформа ауыстырудың қаншалықты қиыншылығын біле тұра қолдап отырған себебіміз, біздің тіліміздің иммунитеттік механизмдері өліп қалды. Бұрын жақсы жұмыс жасап тұрған шет тілінен енген сөзді қазақ тілінің шегарасына кірген кезде қазақ тілі алады да қазақтың шапанын кигізеді, жақсылап қазақтың тақиясын кигізеді де, өзіне қабылдап алатын. Сөйтіп тілімізде шет тілінен енген сөз көрініп тұрады шет тілінен енген екендігі, бірақ бет-бейнесі қазақша болып тұрады. Ал сол механизмдер тоқтатылғаннан кейін ол өте үлкен қауіпке әкелді. Мысалы, мен өзім орфографиялық сөздіктің бірнеше басылымының редакторлығына қатыстым. Сонда байқап отырсам, жыл сайын орысша жазылып, орысша айтылатын сөздердің саны көбейіп жатыр. Өйткені жаһаният, өйткені жаңа дүниеліктер бұрынғыдай қарқынмен емес, одан екі-үш есе көп геометриялық-прогрессиялық қарқынмен еніп жатыр. Ал олардың бәрін орысша жаза беретін болсақ, тілге үлкен қауіп төнеді. Тілдің өзінің дыбыстық қорының, өзін көрсететін алаңы болуы керек. Дыбыстық қор өзін жарқ етіп көрсетуі керек, қазақ әріптері жақсы өмір сүруі керек. Дыбыстар жақсы өмір сүруі керек. Сол механизмді жандандырудың жолын іздедік, біздің тілтанушылар, ғалымдар, институттың мамандары талай жыл кирилл қарпін реформалауды ойлады. Бірақ жаңа стрелиттің күштілігі соншалық, оны қанша реформаласаң да, орыс сөзін орысша жазуға қазақтар бейім тұрды. Сонда біз психологтармен ақылдастық, психологтар айтты. Стелитті жеңе алмайсыздар, стрелитті айналып өту керек еді. Сонда айналып өткендегі жол, біздің ойымызша, осы Елбасымыздың көрсеткен жолы – латын қарпіне көшу, жаңа стрелиттермен бұзылмаған тек қана жақсы концептілерден тұратын жаңа әліпбиді алып, тіліміздің өліп қалған икемдеу механизмдерін, яғни мен өзім оны иммунитеттік механизм деймін. Яғни иммунитет механизмдерін қайтадан бірте-бірте іске қосу, біздің ойымызша осы нағыз рухани жаңғыруға алып баратын жол деп ойлаймын.

– **Нағыз үлкен жұмыс енді басталып отыр ғой ...**

– Әрине, әліпби таңдау ол 100 пайыз реформаның 10 пайызы ғана деп айтар едім. Одан кейінгі жұмыс өте күрделі жұмыс. Ол – ережелерді жазу. Мысалы, бір ғана әліпбидің әріптерінің жиынтығымен қазір осы жерде 5 адамға республика деген сөзді қалай жазар едіңіз десеңіз, бесеуі сол әріптермен бес түрлі етіп жазып береді. Ал емле ережелерін жасап берсек, былай жазасыз деп, онда бесеуі бірақ түрлі жазады. Сондықтан емле ережелерін дайындау нағыз күрделі іс болайын деп тұр.

– **Латын қарпіне көштік дейік, мен мысалы, қандай қиындықпен бетпе-бет келуім мүмкін, айтыңызшы.**

– Маман ретінде, мен жасыруға қақым жоқ.

– **Айтыңыз...**

Ең алдымен психологиялық қиындыққа бетпе-бет келесіз. Себебі сөздер жазба мәтін қазір өте белсенді, мысалы, коммуникацияның екі түрі болады, ауызша және жазбаша коммуникация. Қазір сіз менің сөзімді дыбыстар арқылы ұғып отырсыз, дыбыстарды ажыратып, санаңызда тоқып отырсыз. Ал жазба коммуникацияда сөздерді әріптер арқылы ұғасыз. Бірақ жазба коммуникация қай кезде сәтті болады, сөздің образын жаттап алғанда сәтті болады. Мысалы, мына жерде «бетпе бет» деген сөзді мен оқыған кезде әрбір әріпті жеке-жеке оқымаймын, ол менің санамда сөздің образы тұтас келіп, тітіркендіріп, бұның қандай сөз екенін анықтайды. Қараңыз, енді егер мұның бәрін латын қарпімен жазсақ, сөздің образы толықтай өзгереді. Яғни жаңа образға үйренгенше, оған да біраз қиындықтар болады. Бірақ егер біз сол қиындықтан сүрінбей өтіп алсақ, ары қарай біз менің ойымша тіліміздің иммунитеттік механизмдерін бірте-бірте ақырындап жаңдандырамыз. Яғни латын қаріптерімен шет тілінен келген сөздерді ақырындап-ақырындап қазақ тілінің айтылуына қарай сындырамыз. Бірден емес, ақырындап.

– **Ал маман ретінде не ұтамын?**

– Ал маман ретінде сіз ұтатыныңыз сіз жазуда, жылдам жазуда, мысалы, кирил графикасымен 42 әріппен жазатын болсақ, латын графикасымен 31-32 әріптің төңірегінде ғана таңба болады да, сіз жылдам жазатын боласыз. Екіншіден, кейбір енді қазір жасыратыны жоқ, донор тіл бізде орыс тілі болды, қазір біздің қоғам көптілді қоғамға айналып жатыр. Яғни бізде қазақ тілінде, орыс тілінде ғана сөйлейтін емес, қазақ тілін де, орыс тілін де және ағылшын тілінде де сөйлеп, ағылшын тілі арқылы сол мәдениеттегі кейбір құбылыстарды біздің тілге әкелетін тіл иелмендері пайда болады. Сонда біз ағылшын тіліндегі немесе ағылшын тілін қолданатын басқа мәдениеттегі жаңа ұғымдарды тікелей сол тілден әкелетін боламыз. Орыс тілінің орфографиясына сындырып емес, тікелей сол тілден әкелетін боламыз. Сол кезде біз оларды қазақша сындырып жазғанмен де, олар мәтін ішінде өзінің халықаралық тұрпатымен ұқсас болып тұрады.

– **Икемдеп алуға мүмкіндік бола ма? Сіз айтқандай «шапанын жауып, басына бөркін кигізіп» ...**

– Егер біз осы мүмкіндікті жасамайтын болсақ, әліпби ауыстырудың ешқандай қажеті жоқ. Міндетті түрде жасауымыз керек. Біз тілімізді сақтап қалуымыз керек. Біз осы мәселе төңірегінде дамып кеткен біраз тілдерді зерттедік, олардың ешқайсысында шет тілінен келген сөз рецепиен тіл бар ғой, сөзді беріп тұрған тіл, соның ережесі бойынша жазылмайды. Барлығы өзінің тіліне сындырылып жазылады. Және дамыған деген тілдің бәрі, міне, біз дамыған тіл боламыз десек, осы механизмдерді пайдалануымыз керек. Сонда сіз ағылшын тілінен келген халықаралық терминдерді қазақ мәтіні ішінен тұрпатын танып отырмыз. Бұл да екінші бір плюс болады біз үшін.

– **Неше әріп болуы мүмкін. Жасырын емес пе? Айта беруге бола ма?**

– Мысалы, біздің қазақ тілінде өзімізде 9 төл дауысты дыбысымыз бар. Кәдімгі өзіміздің төл, сонан кейін қазақ тілінде 19 дауыссыз дыбысымыз бар. Сол 28-ге 3 әріп қосылады, шет тілінен келген. Өйткені «Ф» тек қана орыс тіліндегі сөздерде емес, ол араб тілінен енген сөздерде де бар. Екінші «Х», хабар, хат дегенде, мысалы, егер оны қ-мен жазатын болсақ, онда ол мағынасы кішкене тануға қиындау болады. Сондай әріптердің тағы бірі «В». Енді в-дан бас тарта алмаймыз, в-ның бір ерекшелігі ол жаңағы х мен ф сияқты басқа араб тілінен енген сөздерді таңбаламайды, ол тек орыс тілінен енген сөздерді белгілейді. Бірақ в-ны алуға тура келеді. Өйткені в-ны алмасақ, мәтінде в-ның кездесетін жерінде басқа әріпті беретін болсақ, мәтінді оқып отырған адамға түсіну өте қиынға соғып кетеді. Ол әріптердің инвентарын жасау ісі, байқағаныңыздай күрделі лингвистикалық процесс. Сондықтан бұл жерде компьютерге икемдейміз деп АЙТИ мамандардың әліпби жасап, соны ешқандай тілтанушалырман ақылдаспай істеп жүргені кішкене қынжылтады.

– **Бірақ қазір екі жоба түр...**

– Екі жоба емес, екі топ бар. Ұсынылып жүрген жоба бар, бірақ принциптері, мен айтқан екі үлкен жобаға саяды, біреуі тілтанушылардікі, ол тілдің ерекшелігін, шұрайын сақтап қалу, жазба коммуникацияны жеңілдету. Ал екіншілердікі компьютерге икемдеу, компьютер программаларын жасаған кезде қиналмайтындай болу. Ал мына жақтағы мектептің оқушысы, кішкентай бүлдіршін ол әріптерді түсіне ме, түсінбей ме, ол жағын ол кісілер онша ойламайды.

– **Әңгімемізді қорытындылайық. Жылдың соңына дейін бекітіледі. Солай ғой.**

– Жаңа әліпбиді, жаңа жобаны жылдың соңына дейін дейін бекітілу керек деген тапсырма берілді. Комиссияның төрағасы біздің институттың директоры Ерден Задаұлы мырза сол әліпбимен шұғыл айналысып отыр.

– **Аз уақыт емес пе?**

– Меніңше, аз уақыт емес. Ал емле жасау, орфографиялық сөздік жасау оған шынымен де біраз уақыт беру керек. Оны және қоғам болып ақылдаса отырып, ашық түрде оған емін-еркін талқылауға мүмкіндік тудырып жасауымыз керек.

– **Біраз нәрсе айтылған секілді. Айтылмаған қандай да бір мәселелер қалды ма?**

– Егер біз қазір тілтанушы ғалымдардың дайындаған, яғни тілдің жүйесінен шығатын әліпбиді таңдасақ, клавиатураға тағы да өзгерістер енгізуіміз керек. Онда ол шығын артып кетеді деп жатыр. Осы жерде айтайын дегенім әліпби реформасы аз шығынмен жүзеге асыралады деп ойлағандар пікірін өзгерту керек. Себебі, жаңа сізге айттым ғой. Бұл реформа күрделі нәрсе. Ол біздің толықтай мынау бізді қоршаған лингвистикалық әлем образдары өзгереді, біздің лингвистикалық ландшафт өзгереді. Ал лингвистикалық ландшафты азғантай қаражатпен өзгертемін дегендер үлкен проблемаларға ұшырайды. Сондықтан қаражат жағынан бұл реформаға қорықпай қаржы жұмсау керек. Ал оның өтемі инерциялы түрде жұмыс

жасайды. Тілге жұмсалған қаржы сізге сол жылы өнім бермейді, бірнеше жылдан кейін инерциялы түрде, тұрақты түрде ұзақ жыл өнім береді. Сондықтан біз қазір бұл реформаға Елбасымыздың тапсырмасын орындауға күш қуатымызды салуымыз керек. Қаражатымызды да салуымыз керек. Сонда ол ертең біздің ұрпақтан қайтады. Соны айтайын дегенім.

– **Жақсы, студиямызға келіп сұхбат бергеніңізге үлкен алғыс айтамыз. Алдағы істеріңізге табыс тілейміз!**

– Рақмет сізге.

*Azattyq TV
10 тамыз 2017 ж.
<https://www.youtube.com>*

А. Фазылжанова

ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАНДАЙ ЛАТЫН ӘЛІПБИІ ҚАЖЕТ?

AzattyqLIVE Қазақстанда жиі көтеріліп жүрген латын әліпбиі жайын талқылайды. Бүгінгі тікелей эфир хабарына Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты директорының орынбасары Анар Фазылжанова мен латын әліпбиінің өзіндік нұсқасын жасап ұсынушылардың бірі, филолог Арман Байқадам қатысады.

– **Жалпы осы саладағы қазіргі жұмыс деңгейі қандай және латын әліпбиінің нұсқасын дайындаумен кім айналысып жатыр? Қазіргі жағдай қалай осы туралы сұрайыншы алдымен, Анар ханым, сіз айтып берсеңіз.**

– Енді қазіргі кезде қалың бұқара да біледі, бұқаралық ақпарат құралдары да жақсы біледі.

– **Кім айналысып жатыр әліпби жасаумен?**

– Тіл білімі институтының директоры, профессор, филология ғылымдарының докторы Ерден Задаұлы Қажыбек мырзаның басшылығымен республикалық комиссия құрылды. Елбасының мақаласына қатысты, өздеріңіз білесіздер, бес түрлі бағытта бес түрлі бағдарлама жұмыс жасаса, бес түрлі комиссия құрылса, соның бірі осы латын қарпі негізіндегі әліпбидің комиссиясы. Осы комиссия, мақала шыққан уақыттан бері, мақаладағы тапсырманы жүзеге асыру бойынша жұмыс жасап жатыр.

–**Яғни сіз сол жұмысшы топтың ішінде барсыз ғой?**

– Бармын, ал латын әрпі негізіндегі қазақтың ұлттық жаңа әліпбиін жасау жұмыстарын Тіл білімі институты 90-шы жылдан бері жүргізіп келе жатқан ғылыми мекеме.

– **Анар ханым, сіздің ойыңызша қалай? Мысалы, сіздер ұсынған нұсқада а, ә деген әріп, ғ деген әріп, дыбыстар, мысалы, қ дыбысы, ө**

дыбысы жоқ, қ-да кю бар екен, ө дыбысы, о, ө дыбысы, ш бар және бұл жерде ноқаттар және жалғаулар жалғанған таңбаларға.

– Мына алдымен жұртшылықтың пікірі дұрыс болуы үшін жаңағы сіз көрсеткен біздің институттың жобасы деп отырған жоба туралы айтайын деп едім. Жалпы Тіл білімі институты қазір республикалық комиссияның базасы болып отыр, сондықтан бұл жоба бір соңғы бекітілуге беріліп отырған жоба деп қаралмау керек. Бұл жоба жаңағы мен айтқан 90-ыншы жылдан бері институт ғалымдарының әліпби жасау саласы бойынша істеген жұмысының нәтижесіндегі және қолына қалам ұстаған сарапшылардың тәжірбиесінен өткен. Сараптама жасағанбыз, біз кәдімгі тәжірбие, эксперимент жүргізгенбіз, тәжірбиесінен өтіп, оңтайлы болып табылған жоба. Ал қосымша тағы да басқа жобаларды институт комиссияға ұсынуға дайындап отыр. Олардың ішінде жаңа Арман мырзаның айтқандай, принциптерін ұстануға тырысқан жобаларымыз да бар.

– Мынау сол көп жобаның бірі ғана ғой, иә?

– Мынау көп жобаның бірі және бұл талай жылдан бергі институт реттеуімен әбден негізделген жобамыз, тілтанымдық жоба. Бұл жобаны айтқанда, жеке басым мен комиссия үшін сөйлемеймін, институт үшін сөйлемеймін. Қазір өзімнің жеке көзқарасым, тіл маманы ретінде, қазір айтайын деп отырмын. Бұл жоба қазір біздің тіліміздің сақталып қалуына, біздің дыбыстық қорымыздың байлығын түгел жазуда, оқырманға қазақ мәтінін тез тануға, жазарманға қазақ мәтінін тез жазуға әбден тиімді жоба, ал оның ішіндегі сіз айтқан бес-ақ тал жаңағы диакритикалық таңбасы бар әріптер.

– Ноқаты бар әріптер дейікші...

– Ноқаты бар әріптер дейсіздер ғой, ноқаты бар әріптер жаңағы компьютердегі юникод-қа қолайсыздық тудырады деген...

– Иә, Арман мырза солай айтып отыр ғой.

– Иә, солай айтып отыр, бірақ біз бұл жерде мына нәрсені ойлауымыз керек, әліпби ауыстырған кезде, өзім қанша жыл осы мәселемен айналысып келем, 2007-ден бері десем артық болмас, әліпби ауыстырғандағы біздің мақсатымыз не өзі?

–Ауыстырған кезде мақсатымыз не?

–Айтыңызшы енді, қарапайым халық латынға көшсек, ағылшынша сайраймыз дейді, рас па осы, Арман мырза? Қарапайым халық латын қаріпіне көшсек, компьютердің құлағында ойнаймыз, өзіміз софт жасаймыз дейді рас па осы? Меніңше, латынға өтудегі мақсат тілінді сақтап қалу, аман қалу, тілінді сақтау сырттың әсеріне қарсы тұра алатын тілінің егемендігін тудырып жақсартып алу. Біздің мысалы, кирил жазуы әлемдік ғалымдардың бағалауына қарағанда, өте сауатты құрылған әліпби болды. Кирилдің бір ғана кемшілігі болды, ол кирил графикасының жүйесіне күштеп орыстың тоталитарлық сәуегейлік саясатымен байланысты. Орыс тілінен енген сөздерді орысша жазу үшін біз қосымша қазақ жүйесіндегі жоқ таңбаларды алдық, ал барлық өркениетті тілдерде олар алфавитке өзінің төл дыбыстарын

ғана алады. Басқа тілден енген сөздерді олар өзінің тіл дыбысына сындырып барып жазады, бізде ондай жүйе жұмыс жасамай қалды, енді біздің латынға ауысқандағы мақсатымыз – тіліміздің сырттың әсерін сындыруға икемделгіштігін осы әліпби арқылы қайтадан жолға қою, енді мына бес таңбадан басқасының барлығы юникодта тұр ғой.

– Анар ханым, сіз не дейсіз бұл бойынша?

– Мынандай нәрсе, Арман мырза, мен сізді білемін ғой, сіз шет тілінің маманысыз, ағылшын тілі мен қазақ тілін салыстыруға болмайды. Ағылшын тіліндегі жазу Байтұрсынұлы айтқандай, «ит деп жазып, мысық деп оқимыз» деген, себебі, олардың жазу дәстүрі өте көне заманнан бір әліпбилік жүйемен келе жатыр. Сонымен бірге ағылшын тілі, өздеріңіз білесіздер, тіл ұлттық тіл болып қалыптасқанға дейін бірнеше конгломераттарының тілінен құралған тіл болған, онда диалектілер өте көп болған, сондықтан ол өзінің ұлттық тіліндегі халықты бір тілде сөйлету үшін бір диалектіні негізге алып, соны жазуының негізіне салады да, әртүрлі айтылымдарды транскрипция арқылы реттейді. Сонымен бірге жазу тарихы дамыған сайын, әсіресе мына еуропа тілдерінде соғұрлым олардың жазуында дәстүрлі принцип мықты болады, яғни көне-көне формалар жазылады. Мысалы, орыс тілінен келтірейін, ағылшын тілін жақсы білмеймін, жасыратыны жоқ, олар собака деп жазады, корова деп жазады, бірақ *карова* деп айтады, *сабака* деп айтады, ана жердегі о ол архив фонема, яғни көне орыс тілінде ол жердегі фонема ол жерде о болған және о болып айтылған, бірақ егер оны өзгертіп жіберсе, жазудың ғасырдан ғасырға ақпаратты жеткізу принципі өзгереді. Ол сөз мәтін ішінде түсініксіз болады, сондықтан дәстүрлі принципті сақтап жазады. Ағылшындар да, орыстар да, енді біздің түркі тілдерінің әдеби тілі мен еуропа тілдерінің әдеби тілінің айырмашылығы жер мен көктей. Оны кезінде академик Рәбиға Сыздықова дәлелдеген. Қазақ тілінің, яғни басқа түркі тілдерінікі сияқты әдеби тілі, әдеби тілі жазба тілдің негізінде қалыптасқан жоқ, искусственный жол дейді ғой, жаңа мен айттым ғой, жасанды жолмен қалыптасқан жазба тіл, түріктердің өзінде де солай, Стамбул диалектсі негізінде жазба тілді қалыптастырып, барлық түріктер қазір Стамбул диалектсі негізінде жазу арқылы сөйлейді, ал бірақ Түркияның Анадолы Түркиясына барсаңыз олардың тілінде мүлдем басқа дыбыстарды естисіз. Ол дыбыстар әліпбиінде жоқ. Қазақ тілінің ерекшелігі неде? Қазақтың қиырындағы, солтүстігі мен оңтүстігі, шығысында, батысында диалект жоқ. Бір ерекшелігі сонда, біздің әдеби тіліміз ауызша тілдің негізінде дамыды, жазбаша тілдің емес, сонан кейін Байтұрсынұлы заманына да Байтұрсынұлының сіңірген еңбегі сол, жалпы халықтық тіл деген болады, жалпы халықтық тілді әдеби тілдің базасына көшірді. Ал орыстар да әдеби тілдің базасы Московский Говор, дәл солай ағылшындарда да сондай, Стамбулский, Стамбулский Говор мысалы түріктердің әдеби тілі. Сондықтан транскрипция, орфоэпия деген мәселе басқа тілдердегідей өзекті емес, бір қызығы, соның арқасында қазақтың жазуы мен қазақтың айтылуында сөздердің айырмашылығы онша қатты үлкен емес, бар, бірақ сондай бір үлкен емес. Біз ит деп жазып, мысық деп

оқымаймыз. Міне, транскрипция деп отырған Арман мырзаның аңсап отырғаны қай кезде болады? Міне, 26 әріпті алған кезде болады, ит деп жазамыз да, мысық деп оқимыз, бұл үлкен революция...

– Жоқ, нақты мысал келтіре аласыз ба?

– Мысалы, бұл кісінің әліпбиінде О мен Ө деген қазақтың атам заманнан бөлініп кеткен екі түрлі мағынаны білдіретін дыбыстары. Соны бірақ таңбамен белгілейміз дейді. Ор ор деп жазасыз, бірақ ол ордың ор ма, жоқ өр ме, оны транскрипция қасына жазамыз дейді. Мысалы, ор дейді бұл кісілер, сонан кейін мәтіннің ішінде бұны қалай түсінеді десем, біз бұған орфоэпиялық сөздік береміз дейді. Орфоэпиялық сөздік жоқ деп отырғаны Арман мырзадан ұят. Орфографиялық сөздік жоқ деп отырған өте ұят. Қазақ тілінде орфографиялық, орфоэпиялық сөздіктер бар. 2007 жылы әйтеуір тәуелсіздіктің арқасында алғаш рет қазақ сөздіктері 100 мың данамен тегін бүкіл мектептерге таратылды, олардың барлығы да бар. Енді ары қарай қараңыз, мысалы, сіз А мен Ә-ні жазуда бір-ақ таңбамен береміз дейді, А мен береміз дейді. Ар деген сөз мәтін ішінде тұрса, сіз оны ар ма әлде әр ме білмейсіз. Мәтінде бұл не деген сөз? Иә, мәтінде білесіз, енді топас халық емеспіз ғой, контекспен ажыратамыз. Бұл қандай жазу? Бұл контекстний жазу. Контекстний жазу, жазу диохрониясында, сол тарихында анау ертеден қалған жазу, контекстний письмо деген, ол өте дамымаған жазудың бір формасы.

– Неге біз бүкіл әлем ағылшынға неге ұмтылып жатырмыз, дамымай қалсақ?

– Ағылшын тілінде контекстік жазу емес, жаңағы мен айтқан дәстүрлі жазу көне, біздің дәстүрде бұлай жазу жоқ. Ағылшындарда дәстүрді сақтайды, көне формаларды сақтайды, түсініп тұрсыз ба? Онда ар әр деп жазылып тұрса, ол көне формула. Ал мынау бұл енді біздің жазу үшін, бәлкім программисттер үшін оңай болар. Қазақстандағы программистердің 90 пайызы қазақша білмейді. Қазақ тілінде өнім бермейді. Базарға барады, сауда жасайды, үйінде шай ішеді. Бірақ қазақ тілінде өнім жасай алмайды. Сонда бұл әліпби олар үшін жеңіл. Ал қазақтың баласына ше? Ол мектепке барып кітап оқымай ма? Жазу жазбай ма? Шығарма жазбай ма? Мынау қалай жазады сонда? Ол К, Г, Е-ден басқа әріптер бар ғой. Қазақ тілінде онсыз да омоним көп, бір аттың өзі қанша омонимді құрайды, сонда бұл былай, бұл тіл омонимдердің көбейген тіліне айналады.

– Омонимдердің көбеюі жаман ба?

– Әрине, жаман. Мен осы туралы бір нәрсе айтайыншы. Мысалы, сіз айттыңыз біз софт жасаймыз дейсіз, міне тәжірбиеге сүйеніп бұрынғы артта қалған дүниені алмауымыз керек дейсіз, сіздің ойыңызша, мына біздің ұсынып отырған әліпби бір артта қалған дүние сияқты, ал мысалы тәжірбиеге қараңыз, өзбектер тура осылай қабылдады. 26 әріптен аспаймыз деді, болды біз техникалыққа кіреміз деді. Ал енді қараңыздар, Өзбекстандағы жағдайды, Өзбекстанда бір осындай программированиядан бір әлемдік бренд дайындалды ма? Оларда қазір әлі күнге дейін олардың мектептерінде кирилл

жазуы мен латын жазуы қатарласып келеді. Өзбекстанда ноқат та жоқ, түк те жоқ, 26 әріп бар. Енді осы әліпбимен олар әлі реформадан реформа жасап жатыр, өйткені халықтың бұған ниеті жоқ, жазбайды бұлай, жаза алмайды, бұл жазуға өте қолайсыз, сіз айтасыз, қазақтың сапасын көтереміз дейсіз, қалай сен тіліңсіз, тілінді құрту арқылы тіліңнің заңына бағынбау арқылы қалай көтерілмекшісің, әлі күнге дейін тарихтан таяқ жеп, соны түсінбедік пе? Мысалы, Германияда 2-інші дүниежүзілік соғыстан кейін лингво-экономика деген сала мықты дамыды, немістің ғалымдары мынандай нәрсені байқады. Өзінің ұлттық тілін дамытқан мемлекет әлемдік экономикада өзінің орнымен ерекшеленеді екен дамиды екен, және бір қызығы, экономикасы дамыған сайын ұлттық тілі де қоса дамиды екен, тіл мен экономиканың арасында тікелей байланыс бар, сен математиканы қазақша оқып, қазақша түсініп, өзінің дүниетанымына сындырып алатын бала тәрбиелемесең, программалау тілін қазақтың ұлтына қызмет ететіндей, жасайтындай өз тілінде ойлап, өз тілінде сөйлейтін адам тәрбиелемесе, ол әлемді таңғалдыратын, әлемде ерекше жасалмаған дүние бар ма қазір? Ерекше бір дүние жасайтын сана қайдан қалыптасады онда?

– Енді сонда, сіз Арман мырза, әліпбиді быт-шыт қып өзіңіздің 26-ға сындырып алған кезде сіздің ішіңізден Паскаль шығады деп сенесіз бе?

– Мынандай жазумен қайдан шығады ол? Математиканы қалай түсіндіресіз сіз? Ыммен түсіндіресіз бе? Тілмен түсіндересіз ғой. Оқулық жазасыз, мәтін жазасыз, мәтінді мынаумен жазасыз. Енді балаға теңдеуді түсіндіру үшін алдымен кітап жазасыз, тілмен түсіндіресіз, ғылымның да құралы тіл, білімнің де құралы – тіл, инновацияның да құралы – тіл.

– Арман мырза, графика біздің жазу. Сіз филологсыз ғой, жазудың түр-түрі болады, иә? Пиктаграммалық жазулар болады, суреттермен жазатын, иероглифтік жазулар болады, образдармен жазатын, одан кейінгі жазудың тарихындағы ең шыңына жеткен жазу әріптік-дыбыстық жазу, әріптік-дыбыстық жазудың принципі сол фонемаларды таңбалау, міне, негізі біздің жазудың өзінің даму тарихы бар, сол әріптік-дыбыстық жазудың ішіндегі...

– Бүкіл Европа елдері, оның ішінде түркі елдері түгел дыбыстық-әріптік жазумен жазады, мысалы, юникодта Россияның коды РУ емес пе? Ағылшынның Р әрпі, сосын Ю әрпі, солай емес пе? Ал Ресейлер кириллицаны қолданады немене олар шығын шығарып жатыр ма екен банктің жүйесінде? Бірдемеден қалып қалыпты ма? Түркияда да солай, Қытайда солай. Қытайдың юникодтары таңбасын жазыңыз латын қарпімен, енді Қытайды жазыңызшы Чина деп, осылай жазады, ал Қытай өздерін былай жазбайды, Қытай өздерін жунго дейді, жунгоның өзінің иероглифі бар, ол мүлдем басқа... Түріктерде тура солай, Европа мемлекеттері де тура солай, Грузиядан бастап Латвия, Литваның бәрі тура солай. Қасым мырза, мынандай нәрсе бар: әлемдік юникод ол әлемдік транслитерациялық жүйе, оның тілге ешқандай қатысы жоқ. Ал әліпби... КЗ ол әлемдік жүйеде КЗ боп қалады, ал біздің алфавитіміз – ол біздің тілге жұмыс жасайтын алфавит. Сіз әлемдік транскрипция мен мынау ұлттық әліпби деген нәрсені

шатастырмаңыз, бұл ұлтқа қызмет ететін дүние, біз әлемге қызмет етпейміз, біз мына жаңа туып жатқан қазақтың баласына, ауылда жүрген қазақтың баласына, біз соған қызмет етеміз, бұл тіл халыққа қызмет етеді, бұл халықтікі, бұл бір банкта ақшасы бар адамдардың жүйесі емес.

– Юникодқа бәсекелестік тіреліп қалған дүние емес қой, Арман мырза-ау. Ешқандай оған әліпбидің қатысы жоқ. Арман мырза, сіз қорықпайсыз ба, ертең осыны айтып-айтып алып, мына әліпбиді енгізгеннен кейін быт-шыт сауатсыз болғаны.

– Менің ойымша, сіздің айтып отырғаныңыз дұрыс, жаныңыз ашып отырғаны, мен де соған жаным ашиды, егер сіз әлемдік бәсекелестікке шығам десеңіз, менің ойымша, ұлттық сананы дұрыстау керек, өз дүниесін жасап үйрену керек қазақ.

– **Латын әліпбиіне көшетін болсақ, ешбір ноқатсыз, қосымшасыз ағылшынның 26 әрпін қолдануымыз керек, келісесіздер ме? Анар ханым бұған келісе ме, келіспей ме?**

– Егер сол ағылшынның 26 әрпімен иә, қазақтың өзінің төл 28 төл дыбысын, соның ішінде қазақ тілі қатып қалған емес. Біз ризервацияда өмір сүрген ұлт емеспіз ғой, басқа да сыртқы тілдердің әсерімен дыбыстық жүйемізге енген, мысалы, Ф, В, Х сияқты тағы да осындай таңбаларды таңбалауға мүмкіндік бар болса, ол мүмкіндікті тілтанушылар жібермес еді, біз осы мүмкіндікті қарамады деп ойламаңыздар, біз оны түгел қарадық, ондай мүмкіндік болмады, біріншіден, екіншіден, Тіл – ол ұлттың дүниесі, осыны ұмытып кетпейікші, тіл ол қазіргі сіз өмір сүріп жатқанда ұлттыкі емес, ол тарихи кеңістіктегі өмір сүретін, бұрын өмір сүрген және болашақтікі. Болашақта ол ұлт бар болам десе, анау тамырын сабақтастығын жоғалтпау керек, жазу соған қызмет ететін бір, соны түгел ескергеннің өзінде 26 әріптің оған клавиатурада мүмкіндігі шектеулі, сондықтан жаңағы 5 таңбаны қосу керек.

– Арман мырза, мектеп, балабақша, жоғары оқу орындары, сіз қалай оқыдыңыз өзіңіз, программалау тілімен оқыдыңыз ба? Осы сауаттылығыңыз жазудың арқасы ғой, дұрыс жазу болғанның арқасы ғой.

Қазақ грамматикасы әліпби нұсқасы диакритикасы аз өте ыңғайлы, қолайлы көзге жағымды болып көрінеді, грамманация деген ол қандай әліппе, олардың нұсқасын қолданғанды жөн көремін, оған қалай қарайсыздар?

Олардың нұсқасында да жақсы жетістіктер бар, бірақ кейбір жаңағы сол Сұлтан деген жігіттің өзі жазып отырған жазбаша коммуникация, ауызша коммуникацияға қайшы тұстары бар оның, маман ретінде айтам, оны ойлану керек.

– Халықаралық сөздерді орыс тілінен тікелей алуымызды қашан доғарамыз?

– Термин мәселесіне келгенде бұл нәрсені қотара саламыз, ала саламыз. Ол мал қорадағы мал емес қой, бір қорадан екінші қораға айдап салатын. Термин деген ол халықтық, терминнің баламасын өз тілімізден іздеп

табуымыз керек, бірінші жолы, егер өз тілімізде жоқ болса, көршілес туыстас тілдердегі сол терминнің баламасы бар болса, соған жүгінуіміз керек қалайда, ол термин деген ойыншық емес, термин деген ұлттық тілдің негізін құрайтын бір үлкен арна болып бара жатыр, жыл өткен сайын термин көбейіп бара жатыр, егер біз терминнің шет тіліндегідей ала беретін болсақ, ұлттың өз тілінде ойлайтын, өз тілінде дүние жасайтын, миының нейрондары өледі, ол өз тілінде миын қозғалту керек, ол өз тілінде миын жыбырлату керек, сондықтан бұл нәрседен егер аударма алмай жатсақ, онда халықаралық терминдік жүйедегі баламасында қалу керек, аударуға мейлінше тырысу керек. Жапондар, қытайлар өзінің терминологиялық жүйесін қолданады. Арман мырза, сол ақпарат, мәлімет, деректің бәрінің өзінің ерекше айырмашылығы бар, ақпарат қолданылатын кейбір контексте деректі қолдана алмайсыз, дерек қолданатын кейбір контексте мағлұматты қолдана алмайсыз. Қалай стилистика жоқ, сізде стилистика жоқ, қазақ тілінде стилистика бар. Сіздің санаңызда қазақ тілінің стильдері қалыптаспаса, қазақ тілінде стиль жоқ деп айтуға болмайды Арман мырза, сіз ойласаңыз жұрт көріп отыр ғой сізді. Сонда Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, біздің елбасымыздың өзі бес стильді жетік меңгерген, сонда не, оларды стильді болмаса қайдан біледі онда?

– Сіз білмеген нәрсеңізді білмеймін десеңізші. Қалай сіз білмесеңіз, қасолай сіз жоқ дейсіз, Абылай ханның хаттарынан бастап бізде іс-қағаздарының стилі мықты дамыған, бізде ғылыми стиль керемет дамыған. Әл-Фарабидің еңбектерінен бастап, не айтып отырсыз сіз? Сіз халық өзінің тілін білмейді, тіл деген халыққа берері мөлдіреп тұр, сіз сияқтылар барғысы келмейді соған.

– Арман мырза, мен сізді филолог деп жүрмін, мұндай жерде сондай сөзді қалай айтасыз, сіз біздің қазақ тілін тіпті апарып тастадыңыз ғой, қазақ тілі деген өте мықты дамыған, саласы да, стилі де дамыған, әйтпесе қайдан шықты осы қаншама ғалымдар.

– **Әлемдік бір ғылыми еңбек айтыңызшы қазақ тілінде жазылған?**

– Сізге әлемдік неге керек, өз тіліңізді біліп алыңыз алдымен. Әл-Фарабидің трактатын оқыдыңыз ба қазақ тілінде? Қазақ тілінде оқыдыңыз ба Кудериннің биологиядан жазғандарын? Химиядан Бірімжановты оқыдыңыз ба? Ерғожинді оқыдыңыз ба химиядан жазған? Математикадан Көбесовтің еңбектерін оқыдыңыз ба, «Математика тарихы» деген ең құрымағанда балаларға арналған? Білмесеңіз неге айтасыз, білмейміз, өз тілімізде оқымаймыз, сосын отырамыз біздің тіліміз жаман деп.

– **Латын әліпбиіне өтудің қажеттілігі болды ма? Оған кеткен шығын мен Қазақстанның одан түсіретін пайдасы қаншалықты?**

– Қандай жоба қабылданатынын мен білмеймін, егер тілді сақтап қалатын, тілді алдыға жылжытатын, болашақпен байланыстыратын дұрыс жоба қабылданып жатса, бұған кеткен қаражат өзін ғасырлар бойы ақтайды, мысалы, тіл – инерциялық жолмен дамитын ерекше қасиеті бар құбылыс, соны біз әлі күнге дейін бағаламай жүрміз, мысалы, КСРО кезіндегі орыс

тілінің дамуына пост кеңестік кеңістіктегі мемлекеттерге қаншама қаражат құрылды, иә? Ал қазір тәуелсіздік алғаннан бері 25 жылдан артық уақыт орыс тілін Қазақстанда дамытуға ешкім қаражат құйып отырған жоқ, энергия ресурстары да жоқ, адам ресурстары да жоқ, ондай жоқ, бірақ орыс тілі қазір мықты дамып, Қазақстанда әлі функциясын атқарып тұр, неге? Тіл инерциямен жұмыс жасайды. Бүгін сіз тілге 100 теңге құйсаңыз, тіл 100 жыл бойы сол 100 теңгенізді қайтарады.

– **Қосымша ноқат, құйрықтары бар әріптерді қосу арқылы латынға көшкеннен қандай мағына бар?**

– Бұл кісілер ноқат құйрық деген нәрсені әйтеуір бір өздеріне мода қып алып алды, ол ноқат пен құйрық әріппен бірге бір образ құрайды, ол образ халықтың санасында белгілі бір дыбыспен ассоциацияланады, ол дыбыстардың архи-образы ұлттық негізде болады, жалпы адамзат, мысалы, Ш деген кезде біздердің ешқайсымыз Ш-ны Т графемасымен бермейміз ғой, Ш десек біздің көз алдымызға ана доллар сияқты ағылшынның ЕС-ы елестейді, иә? Соның айналасындағы диакритикалар елестейді, ал егер Ш-ны біз екі графеманың тіркесімен берсек, жаңағы СИ-мен АШ-пен беретін болсақ, әрине бұлда бір дұрыс болады, дұрыс емес жол деп айтпаймын, бұл да бір Ш-ның образы, бұл да бір дәстүрлік санада, жалпы адамзаттық санада бар образдар, графика таңдаған кезде халықтың санасынан шығып кетсеңіз, ертең жазуыңыз ешкімге түсініксіз болады, біз, тілтанушылар содан шықпаймыз, енді бұның қолайсыздығы неде дегенде, бізде С пен Х тіркесетін тіркестер бар: асхана, дәрісхана, мысалы соларды ашана, дәрішана деп оқи ма? Контекстілік оқулар, ережелер көбейеді, жазуда ереже көп болса ол жазу ыңғайсыз жазу болады.

– Қазақта Х деген артикуляция, асқана болады Қ-мен жазылады.

– **Онда қабар дейік.**

– Иә, қабар болу керек.

– **Қабар деп жазғызайық «Хабар» арнасына айтып.**

– Негізінде қабар, хабар деп ол кейін өзгерген.

– Ол деген былай хат деген сөз бар, Қасым мырза, сіз тілдің жүйесімен ойлансаңыз, сіз филологсыз ғой, тілдің жүйесі фонемалары, яғни дыбыстары заман өткен сайын дамиды, жүйенің ішіне басқа тілден енген дыбысты кейде алады, мысалы, Х қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне енді, мағына жатыр, өйткені хат десе кәдімгі келетін хат, ал қат десе сүт қат дегендегі қат, бұл баю, тілдің баюы, біз енді осындай тілдегі тенденцияларды біздер, тілдамушылар, тіркейміз, егер біз оны тіркемесек, онда тілдің ары қарай ілгерілеу процестеріне жол ашылмайды. Сөз басындағы Х қазақ тілінде басқаша игерілді, рахмет пен рақым еттің...

– Өзбектердің, әзербайжан, түрік бауырлардың қателігі дегенде осы ноқат, артық таңбалар ойға оралады, 26 нұсқасы қазақ тілінің қай заңына, қандай нұқсан келтіреді?

Мысалы былай болып тұр 26 әріппен әліпби ұсынғандардың көбі бір ғана әріппен 2 түрлі дербес дыбысты таңбалауды ұсынып отыр, бұл жазуда

үлкен келеңсіздіктер тудырады, оқыған кезде мынау не деп тұр деп өзіңіз қиналасыз, егер біз осы әліпбимен жазып мәтіндерді жарияласақ, жұртшылыққа түсініксіз болар еді. Ағылшын тілінің ерекшелігін түсіндірдім ғой, ағылшын тілінің ерекшелігі сонда, олардың жазуы, олардың орфоэпиясынан мүлдем алшақтап кеткен, қазақтың жазылуы мен айтылуы ондай алшақ емес, өйткені тіліміз жалпы халықтық тілдің негізінде құрылған, біздің әдеби тіліміз ол жасанды тілден жасалған.

– **Бұл кириллицаның салқыны емес па?**

– Жоқ, бұл кириллицаның салқыны емес, кириллица біздің дыбыстық жүйені түгел қамтыды.

– **Фонетика дегеніміз не?**

– Фонетика деген дыбыстық жүйе ол, дыбыстық жүйе өлген жоқ.

– **Өлді.**

– Онда қайтып түсініп отырмыз бір-бірімізді.

– **Арман мырза, ағылшындарда дәстүрлі жазуы ғасырлар бойы қалыптасты, сіз бір жылдың ішінде дүниенің бәрін өзгертіп тастағыңыз келеді.**

– Онда ең болмаса өзіңіздің біліктілігіңізді көтеріңіз онда, фонетика деген не, орфоэпия деген не, орфография деген не.

– Әзірбайжан түрік тілімен бірдей болса да, 4-5 әріпті өзінен қосты.

– Мынандай нәрсені осы сауалға байланысты және халыққа айтайын деп отырмын, мынау түріктің әріптерін алып алғансындар, мынау әзербайжанның әріптері дегенді қою керек, бұл ешқандай да түріктікі де емес, бұл әзербайжандікі де емес, кеңейтілген латинница деген бар, Қасым мырза, кеңейтілген латинницада Арман мырза классикалық анау 14 ғасыр ма, қай ғасырда өзі жаңағы латын алынған, сол латынды алып отыр, ал латын ғасырлар өте кеңейді, байыды, қазір Европаның барлығы латында отыр. Ал кеңейтілген латинница, Арман мырза айтпақшы, бағдарлама тіліне сыймайды.

Қорыта айтқанда латын әліпбиін оңтайлы таңдауда әлемдік тәжірибедегі қателіктерді қайталамауға тырысайық

*«Жас Алаш» газеті
02 тамыз 2017 ж.
<http://www.qamshy.kz>*

Зейнеп Базарбаева

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ ҚАЛАЙ ЖҮРІП ЖАТЫР?

2017 жыл бірнеше жағымды жаңалықтармен басталып, біршама оңтайлы өзгерістер жылдың басынан орын ала бастады. Олардың ең негізгісі – Елбасының «Латын әліпбиіне көшеміз» деген жаңа бастамасы болды. Тіліміздің шұбарланып, қазіргі таңдағы жастарың мәңгүрттеніп бара

жатқандығына алаңдаушылық білдірген зиялы қауым өкілдері мен бұқара халық Елбасының бұл бастамасына қос қолдап қолдау көрсетіп, өте оңтайлы шешім деп қабылдаған.

Азияның кіндігінен ойып тұрып орын тепкен, бүгінде бірнеше елдермен бәсекелестік орнатып, терезесі тең тұрған, 18 миллион халқы бар бүтіндей бір мемлекетті бір ғасыр бойы қолданып келген кирил қарпінен латын әліпбиіне көшіру – бір айда немесе бір жылда жүзеге аса салатын оңай іс емес. Мұндай үлкен жобаны іске асыру үшін біршама уақыт пен еңбектің қажет екендігі белгілі.

Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылдың сәуір айында «Мен 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан-2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдедім. Бұл – сол кезден барлық салаларда біз латын қарпіне көшуді бастаймыз деген сөз. Яғни, 2025 жылға қарай ісқағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек», – деп Үкіметке тапсырма берген болатын.

Сол уақыттан бері қазақ тілінің әліпбиін латынға көшіру үшін қандай шаралар жасалды? Жалпы, латын әліпбиіне көшу үдерісі қалай жүріп жатыр? деген сынды сұрақтар төңірегінде Qamshy.kz ақпарат агенттігінің тілшісі ҚР Ұлттық академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор, латын әліпбиіне көшіру жұмыстарына жауапты тұлғалардың бірі Зейнеп Базарбаевадан сұхбат алып, жоғарыда аталған және өзге де сұрақтарға жауап іздеп көрді.

– Латын әліпбиіне көшу үдерісі қалай жүріп жатыр және де оның қандай нұсқалары бар?

– Қазіргі таңда Тіл білімі институтында қазақ латын графикасының 4 нұсқасы бар. Солардың ішінде екі нұсқаны атап өтуге болады. Біріншісі – шартты түрдегі лингвистикалық нұсқа. Ал екіншісі – интернет нұсқасы. Оның әрқайсысының өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Лингвистикалық жобада өзіміздің дыбыстарымызды диакритикалық таңбалар арқылы береміз. Мысалы, дауысты дыбыстар «умлаут» таңбалармен беріледі. Яғни, біздің «ә,ү,ө» жіңішке дыбыстарымызды жоғарғы жағына екі нүкте қою арқылы таңбалаймыз. Мұндай дыбыстар неміс, түрік тілдерінде кездеседі. Ал дауыссыздар әріп үсті және әріп асты диакритикалық таңбалар арқылы беріледі. Сонда, әріптердің саны 31-ге жетеді. Ал қазір кирил әліпбиінде бізде 42 әріп бар, ол өте көп. Ал дыбыстардың саны – 28, бір-біріне мүлдем сәйкес келмейді. Керісінше, дыбыстар көп болып, әріптердің саны аз болуы керек. Бұл – лингвистикалық жобаның артықшылығы. Ал бұл жобаның кемшілігі неде? Бұл жобада біз диакритикалық таңбаларды қойып, яғни екі нүкте, үтір деген сияқты таңбаларды қойып жазып отыруымыз керек. Кейіннен компьютердің пернетақтасы өзгереді.

Екінші – интернет жоба. Бұл жоба компьютердің пернетақтасына негізделген. Ондағы әріптің саны 26-дан аспайды, яғни ағылшын тіліндегі 26

әріп болып қала береді. Ал қазақ тіліндегі «ә, ө, ү» жіңішке дауыстылары ілмекше (‘) арқылы беріледі. Ал дауыссыздар болса екі әріптің қосылуымен беріледі (ғ-gh, ң-ng, ш-sh, ж-zh). Бір дыбыстың бұлай диграфпен таңбалануы еуропа тілдерінде жиі кездеседі. Мысалы, ағылшын, француз, неміс тілдерінде бар. Ал бұл жобаның артықшылығы неде? Аталмыш жоба қазіргі заманның сұранысына жауап береді. Қазір бізде үш тілділік қабылданды, сол себепті де ағылшын тілін меңгеруге оңай болады, ақпараттық кеңістікте онлайн кіруге мүмкіндік туады және де компьютердің пернетақтасы өзгермейді. Сол әріппен шектеледі.

Латын графикасына негізделген әліпбиге көшкенде түркі тілдес елдердің тәжірибесін ескерген өте маңызды. Мысалы, өткен ғасырдың 90-жылдары латын графикасына Өзбек пен Әзербайжан елдері көшкен. Қазіргі таңда Әзербайжан лингвистикалық нұсқаны пайдаланып жүр. Латынның 26 әрпіне өздерінің диакритикалық таңбаларын қосу арқылы берген. Ал Өзбек елі алдымен лингвистикалық нұсқаға көшті де, екі жылдан кейін олар интернет жобаны қабылдаған. Сондықтан да олар 26 әріппен шектеліп жатыр. Ал енді біздің кезегіміз келді. Аталған екі жобаның бірін таңдап, бекітуіміз қажет.

– **Екі жобаның қайсысы қазіргі таңда басым болып отыр?**

– Қазір екеуі де қатар жүріп жатыр. Бірі лингвистикалық жобаны айтса, екіншісі интернет жобасын дұрыс деп таниды. Бұрын көбінде лингвистикалық жобаны жақтаушы еді, ал қазір үш тілділік қабылданғандықтан, интернет жобасын дұрыс деп танушылар да көбейген.

– **Ал халыққа пайдалануға қай нұсқа ыңғайлы болмақ?**

– Лингвист мамандар, тілшілер көбінде бірінші жобаны, яғни лингвистикалық нұсқаны қолдайды. Ал қоғамның басқа өкілдері, жалпы қоғам интернет жобасын таңдап отыр.

– **Екі жобаның бірін таңдау кезінде неге сүйене отырып шешім шығарасыздар?**

– Қазір бұл мәселеге қатысты комиссия жұмыс істеп жатыр. Олар әр қалаларға барып, қоғамның пікірін тыңдап, ортақ шешім шығарып, кейіннен желтоқсан айының соңына қарай бір нұсқа таңдалады. Ал қазір біздегі бар жобаларды лингвист мамандар орфографиялық және орфоэпиялық жақтарын тексеріп, талдап жатыр. Сонан соң, халықтан сауалнама жүргіземіз. Жоғарыда атап өткен екі жобаға қатысты елдің пікірін білу – өте маңызды болып табылады. Түрлі тестілеу жүргізіліп, дайындық өте жақсы жүріп жатыр.

– **Сұхбаттасқаныңызға көп-көп рақмет!**

Естеріңізге сала кетсек, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылдың аяғына дейін латын әліпбиінің жобасын дайындап, нақты бір нұсқасын бекітуге тапсырма берген. Сонымен қатар латын әліпбиіне көшу жұмыстарының арнайы кестесін жасауды үкіметке тапсырған. Яғни, жарты жыл көлемінде жоғарыда Зейнеп Базарбаева айтып өткен екі жобаның бірі бекітіліп, ең ыңғайлы деген нұсқасы таңдалуы тиіс.

Латын әліпбиіне көшу жұмыстарына ҚР Тіл білімі институты жауапты болып тағайындалған. Бұл бастама жайында институт директоры Ерден Қажыбек мырза да өзіндік пікірін білдіріп, «Біз латын әліпбиіне көшпейміз, біз латын әліпбиіне ораламыз» деп айтқан болатын. Ендеше, сол бір ғасыр бұрынғы латын әліпбиіне оралар сәт жақындап қалды деуге әбден болады.

Сұхбаттасқан Назерке Лабихан.

2.3. ЖАҢА ӘЛІПБИГЕ КӨШУДІҢ БЕЙНЕТІ МЕН ЗЕЙNETІ: ҚАНДАЙ КЕДЕРГІЛЕР КҮТІЛУДЕ....

Кез келген реформаның қиындықтары мен кедергілері болады. Бұл заңды құбылыс. Ең бастысы өзгерістің тиімді жеңіл әдістері керек және осы өзгеріске бейімделемін деген ниет керек.

Әліпби ауыстыру қазақ тарихында болған құбылыс. Сондықтан латын әліпбиіне ауысу тым қиын бола қоймас. Оның үстіне көрші мемлекеттердің тәжірибесі, 1929-40 жылдардағы тарихи тәжірибе осы жолғы ауысуда айтарлықтай көмек болары сөзсіз. Дегенмен, көпұлтты мемлекетте әліпби ауыстыру ұзақмерзімді дайындықтарды қажет етеді. Себебі халықты лингвистикалық дағдарыс күтіп тұр. Кирилл қарпіне еті үйренген егде халықты бейімдеу басты мәселе болары анық. Ал жастар тез үйренеді.

Қазіргі уақытта латын әрпін қолдану, ең алдымен, заман талабы болып отыр. Сондықтан да заманауи технологияларға тәуелді екенімізді мойындап, кез келген жаңа дүниелермен санасуымыз керек. Біз қазақ тілінің мәртебесін, қазақ тілінің тазалығын ойлауымыз қажет! Негізі қазақтың тілі жұмсақ, үнді, мәдениетті тіл. Кейбір әріптердің ана тіліміздің әуезін бере алмауына байланысты тіліміз өзінің бастапқы қалпын жоғалтып жатыр. Осы орайда біз ұлттық тілдің табиғи болмысын қайта жаңғыртуымыз қажет. Бұл тараушада латын әліпбиіне көшу барысында туындайтын кедергілер мен қиындықтарды болжаған ғалымдардың зерттеулері мен пікірлері ұсынылып отыр.

«Караван» газеті

<https://www.caravan.kz/gazeta>

15 август 2017 г.

Анар Фазылжанова

КАЗАХСТАН ЖДЕТ СИЛЬНЕЙШИЙ ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ КРИЗИС

Почему сегодня знание казахского языка стало одной из составляющих профессионализма, какие негативные стереотипы мешают развитию языковой сферы, как выбор нового, латинского алфавита повлияет на государственный язык?

Об этом и многом другом рассказала лингвист, заместитель директора Института языкознания имени А. Байтурсынова Анар ФАЗЫЛЖАН.

– **Министр образования и науки РК Ерлан Сагадиев обещал, что в 2017 году будет принят приемлемый для всех алфавит на латинице для перехода казахского языка. Вы один из его разработчиков. Как идет работа и когда будет готов новый алфавит?**

– В своей программной статье Президент дал поручение за очень короткий срок выбрать национальный алфавит на основе латинской графики. Была создана республиканская комиссия, которую возглавляет **директор Института языкознания, доктор филологических наук Ерден Кажыбек**, эта комиссия сейчас очень тщательно работает над выбором алфавита. Далее я бы хотела высказать мое личное лингвистическое мнение в этом вопросе. В выборе национального алфавита четко сформировались два важных мнения.

Первая точка зрения принадлежит апологетам алфавита, в основном казахстанским программистам, который ограничивается 26 буквами латинского алфавита из клавиатуры. Они хотят создать национальный алфавит казахского языка, ограничиваясь только буквами латинского алфавита английского языка. Представляете, как это сложно?

Звуковая система любого языка имеет свои специфические особенности, и графическая система одного языка ограничена для передачи графической системы другого языка. Эта группа уже четко обозначила свою позицию, и, к моему большому сожалению, многие чиновники поддерживают именно ее. Я, как лингвист, должна предупредить, что будет, если мы выберем этот вариант. **Этот алфавит из-за ограниченности своих ресурсов для передачи казахских звуков будет использовать сочетание букв, то есть диграфы.** Либо там обязательно будет одна графема, которая будет обозначать два совершенно разных звука. Это очень неудобно для чтения казахских текстов и написания казахских слов. Если будет принят этот алфавит, то **лингвистам предстоит тяжелейшая работа по разработке новых орфографических правил**, и нет никакой гарантии, что они не будут иметь противоречий.

Таким образом, чтение очень усложнится, будет много ситуаций, когда читатель должен будет понимать слова не по буквам, а по контексту.

Сейчас объясню. Например, буквы «o» и «ø», слово «онер» будет писаться как **онер**, но в данном случае его можно распознать, потому что **стоит мягкая «е», читатель будет произносить мягко и поймет, о чем речь.** Но есть такие слова, где нет окружения мягкости, например, «ør» – **возвышенность** и «ор» – **яма. Читатель вынужден будет определять слово по общему содержанию.** Это приведет к величайшему психологическому дискомфорту.

Таким образом, если примут алфавит, который ограничивается 26 буквами английского языка, то неминуемо Казахстан будет переживать сильнейший лингвистический кризис.

Этот кризис приведет к большим сложностям, боюсь их даже описывать. Понятно, что, если мы не будем в клавиатуру вводить никаких

дополнительных знаков, с финансовой стороны это обойдется намного дешевле Казахстану. С другой стороны, наши уважаемые программисты приводят довод, что **если мы примем алфавит, который по стандарту будет соответствовать стандарту языка программирования, то Казахстан прорвется по направлению подготовки собственных софтов**, что у нас будет бум в новых технологиях и программировании. Звучит хорошо, но есть большие сомнения на этот счет. Узбекистан принял именно этот алфавит, у них тоже были такие цели, намерения. Но, несмотря на это, узбекских технологических продуктов, вышедших на мировой рынок, я не видела, может, ошибаюсь. Не считаю, что техническо-инновационный прорыв зависит от алфавита. Прорыв будет в том случае, если мы будем комплексно подходить к этому. Это и вопрос подготовки кадров, к сожалению, у нас абсолютная масса программистов не знает казахского языка. Если мы хотим прорваться, у нас должны быть кадры, которые не то что говорят, а творят на собственном языке.

Переход на латиницу: конкурентоспособность и безопасность страны

Вторая группа поддерживает алфавит, который основывается на принципах сохранения собственной звуковой системы языка, это удобно для прочтения, для написания казахских слов.

Лингвистический принцип мы считаем правильным, на него опираются все мировые алфавиты. Те же графемы, которые пишутся через черточки, точки, диакритические знаки, присутствуют в европейских языках. И я бы не сказала, что эти нации отстали в новых технологиях. Возможно, «компьютерный алфавит» финансово облегчит реформу, но последствия будут очень сложными. На данном этапе идут споры именно по этим вопросам.

Письмо, графика должны существовать для удобства чтения, для удобства понимания, а не для удобства компьютерных технологий.

В составлении алфавита, конечно, должно учитываться мнение педагогов, психологов, экономистов, программистов, чтобы откорректировать его, но в первую очередь алфавитом должны заниматься лингвисты, к сожалению, есть люди, которые не понимают этого.

Латиница решит многие вопросы

– Как вам кажется, введение латиницы сможет выравнивать неравномерное владение казахским языком в обществе?

– Если будет принят новый алфавит, который действительно служит для письма, для прочтения, а не для программирования, то, конечно, переход на латиницу поможет эффективно решить многие вопросы. Обучая новому алфавиту, можно привлечь к этому процессу наших граждан, которые еще не знают казахский язык. Через новый алфавит можно совместить обучение с глубинным изучением казахского языка для молодого поколения. Переходя на латиницу, можно разработать новые правила орфографирования, перевод терминов на казахский язык и другое. Очень много вопросов можно решить

через переход на новый национальный алфавит, я очень надеюсь, что так и будет.

«Қазақ үні» ұлттық порталы

9 қыркүйек 2017 ж.

<http://www.qazaquni.kz>

Ерден Қажыбек

МЕКТЕПТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ ҚАЗАҚ МЕКТЕБІ БОЛУЫ КЕРЕК!

– Ерден Задаұлы, соңғы кездері латын әліпбиіне өту мәселесі қызу талқылануда. Кешегі Совет Одағының құрамында болған бірқатар елдер бұл әліпбиге тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ ың-шыңсыз өтіп алды. Қалай ойлайсыз, біз қолымызды мезгілінен кеш сермеп қалған жоқпыз ба?

– Латын әліпбиіне өту мәселесі баяғыда-ақ пісіп-жетілген. Еліміз тәуелсіздік алған сәттен бастап күн тәртібінде тұрған мәселе. Әрине, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында «тәуекел» деп латынға ауысып алғанда, тіптен жақсы болар ма еді? Бірақ, шындықты айту керек, ол кезде еліміздің жағдайы мүлдем басқаша болды. Былайша айтқанда, ешқандай мүмкіндігіміз болған жоқ. Ол кезде қазақ ұлтының үлес салмағы аз еді. Тәуелсіз еліміз енді-енді ғана тәй-тәй басып, экономикамыз еңсесін көтере алмай жатты. Қаржы жоқ. Екі бүйірімізді қысып екі алпауыт ел жатыр. Осы жағдайлар латынға бірден өтіп кетуге мүмкіндік бермеді. Президентіміз ең алдымен экономика деген саясат ұстанды. Алдымен аяққа тұрып алайық деді. Енді, міне, саяси тұрғыдан алғанда қазір латын әліпбиіне өтуге ең ыңғайлы кезең. Экономикамыз тұрақты, демографиялық жағдайымыз жақсарып келеді. Сондықтан қазір үлкен мүмкіншілік туып отыр. Яғни бұл бастама бойынша дер кезінде шешім қабылдап, іске асыру қажет. Латын әліпбиіне өтуді көп адам тек тілдік мәселе деп ойлайды. Тек жазу, әріп ауыстыру деген сияқты. Мүлдем олай емес. Бұл – өркениеттік таңдау. Бұл – бағытты өзгерту. Құлдық санадан арылу. Өз басым латын әліпбиіне көшу мәселесі Алаш қозғалысының 100 жылдығы қарсаңында көтерілгенін жақсы ырымға баладым. Аруақтар қолдап жатыр. Рас, еліміздегі ұлттық мәселелер бәрімізді алаңдатып отыр. Президенттің соңғы мақаласы еліміздегі ұлттық саясатты 180 градусқа бұрып жіберді. Бұрын көпұлттылық мәселесі көбірек айтылатын. Қазір ұлттың мәселесі көп айтылып жүр. Қазақстан сияқты кез келген ел көпұлтты. Германия, Франция, Англия – оларда да көптеген ұлттар тұрады.

Бірақ барлық елде мемлекет құраушы ұлт болады. Менің ойымша, латын әліпбиіне көшу арқылы қазақ тілі шын мәнінде мемлекеттік тілге

айналуға бастама алады. Біз көне ел, көне мемлекетпіз. Латын әліпбиіне көшу – тілдік мәселелердің бәрін өз қолымызға алу деген сөз.

– **Жақында министр Е.Сағадиев жыл соңына дейін латын әліпбиінің дайын болатынын айтып қалды...**

– Негізі, тілімізде 28 дыбыс бар. Бірақ қазіргі әліпбиімізге тілімізде жоқ әріптерді кіргізгенбіз. «Ё», «я», «ю», «ц» деген сияқты әріптерді... Сондықтан әріп санын ретке келтіру керек. Бәлкім, «ф», «ч» деген сияқты кейбір әріптер қалуы мүмкін. Бұл әріптер араб-парсы және басқа тілдерде бар ғой. Ал тілімізде араб-парсыдан енген сөздер көп. Дегенмен мәселе әріпте де емес. Қазір жазу ережелеріміз қазақша емес. Яғни ережелеріміз қазақша-орысша. Біз «съезд» «университет», «факультет» деген сөздерді қалай жазамыз? Әрине, орысша жазамыз. Яғни ережелеріміз орысша-қазақша аралас. Содан барып тіліміз де аралас болды. Сондықтан ең алдымен емлемізді жөндеуіміз керек. Сөздерді қазақша жазып, қазақша айту қажет. Мысалы, «шіркеу» қазақтың сөзі сияқты. Бірақ кезінде біздің қазақтар «церковь» деген сөзді «шіркеу» деп қабылдаған. «Бөкебай» дейміз. Қандай әдемі сөз. Бұл «пуховой» деген сөздің қазақша баламасы екенін екінің бірі біле бермейді. Бөтен сөздерді өзімізге енгізгенде өзіміздің тілдік ережелерге сыйғызып жібереміз. Бөтен сөздер өз сөзіміз сияқты боп қалады.

Тіпті қазақ тілінің қоры өте бай екенінің бір дәлелі болар, шетелдің бір сөзінен бірнеше сөз жасап аламыз. Мысалы, «әбдәсте» деген сөз парсы тілінен «сулық орамал» деп аударылады. Содан «дәс» (беторамал), «дес» (тендік, қол ұшын беру), «әбдест» (дәрет), «әбдесте» (орамал) деген сөздер туындаған. Сондай-ақ арабтың «тағам» сөзінен біздің тілде екі сөз пайда болды: «дәм» және «тағам». Ал бұл екеуі араб тілінде бір-ақ сөз. Бір сөзді екі фонетикалық вариантқа бөліп, екі бөлек сөз жасап алған. Және бұлар тіліміздің заңдылықтарына байланысты тілімізге сіңген. Сол сияқты «бөрене» сөзінің түп-тамыры «бревно».

– **Қайбір күнгі жиында сіз «латынға көшу арқылы технологияны тезірек меңгереміз» дегендей әңгіме айтып қалдыңыз. Шынында, латын әліпбиіне көшіп кетсек, жаңаны меңгеруге даңғыл жол ашыла қала ма?**

– Қарап отырсаңыз, қазір дүние кішірейді. Ұшаққа отырасың да, Жер шарының басқа бір бөлігіне жетіп бара қаласың. Бұрынғыдай шегара жоқ. Қаншама адам шетелді еш кедергісіз аралап, шаруаларын тындырып жүр. Қазір бизнестің барлығы ғаламторда. Заман өзгерді. Алдағы уақытта компьютер біздің кітабымыз да, газетіміз де, телевизорымыз да болады.

Қазіргі инновациялар мен технологиялардың негізгі тілі – латынша. Мысалы, қытайдың өз иероглифтері бар, бірақ ІТ, компьютерлік бағдарламаларын латынша жасайды. Жапон мен кәрістер де солай. Яғни бағдарламалау, кодтау, ғаламтор арқылы байланыстың тілі негізінен латынша. Сарапшылардың айтуына қарағанда, енді 20 жылдан кейін жағдай түбегейлі өзгереді. Соған ілесуіміз керек. Шаң қауып, артта қала беруге болмайды. Дамыған елдердің алдыңғы қатарынан көріну үшін осындай қадамдарға батыл баруымыз қажет.

– Ерден Задаұлы, осыдан бірнеше жыл бұрын Мұхтар Шаханов бастаған бір топ зиялы қауым президентке хат жазып, латын әліпбиіне өтудің қажеті жоқ екенін ашық айтқан болатын. Енді сол зиялы қауымның біразы бұл реформаны қос қолын көтеріп қолдауда... Бұған президенттің латын әліпбиін түбегейлі қолдауы әсер етті ме, жоқ, шынында, зиялы қауым бұл істің пайдалы жағын енді аңғарды ма, ол жағы белгісіз. Дегенмен бұл мәселеде зиялы қауымды толғандырып жүрген мәселелер әлі де өте көп...

– Иә, айтайын деп тұрған ойыңызды түсіндім. Ең алдымен, Мұхаңа, Мұхтар ағамызға келейік. Мұхтар Шаханов өте таза адам. Кез келген мәселеге елдік тұрғыдан, халықтың көзқарасымен қарайды. Ел үшін жүрегі ауырады. Ол кісінің уәждерін жақсы түсінемін. Құдай қаласа, алдағы уақытта үш-төрт жігіт Мұхаңа барып, асықпай әңгімелесіп, ақылдасып қайтамыз деген жоспарымыз бар. Дәлелдерімізді айтып, Мұхаңның бетін бері қартуға әбден болады. Өйткені Мұхаң бұл әліпби халыққа шын мәнінде қажет дүние екенін түсінсе, біздің бастамамызды толық қолдайды деп ойлаймын. Және солай болатынына сенімдімін. Негізі, кез келген мәселеде пікір алуандығы керек. Ал миллиондаған кітаптардан, әдебиетімізден қол үзіп қаламыз деу бүгінгідей дамыған технология заманында адам сенетін нәрсе емес. Қазір кітапханалар барлық кітаптарды сандықтап, цифрлап жатыр. Әдеби қорымыздың біраз бөлігін қазір ғаламтордан табуға болады. Қазір әріптерді бір әліпбиден екінші әліпбиге ауыстырып бере салатын небір технологиялар бар. Сонымен айналысатын фирмалар да көп. Латын әліпбиіне көшкен алғашқы жылдарда кез келген оқырман ғаламторға кіріп, өзіне қажетті дүниелерді кез келген әліпбиде тегін жүктеп ала алады. Тіпті оны өзіне керекті әліпбиге ауыстырып та алуына болады. Әрине, бұл бағытта шығындар болатыны рас. Алғашқы кезде классикалық шығармаларды көптеген тиражбен шығару қажет. Оны тегін, болмаса өте арзан бағамен сату керек шығар. Одан бөлек, мектеп, орта және жоғары оқу орындарының кітаптары бар. Сөздіктерді көптеп шығару керек. Бұған көп қаржы керек болады. Бірақ тілдің қорғаныс механизмі бар. Тіл біздің жағдайымызды қиындатуы мүмкін. Немесе, керісінше, жол ашып, ыңғайлы жағдай тудыруы мүмкін. Дәл қазіргі тіліміздің әріптік құрамы, ережелер жиынтығы – үлкен бір кедергі. Қазақ тілінің дамуына, үйретуге, үйренуге деген үлкен кедергілердің бірі. Біздің тілдік грамматикалық көп дүниеміз орыс тілінің көшірмесі сияқты. Жоғарыда айтқандай, жазу мен айту принциптеріміз қазақша емес. Дүниежүзі басылымдарында бір-екі қате жіберу бұл үлкен мәселе. Еуропаның газеттерінде бір-екі орфографиялық қате кетсе, ел үлкен мәселе етіп дабыл қағып талқылап жатады. Ал біздің газеттеріміз әрқайсысы өзінше жазады. Неге? Бұл халық сауатсыз болғандықтан емес немесе ғалымдарымыз ештеңе істей алмай отырғандықтан емес, әріптер мен ережелеріміздің олқылығы. Біз мұнымен алысқа бара алмаймыз. Біздің қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең бай және ең көне тіл. 15 томдық түсіндірме сөздік шығардық. Тіпті 30 том шығаруға да болар еді. Тіліміз өте бай. Түркия

өте дамыған ел. Олардың түсіндірме сөздіктері 4-ақ том. Яғни қазақтың тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі, тарихы түркі дүниесінің ең көрнекі әрі сүбелі бөлігі.

– Бұл мәселеде орыс және де еліміздегі басқа ұлттардың сыныптары не істейді? Олар да латыншаға көше ме?

– Жоқ, біз бұл жерде қазақ тілінің реформасын жасап отырмыз ғой. Мысалы, қытай, ағылшын, орыс тілдері біз үшін шет тілдер. Латын әліпбиі қазақ тілін оқитын, үйренетін, осы тілде сабаққа қатысатындарға қатысты. Білім және ғылым министрлігінің жоспарына сәйкес, орыс мектептерінде де кейбір пәндер қазақша жүргізіледі. Бұл қазақша үйренудің сапасын жаңа деңгейге көтереді деп ойлаймын. Әрине, олар бұл пәндерді латынша оқитын болады. Орыс тілі – көрші мемлекеттің мемлекеттік тілі. Әрине, біздің елде орысша сөйлейтіндер көп. Менің ойымша, біздің елде орыс-қазақша мектеп дегенді доғаруымыз керек. Биылғы жылдан бастап министрлік «қазақ мектеп» деген атауды алып тастап отыр. Қазақстанда «қазақ мектебі» деп жазудың өзі ұят қой. Ресейде орыс мектебі жоқ. Англияда ағылшын, Қытайда қытай мектебі деп жазылмайды. Қазақстандағы мектептердің барлығы қазақ мектебі болуы керек. Орыс мектеп деген де болмауы керек. Бәлкім, орыс тілін тереңдетіп оқытатын, қытай тілін тереңдетіп, екінші тіл ретінде оқытатын мектептер болуы мүмкін. Жасыратыны жоқ, біз қазақ тіліне тек қазақ халқының тілі деп қарап келдік қой. Бұл КСРО-дан қалған ұғым. Қазіргі кезде қазақ тілі тек қазақ халқының ғана тілі емес, бұл осы мемлекеттің тілі. Қазақтың мәдениеті тек қазақ халқының ғана мәдениеті емес, ол да осы мемлекеттің мәдениеті. Өйткені біз мемлекет құраушы ұлтпыз. Неге біз ағылшыншаны тықпалап жатырмыз? Мемлекеттік деңгейде білек сыбанып кірісіп жатырмыз. Өйткені біз орыс тілінде алып отырған ақпараттың 90 пайызы ағылшын тілінің аудармасы. Ал неге біз тікелей нұсқадан алмаймыз? Орыс тілінің бізге әсерін азайту үшін ағылшыншаны кіргізіп отырмыз. Біз бұдан ұтылмаймыз.

– Менің түсінбей отырғаным, орыс мектептері өз тіліндегі сөздерді латын тілінде қалай жеткізеді? 28 әріп орыс тілі үшін аздық етпей ме?

– Өз тілдері деген қай тіл ол? Орыс тілі кирилше бола береді. Қазір орыс тілін өзгерте бастасақ дау-дамай болуы мүмкін. Бұл – қазақ тілінің реформасы. Бұл мәселеге терең ойланып қарау қажет. Мұндағы мақсат – орысша оқытындардың санын азайту. Әрине, орыс тілін білгеннен біз ұтылмаймыз. Бірақ өз тілімізді білмей, басқа тілде сайрай берген де дұрыс емес.

– Өзіңіз ойлаңызшы, сонда қазақ мектептері бір әліпбиде, орыс мектептері басқа әліпбиде, білім саласы ойран-ботқа боп кетпей ме?

– Қайталап айтайын, біз қазақ тілін латынға көшіріп отырмыз. Бұл – мемлекеттік тілге жасалып отырған реформа. Қазақша оқытын мектептер латыншаға көшеді. Орыс сыныптары қазақша өтетін пәндерді латынша оқиды. Ал орыс тілін немесе сол тілдегі басқа да пәндерді кириллицамен оқи береді. Олай етпеуге біздің құқымыз да жоқ.

Меніңше, бұдан қазақ тіліне деген ұмтылыс күшейеді. Дүниежүзінде біздің әліпбиімізден сорақы әліпби жоқ. Оны мойындауымыз керек. Жазу-

сызуда, орфографиялық ережелерді бұзуда қазақтан өткен сауатсыз халық жоқ. Кей сөздерді, терминдерді әр басылым әртүрлі жазады. Мұның бәріне бір кездегі солақай саясат кінәлі.

– **Латынға өтеміз дегелі әртүрлі пікірлер айтылып жатыр. Бұл жайында Қырғыздың президенті, Ресейдің Білім министрі өз ойларын айтып қалды. Осыдан кейін бұл бағыттағы жұмыстардың қарқыны басылып қалған жоқ па?**

– Әрине, әр елдің өз саясаты бар. Қырғыз бен қазақтың достығына ешкім нұқсан келтіре алмайды. Дегенмен де, қызметте жүрген лауазымды тұлғалар сөйлеген сөздеріне мұқият болғандары дұрыс қой деймін. Ресейдің Білім және ғылым министрі ғаламторда «Бұрынғы КСРО-ның құрамында болған кейбір елдер латынға көшті, олар орыс әліпбиіне қайтып оралуы керек. Ал басқа әліпбиге көшемін дегендері бұл мәселені тоқтату керек», – деп айтты. Бірақ мұндай пікірлер басталып кеткен тірліктерге кері әсерін тигізуі мүмкін емес.

Қырғыз үкіметінің өзі латынға көшу туралы шешім қабылдаған. Одан кейін Қырғызстан парламенті бұл шешімді ратификациялады. Енді осыдан кейін олардың бұлай сөйлеп жатқандарына таңым бар... Меніңше, бұл – жеке бастың пікірі ғана. Ал латын әліпбиіне көшкен дұрыс па, жоқ, кириллицада қала бергеніміз дұрыс па? – деген сұраққа бір-ақ жауап – міндетті түрде тезірек көшуіміз керек. Өткен тарихқа үңілсек, латынға көшуді 1920-30 жылдары Кеңес өкіметінің өзі бастаған. Әрине, әзербайжандар бір ғасырдай уақыт бұрын бастап қойған болатын. 1917 жылы Кеңес өкіметі билікке келгеннен кейін Ленин бұл мәселені көтеріп: «КСРО құрамындағы елдер тез арада латыншаға көшу керек, бұл революцияның тілі болады» – деп айтты. 1918 жылы сол кездегі Білім министрі Луначарский латын тілінде кітап шығарып, 10 жылдың ішінде КСРО құрамындағы 50 халық латыншаға көшеді. Бірақ Ленин қайтыс болғаннан кейін Сталин саясатты қайтып өзгертіп жіберді. Неге өзгертті? Ол кезде Түркістан Республикасы бар. Ол да Ресей сияқты үлкен федерация болатын. Басында Ленин мен Сталин Түркістан Республикасын қолдады. Түркістанды Екінші дүниежүзілік соғыс біткеннен кейін ғана екіге бөлді ғой. Түркістанның жартысын Қытайға сыйлады. Жалпы, Түркістан өте үлкен аумақты алып жатқан федерация сынды мемлекет болды.

Бұл Қытайдың жартысы мен Орта Азияны алып жатты. Және Ресейдегі 15 республика, яғни татар, ноғай, башқұрт, шуваш, алтай, тува, хакас, қараша-балқар, якут, қырымтатар және тағы басқалары, Түркия мен Әзербайжан – бәрі Түркістанмен тығыз байланыста еді. Қосыламыз деген ниеттері болған. Олар бізге қосылса, Ресей тіптен кішірейіп кетер еді. Меніңше, КСРО-дағы түркі халықтарының үлесін азайту үшін Түркістанды екіге бөлді. Қазақ тіл білімінің дүниеге келуі мен оның қалыптасуына бар өмірін, күш-жігерін жұмсаған Құдайберген Жұбановтың сол кезде: «Латынға көшу – қазақ халқының таңдауы емес, саяси биліктің тапсырмасы» деп айтқаны бар.

Сондықтан бұған Ахмет Байтұрсынов қарсы болды. Шынында, түркі халықтарының барлығы бір әліпбиде болса, қандай керемет болар еді!? Төте жазуымыз да өте жақсы болды. Ахандар басында қарсы болса да, жұрт латыншаға белсенді түрде көшкен соң, өзі бұл іске араласып, жап-жақсы әліпбиіміз жасалды. Бұл 1928 жылдар еді. 1938 жылдары Ахмет Байтұрсынов, Құдайберген Жұбанов сынды ұлт арыстары атылып кетті. Одан кейінгі бір-екі жылда біздің латыншамызды адам көргісіз қылды.

Орыс әріптерін төкті, ережелерін енгізді. Одан кейін кириллицаға ауыстырды. Арада тағы 10 жыл өткенде, яғни 1950 жылдары «орыс сөздерін өзгертуге болмайды» деген бұйрық шығарды. Өйткені ол кездегі мемлекеттік саясат болашақта орыс тіліне көшуімізге алып келе жатты. Орыс тілі мен орыс мәдениетінің негізінде құралған Кеңес деген ел болуымыз керек еді. Әліпбиді ауыстыру соған жетуді тездете бастады. Қазақтың жағдайын, болашағын ешкім ойлаған жоқ.

– Енді қазіргі жасалып жатқан латын әліпбиінде 1928 жылғы әліпби ескеріліп жатыр ма?

– Әрине. Біз тілдің өз табиғатына сәйкес ережелерін жасауымыз қажет. Тілдің негізгі заңдылықтарына сәйкес бүкіл жазылым, айтылым ережелерін жөндеп алуымыз керек. Қазіргі жастардың көбісі, әсіресе қаланың балаларына қазақша текст беріп оқы десең, міндетті түрде орысша акцентпен оқиды.

– Сіздің ойыңызша, біздің ел латын әліпбиіне нақты қай уақытта көшеді?

– Тез арада көшу керек деп айтып қалдым ғой... Бірақ бұл жерде тез көшу деген мәселе әліпбиімізді бекітіп, Үкімет ресми жоспар құрып, жұмысты бастау деген сөз. Ал, жалпы, асығыстық жасамау керек. Кезінде түріктер асығыстық жасап жіберді. Ататүрік өз халқын латыншаға жарты жылда көшірді. Бірақ асығыстықтың салдарынан 3-4 дыбысты ұмытып кетті. Мысалы, ә, ң, қ деген дыбыстарды таңбалаған жоқ. Бұрын «Гөзәл» деп айтушы еді, қазір «гөзел» дейді.

Түрікмендер де асығыстық жасады. 1993 жылы Түркияның президенті Түрікменстанға ресми сапармен келді. Соған сыйлық жасаймыз деп, Үкіметтің қаулысын шығарып, «міне, біз латынға көштік» деді. Шынында, әліпбиді ауыстырды. Бірақ олар да кириллицаны қайталай салды да, бір-екі әріптерді ұмытып кетті. Өзбекстан да латынға көшкелі бері әліпбилеріне төрт мәрте өзгеріс енгізді. Енді латын әліпбиі дайын болғаннан кейін бірінші кезеңде мұғалімдерді дайындауымыз керек. Оқулықтар, сөздіктер шығару қажет. Ережелерді жазып, өңірлік көшпелі отырыстар, тренинг, семинарлар өткізу керек. Дайындық жұмыстарымен бір-екі жылды өткергеннен кейін жоспарлы түрде ең алдымен мектепке дейінгі мекемелерде, бастауыш сыныптардан бастауымыз қажет. Яғни дайындық кезеңі өте жүйелі, сапалы түрде өтуі тиіс. 25 жылдың ішінде бұл мәселе жан-жақты зерттелді. Қазір технология дамыған заман. Осының бәрі әліпбиімізді тезірек ауыстыруға өте ыңғайлы жағдай деп ойлаймын.

Ерден Қажыбек

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ АРҚЫЛЫ ТІЛ САЛАСЫНДАҒЫ ЖҮЙЕСІЗДІКТЕН АРЫЛАМЫЗ

Кеше ҚР Парламенті Мәжілісінде «Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселелері туралы» парламенттік тыңдау өткен болатын. Елбасы мақаласында айтылған латын әліпбиіне көшу мәселесі талқыланған жиында жаңа әліпбидің нұсқасы таныстырылды. Бұл алдағы уақытта халық назарына ұсынылып, тіл мамандарының талқысына түсетіні белгілі. Осы орайда қазақ тілінің латын әліпбиіндегі жаңа алфавиті жайлы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Ерден Қажыбекпен әңгімелескен едік.

Қазақ тілінің қадір-қасиетін бір адамдай білетін маман латын әліпбиіне ауысу арқылы қазақ өз руханиятының тізгінін өзі ұстайтын болады дегенді айтады.

– Латын әліпбиіне көшудің қаншалықты қажеттілігі бар?

– Біз латын әліпбиіне көшкен кезде бәрі басқаша болуы керек. Қазір қалай айтсақ та, орыс тілінің бір филиалы ретінде ғана өмір сүріп жатырмыз. Біздің заңдарымыз да аралас, орыс-қазақ тілдерінде. Барлығын да орыс тілінен алып, қазақ тіліне кіргізе саламыз. Қазақ тілінде мағынасы бар сөздерді, басқаша айтылып, басқаша қолданылатын сөздерді сол қалпында орысшадан алып, кіргізіп отырмыз. Мысалы, «Мы живем в век жаһандану» деп қолданбаймыз ғой орысша. Ал біз қазақша тура осылай қолданып жүрміз. Абай айтқандай, «бөтен сөзбен сөз арасын былғап» біттік. Біз – тілімізді бұзып, ережелеріміздің барлығын шатастырып жүрген елміз. Латын әліпбиіне ауысу арқылы осындай жүйесіздіктен құтыламыз.

– Осылай тіл заңдылығының тоз-тозын шығарып алған басқа мемлекеттер бар ма?

– Көп. Жалпы біз қазақ елі осы күнге жеткенімізге шүкір деуіміз керек. Елбасы да бұл туралы өз мақаласында айтты. «Ымды білмеген, дымды түсінбейді» дегендей, біз өте күрделі тарихты бастан кешкен халықпыз. Сондықтан қазіргі кезде тілдік реформа арқылы ең негізгі жан-дүниемізге қажетті, төл болмысымызға сай дүниелердің тізгінін өз қолымызға алуымыз керек. Ал тіл саласына байланысты мемлекетте қордаланған мәселелер өте көп. Егер біз тіл мәселесін шешсек, онда еліміздегі біраз дүние оп-оңай шешілер еді.

– Сіздер ұсынған әліпби нұсқасы қабылданбады. Не себепті?

– Бұл жерде біз ғана емес, тіл саласының мамандары өз нұсқаларын ұсынуға құқылы. Және бір ғана әліпби болуы керек. Демек, қанша ұсыныс түссе де, біреуін ғана қабылдау заңды ғой.

Мысалы, кезінде араб тілінде үш-ақ дауысты дыбысы, 2 қ, 2 с, 2 т бар, мүлде жат әліпбидің өзін пайдаландық қой. Ал біздің латынға көшеміз деп жүргенімізге біраз жыл болды. Дайын латын әріптері де бар. Соны неге пайдаланбаймыз? Осының өзімен-ақ қазақ тілін жасауға болатын еді. Бірақ ноқат қоймай, қос таңба –диграфтарды пайдалану арқылы қазақтың төл дыбыстарын жасауды ұйғарды.

– Ал осы жаңадан ұсынған латын әліпбиінде қос таңбамен берілетін біраз дыбыс бар. Сөзді жазғанда таңба көбейіп, шұбалаңқы болып кетпей ме, қалай ойлайсыз?

– Осы жерде бір мәселені ашып айта кетейін. Бұл ұсынған әліпби – нұсқа ғана. Алдағы екі жыл көлемінде ол халық назарына ұсынылып, талқыланады. Қазір әлеуметтік желілерде осы әліпбиге қатысты үлкен шу болып жатыр. Әрине, бұл жақсы, халық көзқарасын жеткізгені дұрыс. Дегенмен, бүгін әліпби жасап, ертең қолданысқа берейін деп жатқан ешкім жоқ. Осы әліпбидің қолданыс аясын, дыбысталуын, оқылуын, жазған кездегі көркемдігін – барлығын қадағалап, сараптап, талдайтын лингвистерден арнайы қоғамдық кеңес құрылды. Осы көп талқысына ұсынылған әліпби нұсқасын да сол тіл мамандары жасаған.

Ал бұл әліпбимен жазуда таңбалар шұбалаңқыланып кететіні анық. Соның салдарынан психологиялық тұрғыдан адамдарға үйрену оңай бола қоймас. Шұбалаңқы сөздерді оқығанда адамдар жалығып кетуі де мүмкін. Мұны мойындау керек. Бірақ, мысалы, біз паспорттарда бұрыннан ж-ны өзінің **j** деген таңбасы болса да, **zh** деп, **ш**-ны **sh** деп жазып жүрміз. Соған үйреніп те кеттік. Дегенмен қазіргі заман – интернет заманы. Осыдан екі-үш ғасыр бұрынғы байланыс жоқ дәуір емес қой. Елдің барлығы ағылшын тілін меңгеруге тырысып жатыр. Технология, интернет, экономика – барлығының тілі қазір латынша. Сол заман ағымынан қазақ көші неге қалуы керек? Яғни бізге де бұл тілді меңгеру, Елбасы айтқандай, заман талабынан туындап отыр.

– Елбасының сөзіне қарағанда, орыс тілділер үшін латын әліпбиіне көшудің қажеті жоқ. Ал бір мемлекеттегі екі әліпби халықтың санасына салмақ болмай ма?

– Мәселе сонда. Бізде бір әліпби болуы керек. Ал біз бүгінгідей орыс тіліне еркіндік берсек, бір әліпби ешқашан болмайды. Онда әліпби жоқ деп есептей беріңіз. Қазір тіліміздің заңдары – таза қазақы түсініктегі заңдар емес. Орыс заңдарын да қабылдай береміз. Мысалы, жазғанда да, сөйлегенде де екі тілдің заңдары аралас. Орфографиялық сөздік деген бар. Оны үлкен-үлкен ғалымдар қабылдап, дайындайды. Ал сіз газет-журналдарды қарап отырсаңыз, осы орфографиялық заңды сақтайтын бір адам бар ма? Жоқ. Әркім өзінше жазады. Тілшілердің өздері әртүрлі қолданады бір сөзді. Неге? Біздің қазіргі қолданыстағы ережелермен алысқа бара алмаймыз. Бір нұсқа жасап шығу мүмкін емес. Біз кейбір дыбыстардың өзін жоғалтып алдық. «У»

деген дауыссыз дыбыс жоқ қазір. Тау дегендегі. Орыс тілінде ол жалғыз «у» деп, дауысты дыбыс ретінде қолданылады. Ал бізде ол оншақты мәнге ие. Әрі дауысты, әрі дауыссыз, әрі қостаңбалы (диграф).

Дегенмен орыс тілділер де азайып келеді. Өткен жылы қазақстандықтардың 78 пайызы баласын қазақ мектебіне берді. Енді бір үш-төрт жылдан кейін көресіздер, санымыз 80 пайыздан асқаннан кейін барлығы өз орнына келеді. Қазақ тілі қазақ жерінде өз тұғырына бәрібір отырады. Соған келе жатырмыз.

– Мысалы, бүгінгі таңда 400 мың бала аралас мектепте оқып жатыр. Бұлардың ертеңгі тағдыры не болады, егер біз латыншаға көшіп кетсек?

– Мәселен, осындай жағдайлардың барлығын жөндеу үшін біз ең алдымен өз дүниемізді өзіміз реттеп алуымыз керек. Аралас мектеп деген бұрыннан қалған анахронизм, ешқандай қажетсіз дүние ол. Бір мақаламда Қазақстанда тұрып қазақ мектеп деп атаудың өзі ұят екенін жазғанмын. Ал жалпы менің ұғымымда, Қазақстанда бір әліпби болу керек, бір тіл болуы керек.

– Бәлкім, олай жасау үшін Тіл туралы Заңның 7-ші бабына өзгеріс енгізіп, содан кейін ғана талап етуіміз керек шығар?

– Біз негізі латын әліпбиіне баяғыда, Тәуелсіздік алған соң бірден көшуіміз керек еді. Оған мүмкіндігіміз болмады, санымыз да аз еді. Экономикамыз да олқы болатын. Ал Қазақ елінің өз қолы өз аузына жеткен кез – дәл осы қазіргі кез.

Бұндай жағдай әлемнің барлық елінде дерлік бар. Заңды өзгерту, іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу қатарлы мәселелерді біз үнемі айтамыз. Бірақ одан нәтиже жоқ. Ал енді біз мұндай түйіндерді латын әліпбиіне көшу арқылы шешетін боламыз. Біздің латыншаға көшудегі басты мақсатымыздың өзі сол. Іргемізді бекітіп, дербестігімізді таныту үшін латыншаны таңдап отырмыз.

Сондықтан қазақ тілін бір ғана ұлттың, бір ғана халықтың – қазақтың ғана тілі дегеннен арылуымыз керек. Оның мемлекеттік тіл деген дәрежесін қалпына келтіріп, деңгейін көтеруіміз керек. «Жағдай жасалсын, сосын ғана көшеміз» деп отыра беруімізге болмайды. Бұл жерде үлкен шайқас жүріп жатыр деп қарауымыз керек. Сондықтан кез келген сәтті тиімді пайдаланып, жағдайымызды өзіміз жасауымыз керек.

Мысалы, Қазақстанда тұратын өзге ұлттар немесе орыс тілді қазақтар өздерінің қазақша білмегеніне ыңғайсыздануы керек. Біз қазір, тағы да айтамын, орыс тілінің қолтығының астында күн көріп келеміз. Міне, осыдан құтылуымыз керек. Өз тізгінімізді өз қолымызға ұстауымыз керек. Ол үшін тездетіп латыншаға ауысуымыз керек.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Ержан Жаубай

Айдос Сарым ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ҚАЗАҚТЫҢ ӨЗ ТАҢДАУЫ

Бүгінде қоғамда әліпбиді ауыстыруға байланысты түрлі пікірлер айтылуда. Біреулер латын әліпбиінің оңтайлы жақтарын алға тартса, енді басқалары бұл істе асығыстық жасамайық деп сақтандырады. Мұндай пікірлердің орын алуы өте заңды. Соның арқасында көпшілік осы күрделі мәселеге орай өзінің көзқарасын қалыптастырады.

Алайда анық бір мәселе бар. Ол – қазақ елі ерте ме, кеш пе міндетті түрде латын әліпбиіне көшеді. Оны Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Жолдауында анық айтты. Сонымен, әліпбиді латынмен алмастырғанда ұтатын және ұтылатын тұстарымыз қайсы? Қандай кедергілер бар? Осы орайда елімізге белгілі саясаттанушы Айдос Сарыммен сұхбаттасудың сәті түсті.

– **Айдос мырза, латын әліпбиіне көшудің қандай тиімділіктері бар?**

– Латын қарпіне көшу дегенді елде болып жатқан үлкен кешенді жобалардан тыс бөлек алып қарауға болмайды. Ол соның құрамдас бөлігі. Сондықтан, әрбір адам осының ішінен өзіне қажеттісін таба алады. Мысалы, Ресеймен тайталасып жүргендер «бұл бодандық қалыптан шығу, отарсыздануға ұмтылу» дейді. Мұны геосаяси плюс деп айтуға болар. Ал 2025 жылы мектепке барған бала кем дегенде 10 жылдан кейін орысшаны түсінбейтін жағдайға жетеді. Егер мұны отарсыздану деп қабылдасақ, оның да жөні бар. Бәлкім, осы реформаның қандай эффекті беретінін біз емес, бізден кейін 40-50 жылдан соң ұрпақ бере алатын шығар. Демек, латын әліпбиіне көшуді жеңіс пен жетістік деп бағамдайтын болсақ, оған аянбай қаржы да салуға негіз бар. Ал енді, тілдің функционалдық мүмкіндігі дегенге тоқталсақ. Жалпы, латынға көшу қазақтың тарихындағы тұңғыш рет өз еркімен әліпби таңдау. Анау Түркі қағанатынан бері қарайтын болсақ, араб тілі біздің таңдау болған жоқ, одан кейін большевиктер үкіметі кириллица қарпын таңып берді. Бұл да біздің көздегеніміз емес еді. Бірақ, қазақ тілінің әлеуеті 1930-ыншы жылдары өте мықты болды. Тілдің табиғиылығы, ішкі құрамының беріктігі кез келген терминді өз бойына оңай сіңіріп алды. Ал қазір жағдай басқа. Сол себепті, әліпби реформасын жүргізу үлкен істің бірі. Бүгінде жұмыс тобы құрылған. Аптасына бірнеше нұсқасын қарастырып жатырмыз. Жылдың соңына дейін нақты бір нұсқаға қол жеткізетін шығармыз. Айта кеткен жөн, мына реформамен қатар тілдің орфографиялық, орфоэпиялық басқа да заңдылықтары қайта жасақталады. Менің ойымша, латын әліпбиіне көшкенде бір әріп, бір дыбыс болса. Кейбір зиялы қауым өкілдері «ағылшын тілін негізге ала отырып, сонымен өтіп кету керек» деген пікірді айтады. Пайымдауымша, бұл да қате. Біз ағылшын алфавитін

қабылдап жатқанымыз жоқ, латын қарпін қолдана отырып ұлттық мүддемізге, тіліміздің заңдылықтары мен табиғатын, құндылықтарын сақтай отырып, ұлттық әліпби жасақтаймыз. Мәселен, алты-жеті төл дыбысымыз бар, соны қалай болғанда да қалдыру керек. Ол тілімізді терең түсінуді талап етеді. Осы әріпті бөлек белгі қылып сақтамасақ, ертең жазбамыз күрделеніп кетеді. Ал бір әріпті екі-үш символмен беретін болсақ, оны үйрену, қабылдау қиынға соғады.

– **Қазақ тілі латын әліпбиіне көшеді дегенде Ресейдің зиялы қауым өкілдерінің арасында үлкен дүрбелең туды. «Әлемдік даму процесінен қалып қояды, бұл өз-өздерін артқа тарту» деген секілді пікірлер айтылды...**

– Жаңа ұлттық әліпбиге көшу – ол тек қана қазаққа немесе қазақ тілін біліп, ұғынып, оны күнделікті өмірінде пайдаланып жүрген тұтынушыларға арналған. Оған Ресейдің, Украинаның, Қытайдың еш қатысы жоқ. Біз өзіміздің болмысымызға қатысты әлемді тану үшін орысқа жүгіне беруді қою қажет. Ресей өзінің мүддесін жасап жатыр, оны түсінемін. Бүгінгі реформа өзінің нәтижесін бірер онжылдықта береді. Ресейлік сарапшылар сол кездегі жағдайдан қорқып отыр.

– **Ал Қазақстандағы өзге ұлт өкілдері бұл реформаны қалай қабылдар екен?**

– Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдеріне таңдау жасау қажет болады. Егер болашақта балалары мемлекеттік қызметке барсын, мүмкіндіктерді толығымен игерсін, министр, депутат, әкім болсын десе, қазақ ұлтының құрамдас бөлігіне айналуы керек. Олардың неміс, кәріс, шешен болып сақталуы Қазақ мемлекетінің қалай дамып, өркендеуіне тікелей байланысты. «Императорлық статус» деген бар. Мысалы, орыстар неге қазақ тілін оқығысы келмейді. Өйткені көкірек жібермейді. Кеше ғана бізге әңгіртаяқ ойнатып жүрген адам, қалай енді екінші, үшінші рөлге түсіп қалады. Өйткені, елдегі орыс-славян халықтарын айтатын болсақ, көптеген адамдар азаматтық, адами, мемлекеттік таңдауын жасап біткен жоқ. Бірақ біз «отау ішінен отау тіккізбейміз». Бұл унитарлы мемлекетке жарамайды. Бәлкім, латынға көшу қадамы түптің түбінде елдегі өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілге деген ықтиярын, үйренуге деген ерік-жігерін қатайтуы керек. Жалпы, ұлттық әліпбиге көшу мәселесі саясатқа еніп кеткен қасаң қағидаттарға жаңа көзқараспен, жаңа тұрғыдан қарауға біздің элитаны мәжбүрлейді деп сенемін.

Сұхбаттасқан Айдос Қарабала.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Берік Уәли: «1 студияның» бүгінгі қонақтары – Халықаралық жоғары мектеп академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әділ Ахметов, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры Ерден Қажыбек, Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамыту орталығының директоры Ербол Тілешов және саясаттанушы Ерлан Саиров. Тақырып: «Латын әліпбиі – ұлт болашағы».

Берік Уәли: Латын әліпбиіне өту процесі қалай жүруі керек?

Ерден Қажыбек: Әліпбиді ауыстыру – ең оңайы, яғни үлкен жұмыстың бастамасы. Тілдік реформаның негізгі мәні – таза тілдік, яғни грамматикалық, фонетикалық, орфоэпиялық, емле ережелерін жаңадан жазу. Бұл емлемізді басқа тілдік заңдылыққа икемдеу емес, бұл – таза тілдік емле ережелерін жаңадан жазу. Өйткені қазіргі пайдаланып отырған ережелеріміз таза қазақтыкі деп айтуға болмайды, бұл – аралас ереже. Қазіргі кездегі ең үлкен проблема – сауатты жазу. Тіл мамандары осы мәселе бойынша дабыл қағып жатыр. Сондықтан тілімізді тазарту, тілімізді өзіміздің табиғатымызға бұру. Ахаңның кезінде қаланған мектепке, үлкен тілдік заңдылықтарға көшуіміз керек. Дәл қазір біз қазақ пен орыс тілдерінің заңдылықтары, грамматикасы да араласқан жағдайда тұрмыз. Сондықтан қазақ тілін жаңаша жазу үшін ең алдымен инвентарлық құралдарымызды анықтап алуымыз қажет».

Берік Уәли: Латын әліпбиіне көшу үдерісін дайындау Тіл білімі институтының негізгі мәселесі. Осыған дайынбыз деп айта аласыздар ма?

Ерден Қажыбек: Әбден дайын.

Берік Уәли: Соңғы нұсқа халыққа қашан ұсынылады?

Ербол Тілешов: Қазір талқылау өте қызу жүріп жатыр. Осы кезеңнен кейін жұмыс тобының алғашқы отырысы өтеді. Алдымен жұмыстың ауқымын, айтылып жатқан пікірлерді ескеруіміз қажет. Жоспар құрылып, соның негізінде қабылданған нұсқа қайтадан талқыға салынатын болады.

Берік Уәли: Латын әліпбиіне көшу ұлттың тағдыры болғандықтан, осындай алаңда талқыланып жатыр. Осыған орай жоба авторлары, білікті мамандар шақырылып, пікірлері тыңдалды. Бүгінгі талданған әліпбилер жоба ретінде болғандықтан әлі де талқыланады, өңделеді. Ең бастысы, халық таныс болсын деп осындай сұхбат ұйымдастырылды. Бүгінгі тақырыпты қорытындылайтын ойларыңызды айтсаңыздар.

Әділ Ахметов: Латын әліпбиіне көшу туралы проблема жоқ, ең бастысы саяси шешім қабылданды. Бұл – басы ашық мәселе. Біз бүгін пікірлерімізді айтып жатырмыз. Мысалы, Нью-Йоркты қалай таңбалайсыз? Бұндай сөздер өзгерместен жазылуы керек.

Ербол Тілешов: Халықтың бейжай қарамайтыны қуантады. Әр қазақ заманға сай әліпби қабылдағысы келеді және біз оған барынша атсалысамыз.

Ерлан Саиров: латын әліпбиі ағылшынға емес, қазаққа бейімделуі керек.

Ерден Қажыбек: дүниежүзінде 100-ден астам түркі тілі бар, 30-дан астам түркі мемлекеттері бар, жалпы санымыз 30 млн-нан астам, яғни Еуропа одағымен бірдей. Соның ішінде ең көне мәдениет, ең көне тіл, ең бай тіл – қазақ тілі. Сондықтан қазақ тілінің халықаралық деңгейге көтерілуі үшін міндетті түрде біз бүкіл дүниежүзі танитын, бүкіл түркі халықтары танитын әліпбиге көшуіміз керек.

Берік Уәли: «Латын әліпбиіне көшу қажет пе?» деген сауалға vote.kaztrk.kz сайтында дауыс беруге қатысушылардың 60 пайызы «иә», 40 пайызы «жоқ» деп жауап берген.

Тікелей эфирге келіп, ой бөліскендеріңіз үшін рақмет. 70 жылдан аса уақыттан кейін қайта келген латын әліпбиінің ұтымды қолданылуына бірауыздан атсалысайық.

КТК телеарнасы

Жаңалықтар

21 қыркүйек 2017 ж.

<https://youtu.be/WT2p9kuIF9A>

Өмірзақ Айтбайұлымен сұхбат

Парламентте ұсынылған латын әліпбиінің жаңа нұсқасы ұлттың болашағына қауіп төндіріп тұр! Елдің ертеңіне алаңдаған қазақ қаламгерлері осылай дабыл қақты. Естеріңізге салсақ, жақында Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың үйлестіру-әдістемелік орталығы мәжілісте латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің жаңа нұсқасын ұсынған болатын. Онда барлығы 25 әріп белгіленсе, қалған қазақша дыбыстар қос әріппен жазылған. Ал бүгін шу көтерген ақын, жазушылар Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі ұсынған 32 әріптен тұратын әліпбидің нұсқасын құп көріп отыр.

Мақсат Мәліков: Қазақ тілінің келешегіне алаңдаған қаламгерлердің қабағы қатулы. Жазушылардың артық әріпке әліпбиден орын жоқ деген пікірін академик Өмірзақ Айтбайұлы да қуаттады.

Өмірзақ Айтбайұлы: Жол-жөнекей қосыла кетушілерге жол жоқ. Сондықтан Тіл білімі ұсынып отырған жобаны ысырып тастап, ұлттық мүддені емес, басқа бір уақытша табыс көзіне айналдыруға қолдау көрсетуді тарихи қателік деуге тура келеді.

«Бір әріп – бір таңба» қағидасын ұсынған Тіл білімі институтының ұсынған нұсқасында 32 әріп бар. «Жазылуы, айтылуы оңай болғанымен, қазіргі техниканың тіліне келмейді», – дейді кейбір мамандар. Ал дауға айналған әліпбиде 25 әріп таңбаланған. « Бірақ бір дыбысты екі әріппен

белгілесек, халықтың латын әліпбиіне көңілі су сепкендей басылады», – дейді жазушылар.

Нұрлан Оразалин: Өмір сүру керек деген сөзді айту үшін «oemir» міне, осындай жайсыздықтар болады. Ертең баламның басын қатырып қайтем? Орыс болса да, әйтеуір кетіп қалмас, 15-20 пайыз ғана қалама деп қорқам, кеудесінде қаны бар қазақ.

Жазушы Бексұлтан Нұржекеұлының айтуынша, таңбадан бұрын емле ережесі жасалуы керек бірінші. Сонымен қатар ол Тіл білімі институтының жобасындағы кейбір кемшіліктерді атап өтті.

Бексұлтан Нұржекеұлы: «Бір дыбысқа – бір әріп» дегенге не үшін көшіп отырмыз? Біріншіден, үндестік заңы деген қазақ тілінің негізгі заңы бар. Соны басшылыққа алу үшін көшіп отыр. Осы уақытқа дейін басшылыққа алғанымыз жоқ. Ол қараң қалған екен.

Алаң көңіл жазушылар латын әліпбиіне көшудің саяси астарына да үңілді. «Күні ертең бірі латын, бірі кириллица болып, ел іші екіге бөлінбей ме», – деген қорқынышын жасырмады.

Иран Ғайып: Егер мынаны қабылдайтын болсақ, Қазақстанда тұратын орыстар, түрік, ұйғырлар бәрі біздің латынменен орысша түсінігін алып келетін болсын.

Мақсат Мәлікөв: Мамандар Тіл білімі институтында ұсынған жоба техника тіліне келмейді дегенмен келіспейді. Оған мысал ретінде бұл нұсқаға сай келетін неміс тілінің пернетақтасы ұсынылды. Президент те бұған дейін асығыс шешім қабылдамай, талқыға салу қажеттігін баса айтқан еді. Латын әліпбиіне көшу уақыт талабы екені ақиқат. Бірақ талқыға түскен бір әріп – бір таңба немесе бір дыбыс – екі таңба жобасының қайсысының жеңіске жететіні уақыттың еншісінде.

*Алматы телеарнасы
Шарайна бағдарламасы
25 қыркүйек 2017ж
almaty.tv/kz*

ЛАТЫН ҚАРПІНЕ ДӘЛ ҚАЗІР КӨШКЕН ДҰРЫС

Құралай Күдеринамен, Ерден Қажыбекпен сұхбат

Мұны отандық сарапшылар мен басқа елдің білгіштері де алға тартуда. Өйткені өзгенің қателігін қайталамау, бізге сабақ. Түріктердің бар жоғы бір жылда құжаттарды толыққанды латынға көшіруі секілді асығыстық танытпау маңызды. Яки әзірбайжандықтар мен өзбектер сияқты латынды қабылдағаннан кейін бірнеше рет құбылғандарын қайталамау қажет. Не болмаса түріктер төл әліпбиіне жоғалтқандай күй кешпеуіміздің өзі зор жетістік. Осы тұста сауаттылық деңгейінде елеп ескерген аса дұрыс шешім. Түркиялықтардың латынша оқып бастағаннан кейін халықтың хат танығандар қатары күрт өсіп, сауаттылықтары 60 пайызға бір-ақ көтерілген. Ал бізде бұл жағдай қандай болуы мүмкін? Мамандар бұл әліпбидің әу

баста-ақ қабылданатынын нұсқасына тікелей қатысты дейді. Түркітілдес ағайын қазақтардың әліпбиіндегі әріптері латынша жазылып қабылданатындығының өзі бізді жақындата түседі деп риясыз қуануда. Әйтсе де бастысы бұл емес. Ең өзектісі ешкімге еліктемей ұлттық әліпбиді жасап шығару. Жыл соңына дейін нақты бір жобаны таңдауға уақыт жете ме?

2022 жылдан бастап білім саласын латынға ауыстыру үшін оқулықтар мен оқушылар дайын бола ма? Өзге елде қазақ тілі мен әдебиетін оқитындар қалай меңгермек? Әйгерім Ердаулетқызы апта бойы түркітілдес халықтарының әліпбиін түсініп көруге тырысты. Олардың артықшылықтары мен кемшім тұстарын таразыға салып көрді.

ТАҢБА ТАҢДАУЫ ТАРАЗЫДА

Әйгерім Ердаулетқызы: 1922 жылы Түркияның араб жазуынан бас тартып, «бізге тек латынша керек» деп ұрандатқандары күні бүгінге дейін оң әсерін беріп келеді. Көшбасшылары Ата Түріктің тікелей араласуымен болған әріп революциясы бекер жасалмаған екен. қатаң заң бойынша 1929 жылдан бастап мемлекеттік мекемелердің латын әліпбиіне өтіп араб графикасын қолдануына мүлдем рұқсат берілмеді. Бір қызығы Осман империясының тұсында елдің сауаттылығы 10 пайызды ғана құраған. Ал латынға өткеннен кейін бұл деңгей 60 пайызға көтерілген. Себебі жаңа әліпбиді үйренуді көздеген жаңа ұлттық мектептер мен курстар ашылған. Түріктердің ең басты мақсаты түркітілдес ағайыннан айрылып қалмау деген ой болса, 1929 жылы дәл сол латын әліпбиіне көшу біздің елде де болғаны тарихтан белгілі. Дегенмен түріктердің латынға ауысу уақыты барлығымен салыстырған тез әрі жылдам болды. Әйтсе де бұл асығыстық көп кемшіліктер алып келді. Яғни төл дыбыстардың жойылып кетуіне әкеліп ұшыратты. Осы тұста латын әліпбиіне көшкен мемлекеттердің реформасын зерттеген лингвист-ғалымдардың пікірін тыңдап көрелік:

Ерден Қажыбек: Түріктердің өздері де мойындады. Бұрын түрік тілінде «ә» деген дыбыс болған. «ң» деген дыбыс, «қ» деген дыбыс болған. Олар латыншада таңбаланбағаннан кейін, асығыстықта ұқсас әріптермен таңбалау жүйесі қалыптасып кетті.

Ал өзбектер кирилше де оқимыз дейді. Кирил әліпбиі де онда қосымша жүріп жатыр. Осындай өтпелі кезеңде екі әліпби қатар жүрген негізінен заңды нәрсе, солай болу керек. Дегенмен өтпелі кезеңнің тым созылғаны ол әрине дұрыс емес.

Құралай Күдерінова. Түркімен елінде неге реформа жасала берді? Себебі орфографияда диграфтық жазулар қиындық келтірді. Түркімендер 1993 жылы диграфтық таңбалардың қиындық келтіретінін білмей қалған. Нәтижесінде тәжірибе барысында, оқылым мен жазылым, қолшалым мен көзшалым тәжірибелерінен кейін диграфтың орнына бір таңбалы әріптер қайта енгізілді. Дәл сол сияқты біздің қазіргі латын қарпіне көшу науқанында ең алдымен орфографияны жасау керек. Содан кейін барып әліпбидің соңғы нұсқасы жасалуы тиіс.

Әйгерім Ердаулетқызы: Латын қарпіне көшу тәуелсіздің таң атқалы бері талқыланып келеді. Алайда нақты көшетініміз анық. Жыл соңына дейін

тіл мамандары ортақ мәмілеге келуі тиіс. Енді қай нұсқаны қолданысқа енгізсе де ол үшін Үкімет 600 млн теңге бөлуді жоспарлап отыр. Ол ақшаға мамандар даярланады, қажетті құжаттар аударылады. Ал мектептер мен жоғары оқу орындарының жаппай латынға ауысуы 2022 жылдан басталады деп күтілуде.

«Алматы» телеарнасы
Телебағдарламасы
25 қыркүйек 2017ж
almaty.tv/kz

QALAI QARAI SYN

Лингвист-ғалымдармен сұхбат.
Құралай Күдерина, Ерден Қажыбек, Зейнеп Базарбаева

На вопрос «Qalai qaraisyn» казахстанцы самостоятельно ответили совершенно новых комбинации: «Каким должен быть алфавит, как сохранить специфический и очень выжный для казахов звуки. Например обычные люди предложили ученым не мудрить с буквой «ң» в место диграФА ng советуют просто писать н.

Мы обсуждали с экспертами не удачную языковую реформу в Узбекистане. Слегка затронули историю Азербайджана и Туркменистана и сошлись на мнении что нашим ученым и лингвистам следует как следует присмотреться «Турецкому гамбиту». Впрочем специалисты связывают турецкий успех с низкой грамотностью населения тогда. Говорят что научить гораздо сложнее чем переобучить. Моя коллега Алтыншаш Смагулова внимательно изучила опыт наших соседей и попыталась понять какие же ошибки были допущены.

Алтыншаш Смагулова: Түркия латын әліпбиіне көшу реформасын сәтті қалыптастырған мемлекеттердің бірі. Араб әліпбиін латын графикасын көшіру ісі бар болғаны 6 ай ішінде жүзеге асырылған. Бұл туралы лингвист-ғалымдардың зерттеулеріне жүгініп көрелік

Құралай Күдерина: Түркияға барған іссапарымызда түрік әріптестерімізбен пікірлескенімізде олардың барлығы латын әліпбиіне көшу реформасының сәтті болуын сол кездегі мемлекет Президенті Ата Түріктің сындарлы саясатының арқасы деп біледі. Ата Түріктің саясаты бойынша жалпыұлттық графика қалыптасуы керек болды. Осы идеямен қатар олар өздерінің ұлттық санасын да өзгертті.

Алтыншаш Смагулова: Тарихи деректерге сүйенетін болсақ, Түркияда латын әліпбиіне енгізу ісі қарқынды болды. Жұмыла кіріскен білім және

ғылым қызметкерлері аянбай еңбек етті. Оқу, оқыту жүйесі барлық аймақта тегін болды.

Ерден Қажыбек: По заданию и по приказу Ата Тюрка были открыты повсеместные курсы. Ата Тюрк сам всем смело объяснял и менее чем за год все государство было переведено на латинскую графику и народ записал. В то время была такая тоталитарная система - жесткая. В военное время это делается быстрее.

Алтыниаш Смагулова: Түрік елінің латын әліпбиіне көшу расында да тез әрі жылдам болды. Соның салдарынан бірен-саран қателіктер болды. Ғалымдар осы қателікті қайталамауымыз керек дейді.

Ерден Қажыбек: Звук «ң» всегда был в турецком языке. Он был потерян. То есть в графике не было обозначено. Так же звук «ә» не было обозначено. Звук «қ» потерян. В связи с этим эти звуки сохранились только в диалекте. А сейчас молодежь говорит «гюзель». Они не говорят «гөзэл» как старшее поколение. Когда то говорили «қоюын», а сейчас они говорят «қоюн».

Алтыниаш Смагулова: Біздің лингвист-ғалымдарымыз латын әліпбиіне көшкен көрші мемлекеттердің тәжірибесін терең зерттей келе, 1990 жылдары, яғни Кеңес өкіметі құлдырағаннан кейінгі латын әліпбиіне көшу жүйесінің қандай болғанын, қандай кемшіліктер мен жетістіктер болғанын анықтады.

Зейнеп Базарбаева: Узбекский язык два раза переходил на латиницу. Первый раз они пошли путем восточно-европейских языков и турецко-азербайджанского языка. То есть они свои специфические буквы обозначали через диакритические знаки, но потом они от этого отказались и теперь у них алфавит состоит из 26 букв, еще имеется один апостроф для обозначения мягких гласных.

Алтыниаш Смагулова: Өзбек тілінде диалекті бар. Олардың әрқайсысы әртүрлі дыбысталады. Сондықтан барлық дыбысты толық қамту латын-өзбек әліпбиін қтымды құрастыруда қиындық келтірді.

Әзірбайжан елі де латын әліпбиіне көшу оңай болған жоқ. Бастапқыда көшу жарлығы шыққанмен, дайындық жұмыстары әлсіз болғандықтан кейінге шегеру жиі орын алды. Дегенмен, ұлттық дыбыстау жүйесін біріздендіру ісі аяқталғаннан кейін, латын қаріптерінен ұлттық дыбыстарды таңбалау жүйесі қалыптандырылғаннан кейін латын әліпбиін толық қабылдады.

Құралай Күдерінова: Әзірбайжан мемлекетінің латын әліпбиіне көшу тарихында «қ» әрпін таңбалау қиындық келтірді. Олар «Qq» таңбасымен белгілеуді ұсынады. Ертеректе әзірбайжандар түріктер секілді «қ» дыбысын «к» деп белгілеуге кіріскен болатын. Кейін тілдегі ұлттық айтылым, жазылым жүйесі бұзылғанын байқап, ұлттық «қ» дыбысын Qq» таңбасымен белгілеуге көшеді.

Алтыниаш Смагулова: Түркіменстан мемлекеті 1993 жылы латын әліпбиіне көшу жұмысын бастады. Олардың да кемшіліктері болды. Кейбір ұлттық әріптерді диграфпен белгілеуді негізге алады. Диграф таңбалар

жазылым мен оқылымда кедергі келтіріп шатастырулар көп болады. Артынша 4 айдан кейін түркіменбашы «бір дыбысқа-бір әріп» принципін сақтау қажеттілігін айтады. Осыдан кейін умлаут таңбалар енеді.

Құралай Күдерінова: Түркімен еліндегі басты ерекшелік: олардың тарихында диграфтар болды. Диграфтардың қолайсыздығын олар мойындады. Көп ұзамай-ақ оны өзгертті. Олар кемшілікті дер кезінде өзгертті. Мысалы, «ә - ae - ä», «ң - ng - ŋ», «ө - oe - ö», «ш - sh - ş » болып өзгерді. Яғни бір әріп- бір дыбыс жүйесі сақталды.

Алтыншаш Смагулова: Қорыта келгенде, қазіргі таңда лингвист-ғалымдар қазақ-латын әліпбиінің ұтымды, оңтайлы болуы үшін зерттеу жүргізіп жатыр. Әрбір дыбыстың әртүрлі позицияда жазылу жүйесін салыстырып, көрші мемлекеттердің тәжірибелерін ескеріп, жіті зерттеу жүргізуде.

*«Ана тілі», №37 (1399)
14 қыркүйек, 2017 ж
anatili.kz*

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде «Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселелері туралы» парламенттік тыңдау өтті.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселесі күн тәртібіне қойылғаны белгілі. Мақала жарық көрген күннен бастап осы мәселе қоғамда кеңінен талқыланып, латын әліпбиінің қазақ тілін дамытудағы маңыздылығы, өзектілігі жан-жақты айтылғаны белгілі. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан нақты шаралар жүзеге асырылып келеді. Соның бір дәлеліндей, жуырда Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде «Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселелері туралы» парламенттік тыңдау өткен болатын.

Алқалы жиынға Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин, Премьер-Министрдің орынбасары Ерболат Досаев, Сенат және Мәжіліс депутаттары, мемлекеттік органдардың өкілдері мен әліпби жобасын әзірлеуші А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының, Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының басшылары, БАҚ басшылары, жоғары оқу орындарының ректорлары мен ғалымдар, сарапшылар қауымы қатысып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы

Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі Ұлттық комиссиясының ұсыныстары жиын өзегіне айналды. Негізгі баяндаманы Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы мен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Ерден Қажыбек және Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры Ербол Тілешов жасады.

Мәжіліс Төрағасының орынбасары Гүлмира Исимбаева жүргізіп отырған жиында Мемлекеттік тілді жаңғырту қажеттілігі, оның ішінде латын графикасына өту туралы Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында нақты айтылғаны ескерілді. Ал жиынның ашылуында сөйлеген Мәжіліс Төрағасы Н.Нығматулин ұлттық сана-сезім, рухани даму, өркендеу жолымыз қазақ тілінің жаңа әліпбиін жасаудан басталатындығына тоқталды. «Өйткені Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, қазақ тілі – ол біздің рухани негізіміз. Осы жолда тілдің халықаралық мәртебесін көтеру біздің әлемдік өркениетке жетуіміздің басты кепілі. Сонымен бірге жаңа әліпби бүкіл әлем қазақтарын біріктіретін өте маңызды фактор», – деді Нұрлан Зайроллаұлы. Сондай-ақ палата спикері тіл және жаңа әліпби мәселесінде қателікке жол беруге болмайтындығын атап өтіп, «қазақ тілін жаңғыртудың басты көрсеткіші – латын жазуына көшу» деп қаперге салды.

– Қазақ тілін жаңғыртудың басты көрсеткіші – латын жазуына көшу! Бұл бүгін ғана айтылып отырған жоқ. Президентіміз бұл туралы 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде және «Қазақстан – 2050» Стратегиясында да айтқан болатын. Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыруға» қатысты мақаласында латын жазуына көшудің нақты жолдарын белгілеп, тиісті шараларды қолға алу керек екенін жеткізді. Бұл қазіргі заман талабы. Әрине, «біткен іске сыншы көп» дегендей, осы мәселеге байланысты айтылып жатқан пікірлер де әртүрлі. Бірақ еліміздің әрбір азаматы латын жазуына көшу әлемдік өркениетке жетудің басты жолы екенін білуге тиіс. Себебі латын қарпі адамзаттың дамуындағы ең мықты жазудың бірі. Ол ХХІ ғасырдағы ғылым мен техниканың, интернет пен ІТ-технологиялардың тілі. Тіл білімінің негізін қалаған ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Жақсы әліпби тілге шақ болуы керек. Артық әріптері көп әліпби қолайсыз болады». Осы талапты ескере отырып, біз жаңа әліпбиді жан-жақты талқылап, әрбір әріпті, әрбір таңбаны, әрбір белгілі терең талдауымыз қажет. Себебі тіл мәселесінде, жаңа әліпби мәселесінде ешқандай қателік болмауы керек, – деді Н.Нығматуллин.

Ол өз сөзінде латын әліпбиіне көшу ең алдымен қазақ әліпбиі мен орфография ережелерін реформалауға бағытталғанын және сол арқылы тілдің фонетикасы мен графикасының сәйкестігі қалыптастыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Премьер-Министрдің орынбасары Ерболат Досаев Президент Н.Назарбаевтың бағдарламалық мақаласында латын әліпбиін енгізудің мерзімі нақты белгілегендігіне тоқталды. «Үкіметтің аталған мәселені

орындауға қатысты нақты көзқарасы бар. Латын әліпбиінің бірыңғай стандарты бекітілгеннен кейін оны біртіндеп енгізу шаралары қолға алынады. Ол жоспар барлық салаларды қамтиды. Себебі тіл коммуникацияның әмбебап құралы болып саналады» – деп латын әліпбиін меңгеру бойынша оқу-әдістемелік құралдарды, мобильді қосымшалар мен ақпараттық бағдарламаларды шығарудың маңыздылығына мән берді.

ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы латын таңбасына көшу мәселесіне қатысты шаруаларды түбегейлі жүргізу тізгіні бүгінгі таңда аталған саладағы жұмыстар алты бағыт бойынша жүргізіліп жатқандығын айтты. «Әліппемізді латын таңбасына көшіру жайы қоғам арасында қызу талқылануда. Біз бұл жұмыстың дайындығын алты жыл бұрын қолға алған болатынбыз. Елбасы жариялаған «Қазақстан – 2050» Стратегиясында бұл мәселеге қатысты нақты тапсырмалар берілген. Осыған орай, бүгінгі күнге дейін тиісті ведомстволар мен ғылыми-сарапшылық институттар және халықаралық шеңбердегі ұйымдар арасында жан-жақты талқылауларға сеп болған ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырдық. Соның нәтижесінде, осы саладағы ең білікті ғалымдарымызбен бірге жасап, назарларыңызға ұсынып отырған қазақ жазуының латын графикасындағы бірыңғай стандартында тіліміздің ерекшеліктері мен ел дамуының болашақ алғышарттары түгел ескерілді деуге толық негіз бар», – деді А.Мұхамедиұлы.

Жиын барысында сөз алған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Дархан Қалетаев латын әліпбиіне көшу бастамасы Қазақстанның рухани болмысы мен қоғамдық ой-сананы өзгертіп, оны жаңғыртуға зор үлес қосатынын атап өтті. «Бұл қадамды жүзеге асыруға саяси, экономикалық, әлеуметтік негіздеме және қоғам тарапынан сұраныс бар. Сондықтан жаңа әліпбиге көшу мәселесі талқылауды қажет етпейтін, ел үшін маңызды әрі өзекті жоба екені анық», – деді Д.Қалетаев.

Алқалы жиында сөз сөйлеген тұлғалар күн тәртібіндегі мәселе бойынша өз ой-пікірлерін жеткізді.

Ерден Қажыбек, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор:

– Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияға қарасты Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру бойынша Жұмыс тобының жетекшісі әрі кәсіби лингвист ретінде айтарым: мен өз басым және мен білетін зиялы қауым өкілдері, қалың жұртшылық тәуелсіз Қазақстан тарихын екі маңызды кезеңге бөледі.

Бірінші кезең – 2017 жылдың 12 сәуіріне дейінгі тарих. Екіншісі – одан кейінгі уақыт. 2017 жылдың 12 сәуірінен бастап еліміз дүниежүзіндегі ең озық, дамыған, өркениетті мемлекеттердің ұстанымы бойынша өмір сүре бастады. Бұл ұстанымды жалпақ тілмен қайырсақ, парасат басымдығы деуге болады. Енді ұлттық саясатымыздың басты мақсаты, мемлекетіміздің қоғам алдына қойған негізгі талабы – рухани тазару, рухани жаңғыру, рухани

кемелдену. Қаржы-экономика, байлық-билік, материалдық дүние емес – негізгі адами қасиеттер: ар-намыс, зерде-зейін, сана-абырой үстемдік етпек. Мұның өзі еліміздің жоғары биік деңгейге көтерілгенінің – бұлтартпас дәлелі, Елбасының сындарлы саясатының жемісі екені даусыз. Мұның өзі «малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген ұлттық рухани құндылықтарымызға түбегейлі бетбұрыс басталғанының сәтті қисыны. Елбасы «Алдымен экономика, содан соң саясат» деген ұстанымын тиянақтап, енді халқымызды «тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек» деп, жаңа белестерге жетеледі. Олар, атап айтсақ, заман талабына сай – бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлік, білім салтанаты, эволюциялық даму және сана ашықтығы. Осылардың діңгегі, іргетасы, мазмұны әрі формасы – тіл екені бесенеден белгілі. Олай болса, латын негізді қазақ жазуының реформасы – рухани жаңғыруымыздың белортасы, шешуші факторы, терең мәнге ие бастама. Бұл тек қана тілдің реформасы емес – діл реформасы, жанымыздың жаңғыруы, маңызды стратегиялық бағдарлама. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген ұлағатты пайымның ұлыстық, этностық шеңберінен шығып, ұлттық, мемлекеттік, азаматтық мәртебеге ие болуының айқын айғағы. Бұл – болашағымыздың тізгінін өз қолымызға алудың, Президент сөзімен айтсақ, «болашаққа бағдар», «рухани жаңғырудың» өзегі, Қазақстанның 30 дамыған елдің қатарында сап түзеуінің жарқын кепілі. Ұлт көшбасшысы – Елбасы тапсырмасына сәйкес, бұл келелі мәселе қалың жұртшылықтың белсене қатысуымен қолға алынуда. Елдің түкпір-түкпірінен, шетелден, ауылдан да, қаладан да, халық қалаулылары мен мемлекеттік қызметкерлер, ғалымдар мен зейнеткерлер, жастар мен сырттағы отандастарымыз – бәрі де өз үлестерін қосуға тырысуда, бәрі де баталарын беріп, тілеуін тілеуде, хаттарын жазып, жобаларын жолдауда. «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды», – дейді халқымыз. Біз ғылыми ортада, зиялы қауым өкілдері арасында көптеген басқосулар ұйымдастырдық. Ұлттық комиссияның жұмыс тобының бастамасымен 20-дан астам ғылыми-ұйымдастыру және ғылыми-тәжірибелік іс-шаралар өтіп, оларға 2,5 мыңнан астам ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Шілде айында Стамбұл қаласында өткен халықаралық түркологтар құрылтайында бұл мәселе жан-жақты қарастырылып, халықаралық деңгейде қолдау тапты. Ақпарат құралдарына келетін болсақ, Елбасының бағдарламалық мақаласы жарияланғаннан бері қазақ әліпбиін реформалау туралы екі мыңға жуық сараптамалық мақалалар мен пайымдаулар жарық көрді. Әлеуметтік желілерде 1800-ден астам мазмұнды жазбалар шықты. Осының барлығы әрдайым біздің назарымызда. Жобалар мен нұсқалар сұрыпталып: «интернет, IT» «түркілік», «қазақ филологиялық», «ағылшын-еуропалық», «UNICODE», «кирил-латын», «құрама», «эуеской» деп топтарға бөлінді.

Жұмыс тобы жан-жақты жұмыс атқарды. Мен бұл жерде латынға бізден бұрын көшкен түркітөктес мемлекеттер мен ЕО елдерінің тәжірибесі мұқият сарапталғанына назарларыңызды аударғым келеді. Кемшіліктері анықталып, артықшылықтары тізілді. Кейбір тілдерде маңызды дыбыстар

ескерілмей түсіп қалды. Кейбір тілдерде ғылыми-әдістеме жасалмай реформалары тоқырап қалды, ұзаққа созылды. Кейбіреулерінде науқаншылық басым болды. Бізде мұның бәрі жан-жақты ескерілуде. Келесі айлардан бастап жоспарымыз бойынша кешенді түсіндіру мен насихаттау жұмыстары, тренинг пен семинарлар республиканың барлық өңірлерінде – батыста да, шығыста да, солтүстікте де, оңтүстікте де, Орталық Қазақстанда да жалғаспақ. Ең бастысы, маңызы орасан зор бұл келелі іс жүйелі, кешенді, кезең-кезеңімен, жоспарлы түрде, науқаншылдыққа бой алдырмай, белгіленген тәртіппен іске асырылады.

Ербол Тілешов, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры:

– Мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиінің нұсқасын таңдауда, ең алдымен, ғылыми принциптер негізге алынды. Соның нәтижесінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне, жалпы әліпби түзудің теориясы мен практикасына құрылған нұсқа ретінде осы әліпби сіздерге ұсынылып отыр. Бұл нұсқаның ерекшеліктері баяндамада көрініс табатын болады. Жаңа жазу нұсқасын қабылдау, әлбетте, бір таңбаларды екінші таңбалармен ғана ауыстыру емес, ол – бұрынғы әліпбилерде жіберілген емлеге қатысты жаңсақ жазуды дұрыстау. Осы реттен келгенде, әліпби жасау және оны енгізумен бірге жаңа жазу ережелері де қабылдануы тиіс деп ойлаймыз. Сіздерге таныстырылатын нұсқада латынның төл таңбалары ғана алынды. Оның лингвистикалық та, қоғамдық та маңызы ерекше. Себебі латын әріптеріне әртүрлі диакритикалар қою, біріншіден, мұндай нұсқаны латын әліпбиі емес, әртүрлі қоспа таңбалардың нұсқасы етеді. Екіншіден, ең бастысы, диакритикалар төл дыбыстарымызды сақтауға толық мүмкіндік пен кепілдік бермейді. Себебі мобильді телефондар, смартфондар, планшеттер, ноутбуктар, компьютерлер бүгінде жазудың құралына айналғанда және олар бізге әлемнің түкпір-түкпірінен келетіндіктен, олардың пернетақтасында 26 таңбадан тұратын латын таңбалары ғана орналастырылады. Пайдаланушылар осы бар таңбаларды ғана қолданады. Егер біз латын графикасындағы жаңа әліпбиге диакритикалы таңбаларды енгізетін болсақ, онда көпшілік көп қолданбағандықтан, қазақтың төл дыбыстарын жоғалтып алуымыз мүмкін. Қазірдің өзінде Ә-ні А-мен алмастыру, Қ-ны К-мен алмастыру, сол сияқты Ғ, Ң, Ө, Ұ, Ү, І дыбыстарын жазбау, әсіресе жастардың арасында жиі байқалады.

Үшіншіден, әліпбиімізді латын графикасына негіздеуіміздің үлкен себебі – халықаралық ақпараттық жүйеге ену, әлемдік технологияны игеру екенін Елбасы айтқан болатын. Ендеше, егер әлемнің жетекші елдері қолданатын классикалық латын әліпбиінің дыбыстарына әртүрлі диакритикалар қоятын болсақ, онда біз жоғарыда айтқан мақсатқа толық жете алмаймыз.

Төртіншіден, диграфтарды қолдану арқылы біз сол дыбыстың төл табиғатын сақтаймыз. Ал кейбір әріптестер ұсынып жүрген диакритикалар

арқылы ажырату ол дыбыстың табиғатын емес, өзара ұқсас әріптің тек шартты таңбалық суретін ғана береді.

Бесіншіден, бір дыбысты екі таңбамен беретін диграфтар латынның төл таңбалары болса, ал ноқаттар арқылы берілетін диакритикалар – кейін пайда болған жасанды таңбалар.

Осы жобаны жүзеге асыру барысында, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі ескерілді. Соның нәтижесінде 25 таңбадан тұратын әліпби ұсынылады.

Латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиін жасауда «бір әріп – бір дыбыс, бір әріп – екі дыбыс және бір дыбыс – диграф жүйесі» принципі негізге алынды.

Латын графикасына негізделген 25 таңбалы әліпбиге қосымша қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толығымен қамту үшін 8 дыбысты таңбалайтын 8 диграфты ұсындық.

Қазақтың 3 жіңішке дауысты ә, ө, ү фонемалары диграфтармен таңбаланады. Е дыбысы а, о, ұ жуан дыбыстарымен байланысқанда ә, ө, ү дыбыстарын береді.

– Ә дыбысы ае диграфымен беріледі. Себебі а дауысты дыбысының жіңішке сыңары ә болуына байланысты а-ға жіңішке е дыбысын қосып, ае диграфын ұсынамыз. Ә дыбысын осылайша диграфпен беру көптеген тілдерде және халықаралық фонетикалық әліпбиде бар. Сондықтан е-ні дауысты дыбыстарды диграфтар арқылы берудің принципі ретінде алдық.

– Ө дыбысы ое диграфымен беріледі. О дыбысының жіңішке сыңары ө дыбысын беру үшін оған е әрпін жалғаймыз. Бұл жоғарыдағы принцип бойынша жасалған.

– Ү дыбысы ue диграфымен беріледі. Ү дыбысына е әрпін қосып, ү дыбысының жіңішке сыңары ү дыбысын (ue) шығарамыз. Бұл диграфтың жасалуы да сол принцип негізінде.

– Ң дыбысы ng (эн джи) диграфымен беріледі. Осындай диграф бірнеше тілдерде бар.

– Ғ дыбысы gh (джи аш) диграфымен беріледі. Ғ дыбысының жіңішке сыңары г екені белгілі. Оның осы сыңарына h (аш) таңбасын қосып, gh (джи аш) диграфын бердік. Әліпбидің осы нұсқасында дауысты дыбыстар е дыбысының қосындысы арқылы берілсе, дауыссыз дыбыстар h (аш) дыбысының біріктірілуі арқылы ұсынылады.

– Ч дыбысы ch (си аш) диграфымен беріледі. Ч түркі тілдеріндегі байырғы дыбыс. Сөздік қорымызда ч дыбысы қолданылатын кірме сөздер де баршылық.

– Ш дыбысы sh (эс аш) диграфымен беріледі. Бұл диграф ш дыбысын береді. Латынның s (эс) және h (аш) әріптері арқылы жасалған. Ол өздеріңізге белгілі, көптеген тілдерде кеңінен қолданылады.

– Ж дыбысы zh (зет аш) диграфымен беріледі. Ж дыбысын латын графикасының z (зет) және h (аш) таңбалары арқылы көрсеттік. Бұл дыбыс қазақ тіліндегі ж дыбысына сәйкес келеді және қоғамдық санаға енген таңбалау реті.

Жалпы әліпбиде диграфтар беру жазудың көлемін арттырып жібереді және бұл тиімсіз дейтін пікірлер де бар. Осы диграфтардың қолданылу жиілігіне келсек, олардың сондай үлкен мәселе емес екенін байқар едік. Мысалы, олардың әр стильдегі мәтіндерде қолданылуын алсақ, онда ә (ae) – нөл бүтін жүзден сексен сегіз пайыз; ө (oe) – нөл бүтін жүзден сексен тоғыз пайыз; ү (ue) – нөл бүтін жүзден алпыс тоғыз пайыз; ң (ng) – бір бүтін жүзден елу бес пайыз; ғ (gh) – бір бүтін жүзден елу төрт пайыз; ч (ch) – нөл бүтін жүзден үш пайыз; ш (sh) – бір бүтін жүзден жиырма бес пайыз; ж (zh) – бір бүтін жүзден сексен бір пайыз ғана екен. Олардың жалпы қолдануының орташа мөлшері: бір бүтін жүзден сегіз пайыз ғана [2].

Әліпбидің осы нұсқасына байланысты туындайтын және бір мәселе, біздің ойымызша, ц, ф, в сияқты қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде жоқ дыбыстардың әліпбиден орын алуына байланысты. Бұлар біздің төл дыбыстарымыз болмағанымен, осы дыбыстар кездесетін сөздер қазіргі қазақ тілінің қорынан орын алған. 1920 жылдары Қазақстанда әліпби тақырыбы көтерілгенде, жат дыбыстар жөнінде де пікірталастар болған. Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиге байланысты еңбектерін мұқият оқысақ, біз Алаш зиялыларының кейбір кірме дыбыстардың қазақ әліпбиінен орын алуын жақтағанын да көреміз. Мысалы, Білімпаздар сиезінде Ахмет Байтұрсынұлы: «...қазақ тілінде сақталуға аз да болса ақысы бар «h»; өйткені «h» дыбысымен айтылатын қазақтың өз тілінде аз да болса, сөздер бар», – дейді [3]. Яғни ол әліпби принципінде сол кездегі тілдік қордағы сөздердің де маңызына мән берген. Осындай ғылыми принциптен шығып, біз әліпби нұсқасында ондай дыбыстарға да орын бердік. Ал қазіргі ғылым мен технологияның дәуірінде біз осы дыбыстар кездесетін мыңдаған сөздерді алып тастай алмаймыз немесе оларды өз әріптерімізге ауыстырсақ, оны қолданатын миллиондаған халықтың қарсылығы мен түсініспеушілігіне кезігеміз.

Енді осы дыбыстардың қолдануына келейік. В әрпі кездесетін сөздер саны – 755, ф әрпі кездесетін сөздер саны – 1098, құрамында ц әрпі кездесетін сөздер – 520. Орфографиялық сөздіктегі в, ф, ц дыбыстары кездесетін сөздердің жалпы саны – 2373. Бұл тек аталған сөздік бойынша ғана. Егер 30 томдық салалық сөздікті сараптар болсақ, осы әріптер кездесетін сөздер еселене түсері сөзсіз.

Осы жаңа әліпби нұсқасы негізінде Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталық қызметкерлері және сырттан шақырылған тұрғындар арасында бірнеше рет апробация жүргізілді. Оған қатысушылардың көпшілігі осы нұсқаға қолдау білдірді. Латын әліпбиіне еліміздегі көптеген азаматтардың, әсіресе жастардың көздері үйренген, яғни белгілі бір деңгейде көбіміздің көздағдымыз қалыптасқан. Ал жазу дағдысының қалыптасуы уақыттың еншісінде. Мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиінің енгізілуі кезең-кезеңімен жүзеге асырылады, демек, Қазақстан азаматтарының жаңа әліпбиін игеріп кетеріне сенім мол.

Латын әліпбиіне байланысты Парламенттік тыңдау барысында Білім және ғылым министрінің орынбасары Асхат Аймағамбетов жаңа әліпби қай кезден бастап енгізіледі деген депутаттар сауалына орай былай жауап берді:

– Педагогтармен және ата-аналармен алдын ала талқылау аяқталғаннан кейін еліміздің барлық білім беру ұйымдарында жаңа әліпбиді енгізу үшін арнайы кесте бекітілетін болады. Бұл ретте асығыстыққа жол берілмейтінін атап айтқым келеді, бүкіл жұмыс жоспарлы түрде, жүйелілікпен және қатаң бекітілген кесте бойынша жүргізіледі. Ең бірінші кезекте біз кадрларды даярлау, оқулықтарды басып шығару, нормативтік сөздіктерді әзірлеу жұмыстарын қарастырамыз. Даярлық кезеңі сапалы аяқталған соң ғана жаңа жазуды бүкіл білім беру ұйымдарында енгізуге кең көлемде кірісетін боламыз. Бұл шараларды жүргізуде Мәдениет және спорт, Ақпарат және коммуникациялар министрліктерімен тізе қоса іс-шараларды жүзеге асырамыз.

Сауытбек Абдрахманов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

– Біз бүгін еліміз үшін, тіліміз үшін, діліміз үшін, рухымыз үшін тарихи мәні бар, шын мәнінде тағдыршешті мәселені қарастырып отырмыз.

Неге бұл мәселені тағдыршешті деп айтамыз? Мұның мәнісі мынада.

Біз жазуымызды жаңғыртпақшымыз. Жазуды жаңғырту – тілді жаңғырту. Тілді жаңғырту – елді жаңғырту. Қазақ жұрты әліпби ауыстыру мәселесін егемен ел атанған алғашқы жылдардан-ақ ойластырған болатын. Бірақ біз өзге ағайындар сияқты бұл іске дереу кірісіп кеткен жоқпыз. Ойландық, толғандық. Еледік, екшедік. Бәрін таразыға салдық. Сөйтіп барып, енді ғана осынау аса маңызды, аса жауапты іске бел шешіп отырған жайымыз бар. Біз бүгінгі Парламенттік тыңдауды мәселенің өзін талқылауға емес, бұл міндетті ойдағыдай шешу жолдарын талқылауға арнап отырмыз деп білеміз. Өйткені бұған дейінгі негізгі жұмысты Ұлттық комиссия атқарып шықты. Бұл мәселе талқылау кезеңінен негізінен өтіп болғанын ашық айту керек. Егемендіктің елең-алаңында-ақ басталған пікір алмасуларды былай қойғанда, қазақ жазуын латын жазуының негізіндегі жаңа әліпбиге кезең-кезеңімен көшіруге кірісу ниеті «Қазақстан – 2050» Стратегиясында жария етілгеннен кейін де бақандай бес жыл өтті. Рухани жаңғыру мәселелері бойынша құрылған Ұлттық комиссияның жұмыс істей бастағанының өзіне бірнеше айдың жүзі болды. Ғылыми ортада да, баспасөз бетінде де, экран мен эфирде де, әлеуметтік желілерде де сан түрлі, қым-қиғаш ойды емін-еркін ортаға салуға толық мүмкіндік берілді. Жаңа ғана баяндамада бұл кезеңде осы тақырыпта шыққан мақалалардың ұзын санының өзі 2 мыңнан асқаны еске салынып өтті. Қысқасы, қазақылап қайырсақ, айтылатын сөз армансыз айтылатындай-ақ болды. Асықпау керек дейміз. Дұрыс. Асықпаған жақсы, кешікпеген одан да жақсы. Бұл мәселенің – қазақ жазуын латын әліпбиіне ауыстыру қажет пе, қажет емес пе деген мәселенің басы ашылған. Неге олай дейміз? Адам қателесуі мүмкін, қоғам да қателесуі мүмкін, тіпті заман да қателесуі мүмкін. Ал уақыт қателеспейді. Уақыттан өткен данышпан

болмайды. Уақыт өз сөзін айтып үлгерді. Латын жазуы уақыттың сан ғасырлық сынынан өтіп болды. Қазір әлемдегі халықтың 80 пайызы латын графикасын игеріп, пайдаланып отыр, әлемдегі ақпараттың 70 пайызы осы таңбамен таратылып тұр. Бұдан өткен аргументті келтіру қиын шығар. Демек, латынға көшу – прагматизм талабы. Ендігі бар түйін жаңа әліпбиге көшуді нақты қалай жүзеге асырамыз дегенге тіреліп тұр.

Күні кеше Президент ел өмірі үшін маңызды қандай шешімді де халықпен ақылдасып барып қабылдау керектігін тағы еске салды. Жүйелі жұмыс жүргізе отырып, мемлекеттік тілдің жаңа әліпбиінің Ұлттық комиссия мақұлдаған жобасын халықтың таразысына тарту, сөйтіп, ғылыми қауымның, зиялы ортаның, жалпы жұртшылықтың түпкілікті қолдауына қол жеткізу шарт. Алфавитін асығыс ауыстырған ағайындардың кейбірі айналасы ширек ғасырдың ішінде жаңаша жазуға бір емес, екі емес, үш рет өзгеріс енгізіп үлгергені белгілі. Біз ол істен сабақ алуға тиіспіз. Сондықтан да бірыңғай стандартты бекітердің алдында жаңа әліпби жобасын тағы да қайта-қайта қарау, әбден иін қандыру керек екендігі түсінікті. Бұл жер – жеті рет өлшейтін жер емес, бұл жер – жетпіс жеті рет өлшейтін жер. Сондықтан да біз қазірше асатпай жатып құлдық демей тұрмыз. Бірақ бұл айтылғаннан жалпы қазақ жазуын латынға ауыстырудың қажеттілігіне, орындылығына тіпті де күмән тұмақ емес. Латын жазуына ауысу тек қазақ тіліне ғана қатысты, таза лингвистикалық мәселе екендігі, ап-айқын айтылғаны құптарлық іс.

Соңғы сексен жылғы тарихымызда қазіргі қолданыстағы алфавит халқымыздың білім деңгейін, ғылыми қарымын, әдеби әлеуетін арттыруға мол мүмкіндік жасады. Бұл әліпбидің өтпелі кезеңде латиницамен қатар қолданылатынын, ал орыс тіліндегі жазудың, оқудың кириллицамен жүре беретінін де ескереміз. Бұл алфавит біздің қолымызды білім мен ғылымның, мәдениеттің бұрын жасалған және енді жасалатын орасан қазынасына емін-еркін жеткізетіні өте маңызды.

Оған қоса бұл алфавиттің сан түрлі этностың берекелі мекеніне айналған Отанымыздағы бірлікке де септесетініне, еліміздегі ұлтаралық қарым-қатынастың қолжетімді құралы күйінде қалатынына қоса назар аударғымыз келеді. Біз өзіміз игеріп үлгерген бұл байлықтан бас тартпайтын боламыз. Жалпы адамзат баласының арғы-бергі тарихында білгеннен зиян көрген халық та, адам да жоқ.

Біздің алдымызда әлі біраз жылдарға созылатын, жүйелі түрде, табандап жүргізуді қажет ететін қиын жұмыс тұр. Бұл жұмысты оңайға түседі деп ешкім де айта алмайтыны анық. Әсіресе аға буынға жаңа әліпбидің қызығымен қатар шыжығын да көруге тура келеді. Бірақ жастарымыздың, балаларымыздың бұл істің тек қызығын көретіні күмәнсіз. Жаңа ғана Мәжіліс Төрағасы Елбасымыздың «Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз» деген сөзін өте орынды келтіріп өтті. Иә, біз бұл істі балаларымыз үшін, балаларымыздың балалары үшін, олардың балалары үшін, келешек ұрпақтарға қалдыратын мәңгі де мәнді мұрамыз үшін қолға алып жатырмыз.

Сөзіміздің түйіні мынау. Жазуымызды жаңартып, тілімізді түлеткіміз келсе, сол арқылы санамызды сілкіндіріп, елдігімізді ерекшелегіміз келсе, бұл іске тәуекел етуіміз керек. Өнер алды – қызыл тіл деп санайтын, туған тілін мына дүниедегі ең асыл, ең ардақты адамының атымен «ана тілі» деп сөйлейтін айналайын қазағымның елдіктің бұл сынынан да абыроймен өтетіні айдан анық. Алфавит ауыстыру – іргелі, ірі іс, шын мәнінде, тарихи шешім. Ойдағыдай атқарылған жағдайда бұл ісіміздің игілігін, бұл тарихи шешімнің жемісін халқымыз ғасырлар бойы көре беретін болады. Келешектегі ұрпақтарымыз ұлтты әлемдік өркениеттің сара жолына салып берген Елге де, туған халқына сол мүмкіндікті үшінші мыңжылдықтың басындағы аласапыран заманда алып берген Ерге де алғысын айтатын болады.

Сергей Селиверстов, Еуразиялық интеграция институтының директоры:

– Мемлекеттік тіл әліпбиін жаңарту – әр елдің дербес құқығы. Жаңа әліпби – рухани жаңғырудың болашаққа бағытталғанының айқын айғағы, – деп атап өтті ол. – Айталық, ортағасырлық гот әліпбиі Қайта өрлеу дәуірінде антикалық үлгілерге сәйкес жаңартылды. Осылайша, Еуропада классикалық латын жазуы пайда болды. Ол кезде оны антиква деп атағаны белгілі. Бұл әліпби Ұлыбритания сияқты елдерде одан әрі жетілдірілді. Дәл осы елде ХХ ғасырда «The Times» газетіне арнап біз бүгін компьютерде қолданып жүрген Times New Roman (яғни «Жаңа римдік») қарпі жасалды. Сол кезеңде славян әліпбиі де жаңғыртылды. ХVІІІ ғасырда І Петр Ресейде жаңа азаматтық қаріпті енгізді, мұнда ескі кириллица сол еуропалық латынның үлгілері бойынша қайта жаңғыртылды. Ал ХХ ғасырда, 1920–1930 жылдары орыс тілін латыншаға ауыстыру жобасы әзірленген болатын. Түрік Республикасында да 1928 жылы араб жазуынан латыншаға ауысу тәжірибесі сәтті аяқталғаны баршаға белгілі. Яғни әліпбилерді жаңарту – бұл қалыпты тарихи тәжірибе. Қазіргі ақпараттық және технологиялық кеңістікте латын жазуы – жаһандық прагматистік құрал, ол ешкімді бөліп-жармайды. Керісінше, бұл коммуникация құралы. Және де ол қазақстандықтарға жақсы таныс. Латын әліпбиі ұлттық сөздігімізге халықаралық, ғылыми-техникалық лексиканы бейімдеуге оңтайлы мүмкіндік бермек.

Біләл Қуаныш, «Attila group» интернет компаниясының өкілі:

– Менің алдымда баяндама жасаған мамандар жаңа латын әліпбиінің мәні мен мазмұнына тоқталды. Ал мен сөз еткелі отырған тақырып жаңа қабылданған мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиін халыққа қалай жеткізу, жазу әдісін қалай оңтайластыру, осыған дейінгі сан мыңдаған рухани қазынамыз бен кітаптарымызды жаңа әліпбиге қалай көшіру, латын әліпбиін тек қазақстандықтар ғана үшін емес, әлемдегі барлық қазақтың ортақ әліпбиіне айналдыру мәселесі. Бірінші айтарым, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, «Қазақстан әлемдегі бар қазақтың Отаны» болса, мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиі де әлемдегі бар қазақтың ортақ әліпбиі болады. Екіншіден, жаңа әліпбидің ең үлкен артықшылығы – мемлекеттік тіліміз ендігі кезекте ғылым мен білімге,

компьютер мен интернетке тіпті де оңтайлана түседі. Осы айтылған сөздерімізге алдағы уақытта қолданысқа енетін конвертер жүйесі кепілдік бермек. Енді осы конвертердің артықшылықтарына тоқтала кетейін.

1. Біздің мамандарымыз он жылдан бері зерттеп келе жатқан қазақ әліпбилерінің конвертер жүйесі осы күнге дейін әлем қазақтары пайдаланып келе жатқан кирилл, латын, төте жазуларды бір-біріне қателіксіз аударатын бірегей жүйе. Бұл жүйе осыған дейін «Егемен Қазақстан», «ҚазАқпарат» сияқты еліміздің басты ақпарат құралдары мен шетелдегі қазақтардың өте тиімді құралына айналды. Еліміздегі, жалпы ТМД елдеріндегі, сондай-ақ Еуропадағы, Қытайдағы қазақтар осы конвертер арқылы ортақ пікір алысып, хат-хабар алмасу мүмкіндігіне ие болды.

2. Көп жылдардан бері тәжірибеден өткен осы конвертер жүйесі ендігі кезекте мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиін халық арасында өте ыңғайлы, қолжетімді тұрғыда насихаттап, тез қолданысқа енуіне айрықша қызмет етпек. Ұялы телефон пайдаланатын кез келген қазақстандық немесе интернетке қолжетімді 12 миллион азаматымыз, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен баспа орындары осы жүйе арқылы жаңа латын әліпбиін ешқандай қиындықсыз қабылдауға мүмкіндік бар. Мысалы, Сіз кирил әліпбиімен оқыған болсаңыз, осы конвертер жүйесін компьютеріңізге немесе ұялы телефоныңызға орнату арқылы кез келген уақытта кез келген мәтінді жаңа әліпби нұсқасына аударатын боласыз. Тіпті «Абай жолы» романын 3 секунд аралықта жаңа әліпбиге аударып, оқуға болады.

3. Төте жазуды пайдаланатын Қытай қазақтары да, латын әліпбиін қолданатын Еуропа қазақтары да осы конвертер арқылы жаңа әліпби нұсқасымен танысып, өзіне қажетті ақпаратты еш қиындықсыз ала алады. Яғни Қазақ елінде болып жатқан жаңалықтарды, Елбасы саясатын өз әліпбиінде оқуға мүмкіндігі бар. Нақтылап айтқанда, бұл конвертер басқа әліпби нұсқасын латынға ғана аударып қоймайды. Керісінше, жаңа әліпбиде жазылған кез келген мәтінді басқа әліпбиге де аударып алады. Бұл жаңа әліпбидің әлем қазақтарына ортақ әліпби болатынын көрсетеді.

4. Жаңа әліпбидің бір ерекшелігі әлемнің кез келген жерінде, кез келген ұялы телефонмен қазақ тілінде жазуға мүмкіндік бар. Яғни жаңа латын әліпбиіндегі 25 таңба Халықаралық юникод жүйесінде бар. Бұл өз кезегінде қолданысқа енетін конвертердің қызмет мүмкіндігін арттырады. Яғни қазақ тілінде ақпарат алғысы келген адамға ешқандай қиындық тудырмайды.

5. «Конвертер» жүйесі жылдар бойы дамытылып, тіліміздегі жүз мыңдаған сөзді қатесіз жазуға «автоматты редактор» қызметі қосылады.

6. Алдағы уақытта осы конвертер арқылы кез келген қазақ сөзінің жазылуына орай оқылымын да тыңдауға болады немесе ауызша айтылған сөздің дұрыс жазылуын көрсетіп бере алады. Бұл ұзақ уақытты алатын процес. Дегенмен, нәтиже болатыны сөзсіз.

7. Ескере кететін бір жайт. Мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиі халыққа таныстырылған соң «конвертер жүйесі» Мемлекет белгілеген бір ғана нұсқамен жасалуы тиіс. Әйтпегенде, ертеңгі күні әртүрлі

әуесқой немесе қандай да бір мүдделі топ жаңа әліпбидің мән-маңызы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиін енгізу ғылым-техника дамыған бүгінгі күнде еш қиындық тудырмайды. Бұған біздің мамандарымыз жасаған конвертер толықтай жауап бере алады. Яғни жаңа латын әліпбиін қысқа уақыттың ішінде бүкіл халықтың, оның ішінде жастардың қабылдауына өте қолайлы мүмкіндік тудырмақ.

Павел Казанцев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

– Қазір қазақ әліпбиін латыншаға ауыстыру үшін жағымды әлеуметтік және экономикалық жағдайлар қалыптасып отыр. Сондықтан қазақстандық қоғам бұл ұсынысты жүзеге асыру ұлтты одан әрі ұйыстыратынын, бізді ғылыми-техникалық прогрестің заманауи жетістіктеріне жақындататынын және Қазақстанның әлемдік коммуникациялық үдерістерге одан әрі интеграциялануына алып келетінін терең ұғынуы тиіс. Ең алдымен, біз қазақстандықтардың көпшілігіне, әсіресе жастарға өте таныс графиканы пайдаланатын боламыз. Біздің өмірімізге латынша жазу баяғыда-ақ еніп кетті. Тек аға ұрпақ қана біршама қиындықтарды бастан кешуі мүмкін. Сол себепті Президент латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиін кезең-кезеңімен және дәйекті түрде енгізуді ұсынып отыр. Бұл мәселенің техникалық жақсы жақтары да бар, айталық, пернетақтада үш әліпбиді орналастырудың қажеті болмайды, бұл құжаттармен жұмыс істеуге де ыңғайлы. Одан бөлек, бағдарламалаудың басты құралдарының барлығы латындық форматта қолданылады. Жалпы маңызды міндет – даярлық нақанын барынша белсенді жүргізу керек екенін атап айтты. Ол үшін әрбір мақсатты топқа, әрбір елді мекенге, әрбір адамға қабылданған шешімнің артықшылықтарын анық айтып жеткізуге мән берілуі тиіс. Бұл ретте жаңа әліпбиді болашақта пайдаланатын түрлі салаларда – білім беруден бастап мемлекеттік қызметтер көрсетуге дейін, кітаптан бастап сыртқы жарнамаға дейін барлық жерде сынақтан өткізу жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу қажет.

Төлеубек Мұқашев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

– Әліпбиді өзгерту өз ерекшелігімізді сақтап қалу, әлемдік интеграция, ақпарат алу мүмкіндіктерін дамытуға жағдай жасайды. Латын графикасы жер жаһанға кең тараған. Соның арқасында жастар ғаламтор арқылы ақпарат айдынына еніп, білім мен ғылым саласындағы кеңістікке еркін енеді. Сонымен бірге, түркі әлемін біріктіруге күш салады. Латын графикасына көшу қазақ тілінің мәртебесін көтереді. Сонымен қатар латын әліпбиіне көшу барысында қазақ тіліне тән әріптердің жойылып кетпеуі маңызды. Бұл қадам кириллица таңбаларын латынмен алмастырудан бөлек, жазу саласында да реформа жасауды қажет етеді. Ана тіліміздегі әр дыбыс дербес белгіленіп, өзіндік ерекшелігі ескерілуі тиіс. Жаңа әліпбиді компьютерге емес, керісінше компьютерді тілге икемдеу керек.

Дархан Қыдырәлі, Халықаралық Түркі академиясының президенті:

– Жаңа әліпби жаңарған елдің нышаны ретінде көнені келмеске кетіріп, сананы сілкіндіреді, жадыны жаңғыртып, тілге тәуелсіздік әпереді, мәдени тұтастықты орнықтырып, ақпарат кеңістігін дербестікке жетелейді. Әліппе мәдениеттің өлшемі, сонымен қатар ол – ұлттың таңбасы, елдіктің айшығы, мемлекеттің тәуелсіздігі мен тұтастығын айқындайтын символдардың бірі. Бұл тұрғыдан алғанда таңба таңдау – өркениет жолын да таңдау деген мағына береді. Сондықтан осы арқылы Мәңгілік ел мұратын тұғырлы ететін тарихи таңдау жасалды деп ойлаймыз. Әліпби алмастыру арқылы біз қосамжар орфографиядан құтыламыз. Мысалы, қазір мемлекетіміздің атауы 3 түрлі жазылып жүр. Латын әліпбиі арқылы мұны Qazaqstan деп тілдік ерекшелігімізді сақтай отырып, бір-ақ сөзбен жазуға мүмкіндік аламыз. Сонымен қатар жаңа әліпби арқылы шет тілдерден енген сөздерді де ұлттық ерекшеліктерге икемдей аламыз. Латын әліпбиін қазақ емлесі арқылы қабылдау бұл мәселені бірізге түсіреді. Орфографиялық, орфоэпиялық тұтастықтың тілдік тұтастыққа бастайтынын ескерсек, бұл түрлі этностардың тіл сындыруына, сөйтіп мемлекеттік тілдің төңірегіне топтасуына септігін тигізеді деп есептейміз. Ендеше, Елбасы мақаласында атап өткендей, латын әліпбиі бұқаралық сананы өзгертіп, қоғамның ішкі тұтастығын қалыптастыратын басты құралдың бірі болады деген ойдамыз. Қазірдің өзінде еліміздегі электронды ақпарат құралдарында латын әліпбиі кеңінен қолданылуда. Интернетте, әлеуметтік желілерде бұған әлдеқашан көшіп кеткендер аз емес. Бірақ латын әліпбиін әркім әртүрлі пайдаланып жүр. Сондықтан мақұлданған жаңа әліпбидің қолданысқа енуі бұл мәселені бір жүйеге келтіреді. Жаһандану жағдайында ағылшын тілі мен латын әліпбиін меңгеру – журналистерге әлемдік ақпарат айдынына еркін еруге мүмкіндік береді. «Егемен Қазақстанның» жаңарған порталы биылғы жылдың басынан бері орыс тілінде қызмет көрсетіп келеді. Шеттегі қандастарға арналған латын әліпбиіндегі нұсқасы біраздан бері бар. Сайтқа салынған материалдар конвертердің көмегімен автоматты түрде латын қарпіне аударылады. Ал осы қыркүйек айынан бастап біз ағылшын тілінде ақпарат тарата бастадық. Шетелдегі оқырмандар мен елдегі елшіліктер енді жаңалықтарды «Егемен» арқылы оқитын болады. Жалпы ел газетінің 1929–1940 жылдары аралығында, «Еңбекші қазақ» және «Социалды Қазақстан» кезінде латын әліпбиімен шыққанын жақсы білесіздер. Сондықтан бас басылым ретінде латын әліпбиіне көшу біз үшін табиғи жалғастық болады! Әрине, әліпби өзгерту бір күнде, тіпті бір жылда да жүзеге асатын процесс емес. Қанатқақты жоба ретінде қолданысқа енгізілгеннен кейін, уақыт өте келе қол да, көз де үйреніп кетеді. Ең бастысы, рухани жаңғыруға нақты қадам жасалды. Ұзағынан сүйіндірсін!

Эдуард Полетаев, «Мир Евразии» журналының бас редакторы, саясаттанушы:

– Саяси шешім қабылданды. Енді әртүрлі көзқарастар ескерілгені жөн. Олардың барлығы тыңдалып, пікір алмасуға қатысуы керек. Қазақстанда және оның аумағынан тыс жерлерде, ең бірінші бұрынғы кеңестік елдер кеңістігінде латын әліпбиіне көшу мәселесі кеңінен талқылануда. Тіл, ең

алдымен, коммуникация құралы. Тіл мәселесін саясиландыруға болмайды. Бұдан ол тек қана эмоционалдық бояуға ие болады. Реформаның маңыздылығын тілдің функционалдылығын арттыру тұрғысынан бағалауымыз қажет. Әліпби мәселелері ұраншылдықтың емес, ғылыми талқылаудың тақырыбына айналуы керек. Бір әліпбиден екіншісіне өту революциялық оқиға болып табыла ма? Жоқ. Өйткені Қазақстан эволюциялық дамуға екпін береді. Әліпбидің ауысуымен ойлау жүйеміздегі амалдар өзгермейді және ғылыми зерттеудің әдістері де бұрынғыдай қалады. Тіл саясатын жүзеге асыру патриоттық сана-сезімге негізделуі керек. Тіл мәселесінде ұстамдылы пікірлер мен бағалар қажет. Сонда ғана тілдер мен мәдениеттер, сана ашықтығының өзара тиімді айланысы мен бірін-бірі толықтыруы туралы айтуымызға болады.

Бекболат Тілеухан, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

– Бүгінгі дәуірдің дидары басқа. Замана қарқыны алапат. Кез келген айтулы деген ақпаратыңыз әрі кеткенде алты күнде ескіріп қалатын заман – бұл заман.

Сондықтан да соны қадам керек болды. Болашаққа бағыттайтын жаңа бағдар керек болды. Басқаша көзқарас, терең тәсіл керек болды. Сол үшін де биыл Елбасы жаңа мақаласын жариялады. Жұрт жапатармағай жағаласып, жанталасып жатқан кезде аттың тізгінін тарта тұрып, елдің есіне ештеңе келмей тұрған кезде алты қыр емес, алпыс қырдың астындағы нәрсені көру, көздеу — бұл соңғы ширек ғасырдағы Қазақстан саясатының қолтаңбасы. Былайша айтқанда, Назарбаевтың стилі бұл. Барша халық «бағдарламалық» деп баға берген бұл мақаланың меңзері терең, бітімі бөлек. Қысқасы, түсінгеніміз мынау: «заманың түлкі болса, тазы боп шал». Өкшелеп қуғанның өкпесі өшетін заман. Алдынан тосып, қапталында жүрмесен, қақпақыл ойнап кете барасың, қатардан шығып, қаңғып қаласың. Табаныңа бұр, ұстанымыңа тиянақ керек. Бұл қайда дегенде, бұл ұлттық кодымызда екен, бұл біздің генетикалық жадымызда екен, заман талабына берік сабақтасқан осы қасиет біздің елдігімізге сеп болады, келешегімізге кепіл болады. Енді соның бір парасы алға қойған міндеттердің бірі – жаңа әліппеге көшуді Елбасы ұсынды. Латын алфавитіне қажеттілік туды. Енді қажеттілікке бір саясаттың «тонын» кигізудің ешқандай қажеті жоқ. Жаңа Эдуард Полетаев мырзаның айтқанымен толық қосыламыз. Заман қажеттілігі. Енді ерте бастасақ, ерте болып кетер еді, енді кеш бастасақ, кешігіп қалуымыз ықтимал. Кез келген жаңа іс, соны қадамның азды-көпті қауіпі болады. Енді «қауіпі» демей-ақ қояйыншы, машақаты болады, тәуекелі болады. Бірақ бұл соқыр тәуекел емес, ағайын. Бұның бәрі зерттелген, қоғамның талқысына салынған. Алфавит реформасы түгілі, бір бөлмеден бір бөлмеге затыңызды ауыстырсаңыз да кәдімгідей машақат. Аға буынға бұл латиницаның ауырлау түсетіні жасырын емес. Ал жас ұрпаққа түк емес.

Қажеттілікке саясаттың «тонын» кигізбейік, ағайын. Ашық сана, прагматизммен келгеніміз дұрыс болады деп ойлаймыз.

Түйін. Сонымен, «Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселелері туралы» атты

парламенттік тыңдауда осындай келелі ойлар мен маңызды пікірлер ортаға салынды. Парламент Мәжілісінің депутаттары назарға ұсынылған жаңа әліпбидің нұсқасы бойынша, сондай-ақ латын әліпбиін ендіруге қатысты өзге де мәселелер бойынша тиісті лауазым иелеріне сауалдар қойып, жауаптарын тыңдады. Өздерінің пайымдарын жеткізіп, ұсыныстарын ортаға салды. Парламенттік тыңдау қорытындысы бойынша тиісті ұсынымдар қабылданды.

*Топтама материалды әзірлегендер:
Дәуіржан Төлебаев, Дина Имамбаева, Ғазиз Есембаев*

3-тарау

ҒЫЛЫМИ СЫНДАРЛЫ-САРАБДАЛ ОЙЛАР

Латын әліпбиіне көшуге оң көзқараспен бет бұрғанымызбен, оңтайлы жобасын таңдау, жазылым, оқылым үдерісіндегі тиімділігін ескеру мәселелері айтарлықтай зерттеуді қажет ететіні айқындалды. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкерлері латын әліпбиіне көшу мәселесіне қатысты зерттеулерін 2007 жылдан-ақ бастап кеткені белгілі. Содан бері бірнеше ғылыми монографиялар мен зерттеу еңбектері жарық көрді. Осы саланы зерттеуге машықтанған арнайы мамандар да дайындалды. Жазу теориясын, жазу тарихын, соның ішінде латын әліпбиі тарихын зерттеген ғалымдар, IT-мамандар, орфография, орфоэпия саласын зерттейтен, тіл тарихын қарастыратын ғалымдар нақ осы уақытта халыққа латын әліпбиінің маңыздылығын, артықшылықтарын түсіндіруде елеулі еңбек етті. Бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тілін латын әліпбиінде таңбалаудың лингвистикалық принциптерін ғылыми негізде түсіндіруге бағытталған мақалалары дүркін-дүркін жарық көріп отырды. Мәселен, академик Ә.Қайдардың мақаласында әлемдік ортақ жазу таңбасы ретіндегі латын әліпбиінің негізінде тілдің тазалығын, төл болмысын сақтау мәселесіне баса назар аударылған. Сондай-ақ лингвист-ғалымдарға әрбір әріпті, таңбаны жан-жақты қоғамдық және лингвистикалық талдаудан өткізу қажеттігін ескертеді. Бұнымен қоса Елбасының «латын әліпбиіне ауысатын кез де келер» деген сабырлы да салиқалы сөзін дұрыс түсіну үшін бұл мәселені тіл саясатына қатысты емес немесе оны кириллицаға қарсы қою емес, қазақ әліпбиі мен орфографиялық ережелерін реформалауға қатысты қазіргі қоғамдағы «рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың бір құралы ретінде насихаттаған дұрыс деп бағыт береді.

Академик Р.Сыздық сұхбатында латын әліпбиіне көшпес бұрын жазу ережелерін дайындау керек, халықаралық терминдер мен орыс сөздерін латын әліпбиімен жазудың қиындықтарын жүйелеп, біріздендіру керек деген ұсынысын білдіреді.

Ғалым О.Жұбаеваның пайымдауынша жазу тарихындағы үлкен реформа тұсында төл тіліміздің жұмсалымдық (функционалдық) қызметінің тазалығын қалыптастыруға ғылыми зерттеу жүргізу қажет. Әсіресе қазақ тілінің тіркесімділік жүйесінде лингвистикалық заңдылыққа бағынбайтын сөзқолданыстар жиілеп кеткенін және олар төл тіліміздің құндылығын әлсірететін фактор ретінде қалыптасқанын ескертеді.

Ғалым А.Фазылжанова мақалаларында қазақ тілі үшін тиімді әліпби принципі, яғни «бір әріп – бір дыбыс» қағидасы бұзылмауы керек деген ұстанғымын білдіреді. Ғалым: «Әліпби таңдау тілдің болашағы үшін, сонымен бірге, еліміздің өркениеттік дамуы үшін де қажет» деп, мәселені рухани жаңғыру бағдарымен тікелей байланыстырады. Парламентте

таныстырылған диграфтық нұсқаға қатысты артықшылығын (ықшамдылық, экономикалық жағынан тиімділігі, яғни компьютер пернетақтасына сәйкес келуі) атап көрсетіп, кемшілігін (қазақтың төл дыбыстарын диграфтар арқылы таңбалау) былайша түсіндіреді: «Егер хронология бойынша қарайтын болсақ, латын қарпін қолданатындардың ішінде өте ертеде дәстүрлі әліпбиін бекітіп алғандар ғана диграфқа жүгінеді. Жас әліпби жүйесіне жататын кирил графикасында диакритика көп те, диграфтарды қолдану мүлде жоқ. Қазақтың жазу тарихында «бір әріп – бір дыбыс» принципі бұзылған жоқ, басымдықта болды. Мұны ескерсек, ұсынылып отырған диграфтар қазақ этно-мәдени қауымдастықтың тілдік санасында жат таңба түрінде қабылданады».

Латын әліпбиінің тарихын зерттеген ғалым Н.Әміржанова латын жазуына байланысты талқылауға түскен компьютерлік және лингвистикалық жобаны сараптап, осы салаға қатысты маман ретінде пікірлерін ұсынады. Осыған орай, әліпби ауыстыру мәселесін рухани жаңғырумен тығыз байланыста қарап, оны тілдің иммунитетін көтеретін рухани-әлеуметтік фактор деп санайды. Атап айтқанда, тіліміздің әуезділігін сақтау, я жаңғырту, төл таңбаларымызды (ә, ө, ұ, ү) белгілеу сияқты мәселелерді шеше алмайтын компьютерлік жоба рухани жаңғыруды іске асыра алмайды. Осыған байланысты үш әліпбидің нұсқасы бойынша жүргізілген сауалнама нәтижесін алға тартады.

Диграфтық жобаның тек технарлық көзқарас тұрғысынан ғана ұтымды жақтары бар екенін, ал лингвистикалық жағынан тиімсіз екенін атап өтеді. Себебі, ол тілдің ішкі заңдылықтарына бағынбайды, күрделендіреді. Нақты қолданыс барысында көзшалым және қолшалым тәжірибесінде оңтайсыз болғандықтан, баланың қабілетін дамытпайды. Демек, болашағы бар жазу, біріншіден, оны тұтынушыға ыңғайлы және, ең бастысы, жас ұрпақтың санасына қиындық түсірмей, сауаттандыруға тиімді болуы тиіс. Ғалымның пікірінше, бұл дәстүр («бір дыбыс – бір әріп») А.Байтұрсынұлының қолжетімді сипатта тілді бірегейлендіруші ұлттық жазуынан бері қарай жалғасып келеді екен. Демек, жазу дұрыс болмаса, тіл де бұзылады.

Н.Әміржанова тілдің төл болмысын жазуда таңбалауға байланысты осы ойын жалғастырып, латын графикасын рухани жаңғыруды жүзеге асыру құралы ретінде санайды. Осы тұрғыдан орфографияға қатысты болашақта атқарылуы тиіс мынадай мәселелерге назар аударады: кірме сөздерді жазуда қазақшаға икемдеу; ю, я графемаларын қазақы санаға сәйкес таңбалау.

Латын әліпбиіне көшуге қатысты жұмыс тобын құрып, ғылыми тұрғыдан халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізуді басқарған ғалым Ерден Қажыбектің мақаласында Қазақстандағы тілдік реформа стратегиялық сипаттағы рухани жаңғырудың негізгі өзегі ретінде анықталған. Ғалым латын әліпбиіне көшу қадамымызды Елбасының «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген тезисімен, Қазақстанның әлемдегі дамыған отыз мемлекеттің қатарына көтерілу мақсатымен байланыстырылады. Осымен байланысты автор бұл мәселенің өз қоғамымызда ғана емес, халықаралық қауымдастықта

да кеңінен қолдау тауып, ғылыми-талдамалық жиындардың өтуін рухани жаңғыруды дәйектейтін тілдің ұлттық код екенінде деп санайды. Осымен байланысты латын жазуын енгізуді талқылайтын ұлттық комиссияның кешенді, талдамалық, ғылыми-әдістемелік сипатта жүргізілген жұмыстарын көрсетеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарына латын әліпбиінің тиімді нұсқасы қабылдауға бағыт беретін ғылыми мақалалардың барлығы бірдей енбей қалды. Сондықтан, жаңа әліпбиге көшуге бағытталған күрделі сұрақтарға шешімді жауап бере алатын әртүрлі мәселелерді қарастырған ғылыми мақалалар ғана таңдалып алынды.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының сұхбаттарда берген ғылыми талдаулары, мақалаларда айтылған ғылыми пайымдаулары, ұсыныстары мен ғылыми негіздемелері көпшілік талқысына салынды. Халықты латын әліпбиіне көшуде туындайтын қиындықтар мен ауыртпалықтардың алдын алу мақсатында ұсынылған лингвистикалық принциптерімен таныстырды. Ғалымдардың мақалалары жаңа әліпбиге көшу – төл тіліміздің табиғи болмысын жаңғыртуға бағыттайтын жақсы мүмкіндік екенін жұртшылыққа оңтайлы түсіндіріп берді деп ойлаймыз.

3.1. ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫНА ЕРЕКШЕ МӘН БЕРУ КЕРЕК

Қазақ тілінің мәдениеті мен тазалығының бұзылуы көптеген факторларға тәуелді екенін мойындауымыз қажет. Ұлтаралық қатынас, отарлау саясаты, дамыған елдерге еліктеу, ұлтын, тілін сақтауға деген рухани мұқтаждың болмауы, т.б тіл мен ұлттың жойылуына әкеліп соқтырады.

Тәуелсіздік алғалы бері қазақ ұлты өз тілі мен мәдениетін құрметтеуге деген ниеттері артып келеді. Соның арқасында өзге ұлттардың қазақ мәдениетіне деген сыйластығы еселене түсті. Ендігі бір өзекті мәселе - сөйлеу мәдениетіміздің бұзылуы. Этикалық тұрғыдан да, төл тілдің грамматикалық құрылысы жағынан да ауытқушылық бар. Кірме сөздердің кең қолданысы, сөйлем құрамының аударма калькасының ықпалында құрылуы, қосымша жалғау заңдылықтарының бұзылуы көбейді. Оларды түзету жұмыстары тысқары қалып қойып жатқандай. Латын қарпіне көшу барысында орфографиялық, грамматикалық нормаларды аталмыш қателіктердің аясында қайта жасауды ұсынатын ғалымдардың тұжырымдамалары осы тарауша берілді.

Жазуды ауыстырудың өзіндік жағымды тұстары бар. Бұл - ерекшеліктерімізді сақтап қалумен бірге әлемдік ықпалдастық, ақпарат алуға қолжетімділік мүмкіндіктерін дамыту. Латын әліпбиі әлемде ағылшын тілі сияқты кеңінен таралған. Оның арқасында жастарымыздың ғаламтордан ақпарат алуға, білім және ғылым саласындағы кеңістікке жиі қол жеткізуге, тезірек танысып, оқуға мүмкіндіктері көбірек болады.

Жазудан айту басым болған кезеңдегі «оқымаған» халық орыс тілінен келген сөздерді өз тілінің ұлттық бояуымен көмкеріп, *бөтелке (бутылка)*, *бөшке (бочка)*, *бәтеңке (ботинка)*, *орыс (русс)*, *шайнек (чайник)*, *кәмпит (конфеты)*, *ұшқыш (летчик)*, *пәнер (фанер)*, *жорнал (журнал)* деп өз сөзі

етіп алған еді. Осы халықтық ұстаным А.Байтұрсынұлы сияқты ғалымдар еңбектерінің негізгі тірегі болды. Бірақ кейінгі кезеңде «операция», «ассимиляция», «электр», «экскватор», «съезд», «космос», «бюджет», «атом», «театр», «архитектура», «фотография», «телеграф», «архив» т.б өзге тіл сөздері тау суындай тасқындап тілімізге өзгеріссіз келіп жатты. Жаңа әліпбиге ауысқанда олар қандай болуы керек? бұл мәселелердің шешімі ғалымдардың зерттеулерінде айқын көрініс тапқан.

*«Егемен Қазақстан» газеті
12 қыркүйек 2017 ж.
egemen.kz*

Әбдуәли Қайдар

академик

ШЕШУШІ СӘТТЕГІ ҚОЛДАУШЫ КҮШ

Еліміздегі ең жоғары заң шығарушы орган – Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде «Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселелері туралы» деген тақырыпта парламенттік тыңдау өткізуі, шын мәнінде, ұлт пен тіл жанашырларының ғана емес, барша қазақ халқы үшін айтулы шара дер едім. Өздеріңізге мәлім, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының жарияланғаны да күні кеше еді. Президентіміз онда: «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» – деген еді. Міне, сөзден іске көшетін сәті түскен мезгілдің жеткенін Астанада өткен осынау алқалы жиын баршаға жария етті.

Бүгінгі Қазақстан «Мәңгілік Ел» болудың дара жолына түсті. Елбасымыз ең алдымен рухани жаңғыру міндетін қойып отыр, қазақ тілі біздің рухани негізіміз, осы жолда тілдің халықаралық мәртебесін көтеру – біздің әлемдік өркениетке жетуіміздің басты кепілі. Сонымен бірге жаңа әліпби бүкіл әлем қазақтарын біріктіретін өте маңызды фактор екенін де сан рет атап айтты. Мұнда терең сыр бар, мән жатыр. Латын әліпбиіне көшу мәселесінде ешқандай да асығыстық әрі қателік болмауы керек. Қазір біздің мемлекетімізде заманға сай жеделдетіп «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы жүзеге асуда. Елбасымыздың тапсырмасына сәйкес, барлық білікті мамандар бірнеше жылдың ішінде латын қарпі бойынша қазақ әліпбиінің жаңа жобасын жасады.

Әлі есімде, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі 1993 жылы Түркия еліндегі Анталья қаласында кешегі Кеңес Одағында тұрып келген бауырлас халықтардың латын әрпіне көшу туралы халықаралық конференция өткен. Сонда әлем ғалымдары қатарында биік мінберден баяндама жасаған мен

қазақ тілінің де латын әрпіне көшуге өзге туысқан елдер секілді қауқарлы екенін, оның тілдік ерекшеліктері хақында айтып едім. Жиынға сол кездегі Түркия президенті Тұрғыт Өзал қатысқан, ол кісі өз тарапынан маған ризашылық сезімін білдірді. Елге оралған соң, болашақ латын тіліне көшудің барлық жобасы мен тұжырымын хатқа түсіріп, еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа жолдадық. «Ойланатын мәселе екен, ғалымдар жан-жақты зерттеп, жауабын берсін», – деді Елбасы. Бір-екі жылдай сонымен шұғылдандық. Әзербайжандар ол кезде латын әліпбиін жаппай жаттай бастаған, өзбектер жаңадан көшкен еді. Кейін оған түркімендер қосылды. Қырғыздар бізге қарайлап қалды.

Ол бір ауыр кезеңдер болатын. Бізге латын әліпбиіне дейін ең алдымен тұралап жатқан қазақ тілінің мәртебесін көтеруге тура келді. Білекті сыбанып тастап, тер төктік. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын құрдық. Президент бұл мәселені елдегі ұлт татуластығы сипатында асқақтатып қатты көтереді. Содан саяси мәселе нышандағы Қазақстан халқы Ассамблеясын құрды. Айтпақшы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Сіздің қазақ тілінің дамуы мен өркендеуіне қосқан еңбегіңіз ақталады» – деп, кеудеме еліміздің жоғары наградасы – «Отан» орденін қадағандағы әңгімесін де ұмытқан жоқпын. Әр істе сабырлы әрі ойлы шешім жасайтын Елбасының стратегиялық жоспарларының жүзеге асатынына да еш күмәніміз болған емес. Әсіресе Елбасының жадырап тұрып айтқан: «Латын әліпбиіне ауысатын кез де келер» – деген бір ауыз сөзі осынша жыл жүрегімді жылытып жүргенін де еш ұмыта алар емеспін! Біз осы орайда Елбасына шамамыз келгенше қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуына атсалыстық, жәрдемдестік.

Ал енді еліміз кезең-кезеңмен латын әліпбиіне көшкен жағдайда, сөздер жаңа латын әрпімен жазылғанда жұрттың бәрі оны жаңадан қабылдайды. Жаңа сөз ретінде, жазылуын орфографиялық норма ретінде қабылдап, көзің де үйренеді. Бұл, әсіресе, тілдегі басы артық дыбыстардың, сөздердің дұрыс жазылуын, қазақша дыбысталуын қамтамасыз ету үшін, тілдің өз табиғаты үшін керек. Бұл айтылған жайттар қазір еліміздің ғалымдары мен тілшілері бас қосқан алуан-алуан жиналыстарда ортақ бір мәмілеге келіп те қалды. Латын жазуы ағылшын тілі сияқты әлемге кең тараған әліпби екеніне дау жоқ. Екінші жағынан, бұл – түрік әлемі мен Қазақстанның бірігуі. Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Түрікменстен сияқты елдердің жазуымен бір болғаны – біздің еліміз үшін ұшан-теңіз пайдасы болары ақиқат.

Тағы бір ескеретін жай – латын әліпбиіне өтсек, барлық мәселе шешіледі деп арқаны кеңге салуға да болмайды. Латын әліпбиіндегі британдық ағылшындар өз тілдерінің Америка, Еуропа құрлықтарында әр жерде әртүрлі айтылып кетпеуіне, немістер жер-жерден келген өз қандастарының тілді бұзбай дұрыс меңгеруіне, француздар өз тіліне ағылшын кірме сөздерінің көп еніп кетпеуіне басқа елдер де алаңдаушылық білдіріп, үнемі назарда ұстап, тілін дамыту шараларын жүргізіп отыр. Сондықтан бізде тілімізге бұрынғыдан да жауапкершілікпен қарап, Елбасы айтқандай, «қазақ қазақпен қазақша сөйлесуі керек». Тіл сөйлеген үстіне

сөйлей берсең ғана шындалып, айналадағы басқаларға да әсер ете түседі. Латын әліпбиі – түркі дүниесінің басын қосатын фактордың бірі. Әрі компьютеріңіз де латынға байланған. Ал оның қиындығы уақытша ғана, небәрі қас-қағым сәттік елестей ғана болатыны және анық.

Жаңа басталған үшінші сессиядағы алғашқы парламенттік тыңдаудың Елбасының тарихи бастамасына арналып отырғаны тектен тек емес. Уақытты созбай біз, жана әліпбиді жан-жақты талқылап, әрбір әріпті, әр таңба мен белгіні терең талдауымыз қажет. Себебі тіл, жаңа әліпби мәселесінде ешқандай қателік болмауы керек!

Ерекше бір назар аударатын жайт бар – парламенттік тыңдауда латын әліпбиіне көшу тек қазақ тіліне қатысты екені атап өтілді. Осы орайда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нығматулиннің «Мемлекеттік тілге қатысты реформа мемлекеттің тіл саясатына қатысты өзгерістерді қарастырмайды. Бұл туралы Елбасы қысқа әрі нақты айтқан болатын. Әліпбиді өзгерту тек қазақ тіліне қатысты. Латын әліпбиіне көшуі тек қазақ әліпбиі мен орфография ережесін реформалауға байланысты. Бұл – тіл фонетикасы мен графикасы арасында тиісті байланысты орнатуға мүмкіндік береді. Осылайша, латын әліпбиін енгізу елдің ішкі мәселесін шешуге, мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған. Елбасы атап өткендей, латын әліпбиіне көшу орыс тілінен, кириллицадан бас тартуды білдірмейді. Латын әліпбиіне көшу тек қазақ тіліне қатысты. Ал орыс тілінде шығатын басылымдар бұрынғыша шыға береді. Яғни Қазақстанның орыстілді тұрғындары үшін кириллица қалады», – деуінің де жаны бар.

Қазір 1989 жыл емес. Қазақстан тәуелсіз. Халықтың дені ана тілінің қадірін түсіне бастады. Өткендегі соқпақпен жүрсе, ана тілінен айырылып қалатынын кейбіреулер кеш те болса ұғынды. Бірақ әлі де елдің бәрі емес дер едім. Бірнеше ұрпағы орысша сөйлейтін қандастарымызға ауырлау, бірақ түзелуге мүмкіндік басым. Заман жақсы. Кезінде санасы жетпегені емес, кездейсоқ «уланғаны» үшін оларды кінәлауға мүлдем болмайды. Қазіргі қазақ қоғамының да, ана тілінің де мысы басым. Сырттан келер ешқандай қауіп жоқ. Кезінде біздің айналаға ұран сап, алғашқы құлшынып құрған «Қазақ тілі» халықаралық қоғамымыз еліміздің тарихында бәрін өзгертіп жіберді дей алмаймын, бірақ біз болашақ үшін, бүгінгі өміріміз үшін өте үлкен бетбұрыс жасадық.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың 90-шы жылдардың басында ана тілімізге қатысты айтқан асқаралы ойлары, өзі айтқандай, сабырлы түрде жоспардағыдай біртіндеп жүзеге асуда. Тіпті барша халқымызда бұрын-соңды бой көрсетпеген тілге деген жанашырлық сезімнің пайда болғаны жаныңды жадыратып, шуаққа бөлейді. Сөзімнің соңында Президенттің «Егемен Қазақстандағы» «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты сол бір тарихи мақаласы осынау халықтық бүгінгі қозғалысқа ең шешуші сәтте зор қолдаушы күш болғанын әрдайым есте сақтайық дегім келеді.

Рәбиға Сыздық
академик

ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫНА ЕРЕКШЕ МӘН БЕРУ КЕРЕК

дейді филология ғылымдарының докторы, академик Рәбиға Сыздықова.

– Тіл теңізінде еркін жүзген Мұхтар Әуезовтің өзі сізді «Ол бір өте ақылды, мәдениетті жас» деп бағалаған екен. Ғұламаның осы сөзінің растығына сіздің сонау 1957 жылдан бергі жетпіс жылға жуық қазақ тіл біліміне қалтқысыз қызмет етіп келе жатқаныңыз дәлел. Бүгінгі қазақ тіл білімінің даму үрдісіне, зерттелуіне, ғылымға қосып отырған жаңалығына, ғалымдардың сапасына көңіліңіз тола ма?

– Сұрақ тым күрделі екен. Қазақ тіл білімі сияқты ғылым саласының даму үрдісі, ондағы жаңалықтар туралы бірден айта салу оңай емес. Ол үшін жаңалықтарды, жазылып жатқан еңбектерді біліп отыру керек. Қандай жұмыстар жазылып жатыр, кімдер жазды, қалай жазылды, ол толық па, қанағаттанарлық па, жоқ па? – бұларды білу үшін оқып, танысу қажет. Шығармаларды оқып, жазған адамдарды біліп отырсаң, әрине, тұшымды ой айтуға болар еді. Бүгінде мен үшін ол қиындау соғып тұр. Өйткені ондай жаңа еңбектерді оқып-танысу үшін көз керек, көру керек. Сосын сол адамдармен сөйлесіп, әңгімелесіп, танып-біліп отыру керек. Қазіргі кезде оған шамам жетпей қалды. Үш жыл болды: бір сәтте көзімнің шырағынан айырылып, оқи алмай, жаза алмай қалдым. Жаңа дүниелер шығып, оған жақсы рецензия, пікір жазылып жатса, оқытып та алуға болар еді. Бұрын газет-журналдарда соңғы кездері жарық көріп жатқан ғылыми еңбектерді таныстырып, жан-жақты талдап, жетістігі мен кемістігін білдіріп жататын рецензиялар жарияланатын. Содан танып-біліп отыратынбыз. Көп жыл болды ондай рецензиялар тоқтады, өйткені дәстүр үзіліп қалды. Оны жазатын адам жоқ. Қазақ тілін ғылыми тұрғыдан талдап, зерттейтін бір ғана ғылым ордасы – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жұмысы соңғы 4-5 жылда Үкімет тарапынан жеткілікті қаражат бөлінбегендіктен, мамандар басқа жұмыстарға ауысып, тарап кетті. Бұл, әрине, институттың жұмысын біршама әлсіретті. Институт қызметкерлері жанайғайының нәтижесі ме, әлде Үкімет өз тарапынан қажет деп тапты ма, – соңғы 1-2 жылда институттың жұмысына көңіл бөлініп, іскер, білімді, жаңа басшы келді. «Институтымыздың жұмысы енді қайта жанданады» деген сенімдеміз. Дегенмен, «Соңғы 5-10 жылда ештеңе болмады, қазақ тілі ғылыми тұрғыдан зерттелмеді!» – деуге тағы болмайды. Өйткені жастарының ұлғайғанына, күн көру қамымен өзге де міндеттер атқарып жүргеніне қарамастан, институттың аға және орта буын қызметкерлерінің ішінде жаңа еңбектер беріп жүргендері де бар.

Соңғы жылдары қазақ тіл білімі инновациялық бағытта зерттеле бастады. Соның нәтижесінде когнитивті лингвистика, функционалды грамматика, коммуникативті грамматика, корпусстық лингвистика т.с.с. жаңа салалар дамып келеді. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ауыз толтырып айтуға болатын, үлкен, жемісті еңбегі ретінде 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігін» атауға болады. Мұндай сөздік әзірге түркітілдес халықтардың ешқайсысында жоқ. Сөздіктің құндылығы көлемінің, том санының көптігімен (әр томның көлемі 3-4 монографияның көлеміндей) емес, қазақ тілінің бар байлығын көрсете білгендігінде. Өйткені тілдің байлығы сөздердің көптігінде емес (ол жағынан қай-қай тіл де кем түспейді), тілдің байлығы ұғымды білдіретін амалдардың көптігінде, сол амалдарға байланысты пайда болған дүниелердің көптігінде. Жеке сөздерді, сөз тіркестерін, қос сөздер, күрделі сөз т.с.с. қазақ тілінің қазынасын әліпби тәртібімен тізіп, мағынасын, көркемдігін, дұрыстығын көрсеткен сөздік – өте құнды сөздік. Бұл сөздікті құрастыру үшін институттың жас мамандарын ұйымдастырған – менің шәкіртім, профессор Нұргелді Уәли. Жастары ұлғайғанына қарамастан, бірқатар ғылыми қызметкерлер күні бүгінге дейін іргелі ізденістерін жалғастырып келеді. Ондай ғалымдардың қатарында Телғожа Жанұзақов, Өмірзақ Айтбаев, Асқар Жұбанов, Жамал Манкеева, Көбей Хұсайын, Зейнеп Базарбаева, т.б. атауға болады. Институт құрамы бұрынғысынша сақталса, жетістігі, табысы әлдеқайда көп болар еді. Бүгінгі таңда ғылыми зерттеулерді жандандыру қажет. Ол үшін тарап кетуге сәл қалған институт ұжымын толықтыру керек. Соңғы 3-4 жылда кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалатын кеңес жабылып қалды.

Бүгінде мұндай кеңестің қажеттігі ерекше сезіледі. Бірқатар тың тақырыптарды зерттеуге кірісу керек. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Бабалар сөзі» 100 томдығын шығарды. Онда қазақ тілінің шынайы байлығы бейнелі тіркестер, көне сөздер, түрлі ғасырда пайда болған қолданыстар тұнып тұр. Сол еңбектің негізінде ұжымдық зерттеулерді қолға алу қажет. Қазақ жазбаларының текстологиясы бойынша еңбектер өте аз. Онымен тіл мамандары айналысуы керек. Махамбеттің жинақтарында қате жазылып жүрген өлең жолдары баршылық. Демек, Махамбет, Дулат сияқты сөз зергерлерінің канондық мәтінін беретін уақыт жетті.

– Сіз әдебиетіміздегі алдыңғы қатарлы ақындардың өлеңдерін лингвостилистикалық жағынан терең зерттеген ғалымсыз. Талай ақынның жұлдызын жақтыңыз. Абай, Дулат, Мағжан, Қасымнан бастап, Мұқағали, Төлеген, Ізтай, одан берідегі Тұманбай, Фариза, Ақұштап, тіпті «мұндағы» Светқалиларға дейінгі ақындардың сөз машығы туралы пайымыңыз қандай?

– Әдебиеттің тарихын зерттеп, Абай сияқты қазақтың сөз құдіретін танытқан ақынның тілдік тұлғасын зерттеу мақсатымен үш монография жаздым. Абайдың алдындағы Махамбет, Дулат, Шортанбай, тағы басқа сөз зергерлерінің әдеби тілді дамытудағы орнын, еңбектерін көрсетпей кету мүмкін болмағандықтан, әдеби тілдің тарихы, ауызша дамыған әдеби тіл мәселелерін де сөз еттім. Абай шығармаларының тілін, Абайдың сөз өрнегін

талдай отырып, одан бұрынғы ақындардың шығармаларын жеке талдап-танытуға тырыстым. «Сөз құдіреті» деген кітабымда Мұхтар Әуезовтен бастап он жазушының қазақ тіліндегі сөздің құдірет-күшін, әсемдігін, бейнелілігін, әсерлілігін, дұрыстығын қалай көрсеткені туралы жаздым. Осы бағыттағы талдауларымды жалғастырып, Фариза Оңғарсынованың шығармалары бойынша көп материал жинап, арнайы зерттеу еңбегін жазбақ болып едім, көзімнің көрмей қалуына байланысты ол ісім аяқсыз қалды. Алайда, Фариза поэзиясының көркемдігі туралы жекелеген мақалаларым жарық көрді. Онда сөз зергерінің шығармашылығын қай бағытта талдау қажеттігін біршама көрсетіп бердім.

– Сіз ғылыми ортаға «ауызша әдеби тіл» деген жаңа ұғым мен тың терминді ендіріп, мүлдем жаңа бағыт ұсындыңыз. Сіздің бұл батыл байламыңызға қарсылық танытқандар, жоққа шығаруға жанталасқандар көп болыпты. Орасан пікір қайшылығының ішінен сізді үстем еткен дәлел-дәйектеріңізді алға тартсаңыз.

– Бірқатар ғалымдар орыс әдеби тілінің тарихын зерттеушілердің үлгісімен әдеби тілді жазу-сызумен байланыстырып келді. Сондықтан қазақтың ауыз әдебиеті тілін былай қойғанда, Абай, Ыбырайларға дейінгі ақын-жыраулардың тілін де «әдеби емес» деп табады. Осы пікірлес ғалымдар белгілі бір тілді «әдеби» деп тану үшін жазудың болуы шарт екенін алға тартып, «хатқа түскен нұсқалары жоқ немесе олар өте аз жерде әдеби тіл де жоқ» дегенді кесіп айтады. Осының нәтижесінде «әдеби тіл» деген термин «жазба тіл» дегеннің баламасы ретінде ұсынылды. М.Балақаев: «Әдеби тіл – жазба тіл. Жазба әдебиет арқылы тіл байлықтары, оның құрылысы сымбатты қалыпқа түсіп, екшеледі. Жазуы болмаған халықтың тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмайды», – деп жазды. Дәл осындай тұжырымды Ғ.Мұсабаев та айтты: «Әдеби тіл ең әуелі-ақ жазуға сүйенеді. Жазу стилінсіз әдеби тіл болмақ емес».

Бірқатар зерттеушілер қазақтың әдеби тілін ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап, Абай мен Ыбырайдың есімдерімен байланыстырды. Т.Қордабаев қазақтың әдеби тілі совет заманында ғана қалыптасқанын айтты. Әдеби тілдің тарихын зерделеу үшін алдымен «әдеби тіл» дегеніміздің не екенін анықтап алу қажет. Әдеби тілдің ең басты белгісі – оның өңделген, сұрыпталған, нормаланған тіл болуы, бұл – бір. Қызметі жағынан сол халықтың өмірінде ұйымдастырушы, қоғам мүшелерінің басын қосушы сипаты, яғни жалпыға ортақтық қасиеті болуға тиіс, бірақ әдеби тілдердің бір кезеңдердегі жазба түрлерінде әрдайым соңғы белгінің болуы шарт емес. Әр нәрсенің, әр құбылыстың заты (мән-мәнісі, табиғаты) салыстыру арқылы, өзге құбылыстардың қарама-қарсысына қою арқылы таныла түседі.

Әдеби тілді тану үшін оның қарама-қарсысына қойылатын басты құбылыс – ауызекі сөйлеу тілі. Бұл – үшінші шарт. Әдеби тіл қолданылу тәжірибесінде қоғам сынынан өткен, нормаларын қоғам санасы дұрыс деп қабылдаған және ол нормалар барша үлгілерге ортақ болуы шарт. Бұл – әдеби тілдің төртінші сипаты. Осы сипат-белгілерді негізге ала отырып, қазақтың тіл қолдану тәжірибесінде «әдеби» деген атрибутты ұлттық дәуірге

дейін де беруге болатын уәждерін анықтадық. «Әдеби тіл» деген категорияны қазақ тіліне қалайша қатыстыруға болады? Қазақтың жазба әдеби тілінің жаңа кезеңі (осы күнгі түрі) басталғанға дейін, яғни ХІХ ғасырдың екінші жартысына дейін қазақта әдеби тіл болды ма? Болса, жеке-дара біреу ғана ма, жоқ, бір қоғамға екі әдеби тіл қатар қызмет етті ме?» деген сияқты сұрақтарға жауап беру керек болды. Зерттей келе, талдай келе, «ауызша дамыған қазақ әдеби тілі» деген атау ұсындық.

– **Әдетте Ахмет Ясауи, Қадырғали Жалаири туралы сөз бола қалса, ойшылдардың діни, сопылық, фәлсафалық дүниетанымы туралы көбірек айтамыз да, ал олардың еңбектерін сіз секілді лингвистикалық, стилистикалық, текстологиялық тұрғыда зерттеген ғалым жоқтың қасы екен. Нысан болуға жарайтын әдеби бай мұрамыз жеткілікті емес пе, көне түркі ескерткіштерінің тілін зерттейтін ғалымдар шоғыры осы уақытқа дейін неге қалыптаспай келеді?**

– Қазақ әдеби тілінің тарихын сөз еткен, қазақ тілінің соңғы екі-үш ғасырдағы күй-қалпын танытқан ғалымдар қатарында С.Аманжолов, Қ.Жұмалиев, Т.Қордабаев, Ә.Құрышжанов, Қ.Өмірәлиев, Ш.Сарыбаев, С.Исаев, Е.Жанпейісов, Б.Әбілқасымов, М.Томанов, С.Хасанова, Ғ.Қалиев, Е.Жұбанов, т.б. атауға болады. «Ескерткіштердің тілі мүлде зерттелмей жатыр», – деуге болмайды. Әбжан Құрышжанов көне ескерткіштерді, «Кодекс куманикустың» тілін зерттеп, көне қыпшақ тілінің қазақ тіліне қатысы туралы сөз етті. Құлмат Өмірәлиев «Оғыз-наме» ескерткішін зерттеп, өте жақсы еңбектер жазды. Бабаш Әбілқасымов Әбілғазы баһадүрдің «Түрік шежіресін» зерттеді. Есет Жұбанов «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын зерттеді. Мен Қадырғали би Қосымұлының «Жамиат тауарих» атты ескерткіштің тілін зерделедім. Бір кездері Тіл білімі институтында түркі ескерткіштерінің қазақ тіліне қатысы бойынша зерттеулер жүргізіліп еді. Қазіргі кезде бұл бағыттағы зерттеулер біршама азайып қалды. Әйтсе де Ботагөз Сүйеркұл, Гүлфар Мамырбекова, Айнұр Сейітбекова сынды жас зерттеушілер осы бағытта еңбектер жазып, сөздіктер шығарып жүр.

– **Сіз жыл сайын бір еңбек шығарып отырған екенсіз. Жарияланған ғылыми еңбектің саны жағынан да, сапасы жөнінен де сізбен бірде-бір лингвистіміз жарыса алмайтын көрінеді. Әлі де қажырлысыз. Тәуліктік жұмыс тәртібіңіз туралы білгіміз келеді...**

– Әр жылда бір ғылыми монография жазу мүмкін емес. Ғалымның еңбегі шыққан кітаптарының санымен емес, көпшілік оқырманға қажеттігімен, қолданыста жиі болатындығымен өлшенсе керек. Мен институтта қолға алған жобаларға байланысты әдеби тілдің тарихына қатысты зерттеулер жүргіздім, «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі», «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар», т.б. монографиялар жаздым. «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» атты еңбегімде «Едіге» жырымен қатар басқа да жырлардағы көне қолданыстарды, сөз тіркестерін талдадым. Ғылым жолында түрлі бағытта еңбек еттім: әдеби тілдің тарихы, сөздердің этимологиясы, көркем шығармалардың тілі, Абай шығармашылығы, Ясауи «Хикметтерінің» тілі, Қадырғали би Қосымұлының

«Жамиат тауарих» атты еңбегінің қазақ тіліне қатысы, тілдік норма т.с.с. Тіл тарихына арналған еңбектерімде көп уақытым араб әрпімен жазылған мәтіндерді қазіргі жазуға көшіруге кетті. Бұл – өте қиын әрі жауапты жұмыс. Қадырғали Жалаиридің жылнамасы XVI ғасырда жазылған. Араб қарпімен жазылған қолжазбаны алғаш татар ғалымдары жариялаған. Одан кейін мәтінді қазіргі жазумен қалың оқырмандарға ұсындым. Ясауи қолжазбасының Самарқан нұсқасын (Самарқаннан табылған қолжазбаны) бүгінгі оқырмандарымыз оқи алатындай етіп екінші рет араб қарпімен берілген мәтінді қазіргі жазуымызбен ұсындым. Бұларға көп уақыт кетті. Сондықтан «жұмыс режімі» деген болмады. «Сөздер сөйлейді» деген кітабымды жазған кезде бір сөздің (мысалы, *толғамалы найза* деген тіркестегі *толғамалы* деген сөзді) мағынасын анықтау үшін оны қай жырау қай заманда қандай мағынада қолданғанын, қазіргі кездегі қолданысын егжей-тегжейлі зерттедім. Бұл жағынан алғанда, біздер, тіл мамандары, химиктерге ұқсаймыз. Химиктер қандай да бір тұжырым жасау үшін алдымен қоспаны дайындап алып, қайта-қайта тәжірибе жасайды, сараптамадан өткізген соң ғана тұжырым жасайды ғой. Сол сияқты тілшілер де бірнеше кітапты оқып, иллюстративтік материал (мысал) жиып, қай кезде қандай мәнде қолданылғанын, уақыт өте келе қандай реңк жамағанын бірнеше рет тексеріп, сонан соң ғана түйіндейді.

– Ғалым-әдебиетші Қайым Мұқаметқанов сіздің ғылыми еңбектеріңіз туралы былай дейді: «Басқа кітаптарыңыз, ғылыми еңбектеріңізді айтпай-ақ қояйын. Мына орфография мен пунктуация жайлы анықтағышыңыздың орны өте ерекше. Бұл кітап арқылы сіз бәрімізге де ұстаз болып отырсыз». Сізді жалпы «орфографияның анасы» деп атайды. Ал бүгінгі баспасөздегі былыққан қателер туралы не айтасыз?

– Біріншіден, мен күні бүгінге дейін шығып жатқан орфографиялық сөздіктердің редакторы болған емеспін. Соңғы 10 шақты жылда орфографиялық сөздіктер менің редакторлық етуімсіз шығып жатыр. Қазіргі кезде орфографиялық сөздіктерде қателіктер кетіп жатқаны туралы естимін. Кейде телефон арқылы хабарласып жатады. Соңғы анықтағыш 2000 жылы жарық көрді. Оның өзінде де баспадан шығу процесі толығымен қолымнан өткен жоқ. Соңғы нұсқасын әкелместен, қолымды қойдырмастан, шығарып жіберді. Әйтпесе шағын мақаладан бастап, еңбектерімнің барлығы баспадан шыққанда баспа редакторларымен, корректорларымен бірлесіп, бастан-аяқ қайта-қайта қарап шығатынмын. 2013 жылы шыққан емле сөздігіне менің қатысым жоқ. Бірақ сөздіктің шығып жатқанын естіп, *шекара*, *көкөніс*, *қыркүйек* сөздерінің жазылуы туралы сұрап, сөздіктің редакторы болып отырған Нүргелді Уәлиге әдейі телефон соғып, осы үш сөздің ортасындағы к әрпін г әрпіне өзгерту туралы ұсынысымды айтып едім. Мұндай сөздер үшеу ғана емес, бірнеше жүздеп саналуы да мүмкін. Осы уақытқа дейін тілімізде әбден орныққан *биыл*, *бүгін*, *көгал*, *қолған* т.с.с. кіріккен сөздердің қатарында көптеген сөздерді тұлғасы өзгерген қалпында жазу керек. Соңғы кездері бірнеше мақаламда сөздердің дұрыс жазылуы, дыбысталуы туралы айтып,

осындай сөздерді ұяндаған түрде жазу керектігін ескерткем. Бірақ біреулері ұяндатып, біреулері ұяндатпай айтып жүргендіктен, екі түрлі айтылып кетті. Теледидар мен радио тілшілері техниканың көмегімен алдындағы материалды бірден оқиды. Бұрынғы дикторлардай алдын ала дайындалып, жаттықпайды, таспада қалай жазылса, сол күйінде оқи береді. Жазылған күйінде оқу, орфоэпиялық нормалардың сақталмауына, ең алдымен, мектеп кінәлі. Мектептерде «Қазақ тілі» сабағында орфоэпиялық заңдылықтарға көңіл бөлінбейді.

– **Соңғы 15-20 жылда басылым беттері пунктуациялық қателерден демігіп тұр. Амал нешік, бұл қателіктің басында филолог ғалымдардың өзі тұр, оны таратып, қалыптастыруға келгенде журналистер де алдына жан салмай келеді. Әр басылымдағы әр тілші мен әр корректордың қолында мүйізі қарағайдай бір-бір профессордың сөздігі, әрқайсының өз «профессоры» бар, дәлелін соған сүйеніп келтіреді. Дәл қазір түзетуді қажет ететін мындаған сөзді былай қойғанда, өте жиі кездесетін «бірақ», «алайда», «өйткені», «себебі», деген сөзден соң негізді-негізсіз үтір қою, «кез келген», «арагідік», «шаш етекпен», «көңіл күйді» бірде дефиспен, бірде дефиссіз жазу, тағы басқа толып жатқан тыныс белгілерін өз білгенімен қойып, жаппай сауатсыздықты қалыптастырып жатыр. Не істеуге болады, мұны қалай жүйелейміз, қалай жүгендейміз?**

– Соңғы жылдары әркім өз бетімен жазып, қоспайтын сөздерді қосып, ажыратпайтын сөздерді ажыратып, қойылмайтын жерге үтір қойып жазып жүр. А.Байтұрсынұлы заманында *өйткені, себебі, бірақ, алайда* сияқты жалғаулықтар екі жай сөйлемнің ортасында тұратын. Қазіргі кезде алдыңғы сөйлем тым ұзақ болып кете ме әлде орыс тіліндегі аудармаларға қарай ма, – сондықтан, *өйткені, себебі, бірақ* дегендерден басталатын сөйлемдер кездеседі. Ол сөздердің соңынан үтір қою дұрыс емес. Үтір жалғаулықтардың алдынан қойылғанмен, соңынан қойылмайды. Сол сияқты *көңіл күй, алдын ала, кез келген* сияқты тіркестерді дефис арқылы жазуға ешқандай уәж жоқ. Бұлар – қос сөз емес, тіркестер. Сондықтан дефис қою негізсіз. Сызықшаның, дефистің, үтірдің қойылатын орындары бар. Оларды бейберекет қоя беруге болмайды. Ол туралы «Қазақ тілінің анықтағышы» атты кітабымда нақты тоқталғам. Сол ережелерді негізге ала отырып, ала-құлалыққа жол бермей, біріздендіру керек. Мектепте тыныс белгілерді оқытуға ерекше көңіл бөліп, сағат санын көбейту керек.

– **Латын әліпбиіне көшуге қалай қарайсыз? Латын әліпбиі қазақ тіл мәселесін шешеді деп ойлайсыз ба?**

– Латын әліпбиіне көшуді қолдаймын. Латын таңбаларымен жазу ережелерін дайындау керек. Ол – өте күрделі әрі жауапты іс. Сондықтан оған жұмыла кірісу керек. Қай әріпті қолдансақ та, емле ережелерінде ұқсастық болады. Мысалы, **а** әрпі барлық буында жазыла береді; **о, ө, ұ, ү** әріптері үш буынды сөздердің соңында жазылмайды. Латын жазуына көшкенде халықаралық терминдер мен орыс сөздерінің жазылуында бірқатар қиындықтар болады. Мысалы, *редактор* дегенді *редактор* деп жазамыз ба әлде *редактр* деп екі дауыссызды қатар жазамыз ба, арасына **ы** әрпін қойып

(редактыр) жазамыз ба? Оның бәрін жүйелеп, біріздендіру керек. Латын жазуына көшкенде **ч** әрпін алмасақ, *чек, чемпион* деген сөздерді қалай жазамыз? Ең қиыны – жазу ережелерін түзу. Латын әліпбиіне көшкенде қазақ тілі, ана тілі, мемлекеттік тіл мәселесіне ерекше мән беру қажет. Менің ойымша, балабақшада, бастауыш мектепте ағылшын тілін мүлде оқытпау керек.

Латын жазуына негізделген қазақ сөздерін сауатты жазып, оқып дағдылана қоймаған балаға ағылшын тілін үйретуге болмайды. Тілдік санада ағылшын тілінің әріптері сақталып қалған балалар кейін қазақ тілін үйренген кезде ол таңбаның басқаша дыбысталатынын қабылдай алмай, шатастыратын болады. Бала бастауыш мектепте қазақ тілі бойынша сауатты жазып, әбден дағдыланған соң ғана шет тілдерді үйретуге болады. Мектеп табалдырығын аттаған бала ана тілінде ғана сөйлеуі керек. Бала бастауышта орыс тілінде де емес, ағылшын тілінде де емес, тек қана ана тілінде оқуы керек. Үш тілді бірден оқытқанда баланың ана тілі болмайды.

Ана тілі болмаған адамнан ешқандай ақын да, жазушы да, суретші де шықпайды. Ғалым шығар, маман шығар, тіпті атақты адам да шығар. Бірақ онда ешқандай мәдени азық болмайды. Ағылшын тілінде тамаша жазсын, орыс тілінде өлең шығарсын, бірақ ол – ана тілі емес. Сондықтан Үкімет, басшылар, оқу-ағарту саласындағылар қазақ мектебін қолға алып, қамқорлық көрсетуі керек. Қазақ мектебін көбейту керек. Бала ана тілін бастауыш мектептен меңгеріп, кейін басқа тілді қосу керек. Айналасын ана тілінде танып, әр заттың қазақша атауын білген соң ғана оның орысшасын, ағылшыншасын үйренуі оңай. Қазақ халқының сақталуы тілінің сақталуына байланысты. Жаһандану заманында ана тіліміздің болашағына, тазалығына ерекше мән беруіміз қажет.

– Әңгімеңізге рақмет.

Әңгімелескен Айгүл АХАНБАЙҚЫЗЫ.

*«Егемен Қазақстан» газеті
28 шілде 2017 ж.
www.egemen.kz*

Орынай Жұбаева

филология ғылымдарының докторы

XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ – ҰЛТТЫҚ КОДТЫҢ НЕГІЗІ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу», – деген болатын. Бұл орайда XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектері – ұлттық кодтың негізі бола алады.

XX ғасырдың басы – қазақ қоғамының рухани тұрғыдан серпіліп, ұлттық сананың оянған кезеңі болды. Ұлт қамын ойлаған қазақтың зиялы азаматтары адамзат тарихының көшінен қағаберіс қалып, бейқам жатқан елдің тығырықтан шығар жолын іздеп, шарқ ұрды. Одан шығудың бірден-бір негізгі жолы – «өнер-білімге тартылып, алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылу» деп біліп, ағартушылық идеясын, ұлттық сананы көтеру идеясын ұстанды. Бұл жолда ұлттық мәдениеттің, әсіресе тілдің алар орны ерекше болатынын терең түсінді. Осыған байланысты Ә.Бөкейханов: «Қазақтың ұлт болып, өркениетті ел қатарлы өмір сүруі үшін, ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай тудыру керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістетуге керек», – деп жазды. Тіл тазалығына мән бермейтін немқұрайдылықтан, тілін білмегеніне арланбайтын намыссыздықтан сақтанудың, олардың алдын алудың бірден-бір жолы – ұлттық рухты ояу, ұлттық кодты сақтау. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, «Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ... Әр халықтың тарихында есімі мәңгі өшпестей ел жадында сақталатын тарихи тұлғалар болады». Сондай тұлғаларымызды үлгі етіп, ұлттық рухты ояту қажет. Қазақтың терең тарихын білген ұрпақ ешқашан тіліне селқос қарамайды, ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек еткен қазақ тарихындағы тарихи тұлғаларды мақтан етіп, өз елінің патриоты болады. Тарихтан тағылым ала отырып, болашағының жарқын болуы үшін де өз үлесін қосуға тырысады. Елбасымыздың: «Тарихты жеңіл-желпі аңыз сөздердің жиынтығы деп қарайтын адамдар шынында да тарихтан тағылым ала алмайды. Өткенге қарап, ертеңнді түзе!» – деген сөздерін әрдайым жадымызда ұстауымыз керек.

«Шора» журналының 1913 жылғы 4-санында жарияланған «Қазақша сөз жазушыларға» атты мақаласында А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерін басқа түрік тілдерімен салыстыра келіп: «Растыққа жүгінсек, түріктің тұнық тілі, тұзу емлесі қазақта... XX ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай, асыл қалпында алып келген тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас», – деп тұжырым жасаған еді.

2013-2016 жылдары Қытай Халық Республикасы Бейжің қаласындағы Орталық ұлттар университетінде дәріс оқығанымызда университеттің студенттері мен магистрант-докторанттары тіл тарихы, көне түркі тілі, жазба ескерткіштер тілі бойынша филология ғылымдарының докторы, профессор Еркін Ауғалидің дәрістерінде ескерткіштердің тіліндегі көптеген сөздер басқа ұлттарға (оның ішінде түркі халықтарының өкілдеріне де) түсініксіз болып, қиындық тудырып жатқанда қазақтар оларды жатсынбай, бірден ұғатынын, ол сөздердің етене жақын таныс болып шығатынын айтып, бойларын мақтаныш сезімі кернейтінін әңгімелеп берген еді. Қазақ тілі мен көне түркі жазба ескерткіштерінің тіліндегі ұқсастық, сабақтастық – ұлтымыз үшін зор мақтан деп білеміз. Ол да – ұлттық кодтың негізі.

XX ғасырдың басында Мағжан Жұмабаев: «Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ. «Түрік тілімен сөйлейміз» деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші, қазақ тілін қолданбақшы. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік тілінің келешек тарихында қазақ ұлты қадірлі орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік», – деген еді. Осы ойды қазіргі кезде Өзбекстанның танымал ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ортатүрік халықаралық институтының директоры Б.Каримов еңбектерінен де кездестіруге болады. Ұлт көшбасшысы «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Ұлттық жаңғыру» деген ұғымдар ұлттық сананың кемелденуін білдіретінін ескерте келіп, ол үшін ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, ұлттық болмыстың өзегін сақтау қажеттігін атап өткен болатын. Бұл орайда ұлттық болмысымыздың тарихы тереңнен бастау алатынын байқаймыз. А.Байтұрсынұлы: «...Қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз», – деген еді [Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы: Жалын. 1991, 369-б.]. Расында да, қазақша сөйлеушілердің бәрін бірдей қазақша дұрыс сөйлеп тұр деп қабылдай беруге болмайды. А.Байтұрсынұлы шығарма сөзінің өңді, ұнамды болуы үшін сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл (лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі сияқты шарттардың ескерілуі қажеттігін айта келіп, сөз дұрыстығы үшін: сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну; сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру; сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру керектігін көрсеткен еді [Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. 350-б.]. Алайда бүгінгі таңда газет, журнал бетінде көптеген орынсыз қолданыстар, қате тіркестер орын алып жүр, бұл басылым беттерімен қатар радио, теледидар тілінде де жиі кездеседі. Мысалы, *байланысты, орай, арқасында, кесірінен, салдарынан, қарай* т.с.с. қолданысын жатқызуға болады: *өкінішке орай, жауын-шашын салдарынан егін бітік шықты, жол апатының арқасында* т.с.с. қолданыстар радио, бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде кездесіп қалады. Орай, арқасында септеулігінің дұрыс, оңтайлы іс-әрекетке, қимылға, орайлы іске байланысты қолданылатыны, керісінше, *салдарынан, кесірінен* сөздерінің жағымсыз құбылыстарды бейнелеуде қолданылатыны, эмоционалды-экспрессивті бояуы төмен сөздермен тіркесетіні, тура келеді, мәжбүр болды тіркестерінің амалсыздан, лажсыздан болған қимылды білдіретіні т.с.с. көп жағдайда ескеріле бермейді. Сол сияқты бүгінгі күні, биылғы жылы деген қолданыстар да тіліміздің заңдылықтарына қайшы. Себебі *бүгін* сөзі *бұл күн*, *биыл* сөзі *бұл жыл* сөздерінің кірігуі нәтижесінде пайда болған. Яғни, бүгінгі күн не биылғы жыл деген тіркестерде күн, жыл сөздері қайталанып, плеоназм орын алған. Қазіргі кезде теледидарда да, жарнама тілінде де *әр сенбі сайын, әр шығарған*

сайын, әр күн сайын т.с.с. сияқты қолданыстар жиі орын алып келеді. *Әр* сөзі тіркескен сөз сайын сөзімен тіркеспей-ақ тіркестің мағынасын бере алады. Мұндай плеоназмдық қолданыстар соңғы жылдары көбірек кездесіп жүр. Дұрысында: *әр сенбіде, әр күні* т.с.с. немесе *сенбі сайын, күн сайын* т.с.с. Қазақ тілінің нормаларына сәйкес *әр, барлық, түгел* сөзімен тіркескен сөз жекеше тұлғада келуі керек, алайда тілшілеріміздің *әр күндеріңіз, әр минуттарыңыз, әр секундтарыңыз, барлықтарыңыз, түгелдеріңіз* деген сөзқолданыстарын жиі естиміз. Тіл заңдылықтарын белшеден басатын мұндай қолданыстарға бейжай қарауға болмайды. Себебі теледидар – дұрыс сөйлеу, сауатты сөйлеу әдебін танытатын, дұрыс сөйлеу нормаларын қалыптастыратын бірден-бір жол болуы тиіс. Бұл орайда академик Р.Сыздықова: «Радио, теледидар және баспасөз сияқты бұқаралық ақпарат құралдарының тіліне арнайы көңіл аудару да тіл мәдениеті шаруаларының бірінен саналады. Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі деген, олардың сөз таңдап жұмсау әрекеттерінен бастап, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды дұрыс қолдануларына назар аударылады. Бұлар өзгелерден екі есе көп жүк арқалайды: бірі – күнделікті газет-журналдар, сахна өнерпаздары, радио мен теледидар қызметкерлері тіл мәдениеті проблемаларын көтеру, тілдік нормаларды берік сақтау сияқты мәселелерді тікелей насихаттауы, түсіндіруі, пікірталастар ұйымдастыруы болса, екіншісі – сахна мен радио, теледидар қызметкерлері орфоэпиялық нормаларды қалың көпшілікке үйретуші ұстаз болуға міндетті. Ал баспасөз қалың оқырман қауымның тілін ұстартып, жазу сауаттылығын көтеруге мейлінше зор қызмет етуге міндетті, – деп жазған еді [Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. 36-б.].

Тілдің нәзік иірімдерін сөз бағасын білетін, қазақ тілінің заңдылықтарын шебер меңгерген жандар анық білетіні белгілі. Кезінде А.Байтұрсынұлы: «Нәрсенің дәл санын білуге сұрағанда *неше?* деп сұраймыз. Мәселен: «Неше кісі келеді?» – «Үш кісі келеді». Нәрсенің дәл санын білуге емес, шамасын ғана білуге сұрағанда *қанша?* деп сұраймыз. Мәселен: «Қанша күн жүресің?» – «Үш-төрт күн жүремін» [Байтұрсынов А. Тіл құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1918], – деп жазған еді. Ғалым ойлары кейін М.Балақаевтың еңбектерінде де сабақтастық тапқан. Алайда қазіргі кезде *неше? қанша?* сұрау есімдіктері синоним ретінде, бірінің орнына бірі қолданылып келеді. Соның салдарынан тілімізде *қаншаншы* (Қаншаншы сыныпта оқисың? Қаншаншы орын алды?), *қаншауы* (Қаншауы келді? Қаншауын аламыз?) т.с.с. қазақ тілінің нормаларына қайшы қолданыстар етек алып барады. Сол сияқты Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде *жиырма* сөзінен жасалған реттік сан есім бүгінгідей *жиырманшы* түрінде емес, *жиырманшы* түрінде берілген. Ретін көрсететін сөздер, мәселен: *бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, жиырманшы, отызыншы, қырқыншы, елуінші, алпысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші, мыңыншы, миллионыншы*. Бұлар "реттік" деп аталады [Байтұрсынов А. Тіл құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш

кітап. 4-басылуы. Орынбор, 1924]. 10) Жұрнақ «ншы». Бұл жұрнақ жуан сөзге жалғасса, жуан айтылады, жіңішке сөзге жалғасса, жіңішке болып айтылады. Мәселен, *бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, жиырманшы, отызыншы, қырқыншы, елуінші, алтысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші, мыңыншы* [Байтұрсынов А. Тіл құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1918]. Дұрысында, қазақ тіліндегі реттік сан есім тудыратын жұрнақ дауыссыз дыбыстардан соң *-ыншы/-інші* түрінде жалғанғанмен, дауысты дыбыстардан кейін жалғанғанда қатар келген екі дауыстының бірі түсіп қалады: *екінші, алтыншы, жетінші* т.с.с. (*екісінші, алтысыншы, жетісінші* емес). Осы үлгі бойынша *жиырма* сөзіне де жұрнақ жалғанғанда *жиырманшы* түрінде жалғануы тиіс. Бұл орайда тіліміздің заңдылықтарын жетік білетін Ахмет Байтұрсынұлы сынды ғалымдарымыздың тұжырымдарын әрдайым есте ұстау қажет деп білеміз. Профессор Хайролла Нұрмұқановтың сөзімен айтсақ: «...Сөз қуаттылығы ой зергерлігіне байланысты. Ондай ой сөзін қашан да сарыла талғап, жаңылмай таңдап шығарып отырады. Бұлай болмағанда, талғамсыз қолданылған сөзден жанымыз еркін еміреніс не терең тебіреніс табуы мүмкін емес» [Нұрмұқанов Х. Сөздің де сұрауы бар. Шығармаларының үш томдық жинағы. – 3-том (мақалалар, естеліктер). – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2010. 3-б.].

Теледидар арқылы беріліп жатқан, көшеде ілулі тұрған жарнамаларда қазақ ұғымына жат қолданыстар жиі орын алады. Мысалы, тіркесе алмайтын сөздерді қатар қою: *Сүйікті кофенің қанық дәмінен рахат аламын... Таңғы астың 15 минутын Президент сүзбесіне арнаймын... Дәмі жұмсақ және қанық келеді... Әлемдегі ең көңілді ботқаны мен ғана білем...* Дұрысында, *қанық* сөзі дәмге қатысты емес, түске қатысты қолданылады. Қазақ тілінде үнемі болымсыз тұлғада ғана қолданылатын және әрдайым болымды мәнде ғана қолданылатын арнаулы тұлғалар бар. Болымсыздық есімдіктері әрдайым болымсыз тұлғадағы сөздермен тіркеседі, керісінше, *әрдайым, әрқашан, үнемі* т.с.с. сөздер болымды тұлғада келеді. Сол себепті жарнама тіліндегі *Олай әрқашан бола бермейді...* сияқты қолданыстар тіл заңдылығын бұзып тұр. Жарнама тіліндегі қазақ тілі заңдылықтарының бұзылған тұстарының бірі ретінде сан есіммен, көп, бірнеше, әлденеше т.с.с. сөздермен тіркескен сөзге көптік жалғауының жалғануын (*100 мыңға жуық тұрғындар, отыздан астам жылдар бойы*) атауға болады. Сол сияқты қазіргі кезде: *ән шырқайтын болады, берілетін болады* сияқты қолданыстарды жиі естиміз. Орыс тіліндегі *буду ходитъ, буду читать* сияқты тіркестер қазақ тіліне *келемін, оқимын* түрінде аударылуы керек. Себебі *-а/-е/-й* көсемше тұлғалы етістік келер шақ (ауыспалы келер шақ) мағынасын бере алады. Сондықтан оған әрдайым бол көмекші етістігін тіркестіре берудің қажеті болмайды. Мұның бәрі қазақ тілінің нормаларын белден басып, орыс тілінен сөзбе-сөз аудару салдарынан пайда болған. Үйлену тойларында тост берілген кезде: «Екі жас бақытты болсын!» дегім келеді», – деп тілек айтушыларды жиі кездестіреміз. Қолына микрофон беріліп, елдің бәрінің назары өзінде болған кезде тілегін айта бермей ме? Үйден шыққан кезде «осылай тілек айтсам»

деп ойын жинақтап жатса, – бір жөн. Бұл да орыс тілінің үлгісімен *хочу сказать, хочу пожелать* сияқты қолданыстарды сөзбе-сөз аудару нәтижесінде пайда болған. Қазақша дұрысы: «Екі жас бақытты болсын!» емес пе? Қазақы танымға да, ділімізге де, дінімізге де сәйкес келмейтін, соңғы кездері жиі қолданылып жүрген тіркестер ретінде «Алланың назарында болсын!», «Алланың құлағына шалынсын!» деген тілектерді атауға болады. Діни түсінікте Алла бәрін көруші, естуші, бүкіл адамзат, ғаламзат атаулы ешқашан Алла тағаланың назарынан тыс қалуы мүмкін емес. Алланың көркем есімдерінде де осы белгілер айқын көрсетілген. Ендеше, мұндай қолданыстарға абай болу керек. Орыс тіліндегі и шылауының орнына үнемі және жалғаулығының қолданылуы (*Аспандағы жұлдыздар сүтегі және гелийден тұрады, Карамель және орман жаңғақтары //Тоффи*) да тіліміздің нормаларына сәйкес келе бермейді. Қазақ тілінде *және* жалғаулығымен қатар *мен, да/де, әрі*, үтір, көсемше тұлғалары қолданылады (*ескеріледі және жазылады емес, ескеріліп, жазылады, көреді және келеді емес, көреді де келеді* т.с.с.). Бірыңғай мүшелер қатар келген тұста *және* ең соңғы мүшеден бұрын келеді. Бірыңғай мүшелер етістіктен болған жағдайда *және* шылауының орнына *да/де* немесе көсемше тұлғалары қолданылады немесе үтір қойылады. Сол сияқты сын есім *әрі, да* жалғаулықтарымен (*сұлу әрі мінезді, сұлу да сымбатты*) келеді. Сол сияқты қысқарған сөздерде *және* шылауын (*Білім және ғылым министрлігін – БЖҒМ, Автоматтандыру және басқару жүйесі* дегенді АЖБЖ түрінде т.с.с.) қысқартудың еш қажеттігі жоқ. Себебі бұл сөздер – өзара салалас байланысқа құрылған, *және* шылауын үтірмен алмастыруға да болады. Сол себепті қысқартып жазған кезде *және* шылауын қысқартудың да, үтір қоюдың да қажеті жоқ. Орыс тілінің ықпалымен сұраулық шылауларды қолданбау да жарнама тілдерінде де, жастардың сөйлеу тілінде де белең алып келеді (*Био-С па? дегеннің орнына Био-С?*). Дұрыс сөйлеу нормасы бойынша, III жақтағы жіктік жалғаулы сөзден кейін сұраулық шылау келетін болса, жіктік жалғауы түсіп қалады. Мысалы: *келеді ме? емес, келе ме? айтады ма? емес, айта ма?* т.с.с. Тіліміздің бұл ерекшелігіне тележүргізушілер де, радио тілшілері де, аудармашылар да мән бермей жатады. Сол сияқты қазіргі кезде жарнама тілінде ырықсыз етіс тұлғалары жиі қолданылатын болды. *Денсаулық сақтау министрлігімен мақұлданған* түрінде беріліп жүрген жарнама дұрысында *Денсаулық сақтау министрлігі мақұлдаған* болуы керек. Бұл да – орыс тілінің әсері. Теледидар арқылы берілген жарнамалардағы: *Ана сүтінің алмастырушысы болып табылмайды; Бояу түсім ұзағырақ сақталады; қалыптастыруға ықпал етеді; Шексіз ләззаттың кішкентай бөлігі; Әлсіз шаш маған тән емес; Күтпеген ауа райы; 10 күнге дейін айнадай жылтырау; Айнадай жылтырауды бекіту үшін... ұсынамыз; Таңғаларлық төмен баға* т.с.с. қолданыстарды көргенде, Ахмет Байтұрсынұлының мына сөздері еріксіз ойға оралады: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәтгә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың

түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды я жазса да, қиындықпен жазады. Себебі – жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, ол нағыз қазақша болып шықпайды» [Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. 142-б.].

Тележүргізушілер мен тілшілеріміз -у керек тұлғасымен келген тіркестерді *айту керекпіз, білу керекпін* т.с.с. түрде жиі қолданады. Дұрысы – *айтуымыз керек, білуім керек*. Сол сияқты *отырмыз, жүрміз* деген сөздердің орнына сөйлеу тіліне тән *отырық, жүрік, жатырық* т.с.с. қолдану белең алып барады. Бұл, әрине, тілдік норманы, сөйлеу әдебін білмеуден туған қателіктер. Сол сияқты орыс тілінің заңдылықтарына сәйкестендіріп, төрайым түрінде қолданады. Дұрысында, қазақ тілінде төраға сөзі ер адамға да, әйел адамға қатысты да қолданыла береді. Сонымен қатар аға ғылыми қызметкер деген тіркес бар да *ана ғылыми қызметкер* немесе *әпке ғылыми қызметкер* т.с.с. қолданыстар жоқ. Сондықтан мұндай сөздерде әйел не ер адамға қатысты жіктеудің қажеті шамалы. Профессор Хайролла Нұрмұқанов 1968 жылы «Баспасөз және тіл мәдениеті» деген тақырыпта өткізілген республикалық конференцияда М.Ғабдуллиннің С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты атауларына байланысты: «Киров атында да, Ленин атында да қазақ жоқ, болмайды да. Сондықтан бұл оқу орындары Қазақтың С.М.Киров атындағы, Қазақтың В.И.Ленин атындағы... болып дұрыс аталуы тиіс», – деп анықтайтын сөз бен анықталатын сөздің орындарын шатастырмау қажеттігін ескерткенін айта келіп; «Содан бері 35 жылға жуық уақыт өтсе де, қатенің бұл түрінен әлі күнге арыла алмай келеміз», – деген еді. Бұл мәселе бүгінгі таңда да әлі өзекті күйінде қалып отыр. Оған төмендегі жоғары оқу орындарының қазақша атауы дәйек бола алады: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, Абай атындағы Алматы ұлттық педагогикалық университеті, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агротехникалық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты т.с.с. Сол себепті М.Ғабдуллин, Х.Нұрмұқанов сынды біртуар ғалымдарымыздың ескертулеріне мән беріп, жоғары оқу орындарының атауларын қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкестендіріп, біріздендіретін уақыт келді деп есептейміз. Әсіресе Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты атауындағы *мемлекеттік қыздар* тіркесі құлаққа түрпідей тиеді, еріксіз «мемлекеттік қыз, мемлекеттік емес қыз деген кімдер?» деген сұрақ ойға келеді. Бұл орайда ғалымның 8

наурызға қатысты «Әйелдердің халықаралық «сорты» жоқ. Сондықтан 8 наурызды «Әйелдердің халықаралық күні» деп дұрыс сипаттағанмыз жөн», – деген тұжырымдары да [Нұрмұқанов Х. Сөздің де сұрауы бар. Шығармаларының үш томдық жинағы. – 3-том (мақалалар, естеліктер). – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2010. 296-б.] назар аударарлық. Бұл күнді «Арулар күні» тіркесімен алмастыруға болатын сияқты. Себебі бұл мейрамды мектеп оқушылары да, үлкен-кіші бірдей атап өтеді. Сондықтан тіліміздің мол мүмкіндіктерін пайдалана отырып, экспрессивті сөзқолданыстармен алмастыру қажет деп есептейміз. Сол себепті теле-, радиожүргізушілерге, әншілерге, әртістерге қазақ сөздерін дұрыс айту, сөйлеу әдебі, тілдік норма бойынша арнайы дәрістер ұйымдастыру қажет деп есептейміз. Бұрын Кеңес заманында ондай сабақтар өткізіліп тұрған екен, сол үрдісті қайта жалғастыру қажет. М.Әуезовтің: «Кімде-кім ана тілін, әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды», – деген сөзін әрдайым ескеруіміз қажет.

Бұл орайда «Бұқаралық ақпарат құралдарының бәрінде бірдей тілдік норма бұзылып жатыр» деген ойдан аулақпыз. Қазақ радиосынан берілетін Қошан Мұстафаұлының, Темірхан Момбеков, Оңғарбек Құралұлы, Бақыт Жағыпар, Нұржамал Жанабаева сияқты журналистердің хабарларын тыңдап, тұшынып, сүйсініп отырамыз. «Қазақстан» телеарнасынан берілетін «Дара жол» бағдарламасындағы Дана Нұржігіттің әр сөзіне көңіліміз толып, риза боламыз. Тіліміздің бай, шұрайлы, көркем тіл екені – дау тудырмайтын ақиқат. «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» деп аталатын он бес томдық түсіндірме сөздік жарық көрді. Түркі елдерінің ешқайсысында да мұндай деңгейдегі сөздік жоқ. Сол сияқты М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қазақтың бай ауыз әдебиеті үлгілері жинақталып, «Бабалар сөзі» сериясы бойынша 100 том болып басылып шықты. 2013 жылы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» негізінде әрі толықтыра отырып, «Қазақ сөздігі» деген атпен 106 000 бірлік қамтылған бір томдық түсіндірме сөздік құрастырып шығарды. Бұл тіліміздің байлығын, тарихымыздың тереңге тартатынын көрсетеді. Алайда қазіргі кезде жастар, жеткіншектер кітап оқудан қалып барады. Сол себепті қисса-дастандарды, батырлар жырын тұшынып оқымайды. Тіпті сондай шығарманың бар екенінен де бейхабар. Шетелдік туындыларды, солардың негізінде түсірілген фильмдерді жақсы білгенмен, ұлағаты мол, ұлттық болмыстан, салт-дәстүрімізден көп мағлұмат беретін төл туындыларымызды оқымайды. Оның үстіне сол шығармалар желісінің негізінде фильмдер түсіріп, көпшілікке тарату, жастарға танытуға құлықсыздық танытып отырған жайымыз бар. Әрине, түптеп келгенде, барлығы қаржыға тіреледі.

Сондықтан ұлттық құндылықтарды насихаттайтын, төл тарихымыздан, төл мәдениетімізден мол мағлұмат беретін дүниелерді жарыққа шығаруға көп қаржы бөлінуі, өз деңгейінде көңіл бөлінуі керек деп ойлаймын. Мағжан Жұмабаевтың: «Тіл – адам жанының тілмәші. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған

ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрымақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті», – деген сөзін әрдайым жадымыздан шығармауымыз керек. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аудару» ісін қолға алу, Ұлттық аударма бюросын құру керектігін ескерткен болатын. Бүгінгі таңда аударма ісінде термин, дұрыс, шебер аудару мәселесі әлі де біршама ақсап тұрғаны белгілі. Осыған байланысты терминдерді біріздендіру, дұрыс аудармаға үлгі боларлық дүние ретінде ХХ ғасырдың басында жарық көрген аударма еңбектерді, ұлттық кодтың негізі болатын А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, А.Байтасұлы, А.Мамытұлы, Қ.Басымұлы сынды ғалымдардың бұрын-соңды жариялана қоймаған еңбектерін, ХХ ғасырдың басында жарық көрген оқулықтарды жинақтап, ғылыми айналымға енгізу қажет деп білеміз. Мұндай еңбектер аудармашылар үшін үлгі болумен қатар сала мамандары, терминолог ғалымдар, оқулық авторлары, жалпы көпшілік үшін де таптырмас дүние болар еді.

«Мінбер» ұлттық интернет газеті
08 қыркүйек 2017 ж.
<http://www.minber.kz>

Құралай Кудеринова

Сулейман Демирел университеті
филология ғылымдарының докторы, профессор
ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИ ҰЛТТЫҚ ДЫБЫСТАРЫМЫЗҒА ҚИЯНАТ
ЕТПЕУІ КЕРЕК

Қазақ жазуының тарихында сындарлы белес тұр. Жаңа, өз таңдауымызбен болатын әліпбиге көшу белесі. Қазақ даласында әліпби алмастыру әлеуметтік-саяси дәуірлердің ауысуына сай келетін немесе соны бекітетін, саяси экономикалық мәні бар, ұлт саясатының құрамдас бір бөлігі. Бұған бүгінгі жазуымызға дейінгі дәуірлік әліпбилерімізге қарап, көз жеткізуге болады.

Бір қуанарлық жайт, бұл мәселе бүгінде аяқасты, бір құрылтай мүшелерінің қатысуымен ғана шешіле салмай, көпшілік назарына ұсынылып, әлеуметтік мәселеге айналуында. Бір қуанарлығы – жаңа әліпби бір ай ішінде қабылданып, (мысалы, орыс графикасына көшу 1939 жылдың 20 желтоқсанынан 1940 жылдың 15 қаңтарына дейінгі аралықта орындалды), оны қолданбағандар үкімет әліпбиін аяққа басқандар деп, жауапқа тартылатын, оны бақылау прокуратураға тапсырылатын (Ижанов З. Әліпби туралы архив не дейді // Қазақ әдебиеті. 7.07.2000.), болмаса араб жазуынан латын жазуына көшердегідей, бір дауыстың формалды артықшылығымен

(Қазақстан оқу комиссары Н. Зәлиұлы орнына қағаз жүзінде латын жазуын қолдаған артық дауыс берілген) мәселені шеше салу науқанының келмеске кеткені (Қамзабекұлы Д. Қазақ зиялыларының әліпби айтысы // Қазақ әдебиеті. 14.12. 2001.).

Міне, сондықтан әліпби ауыстыру үстірт, асығыс саясаттың араласуымен науқан түрінде өткізіліп келгендіктен, ендігі жаңа жазу – латын графикасына көшуде мәселенің экстралингвистикалық та, лингвистикалық та шарттарын өзара үйлестіре отырып қарастыруды міндеттейді.

Қатардағы көпшіліктің ішінде «латынға не себептен ауысамыз, бұл таңдаудың маңызы не?» деген қарапайым сұрақ тұр. Ол сұраққа «қазақ тілінің өміршендігі күшейеді», «қазақ ұлтының санасы өзгереді», «ағылшын тілін тез үйренеміз», «қазақ тілін қолданушылар саны артады» деп жауап берсек, дәл қазір бұған ешкім сене қоймайды. Күмәнмен қарайды. Себебі бұлыңғыр, күмәнді, ұзақ жылдарға ұласатын, соңы не болатынына көз жеткізе алмайтын мақсат болып танылады. Ал тарихқа көз жүгіртсек те, 1939 жылы тамызда орыс-кирил графикасын қабылдарда «орыс тілін тез үйренеміз», «термин сөздерді тез меңгереміз» деген стратегиялық мақсат қойылғанда көбі сенімсіздікпен қараған еді. Жазудың тілді меңгеруге қандай байланысы бар екендігіне таңғалды. Ал нәтиже қандай болды? Нәтижесінде – 30 жылдан кейін орыс тілін екінші ана тілі санаған ұрпақ, орыс тілін жатырқамайтын ұрпақ, ана тіліне қатысты санасы өзгерген екітілді ұрпақ пайда болды. Кирил-қазақ әліпбиін қабылдаудағы стратегиялық мақсат орындалды. Санамыз өзгерген, ұлттық кодымыздан айырылайық деп отырған ұрпақ – біздер қалып едік. Сондықтан қазіргі маңызды таңдауды үстірт ұғынбауға шақырайық.

Нәтижесі келер ұрпақтың тағдырына жазылатын стратегиялық мақсатты Елбасымыз 90-жылдардағы жалпытүркілік лекпен емес, одан кейінгі экономикамыздың тұрақтанған кезінде емес, дәл осы уақытқа қойып отырғаны көрегендік. 1991 жылғы латынға көшудің себебі басқа еді. Ол себептер әлсіреді. Енді мемлекеттің стратегиялық мақсатынан туындаған себеп қалды. Ендігі себеп – ұлттық бірегейлікті бекіту. Жазу – бұл ойдың соңғы қорытындысы, ойдың жазба тұрпаты, тілдің жүйесі. Жазба тілді білмей, тілді білемін деу құр сөз екені енді білінетін болады. Сондықтан қазақ мектептері мен балабақшаларының мәртебесі асып, сұраныс артатын болашақ жақын деп біліңіз. Халықаралық терминдерді тілдің айтылу нормасына сай жазамын деп сеніңіз. *Мәшине, пошта* деп жазуға жүрексініп, орыс тіліне қастандық жасағандай болатын ойымыздан айырыламыз. *Mäshine, poshta* деп, қасқайып жазатын ұрпақ өсіреміз. Ол үшін жаңа жазу – ұлтымыздың өз еркімен таңдаған ұлттық жазуы болуына қызмет етуіміз керек.

Бүгінде әліпби жобасын таңдауда бағдарламашылар мен тілшілер ұсынатын, ұстанатын екі түрлі көзқарас бар екенін жасырмайық. Бағдарламашылар үкіметтің, елдің жанды жерінен ұстап алған: латын графикасына ауысуда шығынға ұшырамау, тілдегі бар дыбыстарды ағылшын-латын стандартындағы 26 әріппен ғана таңбалау, ағылшын тілін тез

үйренудің жолы – стандарттан шықпау дейді. Стандарттан шықпау – қазақ жазуының тарихында болып көрмеген, қазақтың графикалық санасы қабылдай алмайтын қосар әріптерді, екіншіден, латын әліпбиіндегі кейбір әріптердің мәнінен ауытқуға әкеледі.

Ағылшынтілді бағдарламашылар бағдарлама тілін жазба тіл деп, ағылшын жазуын барлық тілдің жазуына, оның ішінде қазақ тілінің жазуына теліп, шатасып жүр. Қазақ жазуы тегі де, принципі де фонематикалық, кеңестік ғылым тілімен айтқанда, морфологиялық, дыбыстың негізгі реңкі таңбаланатын жазу. Қазақ *ана* деп жазып, *ана* деп оқитын жазба дәстүрді 20-ғасырдың басынан қалыптастырды, осы дәстүрмен 100 пайыз сауаттылық деңгейінде отыр. Түркі халықтарының графикалық санасы «1 дыбысқа – 1 әріп» принципімен жұмыс істейді. «1 дыбысқа – 1 әріп» принципі төте жазудан басталып, 1926 жылғы Баку құрылтайында әліпби таңдаудағы түркілердің басты ұстанымына айналған. Өйткені түркі тілдері – флективті емес, түбірге қосымша жалғану арқылы сөз жасалатын, сөз түрленетін, сөз байланысатын жалғамалы тіл, яғни сөз тұрқы онсыз да «ұзын» тіл. Ал роман, герман, славян тілдері сөз мағынасы дауыстының өзгеруіне байланған флективті тіл, яғни сөз тұрқы «қысқа» тіл. Сондықтан бұл тілдер қосар әріпті пайдалана алады. *Mother* деп жазып, мәТНәг (мәзә) деп оқитын жазу дәстүрін, яғни идеографиялық жазу дәстүрін бірнеше ғасыр бойы қалыптастырған, әліпбидегі әріптің негізгі мәні мен қолданыстағы мәнін екі басқа түрінде қабылдайтын графикалық санасы бар халықтар.

Егер біз осы сананы сол алфавитімен бірге қабылдасақ, 1939 жылғы орыс тілінің 33 әрпін шашауын шығармай қабылдап алған кирил-қазақ жазуынан қай себептен бас тартқанымыз болады? Тағы да сол иесі бөлек, туыстығы жоқ тілдің дыбыстық құрамын тілімізге сіндіріп алған, ағылшын тілін ана тілі көретін, ағылшын тілінде акцентсіз сөйлейтін ұрпақ өсіру үшін бе? Қазақ жазуының тарихындағы әліпбилердің нашар болғанын сыртқы факторлардың кесірі дедік: араб әліпбиін ислам дінімен, латын әліпбиін Ленин-Сталиннің пролетар табының жазуын таңдаған саясатымен, орыс әліпбиін орыстандыру саясатымен байланыстырдық. Енді компьютер, ағылшын-латын стандартының билігінен көреміз бе?

«Ұлттық жазу – ұлттың біржола толыққанды қалыптасқан кезінде пайда болады» <http://grammatologiya.academic.ru/>. Ешкімге жалтақтамай, ешкімнің билігіне бас ұрмай, кейін ешкімнің кесірінен көрмей, өз қалауымызбен таңдалған ұлттық әліпбиге көшу үшін қазақ жазуының фонологиялық негізін, фонемографиялық тегін, фонематикалық принципін сақтау қажет. Ол сөз мағынасын ажырататын бір дыбыс бір ғана таңбамен беріледі деген сөз. Бір дыбысқа бір әріп принципін барынша сақтауға тырысқан жөн. Әліпби жобаларының негізгі ұсынысында түрік-латын стандарты басшылыққа алынды. Оның бірнеше себебі болды: біріншіден, түркі тілдері бір-біріне өте жақын, бір тілдің диалектісі іспетті тілдер. 20 ғ. басында Н.Төреқұлов «Түркі жазуларына унификация керек. Өйткені бәрі бірдей сөйлейді, бірақ әртүрлі жазады», – деген екен. Қазір әртүрлі де сөйлейтін тілдерге айналдық, бірақ ортақ ақпараттармен қиындықсыз

қарулану үшін бір-біріміздің жазба тілімізді кедергісіз түсіну үшін әріптердің бірімәнді болғаны жөн еді. Бірақ қазіргі латыннегізді түркі жазулары ортақ әліпбиден ауытқыды, әр жазуда 2-ден 8-ге дейін әріп алшақтығы бар.

Екіншіден, түркі-латын стандартында қосар әріп жоқ. Бұл түркілік қабылдауға сәйкес. Бірақ әріпасты, әріпүсті диакритика бар. Ғалымдар әріп диакритикасына барынша сақтықпен қарауға да тырысты. Профессорлар Ә.Жүнісбек, Н.Уәли, К.Хұсайын <ә> фонемасын **ä/ă** таңбаларының, <ө> фонемасын **ö/ö** әріптерінің бірімен, <ү> дыбысын **ÿ**, <ү> дыбысын **ü** әрпімен, <ы> дыбысын **ı**, <і> дыбысын **i** әрпімен берген әліпби жобаларын жасады. Дауыссыздардан <қ> фонемасын **Qq**, <ң> фонемасын **ŋ** әрпімен, <ш> өзге түркі әліпбилеріне сай **ş** әрпімен таңбалау ұсынылды. Бірақ қазіргі жас буынның интернет тілінде дауыссыздар **zh, gh, sh, ch** қосарларымен жазылу орныға бастағанына және әріп диакритикасын барынша азайтуды көздеп, дауыссыздарды қосармен таңбалауға болатыны айтылып жүр.

Ал дауыстыларды қосар әріппен жазу ағылшын транскрипциясында болғанмен, жазуының дәстүрінде жоқ. Түркі жазуларында автономды республика, автономды облыс болған ноғай, құмық, қарашай жазуында болды. Ноғай мен құмық әліпбилерінде [ä], [ü], [ö] дыбыстары **аь, оь, уь** әріп тіркестерімен беріледі, балқар, қарашай, құмық тілдерінде: **къ, гь** диграфтары бар. Мұндағы **ъ, ь** таңбаларының әріптік мәні жоқ болғандықтан басқаша оқылу қаупі тумайды. Бүгінгі қазақ бағдарламашыларының **ә – ае, ө – ое, ү – уе** тіркесімен ұсынуы екі әріптің де әліпбиде жеке-жеке әріптік мәні болғанын ескермеуінен туып отыр. Болашақта бұл таңбаларды өз мәнінде ажыратып оқу қаупі төнетінін аңғармай отыр. Және сөз тұрқы өзгеретіні бәрібір болып отыр.

Сондықтан өз таңдауымызбен қабылданатын әліпбиді бірнеше рет реформаға ұшыратпайық десек, тәуелсіз ойлайтын, тәуелсіз жаңа сана қалыптастырайық десек, жеті рет өлшеп, бір рет кесу қажет.

«Время» газеті
06 сентября 2017
<http://www.time.kz>

Базарбаева З.М.

доктор филологических наук, профессор

КАЗАХСКАЯ ЛАТИНИЦА: ЛИНГВИСТЫ ПРОТИВ ПРОГРАММИСТОВ

После публикации программной статьи нашего Президента о модернизации общественного сознания, где говорится о поэтапном переходе казахского языка на латинскую графику в научных кругах начались бурные обсуждения о способах передачи казахских фонем (звуков) латинскими буквами. На конференциях и круглых столах, посвященных этой теме, высказываются различные мнения. Все доклады и выступления

сосредотачиваются вокруг главной проблемы – нахождения оптимальных путей и способов перехода казахского языка на латиницу. Трудность решения этой проблемы состоит в том, чтобы передать все существующие фонемы (звуки) казахского языка ограниченным числом букв латинского алфавита.

Из истории письма известно, что в европейских языках, несмотря на различный звуковой состав, за основу был взят латинско-римский алфавит. В результате заимствования алфавита классической латыни возникло несоответствие между фонемным (звуковым) и буквенным составом языков народов Западной Европы. Так, в современных европейских языках фонем намного больше, чем графем: во французском языке насчитывается 35 фонем, в английском 44. Для передачи всего этого фонемного многообразия современный латинский алфавит представлен всего лишь 26 буквами (6 гласных и 20 согласных). Такой разрыв между звуковой системой и письмом объясняется тем, что фонетическая система языков находится в постоянном развитии. Звуковой состав различных языков обогащается под влиянием внешних (смежная культура, новые понятия, заимствованные слова) и внутренних факторов (процессы фонологизации, дивергенции и конвергенции фонем). Кроме того системы письма этих народов подолгу не переживали крупных орфографических реформ. Многие буквы пишутся, но не произносятся (например «немое е» в конце французских слов); другие произносятся по-разному, в зависимости от их места в слове; для передачи одних и тех же звуков применяются разные буквы и буквосочетания.

Следует заметить, что не все 26 латинских букв сохранились в европейских алфавитах, например в восточноевропейских языках (польском, латышском, литовском, эстонском, и др.) некоторые латинские буквы (**w**, **x** или **y**) отсутствуют. Поэтому основной буквенный состав этих алфавитов еще более ограничен.

Все это обусловило необходимость широкого применения в европейских системах письма надстроечных и подстроечных диакритических знаков, а также двух-трехбуквенных сочетаний. Диакритические знаки обычно применяются для уточнения или изменения основного звукового значения латинских букв (например **ö**, **ü**, **ä** в немецком, турецком, азербайджанском письме). Двух-многобуквенные сочетания служат для передачи звуков, не передаваемых латинскими буквами (например **sch**, **ch**, **sh** для обозначения **ш** в немецком, французском и английском языках).

В языках с ранним становлением письма на латинской основе (английской, французской, итальянской), ни многобуквенные сочетания, ни диакритированные буквы в состав алфавитов не включаются и рассматриваются лишь в правилах орфографии; в большинстве же восточноевропейских языков (чешской, польской, венгерской, финской, румынской и др.), а также в турецком, азербайджанском языках, которые позже перешли на латиницу, диакритированные буквы, а иногда и двухбуквенные сочетания входят в алфавиты наряду с основными

латинскими буквами. В связи с этим количество букв в этих алфавитах различно.

Применение диакритики и многобуквенных сочетаний при недостаточности алфавитно-буквенного состава создает возможность точнее передавать звуковой состав языка. В то же время слишком широкое использование этих приемов (в особенности многобуквенных сочетаний) очень затрудняет как обучение письму, так и самому процессу письма. Положение усугубляется тем, что одни и те же диакритические знаки (например «трема» во французском и немецком письме), многобуквенные сочетания и даже некоторые основные буквы латинского алфавита (например, буквы C, V, U) получили в различных системах письма неодинаковое значение.

Ближе к современному литературному языку орфография немецкой, финской, чешской, польской, литовской, венгерской, шведской, норвежской и некоторых других европейских систем письма, переживших крупные реформы, связанные с религиозно-реформатским и национально-освободительным движением. Орфография этих народов построена применительно к их современным литературным языкам и вследствие ограниченности латинского алфавита для обозначения национальных специфических звуков были добавлены дополнительные буквы, образованные в большинстве случаев посредством диакритических знаков, поэтому их алфавиты насчитывают от 29 до 40-42 графем. В шведском, финском, норвежском языках 29 букв, немецком языке 30 букв, румынском и молдавском языках 31 буква, польском, литовском и эстонском – 32 буквы, в латышском 33 буквы, в венгерском и чешском 40, 42 буквы. Например современный алфавит немецкого языка, состоит из 26 букв основного латинского алфавита с добавлением 3 **умлаутных** знаков (**Ää, Öö, Üü**) и одной лигатуры **ß**. Умлаутные аллофоны основных фонем, избавившись от позиционной зависимости, под воздействием универсального процесса фонологизации превратились в самостоятельные фонемы, получив свое буквенное обозначение.

Из восточноевропейских языков для примера можно взять латышский язык. В латышском языке из основного состава латинского алфавита отсутствуют 4 буквы (**Q, W, X, Y**), зато для передачи своих звуков добавлено еще 11 букв (**Āā, Čč, Ēē, Ģģ, Īī, Ķķ, Ļļ, Ņņ, Šš, Ūū, Žž**), образованных с помощью надстрочных и подстрочных диакритических знаков. Долгие гласные передаются посредством надбуквенного диакритического знака *макрон*, согласные - надбуквенным диакритическим знаками *бревис* и подбуквенным – *седиль*. Таким образом, латышский алфавит насчитывает 33 буквы.

Турецкий алфавит состоит из 29 букв. Из основного состава латинского алфавита изъяты 3 буквы (**Q, W, X**), но добавлено 6 букв (**Çç, Ğğ, İi, Öö, Şş, Üü**). Исконно турецкие звуки образованы с помощью надбуквенных и подбуквенных диакритических знаков. Мягкость гласных, также как в немецком языке, передается с помощью диакритического знака *умлаут*,

дополнительные согласные звуки образованы посредством надбуквенных (*бревис*) и подбуквенных (*седиль*) диакритических знаков.

Из тюркоязычных стран СНГ наиболее успешно на латинскую графику перешел азербайджанский язык. Его алфавит состоит из 32 букв. К основному латинскому алфавиту добавлено 7 национальных букв (**Çç, Şş, Ğğ, İ, Öö, Əə, Üü**), с изъятием только одной буквы **W**. Мягкие парные гласные традиционно передаются с помощью *умлаутных* диакритических знаков, согласные по опыту других языков посредством надбуквенных и подбуквенных диакритических знаков *бревис* и *седиль*.

На основе анализа всех проектов можно выделить два вида проектов. Это **лингвистический проект** и **интернет-проект**. Авторы первого проекта, это в основном лингвисты, за основу берут фонетический состав казахского языка и ищут пути обозначения «лишних» фонем с помощью дополнительных знаков из системы латиницы, т.е. 26-буквенный состав латинского алфавита пополняют несколькими диакритированными буквами, по опыту восточноевропейских и тюркских языков, необходимых для передачи национальных звуков казахского языка.

Сторонники второго проекта (математики, информатики) считают, что казахский алфавит надо приспособить к компьютерной технике, т.е. ограничиться 26 буквами латинского алфавита. Это значит, что казахский алфавит будет идентичен английскому алфавиту, сформировавшемуся в 7 веке со всеми его недостатками (говорилось выше), которых они сами не могут преодолеть в течение нескольких столетий из-за большой разницы в орфографии и орфоэпии.

У обоих проектов есть достоинства и недостатки.

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ПРОЕКТ

Достоинства: Каждому звуку в фонетической системе национального языка опеределена отдельная графема: выдержан принцип «один звук – одна буква». В системе алфавита данного проекта нет диграфов и триграфов, что облегчает процесс чтения и письма.

Недостатки: Для национальных специфических звуков вводятся дополнительные надбуквенные, для гласных *умлаут* (**Ä, Ö, Ü**), для согласных *бревис* **Ǿ**, и подбуквенные, для согласных *седиль* **Ŷ** диакритические знаки, а также берутся буквы из расширенного латинского алфавита **I, J**. Требуется специальная программа в системе интернета (меняется клавиатура компьютера) для передачи дополнительных букв.

ИНТЕРНЕТ-ПРОЕКТ

Достоинства:

Проект не требует специальной программы в системе интернета, так как базируется на традиционной латинице, состоящей из 26 букв. Не вводятся дополнительные диакритические знаки. Без технических трудностей можно обмениваться информацией с любой точкой земного шара. Облегчит изучение английского языка.

Недостатки:

За неимением специальных букв 7 звуков (э, ө, ү, ж, ғ, ң, ш) передаются диграфами. Гласные э, ө, ү передаются как **ae, oe, ue**. Согласные ғ, ж, ң, ш обозначаются диграфами **gh, zh, ng, sh**. Использование сочетаний букв для обозначения звуков не отвечает принципу экономии в языке и порождает некоторые трудности в чтении и письме.

Следует отметить, что во всех европейских языках, кроме английского клавиатура компьютера отражает наряду с 26 буквами и свои национальные специфические буквы (французский, немецкий, польский, чешский, венгерский, шведский, литовский, эстонский и т.д.). Можно взять не английскую клавиатуру, а **немецкую**, где есть умлаутные (мягкие) гласные **ö, ü, ä**. Эти буквы дополняют 26 основных букв латинского алфавита. Это будет компромисс между **лингвистическим** и **интернет-алфавитом**. Согласитесь гласные **ö, ü, ä** намного лучше смотрятся, чем диграфы **oe, ue, ae**. Ведь буква **e** имеет свое самостоятельное значение. Нам не надо будет самим переделывать клавиатуру, не будет никаких финансовых и трудоемких расходов. Что касается согласных, то образ диграфов **gh, zh, sh** нам знаком, они встречаются во всех языках. Еще раз хочу отметить, что немецкий алфавит состоит из **26 букв**, а умлаутные гласные буквы используются только на письме.

Таким образом, при переходе казахского алфавита с кириллицы на латинскую графику необходимо учитывать национальную специфику казахского языка, опыт перехода на латиницу тюркских и некоторых европейских языков, простоту в написании и чтении, а также доступность и легкость в усвоении нового казахского алфавита на основе латинской графики. Кроме того, в наше время глобализации и межкультурного сотрудничества, воспитания подрастающего поколения в традициях трехязычия надо брать во внимание стремление молодежи усвоению мировых технологий, систем знаний и вхождению в глобальное информационное пространство. Все это будет способствовать, на наш взгляд, успешному осуществлению национальной реформы.

3.2 «БІР ӘРІП- БІР ДЫБЫС» ҚАҒИДАТЫ

Әліпби ауыстыруды былай қойғанда, қазақ жазуын бір саралап-пысықтап алатын мезгіл жеткендігін көпшілік, оның ішінде тіл мамандары, біліп те, түсініп те отыр. Ендеше бұл бағыттағы шараны тек әліпби ауыстыру деп қарамай, кең қамтып, жазу реформасына айналдыру қажет. Сондықтан әңгімені тек әліпби ауыстыру төңрегінде ғана қалдырмай немесе бір таңбаны екінші таңбаға қалай ауыстырамыз дегенге ғана саймай, жазу төңрегіндегі өзге де мәселелерді қамтып отыру керек болады.

Бүгінгі таңда әлемнің бірқатар елдері өз жазуларын латын алфавитіне негіздеп алды. Бізде де қазақ тіліне арналған латын әліпбиінің бірнеше нұсқалары жасалды. Негізгі тартыс қазақтың төл дыбыстарын қалай дұрыс таңбалау керек деген сұрақ төңірегінде орын алып келеді. Біреулері бір

дыбыс – бір таңба принципін басшылыққа алса, енді біреулер қос таңба – бір дыбыс, яғни диграф жүйесін қош көреді. Әркімнің пікірі әртүрлі. Лингвист-ғалымдардың пікірінше, тіпті халықтың пікірі де «қазақтың жаңа алфавиті қазақтың ұлттық болмысына сай болуы тиіс» деген қағидамен ұштасады. Жаңа алфавитте біз ең алдымен қазақ тіліне тән ә, ө, ү, ұ, і, ғ, қ н, сияқты спецификалық дыбыстарға басымдылық беруіміз керек. Бұл дыбыстардың бір әріппен берілуін қадағалауымыз керек. Себебі олар тілімізде өте жиі қолданылады. Бұл тараушада осындай пікірдегі ғалымдардың тұжырымдары нақты дәйектермен беріліп отыр.

«baq.kz» сайты
30 қыркүйек 2017 ж.
baq.kz

Анар Фазылжан
ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДЕ «БІР ӘРІП – БІР ДЫБЫС»
ПРИНЦИПІ БҰЗЫЛМАУЫ КЕРЕК

Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру идеясын Мемлекет басшысы сол тоқсаныншы жылдардың басында-ақ айтқан болатын. Бұл идея 20 жылдан астам уақытта әбден пісіп-жетілді. Содан да болар, сәуір айында Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын жариялап, онда латынға көшуді бастауды Үкіметке тапсырды.

Елбасы айтқандай, тіл мамандары өздеріне артылған бұл міндетті көп созған жоқ. Шамамен 5 айдай уақыттың ішінде латынның қазақстандық нұсқасын әзірлеп шықты. Оны әзірлеген Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы.

Латын әліпбиінің жаңа нұсқасы Парламент депутаттарының қарауына биыл 11 қыркүйекте ұсынылған болатын. Алайда бұл жоба қоғамдық пікірді сол күні-ақ екіге жарды. Бір тарап жаңа әліпбидегі қазақ әріптерінің таңбаланбауына қарсылық білдірсе, екінші тарап жаппай қолдауға кірісіп кеткен. Ал біз осы ретте танымал лингвист, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары Анар Фазылжанмен сұхбаттасып, жаңа әліпбиге қатысты пікірін сұрап көрдік.

– Анар ханым, қазір елімізде латын әліпбиіне өтуді қолдау науқаны жүріп жатыр. Парламентте ұсынылған нұсқа жұрттың сынына қалды. Осы жағдайдан соң «латын қарпіне көшудің не қажеті бар?» деген сыңайдағы пікірлер пайда бола бастады. Бұл ненің белгісі?

– Парламентте ұсынылған латын графикасы негізіндегі әліпби жобасына қатысты, әсіресе, әлеуметтік желілерде көп сын айтылып жатыр. Оны тілтанушы мамандар бақылап отырмыз. Сындардың ішінде кертартпа пікірлер де бар. Көшпейміз дегендер де жоқ емес. Негізінде, бұл дұрыс емес. Елбасының рухани жаңғырудағы көздеген мақсаты – ұлттың санасын жаңғырту, бізді артқа тартатын кертартпалықтан арылту. Барымызды

жүйелеп, жоғымызды түгендеп, жана дүниелер жасап, мобильдеп, алға қарай ұмтылу. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бізге сол жолдағы әрекетіміздің алгоритмін модельдеп берді. Сондықтан халық Президенттің осы бастамасын бірауыздан қолдады. Шынайы қолдау болды. Ал латын қарпіне көшу туралы кері пікірлер халықтың бағдарламаға деген сенімін әлсірете алмайды. Біз қалай да латын графикасындағы жаңа әліпбиге көшетініміз анық. Себебі бұл – өркениеттік таңдау. Әліпби таңдау тілдің болашағы үшін, сонымен бірге, еліміздің өркениеттік дамуы үшін де қажет. «Бір қарағанда, әріптерді ауыстырғанда тұрған не бар?» деген сұрақ туындайды. Заманауи графика адамды заманауи ойларға жетелейді. Латын графикасының жаһандағы салмағы ерекше, қазақтілді ұжым санасындағы мазмұнында тек оң ассоциация, ұғым, түсінік бар. Сондықтан «әріптерді ауыстырудың керегі жоқ» деген қасаң ойлар негізсіз. Сонымен бірге, Парламентте ұсынылған жобаға қатысты сынға да көз жұмып қарауға болмайды. Неге? Өйткені өткен ғасырдағы әліпбилерімізді ұлт болып өзіміз таңдаған жоқпыз. Олар жоғары жақтан әкімшілік-әміршілдік жүйенің, саяси күштеудің механизмдері арқылы енгізілді. Ал қазіргі әліпби реформасының жалпыхалықтық талқыға түсуі – біздің мақтанып айтатын тәуелсіздік жемісі. Реформаның демократиялық жолмен жүзеге асырылуында Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың рөлінің зор екенін ерекше айта кету керек. Жаңа әліпбиге көшу үшін демократиялық еркіндік берілуі тәуелсіз Қазақстандағы алғашқы тәжірибе. Сондықтан барлық пікірге құлақ асу керек. Сол себепті пікірлерді жинайтын орталық дұрыс жұмыс істеуі тиіс. Біздің институтқа да пікірлер көптеп келіп жатыр. Маман ретінде барлық сұрақтарға, пікірлерге жауап жазып жатырмын. Халық талқысына тек қолдау көрсетуіміз керек, өйткені бұл, бір жағы, Президенттің де парасатты шешімі. Ол кісі халық пен мамандар бір ымыраға келмейінше, әліпби стандарты бекітілмейтінін қадап айтты. Енді тілтанушы мамандар, журналистер, мұғалімдер осы мәселеге бей-жай қарамай, нақты әрі ыңғайлы нұсқаны таңдауымыз қажет.

– Ел болып талқылап жатқан 25 әріптен тұратын нұсқаның біз үшін ұтымды тұсы мен кемшілігі қандай?

– Тілтанушы мамандар сарапқа салып жатқан сын пікірлер бойынша ұсынылған жобаның артықшылықтары мен қателіктерін айта кетейік. Бұл жоба, біріншіден, ықшамдылығымен ұнамды. Қазақтың төл дыбыстық жүйесінде 28 дыбыс бар, ал біз жазуда 42 әріпті қолданып жүрдік. Мына жобада 28 дыбысты таңбалау үшін 25 дара әріп қана ұсынылып отыр. Дара дегенім, 8 қосар әріп те бар. Дегенмен, әріп саны дыбыс санынан кем болса, мұндай әліпби тілтанымдық тұрғыдан өте тиімді болып саналады. Екіншіден, бұл әліпбидің экономикалық жағынан шығыны аз болуы әбден мүмкін, себебі, компьютер пернетақтасындағы ағылшын тілінің алфавитімен сәйкес келеді. Қазіргі пернетақтадағы ағылшын алфавиті цифрлық технологиядағы кодтармен сәйкес.

– Ал маман көзімен қарасақ, нақты кемшіліктерін тізіп бересіз бе?

– Әлемдік тіл ғылымындағы әліпбиге қойылатын критерийлер мен сауатты әрі жазуға оңтайлы ұлттық әліпби жасаудың ғылыми принциптері тұрғысынан кемшілігін тілтанушы, педагог мамандар былай анықтап отыр. Бұл әліпбиде қазақтың төл дыбыстарын және қазақ мәтінінде жиі кездесетін, қазіргі заманғы қазақ тілінің жазбаша формасына сіңіп, дыбыстық жүйесіне еніп кеткен өзге тілдің кейбір дыбыстарын, яғни барлығы 31-32 дыбысты таңбалау үшін небары 25 әріп жетпейтіндіктен ұсынылған жобада диграфтар қолданылған. Диграф дегенміз – бір дыбысты екі әріптің тіркесімен беру. Әрине, диграфтарды қолдану тәжірибесі басқа әліпбилерде өте көп. Әсіресе, роман-герман тілдерінде ешқандай қиындық тудырмайтын мәселе. Мұндай бір дыбысты бірнеше әріппен таңбалау неміс тілінде де, ағылшын тілінде де бар. Бірақ славян тілдерінде жоқ. Егер хронология бойынша қарайтын болсақ, латын қарпін қолданатындардың ішінде өте ертеде дәстүрлі әліпбиін бекітіп алғандар ғана диграфқа жүгінеді. Ал кейінгі латын негізді әліпбилер сол Еуропа елдерінің өзінде диграфтан қашып, диакритиканы, яғни әріпасты, әріпүсті элементтерге артықшылық берген. Ал жасы жағынан латыннан әлдеқайда жас әліпби жүйесіне жататын кирил графикасында диакритика көп те, диграфтарды қолдану мүлде жоқ. Бұл диакритиканың диграфқа қарағанда жаңартпа тәсіл екенін көрсетеді. Жаңа латыннегізді және кирилнегізді графиканы қолданатын барлық тілдерде диграф таңба мүлде жоқ. Олар «бір дыбыс – бір әріп» принципін ұстанады. Демек, қазіргі заман үшін диграф ескілік.

Қазақтың жазу тарихы көнеден басталады. Елбасының мақаласында қазақтың жазу тарихына терең талдау, сараптама жасалған. Біздің ата-бабаларымыз руналық графикаға негізделген орхон жазуын, араб графикасының түрлі формаларын пайдаланған. Содан кейін біз Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық жүйеге негізделген араб графикалы «төте жазуын» қолдандық. Ескі латыннегізді графикамен, содан кейін кирилше де жаздық. Осы жазу жүйеміздің бәрінде де «бір әріп – бір дыбыс» принципі бұзылған жоқ, басымдықта болды. Мұны ескерсек, ұсынылып отырған диграфтар қазақ этно-мәдени қауымдастықтың тілдік санасында жат таңба түрінде қабылданатынының өз заңдылығы жоқ емес. Сан ғасырлық дәстүрі бар принципті өзгерту оңай емес. Қазақ қауымдастығы қолданған жазулардың графикалық образдары әртүрлі болғанымен, олар бір әріп бір дыбыс принципі басымдығына негізделді. Сондықтан қазақтілді сана үшін диграфтарды тұтас таңба түрінде оқу қиынға соғады. Ал ағылшын, немістілді этномәдени қауымдастық санасында диграфтар ғасырлар бойы қалыптасып, орныққан. Сынның барлығы осыған байланысты айтылып жатыр деуге болады. Екіншіден, біздің тіліміз роман-герман, славян тілдерінен ерекшеленеді. Құрылымдық жүйесінен көрініп тұрғандай, сөзге үстелетін грамматикалық мағына ағылшын, орыс тіліндегідей флексия арқылы емес агглютинация арқылы беріледі. Флексия дегеніміз – бір ғана аффикс арқылы көптік, септік т.б. грамматикалық мағынаны беретін түбірге жалғанатын қосымша. Ал біздікі сияқты агглютинатив, яғни жалғамалы тілде көптіктің мағынасын бір жалғау, септік пен тәуелдіктің мағынасын

басқа жалғаулар береді. Қазақтың тек бір ғана буыннан тұратын «үй» деген сөзін алып, септік, көптік, тәуелдік, т.б. мағынада қолданып, мысалы, «үйлеріңіздегідей» десек, 7 буынға айналады. 7 буынды сөзде диграфпен берілетін 8 әріп кездесуі әбден мүмкін. Сонда сөздің тұрқы ұзарып кетеді. «Үй» деген сөз екі дыбысты сөз. Егер жаңа әліпбимен жазсаңыз, үш әріпті сөз болады. Енді оған әртүрлі жалғауларды жалғасаңыз, диграфтардың «арқасында» мәтіндегі сөздің образы көзшалымға тұтас қабылдануға қиындап, тым шұбалаңқы болып кетеді. Сондықтан да диграфтарды қолдану жазба коммуникацияда жазарман үшін де, оқырман үшін де психологиялық, лингвистикалық, физиологиялық қолайсыздық тудырады.

– Латын әліпбиіне көшуді саяси науқан ретінде қабылдау қаншалықты дұрыс?

– Мұнда бізді ойландыратын мәселе бар. Президентіміз мақаласында латын графикасына көшкен кезде тіліміздің ұлттық ерекшелігін сақтау мақсатына ерекше мән берді. Сол себепті де әліпби арқылы жазуымызды реформаламақпыз. Оны қалай сақтаймыз? Біз шет тілінен енген сөздерді жазуда төл айтылым-жазылым үлгімізге салып, латын графикасы арқылы игеруді мақсат еткенбіз. Мысалы, осыған дейін кирил графикасында орыс тілінен енген әріптер болды да, біз осы басты донор – тіл арқылы көптеп енген сөздерді толық игере алмадық. Орыс тілінің орфоэпиясында қалай айтылса, солай айтып, орфографиясында қалай жазылса солай жазып жүрдік. Ал қазақ тілі қашанда – өміршең тіл болды. Сол өміршеңдік әлеуетінің күшімен ғана 70 жыл бойғы осы «орысша жаз» қасаң стереотипі салдарынан аман сақталып қалды. Мысалы, қазақ тілінде сақ дәуірінен келе жатқан көне парсы сөздері бар. Бірақ олар парсылық тұрпатынан айырылып, түркі сөздеріне ұқсап кеткен. Бізде моңғол тілінен енген сөздер де бар. Олар да қазақшаланып кеткен. Ертеректе орыс тілінен енген сөздер де сындырылған. Ал Кеңес үкіметі кезінде енген орыс сөздерінің дені игерілмеді. Бұл әлі де жалғасып келеді. Бұлай жалғаса беретін болса, тілдің сыртқы әсерді игеру механизмі тоқтайды. Біз, тілтанушылар, латын әліпбиіне көшкенде сол механизмді жандандырып аламыз деп жұмыс жасап жатырмыз. Сонау 90-жылдары Президентіміз «латын әрпіне көшуіміз керек» деген кезден-ақ Институт ғалымдары тіліміздің иммундық тетіктерін қалпына келтіріп, іске қосу мүмкіндігі туды деп қуанған болатын. Сол кезде бұл реформалардың шын өтетініне сенбегендер көп еді, оны «саяси науқан», «саяси ойын» деп есептегендер де болды. Алайда Елбасының алға тартқан тілтанымдық реформасына Институт ғалымдары үлкен сеніммен қарап, 90-жылдан бүгінге дейін қазақ жазуын латын графикасына көшуді зерттеп қана емес, қалың бұқараға насихаттаумен де үздіксіз айналыстық. Мақсатымыз – ұлттық тілдің иммундық механизмін қалпына келтіру. Тағы бір мәселе, осы 25 әріптен тұратын алфавитті алатын болсақ, онда ағылшын тіліндегі сияқты қазақ тілінде де диграфтар болады. Ендігі жерде орыс тілі емес, ағылшынтілді қазақтардың саны көбейетіндіктен, ағылшын тілі біздің донор тіліміз болады. Ағылшын тілінен көптеген жаңа сөзді қабылдаймыз. Сол кезде осы әліпбимен оларды қазақша игеріп алу қиынға соғады. Қазақ

тілінің орфографиясымен жазылатын сөздердің саны азайып кету қаупі бар. Міне, сол туралы ойлануымыз керек.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан С. Абайұлы.

«Азаттық» радиосы.

12 қыркүйек 2017 ж.

<https://www.azattyq.>

Құралай Күдерина
филология ғылымдарының докторы, профессор

БҮЛ ӘЛІПБИДІҢ ЕҢ ТИІМСІЗ, СОРАҚЫ НҰСҚАСЫ ЕДІ

Депутаттар танысып, министрге ұнаған әліпби жобасы қайдан шықты? Қалай таңдалды? Ғалымдармен келісім бар ма? Қарсы уәж тыңдалды ма? Азаттық тілшісі қойған осы сұрақтарға "Қазақ жазуының тарихы мен теориясы" атты оқу құралының авторы, кешегі Парламент жиынына қатысып қайтқан оқытушы-профессор Құралай Күдерина жауап берді.

Асылхан Мамашұлы: Депутаттар танысып, министрге ұнаған әліпби жобасы қайдан шықты? Қалай таңдалды?

Құралай Күдерина: Парламент мәжілісінде ұсынылған жобада осыған дейін бізге келіп түскен бірнеше жобалардың ішіндегі ең тиімсіз деп табылған, ең сорақы деп табылған жобаның нұсқасы қабылданды. Яғни, біздерге осыған дейін, мысалы, 26 ағылшын-латын стандартынан шықпауға арналған бір жобаның түрлері болды. Екінші, бұл қазіргі түрік-латын стандартына сәйкес, яғни әріп диакритикасы бар, мына Шығыс Еуропаның тілдеріне сәйкес әріп диакритикасы бар жоба болды. Үшінші, бұл апострофпен, дәйекшемен, әріп санын азайтатын. Осындай үш түрлі әліпби жобасы болып еді осыған дейін. Біз осы үш түрлі әліпби жобаны кезінде үлкен мекемелерден 250 респонденттен алынған эксперимент жасағанбыз. Сол кезде экспериментте де көрсетілгендей, мына қосар әріппен беретін жоба үш жобаның ішінде ең соңғы орында. Бұны жұрт қабылдамаған жоба деп танылып еді. Дәл сол жоба кешегі Парламент мәжілісінде қабылданып отыр.

Біз неге бұл қосар әріптен бас тартуымыз керек немесе қосар әріп неге тиімсіз? Қосар әріппен жазу жалпы жазу тарихымызда, біздің қазақ жазу тарихымызда, сондай түркі жазу тарихында болып көрмеген. Өйткені түркілердің графикалық санасы, қазақтардың графикалық санасы бұл бір дыбысқа, бір әріпке деген принципке құрылған. Біз сонымен төте жазуда жаздық, сонымен латын графикасында 29-да отырдық, кирилге көшкенде де бір әріп бір дыбысты таңбалайды. Тура осы принцип. Осы принцип баяғыда 1926 жылы Баку конференциясында ең басында қойылған болатын. Ал неге бұл принцип? Өйткені түркі тілдері бұл сөз мағынасы түбірге қосымша

жалғау арқылы өзгертін, байланысатын, түрленетін тіл. Яғни, жалғамалы тіл, сөз тұрқы онсыз да ұзын тіл. Ал роман-герман тілдері, славян тілдері, араб тілдері – олар флективті тілдер. Яғни, сөз мағынасы түбірдегі дауыстының өзгеруіне байланысты болатын онсыз да қысқа тілдер, қысқа жазуы бар тілдер, сөз тұрқы қысқа. Сондықтан бұларға қосар әріпті пайдалану онша қиындық әкелмейді. Ал біздерге, өзі сөз тұрқы ұзынға, оны тағы қосар әріппен беріп, мына қабылдауымызды, әсіресе оқуды қиындатамыз және коммуникацияны баяулатамыз. Сондықтан қосар әріп, жалпы түркі тілдері үшін, қазақ тілі үшін тиімсіз. Ае-ні қараңыз. Е өзі жеке фонеманы таңбалайды. Ендеше оны 50 жылдан кейін ае, ое деп оқып кету әбден мүмкін. Өйткені әр әріптің өзіндік мәні бар мына арада. Ае деп тұрғанның өзінде. Сондықтан бұның болашағын ойлау керек. Болашағында, негізі, қауіп төндіретіні – дәл осы тілдің дыбыстық мәнерін сақтаймыз дегенге керісінше, тілдің дыбыстық мәнерінен айыратын алфавит деп ойлаймыз.

Асылхан Мамашұлы: Негізі, кеше осы Парламентте талқыланған нұсқаны ғалымдардың көпшілігі қолдап отыр ма, сіз қалай ойлайсыз?

Құралай Күдеринова: Ғалымдардың ешқайсысы бұл жобаны қолдамайды. Қолдамайды, осыған дейін де талай мақалалар жазылды. Енді, менің сөзім, мысалы, басқаша болса, мақалаларды қараңыздар, қаншама еңбектер жазылды, жинақтар шықты, бұлардың ешқайсысында ғалымдардың қосар әріп туралы бірде-біреуінің пікірі жоқ.

Асылхан Мамашұлы: Кеше сіз талқылауға қатыстыңыз ғой. Осында талқылаудың кезінде осындай қарсы пікірлеріңізді айтпадыңыздар ма?

Құралай Күдеринова: Қарсы пікірлер айтылмады онда. Ол жерде бәрі алдын ала жоспарланған. Сондықтан айтуға мүмкіндік берілмеді және уақыт қалдырылмады. Болашақта біз дұрыс, сәтті, өзіміздің тіліміздің негізінен шыққан әліпбиді қабылдаймыз деп сенеміз.

*«Алматы ақшамы» газеті
17 тамыз 2017 ж.
<http://almaty-akshamy.kz/>*

Айнұр Сейтбекова
филология ғылымдарының кандидаты

ЖАҢА ӘЛПБИ – БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сәуір айында жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында латын әліпбиіне көшуге байланысты нақты шешімдерін атап көрсетті. Осымен байланысты 2017 жылдың аяғына дейін А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының тілші ғалымдарына латын әліпбиіне негізделген жаңа

әліпбидің бір нұсқасы мен оның емле ережесін дайындау жүктелді. Аталмыш институттың мамандары латын әліпбиіне негізделген қазақтың ұлттық әліпбиінің бірнеше жобасын жасап, оның ішінен бірыңғай стандартты нұсқасын анықтауда. Дегенмен қоғамда жаңа әліпби таңдауда екі түрлі пікір қалыптасып жатқаны белгілі. Оның бірі – қазақ тілінің табиғатына (үндесім әуезіне) лайық келетін әліпбиді жақтаушы зиялы тілші қауым, екіншілері – ағылшын жазу жүйесіне негізделген әліпбиді қолдаушылар, яғни IT мамандары.

Сөз жоқ, қазіргі жаһандану заманында ағылшын тілі, ағылшын жазуы, (тілді оқытуда) ағылшын методикасы, т.б. – бірден-бір сүйенетін, тәжірибе алмасатын ақпараттар жүйесі болатын болса, екінші жағынан, қазақтың қоғамдық санасына, діліне, ұлттық болмысына кереғар келетін тұстарын аңғарып жатпаймыз. Сол себепті сырттан келген ақпаратты сол күйінде қабылдай бермей, соған төтеп беретін ұлттық иммунитетімізді көтеруіміз қажет-ақ. Бұл, әсіресе, дәл қазіргі таңда *жаңа әліпбидің жобасын жасауда* болып жатқан үдеріс. Бір өкініштісі, IT мамандарының жасаған жаңа әліпби жобаларында диграфтар, триграфтар [oe, ng] сияқты қосақталған дыбыстар мен апострофтар кездесіп жатады. Пернетақтадағы бар әріптермен беруді жөн көреді. Мысалы, «әңгіме» сөзін осы ретпен жазып көрсек, *anngime* болады. Бұлай берілетін сөздердің қатары тұтас мәтінді оқып, түсінуді қиындатады. Сол себепті төл сөздерді жазуда қосарлы таңбаның болмағаны абзал. Жалпы осындай қазақ тілінің заңдылығына қайшы келетін тұстарын асықпай елеп-екшеп алған жөн секілді. Бұл жөнінде фонетист ғалым Ә.Жүнісбектің мына сөздерін ескеру қажет: «Жоба дәйекті болу үшін, міндетті түрде, қазақ тілі дыбыстарының фонетика-сингармониялық (фонологиялық) моделі құрастырылып, әрбір дыбыстың модельдегі орны көрсетілуі қажет. Модельде орны табылмаған дыбыс – қазақ тілінің дыбысы емес».

Елбасымыз осы мақаласында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», – деуінің мәнісін терең түсінген абзал. Осындағы ұлттық код біздің жаңа әліпбиімізде көрініс табуы аса қажет. Яғни, *бүгінгі жаңа әліпби* ұлттық төл дыбыстарымызбен көрініс тауып, олардың қазақ тілінің үндесім әуезіне сай дыбысталуымен ерекшеленуі тиіс. Бұл – ұлттық сананың, ұлттық дыбыстық кодтың белгісі. Ал ұлттық кодқа салынған жаңа әліпби болашаққа бағдар болады, өміршеңдігін жоғалтпайды.

Сонымен қатар қазіргі таңда ғаламтор кеңістігінің кең жайылуы мәдениаралық, тіларалық байланыстардың күшеюінен тілімізге шет сөздер ондап-жүздеп ағылып еніп жатыр. Оларды калькалауда, аударуда үнемі сәтті бола бермейтіні белгілі жайт. Мысалы, техника саласы шетелде ойлап табылатындықтан, ақпараттық технология атауларының (айфон, айпад, макбук, аймак, трекбол, т.б.) бәрі ағылшын тілінде болатыны заңды. Яғни тіліміздегі жаңа ұғымдар батыс тілдерінен алынған сөздермен толығуда. Бұл сөздердің барлығын бүгінгі кирилшемен бергенде, тіліміздің үндесіміне икемдеп жазылмайды. Жазылса да, кирилшемен жазудағы үндесім тәртібіне

бағынбайды. Ғалым Н.Уәли бұндай сөздерді «импортталған сөздер» деп, қазақ тілінің ежелден келе жатқан дәстүрлі нормасының бұзылу қаупін күшейте түседі, ал дәстүрлі нормасынан айырылған тіл қанаты қайырылған құстай дәрменсіз болып, қоғамдық қызметін ойдағыдай атқара алмайды», – дейді. Расында да, тілімізде бұндай игерілмеген сөздердің саны жыл сайын көбейіп жатыр. Ал латын әліпбиіне көшкен жағдайда бұл мәселенің шешімі табылары сөзсіз. Осындай еуропа тілдерінен тікелей немесе жанама (орыс тілі арқылы) ағылып еніп жатқан кейбір кірмелерді икемдеудің *бірінші жолы* ол – қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне лайықтап жазу. Осы арқылы сөздік қорымызға толассыз еніп жатқан шет сөздерді тілімізге барынша қазақыландырып, оқуға әрі, жазуға ыңғайлы етуіміз керек.

Екінші жолы – кейбір еуропа сөздерін түркі халықтарына ортақ көне не көнерген сөздермен, кірме араб-парсы сөздерімен алмастыру не толықтыру. Яғни, көне сөздердің әлеуетін пайдалану. Бұл түркі халықтарын бұрынғыдан да өзара жақындастыра түсіріп, жалпытүркілік интеграцияны күшейтер еді. Ежелден түркі халқы өздерінің көп ғасырлық тіршілігінде бірге өмір сүргендіктен, мәдениетінде, әдебиетінде, салт-дәстүрінде, әдет-ғұрпында, тілінде ортақ рухани құндылықтардың болғанын ертеректе жазылған жазба мұраламыз дәлел. Түркі халықтарының орхон-енисей, талас жазбалары (V-VIII ғасыр), ерте ортағасырлық «Құтадғу білік» (XI ғасыр), кейінгі ортағасырлық «Мұхаббатнама» (XIV ғасыр) тәрізді әдеби жәдігерліктері, ерте кездердегі жазба әдеби тіл мен халық тілінің өзара байланысын көрсететін М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрік» (XI ғасыр), [«Кодекс Куманикус»](#) (XIII ғасыр), т.б. сияқты жазба мұраларымыз бар. Жасыратыны жоқ, кеңес дәуірінде түркітілдес ұлттардың мүддесі табанға тапталып келгені ақиқат. Кеңес Одағы ыдырап, түркі мемлекеттері жеке-жеке шаңырақ көтеруіне орай терминологиялық жұмыстарға қатысты да елеулі өзгерістер орын алды. Әсіресе егенмендігімізді алғаннан кейін жазба ескерткіштер тіліндегі көне түркілік лексика мен араб-парсы тілдік қабаттары отандық түрколог ғалымдарының тарапынан тереңірек зерттеле түсті. Олардың қазіргі тілімізде қолдану тенденциясы да қарастырылды. Бұл зерттеулер түркі дүниесі үшін ортақ терминдер жүйесін жасауда таптырмас құнды материалдар болып табылады. Осы ретте айта кететін жайт, 1924 жылдың маусым айында Орынборда өткен қазақ ғылыми қызметкерлерінің тұңғыш съезінде Елдес Омарұлы «Қазақша пән сөздері» деген тақырыпта баяндама жасап, соның негізінде терминологияны дамыту қағидаттары бекітілді. Съезд бекіткен қағидаттардың екіншісі «Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер басқа түркі халықтарынан ізделсін; басқа түркілер тіліндегі пән сөздер – жалпы түркі сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса – ондай сөздер жатырқамай алынсын» деп белгіленді. Өз тіліміздің негізінде термин түзу мүмкіндігі болмай жатса, туыс түркі тілдерінен сөз қабылдау қажеттігін Алаш зиялылары түгел қолдады. Бір ғасырдай бұрын Алаш ардақтыларының көтерген бастамалары қайта қолға алынды. **Қазақ, түрік, қырғыз, өзбек, әзербайжан ғалымдары Астанада бас қосып, түркітілдес елдердің терминологиясына қатысты біраз мәселе көтерді. Жиынның басты**

мақсаты – түркітілдес халықтардың ғылым, білім саласындағы байланысын арттыру, өзара термин алмасу үдерісін нығайтып, дұрыс жолға қою және салалық, әсіресе ақпараттық ғылым саласындағы ортақ терминдер қорын қалыптастыру болатын.

Қазіргі тілімізде түркі тілдеріне ортақ көптеген көне сөздер қолданыстан шығып жатса, ал кейбір сөздер заман талабына сай ғылым мен техниканың дамуына байланысты жаңаша атауға ие болып жатыр. Тіпті қазіргі қазақ тілінің терминологиясында көптеген көнерген сөздер жаңаша мағына үстеп, терминдер қатарынан табылуда. Мысалы, түркі жазба ескерткіштер тіліндегі билік, атақ-лауазым саласындағы атаулар *ел, хан, патша, маслихат, кеңес, мәжіліс, әкім, бұйрық, астана, сарай, құрылтай, жарлық, сарбаз, майдан, орда, жасақшы, төреші*, т.б. қазіргі мемлекеттік басқару аппараттарында жаңаша сипат алып, қолданыс тапқан. Көне түркі тіліндегі *орду* сөзі Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат-ат-түрік» сөздігінде тек елді мекен атауы сипатында кездессе, енді ел билеуші орналасқан мекенжай деген мағынаны білдіретін термин статусында кең қолданыла бастады. Сол сияқты көне түркі дәуірінен бері өзіндік лексикалық мағынасын сақтап келген *ел* сөзі де қазіргі мемлекеттік құрылыс терминологиясында үздіксіз қолданылып келе жатқан саяси термин.

Осылайша төл сөздерімізге қайта оралып, оларды екшеп, қажетімізге жаратсақ, шет тілдеріне шектен көп жүгіну әдетінен арыламыз. Көнерген сөздердің кейбіреулері жаңа мағына алып, сөздік құрамдағы актив сөздердің үйіріне қайта қосылуы мүмкін. Академик Ө.Айтбай айтып өткендей: «Жалпы, термин пайда болу үшін сол терминге негіз боларлық оқиға қажет. Оқиға, құбылыс болмаса, оны атаудың да қажеттігі болмас еді. Сондықтан біз үнемі қабылдағыш, алғыш бола бермей, өзіміз де жасағыш, ат бергіш санатына өтуіміз керек». Ендеше, еуропа тілінен тікелей және жанама еніп жатқан сөздерді орайы келсе, көне (немесе түркі халықтарына ортақ) сөздермен терминдендірсек, бірқатар артықшылықтарға қол жеткізер едік:

біріншіден, қазақ тілінің сөздік қоры төл сөздерімен толығыады;

екіншіден, түркі тілдеріне ертеден әр дәуірде енген араб-парсы сөздерінің басым көпшілігі бүгінгі таңда түрлі салаларда кең қолданылады. Бұл – ортақ түркі тілі терминологиясын қалаптыстыруға негіз бола алады;

үшіншіден, түркі халықтарына ортақ көне сөздерді латын графикасымен орфографиялауда қиындықтар туғызбайды.

Қорытындылай келгенде, қазақ жазуын латын графикасына көшіру – тәуелсіздігіміздің, ұлттық жаңғыруымыздың белгісі болса, онда жаңа әліпбиде қазақтың ұлттық бет-бейнесін көрсететін дыбыстық әліпби болуы тиіс. Бұл өз кезегінде шеттен енген кірмелерді тілімізге игеруге, бейімдеуге жол ашады.

3.3 ЖАҢА ӘЛІПБИГЕ КӨШУДЕГІ МАҚСАТ - ТӨЛ ТІЛІМІЗДІҢ ИММУНИТЕТІН КӨТЕРУ

Мемлекеттік тіліміздің қолдану кеңістігі барған сайын ұлғайып, қоғамдық қарым-қатынас тіліне айналып келеді. Елбасымыздың «Қазақ тілінің мемлекеттік қызметте де, өндірісте де, ғылымда да, білім беруде де дәл орыс тілінше қолданылуы үшін бәрін істеу қажет» – деп айтқан пікірі барша қазақ елінің нақты мақсаты болуға тиіс. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып қабылданғанына көп уақыт өтсе де, жұртшылық жүз пайыз қазақша сөйлеп кете қойған жоқ. Осыдан кейін, ақпарат беттерінде « әлемде әр екі апта сайын бір тіл жойылып кетеді екен. Қазақ тілінде жоғалтып аламыз-ау,» – деп күдіктенген тіл жанашырлары арасында қызу тартыстар әлі күнге дейін жүріп келеді.

Өкінішке орай, біздің елде тілдік иммунитет әлі де төменгі деңгейде. Ширек ғасырда біртүрлі ұлт қалыптастыра алмағанымыздың белгісі осы күні анық байқалып жатыр. Ендігі кезекте латын әліпбиіне ауысу арқылы ұлттық тілдің мәртебесін көтеруге білек сыбана кірісу керек деген ұрандармен басталатын мақалалар мен сұхбаттар көңілге жылылық ұялатады. Ал тілші-ғалымдар ұлттық тіл иммунитетін көтеру мақсатында тіл тазалығын, тілдің шынайы таза болмысында сөйлеу, жазу нормаларын қайта қалыптастыру жұмысына да кірісіп кетті. Демек, әліпби ауыстыру өзгерісі – бұл ұлт болашағына жасалып жатқан игі бастама.

Мемлекеттік тілді өз тұғырына қондыру жұмыстарын қарқынды жүргізу үшін әліпби ауыстыруға шешім қабылдадық. Алдағы уақытта ұлттық тілдің құндылығы толыққанды сақталуы үшін лингвист-ғалымдар қандай жұмыстар атқаратыны туралы сұхбаттары осы тараушада ұсынылып отыр.

«Караван» газеті

22 май 2017 г.

<https://www.caravan.kz>

ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЦУ: КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ И БЕЗОПАСНОСТЬ СТРАНЫ

Быть или не быть? В отношении перехода казахского языка на латиницу ответ на извечный вопрос уже дан.

В экспертных кругах продолжается обсуждение темы максимально эффективного перехода, варианты будущего алфавита на латинской графике. Но уже сегодня совершенно очевидно: грядущая реформа позволит Казахстану занять достойное место в мировом информационном пространстве, повысит конкурентоспособность страны и усилит ее безопасность.

Заведующая отделом Культура речи Института языкознания им. А. Байтурсынова, к. ф. н. Назира Амиржанова уверена: переход на

латиницу – это возможность для казахского языка восстановить иммунитетные механизмы.

Ученые-лингвисты института уже выпустили несколько коллективных монографий, посвященных переходу на латиницу, изучили опыт тюркских стран, собственные ресурсы и возможности, риски. Имеющийся багаж знаний эксперты намерены использовать в предстоящей реформе казахского алфавита.

– Когда мы перешли на кириллицу под давлением советского режима, был уничтожен механизм “переделывания” слов. До перехода на кириллицу (1929–1940 годы) этот механизм хорошо работал. Например, все интернациональные термины писались на казахский лад: практика – praktijke, техника – teqniijke, трактор – тырақты, агент – әгент.

В 30-е годы прошлого века были такие правила для заимствованных слов: они не должны выходить за границы определенных звуков, свойственных заимствующему языку; в заимствуемых словах могут быть лишь те сочетания и чередования звуков, которые свойственны заимствующему языку (например, слово не должно начинаться согласным дифтонгом); заимствуемое слово должно укладываться в правило сингармонии.

Общеупотребительные мировые термины принимались с соответствующими природе казахского языка изменениями в части звуков, суффиксов, окончаний: Оренбург – Орынбор, Самара – Самар, пуховой – бөкебай, покров – боқырау.

Когда же мы перешли на кириллицу, механизм артикуляционной обработки чужих слов на казахский лад разрушился. На основе кириллической графики в алфавит вошли буквы ф, ц, ч, ь, ы и т. д., – говорит эксперт.

Заместитель директора Института языкознания им. А. Байтурсынова, к. ф. н. Анар Фазылжанова продолжает тему:

– Некоторые графемы старого казахского алфавита на латинице до сих пор сохранились в сознании нашего народа! Это показал эксперимент, проведенный нашим институтом в 2013–2015 годах с участием 250 человек. Участники писали, читали, переводили с кириллицы на латиницу.

Выяснилось, что буква Q, которая использовалась с 1929 по 1940-е годы, и ныне пользуется авторитетом среди взрослого населения и молодежи, поддерживающих эту букву для обозначения буквы К.

В глобальном мире латиница ассоциируется с такими концептами, как качество, и уже не связана только с католическими и христианскими основами – латиница становится письмом глобальным. Даже в Китае латинская графика используется в экономическом секторе.

Переход на латиницу не означает полного отказа от кириллицы, которая является мощной графической системой. Но в рамках кириллицы все заимствованные иноязычные слова в казахском языке пишутся по русской орфографии и произносятся по русской орфоэпии. Ни в одном витальном языке такого принципа нет!

Любая лингвистическая реформа воспринимается тяжело с психологической точки зрения, поскольку в нашем мозгу хранятся образы слов-картинок. И противники реформы пугают нас грядущим психологическим дискомфортом. Но Турция безболезненно перешла с арабицы на латиницу, а ведь это совершенно разные образы и картины, не имеющие ничего общего! В то время как у казахских слов на кириллице и латинице много схожего, ведь это гомогенные алфавиты, происшедшие от одного типа графического письма.

Население также пугают тем, что мы не сможем перевести наше культурное наследие на латиницу. Сейчас время информационных технологий, благодаря компьютеризации в Казахстане многие электронные базы библиотек досоветского, советского и периода независимости уже оцифрованы. Перекодировка на латиницу – дело программистов, целую базу текстов можно перевести за доли секунды.

Преподаватель высшей категории, репетитор казахского языка Толеу Аймаганбетова уверена: в эпоху глобализации переход на латиницу – необходимая мера для вхождения в мировое информационное пространство.

– Кто учил казахский язык, тот знает о сложности структуры казахского слова. Возьмем слово қызықтырды ("заинтересовал"). Русскоязычный человек при произнесении этого слова привычки русского произношения переносит на казахский язык. Он начинает произносить все четыре Ы в этом слове и, естественно, выходит на акцент. Слово в таком "исполнении" звучит нелепо, непонятно.

В лингвистике есть понятие "элизия", когда при устной речи выпадают отдельные звуки, а то и целые слоги. Это характерно и для казахского языка. Помимо этого, в казахском языке есть явление ассимиляции, когда соседствующие внутри слова или на стыке слов звуки, взаимно влияя, полностью меняют звуковой образ слова. Согласно этим закономерностям, слово қызықтырды при произношении звучит как қзқтрды. Выпало три звука "ы", а последний сохранился лишь потому, что казахское ударение стабильное и падает только на последний слог.

В текстах, напечатанных кириллицей, избыточны звуки, слоги, которые не произносятся вслух, то есть выпадают. Поэтому приходится прибегать к транскрипции. Если же имеющиеся в казахском языке 28 звуков обозначить 28 графическими знаками латиницы, мы облегчим участь желающих освоить язык. Звуки ы, і, а, е, подпадающие под элизию в кириллическом тексте, на латинице не получают графического изображения, тем самым освободив людей от акцента. А человек, уверенный в том, что говорит правильно, без акцента, и язык освоит быстрее.

В свою очередь **директор Института современных исследований при ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, к. ф. н. Мухит – Ардагер Сыдыкназаров** является сторонником возврата к чистой латинице, то есть изначальным 26 графемам (буквам) без диакритических – надстрочных и подстрочных – знаков.

– Если переходят на какую-либо графику, то необходимо это делать чисто. Во всех смыслах. Иначе есть опасность, что казахи перейдут от квазикириллицы к квазилатинице. Казахский алфавит именно таковым и является – это не кириллица в чистом виде, это некая квази-мутировавшая кириллица, с непонятными, не всегда эстетичными значками. Латиница должна оставаться латиницей. Кириллица – кириллицей. Не надо повторять ошибок прошлого и других народов. Иначе смысла в реформе нет, – уверен эксперт.

Специалист напоминает: все без исключения алфавиты республик бывшего СССР, которые перевели на кириллицу (тюркоязычных народов, таджиков, фактически оторванных от своей авто-хтонной фарсоязычной культурной, литературной традиции и др.), плюс алфавит Монголии были созданы по одному алгоритму. Минимум графем, равный количеству букв в русском алфавите + национальные специфические графемы (математически: $33 + X =$ национальный алфавит, где $X =$ количество специфических букв для национальных алфавитов).

– То есть изначально предполагалась доминирование фонетической системы русского языка в языках, совершенно иных по грамматике, синтаксису и т. д. Ни в одном из национальных алфавитов вы не встретите букв меньше, чем в русском! Налицо момент искусственности. Заметьте, что те народы, чьи алфавиты так и остались при своей исторической письменности (грузины, армяне, латыши, литовцы, эстонцы), гораздо меньше подверглись русификации, – отмечает Сыдыкназаров.

Решит переход на латинскую графику и многие другие проблемы, говорит директор Института современных исследований. 42 буквы современного казахского алфавита не уместятся на основной буквенно-цифровой части клавиатуры. С этим связаны трудности набора текстов на казахском языке, когда пользователям становится недоступен верхний цифровой регистр и знаки препинания.

– Более того, ошибочное и недальновидное закрытие всего верхнего буквенно-цифрового регистра на клавиатуре девятью специфическими казахскими буквами тормозит развитие математических способностей у учащихся казахских школ. Без перехода на другие языки “исчезают” основные математические знаки и символы – “равно”, “минус”, “плюс”, занятые казахскими буквами Θ и H . И в итоге для пишущих на казахском языке набор компьютерного текста на кириллице становится графической энтропией – потерей времени и энергии, – констатирует Мухит-Ардагер Сыдыкназаров.

А самое главное – эта ситуация мешает развитию казахского языка.

– Загляните в соцсети, чаты, где общаются казахстанцы: свободно владеющие казахским языком пользователи для быстроты и удобства пишут на кириллице, не прибегая к казахской раскладке, так как это отнимает время. На операционной системе iOS, на которой работают планшеты iPad, писать на казахском пока вообще невозможно. Поэтому, набирая тексты, люди уже прибегают к латинице, – говорит специалист.

Главе Института современных исследований понятны тревоги, связанные с переходом на латиницу.

– Казахстанская смыслопроизводящая корпорация – писатели, поэты, философы – опасается, что с реформой письма их творения не найдут своего места в новой письменной культуре, что их книги будут преданы историческому забвению, не будут транслитерированы. Но нужно помнить, что рукописи не горят и – мы бы добавили – не исчезают при переходе на другую графику. Если это ценное достояние, потомки рано или поздно обратятся к нему, – уверен Мухит-Ардагер Сыдыкназаров.

При этом, по мнению спикера, наибольшее сопротивление при реформировании казахского речестроя, как и любого другого языка, будет встречать ее наиболее “ортодоксальная часть” – орфография.

– У них даже корень один orthos – прямой, правильный, застывший. Число букв в казахской кириллице – 42, число основных звуков – 29, основных правил правописания – 54. После перехода на латиницу алфавит будет состоять примерно из 26–30 букв, соответственно оптимизируются и правила правописания, – говорит эксперт.

Материалы по теме

Aa Aa	Bb Bb	Vv Bb	Gg Gg	Ġġ Gg	Dd Dd	Ee Ee
Jeje Cc	Žž Xx	Zz Zz	Yy Yy	Ii Ii	Ÿÿ Tt	Jj Jj
Kk Kk	Ll Ll	Mm Mm	Nn Nn	Oo Oo	Pp Pp	Rr Rr
Ss Cc	Tt Tt	Uu Yy	Ff ФФ	Hh Xx	Cc Цц	Čč Чч
Šš Шш	Šč šč Шш	‘, ’ ‘, ’	Juju Юю	Ja ja Яя		

Опубликован проект латинского алфавита для украинского языка

В целом, резюмирует Сыдыкназаров, переход казахского алфавита на латиницу может укрепить позиции национального языка, языковую аутентичность, конкурентоспособность и безопасность информационного пространства.

– А следовательно, это укрепит позиции государства. В случае же неуспеха реформа приведет к деквалификации части населения, которая не идентифицировала себя с новой графикой, и далее – со всеми вытекающими последствиями, – сказал наш собеседник, предпочитающий всё же оптимистичный сценарий.

Ну а на вопрос о неизбежных колоссальных тратах из бюджета на реформу, а значит, наших с вами денег, Мухит-Ардагер Сыдыкназаров ответил так:

– Такой грандиозный [национально-идеологический проект](#) – дорогостоящее мероприятие. Но вы видели где-нибудь, чтобы инвестиции в национальную и страновую конкурентоспособность давались дешево?..

Анар Фазылжанова

филология ғылымдарының кандидаты,
Тіл білімі институты директорының орынбасары

СОХРАНИТЬ САМОБЫТНОСТЬ ЯЗЫКА

Единый стандарт казахского алфавита в новой графике ученым необходимо принять до конца нынешнего года. Заместитель директора Института языкознания имени Ахмета Байтурсынова Анар Фазылжанова поделилась своим мнением о том, почему смена алфавита важна для казахского языка и как новый алфавит повлияет на его развитие.

– Почему, на ваш взгляд, именно сейчас так актуален вопрос перехода на латиницу?

– На самом деле вопрос о смене алфавита поднимается не в первый раз. Еще в 2006 году Президент Казахстана в очередном своем выступлении коснулся вопроса перевода казахского алфавита на латиницу. Глава государства дал задание изучить опыт Узбекистана, Турции и Азербайджана, которые уже перешли на латиницу, взвесив все плюсы и минусы. На основании его поручения была организована научно-исследовательская экспедиция в эти страны. В 2007 году по результатам экспедиции мы четко определили, какой фактор там больше доминировал – политический, экономический, социально-культурный. В то же время в лингвистическом плане был изучен их опыт перехода, насколько объективно отражал их алфавит национальную специфику языка, приемлем ли он в новых информационных технологиях.

У нас эту проблему первыми затронули лингвисты, а именно академик, ученый-языковед Абдуали Кайдаров. Свои основные научные исследования он посвятил вопросам диалектологии, грамматики, лексики, фразеологии, а также общей тюркологии. В 90 годы, когда другие постсоветские тюркоязычные государства тоже поднимали этот вопрос, он написал письмо Нурсултану Назарбаеву о рассмотрении перехода казахского языка на латиницу. Тогда Глава государства распорядился повременить с реформами и сделал акцент на неспешном изучении этого вопроса, сейчас мы считаем – это было очень продуманным решением. Потому что ситуация в Казахстане складывалась неоднозначно и была не сравнима с языковой ситуацией в странах, которые в то время реформировали свое письмо, а потому этот вопрос в любой момент мог стать игрушкой в руках политиканов. Президент не торопился с решением, и это было очень правильно, сейчас через призму многих лет мы это

понимаем и очень ценим. В 2012 году в своем стратегическом Послании «Казахстан-2050» Глава государства обозначил временной период подготовки к этой реформе, потому что понимал всю ее важность.

В своей программной статье «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Президент дал поручение уже конкретно начать подготовку к переходу на латиницу, в следствии того что опыт других тюркоязычных государств достаточно изучен. На мой взгляд, любой чужой опыт для нас полезен, но в то же время не надо сильно его преувеличивать. В данной ситуации надо более тщательно изучать собственные ресурсы и возможности, угрозы и риски. В связи с этим Институт языкознания разрабатывает комплексный проект научно-исследовательской программы по изучению научных основ по переводу казахского письма на новый алфавит на основе латинской графики.

– **Однако любая реформа будет успешной только в том случае, если ее поддержит общество.**

– Безусловно. В данном случае речь больше идет о казахоязычном этносе, потому что реформирование письма касается в основном казахов. И доминирующим, кому предстоит принимать решение по этому вопросу, будет казахский этнос. Ровно так же как и реформирование русского языка – вопрос чисто русского этноса, и никто другой не может в него вмешиваться. Языковой вопрос нельзя политизировать, на самом деле сейчас назрела необходимость перехода казахского языка на латиницу, и сегодняшняя молодежь воспринимает латиницу нормально. В гаджетах, интернет-переписке молодым людям удобнее использовать буквы, которые у них на клавиатуре, нежели переходить на другой незнакомый шрифт, а латиница всем известна.

Кроме того, в силу глобальных обстоятельств латинские буквы распознаваемы во всем мире. Они стали ассоциироваться с экономической интеграцией, качеством, потому что все мировые бренды пишут свои названия латинскими буквами. Латиница сегодня ассоциируется с инновациями, новыми технологиями. И молодежь воспринимает латиницу как нечто современное, свое, родное, скажем. Поэтому именно сейчас Президент дал поручение перейти на латиницу, он чувствует, что настало время. Реформирование казахского письма на базе латиницы не имеет никакой политической подоплеки. Лингвисты считают нагромождение, ведь в казахском языке всего лишь 28 исконно казахских звуков и три буквы мы берем для обозначения заимствования. В общей сложности выходит 31 базовый основной звук, но не все 42, потому что есть такие буквы, без которых абсолютно можно обойтись. При этом нельзя говорить, что это балласт, потому что иногда все-таки используем их для обозначения слов.

– Каких именно слов?

– Заимствованных. Вообще слово «заимствованное» предполагает иностранное слово, адаптированное к языку донора. То есть какое-то чужеродное слово внедряется в наш родной язык и переделывается. Вот три неотъемлемых качества заимствованного слова: во-первых, оно чужеродное,

во-вторых – адаптированное, в третьих – переделанное. Вот этого третьего компонента переделанности в казахском языке нет, потому что за время тоталитарного режима советского периода, который охватил не только нашу материальную жизнь, но и внес большое влияние в развитие нашей духовности, был принят закон писать все заимствованные слова, преломленными через русский язык и орфографию. Строго запрещалось переделывать иноязычное слово. А ввиду того, что единственным источником всех нововведений в казахский язык был русский язык, все, что происходит в мире, мы называли через русский язык. Поэтому нам приходилось писать и мягкий знак, который чужд нашей звуковой системе, и твердый знак, и букву «ё», без которой можно и обойтись, букву «я» и много других лишних букв.

Получается, что все заимствованные слова в казахский язык писались по русской орфографии. На самом деле это была как бы калька. До революции у нас русские заимствованные слова писались и произносились по-казахски. Это говорит о том, что русский и казахский народы давно контактируют друг с другом, причем очень успешно. В казахском языке много русских слов, адаптированных на наш язык, и в русском языке не меньше тюркских знаков, адаптированных на русский язык, которые произносятся и пишутся по-русски. Такие языковые контакты свидетельствуют о мирном взаимодействии, культурном взаимообогащении, и мы это оцениваем очень положительно. Однако тот период очень болезненно отразился на казахском языке. Например, ребенок идет в первый класс и выучивает 42 буквы, среди которых больше десяти не касаются его языка, но существуют для того, чтобы писать русские слова. Все слова с европейских языков приходят к нам, преломляясь через русскую орфографию. Если мы перейдем на латиницу, то многие слова сможем брать с оригинала и сразу адаптировать их к артикуляции казахского произношения. Тем самым мы сохраним самобытность языка и его звуковой строй. Сегодня учащийся казахской школы должен одновременно знать более 50 правил русской и казахской орфографии. Представляете, какая нагрузка на него ложится?! Есть целый пласт лексики, заимствованной из русского языка без переделывания, то есть эти слова пишутся по правилам русской орфографии и произносятся на русский лад. Как известно, в других языках этого нет, и, чтобы восстановить этот иммунитетный механизм, как мы его называем, очень важно сейчас перейти на какой-нибудь другой алфавит, который не имеет в себе этих отрицательных стереотипов. И здесь как нельзя лучше подходит латиница. Тем более что молодежь все больше в интернет-пространстве, в сотовых телефонах использует латинский алфавит для передачи текстовых сообщений на казахском языке. Это обнадеживает, дает большую вероятность, что переход будет не столь болезненным.

Серьезного влияния смена алфавита тем более не окажет на учащихся младших классов, потому что ребенку, который еще не овладел полностью навыками письма, будет не сложно выучить новый алфавит. Сложности возникают только тогда, когда в сознании человека уже утвердился другой

алфавит. Ему приходится забывать старые навыки письма и учиться писать по-новому, и старшему поколению будет тяжело, оно привыкло воспринимать слова в образе кириллицы. Поэтому на какое-то время наряду с внедрением латиницы параллельно оставят и кириллицу.

Между тем мы пытались реформировать действующий алфавит. Можно было бы обойтись без латиницы, прореформировав кириллицу. Однако, что интересно, кириллица ассоциируется у казахов за эти 70 лет с таким отрицательным стереотипом, как все писать по-русски, настолько в нас засело правило писать все на кириллице. Привожу доводы лингвистов, почему нам нужно перейти на латиницу, по их аргументам, это чисто языковая проблема. То есть нами движет мотив – мы должны сохранить специфику своего языка и на письме, и в произношении. Поэтому необходимо найти такой вариант, который не запятнан никакими стереотипами, по которому можно будет постепенно адаптировать иноязычные слова по правилам казахской орфографии. Но есть и другие веские доводы, например то, что латиница – это графика глобального мира, это поможет нам интегрироваться в мировое экономическое пространство, можно прильнуть к достижениям новых технологий и так далее. Я понимаю, что латиница – очень мощное средство, однако, просто сменив алфавит, считать, что ты войдешь в глобальный мир, тоже немножко смешно. Поэтому совместно с внедрением латиницы в комплексе нам надо развивать инфраструктуру и кадры, только тогда это станет мощным прорывом и интеграция будет успешной.

Интервью Виктории Избицкой

*Газета «Казахстанская правда»
4 октября 2017 г.
www.kazpravda.kz*

Ерден Кажыбек

доктор филологических наук, профессор
Тіл білімі институтының директоры

КВИНТЭССЕНЦИЯ ЯЗЫКОВОЙ РЕФОРМЫ

Сегодня тезис «Будущее Казахстана в казахском языке» гармонично трансформировался из сугубо этнических параметров в общенациональную, общегосударственную и общегражданскую инициативу.

Как руководитель рабочей группы по переходу на латинский алфавит Национальной комиссии по модернизации общественного сознания при Президенте РК и профессиональный ученый-лингвист, я бы хотел начать с одного, на мой взгляд, очень важного наблюдения. Многие мои коллеги, представители интеллигенции и более того – самые широкие слои

общественности – все разделяют историю суверенного Казахстана на два этапа. Первый – до 12 апреля 2017 года, второй – после. Именно с 12 апреля 2017 года наша страна начала отсчет своей биографии по стандартам самых высокоразвитых государств мира. Если коротко резюмировать это качественно новое состояние, то более всего подходит емкая фраза – приоритет нравственности. С этого момента главной доминантой национальной политики и государственно-важной задачей всего гражданского общества становятся духовное очищение, духовное возрождение и духовное совершенствование. Не финансово-хозяйственная составляющая, карьерный рост, материальные блага, а незыблемые общечеловеческие ценности – честь и достоинство, интеллект и милосердие, разум и сострадание. Этот факт является неопровержимым свидетельством выверенности курса Главы государства Нурсултана Назарбаева, благодаря которому мы достигли такого этапа в своем развитии. В свою очередь это символизирует возврат к национальному кредо, лаконично выраженному в крылатом выражении «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» – «Жертвуем имуществом ради жизни и жертвуем жизнью ради чести».

Реализовав свою программу «Сначала – экономика, потом – политика», Президент поставил перед нами новые, продиктованные велением времени задачи. Речь идет о конкурентоспособности, прагматичности, национальной идентичности, высоком образовании, эволюционности и восприимчивости ко всему новому. И язык, следует это особо подчеркнуть, является базой, основой, фундаментом, содержанием и формой всех этих важнейших процессов одновременно. Именно поэтому необходимо констатировать, что нынешняя языковая реформа – это существенный компонент всех направлений духовной модернизации. Современная реформа языка – это также реформа и важный стимул возрождения духовности, стратегически важное начинание. Это наглядное свидетельство того, что тезис «Будущее Казахстана – в казахском языке» гармонично трансформировался из сугубо этнических параметров в общенациональную, общегосударственную и общегражданскую инициативу. Это и убедительное подтверждение тому, что мы находимся на верном пути по включению Казахстана в когорту 30 самых развитых государств мира. Скажем словами Главы государства – это «взгляд в будущее» и «модернизация общественного сознания». В полном соответствии с поручением Президента, данный важный вопрос прорабатывался и обсуждался рабочей группой с самыми широкими слоями населения. Из самых отдаленных уголков страны, из-за рубежа, от народных избранников и госслужащих, ученых и пенсионеров, молодежи и соотечественников шел неиссякаемый поток писем и предложений, конкретных проектов и просто слов напутствия и поддержки. Согласованность решений – важное подспорье. Мы провели большое количество мероприятий разного уровня. В более чем 20 научно-практических и научно-методических форумах приняло участие более 2,5

тыс. ученых и общественных деятелей. Этот вопрос обсуждался и нашел поддержку на международном уровне в рамках тюркологического курултая в Стамбуле в июле текущего года. Только в СМИ опубликовано около 2 тыс. статей и обзоров, в социальных сетях – более 1 800 содержательных публикаций.

Поступающие проекты были сгруппированы по тематикам: «Интернет и IT», «Тюркоориентированные», «Филологические», «Европейско-англизированные», UNICODE, «Кириллические», «Составные», «Самодеятельность». Примечателен тот факт, что подавляющее большинство казахстанцев сегодня не просто поддерживает начинание – они желают этого всей душой, от чистого сердца и готовы внести свою посильную лепту в это благородное дело. Хотелось бы отметить известного ученого, профессора, нашего соотечественника, гражданина Китая Мурата Султаншарипулы, видного алтаиста и тюрколога, гражданина России, москвича Эрколи Азербайева, депутата Азата Перуашева, президента Национальной академии наук, академика Мурата Журинова, ученых из ЕС и США, Турции и Кореи, активность наших граждан из регионов страны – все они продолжают присылать нам свои предложения. Надо особо сказать и о международной конференции «Тамыры терең әліпби» с участием профессоров из Висконсинского университета США, Стамбульского университета Турции, ученых из стран Центральной Азии. В работе форума приняли участие представители из 14 областей и двух городов – Алматы и Астаны, ответственные за языковую политику, представители СМИ, языковеды-филологи. Материалы форума вышли объемным сборником.

И это неудивительно, ибо язык – это и есть основополагающий национальный код, русло духовного возрождения, душа народа, лицо государства. Наш государственный язык – не только и не столько средство общения, сколько наше самое сокровенное и бесценное достояние, пронесенное сквозь века, наша гордость и культурное наследие, прошлое и настоящее, и, как сказал Глава государства, наше общее будущее.

Сыновний и гражданский долг каждого – создать для государственного языка все условия для его полноценного развития, убрав с его пути препятствия, если таковые имеются. Главная причина смены алфавита кроется прежде всего в потребностях самого языка. Неправоммерно искать в этом вопросе политическую подоплеку. Состав букв алфавита в подавляющем большинстве языков мира, как правило, намного меньше по сравнению с общим количеством звуков. Только у нас до настоящего времени все было буквально наоборот – существовала масса знаков для несуществующих в родном языке звуков.

В мире принято писать грамотно, без ошибок. И только у нас до настоящего времени орфографическая безграмотность или, если сформулировать по-другому, мягче – тотальное несоблюдение орфографических правил, – превратились в негативную и привычную общепринятую практику.

Для изменения ситуации важно внимательно изучить опыт Ахмета Байтурсынова и его научной школы. Именно поэтому следует особо отметить специально проведенную нами республиканскую конференцию по изучению его наследия. Здесь следует особо подчеркнуть, что такой же подход необходим ко всей нашей национальной гуманитарной сфере, не только к языкознанию. И литература, и история, и искусство нуждаются в возрождении с учетом новых требований времени и тех задач, которые поставил перед обществом Глава государства. В этом заключается еще одна важная историческая миссия программной статьи Президента «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» – в заполнении существующих лакун.

Замечу, что нами был тщательно проанализирован и использован опыт тюркоязычных стран и государств ЕС, были учтены как позитивные моменты, так и факты критического порядка.

Начиная со следующего месяца, национальная комиссия переходит к фазе реализации широкого комплекса разъяснительных работ, проведению семинаров и тренингов, совещаний различного типа во всех регионах республики. Главное, что необходимо отметить: принято правильное решение в этом архиважном вопросе – действовать системно, комплексно, поэтапно, планомерно, не допуская спешки и кампанейщины, строго соответствуя согласованному графику. И еще один значимый факт. Суть реформы казахской письменности не ограничивается сменой алфавита. Этот процесс – только верхушка айсберга, начало большого объема работы, предпосылка к реализации задач, поставленных Президентом.

Как четко обозначил хронологические рамки Глава государства, в ближайшие два года будет проводиться необходимая организационная и методическая работа. Крайне важно будет завершить в этот период времени обоснование фонетико-фонологических основ использования нового алфавита, свода новых орфографических правил, разработки и принятия норм функционирования терминологического и ономастического фондов, архаической, книжной и других разделов лексики. Необходимо подготовить разнообразные учебники и учебные пособия, методики и инструкции для учителей и преподавателей, развернуть сеть сертифицированных координационно-информационных курсов повышения квалификации, обеспечить дошкольное, школьное и вузовское образование учебно-методической литературой, научные организации – методикой внедрения.

Важно определить и отработать механизмы обеспечения жизнестойкости и перспективности процессов развития государственного языка – выделить, классифицировать и практиковать вопросы повышения эффективности государственной языковой политики. Необходимо стимулировать процессы создания комплексов по автоматической перекодировке текстов из кириллицы на латиницу и обратно, а также на другие алфавиты, включая разработку и внедрение широкого ряда мобильных и интернет-приложений, IT ноу-хау в данной сфере. Нужно решить вопросы по разработке, экспертированию, утверждению и

тиражированию одноязычных, двуязычных и многоязычных словарей массового спроса и т. д. Также важно постоянно иметь в виду следующее обстоятельство. Переход казахской письменности на новый алфавит – это судьбоносное решение, насущная потребность. Нужно помнить и о том, что на протяжении многовековой истории казахского народа Казахстан впервые принимает такое решение, причем абсолютно добровольное и независимое.

В своей программной статье Нурсултан Назарбаев указывает, что наши предки имели самобытную древнетюркскую орхоно-енисейскую руническую письменность. На арабский алфавит, как и на кириллицу, мы переходили не по своей воле. И переход на латинский алфавит в свое время был продиктован решением советской власти. В СССР из 72 языков, имевших собственную письменность, для 66 был создан латинский алфавит; и в итоге 50 из них были переведены на латиницу. Турки перешли позже, чтобы не оторваться от своих среднеазиатских и кавказских собратьев, с которыми они привыкли быть ранее в едином арабографическом культурном пространстве. Именно это обстоятельство объясняет письменно зафиксированные слова видных казахских деятелей 20–30-х годов о том, что переход тюркских народов на латинский алфавит не был продиктован их собственным желанием, но был вердиктом политического центра.

«История изменения алфавита казахского языка определялась в основном конкретными политическими причинами», – эти слова Лидера нации как нельзя лучше отражают суть исторической реальности прошлых лет.

Таким образом, хочу еще раз повторить важный тезис о том, что, благодаря решению Главы государства и воле казахского народа, мы впервые в своей многовековой истории самостоятельно и независимо от внешних обстоятельств и влияний приняли решение о необходимости проведения реформы национальной письменности государственного языка Республики Казахстан.

Казахстан не торопился с принятием такого решения. На протяжении более четверти века Президент страны неоднократно давал задание внимательно изучить данный вопрос, взвесить все за и против, обсудить его с широкой общественностью, учесть международный опыт. Подчеркнем, что историческое решение Президента полностью совпало с мнением народа. И продиктовано оно было в первую очередь перспективами модернизации общественного сознания, стратегией возрождения культуры и национального духа, устремленностью Казахстана в будущее, вопросами развития и функционирования государственного языка.

Полноценное присутствие государственного языка во всех сферах общественной жизни страны необходимо прежде всего и для достижения установленной Президентом страны планки – войти в тридцатку высокоразвитых государств мира.

Резюмируя, хотелось бы закончить словами Нурсултана Назарбаева о том, что «переход казахского алфавита на латинскую графику – не прихоть,

а веяние времени». Именно эта дефиниция и есть квинтэссенция языковой реформы в нашем государстве.

*Жетісу телеарнасы,
Болмыс ток-шоуы
«Тіл сақшысы» бағдарламасы
20 қыркүйек 2017 жыл
<https://youtu.be/v7nlrL-51Fo>*

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ КЕРЕК ПЕ ӘЛДЕ ЖОҚ ПА?

Меруерт Мұратқызы: Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында латын әліпбиіне көшудің мәні мен маңызын егжей-тегжейлі нақтылап берді: «Латын жазуына көшудің терең қисыны бар. Олар қазіргі технологиялық ортаның, қазіргі дүниежүзіндегі коммуникацияның, ХХІ ғасырдағы ғылым мен білімнің ерекшеліктері» деген болатын. Латынға көшуге қатысты қандай жұмыстар жасалып жатыр?

Назира Әміржанова: Институт, бұл жөнінде жұмыс істеп жатыр. Қазір бұл жоғары жақта, Парламентке, жолданып, әліпби ұсынылып жатыр. Халық талқысынан өтіп, әбден бекітілгеннен кейін нақты жарияланып, мынау біздің жобамыз, мынау біздің емлеміз, осылай жазасындар, кірме сөзді былай таңдайсындар деген сияқты емле ережелер шығып, кәдімгідей халыққа таратылатын болады. Оған дейін мына жоба деп айта алмаймыз. Себебі, әлі бекітілген жоқ.

Меруерт Мұратқызы: Демек, Парламентке жібердіңіздер, яғни, комиссия нақты шешімге келді ғой?

Назира Әміржанова: Нақты шешімге келдік, бірі компьютерге негізделген, бірі тілдік заңдылықтарға негізделген жобаны жібердік.

Меруерт Мұратқызы: Парламентте қай жобаны мақұлдайды, сол болады, ма?

Назира Әміржанова: Иә.

Меруерт Мұратқызы: Әліпби ауыстырудың негізгі мәні неде?

Назира Әміржанова: Негізгі мәні иммунитетті көтеру. Тілімізді рухани жаңғырту деп жатырмыз ғой. Біздің әуезділігіміз, жүз жылдан асып кетті ғой бүкіл әріпті қабылдап алдық, сол арқылы орфографиялық заңдылықты өзгерттік. Орыста қалай айтылады, солай жазылады деген. Күніне басқа тілден екі жүз сөз енеді екен. Егер де біз оны өзіміздің тілімізге игермесек, сол қалпымен ене берсе, біздің тіліміз жойылып кетуі мүмкін. Төл дыбыстарды, төл айтылымды сақтап қалу керек.

Меруерт Мұратқызы: Онда неге екі түрлі нұсқада, екі түрлі жобада тұр?

Назира Әміржанова: Енді, оны шығарып отырған компьютер тілінің мамандары. Біз егерде компьютерлік жобаны алатын болсақ, қазақ тілінде орташа сөздің ұзындығы болады. Сол ұзарады. Мысалы, төрт әріппен жазылатын сөзді жеті әріппен жазатын боламыз. Интернетке негізделген жобаны қазіргі кезде жоғары жақта отырғандар қалап отыр. Біздің институттың негізгі ғалымдары тілтанымдық, тілді негізге ала отырып, жобаны ұсынып отыр. Бізге қандай бұйрық түседі, біз сол жобаны негіздеп, оған емле ережесін жасап, оған сөздіктер шығаруға жұмыс жасалынады.

Меруерт Мұратқызы: Экрандағы ескі латын нұсқасы негіз бола ала ма?

Назира Әміржанова: 29–40-жылдардағы әліпби, қазір мұны біз ала алмаймыз. Себебі, мына біз қазір, 70 процент мамандар тілді техникаға икемдеу жағын көздеп отыр. Ал, біз, тіл мамандары, бұған қарсы шығамыз. Бұл жерде 29 таңбадан тұратын әліпби кезінде өте ыңғайлылығымен ұлттық әліпби ретінде бағаланған. Өте сауатты жасалған әліпби. Бірақ бұл әліпби қазіргі тілге келмейді. Себебі, бұл жерде жасанды әріптер бар. Біз енді осыны негіз қып аламыз. Бірақ дәл осындай етіп ала алмаймыз.

Меруерт Мұратқызы: Қазақ тілінде дауысты 17 дауыссыз дыбыс бар. А. Байтұрсынұлы соны 29 таңбамен дөп берген.

Назира Әміржанова: Мына жоба Телжан Шонанұлы, Нәзір Төреқұловтың, Ілияс Жансүгіров бар, бірнеше қазақтың зиялылары бірлесіп жасаған жоба. Өте жоғары бағаланатын жоба. Жақсы жазды, сауаттану техникасына тез жүрді. Көзге де, оқуға да, жазуға да ыңғайлы жоба. Бірақ мұны техникаға сала алмаймыз. Себебі, бұл жерде кемшілік бар. Мысалы ғ деген таңба. Бір әріптің сұлбасы екінші әріпті бейнелемеу керек. Мысалы, мына жерде ғ деген әріп ку деген әріпті елестетеді. Және о және ку әріптерін қосқан кезде солай көрінді. Бұл полиграфиялық жағынан икемсіз болды, одан кейін Әзербайжандар ә-ні осылай қалдырып отыр. Бұл жоба дұрыс, бірақ біздің ғалымдар ішінара өзгертіп диакритикалық таңбамен алып отыр. Ә-ні ә, ө-ні ө деген таңбамен, бұл кириллицаның таңбалары. Біз таза латын әліпбиіндегі стандартын алсақ, онда оны (а төбесінде екі нүкте) ә деп оқуға болады.

Назира Әміржанова: Мысалы, әрбір дауысты дыбыстарға, жеке таңбасы болуы керек. Ал, технарлар оны ескергісі келмейді. Мысалы, біздің ұлттығымызды көрсетіп тұратын ол ә, ө, ұ деген таңбалар. Біздің қазақ екенімізді көрсетіп тұратын сол таңбалар. Ол таңбаларға бізде әліпбиде орын берілмесе, онда біздің ұлттық ерекшелігіміз көрінбейді. Біз латынға өтіп, тілімізді жойып алуымыз мүмкін. Бадырайып әліпбиде тұруы керек. Егер тілді техникаға икемдесек, ол жақсы болмайды. Біз латынға не үшін көшеміз, бұл үлкен тілдік факторды – иммунитетті көтеру. Мысалы, 40-шы жылдары әліпбиге ь, ъ, я, ю, щ деген таңбалардың бәрі кірді, сол арқылы орфографиядағы сөйлеу принципі өзгерді. Түпнұсқа принципі келді, оған дейін бұл болған жоқ. Мысалы, компьютер деп жаз, компьютер деп айт деп.

Сол орыстар қалай жазады, солай жазу принципі еді. Сөйтіп, қазақтың ұлттық әуезі бұзыла бастады. Қазір біз тура орыстар сияқты сөйлейтін болдық. Интернационал терминдерді сындырмайтын болдық. Орыстар қалай қолданады, солай қолданамыз. Оның бәрі ұлттық иммунитеттің төмендеуі.

Меруерт Мұратқызы: Әріп тану үшін қайта оқу қажет пе бізге?

Назира Әміржанова: Егер де, біз компьютерге негізделген жобаны алатын болсақ, қайтадан оқуға тура келеді. Ал, мына әліпбимен сіздер тез сауаттанасыздар. Мына жоба бойынша сөзді тез оқи аласыздар. Өйткені, **ә, ө, ғ** екені көрініп тұрады. Тез жаттығасыз. Ал ана жерде әріптерді шатастырасыз. Мысалы, *әке* деген сөз *аеке* болып жазылады. Латын әліпбиге көшудің екі жолы бар. Бірі компьютерлік, екіншісі тілдік. Екі-ақ жолы бар. Басқалай қиын.

Сөзіміз құрғақ болмас үшін, Институтта былтыр, 2016 жылы үлкен кешенді зерттеу болды. "Ұлттық негізде жаңа қазақ әліпбиін реформалау, практикасы мен теориясы" деген. Мұнда Зейнеп апайымыздың бірнеше зерттеулері, ең соңында, сараптама жұмысын жүргіздік. Оған 250 респонденттен анкеталық жұмыс жүргізілді. Ол 250 қазақша жақсы жаза алатын мамандар, соларға сауалнама жүргізілді. Сол сауалнамаға біз үш әліпбиді көрсеттік. Бірінші компьютерге негізделген әліпбимен оқыттық, жаздырттық, Әнұранды жатқа жазғыздық. Нәтижесінде ең көп қате компьютерге негізделген жобада екені анықталды. Өйткені, компьютерге негізделген жобада адам энергиясын көп жұмсайды екен. Уақыты мен энергиясын. Ал, тілтанымдық жоба уақыт жағынан да, көзшалымға да үнемді екен. Бұл жаңағы ауызша айта береміз ғой тілтанымға жақсы, компьютерге болмайды деп, бірақ біз оны зерттеп, ғылыми тұрғыда уақыттарын санап, қанша уақытта әліпбиді жазды, тілтанымдық жоба бойынша мына мәтінді деп есептеп, ғылыми тұрғыда бәрін зерттеп шықтық. Осы кітапта бар.

Меруерт Мұратқызы: Қоғамда талқыға түспеген ғой?

Назира Әміржанова: Қоғамда, жалпы *латын жазуы* деп емес, *латын тілі* дейді кейбір қазақтың қарапайым адамдары. Сонда менің студенттерім: «Апай, сонда біздің тіліміз өзгереді ме, Латын тілінде сөйлеп кетеміз бе? деп келеді. Жоқ, тура осы тіліңмен қаласың, бірақ жазу. Сондықтан, сіздер, журналисттер, дұрыс ақпарат берулеріңіз керек, жаздырып көрсету керек деген сияқты.

Меруерт Мұратқызы: Жаңа реформаның қажеті қанша?

Назира Әміржанова: Біз реформаны, қазақ тіліне жаны ашитын адамдар осы реформаны дұрыс жүргізуге атсалысуымыз керек. Бізге латын әліпбиіне көшу керек, бірақ оны дұрыс жүргізуіміз тиіс. Соған әрбір қазақ азаматы өзінің пікірін білдіріп отырса, өзі соны түсінуге тырысса, содан кейін өзінің қоғамдық пікірін білдіріп отырса дұрыс. Бізде тек қана программисттер мен тілшілердің жұмысы сияқты. Бірақ, әр адамның пікірі маңызды. Олар әлеуметтік желі болсын, телевидение болсын пікірін айтып, мақала жазуы тиіс.

Меруерт Мұратқызы: Кірме дыбыстардан құтыла аламыз ба?

Назира Әміржанова: Әрине, құтыламыз. Екі нұсқада да жоқ. Сауалнама, респондентке қойылатын талап, қазақша жақсы жаза алатын маман болуы керек. Оны біз филолог мамандар деп шешіп, С. Демирел университеттің студенттері, ҚазҰПУ студенттері, ҚазҰУ студенттері, одан кейін Академияның ғылыми қызметкерлерінен осындай сауалнама жүргізілді. Оған қазақ тілін шала білетін адамдар араласқан жоқ.

*«Алматы» телеарнасы
«Айтарым бар» бағдарламасы
29 қыркүйек 2017 ж.
<https://youtu.be/GiEgpOtpOEG>*

ЛАТЫН ӘЛІПБИ МӘСЕЛЕСІ

Назира Әміржанова: Әліпбиді жасауда, ең алдымен, оның балаға көзшалым және қолшалымға оңтайлы болуын ойластырғанымыз жөн. Әліпбиді ересек адамдар үшін емес, 6-7 жастағы баланың қабілеті мен болашағын ойлай отырып жасағанымыз абзал. Егер көзшалым мен қолшалымға оңтайлы болса, бұл керемет жазу болар еді.

Серік Жанболат: Жаңа жоба ұсынылды, жаңа айтып отыр, негізі сіздердің де жобаларыңыз ұсынылуы тиіс екен. Дегенмен де, ғалым ретінде айтыңызшы, осы ұсынылған жоба сіздің көңіліңізге қона ма?

Назира Әміржанова: Жаңа жобаны екіжақты қарауға болады. Технарлық көзқараспен және лингвистикалық көзқараспен. Технарлық көзқараспен қарайтын болсақ, біз оның ұтымды жақтарын экономикамен байланыстырамыз, яғни ол ешқандай шығынды қажет етпейді. Әлемнің кез келген жерінде отырып, сіз қарым-қатынас жасай аласыз дегендей бір, екі, үш ұтымды тұстарын айтуға болады. Одан кейін, мысалы, мәдени мұрамыз, бәленбай кітабымыз бар, еңбектер бар, соларға арнайы бағдарлама қажет жоқ. Сіз бір минутта, бір секундта оны перекодировка жасай аласыз. Ол ұтымды жағы. Енді, жапондар машинаны жасағанда, кез келген ел техниканы жасағанда адамға ыңғайлы болу жағын көздемей ма? Ал, енді біз техниканы ойлап, тілімізді бұзып алмаймыз ба?

Серік Жанболат: Тоқ етерін айтқанда, қазіргі диграфтық әдіс сіздің көңіліңізге қонбайды, солай ғой?

Назира Әміржанова: Әрине.

Серік Жанболат: Неге?

Назира Әміржанова: Себебі, ол тілдің ішкі заңдылықтарына бағынбайды. Тілді күрделендіреді. Ең бірінші, мына әдістеме жағы. Баланы біз мектепке береміз. Қазір балалар жеті де емес, кейбірі бес жасынан барады.

Әліпби жасағанда сол бес жастағы баланың санасымен есептесуіміз керек. Біз ана информатик мамандардың санасымен емес, кішкентай бес

жасар өсіп келе жатқан қазақтың баласын тез арада қалай сауаттандырамыз, соны ойлауымыз керек.

Серік Жанболат: Ал қосәділ әріп оған қиындық тудыра ма?

Назира Әміржанова: Өте қиын. Оқуға, жазуға, оны санада қабылдауға өте қиындық келтіреді. Мысалы, біз тарихымызда көп жазуды қолдандық. Үш-төрт жазудың жүйесін білеміз. Араб, төте, одан кейін латын. Ешбір жазуымызда біздің диакритика болған жоқ. Біздің санамыз бізде бар әріпке үйренген. Қазақтың психобейнесі өткен ғасырлардан бір ғана әріпті көріп келе жатыр. Біз еуропалық емеспіз, біз қазақпыз. Сондықтан біз өзіміздің психобейнеміздегі әріптерді бұзбауымыз керек. Қазақтың санасы бір ғана әріпті қабыладайды. Дауысты дыбыстарға келгенде бұл ерекше. Дауысты дыбыстарды біз екі таңбамен қабыладауымыз қиын. Ал дауыссыз дыбыстарды қазір жастар үйреніп келе жатыр. Мысалы «ж»-ны. Ағылшын тілін біледі, сол үшін оларға қиындық тудырмайды. Ал бізде, қазақ тіліміз вокалды тіл дейді, әуенді тіл. Ол дауысты дыбыстарға негізделген тіл дейді. Яғни, біздің тілімізде мағыналық жүкті дауысты дыбыстар атқарады. Сол дауысты дыбыстарымыздың әрбір формасы әліпбиде тұруы керек.

Серік Жанболат: Көрдіңіз бе, Әбекеңнің айтып отырғаны, әріптерді екі әріп қоссаң да, бір әріппен белгілесен де, біздің тіліміз ешқандай өзгерген жоқ дейді.

Назира Әміржанова: Жалпы, жазу тілін зерттеушілер, мынадай пікірді айтады: Біздің жазу жүйеміз, мысалға, Байтұрсыновтың жазу әдісі ұлттық жазу дейді. Жазуды Байтұрсынов «демократияландырды» дейді, профессор ғалымымыз Нұргелді Уәли. Демократияландырды дегеніміз, бәріне қолжетімді қылды дейді. Сонда, біздің жазуымыз арқылы бәріне ортақ тіл қалыптасты. Сонда шынымен де, жазу дұрыс болмаса, тіл де бұзылады. Байтұрсыновтың жазуы ұлттық болды. Оны кезінде, Ресей ғалымдары Яковлев, Поливанов секілді мықты фонетист, лингвист ғалымдар бағалаған. Сол ұлттық жазудан біз жиырма тоғызыншы жылы саяси фактордан ауысамыз. Бірақ сол он жыл өмір сүрген қолданылған әліпби, қазақ қоғамында бұл да ұлттық әліпби болды. Он жыл қолданылған әліпбиде де тілдік негіздер, тілдік заңдылықтар сақталды.

Серік Жанболат: Қысқартып айтатын болсақ, жаңа сізге айтқандай, сонау өткен ғасырдың ортасында қазақ латын қарпін қолданды. Бірақ латын қарпін өзіне бейімдеп, бір дыбыстық қаріптер қосып қолданды. Солай ғой?

Назира Әміржанова: Бір дыбыс, бір әріпті қолданды. Біздің жаңағы жиырма тоғызыншы он жыл қолданған әліпби, өте тамаша жақсы әліпби. Сіз ол мәтінді бірден оқып кете аласыз. Өте жеңіл, көзшалымға, жазуға да жеңіл.

Серік Жанболат: Жалпы, тілді, ұлттың тілін заманға сай, бүгінгі технологиялардың жетістіктеріне бейімдегеннен ұтыламыз ба?

Назира Әміржанова: Екі жақты да ойлау керек. Қазір әліпбиді техника саласы. Бірақ тілді ешқандай компьютерге салуға болмайды. Бірақ техника саласын ескеріп жасау керек. Тіл басым тұру керек.

Серік Жанболат: Түсіндім. Яғни, сіздің айтайын деп отырғаныңыз, біз латын қарпін алайық, бірақ оны компьютердің қалыбына салмайық. Біз дыбысқа салайық. Тілдің заңдылығын бұзбау керек. Тілдің заңдылығы бұзылса, онда ол ұлт жоқ болып кетеді. Біз өзіміздің ұлттық әуенімізден ажыраймыз, біздің балалар дұрыс жаза алмайтын болады. Біздің балалар кітап жазуға ерінетін болады. Тағы басқа осындай көп себептер бар.

Назира Әміржанова: Бізде қазір жүз алты ма сондай орфографиялық ереже бар. Төл сөздердің, жеке дыбыстардың жазылуы, қысқарған сөздердің, дефистің жазылуы, кірме сөздердің жазылуы, жалпы бәрін санағанда жүз алты. Енді сол ереже көбейеді. Сонда екі жүзден асып кетеді. Ереже көп болған сайын тілді игеру қиын болады.

Серік Жанболат: Қай графиканың негізінде жасалған ереже олар?

Назира Әміржанова: Кириллицаның негізінде.

Серік Жанболат: Ал енді латын ережесіне көшкен кезде сол ережелердің барлығы өз күшін сақтай ма?

Назира Әміржанова: Біздің мақсат, Елбасы айтқандай латын графикасына көшуде ұлттық тілдің рухани жаңғыруын қамтамасыз ету. Ал қалай қамтамасыз етеміз, рухани қалай жаңғырамыз, кірме сөздерді қазақша икемдеу қалай болады. Бізде механизмдері болған, сол механизмдер кириллицамен бірге жойылды. 29-40-шы жылдары Москваны Мәскеу деп жазды. Одан кейін кез келген кірме сөз қазақтың ауызша тіліндегідей сындырылып жазылды. Сол функция қырқыншы жылға дейін жұмыс істеп тұрды. Кез келген тіл қалай қолданылған, солай ала салмайды. Өзіне бейімдейді, икемдеп, өзінің сөзі сияқты қылып жібереді.

Серік Жанболат: Мәскеуде айтылды ғой. Федерацияны Педерация деген сияқты ғой.

Назира Әміржанова: Ал, біз *федерация* сөзін 40-шы жылдан бастап тура *федерация* дедік. Сол арқылы тура орыстар сияқты сөйлейтін болдық, әуезділігіміз бұзыла бастады. Не үшін Елбасы Н. Назарбаев **Рухани жаңғыру** деп бағдарламалық мақаласын жариялап және оның ішіне латынды қосты. Себебі, Елбасының түптеп отырған мақсаты осы минустарды түзеу. Ал, енді біз кірме сөздердің механизмін жасаймыз жарайды. Төл сөздердің жазылуы да қиын болып кетейін деп тұр...

Серік Жанболат: Сіздің ақпаратыңыз түсінікті, жанағы жарияланған ақпарат көзшалымға қызықты болса оқиды. Ақпаратыңыз керемет болса да, графикаңыз дұрыс болмаса сізді ешкім оқымайды...

Назира Әміржанова: Жоқ, мына, тілде тура 42 әріпті латын графикасына көшірмейміз. Ол белгілі. Әріп саны 32ден аспайды. Сонда 10 әріп бізде қысқарады деген сөз. Сонда жеңілдейді. Сол қысқару арқылы мысалы я-ны иа арқылы, мысалы, сіз 5 жастағы балаңыздан немесе бірінші сыныпқа барған балаңыздан аю деп жазып көр десеңіз, айу деп жазады. Яғни, оның санасында я деген графема жоқ. Ал, ат деп жаз десеңіз, ол ат деп жазып береді. Қоян деп жаз десеңіз, қойан деп жазып береді. Сондықтан әр ұлттың санасында өзіне тән ұлттық графемасы болады.

Серік Жанболат: Яғни дыбысты белгілейтін қаріпті бір единица деп түсінеді ма?

Назира Әміржанова: Иә, түсінеді, сезеді. Ұлттық санамен, түйсікпен сезеді. Сонда біз ю-ды, я-ны меңгерту барысында баланы кінәлаймыз. *Қойан* деп жазбайды, *қоян* деп жазасың деп. Бірақ, оның санасы уланбаған, боялмаған деген сияқты, таза. Сонда біз кириллицадан артық әріптерді алып тастаймыз да, қазақы санадағы таза әліпби болып табылады. Егерде біз латын әліпбиін тек қана техника және үш тілділікке байланысты ағылшын тілін үйретеміз, ағылшын тілінің стандартына жақын болу керек деп көздесек, онда біз ұлттық әліпби жасай алмаймыз. Мысалы, қараңыз, 40-шы жылы біз кириллицаға көштік. Қандай мақсат болды, мақсат орыс сөздерін бұзбай жазу, орыс сөздерін бұзбай айту. Енді қазіргі мақсатымыз үш тілділікті дұрыстап үйрету. Ағылшынша әдемі сөйлеу, ағылшынша тез түсініп кету. Бірақ өзіміздің тілді ойлап тұрған жоқпыз. Сонда, жүз жылдан кейін Қытай әлемдік деңгейге шығатын болса, біз әліпбиімізді қытайша икемдейміз ба? Сонда біз ұлттығымызды қашан жөндейміз? Біз сөйтіп әркімге елеңдеп, осының әліпбиі жақсы, сөзі жақсы деп жүреміз ба? Біз өзіміздің ұлттығымызды сақтау үшін, ең кішкентай элементті әліпбиімізден бастауымыз қажет.

*Қазақстан телеарнасы
«Таңшолпан» бағдарламасы
22 қыркүйек 2017 жыл
<https://youtu.be/УКРaMдKfp3o>*

НАЗИРА ӘМІРЖАНОВА ЛАТЫН ӘЛІПБИІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН КЕМШІЛІГІ

Елбасы «Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» атты мақаласында латын графикасына көшуді міндеттеген болатын. Содан бері А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары латын әліпбиіне қатысты бірнеше еңбекті ғылыми кеңестің талқысына салып үлгерді. 20 жылдан астам осы саланы егжей-тегжейлі зерттеп жүрген мекеме қызметкерлерінің әліпбидің Парламентте ұсынылған нұсқасына қатысты да айтары бар.

Назира Әміржанова, А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты тіл мәдениеті бөлімінің меңгерушісі:

Ұтымды жағды бұл әлемнің кез келген жерде отырып, сіз бұл әліпбимен ешқандай қиындықсыз қарым қатынас жасай аласыз. Яғни, интернет арқылы. Компьютерде отырып, кез келген клавиатурада қазақша тере аласыз. Бұл бір ұтымды жағды. Екінші, ұтымды жағды арнайы бағдарламалар жасалмайды. Үшінші, артықшылығы экономикалық тиімділігі.

Техника тіліне бейімделіп жасалған 25 әріптік латын әліпбиі кириллицадағы көптеген әріптерді компьютер арқылы жылдам табуға

көмөктөсөдү екен. Ал, кемшін тұсы диграфтар мәселесіне келіп тіреледі. Яғни, мектеп оқушылары бір әріпті, оның ішінде дауысты дыбыстарды екі таңбамен оқып-жазуды біраз қиындықтарға кезігуі мүмкін.

Бұлбұл Карбозова, А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері:

Қарапайым бір мысалды айтсақ, Әмір деген кісі есімін, Әділ деген кісі есімінде АЕМІР, АЕДІЛ. Осының біздер тапсырма береміз, балалар мына үлкен әріптің астын сызыңыздар, сонда оқушы сұрақ қояды: А-ның астын сызайын ба, жоқ екінші тұрған диграф Е-нің астын ба деп. Бұл екеуі де актив, біздегі таңбаланған дыбыстар саналады. Сонда бұл жерде емлеге сәл қайшылық болады.

Көп қолданылатын ә, ғ, ө-ні ноқат, айрық яғни бір әріппен бермей болмайды. Онсыз да Ш, Ж, Ч, Ц қос әріп болып тұр.

25 әріптік әліпби көпшіліктің талқысына ұсынылғалы бері әлеуметтік желідегі ұлт жанашырларының осы секілді жазбалары көбейді. Белгілі журналист Есей Жеңісұлы да жаңа әліпбиге қатысты өз көзқарасын білдіруді азаматтық борышым деп санайды.

Есей Жеңісұлы, журналист:

*Ж әрпінің ЗЕД, ЕЙЧ болып жазылуын, Ш әрпінің С және ЕЙЧ болып жазылуын қолдаймын. Ол белгілі бір дәрежеде әріптердің санын азайтады. Ал, бірақ, латын әліпбиін осы күйінде осынсақ біз І әрпінен айырылып аламыз ба деген қорқыныш бар. Мысалы, **Ігілік** деген сөзді жазып көрейік, **И** да сонымен жазылсын, **І** де сонымен жазылсын. Не **Игилик** деп оқуымыз мүмкін, не **Ігілік** деп оқуымыз мүмкін. Көздіңіз ба.*

Ғалымдарды алаңдатып отырғаны ұсынылған әліпбидің күрделілігі. Яғни, 5 пен 7 жас аралығындағы балаларға лайық емес. Буынға бөлу, тасымалдау, жер су аттарын жазуда да тиімсіз. Төл дыбыстарымыздан айырылып қаламыз ба деген қауіпте жоқ емес.

Назира Әміржанова, А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты тіл мәдениеті бөлімінің меңгерушісі:

Латын графикасына көшер кезде түріктер ң дыбысын алмайды, біздегі аң дегендегі дыбысты. Сондықтан, қазір 90 жылдай уақыт болып қалды сол аралықта ң дыбысы сақталмады оларда. Себебі ол әліпбиде жоқ. Әліпбиде жоқ дыбыс ол тілден де шығады.

Есей Жеңісұлы, журналист:

*Келесі ұрпақтың алдына барған кезде мысалы мынау Қырғыздар сияқты, Қ әрпінен айырылып қалған қырғыздар сияқты, І әрпінен айырылып қалған түріктер сияқты болмауымыз керек. Олар әріптен ғана емес, олар дыбыстан да айырылып қалды мысалы. «**Балалық**» деп жазады, «**Балалық**» деп оқығысы келеді, бірақ қазір қырғыздың жаңа буындарының бәрі «**Балалық**» деп айтылады.*

Ал жастар жағы не деп үн қосар екен.

Мысалға І әрпімен И әрпін бірдей АЙ әрпімен берген. Ол ертең шетел азаматтарына да келген қиындық тудырады біріншіден. Екіншіден өзіміздің халқымызға да қиындық келеді.

Енді, жастарға оңай болады, ал 40 жасқа келгендер, кәрі шалдарға қиын болатын шығар. Жастар тез үйреніп кетеді. Бірақ, латын енгізген дұрыс деп ойлаймын.

Білуге, үйренуге, зерттеуге жан-жақты көмектеседі.

Дамыған он мемлекеттің қатарына көшу үшін, біздің алғашқы бастамаларымыздың бірі деп ойлаймыз.

А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты ғалымдары осыған дейін 32 әріптік әліпбиді ұсынған еді. Мұнда қазақтың төл дыбыстары да емес, халықаралық транскрипция да ескерілген. Ғалымдар мен тіл жанашырлары 25 әріптік латын әліпбиінің нұсқасы қабылданбай тұрып, халықтың талқысынан өтуі тиіс деп отыр. Ал, пернетақтаға әріптерді орналастыру мәселесінде техника саласының мамандары біраз күш салса, бәрі де оң шешімін таппақ.

*Қазақстан – Орал телеарнасы,
«Тарихтан тағылым» бағдарламасы
2 қазан 2017 жыл
<http://oraltv.kz>*

НӘЗИРА ӘМІРЖАНОВА

Мұнайдар Балмолда: *Саламатсыздар ма?! Бүгінгі бағдарламамызда А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының филология ғылымдарының кандидаты, доцент Назира Әміржанова келіп қатысып отыр.*

Назира Әміржанова: Сәуір айындағы Елбасымыздың бағдарламалық мақаласынан кейін бірден латын графикасына көшу мәселесі, жалпы, ғалымдарды, әртүрлі сала мамандарын іс жасауды, яғни, осы латын әліпбиін тез жасап, халық талқылауына ұсыну тапсырылған болатын. Содан 11 қыркүйек күні бұл Парламентте бір әліпби ұсынылды. Жалпы әлеуметтік желіде болсын, бұқаралық ақпарат құралдарында бұл әліпби әртүрлі сыналып та жатыр. Бұл шындық. Әліпби күрделі деп жатыр. Әліпбимен жазуда, оқу да қиын деп жатыр. Енді біз 1929-40-шы жылдары он жыл бойы латын әліпбиін қолдандық. Біздің тарихи тағлымымызда бар бұл әліпби. Он жыл қолданылған латын графикасына негізделген әліпби қандай болды деген сұрақ туады. Қандай тарихи тағлымын қазіргі кезде ала аламыз. Дәл осындай мәселе, әріп айтысы туралы тура 29-шы жылдары да болған. 29-шы жылы сол әліпбиге көшерде Хәлел Досмұхамедұлы, Нәзір Төреқұлов, Телжан Шонанұлы деген сияқты Алаш зиялылары. Осы зиялылар өзінің әліпбиін ұсынған. Жүсіпбек Аймауытұлы мысалы. Бірақ барлық ұсынылған әліпби ұлттық болды. Басқа бір тілді үйрену үшін жасалған жоқ. Сол қазақ ұлтын сақтау үшін, оның барлық ұлттық қалпын сақтауға әдемі жасауға тырысты сол кезде. Мен өзім 29-40-шы жылдардағы әліпби мәселесін толық зерттеп монография жазғам. Сонда архивтен көп материал, жарияланған жобаларды

тура қазіргідей жобалар болды. Ұсынылды. Талқыға салынды. Сонда қазіргі кездегі әріп айтыс болды. Қандай дейсіз ғой. Мысалы қазір ә, ө, ұ дыбыстарын қалай береміз. Немесе әліпбиде көрсетпей диграф арқылы қосып көрсете салайық деп Парламент ұсынды бізге. Бұл проблема да 29-шы жылы болған. Біздің түркі тілдес әліпбиін қарайтын орталықтар Мәскеуде, Ленинградта болды. Сол орталықты орыстар басқарды. Сонда бізге мынадай ұсыныс болады. Бізге және түркітілдес халықтарға. К дыбысын алып Қ дыбысын алмай-ақ қойыңыздар. Г дыбысын алып Ғ дыбысын алмай-ақ қойыңыздар, А дыбысын алып Ә дыбысын алмаңыздар деген секілді. Ондай бір біріне парный дыбыстарды «корелиат» дейді. Соның біреуін алып төлдерінді алмай-ақ қойындар деді. Оны оқуда оқи бересіндер, *Каз* деп жазып *Қаз* деп оқи бересіндер, *Ан* деп жазып *Ән* деп оқи бересіндер дегендей ұсыныстар болды. Бірақ, біздің сол кездегі зиялыларымыз ол әріптерді сақтап қалады. Қалай дейсіз ғой? Сол кезде татарлар, көптеген түркі тілдес халықтар өзінің төл графемаларынан айырылып қалған. Ал, біздің қазақтың зиялылары қазақтың графемаларының барлығын сол латын графемаларына алып шығады. Сондықтан біз қазақша дұрыс сөйлеп келе жатырмыз. Сол Байтұрсынов жасаған әліпбиді латынша да дұрыстап төл графемаларыңыздың барлығын әліпбиге шығарады. Сондықтан сөздің әуезділігі барынша дұрыс сақталады. Сақталып келді, қазірге дейін. Одан кейін айтатын мәселе, кириллицаға көштік. Бұл латын әліпбиін он-ақ жыл қолдандық. Бұл үлкен саясат болды, орыстандыру саясатының бір қадамы ғана. Орыстандыру саясаты 19-шы ғасырда басталды, білесіз өзіңіз. Сол 19-шы ғасырда түркі тілдес халықтардың ішінде бас көтеретін халықтарды жою, одан кейін ұсақ түйек халықтар өзінен өзі құриды деп есептеді. Сондықтан үлкен саясат құрды. Сонда архивтегі қағаздардан қазақтың және татарлардың ғалымдары мықты болды, қарсылық көп болды деген мазмұнда құжаттар көп кездеседі. Миссионерлік бағыт жұмыс істеді, Ильминский, Мелиоранский, тағы басқа ғалымдар өздерінің жобаларын ұсынды. Әр өңірдің сөйлеу мәнерін зерттеу орыс әліпбиіне негізделген жобаларын ұсынды. Мысалы, *түлкі* деген сөзді *тулки* деп жазуға болады деп.

Мұнайдар Балмолда: *Қайткенде де біздің дыбысты жою көзделін тұр ғой?*

Назира Әміржанова: Сол кезде қазақ тілі зерттеліп қалды. Ол бір ұтымды жағы біз үшін. Ал, енді олар не үшін зерттеді біздің тілімізді орыстандыру үшін, біздің тілімізді жою үшін. Бірақ біздің қазақтың ұлт зиялылары бұл орыс әліпбиіне көшпейді. Сол кезде ұлттық реформатор Байтұрсынов төл дыбыстарға негізделген әліпбиді түзеді. Байтұрсыновтың әліпбиі құрылмай тұрып, халықтың сауаттылығы 6 пайыз, 30 пайыз дейді, сондай деңгейде ғана болған. Яғни, ол кездегі араб жазуымен жазылғанды бай-молдалар ғана оқитын. Өйткені ол өте күрделі тіл болды, күрделі жазу болды. Ол тілді білу үшін араб-парсы, оғыз қараханид элементтерін бәрін білу керек болды. Жазу гетерогенді болды. Сондықтан бұл жазуды меңгеру үшін 1 жыл, 2 жыл тіпті 5 жыл оданда көп уақыттар керек болды. Сөйтіп Байтұрсынов біздің әліпбиді жасайды, оны ресей, еуропа ғалымдары

мойындайды. Сондай математикалық тұрғыда ойластырылған, керемет әліпби деп баға береді. Мен бұл әліпбиді қиын ғой деп ойладым да менгеруге тырыстым, бір-ақ күн ішінде меңгердім, бір күнде системасын түсініп алдым. Ал, балаға оны үйрету үш айдан артық уақыт кетпейді екен. Байтұрсыновтың әліпбиі оқуға оңай, жазуға енді біз кері төте жазып үйренбегенбіз ғой, сондықтан біраз уақыт кетеді. Сөйтіп Байтұрсыновтың қабылдаған әліпбиі арқасында халықтың сауаттылығы күрт өседі. Оны байқаған орыстар бірден басқа әліпбиге көшіруде тездетеді. Бізді бірден орыс әліпбиіне көшіртпей, адастыру мақсатында алдымен латын әліпбиіне көшіртеді. Бүкіл түркі тілдес халықты. Ол кезде шамамен 77 түркітілдес халық болды. Содан ең бірінші якуттарды көшіреді. Якуттар 1922-ші жылы көшеді. Сөйтіп якуттар міне көшті, ол кезде якуттарда бас көтеретін адам болған жоқ, сауаттылар жоқ. Халық саны аз, сөйтіп көшіргеннен кейін басқа түркі тілдес халықтарға якуттардың сауаттылығын мақтап, халық арасында латын әліпбиін насихаттай бастайды. Сөйтіп ең соңғы болып 29-шы жылы қазақтарда көшеді. Ең соңына дейін күресті, Елдос Омаров, Қошке Кемеңгерұлы, Байтұрсынов білесіздер. Ең соңына дейін күресті. Бірақ бұл саясат болды. Латын жазуымен жазбағандарды қудалады, атылды. Сөйтіп күшпен латын әліпбиіне көшеміз. 10 жыл қолданды. Енді бұл әліпбиді жасаған кімдер, біздің мықты зиялыларымыз. Ол Ораз Жандосов, Телжан Шонанұлы, топ жасады. Бір адамның әліпбиі емес, үлкен шығармашылық топтың жұмысы болды. Ілияс Жансүгіров, Мырзалы Мұхтар сол комиссияда мүше болған. Солар қазақтың тілін бұзбайтын жақсы әліпби, ұлттық әліпби жасайды. Бұл әліпбиді таза ұлттық әліпби деп айтуға болады. Егер латын әліпбиіне көшетін болсақ, осы 29-шы әліпбидің құрылымын негізге алуымыз керек. Сонда біз адаспаймыз.

Мұнайдар Балмолда: *Қазір біз алып отырғанымыз бірнеше бағыт бар, иә. Кешегісін көріп қалдық. Тіл институтынан, ғалымдардың жасағаны жаңағы айтқан Алаш зиялыларының, атын атап кеткен азаматтардың ұсынған нұсқасына ұқсай ма сонда?*

Назира Әміржанова: Ұқсайды. Біздің институт, Тіл білімі институты бұл мәселемен айналысып жатқанына 20 жыл болды. Біз алдымен тарихын зерттедік. Одан кейін түркі тілдес халықтар, Өзбекстан, Түркіменстан, Әзірбайжан мемлекеттеріне барып, сол елдердің тағылымын зерттеп қайттық. Олардың қателіктерін қайталамас үшін, оларда қандай қателіктер бар, орфографияда, емледе қандай қате болды, әліппеде қандай қателер болды дегенді біздің ғалымдар зерттеп, бірнеше монографиялар шығарған. Бірақ сол зерттеулер ескерілген жоқ. Парламенттік жобада. Парламент ұсынып отырған жоба тілді компьютерге негіздеуге бағытталған. Тілді компьютерге негіздеуге болмайды, неге, ойлаңыз, жапондар машинаны машина үшін шығармайды, адам үшін. Тілді қолданатын адам. Сол себепті, біз тілімізді құртпау үшін, тілімізді рухани жаңғырту үшін тіліміздің ең кіші ядросы әліпбиді дұрыс құруымыз керек. Ә, Ө, Ү бәрі тұру керек. Себебі біз қазақпыз. Бізді қазақ қып тұрған сол әріптер. Басқа тілден ерекшелеп тұрған сол әріптер, одан біз қашпауымыз керек. Қанша ақша кетсе де **ә, ө**-ге

көптеген қаржы кетеді деп тұр ғой, бірақ ол біздің қазақ екендігімізді айшықтайтын құрал. Ол дыбысталады, жазылады, еленбейтін нәрсе сияқты, бірақ тілді сақтап тұрған сол элементтер. Ертең ә, ө жоқ болса біздің сөйлеуімізде өзгереді. Тарихи тағылым айтайын сізге, мына татарлар кириллицаны қабылдаған кезде ғ дыбысын алмайды, галам деп жазамыз да ғалам деп оқимыз деп ойлаған. Бірақ 70-80 жыл болды қазір уақыт өте келе олар ғ дыбысын мүлде айтпайды. Жастар айтпайды, үлкендер айтатын шығар.

Мұнайдар Балмолда: *Мен мына татар арнасын қараймын кейде қызық көріп, шоу бағдарламалар өтеді, ойын-сауық бағдарламалар өтеді, сонда көп сөзінен айырылып қалған кейде орыс тілін қосып айта береді. Қазақшаны білмейтін шала өзіміздің қандастарымыз айтады ғой, звандаймын деген сияқты. Сол сияқты татарларда да көп байқалады. Енді, сіз пернетақтаның көлемінен шықпайақ, компьютердің тілін пайдаланайық деген ұсыныс болғанын айтып отырсыз ғой. Қате екенін, бізде байқап қалдық, бір жағынан бұл ағылшын тіліне бейімдеуге жақын сияқты. Қазақ тілін сақтап қалу емес, үш тілділік деп отырмыз, тезірек ағылшын тіліне бейімдеуге бағытталған сияқты. Сонда біздің дыбыстарымыз қайда қалады, жаңағы айтқан мықты мықты дыбыстарымыз.*

Назира Әміржанова: Қараңыз, кириллицаға көшіру, көшкендегі мақсатымыз не? Бізде қазақша орыс тілінің айтылуы мен жазылуын бұздырмау. Сөйтіп орыстандыру болды, иә. Енді, Елбасы үлкен мүмкіндік беріп отыр, рухани жаңғыру деп отыр мақаласында. Рухани олай жаңғырмайсыз, сонда біздің реформаторлар қателесіп отыр деп ойлаймын. Рухани жаңғыратын болсақ төл әріптеріміздің бәрі сақталу керек. Қазір біз ағылшын тілі игеріледі, әлемдік тіл ағылшын тілі деп, сонда біз әр жүз жыл сайын кімнің тілі әлемдік деңгейге бірінші көтеріледі соған біз икемдей берсек біздің тілімізден не қалады. Кейін Қытай тілі көтерілсе, сонда біз қытай тілінің әуеніне салып кетуіміз керек пе? Жоқ, біз ұлттығымызды сақтайтын төл графемаларымыз бар, төл дыбыстары бар әліпби жасау керек, кірме сөздердің механизмін игерту жолын әзірлеуіміз тиіс.

Мұнайдар Балмолда: *Назира Серікқызы, тіпті, Құран кітабында айтады, жақсылықпен жарысыңдар, сендерді ұлт қылып жараттым дейді, яғни, Құдай берген болмысыңды сақтау оның ішінде тіл де жатады деп ойлаймын. Тіліңді сақтап қазақ болмасаң, ол жаңағы қатқыл айтып, бұрап айтып жеткізу қиын ғой. Мысалға мен бір бағдарламамен ауылдарға шығып жүрем, сонда балабақшадағы қазақтың баласы үйіне кіргенде бір сөзді үш тілде айтады екен. Орысша, қазақша, ағылшынша, сонда қай тілде сөйлеп жүргенін білмейді. Өйткені 5-6 дағы бала, шатасады. Сонда ойлайсың, алдыменен ұлттық уызға жарыту, сонда ғана ол бала өз тілін толық меңгергеннен кейін басқа тілге қарап оларды да меңгеріп алып кетеді ғой. Біз неге асығып жатырмыз, неге науқаншылдық басым. Өзімізді өзіміз тапап, көзіміз алақтап ештеңені көрмей шауып бара жатырмыз. Ойланасың, толғанасың. Енді, қайтпек*

керекпіз? Кеше ұсынылды, бұл әзірге шикі бекітілген жоқ деп. Енді қандай қадамдар болуы мүмкін?

Назира Әміржанова: Жалпы, Елбасы да бұл нұсқаны сынады *сәбіз* сөзін мысалға келтіріп. Мен ойлаймын ол кісі өзінің тегі *Әбішұлын* жазып көрген шығар деп. Сондықтан бұл нұсқаны әліде қарастыртқызатын шығар деп ойлаймын. Жалпы тіл ұлт үшін жасалады, ұлт тілін сақтауы керек. Сондықтан бұл әліпби әлі де түзетіледі деп ойлаймын. Дұрыс әліпби қабылданады деген сенімім бар. Бұл жеткен шығар, себебі әлеуметтік желіде жастарымыз белсенді, әлеуметтік тұрғыдан педагогикалық тұрғыдан, лингвистикалық тұрғыдан талдап жатыр. Қандай аспектісі бар, барлық тұрғыдан талдап көрсетті. Газет, бұқаралық ақпарат барлық жерде, енді ол ескеріледі деп ойлаймын. Өйткені, бұл әліпби ескерілмей қабылданса үлкен қателік болады. Дұрыс әліпби қабылданып жатса орталықтар ашылу керек, арнайы мамандар даярланып түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек. Өйткені, тіліміз латын басқа тілде сөйлеп кетеміз бе деп түсінбей жүргендер көп. Біз оны түсінгенімен, қарапайым халықтың көп бөлігі түсінбейді. Сондайды түсіндіретін арнайы орталық құрылып, қаржыландырылса сонда ғана жақсы жұмыс жүреді.

Мұнайдар Балмолда: *Біздің тіліміз емес, таңдауымыз ауыса алмайтынын түсіндіріп дейсіз зой. Әлихан Бөкейхан ұлы атамыздан қалған сөз: Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден дейді. Бірақ мінез білімменен, мәдениетпен суарылу керек. Жай ғана қара дүрсін мінез емес, тәрбие алған мінезді айтып отыр зой. Осы арада, ұлттық тілімізді сақтап қалу үшін өзіңіз сияқты ғалымдардың табандылығы да қажет сияқты. Елбасы қараңдар деп ұсынған кезде біз шөре-шөре болып өз-өзімізбен тайталасып кетсек тағы да қиын сияқты. Келісімге бара алмаймыз. Кешегі шыққан нәрсеге халықтың кері пікірі бірден көрініп жатыр зой. Егер дұрыс нәрсе болса, халық қуанар еді.*

Назира Әміржанова: Мен бірнәрсе айтайын. Бізде талқылануда науқаншылдық болмауы керек. Егер латын әліпбиі болатын болса, көп жерлерде мақтау керек, шындық айтылу керек. Халыққа дұрыс ақпарат бару керек. Ол бағамдау керек, түсіну керек, тілге жаны ашыса мақала жазады, сөйлейді, пікірін айтады, идеясын жеткізеді. Бәріміз атсалыссақ, сонда дамиды. Егер құр өтірік мақтап, бос сөз айтып отырыстарда шығып алып сөйлей берсек, ешқандай маңызы да, пайдасы да жоқ деп ойлаймын. Сондай науқаншылдықты бізде жою керек. Мысалға, Ата түрік әліпбиді өзі жүріп үйреткен балаларға. Көшеде тақта құрып, өткен-кеткенге үйреткен. Бізде орталықтарда сондай дұрыс жұмыстар жүру керек. Біз біреуге есеп беру үшін ғана өткізу деген болмау керек. Жалпы, қазақ қоғамында бірнеше жазуды қолданды. Араб, латын, кириллица. Ешбір жазу түрінде бізде қосар, диграф деген болған жоқ. Біздің тіліміз вокалды тіл. Дауысты дыбыстарда мағына жатады. Дауыссыз дыбыстарға қарағанда дауысты дыбыстарға басымдық көп беріледі. Солар мағына береді, сол арқылы сөздер жуан-жіңішке болып айтылады. Содан кейін қазақ тілі жалғамалы тіл. Сөзге қосымша қосылып сөз түрлендіреді. Сонда диакритика оның түбірінде болуы мүмкін немесе

қосымшаларында болуы мүмкін. Сөздің ұзындығы орташа алғанда 30-40 пайызға өседі. Бұл тиімсіз. Содан кейін біздің осы уақытқа дейін қолданған әліпбилерімізде екі таңдабан тұратыны болған емес. Оны қабылдау қиын.

Мұнайдар Балмолда: *Және, бізде бір сөздің өзі бір мағынаны беретін сөздер бар ғой. Солармен қалай шатасамыз?*

Назира Әміржанова: Дұрыс айтасыз, бұл әліпби қабылданса, тілде омонимдер көбейеді. Ал, омоним, омографтар көп тіл ол игеруге өте ұзақ процесс болып кетеді. Байтұрсынов айтады, «әліпби барынша қарапайым, түсінікті, жеңіл болу керек» дейді.

Мұнайдар Балмолда: *Осы Байтұрсыновтың әліпбиін түріктер қолданып жатқан жоқ па? Біз неге алаш қайраткерінің, тұлғамыздың қалдырған өнегесін неге пайдаланбаймыз? Тыңнан бірдеңе іздегіміз келеді, пернетақтадан бірдеңе іздейміз?*

Назира Әміржанова: О баста Байтұрсынов еңбектерінің бір дыбыс бір әріп деген принцип болуы керек дейді. Соны ұстануымыз керек. Сонда біздің әліпбиімізде есептесек 31-32 әріп болады екен. Сонда ғана ол дұрыс әліпби болады. Әрбір мағына жататын әріп бір таңбамен біріксе. Сонда әліпбиде ә, ө, ү тұрады. Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты 32 таңбадан тұратын әліпби ұсынып отыр. Онда аталған әріптердің төбесінде екі нүкте бар. Неліктен бұл екі нүкте алынды? Біз түріктерге, басқаларға еліктеп отырған жоқпыз. Ол тілдік заңдылық. Дүниежүзілік фонетикалық транскрипцияда екі нүкте жіңішкелікті білдіреді. Мысалға, ағылшын, неміс басқа да ел азаматтары келетін болса, әнұран деп жазылған сөзді қатесіз оқиды. Екі нүкте жіңішке болады, ал егер сызық тұрса ол созылыңқы оқиды. Төбесінде айшық белгісі тұрса онда ол қысқартып оқиды. Дүниежүзілік транскрипция деген бар, фонетикалық жүйе бар соны ескеріп алдық. Түріктерде соны ескерді, немістерде де бар. Себебі кез келген шетелден келген қонақ біздің тілімізді бұзбай сөйлесін деп.

Мұнайдар Балмолда: *Сіз айтып жатырсыз, менің көзіме елестеп, көкейіме қонып жатыр. Жеңіл екені, қызықтыратыны сезіледі. Осы арадан бағдарламамыздың тізгінін тартсақ. Бір ауыз сөз хабарымыздың соңында?*

Назира Әміржанова: Елбасының сәуірде шыққан мақаласы қатты қуантты. Қазақтың тілін, ділін жалпы барлық жағын қамтыған бағдарламалық үлкен мақала деп қабылдаймыз. Және осы мақала, қазақ тілін басқа арнаға бұрмай, дұрыс қарастыра отырып, Елбасының айтып отырған мәселесін дұрыс шешсек деп есептеймін. Содан кейін Елбасының латын әліпбиіне көшу саясатын қолдаймын. Бірақ, дұрыс қабылданса екен деп тілеймін.

Мұнайдар Балмолда: *Рақмет, көптен көп. Көріскенше күн жақсы, Рухымыз асқақ болсын!*

3.4 ЖАҢА ЛАТЫН ӘЛІПБИІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Қабылданатын жаңа латын әліпбиінің бойында ұлттық тілдің бар мүмкіндігін толыққанды қамтамасыз ете алатын әрі қазіргі заманауи технологияға бейімді бола алатын қасиеттер болуы қажет. Ұлттық дыбыстарды әлемдік компьютерлік технологияға оңтайлы бейімдеу оңай бола қоймайтыны анық. Себебі сирек кездесетін **э, ө, ү, қ, ғ** дыбыстарын латын қарпінде таңбалау компьютер пернетақталарында жоқ. Осы қиындықтан қашып, тілді компьютерге бейімдей салу мүдделері лингвист ғалымдармен сөзталастыруға дейін апарып отыр. Себебі жаңа әліпбиді ауыстырудың түпкі мақсатын түсінбеген ІТ мамандарының мүмкіндіктері лингвист-мамандардың сұранысына толық жауап бере алмай отыр. Бұл тараушада латын әліпбиінің қай жобасы болса да тілдің күзиретін, мүмкіндігін, ұлттық қасиетін сақтаудың жолдары туралы тілтанымдық зерттеулер ұсынылады. Сондай-ақ ұлттық дыбыстарымыздың латын әліпбиінде тиімсіз таңбалануы қазақ тілінің дамуына қандай кедергілер алып келетінін де санамалап көрсетеді.

*«tengrinews.kz» сайты
15 қыркүйек 2017ж
<https://kaz.tengrinews.kz>*

Ж.Жұмабаева, Н.Әміржанова

филология ғылымдарының кандидаттары

ҰСЫНЫЛҒАН ӘЛІПБИ БОЙЫНША ТІЛТАНЫМДЫҚ ТАЛДАУ

Қазіргі кезде «Жаңа латын негізді қазақ әліпбиінің құрамы мен жүйесі қандай болмақ?», «Оқу мен жазуға оңтайлы бола ма?», «Дауысты және дауыссыз әріптердің латынша нұсқасы қандай болады?» деген тәрізді сұраулар мерзімді басылым беттерінде, БАҚ-та үздіксіз талқыланып келеді. Белгілі әліпби реформаторы, ұлт жанашыры А.Байтұрсынұлының дұрыс әрі сауатты әліпби жасау туралы мынадай пікірін еске түсіргіміз келеді: «Жақсы әліпби тілге шақ болуы керек. Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс, әліпбидің әріп суреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып, уақытты көп алады. Әліпбидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болуы тиіс. Әрпі тізілгенде оңай тізілетін, басқанда орынды аз алатын әліпби баспасөзді арзандатады. Жақсы әліпби үйренуге де қолайлы болуы тиіс. Әріп сара жазуға оңай, баспасы мен жазбасының суреті жақын әліпби үйренуге жеңіл болады. Жақсы әліпбиге лайық бұл төрт сипатқа келмейтін әліпбидің бәрі де кемшілікті әліпби болмақ». А.Байтұрсынұлының осы критерийіне сәйкес дұрыс әрі сапалы әліпбиді анықтау үшін ең алдымен әліпби жасаудың лингвистикалық технологиясын, айталық, тілдің үндесім заңдылығын, грамматикалық, фонетикалық, фонологиялық, лексикалық, орфографиялық, орфоэпиялық сияқты тілдік нормаларын білу шарт. Сонымен қатар жазудың

грамматологиялық заңдылығы және әліпби құруда ұстанылатын негізгі әрі басты принцип ретінде танылып жүрген «бір дыбыс – бір әріп» ұстанымы басшылыққа алынуы тиіс деп білеміз. Себебі, бұл айтылғандарды білмей әліпби жасайтын болсақ, тілдің иммундық жүйесіне, заңдылығына, тілдің саламатты болуына қауіп төнеді. Біздіңше, о бастағы латыннегізді әліпби жүйесіне көшудегі басты мақсат – әліпбидегі «жұмыс істемейтін» және ұлттық санада белгілі бір сәулесі жоқ әріптерді тазарту, ал төл графемаларды әліпби құрамында сақтап, ықшам әрі тиімді әліпби нұсқасын белгілеу болатын. Елбасы Н.Назарбаев «Тіл мамандары ортақ келісімге келгенде ғана жаңа әліпби жайында жария етемін. ... Ноқаты, үтірі бар, тек қазақ дыбыстарына тән 8 әріп бар. Міне, соларды нақтылау қажет. Барлық мәселе осында» деп көрсетті. Елбасы айтқандай, тілімізді ұлттық тіл ретінде көтеріп тұрған және басқа тілден ерекшелейтін қазіргі әліпбиде қазақ тіліне тән әріптеріміз бар. Олар: **ә, ө, ү, ұ, ы, і, қ, ғ, н**. Бұл әріптердің әрқайсысының жеке мағынасы, функциясы бар екендігі белгілі. Әрқайсысының жеке-жеке мәні бар екі әріпті бір графемаға телуге болмайды. Сондықтан әріптердің болашақ латыннегізді әліпбиде қалай таңбаланатыны алаңдатарлық жайт. Себебі кешегі Парламент отырысындағы халық талқысына ұсынылған әліпби жобасында бұл әріптердің кейбірі диграфпен (**ae, oe, ue, kh, gh, ng**) таңбаланып берілді. Түркі тілдері жалғамалы тілдер тобына жататындықтан, әріптерді диграфпен беру тиімсіз әрі қабыладауға қиындық келтіретінін қазақ жазуын онтогенездік дамуын зерттеуші ғалым Құралай Күдеринованың пікірінен білуге болады. Жалпы мағына ажырататын фонеманың әліпбиде жеке таңбасы болғаны жөн. Ал екі мағынасы бар фонеманы тіркестіріп, бір әріп жасауға болмайды. Әсіресе бұл айтылғандар дауысты дыбыстарға қатысты. Қазақ тілі вокалды тілдер қатарына жатады. Вокалды тілдерде сөздің мағыналық жүгін дауысты дыбыстар көтереді және дауыссыз дыбыстардың әуезі дауысты дыбыстарға байланысты болады. Мысалы, дала, дөңес сөздерін алатын болсақ, дала сөзінде дауысты жуан болғандықтан, дауыссыз дыбыстың әуезі жуан естіледі. Сол сияқты дөңес сөзінде дауысты **ө** және **е** фонемалары жіңішке болғандықтан, дауыссыз дыбыстардың да әуезі жіңішке айтылып тұр. Қазіргі кезде қазақтілді тілтұтынушысының санасында кирил және латын әріптерінің графикалық портреті әбден орныққан. Осы жерде зерттеуші Құралай Күдеринованың пікірін келтірсек «Кез келген сөзді естіген сауатты адамның санасында сөздің фонетикалық айтылуымен қатар, графикалық портреті де елес береді. Бұл – әдеби стиль түрін меңгермеген кез келген сауатты адам санасында болатын код түрі. Бүгінгі жаппай саясаттану, жазба тіл нормасы мен тәсілдерін меңгерген заманда жазу арқылы ойлау басым». Олай болса, әріптердің графикалық портретін дұрыс түзуіміз керек. Себебі /ә/ әрпін /ae/, /ө/ әрпін /oe/, /ү/ әрпін /ue/, /ш/ әрпін /sh/, /ң/ әрпін /ng/, /ж/ әрпін /zh/ деп алсақ, бірімәнді әріптер (/ә/, /ү/, /ө/, /ш/, /ң/, /ж/) өзінің мәнінен айырылып, болашақта /ә/ әрпіміз /ae/ болып, /ө/ әрпіміз /oe/ болып айтылып кетуі де мүмкін. Ae диграфы қазақтың төл сөздерінде ә әрпінің мәнін берсе, ал орыс тілі арқылы енген кірме сөздердегі э әрпімен келетін сөздер е әрпімен беріледі. Сонда ә әрпі мен аэ (латыншада ae) әріп

тіркестерінің бейнесі және **ө** әрпі мен **оэ** (латыншада **oe**) әріп тіркестерінің бейнесі бір болып шықпай ма? Мысалы: **Ә = АЕ** aeroport – аэропорт aerobika – аэробика aeroaedis– аэроэдис aeroalang – аэроалаң aerovokzal – аэровокзал aerodrom – аэродром taekvando – таэквандо **Ө = ОЕ** biooenimdilik – биоөнімділік //biooeris// – //биоөріс// makroelement// – макроэлемент makroekonomika – макроэкономика makroekozhueje – макроэкожүйе geoeekologia – геоэкология geoeekonomika – геоэкономика audioelektrondykh – аудиоэлектрондық. Егер де, осы сияқты мысалдарды жинай берсек, көптеп кездеседі. Сондай-ақ **sh** диграфымен таңбаланатын **ш** әрпі мен сөз ішінде келетін **sh** (ashana) әріп тіркесінің тұрпаты көзшалымға бірдей болып кетпей ме? асхана – ashana = balshikh – балшық. Сонда асхана сөзі ашана немесе балшық сөзі балсық болып оқылып кетпесіне кіп кепіл? Метатезалық проблема. Қазақ тілінде сөз ортасы позициясында қатар келетін дауысты дыбыстар бар. Мысалы, бәйгеалаң, археолог, ареал, геодезия, география сияқты сөздер. Олардың саны көп. Осы жағынан алғанда /**ae**/ және /**oe**/ диграфтарымен метатезалық проблема туындауы мүмкін. Айталық, baejgealang= /**ae**/ – /**ea**/ archeolog= /**oe**/ – /**eo**/ areal= /**ae**/ – /**ea**/ geodezia= /**oe**/ – /**eo**/ geografia= /**oe**/ – /**eo**/. Сонымен қатар қазақ тілінде сөз ішінде қатар келетін дауыссыз дыбыстарымыз диграфпен тіркесіп, оның тұрпаты бұзылады және тілдің орфоэпиялық нормасы сақталмай кету қауіпі бар. Мысалы, batysshyl (батысшыл), khosshy (қосшы), basshy (басшы), assha (асша), asshajan (асшаян), koeshbasshy (көшбасшы). Берілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, қазіргі орфоэпиялық норма бойынша басшы сөзі [башшы] деп айтылатын болса, ендігі /бассшы/ немесе /басхы/ болып айтылып, ал denggei, dinggek сөздерінде де екпін /g/ әрпіне түсіп, сөздің әуезі бұзылуы мүмкін. Сол сияқты tuengi деген сөзді айтуда да сингармонизм заңдылығы бұзылады. Түнгі деген сөздің құрамында дауысты езулік [e] дыбысы тұрғандықтан, [түңгі] емес /түңі/ болып айтылып кетуі де алаңдатарлық жайт. Мұндай сөздер қазақ тілінде өте көп екені белгілі. Сөз ішінде қатар келген диграфтар да баланың оқылымына, сөзтанымына, оның коммуникациясына әсер етеді. Ғалым Құралай Күдеринованың пікірінше, «түркі жазба тілінің графикалық, орфографиялық ерекшеліктеріне сай сол түркі тілінде жазатын, оқитын адамның санасында көзшалым базасы болады. Егер мәтін сол базаға сәйкес келмесе, коммуникацияға кедергі келеді». Шындығында, batyngkhyra, batyngkhy, alangkhai, tungghiykh, aldyngghy, bakhsha, alakoelengke, zhabyrkhankhy, zhabyngkhy, zhangkha, zhangsakh, tangghy. Берілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, бір сөздің ішінде сөз ортасы позициясында екі диграфтың қатар келуі баланың ойын, оның сөзді тану қабілетін тежейді. Сондай-ақ баланың оқуға деген ынтасы, ықыласы төмендейді. Мысалы, қараңыз. 1-сыныпқа арналған «Сауат ашу» оқулығындағы 11-беттегі мәтінді алайық. Кирил әліпбиінде: Бір Тышқан нан дүкеніне кіреді. Сөреде жаңа піскен бөлкелер үйіліп тұр екен. Тышқан шеткі бір бөлкені кеміре бастайды. Осы кезде күзетші келіп қалады. Тышқан зып беріп тысқа шығады. Бірақ алысқа ұзамайды. "Апырай, қайдан шықты екен осыншама нан?! Біліп алып, шыққан жеріне кірсем, ә!" деп қызығып кетеді.

Тесіктен сақтана сығалайды. – Нан, нан, сен қайдан шықтың? – дейді сыбырлап. – Сатушыдан сұра, – дейді нан. (Мұхамеджан Етекбаев). Кирил әліпбиімен берілген мәтінде 60 сөз, босаралықсыз (пробел) 348 таңба. Латын әліпбиінде: Bir tyshkhan nan duekenine kiredi. Soerede janga pisken boelkeler uejilip tur eken. Tyshkhan shetki bir boelkeni kemire bastaidy. Osy kezde kuezetshi kelip khalady. Tyshkhan zyp berip tyskha shyghady. Birakh alyskha uzamaidy. "Apyrai, khaidan shykhty eken osinshama nan?! Bilip alyp, shykhkhan zherine kirsem, ae!" dep khyzyghyp ketedi. Tesikten sakhtana syghalaidı. – Nan, nan, sen khaidan shykhtyng? – deidi sybyrlap. - Satushydan sura, – deidi nan. (Muhamedzhan Etekbaev). Латын әліпбиімен берілген мәтінде 60 сөз, босаралықсыз (пробел) 388 таңба. Енді екі мәтінде таңба санын салыстырыңыз. Қазіргі таңда ұсынылып отырған латын әліпбиінің жобасы бойынша мәтін ұзақтығын, таңбаның көптігін байқауға болады. Бұл дегеніңіз уақытты алады әрі жазу жағынан тиімсіз. Сөздерге қосымша жалғанғанда диграфтардың көбейіп кететінін байқауға болады. Мысалы, мәтіндегі шыққан сөзін алсақ shikhkhan деп жазылады. Осы секілді сөздер баланың графикалық портретінің қалыптасуын тежейді. Орфографиялық қиындық. Ұсынылған жаңа әліпби бойынша бірнеше орфографиялық қарама-қайшылықтар шығуы мүмкін. Мысалы, кирил графикасына негізделген әліпби бойынша жазылатын және семантикалық қарсылыққа ұшырамайтын сөздер бұл әліпби бойынша семантикалық қарсылыққа ұшырап, сөздің графикалық тұрпаты арқылы мағынаға да әсерін береді. Сонымен қатар қысқарған сөздердің жазылуы, оның қысқа формасы біршама ұзарып, көзшалымға тұрпайы көрінеді. Мысалы, БжҒМ деген қысқартылым BzhGhM түрінде жазылады. Бұл көрсетілген проблемалар арқылы ұсынылып отырған әліпбиді әлі де жетілдіру керектігін көрсетеді. Жапондар мәшинені адамның ыңғайына қарай жасайды, сол сияқты біз де латын негізді әліпбиді адамның, тілдің заңдылығына бейімдегеніміз абзал деп сөзімізді қорытамыз.

«7news.kz» сайты
21 қыркүйек 2017 ж.
<http://7news.kz>

Әлімхан Жүнісбек **ЖАҢА ӘЛІПБИ ҚҰЛДЫҚ САНАДАН ҚҰТҚАРАДЫ**

Латын әліпбиі талқысында, ең алдымен, тіл саласында жүрген мамандардың пікірін білу маңызды. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбекті аз-кем әңгімеге шақырып, Парламентте таныстырылған әліпбидің қандай негізбен жасалғанын сұраған едік.

– Әліпби жасауда басшылыққа алынған негізгі ғылыми принциптер қандай?

– Ең алдымен, бүгінгі күннің басты нәтижесі деп, латын әліпбиіне көшу жұмысының басталып кеткенін айту керек. Көптен күткен шаруамыз да осы болатын, сондықтан «іске сәт» деп, қанағаттанып қуанып та отырмыз. Президент еліміздің болашағы үшін тіліміздің қолданыс аясын кеңейтіп, халықаралық танымалдылығын арттыру үшін халқымызға аса қажет осындай шешім қабылдағанына және оның алғашқы қадамы жасалғанына бек қуаныштымыз. Ендігі жұмыс осы әліпбидің нұсқасын көп болып талқылап, талдап, ең ұтымды үлгіні таңдап алу. Бұдан кейін оның әліппесін, емлесін, ережелерін жасап шығу.

Әліпби ауыстырудың үш деңгейі бар: бірінші – әліпби деңгейі, екінші – таңба деңгейі, үшінші – емле-ереже деңгейі. Егер біз әліпби құрамын өзгертетін болсақ, онда оның аржағындағы таңба және емле-ережелеріне де өзгеріс ендіруіміз керек. Таңбаға өзгеріс ендіретін болсақ, онда оның емле-ережеге әсері қандай болмақ, алдымен соны ойлауымыз керек. Бұл – тіл мамандары мен әдіскерлердің шешетін мәселесі.

Әліпбидің басты ғылыми принципі – қазақ тілінің төл дыбыс құрамын анықтап алу. Сонан соң таңба перцепциялық (естілім) емес, артикуляциялық (жасалым) принципке сүйеніп алынуы керек. Таңба қазақ сөзінің морфем құрамын, буын тұрқын, тасымал ретін бұзбайтындай болу керек. Қазақ сөзінің орфоэпиялық үлгісі ескерілді.

Ол үшін, ең алдымен, қазақ тілінің төл дыбыстарының басын ашып алуымыз керек. Бұл жай ғана айтыла салған сөз емес. Болашақ қабылданатын латын әліпбиінің негізі де осы төл дыбыстарымыз болуы керек. «Төл дыбыстарымыз» дегенді босқа айтып отырғаным жоқ. Кирил негізді әліпбиімізді қазақ әліпбиі деп айтудың өзі жөнсіз. Себебі бүгінгі әліпбиіміз «қазақ-орыс» әліпбиі болып отыр, тіптен дұрысын айтқанда «орыс-қазақ» әліпбиі десе де болады. Мұны орыс тілі мен оның әліпбиіне қарсылық деп түсінбеу керек. Әңгіме басқада, төркіні бөлек орыс әліпбиі мен оның емле-ережесін қазақ тіліне әкеліп тықпалағандығымызда болып отыр. Атап айтсақ, орыс тілінің и, у, я, ю, щ таңбаларын қазақтың төл сөздерінің жазылымына ендіріп жіберген. Осы уақытқа дейін «орыс тілінде қалай жазылса, солай жазу керек, орыс тілінде қалай айтылса, солай айту керек» деген қағиданы ұстанып келе жатқанымыз бәрімізге белгілі. Бұл – 1957 жылы қабылданған өктем саясаттың жемісі. Ендеше, төл дыбыстарымызды түгендеп алуға кедергі болып отырған қандай дыбыстар мен таңбалар бар, соған тоқталайық. Сөзіміздің басында жазу үлгімізге орынсыз еніп кеткен деп и, у, я, ю, щ таңбаларын атадық. Енді осы таңбалардың дыбыс мәніне келейік (оның екі үлгісін ғана сөз қылайық):

И таңбасы ый және ій екі жұп дыбыс тіркестерінің белгісі, ендеше, дауысты и деп жүргеніміз дыбыс емес, таңба екен. Мысалы, ми емес, мый, тиын емес, тыйын, тиін емес, тійін т.б. Ендеше, латын әліпбиіне mj деп емес, muj деп, tjup деп емес, tujup деп, tjjn деп емес, tiujn деп көшіруіміз керек. У таңбасы ұу және үу екі жұп дыбыс тіркестерінің белгісі, ендеше, дауысты у

деп жүргеніміз дыбыс емес, таңба екен. Мысалы, су емес, сұу, суық емес, сұуық, сурет емес, сүүрет т.б. Ендеше, латын әліпбиіне sw деп емес, suw деп, swuq деп емес, suwuq деп, swret деп емес, suewret деп көшіруіміз керек. Сонда қазақ тілінің үндесім әуезі, морфем құрамы, буын тұрқы, тасымал реті сетінемей, дұрыс жазу болып шығады.

Осы жерде w таңбасына арнайы тоқтала кеткен жөн. Өйткені көпшілік бұл таңбаны дауысты дыбыс деп түсініп, дауыстының орнына жазып, қателесіп жүр. Оның үстіне кешегі Парламент қараған жобада w таңбасының дауыссыз дыбысқа қатысты екені белгіленбеген екен, ол кемшілік жөнделді, кирил баламасының тұсына дауыссыз екені көрсетілді.

– Жаңа әліпби жасауда әліпби түзудің халықаралық стандарты ескерілді ме?

– Әрине, жобада пайдаланылған таңбалардың бәрі «Халықаралық фонетикалық әліпби» құрамынан алынып отыр. Олардың артикуляциялық сипаттамасы анықталған, транскрипциясы берілген. Түрленім үлгілеріне дейін академиялық еңбектерімізде көрсетілген. Басқаша айтқанда, дыбыстың жасалымына сай (артикуляциясына) таңбалар алынды. Бұл әлем тілдерінің бәріне ортақ ұстаным (принцип) болып табылады. Сондықтан әліпби құрамында халықаралық стандарттан шығып кететін еш нәрсе жоқ.

Мұның сыртында халықаралақ атау/терминдердің жазылымына арналған таңбалар тағы бар. Олардың таңбалары халықаралық үлгіде дайын, әлемдегі тілдердің бәрі сол үлгіні ұстанады. Біз де алысқа бармай-ақ, сол үлгіні қабылдаймыз, арнайы таңба іздеп әуре болмаймыз. Бұл орыс, араб, қытай, жапон т.б. тілдердің қолданысындағы үрдіс. Қазақ тіліндегі кірме сөздер деп жүргеніміздің бәрі орыс тілінің айтылым үлгісіндегі сөздер. Ал шын мағынасындағы халықаралық сөздерді (орыс тілінің айтылым үлгісіне икемдемей) сол өз латын үлгісіндегі жазылымын ала салуға болады. Күнделікті шет тілін көріп-тыңдап, оқып-жазып жүрген балаға да, ересекке де оның еш қиындығы жоқ. Қайта оқу-әдістемелік тұрғыдан ұтымды болып шығады.

– Жаңа әліпби кирил әліпбиіндегі олқылықтарды жоя ала ма?

– Латын әліпбиіне көшу барысындағы шараны жазу реформасына айналдырудағы мақсатымыз да сол кирил әліпбиінің тілбұзар ықпалынан арылу болып табылады. Атап айтқанда, қазақ әліпбиі бұрынғыдай құранды емес, таза төл дыбыстар болып түзіледі, қазақ сөзінің үндесім (сингармонизм) әуезіне нұқсан келтірмейтін болады, қазақ сөзінің морфем құрамы дұрыс сақталатын болады, қазақ сөзінің буынға бөлу реті орнына келеді, соның нәтижесінде тасымал сетінемейтін болады. Осы аталған жайттардың бәрі бүгінгі кирил мәтінімізде қазақ тілінің өзіндік заңдылықтарын бұзып болған еді. Фонетика-грамматикалық ережелеріміз тіл табиғатымен үйлеспей, жаттанды күйге түскен болатын. Оқу-әдістемелік құралдар түсінікті ережелермен толығыады, басы артық 40-тан аса емле-ереже жойылады. Ол үшін қазіргі кирил мәтінімізге «әліпби транскрипция» жасап алуымыз керек. Кірме таңбалардың орнына олардың қазақ тіліндегі дыбыс мәнін қойып алуымыз керек. Содан кейін барып латын әліпбиімен таңбалай

бастауға болады. Егер қазақ мәтінін қазіргі кирил күйінде латынша таңбалайтын болсақ, онда жазуымызды одан әрі бүлдіріп аламыз.

– **Жаңа әліпби техника тіліне қаншалықты икемді?**

– Әліпби нұсқасын құрастырғандағы мақсат осы болатын. Пернетақтадағы 26 таңбадан шығып кетпеу керек еді. Әліпби осы талапқа толық жауап береді. Қосымша таңба мен қосалқы (умлаут, апостроф т.б.) белгілер қарастырылмаған. Арнайы бағдарлама да (программа) қажет емес.

– **Жаңа әліпбидегі «і» әрпі қазақ тіліндегі «і» дыбысымен алынды. Ал «Ff» әрпін «ғ» дыбысымен таңбаласақ қалай болады? Болса да «і» әрпін өз тілімізге қарай бейімдеп тұрмыз ғой.**

– Жазу дәстүрі мен жазу теориясы деген бар, қалыптасқан дәстүрді бұзуға болмайды. Өйткені «Ff» таңбасының қалыптасқан көз бейнесі бар, оны «ғ» таңбасымен үйлестіре қою қиын. Оның үстіне қатаң дыбыстың таңбасымен ұяң дыбысты белгілеуге тағы болмайды. Сондықтан дыбыс таңбасын қалай болса солай еркін ала беруге болмайды. Әліпби түзуде таңбалардың сыртқы бейнесі маңызды емес. Әліпби түзуде мұндай ұстанымдардан аулақ болдық.

– **Қазіргі X мен H арқылы айтылып жүрген сөздердің қ-мен келетін тұстары да болады. Мәселен, қазір «рахмет» демей, «рақмет» деп жазып жүрміз. Сонда осы x мен h дыбысына латын әліпбиіндегі қ дыбысының таңбасын берсек болмай ма? Оның үстіне әліпбидегі әріптер саны азаяр еді.**

– Дұрыс айтасыз. Біздің де көкейімізде жүргені – осы мәселе. Бұған өзіміздің академиялық еңбектерімізде мұның негіздемесін де берген болатынбыз.

Қазақ тілінде (жалпы, түркі тілдерінде) көмейден айтылатын дыбыс жоқ. Бұл – араб дәстүрімен келіп қалған үрдіс. Кітаби тілдің әсері болып табылады. Шын мәнінде, h-тың орнына қазақтар «қ» дыбысын қолданады. X таңбасының да жағдайы осындай, ешбір қазақ хат, хабар деп сөйлеп жатпайды, қат, қабар деп сөйлеу тіптен әдеби норма болып табылады. Егер хат, хабар деп сөйлейтін болса, онда оған алдын ала артикуляциялық дайындық жасап барып айтады. Артикуляциялық дайындық жасады деген сөз ол сол сөздің шет тілдік екенін көрсетеді. Алайда «қ» деп жазғанға қарсылар көп, сондықтан әзірге теориялық деңгейде ғана сөз етіп келеміз. Қарсы болатын адамдар өздерінше көмейден «h» дыбысын, жуысыңқы етіп «x» дыбысын айтқан болады. Бірақ өздерінің «h» дыбысын тілшік арқылы, «x» дыбысын тілшік тоғысыңқы етіп айтып жатқандарын сезбейді. Сондықтан әзірге әліпбиден алып тастауға батылымыз бармай отыр. Бірақ түбі ол дыбыстардың емес, таңбалардың әліпби тізбегінен шығып қалатын сәті келеді.

– **Диграфпен берілген төл дыбыстар сөздік қорда біршама қолданылады. Мәтіндер көлемі минимализм емес, максимализмге ауысып, шұбалаңқы болып кетпей ме?**

– Жалпы, диграфтар таңбаның сыртындағы қосалқы белгілерден арылту үшін алынған еді. Оның артықшылығы да, кемшілігі де бар.

Кемшілігі, сөз жоқ, мәтін көлемін арттырып жібереді. Алайда диграфпен берілген дауысты дыбыстар қазіргі емле-ереже тәртібі бойынша бас буында ғана жазылып жүр. Ал дауыссыздар аса көп емес. Сондықтан көбейіп кетсе де, тіптен артып кетпес деп ойлаймыз. Диграфты пайдалану тәжірибесі көптеген елдерде бар, одан олар аса қиындық пен шығын көріп жатқан жоқ. Сондықтан мәтін көлемін уайымдап, диграфтардан қашпайық. Диграф та әліпби құрастырудың бір амалы ғой.

– Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне тән дыбыстарды диграфпен бергеннен гөрі диакритикамен берген тиімді емес пе?

– Әрине, диакритика да әліпби құрастыруда кеңінен пайдаланылатын амалдар. Сондықтан оны да пайдалануға болатын еді. Әзірге авторлар диграфқа тоқтап тұр. Диакритика жағы да әлі есте тұр. Өйткені әліпбидің бұл нұсқасы бекітілгенге дейін талай өзгерістер болуы мүмкін. Көпшілік талқысынан қандай ұсыныстар келеді, ол жағы әлі белгісіз.

Ал компьютер терімі жағынан диакритика пайдаланудың диграфтан артықшылығы жоқ. Себебі диакритика да бір таңба, диграфтың сыңары да бір таңба. Қол жұмсау жағынан тең түсіп жатады. Диакритиканы да бір рет басады, диграфты да бір рет басады. Сондықтан бірінен-бірі артық дей қоятын жағдай жоқ. Әліпби сараптау қалай аяқталады, соның ақырын да күткен жөн.

– Н мен г дыбыстары қатар келген сөздердің қалай жазылғаны дұрыс? Мұны жазу барысында қиындықтар туындамай ма?

–Н дыбысының жазылымын да қатты ойландық және Н-ты қосып таңбалап көрдік. Ол жағы көпшілікке ұнамады. Бәрінің ұсынысы оның халықаралық үлгісіне келіп тірелді. Сондықтан нг нұсқасын алдық. Бірақ қазақ тілінде бұл дыбыс қатысатын сөз көп, оның үстіне жазылымы бірдей, айтылымы өзгеше сөздер де аз болмай шықты. Мұның өзі жазуда да, сөйлеуде де қиындық тудыратыны сөзсіз. Дегенмен осы үлгіге тоқтап отырмыз, әрі қарай талқылау барысында қалай болатынын көре жатармыз.

Жоғарыдағы айтылғандарға қосарым, бұл таныстырылған нұсқа әлі жоба күйінде. Қазір бәріміз бұл нұсқа жөнінде сан алуан пікірді теледидардан, интернет ресурстардан көріп, оқып жатырмыз. Бұл жақсы ой. Халықтың мәдениетіміздің алтын арқауы – әліпбиімізге бей-жай қарамайтынын байқадық. Бұл – еркіндіктің, айналайын тәуелсіздігіміз сыйлаған азаттықтың арқасы. Мамандар халықтың пікірін біліп, оларды жинастырып, сараптап, жүйелеп отыр. Ғылыми негізі бар пікірлер міндетті түрде ескеріледі. Бастысы – жаңа әліпби қабылдауға бетбұрысты батыл, шешімді қадам жасалғаны. Енді көп болып соны ұғынайық, атсалысайық!

– Әңгімеңізге рақмет.

Айсәуле Аманбаева
филология ғылымдарының кандидаты
**ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ
ӘЛІПБИІНІҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ**

Қазіргі таңда Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселесі жан-жақты қарастырылып, 2025 жылға дейін толықтай көшіру жоспарланған болатын. Елбасы өз мақаласында «...қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» – деп қазіргі жаһандану заманында кейінгі ұрпақ жастарымыздың білімінің кеңейіп, ғылыми жетістіктерге қол жеткізу үшін өте қажет екендігін баса айтады. Бұл еліміздегі жастарды әлемдік ғылым мен білімді игеруге бағыттап жатқан оң шешім болса керек. Сондай-ақ Елбасы осыған дейін латынға өткен Түркі елдері Түркия, Әзербайжан, Өзбекстанның тәжірибесіне де сүйену қажеттілігін, ондағы кемшіліктер мен жетістіктерді саралау керектігін алға тартады.

Латын әліпбиіне көшу мәселесі алғаш рет еліміз егемендік алған тұста, яғни 1991 жылы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының негізін қалаған қоғам қайраткері, белгілі тілтанушы ғалым, Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі Ә.Қайдардың мақаласынан бастау алды. Академик ғалым Елбасына Ашық хат жолдап, еліміз латын әліпбиіне көшу керектігін айтып, өз жобасын ұсынады. Сол кезден бастап латын әліпбиіне байланысты әртүрлі ой-пікірлер айтылып жатты. Қарсы болғандары да бар. Әрине латын әліпбиіне көшу мәселесі оңай шаруа емес. Өйткені тілдің заңдылықтарын ескере отырып, халыққа тиімді әліпби ұсыну және оны жүзеге асырудың жолын қарастыру үшін көптеген білім мен ізденіс қажет.

Латын әліпбиі жазу арқылы жүзеге асатындықтан, жазу теориясын меңгерген маман ғана тілдің ішкі қатпарларын түсініп, жоба құрастыра алары анық. Осы орайда жазу теориясы жайында жазылған Қ.Күдеринаның «Түркі тілдерінің әліпбиі мен емле тарихы» атты еңбегін атап өтуге болады. Ғалым «Жазу – адамзаттың ұлы мәдени құндылықтарының қатарына жататын, өркениет дамуының құрамдас бөлігі. Адамзат мәдениетінің өркениетке аяқ басуы дыбыстық жазу типінің пайда болуынан басталса, өркениеттің әлеміетке ұласуы жазба коммуникацияның, жазба тілдің жоғары даму сатысына жеткенінен хабар береді. Жазу кеңістігі ұлғайғаны соншалық, оны жазу және өркениет, жазу – ұлт, жазу мен ойлау сияқты іргелі ұғымдар оппозициясында қарауға болады» – деп ой қорытады. Яғни жазу арқылы халықтың ой-санасы дамып, өркениетке аяқ басады.

Сондықтан латын жазуын жүзеге асырғанда, қазіргі кезенді ғана ойламай, болашақ ұрпақтың сауатты жазуына, әлемдік деңгейде бәсекелесе алатындай дәрежеде болуына мән берген жөн.

Біз қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру дегенді ағылшынның әріптерін қоя салу деп түсінбей, өз тіліміздің табиғатын сақтайтындай етіп жасағанмыз дұрыс. Ол үшін әрбір графеманың тілдегі қызметін терең түсіне отырып, тіліміздің әуені мен әуезін бұзбайтындай етіп, халыққа тиімді әрі оңай игеретіндей әліпби жасауымыз қажет. Біз тілімізді компьютерге емес, компьютерді тілімізге икемдегеніміз жөн.

2014–2016 жылдар аралығында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының тілтанушы-ғалымдары латын әліпбиіне байланысты бірнеше жоба ұсынды. 2016 жылы үш латын әліпби жобасы бойынша ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындары студенттері арасында сауалнама таратылып, эксперименттік зерттеу жүргізілді. Бұл жобалардың екеуі лингвистикалық бағыттағы жобалар болса, ал біреуі техника мамандарының жасаған әліпби жобасы болатын. Зерттеуге 250 респондент қатыстырылып, олардың қай әліпбиді қолдайтындығы, яғни қайсы жобаның оқуға, түсінуге жеңіл болатындығы сарапқа салынды. Нәтижесінде «Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау» атты еңбек жарық көріп, зерттеу барысында лингвистикаға негізделген әліпби-жобасының тиімді екендігі белгілі болды. Яғни респонденттердің басым бөлігі диграфпен жазудың қиын екендігін, сөзіміздің шұбалаңқы болып созылып кететіндігін айтқан болатын. Шындығы да сол. Өйткені әліпбиді мектеп табалдырығын аттаған бала мен қартайған кісілерге дейін қолданып, білімін жетілдіреді. Сондықтан латынға көшпес бұрын әбден зерттеп, қиындық келтірмейтін жағын ойлаған жөн.

Жалпы жобаларды лингвист маман ретінде сарапқа салар болсақ, үкіметке ұсынылған бірінші әліпби – лингвистикалық жоба. Бұл жоба 32 таңбадан тұрады, онда қазақ тілінің табиғатын сақтау қажеттілігі ескерілді. Яғни бір дыбысқа бір әріп таңбасы. Барлығы – 32 таңба. Аа–Аа, Әә – Ää, Бб – Bb, Вв – Vv, Гг – Gg, Ғғ – Ğ ğ, Дд – Dd, Ее –Ee, Жж – Jj, Зз – Zz, Йй –Yy, Кк – Kk, Ққ – Qq, Лл – Ll, Мм – Mm, Нн – Nn, Ңң – Ŋŋ, Оо – Oo, Өө – Öö, Пп – Pp, Рр – Rr, Сс – S s, Тт – Tt, Уу – Ww, Ұұ/Уу – Uu, Үү – Ü ü, Фф – Ff, Хх –Hh, Шш – Şş, Ыы –Iı, Іі –Ii, Чч –Cç. Осы жоба аясында бірнеше тілдік деректерді пайдалана отырып, ұтымды тұстары мен кемшілігін көрсетуімізге болады. Мұнда 26 дыбыс таңбасы Аа, Bb, Vv, Gg, Dd, Ee, Jj, Zz, Yy, Kk, Qq, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Rr, Ss, Tt, Ww, Uu, Ff, Hh, Iı, Ii. Cç лингвистикалық тұрғыдан дәйектелген, ешқандай дау тудырмайды, ал бесеуі диакретикалық таңба арқылы берілген (ä, ğ, ö, ü, ş, ŋ). Онда диакретикалық таңба дыбыстың жуан немесе жіңішкелігіне байланысты қойылған. Яғни оқыған немесе жазған адамның санасында дыбыстардың жуан немесе жіңішкелігі жатталып қалып, тез түсінеді және үйренуіне оңай болады. Мәселен, а-а – ә-ä, г-g – ғ-ğ, о-о – ө-ö, ұ-u – ү-ü, с-s, ш-ş. Мысалы: *әңгіме – ängime, әліпби – älipby, әріп – ärip, дәстүр – дәstür, әскер – äsker, дәм – däm, әнші – änşi, атакәсіп – atakäsip, дәреже – дәreje, өнеркәсіп – önerkäsip,*

әлжуаз – *äljwaz*; гажайып – *ğajayıp*, галамиар – *ğalamşar*, гарышкер – *ğarışker*, дағдарыс – *dağdarıs*, данышпан – *danışpan*, даңғаз – *dañğaza*, дағдарыс – *dağdarıs*; дереккөз – *derekköz*, өкілдік – *ökildik*, көрсету – *körsetw*, көбелек – *köbelek*, өнер – *öner*, сөз – *söz*, дөңгелек – *döñgelek*; үй – *üy*, үстел – *üstel*, үйірме – *üyirme*, күлкі – *külki*, дүниежүзі – *düniejüzi*, дүниеқоңыз – *dünieqoñız*, ержүрек – *erjürek*; жабдықтаушы – *jabdıqtawşı*, жазбаша – *jazbaşa*, жарғыш – *jarğış*, жарықсүйгіш – *jarıqsüygiş*, жауапкершілік – *jawapkerşilik* т.б. Бұл әліпбидің жақсы жағы – ықшам әрі түсінікті. Әсіресе бала жазғанда қиналмайды.

Ал екінші әліпби ағылшын клавиатурасына негізделген 24 әріптен тұратын техника мамандарының интернет жобасы. Бұл жоба 24 әріптен және 8 диграфтан (қостаңба) тұрады. **Негізгі әріптер** – Аа – Аа, Бб – Bb, Вв – Vv, Гг – Gg, Дд – Dd, Ее – Ee, Зз – Zz, Йй – Jj, Кк – Kk, Ққ – Qq, Лл – Ll, Мм – Mm, Нн – Nn, Оо – Oo, Пп – Pp, Рр – Rr, Сс – Ss, Тт – Tt, Уу – Ww, Ұұ/Уу – Uu, Фф – Ff, Хх – Hh, Ыы – Yu, Ии /Іі – Ii. **Диграфтар** – Әә – Ae ae, Өө – Oe oe, Ү ү – Ue ue, Ч ч – Ch ch, Ғ ғ – Gh gh, Ң ң – Ng ng, Ш ш – Sh sh, Ж ж – Zh zh.

Бұл әліпби біздің қазақ балалары үшін ыңғайлы және тиімді бола ма дейтін болсақ, мәселен, Аа, Bb, Vv, Gg, Dd, Ee, Zz, Jj, Kk, Qq, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Rr, Ss, Tt, Ww, Uu, Ff, Hh, Yu, Ii әріптері лингвистикалық тұрғыдан ешқандай дау тудырмайды, ал қос әріп таңбасымен берілетін диграфтар жайында ойлану керек. Өйткені бұл әліпбиде 8 диграф бар. Бұл дегеніміз өте көп. Әсіресе бұл диграфтар бір сөзде кездескенде сөздің тұрқы бұзылып, ұзарып кетеді. Мысалы: *Алтыншаш – Altynshash*, *әңгіме – aenggime*, *көңілді – koengildi*, *рухани жаңғыру – ruhani zhangghyru*, *әліпби – aelipbi*, *әріп – aerip*, *дәстүр – daestuer*, *әскер – aesker*, *дәм – daem*, *әнші – aenshi*, *атакәсіп – atakaesip*, *дәреже – daerezhe*, *өнеркәсіп – oenerkaesip*, *әлжуаз – aelzhuaz*; *гажайып – ghazhajyp*, *галамиар – ghalamshar*, *гарышкер – gharyshker*, *дағдарыс – daghdarys*, *данышпан – danushpan*, *даңғаз – dangghaza*, *дамушы ел – damushy el*; *дереккөз – derekkoez*, *өкілдік – oekildik*, *көрсету – koersetu*, *көбелек – koebelek*, *өнер – oener*, *сөз – soez*, *дөңгелек – doenggelek*; *үй – uej*, *үстел – uestel*, *үйірме – uejirme*, *күлкі – kuelki*, *дүниежүзі – dueniezhuezi*, *дүниеқоңыз – duenieqonguz*, *ержүрек – erzhuerek*; *жабдықтаушы – zhabdyqtawshy*, *жазбаша – zhazbasha*, *жарғыш – zharghysh*, *жарықсүйгіш –*

«Казахстанская правда» газеті
27 сентября 2017 г.
<http://www.kazpravda.kz/>

Зейнеп Базарбаева
член-корреспондент НАН РК, доктор филологических наук
КАЗАХСКАЯ ЛАТИНИЦА: ОПЫТ И ПЕРСПЕКТИВЫ

После публикации программной статьи Главы государства о модернизации общественного сознания, где говорится о поэтапном переходе казахского языка на латинскую графику, в научных кругах начались бурные обсуждения способов передачи казахских фонем латинскими буквами.

На конференциях и заседаниях «круглого стола» высказываются различные мнения. Все доклады и выступления сосредоточены вокруг главной проблемы – нахождения оптимальных путей и способов перехода казахского языка на латиницу. Трудность ее решения состоит в том, чтобы передать все существующие фонемы (звуки) казахского языка ограниченным числом букв латинского алфавита.

Из истории письма известно, что в европейских языках, несмотря на различный звуковой состав, за основу был взят латинско-римский алфавит. В результате заимствования алфавита классической латыни возникло несоответствие между фонемным (звуковым) и буквенным составом языков народов Западной Европы. Так, в современных европейских языках фонем намного больше, чем графем: во французском языке насчитывается 35 фонем, в английском 44. Для передачи всего этого фонемного многообразия современный латинский алфавит имеет всего лишь 26 букв (6 гласных и 20 согласных).

Такой разрыв между звуковой системой и письмом объясняется тем, что фонетическая система языков находится в постоянном развитии. Звуковой состав обогащается под влиянием внешних (смежная культура, новые понятия, заимствованные слова) и внутренних (процессы фонологизации, дивергенции и конвергенции фонем) факторов. Кроме того, системы письма этих народов подолгу не переживали крупных орфографических реформ. Многие буквы пишутся, но не произносятся (например, «немое е» в конце французских слов); другие произносятся по-разному, в зависимости от их места в слове; для передачи одних и тех же звуков применяются разные буквы и буквосочетания.

Историко-традиционное письмо на латинской основе отстает от развивающейся звуковой системы, требует реформирования с целью приближения к современным литературным языкам. Такое отстающее от современного языка развитие письма многих европейских народов обусловлено несколькими обстоятельствами. Во-первых, параллельно с национальными языками и системами письма у этих народов в продолжение всего средневековья применялись мертвый латинский язык и письмо, оказавшие тормозящее влияние на развитие национальных письменных систем.

Во-вторых, в течение всего раннего средневековья сильно сказывалось воздействие католицизма, не признававшего другого письменного языка, кроме латинского, а также влияние консервативных научных кругов, воспитанных на классической литературе, гордившихся своей античной образованностью и считавших приближение письма к народному языку вульгаризацией. Это, в свою очередь, обуславливало консервативную

государственную политику в отношении письма, особенно характерную для Франции и Англии.

В-третьих, разрыв между письмом и речью постепенно настолько усилился, что для его ликвидации потребовались бы уже не отдельные реформы, а коренная перестройка письма, которая была предпринята Яном Гусом в реформировании чешского письма, Матьяшем Деваи – венгерского, Иваром Осеном – норвежского.

Следует заметить, что не все 26 латинских букв сохранились в европейских алфавитах. Например, в восточноевропейских языках (польском, латышском, литовском, эстонском и других) некоторые латинские буквы (w, x или y) отсутствуют. Поэтому основной буквенный состав этих алфавитов еще более ограничен.

Все это обусловило необходимость широкого применения в европейских системах письма надстрочных и подстрочных диакритических знаков, а также двух-трехбуквенных сочетаний. Диакритические знаки обычно применяются для уточнения или изменения основного звукового значения латинских букв (например, ö, ü, ä в немецком, турецком, азербайджанском письме). Двух-многобуквенные сочетания служат для передачи звуков, не передаваемых латинскими буквами (например, sch, ch, sh для обозначения ш в немецком, французском и английском языках).

В языках с ранним становлением письма на латинской основе (английской, французской, итальянской) ни многобуквенные сочетания, ни диакритированные буквы в состав алфавитов не включаются и рассматриваются лишь в правилах орфографии. В большинстве же восточноевропейских языков (чешском, польском, венгерском, финском, румынском и других), а также в турецком, азербайджанском, которые позже перешли на латиницу, диакритированные буквы, а иногда и двухбуквенные сочетания входят в алфавиты наряду с основными латинскими буквами. В связи с этим количество букв в этих алфавитах различно.

Применение диакритики и многобуквенных сочетаний создает возможность точнее передавать звуковой состав языка. В то же время слишком широкое использование этих приемов (в особенности многобуквенных сочетаний) очень затрудняет как обучение письму, так и сам процесс. Положение усугубляется тем, что одни и те же диакритические знаки (например, «трема» во французском и немецком письме), многобуквенные сочетания и даже некоторые основные буквы латинского алфавита (например, C, V, U) получили в различных системах письма неодинаковое значение.

Ближе к современному литературному языку орфография немецкой, финской, чешской, польской, литовской, венгерской, шведской, норвежской и некоторых других европейских систем письма, переживших крупные реформы, связанные с религиозно-реформаторским и национально-освободительным движением. Орфография этих народов построена применительно к их современным литературным языкам, и вследствие ограниченности латинского алфавита для обозначения национальных

специфических звуков были добавлены дополнительные буквы, образованные в большинстве случаев посредством диакритических знаков. Поэтому их алфавиты насчитывают от 29 до 40–42 графем.

В шведском, финском, норвежском языках 29 букв, немецком – 30, румынском и молдавском – 31 буква, польском, литовском и эстонском – 32, латышском – 33, венгерском и чешском – 40 и 42. Например, современный алфавит немецкого языка состоит из 26 букв основного латинского алфавита с добавлением 3 умлаутных знаков (Ää, Öö, Üü) и одной лигатуры ß. Умлаутные аллофоны основных фонем, избавившись от позиционной зависимости, превратились в самостоятельные фонемы, получив свое буквенное обозначение.

Из восточноевропейских языков для примера можно взять латышский. В нем из основного состава латинского алфавита отсутствуют 4 буквы (Q, W, X, Y), зато для передачи своих звуков добавлены еще 11 букв (Āā, Čč, Ēē, Ģģ, Īī, Ķķ, Ļļ, Ņņ, Šš, Ūū, Žž), образованных с помощью надстрочных и подстрочных диакритических знаков. Таким образом, латышский алфавит насчитывает 33 буквы.

Турецкий алфавит состоит из 29 букв. Из основного состава латинского алфавита изъяты 3 буквы (Q, W, X), но добавлены 6 (Çç, Ğğ, İi, Öö, Şş, Üü). Исконно турецкие звуки образованы с помощью надбуквенных и подбуквенных диакритических знаков. Мягкость гласных, как в немецком языке, передается с помощью диакритического знака умлаут, дополнительные согласные звуки образованы посредством надбуквенных (бревис) и подбуквенных (седиль) диакритических знаков.

Из тюркоязычных стран СНГ наиболее успешно на латинскую графику перешел азербайджанский язык. Его алфавит состоит из 32 букв. К основному латинскому алфавиту добавлены 7 национальных букв (Çç, Şş, Ğğ, İi, Öö, Əə, Üü), с изъятием только буквы W. Узбекский язык два раза переходил на латиницу. Сначала их национальные звуки передавались посредством диакритических знаков по примеру восточноевропейских, турецкого и азербайджанского языков, затем они приняли интернет-алфавит из 26 букв.

Казахский, узбекский и азербайджанский языки относятся к трем группам тюркских языков. Казахский – к кыпчакской, азербайджанский – к огузской, узбекский – к карлукской. Два родственных нам языка приняли алфавиты на основе разных принципов. Если азербайджанский язык пошел по традиционному пути, то узбекский язык выбрал алфавит, основанный на 26 буквах клавиатуры компьютера. Какой же алфавит приемлем для казахского языка?

Еще в начале 90-х годов прошлого столетия с обретением Казахстаном независимости данная идея дискутировалась в СМИ. В 1992-м в Турции состоялся конгресс тюркских народов бывшего СССР. Одним из основных вопросов повестки дня был переход письменности тюркоязычных народов на латинскую графику. Члены делегаций с энтузиазмом восприняли эту идею. Наш Институт языкознания представлял академик Абдуали Кайдар, который

затем подготовил первый проект казахского алфавита на основе латинской графики.

К настоящему времени накопилось множество проектов. На основе их анализа Институт языкознания им. А. Байтурсынова предложил два вида проектов – лингвистический и интернет-проект. В первом за основу берут фонетический состав казахского языка и ищут пути обозначения «лишних» фонем с помощью дополнительных знаков из системы латиницы. То есть 26-буквенный состав латинского алфавита пополняют несколькими диакритизированными буквами, необходимыми для передачи национальных звуков. Во втором проекте казахский алфавит передается 26 буквами латинского алфавита, которые находятся на клавиатуре компьютера. Национальные звуки обозначаются посредством диграфов (сочетания букв).

У обоих проектов есть достоинства и недостатки. Достоинствами лингвистического проекта является то, что каждому звуку в фонетической системе национального языка определена отдельная графема: выдержан принцип «один звук – одна буква». В системе алфавита данного проекта нет диграфов и триграфов, что облегчает процесс чтения и письма.

Однако для национальных специфических звуков вводятся дополнительные надбуквенные – для гласных умлаут (Ä, Ö, Ü), для согласных бревис (Ġ) и подбуквенные – для согласных седиль (§) диакритические знаки, а также берутся буквы из расширенного латинского алфавита – I, J. Требуется специальная программа в системе Интернета (меняется клавиатура компьютера) для передачи дополнительных букв.

Интернет-проект не требует специальной программы в системе Интернета, так как базируется на традиционной латинице, состоящей из 26 букв. Не вводятся дополнительные диакритические знаки. Без технических трудностей можно обмениваться информацией с любой точкой земного шара. Он облегчит изучение английского языка. Это его несомненные достоинства. Однако за неимением специальных букв 7 звуков (э, ө, ү, ж, ғ, ң, ш) передаются диграфами. Гласные э, ө, ү передаются как ae, oe, ue. Согласные ғ, ж, ң, ш обозначаются диграфами gh, zh, ng, sh. Использование сочетаний букв для обозначения звуков не отвечает принципу экономии в языке и порождает некоторые трудности в чтении и письме.

На парламентских слушаниях был предложен интернет-алфавит. Теперь начинается обсуждение. Многие не приемлют диграфы, так как в кириллическом алфавите один звук обозначался одной буквой. Если сравнить данный проект с французским или английским письмом, то здесь прослеживается система: к согласным добавляется h, к гласным e. В английском и французском языках нет никакой системы. Один звук может передаваться диграфом, иногда триграфом или одной буквой.

Молодежи, а также знающим иностранные языки освоение такого письма не представляет трудностей. Звучат предложения по обозначению мягких гласных с помощью апострофа или заимствованию немецкой клавиатуры компьютера, где мягкие гласные обозначаются через диакритические знаки. Все поступающие отзывы и предложения будут

учтены, и до конца года будет принят окончательный вариант казахского языка на основе латинской графики.

*«Астана» телеарнасы,
«Біздің уақыт» бағдарламасы
14 қазан 2017 жыл
<http://www.astanatv.kz>*

Әлімхан Жүнісбек

филология ғылымдарының докторы, профессор

ЛАТЫН ӘЛІПБЕСІНІҢ ЖАҢА НҰСҚАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Апта басында Мемлекет басшысына қазақ әліпбиінің латын қарпіндегі жаңа жобасы көрсетілді.

Нұрсұлтан Назарбаев, Қазақстан Республикасының Президенті:

Әлемнің бір де бір мемлекеті өзінің әліпбиін енгізуде барлық халықпен ақылдасқан жоқ, біз сияқты. Талқылауға барлық өңірлер, қоғамының барлық топ өкілдері қатынасты. Президент әкімшілігіне 300-ден астам үндеу мен ұсыныстар келіп түсті. Қабылдайын, шешейін деген нәрсеміз – бұл үлкен тарихи шешім. Тілсіз ел болмайды, Мемлекет болмайды. Сондықтан өзіміздің мәңгілік тілімізді жасау – біздің пешенемізге жазылған зор бақыт. Ол Тәуелсіздіктің арқасы!

Мемлекеттік тілді латын қарпіне көшіру жөніндегі жұмыс тобының мүшелері таныстырған нұсқада диграфтар жоқ. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне тән дыбыстар дәйекші белгілер – апострофтармен бейнеленген. Диграфтарға көпшілік қарсы болған... Жұмыс тобының мүшелері дайындаған нұсқасын түсіндіріп жатыр. Мысалы, нұсқада «ю» мен «я» дыбыстарының неге жоқтығын.

Әлімхан Жүнісбек: «Я» дегеніңіз – қазақтың екі дыбысының тіркесі. Ал енді «ю» дегеніңіз – қазақтың үш дыбысының тіркесі. Сондықтан алдағы уақытта әдістеме, оқулық арқылы түсіндіре отырып, осылай таратып жазатын боламыз. Сонда қазақ тілінің буын құрамы бұзылмайды. Үндестік әуезі, морфема құрамы бұзылмайды.

Апострофтардың қайсібіріне – әріп шекесіне үтір қоюға да қарсылар бар. Дәйекті аргументтері бар. Мәселе – талқылаудың жалғасуында болса керек. Әйтсе де Президенттің тапсырмасы бойынша, қазақ әліпбиінің латын графикасындағы біріңғай стандартты жылдың соңына дейін қабылдау керек...

«Қазақстан» телеарнасы,
1-студия бағдарламасы
15 қазан 2017 жылы
<https://youtu.be/JlcTxbeOK1k>

ҰСЫНЫЛЫП ОТЫРҒАН ӘЛІПБИМЕН ӘЛІ ДЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕРЕК

Осы аптада Елбасының назарына латын әліпбиінің жаңа нұсқасы ұсынылған болатын. Осыған орай бүгінгі «1 Студия» саяси ток-шоуы да «Латын әліпбиі – ұлт болашағы» тақырыбын талқыға салды. Студияда филология ғылымдарының докторы Шерубай Құрманбайұлы, саясаттанушы Айдос Сарым, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты тіл мәдениеті бөлімінің меңгерушісі Назира Әміржанова және латын әліпбиіне көшу жөніндегі жұмыс тобының мүшесі Алтынбек Шәріпбай қонақта болды.

Тақырыпқа қатысты алдымен ой білдірген филология ғылымдарының докторы **Шерубай Құрманбайұлы** ұсынылған нұсқаға көпшілік тарапынан ұсыныстың көп болғанын айтады. «Тіл мәселесіне жанашырлық танытып, ой білдіріп жатқан көпшілікке алғысымыз шексіз. Осылай болуы да керек. Себебі, әліпби деген – ұлтымыздың, тіліміздің болашағы. Соңғы ұсынылған әліпби алғашқы ұсынылған әліпбиге қарағанда, біршама жетілдірілген. Өйткені, алғашқысына көптеген сыни пікірлер айтылды. Олар орынды да. Әсіресе, диграфтарға қатысты айтылған сынды дұрыс деп есептейміз. Ал, жаңа нұсқаға келер болсақ, сегіз таңбаға қойылған үтірлер (апостроф) біздің ойымызша, көптеу. Негізінен, «бір әріп – бір таңба» деген принципті ұстанатын болсақ, бұл жазуға да, оқуға да, баланы үйретуге де жеңіл болар еді. Біз осыған дейін қолданған барлық әліпбиде осындай принципті ұстанып келген едік. Қысқа мерзім ішінде ұсынылған жаңа әліпбиге қатысты көпшіліктің пікірін қарап отырмыз, дені үтірлердің көптігіне риза емес. Біз де осы үтірлерді мүмкіндігінше болдырмауды немесе таңбаның тұтас болуын қолдаймыз», - дейді.

Ал, бүгінгі хабардың тағы бір спикері **Назира Әміржанова** әліпбимен әлі де жұмыс істеу керекін айтады. «Бұл нұсқаны жақсы деуге болмайды. Ұсынылып отырған әліпбимен әлі де жұмыс істеу керек. Себебі, әліпбиде апостроф таңбасы өте көп. Ол мәтінге сөз болып түскенде, қазақ тілінде бүтін сөз азаяды. Яғни, бір буынды сөздер бөлек жазылатын болады. Одан кейін әліпби жасауда алдымен көзшалымды ескеру керек. Ұсынылған әліпби көзшалымға өте қиын»..

Назира Әміржанова: Жалпы, жаңа Шерубай аға айтып өтті. Алдыңғы нұсқаға қарағанда, әлдеқайда жетілдірілген деп. Жақсы деп айтуға болмайды. Әлі де бұл әліпби талқылану керек, әлі де бұл әліпбимен жұмыс істеу керек. Жөнделу керек. Себебі, әліпбиде апостроф таңбасы көп. Өте көп. Ол жаңағы сөзге түскен кезде, мәтінге түскен кезде сөздер болып, бүтін сөз азаяды қазақ тілінде. Яғни, бос аралық деген бізде көбейеді. Бізде қазір бос аралық

сөздермен бірге немесе бөлек жазуда бар. Ал енді, бізде жай бір буынды сөзіміздің өзі ажырап, бөлектеніп кетеді.

Берік Уәли: Жыпырлаған нүкте болып кетеді дейсіз ғой, үтірлер көбейіп?

Назира Әміржанова: Одан кейін мына көзшалым. Ең бірінші әліпби жасалғанда көзшалымды ескеруіміз қажет. Көзге, оқуға, көзшалымға бұл өте қиын.

Бағдарламанының жүргізушісі Берік Уәли.

«Дидар» газеті
24 қазан 2017 ж.
<http://didar-gazeti.kz/>

Бағдан Момынова

филология ғылымдарының докторы, профессор

АДАМДЫ АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙТІН НӘРСЕ – ЖАҚСЫЛЫҚ

– **Әліпбиді қалай қолайлы ете аламыз?**

– Латын әліпбиіне көшу қоғамда қызу талқылануда. Латын әліпбиіне көшудің маңызы түсінікті. Ал әліпбиді жылдам меңгерудің, оқудың, үйретудің қарапайым да тиімді жолдары қайсы? Бұл ретте өздеріңіз қандай нұсқа ұсынасыздар, қандай қағиданы, ойды ұстанасыздар?

– Латын қаріпті қазақ жазуына көшуге қоғам дайын. Қай жобаны таңдау керектігі басты мәселе болып тұр. Қазірдің өзінде Елбасының алдына екі нұсқа барып түсті. Елбасы нұсқаның талқыланып, пікірталастардың еркін айтылуы керектігіне ерекше назар аудартып отыр. Алғашқы нұсқаның кемшіліктері көп айтылды. Бұл нұсқаның басты кемшілігі қазақтың төл дыбыстарының диграфтармен берілуінде еді. Ae, Oe, Ue сияқты диграфтық таңбалар дау-дамайдың нысанына айналды. Оның себебі де жоқ емес. Қазақ тілі агглютинативті тіл, яғни жалғамалы тіл. Бір сөздің ішінде бірнеше диграф келсе, сөздің тұрқы ұзарып, жазуда да, оқуда да қолайсыздық тудыратыны анық еді. Егер түбірге қосымша жалғанса, сөз одан сайын ұзарып кетеді. Ал әліпбидің қолайлы болуы көзбен сөз тұрқының тез қармалуы, ал бір дыбысқа бір әріп бөлінсе, бұған қол жеткізуге болады. Бұл принцип ежелгі замандардан (б.ж.с.д. 4-3 ғғ. финикий, санскрит, арамей жазулары дүниеге келгенде ұстанған қағида) ұстанып келе жатқан оңтайлы принципке жатады. Дүниежүзінің көптеген елдерінің әліпбиіне негіз болған бұл жазулардың осы принципінің дұрыстығын адамзат тани білген ғой. Екіншіден, жазу жылдамдығына да нұқсан келер еді. Өйткені бір әріпті таңбалау үшін екі түймені басуға тура келеді. Егер сөздің түбірі дауыссыз дыбысқа бітсе, оған диграфтан басталатын қосымша жалғанса, ондайда дауыссыз дыбыстың саны үшке яки төртке көбейер еді. Кірме сөздерді жазуда көптеген қиындық туындайтыны да байқалды. Тілде гибрид сөздер

бар, мысалы, агроөнеркәсіп деген сияқты. Осы сынды сөздерді алғашқы нұсқамен жазып көргенде де кемшіліктер байқалды:

Geobotanika paeni XVIII-XIX hasyr bastarynda shet elderde ceke hylym retynde ósimdikter geografiasy caene ekologiasy retinde paida bola bastady. A.Gwmboldt birinshi ret keibir ousimdikterdyng cer betinde cylvlyq aeserinde taralwy twraly tuesinik bergen. Bul hylymda ousimdikter geografiasy dep atagan.

Algashqy zerttewshilerding qataryna shweicarifda Gliarws (1835 cyl) cumystarynda aerturli ósimdikter qawymdastyqtaryn sipattap cazdy.

1849 cyly shweicar botanigi Twrman (Thurmann 1849) flora caene ósimdikter arasyndahy айрмашылықты anyqtaп kórsetip olardy zerttew obektilerin botanika caene botanikalыq geografia деп bóldi.

Осы келтірілген мысалдағы және – 4 таңба, caene - 5 таңба, әсерінде (8 таңба) – aeserinde (9 таңба) адамзат тәжірибесі қалыптастырған таңбаларды азайту принципіне қайшы. Қазақ тілінде объект сөзі орыс тілінің әсерімен жазылып келді, айтылғанда жуандық белгісінің орнына и естіледі, енді бұл сөзді қалай жазып, айту керек, ағылшын тіліндегі жазылуы мен дыбысталуы өзгеше екені де белгілі (объект, собъект). Гумбольдт – Gumboldt (ағылшын, неміс тілдерінде) – жаңа нұсқада - Gwmboldt), ал жастардың, ағылшын тілін білетіндердің қабылдауы қиын, өйткені w жастардың тілдік ассоциациясында в-мен сәйкес, дүниежүзі осылай оқып-жазады, ол жағы ескерусіз қалған. Латынша х-ның икс (tarixy) деп оқылатыны қай нұсқада болмасын ескерілуі керек.

Латын графикасына көшу ұлт тілінің төл табиғатын, болмысын дұрыс беруге мүмкіндік беріп, онда әріптердің тілдегі дыбыстармен тең болуы ескеріледі деп, тілші мамандар күтуде. Бірақ ұсынылып отырған нұсқаларда мағына айыратын қызметтерімен қалыптасып кеткен қ,х,h дыбыстары бір ғана қ-ға ауысуына келісу қиын. Егер SHalhyndy (Шалғынды жер - сөйлем басында) мәнерімен жазатын бұл нұсқа қабылданып кеткенде, бас әріпті алу керек пе, жоқ па деген өткен ғасырлардағы проблема тағы да алдан шығар еді. Сондықтан ел Парламентіне ұсынылған алғашқы нұсқа туралы пікірлер қайшылыққа толы болды. Қоғам қабылдай алмады. Ал екінші нұсқаның да кемшіліктері жоқ емес. Ол апострофқа байланысты. Егер дәйекші тұтас сөзге қойылса, апостроф әріпке ғана қойылады. Қаламмен жазғанда апострофтар немесе диакритика қолды ұстайды, жазу жылдамдығы төмендейді, артық қимыл жасалады. Апострофпен келген дыбысты екінші дыбысқа біріктіру де қиын, жазғанда сөз үзіліп қалғандай әсер етеді. Бірақ бұл арада «бір дыбысқа - бір таңба» принципі сақталады. Меніңше, осындай кемшіліктер түзеле келе, көңілге қонымды, жазуға да, оқуға да, балаларға оқытуға, оларға түсіндіруге де қолайлы әліпби таңдалады. Әліпбидің бір нұсқасы қабылданып жатса, халыққа үйрету де аса қиын шаруа емес. Одан кейінгі шаруа тіл мамандарына тиесілі. Өйткені сөз түрлерінің жазылуына байланысты ережелерді енгізу керек, оны ғылыми негіздеп, дәлелдеп, бекіту керек, бұдан да абыроймен өтеміз деп ойлаймын.

Сейдін Бизақов

филология ғылымдарының докторы, профессор
ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІ – САУАТТЫЛЫҚ КЕШІЛІ

Ана тілімізді көркейтудің тағы бір маңызды тәсілі біріккен сөздердің емлесін ұштай түсумен байланысты. Өйткені қазақ тілін үйренуде орыстілділерге ыңғайсыздық тудырып отырған осы аталған тұсы мемлекеттік тілді құрмет тұтқызуға кедергі келтіруде. Ана тіліміздің лексикалық құрамының атауыш сөзбен және одан туындайтын сөз тұлғаларымен мольғып, стильдік құрылымының дами түсуі біріккен сөздерді ретке келтірген, біріздендірген күйінде қатарын кемітпей, қолданысқа енгізумен де байланысты. Мұнда тағы бір шешімін таппай жүрген мәселеге баса көңіл бөлгеніміз жөн. Біріккен сөздердің табиғи дұрыс айтылуын сақтап, қатаң дауыссыз дыбысты ассимиляциялық үндестік заңына сәйкес ұяндатып, дыбыстық жағынан қиюластырып жазу өзекті мәселеге айналып отыр. Белгілі бір жүйені сақтап: *қолған, кезгелген, киізған, күнгөру, көзғарас, кемпіргосақ, бірғатар, өнергәсіп, әргім, кәсіводақ, әлдегім, әлдегайдан, әлдеғашан, әрғалай, біргелкі, әлдеғандай, неғып, әлдеғалай, әрғашан* деп, басқа да біріккен сөздерді түзетіп, айтылу әуезділігін бұзбай жазсақ, сауаттылық артып әрі дыбыс үндестігін сақтап сөйлеуге дағдыландыратын емледегі оңтайлы өзгеріс болар еді.

Біріккен және тіркес күйіндегі сөздердің қатар қолданылатыны да кездеседі. Мысалы, білдірер мағыналық өзгешелігін ескеріп, біргүні мен бір күні сөздерін ажыратып жазу тиімді. Біргүнінің орысшасы «однажды». Мысалы, «біргүні мынандай оқиға болды» дейміз. Ал «оның бір күні көлік тосумен өтті» десек, синтаксистік тіркестің білдірер мағынасы мүлдем басқаша. Тіліміздің морфологиялық құрылымын жетілдіре түсуде де туыс тілдер тәжірибесін ескеріп, тиімдісін кәдеге жарату ұтымды болмақ. Мағыналық дербестігі жоқ «алу» сөзі туыс тілдерде біріккен сөздің қосымшасы. Орыстілді оқырманның кейде неге «қарсы», нені «алады» деп сұрайтыны бар. Егер бұл сөзді тіркес түрінде емес, «қарсалды» деп біріктіріп жазсақ, мәселе өз шешімін табар еді.

Сөйлемдегі сөздердің бір-бірімен ыңғайласып келуін сақтап, өзара үйлесімін бұзбай дыбыстаудың тиімді тұстарын емледе пайдалану дұрыс сөйлеу дағдысының қалыптасуын көп жеңілдетумен қоса тілді стильдік, лексикалық тұрғыдан да жетілдіре түсер еді. Осы тұрғыдан «жақсы көреді» тіркесіне екі басқа мағына үстемелеп қолдану (көз жанары әрі ұнату) тіл үйретуді қиындататынын әрі ыңғайсыздық тудыратынын тәжірибеден байқап жүрдік. Ең өкініштісі, оқырмандар ынтасын арттырмайды. Сырт көз – сыншыл. Осы кем-кетіктің орнын толтыру мақсатымен, көзі жақсы көреді, алыстан жақсы көреді, түнде жақсы көреді деген әр сыңарының мағыналық

дербестігі бар синтаксистік тіркестен ажыратып, фонетикалық принципті ұстанып, анамды жақсыгөрем, ұлыңызды жақсыгөресіз, шәкіртін жақсыгөреді, ұстазымды жақсыгөрем, театрды жақсыгөрем деп біріккен тұлғасын ұсынсақ, әдеби тіліміз үшін анағұрлым тиімді болар еді. Өйткені «жақсыгөрді» сөз тіркесі емес, біріккен сөздің мағынасын білдіреді. Сонда ғана жақсы көресіз бе, жақсыгөресіз бе? дегенді ешбір қосымша анықтамасыз, мәнмәтінсіз-ақ ажырата алады.

Қорыта келгенде, біріккен сөздерді бірыңғай жүйені сақтап, үндесім мен үйлесім заңдылығына сәйкестендіріп, фонетикалық ұстаным бойынша жазу орфография мен орфоэпиялық норманы тиянақтандырып, одан ауытқуға жол бермей, оқырманды шатастырмай, дыбыс үндестігін сақтап айтуға жастарды дағдыландырып, сауаттылықты арттыруды жеңілдете түсер еді. Сол арқылы басқа ұлт оқырмандарына да тілімізді құрмет тұтқыза алар едік.

Кіріккен сөздерді түгелдей қолданысқа енгізейік. Біріккен сөздерге, олардың орфографиясына қатысты әр алуан пікір болғанмен, о бастағы сөз тіркесі нұсқасынан түбірінен өзгеріске түскен кіріккен сөздер – ешбір күмән тудырмайтын басы ашық атауыш сөз тұлғасы. Олар – сөздік құрамды еселеп, молықтыра түсетін аталымдар. Кіріккен сөз – ана тіліміздің фонетикалық, лексикалық әрі морфологиялық құрылымының, бүкіл тіл жүйесінің одан әрі дами, жетіле түсуін айғақтайтын тілдегі ең маңызды оңтайлы өзгеріс. Осыны ескеріп, қайсыбір кіріккен тұлғаларды жергілікті ерекшелікке немесе ауызекі сөйлеу тіліне жатқызбай, бәрін дерлік түгелдей әдеби тіл өлшеміне жатқызып, қолданысқа енгізуіміз қай жағынан алсақ та тиімді. Тілдің дамып, жетілуін айғақтайтын ең оңтайлы тәсіліне жататын кіріккен сөздер тіл тарихының өне бойында ұдайы қалыптасып отырды. Олардың қайсыбір сыңарларының аражігі сақталмай, ажыратуға келмейтіндіктен кіріккен сөз ретінде танылмай кеткені де аз емес. Мысалы: *былтыр, биыл, қарлығаш, сексен, тоқсан, ағайын, білезік, бүгін, қызғыш, қарақат, отағасы, баратын, келетін, бірдеме* секілді сөз тіркесінің ықшамдала түсіп, кіріккен атауыш сөзге айналғаны қазіргі таңда аңғарыла бермейді. Өкінішке орай, кіріккен сөз бен сөз тіркесі жарыса қолданылмай, бірін ғана әдеби тіл нормасына жатқызу керек болған жағдайда морфологиялық тұрғыдан неғұрлым жетілген, оңтайлы сөз формасы ретінде кіріккен сөз тұлғасын таңдаудың тиімді екенін ескерусіз қалдырған кезіміз аз болмай отыр. Атап айтқанда, мағыналық дербестігі жоқ «жатыр» сөзінің күнделікті басылымда жиі қолданылуы қазақ тілін үйренуге ыңғайсыздық тудырып, тілімізді құрмет тұтқызуға бәрінен де көбірек кедергі келтіруде. «Біз деген шынында да жалқау халықпыз ғой. Себебі не айтсақ та «жатырмыз» деген сөзді қосып айтпасақ, ішкен асымыз бойымызға тарамайды. Мәселен, «мал бағып жатырмыз», «жұмыс істеп жатырмыз», «отын жарып жатырмыз». Көрдiңiз бе, тiптi отынды да жатып алып жарамыз. Жалқаулықтың бұдан асқан үлгiсi бар ма екен, сiрә», – деген екен бiр редактор («Өркен, №12, 12. 1992). Әзiлде де шындық бар демекшi, мағыналық дербестiгi жоқ сөздің сөйлемде көптеп қолданылуы тілімізді көркейте алмайтыны анық. Бір қаламдасым түркі тілін

зерттеп жүрген Дания елінен келген ғалымның: «Ұйықтап жатыр» дегенді түсінуге болады. Ал неліктен «бара жатыр», «келе жатыр». Жүріп келе ме, әлде жатыр ма?» деп таңдана сұрай бергенін еске алады. Сөйлеу тілінде бұл сөздің үш нұсқасы айтылады: келе жатыр/келеятыр/келатыр, бара жатыр/бараятыр/баратыр. Ең тиімдісі – бұл сөздің тілімізде айтылып жүрген кіріккен екінші я үшінші нұсқасын орнықтыру. Тіл өзінің дамып жетілу барысында мағыналық дербестігі жоқ сөз тұлғаларынан арылуға тырысып отырған.

Белгілі бір жүйені, реттілікті сақтап, кіріктіріп жазуға келетін сөздер тілімізде әлі де болса жеткілікті. Мәселен, айтып/ап, алып/ап, едім/ем, едің/ең, едік/ек, келіп/геп, қалып/қап, болып/боп, салып/сап, уақыт/уақ, қылып/қып варианттарының соңғы нұсқасының сөз тұлғасының ықшамдалу барысында кіріккен сөздің қосымшасына айналғанын ескерусіз қалдырып келдік. Мысалы, беремін девап, шақырывап, таңдавап, көрівап, күтівем, естівем, барывең, білгімгеп, сұрағыңгеп, тұрағап, отырағап, ойланыпқап, кешігіпқап, айтасап, көресап, келесап, кіресап, көргенбоп, түсінгенбоп, неғып, жәрдемғып, таңывапты, әңгімеғып, ендігеп секілді кіріккен сөздердің аражігін ашып, сөз тіркесі түрінде жазғанымыз тиімді емес. Мағыналық дербестігі жоқ сөздердің ішіндегі тек қазақ тілінде ғана айтылатын «жатыр» сөзі көршілес туыс халықтар тілінде кіріккен сөздің қосымшасына айналса, «алды» сөзі біріккен сөздің қосымшасы түрінде жазылады. Біз де ең бірінші кезекте осы екі сөздің емлесін оңтайлы етіп, бір жүйеге келтірсек, тілімізді елеулі түрде көркейте, жетілдіре түсуге қатысты өзекті мәселе өз шешімін табар еді.

Лексикалық қателіктерді түзетудің оңтайлы тәсілдері. Тіліміздегі сөз санын кемітудің бір түріне туынды сөздерді дұрыс қолданбау жатады. Қазіргі күнге дейін қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарының өзінде де туды – туылды секілді екі түрлі мағынаны білдіретін сөздің алдыңғысы ғана қолданылып келеді. «Туылды» сөзін қолданбау орыстілділердің қазақ тілін үйренуінде ыңғайсыздық тудырады. Орысша білім алған өз балаларымыз осыған да бола мысқылдай ма екен? Адам өзін-өзі тумайды ғой. Біздің бәрімізді өз шешелеріміз туды емес пе? Ер адамды туды деуіміз қалай?» – деген секілді сұрақтар ойға келетін шығар. Мұндай жолмен тілімізді байыта, көркейте түсу былай тұрсын, керісінше, оны кері кетіріп аларымыз айдан анық. «Мені туған анадан сен де туылған едің ғой» (Ә.Әбішев) дегенде екі сөз қатар қолданылып, жарасымдылығын тауып тұр емес пе? Қазақ тілінің морфология-лық құрылымына сай айтылған «туылған» атауы талас пікір тудыратындай жеке қаламгердің ойдан қиыстырған жасанды сөзі емес. Екіншіден, бұл сөз орыс тіліне орай желу салдарынан калька түрінде аударылған грамматикалық нормаға үйлеспейтін қолданым емес. Үшіншіден, «туылды» тұлғасы әдеби тілдегі басқа аталымның мотивсіз нұсқасына да жаппайды. Төртіншіден, бұл талас пікір тудыратындай басқа тілден ауысқан сөз емес, қазақ тілінің төл атауы. Біздің айтпағымыз, «туылды» сөзі, белгілі қаламгер Бекболат Әдетовтің айтқанындай, «былжыраған сөз» емес, «шалажансар сөз» емес, «тілімізді

шұбарландыратын сөз» емес, «індет тудыратын да сөз» емес. Өстіп те газетке мақала жаза ма? «Туылды» сөзін қолданысқа енгізбеу еш қисынға келмейді. «Сүтке сүт қосылса – сүмесін, сөзге сөз қосылса – демесін» дегендей, күнделікті қолданыста өз орны бар «туылды» сөзін күресінге тастап, оны өз алдына айқын мағынасы бар «туды» сөзімен ауыстырып, кереғар екі мағынасы бар сөзге телігенде не береке табамыз?

Кірме сөздердің емлесін тиянақтайық. Ауыс-түйіссіз тіл болмайды дейміз. Кез келген басқа тілдер сияқты қазақ тілі де өзге тілдік элементтерді қолдану арқылы өрісін кеңейтіп отырған. Орфографияға қатысты мәселеде орыс тілі арқылы енген сөздерге тоқталмай кете алмаймыз. Авторлардың ендігі бір тобының атап өткеніндей, қалыптасқан үрдісті бұзып, үйреншікті қалыптан шығып, бірізділікті мансұқ етіп, орыс тілі арқылы енген сөздерді бұрмалап жазу салдарынан бей-берекеттікке жол берудеміз. Сауатсыз егде жастағылардың сөйлеу тіліндегі сөз нұсқаларын әдеби тіл нормасына айналдыру сөздің естілімін жағымсыз етумен қоса, сауаттылықты да қиындатып, оқушылар сауаттылығын кері кетіретінін мұғалімдер байқап жүр. Қала балаларын айтпағанның өзінде қаймағы бұзылмаған алыстағы қазақ аулының балаларына да 70 жыл бой жазып, қалыптасып кеткен сөздерді бұрмалап: кәстөм, пәлте, шәкіл (шкала), мәйкі, кәләш, бәнкі, зауыт, еуропа, тауар, мәшине, кәмпеске деп айтқыза алмай жүргенін олар алға тартады. Орыс сөздерінің дыбыстық өзгеріске ұшырап жазылуының ұтымды тұстары жоқ емес. Айталық, телефонмен хабарласу мағынасын білдіретін звонить ету/звондау/звондау жарыспа тұлғаларының айтуға әрі әр алуан сөз тудыруға қолайлысы, күнделікті жиі еститініміз – соңғысы. Күнделікті жиі айтатын «звонда» түбірінен звонда+у+шы+лық, звонда+т+у, звонда+ған+с+у, звонда+с+у түрінде оннан аса сөз тұлғалары туындайды. Тұлғалық дербестігі жоқ сын есіммен (асқақ үнді, зор үнді), есімшемен (қонысынан ауған, түс ауған кез), ортақ етіспен (шөп орыс, жоңышқа орыс, астық орыс, бидай орыс) омонимдік қатар түзейтін, әрі айтылуы тым қарабайыр үнді, ауған, орыс сөз формасын әдеби өлшемге жатқызғаннан ұтылмасақ, ұтпаймыз. Оғыз, қарлұқ, қыпшақ тобындағы түркілер түгелдей, соның ішінде қарақалпақ пен ноғайлар да рус атауын әдеби тіл нормасына жатқызады. Тек қазақтар ғана орыс атауын қолданады. Туыс тілдерден алшақтау тиімді емес. Балама атаулар арқылы да күнделікті қолданыстағы тілдің лексикалық қоры балама атаулар арқылы да молығып, кемелденіп отырмақ. Балама атауларды берудегі көздеген мақсатымыз, біріншіден, ана тіліміздің сөздік құрамын жаңа аталымдармен молықтыра түсу. Екіншіден, бұрындары білдірер мағынасы сөз тіркесімен ғана беріліп келген сипаттама түріндегі аталымдарды жеке атауыш сөз тұлғасымен алмастырып, олардан өрбіген туынды сөздерді көрсету де тілімізді кемелдендіре түспек. Үшіншіден, жаңа атауыш сөздерді іздестіру арқылы орыс тілі арқылы енген сөздердің ұтымды баламасын табудың сәті түспек. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда біздің елде де термин жасауда пуризмге негізделген псевдопатриотизм белең алып, терминдерді жаппай қазақшалаудың салдарынан түсініксіздік тудырған жәйттер аз болмады. Мемлекеттік

терминком бекіткен сөздердің қайта қарауды қажет ететіндері аз болмай отыр. Үшіншіден, негізгі ұғымнан алшақтау тұрған атауды балама ретінде тықпалау кездесіп жүр. Атап айтқанда, проспектіні – даңғыл деп, жеке-дара мағыналық та, тұлғалық та сонылығы жоқ сөзбен аударып, көше атауларына жазып та үлгердік. Проспект – үлкен қаланың ұзын да түзу, кең көшесі болса, даңғыл сөзінің қазақ ұғымындағы тура мағынасы – тапталып тегістелген, кедергісіз сара жол. Проспект, даңғыл секілді екі бөлек ұғымның бірін ғана қалдыру – тілімізді ұстарта жетілдірудің орнына жұтаңдатқандық болар еді. Ардагер, ветеран сөздерінің де мағыналық жақындығы жоқ. Халқымыз кейде өзінің өнерімен, сал-серілігімен зор беделге ие болған абзал азаматтарын да осылай ардагер деп атайтын. «Арқаның ардагері Ақан сері» дейтін өлең жолынан, мысалы, осындай ой туады. Демек, ветеран – қартайған кісі. Ал ардагер атану үшін кәрі болу шарт емес. Жалпы айтқанда, ветеран орыс тіліне де сырттан енген сөз екен. Егер оған қайткенде де балама табу керек болса, туыс тілдерден іздестіріп көрген жөн секілді. Ана тіліміздің сөздік құрамындағы сөз санын азайтпау мақсатымен мұхарир (ветеран войны), жадде (проспект), емеклі (ветеран), дәремет (спонсор) секілді аталымдарды қолдану да осы айтылған тұрғыда тиімді болмақ. Туыс тілдер арақатынасының маңыздылығына мән берейік. Шынтуайттап келгенде, туыс тілдер сөздігіне зер салмай, ондағы бізге де жарамды, ұтымды баламаларды қолданысқа енгізбей, орыс тілінен ауысқан қыруар сөздерді сол қалпында еш өзгеріссіз алып, қаншама жыл шалағайлық таныттық. Тілімізге дәл балама сөз табылмай, аудару қиындық тудырып жүрген тұстарда туыс тілдерден сәтті аталымдар іздестіру де көп ретте оң шешімін беретініне көзіміз жетті. Мына төмендегі сөздер де орыс тілінен енген атаулардың сәтті баламасы болар еді: дефне (лавр), допор (старт), донан (флот), дөвиз (валюта), дүрім (ситуация), жаллад (палач), жамша (бокал), жидді (серьезно), жұмхұрият (республика), зағыт (давление), зиярет (визит), ефсана (миф), ижад (творчество), игдисат (экономика), илхак (аннекция), истинтаг (допрос), ихражат (экспорт), итхал (импорт), июк (награда), кантин (ресторан), кәлам (речь), кәрхана (мастерская), кентал (центр), кефалат (облигация), клима (кондиционер), котаз (буйвол), лахана (капуста), латания (пальма), латифа (анекдот), мәркізі (орталық комитет), мимар (архитектор), мәғаш (пенсия), мұхабир (корреспондент), мұхам (адвокат), мұхаррир (редактор), назарият (теория), низам (конституция), нәзір (министр), раис – төраға (председатель), рә (өте–мөте), мархан (ломбард), расытхана (обсерватория), рессам (сурет), сағана (гробница), санаят (өнеркәсіп), арзыла (хотеть), ашауыз (вилка), әдуа (инфекция), әсәсі (фундаменті), балина (кит), баят (несвежий), бәра (засада), бәрбат (арфа), бонақ (аванс), бодрым (подвал), гар (вокзал), автогар (автовокзал), акар (недвижимость), ғұң (глухонемой), бәдәви (первобытный), бертек (вывих), вализ (чемодан), вардия (вахта), виран (трущеба), гая (идеал), гези (экскурсия), дәзмал (үтік), етираз (возражение). Қорыта келгенде айтарымыз, орфографиялық сөздіктің 6-басылымына қатысты «алдыңғы сөздікті ешбір өзгеріссіз көшіре салған сөздік» деген сын

пікір айтылған еді. 2013 жылы сөздік те орфографиялық сөздіктің 6-басылымын еш өзгеріссіз қайталап басқан. Тек сөздіктің көлемін ұлғайтқан. Соны ескеріп, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты үш дүркін өткізген «дөңгелек үстелдің» жұмыс қорытындысы негізінде жазғанмызды ой елегінен өткізіп, сараптау комитеті мүшелерімен келісе отырып, емлені ұштай түсіп, тілімізді көркейте түсетін орфографиялық сөздіктің жаңа басылымын шығарып, соны басшылыққа алуын баспа орындарына міндеттеуді жоспарлап отыр. Сондағы мақсат – мемлекеттік тілді құрмет тұтқызып, қолдану аясын кеңейтіп, ұзаққа созбай тұғырына қондыру.

«Ана тілі» газеті

2 қараша 2017 ж.

<http://anatili.kazgazeta.kz/>

Сейдін Бизақов

филология ғылымдарының докторы, профессор
ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІ – САУАТТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Бұл мақала қазақ тілінің емлесіне қатысты дау-дамай, талас тудырған тұстары жайында тіл мамандарымен жан-жақты пікір алысып, бір тоқтамға, пәтуаға келіп, орфографияны жетілдіру мақсатымен үш дүркін өткізілген «дөңгелек үстелдің» қорытындысы бойынша жазылды. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру барысында атқарылар даярлық жұмыстың ең көкейкесті өзектісі ана тіліміздің орфографиясын жетілдіріп, емлені ұштай түсу екені айтылып жүр.

Орыстілділердің мемлекеттік тілді жөнді меңгере алмағанын қайсыбірде қазақ тілін үйретудің әдіс-тәсілдерінің жолға қойылмағандығының салдары деушілердің пікірі шындыққа жанаспайды. Кез келген бөгде тілді оқып-үйренудің екі түрлі тәсілі бар. Оның біріншісі – мәжбүрлеп үйрету болса, екіншісі – сол тілді құрмет тұтқызып үйрету. Осы аталған екі тәсілдің қайсысы тиімді? Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілін үйренудің қажеттілігі әркімге де белгілі. Елімізде ширек ғасыр бойы қаншама қаулы-қарар, бағдарлама қабылдадық, қаражат бөлінді, үгіт-насихат және басқа іс-шаралар жүргізілді. Соған қарамастан, қазақ тілін басқаларға мәжбүрлеп үйрету әлі күнге дейін ойдағыдай нәтиже бере қоймады. Ал тілді құрмет тұтқызып үйретудің анағұрлым нәтижелі болатынын қоғамдық ортадағы тұрмыс-тіршілік айғақтап отыр.

Басқа ұлт өкілдерін айтпағанның өзінде, орыстілді қандастарымыздың да арасында қазақ тілі заман талабына сәйкес дами алмаған деген жаңсақ пікірдің қалыптасуы оны үйренуге деген ұмтылысын да тежеп келгені белгілі болып отыр. Демек, орыс тілінде білім алушы өз қандастарымыз қазақ тілі сөзге жұтаң, кедей деп, оған мұрнын шүйіріп қарамасын, тілімізді құрмет тұтып, оны ұлықтап үйренуге деген ынта-ықыласын кемітпесін, өз тілін өзекке теппесін, өз тілінде сөйлегенді намыс көріп, қор санамасын десек, емлемізді ұштай түсудің ептейлі тұстары мен тетіктеріне мән берейік.

Қазақ тілі халықаралық деңгейге көтеріліп, он шақты шетел университетінде арнайы пән ретінде оқытыла бастағанын ескерсек, емлені ұштай түсіп, орфографияны жетілдіріп тиянақтаудың, сол арқылы тілімізді құрмет тұтқызудың керектігі ойға оралады.

Орфография үздік болған жерде нәтиже де үздік. Орфография – тіліміздің ажар-көркі, бет-бейнесі деп жүрміз. Қай тілде болса да емле түзелмей, іс өрге баспайтыны да еске жиі алынуда. Дұрыс жазу мен сөз қолданудағы қателікті лексикалық, емлелік, стильдік, орфоэпиялық қателер деп ажыратамыз. Бүгінгі таңдағы сөз қолданудағы ала-құлалық пен емле ережесінен ауытқушылықтық салдарынан қазақ тіліндегі басылым мен ақпарат құралдарынан қатенің осы аталған төрт түрінің де етек алып бара жатқаны алаңдаушылық тудыруда. Қазақ тілін зерттеуді шынайы ғылыми дәйектілікпен шендестіріп, оны уақытқа сай дамытып, көркейтіп, жетілдіріп, емле ережесін ұштай түсу мына төмендегідей мақсатты көздеп, діттегенде ғана уәжді болмақ деп есептейміз. Біріншіден, тіліміздің лексикалық қазынасын жұтаңдатпай, сөз санын азайтпай, керісінше, сөз байлығын сан жағынан еселей, молықтыра, кемелдендіре түсу жағын қаперде ұстап, ойластырған ұтымды. Екіншіден, тіліміздің грамматикалық амал-тәсілінің жан-жақтылығы мен молдығын, морфологиялық құрылымын икемді, оралымды ету мүмкіндігін қарастырғанымыз оң нәтиже бермек. Үшіншіден, туған тілдің дыбыс жүйесінің саздылығын, сөздің тұлғалық тартымдылығын төмендетпей, айтылу әуезділігіне нұқсан келтірмей, оны әсем ырғақты етіп жетілдіре түсу мүмкіндігін есте тұтарымыз белгілі. Төртіншіден, мүмкін сөздің тұлғалық дербестігін сақтау жағын ескеріп, омоним сөздерді көбейтпей, керісінше, азайта түсу де ана тілімізді көркейте түспек. Бесіншіден, ана тіліміздің туыс халықтар тілінен одан әрі алшақтай беруіне жол бермей, керісінше, жақындай түскені жөн. Алтыншыдан, ережеге қатысты сөздерді толықтай айқындап, топтау арқылы емле ережелерін қолдануда бір принципке негізделген бірыңғай жүйелілік пен сәйкестікті сақтау жағына мұқият болсақ. Жетіншіден, орфографиядағы өзгеріс емлені қиындатып, тіл үйренушіні шатастырмау жағын есте тұтсақ. Сегізіншіден, мүмкін болған тұста сөз тіркесімін алмастыратын атауыш сөз бен одан туындаған сөз тұлғалары сөздік құрамды байытатынын ескеріп, мәлім болғанын түгелімен қолданысқа енгізгеніміз абзал. Тоғызыншыдан, қазақ тілінің сөзжасам тәсілінің бірі – екі түбірдің қосылып, бір мағынаны білдіріп, біртұтастық қасиетке ие ететін біріккен сөздерді де жинап-теріп тілімізді байыта, көркейте аламыз. Оныншыдан, тіліміздің дыбыстық, лексикалық, морфологиялық құрылымының дамып, жетіле түсу барысында ұзақ уақыт бойы қалыптасып келгендіктен, кіріккен атауыш сөз тұлғаларын таңдаусыз, талғаусыз қолданысқа енгізу арқылы да тілімізді кемелдендіре аламыз.

Тіліміздің әуезділігіне нұқсан келтірмейік. Ерте кезден-ақ қазақ тілін әсем ырғақпен күмбірлеп естілетін түркі тілдері ішіндегі ең әуезді тілдің бірі деп түркітанушылар атап өткен. Өкінішке орай, қазақ тілін үйренуші орыстілділердің неге осыған көзін жеткізе алмай жүрміз деген ой

келеді. Осы айтылғанды ескеріп, қысаң дауыстылардың, әсіресе **ы, і** әріптерінің емлесін жөнге келтіріп, тиянақтаудың қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе екеніне, мұның өзі айналып келгенде, ана тілімізді алға оздыруға септігін тигізетініне тіл жанашырлары назар аударуға тиіс. Ешбір естілмейтін тұстарда да үстемелеп жазылып, сөздің айтылымын қиындататындықтан, қазақ тілінің **ы, і** әріптеріне орыстілділер жатсына қарап, қазақ тілі әуезді тіл емес деген жаңсақ пікір қалыптастырған. Өкінішке орай, орфографиялық сөздіктің кейінгі басылымдарында қысаң дауыстыны үстемелеп жазылған сөздер көбейіп отырды. Әуел баста қайрымды, мейрімді, тағлым деп жазып жүрген сөздерге кейінірек келе қысаң дауыстыны үстемелеп жазып жүрміз. Тіпті таяу уақытқа дейін аулы, аулында, аулындағы, аулының, аулынан деп жазу он шақты жыл болды сап тыйылды. Бұл сөздердің емлесін өзгертіп, қысаң дауыстыны үстемелеп қана жазатын болдық. Мұндай мысалдар аз емес. Қысқа **й** әрпінің де артық жазылып жүрген тұстары бар. Жазылу емлесі сөздің айтылу транскрипциясына жақындатылған байи (байый), кейи (кейій), көбейе (көбэйе), есейе (есэйе), еңкейе (еңкэйэ), көркейе (көркэйэ), күшейе (күшэйэ), ежірейе (ежірэйэ), кеңейе (кеңэйэ) тәрізді сөздердің орфографиясы баи, кеи, көбее, есее, еңкее, көркее, күшее, ежірее, кеңее түрінде қалыптасуы да мүмкін еді. Профессор Ы.Маманов: «Қысқа **й** әрпінен соң ешбір тілде толық и әрпі жазылмайды, сондықтан бұрыннан қалыптасқан баиды, кеиді, моиды сөздерін байиды, кейиді, мойиды деп өзгертіп жазуымыз емлені кері кетіріп тұр» деп көрсетеді («Ана тілі», 19.09.1991 ж.). Тағы бір ескертетін жағдай мынадай. Егер қысаң дауысты үстемелеп жазылған сөздер орфоэпиялық нормаға айналса, тіліміздің әуезділігін елеулі түрде кері кетіреді. Өйткені орфография түптің түбінде орфоэпиялық нормаға да айналады деген пікір айтылып жүр. Сөздің айтылымы мен жазба нормасының әрқилығы сақталады деген тұжырымның әрдайым дұрыс бола бермейтініне мынадай емледегі екі өзгерісті атауға болады. Өткен ғасырдың 30-шы жылдарына таман араб әрпінен латынға көшерде етістіктің соңында **ы, і** қысандарын жазу мәселесі туындап, қырғыздарда жазылмайтын болып, бізде жазылатын болып шешілді. Сөйтіп, айтад / айтады, келед / келеді, білед / біледі, шешілед / шешіледі, жазад / жазады секілді сөз нұсқаларының соңғы сыңары әдеби нормаға айналды. Қазір бұл сөздерді жазылуына қарай айту, оқу дағдыға айналып, қалыптасып кетті. Бұл айтылғанға керісінше, қысаң дауыстының қолданысын шектеу арқылы ана тілімізді көркейте түскен кезіміз жоқ емес. Атап айтқанда, қосарлы **-ый, -ій** әріптерінің орнына жалаң и дауыстысын жазуға көшу академик Ісмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаевтың зор беделінің арқасында ғана жүзеге асты. Шындығында, жыйнал, такыя, сыйрақ, тійме, кійме, ақыйқат, қағыйда, быйылғы, табийғый, саясый, тійімді, яғный, ылғый деп жазылғандай айтылатын да сияқты еді. Алайда кезінде іске асуы армандай қиын көрінген емледегі осындай оңтайлы түзету тіліміздің дыбыстық құрылымының ішкі мүмкіндігінің көзін ашып, тиімді түрде пайдалану арқылы қазақ тілінің әуезділігін арттыратындай етіп орфографияны жетілдірудің сәтті қадамы, дер кезінде енгізілген түзету

болғанын уақыт, тәжірибе дәлелдеп отыр. Қазіргі ұрпақтың жоғарыда айтылған сөздерді жинал, тақия, сирақ, тиме, киме, ақиқат, қағида, биылғы, табиғи, саяси, тиімді, яғни, ылғи деп жазылуына сәйкестендіріп, естілуін жағымдырақ етіп айтуы толықтай үйреншікті дағдыға айналды. Қысаң дауыстыларға қатысты даулы мәселенің толастамай келуінің бір себебі емле ережесін ескеруде белгілі бір жүйенің, бірізділіктің сақталмауында екені айдан анық. Артық әріпті үстемелеп жазудың басым бөлігі редукция заңдылығына негізделген аталған емле ережесін ескермеуден туындап отыр. Егер тауыс+ып – таусып, айыр+ықша – айрықша, омыр+ау – омау, нағыл+ет – нағлет, шақыр+ым – шақрым, қорыт+ынды – қортынды, жарыт+ымды – жартымды, айыр+ылған – айрылған, қойыл+ым – қойлым, тағыл + ым – тағлым, көбін+есе – көбнесе, бауыр+ай – баурай, ықыл+ас – ықлас, көрін+еу – көрнеу, құбыл+ыс – құблыс, құрыл+ым – құрлым, құрлы, пейіл+імен – пейлімен деп жазсақ, мұның өзі сөз тұлғасының табиғи дұрыс айтылу қалпын ескергендік, әдеби нормада біркелкі жүйені сақтағандық, ереже баптарын бұлжытпай орындағандық болар еді. Елді мекен атауларын да аталған ереже негізінде табиғи естілімін бұрмаламай, Атыр+ау – Атрау, Отыр+ар – Отрар деп жазсақ, орыстілділер қатесіз дұрыс дыбыстайды. Аталған емле ережесінде бірізділік, жүйелілік сақталмағандықтан, даурық/дауырық, естіпті/есітіпті, жайдарылана/жайдарлана, мақлұқ/мақылұқ, мақұрым/мақрұм, саңлау/саңылау, аброй/абырой, ықылас/ықлас, тәйірі/тәйрі, баурымыз/бауырымыз, атрап/атырап, сауырын/саурын, таусып/тауысып, тақырыбы/тақрыбы, тәңрім/тәңірім, ұйтқы/ұйытқы, ықлым/ықылым, қонраулатып/қоңыраулатып, қатынас/қатнас, қайрылар/қайырылар, жартымды/жарытымды жарыспа тұлғаларының қайсысы әдеби норма екенін есте сақтау қиын болғандықтан, мектеп оқушыларын айтпағанда, тіпті тіл мамандарының өзі де орфографиялық сөздіктен қайталап қарауға мәжбүр боп жүр. Мұның өзі – қазақ тілінің емле сөздігінің ғылыми принципі әлі де болса жүйеленіп жете зерттеле қоймағанының бір айғағы.

Тағы бір авторлардың латын әліпбиіне көшіру сингармонизм заңдылығынан ауытқымай, оны толықтай орфографиялық әрі орфоэпиялық нормаға айналдырайық деуі де тілімізді кері кетіретін пікір. Әуел баста түркі тілдерінің баршасына ортақ сингармонизм кейін келе елеулі түрде өзгеріске ұшырап, туыс тілдер үш топқа бөлінді. Кейбір тілдерде бұл үндестік заңы толықтай өз ықпалын сақтаса, екінші бір тілдер тобында аталған заңдылық өз ықпалын елеулі түрде әлсіреткен. Тағы бір туыс тілдерге қазіргі таңда сингармонизм тән емес. Қазіргі қазақ тілінде ерін үндестігінің өз әсерін жоғалтып алуы тіліміздің әуезділігіне септігін тигізді. Өйткені тіл тарихының ең ертедегі кезінде қалыптасқан ерін үндестігін артта қалған фонетикалық заңдылыққа жатқызатындар бар. Атап айтқанда, бір неміс ғалымы бұл үндестікті ауыз қуысындағы дыбыстау мүшелерін жан-жақтырақ қимыл қозғалысқа келтіруге ерінетін рухани жалқаулыққа жатқызыпты. Соған орай тілдің дыбыстық құрылымының дамып жетілу барысында туыс тілдердің басым бөлігінде бұл заңдылық өз әсерін жойып

алды. Ал қазіргі қазақ тілінің басты фонетикалық заңдылығына жататын езу үндестігі тіліміздің әуезділігін кері келтірмей өз қалпында сақтайды. Дегенмен, тіліміздің дыбыстау мүшелерінің қызметін жан-жақтырақ ететін ілгерілеушілік мұнда да байқалады. Сөздердің бірыңғай тек жуан я жіңішке буынды болу заңдылығы тілдің фонетикалық құрылымының кең ауқымды болуына қойылған шектеу болатындықтан, ұтымды емес. Әуелгі кезде сөз құрамындағы дауысты дыбыстардың бір-бірімен үйлесіп, ыңғайланып айтылуы жаппай қолданылса, қазіргі таңда бұл заңдылықтан ауытқып, аралас буынмен айтылатыны да аз емес. Сөздің табиғи дұрыс айтылымын ескеріп, ә әрпімен жазылуға тиіс сөздер қазіргі орфографиялық сөздікте көрсетілгеннен гөрі көбірек. Оған мына төмендей сөздер айғақ болады: әдірағал, жәйбарақат, мәнсап, шәйқау, әпсана, әжуа, жәйлау, тәбиғат, шәйқор, әруақ, әжуалау, жәннат, тәбиғи, шәйхана, жәп-жақын, әжуалық, жәйында, тәкаппар, шәйшыл, жәнағы, әжуашыл, жәйша, тәмам, шәйқалды, шәйі, әжуалату, жәйылма, тәмамдау, шәйпау, шәйдай, әйбат, жәп-жақсы, тәуба, шәрбат, шәршады, әппақ, жәп-жаңа, шәй.

Х, в әріптерінің емлесі. Түркі халықтарының басым көпшілігі бұл дыбыстарды жиі қолданады. Әліпбидегі әріп санын кемітпеу әрі көп сөздің тұлғалық дербестігін сақтауды мақсат тұтқан аға ғалымдарымыз қазақ тіліндегі х, в әріптерімен жазылатын сөздер санын азайтпауды да аманаттағандай еді. Оның мынадай себептерін атар едік. Біріншіден, бұл дыбыстарды қолданысқа енгізу сөздің табиғи дұрыс айтылуын бұрмаламай, әуезділігіне нұқсан келтірмеу үшін керек. Екіншіден, сөздің омонимдік қатарын көбейтпей, тұлғалық дербестігін сақтау үшін тиімді. Үшіншіден, тіліміздің дамып, жетілу барысында қолданысқа енген бұл әріптер тіліміздің дыбыстық құрылымының кең ауқымды, жан-жақтырақ болуына септігін тигізді. Төртіншіден, туыс тілдерден қазақ тілін алшақтатпау жағын да ескеру артықтық етпейді. Ақырында бұл әріптерді жазу сауаттылықты арттыруға да септігін тигізбек. Осы айтылғанға бірер мысал келтірейік. Мәселен, бір ғана х әрпін қолдану арқасында қас – хас, қалық – халық, қат – хат, қал – хал, қан – хан, қанша – ханша, қақ – хақ, қош – хош, құрма – хұрма, қайыр – хайыр түрінде мағыналық дербестігіне сай тұлғалық жағынан да ажыратып қолданудың тиімділігі күмән келтірмесе керек. Мұның өзі тіліміздің жазу, сөйлеу нормаларын дұрыс жолға қоюдағы игі қадам болмақ.

Әуел баста естілімі «рахмет» сөзінің емлесін неге екенін кейінгі басылымдарда өзгерттік. Ешкім бұл сөзді қ әрпімен дыбыстамайды. Соған орай басым көпшілік бұрынғысынша «рахмет» деп жазып жүр. Өкінішке қарай, баспасөзде сөздің табиғи айтылу қалпын осылайша сақтап, рахмет деп қана жазып жүргенін еш қаперге алмай, кейінгі орфографиялық сөздіктерде рақмет деп беруден танбай келеміз. Бұл тиімді емес. Сондай-ақ бастапқыда басқа да туыс тілдеріндегідей «хұқық» деп жазылған сөздің емлесін «қ» әрпімен өзгертіппіз. Бұл сөзді «құқық» деп жазылуына қарап қ әрпімен дыбыстау, оқу тіпті қазақтілділердің өзіне қиынның қиыны. Сондықтан «құқық» деп тамағын қырнап, айтылуын қиындатып,

әуезділіктен жұрдай еткеннен гөрі 2001 жылғы сөздікте көрсетілген хұқ, хұқық нұсқасын жазуда ескергеніміз жөн емес пе. «Ахмақ» деп жазылуға тиіс сөздің табиғи дұрыс айтылуын бұрмалап, буын санын жасанды түрде өсіріп, «ақ+ы+мақ» түрінде қ әрпімен жазып жүрміз. Қорыта айтқанда, х дыбысы қазақ тіліне тән емес деген пікір шындыққа жанаспайды. Сөздің табиғи естілімін бұрмаламай, мына төмендегі сөз тұлғаларын х әрпімен жазсақ, айтылымы жеңілірек, әрі әуездірек болғандықтан қалыптасып кетер еді: архар, дастархан, рұхсат, хауіп, бахша, ахмақ, дихан, сахара, хауіпсіз, бұхара, ахирет, жайбарахат, хазірет, хауіпті, дархан, ахихат, жемхор, хайрам, хиджаб, рахым, ахпарат, махлұқ, хақ-тағала, хисап, рахмет, ахық, махрұм, хақы, хошемет, хауыз, бахила, нахақ, харіп, хұзырет, хұқық, бахыт, рахат, хас шебері, хұқ.

В дыбысы қазақ тіліне тән емес деген пікір шындыққа мүлде жанаспайды. Соның кесірінен 70-80 жыл жазып келген Европа, завод, товар т.б. атаулардың емлесін өзгерту тіліміздің әуезділігіне нұқсан келтірумен қоса, сауаттылықты да кері кетіреді. В дыбысы оғыз, қарлұқ, қыпшақ, тілдерінің бәрінде жиі қолданылатын сияқты, қазақ тілінде де жиі айтылатын дыбыстың бірі.

«Ана тілі» газеті
27 шілде 2017 ж.
<http://anatili.kazgazeta.kz>

Бұлбұл Карбозова

PhD докторант

ЖАҢА ӘЛІПБИДІҢ ПЕРНЕТАҚТАСЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Бүгінгі таңда қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесі қайта көтеріліп жатқандығы белгілі. Оған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деген сөзі себеп болып отыр.

Шынымен де, Тәуелсіздік алғалы бері қазақ тілін латын қарпіне көшіру мәселесін зерттеуге Үкімет екі рет тапсырма берген еді. Оның екеуінде де қаржы бөлініп, біршама зерттеу жұмыстары атқарылды. Алғашқысында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты латын қарпіне өткен өзге түркі халықтарының тәжірибесіне талдау жасады, кейінгісінде латын қарпіне байланысты теориялық жұмыстар жүргізді. Екеуінің де нәтижесі монография түрінде жарияланды: «Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы» (Алматы: Арыс, 2007 ж.), «Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау» (Алматы, 2016 ж.). Латын қарпіне негізделген әліпбидің бірнеше жобалары дайындалды. Ол заңды да. Ендігі

кезекте солардың біріне таңдау жасау, бір тоқтамға келу мәселесін жеделдету қажет. Себебі, қазақ тілін латын қарпіне көшіруде бұлардан өзге де мәселелер жетерлік. Солардың бірі – латын қарпін пернетақтаға тиімді орналастыру мәселесі. Заман талабы компьютерлік тәуелділікке жетелейді. Одан өзге Елбасы тапсырғандай, «Цифрлы Қазақстан» талаптарына жауап беретіндей әрекеттерді, тиімді әдістерді даярлауымыз қажет деп санаймыз. Қазіргі қолданылып жүрген компьютерлік пернетақтаның тарихы сонау ХІХ ғасырда қарапайым жазу мәшинесінің пайда болуымен байланысты. 1868 жылы Кристофер Латам Шольз атты ағылшын ғалымы әліпбилік тәртіппен орналасқан символдардың жиынтығы ретінде өзінің алғашқы пернетақтасын ойлап тауып, патенттеп алған. Ол пернетақтада әріп екі қатарда әліпбилік ретпен орналасқан. Әріптердің пернетақтада бұлай (әліпбилік ретпен) орналасуы мәтін теруде ынғайсыздықтар келтіргендіктен, бұл пернетақтаның қолданылуы ұзаққа бармайды. Түймешіктерді басқанда саусақтардың бір-біріне ілінісу әрекеті жиі болып, жазылуда өрескел қателер байқалған. Бұл қиындықты шешу үшін Кристофер Шоулз қаріптердің орналасу тәртібін біртіндеп өзгерту арқылы тәжірибе жасайды. Оның нәтижесінде қазіргі қолданыстағы QWERTY пернетақталы Ремингтон-1 атауымен теру мәшинесі пайда болады. Бұл теру мәшинесі соңғы бес жылда-ақ нарықта қолданылымдылығымен үлкен сұранысқа ие болады. Дегенмен де, 1888 жылы Франк Макгурриннің пернетақтаға қарамай теру әдісі қолға алына басатайды. Бұл әдістің негізінде пайда болған Ремингтон-2 теру мәшинесі QWERTY орналасымының танымалдылығына кеңінен жол ашылады.

QWERTY Клавиатура

~ ·	! 1	@ 2	# 3	\$ 4	% 5	^ 6	& 7	* 8	(9) 0	- _	+ =	Delete
Tab	Q	W	E	R	T	Y	U	I	O	P	{ [}]	 \ /
Caps	A	S	D	F	G	H	J	K	L	: ;	" '	Enter	
Shift	Z	X	C	V	B	N	M	< ,	> .	? /	Shift		
Ctrl	Alt										Alt	Ctrl	

«QWERTY» орналасымының атауы пернетақтаның сол жақ бөлігінің жоғарғы жағында орнатылған латын қарпінің алғашқы алты әрпіне байланысты қойылған екен. Бұл пернетақтаны құрастырудағы басты ұстаным – мәтінде жиі қатар келетін әріптерді бір-бірінен алшақ орналастыру болып табылған. Себебі ағылшын әліпбиінде мәтін ішінде дыбыстардың қатар келуі жиі ұшырасады (мысалы, p-r, n-o). Осының нәтижесінде мәтін теруде қатар тұрған түймешіктерді басқанда, көрші тұрған әріптердің ілінісіп кету

жағдайы жиі ұшыраған. Осы және т.б. кемшіліктерді ескере отырып «QWERTY» пернетақтасын өндірушілер тіркесте жиі қатар қолданылатын әріптерді бір-бірінен алшақ орналастыру және мәтінде жиі ұшырасатын әріптерді сұқ саусақ басатын ауданнан қашығырақ орналастыру қажеттігі жайында шешім шығарады. Әріптерді сұқ саусақ басатын ауданнан қашық орналастыруының тағы бір себебі – саусаққа түсетін күштің жүктемесін азайту.

Ал орыс пернетақтасында керісінше, ең күшті және жылдам әрекет ететін сұқ саусақ басатын ауданға ең жиі кездесетін әріптер қатарын берген, ал әлсіз аты жоқ саусақ пен шынашақ басатын аудандарға сирек кездесетін әріптерді орналастырған.

Әліпбиін латын қарпіне бейімдеп қолдануында бір ғасырдай тарихы бар түрік халқы пернетақтаны екі рет өзгертіп үлгерді. Олар алғашында компьютерлендіруге байланысты латын қарпін әлемдік стандартты пернетақтаға қосымша төл дыбыстарын енгізу арқылы өзіндік пернетақта ойлап тапты. Оның сипаты мынадай: Бұл пернетақтаны «Q пернетақта» деп атаған. Жоғарыдағы суреттен байқағанымыздай, түрік мамандары әлемдік стандарттағы осы пернетақтаға қосымша өздерінің Ч-Ç ç, F-Ğ ğ, Ы-У у, Ө-Ö ö, Ш-Ş ş, Ү-Ü ü таңбаларын енгізу арқылы пайдаланған. Осыған байланысты дереккөздерге көз жүгіртсек, «Q пернетақтасы» түркі халқына біраз жыл қызмет еткенін көруге болады. Дегенмен де, уақыт өте келе, түрік ғалымдарының пікірінше, қолданыс тәжірибесінде түймешіктердің (қаріптердің) бұлай орналасуы тиімсіз болып танылды. «F пернетақтасының» қысқаша тарихы мен ерекшелігін сөз ете кетсек, бұл пернетақтаны 1955 жылы İhsan Sıtkı Yener атты ғалым ойлап тапқан. Түрік тілдер қауымдастығының жазу жиілігіне жүргізген статистикасының зерттеу нәтижесінен туындаған пернетақтаның бұл дизайн түрі, оның жай ғана жеке адамның пікірі емес, сонымен бірге бұл үлкен ізденістің нәтижесінде пайда болғанын көрсетеді. Түрік тілдер қауымдастығы жүргізген бұл статистика қорытындылары әріптерді пернетақтада орналастыруда саусақтың сүйектері мен бұлшық еттерінің анатомиясы ескеріле отырылып үйлестірілген. Сонымен бірге «F пернетақтасының» тағы бір ерекшелігі оң қол мен сол қолға түсетін күште баланс сақталған: сол жақ қолға түсетін күш 49%-ды құраса, оң қолға түсетін күш 51%-ды құрайды. Түріктер осы пернетақтамен мәтін теруде бірнеше рет Әлем чемпионы атанғанын мақтанышпен айтады. «F пернетақтасына» да қосымша 6 қаріп енгізілген. Осы пернетақтаның «Q пернетақтасынан» әріптердің кездесу жиілігіне байланысты орналастырылғанымен ерекшеленеді. Байқап отырғанымыздай, пернетақтаға әріптерді орналастыру үлкен мәселе болып табылады. Түрік мемлекеті бұл тұрғыда бірнеше жыл бойы өз төл таңбаларын енгізуде көп жұмыс жасаған. Әріптерді орналастыру таза тілтанушылардың ғана емес, психолог, физиолог, когнитологтардың да пікірлерімен байланыста жасалды. Осымен байланысты біз де қазақ мәтіндеріне статистикалық талдау жүргізгеніміз абзал. Және оның қорытындыларын латын қарпіне бейімделген қазақ әріптерін пернетақтаға орналастыруды басты назарға ұстауымыз керек деп танимыз.

Қорыта келе, осымен байланысты латын әліпбиіне негізделген қазақ қаріптерін пернетақтаға орналастыруда төмендегідей мәселелерді басты назарымызға ұстауымыз қажет:

– пернетақтаға қаріптерді орналастыруда бірінші жеке әріптердің қолданыс жиілігін, екінші тіркестердің қолданыс жиілігін басшылыққа алу қажет;

– әріптерімізді пернетақтаға орналастыруда әлем тәжірибесіндегі тіркесте жиі қатар қолданылатын әріптерді бір-бірінен алшақ орналастыру және мәтінде жиі ұшырасатын әріптерді сұқ саусақ басатын ауданға орналастыру қажеттілігін басшылыққа алғанымыз жөн;

– жиі кездесетін тіркестерді қатар орналастырмай, оң қол мен сол қол басатын аудандарға параллель орналастыру қажет;

– пернетақтаға әріптердің қолданыс жиілігін ескере отырып, физикалық тұрғыдан күшті саусақтан әлсіз саусақтарға қарай ретімен орналастыруды дұрыс деп танымыз;

– әріптердің қолданыс жиілігімен бірге тіркестердің қолданылу жиілігіне байланысты әртүрлі стильдерге жасалған статистикалық талдаулар нәтижесін латын қарпіне негізделген қазақ әліпбиін пернетақтаға модельдеу жұмысын да ескеру маңызды. Себебі әр тілдің әріптері мен тіркестерінің өзіндік қолданыс жиілігі болды. Егер әріптерді пернетақтаға осы қолданыс жиілігіне сәйкес орналастырсақ, мәтін теруде уақыт үнемділігі, физикалық күшті аз жұмсау сияқты нәтижелерге қол жеткізер едік.

«Kaz.tengrinews.kz» сайты

26 қыркүйек 2017 ж.

<https://kaz.tengrinews.kz/article/939/>

Қуатбек Дүйсенов

PhD докторант

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ НЕГІЗІНДЕГІ ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘЛПБИІ ЖӘНЕ UNICODE ЖҮЙЕСІ

Әліпбиіміздің латын қарпіне көшуіне байланысты әлеуметтік желі мен БАҚ-та пікірталас, ақпарат кеңістігінде толқу туғызып жатқан мәселенің ең бастысы әліпбидегі әріп құрамға қатысты болып отыр. Көптеген әліпби нұсқасы көрсетіліп, түрлі топ өз идеясын ұсынып жатыр. Осы әліпби жобаларын қарастырғанда оларға тән бір ортақ ерекшелік байқалды. Бұл құбылысқа үйреніп кеткеніміз соншалық, тіпті мән бермейміз. Әлеуметтік желі, сайт, түрлі платформаларда ұсынған жобаларда латын әліпбиі таңбалары сол қалпы көрініс береді. Ғаламтор таңбаларды бірден таниды, түрін бұзбай коммуникация құралдарының монитормына шығарады. Қалайша сайттар әлемнің әртүрлі жазуындағы алуан әріп таңбаларын таниды? Әріптер әртүрлі әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде бірдей жинақы көрінеді, диакритикалық белгілерге де қарамай, еш қиындықсыз форматталады.

Диакритикалық белгі түгіл қытай иероглифтерін, армян, грузин, еврей, ежелгі грек, копт сияқты көнеден келе жатқан жазу таңбаларын да бірден ажыратады. Осы сұрақтардың жауабын табу мақсатында ізденісімізді сайттардың кодын ақтарудан бастадық. Ғаламтор парақтарында символдарды тану үшін "charset" ('character set' - таңбалар жиынтығы) атрибуты жауап береді. Көп жағдайда "charset" атрибутының жанында UTF-8 (UTF-16, UTF-32) таңбалар кодтауын пайдаланады. UTF-8 (Unicode Transformation Format) - таңбаларды кодтаудың ресми бекітілген және өзіне 1 112 064 таңбаға дейін сыйдыра алатын формат. UTF-8 негізі ISO/IEC 10646 Әмбебап Кодталған Таңбалар Жиынтығы Халықаралық стандартынан алынады. Стандарт ақпараттық технологиялар саласында қолданылады. ISO/IEC 10646 стандарты өз кезегінде Unicode консорциумының кестелеріне сүйенеді. Unicode жайында біраз ақпарат бере кеткен жөн болмақ. Unicode – 1991 жылы технологиялық компаниялар арасында таңбалардың кодталуын стандарттау бойынша жұмыс тобы негізінде құрылған коммерциялық емес консорциум. Консорциум 1991 жылдан бастап унификацияланған және кодталған таңбалардың кестесі мен әлем тілдерінің жазу жүйелері таңбаларын жариялап келеді. Сондай-ақ Unicode (көне түркі, мысыр, авеста, руна жазуы, сына жазу секілді) қолданыстан шыққан жазуларды, (ескі сирия, манихей, ронго ронго, финикия және т.б.) өлі тілдердің таңбаларын, брайль іздері, валюта таңбаларын, техникалық символдарды, (маджонг, ойын картасы, домино және т.б.) ойын таңбаларын, емоджилерді кодтаумен айналысады. Осы уақытқа дейін Unicode кестелерінің 21 басылымы жарияланды. 2017 жылы маусымда жарияланған Unicode 10.0 нұсқасында барлығы 136 755 таңба бар. Оның ішінде 954 латын таңбасы бар. 128 US-ASCII және 826 кеңейтілген латын таңбасы. Сондай-ақ 288 фонетикалық таңба бар. Unicode базасындағы таңбалардың алуан түрлілігі мен кеңдігі туралы мұндай ақпараттан хабардар болған кез келген адам үшін 2017 жылды 11 қыргүйегінде ҚР Парламентінде қазақ тілінің жаңа латын әліпбиін ұсынған Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді үйлестіру орталығының директоры Е. Тілешовтің «смартфондар мен өзге де жазба құралдары бізге түрлі елден келеді, онда латынның 26 ғана әрпі бар» дегені не әдейі ақпаратты бұрмалау, не білместіктен туындаған қате пікір болып табылады. Себебі қазіргі ақпараттық технологиялар саласындағы стандарттардың икемділігі мен ақпаратты өңдеу, жаңартудың алуан түрлі мүмкіндіктері зор, бұларды жоғарыда келтірілген мәліметтер, тіпті осы мақаланы оқып отырған сайттың коды да дәлелдеп отыр. Мұның бәрі Е.Тілешов мырзаның өз жобасының артықшылығы ретінде келтірген пікірін жоққа шығарады. Қазақ тілінің латын әліпбиі жобаларымен танысудан туындаған бақылауларымызға жауап іздеу бізді IT-кеңістіктегі латынграфикалы таңбаларға қатысты техникалық құжаттарды, әртүрлі халықаралық стандарттарды жан-жақты зерттеуге итермеледі. Әр құжатпен танысып отырып, күнделікті смартфон бетінде көретін түзу де әдемі әріптердің артында үлкен техникалық негіз (background) бар екеніне көзіміз жетті. Unicode консорциумы 1991 жылдан бері бүкіл таңбаларды стандарттап дайындап, өте жемісті жұмыс жасағанын

көрдiк. Демек Unicode базасында жоқ деп, пернетақтадағы 26 қаріппен шектеліп, төл дыбыс және төл жазуымыздың принциптерінен бас тартып, әліпбиіміздің тілдік тұрпатынан айырылып қалуға еш негізі жоқ. Сондықтан өзі стандартталып, өзі кодталып қойған Unicode базасындағы латын таңбаларынан тіліміздің ішкі талаптарына жауап беретін әліпби жасамасақ, бізге сын. Unicode кестелеріндегі бас әріп және кіші әріптің 954 латын таңбасы ішінен төл дыбыстарымызды қамтитын, тілдің ішкі заңдылығына сәйкес келетін ыңғайлы әрі ұтымды әліпбиге таңба табылар деген үміт зор. Мақалада келтірілген барлық дерек ашық ақпарат көздерінен алынды.

Ана тілі» газеті
22 қараша 2017 ж.
<http://anatili.kazgazeta.kz/>

Ермұхамет Маралбек
PhD докторант

АСЫЛ ТІЛ, ТҮЗУ ЕМЛЕ ҚАЗАҚТА БОЛУҒА ТИІСТІ...

Латынға көшу – бүгінгі қазақ қоғамының ең өзекті тақырыптарының біріне айналды. Елді, ұлтты рухани жаңғырту мен болашаққа бастаудың аса маңызды тетіктері де осы тіл мәселесімен тікелей байланысты. Сондықтан қазақ тілін заман талабына сай жаңғыртуымыз керек. Бұл әрбір жаңа дәуір тұсында міндетті түрде болатын құбылыс.

Сондықтан қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруге тілішілік және тілден тыс факторлардың заманның сұранысынан туған табиғи құбылыс ретінде күдікпен емес, үмітпен қарап, оның оңтайлы жолын қарастырғанымыз жөн. Әліппе таңдау, емле жасау – шындығында, арнайы лингвистикалық білімді қажет ететін ғылыми мәселе. Ол лингвист ғалымдардың мойнындағы міндеті. Бұл міндет бізге А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің дыбыстық қоры мен қазақ әліппесі жайлы ғылыми ұстанымдарына қайта зер салуға жол ашады. Бұл мәселе жөнінде сан түрлі сауалдарға жауап іздеп көрген болатынбыз.

XX ғасыр басында латын әліпбиіне көшуге А.Байтұрсынұлының ұстанымы қандай болды?

XX ғасыр басында А.Байтұрсынұлы латын жазуына көшуге қарсы болды. Бірақ бұл «латынға көшуге қашан да болса қарсы» дегенді білдірмейді. Мұның терең тілдік және саяси-тарихи мәні бар. Оның бәрін терең талдап, анықтап айтудың бұл жерде реті келмес. Айтуға керек басты-бастылары мыналар: отарлық шекпенінде түркілік бірегейлікті сақтау, ата діннен алыстамау, ана тілдің бұзылмай жеткен тұнық табиғатын лайлап алмау, жоғалтып, жұтылып кетпеу, т.б. Бұған қоса «төте жазудың» тез оқылу, тез жазылу, әдемі жазылуы (9 түрлі үлгіде), үйретуге оңтайлылық секілді «латын жазуынан» көптеген артықшылықтары болды. Ал қазіргі кириллицадан мұның бірін де табуға болмайды. Қазақ тілінің орфографиясы,

емлесі, сингармонизм заңы бұзылған бүгінгі кирил жазуына қарағанда «төте жазудың» тіл тазалығын сақтауға әлдеқайда мүмкіндігі мол болды. Сондықтан қазіргі кириллицадан латынға көшуді төте жазудан латын жазуына көшумен бірдей іс деп санамау қажет. Олай болса, А.Байтұрсынұлының «төте жазудан» латын жазуына көшуге қарсы болуын, қазіргі кириллицадан латын жазуына көшуге қарсы болуы деп білмеу керек. А.Байтұрсынұлы, сөз жоқ, ортақ түркілік бірегейлікті, бірлікті қолдады. Бірақ ол ұлттық бірегейлікті бәрінен жоғары қойды. Себебі ғалым татар, ноғай сияқты жазу мәдениеті ертерек дамыған өзге түркі жұрттарымен қатар, орыс тілінің де әсері тым күшті екенін, соның салдарынан қазақ тілінің жұтылып, жойылып кету қаупін жақсы сезді. Ал тілдің азуы ұлттың жойылуына жол ашатын бірден-бір нәрсе екенін терең түсінді. Одан сақтанудың жолы ретінде қазақ тілінің төл дыбыстарын екшеп, тілді бөтен дыбыстардан тазартып, оның өзіне тән заңдылықтарын қалпына келтіріп, оқу-жазуды ұлттық тілдің өз жолына түсіруді көздеді. Сондықтан араб жазуының ережелері мен жазылу тәртібі бүкіл түркі халықтарына ортақ болғанына қарамастан, қазақ тілінің ішкі заңдылығы мен табиғатына қайшы келетін, қалпын бұзып, дамуын тежейтін элементтерін жойып, тіл мен жазуды ұлттық бейнеге енгізеді.

Бұл туралы ғалым «қазақта дені дұрыс емле жоқ» деп сынаған татардың лингвист ғалымы Хасан Ғалимен айтысында да айтады: «Асыл тіл, түзу емле қазақта болуға тиісті. Неге десек, ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап басқалардай тілін бұзуға арасына жазу жайылмаған қазақ. Сырттан бірен-саран жат сөз келсе оны жаншып, жымырып, өз тілінің қалыбына түсіріп алған қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, жазу шалығы тимесе, кәсібі, харфі өзгерілмесе, жалғыз тілі өзгерілді деп айтуға тіпті жол жоқ». Жалпақ жұрт «қазақша сөз жазушыларға» деп атап кеткен ғалымның бұл мақаласы осы Хасан Ғали атты татар ғалымының сынына жауап ретінде туған. Сөздің реті келгенде айта кету керек, негізінде қазақ емлесін сынаған осы татар ғалымының «Шора» журналына шыққан мақаласының аты «Қазақша сөз жазушылар назарына» болатын. Ал Ахаңның жауап мақаласы «Қазақша сөз жазушылар назарына» сөзін жазушыға» деп аталады. Ғалым бұл мақалада қазақ емлесінің жай-жапсары туралы терең талдаулар жасап, қазақ жазу мәдениетінің түскен жолы дұрыс екенін нақты дәлелдермен көрсете отырып: «Растыққа жүгінсек, түріктің тұнық тілі, түзу емлесі қазақта» деген тұжырым жасайды. Түркі жұртының ортақ жазу мен ортақ тілі болу мәселесін алғаш көтерген И.Гаспринскийдің сөзін еске сала отырып: «Егерде Гаспринскийдің сөзін тірілтеміз десек, ұлық іс үшін ұсақ намысты қойып, түріктің тұнық тілін, түзу емлесін алу керек. Сол екеуі де қазақтан табылады», – деп ашық айтады.

А.Байтұрсынұлы түзген әліппесі мен жаңа емлесі негізінде басылып шыққан кітаптардың тілін таза қазақша емес деп сынаған татар ғалымы Хасан Ғалидың: «Мен түрік баласымын деген әрбіреуінің қолында ұдайы оқуға лайықты болған сол кітаптарды мыңнан бір кісі керек қылмады.

Мұның себебі не десеңіз, себебі – қойшы, жылқышы шалдар, сауыншы кемпірлер сөйлеп тұрған қалпынша бұзық емлемен бастырды» деген кекетпе сынына Ахаң: «Еділден бастап Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға дейін қазақта тіл де бір, емле де бір. Қойшы, түйеші, биеші емлесі деген қазақта жоқ нәрсе. Тоқсандағы шалының, тоғыздағы баласының, бәрінің емлесі біреу-ақ», – деп, атадан өз заманына аманат етілген тұнық тілдің тұмса табиғаты жайлы ақиқатын айтады. Ғалым қазақ тілінің тазалығы мен түркілік қасиетін сақтаған бірден-бір тіл екенін жете түсінгендіктен де жанын салып қорғайды. Ал оны сақтаудың кілті әліппе мен емледе екенін жақсы біледі. Сол үшін де мәдениеті ілгері өзге түркі жұрты мен араб жазуының емлесін тастап, әлемдік дейгейдегі жаңа қазақ емлесін түзеді. Әлемдік демекші, төте жазудың емлесі түркі жұрты ғана емес, мәдениеті бізден көшілгері Еуропа жұртынан да ілгері болғаны Ахаңның Жалпы түркішілдер құрылтайында айтқан мына сөзінен де көрінеді: «Осы құрылтайда айтылған пән пәтуаларынша ең жақсы емле де, ең жақсы әлібби де біздікі болып шықты. Емле мен әлібби жағына келгенде біз орыстан да, немістен де, пырансуздан да, ағылшыннан да алда тұрғанымыз мәлім болды». Ендеше бұл әліппе мен емлені тастап, әліппе ауыстыруға ұлттық тілдің бірегей жанашыры, қорғаны Ахаңның қарсы шықпауы мүмкін де емес. Ғұлама ғалым түзеп беріп кеткен қазақ тілі заңдылықтарын бүгінде қолданып жүргеніміз жасырын емес. Сондықтан жаңа ғасырға, жаңа дәуірге қадам басқалы тұрған қазақ тілінің бүгінге аман-сау жетуіне бірден-бір себепкер – екі рет ауыстырылған әліппе де емес, Алаш арыстары, Ахаң екенін біз ерлікпен мойындауға тиіспіз.

Қай замандағы әліпби ауыстыру болсын, біз тарихи таңдауымызды өз еркімізбен жасай алған жоқпыз. А.Байтұрсынұлының латын жазуына көшуге қарсы болуының түп мәні осы болса керек. Бүгінгі таңда біз тұңғыш рет тарихи таңдауымызды өз еркімізбен жасап отырмыз. Сондықтан бүгінгі латын әліпбиіне көшу ісінің ең басты артықшылығы да осы. Әліпби ауыстырудың машақаты мен қасіретін кирил әліпбиі шынайы көрсетіп берді, мұны тарих расқа шығарды. Біз сол қасіреттің қамытынан босап, жаңа кеңістікке өз таңдауымызбен шығып бара жатырмыз.

Латын жазуына көшуді құптамайтындардың көпшілігінің келтірер басты дәйектерінің бірі – А.Байтұрсынұлының латынға көшуіне қарсы болуы. Шын мәнінде мәселенің түйіні латын жазуында емес, қолданылып отырған жазуымыздың өзінде. Оның болашағы мен қазақ тіліне тигізер пайда-зиянында. А.Байтұрсынұлы қандай да бір күрмеуі көп күрделі, түйткілді мәселе тұсында жеке мүддесі тұрғысынан, не сол түйткілдің жеке өзін алып тұжырым жасамайды, оның халыққа, ұлтқа пайда-зиянын салмақтап барып тұжырым жасайды. Сол дәуірде латынға көшудің қажеттілігі шынында аз еді. Бұл туралы ғалым былай дейді: «Мен мәселенің ілім мен іс жүзіндегі жағын алып сөйлемекшімін. Ең әуелі аңғартып өтетін бір нәрсе сол – латын әрпін алу деген тіршілік мұқтаж қылғаннан, ділгірлік қысып туғызып отырған мәселе емес. Ділгірлік қыспақ түгіл, ешуақытта әншейін керек болған нәрсе емес. Керек қылмағанымыз – қажетімізге жарататын басқалардікінен анағұрлым артық әрпіміз болғандықтан». Сол

заманда латынға көшу бар болғаны жаһандану үрдісіне ерте жасалған қадам ғана болар еді. Ал қазір ағылшын тілі мен латын қаріптері күннен-күнге «ділгірлік қысып» бара жатқан нәрсеге айналуға. Оның үстіне латын жазуының кирил жазуына қарағанда болашаққа көбірек керек екені баршаға аян.

XX ғасыр басында қазақ тілінің дыбыстық құрамы қандай болды?

А.Байтұрсынұлы – қазақ тілінің дыбыстық құрамын алғаш рет дәл анықтап берген бірден-бір ғалым. Барлық мақтау мен еңбек Ахаңа тиесілі. «Тіл құрал» кітабының «Қазақ тілінің сарфы» деп аталатын бірінші бөлімінің бірінші басылымында-ақ қазақ тілінің төл дыбыстарын 24 деп анықтап берген. Содан кейінгі жылдарда, төте жазу қолданыстан шығып қалғанға дейін (1929) бұл пікірін ешқашан өзгертпеген. Мұны өз сөзімен баяндасақ: «Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Олардың харіфтері мынау: آ (а), ب (б), پ (п), ت (т), ج (ж), ش (ш), د (д), ر (р), ز (з), س (с), ع (ғ), ق (қ), ك (к), گ (г), ئ (ң), ل (л), م (м), ن (н), و (о), ف (ұ), ي (и), ه (е), ی (ы)», – дейді [5, 6]. Мұның 5 дыбысы дауысты, 17 дыбысы дауыссыз, 2 дыбысы жарты дауысты. Яғни А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің төл дыбыстарын қазіргідей екіге (дауысты/дауыссыз) емес, үш топқа бөледі. Үшіншісі – жарты дауыстылар – и және у. Бұл жарты дауыстылар туралы кейінірек айтылады.

Біз бұдан бұрын да А.Байтұрсынұлының «төте жазуын» жан-жақты зерттеп, әліппе реформасының үш кезеңін, ондағы таңбалар мен дыбыс құрамын, араб негізді қазақ жазуының төрт түрлі үлгісін арнайы кестеге түсіре, салыстыра отырып, көлемді мақалада сөз еткенбіз. Бұл арада керекті тұстарын ғана айтып өтпекпіз.

Жоғарыда көрсетілген 24 дыбысқа а, о, ұ, ы жуан дауысты дыбыстардың ә, ө, ү, і жіңішке нұсқаларын қоссақ, қазақ тілінің дыбыстық құрамы 28 дыбыс болып шығады. Ал түркі жұртының атақты лингвист ғалымы М.Қашқари да: «Күллі түрік тілдерінде қолданылатын негізгі әріптер он сегіз. Түрік жазуында сол әріптер қолданылады» – деп көрсетеді. Арада мың жыл өтсе де, ғалымның бұл тұжырымы А.Байтұрсынұлы анықтаған қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстарының құрамына негізінен сәйкес келеді. Бұл да Ахаңның қазақ тілі дыбыстарын анықтаудағы дәлдігін көрсетеді.

Ал ә, ө, ү, і төрт жіңішке дауыстыны дербес дауысты дыбыс ретінде танымай, жуан дыбыстың жіңішке нұсқасы ретінде тануының, оларға бөлек таңба арнамауының өзіндік мәні бар. А.Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі барлық дыбыстарды жуан және жіңішке деп екіге бөледі. Ал 24 дыбыс деп көрсетіліп отырғаны соның тек жуандары ғана (е, г, к дыбыстарынан басқа). Сөзіміз дәлелді болу үшін мұны А.Байтұрсынұлының өз сөзімен баяндайық: «Бұл дыбыстардың ішінде қ һәм ғ дыбыстары дәйім жуан айтылады, г, к һәм е дәйім жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстың әрқайсысы екі түрлі айтылады: бірде жуан айтылады, бірде жіңішке айтылады. Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылғанына бір қаріп, жіңішке айтылғанына бір қаріп керек десек, онда 19 дыбысқа 38 қаріп керек болар еді. Бұған дәйім жуан айтылатын қ мен ғ-ларды, дәйім жіңішке айтылатын к, г һәм е-лерді қосқанда, әммәсінә 43 қаріп керек болар еді. Араб әліппесінде 43-ке жететін қаріп жоқ», – дейді.

Демек, А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің төл дыбыстарының тек жуандарын ғана дыбыс ретінде танып, оларды арнайы таңбамен таңбалаған. Ол үшін араб әліппесінен қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес келетін 13 дыбыстың таңбасын өзгеріссіз алады да, қалған 4 дауыссыз дыбыстың таңбасын өзіне дейін араб жазуынан өзгертіліп алынған өзге түрік әліппелерінен алады. Қалған 5 дауыстыға түрлі диакритикалық белгілер арқылы таңбалар жасайды да, жіңішке дауыстыларды дәйекші арқылы береді. Сонда А.Байтұрсынұлының 24 дыбыс дейтіні тек жуан дыбыстар ғана (е, г, к-ден басқа).

Бұдан бөлек А.Байтұрсынұлы кірме сөздердің жазылуы мен кірме дыбыстарды да ескерусіз қалдырмайды. 1913 жылы әліппеге жалғас шыққан «Оқу құралында» (Қазақтан басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп етілген) кірме сөздердің жазылуы мен кірме дыбыстар туралы бөлек нұсқаулық береді. Бірақ бұл осы жылғымен ғана шектеледі. Ал одан кейін «Тіл құрал, дыбыс жүйесі мен түрлері» кітабының 1923–1924 жылдары басылып шыққан нұсқасында ч, х, ф, һ төрт дыбысты өзге тілдерден енген сөздерде жазылады деп көрсетеді де, әліппедегі дыбыстар құрамына енгізеді. Одан кейінгі басылымдарында (1925–1927) қайта алып тастайды. Мұны да өз сөзімен баяндасақ: «Басқа тілдерден кірген сөздерде ұшырайтын х (خ), ч (ش), ф (ف), һ (ه) дыбыстардың харфтерімен барлығы 28. Және де сүйеу таяқ (ل), дәйекше (ء) деген екі көмекші белгімен бәрі 30». А.Байтұрсынұлы өз әліппесіне бұл кірме дыбыстарды арнайы енгізбегенімен, ескерусіз де қалдырмаған. 1912–1924 жылдары шыққан еңбектері мен түрлі басылым беттерінде бұл дыбыстардың таңбалары кірме сөздерді жазуда қолданылған. Осы 28 дыбысқа төрт жіңішке дауыстыны (ә, ү, ө, і) қосқанда, дыбыс саны 32-ге жетеді. Қазіргі қолданылыс аясы тар ларингал (көмей) «һ» (h) дыбысын шығарып, орнына «в» дыбысын енгізсе, қазақ тіліндегі ең қажетті дыбыстар саны 32-ге тұрақтайды. Бұл қазіргі әліппе таңдауда негізделіп жүрген қазақ тілі дыбыстық құрамымен негізінен ұқсас.

Осы арада Ахмет Байтұрсынұлы ұстанымдарын баяндауды бір сәтке естен шығара тұрып, өз көзқарасымызға ерік берсек, қазақ тілінің қазіргі сөздік құрамын ескергенде х, ч, ф, в төрт кірме дыбыстарға деген қажеттіліктің барлығын байқаймыз. А.Байтұрсынұлы заманынан бері бұл дыбыстар санаға да, тілге де әбден сіңісті болған. Әрі бұл дыбыстар тек орыс тілі ғана емес, әлемдік алты тілдің дыбыстық құрамында кездеседі. Бір ғана «ч» дыбысы ескі түркі тілінен бастап, қазіргі түркі тектес халықтардың көпшілігінде бар. Сол себепті осы дыбыстарды қазақ тілінің жаңа латын негізді әліппесіне енгізу – қазақ тілінің дыбыстық қорын байытады, қазақ тілді қауымның акустикалық артықшылығын ұлғайтып, тіл дыбыстарының аясын кеңітеді деген ойдамыз.

Ал ларингал (көмей) һ(һ) дыбысы діни лексикада ғана қолданылғаны болмаса, өзге стиль түрлерінде көп кездеспейді және оны «х» дыбысымен беруге болады. А.Байтұрсынұлы һ (һ) дыбысына арнайы тоқталып, қазақ

тілінде бар болғанымен, тек шаршағанда ышқынудан кейін шығатын дыбыс ретінде сирек қолданылатынын айтады. Ал М.Қашқари түрік сөздерінде ешқашан һ (Ә) дыбысы келмейтінін, тек сөз соңында тыныс белгісі үшін және аң-құс, малды шақырғанда айтылатынын, бұл дыбысты қыпшақтар сөз ортасында «к»-мен ауыстыратынын айтады. Екі дәуірдің екі ғұлама тілші ғалымының тұжырымынан аталған дыбыстың түрік тілінің қыпшақ тобынан тарайтын қазақ тіліне жат дыбыс екенін көруге болады.

Төте жазуда «о» (е) таңбасы жіңішкерту қызметін атқарған ба? Төте жазуда «о» (е) таңбасы жіңішкерту қызметін атқармайды және ешқашан да атқармаған. «о» таңбасы өзі дербес жіңішке дауысты «е» дыбысын таңбалайды. Жіңішкерту қызметін тек дәйекші «є» атқарады. Латын әліппесіне бастамашы болып жүрген кейбір ғалымдардың өзі А.Байтұрсынұлы төте жазуда «о» (е) таңбасын жіңішкерту қызметінде жұмсаған, сондықтан ұсынылып отырған әліппе жобасында «ае, ое, ие» диграфтарындағы «е» таңбасы жіңішкерту қызметін атқарып, «ә» дыбысын береді деген негізсіз дәйек келтіруде. Осы пікірдің жаңсақтығына жұрттың көзін жеткізу үшін әуелі төте жазудағы «е» дыбысы мен оның таңбалық белгісінің «о» тарихына қысқаша тоқталайық.

Төте жазуда жеке таңба арналған бес дауысты дыбыстың (а, о, ұ, ы, е) ішінде дыбыс ретінде танылып, арнайы жеке таңбамен таңбаланған жалғыз жіңішке дауысты дыбыс осы «о» (е) дыбысы. Тоғыз дауыстының қалған төрт жіңішке дауыстылар (ә, ө, ү, і) дербес дыбыс ретінде танылмайды да, сол себепті оларға арнайы таңба арналмайды. Тек жуан дауыстылардың сөз ішіндегі кейбір дауыссыз дыбыстардың әсерінен жіңішке оқылуы ретінде қаралып, жуан дауыстылардың варианттары (а/ә, о/ө, ы/і, ұ/ү) ретінде танылады. Жуан дауыстылардың сөз ішіндегі жіңішке оқылу сәті «є» дәйекші арқылы көрсетіледі. Сонда төрт жуан дауыстының таңбасы (Ā (а), ǝ (о), ǰ (ұ), ɣ (ы)) жуан және жіңішке екі түрлі дыбысталудың мәнін білдіреді де, жалғыз «о» (е) таңбасы бір ғана жіңішке дауысты дыбыстың мәнін білдіреді және алды-артындағы тіркескен таңбаларға ешқандай әсері жоқ. Ендеше өзге төрт жіңішке дауысты дыбысқа (ә, ө, ү, і) жеке таңба арналмай, тек «е»-ге ғана арналуының мәні неде? Себебі оның жуан нұсқасы жоқ болғандықтан. Сондықтан да «о» (е) таңбасы жазылған жерге дәйекші (є) қойылмайды. Сөздің қай шенінде келсе де, бір ғана жіңішке дауысты дыбысты таңбалап, жіңішке оқылады. Дәйекші қою артық жұмыс. Егер дәйекші қойсақ, «е» дыбысының жуан оқылатын нұсқасы бар деген кәдімгі емлесілік қателікті білдіреді. Біздің ойымызша, кейбір ғалымдардың төте жазуда «о» (е) таңбасының жіңішкерту қызметі болған деп шатасып жүргені оның осы қашан да дәйекші қойылмай, жіңішке бір ғана дыбысты таңбалау қызметі болса керек. Кириллицада да «е» таңбасы ешқандай дәйекшісіз бір ғана дыбысты таңбалайтыны сияқты, төте жазудағы «о» таңбасы да өзімен қатар келген дыбыстарға ешқандай әсері жоқ, тек бір ғана «е» дыбысын таңбалайды. «о» таңбасы диграфтың құрамында кездесіп, ол жіңішкерту қызметін атқарған деп жар салған ғалымдар А.Байтұрсынұлының еңбектерін

түпнұсқадан оқыса немесе төте жазумен жазылған кітаптарды өз қолына алып оқып көрген болса, мұндай жаңсақ, оғаш пікір айтпаған болар еді. Тағы бір айтатыны, «о» таңбасы сөз басында ғана қосар таңбамен келеді. Ол «ol» болып жазылады. Бірақ бұл «ә» немесе «ө», «ү» деп оқылмайды, бір ғана «е» дыбысының мәнін береді, яғни «е» деп оқылады. Ал «о» таңбасының алдында тұрған «l» таңбасы сөз басындағы дауысты дыбыстың алдынан қойылатын сүйеу таяқ. Ол сөз басында ешқандай дыбыстық мән бермейді. «E» – қазақ тілінде сөздің барлық шенінде келе беретін дыбыс. Сондықтан төте жазуда әріптің кездесу позициясына қарай «е» дыбысы да төрт түрлі жазылуы керек еді. Бірақ оны А.Байтұрсынұлы екі таңбадан асырмайды. 15 жылдан артық қолданыста болған төте жазуда «е» дыбысы бас-аяғы үш-төрт түрлі таңбамен (e, o, ъ) берілген. Мұның ішінде сөз басындағы келетін «е» дыбысын таңбалайтын бір ғана «e» таңбасы үш түрлі (қазіргіше бес түрлі) дыбыстың (ы/i, e, и/й) мәнін береді. Бұл өз кезінде жазу барысында көптеген шатасулар мен қолайсыздықтар тудырған. Әсіресе кірме сөздерді жазу мен оқуда көп шатасушылық тудырған. Сол себепті 1923 жылы «e» таңбасын тек қана «и/й» дыбыстарының мәнін беруге ауыстырады. «Ы/i» дыбыстарын «E» таңбасымен таңбалайды. Ал «е» дыбысына келгенде, кезінде сөз аяғындағы «е» дыбысын таңбалайтын «e» таңбасын сол күйінде қалдырады да, сөз басындағы «е» дыбысына «o» таңбасын арнайды (1923 ж.). Сонда бір ғана «o» таңбасы «е» дыбысының үш түрлі шенін (сөз басы, сөз ортасы, жеке) бірдей таңбалайды. Мұнан біз А.Байтұрсынұлының «е» дыбысының таңбалық санын мүмкіндігінше қысқартқанын және дыбыстық мәнін барынша айқындап, даралап отырғанын көреміз. Бір таңбаға бірнеше қызмет жүктеуден қашқан. Бұдан біз А.Байтұрсынұлының «бір дыбыс – бір таңба» принципін ұстанғанын байқар едік.

Қорыта айтқанда, төте жазуда да, кейінгі латын жазуында да «е» дыбысы жіңішкерту қызметін атқармаған, әрі жіңішке дауыстылар «е» таңбасынан құралған диграфтармен берілмеген. Екі жазудың қай-қайсында болмасын, «бір дыбыс – бір таңба» принципі қатаң сақталған.

4-тарау

ЖАРЛЫҚ ШЫҚТЫ БЕЙІМДЕЛУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Көпшілік талқысына түскен латын әліпбиінің бір нұсқасы таңдалып, болашақтағы қазақ тілінің жаңа әліпбиі туралы жарлық шықты. Айтыс-тартыс көп болды. «Ел бүгіншіл, менікі – ертең үшін» деген екен Ахмет Байтұрсынұлы. Қазір қолға алып жатқан жазу реформасы біз үшін емес, бүгін-ертең балабақшаға баратын ұрпақ үшін жасалып жатқан тірлік. Ол үшін қазақтың жазуы ұлттық болуы керек. Латын әліпбиінде сөзді басқа тілдің ережесімен жаз деген стереотип жоқ. Сондықтан латынға таза тілтанымдық тұрғыдан көшуіміз керек. Сонда шет тілден енген сөздерді игеру механизмі қайтадан іске қосылады, тіліміздің иммунитеті күшейеді.

Иә, қоғамдағы өткір пікірталастың арқасында латын әліпбиінің парламентте таныстырылған алғашқы нұсқасы қабылданбай қалғанын жақсы білеміз. Ондағы ең басты дау – қазақтың төл дыбыстарының екі әріпті болып келуі еді. Бұндай көңілге қонымсыз нұсқа түсініксіздік пен қолайсыздыққа тап қылатыны анық еді. Бір қуанарлығы, Елбасы алғашқы нұсқаға қол қоймай, бүкілхалықтық талқылауды жалғастырғандықтан, ақыры міне, жүздеген нұсқадан төл дауысты дыбыстарымызды апострофпен белгілеген екінші нұсқа қабылданды.

Алғашқы нұсқадағы халыққа ұнамаған, қос әріпті болып келген қазақтың төл дауысты – ә, ө, ү және т.б. дыбыстар жаңа нұсқада толық шешімін тауып, енді олар бір әріппен белгіленетін болды. Әріптің үстіңгі оң жағына апостроф, яғни үтір қойылады.

Институт ғалымдары латын әліпбиінің алғашқы нұсқасындағы даулы әріптерге байланысты жүйелі түрде қарсы мақалалар жариялағаны да белгілі.

Апостроф нұсқасына да көңілі толмайтындар бұл нұсқа «бір дыбыс-бір әріп» талабынан шыққанмен, «бір дыбыс – бір таңба» талабына келмей тұр» деген пікірлерін білдіруде. Әрине, Тіл білімі институты ұсынған нұсқа, оңтайлы болар еді, бірақ ондағыдай қазақы әріптердің оң жағына емес, үстіне сызықша немесе ноқат қойылған әріптер клавиатурада жоқ, өзге елде қазақша жазуда қиындыққа ұшыратады деген кедергілер бар.

Алғашқыда бәрі тосын болатыны белгілі, ешнәрсе оңай қабылданбайды. «Көш жүре түзеледі» дегендей, бұл жаңа қазақ әліпбиі де өмірде қолдану барысында сүзгіден өтетіні анық.

Жаңа әліпби қабылданған сәттен-ақ апострофтың тиімділігі мен қиындықтары егжей-тегжейлі зерттеуге алынды. Жіңішке сөздерде апострофтардың жиі қойылатыны сөз бүтіндігін бұзатынын көзге түрпідей көрініп тұр. Сондықтан да ғалымдардың бұл нақты шешім емес болар деген үміті зерттеген сайын күшейе түсуде.

Ал латын әліпбиіне көшуге қатысты құрылған жұмыс тобы өз қызметін тоқтатты. Оның орнына ұлттық комиссияның құрылғаны ғалымдардың

пікірін талқыға салатын, қиындықтардың шешімін табуға мүмкіндік тудырды.

Бұл тарауда Тіл білімі институты жанында құрылған жұмыс тобында атқарылған шаралар талданып, Жарлық шыққаннан кейінгі жасалуға тиісті нақты жұмыстар жоспарланған. Ғалымдардың апострофқа негізделген латын әліпбиінің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы пікірі ұсынылған. Ғалымдардың зерттеуінше әлемдік тәжірибеде бірыңғай апострофпен берілген жазу тәжірибесі болған емес. 8 дыбыстың апострофпен берілуі тым көп екенін алға тартқан профессор Қ.Күдерінова Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінде 171 сөз бар екенін, оның 106-да апостроф екенін көзшаламға да, жазылымда қиындық келтіретіні айтады.

Профессор Ә.Жүнісбек Тіл білімі институты ұсынған латын әліпбиінің тиімділігін жіті түсіндіре отырып, жаңа әліпбиді ғалымдар жасауы керек деген шешімді пікірін айтады.

4.1 ІСКЕ КІРІСЕТІН СӘТ ТУДЫ: 32 ТАҢБАЛЫ ЛАТЫН ӘЛІПБИІ ТАҢДАЛДЫ

Қалай болғанда да бұл шешуші сәт болды. Жаңа әліпбидің нұсқасы қабылданды. Әрине, ұнататындар да ұнатпайтындар да болады, бәрінің көңілінен бірдей шығу мүмкін емес. Жаңа әліпбиіге ауысу үдерісі өзге елдердің тарихынан ерекше болып отыр. Себебі бірде бір елде тіл реформасы, әліпби ауыстыру мәселесі осындай кең түрде талқыға салынбаған болатын. Дегенмен, қазіргі қабылданып жатқан шешім – еліміздің дамуындағы түбегейлі бетбұрыс. Тіпті бұл тәуелсіздікті иеленгеннен кейінгі тарихи маңыздылығы жағынан екінші үлкен қадам. Себебі бұл біздің өркениеттік таңдауымыздың нақты көрінісі. Қалғаны өз қолымызда – бүгін латын әліпбиінің қабылдануы ертең-ақ бірден оның қолданысқа енгізілетінін білдірмейді. Алда жаңа әліпбиімен жазу, оқу, айту нормаларын реттеу жұмыстары, халықты бейімдеу жұмыстары, ісқағаздарын көшіру жұмыстары күтіп тұр.

Бұл тараушада Жарлық шыққаннан кейінгі жұмыстардың жоспары, білек сыбана кіріскен іс-шаралар, алдағы жұмыстарды жоспарлау, оны халықпен, қауыммен ақылдасу туралы сұхбаттар жарияланып отыр.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИІН КИРИЛЛИЦАДАН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 жарлығы

Қазақ тілі әліпбиінің кириллицадан латын графикасына көшірілуін камтамасыз ету мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған латын графикасына негізделген қазақ тілі [әліпбиі](#) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құрсын;

Қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшуін қамтамасыз етсін; осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де, соның ішінде ұйымдастырушылық және заңнамалық сипаттағы, шаралар қабылдасын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасы Президентінің
2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН

Латын графикасына негізделген қазақ тілі ӘЛІПБИІ

№	Жазылуы	Дыбысталуы	№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	A a	[a]	17	N' n'	[n], [ng]
2	A' a'	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	O' o'	[e]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[k]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[r]	23	S s	[c]
8	G' g'	[ʃ]	24	S' s'	[sh]
9	H h	[x], [h]	25	C' c'	[ch]
10	I i	[i]	26	T t	[t]
11	I' i'	[и], [й]	27	U u	[y]
12	J j	[j]	28	U' u'	[y]
13	K k	[k]	29	V v	[v]
14	L l	[l]	30	Y y	[y]
15	M m	[m]	31	Y' y'	[y]
16	N n	[n]	32	Z z	[z]

«Егемен Қазақстан» газеті
27 қазан 2017ж.
<https://egemen.kz>

Ерден Қажыбек

ЖАҢА БЕТБҰРЫС КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

Елбасы Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айтылғалы бері қоғамда қызу талқыланып келе жатқан латын

әліпбиі мәселесі әртүрлі пікір-көзқараспен ширатыла келе, түйінін тауып, ресми түрде жаңа бетбұрыс кезеңіне өтті. Бұл – тарихи шешім.

Қазақ еліне құтты болсын айтамын. Осымен үлкен жұмыс аяқталды деп есептемеу керек. Керісінше, қат-қабат, қыруар, маңызды жұмыстың басы деп қабылдауымыз керек. Келесі жылдан бастап тиянақты іске асыруға кірісеміз. Алда әлі жаңа әліпбидің іске асыру тетіктерін бағдарлау, ғылыми-әдістемелік жоспарын жасау, көпшіліктің кеңесін зерделеу секілді толып жатқан міндеттер тұр. Жұмыс басталды. Латын әліпбиіне көшкенде тіл ережелері қайтадан жасалады. Ең бастысы, тіліміздің бүкіл заңдылықтарын өзінің табиғатына сай жасап шығаруымыз керек. Зиялы қауым өкілдері, тілшілер қауымы жаңа әліпбидің ережелерін, оқулықтарын, мұғалімдерін дайындау ісіне асықпай, науқандатпай жұмыла кіріскені жөн. Тіл білімі ғылымының заңдылықтары бойынша олқы тұстарын жетілдіріп, қолға алынуы тиіс маңызды кезеңдерін жүйелеп, тізімін жасап, жоспарлы түрде жұмыс істеуге ғалымдарымыз әзірлігін осы сәттен бастап кетуі керек. Халықаралық тәжірибені ескеріп, өз тіліміздің негізіне сүйене отырып, жаңа әліпбиімен қазақи, төл дыбыстың заңдылықтарына сәйкестендіріп, бір тілдің табиғи ерекшелігіне бағындыру оңай шаруа емес. А.Байтұрсынов негізін қалап берген жап-жақсы, жан-жақты төл, ғылыми жүйемізге оралудың мүмкіндігі бұл. Сөзбен емес, білек сыбанып іс-қимыл танытатын кезең келді. Мемлекеттік маңызы зор бұл іргелі мақсатты орындауға Тіл білімі институты жұмыла кіріседі. Ең бастысы, мемлекеттік тілімізді бүкіл қоғамдық салада еркін қолданылатын дара, негізгі, әрі жұмыстың, әрі қарым-қатынастың құралына айналдыруымыз керек. Негізгі мақсат – Қазақстандағы әр азаматтың мемлекеттік тілді жетік білуіне жағдай жасау. Өйткені тіліміз еркін дамыған жағдайда Қазақстан тәуелсіздігі тұғырына қонады деп есептейміз. Латын әліпбиін қабылдау да осы ұлы мақсат жолындағы басты қадам.

Газета «Казахстанская правда»

12 октября 2017 г.

www.kazpravda.kz

Ерден Кажыбек

ПРЕЗИДЕНТ ВСЕГДА С НАРОДОМ

Обсуждение перехода государственного языка на латинскую графику находится в центре внимания казахстанской общественности.

Выводы, которые следует сделать по результатам встречи Главы государства с членами рабочей группы по реализации проекта по переходу государственного языка на латиницу, заключаются в следующем.

Первое. Глава государства держит этот архиважный вопрос под своим постоянным и жестким контролем. Поэтому в данном направлении не может быть никакой самодеятельности, непродуманности, неясности.

Второе. Президент очень чутко и внимательно прислушивается к мнению народа, широких слоев общественности, интеллигенции и ученых, простых граждан. И ему очень дорого их мнение.

Третье. В этом очень важном и судьбоносном процессе не будет спешки и кампанийщины – только выверенная научная тактика, последовательные действия и обдуманное решение.

Эти три важнейшие установки были озвучены Нурсултаном Назарбаевым на встрече с рабочей группой, и именно они гарантируют, что мы находимся на правильном пути.

Как известно, первый вариант алфавита с диграфами был принят общественностью с некоторой настороженностью. Использование таких способов передачи звуков оказалось непривычным для пользователей языка. Именно этот фактор принял во внимание Глава государства.

Причем особенно примечателен тот факт, что, останавливая свой выбор на апострофе как новом средстве передачи варианта звука, Президент предупредил собравшихся, что искусственного форсирования не должно быть, надо обсудить с общественностью и этот вариант. Глава государства справедливо заметил, что вряд ли еще найдется в мире государство, где так подробно и в общенациональном масштабе обсуждается вопрос перехода на новый алфавит. И таким подходом к решению важных национальных задач можно только гордиться.

Если мы будем строго придерживаться принципов, которые выдвинул Президент, ошибки быть не может. В итоге, я в этом абсолютно уверен, мы, ученые и общество, придем к консенсусу и примем удобный, компактный и самый оптимальный алфавит государственного языка Республики Казахстан на латинской графике.

*Газета «Казахстанская правда»
27 октября 2017 г.
www.kazpravda.kz*

Ерден Кажыбек

ВРЕМЯ АКТИВНЫХ ДЕЙСТВИЙ

Решение Главы государства подписать Указ о переводе алфавита казахского языка на латиницу – это старт большой и ответственной работы для всего общества.

Это исторический момент, важность которого нам еще предстоит осознать. И дело здесь не только и не столько в самом языке – речь идет о

существенной смене ценностных ориентиров в направлении духовной модернизации и интеллектуального развития нации. Это важный шаг на пути превращения казахского языка не только в поистине государственный, то есть повсеместно распространенный и доминирующий язык в нашей стране, но и в язык международной коммуникации. А это позволит казахскому языку стать не только средством генерации мировых инноваций, но и носителем знаний общемировых ценностей. Замечу, общемировых ценностей, зиждящихся прежде всего на национальных приоритетах нашего народа.

Мы вышли на большой и трудный путь. Не все нам будет даваться легко и просто. Нужно много работать и многому учиться. И если мы все вместе засучим рукава – успех будет гарантирован.

*«Астана» телеарнасы,
«Біздің уақыт» бағдарламасы
28 қазан 2017 ж.
<http://www.astanatv.kz>*

Ерден Қажыбек

ПРЕЗИДЕНТ ҚАЗАҚ ӘЛІППЕСІН КИРИЛЛИЦАДАН ЛАТЫН ҚАРПІНЕ КӨШІРУ ТУРАЛЫ ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет Басшысы Н.Назарбаев қазақ әліппесін кириллицадан латын қарпіне көшіру туралы Жарлыққа қол қойды. Онда осыдан 2 апта бұрын ұсынылған соңғы нұсқа бекітіліп, Үкіметке латын графикасына орай Ұлттық комиссия құру жайлы тапсырма беріліп, 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшуді қамтамасыз ету жүктелген. Сонымен, я, ю, ц, щ, э әріптері жоқ. Апострофтар – төбесіне үтір қою арқылы жазылатын нұсқа бекітіліп отыр. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры **Ерден Қажыбек**: «Басты проблема – біздің төл дыбыстарымыз дұрыс дыбысталмай, дұрыс берілмей келді. Сондықтан қазір тәртіп орнатып жатырмыз. Дұрыс айтып, дұрыс жазу үшін. Біз әріптерді емес, әліппені өзгертіп отырмыз. Қазақ тілінде 28 дыбыс бар, бірақ 32 жасадық, себебі өзге тілдерден алынған сөздер, тиісінше ф мен в сияқты әріптер жаппай қолданылады», – деген. Яғни латын қарпіне көшу – концептуалды, маңызды қадам. Ал бұл реформаның өте маңызды екенін барлығы бірден мойындаған. Оған ешкімнің таласы жоқ...

Ерден Қажыбек: Мемлекеттік тілімізді өз тұғырына қондыру бүгінгі күннен бастап қолға мықтап алынды деп есептеймін. Бұзылған ережелерді қолдануға етіміз көндігіп кеткен жағдайы бар. Сондықтан тілді қазір бүкіл қатпарлар мен артық дүниелерден арылту оңай болмайды. Бірақ игі істің мәні зор. Оған қоғам болып жұмылу біздің борышымыз.

АКАДЕМИКТЕР ЕЛБАСЫ ЖАРЛЫҒЫН ҚОЛДАДЫ

Алматыдағы «Ғылым ордасының» мәжіліс залында Түркі академиясы Халықаралық ұйымы түркі әлеміне ортақ құндылықтарды саралау мақсатымен «Рухани жаңғыру: тұлғалар тағылымы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырып, зиялы қауым өкілдерінің басын қосты.

Қазақ ғылымы мен руханиятына елеулі үлес қосып келе жатқан ғалымдар, академиктер мен ғылыми-зерттеу институттарының басшылары, мажар, қырғыз, түрік, әзербайжан, ұйғыр, татар ғалымдарының алдында сөз алған Академия президенті Дархан Қыдырәлі шараның мақсат-маңызына тоқталды. Ұлттық сана мен болмысты әлемдік құндылықтармен үйлестіре отырып, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер мен батыл шешімдерге құрылған «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жарияланған биылғы жыл ел тарихында ерекше жыл ретінде есте қалмақ. «Сананы сілкіндіретін, ойды отарсыздандыратын, жадыны жаңғыртатын, тарихты түлететін бағдарлама көптеген ауқымды бастамаларға негіз болды. Әрине атқарылып жатқан қыруар жұмыстың ішінде бірінші кезекте қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуін атаған болар едік», - деді Д.Қыдырәлі. Алқалы жиынды жүргізген ғалымның айтуынша, күні бүгінге дейін ұлттық кодқа байланысты, тарих, таным, тіл, кітаптардың тәржіме ісіне байланысты көп жұмыстар атқарылған. Көптен жоспарланған дәл осы шараның Елбасының қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру туралы Жарлыққа қол қойғаннан кейін өткізілуінің де символдық мәні бар. Себебі Жарлық шыққанда бірінші кезекте лингвистердің, түрколог ғалымдардың, зиялы қауымның көзқарас білдіріп, қолдауы заңдылық. Түркі академиясының бастамасымен өткізіліп отырған жиын тақырыбының «Тұлғалар тағылымы» деп аталуының сыры да осында. Тамыры терең бәйтерек сынды, тоқсанның төріне шықса да, тіл үшін тірескен талай күрестерде тайсалмай қайраткерлік танытып, толғауы терең қызыл тілдің тағдырын «тағдырым» деп таныған үш абыз академиктің – Әбдуәли Қайдаров, Шора Сарыбаев және Рәбиға Сыздықованың алқалы басқосудың белортасынан табылуы жиынның басты жаңалығы болды. Тіл білімі ғылымының алтын қазығы іспетті болмысы біртұтас асылдан сомдалып құйылғандай айтулы ғалымдардың соңғы жылдары жұрттың алдында сирек төбе көрсетіп жүргені болмаса, тіл тағдыры тағы бір тарихи шешуші кезеңге бет бұрғанда, аяулы Академияларына аяндап келіп, тілектестік танытқандарына үлкен-кіші түгел толқыды. Ұлағатты ұстаздар ұлт мәселесіне келгенде тартынып қалмай, алдыңғы шептен көрінетінін тәуелсіздіктің сонау елең-алаң тұсында да көрсеткен болатын. 1992 жылы Түркиядағы Мармара университетіндегі жиынға Қазақстанның атынан қатысып қайтқан Ә.Қайдаровтың елге келген соң «қазақ елі латын әліпбиіне көшуі керек» деген өзі бас болып, жобасын

жасап, Елбасына хат жазғанына да биыл 25 жыл болыпты. Сол арман-аңсар шындыққа айналып, латынға көшу жөніндегі бастама ресми түрде биыл жаңа бетбұрыс кезеңіне қадам басып отыр. Өйткені бүкілхалықтық талқылауға түскен латын әліпбиі түркология ғылымының ортақ әліпбиі ғана емес, рухани жаңғырудың басты негізі екені сөзсіз. Айта кету керек, Академияның ғылыми жобаларының үлкен бір бөлігі түркология ғылымының дамуына үлес қосып отырған авторлардың еңбегін насихаттау және жаңа еңбектердің жарық көруіне ұйытқы болуымен байланысты жүргізіледі. Қазақ елінің тумасы, әлемдік дәрежедегі түрколог ғалым Әмір Нәжіп өзінің мұрасын, қолжазбаларын, тарихи салыстырмалы сөздігін, кітаптарын көзі тірісінде Әбдуәли Туғанбайұлына аманаттап кеткен болатын. Бұл еңбектер жалпы түркология ғылымына қосылған үлкен олжа болып саналады. Ә.Қайдаров бұл ғылыми мұраларды Халықаралық Түркі академиясына табыстаған-тын. Сол аманаттап кеткен дүние биыл араға қырық жыл уақыт салып «XIV ғасыр түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы сөздігі. Құтыптың «Құсрау-Шырын» еңбегі негізінде» атты 4 томдығы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Ғылым» баспасынан жарыққа шығып отыр. Сондай-ақ Ә.Қайдаровтың «Ұйғыр тілі лексикасының дамуы» және «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» атты ұйғыр грамматикасына байланысты екі том еңбегі де баспадан көпшіліктің пайдалануына жол тартты. Ілгеріректе түркітану ілімінде өзіндік жолы бар академик Р.Сыздықованың Қадырғали Жалайырға тиесілі «Жамиат-тауарих» кітабын зерделеп, бұл шежіренің рухани мұра жағынан да, тілдік тұрғыдан да қазақ халқының байырғы дәуірден қалған төл мұрасы екенін дәлелдеген еңбегі де Академия қолдауымен жақын арада оқырманның қолына тиеді. Бұған қоса қолданыс аясы әлдеқашан тарылып кеткен шор, қарлұқ, қарашай, алтай, гагауыз, құмық, Кавказдағы, Ауғанстандағы, Ирандағы, Қытайдағы, жалпы дүниежүзіндегі жойылу қаупі төніп тұрған түркі тілдерін жинақтап, «Жойылу қаупіндегі түркі тілдері» атты төрт томдық энциклопедия шығарылды. Мұндай ауқымды жұмысты атқаруға әлемнің 300-ден аса ғалымы жұмылдырылған. Түптеп келгенде, осының бәрі рухани жаңғыру жолында атқарылған жұмыс, Елбасы бастамасымен құрылған Түркі академиясының игілікті ісі мен еңбектері түркі халықтарының ортақ рухани жемісі болатыны анық. Басқосу барысында осы аталған төрт бірдей іргелі еңбектің тұсауы кесіліп, кең көлемде жинақталған мәдени мұралар зиялы қауымға таныстырылып, тарту етілді. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов, Түркі кеңесі Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Әділ Ахметов, Қырғызстандағы Манас қырғыз-түрік университетінің профессоры Қадыралы Қоңқабаев, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Ерден Қажыбек, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, ҰҒА академигі Уәлихан Қалижан, академик Өмірзақ Айтбаев тіл келешегі үшін жасалып отырған игі қадамды қолдай отырып, қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі уақыттың талабы екенін, жаңа көштің қарқынды, бірақ кезең-кезеңімен жүзеге асырылар байыпты іс екенін атап өтті. Телқожа Жанұзақов, Асқар Жұбанов, Нұргелді Уәли, Байынқол Қалиев, Әлімхан

Жүнісбеков сынды кәсіби тіл мамандарының қатысуымен өткен жиынның салмағы да, маңызы да жоғары болды. Дөңгелек үстелдің өзі «Тұлғалар тағылымы» деп аталғандықтан, түркология ғылымы саласында үлкен еңбек сіңіріп, өмірден ертерек өткен мажар ғалымы Иштван Қоңыр Мандокидің шаңырағында түтінін түтетіп отырған жары Оңайша Мандоки Қоңыр марқұмның армандарының біртіндеп орындалып келе жатқаны түркітану ғылымының да қарқынды дамуының көрінісі екенін және оның есімін ұлықтап, мұрасын түгендеп жүргені үшін Түркі академиясына рақмет айтып, атқарып жатқан жұмысына оң баға берді. Жиын соңында шараға қатысқан зиялылар латын әліпбиіне байланысты шыққан Елбасы Жарлығын қолдайтынын және ұлттық мүддеге бағытталған тарихи шешімді орындауға атсалысатындарын айтып, арнайы үндеу қабылдады.

Әбдуәли Қайдаров, академик: – Отан соғысында бес жыл әскери міндетім мен азаматтық борышымды өтеп қайтқаннан кейін институтқа түсіп, одан аспирантураны бітірген соң, бар саналы өмірім Қаныш Сәтбаев негізін қалаған осы Ұлттық Ғылым академиясында өтті. Мен сонау тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Түркия Сыртқы істер министрлігінің ұйымдастыруымен өткен Түркия, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Әзербайжан және Түрікменстан ғалымдарының Анкарадағы конференциясына Қазақстанның делегациясын бастап барған едім. Сонда барша түрік халықтарына ортақ 34 әріптен тұратын латын әліпбиінің жобасына Қазақстан тарапынан қол қойып, қазақтың «ә» деген әрпін енгіздім. Конференциядан келгеннен кейін көп ұзамай «түркі елдері латын әліпбиін қабылдайтын болыпты» деген хабар алдық. Осы хатты алғаннан кейін Президентке Ашық хат жазып, түркітілдес елдер ғалымдарының ұйғарымын жеткізген едім. Міне, сол уақыттағы арман-тілегіміз бүгін орындалып отыр.

Шора Сарыбаев, академик: – 1937 жылы алғаш мен мектеп табалдырығын аттаған кездері орыс мектептерінің көбейіп, қазақ мектептерінің біртіндеп жабылып жатқан кезі еді. Содан бері біз көп нәрсені жоғалтып алдық. Біраз нәрседен құр қалдық. Құндылықтарымыз құрбан болды. Тілімізді тұншықтырып, тынысын тарылтқан империялық саясаттың үстемдігіне іштей қапаландық. Бірақ «ештен кеш жақсы». Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл өлсе, халықтың өзі де өледі» дейтін сөзі бар. Ең алдымен ана тіліміздің қадір-қасиетін көтерейік. Бар міндетім жастарды патриотизмге тәрбиелеу, қазақи мінезге баулу, қазақты сақтауға бағытталды. Сондықтан кейінгі ұрпағым тілін, жерін, Отанын қадірлесе екен деймін.

Рәбиға Сыздықова, академик: – Қазақтың тұңғыш төл әліпбиі Ахмет Байтұрсынов жасаған әліпбиі болатын. Мен 1-сыныптан 9-сыныпқа дейін латын қарпімен оқу оқыдым. 1945 жылы жоғары оқу орнына түскенде, ұстазымыз оқыған дәрісті латынша жазатын едік. Өйткені қолымыз үйреніп кеткендіктен бе, әлде расымен жазуға оңай болды ма, латынмен жазуға бейім болдық. 1956 жылы көрші Қытай еліндегі Шыңжаңдағы ұйғырлар мен қазақтар латын әліпбиіне көшу мәселесін көтеріп, үлкен халықаралық конференция ұйымдастырды. Соған барған 5-6 ғалымның бірі мен

болатынмын. Латынға көшу мәселесімен сол кезде бірінші рет бетпе-бет келгенмін. Ал бүгін өз елімізде осы бастама көтеріліп, жылға жуық уақыт бойы «латынға көшеміз бе, көшпейміз бе?» деп талқыладық, айтарым, енді қарайлаудың қажеті жоқ. Дұрыстығы әлдеқашан дәлелденген. 32 дыбысты таңдап алу қиынға соқпас, ең қиыны осы әріптердің емлесі мен ережесін дұрыс түзіп шығу. Кеше кириллицаға көшкен кезде ғалымдар үшін ең қиыны не болып еді? «Жапырақ», «топырақ» деген сөздердің арасына «ы» әрпін жазамыз ба, әлде «жапрақ», «топрақ» деп жазамыз ба?» деп он жыл бойы айтысқанбыз. Айтыссаң, айтыс қыза береді. Сондықтан әуелі латын тіліне көшіп алып, «қалай жылдам, оңай әрі қиындықсыз жазуға болады?» деп ғылыми ізденісін жалғастыра беруіміз керек. Егер менің жанымда айтқанымды жазып отыратын, кеңесіп отыратын көмекшім болса, латын әліпбиіне көшуге байланысты ауқымды міндетті бірге атқарысып, осы ереже-емлелерді жазуға көмектесер едім.

Мұрат Жұрынов, Ұлттық Ғылым академиясының президенті, академик: – Қазақ қоғамы әліпби мәселесін 1994 жылдан бері талқылап келеді, әбден пісірдік деп ойлаймын. Химия саласының маманы болсам да, тап осы мәселеге байланысты баспасөз бетінде менің де бірнеше мақалам шықты. Ол кезде Қазақ-түрік университетінде жұмыс істеймін. Түркиядан, басқа да шет мемлекеттерден келген мамандар көп болды. Олар: «Біз кириллицаны білмейміз, сондықтан бізге латын әліпбиін жасап берсеңіздер, біз тезірек қазақ тілін меңгерер едік» деген өтінішін айтты. Сөйтіп университеттің ішінде ғана қолданылатын латын әліпбиін жасадық. Мамандармен бірлесіп, қазақ-түрік сөздігін жарыққа шығардық. Яғни латын әліпбиімен мен сол кезден бастап шұғылданып келемін. Ендігі әңгіме мынада: Президент Жарлығы шықты, енді тек қана орындау керек. Меніңше, біздің нұсқа түркі елдері әліпбиі ішіндегі ең жақсы әліпби. Тілдің басты заңдылығы сақталған, компьютер қабылдайды, жеңіл. Сондықтан осы Жарлықты бәріміз қолдаймыз.

Айгүл Аханбайқызы.

4.2 ҚАЗАҚ-ЛАТЫН АПОСТРОФ ӘЛІПБИІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Апострофты жаңа әліпби қабылданғаннан кейін де, «бұл жоба да апробациядан (сынақтан) өтуі тиіс» деген пікірлер басымдығы жоғары болды. Демек, оның да кемшін тұстары, ұлттық тілді таңбалауға толыққанды қызмет ете алмайтын жақтары болған. Тіл ғылымының мың сан талабы, ережелері болады - соны осы алфавит аясында електен өткізу көзделінген. Бұл қиямет жұмыс лингвист мамандардың ғана қолынан келеді. Сондықтан соңғы шешім қабылданғаннан кейін лингвисттерден сұхбат алу жиілей түсті. Себебі көпшілікті «неге апостроф таңдалды деген сұрақ» мазалағаны рас. Осы сұраққа дәйекті жауап іздеуде лингвистердің пікірлері тұщымды түйін бола білді.

Қабылданған әліпбиде 9 әріп апострофпен берілген. Мәселен, «ә» дыбысын жазу үшін «а»-ның жоғары жағына үтір қойылады. «О»-да үтір болса, «ө» деп оқылады. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі қысқа «й» мен ұзақ «и» латынның «ай» әріпіне, екі «х» «эйч» әріпіне бірікті. Ал Щ, Ц, Я, Ю, Э мен жуан және жіңішкелік белгісі мүлдем жоқ. Сонымен, 42 қаріптен 32-сі қалды. Елбасының Жарлыққа қол қойғаны сол екен, интернетте жаңа әріптердің жазылуы мен айтылуы келтірілген роликтер пайда болды. Онда әліппе, әуежай, бесік, домбыра сынды сөздер мысалға келтірілген. Сондай-ақ, арнайы жұмыс тобының мамандары жұрт арасында жан-жақты түсіндіру жұмыстарын жүргізе бастады. Түсіндіру жұмыстары да лингвисттердің дәйектемелеріне сүйеніп отырды.

«Азаттық радиосы»

27 қазан, 2017 ж.

<https://www.youtube.com/watch?v=P5JE8OI3k5s>

Профессор Қ. Күдеринамен сұхбат

АПОСТРОФТЫ ӘЛІПБИГЕ ҚАЛАЙ ҚАРАЙСЫЗ?

Қасым Аманжол: Саламатсыздар ма?! Эфирде Азаттық Live. Біз бүгін апострофты әліпбидің қабылдану мәселесін талқылаймыз. Бүгін Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев латын графикалық негіздегі қазақ әліпбиін, жаңа әліпбиді қабылдау жөніндегі Жарлыққа қол қойды. Осы мәселені біз тілші-ғалым, филолог, Сүлеймен Демирел университетінің профессор-оқытушысы Құралай Күдеринамен талқыласақ деп отырмыз.

Құралай ханым, қош келдіңіз. Жалпы мынау көптен бері айтылған, осынша талай уақыт әртүрлі дауға, әртүрлі пікірлерге негіз болған латын графикалы жаңа әліпби, дәл мына нұсқа, қазір енді ұсынылып тұр, дәйекшелі әліпби деуге болады енді, көрермендіріміз де көзқарақты азаматтар ғой, қандай әліпби нұсқасы ұсынылып және оны Президент бекіткендігін біліп отырған болар. Осы нұсқаның қабылдануы бойынша жалпы пікіріңіз қалай? Оң бағаладыңыз ба, әлде сыныңыз басым ба? Бір ауыз пікіріңізді біліп алсақ, содан ары қарай жалғастырамыз.

Құралай Күдерина: Армысыздар, қадірлі қауым! Бұл әліпби жобасы бүгінгі қазақ қауымы үшін мүлде жаңа, тосын әліпби болып отыр. Мүлде жаңа. Өйткені біз бұл әңгімені 2007, 2006 жылдардан бастасақ, содан бергі қазақ қоғамында әртүрлі әліпбилер сөз болып, талқыланып, жұрттың біразы көзін үйретіп, тіпті жазып қалды. Бірақ солардың ішінде бұл әліпби жобасы болған жоқ.

Қасым Аманжол: Бұл жоба болған жоқ қой, яғни сіз үшін бұл – бір тосын жоба, тосын нұсқа, иә?

Құралай Күдерина: Тосын жоба болды. Мысалы, сондай-ақ бұл әлем тәжірибесінде де болмаған жоба. Яғни латынды қабылдаған Шығыс Еуропа елдері, мына түрік, одан кейін неміс жазулары сияқты, мысалы,

латынды қабылдаған жазулардың ішінде мұндай апострофпен, бірыңғай апострофпен берілген жазу тәжірибесі болған жоқ және, мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына сол 2006 жылдан бастап, оның алдында 1993-тен бастап бірнеше жеке тұлғалардан, мекемелерден ұсыныстар түсті ғой, әліпби жобалары. Сол кезде ол жобалардың ішінде де мұндай әліпби болып көрген жоқ. Сондықтан бұл қазақ қоғамы үшін тосын әліпби.

Қасым Аманжол: Сіз үшін де тосын болды ма сонда?

Құралай Күдерінова: Иә, бұл бәріміз үшін де жаңалық қой.

Қасым Аманжол: Жақсы, онда Құралай ханым. Қазір әңгімемізді жалғастырмас бұрын, бізді қарап, тыңдап отырған көрермендерімізге ескерте кетсем деп едім. Сұрақтарыңызды қойыңыздар, пікірлеріңізді жолдаңыздар, дәл мына әліпбиге қатысты өз ұсыныстарыңызды, мына тілші-ғалым келіп отыр екен, өздеріңіздің нақты-нақты сұрақтарыңызды жолдасаңыздар болады. Ал қазір осы мәселеге негізгі себеп – жарлықтың шығуы, Жарлыққа Президент Н.Назарбаевтың қол қоюы. Осы мәселеге байланысты кеше кездесу өткен болатын. Қазақстан Президентімен Президент әкімшілігінің жетекшісі және оның орынбасары кездескен болатын. Президенттің сөзіне назар салайық: «Басқа халықтардың ой-пікірін, барлығын білдік, жалпы қоғамда қолдау бар. Солай ғой? Ал енді ары қарай жүру үшін арнайы Жарлыққа қол қойып шығару керек. Жұмыс істейтін, жүргізетін комиссияға жол ашу керек». Жол ашу керек, бұл жобаны жұрт қолдады деген пікірлер айтылып жатыр. Енді, сіздің ойыңызша, бұл шешім ғалымдардың толық талқысынан өтті ме? Дәл мына нұсқа қайдан пайда болды, авторы кім? Сіздің хабарыңыз бар ма? Сіз алғашқы бір жобаларды жасаушылардың ішінде болдыңыз ғой, білуімше. Бірақ сіздің жобаңыз, сіз қабылдаған, сіз ұнатқан жоба осы ма еді, әлде басқа ма еді?

Құралай Күдерінова: Біз ұнатқан жоба емес. Бізде осыған дейінгі бүкіл әліпбилерді типтендіргенбіз. Тіл білімі институтына келіп түскен жобаларды типтендіргенде, яғни ортақ белгілерімен бір топқа салған кезде қазіргі қазақ қоғамына, үш түрлі жоба типтері пайда болды. Біріншісі – кешегі 11 қыркүйекте сөз болған қосар әріппен беру. Ол көбінесе бағдармашылардан өте көп ұсыныс түскені. Диграф деген қосар әріп қазақшалағанда. Екінші, бұл – диакритикамен, яғни қазіргі түрік және түркі жазулары қолданып келе жатқан, Шығыс Еуропаның біраз жазба тілі қолданатын әліпби, диакритика. Үшіншісі – бұл апострофпен болатын, бірақ мынадай апостроф емес. Ол жаппай емес, мынада жаппай болып отыр. Бірақ үшінші жобада осы апострофпен бірге жаңағы қосар әріп араласқан, яғни екі жобаның аралас түрі, қосындысы. Сол үш жоба болды.

Қасым Аманжол: Ал мына жобаның авторлары туралы хабарыңыз бар ма? Ғылыми кеңесте қаралды ма дәл осы жоба?

Құралай Күдерінова: Бұл жобаның авторы кім екендігі де, кім ұсынғандығы да белгісіз. Латын әліпбиімен айналысып келе жатқан Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты да бұл жобадан хабарсыз.

Қасым Аманжол: Сіз – бұл ғылыми топтың ішінде болған адамсыз. Жұмыс тобының ішінде болған адамсыз. Ал комиссияға дәл мынадай нұсқаның өтіп кетуін сіз өз басыңыз қалай бағалайсыз, ғалым ретінде?

Құралай Күдерінова: Ғалым ретінде қалай бағалаймыз, енді ғалымдардың көзқарастары, пікірлері ескерілмегеннен кейін біз енді қалай қараймыз?

Қасым Аманжол: Түсінікті, жақсы. Онда ары қарай кеттік. Енді бұған дейін сіз диграфты нұсқаны, яғни қосарлы әріпті нұсқаны да сынаған едіңіз. Біздің сайтымызда ол шағын сұхбатыңыз шыққан. Ол өте көп көрілім болып, өте көп талқылауға ұласқан еді. Ол жерде сіз қосар әріпті нұсқаны да қатты сынадыңыз. Мына апострофты нұсқаны қосар әріпті нұсқамен қалай салыстырар едіңіз? Сіздің ойыңызша, қайсысы дұрысырақ немесе қайсысы өтімдірек? Қайсысы ыңғайлырақ?

Құралай Күдерінова: Бірінші нұсқаға қарағанда бұл нұсқа одан гөрі жақсылау, одан гөрі жеңіл және үйретуге оңай нұсқа деп бағалауға болады. Қыркүйектегі нұсқаға қарағанда. Бірақ біздің және жалпы менің өз басым түсінбейтінім – шын мәніндегі тілтанымдық зерттеулердің негізінде ұсынылған жоба неге үкімет қарауына, назарына ұсынылмайды деген сұрақ. Кеше әртүрлі жерде дөңгелек үстелдер өтіп жатты. Мына жастардың алдына шығып, сөйлеп жатамыз. Сол кезде жастардың қоятын сұрақтары да осы. Бізде осыған дейін тілтанымдық, тілдің өзінің табиғатына шығатын, қазіргі мына жазу тәжірибесінде бар әліпби, мысалы, жаңағы диакритикамен берілетін тілтанымдық әліпби бар. Бірақ балалардың, студенттердің айтатыны біз оны алмай, неге қиналып, өзімізді зорлап, неге басқа әліпбилерді ұсынып жүрміз, біз осыны түсінбейміз дейді. Ал дәл осы сұрақты біз де қойғымыз келеді. Неге біз өте қиын, ауыр жолдарды тандап келе жатырмыз. Мұның қандай да бір біз білмейтін себебі бар ма? Сол...

Қасым Аманжол: Сіз қалай ойлайсыз? Дәл осындай нұсқаның өтіп кетуі неліктен?

Құралай Күдерінова: Неліктен дегенде, қазақтың өзіне тән, өзінің бір ерекшелігін білдіретін, өзінің мына жазуы арқылы басқа түркі тілдерінен ерекшелігін білдіретін әліпби таңдау – сол басты себеп, мақсат болған сияқты.

Қасым Аманжол: Ерекшеленуге көбірек мән беріп тұр дейсіз бе?

Құралай Күдерінова: Иә, ерекшеленуге мән беріліп тұрған сияқты. Әйтпесе...

Қасым Аманжол: Мысалы, түркі елдерінің біршамасы осы латын негізіндегі әліпбиді қабылдады ғой. Сол Түркия болсын пайдаланып жүрген, Әзербайжан болсын, Өзбекстан болсын, Түркіменстан болсын.

Құралай Күдерінова: Осы біз мына әліпбиге қарап, негізінен, түркі жазуларындағы ортақ алфавит деген мәселеге кішкене бет бұрдық па деген ойға қалдым мен. Өйткені 1991 жылы Анкарада өткен үлкен түркітанушылардың құрылтайында ортақ алфавит жасайық, яғни түркі жазуларына ортақ алфавит жасайық деген мақсат болды ғой. Сол мақсатта әр түркі тілдері өзіне әліпби жасап жатты, бірақ бір-бірінен айырмасыз, бұған

академик Әбдуәли Қайдардың айтуы бойынша сегіз әріпке дейін айырмашылық болып кетті дейді. Бірақ бұны қолданған, яғни латынды қолданған жазулар оғыз топты, яғни латынға көшкен түрік, түркімен, әзірбайжан, сосын гагауз және өзбек-қарақалпақ, осы алты жазу, алты тіл латын жазуына көшті. Бұлардың ішінде біреуі ғана қыпшақ тобына, қалған тілдеріміз оғыз тобына жатады, яғни бұл оғыз тобының ерекшеліктерімен басқа әліпби жасауға болатын. Ал мына жерде біз айтып отырғанымыз, бұл қарақалпақ жазуы қыпшақ тобына жатады. Сол қыпшақ тобының ішінде қарақалпақ жазуы мына апострофпен беруді бастаған. Яғни қазіргі қарақалпақ әліпбиінде мына апостроф бар. Бірақ жаппай емес, ол дауыстыларға берілген, ал дауыссыздарға қосармен берілген. Ол сол кезде өзбек әліпбиімен ұқсастырып жасаған ғой. Сондықтан, сол жағынан ғана, мына ендігі болашақта басқа башқұрт, ноғай, тағы да басқа, қарашай, қарайым, оның ішінде қазақ, осыларға арналған ортақ бір түркі жазба тілінде коммуникацияға түсе алатын алфавиттің басы бола ма деген ой келеді. Бірақ мына сияқты жаппай емес. Жаппай апостроф болмайды.

Қасым Аманжол: Сіздер әу баста Тіл білімі институты ұсынған нұсқасында «бір дыбыс – бір әріп» деген принципті ұстануға тырыстыңыздар, менің түсінігімше. Ал диграфты әліпби ұсынушылар кейбір әріптердің, кейбір дыбыстардың шықпай қалуы мүмкіндігін көбірек сынадыңыздар сол кезде. Мысалы, диграф, қосар әріппен берген кезде кейбір ұ сияқты, ө сияқты әріптер оқылмай қалуы мүмкін деген қауіп айтқан едіңіздер, ә сияқты. Ал мына нұсқаны көрген бетте сіздің көзіңізге кемшілік сияқты, оғаш сияқты көрінген дүние не? Нақты әріпке, дыбысқа, таңбаға қатысты.

Кұралай Күдерінова: Жақсы сұрақ. Алдымен, жазуды таңдағанда бірінші әліпби таңдалады, сосын соған сәйкес графика жасалады, біз қазір графика жасайтын кезеңде тұрмыз. Мына әліпбиді бір ашып қарағанда, өте жеңіл, қолайлы сияқты. Мысалы, төбесінде түртпегі бар а-ны ә деп оқуға болады. Енді қараңыз, мына әліпби тұрғанда, расымен де, мынадай әліпбиді ұсынған біртүрлі дұрыс көрінетін сияқты. Бірақ мәселе бәрі ертең орфографияда шығады. Мына алфавитті қабылдадық қой. Бірақ бұл қабылданым, мысалы, елбасымыздың қол қойғаны, мен ойлаймын, бұл ертең мектепке отырғызып, жаздыртамыз дегені емес қой, меніңше, бүгінге дейінгі даудың соңғы нүктесін бір қойып, осы әліпбимен жазу тәжірибесін бастап көрейікші деген түсіндірменің өзі. Жазып көрейік...

Қасым Аманжол: Жүре келе түзеледі демексіз ғой...

Кұралай Күдерінова: Иә, жазып көрейік, содан кейін әліпби мектепке кірген кезде барып, соңғы нұсқасы мынау деп айту керек сияқты бәрібір. Сол кезде, бәлкім, реформа жасалады. Өзі кез келген жазу да реформасыз болмаған. Мысалы, біздің жазуымызда да болған, төте жазуда да болған реформа. Латын жазу да 1929-да қабылданады, 1938-де реформа болады. Кирил жазуында да реформа болған. 1939-да қабылданады, 1957-де соңғы ережелерге реформа болды. Бірақ біз осыған дейін реформаны болдырмаудың жағын ойластырдық қой. Реформа жасамайық, бірден дұрыс

әліпби берейік дедік. Бірақ, мынаған қарағанда, меніңше, реформа әлі болады.

Қасым Аманжол: Бізде студиямызда тілші-ғалым Құралай Күдеринаова отыр. Апострофты әліпби бойынша талқылау өткізіп жатырмыз. Сұрақтарыңызды жолдай беріңіздер. Құралай ханым, қазір көрермендерімізбен бірге осы әліпбиді қабылдау, бүгінгі бекіту мәселесі бойынша, Қазақстан Президентінің осы әліпбидің қабылдау бойынша Жарлық шығаруына байланысты жұрттың пікіріне назар салып көрейікші, қарапайым адамдар. Олар не дейді екен?

«Жазып көрдім, ыңғайсыздау, бірақ үйрену керек қой. Үйренеді ғой адамдар», «Жоқ, оқып көрмедім. Кітаптың бәрін өзгертіп шығу керек, менің ойымша, бұл – ақша жеудің ғана амалы», «Білмедім. Жоқ, естіген жоқпын», «Қарсы емеспін, иә, дұрыс деп ойлаймын. Жаңа нұсқаға мен әлі танысып үлгерген жоқпын», «Менің қызым қазір мектепке оқиды. Өзі үш тілде болғандықтан, орыс тілі, ағылшын тілі, қазақ тілі – үш тілде сөйлей алмай жатыр. Әріп те жаттау қиын болып жатыр қазір. А әрпін қалай айтатынын. Енді латын әрпіне көшетін болса, одан сайын қиналатын сияқты», «Көш жүре-бара түзеледі. Басқа мемлекеттердің де, біз енді, көшу барысынан естіп отырмыз. Бірнеше мемлекеттің ұзақ жылдарға кеткен сол көшу барысын, осы қателерін түзеуге, қайтадан жөндеуге тиіспіз», «Өзбекстан, бәрі де көшіпті ғой. Сондықтан мен жақсы деп ойлаймын, бір жағынан. Бірақта бірден өтпей, біртіндеп өткізу керек».

Қасым Аманжол: Бұл жерде енді алматылықтар мен қызылордалықтардың ғана пікірін қамтып үлгердік. Кешкі Азат News жаңалықтар шығарылымында толықтырылған сауалнама шығады, оны ескерте кетсек. Құралай ханым, сіз бір мәтін ұстап келіпсіз. Бұл сонда не, қазіргі мына апострофты әліпбимен жазылған мәтін бе?

Құралай Күдеринаова: Иә.

Қасым Аманжол: Сіз, бұл жазу кезінде, дәл осы апострофты әліпбимен жазу кезінде қандай ерекшеліктермен кездесуіміз мүмкін.

Құралай Күдеринаова: Жақсы. Жаңа «таныс емеспіз» дегендер көп екен, яғни өтетінді қолдап жатыр да, ал бірақта, қай әліпби дегенде әлі ешкім білмейтін де сияқты. Сондықтан таныс емес, бұл әңгіме 19 қазанда болды. Енді содан бері 20 күннің ішінде танысып үлгермеуі де мүмкін. Өте аз уақыт. Енді сол аз уақытта бұл бекіп отыр. Сол даудың соңына нүкте қойылуы үшін мен тағы да қайталап айтам осыны. Енді біз, шынымен де, 15 күннің ішінде үлгере алмай жатырмыз. Мысалы, Сүлейман Демирел университетінде AcademClub деген жастардың үйірмесі бар, сол үйірмедегі балалар үнемі осыған назарын салып отырады. Балаларға, қысқасы, осы әліпбимен мәтін жаздырттық. Сол кезде мысалды қазіргі көркем әдебиет мәтінінен, сосын заңнан, сосын ғылыми мәтіннен алдық. Яғни бір-екі беттен тұратын мәтіндер алдық. Мына жерде қараңыз, география пәнінен, 11 сыныпқа арналған география пәнінен барлық сөз саны – 647 сөз.

Қасым Аманжол: Ол қандай әліпбимен жазсаңыз да 647 сөз.

Құралай Күдерінова: Соның, мысалы, 603-де апостроф бар. Жоқ, 647 сөз, 603 апостроф. Бұл не деген сөз.

Қасым Аманжол: Олай мүмкін бе сонда? Қане көрейікші. Операторларымыз мынаны, мүмкін болса, түсіріп көрсеңіздер.

Құралай Күдерінова: Мынада 5353 таңба, әріп бар деген сөз. 5353 таңба. Соның 603-і апостроф болып табылады.

Қасым Аманжол: Яғни барлық дерлік сөздерде апостроф кездеседі дейсіз ғой.

Құралай Күдерінова: Бұл география пәнінен. Бұл мәтіндердің арасы былай алшақтайды деген сөз. Ол мәтіндер қайда? Ол газеттерде, әсіресе, саяси газеттерде, ол ресми құжаттарда. Бұл біздің ресми құжаттарымыздың көлемі үлкейеді деген сөз. Мынау – қара сөз. Одан кейін, мысалы Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінде 171 сөз бар екен. Оның 106-да апостроф бар. Сондай-ақ, біз Абайдың қара сөздерінің де біразын қарастырғанбыз.

Қасым Аманжол: Қос әріпте, бірнеше қатар келген әріпте бірнеше апостроф тұрған кезде оның оқылуы, жазылуы, қолданылуы мәселесі қалай болады?

Құралай Күдерінова: Өте көп, мысалы, қараңыз. Бізде мына апострофпен жазғаннан кейін, біз болашақта сөздің бөлек, бірге және кәдімгідей бос аралықта жазылуды болашақта айыра алмайтын сияқтымыз. Қай сөз бірге, қай сөз бөлек тұрғаны мына жерде белгісіз, қараңызшы. Мысалы, мынау ай-мақ, бөлек сияқты. Яғни апостроф тергенде өзі бір таңбаның орнын алып кетеді.

Қасым Аманжол: Бұл технологиялық жағынан өте қолайсыз деген пікірлер өте жиі естіліп жатыр қазір.

Құралай Күдерінова: Мәтіннің бейнесіне байланысты, яғни мәтіннің былай бір көрінгенде бейнесінде танылмайтындар. Бізде былай. Мына әліпбиді алғаннан кейін жазу дағдысы болу керек. Жазу дағдысы жазу машығына айналу керек. Жазу машығына үйреніп алғандардың көзшалымдары тез болады. Көзшалым деген мәтінді біз сурет қылып оқимыз, мәтінді абзацпен оқимыз, ал сөзді біз сурет қылып оқимыз. Біз оны әріптеп оқымаймыз ғой. Сөздің тұрпатын танып, қармап оқимыз. Сонда осы мәтінді оқуда автоматизм баяулайды, біразға дейін. Енді мен білмеймін. Бәлкім, біраз жылдардан кейін машық пайда болатын шығар.

Қасым Аманжол: Апострофтарды қағып түсетін машық дейсіз ғой. Ал енді тағы бір мәселе. Жаңағы технологиялық жағынан сынаушылардың көбі айтады, мысалы менің қолымда қазіргі замандық смартфон. Енді осымен қандай да бір мәтінді теру үшін, мен апострофты таңбаны қою үшін бірнеше рет ауыстыруыма тура келеді.

Құралай Күдерінова: Иә, иә. Енді қараңыз, мен балаларға компьютермен де тергіздім. Сондай-ақ, мына смартфонмен де тергіздім. Сол кезде қандай да бір мәтін, қаншалықты мәтін екендігін ұмытып қалдым, бір 74 сөзден тұратын мәтінді бір сағат терді.

Қасым Аманжол: Хат алмасу құралдары, Whatsapp, Facebook, әр түрлі жаңағы мессенджерлерде ол әріптерді қалай мынаның ішіне кіргізіп қою

керек екендігі, ол әрине сол саланың мамандары айта жатар. Бірақ тағы бір естіп жатқан сын – ол жаңағы Google арқылы іздеу кезінде апостроф көп кедергі келтіреді деген пікірлер айтылады. Және хэштег қойып, мынадай тор қойып, хэштег жазған кезде ол оны, апострофты оқымайды деген пікірлер айтылып жатыр. Оның барлығын өзгерту, шынында да, біршама көп қиындықтар туындататын сияқты. Сізге тағы бір сауал, осы мына технологиялық жағынан басқа, жаңа өзіңіз айтып отырған оқу машығы, жазу машығындағы қиындықтардан басқа тағы қандай мәселе бар? Сіздің ойыңызша, бұның ыңғайлы тұсы қайсы? Сізге бәрі ұнамауы мүмкін емес қой.

Құралай Күдерина: Жоқ, мен ұнамайды дегенді көп айтқан жоқпын. Дауыстыларды апострофпен бергеннің жақсылығы бар. Өйткені мына ә, ө, ү, өзі жиілігі жағынан аз кездеседі. Мәтінде кездесу жиілігі 0,1 ме, 0,01, сондай ғана кездеседі. Сондықтан ара-арасында апостроф қоюға болады. Ал дауыссыздардың барлығына жаппай қоюға болмайды. Бұл бір қарағанда өте оңай табылған, кез келген адам жасай алатын әліпби болып тұр.

Қасым Аманжол: Ал мына әліпбиде өзіміз көзіміз үйренген бірнеше таңбаның жоқ болып кетуіне байланысты не айтасыз? Мысалы, қарапайым S деген таңба бар еді. Мына апострофы жоқ S жоқ, W бар еді, ол жоқ, оларды тиімді пайдалануға болмас па еді?

Құралай Күдерина: Тиімді пайдалануда, бізде мына тілтанымдық жобада W-ды дауыссыз У-ға беру бар еді. Ол жобада бар. Бірақ бұған алынбаған.

Қасым Аманжол: W-ды мысалы Ұ-ға, жуан Ұ-ға беруге болар ма еді, мысалы?

Құралай Күдерина: Жоқ, оны олай беруге болмайды, өйткені W-дың таңбалануының өзінде екі дыбыс, екі әріп тұр ғой. W-ды біз мына дауыссыз У-ға беру туралы айтқанда жастарға, көбі оны қаламады, қолдамады. Өйткені бұл интернационал сөздердің мәтінде танылуына кедергі келтіреді. Мысалы, қараңыз. Университет деген сөзді. Мына тұрқын танимыз да, ағылшындағы жазуы осы ғой енді, оны автоматты түрде оқып кете аламыз. Ал мынаның орнына W-мен жазу, қалай болады.

Қасым Аманжол: Ал енді университет деген жазуды біз апострофты U-мен жазуға тура келеді ғой.

Құралай Күдерина: Иә. Бұл дұрыс емес деп ойлаймыз. Термин сөздердің жазба мәтінде танылуы дұрыс болуы керек. Оқуға кедергі келтірмеуі керек.

Қасым Аманжол: Құралай ханым, мына әлеуметтік желі арқылы біршама сұрақ, пікірлер түсіп жатыр екен, мен соларды мейлінше қысқаша оқып шығуға тырысайын. Сіз қысқаша жауап беріп көрсеңіз. Берік Дәуенов деген «қарсымын» дейді. Майкл Шерімбек «қарсымын» дейді. Негізінен пікірлерін айтып жатыр. Қазақ тіліне қастандық, шала-пала дүние. Нақты сұрақтардан гөрі, негізінен, пікірлер көп сияқты. Мен сізге бір сұрақ қояйын онда. Мысалы, әуелгі ұсынылған диграфты нұсқа болды, қосар әріп арқылы беру қазақы дыбыстарды. Сондай нұсқа бір рет Парламентке ұсынылды, ол

кайтып келді. Оны сынаушылар өте көп болды. Және ол қабылданбай қалып, мына апострофты нұсқа өтіп кетті, былайша айтқанда. Енді сол кезде оларды айнытқан себеп не? Мысалы, сәбіз деген сөздің жазылуы үлкен күлкіге айналып кетті. Оны диграфпен жазған кезде ол кішкене әбестеу сөзге ұқсап кетті. Орыс тіліндегі әбес сөзге. Мысалы, осындай фактор әсер етті деп есептейсіз бе?

Құралай Күдерина: Әрине...

Қасым Аманжол: Енді осыған қосар сұрақ. Апострофты әліпбимен жазған кезде кейбір сөздерді, мысалы, жаңа жазып жатыр, шығыс деген сөзді жазған кезде немесе тағы соған ұқсас сөздерді жазған кезде, оның бір сөз ретінде көрінген кезінде, ол да өте анайы болып көрінеді дегендерді әлеуметтік желілерде жазып жатыр. Ол әсер етіп, мына апострофты әліпбидің ары қарай тағдырына әсер етеді деп ойлайсыз ба? Бірақ ол қазақша анайы сөзді ұқсатып кетті.

Құралай Күдерина: Айтып отырмыз ғой. Мына бірінші жоба өзі өте белсенді, қызу талқылауға ұшырады. Ал енді екінші жоба, қазақта бір сөз бар ғой, «жамандық болмаса, жақсылықтың қадірін қайдан білесің» деген. Сонда әдейі ана бірінші сорақы жобаны берді де, ол жамандықты көрсетіп алғаннан кейін енді екінші жоба бізге әлдеқайда жақсы болып көрінгені рас. Сондықтан да ойлаймын, мына көпшіліктен қатты қызу талқылау анадай емес сияқты. Сіздерге қалай көрінеді?

Қасым Аманжол: Білмеймін. Ол бүгін ғана бекітілді. Өте қызу талқыланып жатқан сияқты. Енді оны уақыт көрсетер, дегенмен. Қазір мынадай сұрақтар, әртүрлі пікірлер болып жатыр. Дархан Мұқантегі деген қолданушы айтады: заңгер шақыруыңыз керек еді, заңдық жағы қалай болады дегендерді сұрап жатыр екен. Әрине, «Азаттық радиосы» ең басты, ең актуалды тақырыптардың арасынан тікелей эфир жасаймыз, сондықтан болашақта заңгер де, саясаттанушы да, саясаткер де бұл мәселеге қатысты өз ойларын айтады. Қазір бізде тілші-ғалым отыр, сондықтан нақты тілші-ғалымға қатысты сұрақтарыңызды қойсаңыздар.

Құралай Күдерина: Бірнәрсе айтайыншы...

Қасым Аманжол: Айтыңыз, айтыңыз.

Құралай Күдерина: Жалпы мына әліпбиді таңдау, әліпбиді талдау деген жоғары деңгейде жүрген сияқты көрінеді қоғамда. Сосын біз айтамыз, қазіргі жазуымыз әліпбиді біз өз еркімізбен таңдап отырмыз деген жақсы сөздер айтылады. Шын мәнінде солай ма? Шын мәнінде, қазақ өз жазуын өзі таңдап отыр ма?

Қасым Аманжол: Мысалы, ғалым ретінде сіз, бұл апострофты әліпбидің авторы кім деп едім, сіз жауап беруге қиналып отырсыз.

Құралай Күдерина: Жауап бере алмаймын, өйткені білмеймін кім бұның авторы екенін.

Қасым Аманжол: Шынымен білмейсіз бе?

Құралай Күдерина: Иә, білмеймін.

Қасым Аманжол: Жұмыс тобының ішінде болсаңыз да, білмейсіз бұның авторы кім екендігін?

Құралай Күдерина: Жоқ, білмеймін. Жұмыс тобында бұл талқыланған жоқ. Енді мен осы жерде бірнәрсені айта кетейін. Енді, қараңыз. Сол талдау шын мәнінде болуы керек. Жаңағы, қазақ өз әліпбиін өзі таңдады, егемен алған, тәуелсіз санасы бар әрбір қазақ өзін таңдады деген шын мәніндегі сөзді айту үшін мына Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қазір, білетін шығарсыздар, қоғамға сауалнама ұсынып жатыр. Мына әлеуметтік желідегі қоғамға. Сол кезде ол кісілер өте жақсы бір тәжірибе, эксперимент ұсынып отыр. Яғни үш әліпбиді қояды, сөйтіп үш әліпби бойынша әркім таңдайды. Ешкім қыстамайды, үгіт жүргізген жоқ, жай ғана. Сөйтіп осы сауалнама жұмыс істегеніне бір апта болды ма, болмады ма, сондай. Енді басталды. Енді болмайды деп ойлап отырмыз ғой. Әлі бекітілмейді деп енді ғана қолға алып жатыр бұл мекеме. Сол кезде жаңағы бір аптаның ішіндегі мына тілтанымдық жобаны, яғни осыған дейінгі А. Байтұрсынұлы институты ұсынған жобаны таңдаған сауалнамашылардың саны 76%-дай болды.

Қасым Аманжол: Бұл әлеуметтік желідегі өздеріңіздің эксперименттеріңіз ғой.

Құралай Күдерина: Ол кәдімгідей жақсы көрсеткіш беріп отыр. Онда барлық мәліметтер көрсетілген, жасы, ұлты кім екенін, мектепті қай тілде бітіргені, соның бәрін есептеп келгенде, мен енді ол кісілердің тәжірибесін мына арада айта алмаймын өзімдікі сияқты қылып, сондықтан сол сауалнама авторларынан сұрасаңыздар, сіздерге жақсы мәлімет береді.

Қасым Аманжол: Жақсы, бұған дейін де Тіл білімі институтынан біршама ғалымдар болған. Анар Фазылжанова сияқты азаматтар өздерінің пікірлерін бөліскен болатын.

Құралай Күдерина: Шынымен де әліпбидің қайсысын таңдар екен деп әртүрлі ойға қаласың ғой, сауалнама нақты көрсетіп тұр. Диаграммасы салынған, барлық графикасы бар.

Қасым Аманжол: Ол сауалнама кириллицаның ыңғайымен болып кетті деп есептемейсіз бе? Кириллицада бар диакритикалық немесе жаңағы таңбаның соңындағы қосымшалар арқылы жазуға бейімделіп қалғандықтан емес пе, ол 76% болуы?

Құралай Күдерина: Кириллицадағы қандай диакритика?

Қасым Аманжол: Мысалы, Ғ-ды мынамен беру?

Құралай Күдерина: Әрине, ол да бар шығар енді. Бірақ біздің латиница дегеннің өзінде үлкен латиница, кіші латиница деген бар ғой, сонда бұл таңбалар бар. Үйреніп қалған ғой, қысқасы.

Қасым Аманжол: Тағы бір сұрақ. Мынадай пікірлер де бар. Енді мына нұсқа қабылданды, латын әрпіне көшу, латын әліпбиіне көшу шешімі қабылданды, ең бастысы. Енді ұнатсақ та осы, ұнатпасақ та осы, осыған көнуіміз керек, осыны ұстануымыз деген пікірлер де шығып жатыр. Оған не айтасыз? Жалпы, ғалымдардың ендігі талқылауы, пікірі қай бағытта болуы керек, сіздің ойыңызша?

Құралай Күдерина: Бағана айтқандай, біз жазу машығын, жазу дағдысын тексеруіміз керек. Оған педагогтар, психологтар қатыстырылуы

керек, яғни қандай да бір соңғы нәтижені жасайтын эксперименттер жасалуы керек.

Қасым Аманжол: Иә, жаңағы сіздің ұсынғаныңыз секілді.

Құралай Күдерина: Осы сияқты эксперименттер жасалуы керек. Қандай да бір орфографиялық ережені мынау бойынша жасауға болады. Бірақ орфографиялық ережені жасағаннан кейін де, әлі оны жазуға түсіргенде, таңбалағанда тағы шығады. Сосын барады да ол орфографиялық ережені өзгертеді. Осындай бірінен-бірі шығатын әлі біраз процестерден өту керек бұл.

Қасым Аманжол: Өтуі керек деп есептейсіз, иә?

Құралай Күдерина: Содан кейін ғана барып, бұл соңғы нұсқасы деп қол қоюға болады.

Қасым Аманжол: Жақсы, тағы бір сұрақ. Енді бұл, мына нұсқа ары қарай дамуы керек пе, өзгеріске енуі керек пе? Жалпы бұл нұсқаға қатысты бір ғылыми конференциялар, ғылыми айналысқа енгізу мәселелері қаралды ма? Мұнымен бір тек қана осы апострофты әліпбидің осы бір парақтық нұсқасы ғана ұсынылды әзірге бізге. Бірақ мұнымен бірге бір ғылыми түсіндірме, нақты бір ғалымдардың аты-жөні бар, өз атына, өзінің ғылыми дәрежесіне жауап бере алатындай, орны бар ғалымдардың бір түсініктемесі болуы керек пе еді?

Құралай Күдерина: Керек, әрине.

Қасым Аманжол: Әлде осылай ұсынылды, болды ма? Ары қарай әркім өзі қалай болса, солай ма?

Құралай Күдерина: Бұл әліпбиді түсіндіру керек.

Қасым Аманжол: Ғылыми айналысқа енгізу мәселесі қалай бұл жерде?

Құралай Күдерина: Түсіндіруге дейінгі бұл таңбалардың неге таңдалып алынғанының себептерін көрсететін түсініктеме болуы керек. Ол түсініктеме фонологиялық жағынан, сосын жазу машығы жағынан, сол екеуін ұштастыра келген ғылыми түсініктеме болуы керек еді.

Қасым Аманжол: Ал емлеге салу мәселесі бұл жерде қалай болады?

Құралай Күдерина: Сол жаңа айтып отырмын ғой, емле ережесін бұнымен жасауға болады деп. Бірақ жасағаннан кейін оны әлі біз мәтіннің ішінде көргеннен кейін оны қайталап өзгертеміз. Бұл әлі өзгереді, меңінше. Мысалы, кейде мына екі Й мен У, мысалы, АЮ деген сөзді қараңыз. Аю, қою, кию дегендегі Ю-мен келетін тұйық етістік. Осындай тұрпаттар шығады. Күйеу дегенде, мысалы, міне, қараңыз. Төрт әріпте үш апостроф.

Қасым Аманжол: Енді мұндай сөздерді өте көп тауып алуға болады ғой.

Құралай Күдерина: Сонда мына У мен Й-ға қатысты кемшілік бірден көзге түсетіні анық.

Қасым Аманжол: Мынадай екі сұрақ түскен екен. Былай дейді: жаңа әліпбиге көшу туралы шешім жарлық, қаулы емес, неге Парламент арқылы заң ретінде қабылданбайды? Енді бұл сұрақ Құралай ханымға емес, тілші-ғалымға емес, басқа адреске қойылуы керек шығар. Тағы бір сұрақ қойылып

тұр. Тұрар Қартай: Филолог-ғалымдар сіздердің қарсылық білдіру мүмкіндіктеріңіз жоқ па? – дейді. Құралай ханым өзінің пікірін ешқандай бүкпесіз айтып отыр деп ойлаймыз. Сонымен соңғы сұрақ. Мысалы, технологиялық жағынан бұны ыңғайсыз деп айтып жатқан адамдар көп. Мына интернет мәселесінде немесе осы латын әліпбиіндегі 26 таңбаның деңгейінен шықпау мәселесін ұсынушылар да өте көп. Ол жөнінде тағы да әңгімелесе жатармыз болашақта. Дегенмен, сіздің ойыңызша, дәл мына нұсқаның ендігі тағдыры, ендігі болашағы қалай болуы керек, ғалым ретінде, мысалы, не ұсынасыз? Шешім шықты, енді ғалымдар не істеуі керек мына мәселеге байланысты?

Құралай Күдеринаова: Меніңше, ер кезегі үшке дейін деген бар. Үшінші, осыған дейінгі қоғамда ұсынылған үшінші әліпбиді де жұрттың назарына ұсыну керек.

Қасым Аманжол: Яғни, үшінші ретінде, сіз Тіл білімі институтының жұмыс тобы жасаған әліпбиді айтасыз ғой.

Құралай Күдеринаова: Ол әліпбиді де ұсыну керек. Неге ол әліпби ұсынылмай, басқа әліпбилер біріншіге шығып кетті деген түсініксіз сұрақтар бар ғой енді қоғамда. Сондықтан үшінші әліпбиді де ұсыну керек.

Қасым Аманжол: Мүмкін екі рет сынатып-сынатып алып, үшінші рет сіздердің жобаларыңызды ұсынғалы отырған шығар.

Құралай Күдеринаова: Сол үш әліпбиден ашық таңдау жасау қажет. Ал енді мына әліпбиді өзгерту, бұны кішкене реформалау дегенге, егер де реформа жасалса, онда бұған тағы да диакритика қосылады, сол кезде әрі апостроф, әрі диакритикалы, жазуға өте қиындық келтіретін әліпби болады.

Қасым Аманжол: Мынаны реформалау керек пе, әлде мүлде басқасы деп есептейсіз бе?

Құралай Күдеринаова: Меніңше, үшінші әліпбиді ұсыну керек.

Қасым Аманжол: Жақсы, түсінікті. Қадірлі көрермен, біз бүгін АзаттықLive тікелей эфирінде филолог-ғалым Қ. Күдеринаның пікірін ортаға салдық.

*«Алматы» телеарнасы
«Шарайна» бағдарламасы
28 қазан 2017 ж.
<https://www.youtube.com>*

Профессор Қ. Күдеринаовамен сұхбат

ЖАҢА ЖОБАНЫҢ ҰТЫМДЫ ТҰСТАРЫ ҚАНДАЙ?

Үмбетәлі Меймеш: Қазақ тарихы тағы бір оқиғамен толықты. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев латын әліпбиіне көшу туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі ресми хабарлады. Сонымен, төл әріптерді апостроф, яғни дәйекше арқылы таңбалайтын екінші нұсқа

таңдалды. Енді ел Үкіметі Ұлттық комиссия құруға кіріседі. Одан кейін қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңмен көшуін қамтамасыз етеді. Жарлықтың орындалуын бақылау Президент әкімшілігіне жүктелді. Бұл нұсқаның алдында алғашқы таныстырылған әліпби 25 әріптен тұратын. Онда төл қаріптеріміз диграфпен, яғни қосарлы әріптермен көрсетілген еді. Әйтсе де, бұл жоба көпшіліктің қолдауынан қағылды. Бірінші нұсқамен танысқан тіл мамандарының басым бөлігі де жатырқай қарады. Осы тұста бұған дейін латынға көшкен елдердің тәжірибелері мен олардың жіберген қателіктерін назарға алдық. Әйтсе де, зиялы қауым ұлттық әліпби ешқандай елге еліктемей енгізілуі керек, сонда ғана жаңа ұрпақтың санасы жаңарады деген еді. Қаріпті де өзгертудің де өзіндік ерекшелігі де осында деп ұрандатқан еді. Оған қоса, латынша жазу кірме сөздерді қазақыландыруға зор септігін тигізетіні анық. Қош! Ендігі қадамның қандай болатындығы нақтыланды. Осы ретте жұмыстың басым бөлігі тіл мамандарына жүктелетіндігі сөзсіз. Олар емле ережелерді жазып, жалпы жұртқа түсінікті етіп байыппен үйретуге кіріседі. Жаңа жобаның ұтымды тұстары қандай? Кемшін кеткен жерлері бар ма екен? Осы және өзге де сауалдарға жауап алу үшін филология ғылымдарының докторы, профессор Құралай Күдерина ханыммен тікелей байланыстамыз.

Қайырлы кеш, Құралай Бимолдақызы! Әуелгі сауалым – араға 77 жыл салып, латынға қайта оралдық. Қазіргі қоғам бұл тарихи өзгеріске қаншалықты дайын, қаріп таңдауда асығыстық танытқан жоқпыз ба?

Құралай Күдерина: Қайырлы кеш, Үмбетәлі! Сұрағыңызға былай деп жауап берер едім. Кез-келген өзгеріс қоғамда толқу тудыратыны анық. Бүгінгі әліпбимен жазылған газет ертең мүлде басқа, сіз әлі үйренбеген әліпбимен жазылып тұрса, бүгінгі көшедегі маңдайшалардың барлығы ауысып кетіп жатса, әрине, кез келген адам үшін бұл ыңғайсыздық, қолайсыздық тудыратыны сөзсіз. Қоғам қаншалықты дайын дегенге, әрине, біз 2007-ден бастап осы мәселені қаттырақ көтердік. Сондықтан, меніңше, қоғам біршама дайын. Енді осыны іске асыратын уақыт жетті.

Үмбетәлі Меймеш: Таңдалғаны екінші нұсқа, яғни төл әріптеріміз дәйекше арқылы таңбалаанады. Осы жобаның ұтымды тұстары қандай?

Құралай Күдерина: Апострофпен берілетін жобаны біз тәжірибе жүзінде, яғни жазу тәжірибесіне салып, тексеріліп үлгерген жоқ. Бірақ Сүлеймен Демирел университетінде студенттердің академиялық үйірмелері бар. Сол үйірмелердегі студенттерімізбен бірге осы мәтінмен, осы алфавитпен әртүрлі мәтіндерді жазып көрдік. Яғни көркем мәтінді, Абайдың қара сөзі, Абайдың өлеңдерінен үзінді, одан кейін ғылыми мәтіннен үзінді, бір-екі беттен тұратын, сондай-ақ ресми мәтіндер, мысалы, заңдар. Соларды жаздырып көрген кезде, студенттердің айтуы бойынша, яғни жастар болашақта белсенді мүше болайын деп тұр ғой, теру, сол клавиатурада отырып, яғни ағылшын клавиатурасында отырып, басқа клавиатураға ауыспай теру жағынан жеңіл деді. Сондай-ақ, шамалыдан кейін қолымыз үйрене бастайды екен деді. Бірақ, енді осы мәтіндерді қол телефонымен теріп көріңіз дегенде, қол телефонымен теруде біраз қиындықтар бар екендігі

белгілі болды. Яғни, апострофты басу үшін үнемі ағылшынға ауысып отыру керек. Жетпіс сөзден тұратын мәтінді, мысалы, бір студентіміз бір сағаттан артық тергені туралы мәлімет берді. Сондықтан артықшылығы дегенде, қайталап айтайын, бұл мына оқыту-үйрету жағынан біршама жеңіл болатын түрі бар. Яғни, біз барлық қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарын апострофпен береміз деген бір-ақ сөйлеммен түсіндіретін сияқтымыз. Сол кезде мұны ары қарай жазу машығы кезінде үйрене бастайды. Бұл – артықшылығы.

Үмбетәлі Меймеш: Түсінікті. Қабылданған латын әліпбиіне әлі де өзгерістер енгізу қаншалықты мүмкін деп ойлайсыз?

Құралай Күдерінова: Қабылданған әліпби ертең осы мектепке енгізілейін деп отырған жоқ деп түсінейік бәріміз. Әлі арада біраз уақыт бар. Ол тек қана бұл әліпбидің бекітілуі бізге осыған дейінгі сөз болып, дау болып, біраз мәселе болып барлығын қорқытып, былайша айтқанда, сондай даулардың соңғы нүктесін қоятын сияқты қабылданды. Өйткені бұл әліпби осыған дейін қоғамда талқыланған жоқ, яғни Тіл білімі институтына келіп түскен жеке тұлғалардан болсын, мекемелерден болсын мұндай жоба бұрын-соңды ұсынылған жоқ еді. Яғни қолына қалам ұстағандары, әліпбимен шамалы таныстары мұндай әліпбиді бұрын-соңды көрген жоқ. Сондықтан бұл әліпби, меніңше, әлі алдымыздағы жазу машығы кезінде, жазу дағдысына түсіп, жазуға машықтанғанға дейінгі аралықтарда біз, әлі де біраз бұны қарастыратын сияқтымыз. Бұған, меніңше, өзгерістер енгізіледі. Яғни, реформа әлі жасалады деп ойлаймын.

Үмбетәлі Меймеш: Латынға көшуіміз кірме сөздердің қазақылануына қандай септігін тигізеді? Нақты мысал келтіре кетсеңіз? Тілді сындыру деген түсінікті қалай ұққанымыз жөн?

Құралай Күдерінова: Бізде әліпби қабылданады, әліпбиден кейін әлі алдымызда біраз дау тудыратын мәселелер күтіп тұрғанын жұртшылық білу керек, өйткені әліпби бойынша жаза бастаған кезде біз әсіресе кірме сөздердің жазылуында қиындыққа тап болайық деп отырмыз. Яғни ол қазіргі орыс тілінде жазып келген барлық терминдерді біз қазақы айтылымға салып жазамыз ба, әлде ағылшын тіліндегі жазу нұсқасын сақтап жазамыз ба, әлде орыс тілдегі осы күнгі ауызша айтқан қалпында игереміз бе деген мәселе әлі үлкен дау тудырайын деп тұр. Біз, алдымызға мақсат қойған кезде тілтанушы ғалымдар, латынға көшерде кірме сөздерді қазақтың дыбыс заңына сәйкес сындырып жазамыз деген бір мақсатпен көшуді құптайтын едік. Сондықтан кірме сөздерді қазіргі, осы күнгі 32 ме, 34 пе, сол әріптің шегінде сындырып жазатын боламыз. Сындыру дегенді жаппай соңына дейін ә-мен жазу, соңына дейін ү-мен жазу, ө-мен жазу деп қабылдамау керек. Яғни қазіргі біздің лингвалүндесім бар, сол лингвалүндесімді сақтап жазамыз.

Үмбетәлі Меймеш: Рақмет, Құралай Бимолдақызы байланысқа шыққаныңызға! Жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін!

Құралай Күдерина

«ЖАҚСЫ ӘЛІПБИ ТІЛГЕ ШАҚ БОЛУЫ КЕРЕК»

Сүлеймен Демирел атындағы университетінде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында «Жаңа әліпби – ұлттық сананы жаңғыртудың басты тетігі» атты «дөңгелек үстел» болып өтті.

Жиынды ұйымдастырудағы негізгі мақсат – қазіргі қазақ қоғамында ұсынылып жүрген әліпбилерге жасалған тілтанымдық талдауларды қорыта отырып, қазақ әліпбиі мен емлесінің өзіндік принциптеріне қатысты пікір білдіру, ой қосу, көзқарастарды айқындау.

Жиында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бір топ қызметкерлерін бастап келген аталған мекеме директорының орынбасары, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжанова, Тіл мәдениеті бөлімінің бас ғылыми қызметкері, профессор Бағдан Момынова, кіші ғылыми қызметкер Ермұхамбет Маралбек, Фонетика бөлімінің аға ғылыми қызметкері Жанар Жұмабаева және осы жолдардың авторы, аталған университеттің доценттері Нұрсәуле Рсалиева, Шынар Әуелбекова, PhD доктор, IT маманы Мейрамбек Жапаров баяндама жасап, зерттеулерін ортаға салды. Шараны Хафиза Ордабекова жүргізді. Алдымен қатысушылар Елбасының латын графикасына ауысу туралы айтқан сөздеріне назар аударды. 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясында сөйлеген сөзінде Елбасы: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның плюстері мен минустарын зерделеп алуымыз керек», - деген еді. Оның ішінде «посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес» деген пікірі тәуелсіздікті тіл мен елдікте ғана емес, Байтұрсынұлы сөзімен айтқанда, «жазумен сөйлесу ауызша сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заманда» әліпбиде де тәуелсіздік алуымыз керек деп түсінеміз.

Ал 2012 жылы Елбасы сөзінде мына мәселе айтылды: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады». Мұндағы «ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе» және «қазақ тілін жаңғыртуға жағдай» дегенді басқа мүддеге

пайдаланбауымыз керек. Қазақ тілін жаңғырту жүйесі бөлек тілдердің жазу принципін өз тілімізге таңу емес және табиғи, қоғамдық құбылыс болып табылатын тілді қолдан өзгерту, жасанды қазақ тілі мен әліпбиін жасау деген сөз емес делінді.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Елбасы мұның бәрін ұлттық мақсатқа айналдырды: «Мен еліміз мықты әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім», – дейді. Елбасының бұл сөздерінің барлығы – ұлттық, елдік мақсатты көздеп айтылған келелі ойлар. Біз осы мақсаттан танбауға тиіспіз.

Бірақ ұсынылған жобалар компьютер пернетақтасына ыңғайлы болуды көздеп, бұл мақсаттан алыстап бара жатқан сыңайлы. Біртұтас ұлт болатын елдің жазуында ұлттық бірегейлікті бекіткіретін рух болуы керек еді. Алғашқы боп сөз алған А.Фазылжанова қосар әріп туралы мына ойларын ортаға салды: «Хронология бойынша қарайтын болсақ, латын қарпін қолданатындардың ішінде өте ертеде дәстүрлі әліпбиін бекітіп алғандар ғана диграфқа жүгінеді. Ал кейінгі латын негізді әліпбилер сол Еуропа елдерінің өзінде диграфтан қашып, диакритиканы, яғни әріпасты, әріпүсті элементтерге артықшылық берген. Ал жасы жағынан латыннан әлдеқайда жас әліпби жүйесіне жататын кирил графикасында диакритика көп те, диграфтарды қолдану мүлде жоқ. Бұл диакритиканың диграфқа қарағанда жаңартпа тәсіл екенін көрсетеді. Жаңа латыннегізді және кирилнегізді графиканы қолданатын барлық тілдерде диграф таңба мүлде жоқ. Олар «бір дыбыс – бір әріп» принципін ұстанады. Демек, қазіргі заман үшін диграф ескілік». Және ғалым «бізді ойландыратын мәселе бар» дей келе, жиналғандардың назарын мынаған аударды: Президентіміз мақаласында латын графикасына көшкен кезде тіліміздің ұлттық ерекшелігін сақтау мақсатына ерекше мән берді. Сол себепті де әліпби арқылы жазуымызды реформаламақпыз. Оны қалай сақтаймыз? Біз шет тілінен енген сөздерді жазуда төл айтылым-жазылым үлгімізге салып латын графикасы арқылы игеруді мақсат еткенбіз. Мысалы, осыған дейін кирил графикасында орыс тілінен енген әріптер болды да, біз осы басты донор – тіл арқылы көптеп енген сөздерді толық игере алмадық. Орыс тілінің орфоэпиясында қалай айтылса, солай айтып, орфографиясында қалай жазылса, солай жазып жүрдік. Ал қазақ тілі – қашанда өміршең тіл болды. Сол өміршеңдік әлеуетінің күшімен ғана 70 жыл бойғы осы «орысша жаз» қасаң стереотипі салдарынан аман сақталып қалды. Мысалы, қазақ тілінде сақ дәуірінен келе жатқан көне парсы сөздері бар. Бірақ олар парсылық тұрпатынан айырылып, түркі сөздеріне ұқсап кеткен. Бізде моңғол тілінен енген сөздер де бар. Олар да қазақшаланып кеткен. Ертеректе орыс тілінен енген сөздер де сындырылған. Ал Кеңес үкіметі кезінде енген орыс сөздерінің дені игерілмеді. Бұл әлі де жалғасып келеді. Бұлай жалғаса беретін болса, тілдің сыртқы әсерді игеру механизмі тоқтайды. Тағы бір мәселе, осы 25 әріптен тұратын алфавитті алатын болсақ, онда ағылшын тіліндегі сияқты қазақ тілінде де диграфтар

болады. Ендігі жерде орыс тілі емес ағылшынтілді қазақтардың саны көбейетіндіктен, ағылшын тілі біздің донор тіліміз болады. Ағылшын тілінен көптеген жаңа сөзді қабылдаймыз. Сол кезде осы әліпбиімен оларды қазақша игеріп алу қиынға соғады. Қазақ тілінің орфографиясымен жазылатын сөздердің саны азайып кету қаупі бар. Міне, сол туралы ойлануымыз керек», – деді. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері Ж.Жұмабаева әліпби жасаудағы А.Байтұрсынұлының мына қағидаттарын «Жақсы әліпби тілге шақ болуы керек»; «Жақсы әліпби жазуға жеңіл болуға тиіс»; «Әліпбидің әріп суреттері қиын болмау керек»; «Жазуды ұзақтатып, уақытты көп алмау керек»; «Жақсы әліпби үйренуге де қолайлы болуы тиіс» дегенін қадап айта отырып, «Осы тілдік нормалар басшылыққа алынбай, әліпби жасалатын болса, тілдің иммундық жүйесіне, заңдылығына қауіп төнуі мүмкін. Мұндай қауіптер апострофқа негізделген әліпби жобасына сәйкес мәтіндерді теру барысында байқалды. Апостроф бір буынды, екі буынды сөздерді жазған кезде бүтін бір сөздің арасын үзеді. Мысалы, а) бір буынды сөздер: a'n, a'l, o't, ma'n, a'p, da'n, do'n' ; ә) екі буынды сөздер: di'ni', a'y'e, bu'i'ir, a'y'p, mu'i'iz, da'y'ir, sa'y'ir, ko'n'il, jo'n'ku'; б) үш буынды сөздер және көп буынды сөздер: kos'bass'y, alabu'i'i, aqylgo'i', an'g'arg'ys', a'dei'i, a'lipbi', a'ns'ei'in, a'y'li'e, ba'i'bis'e. Сонымен қатар апостроф сөз соңында келсе, түсіп қалуы мүмкін. Себебі дәйекше түсіп қалуға бейім қосымша таңба деп айтуға болады. Мысалы, /н/ әрпі апострофқа негізделген жоба бойынша /n'/ графемасымен берілгені белгілі. Олай болса /н/ әрпі сөз соңында келсе, оның дәйекшесі түсіп қалу қаупі бар. Осы ретте bu'ks'en' сөзі bu'ks'en болып айтылып әрі жазылып кетуі мүмкін. Сонда дауысты және дауыссыз фонемаларға жаппай апостроф таңбасын қоюға болмайды. Төте жазумен білім алған, А.Байтұрсынұлы еңбектерін түпнұсқада оқитын жас зерттеуші Ермұхамед Маралбек жаңа әліпби құрамын айқындауда көтеріліп жүрген бір мәселе – кирилдегі дауысты и мен дауыссыз й және бірде дауысты, бірде дауыссыз таңбасы болатын у әрпінің жаңа тұрпаты қандай болады дегенге мынадай пікірін білдірді: «Й/и», «у» дыбыстарын А.Байтұрсынұлы 1912 шыққан «Оқу-құралы, қазақша әліппе» кітабында алғаш рет жарты дауысты деп береді. Тілдегі дыбыстар дауысты және дауыссыз деген екі түрліден артық өзге түрге жіктелмеу керек немесе қайткенде де тіл дыбыстарын дауысты және дауыссыз дыбыстар тобының біріне сыйдыру керек деген аксиома жоқ. Қазақ тілінің буын құрамын, дыбыс құрамын қалпына келтіреміз деп аталған дыбыстық тіркестерді жазу машығына енгізу жазудағы диграфтар сияқты дыбыстағы дифтонг болмақ. Мұнымен біз дыбыстардың санын толықтағанымызбен, шынайы практикада аса қолайсыздау тудыратыны анық», – деді.

Сондай-ақ Сүлеймен Демирел университетінің «Academ club» студенттері зерттеу жұмыстарын ортаға салды. Қазақ филологиясы 2 курс студенттері Нұрлан Меруерт, Сандуғаш Аманкүл, Шараздин Төлбасы, Арман, Перизат Қасымғалиева, Алтынай Әсет және т.б. қосар әріппен жазғандағы қиындықтарды көрсетті.

«Дөңгелек үстел» қаулысында қазақ тілінің өзіне тән дыбыстарын әлемдік әліпби тәжірибесінде бар дауыстыларды умляутпен, дауыссыздарды жоласты диакритикасымен берудің артықшылығы болады деп көрсетілді.

Жаңа ұлттық әліпби 90-жылдары академик Әбдуәли Қайдар, профессорлар Нұргелді Уәли, Әлімхан Жүнісбек, Көбей Хұсайын ұсынған мына жоба негізінде болуы 1) «1 дыбысқа – 1 әріп» принципіне сай келеді; 2) әріп диакритикасы, Анар Фазылжанованың айтуы бойынша, латын әліпбиінің хронологиялық жаңартылған графикасы болып табылған шығыс еуропа жазуларының тәжірибесінде қолданыс тапқан жаңа графика болып табылады; 3) ішінара болса да, өзге түркі әліпбилеріне сай келуі – түркі тілдерінің жазба коммуникациясын жеңілдетеді; 4) латын жазуына көше қоймаған қыпшақ топты түркі тілдерінің болашақ әліпбилеріне үлгі болады. Бұл жоба кезіндегі Н.Төреқұловтың әліпбиіне сәйкес екенін көреміз, бірақ онда 28 әріп, бір дәйекше болды, дәйекше жіңішке оқылатын сөздің алдынан қойылды: а <а>, е <е>, і <ы>, <і>, о <о>, <ө>, u <ұ>, <ү>, р <п>, в <б>, m <м>, f <ф>, w <у>, t <т>, ğ <ғ>, d <д>, s <с>, z <з>, c <ш>, j <ж>, n <н>, l <л>, r <р>, y <й>, k <к>, g <г>, q <қ>, x <х>, ħ <һ>, ŋ <ң>, ə <ə>, ‘ (Из резолюции общего собрания студентов-казахстанцев г.Москвы по докладу о латинизации казахского алфавита // Культурное строительство в Казахстане. Алма-Ата, 1965.-564 с.) . Бұл жоба Е.Д.Поливанов еңбегінде “Аслат’а” деп аталған (Поливанов Е.Д. Проекты латинизации турецких письменностей СССР. К тюркологическому съезду II-1926, Ташкент, 1926.-16 с.). Жаңа қазақ-латын әліпбиінің тілтанушылар ұсынып жүрген жобасында алдыңғы тілтанымдық жобалардан дауысты и, қысқа й және дауысты да, дауыссыз да болып оқылатын у әрпі таңбасында айырмашылық бар. Кирилшеде бұл 4 дыбысқа 3 таңба берілсе, жаңа әліпби жобасында 2 әріп берілсе, біршама графикалық мәселелердің басы ашылатын сияқты. Бұл негізінен Ермұхамед Маралбек көрсеткен А.Байтұрсынұлы зерттеулеріне сүйенілді. и мен у – Байтұрсынұлыша, жарты дауысты, Жұбановша, шала дауысты дауыстыдан кейін жазылса да, дауыссыздан кейін жазылса да бір таңбамен і, u әріптерімен беру ұсынылды. Мысалы, sai, ine, siyr, institut және su, sau, buyn, universitet. Мұнда кірме сөздердің халықаралық тұрпатын сақтау да көзделді. Ал алдыңғы тілтанымдық жобадағы ы дыбысын берген ноқатсыз 1 таңбасы і дыбысын беруге ауыстырылды. Оның себебі ы мен і дыбысы қазақ сөздерінің синтагматикасында жиілігі жоғары әріптер болғандықтан, диакритикасыз әріпті таңдау және осы кезге дейін, әсіресе жер-су аттарында жазылуы қалыптасқан, көзшалымға үйреншікті (мысалы, Almaty, Qaraghandy) болған орфограммалар шыққандықтан. Мысалы; ini, tiri, erik; quyuq, qazyuq, ydy. Ал ұ мен ү дыбысын u әрпінің умляут және әріпүсті диакритикасымен бергеннен басқа амал жоқ. Бұның әдістемелік, психологиялық жағы ескерілді. U әрпі еріндік, үнді жуысыңқы дыбысты берсе, еріндік жуан дауысты мен жіңішке дауысты да осы әріптің диакритикасымен үйренуге жеңіл болады. Мысалы: ûn, bûl, ûtqyr, ün, kûn, ük1, ümit.

Ғалымдар ұсынылып отырған әліпби жобаларының кемшіліктері мен жетілдіру жолдарын, жетілген әліпби көрсеткіші уақытсыйымдылық пен

қуатсыйымдылыққа сәйкес болуы керектігін, ағылшын графикасы мен орфографиясын үлгі ету – адастыратынын, әліпби жасауда тілші ғадымдар мен бағдарламашылар бас қосу қажеттігін, әліпби жобаларымен ЖОО-нда эксперимент жасалу қажеттілігін атап айтты.

«InfomБюро» сайты
2 ноября 2017 г.
informburo.kz

Ерден Кажыбек

НАЖИМАЕТЕ АПОСТРОФ, И БОЛЬШЕ НИЧЕГО ПРИДУМЫВАТЬ НЕ НУЖНО

Почему нам нужны апострофы, как избавятся от разнобоя в правописании, почему буквы ц, ю, я, э, ё, щ, ь, ь теперь не нужны в казахском, рассказал разработчик.

27 октября Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев подписал Указ о переводе казахского алфавита с кириллицы на латиницу до 2025 года. Был утверждён вариант алфавита государственного языка, который снова вызвал много разных мнений, разногласий и критики. Один из разработчиков новой латиницы директор Института языкознания им. А. Байтурсынова Ерден Кажыбек рассказал, почему в новом алфавите на латинской графике решили кардинально сменить диграфы на апострофы.

– Ерден Задаулы, изначально разработчики были против применения апострофов, надстрочных знаков. Ранее разработчики говорили о том, что такие знаки не будут считаться чистым латинскими алфавитом. Что изменилось? Почему из множества предложенных вариантов были выбраны именно апострофы?

– Это связано с задачей, которую поставил Президент. Он дал задание, чтобы использовали существующий алфавит, не придумывая кардинально ничего нового. Почему? Потому что, когда придумываем какие-то новые буквы, это приводит к определённым неудобствам. Во-первых, возникает конфликт шрифтов, во-вторых, необходимо что-то скачивать, дополнительно делать, устанавливать. Надо было постараться максимально упростить, чтобы потом можно взять любой компьютер и сразу же начать писать по-казахски полноценно, без каких-либо ограничений. Если подходить с этой точки зрения, то около 10 букв в казахском языке обозначают звуки, которых нет на латинице. Этих звуков нет также и в русском языке. Передать их имеющимися средствами можно только двумя вариантами: один – диграфы, триграфы, то есть несколько букв, обозначающие один звук, второй вариант – апострофы. При втором варианте на клавиатуре ничего нового не нужно, одну кнопку нажимаешь, и появляется апостроф. Можно что-то ещё придумать, но это требует каких-то комбинаций, дополнительных действий.

Первый вариант был с диграфами. Мы тогда пошли по традиционному пути, мы ведь давно уже фамилии пишем с диграфами. Все привыкли к *zh, sh* для передачи *ж, ш*. Но передача гласных психологически была воспринята населением неоднозначно. В принципе, если бы люди привыкли к тому, что *ae* это только звук *ә*, то со временем, может, это и вошло бы в практику. Во многих языках несколькими буквами передают один звук, может быть, это не удобно, но все привыкли. Мы слово *iPhone* не произносим же *айпхоне*, все говорят – *айфон*. И никто не возмущается.

Частью задачи было не создавать неудобства для носителей языка, сделать алфавит попроще. Поэтому сейчас мы берём звук *a* и для передачи его мягкого варианта *ә* одним нажатием ставим маленький значок сверху – апостроф, для того чтобы передать *ə* – тоже апостроф. Понимаете, это смежные звуки, такие как *c, ш, н, џ, з, э*, то есть в принципе идея очень хорошая, очень простая. Мы обозначаем казахский специфический звук простым способом – нажимаем одну кнопку, рядом ставим один маленький значок, который означает дополнительный, новый звук.

Приведу простой пример. Я понимаю, что это непривычно. Арабский вариант казахского языка Байтурсынова считается одним из самых лучших. Он взят выдающимися лингвистами, один из них Поливанов, за образец. А ведь в арабском всего три буквы было для передачи гласных. Одна буква передавала, например, *o, ʔ, ə, u*. Одна буква в системе надстрочных точек, запятых передавала шесть-семь вариантов. Байтурсынов говорил, что нужно использовать этот словообразовательный приём. Поэтому здесь желание очень ясное – придумать что-то очень удобное и простое. Другой вопрос, как это будет на практике в процессе употребления, написания, в процессе произношения. Это изучат с социолингвистической, психологической точки зрения, с точки зрения энергоёмкости и так далее. Учёные этим и будут заниматься. Идея хорошая, идея понятная, теперь надо апробировать, чтобы усовершенствовать эти принципы и сделать алфавит максимально удобным.

– Во время обсуждения уже утверждённого алфавита учитывались ли возможные разночтения и разногласия, которые могут возникнуть уже на практике его применения? Какие, например?

– Естественно. Институт языкознания разработал всевозможные варианты алфавита. Вначале было сделано 24 варианта, потом — пять: варианты с апострофами, с диграфами, смешанные, с диакритиками. Проводилось анкетирование.

Опять же главная цель – облегчить и упростить. Я считаю, что это очень правильная цель. Другой вопрос – здесь очень важно не только мнение учёных и разработчиков, или мнение тех, кто законодательно утверждает, но и всего общества, мнение носителей языка. Для того чтобы апробировать алфавит в процессе написания, произношения, использования, необходима практика. Сейчас мы будем работать со школами, институтами, представителями разных профессий, проводить разного рода анкетирование. Мы будем собирать общее мнение, а не просто единичные случаи и моменты.

Сейчас возникает очень много споров, вообще не имеющих отношения к казахскому языку. Большинство споров возникает из-за сравнения с той орфографией, которая у нас была раньше, как мы будем передавать букву *у*, или *и*. Это звуки, которых нет в казахском языке. Используя эти буквы *и* и *у*, *иу*, мы очень сильно запутали носителей казахского языка. Сейчас нужно навести здесь порядок, сделать всё простым и ясным. В чём главная специфика казахского языка? У нас написание очень близко к произношению. Это характерная черта тюркских языков. А у нас в нынешней кириллической графике написание следовало больше орфографическим принципам, нежели орфоэпическим, произносительным. Это было неправильно. Сделать по-другому для нас очень сложно.

Использование таких букв, как *и* и *у*, допустим, *иу*, для передачи комбинации звуков усложнило визуальный ряд и обнаружение морфем, то есть не всегда понятно, где корень, где суффикс. Слогоразделение у нас было нарушено. В тюркских языках, в частности в казахском языке, существуют очень чёткие законы. Допустим, два гласных звука внутри слова не могут рядом стоять. В казахском языке второй и последующие слоги не могут начинаться с гласного звука. Таким образом, две гласные не могут встречаться на стыке двух слогов, если речь не идёт о первом и втором слоге, инфинитив у нас заканчивается на согласную *у*. Всё это только в теории существовало у Байтурсынова, потому что в написании буквами *и*, *у* всё это было потеряно. Увидеть и установить реальную морфемную слоговую структуру было практически невозможно. Сейчас мы должны постепенно приводить всё в соответствие.

– В новом алфавите девять букв с апострофами, что составляет порядка 30% алфавита. Среди них такие часто употребляемые буквы как *и*, *у*, *э*. Вы учитывали этот факт?

– Если бы мы всё это учитывали, тогда не нужно было бы делать апробацию. Если бы всё это было просчитано, тогда сразу нужно утверждать и вводить административными методами. Учитывая, что это действительно новое, инновационное направление, именно поэтому сейчас будет проводиться большая апробационная работа. Нам нужны не единичные факты, мы хотим увидеть закономерности. Мы должны весь словарь перелопатить, прошерстить, сделать зондаж тысяч, миллионов слов. Мы выпустили в прошлом году 61 том частотного словаря. Ни один народ в мире, ни один язык в мире не имеет 61-томный толковый словарь. Он был составлен из 30-миллионной базы. Сейчас мы должны работать не только со словарями, но и с живыми текстами, с произношением, анализировать визуально, артикуляторно. Всё будет изучаться.

– Пользователи отметили, что *у – у'*, *ү – и* создаёт путаницу. Почему было принято такое решение? Также ранее разработчиками говорилось, что в казахском языке *а – ә*, *о – ө*, *ы – і*, *ү – у* представляют собой парные звуки, поэтому нельзя их разбивать в правописании. Почему пара *ы (у) – і (и)* была разбита?

– Немножко путает, да, мы с этим согласны. То же самое с *к* и *қ* – *к* и *q*. Но у нас уже была сама база латинская. Мы уже *Almaty* пишем со знаком *y*. Здесь опять же всё, что вызывает вопросы, осуществлялось из побуждений облегчить и улучшить, но не наоборот. Опять-таки необходимо сейчас в широком масштабе все эти вопросы рассматривать. Нам мнение общественности важно. Сейчас нужно анкеты продумать, вопросы и ответы сделать, пункты, куда люди смогут сбрасывать всю информацию и получать обратную связь. У нас должен быть контакт с населением, это очень важный вопрос. Сейчас мы имеем возможность всенародно обсуждать этот вопрос. Это тоже очень большое достижение. Допустим, в других государствах это решалось чисто в приказном порядке, а у нас процесс обсуждения всенародный. Он официально утверждён и официально инициируется сверху. Это очень позитивный момент. Поэтому не нужно здесь таких панических моментов, что ужасно смотрится алфавит, и так далее. Давайте будем смотреть вместе. Многие вещи иногда не так страшны, как кажутся. Мы это должны рассмотреть, не базируясь на каких-то частностях, а посмотреть с научной точки зрения, всесторонне, взвешенно, системно.

– **Есть ли вероятность того, что этот вариант алфавита могут доработать ещё и изменить некоторые буквы?**

– Если в этом будет необходимость. Язык – не что-то застывшее. Он изменяется, и Президент лично отметил, что мнение общественности для него важно. Он говорит о том, что этот процесс не должен представлять ни для кого неудобства. Просто надо работать. Заранее говорить, что обязательно будем менять, не будем менять – я считаю, неправильно такие вопросы ставить. Необходимо просто конструктивно работать и объективно изучать вопрос.

– **Самой большой проблемой, по словам казахстанцев, является нечитабельность слов. Например: *s'yg'yn'yz, s'yq*. Также русские имена и фамилии, например, *S'i's'ki'n, Py's'kin, I'y'li'i'a, Edvi'n*. Как научить население правильно воспринимать, а главное – правильно читать такие слова?**

– Обратите внимание, что люди, в совершенстве знающие казахский язык, гораздо менее активны в обсуждении всяких несуразностей. Люди, которые немножко знают казахский язык, пользуются им не так активно, – они на гребне волны, на переднем фронте. Поэтому здесь необходимо подходить более профессионально ко всем этим моментам. И не индивидуально моменты брать, а смотреть изнутри, не со стороны.

Юлия, Илья – не казахские слова. Мы создаём алфавит, который будет функционировать по законам языка. Если мы, говоря об одном языке, рассматриваем слова другого происхождения, тогда мы запутаемся вообще. Сейчас нам надо разобраться с одним языком. Все нормы, все такие положения, правила у нас запутаны именно потому, что у нас узаконены принципы двух языков. Мы в процессе казахской речи произносим заимствования из русского языка чётко на русском языке. Попробуйте, говоря на русском, вставить чисто казахские слова. Попробуйте речь

произнести для русской аудитории, неожиданно вставляя казахские или английские слова и фрагменты. Это же дико. Сейчас неправильно используем казахский язык. Для того чтобы его использовать правильно, мы осуществляем эту реформу.

– **То есть, на ваш взгляд, со временем население привыкнет к такому правописанию иностранных слов, и не будут возникать вопросы по поводу их нечитабельности?**

– Посмотрим. Эти возмущения не имеют отношения к казахскому языку. Мы говорим о казахском языке, а люди, не знающие казахского языка, начинают задавать вопросы. Мне кажется, это некорректно с их стороны. Диванных экспертов очень много. Они пишут всякие грязные вещи, прикрываясь анонимностью.

– **У населения возникает вопрос: а как теперь быть без букв *ц, ю, я, ё, щ, ь, ь*?**

– Что такое население? Это практически носитель языка, а бывают отдельные индивиды, которым просто приходят какие-то мысли в голову. Допустим, где буква *ц*? Может, ещё какой-нибудь вопрос прийти в голову, который не имеет отношения ни к этой реформе, ни к казахскому языку. Я считаю, большинство подобных казусных вопросов не заслуживают ответа, потому что это несерьёзно. Для того чтобы объяснить, можно сказать что буква *ц* это сочетание букв *т* и *с*. Она только в русском языке существует. **Цирк** произносится *сирк*, допустим. Поэтому как будет на казахском – это уже второй вопрос. Зачем неестественные какие-то звуковые комбинации, которые не свойственны языку, в него привносить? Поэтому этот вопрос абсолютно очень простой.

– **Ранее говорилось, что главное – разработать правила правописания и прочее с учётом сингармонизма и других законов казахского языка. Кто будет этим заниматься?**

– Эта работа ведётся постоянно учёными, и на протяжении последних двадцати лет писалось о том, что необходимо адаптировать наш язык: с набором инвентарным букв, с этими правилами мы всё нарушали. Алфавит вчера только был утвержден, и сейчас необходимы новые правила, и именно для этого реформа и проводится, чтобы основные законы нашего языка восстановить. Что такое сингармонизм – это гармония гласных и согласных звуков по твёрдости и мягкости, и по лабильности и нелабильности, только фонетический принцип. Это очень важнейший словообразовательный принцип тюркских языков. Очень много у нас важных законов языка существуют, и если мы будем знать и использовать эти законы, тогда большинство дополнительных апострофов просто отпадут.

Приведу простой пример. Если в слове будет буква *к*, или *г*, то можно не писать никакие апострофы, это означает, что все гласные в этом слове мягкие. Если пишем *го*, то это может быть *гө*, если *ко* – это только *кө*. Или в слове встречается *қ* или *г* – естественно, дальше в слове могут быть рядом только *а, о*. То есть использование законов казахского языка, словообразовательных, фонетических и грамматических, других,

значительно облегчит всё. Потому что специфика казахского языка заключается в том, что в большинстве случаев ясно, какой звук там стоит, но это – если законы работают. Они работали, когда у нас была арабская графика, поэтому очень много звуков не обозначались на письме вообще. Было ясно, что другого звука там просто не может быть. В древнетюркском то же самое. Большинство звуков не обозначалось. Там всего лишь четыре буквы для передачи гласных и то же самое было – восемь-девять гласных – в древнетюркском языке. Языки очень близки. Почему было так мало букв? Потому что законы языка чётко сигнализируют о том, какой это звук. Нам нужно оживить язык, чтобы он начал нормально функционировать, чтобы все носители нормально воспринимали его как живой организм, а не просто как какие-то буквы, когда каждая буква как-то обозначена и надо произнести всё.

– То есть в эту группу будет входить не только определённый узкий состав учёных?

– Абсолютно такого нет. Научная программа по модернизации – республиканская. В ней участвуют все ведущие учёные, они все известные и друг друга хорошо знают. Специалисты именно узкой направленности: социолингвисты, фонетисты, занимающиеся словообразованием, историческими моментами, терминологией, только географическими названиями. Это такие узкие сферы, и каждая из них имеет свою специфику и законы. Эта работа будет проводиться.

– Раньше говорилось о том, что при разработке латиницы учитывается её практическое применение как на клавиатуре компьютера, так и смартфонов. Учитывался ли вами тот факт, что для набора текста на мобильных устройствах теперь понадобится в два раза больше времени, перескакивая от букв к апострофу?

– Я считаю, что телефон — это не средство написания текстов, это средство передачи информации. Если человек планирует использовать язык, как инструмент создания, например, писать статью – должен быть компьютер или планшет. А на компьютерах, планшетах всё это есть. У нас очень мощная продвинутая интеллигенция и в технической сфере, и в компьютерной, и IT-институтов, организаций много. Будем думать, работать во всех этих направлениях, и вот такие мнения разных пользователей тоже важны. Зачастую простые носители могут подсказать очень хорошие решения. Думаю, процесс начался, смена утверждения, принятия варианта алфавита не означает, что поставлена точка. Это означает, что мы только приступаем к большой, масштабной и трудоёмкой работе. Это старт, а не завершение всего процесса.

Әлімхан Жүнісбек

«БІЛУ МАҢЫЗДЫ». ЛАТЫН ӘЛІПБИІ

Бүгінгі тақырыбымыз аптаның ең маңызды жаңалығы – латын әліпбиінің Парламентте ұсынған жобасы туралы болмақ. Студиямыздың қонағы – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері Әлімхан Жүнісбек. Сонымен, Әлімхан мырза қазақ елі қазақтың ұсынған жаңа әліпбиін қызу талқылап жатыр.

– Осы біздің енгізіп жатқан тіл реформасын не үшін керек?

– Кез келген ел, кез келген мемлекет өзінің жазуын пысықтап, жетілдіріп, реформалап отырады. Мына мәселені де солай деп түсіну қажет. Латын әліпбиіне көшеміз деген ол бір таңбадан екінші таңбаға ауыстыра салу емес, бүкіл жазуымызға реформа жасау. Қазіргі жазуымыз қазақ-орыс әліпбиі, турасын айтқанда, орыс-қазақ әліпбиі. Таңбаның жартысы орыстікі, емле-ереже дегенің түгел орыстардан келді. Төркіні бөлек орыс тілді төркіні бөлек қазақ тіліне әкеп жапсырдық қой. 42 – әріп, 42 – ереже кейде тіпті әр дыбысқа екі ережеден. Қазіргі мәселе: Біріншіден төл дыбыстарымыздың басын ашып алуымыз қажет. 42 дыбыстың бәрі біздікі емес қой, бірақ бізді солай оқытқансон кез-келгеннен сұрасаң 42 дыбыс деп жауап береді. Қазақ тілінде бар болғаны 28 дыбыс бар. Әңгіме сол 28 дыбыстың мәнін ашып, көпшілікке түсіндіруіміз керек, тіпті қазақтардың өзіне. Тіпті қазақ тілінің мұғалімдерінің өзі 70 жыл бойы 42 деп келді. Бірақ оған олар кінәлі емес.

Екіншіден Қазақстан өз алдына жеке отырған мемлекет емес қой, сол себепті әлемдік елден қалып қоймай, әлеми ақпарат кеңістігі бар ғылым мен компьютердің дамыған кезі, солардан қалып қоймай соларды пайдаланудың да жолын іздеу керек. Басты мәселелердің бірі осы.

– Бас-аяғы неше таңба болады?

– Бас-аяғы 28 дыбысымыз бар, 28 дыбысқа 28 таңба. Әліпби құрастырған уақытта кішкене өзгешеліктер болуы мүмкін. Мәселен, біздің Институт екі жоба ұсынып отыр: 1) Ұлттық жоба, яғни бір дыбысқа бір таңба; 2) Интернет әліпби немесе техникалық әліпби деп атадық ол мына алдымыздағы 26 пернені оңай пайдаланып кетудің амалы. Ол жерде кішкене бас артық сәттері болады себебі пернетақтаға сыймайды, сыймаған соң екі дыбысты қосақтау т.б. сәттері болады. Амал жоқ, басқа да амалдарын пайдалануға тура келеді.

– Осы әліпбидің неше нұсқасы қарастырылды, біздің білуімізше жүздеген нұсқасы бар еді?

– Біз жүзден асқан соң санауды қойдық, оны көп деп кінәлауға болмайды, ол қайта халықтың сауаттылығын көрсетеді, әліпбиге деген

ынтасын көрсетеді. Олардың ішінде студент те бар, құрлысшы, ғалымдар да бар, ең көбі информатиктер мен математиктер. Оны білетін себебіміз, ол жобаның барлығы біздің институтқа келеді, біз оны сараптаймыз, қараймыз, жауап жазамыз, дұрысын не бұрысын айтамыз. Шыны керек, қазақ тілінде қанша әріп, қанша дыбыс бар екенін білмей жатып жоба ұсынатындар да кездеседі.

– Біздің ұсынып жатқан әліпбиіміз қаншалықты кедергі келтіреді тілімізге?

– Соңғы ұсынған әліпбиімізді мүмкіндігінше икемдеу керек. Бұл жерде қазақтың төл дыбыстарының сыртына шығып кеткен ешнәрсе жоқ, ал анау кірме таңбалардан кіргізуге тура келеді, себебі тілімізде бар ғой. Тілде бар, техникада бар, ғылымда бар деген сияқты кірме дыбыстар болады. Негізі осы 28 дыбыс, тіліміздің өзінің үндесім әуезін сақтаймыз десек, осы 28 дыбыстың төңірегінде жұмыс істеуіміз керек.

– Бұл дыбыстарға байланысты қазір қызу талқылау болып жатыр, төл дыбыспен келетін сөздерді қалай жазамыз?

– Оның ішінде W белгілеген бір дыбыс бар, ол оның халықаралық таңбасы, біз оны қолдан жасаған жоқпыз, кәдімгі халықаралық фонетикалық таңба. Оны көпшілік ағылшын тіліне келгенде жатырқамай қабылдайды, ал қазақ тіліне келгенде тура сол дыбыс, бірақ жоқ деп мойындамайды. Неге дейсіз ғой, ол дыбыстың W айтылымы орыстың дауысты дыбысына ұқсас, тіпті ұ-мен қосылған уақытта тіпті ұқсап кетеді. Содан мына санамыздан шықпай орыстың естілім таңбасымен дауыстыларды ажырата алмай жүрміз. Ал екінші айтатын нәрсе, оның өзінің орнын білу қажет. Мысалы, қуаныш десе, оның алдына бірден жаза салады, ол болмайды, бұнда у алдына өзіміздің ұ дыбыс бар. Соған барып W тіркесі, содан барып у пайда болады. Мысалы: ауа, тау дегендегі у осы W. Бу, су дегенде де бар, бірақ олар жаңағы мен айтқан ұ дыбысымен келеді үндестік заңы толығымен сақталады. Ол біздің тілімізде жиі кездеседі, оның үстіне морфологиялық қызметі бар. Мамандар біледі, қазақ тілінде тұйық рай деген бар, осы тұйық райдың көрсеткіші осы W. Егер біз бұл дыбыстан айырылып қалсақ, қазақ тілінің морфологиялық құрамы бұзылып кетеді. Сондықтан төл дыбыстарымызға өте мұқият болуымыз керек, бұл дыбыстарымызды дұрыс таңбалай білуіміз керек.

Бұл әліпби әлі толық қабылданған жоқ, ол көпшілікке ұсынылды. Ол әлі қаралады, талқыланады.

Көрерменнен сұрақ: Бірінші мәселе латын қарпіне көшу үшін қыруар қаражат қажет, ол қалай болады? Екінші мәселе Қазақстанда көптеген ұлттар тұрады, олардың пікірі қандай?

– Бірінші латын әрпіне қарсылар осы қаражатты айтады, бірақ кез келген реформа қаражатсыз бітпейді. Әрине қаражат маман дайындау үшін, мұғалімдерді қайта дайындау үшін, арнайы әдістеме дайындау үшін қажет. Ал «Абай жолын» латынмен басу үшін қыруар қаражат кетпейді, осы кирилмен басқанда шығатын қаражат сияқты болады.

Ал екінші мәселе Елбасымыз да айтып жатыр, биліктегі мамандар да айтып жатыр, латын әліпбиіне көшу Қазақстандағы өзге ұлттарға қарсы тірлік емес, ол қазақ үшін, қазақтың тілі үшін, жазуы үшін қажет. Бұл бұйрықпен бір күнде болмайды оның қанша дайындығы бар әлі. Кириллмен оқыған ағайындар, онымен шыққан мұрағаттар – бәрін қатарында пайдалана берсін. Латынды қиынсынды ма, кириллмен оқи берсін, қазіргі реформа келешек ұрпақ үшін.

– Жалпы қашаннан бастап осы жүйе қолға алынбақ, әлде алдымен мамандарды дайындаймыз ба немесе оқулық дайындаймыз ба?

– Жақында ғана министр айтты, сосын төреғаның орынбасары айтты, алдымен латынға байланысты бір нұсқаға тоқталсақ, содан кейін дайындық жұмыстары басталады. Ол дегеніміз, әдістемелік құралдар дайындалады сосын барып мұғалімдерге оқытылады. Кейін барып бірінші сыныптан бастап бола ма, бірден латынға көшіп кетпейміз, сатылап барып көшеміз.

– Осы үлгі қашан бекітіледі?

– Оны мен қазір айта алмаймын, кеше Парламентте таныстырды, жұрт оны қабылдады деп ұғып жатыр. Сол үлгі елге тарап кетті, енді елден пікір келеді ғой.

– Сол қоғамның пікірі қаншалықты ескеріледі?

– Ол ескеріледі егер қонымды пікір болса жалпы әліпбиге пікір айту үшін соның маманы болу керек. Менің ойымша былай деген жай айтыла салған пікір есептелмейді, қонымды пікір болса.

– Тіл тазалығын сақтайды дейсіз ғой. Біздің ең басты мақсатымыз неде?

– Басты мақсатымыз біздің тіліміздің өзінің төл айтылым үлгісі сақталады. Сол айтылым үлгісін кейінгі ұрпаққа бұзбай жеткізудің амалы жазу. Мына жазу дегеннің тілге ықпалы өте күшті егер біз бұрыс әліпби қабылдасақ онда келер ұрпақтың тілі бұзылады.

– Қазір енді жасыратын несі бар, көптеген бұқаралық ақпараттарда өзіміз емле-ережеге емес қалай ойлаймыз солай жазып жүрміз. Осыны бірізділікке түсіре ме осы әліпбиіміз?

– Түсіріледі, арнайы орфографиялық сөздік дайындалады, арнайы емле-ережелер үлгілері дайындалады. Тіпті қалтада жүретін ережелер анықтамасы дайындалады. Қазіргі кезде, шыны керек, әркім әртүрлі жазып кетті, соның барлығы реттеледі деп сенеміз.

– Әлімхан мырза, осымен біздің уақыттың шектелуіне байланысты сөзімізді аяқтаймыз. Кейін міндетті түрде уақыт тауып, латынға байланысты көптеген әңгіме қозғайтын боламыз.

– Әлімхан Жүнісбек, тілші ғалым: Мен латын графикасын тек осы төл дыбыстар үшін ғана құрастырған едім. Ондағы ойым, алдымен қазақ сөзінің үндесім әуезіне лайық әліпби үлгісін дайындап алу болатын. Ондай әліпби, егер қазақ тілінің қамын шын ойласақ, бөгде тілдің дыбыс-таңбасынан арылған таза, қоспасыз болу керек. Ал өзге орыс тілінен енген кірме дыбыстар мен таңбалар жайын, басқа амалдың жоқтығынан, өз алдына шешу керек деп, екінші кезектегі мәселе ретінде ескертіп отыратынмын.

Және оның үлгісін алыстан іздемей-ақ, орыстардың өздері көрсетіп отырғанын да еске салып қоятынмын. Сонда бүгінгі қазақ әліпбиі дербес-дербес екі бөліктен тұрады. Төл әліпби өз таңба құрамы және емілережесімен, ал кірме сөздердің жазылуы өз таңба құрамы және емілережесімен тізбектеледі. Өйткені олардың үйлесім тауып, бір шаңырақтың астында басы бірігуі ғылыми тұрғыдан да, қолданба (практикалық) тұрғыдан да мүмкін емес. Кестеде тек ұлттық әліпби тізімі тұрады, кестенің сыртында кірме дыбыстардың жазылым емілережесі мен үлгісі беріледі. Бұл – амал жоқтан болып жатқан іс.

Сұхбаттасқан Руслан Оспан.

4.3. ЖАҢА ӘЛІПБИГЕ БЕЙІМДЕЛУ: НЕДЕН БАСТАУ КЕРЕК?

Біздің ең басты мақсатымыз – өзіміздің тіліміздегі төл сөздердің және солардың табиғатын сақтайтын әріптер қабылдау.

Латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие екендігін және латын әліпбиіне көшу ақпараттық технологияларда қазақ тіліне кең жол ашылуына мүмкіндік беретіндігін ескерген жөн. Сондай-ақ, латынға көшу қазақ тілін білмейтіндерді оны тездетіп меңгеруге итермелейді. Себебі олар енді қазақ тілін меңгермесе өздерімен қоса балалары да қоғам талабына жауап бере алмайтын тұлға болып қалатындықтарын жақсы түсінеді. Қазіргі дамыған ақпараттық қоғамда Еуропа елдерінің идеологиялық қыспағына түсеміз деп сескенудің қажеті жоқ. Себебі, заманауи қоғамда ақпаратты бір жақты емес, жан-жақтан алуға жағдай жасалған. Осының өзі адамдардың кезкелген саладағы ақпаратты ой елегінен өткізіп, талдап дұрыс пікір қалыптастырып, шешім қабылдауына мүмкіндік береді.

Бұл тараушада жаңа әліпбиге көшудің жұмыстары, жаңа әліпбиге арналға орфографиялық заңдылықтарды жасау жұмыстары, терминологиялық қорды қалай таңбалау мәселелерін шешу жұмыстары, ономастикалық атауларды таңбалау жұмыстары туралы тұжырымдар мен сұхбаттар берілген.

*«Тіл әлемі» сайты
2 қараша 2017 ж.
<http://tilalemi.kz>*

Әлімхан Жүнісбек

Филология ғылымдарының докторы, профессор

**ЕНДІ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШЕТІНІМІЗ БЕЛГІЛІ.
ЕНДІ ҚАЛАЙ КӨШЕМІЗ**

Латын әліпбиі мәселесі көптен бері айтылып келе жатқан мәселе еді ғой. Оқтын-оқтын еске салып тұратын мәселе болды. Ал енді мына соңғы кезде Елбасының мақаласынан кейін, бұл мәселе нақты қойылды. Енді латын

әліпбиіне көшетініміз белгілі. Енді қалай көшеміз, әңгіме осының төңірегінде болу керек. Қазіргі кезде латын әліпбиінің жүзге жуық жобасы қабылданып отыр, бір қауіптенетініміз латын әліпбиі белгілі бір бәсекеге, жарысқа айналып кетпесе деп. Жалпы, латын әліпбиіне көшудің ең қиын тұсы аға ұрпақ жақсы біледі, өткен ғасырдың 50 жылы бекітілді оған дейін көп талқыланды. 57 жылдарында қазақ жазуына жасалған реформа еді. Сол реформада қазақ әліпбиінің құрамына орыс таңбаларын енгізіп жіберуіміз болды. Әрине, ол кезде де үлкен айтыс, болды бір топ қолдады, бір топ қарсы болды. Себебі қазақ сөзінің жазылымы, морфемасы, буыны, тасымалы бұзылып кететінін айтып, оған қарсы болған еді. Екінші топ шындығында ол реформа саяси реформа болды, идеологиялық реформа болды, ол орыс тілінің ықпалын қазақ тіліне әкелудің бір амалы болды. Қазіргі кезде біз сол «реформаның» жеңісін көріп отырмыз. Қазақ тілінің дыбысы қайсы, дыбыс емесі қайсы, төл дыбысы қайсы дегенге үйрете алмай жатырмыз. Кірме таңба, кірме дыбыстардың бәрі қазақтың төл дыбыстары деген ұрпақты көріп отырмыз. Сондықтан да ең басты қиыншылық қазіргі кезде әліпби төңірегінде көптеген пікірталастар бар. Сол 50-жылдардағы реформа болмағанда сол бүгінгі пікірталас болмайтын еді. Әрине оған дейін таңбалар әртүрлі болғанменен, әліпби құрамы, саны, емле-ережеміз тұрақты әрі ыңғайлы болды. Енді қазіргі кезде ол бұзылып кетті, себебі төл әліпбидің құрамына кірме таңбалар еніп, оның құрамын бұзды: 1) дыбыс құрамын бұзады; 2) лексика тұрғысынан қарағанда, сөздің үндесім әуезін бұзады; 3) морфология тұрғысынан қарағанда сөздің морфем тұрқын бұзады. Ары қарай буынның көлемі бұзылады, тасымал амалы бұзылады, тіпті керек десеніздер, сөйлеу ырғағына дейін әсер етеді. Қарап отырсақ, дұрыс әліпби тілдің барлық деңгейіне әсер етеді. Біз осы жағдайды пайдаланып, қазақтың төл әліпбиінің басын ашып алып, көпшілікке түсіндіру. Керек десеніздер, қазір қайтадан сауат ашуды бастау керек. Оның себебі қазіргі дыбыс еместі дыбыс деп, әріп еместі әріп деп жүрген әріптестеріміз жеткілікті. Бірінші кезекте қазақтың төл дыбыс құрамының басын ашып алуымыз керек. Содан кейін барып сол дыбыс құрамға латын әліпбиінің таңбаларын табуымыз керек. Бұл қиын жұмыс емес, тағы қайталаймын, бұл кірме сөздердің әсері. Мен оларды бүлдіргі дыбыстар, бүлдіргі таңбалар деймін, өйткені солардың негізінде қазақ тілінің айтылым үлгілері бұзылып бара жатыр. Айтылым тұрқы бұзылып бара жатыр. Егер біз емлені дұрыс қабылдамасақ, бір ұрпақ ауысқаннан кейін сол ұрпақтың тілі бұзылған емленің үлгісімен кете береді. Бұл ерін үндестік мәселесін арнайы қарау керек. Ал енді қазақтың төл сөздерін жазуды реттедік делік. Енді сұрақ тууы мүмкін ғой. Тілімізде халықаралық атаулар бар, орыс тілінен енген сөздер бар оларды қалай жазамыз деген? Ресейдің жазуынан-ақ тауып алуға болады. Оның халықаралық үлгілері бар, оны бір ғана біз емес, Ресейде, арабтарда бар, еуропада да бәрі соны пайдаланып отыр. Мысалы, қазіргі кездегі орыс тіліндегі мәтіндерді қарап отырсаңыз, арасында адамдардың аты, компаниялардың аты, жарнамалар, тағы-тағы осындай халықаралық өкілдегі дүниелер сол латын әліпбиімен жазылып беріліп жатыр. Сондықтан

ойлаймыз, төл әліпбиіміздің төңірегінде қазақтың төл сөздерін жазамыз, ал оның аржағында емле-ереже қабылдап, халықаралық атауларды да, тіпті орыс тілінен енген атауларды да жазатын боламыз. Тіпті халықаралық атаулар деп жүргеніміздің барлығы орыс тілінің үлгісіндегі сөздер мен атаулар. Ал олардың негізгі төркіні еуропа тілдері. Мысалы, мына ағылшын тіліне байланысты, сондықтан мына кірме атаулардың барлығы орыс сөздері екен деп ұқпауымыз керек. Емле жасаған уақытта оның кәдімгі төркін айтылымы ағылшын тіліндегі айтылымы қалай? Латын, грек тіліндегі үлгілері қалай? деген мәселелерге де көңіл бөліп отыру қажет. Әрине қазір латын үлгісіндегі жобаларға қарап отырып, әр жерде «дөңгелек үстел» өтіп жатыр, талқылаулар болып жатыр, пікірталастар болып жатыр. Ең беріспейтін-келіспейтін жері қазақ тіліндегі кірме дыбыстар. Оны біздің кейбір әріптестеріміз тілдің дамуы дейді, біз оны керісінше тілдің бұзылуы дейміз. Өйткені кірме дыбыстардың әсері тілдің барлық деңгейін бұзып отырады. Ал енді латын әліпбиінің болашағы қандай десеніздер? Оған күмәнданбауымыз керек, неге десеніздер, жаңа айттым ғой, мынау араб елі де, қытай да сондағы отырыстар мен жиындардың атауын осы латын тілінде жазып беріп отыр. Бұл не деген сөз латын әліпбиі ортақ халықаралық үлгіге айналды дегенді білдіреді. Егер біз бұдан қашатын болсақ, біз үлкен әлеми ортадан сыртта қалып қоямыз. Сондықтан оған қазірден дайындалу қажет.

Оның екінші жағы – оқу-әдістеме, оқулық, мектеп балалары қазір ағылшын тілін оқи бастады. Ендеше, мектеп балаларына да бұның жеңілдігі болады. Егер ең басты мәселе – біз төл дыбысымыздың басын ашып, соған лайық емле-ереже құрастыратын болсақ. Бірінші кезекте оқу-әдістеме жеңілдейді. Өйткені төл әліпби төл емле-ереже деген сөз. Ол қазақтың жанынан шығып отырған мәселе, оны балалар жаттап әлек болмайды, бірден ұғып алады. Оны айтып отырған себебім, қазіргі әліпбиімізге байланысты қырықтан аса бөтен емле-ережелер бар екен. Ал енді сол емле-ережелерді балалар түсіне алмайды. Себебі оның аржағында ұлттық белгі жатқан жоқ, сондықтан оны жаттап әлек болады. Ал жаттаған нәрсе барлық уақытта есте тұра бермейді. Бүгін жаттағанмен, ертең ұмытып, жазғанда, пайдаланғанда кателер жіберіп жатады. Осы оқу-әдістеме тұрғысынан да көп нәрсе жеңілдейді. Сонымен, қазір 42 дыбыстың емле-ережесін жаттатып үйретіп жатырмыз. Енді қараңыздар 42 дыбысты жаттаған оңай ма, әлде 28 дыбыстың емле-ережесін жаттату оңай ма? Осы жағын да ескеру қажет.

Жалпы әліпби деген тілдің өзіндік тұрқы өзге тілдерден ажыратып тұратын. Әліпби деген сол тілдің өзінің көрінісі, ал енді таңба деген сол дыбыстардың қорғанышы, қауызы. Егер таңба дұрыс болмаса, дыбыс та бұзылады. Екінші айтайын дегенім, қазіргі кезде әліпби құрастырғанда дыбыстың барлығын мына естіліміне қарап құрастырады. Олай болмайды, таңба деген дыбыстың жасалымына, артикуляциясына байланысты анықталу қажет, соған қарай таңба таңдалуы керек. Сонда ғана оның ғылыми негіздемесі, дәйектемесі нық болады. Ары қарай ешқандай тілбұзар жағдаяттар болмайды. Мен әр уақытта тіл бұзар емле-ережелер, тілбұзар кірме таңбалар деп атап жүргенім. сондықтан. Әрине бұл мәселенің нүктесі

қойылды, басы ашылды деуге болмайды. Ол талқылауға, сараптауға түседі, жоба ұсынып отырған авторлар да қарап қалмайды, өз дәйектемесін әкеп көрсетеді. Менің айтайын дегенім, жоба ұсынатындар, біріншіден, қазақ тілінің төл дыбыстарын білмейді, екіншіден, әріп деген не, дыбыс деген не, қазақ тіліндегі үндесім әуезі деген не, оны білмейді. Осының бәрін білмей отырып жоба жасайды. Яғни олардың жобаларында тілдік дәйектеме, негіздеме жоқ деген сөз. Енді бір топ қазақ тіліндегі 42 таңбаны 26 түймешеге сыйғызам дегенмен әлек болып жатыр. Осылардың барлығын көре тұра әліпби науқанына араласпауға дәтіміз шыдамады. Сондықтан да айтып жүрміз, жазып жүрміз, пікір білдіріп жүрміз, бұдан кейін де жалпы халықты қазақ тілінің төл әліпби құрамымен таныстырып, төл емле-ережемен таныстырып түсіндіруді жалғастыра береміз деген әрекетіміз бар. Қазір қазақ тілінің төл латын әліпбиін құрастырып берсек, қарапайым тілмен айтқанда үйренем деген адам бір шайдың үстінде үйреніп алады. Мына тіпті жаңа өсіп келе жатқан жасөспірімдерге екі-үш таңбаны ғана көрсетеміз, қалғанының бәрі олардың санасында тұр. Ал енді ауыл сауатсыз қалады дегенді айтады, олар тіпті бізден бұрын үйренеді, оған күмән келтірмеу керек. Мына шығармалар босқа қалады деген секілді ой туады көпшілікте. Кез келген реформа шығынсыз болмайды. Ол қағаз, қаламмен шектелмеу керек, біз кирил таңбамен оқысақ та біз кітап басамыз, латынға өтсек те дәл солай кітап, қағаз, еңбек шығыны болады. Шығын мамандарды қайта дайындау, көпшілікті үйрету, оқу-құралдарды қайта дайындауда болады. Басқа оның ешқандай қиыншылығы болмайды деп ойлаймыз. Әрі кетсе бір жыл, екі жыл, бері кетсе жарты жылда халық сауаттанып шығады. Оған күмәнданбаңыздар!

«Ана тілі» газеті
30 қараша 2017 ж.
<http://anatili.kazgazeta.kz>

Ерден Қажыбек

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҰМЫС ТОПТАРЫ ҚҰРЫЛДЫ

Жуырда Үкімет Үйінде Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жөніндегі Ұлттық комиссияның бірінші отырысы өтті. Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен комиссия құрамына төрағаның орынбасары – ҚР Премьер-министрінің орынбасары Е.Досаев, сонымен қатар ҚР Президенті Әкімшілігінің, «Нұр Отан» партиясының, ҚР Парламентінің, жоғары оқу орындарының, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық ұйымдардың белді өкілдері, белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері енді. Ұлттық комиссия Үкіметтің жанындағы

консультативтік-кеңесші орган болып табылады, оның негізгі мақсаты – қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша ұсыныстар әзірлеу бекіту, жұмыс барысын үйлестіру және оның сапалы орындалуына бақылау жасау.

Жиынды ашқан Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев: «Латын әліпбиіне көшу – еліміз үшін айрықша мәні бар тарихи оқиға. Елбасы айтқандай, халқымыз сан мыңжылдық тарихында ешқандай сыртқы ықпалсыз, өз еркімен, жалпыхалықтық талқылаумен, тұңғыш рет әліпбиін ауыстырып отыр. Оны жүзеге асыру – біз үшін зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік» деп атап өтті.

Қазақ әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін біртіндеп көшіру көзделген. Бірінші кезең: 2018-2020 жылдарды, екінші кезең: 2021-2023 жылдарды, үшінші кезең: 2024-2025 жылдарды қамтиды. Сонымен қатар апробациялық кезең, ұстаздар корпусын дайындау барысы, нормативтік-құқықтық базаны жасау және жалпы жаңа әліпбиді қолданысқа енгізу үрдісі Ұлттық комиссияның жіті назарында болады.

Отырыс барысында қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін төрт арнайы жұмыс тобын құру туралы шешім қабылданды. Біріншісі - орфографиялық (қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруде орфография мен орфоэпия ережелерін дайындау үшін). Екіншісі – әдістемелік (латын әліпбиін үйрету және оқыту әдістемесін жасап, оны білім беру жүйесіне біртіндеп енгізу үшін). Үшіншісі – терминжасам (латын графикасының негізінде қазақ тілінің терминологиялық базасын жүйелеу үшін). Төртіншісі – сараптамалық-техникалық (латын графикасын ІТ-технология талаптарына сәйкес келтіру үшін). Жұмыс топтарына тіл білімі саласының кәсіби мамандары да тартылатын болады. Осы орайда аталған жұмыс топтарының мән-маңызы мен атқарылатын іс-шаралар төңірегінде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Ерден Қажыбекпен әңгімелескен едік.

– Ерден Задаұлы, Ұлттық комиссияның бірінші отырысы өткен екен. Отырыс аясында қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын жүзеге асыратын төрт жұмыс тобы құрылғаны белгілі болды. Бұл топтар қандай іс-шараларды жүзеге асырады? Осы туралы кеңірек айтып берсеңіз.

– Бұл Үкімет жанынан тілдік реформаны іске асыратын арнайы құрылған Ұлттық комиссия. Комиссия құрамына министрлер, агенттіктер мен комитеттер төрағалары, ғалымдар мен қайраткерлер енді. Негізгі мақсат – келесі жылдың басынан бастап жоспарлы түрде барша министрліктер, уәкілетті органдармен бірлесе отырып іске асыру жұмыстарын жүргізу. Латын әліпбиі бойынша тілдік реформа жекелеген ғылыми-зерттеу институттарының немесе белгілі бір министрліктердің ғана атқаратын жұмысы емес, бұл бүкіл ел болып, жұмыла көтеретін үлкен жүк. Бұл жерде ең негізгі мәселе тек қана механикалық түрде, формалды түрде әріптерді ауыстыру, бір әліпбидің орнына екінші әліпбиді қондырып, емшелерді жасай салу емес. Ол тек қана бергі жағы, сыртқы көрінісі. Негізгі мәселе –

санамызды жаңғырту. Түптеп келгенде тілдік жаңғыртуға бағытталған реформамыздың негізгі мақсаты рухани, идеологиялық, саяси-мәдени тұрғыдан бетбұрыс жасау. Рухани жаңғырудың тірегі мен өзегі – тіл болғандықтан бұл мәселе бірінші тілден басталатыны белгілі.

Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруді жүзеге асыратын төрт жұмыс тобы құрылды. Соның бірі – терминологиялық топ, аты айтып тұрғандай терминологиялық қорды жетілдірумен айналысады. Біз терминдерді бұл уақытқа дейін өзгертпей қабылдап келдік. Негізі дүниежүзілік тәжірибеде бұл қате. Өйткені кез келген кірме сөз қабылдап отырған тілдің заңдылықтарына бағынуы керек. Жасыратыны жоқ, тіліміз екі тілдің заңдарына бағынып келді. Тіліміздің дамуына, қолдалынуына сәйкес келмейтін ережелер қолданылды. Өкінішке орай, ондай ережелерге бойымыз үйреніп кетті. Енді латын әліпбиіне көшуімізге байланысты осы мәселелерді бір тілдің негізіне қайтадан оралтуымыз керек.

Одан кейін латын әліпбиіне байланысты тіл ережелерін, емлелерді жаңадан түзіп шығуға байланысты орфографиялық жұмыс тобы құрылды. Бұл жердегі ең басты мәселе – кирил қарпімен жазып үйренген, әдетке айналған тәсілдерден арылу. Өйткені түркі тілдердің ішінде қазақ тілі ең көне, ең таза тілдердің бірі болып есептеледі. Тіліміздің негізгі принципі бойынша, жазылу-айтылу нормалары бір-бірінен алшақ болмауы керек. Өйткені қазақ тілінде түбір, әрбір жұрнақ, жалғаулар анық көрініп тұрады. Сондықтан жазылуы, естілуі бәрі айқын болуы керек. Сингармонизм заңы ол тек қана дауысты-дауыссыз дыбыстардың үйлесімділігі емес, бұл сөзжасамның грамматикалық, негізгі принциптері, бүкіл мәтінді реттейтін, бір жүйеге бағындыратын үлкен тәсіл. Өз заңдылықтарымызға түбегейлі оралған кезде кейбір әріптерді, кейбір дыбыстарды таңбалаудың да қажеті болмайды. Өйткені фонетикалық контекст бойынша ол жерде қандай дыбыстың тұрғаны айдай анық болады.

Үшінші – әдістемелік жұмыс тобы. Аталған жұмыс тобы білім беру жүйесіне, сондай-ақ жалпы орта білім беретін мектептерге, жоғары оқу орындарына қатысты әдістемелік жұмыстарды атқарумен шұғылданады. Әдістемелік жұмыстар ғылыми негізге сүйеніп қолға алынады. Мұндағы маңызды мәселе тілімізді әрі қарай тереңдетіп зерттеу, жетілдіру. Тек қана өзіміз үшін емес, өзге ұлт өкілдерінің үйренуіне де сай келетін әдістемелік мәселелерді шешу. Өйткені кез келген Қазақстан азаматы қазақша еркін сөйлеуге ресми түрде құқығы бар.

Төртінші топ – сараптамалық-техникалық жұмыс тобы. Қазір интернеттің дамыған заманы ғой. Компьютерлік, IT-технологиялар өмірімізге дендеп кірді. Сондықтан латын әліпбиінің компьютерлік, ақпараттық-технологиялық салалардағы қолданысын іске асыру бойынша нақты жұмыстар осы топ негізінде жүзеге асырылмақ. Жаһандану заманында тіліміз жұтылып кетпейтіндей әрі әлемдік мәдениет, білім мен инновация кеңістіктеріне енуіміз керек. Сонымен қоса төл табиғатымызды да жоғалтпауымыз керек. Осындай мәселелердің барлығын аталған жұмыс тобы арқылы шешу көзделіп отыр.

– Ұлттық комиссия отырысында өзге де ұсыныстар айтылды ма?

– Біз бұл төрт топқа қоса, бесінші жұмыс тобы керек деген ұсыныс жасадық. Ол жұмыс заңнама және ұйымдастырушылық мәселелермен шұғылданатын болуы керек. Өйткені алдымызда заңнаманы жетілдіру деген үлкен бір бағыт тұр. Оны да ескермесе болмайды. Латын әліпбиіне көшу бойынша Елбасының Жарлығы шықты, саяси шешім қабылданды. Бұдан кейін халықаралық практика бойынша, осындай үлкен бастаманы қолға алу үшін арнайы заң қабылдануы керек. Және бір ғана заң емес. Мемлекеттік тіл туралы да міндетті түрде бір заң керек. Оның мәртебесі, функциялары, қызметі, тағы басқа мәселелер сол заңда көрініс табуы қажет. Жарнамаға, ономастикаға қатысты заңдар да керек. Өйткені мұндай мәселелер бір заңның, сонымен қатар өзге де заңдардың ішінде бап тармақтары ретінде көрініс тауып келгені белгілі.

Ұйымдастырушылық шаралары туралы айтатын болсам, тілдік реформа тек филологтар жасайтын реформа емес, бұл кез келген азаматқа тікелей қатысы бар мәселе. Сол себепті құзыретті органдар, министрліктер, агенттіктер, облыстық, қалалық әкімдіктер, мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдардың барлығы, жеке меншік ұйымдар, жалпы айтқанда ел болып, қоғам болып осы мәселені қолға алуымыз керек. Бұл болашағымыз үшін жасалып жатқан нақты қадам, үлкен бетбұрыс. Тілімізді тұғырына қондыруға бағытталған ең үлкен бастама дер едім.

– Ұлттық комиссияның келесі отырысы қай кезге жоспарланып отыр?

– Алдағы 7-желтоқсан күні екінші отырыс өтеді. Басында жарты жылда бір жиналсақ деген ұсыныстар айтылған, бірақ атқарылуы тиіс жұмыстар қыруар болғандықтан Премьер-Министр бір айдың ішінде екінші рет жиналу туралы тапсырма берді. Бұл жұмыстарды біз науқаншылыққа бой алдырмай, жүйелі түрде, асықпай, барлық мәселелерді сараптай отырып, жүргізуіміз қажет. Ең бастысы – жалпы тақырыптар анықталды. Әр топтың жоспары, нақты тізімдері қарастырылып, келесі отырыста бекітілуі тиіс. Елбасы айтқандай, әліпби апробация кезеңінен жақсылап өтуі керек. Сондықтан апробация кезінде туындаған мәселелер пысықталып, тиісті іс-шаралар атқарылады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен Дәуіржан Төлебаев.

К ИЗУЧЕНИЮ ЛАТИНИЦЫ ПРИСТУПИЛИ

В рамках ежегодного совещания директоров областных библиотек в Национальной библиотеке РК открыт первый в Казахстане Центр по изучению латинского алфавита.

Это совместное детище Института языкознания им. А. Байтурсынова, городского управления по развитию языков, КазНУ им. аль-Фараби и Национальной библиотеки. Первый апробационный центр по изучению, совершенствованию и использованию латинского алфавита готов приступить к конкретным действиям. Стартом большой работы для научной общественности и всех пользователей языка послужил подписанный Президентом Нурсултаном Назарбаевым Указ «О переводе алфавита казахского языка на латинскую графику». Приступая к ней, необходимо помнить одно непреложное правило: язык – это живой организм, который функционирует по своим специфическим законам, сформированным на протяжении многих веков. Начальным действием на этом пути должно стать принятие определенных правил. В первую очередь алфавита. Его утверждение знаменует начало подготовительного периода, на который Глава государства определил достаточно много времени. Совместными усилиями специалистов научно-исследовательских институтов, университетов, школ, библиотек, государственных органов необходимо тщательно отработать все варианты написания, чтения, произношения и слухового восприятия в контекстах слога, слова, предложения, потока речи.

– Следует рассматривать все детали: от различных стилей и словоупотребления до сокращений и написания терминов. Как мы будем писать имена собственные – антропонимы, географические названия, аббревиатуру, наименования международных организаций? Очень большой объем работы следует выполнять строго на научной основе, – говорил директор Института языкознания им. А. Байтурсынова Ерден Кажыбек. – Деятельность открывшегося Центра по изучению латинского алфавита должна быть нацелена на то, чтобы в результате апробации создать такие условия, при которых переход на латиницу не доставлял бы никаких неудобств ни одному носителю казахского языка. Иными словами, этот процесс должен быть очень удобным, простым и, главное, эффективным. Сегодня казахский язык перестал быть языком одного народа, он имеет статус государственного. Потому в первую очередь необходимо создать оптимальные условия его изучения для представителей всех этносов, населяющих республику, в общенациональном масштабе. И это государственная задача.

– В данном контексте нужно учитывать две основные позиции. Первая – казахский язык – основной язык государства. И вторая, которую четко

обозначил Президент, – это триединство языков: казахского, русского, английского, – отметил Ерден Кажыбек. – Еще одна задача – поднять государственный язык до уровня мировых языков. И решить ее, находясь на старой кириллической базе, было сложнее, чем сейчас на латинице.

Учитывая стратегическую важность перехода казахского языка на латиницу, он будет осуществляться поэтапно, системно, в соответствии с разработанным планом. В этом году, как обещают, будут разработаны проспекты орфографических и орфоэпических правил.

– В процессе использования языка должны функционировать все его закономерности, только тогда сам язык начнет модернизироваться, совершенствоваться. Он будет гораздо более гибким, удобным, привлекательным, интересным, – заключил Ерден Кажыбек. – Ведь язык – средоточие всех атрибутов нации – культурных, исторических, психологических. Это не только форма и средство коммуникации, но и содержание, сердцевина всей нашей духовной модернизации.

В Центре по изучению латинского алфавита будут проходить совещания, встречи со специалистами-консультантами, налажена система анкетирования и система вопросов-ответов. Здесь будут выявлять проблемы и находить оптимальные пути их решения. Этот центр станет пунктом постоянных контактов и общения специалистов с очень широкой заинтересованной аудиторией.

Газета «Казахстанская правда»

11 ноября 2017г.

www.kazpravda.kz

ЯЗЫКОВАЯ РЕФОРМА В ДЕЙСТВИИ

Подписанный Главой государства Нурсултаном Назарбаевым Указ о переводе алфавита казахского языка с кириллицы на латинскую графику знаменует собой новый исторический этап в реформировании национальной письменности.

Начало всех начал

Официальным стартом языковой реформы следует считать статью Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», в которой были обозначены не только первоочередные задачи перехода на латиницу, но и вполне определенный срок – поэтапный переход на нее должен завершиться к 2025 году. Среди объективных факторов этого процесса выделены историческое значение, необходимость модернизации языка, неизменность языковой политики, а также системность и поэтапность проводимой реформы.

Здесь необходимо отметить, что научными исследованиями кардинального реформирования казахского письма все эти годы занимался Институт языкознания им. А. Байтурсынова, выпустившая в свет несколько фундаментальных трудов. Последним из них стала коллективная

монография «Жана ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы». В ней представлены результаты уникального лингвистического эксперимента, на основе которого и предлагается выбрать наиболее приемлемый вариант нового казахского алфавита. Помимо Института языкознания им. А. Байтурсынова над созданием новой латиницы работал и Республиканский координационно-методический центр развития языков им. Ш. Шаяхметова. Именно разработанный в его недрах вариант был первым представлен на парламентских слушаниях в начале сентября текущего года.

По словам директора центра Ербола Тлешова, при выборе варианта единого стандарта алфавита государственного языка за основу были взяты прежде всего научные принципы: «В проекте нового казахского алфавита не будет диакритических знаков. Предложенный нами алфавит состоит из 25 букв. Для полноценного обеспечения звуковой системы казахского языка в алфавит было включено восемь диграфов – сочетание двух букв, произносимое как один звук. Они призваны обозначить восемь специфических звуков. От введения диакритических знаков мы отказались, поскольку из-за их редкого использования можно потерять специфические звуки казахского языка». Этот вариант вызвал большой резонанс не только в ученой среде, но и среди широкой общественности. Тема перехода на латиницу была и продолжает оставаться самой обсуждаемой в популярных социальных сетях, в кулуарах правительственных и парламентских заседаний, на кухнях домохозяек и даже в общественном транспорте. Вариант с диграфами не получил должной поддержки в обществе, в связи с чем был отринут.

Работа только начинается

Глава государства неоднократно в своих выступлениях по этому поводу обращал внимание на то, что «новая языковая реформа не должна вызывать неудобства». В этом контексте выбранный вариант алфавита даст старт большой и кропотливой работе группе из ученых-лингвистов в области грамматики, культуры речи, теории письма, фонетики, фонологии, ортологической лексикографии, педагогов, психологов, экономистов и IT-специалистов.

– Большая и скрупулезная работа только начинается. Будут выработываться новые правила правописания, изучаться слоги, слова, словосочетания и предложения, не стоит забывать и о психологическом аспекте восприятия, – говорит директор Института языкознания им. А. Байтурсынова Ерден Кажыбек. – Апострофы применяются для сохранения оригинальных звуков казахского языка, в утвержденном варианте они все сохранены. Теперь наступает период апробации: необходимо изучить все нюансы, чтобы определить, насколько новый алфавит будет удобен в применении.

Новый вариант казахского алфавита получил широкую поддержку у всех слоев населения. К примеру, уже сегодня вывески на здании акимата

Ақтау выполнены на новой латинице, а инициативная молодежь Караганды создала сайт на латинской графике, содержащий различную полезную и интересную информацию. Не это ли свидетельство того, что языковая реформа уже в действии?

Автор Уак Манбетеев.

*«Әдебиет порталы» сайты
17 қараша 2017 ж.
<http://adebiportal.kz>*

Әлімхан Жүнісбек

филология ғылымдарының докторы, профессор

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ: ТӨЛ ДЫБЫС – ТӨЛ ӘЛІПБИ

I. Әліпби ауыстыру жазу реформасына айналу керек

1. Өтпелі дәуір кезіндегі кез келген ауқымды шара, ол экономикалық шара болсын, әлеуметтік шара болсын, елді бір дүрліктірмей қоймайды. Өйткені ондай шараның, жұртшылық жаппай қатыспаса да, өз жақтаушылары мен қарсыластары болады. Әліпби ауыстыру мәселесі де осы жайды басынан кешіріп отыр. Сондықтан оған таңғалуға болмайды, тек оның себебін дұрыс түсінуге тырысуымыз керек. 1.1. Бірінші, заман тәжірибесі әлеми ақпарат кеңістігіне өтудің төте жолы ретінде латын жазуын көрсетіп отыр. Мұны бұрын аңғарғандар – біздің информатика мамандары. Енді, міне, өзге мамандар да оларды құптай бастады. Әлеми ақпарат кеңістігіне жолын тауып ене алмай қалған елдердің даму қарқыны, сөз жоқ, бәсең болып қалмақшы. Жазуын сақтап отырған қытай мен жапонды алға тартпай-ақ қояық, олардың да ғылыми-өндірістік үрдісі сол латын негізінде дамып жатыр.

1.2. Екінші, сөз жоқ, әліпби ауыстырудың астарында, біздің пайымдауымызша, саяси-әлеуметтік мән жатыр. Орыс жазуынан қашу - көрші империяның сан ғасырға созылып келе жатқан «ағалық» ықпалынан құтылудың бір амалы екені рас. Ендеше, әңгіме кезінде орынсыз көтерілген жоқ. Мұны қазақы көпшілік қауым дұрыс түсініп отыр. Егемендіктің айғақ белгісі салтанат үстінде көрінетін дербес Елтаңба, Ту мен Әнұран болса, күнделікті мазмұнының бірі – жазу. Жазу дегенді тек әріп жиынтығы деп қарамау керек. Жазу әліпби, таңба және емле-ережеден құралады. Әліпби – тілдің дыбыс құрамы, таңба – дыбыстың қауызы, ал емле-ереже – әліпби мен таңбаның ұлттық дәнекері. Олай болса, әліпбиі, таңбасы мен емле-ережесі үйлескен жазу тіл егемендігінің бір кепілі болып табылады.

1.3. Үшінші, тіптен, әліпби ауыстыруды былай қойғанда, қазақ жазуын бір саралап-пысықтап алатын мезгіл жеткендігін көпшілік, оның ішінде тіл мамандары, біліп те, түсініп те отыр. Ендеше бұл бағыттағы шараны тек әліпби ауыстыру деп қарамай, кең қамтып, жазу реформасына айналдыру

кажет. Сондықтан әңгімені тек әліпби ауыстыру төңірегінде ғана қалдырмай немесе бір таңбаны екінші таңбаға қалай ауыстырамыз дегенге ғана саймай, жазу төңірегіндегі өзге де мәселелерді қамтып отыру керек болады.

2. Шынына келетін болсақ, қазақ зиялыларын әліпби айтысымен таңғалдыруға болмайды. Өйткені қазақ жазуының тарихы – «әліпби айтысының» тарихы болып келе жатыр.

2.1. Әліпби ауыстырамыз, ал ауыстырмасақ, бірлі-жарым әріпті қосып-алып, емле «жетілдіріп», әйтеуір, құр отырмаймыз. Ахаңның (Ахмет Байтұрсынұлының) жазуынан латынға, латыннан кирилге көшкеніміз тарихтан белгілі. Кирилге жарлықпен бір-ақ түнде көшкеніміз тағы белгілі.

2.2. Оның үстіне елуінші жылдардың басында қазақтың ы, і, ұ, ү тәрізді төл дыбыстарын ысырып тастап, орыс тілінің и, у әріптерін алғанымыз бар. Тіптен, белгілі бір академигіміз «и, у әріптеріне қарсы шыққандардың пиғылы дұрыс емес» деп, сес көрсетіп, партия журналында дәуіріне лайық мақала да жариялап жіберген көрінеді.

2.3. Ол аз болғандай, КПСС, ТАСС, ООН деп жазу керек деп, айды аспанға тағы бір шығардық. Ең соңында орыс тілінен енген сөздерді «сол тілде қалай жазылса, солай жазып, қалай айтылса, солай айту» керек деп бір-ақ тыныстадық.

2.4. Ендеше, араб, латын, орыс әліпбиінің «қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс» деген сұрақ пен «анау дұрыс, мынау бұрыс» деген жауап бұрын бастан талай өткен. Сондықтан қазір де осы үш жазудың үшеуінің де өз жақтастары аз болмай отырғандығына және олардың бір-бірімен беріспей сайысып жатқандығына таңғалуға болмайды.

3. Бұл басталған «әліпби айтысының» да ауқымы кең, сайыпкерлерінің арыны қатты, үні қатқыл шығып жатыр. Қалай болған күнде де арабтан латынға, латыннан орыс жазуына көшкендегі бұрынғы дәлел-долбарларға тың ұсыныс қосыла қояды деп ойламаймын. Өйткені бар-жоқтың бәрі бұған дейін, сонау отызыншы жылдары-ақ, ортаға салынып болған.

4. «Күнімізді көре алмай жатқанда» деп аузымызды қу шөппен сұртпейік. Шүкіршілік, еңсе көтеріп, жан-жаққа қарайтын шамаға жеттік. Мемлекетіміз ешкімге жалтақтамай, тірлік істейтін дәрежеге жетті. Енді күнкөрістің ғана қамы емес, қоғам-мәдени болашақтың қамын жеуді де ұмытпау керек. Ал, шындап келгенде, білген адамға латын арқылы әлеми ақпарат кеңістігіне өту, жоғары технологияны игеру – сол күнкөрістің деңгейін көтерудің ең ұтымды амалы.

5. Бүгінгі әліпиді біреу мақтайды, мақтағанда да шарықтатып жібереді. Енді біреулердің, жұмсартып айтқанда, көңілі толмайды. Сол көңілі толмайтындардың бірі – біз. «Біз» деп қазақ тілінің дыбыс саласында еңбек етіп жүрген тіл мамандарын айтып отырмын. Олардың арасында кеше ғана арамыздан кеткен әріптесіміз, профессор Сапархан Мырзабековты ауызға алдымен алуға тура келеді. Марқұм әріптесіміздің «өзіме өгей өз тілім» деген жан айқайы баспа беттерінде мақала ретінде талай жарық көрген болатын. Ғалым қазіргі қазақ тілі жазуындағы тіл бұзар емле-ережелерге қарсы күресіп өтті. Енді, міне, ғалым аңсаған еркіндік заман келіп жетті, алайда мәңгүрт

санамызға сіңіп қалған сол тіл бұзар емле-ережелерден құтылу оңай болып отырған жоқ. Оны осы қазіргі «әліпби айтысының» тұсында айқын көріп отырмыз. Тіптен басқаларды былай қойғанда, тіл мамандарының арасынан орыс тілінің и, у тәрізді кірме «жетістіктерінен» айырылғысы келмейтіндер табылып жатыр. Олар оны қазақ тілінің «даму жетістігі», тіптен «жаңа сатыға көтерілген түрі» деп бағалап, қазіргі орыстекті ми, ки, су, ту деген жазуымызды латын негізінде mi, ki, tu, su деп жазуды ұсынып отыр. Егер қазақтың мый, кій, сұу, тұу деген сөздерін қайтадан mi, ki, tu, su деп, қазақ сөзінің түбір, буын, морфем айтылымын бұзып жазатын болсақ, онда әліпби ауыстырмай-ақ орыс жазуында қала бергеннің өзі жөн.

6. Қазіргі әліпбиімізді «қазақ әліпбиі» деп атаудың еш реті жоқ. Өйткені, ол «қазақ әліпбиі» емес, «қазақ-орыс әліпбиі», тіптен ақиқатын айтып, «орыс-қазақ әліпбиі» десе де болады. Өйткені әліпбиіміз бір тілдің емес, әлдеқашан қос тілдің әліпбиі болып орнығып алды. Латынға қарсы мамандар «құдай бере салған 42 әріптен айырылып қаламыз, сол 42 әріп арқылы кез келген сөзді жаза береміз» дегенді алға тартады. Орыс жазуынан айырылып қалсақ, далада қалатындай сезінеміз.

6.1. Біріншіден, ешбір мемлекет, ешбір ғылыми жұртшылық әліпби санының (құрамының) көптігін айтып мақтанбайды. Әріп саны көп болды деген сөз – ол тілдің әліпбиінде бір кемшілік бар деген сөз. Әріп саны неғұрлым кем болса, ол солғұрлым жетілген әліпби болып саналады.

6.2. Латын әліпбиіне байланысты, қосақ арасында, ағылшын жазуын ұрса беруге болмайды. Керісінше, ағылшын жазуының тәжірибесін пайдалану керек. Өйткені олар аз таңбамен көп дыбысты белгілеудің ұтымды амалын көрсетіп отыр. Емле-ережесі күрделі болғаннан ағылшын жазуы түк те ұтылып отырған жоқ, керісінше, әлеми ақпараттық кеңістікке бірінші болып шығып, қай салада болмасын көш басында келеді.

6.3. Жақсы, орыс жазуы арқылы енген сөздерден айырылғымыз келмейді екен, айырылмай-ақ қояық. Ал бірақ орыс тілінен енген дыбыстарға арнайы таңба іздеп әуре болмау керек. Оның амалын тағы да ағылшын жазуының тәжірибесі көрсетіп отыр. Ағылшындар да орыс тілінің сөздерін пайдаланбай отырған жоқ, пайдаланып отыр. Алайда сол үшін қосымша таңба іздеп, әлек болып жатқан жоқ. Тіптен қосымша таңба іздеу деген ойларына кіріп-шығып жатқан жоқ. Өздеріндегі бар таңбаны пайдаланып, емле-ереже жолымен өзге тілден енген сөздерді жазып пайдаланып отыр. Оны күнделікті гәзет-жорнал беттерінен, теледидар айнасынан күнде көріп отырмыз. Ендеше латын әліпбиі арқылы орыс сөздерін қалай жазамыз деп сары уайымға салынудың керегі жоқ.

6.4. Осыған байланысты есте болатын нәрсе - ешбір мемлекетте кірме сөздердің жазылуына деп қосымша таңба ойлап таппайды, не де болса өз әліпбиінің құрамынан шығады. Кірме дыбыстарға бола жаңа таңба алу деген тек бұрынғы Кеңес құрамындағы түркі республикаларында ғана болды, олардың ішінде біз де бармыз.

7. Біздің тілімізде, орыс тілінің «игі» әсері деп, кезінде зорлықпен енгізілген ережелердің басы баршылық. Ондағы мақсат – қазақ сөзінің

айтылымын орыс сөзінің айтылымына мейлінше жақындастыру болатын. Бұл мақсат көп жағдайда орындалды. Соның нәтижесінде «тоталитарлық фонологизация, тоталитарлық фонемалар» мен «тоталитарлық фонетистердің» пайда болғаны рас. Оларға қазақ сөзінің өз айтылым үлгісі бар екенін түсіндірудің өзі қиын. Жазу сол қазақ сөзінің төл айтылым үлгісін сақтаудың амалы болу керектігін түсіндіріп әлек болып келеміз. Түсіндіре бастасаң болды, «ескіні аңсап отыр», «өмірдің ағымынан қалып қойған» т.б. атақтарды жапсырып шыға келеді.

Мұндай жағдайда қазақ тілінің төл айтылым үлгісін (сөздің айтылым әуезі, буын құрамы, морфем заңдылықтары, тасымал реті, сөйлеу ырғағы) сақтап қалу үшін «ескіні де аңсап, өмірден де кеш қалып жатуға» тура келеді. Біздің жанымызға «ескішіл» атанып, «өмірден кеш қалғандығымыз» емес, ана сөзінің тұрқы бұзылып бара жатқандығы батады. Сондықтан қазір жан аяп, жан аясып қалатын кез емес. Көресіні орысша тәлім алған орыс тілді ағайындарымыздан көретін боламыз. Орыс жазуы арқылы тілі шығып, құлағына сіңген дыбыс пен қолы жаттыққан әріптің бәрін қазақ тіліне әкеліп тықпалай беруге болмайды.

7.1. Орыс тілінің ықпалына байланысты «игі» деген сөзді бірде тырнақшаға алып, зиянын көрсетіп, бірде тырнақшасыз жазып, пайдасын дәріптеп отыруға тура келеді. Жақында Елбасымыздың «біз орыс тіліне қарсы емеспіз, біз оның қазақ қауымына қалай ендірілгенін құптамаймыз» деп, мәселенің басын ашып айтқаны есімізде. Бұл көпшілік көкейінде жүрген көп ойдың шын ақиқаты еді. Сондықтан әліпби ауыстыруды белгілі бір елдің тіліне не жазуына қарсылық деп түсінбей, тағы да қайталап айтамыз, қазақ тілінің жазуына реформа жасау деп бағалау керек болады.

7.2. Әрі қарай орыс тілінің тырнақша арқылы жазылатын «игі» ықпалына ғана тоқталамыз. Егер бүгінгі жазуға байланысты науқанды жазу реформасына айналдыра алсақ, онда қазіргі қазақ жазуының емле-ережесінің көптеген жаңсақ тұстарынан арылар едік. Себебі кезінде араб дәстүрімен, кейіннен орыс жазуының ықпалымен енген бір топ кірме әріптер мен емле-ережелер қазақ тілінің ішкі айтылым заңдылықтарына кереғар келіп жатыр. Соның нәтижесінде жазумен тілі шыққан кейінгі жас ұрпақтың, тіптен, жас ұрпақ қана емес, ересектердің де тілі бұзылып барады. Мысалы, мектептен бастап «мынау – и» деп орыс тіліндегідей жіңішке айтқызып үйретіп, сонан соң жартыкеш емлеге сүйеніп, қазақ сөзін ми деп жазып қоямыз. Сөйтіп, қазақтың ый, ій деген дыбыс тіркесін орыстың и деген дауысты таңбасына байлап беріп, ми деп жазып, кейінгі ұрпақты мый деп айтқыза алмай әлек болып келеміз. Осыдан кейін баланың қазақтың мый деген сөзін ми деп жіңішке айтпасқа амалы жоқ. Бүгінгі күндері солай айтып та жүр. Жас ұрпақ тілінен мұндай мысалдарды көптеп табуға болады.

7.3. Тіл мамандары орыс жазуының мұндай тіл бұзар әсерін көрмей отырған жоқ. Қазақ жазуына жасалар болашақ реформаны (тек қана әліпби ауыстыру емес) тілбұзар емле-ережелерден құтылудың бір амалы деп түсініп отыр. Сондықтан орыс тілінің ықпалы дегенде, орыстың тілін емес, оның төркіні бөлек емле-ережесінің туыстығы бөлек қазақ тіліне орынсыз

тықпаланғандығын айтамыз. Табиғаты бөлек орыс әліпбиін орыс тілінің емле-ережесімен қоса алғандықтан, қазақ сөзінің айтылым үлгісі сол жазу келген тілдің қанжығасында кеткені рас. Бұл – ғылым дәлелдеп, тарих көрсетіп отырған жай. Оған дәлелді алыстан іздемей-ақ, орыс жазуының үлгісімен қалыптасқан қазіргі ұрпақ тіліне көңіл бөлейікші. Күні-түні үйде де, түзде де көз алдымызда тұрған орыс жазуы жекелеген қазақша дыбыс түгілі, тілінді де ұмыттырып жібере жаздаған жоқ па ?

7.4. Осыған орай, «қазақтар орыс тілін үйренуге өте икемді, таза сөйлейді» деген өте жаңсақ пікір бар. Қазақтың өзге ұлттардан артық түгі жоқ, ал грузин мен армянның, латыш пен эстонның аузы-мұрнында не ынтасында еш кемшілік жоқ. Гәп – олардың әліпби таңбасының бөлек болғанында да емес, сол ана тілі жазуының ішкі емле-ережесінің бөлек болғанында. Олар орыс тілінде и дауысты дыбысы бар екен деп и әрпін, у дауысты дыбысы бар екен деп у әрпін, ф дауыссыз дыбысы бар екен деп ф әрпін, ц дауыссыз дыбысы бар екен деп ц әрпін алып отырған жоқ. «Орыс сөзі қалай жазылса, солай жазайық, қалай айтылса, солай айтайық» деген емле-ережені алу олардың ойына да кіріп-шыққан жоқ. Ана тілінің емле-ережесі бөлек болған соң, бала күннен өзіндік дыбыстау үлгісі қалыптасады. Бертін келе орыс сөздерін бұзып сөйлейтіні сондықтан. Ал, армян-грузин, латыш-эстон тілінің әліпби тұрқына байланып қалған ерекшелік болса, онда неге орыс тілінің емле-ережесімен сауат ашқан грузин, армян, латыш, эстондар орысша тап-таза сайрап отыр? Ендеше, екінші бір тілде жақсы сөйлеу деген – сол тілдің емле-ережесін жақсы меңгерген деген сөз.

8. Тілдің айтылым емле-ережесі мектеп оқулығынан басталады. Ендеше қазақ сөзінің айтылымын орыс сөзінің айтылымына жақындастыру сол мектеп балаларынан басталғанын байқамай келдік.

8.1. Кез келген қазақ тілінің оқулығын алыңыз да, бетін ашыңызшы. Қайран қаласыз! Қазақ тілінің өзіне тән дыбыстары деп 7-8 әріпті бөліп қояды. Сонда не, өзге дыбыстардың бәрі қазақтікі емес пе? Қазақ дыбыстарын осылай бөлектеудің өзі шәкірт санасын тұмшалап, есейгенде мәңгүрт қылады. Сөйтіп, 26 (28) дыбысымыздың бәрінің де (!) дыбысталуы сол іспеттес орыс тілінің (сол іспеттес араб т.б.) дыбыстарына баспа-бас ұқсай қоймайтыны, дыбыстардың өзара тіркесім емле-ережелері мүлдем бөлек екендігі не тіл мамандары – біздің санамызға жетпей-ақ қойды, не оқулық авторларының қаперіне ілінбей-ақ қойды. Дыбыстарымыз бірдей, әріптеріміз бірдей деп ұзын желінің аяқ жағына басымызды тұқыртқан өзіміз екен, кімге өкпелейміз? «Ұра берсе, құдай да өледі» дегендей, жазуымызды орыс жазуына теліп, орыс жазуының емле-ережесінің мұртын бұзбай көшіріп алып, орыстармен бір-біріміздің иінімізге дем алып отырсақ, орысша біз сайрамағанда, кім сайрайды. Ендеше «орыс тілін үйренуге икемдіміз» деп әсіре мақтанға салынбай, алдымен табиғат-тәңірі берген тілімізге ие болайық.

8.2. Жазудың сөздің айтылым үлгісіне ықпалы зор екенін ескерсек, жазу жүйесін қалыптастыруға жауапкершілікпен қарау керек. Ол үшін жазу ережелері (әліпби құрамы, таңба үлгісі, емле-ережесін бірге қарау керек) сол тілдің ішкі табиғи заңдылықтарына телінгенде ғана жүйелі жазу шығады.

9. Қазіргі кезде ағылшын тілінің ықпалы өте күшті болып тұр, солай бола да бермек. Ағылшын тілінің ықпалынан, тіптен, орыс тілінің өзі жасқана бастады.

9.1. Ағылшындардың өздері де емле-ережесінің (әліпбиінің емес) әлсіз тұсын мойындайды. Бірақ олар «Манчестер деп жазып, Ливерпуль деп оқимыз» деп, мәдениетті түрде күліп қояды. Біріншіден, ағылшын тілінің емле-ережесі қазақтарға емес, ағылшындарға арналған. Екіншіден, ағылшындар мұндай емле-ережені өздерінің қырықтан аса дыбыстарын бар болғаны жиырма алты таңбамен беру үшін үнемді ойлап тапқан. Сондықтан да олардың ойына тілінің емле-ережесін өзгерту деген әрекет кіріп-шығып жатқан жоқ. Біз болсақ, «жығылып жатып, сүрінгенге күледінің» кебін киіп, өзіміздің 26 (28) дыбысымызға 42 таңба алып отырып, 46 дыбысын бар болғаны 26 әріппен белгілеп отырған шеберді мұқатамыз.

9.2. Кім не десе, о десін, біздің ойымша, ағылшын тілінің емле-ережесі аз таңбамен көп дыбысты қамтудың ең озық үлгісі болып табылады. Сондықтан да ағылшын жазуы сол емле-ережісімен-ақ бүкіл дүниежүзін игеріп келеді.

9.3. Шындығында, өзге тілдердің де, оның ішінде қазақ тілі де бар, айтылым емле-ережесінің оңай болып тұрғаны шамалы. Жалпы, қай тілдің болмасын, ең қиын жері оның айтылым емле-ережесі болып табылады. Айтылым емле-ереженің оңайы болмайды. Екінші бір тілді үйрене алмау сөз жаттаудың қиындығынан емес, азды-көпті сөзді әркім-ақ жаттап алады, сол тілдің айтылым емле-ережесін меңгере алмағандықтан болады. Латын әліпбиі мен ағылшын тілінің емле-ережесін шатастырмау керек. Өйткені ағылшын тілінің емле-ережесін ешкім көшіріп алайын деп отырған жоқ, әліпби латындікі (ағылшындікі емес) болғанымен, емле-ереже қазақтың өзінікі болады. Қазақ жазуы үшін ағылшын тілінің емле-ережесінің еш қажеті жоқ, өйткені қазақ тілінің төл дыбыстары бар болғаны 26 (28), компьютер түйметақтасындағы 26 түйметанба толық жетіп жатыр. Бір дыбыс – бір таңба болып құйылып тұр.

9.4. Кирилшілердің тағы бір дәйегі – бұрынғы орыс жазуы негізіндегі жазба мұраларымыздан айырылып қаламыз, ертең оларды ешкім оқи алмай қалады деген қауіп екені рас. Орыс жазуын бүгін-ертең ешкім өшіріп тастайын деп отырған жоқ. Мамандардың ұсынысы бойынша, кирил жазуы латын жазуымен он-он екі жыл қатар жүреді. Оқулықтар жыл ретімен бірте-бірте латын жазуына көшіріліп отырады. Әдеби шығармалар мен көпшілік ғылыми еңбектер де сол ретпен жаңа жазуға ауысып отырады. Бұрынғы жарық көрген шығармаларымызды бәрібір қайта баспай отыра алмаймыз ғой. Ендеше олар латын үлгісінде толық болмаса да, жеткілікті түрде үзбей жалғаса жарияланып отырады. Қазіргі ұрпақ кем дегенде жарты ғасыр кирилді ұмытпайды ғой, ендеше орыс жазуымен көзін ашқан ұрпақ жазба мұрағаттарымыз оқылмай, мақұрым қаламыз деп уайымдамай-ақ қоялық.

9.5. Оның үстіне болашақ ұрпақты үш тілді (үш тұғырлы) етіп тәрбиелеу мәселесі мемлекеттік шараға айналып отыр. Сол үш тілдің бірі – орыс тілі болып қала береді. Өркениетті елдердің тәжірибесі де көп тілді

ұрпақ тәрбиелеу қажеттігін көрсетіп отыр. Қазақстанға келген шетелдіктердің кез келгені кем дегенде екі-үш тіл білетінін көріп жүрміз. Олар бізден қазақ тілін үйретуді сұрайды, біз әңгіме арасында «Өмір бойы бір ғана орыс тілін үйреніп келеміз, соның өзінде сол бір тілді аяғына дейін меңгере алмай қойдық. Ал сендер болсаңдар, кез келгенің бірнеше тіл білесіңдер. Соның себебі не?» – деп сұрап қаламыз. Сонда олардың бізге айтатыны: «Егер Батыста жақсы тұрамын десең, ісім өнсін десең, онда көп тіл білуің керек», – дейді. Батыс елдерінде көп тіл білу – кәсіби жетістік болып саналады. Осы жағдай бізге де келіп жетті. Сондықтан да Қазақстанның тіл саясаты осы бағытта өрбіп келеді. Ендеше, орыс тілі ұмыт болып қалады деу орынсыз.

9.6. Қазақ жазушыларының шығармалары оқылмай қалады деген де күмән бар. Оның да жауабын жазушының аузымен қайтарайық. Әліпби мәселесіне қатысты бір «дөңгелек үстел» үстінде белгілі жазушымыз Қ.Жұмаділов: «Оқылатын шығарма қай әліпбимен жазылса да оқылады, оқылмайтын шығарма қай әліпбимен жазылса да оқылмайды», деп қысқа қайырып еді. Ендеше жақсы шығарма латын әліпбиімен де оқыла беретін болады, тек шығарма жақсы болсын.

10. Жазу ауыстырудың шығыны да бар екені рас. Кез келген шаруа шығынсыз бітпейді. Латын әліпбиіне өту шарасы да шығынсыз болмайды.

10.1. Алайда шығынның да шығыны бар. Біріншіден, латын әліпбиіне қарсылар кітап басудың, оқулық шығарудың шығынын алға тартады. Сонда немене, латын әліпбиіне өтпесек, кітап баспай, оқулық шығармай отырамыз ба? Сонда немене, кирилше қайта басуға шығын кетпейді де, латынша жаңадан басқанда шығынның астында қаламыз ба? Кітап та басамыз, оқулық та шығарамыз. Оның қағаз шығыны, бояу шығыны, жұмыс күші т.б. жайттарды кирилде қалсақ та, латынға өтсек те бастан өткереміз. Ендеше бұл бағыттағы шығынды латынның шығыны деп есептемеу керек.

10.2. Сонда қалатыны – мамандарды латынға икемдеп, қайта дайындау мәселесі ғана. Оның да артық шығын шықпайтын жолдары көп. Мұғалімдер үшін, жұмыс бағыты бұрыннан қалыптасып қалған, мұғалімдердің білімін жетілдіру институттары бар. Мектептердің өзі латын әліпбиін үйретудің ошағына айналады. Мемлекеттік мекемелер мен жекеменшік кәсіпорындарының өз мүмкіншілігі бар. Қазіргі заманда не көп, ақылы-ақысыз тіл үйрететін орталықтар көп, олар да қарап жатпайды. Жалпы, латын әліпбиін үйренуге көп жылдар керек дегенге өз басым сенбеймін. «Тәуекел» деп кірісіп кетсе, берісі үш ай, арысы жарты жылдың мерзімінде халықтың негізі сауаттанып бітеді.

10.3. Ауыл сауатсыз қалады деп кемсітудің де керегі жоқ, ауыл қаладағы сіз бен бізден бұрын үйреніп алады. Компьютердің тапшылығын алға тартып та керегі жоқ. Осыдан бар болғаны бес-алты жыл бұрын өзіміз үрке қарайтын компьютеріміз бүгінде балалардың ойыншығына айналып кеткен жоқ па? Әні-міні дегенше ауыл көркінің бірі компьютер болады.

10.4. Тіптен, басқаны былай қойғанда, болашақ қағаздың заманы емес, электронды оқу-құралдар мен оқулықтардың, гәзет-жорналдардың, әдеби

шығармалардың, ғылыми еңбектердің заманы екеніне де күмән келтіреміз бе?

10.5. Латынға қарсы әріптестеріміз, тіптен, мекеме маңдайшасын алмастырудың өзін үлкен шығын деп дүрліктіреді. Әр мекеме үшін өз маңдайшасын алмастыру көтере алмайтын жүк емес қой. Оның үстіне жекеменшік мекемелер үкіметтен қаражат сұрамайды.

10.6. Баспа орындарын латын әліпбиіне икемдеп қайта құруды да даурықтырып керегі жоқ. Өйткені бұрынғыдай батпандап қорғасын сапырып, құлақты тұндыратын тарсыл-тұрсыл шығып жататын баспаханалар қазір жоқ. Компьютер тетігінің бір ғана бұрауымен қыруар іс бітіп жатады. Оның үстіне кез келген баспаханада латын жазуына байланысты компьютер қоры дайын тұр.

10.7. Осы тұста Түрік Республикасының бір тәжірибесіне қарайлаған дұрыс сияқты. Түрік Республикасының кезінде латын әліпбиіне жарлықпен бір күнде өткені белгілі. Жарлықпен өткендіктен латын әліпбиі елдің барлық азаматтарына міндетті болды және араб жазуын пайдалануға тыйым салынды. Сондықтан басы Ата Түріктің өзі болып латын жазуын үйренуді бастады, үйреніп қана қоймай, басқаларға өзі бас болып үйретті. Ең бастысы, баспаларға, жазушыларға мемлекет тарапынан қаражат көмек бөлдірген. Егер мемлекет тарапынан көмек болып жатса, біздің баспа орындарымыз да қиналмай латын жазуына көшер еді. Өйткені баспа иелері мен жазушылардың дені латын әліпбиі негізінде кітап шығарудың қаражат шығынын алға тартып, қарсы болып отыр.

11. Көпшілік арасында тұрқы бөлек латын жазуы өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілге деген ынтасын тоқтатады, бөлек жазу ұлысаралық татулыққа бүлік салады деген де қауіп бар.

11.1. Әліпби тұрқынан шошып тіл үйренбейтін болса, онда сол орысың да, қазағың да, басқаң да бала-шағасымен қосылып, неге қазір жаппай латын жазуындағы ағылшын тілін үйреніп жатыр? Ендеше, себепті де орнымен іздеу керек.

11.2. Орыс ағайындардың қазақ тіліне деген құлқы тасып тұрмағаны белгілі. Бірақ қазақ тілін үйрене алмаудың басты себебі басқада. Ол – орыс ағайындарға ұсынып отырған әдістемелеріміз бен оқулықтарымыз. Әзірге біз өзге ұлт өкілдерін қазақ тілінде сөйлеуге емес, оларға қазақ тілінің грамматикалық ережелерін жаттатып әлек болып жатырмыз. Егер біз қазақ тілінде сөйлеудің әдістемесі мен оқулықтарын дұрыстап ұсына алсақ, онда, сөз жоқ, нәтиже басқа болған болар еді. Өкінішке қарай, әзірге олай болмай отыр.

11.3. Біз өзімізді балабақшадан бастап ересектерге дейінгі орыс ағайындардың бел ортасында жүрміз десек, артық айтқан болмаймыз. Сондықтан бұл мәселенің жайын жақсы білеміз. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретудің жайын өз ынталарымен қолға алып жүрген саусақпен санарлықтай ғана әріптестерімізді білеміз. Өзге ұлт өкілдеріне деп оқулық жазып жатқан да тек солар, өз қалдерінше әдістеме ұсынып жүрген де солар, семинар-кездесулер ұйымдастырып, қазақ тілін дәріптеп жүрген де тек солар.

11.4. Ал, енді, «қазақ тілі құрып барады, жойылып барады, Парламент неге қазақша сөйлемейді...» деп, қазақтың зарын қазақтың өзіне айтып, жұртты құр дүрліктіріп жүргендер қанша десенізші! «Шүкір» деу керек, қазір қазақ тіліне деген бетбұрыс мол. Балабақшаларда қазақ тілін үйреніп жатыр, мектептерге міндетті пән болып еніп жатыр. Осы жас ұрпақтың жетілгенін күту керек, бұл – көп болса, бес-он жыл деген сөз, тіл тарихы үшін бес-он жыл деген үлкен мерзім емес. Ал қазіргі ересектердің жайы басқа, өзге ұлт өкілдерінің аға ұрпақ, ата ұрпағын дүрлікпемен жаппай қазақша сөйлетіп жібереміз дегенге өз басым сенбеймін. Егер әдістеме-оқулықтарды оңтайлай келіп, олардың қазақшасын қазақ тілінің бастау сатысына (тұрмыс-тіршілік деңгейіне) бір өткізіп алсақ, әрі қарай жалғасын (кәсіби, іскери-ұйымдастыру, әдеби деңгейлер) табу жеңілдей береді.

11.5. Ал латын әліпбиі ұлт араздығын тудырады дегеннің тіптен жөні жоқ. Ұлт татулығы мен ұлт араздығы жазуға емес, тұрмыс-тіршіліктің бабына байланысты. Жазуы түгіл, тілі бір халықтардың өзара қырқысып жатқанын көрмей отырған жоқпыз ғой. Ендеше ұлыстар татулығы мемлекет саясатына байланысты. Еліміздің еселі даму қарқыны мен орнықты ұлт саясаты кімге де болса аян. Ендеше тұрмыс-тіршілік мүддесі Қазақстанға қарап тұрса, ешбір ұлт-ұлыс оның жазуына өкпелеп теріс айналмайды.

12. Әліпби ауыстыру төңірегінде төрт бірдей пікір бар.

12.1. Бірінші, орыс (кирил) әліпбиіне көзіміз үйреніп қалған, оның үстіне талай-талай жазба еңбектер жарияланған. Егер басқа жазуға көшетін болсақ, соның бәрінен бір сәтте айырылып қаламыз дейді.

Екінші, арабы әліпбиді қолдаушылар оны діні бір шығыс жұртымен қайта табысудың амалы деп үміттенеді. Оның үстіне Ахаңның (Ахмет Байтұрсынұлының) төте жазуын (оған төменде қайта ораламыз) аңсаушылық тағы бар.

Үшінші, латын әліпбиін жақтап отырған қомақты да қарулы ғылым мен қоғам өкілдері оны өркениет жетістіктеріне алып баратын бірден-бір төте жол деп дәлелдейді. Оның үстіне егемен түрік елдерінің бәрі латын әліпбиіне өтіп болды немесе өтіп жатыр. Қол қусырып отыра берсек, сыртта қалып қоятын түріміз бар.

Төртінші, сонау көне (ежелгі) түрік жазуына көз тігіп отырған шағын топтың әрекеті. Осыған орай, біз де әлдеқашан өшіп кеткен көне жазуын қайта жаңғыртып жатқан еврей, моңғол халықтарының жанкешті әрекеті мен бір уыс қана грузин, армян халықтарының елтаңбасындай болған бірегей әліпбиін тілге тиек етіп, жүз елу миллион түрік халқының құр алақан қалғаны қалай деп қынжыламыз. Өкініштісі, түркі жұртының қазіргі өркениетті елдердің жазу тарихын он орап алып кететін, атам заманғы тарихы бар жазуы бола тұрып, «жазу-сызусыз» жұрт атанғандығында болып отыр. Ал, «жазу-сызусыз» халық дегеннің ар жағында «жабайы, мешеу, телмірінді, тілі дамымаған» т.б. сияқты «атақтар» тұрған жоқ па? Мұның өзі елдің еңсесін басып, ерді езге айналдырудың таптырмас құралы болып шықты. Тіптен, кешеге дейін кеңес құрамындағы түркі халықтары «өзіміздің жазу-сызусыз халық екенімізді әлемге жар салып айтып, орыс жазуы келіп

жанымыз қалғанын» жарыса жамырай, мақтана мойындап келген жоқпыз ба? Ендеше «көк түрік» жазуын жаңғырту – еріккен мен есі кеткеннің ісі емес, түрік жұртының әлеми қоғам алдындағы елдік намыс-абыройын көтеретін іс.

11.2. Енді, осы әліпби сараптаудың жолына түскен төрт додагердің қайсысы мәреге бұрын жетеді? Сөз жоқ – латын әліпбиі. Сәл ерте, сәл кеш, әйтеуір латын әліпбиіне көшетінімізде еш күмән жоқ. Сонда қалғандар неге босқа шабылады? Басқаларды білмейміз, көне түрікші ретінде бәсеке-бақталастықтан аулақпын. Өйткені көне түрікшені қолдап, жөн екен дейтіндер аз, бүгін-ертең көне түрікшеге өте қоямыз деудің де жөні жоқ. Себебі көне түрікшілердің өз арасында ортақ пікір жоқ, бір таңбаны екі адам болса екі түрлі, он адам болса он түрлі оқиды. Соның нәтижесінде «көне түрік әліпбиі – мынау» деп ұстата қоятындай дайын әліпби, «жазылым емле-ережесі мынау» деп ұстата қоятындай дайын емле-ереже жоқ. Мақсат – көне түрік жазуының икемделген (унифицированный) әліпбиін, таңбасы мен емлесін дайындап, танымдық дәріс ретінде сыныптар мен дәрісханаларға жеткізіп беру. Сөйтіп көзі ашық келесі ұрпақ көне жазуды танып-біліп, оны жатырқамас, ертең-ақ олардың заманы туады, сол кезде ойланар. Біздікі – ата жазудың қыр-сырын олардың жадына құйып, ой салып кету.

11.3. Сонда қалатыны – кирил, араб және латын жазуы. Әзірге осы үш жазудың бірін таңдағаннан басқа жол жоқ. Әлеми ақпарат кеңістігіне шығатын бірден-бір төте жол, шындығында, тек латын жазуы. Қанша шатқаяқтағанмен ақылға сала келіп, мойындауға тура келеді.

12. Әліпби ауыстыру – мамандар шешетін мәселе.

12.1. Жазу табу – араға ғасырлар салып барып ілуде бір туатын даналардың ғана қолынан келетін шара. Славян жазуын Кирилл мен Мефодий тауып берсе, бүкіл түркі жұртына үлгі болған қазақ жазуын жалғыз Ахмет Байтұрсынұлы жеке шешті. Бұл жерде Ахаң ұсынған араб әліпбиінің түрқын айтып отырған жоқпын. Ахаңның қазақ тіліне тән лайық жазудың емле-ереже қисынын тапқанын айтып отырмын. Ахаң тапқан жазу қисыны әліпби таңдамайды, өзімізге белгілі кез келген әліпбиді Ахаң қисынына салып, қазақ тіліне пайдалана беруге болады. Сондықтан мен тілтанымға (лингвистикаға) «Байтұрсынұлы қисыны» немесе орысша айтсақ «эффект Байтұрсынова» деген дәйектеме енгізіп отырмын. Ахаңның жазу қисынын кезінде орыс ғалымдары математикалық формулаға салып, әлемдегі ең озық және ең ықшам әліпби деп бағалаған. Сөйтіп өзге көпшілік жұрттың ойына кіріп шықпайтын, көп пенденің қолынан келемейтін жаңалық ашылды.

12.2. Ал, енді, жасыратыны жоқ, латынға көшетінімізді іштей бәріміз біліп отырмыз. Оған еш күмән жоқ. Ендеше осы елдің азаматы ретінде, осы жазу саласының маманы ретінде мен бұл шаруадан шет қала алмаймын. Ондағы мақсат – латын жазуына дұрыстап көшу.

12.3. Мұндай шешімнің тағы бір себебі бар. Қазіргі кезде латын әліпбиіне өтудің ондаған жобасы бар. Бір жобаны бір кісі, енді бір жобаны ұжым болып ұсынып жатқан авторлардың саны жүзден асты. Сонда бұл – неғып қаптап кеткен «байтұрсыновтар»? Тіптен қазақ тілінде қанша дыбыс бар екенін білмей жатып, жоба ұсынып жатқандар бар. Әріп пен дыбыстың

айырмашылығын білмей жатып, дыбыс пен әріпті шатастырып жатып, жоба ұсынып жатқандар бар. Қазіргі әліпбиіміздегі 42 таңбаны қайтсем компьютер түйметақтасының 26 түймешесіне сыйғызамын деп әлек болып жатқандар тағы бар. Жоба ұсынушылардың бәрі дерлік әліпби ауыстыруды кирилше бір таңбаны латынша екінші таңбаға алмастыру ғана деп ұғып отыр. Бұл – әліпбидің бас қатырмайтын ең оңай тұсы. Сондықтан да ұсынылған жобаларда ешқандай тілдік дәйектеме жоқ. Осының бәрін көре отырып, қалыс қалуға дәтім шыдамады. Себебі әліпби ауыстыру бір таңбаны екінші таңбамен алмастыру ғана емес. Ең бастысы, әліпби ауыстыру деген соқыр (механикалық) көшірме емес.

13. Әліпби ауыстырудың үш деңгейі бар: бірінші – әліпби деңгейі, екінші – таңба деңгейі, үшінші – емле-ереже деңгейі. Егер біз әліпби құрамын өзгертетін болсақ, онда оның арғы жағындағы таңба және емле-ережелеріне де өзгеріс ендіруіміз керек. Таңбаға өзгеріс ендіретін болсақ, онда оның емле-ережеге әсері қандай болмақ, алдымен соны ойлап алуымыз керек. Бұл – тіл мамандары мен әдіскерлердің шешетін мәселесі.

13.1. Әрине, әліпби мәселесіне әртүрлі мамандардың қатысы болады. Солардың ішінде тіл мамандары мен информатика мамандарының орны бөлек. Алайда ешкімнің көңіліне келмей-ақ қойсын, жоба авторлары бұл тұста неше түрлі ойға қонымсыз «шеберлік» танытуда. Мұның басты себебі олардың өз алдына ғылыми пән болып табылатын жазу теориясы мен әлеми жазу дәстүрінен бейхабарлығында болып отыр. Сондықтан әркім өз орнын біліп араласса деймін.

13.2. Мысалы, тіл мамандары тілдің дыбыс құрамын анықтап, әліпби ретін белгілейді, емле-ережесін құрастырады; математиктер әрбір дыбыс пен таңбаның кездесім жиілігін есептеп шығады; информатиктер компьютер түйметақтасына оңтайлы орналастырудың амалын (бағдарламасын) қарастырады; сызбашылар әріп сұлбасының қарапайым үлгісін іздейді; әдіскерлер оның сауат ашу дағдысын бағалайды; көз дәрігерлері көзтанымға әсерін байыптайды; психологтар бала жүйкесіне шақ келу жағын пысықтайды т.с.с., сөйтіп бәріне жұмыс табылады.

13.3. Латын әліпбиіне өтуде информатика мамандарының ынтасына ырза болу керек. Олар үлкен көрегендік танытып отыр. Латын әліпбиіне өту жолында ең үлкен белсенділік танытып отырған – сол саладағы әріптестеріміз. Өйткені олар, қанша дегенмен, жоғары ақпарат технологиясының алдыңғы шебінде келе жатыр, оның қыр-сырын басқаларға қарағанда жақсы біледі. Латын әліпбиінің ақпараттық кеңістіктегі болашағын дұрыс болжап, оның оңтайлы сәті енді келіп отырғанын күнде айтып отыр. Олар кейбір кертартпа пікірлермен арпалысып-ақ келеді. Енді тіл мамандары дайындап берген әліпбиді компьютер түйметақтасына орналастырудың ретін, қазақ тілінің төл тұрқына негізделген программаларды жасауды қолға алсын.

14. Қазіргі кездегі латын әліпбиіне Өзбекстан, Түркменстан және Әзербайжан толық көшіп алды. Іргеміздегі Өзбестанды күнде көріп, күнде біліп отырмыз, әрідегі Әзербайжанда жақында болып қайттық. Көшенің бәрі латынша жазу, ешкім ешнәрседен жаңылып немесе адасып жатқан жоқ.

14.1. Мұны айтып отырған себебіміз «ана жақтан латынды игере алмай, зар еңіреп жазған хат келді, мына жақтан латын сор болды деген хабар келді» деген кирилшілердің сөзін баспа бетінен де, теледидардан да оқып-көріп қаламыз. Сөз жоқ, ондай хат-хабар келіп қалуы да мүмкін. Бірақ соны бүкіл өзбек не әзербайжан халқының мұңы деп жеткізбеу керек қой. Тек латын жазуына қатысты емес, кез келген қоғамы шараға байланысты көңілі толмай немесе ағымға ілесе алмай, кемтарлық көріп жүрген жалғыз-жарым адам қайдан да болса, қай кезде болса да табылады. Оны үлкен сөзге тиек етіп керегі жоқ. Бірақ сондай жалғыз-жарым пікірдің елді даурықтырар әсері күшті болады. Әдетте істің жөніне жығылып, жаңаны жатырқамай, керісінше, оны тез игеріп алуға тырысып жатқан көпшіліктің жоғары жаққа арыз, баспа орындарына хат жолдап жату деген ойларына кіріп те шықпайды, оған уақыты да болмайды. Ал, көшке ілесе алмай немесе заман ағымын байыптай алмай қалған бірлі-жарым адамдардың көңілінде күдік қалады. Күдік қалып қана қоймайды, сол күдік жоғары жаққа арыз болып аттанып, баспа беттерінде хат болып жарияланып жатады. Сөйтіп көпшіліктің байыпты тірлігінен гөрі бір адамның айқайы басым болып шығады, өйткені ондай айқай, жасыратыны жоқ, гәзет беттерінде тез жарық көреді.

14.2. Алайда бұл жерде мәселенің екінші жағы бар. Түркі республикаларының латын әліпбиіне өткені дұрыс, ал қалай өтті, ол – бір басқа мәселе. Олар әліпби ауыстыруды саяси шараға айналдырып жіберді, сөйтіп асығыстық жасады. Сондықтан әліпби ауыстыру жазу реформасына айналмады. Кезінде ол республикалардың да таңба саны сол қырықтың үстінде болды. Латынға өткен кезде сол «айтулы қырық екіден» бастарын босатып алмай, кеңес дәуірінен қалған мұраны түгел қамтуға тырысты. Соның нәтижесінде олардың әліпби құрамы артып кетіп, таңба түрлері күрделеніп, емле-ереже жүйесі қиындап кеткен тұстары бар. Сондықтан да олар жаңа жазуына жол-жөнекей өзгерістер ендіріп, жазу реформасына қайта-қайта оралып жатыр.

14.3. Ал біз болсақ, сол латынға бұрын өткен республикалардың тәжірибесін байқап алуымыз керек болды. Ондай жоспар А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Астанадағы Түркі академиясында орындалды, орындалып та жатыр. Олар жіберген қатені біз қайталамауымыз керек. Ол үшін, бірінші кезекте қазақ тілінің төл дыбыс құрамын қоспасыз, таза күйінде анықтап алуымыз керек (қазақ тілінің төл дыбыс құрамы бізде әлдеқашан анықталып қойылған, жоғарыдағы Институт қоржынында дайын тұр).

14.4. Мәселе – «айтулы қырық екімен» байланып қалған көпшілік санасын оятып, «өзіміздікі деген – мынау, өзгенікі деген – анау» деп, түсіндіріп алу. Біздің ойымызды дұрыс түсінген жөн. Өйткені басқаларды былай қойғанда, қазақ тілі пәнінің мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындары оқытушыларының өздері төл дыбыстардың басын ажыратып ала алмай жүр. Кірме әріптерді «дыбыс» деп жазып беріп отырған оқулықтар мен «дыбыс» деп оқытып отырған мұғалім/оқытушылар әлі баршылық. Әрине, бұл олардың кінәсі емес. Мектептен бастап, жоғары оқу орнын бітіргенше бір

ғасырға жуық «қазақ тілінде 42 дыбыс (әріп) бар» деп тоқпақтай берсе, кім де болса сеніп қалады. Сеніп қалған соң бұрыстың өзі дұрыс көрініп, дұрыстың өзі бұрыс көрініп жатады. Біз бәріміз қазір осы күйді бастан кешіп отырмыз. Өз ағайындарымыздың өзінен қазақтың бар дыбысын жоқ деп, жоқ дыбысын бар дейтін уәжді әлі көп еститін боламыз. Құлақ үйренген орыс тілінің дыбыстарынан, көз үйренген орыс тілінің әріптерінен арылтып алу оңай болмайды. Тағы да қайталайық, «айтулы 42-ден» айырылсақ далада қалатындай сезінеміз.

14.5. Сонымен, бірінші кезекте, мамандар анықтап берген қазақ тілінің төл дыбыс құрамын танып-біліп, оны бәріміз түгел мойындауымыз керек. Соған лайық айтылым/жазылым емле-ережені меңгеріп алуымыз керек.

15. Ең жақсы жазу деп ереже-ескертпелері мейлінше аз жазуды айтады. Ондай жазу үлгісі тілдің төл дыбыстары мен төл таңбалар үйлесімін тапқанда ғана құрастырылады. Ендеше, әліпби құрамы дұрыс анықталып, оның таңбалары қазақы реттелсе, емле-ережені жөнге салудың төте жолы ашылады. Сауат ашуды тек сауатты жазу деп түсінбеген жөн, сауат ашу сауатты қазақы дыбыстаудың да амалы болып табылады. Ал сауатты қазақы дыбыстаудың дағдысы қазақы сауатты жазудың арқасында ғана қалыптасады.

15.1. Қазіргі кирил мен оның емле-ережесі тек тіл бұзар құрал болып отыр, сондықтан оны басшылыққа алған жобалардың дұрысы болмайды. Сонан соң «айтулы 42 әріпті» қамтыған жобаның жолы болмауға тиіс.

15.2. Кез келген жазуды кез келген тілге жамап-жасқап пайдалана беруге болады. Алайда мақсат «әйтеуір жазу» болмау керек. Жазу ең алдымен тілдің ішкі заңдылығымен тонның ішкі бауындай қабысып жатуы керек. Сонан соң жазу тілдің дыбыс жүйесіне нұқсан келтірмейтін, керісінше, оның әдеби үлгісінің қорғанышы болу керек. Осы екі мақсатты орындау үшін жазудың емле-ережесі көшірінді емес, төл болу керек. Таңбада тұрған ешнәрсе жоқ.

15.3. Жетілген әліпби – қолдағыны жеңіл қалыптастырудың, көзтанымды оңай жаттықтырудың, ең бастысы, ана тілінің айтылым үлгісін ұрпақтан ұрпаққа бұзбай жеткізудің кепілі. Латын әліпбиінің қолданба бағыттағы саласының аса қажет екеніне еш күмән жоқ. Бірақ компьютерді қазақ тіліне икемдеудің оңай да жалған-жасанды жолы көп, ал ауыр да ақиқат жолы біреу-ақ. Оңай болатын себебі – одан-бұдан өгей дыбыс жинап, таңба талғамай қиып-құрап, жамау-жасқау әліпбиді әркім-ақ түзе береді. Қиыны – бір ғасыр бойы баса-көктеп, қордаланып қалған көп дыбыстың ішінен төл дыбысты танып-біліп, жиып-теріп, өлшеп-пішіп, қазақ тіліне лайықты төл әліпби жасау. Соның нәтижесінде қазақ тілінің төл дыбыстарына сай төл әріптер қалыптасады. Қазіргі тіліміздегі басы артық ондаған жаңсақ емле-ережелер өзінен-өзі жойылып, басы артық кірме әріптердің тілбұзар машақатынан құтыламыз.

15.4. Әрине, мұндай ұсыныс орыс сөздерінің айтылымын қазақ тілінің әдеби нормасы деп қарастырып отырған қазақ ағайындарымызға ұнай қоймайды. Жарайды, орыс сөзінің айтылым үлгісіне тиіспей-ақ қояық, бірақ

орыс тілі дыбыстарының таңбалау реті басқа болады. Орыс тілі дыбыстарының айтылу үлгісін латын әліпбиі негізінде арнайы емле-ереже реттеп отырады. Ондай тәжірибе европа тілдерінде бар. Европа тәжірибесіне сүйенетін болсақ, онда орыс тілі дыбыстарының таңбасы қазақ әліпбиінің құрамына кірмейді. Осы тұрғыдан түзілген әліпбиді, менің ойымша, дұрыс деп тану керек.

16. Әзірге қазақ жазуын (әліпби, таңба, емле-ереже үшеуінің басын біріктіріп) құрастырудың екі жолы бар. Бірі – европа үлгісі, бүгінгі кирил жазуымыз – сол европа үлгісіндегі жазу, екіншісі – А.Байтұрсынұлының үлгісі.

16.1. Егер европа үлгісіне сүйенетін болсақ, онда қазақ тілінің әліпби құрамы 28 таңбаға барып тіреледі, өйткені қазақ тілінің үндесім дауыстыларын кирил үлгісімен жеке-жеке таңбамен белгілеу қажет болады. Ол үшін кейбір дауысты таңбалардың үстіне қосалқы белгі қондыруға (немесе қосақ таңбалар пайдалануға) тура келеді. Қазақ әліпбиінің бұл үлгісін ұлттық жоба деп отырмын. Өйткені қазақ дыбыстарының әрқайсысына тән өз таңбасы бар. Сондықтан компьютер түйметақтасына біршама сыйымтал емес, арнайы бағдарлама керек болады. Оның үлгілері неміс, француз, испан т.б. тілдерінің жазуында бар. Европа тілдерінде қосалқы белгілер немесе екіден-үштен қосарлап белгілеу кеңінен пайдаланыла береді, себебі олардың сөзінде бір дыбыстың сөз құрамында екі рет кездесуі – өте сирек құбылыс. Ал біздің тіліміз – жалғамалы (агглютинатив) және үндесім (сингармонизм) тіл. Мысалы, бір дауысты бір сөздің құрамында бірнеше рет кездесе беретін болғандықтан, олай ете алмаймыз. Өйткені бір сөздің ішінде қосалқы (диакритик) таңбалы немесе қосақ таңбалы дауысты-дауыссыз бірнеше рет қайталанып жатса, жазу дағдысын былай қойғанда, көзтанымға ауыр болады.

1.1 кесте. Қазақ латын әліпбиінің «Ұлттық жобасы»

№	кирилше	латынша	аталуы	№	кирилше	латынша	аталуы
1	А а	A a	а	14	Ң ң	Ń ń	ың
2	Ә ә	Ä ä	ә	15	О о	O o	о
3	Б б	B b	бы	16	Ө ө	Ö ö	ө
4	Ғ ғ(-Г г)	Ğ ğ(-G g)	ғы(-гі)	17	П п	P p	пы
5	Д д	D d	ды	18	Р р	R r	ыр
6	Е е	E e	е	19	С с	S s	сы
7	Ж ж	J j	жы	20	Т т	T t	ты
8	З з	Z z	зы	21	У у	W w	ұу
9	Й й	Y y	ый	22	Ұ ұ	U u	ұ
10	Қ қ(-К к)	Q q(-K k)	қы(-кі)	23	Ү ү	Ü ü	ү
11	Л л	L l	ыл	24	Ш ш	Š š	шы
12	М м	M m	мы	25	Ы ы	I i	ы
13	Н н	N n	ны	26	І і	İ i	і

16.2. А.Байтұрсынұлының емле-ережесін алатын болсақ, онда бар болғаны 22 таңба керек болады. Дәйекшіні таңба санына қосатын болсақ – 23 таңба болады. Қазақ әліпбиінің бұл үлгісін интернет жоба деп атап отырмыз. Өйткені жоба арқылы бірден интернет жүйесіне еніп кете беруге болады. Компьютер түйметақтасына сыйымтал, сондықтан арнайы бағдарламаның қажеті жоқ. Алайда компьютер түйметақтасында бар таңбалар жетіп тұрғанымен (тіптен олар артылып та қалады), дәйекшіге қарай бір таңбаны екі түрлі оқуға тура келеді. Оның өзіндік емле қиындығы бар.

1.2 кесте. Қазақ латын әліпбиінің «Интернет жобасы»

№	кирилше	латынша	аталуы	№	кирилше	латынша	аталуы
1	А а	A a	а		Ң ң	Ń ń	Ы ы
	Ә ә	Ä ä	ә	13	О о	O o	о
2	Б б	B b	бы	14	Ө ө	Ö ö	ө
3	Ғ ғ(-Г г)	Ǧ ǧ(-G g)	ғы(-гі)	15	П п	P p	пы
4	Д д	D d	ды	16	Р р	R r	ыр
5	Е е	E e	е	17	С с	S s	сы
6	Ж ж	J j	жы	18	Т т	T t	ты
7	З з	Z z	зы	19	У у	W w	ұу
8	Й й	Y y	ый	20	Ұ ұ	U u	ұ
9	Қ қ(-К к)	Q q(-K k)	қы(-кі)		Ү ү	Ü ü	ү
10	Л л	L l	ыл	21	Ш ш	Š š	шы
11	М м	M m	мы	22	Ы ы	I i	ы
12	Н н	N n	ны		І і	İ i	і
				23	дәйекші	'	

16.3. Бұл екі шешімнің де өзіндік қиындықтары бар.

16.4. Қарап отырсақ, екі жағдайдың да шешімін табуға болады. Ал Ахаң үлгісіне оралатын болсақ, онда, біріншіден, компьютер түйметақтасындағы таңбалардың құрамынан шықпайтын боламыз, екіншіден, олардың бірнешеуі артылып та қалады. Ахаң үлгісінің сыйымталдығы мен ықшамдылығы осылай жасауға мүмкіндік береді.

16.5. Осы жерде А.Байтұрсынұлының тағылымына арнайы тоқтала кетейік. Біздің, жерден жеті қоян тапқандай болып, «апостроф» деп әріптің бір шекесін шертіп сәндеп, «диакритика» деп әріпті төбесіне сызықша қойып шендеп, о әрпінің белінен тартып ө жасап мәндеп, ае-ні қосақтап ә деп егіздеп жүргеніміздің бәрі Ахаңнан қалған үлгі. Ендеше, қазіргі жоба авторлары алып отырған жуан-жіңішкелік белгілер (әртүрлі нұсқасына карамай) – сол А.Байтұрсынұлы салған сара жол. Арабы таңбалар негізінде туындаған дәйекші дауыстылардың жуан-жіңішке таңбасына таңылып, кирилшеге көшті. Енді, міне, кирилшеден «апостроф, қос нүкте, сызықша, қосақ әріп болып», мың құбылып, латынша жобаларда жүр. Қалай құбылса да бәрінің мазмұны, яғни емле **қызметі** – сол бір **дәйекші**.

17. Қазақ тіліндегі кірме сөздер деп жүргеніміздің бәрі орыс тілінің айтылым үлгісіндегі сөздер. Сол сөздерді қазақы айтылым үлгісіне бағындырып аламыз ба, жоқ әлде «орыс тілінде қалай айтылса, солай жазамыздың» керімен оның төркін айтылымын сақтаймыз ба? Егер қазақ тілінің айтылым үлгісіне икемдеп алатын болсақ, онда мәселе оп-оңай шешіле кетеді де, сол жоғарыдағы әліпбиіміз толығымен жетіп жатыр, оған ешнәрсе қосып-алып керегі жоқ. Ал, шын мағанасындағы халықаралық сөздерді (орыс тілінің айтылым үлгісіне икемдемей) сол өз латын үлгісіндегі жазылымын ала салуға болады. Күнделікті шет тілін көріп-тыңдап, оқып-жазып жүрген балаға да, ересекке де оның еш қиындығы жоқ. Қайта оқу-әдістемелік тұрғыдан ұтымды болып шығады.

18. Біздің ойымызша, болашақ латын әліпбиі ешкімнің атымен аталмау керек. Өйткені бұл жерде ат қоя салатындай үлкен жаңалық ашылып отырған жоқ. Жазудың дыбыс құрамы мен емле-ережесін Ахаң шешіп беріп қойған, ал латын әліпбиі - тарихи дайын тұрған дүние. Оның үстіне компьютер түйметақтасында қазақ дыбыстарына сай келетін таңбалар жеткілікті. Оны іздеп табуға да көп бас қатырудың керегі жоқ, бәрі алақандағыдай көрініп тұр. Мәселе, бірегей 3-4 дыбысты қалай таңбалаймыз дегенге ғана саяды. Қазақ дыбыстарын латын негізінде таңбалау үлгілері өткен жылдардың жазба мұрағаттарында ұсынылып қойылған. Авторлық жайына келетін болсақ, «жоба жасама, жобана өз атыңды қойма» деп, әрине, ешкімге ешкім тыйым сала алмайды. Жасаған жобасын тиісті орындарға тіркетіп, патент алып, сертификатын жалаулатып жүргендер жоқ емес. Бірақ бір таңбаны екінші таңбаға ауыстыра салу үшін аса үлкен бастың керегі жоқ. Ең бастысы, жоба авторлары әліпбидің, жоғарыда айтқандай, кешенді мәселелерін (әліпби, таңба, емле-ереже) қалай шешіп берді, бәрі соған байланысты. Ендеше, бар боғаны, **кирилше таңбаны латынша таңбаға ғана өз білгенінше ауыстырып беріп, жаңа қазақ әліпбиін иеленемін деген әрекеттің өзі орынсыз болып табылады.**

19. Жазу реформасын іске асыра алсақ, ең алдымен, әдістемелік тұрғыдан жеңілдік болады. Ойланайық, 42 әріптің жазу-сызуын үйрену оңай ма, әлде 26(28) әріптің жазу-сызуын үйрену оңай ма? 42 әріпке таңылған емле-ережені меңгеру оңай ма, әлде 26(28) әріпке таңылған емле-ережені меңгеру оңай ма? Жауабын әркім өзі тапсын. Ал, орыс тілінің өзіне тән 33 әліпбиі мен емле-ережесіне сүйенген «Букварьді» орыс мектептері қанша уақытта бітіреді, қазақ тілінің өзіне тән емес 42 әліпбиі мен емле-ережесіне негізделген «Әліппені» қазақ мектептері қанша уақытта бітіреді? Осыған көңіл бөлген біреулер бар ма екен? Мұның да жауабын әркім өзі іздеп көрсін. Сонан соң, қазақ тіліне байланысты қолғанат қондырғыларды (оргтехниканы айтып отырмын) құрастыруға көп септігін тигізеді. Оған бір ғана мысал келтірейін. Шағын латын әліпбиі қазақ тілінің мәтін терімін ықшамдауға мүмкіндік береді. Егер біз үндесім (сингармонизм) заңдылығын пайдаланып, қазақ тілінің өзіне тән компьютер түйметақтасын құрастырып, программасын жасай алсақ (жасай алатынымызға күмән жоқ), онда мәтін терімі көп жеңілдейді. Қарапайым тілмен айтқанда, компьютер түйметақтасындағы

түймешелерді жүз рет ұрудың орнына 70 рет, бір сағаттың орнына 40 минөт жұмыс істейсіз. Қолданба бағыттағы жетісітік мұнымен ғана шектелмейді.

20. Соңғы кезде әліпби ауыстыру мәселесін, ауыстыра қалған күнде қай әліпбиді таңдау жайын халық талқысына салып, референдум арқылы шешу керек деген ұсыныстар айтылып жүр. Шындығында, бұл мәселе бүкіл халық жабылып шешетін іс емес екенін түсінген жөн. Әліпби жобасын тіл мамандары дайындайды, сонан соң педагог-ұстаздар, әдіскерлер, сызба шеберлері, көз дәрігерлері, психологтар т.б. арнайы сараптаудан өткізеді. Жоба арнайы сараптаудан өткен соң, мемлекет тарапынан бекітіліп, көпшілікке міндетті құжат ретінде ұсынылады. Әрі қарай ол талқыланбайды, тек орындалады.

Ендеше, ғылыми ақиқат көпшілік дауысқа салумен анықталмайды, ғылыми іс «асармен» бітпейді, ғылыми нәтиже аламан жұрттың қау-қаулауымен алынбайды. Ерсі көрінсе де айтайық, ғылым саласында «көп ақылы – көл болмайды». Ғылыми таным жолында азшылық көпшілікке бағынбайды, тіптен бір адам дүйім жұртқа жөн сілтеп, жол көрсетіп отырады. Жазу саласында ол – Ахмет Байтұрсыұлы. Ғылымда қоғамы теңдік те (демократия) жоқ, адами теңдік те (ғұламалық) жоқ. Ғылым - адамзат болмысының бейтеңдес (бейдемократиялық) тұсы.

21. Сонымен, сөз қорытындысында мынаны айтпақпын. Біріншіден, орыс жазуына байланысты алған жартыкеш-жарамсақ емлеміз бен әліпбиіміздің ана тілімізге тигізген бүгінгі зардабын көре отырып, әлі де болса орыс жазуында қаламыз деудің енді реті келе қоймас. Оның үстіне Ресейдің өзіндегі орыс тілі мамандарының ішінде де латынға көшейік деген академиялық деңгейдегі пікір қалыптасып келеді. Тіптен, орыс жазуында қала қойғанның өзінде оған түбегейлі өзгерістер енгізу керек. Ал, оған өзгеріс ендіреміз десек, оның дауы латынның дауынан да асып түсетініне еш күмән жоқ. Екіншіден, араға ғасырға жуық уақыт салып, араб әліпбиіне қайта оралып жатудың тағы жөні жоқ. Өйткені қазіргі ұрпақ үшін араб жазуы – көп бейтаныс жазудың бірі ғана. Үшіншіден, латын жазуы қалай-қалай дегенде де, әлеми ақпарат жетістігінің бірден-бір құралы болып қалды. Оның үстіне егер латынға қазақтың төл дыбыстарын баптап өте алсақ, қазіргі жазуымыздағы тілбұзар басы артық таңбалар мен емле-ережелер жол-жөнекей өзінен-өзі түсіп қалады. Жазу реформасы дегеніміз – осы.

Ендеше, латын әліпбиін жатырқамай, дер кезінде қабылдау керек болады, тек емле-ережесін баптап өтейік, ертең-ақ көз үйреніп, қол жаттыққан соң күмән сейіліп, үрей өзінен-өзі басылады.

II. Кірме (бүлдіргі) таңбалардың талданымы

Алдымен қазақ тілінің төл дыбыс құрамы ғылыми тұрғыдан анықталып, төл дыбыстар өз алдына, қазақ тіліндегі **кірме (бүлдіргі) дыбыстар** мен **әріптер** өз алдына топтастырылу керек. Өйткені кірме дыбыстар мен таңбалар қазақ сөзінің айтылым әуезін, морфем құрамын, буын тұрқы мен тасымал ретін, тіптен, сөйлеу (сөйлем) ырғағын бұзып бітті. Сонда қазақ тілінің фонетика деңгейінен (дыбыс құрамы) бастап, лексика,

морфологияны қамтып, синтаксиске дейінгі табиғи қалпын сетінетіп отыр. Ендеше, бірінші кезекте, төл дыбыстардың құрамы мен әріп таңбалары анықталып, қазақ тілінің төл «Әліпбиі» түзіледі. «Әліпби» төл дыбыстар құрамын түгел қамтып, олар үйлесімді орналастырылуға тиіс.

Қазақ тілінің төл дыбыс құрамы:

А Ә П Б М

Ы І Т Д Н

Е Қ(-К) Ғ (-Г) Ң

Ұ Ү С З Р

О Ө Ш Ж Л

Й

У(w).

Мұндағы у таңбасының дыбыс мәнін латын әліпбиінің құрамындағы w әрпімен белгілеп беріп отырмыз. Өйткені қазақ тілінде **ерін-еріндік, жуысыңқы, үнді** дауыссыз бар. Ол дауыссыз халықаралық практикада осы таңбамен беріледі. Ондай дыбыс ағылышын тілінде де бар. Ағылшын тілінде сауатты өсіп келе жатқан жас ұрпақ оны тез аңғарып, жеңіл қабылдайды. Ал орыс тілінде ондай дауыссыз дыбыс жоқ. Олардың **Көкшетау** дегенді **Көкчетав** деп өз тіліндегі **тіс-еріндік, жуысыңқы, ұяң в** дауыссызымен алмастыратындығы сондықтан. Қазақ тіліндегі дауыссыз у[w] мен орыс тіліндегі дауысты у[u:] дыбыстарын естілім ұқсастығына қарап өзара шатастырып жүргеніміз сондықтан. Тіптен и мен у әріптерін (дыбыстарын емес) өз алдына дауысты «фонема» деуге де жеттік. Оны қазақ тілінің дамуы деп түсіндіруге тырысып жатырмыз.

Қазақтың төл сөздерінің жазылымындағы кірме әріптер түгел шығарылып тасталады. Олар:

И У Я Ю Ц Х Ы.

Өкінішке орай, орыс тілінің емле-ережесі арқылы қазақ тілінің төл сөздерінің жазылымына енген **и, у, я, ю** таңбаларының (дыбыстарының емес) әрқайсысын өз алдына дербес дауысты дыбыстар деп қабылдау бар. Көпшілік (тіптен, тіл мамандарының өздері, қазақ тілі пәнінің мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының оқытушылары) осыған әбден ден қойып, психологиялық тұрғыдан мойындап алған. Олай етпеске амалы да жоқ, өйткені мектептен бастап, жоғары оқу орнын бітіргенше оларды дауысты дыбыс деп санасына құя берсе, кімде болса сеніп қалады. Оның үстіне оқу бағдарламалары мен оқулықтар түгелдей осы ережені құптап отыр. Қазақ тілі дыбыстарының құрамына зорлықпен енгізіліп отырған «дауысты дыбыстардың» жөнін табу үшін олар «дауыстыдан кейін дауыссыз болады, дауыссыздан кейін дауысты болады» деген (мұндайда болады екен!?) элеми жұртқа күлкі болатын ереже де ойлап таптық.

Оның зардабын әлі көріп келе жатырмыз. Тіл мамандарының өзі өздері ұсынып отырған әліпби жобаларында осы жалған қағиданы ұстанып отыр. Мысалы, орыс жазуының ережесімен жазып келген **ми, ти** т.б. сөздерді латын негізінде де **mi, ti** деп жазып, ми, ти деп оқуды ұсынып отыр. Сонда қазіргі орыстақы емлеміз бойынша да [ми, ти], жаңа латынша да [mi, ti]

болып шыққалы тұр. Жоба авторлары осы жолмен жазу желісін үнемдеуге болады, яғни екі таңбаның орнына бір таңба ғана жазамыз деген болжамды алға тартады. Жоба авторларының дәйектемесіне көз жеткізу үшін «Абай жолы» романы, Әнұран т.б. мәтіндерге есептеу жүргізіп көрдік. Сондағы үнем 0,5-0,7% ғана болып шықты. Сонда түкке тұрғысыз үнем үшін, егемендіктің арқасында ғана құтылғалы отырған, тілбұзар емле-ережелерді тағы несіне қайталаймыз деген ой туады. Оның үстіне өздері ұрынған шымшытырықтан шығу үшін құрау-құрау таңбалар ұсынады. Мысалы, **ы[ɪ], і[i], й[i], ұ[u], ү[ü], у[û]**. Мұндай шешім әдістемелік тұрғыдан өте тиімсіз. Өйткені ұқсас таңбалардың үстіне үстеме белгілер қоя беруге болмайды. Себебі сауат ашуды қиындатып жібереді: ұқсас таңбалар екіден аспау керек; үстеме таңба біріне қойылып, екіншісіне қойылмау керек. Ал, жазу реформасының басты мақсаты орыс тілінің тілбұзар ережелерінен арылып, қазақтың **мый** деген сөзін айтылуына лайық **мый** деп жазып, жуан айтқызу, **тій** деген сөзін айтылуына лайық **тій** деп жазып, жіңішке айтқызу үшін жасалып отырғанын ескерсек, әріптестеріміздің бұл әрекетіне қалайша «жол болсын» демекпіз.

Кез келген жазу тілдің ішкі өзіне тән құрылымы мен табиғи айтылымына зиян тигізбеу керек. Керісінше, тілдің әдеби айтылымының қорғанышы болу керек. Ол үшін:

1. Жазу сөздің дыбыс құрамын дәл бейнелегенде ғана дұрыс жазу болады. Ендеше қазақ жазуы қазақ сөзінің үндесім әуезін дұрыс көрсетіп отыру керек, басқаша айтқанда, жуан айтылатын сөздің таңбасы мен жіңішке айтылатын сөздің таңбасының арасында көрнекі айырма болсын.

2. Жазу қазақ сөзінің буын құрамын бұзбау керек. Мысалы, **ми-ы, су-ы [мый-ы], [сұу-ы]** болмау керек, **мы-йы, сұ-уы** болу керек. Қазақ тілінде сөз ішінде буын дауыстыдан басталмайды. Оқулықтардағы осындай кереғарлықтардың қиындықтарын айтып, балаларға түсіндіре алмай, олардың алдында «бірде олай болады, бірде бұлай болады» деп екі сөйлеп, әлек болып жатқан ұстаз мұғалімдердің пікіріне де құлақ асу керек қой.

3. Жазу қазақ сөзінің тасымал ережесіне сай болу керек. Тағы да **ми-ы, су-ы** болып тасымалданбау керек, **мы-йы, сұ-уы** болып тасымалдану керек.

4. Жазу қазақ тілінің морфем (түбір мен қосымшалар) желісін үзбеу керек. Мысалы, қазақ тілінің «егер түбір дауыссызға бітсе, қосымша дауыстыдан басталады» деген іргелі заңдылығы бар. Сонда **мың – мы-ңы, сұр – сұ-ры** тәрізді **мый – мы-йы, сұу – сұ-уы** болып, тіл жүйесі бұзылмайды.

Қазақ тіліндегі дифтонгтардың фонологиялық мәртебесін (статусын) анықтау бүгінгі қазақ фонетика ғылымының өзекті мәселесіне айналып отыр. Өйткені бұл мәселенің теориялық және практикалық маңызы қатар өзекті (актуал) болып отыр. Мәселенің теориялық шешімі қазақ тілі дыбыстарының құрамын дәл анықтап, «қазақ тілінде қанша дауысты дыбыс бар?» деген сұраққа нақты жауап тауып беретін болады. Ал оның практикалық шешімі қазіргі қазақ жазуындағы қайшылықтардан арылуға мүмкіндік береді.

Жазуда **и, у** әріптерімен таңбаланып жүрген дыбыстарға, бір жағынан, «дауыстыдан кейін дауыссыз, дауыссыздан кейін дауысты болады» деген мектеп және жоғары оқу орындарының оқулықтарындағы жаңсақ анықтамамен қатар, екінші жағынан, олар «дауысты мен дауыссыздың тіркесін белгілейтін таңба» деген академиялық грамматикадағы ақиқат анықтама беріледі. Біз бұл жерде қазақ тілі оқулықтары мен ғылыми грамматикаларында кездесіп жүрген бір-біріне қарама-қарсы пікірлердің негізгілерін ғана келтіріп отырмыз.

Өзара артикуляциялық үйлесімі күшті, естілімі ұқсас болып келетін қысаң дауыстылар мен үнді дауыстылар тіркесінің құрамды бөліктерін ажыратып алу оңай болмайды. Оның үстіне орыс тілінің **ы, и, у** дауыстыларының естілімі мен қазақ тілінің **ый, ій, ұу, үу** дыбыс тіркестерінің естілімі өзара ұқсас болуы да өз әсерін тигізді. Кезінде қазақтың төл сөздерінің құрамында **и, у** таңбаларын жазу туралы тоталитарлық ереже қабылдауға да, сөз жоқ, осы жай себеп болған. Олардың құрамды бөліктерінің жігін ажыратудың бірнеше тәсілі бар.

Солардың бірі – морфем талдау: егер өзге морфем жігі анық тіркестермен ұқсас келсе, яғни тіркесім сыңарларының арасынан морфем жігі өтетін болса, онда олар дербес-дербес дыбыстардың тіркесі болып саналады.

Ендеше, бірінші, морфем жігі анық тіркестермен салыстырып шығамыз. Төмендегі әртүрлі түбір морфем дыбыс құрамының әртүрлілігіне қарамай, бірыңғай тілдік бірліктер болып табылады (көпшілікке түсінікті болу үшін тіркес транскрипцияларын да кирилше беріп отырмыз):

ай [ай], әй [әй], ей [ей], ой [ой], өй [өй], үй [үй], үй [үй], и [ый], и [ій]

Алғашқы жеті сөздің (тіркестің) дыбыс құрамына ешкім күмәнданбайды, ал соңғы **и** арқылы жазылып отырған сөзге (тіркеске) келгенде күмән басталады. Шындығында, барлығы да әртүрлі дауысты дыбыстар мен үнді, жуысыңқы, тіл ортасы (тілшік) **й** дауыссызының тіркесі болып келеді. Егер **ай** немесе **үй** тіркестерінің дыбыс құрамына күмән туғызбайтын болсақ, онда солармен теңдес **ый, ій** тіркестерінің де дыбыс құрамына күмәнданбауымыз керек.

Тіптен, басқаны былай қойғанда, **и** таңбасы бір дауысты дыбыс болса, онда **ми** деген сөздің құрамында неге жуан айтылып, **ти** деген сөздің құрамында неге жіңішке айтылып, екі түрлі дыбысталады деп ойлану керек қой. Өйткені **и** таңбасы бірде құрамында жуан **ы** дауыстысы бар **ый** тіркесін, бірде құрамында жіңішке **і** дауыстысы бар **ій** тіркесін белгілейді. **Тілі қазақы шыққан, естілімі қазақы қалыптасқан адам үшін оны аңғарудың еш қиыншылығы жоқ.**

Енді **у** таңбасымен келетін бірыңғай сөздер тобын көрейік (**у** таңбасының мәні түсінікті болу үшін оны арнайы **w** таңбасымен белгілеп отырмыз, өйткені қазақ тілінде ерін-еріндік, жуысыңқы, үнді **w** дыбысы бар. Ескерте кететін нәрсе, орыс тілінде ондай дауыссыз дыбыс жоқ, сондықтан да олар қазақтың Көкшетау тәрізді сөзінің соңына, **w** дауыссызын айта алмайтын болғандықтан, өздерінің үйреншікті **в** дыбысымен алмастырып отырады):

ау [aw], әу [əw], оу [ow], өу [əw], у [ʏw], у [ʏw]

Алғашқы төрт сөздің (қазақ тілінде **ы, і, е** дауыстылары **у[w]** дауыссызымен тіркеспейді) дыбыс құрамына ешкім күмәнданбайды, ал соңғы **у** арқылы жазылып отырған екі сөзге (тіркеске) келгенде тағы да күмән басталады. Шындығында, барлығы ды әртүрлі дауысты дыбыстар мен үнді, жуысыңқы, еріндік **у** дауыссызының тіркесі болып келеді. Егер **ау** немесе **әу** сөздерінің дыбыс құрамына күмән туғызбайтын болсақ, онда солармен теңдес **ұу, үу** сөздерінің (тіркестерінің) де дыбыс құрамына күмәнданбауымыз керек. Тағы да, басқаны былай қойғанда, **у** таңбасы бір дауысты дыбыс болса, онда алу деген сөздің құрамында неге жуан айтылып, елу деген сөздің құрамында неге жіңішке айтылып, екі түрлі дыбысталады деп ойлану керек болар. Өйткені **у** таңбасы бірде құрамында жуан **ұ** дауыстысы бар **ұу** тіркесін, бірде құрамында жіңішке **ү** дауыстысы бар **үу** тіркесін белгілейді. Мұның да **тілі қазақы шыққан, естілімі қазақы қалыптасқан адам үшін аңғарудың еш қиыншылығы болмайды.**

Екінші, түбір морфема мен қосымша морфеманың жігіне қарайық:

май [май], ма-йы [ма-йы]

ми [мый], ми-ы [мы-йы]

тау [тау], та-уы [та-уы]

ту [тұу], ту-ы [тұ-уы].

Қазақ тіліндегі қосымшалар талғампаз келеді. Соның бірі түбір морфеманың дауысты не дауыссызға бітуіне байланысты. Егер май, тау сөздерінің дауыссыз дыбысқа бітуіне байланысты қосымша морфема дауысты дыбыстан басталып тұрса, онда дауысты дыбысқа бітіп тұр (?) деген **ми, ту** сөздеріне неге дауысты морфема жалғанып тұр? Ендеше бұл сөздер де дауыссыз дыбысқа бітіп тұр деген сөз. Олай болса, транскрипциядан көрініп тұрғандай, дыбыс тіркесінің екінші сыңары **й, у** дауыссыз дыбыстары болғаны. Бұған қоса, мысалға алынып отырған сөздердің бәрінің буын және морфем құрамы біркелкі екенін де ескеру керек.

Ендеше **и, у** таңбаларының дыбыс құрамын **ый, ій, ұу, үу** дыбыстарының тіркесі деп қарау керек. Өйткені қазақ жазуының құрамына енген кірме әріптердің дыбыстық мәнін анықтау аса күрделі фонетикалық мәселеге айналып отыр. Себебі қазақ тілінің оқулықтары мен әдістемелік құралдарында кірме әріптер бірде дауысты, бірде дауыссыз, ал енді бірде дыбыс тіркесі деп түсіндіріліп келеді. Соның салдарынан, өкінішке орай, кейбір авторлар оларды қазақ тілінің жаңа латын әліпби құрамына да енгізуге тырысып жатыр. Жаңа фонема болу үшін ол қазақ сөзінің үндесім әуезін бұзбайтын (қазақтың жуан үндесім әуезді мый сөзін жіңішке әузбен ми деп айтқызбайтын), буын құрамын өзгертпейтін (ми-ы деп тасымалдатпайтын), морфем жігін үзбейтін (мый+ы деп түбір мен қосымша тіркесіміне нұқсан келтірмейтін) болу керек.

Ал, қазақтың төл сөздерінің жазылымына еніп кетіп, дауысты дыбыс болып жүрген **я, ю** таңбаларының тек дыбыс құрамын ғана ашып кетеміз. Дауысты **я** деп жүргеніміз **йа, йә** тіркестерінің таңбасы болса, дауысты **ю** деп

жүргеніміз **йуу, йуу** тіркестерінің таңбасы болып табылады. Мысалы, жая [жайа], сая [сайа], элия [әліяә], дүрия [дүрүйә], аю [айуу], ою [ойуу], үю [үйуу], тую [түйуу]. Бұлардың да ақиқат дыбыс құрамына жоғарыдағы әдістермен көз жеткізуге болады.

Жаңа латын әліпби мен оның емле-ережелері қазақ сөзінің айтылым әуезіне, буын құрамына, морфем жігіне, тасымал ретіне нұқсан келтірмейтіндей болу керек. Мұндай келелі шара мектеп «Әліппесі» мен оқулықтарынан бастау алмаса, «әліпби мен емле-ереже сырқаты» бүгінгіден де асқынып кетері сөзсіз.

III. Әліпби әңгімесі

Бүгінгі күні латын әліпбиі жайлы әңгіменің бір толастамай тұрғаны кездейсоқ емес. Өйткені біреу ұнатып айтса да, біреу ұнатпай айтса да, латын жазуының (графикасының) жайы өзін толғандырып отырғандықтан айтады. Сондықтан ешкімге «мұның қалай» деуден аулақпын.

Қазақ жазуына (баса айтуға тура келеді, бір әліпби ауыстыру ғана емес) қажет реформа жайлы өз басым аз жазып, аз айтып жүрген жоқпын.

Дегенмен, осы мәселенің басы-қасында жүрген маман болғандықтан, жазу реформасына тағы да бір оралуға тура келіп отыр.

Бірінші айтатыным, ерте ме, кеш пе латын жазуына әйтеуір көшетініміз күмәнсыз. Өйткені ол – заман талабы, әлеми ақпараттық кеңістікке көштен қалмай енеміз десек, сондай-ақ күнделікті қолғанат қондырғыларды (оргтехниканы) еркін пайдаланамыз десек, оның басқа жолы жоқ. Бүгін біз көшпегенмен, ертең бізден кейінгі ұрпақ қалай да қалай көшеді, бірақ ол кешеуіл тірлік болады.

Мен саясаткер емеспін, сондықтан мәселенің саяси астарына соқпаймын, ол жағы, мен айтпай-ақ, әрбір ұлтжанды қазақтың ойында жүргені анық. Бұл жерде Ресейдің төл жазуынан айырылмай отырғанын алға тартпай-ақ қояйық, оның да бізге белгілі өз сыры бар...

Екінші айтатыным, қадірлі ағайын, қазақ жазуының тағдырын шын сөз еткіміз келсе, ең алдымен, қазақ тілінің өзіне ғана тән төл дыбыс құрамының басын ашып алайықшы... Өйткені көбіміз (тіптен - бәріміз) дәл осы мәселеге келгенде шорқақпыз. Оған себеп жылдар бойғы «орыстандыру» саясаты болды. Аға ұрпақтың есінде болар, кезінде «бәріміз түгел орыс тіліне көшсек, коммунизмге тез жетеміз» деп, Кеңес басшыларының бірі тастаған ұранымыз да болған. Ең жанға бататыны, орыс тілінің «игі ықпалы» деген сылтаумен, өткен ғасырдың 50-ші жылдары төл сөздеріміздің жазылу емлесіне қосылған и, у тәрізді таңбалар (дыбыс емес) болды. Оқулық пен оқу-құралы біткен осы күнге дейін түгел сол жапсырмадан арыла алмай келеді.

Мектептен (тіптен – балабақшадан) бастап «қазақ тілінде 42 дыбыс (???) бар» деген тоқпақпен өскен ұрпақтан не сұрайсыз. Өзгені былай қойғанда, қазақ тілінің мұғалім-оқытушыларының өзі осыған ұйып қалған. Сондықтан да мен бүгінгі қазақ әліпбиін «қазақ-орыс», тіптен, керісінше, «орыс-қазақ» әліпбиі деп атауға мәжбүрмін. Өйткені бүгінгі әліпби мен емле-ереже - түгелімен жүйесі (туыстығы) бөлек орыс тілінен келген көшірінді. Дәлел

керек пе? Онда кез-келген оқулықтың бетін ашыңыз немесе кез-келген қазақ тілі кабинетінің босағасын аттаңыз, «қазақ тілінің өзіне тән дыбыстары» деп 7-8 таңбаны ең көрнекі тұсқа бадырайтып бөліп қояды. Сонда осы бір санаулы дыбыстан басқа қазақ тілінің өзіне тән дыбыстары болмағаны ғой... Басқаша қалай ұғуға болады?

Осыған орай еске түседі. Осыдан бірер жыл бұрын белгілі бір ақынымыз (аты-жөнін атамай-ақ қояйын) орталық орыс гәзетінде бір бетті толық алып, **ауыл** деген бір сөздің төңрегінде қазақ тілтанымы мен оның мамандарын қазақ тілінің өзімен қоса, өзінің дағдылы әдетінше, сыбап өтіп, орыс аудиториясының алдына жығып сап беріпті. Сондағы уәжі үш дауысты дыбысты қатар жазған деген «не сұмдыққа» саяды. Ұмытпасам, қырғыздың **айыл**, өзбектің **агыл** сөздерінің жазылымын мақтап өтеді. Қазақ сөзінің төл дыбыс құрылымын білмеу мен маңдайға жазған орыстақы емле-ережеден бейхабарлықтың салдары ғой. Болмаса, қырғыздың **аЙыл** сөзі *й* дауыссызымен, өзбектің **аҒыл** сөзі *ғ* дауыссызымен, қазақтың **аУыл** (дұрысы – **ауұл**) сөзі *у/w* дауыссызымен (оның жасалым анықтамасы төменде беріледі) бір текті ғой. Әттең, орыстың *у дауысты таңбасы* бәрімізді естен тандырып, дауыссызымызды дауысты етіп елестетіп тұр ғой. Біз бастан кешіп отырған орыстақы орфографияның «көз елес» азабы бір бұл емес. Кірме таңбаны (әріпті) қазақтың дыбысы деп өзеурегендерді, олардың ішінде фонетист-мамандар да бар, әлі көп кездестіретін боламыз. Өз ағайындарымыздың өзінен **қазақтың бар дыбысын жоқ деп, жоқ дыбысын бар** дейтін уәжді де әлі көп еститін боламыз. Құлаққа сіңген орыс тілінің дыбыстарынан, көз үйренген орыс тілінің әріптерінен арылтып алу оңай болмайды.

«Батпандап кірген ауру мысқалдап шығады» деп, өзімізді алдаусыратып, жұбатып қоямыз. Сөйтіп шыдам танытып, шыдас беріп келеміз.

Бүгінгі қазақ жазуына, тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек деп жүргенім сондықтан. Реформа бір ғана әліпби ауыстырумен тынбайды. Реформа үш мәселені – дыбыс, әліпби және еміле-ереже – бірдей қамтиды: дыбыс – өзге тілдерден бөлектеп тұратын тілдің тұрпат-тұрқы; әліпби сол дыбыстың қауызы, басқаша айтқанда, қорғаны мен оққағары; еміле-ереже – дыбыстардың басын біріктіріп, сөз құрап тұратын дәнекері. Осы үш мәселе бір-бірімен байланысты және қатар шешілмей төл жазу қалыптаспайды. Ал әліпби ауыстыру қазақ жазуына реформа жасаудың алғышарты және ең төте жолы болып табылады. Егер латын таңбаларын баптап қабылдай алсақ, онда көптеген тілбұзар әріптер мен еміле-ережелер өзінен-өзі түсіп қалады.

Қазақтың төл дыбыстарын түгендеп, соған лайықтап таңба санын ықшамдау А.Байтұрсынұлынан басталған болатын. Сол кезде таңба санын қорғаштап Ахаңның «жағасынан алғандар» болған. Оларға Ахаң «таңбаларды қысқартып, артығын борышыма берейін деп отырған жоқпын» деген екен. Менің де 42 таңбаны байлығымыз деп масаттанып отырған

ағайындарымызға айтарым: артық таңбаларды еншілеп кетейін деп отырған ойым жоқ.

Сонымен, қазақ тілінің төл дыбыстары: **а, ә, б, ғ(-г), д, е, ж, з, й, қ(-к), л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у(w), ұ, ү, ш, ы, і**. Бас-аяғы 26(-28) дыбыс. Осы дыбыстардың сыртында қазақ тілінің дыбыстарын іздеп әуре болмау керек, өзге дыбыс жоқ. Осы жердегі бәрімізді шатастырып жүрген у таңбасының дыбыс мәні, тілімізде өте жиі кездесетін, «ерін-еріндік, жуысыңқы, үнді [w] дауыссыз дыбысы» болып табылады:

ау [aw], ая [awa], әу [äw], әуе [äwe], су [suw], суы [suwu],

у [uw], уық [uwuq], уіл [üwül], күлу [külüw], аю [ayuw], үю [üyüw]

т.с.с.

Мұндай дауыссыз дыбыс орыс тілінде жоқ, ал ағылшын тілінде бар, көріп отырсыздар, қазақ тілінде де бар.

Мен латын графикасын тек осы төл дыбыстар үшін ғана құрастырған едім. Ондағы ойым, алдымен қазақ сөзінің үндесім әуезіне лайық әліпби үлгісін дайындап алу болатын. Ондай әліпби, егер қазақ тілінің қамын шын ойласақ, бөгде тілдің дыбыс-таңбасынан арылған таза, қоспасыз болу керек. Ал өзге орыс тілінен енген кірме дыбыстар мен таңбалар жайын, басқа амалдың жоқтығынан, өз алдына шешу керек деп, екінші кезектегі мәселе ретінде ескертіп отыратынмын. Және оның үлгісін алыстан іздемей-ақ, орыстардың өздері көрсетіп отырғанын да еске салып қоятынмын.

Сонда бүгінгі қазақ әліпбиі дербес-дербес екі бөліктен тұрады. Төл әліпби өз таңба құрамы және еміле-ережесімен, ал кірме сөздердің жазылуы өз таңба құрамы және еміле-ережесімен тізбектеледі. Өйткені олардың үйлесім тауып, бір шаңырақтың астында басы бірігуі ғылыми тұрғыдан да, қолданба (практикалық) тұрғыдан да мүмкін емес. Кестеде тек ұлттық әліпби тізімі тұрады, кестенің сыртында кірме дыбыстардың жазылым еміле-ережесі мен үлгісі беріледі. Бұл – амал жоқтан болып жатқан іс.

Қазақтың төл сөздерінің жазылымына қатысты орнықты әліпби мен еміле-ережеміз өткен ғасырдың ортасына дейін болды. Сол кезде қазақ сөзінің *айтылым әуезі, морфем құрамы, буын үлгісі* мен *тасымал ретіне* еш нұқсан келіп көрген емес болатын. Былық сол ғасырдың елуінші жылдарының ортасында қазақтың төл сөздерінің құрамында **и, у, я, ю, щ** таңбаларын жазу керек деген «зорлықтан» басталды. Жасыратыны жоқ, кірме таңбалардың орынсыз екенін айтып шырылдаған жанашыр топты алпауыт орыс тілінің «игі ықпалын» қолдаған саясатшыл топ жеңіп шықты. Қазақ сөзінің *үндесім айтылымы бейәуезденіп, морфем құрамы сетінеп, буын құрылымы жарықшақтанып, тасымал реті бұзылып* сала берді.

Қазақ жазуындағы кірме таңбаларға қатысты жаңсақтықтардың бәрін термелеп жатудың бұл жерде реті жоқ. Сондықтан оқулықтарда дауыстылардың қатарында жүрген **и, у** таңбаларына ғана тоқталамыз (**я, ю, щ, х, һ** таңбаларының жайы осыған ұқсас).

Сонымен, жазылуына қарай талданым.

Морфем талданым:

-**оқы** етістігінің көсемше түрі **оқи** болса, сонда көсемшенің көрсеткіші дауысты **и** дыбысы болғаны ма? Онда көсемшенің бір «көрсеткіші **дауыссыз й**» деген ереже қайда қалады?

-**оқы** етістігінің тұйық рай түрі **оқу** болса, сонда тұйық райдың көрсеткіші дауысты **у** дыбысы болғаны ма? Онда тұйық райдың «көрсеткіші **дауыссыз у**» деген ереже қайда қалады?

Ең сорақысы, осы жердегі «дауысты **ы** дауысты **у**-мен алмасады» деп түсіндіретін ереженің барын қайтерсің! Ал **оқы** етістігі дауысты **ұ**-ға (жарайды, тіптен көз елес **ы** дауыстысы бола қойсын) аяқталып тұрғаны, оған келіп дауыссыз **у** тіркесіп, тұйық рай **оқуу** жасалатыны қаперімізге кірмей-ақ қойды.

Қазақтың **ұу** дыбыс тіркесінің естілімі орыстың **у** дауыстысының, қазақтың **ый(-ій)** дыбыс тіркесінің естілімі орыстың **ы(-и)** дауыстысының естілімімен жалған ұқсас екеніне сеніп қалғанбыз.

Буын талданым:

-**миы** сөзінің буын құрамы **ми-ы** болып, алғашқы буын дауысты **и** дыбысына аяқталып, келесі буын дауысты **ы** дыбысынан басталып тұр ма? Онда қазақ сөзінің ішінде «**буын дауысты дыбыстан басталмайды**» деген ережені қайда қоямыз? Оның үстіне сөз соңында «дауысты буын тұрған деген не?» деп, аң-таң боламыз.

-**суы** сөзінің буын құрамы **су-ы** болып, алғашқы буын дауысты **у** дыбысына аяқталып, келесі буын дауысты **ы** дыбысынан басталып тұр ма? Ендеше қазақ сөзінің ішінде «**буын дауысты дыбыстан басталмайды**» деген ережені тағы еске сала кетеміз. Оның үстіне «сөз соңында дауысты буын неге тұр?» деп, тағы аң-таң боламыз.

Тасымал талданым:

-**жиын** сөзі **жи-ын** болып тасымалданып, тасымал жігі екі дауыстының арасынан өтіп тұрады ма? Онда «**қазақ сөзінің ішінде екі дауысты қатар тұрмайды**» деген ережені қайда қоямыз? Оның үстіне «сөз соңында тұйық буын тұрған деген не?» деп, әрі-сәрі боламыз.

-**суық** сөзі **су-ық** болып тасымалданып, тасымал жігі екі дауыстының арасынан өтіп тұрады ма? Ендеше «**қазақ сөзінің ішінде екі дауысты қатар тұрмайды**» деген ережені тағы қайталаймыз. Оның үстіне «сөз соңында тұйық буын неге тұр?» деп, әрі-сәрінің үстіне дел-сал боламыз.

Көріп отырғанымыздай, аттаған сайын сұрақ белгісі алдымыздан шығып отыр. Бұл – бүгінгі қазақ жазуының күмәнды тұстары көп деген сөз.

Енді дәлелдемеге көшейін.

Қазақ сөзінің құрамындағы кірме **и, у, я, ю, щ, һ, х** таңбаларының дыбыс мәні жайлы фонетика-фонологиялық тұрғыдан бұған дейін көп жазылған, сондықтан оған тоқталып жатпаймын. Тек қана, дыбыс құрамын көрсетіп өтейін.

и - [ый, ій], у - [ұу, үу],

я - [йа, йә]

ю - [йүу, йүү],

щ - [шш], һ - [к], х - [к]

Кірме әріптердің дыбыс құрамына қарағанда олар екі-үш дербес дыбыстардың тіркесімін (кейде дербес дыбыстың өзін) белгілейтін *таңбалар* екенін көреміз. Осы кірме әріптердің дыбыс мәнінің дәлелдемесін, бәріне тоқталып жатпай, **и** мен **у** таңбаларына ғана қатысты жеке-жеке талдап берейін.

Морфем дәлел. Тіркесімнің екінші сыңарының морфологиялық қызметін өзге морфем бірліктерімен салыстырып барып аңғаруға болады:

оқы - л [оqu - l]

оқы - п [оqu - p]

оқы - с [оqu - s]

оқы – й [оqu - y] оқы - у [оqu - w]

Осында **оқыл** дегендегі дауыссыз л[l] - ырықсыз етіс көрсеткіші, **оқып** дегендегі дауыссыз п[p] – көсемше көрсеткіші, **оқыс** дегендегі дауыссыз с[s] - ортақ етіс көрсеткіші ретіндегі морфологиялық қызмет **оқи** [оquy] дегендегі дауыссыз й[y] - көсемше көрсеткішіне, **оқу** [оquw] дегендегі дауыссыз у[w] - тұйық рай көрсеткішіне де тән екенін көреміз. *Тілдік (морфологиялық) қызмет* осындағы [l], [p], [s], [y], [w] дауыссыздарына бірыңғай тән. Ендеше **и**, **у** таңбаларын дауысты деп шатаспауымыз керек.

Буын дәлел. Тіркесімнің екінші сыңары, қазақ тілінің өзге дауыссыз дыбыстары тәрізді, буынның құрамды бөлігі болып табылады:

қыр - қы+p [qɪ-r] тіс - ті+c [ti-s] ұл - ұ+l [u-l]

қи - қы+й [qɪ-y] ти - ті+й [ti-y] у - ұ+y [u-w]

Осындағы [r], [s], [l], [y], [w] дауыссыздары буынның соңғы сыңары ретінде бірдей жұмсалып отыр.

Тасымал дәлел. Тіркесімнің екінші сыңары қазақ тілінің өзге дауыссыз дыбыстары тәрізді тасымал жігін көрсетеді:

тыным - ты-ным шіре - ші-ре

тиым - ты-йым шие - ші-йе

құсы - құ-сы елігі - е-лі-гі

қуы - құ-уы елуі - е-лі-уі

Осындағы [n], [r], [y], [s], [g], [w] дыбыстары *дауыссыз* болғандықтан сөз ішіндегі буынның бас шебінде тұр. Сөйтіп сөз соңындағы бейтәртіп дауысты буын мен тұйық буыннан құтыламыз. Олай болса, дауысты **и**, **у**, **я** (**ю**) деп жүргеніміз екі (үш) дыбыстың тіркесімін белгілейтін таңба (!) екен.

Жазу реформасының реті бірнеше сатыдан тұру керек. Соның ең бастысы, алдымен, кешіріңіздер, «сауат ашып» алу. Арамызда «Астапыралла, неғылған сауат ашу, мектеп түгілі қалтамда қос институттың дипломы бар» деп қалатындар табылып қалатыны сөзсіз. Дегенмен, сабыр-сабыр. Сөз жоқ, **ми** [mi] емес, **мый** [miy] екенін, **су** [su] емес, **сұу** [suw] екенін, **ащы** емес **ашшы** т.с.с. екенін көбіміз біле бермейміз (ұмытып қалдық немесе ұмыттырып жіберді). Бұлар – ең қарапайым мысалдар. Мұндай мысалдардың

тілімізде ұшы-қиыры жоқ. «Сауатсыз» болып қалғанымызға да біз кінәлі емеспіз, бізді солай сауатсыз етті. Немесе қазақтың еркін кең тыныспен айтылатын сәнді **ашшы, түшшы, кешше** сөздеріндегі қос дыбыстың орнына төркіні бөлек тұншығыңқы **ш** дыбысын қойып айта алатын қазақ табылар ма екен. Бар болғаны үш сөздің ерсі жазылымына бола басы артық еміле-ереже алып, бас қатырып отырғанымызды қозғамай-ақ қойдық.

Ендеше, алдымен сабыр сақтап, сауат ашып алуымыз керек. Сонан соң барып жазу реформасын, оның ішінде әліпби ауыстыру да бар, бастау керек. Сонымен ұлттық әліпби жоба (3.1 кесте):

3.1 кесте. Қазақ латын әліпбиінің «Ұлттық жобасы»

№	кирил	латын	аталуы	№	кирил	латын	аталуы
1	А а	A a	а	14	Ң ң	Ñ ñ	ың
2	Ә ә	Ä ä	ә	15	О о	O o	о
3	Б б	B b	бы	16	Ө ө	Ö ö	ө
4	Ғ ғ(-Г г)	Ğ ğ(-G g)	ғы(-гі)	17	П п	P p	пы
5	Д д	D d	ды	18	Р р	R r	ыр
6	Е е	E e	е	19	С с	S s	сы
7	Ж ж	J j	жы	20	Т т	T t	ты
8	З з	Z z	зы	21	У у	W w	ұу
9	Й й	Y y	ый	22	Ұ ұ	U u	ұ
10	Қ қ(-К к)	Q q(-K k)	қы(-кі)	23	Ү ү	Ü ü	ү
11	Л л	L l	ыл	24	Ш ш	Š š	шы
12	М м	M m	мы	25	Ы ы	I i	ы
13	Н н	N n	ны	26	І і	İ i	і

Осы саланың білікті мамандарының бірі Серік Ерғали ініміз www.abai.kz сайтында менің әліпби жобамды жариялап жіберген екен. Інімізге, рахметтен басқа айтарым жоқ. Жоба едәуір пікір таласын тудырыпты: қолдап жатқандар бар (көп рахмет!), қорлап, намысқа тиіп жатқандар тағы жоқ емес (интернетте бейтәртіп еркіншілік қой, ешкімнің аузына қақпақ, қолына байлау бола алмайсың). Көпшілік болған соң әрнәрсені күтуге болады. Дегенмен, қолдаушылар жағының басым екендігі - көңілге демеу.

Ұсынылған әліпби «Ұлттық жоба» деп аталады, өйткені ол ұлт жазуына арналған. Сайтта берілген жоба көшірмесінде бірер жаңсақтық кетіп қалыпты: **і** таңбасы қос нүктелі **ї** болып кетіпті, ал **ұ** және **ү** дыбыстарына **ü** деп бір-ақ таңба беріліп кетіпті. Соның салдарынан оқырмандар арасында «бұл қалай» деген түсінбестік туып қалған.

Әліпби «Жоба» деп аталады, ендеше ол біткен жұмыс болып саналмайды. «Жоба» деген түзетілуі мүмкін, жетілдірілуі мүмкін, тіптен, қабылданбай да қалады. Сондықтан «Жобаға» тек ұсыныс деп қана қарау керек.

«Жоба» қазақ сөзінің үндесім әуезін, морфем құрамын, буын тұрқын, тасымал жігін бұзып жазуға еш мүмкіндік бермейді. «Жоба» мазмұнынан ешқандай тіл бұзар жаңсақ еміле-ереже туындамайды.

Жақында Астанадағы Түркі академиясы мен Тіл комитетінің қатысуымен Түркі мемлекеттері кеңесі қабылдаған «Түркі әліпбиінің» жобасы қолға тиді.

Енді Түркі кеңесі қабылдаған ортақ әліпби үлгісіне байланысты **Ä ä** таңбасын **Ә ә** деп, **Ñ ñ** таңбасын **Ӣ ӣ** деп, **Ş ş** таңбасын **Ş ş** деп алуға тура келді. Қанша дегенмен түркі бірлігіне, алшақтай бермей, мойын ұсынумыз керек қой. Бұл жерде бір нәрсені ескеру керек болады. Егер **ӣ** таңбасын алатын болсақ, онда оның бас әріп таңбасы **Ӣ** болу керек еді. Оның орнына алынған **Ӣ** таңбасының жайы түсініксіздеу болып отыр. Қазақ тілінде сөз басында **Ӣ** таңбасы кездеспейтін болғандықтан, бұл мәселеге көп көңіл бөлмей отырмын (3.2 кесте).

3.2 кесте. Түркі әліпбиінің негізінде құрылған қазақ латын әліпбиінің «Ұлттық жобасы»

№	кирилше	латынша	аталуы	№	кирилше	латынша	аталуы
1	А а	A a	а	14	Ӣ ӣ	Ñ ñ//Ñ ñ	ың
2	Ә ә	Ә ә//Ä ä	ә	15	О о	O o	о
3	Б б	B b	бы	16	Ө ө	Ö ö	ө
4	Ғ ғ(-Г г)	Ğ ğ(-G g)	ғы(-гі)	17	П п	P p	пы
5	Д д	D d	ды	18	Р р	R r	ыр
6	Е е	E e	е	19	С с	S s	сы
7	Ж ж	J j	жы	20	Т т	T t	ты
8	З з	Z z	зы	21	У у	W w	ұу
9	Й й	Y y	ый	22	Ұ ұ	U u	ұ
10	Қ қ(-К к)	Q q(-K k)	қы(-кі)	23	Ү ү	Ü ü	ү
11	Л л	L l	ыл	24	Ш ш	Ş ş//Š š	шы
12	М м	M m	мы	25	Ы ы	I i	ы
13	Н н	N n	ны	26	І і	İ i	і

«Жобаға» ақыл қосатын тұстары да жоқ емес. Мүмкін қос нүкте мен канатшаның орнына бір ғана көлденең сызықша жүргізе салған әдістемелік тұрғыдан (қол жаттығу) ұтымды болар ма еді. Еміле-ереже құрастыру үстінде де ақылдасып шешетін жайттар бар.

Әлеми жазудың тәжірибесіне қарасақ, ешбір мемлекет, ешбір халық кірме дыбыс үшін арнайы таңба ойлап таппайды немесе сол кірме дыбыстың төркін таңбасын алмайды. Таңбаны сол өзінің төл әліпбиінің ішінен құрастырады. Кірме дыбысқа сол дыбыстың төркін таңбасын қоса алу деген бұрынғы Кеңес түркі республикаларында (оның қақ төрінде өзіміз бармыз) ғана болды. Мысалы, орыс тілінен **ц, ч** т.б. дыбыстарын қабылдап, **ц, ч** т.б. таңбаларын қоса алып отырдық.

Қазіргі еуропалық елдер де орыс сөздерін жазып-сызуға мәжбүр болып отыр, бірақ олар **ц** дыбысын **tc** деп, **ч** дыбысын **ch** деп латын әліпби үлгісімен жазу амалын тауып отыр. Бұл амал теория-практикалық тұрғыдан әбден сыннан өткен. Орыстардың өзі жатсынбай қабылдап отыр.

Кірме дыбыстардың жазылымы өз алдына шешілу керек дей беретінім сондықтан. Орыс айтылымындағы халықаралақ сөздердің жазылымын алға тартып, айбат шегіп отырған ағайындарымыздың тынышталуына болады.

Жазу реформасын *тәуекел* деп бастау ғана қалды. Өйткені реформаның оңайы болмайды: саяси реформа, әкімшілік реформа, қаражат реформасы т.б. Алайда, бұл реформалар жоғары билікте орындалады да төменгі көпшілік оның дайын нәтижесін ғана алады. Сөйтіп бұқара көпшілік реформа ауырлығын сезбейді. Ал жазу реформасының қиыншылығын сауат ашуды бастаған баладан бастап, демалыстағы зейнеткерге дейін әрқайсысы өз жеке басынан өткереді. Жазу реформасының өзге реформалардан ерекшелігі де, міне, осында. Сондықтан да жазу реформасына *тәуекел* деп кірісудің алдында сабырлы сақтық керек болады.

Латын графикасына көшудің мерзімі жайлы да ортақ пікір жоқ, біреулер ұшқырлық танытып жатса, енді біреулер шабан басып, он-он бес жыл деп жобалайды. Жазу реформасының (тек әліпби ауыстыру емес) мерзімі алдын-ала дайындыққа байланысты болады: мақсаты мен мазмұны айқын болу керек. Мақсаты – қазақ әліпбиін ұлттық үлгіге түсіру, мазмұны – қазақ сөзінің айтылым-жазылым үйлесімін орнықтыру. Ол үшін (дайындық реті):

– бірінші, «сауат ашып алу» керек, көпшілік үшін қазақ мәтінінің «әліпби дыбыс жазбасын (транскрипциясын)» дайындау. Қазақ сөзі **ми емес мый**, **су емес сұу**, **у емес ұу**, **и емес ій**, **ки емес кій**, **ит емес ійт**, **ою емес ойұу**, **сүю емес сүйуу**, **ащы емес ашшы**, **хат-хабар емес қат-қабар**, **жиһаз емес жиқаз**, **құлын емес құлұн**, **жүрек емес жүрөк** екеніне көз жеткізіп, көңілге қондыру қиынның-қиыны болады (**х**, **h** таңбаларын жасанды дыбыстап жатамыз, бірақ ол тіл заңдылығына жатпайды);

– екінші, «әліпби дыбыс жазбасына» лайық морфем, буын, тасымал емле-ережелерін қайта дайындау (өзгерістер енгізу);

– үшінші, қазақ тілінің төл дыбыстарына (кірме дыбыстар да қалып қоймасын) берілген балама латын таңбаларына көз үйретіп, қол жаттықтыру;

– төртінші, содан кейін барып, латын графикасы негізіндегі қазақ жазуына ырғалып-жырғалмай, жүрексініп-тартынбай, уақыт оздырмай жаппай көшу.

Жазу реформасын игеру үшін көпшілік бұқараға бір жылдың ар жақ бер жағы жетіп жатыр. Ал мектеп және өзге оқу орындары үшін жазба құралдарының дайындығына кететін уақытты есепке алуға тура келеді. Дегенмен, бұрынғыдай қорғасын сапырып, тарсыл-гүрсіл боп жатқан баспаханалар жоқ, компьютердің кілтімен кирилшеден латыншаға қас қағымда аударып алуға болады ғой. Ағылшын тілін жаппай оқып жатқан балаларға қазақ латыншасына жаттығу қиындық туғызбайды. Ендеше жылдан жылға созып, бес-он жылдап созбидаға салудың еш реті жоқ. Егер

оқулықтар мен оқу-құралдарының латыншаға көшірілуі қол байлау болмаса, қазақ латыншасының көз жаттамы мен қол дағдысын қатар игеріп алу, арысы екі-үш жылдың шамасы, берісін тым жақындатпай-ақ қояын, уақыт көрсетер.

Ең маңызды мәселелердің тағы бірі... Әліпби ауыстыру әңгімесі көтерілгелі бері жүзге тарта жобадан хабардармын. Әліпбиін заңдастырып, куәлік қағазын (патентін) жалаулатып, әліпбиіне өз атын беріп жүргендерді де көрдім. Қазақ тілінде қанша дыбыс бар екенін білмей-ақ жоба ұсынып жатқандар бар, таңба мен дыбысты шатастырып алып жоба ұсынып жатқандар тағы бар, 42 кирилді 26 түймешеге қалай сидырам деп әлек болып жатқандар да жоқ емес. Әлеми жазу дәстүрі мен ұстанымынан бейхабарлық көпшілігіне тән. Соның нәтижесінде таңба құрамында бір ізділік пен жүйе жоқ, сөздің оқылым-жазылымында әдістемелік қайшылық көп.

Соған қарамай, әркімнің өз әліпбиі - озық, өз уәжі - басым, пендәуи тірлікке төрелік жүрмейді. Ендеше, менің де өз уәжім жоқ емес: қазақта «шымшық (бөдене, тауық деп те айтады) сойса да қасапшы сойсын» деген сөз бар. Олай болса, қорытынды сөзді тілтаным мамандары, оның ішінде фонетистер, айту керек деп ойлаймын.

«Мұның бәрін не үшін айтып отырсың» дерсіз... Ертең әліпби бәйгесі басталды дейік. Қазақы дәстүрде бәйгеге ат қоспа дейтін тиым жоқ. Әркімнің өз әліпбиі әдемі, сондықтан әліпби науқанына жоба авторларының түгел қатысатынына күман жоқ. Солай болғаны да дұрыс шығар. Бірақ *жазу реформасы* тек *әліпби бәсекесіне* айналып кетпеу керек.

Бәйгенің аты бәйге... Ат қосар межесі, шауып өтер жолы, барып жетер қарауылы анық-айқын болмаса, ауыл балаларының апыр-топыр шаң қапқан жаяу жарысына айналып кетуі мүмкін. Сондықтан байыпты ұсыныстарды қолдайтын, аптықпа асығыстыққа сабыр айтатын, алып-қашпа тентектікке тиым салатын, турасын айтқанда, шылбыр мен тізгінді қоса ұстаған *билік* керек. Нақты айтқанда, латын әліпбиінің болашағына сеніп, тұнып-тұтасып тұрған араб қоғамына жалтақтамай, жаңа жазуға жүрдек өтіп алған Ататүріктің «қара тақтасының» тәжірибесі керек... Қазір, әрине, қара тақта деген жоқ, бірақ оның орнына «интерактив (қоликемді) тақта» келді ғой.

Жарайды, қазіргі ұрпақ латын таңбасына көшерміз-көшпеспіз, бұйырғаны болар. Жоғарыда айттық, біз өтпегенмен келесі ұрпақ өтеді. Ал, бірақ сол келесі ұрпақтың еншісіне қазақ тілінің төл дыбыс құрамын айқын түгендеп, әліпби үлгісін соған лайық ықшамдап, емле-ережесін реттеп беріп, «өзіндікі мынау, өзгенікі анау» деп жөн-жобасын сілтеп кету тілтаным мамандарының борышы болу керек қой. Жаңа ұрпақ бүгінгі біз сықылды «дүбара» жазудың шытырман торында адасып-шатасып жүрмес еді, сонда бұл да бір біткен іс болмай ма? Сол үшін кінәлі бола қоймаспыз.

Күдік те жоқ емес: бүгінгі жазу тәрбиесімен өскен бір ұрпақ ауысса, үндесім әуезді қазақ тілінің жайы не болмақ екен.

Сөз соңында, біреулер қазақ тілі «дамып, кірме таңба/дыбыстармен байып жатыр» деп қоқан-лоққы көрсетеді, біреулер жазудағы «таңба үнемін» алға тартып, тапқырлық көрсетеді, біреулер қаражат шығынымен қорқытады, біреулер орыс үлгідегі атау/терминдер байлығын қимайды, іздей

берсе бітпес іске себеп көп. Алайда, қазақ сөзінің үндесім әуезін, морфем құрамын, буын тұрқы мен тасымал жігін бұзатын *әріп байлығының, таңба үнемінің, қаражат сараңдығының, орыс тілінің айтылым үлгісіндегі сыңар жақ атау/терминдерді қимаушылықтың* не қажеті бар?

Бұл сұраққа менің жауабым, әңгіме түрінде болса да, айтылды. Ал көпшілік оқырман не дерін өзі білсін.

Төменде латын жобасына өрнек ретінде «Абай жолынан» шағын үзінді беріп отырмыз.

Мысал мәтіндер үлгілері:

АБАҮ JOLI Üş күндик joldıñ бүgingi, соңғи күnine bala şәkirt барın салdı. Qorıqtan күн шıға atqa mineyik деп аsıqqan-dı. Bunı qaladan аlıп qaytqalı барған ағayını Bayтаstı да таң atar-atpasta özi oyatıp турғизıp edi. Күн uzın attan да түspey, өзge жүргіншiлерден оq бойı алда отırған. Key-keyde özine таnıs Көкүйirim мен Buwratiygen, Тақırbулаq sıyaqtı qonısqudıqtardıñ tus-tusına kelgende bala оqşaw шıғıp, astındaғи jaraw qula bestisin ағızıp-ағızıp та аladı... -Mına balanıñ awılға asıғuwım-ay!

Төмендегі мәтінде жоғарыда айтылған **Иi, Uu** таңбаларының төл және халықаралық оқылымындағы қайшылықты емле-ереже арқылы реттеуге тура келеді.

Biz aldımızға qoyıp otırған biyik maqsattarға jetüw biyliktiñ барlıq orgандарı мен instituttarı, isker, ғılımıy және sarapşı toptar tarapıman qosımша көp jiger-qayrat jumıldıruwdı, kerek deseniz, көp rette iske jaңaşa qarawdı, мүлde tosin турғидан kelüwdi talap etedi. Eñ bastısı, keşendi jaңartuw üderisi elimizdiñ külli qalqınıñ, qoғamniñ барlıq toptarı мен insnituttarınıñ мүдdesi үшін, әри solardıñ tikeley qatısuwımen жүргiziledi. Nursultan Nazarbaev. Jaңa әлемдеgi jaңa Qazaqstan.

MENIÑ ELIM

Altın күn aspanı,

Altın dән dalası,

Erliktiñ dastanı,

Elime qaraşı!

Ejelden er degen,

Dañqımız шıqtı ғoy,

Namısın bermegen,

Qazaғım mıqtı ғoy!

Meniñ elim, meniñ elim,

Güliñ болıp egilemin,

Jırıñ болıp tögilemin, elim!

Tuwған jerim meniñ – Qazaqstanım!

Төменде латын таңбалары негізіндегі қазақ тілінің «үлттық жоба» оңаша үлгісі беріліп отыр (3.3-кесте).

3.3-кесте. Қазақ латын әліпбиінің оңаша «Үлттық жобасы»

A a	J j	N n	T t
Ә ә/Ä ä	Z z	Ŋ ŋ/Ñ ñ	W w

B b	Y y	O o	U u
Ğ ğ	Q q	Ö ö	Ü ü
G g	K k	P p	Ş ş/Š š
D d	L l	R r	I i
E e	M m	S s /strong>	İ i

Қорыта келгенде, «Жоба» қазақ сөзінің:
-үндесім әуезін,
-морфем құрамын, буын тұрқын, тасымал жігін,
-сөйлем (сөйлеу) ырғағын бұзып жазуға еш мүмкіндік бермейді.
«Жоба» мазмұнынан ешқандай тіл бұзар жаңсақ емле-ереже туындамайды.

«Ақиқат» журналы
27 желтоқсан 2017ж
akikat.kazgazeta.kz

Орынай Жұбаева
филология ғылымдарының докторы

ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ БҮГІНГІ ҚАДАМДАРЫМЫЗҒА БАЙЛАНЫСТЫ

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы ұстанымдарды іске асыруға байланысты нақты іс-шаралар

Қазіргі кезде Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы көпшілік тарапынан қолдау тауып отыр. Бағдарламалық мақала – Президентіміздің көпжылғы сарабал саясатындағы ұстанымының жалғасы деп білеміз. Елбасымыз ұйытқы болған «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында алыс-жақын шетелдегі тарихи, мәдени мұралар жинақталғаны белгілі. Сондай-ақ «Халық тарих толқынында» бағдарламасы арқылы да әлемдегі түрлі архив қорларындағы Қазақстан тарихына тікелей қатысы бар дүниелер, маңызды құжаттар, құнды мұралар біршама түгенделіп, елімізге жеткізілді. Ұлт көшбасшысы: «Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек», – деп атап көрсеткеніндей, бұл мұраларымыз – бүгінгі, ертеңгі ұрпақтың мақтанышы болары сөзсіз. Елбасымыздың игі бастамаларын жүзеге асыру мақсатында Мәскеу, Петербор, Омбы, Орынбор, Ташкент, Қазан, Уфа т.с.с. қалаларға арнайы экспедиция ұйымдастыру қажет деп білеміз. Сол арқылы қазақ тілінде жарық көрген кітаптар мен газет-журналдарды, қорғалған диссертацияларды, Қазақстаннан табылмай жатқан мұраларды түгендеу керек. Табылған аса маңызды, құнды дүниелерді кітап түрінде ғана емес, мультимедиалық тәсілдермен де шығару қажет.

Нұрсұлтан Назарбаев: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу», – дей келіп, ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту қажеттігін баса айтты. Осыған байланысты ұлттық кодтың негізі болатын А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, М.Жолдыбаев, А.Байтасов, А.Мамытұлы, Қ.Басымұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанов сынды ғалымдардың бұрын-соңды жариялана қоймаған еңбектерін, тілтанымдық мұрасын түгендеп, жинақтау қажет. Елбасымыз мақаласында «бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аудару» ісін қолға алу, Ұлттық аударма бюросын құру керектігін ескерткен болатын. Бүгінгі таңда аударма ісінде термин, дұрыс, шебер аудару мәселесі әлі де біршама ақсап тұрғаны белгілі. Осыған байланысты терминдерді біріздендіру, дұрыс аудармаға үлгі боларлық дүние ретінде ХХ ғасырдың басында жарық көрген аударма еңбектер (Ә.Бөкейханұлы – география, Қ.Сәтбаев – алгебра, Е.Омаров – геометрия, физика, М.Жұмабаев – педагогика, Ж.Аймауытов – дидактика, Ф.Ғалымжанов – физика, Б.Сәрсенов – геометрия, И.Тұрғанбаев – арифметика, Қ.Кемеңгерұлы – химия, жаратылыстану т.с.с.) шығару қажет. Мұндай еңбектер аудармашылар үшін үлгі болумен қатар сала мамандары, терминолог ғалымдар, оқулық авторлары, жалпы көпшілік үшін де таптырмас дүние болар еді.

Бұл орайда тағы бір ескерер жайт – осы уақытқа дейін қате кеткен тұстарды реттеп, жүйелеп алу қажет. Мәселен, «удостоверение личности» тіркесінің баламасы «жеке куәлік» емес. «Жеке куәлік» дегенді қазақ тіліне аударсақ, *личное удостоверение* болады. Дұрысында, жеке куәлік көп. Кез келген куәлік (жүргізуші куәлігі т.б.) иесінің өзіне ғана тиесілі, жеке құжаты. Ал «удостоверение личности» дегеніміз – Қазақстан Республикасының азаматы екенін танытатын, 16 жасқа толғаннан кейін ғана берілетін, адамның жеке басын куәландыратын құжат, паспорттың бір түрі. Паспорт екіге бөлінеді: ел ішінде қолданылатын және шет мемлекеттерге шыққанда қолданылатын құжат. Шетелге шыққанда қолданылатын құжат кез келген жаста беріле береді. Ал ел ішінде қолданылатын құжат Қазақстан Республикасының азаматы 16 жасқа толғанда ғана беріледі. Қытай қазақтары «удостоверение личности» тіркесінің баламасы ретінде «азаматтық куәлік» деп қолданып жүр. Шынтуайтына келгенде, бұл балама құжаттың сипаттамасына дәлірек келеді. Алайда «азаматтық» сөзінің орнына «азамат» деп қана алуға болады. Себебі қазақ тілінің табиғатына сәйкес зат есім басқа зат есімнің алдынан келгенде ешқандай қосымша жалғанбай-ақ анықтауыштық қызмет атқарады (*алтын сағат, ағаш қасық* т.с.с.). Оның үстіне «азамат» сөзін ер адамдарға ғана қатысты қолданып, әйел адамдарды «азаматша» деп атау да қазақ тілінің табиғатына жат. Қазақ тілінде **-ша/-ше** жұрнағы кішірейту мәнді қосымшаға жатады (*сандықша, көрпеше, қобдиша* т.с.с.). Тілімізде *ана, әйел, бәйбіше, қарындас, сіңлі* т.с.с. әйел адамдарға ғана қатысты қолданыстар болғанмен, ол жалпылық сипат ала бермейді. Сол

себепті *мәжіліс төрағасы, аға ғылыми қызметкер* т.с.с. тіркестер қалыптасқан. Осы тұрғыдан алғанда, «удостоверение личности» тіркесінің баламасы ретінде «азамат куәлігі» деп алсақ, тіліміздің табиғатына да сәйкес келер еді әрі құжатты дәл сипаттар еді. Латын әліпбиіне көшкен соң тіліміздегі қате қолданыстарды реттестіріп, жүйелеп алу қажеттігі даусыз. Елдігімізді танытатын, Қазақстан Республикасының азаматы екенімізді білдіретін құжаттағы қателіктерді жойып, терминдерімізді, жаңсақ түсініктерді реттестірудің орайы келді деп білеміз.

Калька аударма, қазақ тілінің тіркесім заңдылықтарын түсінбеу салдарынан тілімізде жат қолданыстар көбейіп кетті. Оларға құлаққа сіңіп кеткені соншалық, кейде қате екеніне де мән бермей жатамыз. Филология ғылымдарының докторы, профессор М.Ғабдуллин *С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты* атауларына байланысты: «Киров атында да, Ленин атында да қазақ жоқ, болмайды да. Сондықтан бұл оқу орындары *Қазақтың С.М.Киров атындағы, Қазақтың В.И.Ленин атындағы...* болып дұрыс аталуы тиіс», – деген еді. Расында да, жоғары оқу орындарының атауларында қазақ тілінің заңдылықтарына жат, қате оралымдар көп. Оларды сәйкестендіріп, біріздендіретін уақыт келді деп есептейміз. Әсіресе *Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті* атауындағы мемлекеттік қыздар тіркесі құлаққа түрпідей тиеді, еріксіз «*мемлекеттік қыз, мемлекеттік емес қыз* деген кімдер?» деген сұрақ ойға келеді.

Тіл тазалығына ерекше мән берген профессор Х.Нұрмұқанов 8 наурызға қатысты: «Әйелдердің халықаралық «сорты» жоқ. Сондықтан 8 наурызды «Әйелдердің халықаралық күні» деп дұрыс сипаттағанмыз жөн», – деген еді. Бүгінгі таңда 8 наурызды жас та, кәрі де тойлайтындықтан, «Арулар күні» деп атаған жөн болар еді деп ойлаймыз. Себебі балабақшадағы кішкентай бүлдіршіндерге топтағы балалардың «халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз!» дегенінен гөрі «Арулар күнімен құттықтаймыз!» дегені әлдеқайда жағымды, әсерлі болар еді. Бүлдіршін қыз бой жетіп, ару болуды қалайды. Жасы егде тартқан әйел де өзін ару сезінсе, ренжи қоймас еді.

Бұл жерде орыс тіліндегі нұсқасы – «Международный женский день» – дұрыс қолданыс әрі тілдерінің табиғатына, дүниетанымына сай келеді. Себебі орыс тілінде зат есім атаулы мужской, женский, средний род болып үш топқа жіктеледі. Сол себепті *женский* сөзі олар үшін жалпылық сипат алған. Ал қазақ дүниетанымында жас ерекшелігіне қарай түрліше атау берілген: *бөбек, нәресте, сәби, бүлдіршін, балдырған, қыз бала, бойжеткен, ару, бикеш, қалыңдық; келін, келіншек, бибі, жұбай, зайып, жар, қосақ, шеше, ана, апа, әже, кейуана, кемпір т.с.с. Ендеше, Ғабит Мүсіреповтің «Тілін білмеген, түбін білмейді. Ондай адам күлдіремін деп күйдіреді, сүйсіндіремін деп сүріндіреді, білдіремін деп бүлдіреді, қуантамын деп қуартады, келтіремін деп кетіреді, жұбатамын деп жылатады»* деген сөзін әрдайым жадымызда ұстап, сөзқолданысымызға мән беруіміз қажет.

Жазу тарихы тілдің тарихымен, ұлттың тағдырымен тығыз байланысты. Елбасымыздың бұл мәселеге асқан жауапкершілікпен қарап, елдің талқысына, ғалымдардың кеңесіне салуының өзіндік мәні бар. 1920-2020 жыл аралығында қазаққа тән дүниелер араб, латын, орыс графикасында жарық көрді. Осыған байланысты мектеп бағдарламаларына «Жазу тарихы» атты пән енгізілгені дұрыс болар еді. Сонда жазу алмасса да, қазақ тілінде жазылған мұраларымызды емін-еркін оқи берер едік деп ойлаймын. 2007 жылы Ташкентке іссапармен барып, кітапханаларында отырғанымызда студенттер физикаға қатысты еңбектерді сұрап келді. Кітапханашы латын графикасымен жазылған кітаптар қолда екенін ескертіп, орыс жазуымен жазылған өзбек тіліндегі кітаптар бар екенін айтты. Сонда студенттер: «Біз орысша түсінбейміз, өзбек тіліндегі кітаптар ғана керек еді», – деп кетіп қалғаны есімізде. Шынтуайтында, ол кітаптардың бәрі өзбек тілінде жазылғанмен, екі түрлі графикамен таңбалануына байланысты бұрынғы кітаптар студенттер үшін жарамсыз болып тұр. Сол себепті мектепке қазақ тілінің жазу тарихына қатысты пән енгізілсе, оқушылардың тарихқа қызығушылығы оянып, өз бетінше ізденуіне жол ашылар еді. Елдің ертеңі бүгінгі қадамдарымызға байланысты болатыны сөзсіз. Ендеше, Елбасымыз Н.Назарбаевтың: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген сөзін қаперімізден шығармай, қазақ тілі ұлттардың басын біріктіретін, ұйыстыратын тіл болуы үшін атсалысуымыз қажет.

*«Айқын» газеті
6 қаңтар 2018ж
aikyn.kz*

Ерден ҚАЗЫБЕК

филология ғылымдарының докторы, профессор

ЖАЛПЫТҮРКІЛІК НАЗАРБАЕВ ӘЛІПБИІ

Өткен 2017 жыл Қазақстан үшін ғасырға бергісіз аса маңызды оқиғаларға толы болды. Олардың қатарында ЕХРО, Алаш үкіметінің жүзжылдық мерейтойы, Қысқы олимпиада, Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне тұрақты емес мүше болып сайлануы сияқты іс-шараларды ерекше атауға болады. Әсіресе, мұндай оқиғалардың ең маңыздысы – Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы екені барша жұртшылыққа мәлім.

Осы қоғамдық сананы түбегейлі жаңғырту бағдарламасы аясында аталған ең өзекті мәселенің бірі – қазақ әліпбиін латын графикасы негізінде реформалау болды. Міне, сондықтан да жаңа жылдың бастауында тұрып, өткенге бағамдап көз тастай, қазақ халқының осы кезге дейін басынан өткен

қалтарысқа толы әрі сындарлы жолын еске ала отырып, ең басты сәттерге тоқталғым келеді.

Қазақ халқы әліпбиін бұрын да ауық-ауық ауыстырғаны барша көзіқарақты қауымға белгілі. Мысалы, көнетүркілік руна жазбасы араб жазуына, А.Байтұрсынұлының «төте» жазуы латын және кирилл қарпіне өзгертілді. Президент аталмыш мақаласында атап өткендей, қазақ халқының тарихындағы жазу жүйесіндегі барлық өзгерістер саяси жүйенің өктемдігімен жасалып, этностың нақты мүдделері мен қажеттіліктері көзделмеді. Халқымыз бұрын-соңды тарихында, нақтырақ айтсақ, Орхон-Енисей жазбасын қолданған уақыттан кейінгі кезеңде, жазуын тұңғыш рет өз еркімен және сенімді түрде бейімдеп, реформалауға 2017 жылы ғана шешім қабылдауға қол жеткізді. Мемлекет басшысы қабылдаған және жалпы жұртшылық толық қолдаған бұл шешімді шетелдік қоғамдастықтың да анық қолдаған сыңай танытуы мемлекетіміздің сындарлы да дәйекті саясатының нәтижесі деп білеміз.

Түркілік құндылық – қай уақытта да Президентіміздің стратегиялық жоспарларының маңызды бөлігі. Қоғамдық сананы жаңғырту мәселесі де тектен-тек көтерілген жоқ, дәлірек айтсам, бұл мәселелер Н.Назарбаевтың назарынан ешқашан тыс қалған емес. Бұл пікіріме нақты әрі дәлелді мысал келтірейін. 1991 жылдың басында, ол кезде Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының Президенті бола тұрып, Н.Назарбаев Мәскеудің келісімінсіз Қазақстанға Түркия президенті Тұрғыт Өзалды шақырып, онымен екіжақты келісімдерге қол қойды. Бұл әрекетті жай ғана «батыл қадам болды» дей салу – ол туралы ештеңе де айтпаумен бірдей. Бұл – түптеп келгенде, тоталитарлық режимге жасалған ашық қарсылық болатын. Өйткені екі елдің президенттері жоғары деңгейде шартқа қол қойғаннан кейін Үкімет басшылары, министрлер, ведомстволар және ірі ұлттық компаниялар жетекшілері арасында келісімді орындау мақсатындағы іс-шаралар бірден қолға алынып кетті де, нәтижесін бере бастады. «Түркия – егемендікті жариялаған күннің ертеңіне Қазақстанмен алғаш ресми қарым-қатынас орнатқан мемлекет» дейтіндерге мен: «Иә, солай болғаны рас, бірақ бұл қатынас одан да бұрын басталған» деп жауап қатар едім. Өйткені туыстас екі елдің басшылары мұндай қарым-қатынасты жүзеге асыру былай тұрсын, тіпті бұл туралы ойлаудың өзі мүмкін емес жағдайда орнатқан еді. Рас, мүмкін емес нәрсені шындыққа айналдыру ұлы адамдардың ғана пешенесіне жазылған. Жоғарыда айтылғандарға дәлел ретінде Н.Назарбаевтың 1991 жылғы 12 желтоқсанда Ашхабад қаласында Орта Азия республикалары басшыларының кеңесін шұғыл түрде шақыру және сол жылы 21 желтоқсанда Алматы қаласында «ТМД құру туралы» тарихи құжатқа қол қою үшін он бір мемлекет басшысының мәжілісін өткізу бастамасын айтуға болады. Сонымен қатар 1992 жылы Н.Назарбаев БҰҰ Бас ассамблеясында Азиядағы сенім шаралары бойынша пәрменді тетік – АӨСШК құруға бастама көтерді. Келесі жылы 12 шілдеде Н.Назарбаевтың ұсынысы бойынша Алматы қаласында ТҮРКСОЙ ұйымы құрылды. Содан кейінгі жылдары Мемлекет басшысының бастамасы бойынша ТүркПА (парламенттік ассамблея), Түркі

кеңесі (түркі мемлекеттері жоғары басшылығының мемлекеттік органы), Түркі академиясы құрылды, сондай-ақ саммиттер, іскери форумдар, құрылтайлар және т.б. өткізіліп келеді.

Елбасының саясат алаңындағы мұндай адам сенгісіз қарқыны отандық қана емес, шетелдік ғалымдарды да шабыттандырып, ынталандырғаны хақ. Н.Назарбаев өзін 90-жылдардың басында-ақ халықаралық ауқымдағы көшбасшы ретінде таныта білді. Академик Әбдуали Қайдар бас болған қазақ түркітанушылары, Мәскеу және Санкт-Петербург, Еуропа, АҚШ, Корея, Жапония, Қытай мемлекеттерінің түркітанушыларын қоса алғанда, татар, әзірбайжан, түрік, өзбек, түркімен, башқұрт, чуваш, қырғыз, карашай-балқар, ұйғыр, ноғай, қырым-татар, құмық, алтай, тува, хакас, саха және басқа да қаламдас әріптестерінің арасында жоғары абыройға ие болып, солармен бірлікте Алматыда, Бакуде, Чебоксарыда, Ыстамбұлда және Бішкекте бірқатар халықаралық ғылыми конференциялар өткізді. Дәл осы кезеңде белгілі түрік түркітанушысы Ахмет Эржыласун Ысмайыл Гаспыралының «Шыңғыс пен Темір заманынан бері тамырдан қол үзбеген қазақ тілінің түбінде түгел түркіге ортақ тіл болуы мүмкін» деген сөзін негізге ала отырып, қазақ тілінің қызметі мен маңызына аса байыппен зер салды. Анкаралық тағы бір жас профессор Ферхат Тамер, Қазақстанға ешқашан келмесе де, Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін жатқа оқитындығымен және Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми еңбектерін бүге-шігесіне дейін жіті білетіндігімен түркітанушы ғалымдарды ғана емес, жалпы қазақ тілі мамандарын, әсіресе қазақтардың өзін таңғалдырды. Осыдан кейін қазақ мәдениеті, қазақ тарихы және қазақ тілінің гуманитарлық ғылымдар арасында мәртебесі арта бастағаны ақиқат. Халықаралық ғылыми қоғамдастықтың күш-жігерімен осындай форумдарда егжей-тегжейлі әрі жан-жақты талқылаудың нәтижесінде түркі тілдерінің дыбыстары анықталып, тізімі бекітілгенін, сондай-ақ дауыс беру жолымен (әрбір түркі халқының аса беделді тілші-ғалымдарының қолхатымен) түрлі түркі тілдеріндегі ұқсас дыбыстарға бірыңғай таңба беру қағидаты қабылданғандығын мақтанышпен айтуға тиіспіз. Қабылданған осы жалпытүркілік әліпби тілші-түркітанушылар арасында «Назарбаев нұсқасы» деген атауға ие болды.

Сондықтан да осы «Жалпытүркілік әліпби» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевқа арналып Ыстамбұл қаласында өткен Түркі кеңесінің арнаулы салтанатты рәсімінде ресми түрде бекітілді. Бұл рәсім 2012 жылғы 1 желтоқсанда өткізілді. Осы сәттен бастап, 1 желтоқсан Қазақстан Республикасында жаңа ұлттық мейрам – Тұңғыш Президент күні ретінде аталып келеді.

Жалпытүркі әліпбиі не үшін қажет? деген сұраққа келейік. Алдымен, бұл келелі мәселеде ешбір идеологиялық немесе саяси астар жоқ екендігін нықтап ескерткеніміз жөн болар. Бұл әліпбиге қарапайым прагматизм және түркі тілдерінің ерекшеліктері ғана негіз болды. Шындық біреу-ақ: барлық түркі тілдерінің негізгі лексикалық сөздік қоры біркелкі екендігі соншалық, бұл құбылысты мамандар әліге дейін толыққанды түсіндіруге күш салумен

келеді. Классикалық үнді-еуропалық компаративистика ғылымы да бұл құбылысты анық түсіндіре алмас, сірә. Өйткені оның канондары бойынша, негізінде бұлай болу мүмкін де емес. Мысалы, аяқ, бас, балық, қол, теңіз, көк, темір, көз, ер, қонақ, қыз, ата, тау, құлақ, оқ, ат, ет, ақ, сары және мыңдаған басқа да лексемаларды кез келген түркі азаматы түсінеді. Мұндай елеулі факторды елемеу мүмкін емес екенін Елбасының терең түсінуі ол кісінің көрегендік қасиетіне тән. Қолда бар әлеуетті пайдалану, басқалардан үйрену, пайдалы тұсы болса – басқаларды үйрету, бәсекеге қабілетті болу, жарқын болашаққа ұмтылу және ата-бабаның қуатын бойына сіңіріп, аяққа нық тұру – Н.Назарбаевтың мызғымас ұстанымы, рухани жаңғырудың негізгі мәні, мемлекетіміздің ілгері қарыштаған саясатының жемісі. Жоғарыда аталған тарихи жиында Түркі кеңесінің Бас хатшысы Хәлел Ақынжы мен түркітанушы, қазақ тіл білімінің маманы, сол кездегі Түркиядағы елшіміз Ж.Түймебаев өз қайнар-бұлақтарымызға, яғни тілімізге, мәдениетімізге қайта оралу үдерісі бүгіннен басталады деп атап көрсетіп, түрікше Türk Konsey атауын Türk Keneşi деп өзгертті: «Иә, кеңес, кеңеш сөзі қазіргі түрік тілінде жоқ, яғни ұмыт болған. Бірақ «кеңес» деген мағына беретін бұл сөз туыстас қазақ, қырғыз және басқа да тілдерде бар. Сондықтан Түркі кеңесі бастапқы түркі түпнұсқасына қайта оралып, ана тілінің сөзін ортақ лексикалық қорға қайтаруды шешті». Сонымен, қазіргі түрік графикасында жоқ [к] – q, [ң] – ŋ и [ә] – ə дыбыстарын білдіретін әріптер

Н.Назарбаевтың атымен байланыстырылатын жалпытүркілік әліпбиге енгізіліп, бір ғана дыбыстың бірнеше жұп фонетикалық нұсқалары аздаған диакритикалық айырмашылықпен бір таңбамен белгіленді, мысалы, o және ö, u және ü, s және ş және т.б. Әзірбайжан делегациясының өкілдері a нұсқасын ä түрінде таңбалаудың орнына, қазақ кирилл әліпбиіндегі ә графемасын «қиылып сұрап алды» десек, артық айтқандық емес. Олар мұны бұл дыбыстың әзірбайжан тілінде өте жиі кездесетіндігімен және жазуда бір сөзде бірнеше рет екі нүкте қойғанға қарағанда ә әрпін жазудың әлдеқайда қолайлы екендігімен дәйектеді. Тоқетері, ерекше дыбыстары бар жекелеген түркі тілдерінің пайдасы үшін ымыраластық шешімге негізделген әліпби жасалды. Әрине, жалпытүркілік әліпби ұсынымдық сипатта әзірленді және әрбір халық дербес тілдік мүдделерін өздері шешуге ерікті болды. Сонымен қатар бұл әліпбидің құрамына әлемдегі барлық түркі тілдерінің түгел дыбыстары енгізіліп, 34 әріп қабылданды. Алайда нақты жекелеген түркі тілі өздеріне қажетті таңбаларды алатындықтан, олардың саны әліпбилерінде аз болатындығы түсінікті.

Бұл әліпбиді толықтай келтірейік.

1. A a	18. M m
2. Ә ә	19. N n
3. B b	20. Ы ы
4. C c	21. O o
5. Ç ç	22. Ö ö
6. D d	23. P p
7. E e	24. R r
8. F f	25. S s
9. G g	26. Ş ş
10. Ğ ğ	27. T t
11. H h	28. U u
12. I i	29. Ü ü
13. İ i	30. V v
14. J j	31. W w
15. K k	32. X x
16. Q q	33. Y y
17. L l	34. Z z

Дәл осы жалпытүркілік әліпби әзірбайжан және түркімен тілдерінің жаңа латын графикасындағы әліпбилеріне негіз болды. Өзбектер диграфтар мен апострофтарды қолдануды қалап, басқа жолмен жүрді. Осының салдарынан лингвист-филологтардың өздері өзбек жазуының ұзаққа созылған дағдарысына түсініктеме беруге мәжбүр болып келеді. Уақыт үнді-еуропа тілдерінің сөзжасамдық тәсілдерінің бәрін бірдей түркі тілдеріне қатысты қолдану дұрыс болмайтынын көрсетті. Түркі тілдері үшін «бір таңба – бір дыбыс» тезисінің дұрыстығы және орындылығы тәжірибе жүзінде расталды. Қырғыз, татар, башқұрт, чуваш және басқа да түркі тілдері болашақта әліпби жасау ісінде жоғарыда аталған жалпытүркілік әліпбиді бағдарға алуды қолдайды. Бұл қағидаттарды қазақ тілшілер де ұстанып отыр және әрі қарай да осы ұстанымдарында қала бермек.

Әлем елдері түркітанушыларының осындай ынтымақтастық тұжырымда болуының себебі – еуразиялық интеграциялану үрдісінде бүкіл дүниежүзі мойындаған басшы – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың дәйекті де тиімді бастамаларының маңызы орасан зор екендігін жете түсінуде. Н.Назарбаевтың құндылықтар жүйесіндегі түркі ынтымақтастығы Еуразиялық экономикалық одақ пен Кеден одағын, Ұлы Жібек жолы трансконтиненталдық жобасын, Үлкен Еуразия идеясын, Еуразиялық одақ пен Қазақстан үшін тиімді басқа да бастамаларды дамытуға ешқандай да қайшы келмейді, керісінше, оларды ынталандыра әрі дамыта түседі. Президенттің өзі көрегендікпен дәл атап өткендей, бұл бастамалар «өзіміздің тарихи рөлімізді қайта жаңғыртуға және Ортаазиялық өңірдің ірі іскери транзиттік хабы болуға, Еуропа мен Азия арасындағы өзіндік көпір болуға» негіз саналады.

Осы орайда Кембридж университеті Азиялық зерттеулер институтының директоры, профессор Джеффри Ханның 2012 жылы университетке Н.Назарбаев барғаннан кейін айтқан мына сөздерін келтіруге тиіспіз: «Түркі халықтары және олардың мәдениеті орасан зор бүкіләлемдік әлеуетке ие

және Еуропа мен Азия тоғысында әлемдік сахнада маңызды екендігі даусыз. Осы уақытқа дейін бірде-бір британ университетінде түркітану бөлімшесінің болмауы – өкінішті жайт. Сондықтан біз Кембридж университеті қабырғасында қазақ тілін үйрету мен оқытуға барынша күш-жігер салуға дайынбыз...»

Батыс пен Шығыс, Түркі әлемі мен Еуропа, міне, осылай тоғысуда – өмірдің өзі өзара мүдделілік сипатындағы жаңа бастамаларға түзету енгізіп отырады және оны әрі қарай дамыта түседі.

Елбасының кемеңгерлігі де осында – әлемнің дамыған отыз елінің қатарына ену үшін біз өзіміздің ұлттық рухымызды жаңғыртуға баса назар аударуға тиіспіз, дербес төл мәдениетімізді дамыту үшін жалпыадамзаттық, еуропалық демократиялық құндылықтарға жүгінуіміз қажет. Осы бағыттағы іс-әрекеттер болашаққа – рухани жаңғыруға, қоғамдық сананы жаңғыртуға ұмтылған біртұтас асқақ мақсаттар аясында іске асып жатады. Тіл – халықтың жаны ғана емес, ол – ұлттың болмысы, оның тарихы, тіпті, оның ертеңгі келешегі де.

Ол – рухани кодтың негізі, болашаққа бағдарланған дәстүр. Өткен ғасырдағы белгілі түркітанушы-энциклопедист, ұлты – неміс, бірнеше ондаған шығыс және еуропа тілдерінің тамаша білгірі В.Радлов ең дамыған, әлемдегі ұлы тілдер үштігіне француз және орыс тілдерімен қатар қазақ тілін де жатқызған.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру қазақ мәдениетінің ғана емес, жалпы еуразиялық өркениеттің жаңа даму сатысы деп білеміз. Қазақстанның тарихи миссиясы, міне, осында жатыр. Мемлекет басшысы бірнеше рет атап өткендей, бұл халқымыздың, сонымен қатар бүкіл адамзаттың мұраты ретінде, бейбітшілік пен жасампаздықтың, біртұтас ұйысу мен ынтымақтастықтың, толеранттылық пен өзара түсіністіктің үлгісі болуға қызмет етеді.

Сөз соңында Назарбаевтың жалпытүркілік әліпбиі осы ізгі жолдағы игі мақсаттарға қол жеткізудің маңызды әрі пәрменді құралы дегім келеді.

5-тарау

КӨПШІЛІК ТАЛҚЫСЫНА САЛЫНҒАН ЛАТЫН ӘЛІПБИ

Үстіміздегі жылдың мамыр айынан бастап латын әліпби жобаларын талқылау үшін А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында Жұмыс тобы құрылды. Осы кезден бастап көптеген хаттар, ұсыныстар мен жобалар, жан-жақты талқыланып, жұмыстар атқарылды. Бұл іс-шара Елбасының тапсырмасы бойынша жүргізілді. Еліміздің түкпір-түкпірінен, шетелден, халық қалаулылары мен мемлекеттік қызметкерлер, ғалымдар мен зейнеткерлер, жастар мен сырттағы отандастарымыз әртүрлі ұсыныстарын айтып, өздерінің үлестерін қосып жатты.

Латын графикасына көшу мәселесіне қатысты А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына келген хаттар өте көп. Айта кетерлігі ҚР Президентінің атына, Үкіметке, депутаттардың атына келген хаттардың бәрі де Тіл білімі институтына жолданып, ол хаттарға Институт жауап беріп отырды.

Төменде институтқа келген келген хаттарды топтастырып бердік.

1. Кирил әліпбиінің латын әліпбиіне ауысуына қарсы хаттар

Үйреншікті кирил графикасынан жаңа латын нұсқасына ауысудың артықшылықтары мен қиындықтары бары рас. Қоғам қажеттілігін өтеп отырған соң, осы қолданыстағы әліпбиді өзгертпей, осылай қала берсін деген топтар да көп қоғамда.

Солардың бірі Повлодар қаласының тұрғыны, ұстаз Г.С.Акимбаевадан келген хат, ол кісі өз хатында латын графикасына ауысуға мүлде қарсы екендігін айтыпты. Осы мәнде басталатын хатта өз ұлтының қазақ болмаса да, қазақ тіліне жанашырлықпен қарайтынын, қазақтың төл дыбыстарын жоғалтып аламыз ба деп қорқатындығын, кішкентай бала қамын ойлайтындығын және тиражы миллиондаған кітаптарды қайда жіберетіндігін айтыпты. Қоғам мүшесі болғандықтан өз ойын білдірмей, тыныш жатуға ар-ұяты жібермегендігін айтып хатын аяқтапты.

Ендігі хат Кәрібаев Нұркен Әбдікерімұлынан келген. Ол еліміздің «патриоты есебінде әліпбиді өзгертуге болмайды деп есептеймін!!!

Бұл – үлкен қателік!!!

Түркілер мыңдаған жылдар түркі әліпбиін (рунды) пайдаланды. Сол кезеңде үлкен Білім жинақталды. Бұл әліпби арабшаға ауыстырылды, ал жиналған Білімнің бәрі жойылды. Одан кейін тағы да мыңдаған жылдар бойы түркілер араб әліпбиінде Білім жинады, оны да түркілер әліпбиді ауыстыру арқылы ол Білімнен де айырылды. Белгілі бір Білім жинақтаған кезде ол жойылады» - дей келе, егер ауыстыру керек болса тек қана руна жазуына ауысуды қолдайтындығын білдіріпті. «Әліпби тілдің рухына, ақыл-ойына, яғни, халықтың психологиясына сайма-сай. Сондықтан да мен кириллица әліпбиімен қатар түркілердің өзінің дәстүрлерін, әдет-ғұрпын және

мәдениетін жандандыруға ынталандыратын түркілік әліпбиді (рунды) жандандыруды ұсынамын» - деген оймен аяқтаған хатын.

Ендігі келген хаттардың бір тобы – көпшіліктің нұсқалары.

2. Өз жобаларын ұсынған көпшілік

Институтқа өздерінің латын графикасын ұсынған жобалар да толастамай келіп жатыр. 70-тей жоба ұсынылды. Сол нұсқалардың біразын ұсынуды жөн көрдік.

Алматы қаласының тұрғыны С.Әмірбеков өз жобасын ұсыныпты. Тіл білімі институты С.Әмірбековке ұсынылып отырған жобасы турасында «жобасының Парламентке ұсынылған жобаға ұқсас екендігі, ол типтегі әліпбиге көпшілік қауым наразы» екендігі айтылып жауап берген еді.

Ал тағы бір хат Астана қаласының тұрғыны Әбілбеков Нәбиден келген екен. Ол латын әліпбиіне өтуді қуаны қолдайтындығын жазып, бірақ «әліпби бір тілдің ғана емес, тегі бір, туыстас бірнеше тілдердің мүддесіне сай қызмет етуі керек. Тарихы, тілі, діні, мәдениеті және салт-дәстүрі бір барлық түркі халықтарының тағдыры мен келешегі ортақ екенін ескере отырып, ортақ түркі әліпбиі жобасы негізіндегі әліпбиді қабылдаған жөн» деп санайды.

Тағы да бір хат Г.Батырбековадан келді. Автордың ұсыныстары осы күндері қолға алынып, іске асырылып жатқан шараларды сипаттап беріп отыр.

Астана қаласының Жолаушылар көлігі басқармасынан Ә. Тамабаев: «Бұған дейін «и» және «й» дыбыстарын – латынша *i* әрпі, «і» дыбысын – латынша *j* әрпі арқылы белгілеуді ұсынған болатынмын.

Себебі – алғашқы жарияланған вариант бойынша жазылатын *bilejik* сөзін бірде «білейік», бірде «билейік» (т.с.с. *bilik* – «білік» және билік) деп оқымау үшін.

Сол сияқты, асхана – *ashana* сөзі «ашана» деп оқылмас үшін компьютер клавиатурасында бар «'» белгісін қолдануды ұсынамын.

Мысалы: асхана – *as'hana*» - деп апострофты әліпби үлгісіндегі өз нұсқасын ұсынған екен.

Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Бесағаш ауылы, Абай атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі З.М. Бегманова да хат жазыпты. «Еліміз латын әліпбиіне көшіп отыр. Сондықтан тағы да тіліміздегі *ащы, тұщы, кеще, ищай* сөздерінің дұрыс таңбалануы жайында ой қозғағым келеді» – деп, «қазіргі кезде орыс тілін, ағылшын тілін және басқа шет тілдерін қиындықсыз еркін меңгеріп отырған ұрпақ жоғарыдағы аталған сөздерді (ащы, тұщы, кеще, ищай) таза «щ» түрінде оқиды. Мұнда қазақ тілінде «щ» -ның таңбалық жағына ғана мән беру басым. Атап айтқанда, дауыссыздардың бір-біріне ықпал етіп: «аш – ты – аш – шы» болып, оның әсерінен пайда болған геминацияланудың, яғни біркелкі дыбысқа айналуының нәтижесінде «шш» түрінде дыбысталады. Бұл біркелкі дыбыстарды (геминаттарды) айтқанда, ерекше екпінмен дыбысталады. Сондықтан да «шш» -ның «щ» болып таңбаланып жүргендігі - осы өзгешеліктен туған жағдай» - екендігін түсіндіре кетеді.

Осы мәндегі хаттар өте көп, бір-екеуіне ғана тоқталып өттік.

Ендігі хаттардың біразы қазіргі талқыға түсіп отырған апострофты латын әліпбиіне өзгеріс енгізуді қалайтын хаттар легі.

3. Апострофты латын әліпбиін ауыстыруды сұрайтын хаттар

Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру мақсатында 2017 жылдың 26 қазанында № 569 Қазақстан Республикасы Президенті «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлығына қол қойды. Осы кезеңде апострофты латын әліпбиі ұсынылған болатын. Бірақ бұл жобаны да өзгертуді қалайтын хаттар келіп отыр. Атап айтсақ, А.Ахметұлы атты азамат «Апострофтарды қолдану арқылы жасалған әліпби қолданысқа жарамайды. Әркез сөз арасында жоғарғы үтірді басып отыру өте қиын, қарапайым халықтың меңгеруіне өте күрделі. Осыдан барып грамматикалық қателер көп жіберілетін болады.

Сонымен қатар ең бастысы, бұл әліпбиімен жазылған мәтін көрнекісіз, бір сөздің ғана ішінде өте көп үтір, сөз ішіндегі үтірлердің арқасында сөздердің арасындағы аралықтар көрінбей қалады. Бір бүтін мәтінге қарасаңыздар сөздердің арасында ешқандай аралықтар жоқ сияқты көрінеді. Соншама уақыт талқылап, сапалы әліпби жасаймыз дегенде, осылай әлемге масқара болатын болдық» – деп жазған екен.

Осы мәндегі хаттың бірі Болат Сыздықтан келді. Ол «Желдирменмен айқасқан Кихот серідей, үтірмен жан аямай-ақ айқасып жатырмыз бүтін бодан болып. Үтір – қатер!!!! Ол бекер емес. Басқа халықтар жалпы үтірден, оның ішінде етектегі үтірдің өзінен де қатты қорқады. Оны мынадан көруге болады: Казнить нельзя помиловать / Жазалауға болмайды кешіруге - дегенде үтірдің қай жерде тұратыны беймәлім болып қалуы мүмкін деген қорқыныш санасына кірген халықтың бірі орыс халқы, совет халқы ретінде біз де соның ішінде бармыз. Біздің көзсіздігіміз сонда, етектегі үтірді елемей, басқа шығардық! Жоғарыға шығаруын шығарып алып, енді қиқуласып жатырмыз. Ол ол ма! Үтірді күпір қыла алсақ жақсы, одан соң кекіл, айдар, құйрықтармен айқасатын шығармыз. Шаш қойғанда бір бөлек, ал әліппеде үтір де, кекіл де, айдар да, құйрық та КЕРЕК ЕМЕС, ЗИЯН!

«Ұлттық ақпараттық технология» АҚ-ның қызметкерлері С.Жайлыбаев, А.Талғатов және ҚазҰУ оқытушысы М.Есеновтер де латынға өтуді қолдайтындықтарын, бірақ апострофты нұсқаны өзгертуді қалайтындықтарын хатқа жазып, себебін түсіндіруге тырысыпты. «Хотели бы выразить свою поддержку за переход на латиницу казахского языка. Но выступая от мнения общественности, а также отмечая проблемы которые могут возникнуть в наших сферах деятельности при введении апострофов в новый алфавит казахского языка, просим вас обратить внимание и переформировать данные дополнения к алфавиту. У многих компьютерных программ возникнут проблемы, так как апострофы играют важную роль при обработке текста. Теперь заполнение форм на веб-сайтах будет очень затруднено. Очень большое количество программ придется дорабатывать, переписывать, разрабатывать чтобы учесть эти апострофы и даже это не

поможет, так как апостроф имеет специальное значение в компьютерных языках программирования. Апострофы создадут очень большие проблемы при обработке, конвертировании данных с кириллицы на новый алфавит», – деп жазған екен.

Институтқа келген хаттарды топтастырып беруді жөн санадық.

5.1 Латын графикасын қабылдауға қарсы хаттар

Мен, Кәрібаев Нұркен Әбдікерімұлы, патриот есебінде әліпбиді өзгертуге болмайды деп есептеймін!!!

Бұл (– үлкен қателік!!!

Түркілер мыңдаған жылдар түркі әліпбиін (рунды) пайдаланды. Сол кезеңде үлкен Білім жинақталды. Бұл әліпби арабшаға ауыстырылды, ал жиналған Білімнің бәрі жойылды. Одан кейін тағы да мыңдаған жылдар бойы түркілер араб әліпбиінде Білім жинады, оны да түркілер әліпбиді ауыстыру арқылы ол Білімден де айырылды. Белгілі бір Білім жинақтаған кезде ол жойылады.

Бүгінгі күні түркі халықтары ештеңе сақтамады: ешқандай жазу, ежелгі және орта ғасырларда жазылған кітап жоқ. Оны жаулар емес (іс жүзінде мүмкін емес), оны түркілердің өздері жойды. Әліпби өзгерген кезде, жаңа буын ескі жазуды түсінбейді де, бұл кітаптарды өздері жояды. Сондықтан да, жауға мұны істеудің қажеті жоқ, халық оны өзі жасайды. Осының есебінде, түркі халықтары өз кітаптарының негізінде тарихын, ежелгі мәдениетін, дәстүрлерін, философтар мен генералдар туралы ойлар жазуға мүмкіндігі жоқ. Бізде ештеңе сақталған жоқ. Енді бір нәрсе қалады: мұның бәрін қытай, араб, армян, грузин, орыс, еуропалық және т.б. көздерінен жинақтау. Бұл халықтар әліпбиін өзгертпеді, олар жинаған Білімді сақтап қалды. Олардың білімінен түркілерге де шамалы тиіп қалып жатыр.

XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап, Жапонияда латын графигіне ауысудың орындылығы туралы пікірталастар болды. Осы мәселені талқылау қорытындысы бойынша жапон мектептерінде эксперименталды сыныптарында 20 жылдық зерттеу жүргізілді. Латын әріптеріне көшуді зерттеу нәтижелері жапон балаларының психикасына кері әсерін тигізгенін көрсетті. Жапондықтардың дүниетанымы және рухы өзгере бастаған. Ең бастысы: жапондықтар мыңжылдықта жинақталған білімдерін жоғалтар еді. Осы зерттеулердің негізінде кестелерді өзгерту туралы пікірталас тоқтатылып, жапон үкіметі жапондық иерогиялық жазудың сақтау туралы пікірін білдірді. 1980 жылдан кейін Жапонияда кітап басып шығаруда біраз өзгерістерге ұшырады. Ғылыми әдебиеттер солдан оңға қарай жазылып, өнер туындылары бұрынғыдай оңнан солға қарай қалды.

Ежелде абыздар әліпбилерді халықтың психологиялық деректерін барынша ескере отырып әзірледі, басқаша айтқанда, оның менталитеті. Әліпби тілдің рухына, ақыл-ойына, яғни, халықтың психологиясына сайма-сай. Сондықтан да мен кириллица әліпбиімен қатар түркілердің өзінің

дәстүрлерін, әдет-ғұрпын және мәдениетін жандандыруға ынталандыратын түркілік әліпбиді (рунды) жандандыруды ұсынамын.

Үлкен құрметпен, Нүркен.

ПІКІР

Өтпелі дәуір кезіндегі кез-келген ауқымды шара, ол экономикалық шара болсын, әлеуметтік шара болсын, елді бір дүрліктірмей қоймайды. Өйткені ондай шараның, жұртшылық жаппай қатыспаса да, өз жақтаушылары мен қарсыластары болады. Әліпби ауыстыру мәселесі де осы жайды басынан кешіріп отыр. Сондықтан оған таң қалуға болмайды, тек оның себебін дұрыс түсінуге тырысуымыз керек.

Шынына келетін болсақ, қазақ зиялыларын әліпби айтысымен таң қалдыруға болмайды. Өйткені, қазақ жазуының тарихы - «әліпби айтысының» тарихы болып келе жатыр.

Ендеше, араб, латын, орыс әліпбиінің «қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс» деген сұрақ пен «анау дұрыс, мынау бұрыс» деген жауап бұрын бастан талай өткен. Сондықтан қазір де осы үш жазудың үшеуінің де өз жақтастары аз болмай отырғандығына және олардың бір-бірімен беріспей сайысып жатқандығына таң қалуға болмайды.

Әліпби ауыстыру төңрегінде төрт бірдей пікір бар.

Бірінші, орыс (кирилл) әліпбиіне көзіміз үйреніп қалған, оның үстіне талай-талай жазба еңбектер жарияланған. Егер басқа жазуға көшетін болсақ, соның бәрінен бір сәтте айрылып қаламыз дейді.

Екінші, араб әліпбиді қолдаушылар оны діні бір шығыс жұртымен қайта табысудың амалы деп үміттенеді. Оның үстіне Ахаңның (Ахмет Байтұрсынұлының) төте жазуын (оған төменде қайта ораламыз) аңсаушылық тағы бар.

Үшінші, латын әліпбиін жақтап отырған қомақты да қарулы ғылым мен қоғам өкілдері оны өркениет жетістіктеріне алып баратын бірден-бір төте жол деп дәлелдейді. Оның үстіне егемен түрік елдерінің бәрі латын әліпбиіне өтіп болды немесе өтіп жатыр. Қол қусырып отыра берсек сыртта қалып қоятын түріміз бар.

Төртінші, сонау көне (ежелгі) түрік жазуына көз тігіп отырған шағын топтың әрекеті. Осыған орай, біз де әлдеқашан өшіп кеткен көне жазуын қайта жаңғыртып жатқан еврей, моңғол халықтарының жан-кешті әрекеті мен бір уыс қана грузин, армян халықтарының елтаң-басындай болған бірегей әліпбиін тілге тиек етіп, жүз елу миллион түрік халықтарының құр алақан қалғаны қалай деп қынжыламыз. Өкініштісі, түркі жұртының қазіргі өркениетті елдердің жазу тарихын он орап алып кететін, атам заманғы тарихы бар жазуы бола тұрып, «жазу-сызусыз» жұрт атанғандығында болып отыр. Ал, «жазу-сызусыз» халық дегеннің ар жағында «жабайы, мешеу, телмірінді, тілі дамымаған» т.б. сияқты «атақтар» тұрған жоқ па? Мұның өзі елдің еңсесін басып, ерді езге айналдырудың таптырмас құралы болып шықты. Тіптен, кешеге дейін кеңес құрамындағы түркі халықтары «өзіміздің

жазу-сызусыз халық екенімізді әлемге жар салып айтып, орыс жазуы келіп жанымыз қалғанын» жарыса жамырай, мақтана мойындап келген жоқпыз ба? Ендеше «көк түрік» жазуын жаңғырту – еріккен мен есі кеткеннің ісі емес, түрік жұртының әлеми қоғам алдындағы елдік намыс-абыройын көтеретін іс.

Енді, осы әліпби сараптаудың жолына түскен төрт додагердің қайсысы мәреге бұрын жетеді? Сөз жоқ – латын әліпбиі. Сәл ерте, сәл кеш, әйтеуір латын әліпбиіне көшетінімізде еш күман жоқ. Сонда қалғандар неге босқа шабылады? Басқаларды білмейміз, көне түрікші ретінде бәсеке-бақталастықтан аулақпын. Өйткені көне түрікшені қолдап, жөн екен дейтіндер аз, бүгін-ертең көне түрікшеге өте қоямыз деудің де жөні жоқ. Себебі көне түрікшілердің өз арасында ортақ пікір жоқ, бір таңбаны екі адам болса екі түрлі, он адам болса он түрлі оқиды. Соның нәтижесінде «көне түрік әліпбиі – мынау» деп ұстата қоятындай дайын әліпби, «жазылым емле-ережесі мынау» деп ұстата қоятындай дайын емле-ереже жоқ. Мақсат – көне түрік жазуының икемделген (унифицированный) әліпбиін, таңбасы мен емлесін дайындап, танымдық дәріс ретінде сыныптар мен дәрісханаларға жеткізіп беру. Сөйтіп көзі ашық келесі ұрпақ көне жазуды танып-біліп, оны жатырқамас, ертең-ақ олардың заманы туады, сол кезде ойланар. Біздікі – ата жазудың қыр-сырын олардың жадына құйып, ой салып кету.

Дайындаған:

Әлімхан Жүнісбек

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының

Бас ғылыми қызметкері,

филология ғылымының докторы, профессор

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ӘКІМШІЛІГІ



АДМИНИСТРАЦИЯ
ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет Үйі
аркы@akorda.kz, факс 74 50 31
20 жылғы _____ 20__ г.
№ 17 маусым
№ 31-Х-6521.1

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі кенесі

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне келіп түскен Батыс Қазақстан облысының тұрғыны, «ТЕХНОПРОЕКТ KZ» Ресей-Қазақстан бірлескен кәсіпорны ЖШС-нің директоры Ғ.Х. Халиловтың хатын сіздерге жолдап отырмыз.

Хатқа сәйкес Ғ.Х. Халилов Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық өмірін жақсартуға байланысты өз пікірін білдіруде.

Осыған байланысты аталған хатты тиісті тәртіпте қарап, нәтижесі жөнінде авторға жауап берулеріңізді сұраймыз.

Қосымша: 12 парақта.

Ішкі саясат бөлімінің
менгерушісі

А.Балаева

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі кенесі
Қысқ. № 31-Х-284
2017. 7. 00

Тел. 74-58-10



Товарищество с ограниченной ответственностью
«Российско-Казахстанское совместное предприятие
ТЕХНОПРОЕКТ KZ»

090000, Республика Казахстан, Западно-Казахстанская область,
г. Уральск, ул. Мухомта д. 78
E-mail: tehnprom.kz@mail.ru тел./факс (7112) 26-69-31 gizath@mail.ru

Исх. № 156 от 26.05.2017г.

Президенту Республики
Казахстан Назарбаеву Н.А.

Уважаемый Нурсултан Абишевич,

мною в последнее десятилетие написаны статьи и письма, выражающие мой беспокойство о будущем страны и народа. Часть статей публиковалась в казахстанских и российских СМИ. В них предпринималась попытка выровнять перекосы, которые, на мой взгляд, могли бы отрицательно повлиять на развитие событий. С этой же целью направлялись письма на Ваше имя, на имя Председателя Сената, Премьер-Министров, Председателя КНБ, в адрес Вашей дочери Д.Н. Назарбаевой, в адрес зятя Т.А.Кулибаева. В этих обращениях мною указывались недостатки в делопроизводстве, вероятность экспансии зарубежного, и в первую очередь российского бизнеса, которые могли бы серьёзно повлиять на экономическую безопасность страны.

В письмах указывалось на архаичную направленность пропаганды передач телевидения, на бесперспективность сегодняшнего состояния сельского хозяйства и промышленности, на языковые проблемы и письменности, на опасную тенденцию бесконтрольно развивающихся не традиционных ветвей мусульманской религии, на состояние инертности и подавленности психологического состояния населения, катастрофическое положение в строительстве и содержании основных фондов, на необходимость предотвращения массовой эмиграции русскоязычного населения.


Ни одна поднимаемая мною проблема ни кем не была признана не обоснованной или неверной. Ответы, полученные на некоторые из них, не выражают способность отраслевых министерств, положительно влиять на ситуацию и состоят, в основном, из ссылок на Ваши поручения, Послания и Указы, ни одного намёка на инициативность и живую деятельность самих министерств и в них не нашёл.

Считая необходимым изложить своё видение проблем и путей выхода из них лично Вам, прошу Вас принять меня для обсуждения этих вопросов. Эта встреча могла бы дать Вам наиболее «живую» информацию на существующую действительность внутри страны и при необходимости, варианты положительного воздействия на их перекосы, гарантировать сохранение стабильности на случай сдачи Вами полномочий.

Надеюсь, прилагаемый мною анализ состояния нашего народа на казахском языке, должен усилить Ваш интерес к обсуждению вопросов изменения ситуации в стране.
Прилагается: Анализ состояния нашего народа – 11 стр.

Директор

Хайдаров Г.Х.



феодалдық мезгілінің өзінде қалқын дамыту жолынан айырмаған, осыдан мың жыл бұрын, қала салып, оқу орындарын, түрлі мануфактуралық өндірістерін ашып алға ұмтыла беріпті. Кеме құрастырып теңіз, мұхиттарды шарлағаны белгілі. Осылай ерте уақыттан білім арқылы, еңбекқорлығыменен феодалдық стройда күш алып, содан тоқтамай келіп капиталисттік заманға кіріпті.

Біздер қазіргі заманда капиталисттік формацияны өз күшімізбен құрастырамыз дегенмен, әліде ештеңе оқсатқан жоқпыз. Өткен замандардың дайындығы болмағандықтан бір іскеде тауакел етіп кірісе алмай жүрміз. Үлкен ақылмен, терең оймен, қан-терімізді сүртіп отыратын жұмыскерлігімізбен бір жұмысты жасаған халық емеспіз. Ол жұмыстар қолымыздан келеді деп айта алмауымыз да біздің тарихымызға байланысты.

Қазіргі баймын деушілердің көбінің әрекеті үкіметтен сұрап алу, алдап, ұрлап алудың айналасында. «Өзім табыс еттім» деушінің де көбі сфера обслуживанияның жеңіл-желпі жұмысынан жем тапқан. Өз еңбегімен, өндіріс саласында өнімін шығарып жатқан адамдар көп көзге түсе бермейді.

Бұл тарихымыздың кемшіліктері деген сөздің түсіндермесін бес алты ғасырға кейін шегініп, сол заманнан бастап қарауымыз керек. Ол заманнан бері келе жатқан ата бабамыз өз елінен басқа елдерді көрмей, көрседе үлгілігін мойындамай өз бабында, жел қақса ыққа, күн шықса көлеңке іздеп жүре бергендігінде. Сол өмірдің бір қалыпінен шыға алмай жиырмасыншы ғасырға дейін жеттік. Осы уақытқа дейін біздің қалық сол аталарымыздың тәрбиесінен, психологиясынан әлі де шыға алмай жүр.

Аталарымыз басқа халықтардай, жер беті бос жатқанда, өмірге ыңғайлы суы бар, орманды, көрікті жер іздемейті. Болмаса халқын орнықты елге аударудың, үй салып, оқу орнын ашып, үлкен жұмыс, өндіріс орындарын ашудың бағытын алмай, ұрпақтарын қалған замандарына көшпенді халық етіп қалдыра беріпті.

Біздің халық, ең кемі балық аулауды үйренбей, көл, өзеннен аулаққа қашып, есік алдына егін екпей, көк өніс өсірмей, жауыннан кейін төгіліп өсетін саңырау құлақты жийнап, тамақ асыраудың түрлі бағытын табайын деп талпынбай талай аштыққа шалдыққан. Және осындай кемшіліктерін әлі де мойындамай, еріншектігін, жалқаулығын жеңе алмай жүр. Қазіргі заманның қиыншылықтарыменде күреспей, өмірдің басқа бағыттарын іздемей, атадан қалған ақылынан асаалмай, көбі қолын жәіп құдайдан, байдан, бастықтан сұрап алудан басқа амалды іздемейді.

Ал шетелдіктер үлкен тарихының арқасында онтоғызыншы ғасырдағы капиталисттік стройдың индустриалдық мезгіліне келді. Бұл мезгілді етудің өзінде халықтарына үлкен сынау болғаны белгілі, себебі мұның қиындығын көп адамдар көтере алмай халықтары іріктеле келген. Осындай цивилизациялық жолдарын күресумен, ақылға күш салып, ізденумен, үлкен еңбекпен, қиындықпен өткен. Заманның қиындығын көтере алмағандары ана өмірдің қонағы болып, шыдап көтергендері жан денесін шынықтырып болашақтағы замандарға сай мықты ұрпақ қалдырған.

Россияның да тарихында әулдарындағы крепостнойлық заманы, әскерінде жиырма бес жыл бастығына бас иіп жүргендері, Орал тауларының арасындағы Демидовтың зауыттарында таяққа шыдап, отқа пісіп, өліп тірілгендері, сонымен қатар қала салып, оқу орындарын ашып генофондтарын шынықтырумен күшейткеннен,

ұрпақтары соңғы замандарда еліне шанымды тірек болып, жаңа өмірлердің өзгерістеріне оңай қосыла кететіндей, сыймды азаматы болып келе жатыр.

Бұндай заманды Европа да өз басынан өткізген, білеін деушілер бұл жағдайды Диккенстың кітаптарынан табуына болады. Осылай жаңа заманның қиындықтарын жеңіп, дұрыс бағытын табулары, айтылған өткен ғасырлардың тарихының күшінде.

Ол халықтар тарихтарын, жинақтаған мұрағаттарын, мақтаныш етпеген, есеп, білім, тәрбиелері заманнан заманға жалғаса берсін деп, ұрпақтарының өсуіне, дамуына тірек болсын деп, шашпай сақтаған.

Мысалы үшін Францияның он төртінші, он бесінші ғасырдың уақиғаларын ай, күніне дейін, қай бір адамдарының жүрген жеріне дейін мұрағаттарынан табуға болады. Ғалымдарының іздену жұмыстары, мамандарының тәжірибелері, жазушыларының кітаптары ұрпақтан ұрпаққа сақталып жалғаса берген. Тарихшылардың, жазушылардың жазған кітаптары елдерінің мәдениеттігін, білімділігін халқының көз қарасының өсуіне көп тірек болғанын көрсетеді.

Армян халқы аз халық болса да, мемлекетін 3-4 мың жыл үлкен қиындықтарымен шашпай алып келе жатқан халық. Бірақ Ереванға келген адамға көрсететін белгілі орындарының бірі, орталық алаңында, неше бір ғасырдан бері, түрлі қиындықтардан өтіп сақтап келе жатқан ескі жазбаша материалдардың, кітаптардың мұрағаты. Міне білімді халық осындайды сақтайды, өлседе орнынан қозғалмай, ең қымбатты дүниеміз деп қорғайды. Ұрпақтарының ақыл, білімінің тірегі болсын дегендері.

Біздер жиырма бірінші ғасырда ең болмағанда сол мұрағаттардың ұрпақтарымызға керектігін, мемлекетімізге, темір қазақтың тіреу болатындығын, әлі де түсіндіру ойларымызға келмейді. Соның ішінде жылтыр костюм киіп жүрген басшылардың да көбінің ақылдарына бұл ой келген емес. Бүгінгі жасағанымызды, жазғанымызды ертең жойып, болмаса ойына келсе өзгертіп, ия болмаса аяққа басып жүре береміз.

Адамдарымыздың бірі бірімен араласуыда жалпы өткен ғасырлардың салтында жүргендігімізді білдіреді. Баяғыдай асықпай, сөздерімізді созып сойлеп, құр сөзбен көркейлеп, арасына жағымпаздық элементтерін қосып, тіке айтатын мәселені, бұрмалап езіп жіберетін әдеттеміз. Өмір салтымыз - баяғы есепсіз қонақтық, шашпалы той, садақа, көп адамдар қол ұстасып, «бармасаң ұятқой» деген дәлелін айтып, шұбұрып жүрген жағдайда. Сондай топ болып жүргенде, бір түрі бар сөз айтқан болса, кездесудің пайдасы болар еді, бірақ біздікілердің кездесуінде тек есепсіз құр сөзбен, өтірік мақтаныш, өтірік қайғы.

Бұл әдеттен құтыла алмай жүргеніміз неліктен, менімше өткен кеңес үкіметінің уақытында да қазақ баласы жалпы жұмыс істеушінің есебінде болғаны: менен, күштеніп, қиындыққа батып істемегендігінде. Өзбектей кетменін қолынан тастамай пахта өсірген жоқ, орыстай сегіз сағат зауытта тұрған жоқ. Үлкен жауапкершіліктің болмағандығы, сағатымен, минутымен, секундымен істейтін өндіріс орындарының жұмысын көрмегені.

Көбі өздеріне үйреншікті ауыл шаруашылығының айналасында жүріп, ұйқысын, қартасы мен қонақтығын кемітпей социалистік заманында өткізді. Сол салтынан әліде шыға алмай жүргендер, ыңғайын тапса үкімет жұмысының көлеңкесіне басын тығады, ыңғайын таба алмағандар ауылда бірінің садақасын, екіншінің құдалығын топ болып жел, қалған уақытта шай суын ішіп көзі ісігенше ұйқыны басып жатқандарыда аз емес.

Халықтың мұндай жағдайы әлі де басшылардың да, байлардың да жандарын ашытып жатқан жоқ.

Өз елдерінде жұмыс орнын таба алмаған өзбек, қырғыз, тәжіктер бүкіл Россияның жеріне жайліп, қиындығына шыдап, табысын тауып, көп жұмыстардың маманы болып, культурасынан, тұрмыс, салтынан керекті жерін үйрене келіп, және мемлекеттеріне пайда келтіріп, елдеріне оралып жатыр.

Ал біздің қазақ орыс елінің қабырғасында отырып, табалдырығынан аттап өтіп өзіне, семьясына пайда келтіруге батылдығы жетпейді, болмаса жалқаулығын жеңе алмай жата береді.

Орыстай көршіні құдайдың өзі қосып қолымызға ұстатып берген бақытымыз екенін әлі де түсінген жоқпыз. Орыс халқының білімділігі, мәдениеті, жұмыскерлігі, батылдығы, жалпы көңіл тазалығын түсінген қазақ үлгі ретінде пайдалану керек. Мынадай сөзді айту үшін, көршінің сапалылығын сынау үшін, басқа халықтарды да көріп, түсінуге керек. сонда ғана салыстырып көршіңе сын беруге болады. Всё познаётся в сравнении.

Россияның Л.Толстой, Достоевский, Чехов, Крылов, Гоголь, Горький, Н. Островский, К. Чуковский сияқты жазушыларының кітаптары толған көз қарасын кеңітерлік ақыл, тәрбие. Бірақ біздер баяғы өзімізде барғой деп, шіреніп, теріс қарап, балларымыздың да бетін бұрғызбаймыз. Бұл жағдай Абай ағамыздыда шаршатып айтқызған сөзі «Өз сөзінен басқа сөзді ұқпайтығұн аузыменен орақ орған өңкей қыртың» қазіргі заманда әліде өте мағыналы сөз деп санаймын.

Бір сөзінде Қытайдың басшысы Си Цзиньпин Л.Толстой, Чехов, Достоевскийдің кітаптарын оқыдым деген, ал Н. Островскийдің «Как закалялась сталь» деген кітабын жеті рет оқып шықтым деді. Қытайдың өздерінің де атақты жазушылары аз болмас, мұндай адам европалық классиктердіде оқымау мүмкен емес, соның өзінде орыс тілінен аударылған кітаптарды оқығанын бір үлкен жеткеншілік деп көрсетіп тұр.

Европада жаңағы айтылған Л.Толстой, Достоевский, Пушкин дер жер бетіндегі жазушылардың ең бірінші қатарында деп саналады. Міне орыс жазушыларының бағасы осындайдан белгілі болады.

Қазақтың «Қолда бардың қадырі жоқ» деген мақалы осы жерде өте орынды екеніне интеллектісі толық адамның қарсылығы болуы мүмкен емес. Біздің қолымызда қазір орыстың жазуы, кітабы, тілі, арамызда өздері жүр, соның бірінде жөнді пайдаланбай, Европаның ортасынан бір шығамыз дейміз, бірақ Европаға біздер жабайы халық екендігімізді «Борат журналист» көрсеткенін ұмытуымыз дұрыс емес. Мынадай жұлқынуымызды кемітпесек тағы талай боратшының мазақтауына ілігіп кетуымыз ғажап емес.

Қолымыздан келсе, жаңағы өзінің қатарына отырғызып «жолдас болайық, билетімізді үйреніп ал, қауыпты елдер болса қорған болайық» деп отырған көршіміздің үстінен аттап өтпекбіз. Сонда біздей өз тарихын өзі білмейтін, әліде өз ақыл, күшімен ештеңе оқсатпаған халық, кімнің қатарына тұрамын дер екен, орыстай ұлы халықтың қатарын менсінбесе?

Россияның қиындықтары да көп, кемшіліктері де аз емес, бірақ өздерінің арты осындай жағдайға батып жатырса да, алды қай елденде кем емес. Білімі болсын, техникасы болсын, культурасы болсын қай жағынан болсада бірінші қатарға толық ие

болып келе жағыр.

Қазірдің өзінде біздің істеп жатқан тіршіліктеріміздің 99 % осылардан көргеніміз, үйренгеніміз, орыстың тірегімен, күші мен көтергеніміз. Көп шаруамызды әліде арамыздағы орыстар арқылы бітіріп жатырмыз, біздікі көп жерінде тек ауыз толтырып билік айту. Оны да «оқсатып жүрміз» деп тауәкел айта алмаймыз.

Сондықтан басқа халықтардың соңына түсіп қалмайық десек, кәдімгі «ат салып» осы халықтан үйренуіміз керек. Өз халқымыздың сана сезімін, білімін, еңбекқорлығын өсірудің бағытын табуымыз керек.

Алдын ала, әдет-ғұрпымыздың шамасын еуропалық мәдениетке келістіріп (трансформировать), болмаса ұлттық тәрбиемен қатар еуропалық мәдениетті балларға үйрету керек. «Жоқ мен қазақтың, мен осылай боламын» деп ағынға қарсы жүре алмайтындығымызды түсінетін уақыт болды деп ойлаймын.

Мысал үшін, біздің телевизордың программасында бешбармақтың қай сүйегін қай қонаққа ұстатасың деп сұрақ қояды, болмаса мақал, мәтелдерді білесіңбе деп отырған программа қандай ақыл береді жастарға? Және бұндай әдеттерді заманға сай деп айтуға болады ма екен?

Қазіргі заман, скорость, точная наука, техника ның заманы, соған тілімізді, салтымызды, әдеттерімізді келістіруіміз керек, тіршілік қыймылымызды заманға сай етуіміз керек, әйтпесе, жалпы адамзат тарихының сыртына шығып қалуымыз қажап емес.

Түсінген адам орыстың екі кітабының бірінен керек ақылды, тәрбиелік жерін тауып алады. Мысалы үшін Л.Толстой көп жерінде адамның психологиясын, ішкі астарын ашып көрсетеді.

Пушкинның, мысал үшін, «Выстрел» деген романының өзі, ердің ерлік сөзіне тұрақтылығын көрсетеді, біздің қазаққа жетіспей жүрген мінез-құлқы.

Гоголь «Ревизорында» - көп басшылардың жағымпаздығын, қысқа ақылдылығын, «Мертвые души» де - сараңдықты, қылмыстықты көрсетеді.

Крыловтың «Музыканты» деген баснясы кадр қоюдың кемшіліктеріне көз салады. Бір орыннан бір орынға қолынан жұмыс келмейтін адамды ауыстра бергеннен жұмыс жүрмейді, дегені.

Қай бір газеттердің, журналдардың редакторлары «Слон и Моська» деген басняны оқыған болса, Россия сыяқты мемлекеттердің саясаттарына, басшыларына мазақтап тіл тигізбес еді, өздерінің орнын білер еді. «Лиса и ворона» деген баснясы жылтраған жылы сөзбен мақтағанға сенбе, қолыңдағыңнан айырыласың дегені.

Высоцкийдің «Песня о друге» деген өлеңінде адамның азаматтық, ерлік сапасын көрсетеді. «Колеса» деген өлеңіде көп чиновниктердің тек бас иіп, өзінің ойын айталмай, бір ізбен жүріп, ақыл, ойын шығара алмай істейтіндігін көрсеткені.

Б.Окуджаваның «Виноградную косточку» деген өлеңін айтатын адам өмірдің үлкен мағыналы бағытын түсінген болар еді.

И. Кантты орыс тілінен тауып «Ложь-мать всех пороков» деген сөзін түсінген адам өмірінің көп бағытына басқаша қараған болар еді. Өтірік айтатын әдеттерден құтылмақ бағытын іздер еді.

Д.Лондон, А.Дюманың кітаптары баллардың ерлік мінезін тәрбиелейді, көңіл тазалығын көрсетеді.

Г.Б.Стоудың «Хижина дяди Тома» деген кітабы жастардың кішіпейлділігін, адамгершілігін оятады.

О. Бальзактың – «Гобсек» деген кітабында сараңдықтың түрін ашып бергені,

Ч. Айтматовтың «Плаха» деген кітабында қасқыр арқылы жалпы жануарлардың ішкі ойын, қиыналып, қорлыққа адам арқылы түсуын көрсетеді. Адамның өзін қасқыр мінезді, қатаң, есепсіз қара жүректігін көрсетеді.

Осындай кітаптардың ішіндегі ақылын, басқа қай жерден тауып жастарға тәрбие береді қазақ? Қашанғы ата бабамыздық «жақсы бол» деген ақылына қанағаттанып жүреміз, заман өзгерді емес пе, көпшіліктің арасына кіргенімізді түсінетін уақыт болған жоқ па?

В.Высоцкий дің бір әлеңі «Значит нужные книги ты в детстве читал» деп аяқталады. кітаптің күшін түсінген адам осылай сөйлейді.

Қасымыздағы орыс халқы жастарының ақылына еңгізіп отыратын бағыттарын, біздің арамызда біреу айтса айналасы күлкіге аударады, болмаса теріс қарап үндемеумен құтылады.

Ол ақыл достықты түсіну, ағайынына жаны ашу, табиғатты білу, жануарлардың жүрегіндегісін сезіну, жақсы мен жаманды айыру сияқты көп адам баласына берілген қасиеттерді саби кезінен баласына айтып отыратындары аз емес. Біздің ағайын ондайға көбіне мән бермейді.

Қарап тұрсаң, арамыздағы достық тек сайраған тілдің ұшында. Тұмаластық - жақсылық пен қайғыға қатысуында байқалады, ондада жүрегінің тартымымен емес, халықтан ұят қой деп келеді. Жануарлар жеккенде, жегенде ғана жақсы. Терегің, тірісі де өлісінде қазақта ағаш аталады. Жер құбыры халық тілінде топырақ болып келеді. Қалай атаймыз, көз қарасымызда сол дүниеге солай болады.

Жаңағыдай жеңіл достық, қаны бір көңіл-бағыты бөлек жақыншылық, кешегана бірі біріне бауырсағын жайып отырғанына қарамай, ыңғайы келгенде бірі бірін оңай сатып жібере береді.

Малдың, басқа жануарлардың жанын, көзіңе қарап тұрып айталмай тұрған ойын, тағы басқа адамға сай қасиеттерін түсінейін деген халық емесбіз. Мысалы үшін, өзіне берілген, үй-дүниясын қорғап келген төбетін, ашығып бір тауығына тырнағын тигізсе, қазақ сол жерде «бұл иттің жасағанын қарашы» деп ұрып, соғып бітіреді, болмаса асып өлтіреді.

Итті көршілес ұлы халық жан досындай көріп қайсы біріне, адамға қойғандай ескертіш қойғандары белгілі, біздер оның «иттігін қарашы деп» иттің атын жаман сөзге қосамыз. Иттің ақылын, оның есіне таза берілгенін, шаруаға қосқанда пайдалылығын қайбір азаматпын деуші адамнан асып түсетінін бағаламаймыз.

Жылқының бейнесін мемлекеттің төріне көтерген болсақта, құрсағымыз сұраса астындағы тұлпарында соғым етіп сойып жейтін халықпыз, сондықтан асыл тұқым мал біздің айналамызда болмаған. Басқа жануарлардыда тап осындай көреміз.

Айналамыздағы табиғаттың бағасын тек ән салғанда ғана көтеріп, жүрегімізді жаямыз. Жүрген жерімізде бір тал терек отырғызып өсіруді білмейміз, жеке тұрған теректің айналасын тазартып, бұтақ жапырақтарын өздігімен реттеген адамды кездестіре алмассыңыз.

Туған ағайынның, жолдасының, жалпы араласып жүрген адамдарының психологиясын, мәдениеттігін (культурасын), көңіліндегі арам-адалдығын әліде түсінейк деген біздің ағайынның ойы жоқ.

Мәселен, отыз жыл араласып жүрген ағайынын, жолдасын біреу «ана үйдің ешкісін ұрлапты» десе, «ма, солай ма» деп соған сеніп жүре береді де, жаңағы ағайынынан

басын тартады. «Жоқ олай болуы мүмкін емес, ондайға баратын адам емес» деп айтып, араға түсіп, жаңағы адамды «қорғайын, атына кір келтіргізбейін» деуші мыңнан екі адам таба алмасыңыз.

Осының бәрі нәліктен, менімше, бұл тарихи жеке жүріп, жеке тұрғандығымызда, ұру тобында жүргендегі ағайындастықтың араласу түрінде, байланысында, таза достықтың болмағандығында. Таза достық көңілдерінің тартымымен, сенімділікпен, бірі біріне түсүнүстікпен ғана болады. Қиындық көріп, қиындықта бірі біріне тірек болып көмектеспегендігінде деп ойлаймын. Және жалпы халықтың интеллектісі өспегендіктен, алдында айтылған, терең білімді, үлкен ойлы классикалық, басқа түрлі ақыл толтыратын, ой келтіретін кітаптарды жастарға оқыттырып үйретпегендігімізде. Жас кезінен балаға дұрыс тәрбие, білім берудің бағытсыздығында.

Қазақтың балаға үйінде берер сабағы «ата бабамыздан келе жатқан тәрбие» деп, тастан құрғандай, ғасыр дан ғасырға ауып келе жатқан үлгілі сөз болып кеткен аз ғана ақыл, әдет. Сол сөздер еш қандай өзгеріссіз жастардың тәрбиелік программасы болып бүгінгі күнге дейін келеді. Он сегізінші ғасырдың сабағын жиырма бірінші ғасырда бере береміз. Әке, ананың міндетінде осыны жаттап алып баланың алдына салып беру. Көбінде бала тәрбиесі осымен аяқталады.

Ол тәрбиенің сабағына кіретіні: «Үлкенге көрісу, үлкен сөйлегенде тыңдап отыру, айтыспау, тіке сөйлемей, алдында отырған адамды мақтап сөйлеу, қонаққа дастархан жаю сияқты» ақылдар. Бұл тәрбие бүгінгі заманда қазақтардың басқа халықтармен қатарлас болуына үлкен кедергі болып жүр, себебі бала, бала жасынан ойына келгенді айтпаса, өзінің жеке ойы болмаса, өмірде үлкендерге жалтандап, өз жолын өзі таба білмей өседі.

Қазақ бұрынғы заманнан бері тек өзінің халқымен болған. Өз тобынан алысқа шықпағандықтан, басқа халықтардың арасында еркін жүре алмайтындығы осыданда болады. Басқа елдердің, халықтардың өмірінен үлгі алып өзінің арасында енгізбегендігі бүгін көп жерден көрінеді.

Саби көзін ашқаннан бастап бұл жаңа өмірді түсінудің ыңғайын іздейді, осы мезгілден тәрбиенің элементтері басталу керек. Осы кезінен бастап баланы бесікке бұып, жылағанда шаршағанша шайқай бермей, ауаға шығарып күннің ыстық, суықтығына үйретіп, табиғаттың таза ауасын жұттырып, елмен, айналадағы өмірмен таныстыра беру дұрыс болады.

Екі, үш жастан бастап классикалық жазушылардың балаға арналған кітаптарын оқу дұрыс, тілі шықпаса да оқығанды бала түсінеді. Баланың психологиясы, ақылы, ойы бос тұрған ыдыс сияқты, қандай информация соған құйылады, сол информация тәрбиесіне жем болады.

Ата анасы ерінбей, баласы өскенде үлкен, сыйлы адам болсын десе, үйінде баланың жаңағы айтылған тәрбие ыдысын таңдаулы информация мен толтыра беру

керек. Қандай информация құяр болса сол бағытта тәрбиесі тола береді, ал сол уақытта бос орны қалып, бала қалған жерін көшеден, көргенімен толтырар болса, құйылғаны оның тәрбиесіне өз бағытында әсері етеді.

Қазақтың тәрбиелігіне әліде көп әсер ететін, және үлкендердің ой - тіл байлығы жетіспегенде өсіру үшін, сөзін көркейтуді үшін айтылатын мақалдар бар, оның бірі « Жақсы ауылдың баллары бірі біріне батыр дейді, жаман ауылдың баллары - қотыр дейді», « досың жақсылығыңды асыра сөйледі, жамандығыңды жасыра сөйлейді» деген сияқтылар.

Мұндай мақалдар балаларды болсын, үлкендерді болсын өтірік айтуға, жағымпаздыққа үйретеді. Мақал арқылы айтылған өтірік, қазаққа өтірік болып есептелмейді, ол бір үлгілі сөз болып, тыңдаушыға сабақ ретінде айтылады, сондықтан қазақтың баллары бала жасынан шындықты бір дұрыс, керекті қасиет деп есепке алмайды. Өтірікпен тәрбиеленген баллар, өскенде басқа ұлттың арасында орын таба алмай жүреді. Өтірікшіні кім қасына жолатады?

Жаңағыдай тәрбие алған баллар, кебінде жуас, жасық, жағымпаз болып өседі. Батырлығында, тілмәштігінде қазақ өзіндей қазақ арасындағана білдіреді, бөтен, білімді халықтардың арасында басын көтере алмай отырады. Біздің жағымпаздығымызды көршілес орыстар да түсінбейді. Өтірік мақтап, бас иіп, жылтырап жығылып жатқанымызды олар біздің кемшілігіміз деп, тағылымымыз (дикость) деп түсінеді.

Балаға айтып беретін ертегіміз ылғи Алдар көсенің айласы, бастан аяқ жылмындаған тұлкі мінез, өтірік айту, алдап кету. Ақыл мен, еңбегімен табудың орнына түрлі айлаға салу. Осы ертегін рахаттанып күліп тыңдаған балалардың көбіне Алдар көсенің образы өмірлік үлгі болады. «Ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі» деген сөз осындайдан шыққан. Бұдан басқа ертегі, асықтан басқа ойын балларымызға ойлап шығармаған осындай халық екенбіз.

Осылай қазақ баланың «бос саутына» толтыратын ақылын ойға салып көрсек, өмірдің қиындығын жеңе білу, әр мәселені талқылап жолын табу, «в споре рождается истина», ерінбей еңбегімен табыс табу деген сияқты ақылдары айтылмайды. «Білімді, білігін, көргенің әке ден, атадан асу керек» деген сөздерді айтқызыбайтын әдег жастардың ақылы өсуіне кедергі болады.

Дұрыс тәрбие алған баланың ақылы әке, анасынан асып түсу керек, сонда ғана әке, ана баласына тәрбие бердім деп айта алады. Бала жасынан баланың ойын айтқызыбай, шулама, жүгірме, қонаққа көрінбе, үйде отыр, қаңғыма деп баланың мінезін есепсіз баса берсе, баланың дамуы тоқтайды, (развитие) бала ашылмайды.

Сондықтан балалар өзге адамның алдында тілі күрмеліп бұғып қалады, көбінде ойындағысын ашып айта алмайды, жеке жолын табайын деп тәуекел ізденбейді. Осылай көбінде ерлігі, азаматтығы, мұржасы бітелген ошақтың отындай, бықсып бара бара сенеді.

Қыз баланың жағдайы одан да қиын, себебі қазақтың қыз тәрбиесі әліде көп жерде бұрыштағы құыршағының айналасынан аспайды.

Неміс қалқының философы И. Канттың айтқанын «Природа наделяет человека темпераментом, характер он вырабатывает сам» қазақтың көбі естіген де жоқ, естігендері мән бермей түсінген жоқ.

Жаңағы айтылған сөздер, мақал мәтелдер, ертектеріміз көбінде жас өспірімге теріс тәрбие береді, себебі бастан аяқ өтірік сөзге үйретеді, таза көңілдегі сөздерді айтқызыбай мақтап адамды теріс бағытқа салады. Мысал үшін балаға « Сен батырсың, сен ақылдысың» дей берсе ол әрі қарай өсейін, бірдеме білейін, біреуден кем болмайын деп талпынбайды.

Мұндай тәрбие өскендеде өмірлік заңындай болып, біреу домбра ұстаса «ол композитор, ол дарын» деп, кітап ашпаған «академикке», сатып алған докторлығына «ойбай сіз ғалымсыз, сіз біздің мақтанышымызсыз» деп өтірік көтере береді.

Сөйлескен адамдар осы өтірік мақтауды айта берсе, мақтаулы адам сол атаққа үйреніп, аяқ астына қарамай кетеді.

Притупляется стремление быть лучше, не отстать от других, так как, его убедили в том, что он уже достиг высокого уровня, в его сознании складывается фальшивая высокая самооценка.

Заманның, тұрмыстың өзгергені, түрлі егей халықтардың арасында жүргендігімізді, олардың алды айға көзін салып, қолын сөзып, біздің ойымызға сыймайтын техникасын шығарып жатқанда, қазақ баяғы «қыздары шашын өрсін, баллары домбыра шертсін» дегеннен артыққа тәрбиесін қеңітпейді.

Ол білімсіздіктен, басқа елдердің терең ақыл жинағымен таныспағандығымыздан.

Біздер жиырмамыншы ғасырға дейін тағылықтан шыға алмай жүрген халық, енді келіп, жеңіл - желгі білім алар - алмастан әлемнің алдына түсеміз деумен әлектену деміз.

Білімсіздік деген сөз неліктен айтылды, ол біздің халықтың көбі қолына диплом ұстаса білімдімін деп шірене келеді, ал сол оқыған жұмысында толық пайдаланып, мамандығына өз тәжірибесінен ой қосып әрі қарай білімін өсіруді білмейді. Дипломдысы дипломсызынан білімділікпен, болмаса жалпы интеллектісі жоғарылығымен, болмаса мәдениеттігімен айырмашылығын білдіре алмайды.

Кешегі кеңес үкіметінің уақытындағы «интелегент» деген атаққа қазір мыңна-біреуі не бола алмайтындығы белгілі. Жалпы творчестволық екпіндіміз болмағандықтан, бірдеңе ойлап шығарайық, ескірген әдептерді өзгертейк, мәдениеттігімізді өсірейік дейтін ой тұғызбаймыз, жеңілі – әліде жел қаққан жаққа ығып жүре беретін жағдайдамыз.

Көзімізді ашқаннан көргеніміз мал болсада, сол малды бүгінгі заманда өнеркәсіп ретінде өсіруіне көше алмай жүрміз, оның сүек, жүн, терісін пайдаға асыра алмай, далаға шашып келеміз. Айта берсем көңілді бұзатын бағыт әліде де аз емес.

Алдында терең ақылдың жинағы кем дегенім, ол басқа халықтардың кітаптары, ішіндегі ойы, тарихы неше бір ғасырдан бері келе жатқан, көп халықтардың өсуіне тісегі болған. Сол кітаптардың күшін, олардың пайдалылығын біздің халықтың көбі әлі де түсінген жоқ.

Талай жылтыр костюм киіп, аузын толтырып ақыл айтып жүрген адамға, өмірде не оқып, не керіп, қандай ақыл жинадың десең, айтар сөз таба алмайды.

Ал осы жерді тереңдеу ойлап, талқылап көрейік – ақылды әке, ананың берердей шамасы болмаған болса, өзі кітап оқымаған болса, көпті көрген тәжірибелі адам болмаса, ақылды қайдан табады, ақыл өзінен өзі жиналмайды. Ақыл тиісті жағынан келмесе, шаштың ағаруына қарап жиналатын қасиеті жоқ.

Көп адам көзбен көргенін, оқып білгенін, басынан өткізгенін ойға алып, жақсы, жаман жерін айырып, ақыл ретінде балларына жеткізуді білмейді. Әке, ананың ақылға ақыл қосып, балларына бағытын көрсететіндей білігі, тәжірибесі болмаса, бала өздігімен жолын тәуекел іздеп қателікке түсуп кетуі ғажап емес.

Көпті білейін, ақыл жинайын деуші адам керекті кітаптарды таңдай біліп, көп оқу керек, оқығанды ойға салып, өмірге салыстыру керек. Бұл білім бала жасынан басталып тоқталмас өмірлік оқуы болу керек.

Осындай кемшіліктерімізді ескеріп бұл жағдайды түзейк дейтін адамдарды табар болсақ, осы бағыттарды әліде кеңітіп жалпы халықтың өмірге көзқарасын өзгертізу дұрыс болады. Бұл жұмыс білімді үлкен кісілердің міндетінде болу керек. Біз осылай өзге халықтардың арасында болып, солардың жүріп өткен жолын тауып, сол жолға балларымызды салмасақ, әрі қарайда әніміз домбырамыз бен шаңырағымыздан аспайтынына көз жетіп тұр.

Білімнің, мәдениеттіктің кемшілігіне өкіну керек деген сөзді айтайын деп отырған жоқпын, оның жетіспеген жерін іздеп табу керек, және жалпы халыққа түсіндіріп, түзейтін бағытына салу керек деген сөзім.

Отырған орнымызды көбінде ескермей, біреу өтірік мақтаса аяқ астымызға қарамай шірене кетеміз. Жаңағы айтылған сөздерді түсінген адам, «скромность» деген сөздің мағанасын тереңдеу түсінген болар еді. Ол сөз, адамның алған тәрбиелігімен келетін сөз.

Бұл статъямды жазып, айтайын дегенім, біздер халықтың даму бағытын, оны орындайтын әдістерін өзгертуіміз керек. ата бабаның айтқаны деп жалтаңдап, болмаса жолынан шықпаймыз деп жүре берсек жалпы цивилизациялық процестерден шығып қаламыз.

Жазуымды қысқартып көрсетейін дегендіктен кемшіліктеріміздің көбі әліде әбден ашылған жоқ, ол сана сезіміздің тайыздығы, білім дегенді тек құлаққа гүскенді мен білемін деп шығатындығымыз, көз қарасымыздың тарлығы сияқтылары.

Көп адам өзінің жалқаулығына сұлтау іздеп, балларына да еңбекқорлықтың бағытын көрсете алмайды. Ескірген салттарымыздан құтыла алмай жүріп, көбінде жастарға теріс, заманға келіспейтін тәрбие беріуімізді түсінген жоқпыз.

Бұл бағыттарды әліде ашып, кеңіте келіп талқылауға болар еді, бірақ өзін білетін қазағым осыныда оқып, оқығанын ойға салып тоқуын табалса, осы жазуымның нәтижесіне жеткендігі болып есептелер еді. Сондықтан айтылған мәселені, көптік пен талқылап, жағдайды тәуекел өзгерту керек.

Бұл сөздерімді түсінбегендері, болмаса көкірегін жеңе алмай, «өзім білемді» соғатындары, терең ақылға салмай, «қазақтың бетін жояды» деп ойбайлап шығатындары да аз болмас, оларға айтатыным - қазақ өзім, өзінің бетін жаңғыртағын уақыты келді. Ағайындар, алдымыздағы заманның өзгерістеріне, қиындықтарына дайын болу керек. Ол үшін жеке жолымыздан шығып, жалпы халықтардың үлкен жолына түсуіміз дұрыс болады.

Қазір Республика да тіл мәселесі жаңғырып көтеріліп жатыр, бұл жөнінде қосар «екі сөзім», орыс тілінде бұрын айтқан сөздеріме қосымша.

Осындай жағдайда жүрген халықпен мемлекет құрамыз дейміз, жер бетіндегі мемлекеттердің алдына түсеміз дейміз, осы халықпен Европаны басқарып, қан төгістің арасындағы халықтарға ақыл айтамыз дейміз, меніңше бұл жүктің бәрін көтереміз деп жүргенде «бел-омыртқамызды» сындырып алмайық, ағайын.

Қазақ тілін қазақтың өзінің жүрегінен өткізіп, өз арасындағы араластық тіл ету керек, басқа ұлттық адамдарды «үйрен» деп зорлыққа сәлмай, себебі біздің тілдің оларға қажеттігі жоқ.

Жалпы заманымызға сәйкес боламыз десек, арадағы орыс тілдің білігін нығайту керек. Латын әріпі мен ағылшын тілі бізге тірек болмайды, себебі арамызда ағылшын жоқ, олар бізді өз қатарына алмайды, шет елге әрі кеткенде 1% адам шығады жылына, 99%-ке бұл әріптіңде, тілдіңде қажеті жоқ.

Бірдеңе білейік, үйренейік, мемлекетімізді күшейтейік деген мақсатымыз болса, орыс халқы мен болайық, басқа елдермен араластығымызды кемітпей жүріп.

Меніңше үш тіл болсын, бес тіл болсын, бірақ білім алып, ақыл жинайтын бір тіл ғана болады, біздің қазақтың жағдайында ол тіл – орыс тілі, оған альтернатива жоқ.

«Бұл қайдан басымызға түскен ақылшы» деп сөзімді менсінбешілерге айтатыным. Менің оқуымда бар, кез келгеннің қолынан келмейтін жасаған жұмыстарым да болды. Талай түрлі бағыттан мақала жазып Қазақстан, Россияның интернетіне, газет бетіне орыс тілінде шыққанымда аз емес. Қайбір хат, мақаламның аргументтері Астананың үлкен орындарында да, біреу арқылы, қаралғандары болды.

Кәртә ойнамаймын, қол ұстасқан қазаққа еріп той мен садақаның арасында, көптікке көрнейін деп, жүрмеймін. Халықпен болайын деп, қонақтықтың қызығында, жаттаулы жылтыр тілек айтып жүретін, өтірік беделге қызықпаймын.

Тийісті жерде ойыма келген ақылымды айтудан қашатын адам емеспін. Түрлі салада жұмыс жасағандықтан біраз тәжірибемде барғой деп ойлаймын. Өмірімде өз күшіммен Ресейде жүргендеде, Қазақстанға келгендеде жақсы бағалы жұмыс жасап дегеніме жетіп жүрдім. Оның бірі еліме деп электротехнический зауыт салып едім, бірақ ел, мемлекет керектігін түсінбегесін, ашылғаннан кейін 17 жыл өткізіп жауып тастадым.

Әрине, басымнан өткен қателіктерім де аз емес, оларда өмірлік сабақ болды. Осының бәрі ойлаған адамға жинақталған ақыл деуге болады. Ол білген, көргенімді, басымнан өткізгенімді халқыма, соңымызда келе жатқан ұрпақтарға пайдасы болар деп қағаз үстіне шығарып отырғаным. Өмірімде тазалыққа таза қарап, арамдық, қылмыстық істеген адам емеспін. Өз жолымнан тайып, ығып жеңіл жол іздеген жоқпын.

Тіл мәселесі жөнінде ойымды менің сайтымадағы «Через язык постигая мир ...», «Нужна ли нам латиница» деген мақалалардан табуға болады.

Ойымның тұқитері астымыздағы қайықты шақай бермейк, арты жақсылыққа әкелмеуі ықтимал».

Атым Физат, әкем аты Хамидулла, фамилиям Халилов. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы. 2017ж. Эл. адрес: gizath@mail.ru тел. +7 777 221 04 83 сайт: www.gizatkhaliylov.kz

Господину Халилову

Глубокоуважаемый Г.Халилов, читать ваши безразмерные статьи скучно и бесполезно по той простой причине, что они неактуальны и не имеют никакой связи с действительностью.

Во-первых, вопрос о том, надо ли или не надо Казахстану переходить на латинскографическую письменность уже не обсуждается. Это решенный вопрос.

Во-вторых, читая ваши письма и статьи поражаешься тому, что вы, будучи гражданином Республики Казахстан, не нашли ничего позитивно-положительного в общественно-бытовой жизни казахского народа, начиная от «Бабалар сөзі» и этновоспитательных крылатых фраз. Удивительно и то, что, как сами признаетесь, не видели глобальный труд, тем не менее с закрытыми глазами рассуждаете о нем. Размах вашего рассуждения по политико-общественно-жизненным вопросам в отношении казахов могут «поразить» любого здравомыслящего человека, но мы не станем обращаться за цитатами из ваших «гениальных» произведений из-за экономии времени и сил.

В заключение, желаем вам здоровья и успехов вашему «ТЕХНОПРОЕКТУ». Думается, что от вашего ПРОЕКТА будет больше пользы для страны, чем бестактные ваши нравоучения и примитивные рассуждения. Не будем заниматься бесполезными дискуссиями, надеемся, не будет продолжения и с вашей стороны.

**С уважением,
Институт языкознания
имени. А.Байтурсынулы**

Уважаемый Президент РК
Н. А. Назарбаев!

Накму сразу с тобой, что я
угнетенный, против перехода
с казахского алфавита
(кириллицы) на латиницу

и удивляюсь тому, что
казахстанские ученые так
легко и быстро готовы
согласиться и расстаться

с таким уникальным
алфавитом, который был
составлен настоящим
ученым, болевшим душой
и сердцем за родной язык
и особенно за его письменность
(то арабская, то латиница)

А как же своя письменность?
Наверно, это и есть
первая ступень рухляки
просто, понятно, доступно!
на родном языке!

Я не казашка, но для меня
обадно.

Где, в каком языке ^{на А-5196}
такие удивительные
уникальные, сферицические
только казахскому языку,
присущие буквы
Ә, Ә, Ү, Ү, Ө, Ө, Ғ, Ғ, Ң, Ң, Ҫ, Ҫ, Ҫ
Әдіт, Әте, маңа, шәһ казаш ⁴⁹⁷
_{и 105}

В любой иностранной
языке эти буквы вызовут
воспоминание о сходстве
их алфавитом с алфавитом
казахского языка.

Например, во француз. языке
нет совсем буквы ре.

У них этот звук передается
через буквы 'r' (и) или 'r' (о)
в зависимости от местоположе-
ния и от гласных

jour [жур] - день

rire [рир] ("мизер"): р это 'r'
стоящая перед 'и' - перед 'и'

'r' это 'r' стоящая между
'и' и 'е'

и вот буква 'r' (r) - regarde
(смотреть) где 'r' (o) стоит
перед гласной 'а'

В англ. языке: пишется cat,
читают "кэт" - "котика"
в приводе - - - - -

А как написать казахское
слово "иен" - трава, если
у них "шоп" - магазин
и "ш" у них нет)

В немец. языке то же и написать
слово "deutsch" - нем.
одной буквой т надо
написать 4 буквы t, s, c, h

Я думаю, казахам своим
казахским алфавитом
надо гордиться, восторгаться
лучше чем чужих наших
сил изобрести и составить
используя и буквы кириллицы,
уникальный алфавит,
буквы которого передают
специфику поэзии, слова
и родной речи!

Покажите детям - школьникам
6-7 летних, которые с
радостью будут учить эти
Ә, Ә, Ү, Ү, Ұ, Ұ, Ү, Ү, Ү, Ү,
как им легко будет освоить шипы
и русским алфавитом, легко
и свободно читать как на
казахском, так и на русском
языках мировую художественную
классику и научную литературу,
получать знания, понимать
смысл прочитанной книги

В китайском языке 8 тысяч иероглифов,
самое употребительное
3 тысячи иероглифов
Трудно учить? Конечно.
Они учат и английский, а
свои иероглифы берегут
и гордятся, учат.

Попробуйте почитать казахски,
текст на латинице
Вниманию будет направлено
на чтение и произношение
слов, а текст, следом будет

уходить на второй план
Латиницу дети и так угас
пусть он и останется иностран-
ным языком. и владеют
им уже многие свободно,
когда и напишут на этих
языках свои мысли, тексты.

Не зря же с 7 лет угас ит. яз
Свои алфавит, свою графичку
когда берешь, бердатель и
восхищаются, неведать
потомкам, будущим поколениям
Идут зная, что у казахов
они и есть свои алфавит

Мое объяснение очень простое.

А куда девать миллионные
тысячи книг, хотя бы
написанных и изданных за эти
25 последних лет на родном
казах. языке своей родной
графикой? Кто их будет
читать потом, если не будут
знать казах. графички на
кириллице.

Везде у многих графика страны
свои богатые библиотеки.

Когда я узнала Викетичу, что
моя издательская работа Сталина
"Марксизм и языковедение"
Там было написано, что придет
время, когда языки будут

боротва, гез язык будет более
востребован на мировом
арене. (англ, рче кибано
или другие)

Визит, то время пришло.

А наши профессора сказали:
Берегите свой язык, свою
"национальность" - это историческая
страна, государство на века!
Русский язык его украшение
(кириллицей - полюбуйтесь)
многие языки (уникальные)
народов сотворили проблемы
и, может быть, мира.

Это надо помнить, а не бороться

Не сердитесь на меня,
может, точ слишком серьезный,
не сломана программа.
Советы не позволяла.

Лобелю написать статью в
газету "Казахстанская
Правда", но решила
прежде написать Вам.
Сами решите: если по сти-
люете функциям, пусть переведут
на каз. язык и напечатают
в газете.

С уважением
Аннелибабба Галина Садрнальевна
27. IV-2017. Павлодар ул. Кирова 61/1 - 4

Сдел. не ст. 1/1/1/1

5.2 Ұсынылған жобалар

Жаңа әліпби жобасының жетістіктері мен жетіспеушіліктері

Құспан Аронов

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің
доценті, филология ғылымдарының кандидаты
Орал қаласы

Еліміздің парламентінде 11-12 қыркүйекте тыңдалған алғашқы әліпби жобасы қазақ қоғамында қызу талқыланды. Еліміздің басқа аймақтары тәрізді біздің облысымызда, Орал қаласында арнайы ұйымдастырылған әр түрлі ұжымдық жиындарда, дөңгелек үстелдерде, семинар, конференцияларда т.б. осы жоба барынша жан-жақты талқыланып, түрліше пікірлер айтылды, ұсыныстар жасалды. Солардың бірқатарына сарапшы маман ретінде өзіміз де қатысып, пікір-ұсыныстарымызды ұсындық. Мәселен, Облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен 2 қазанда Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжде әліпби жобасын талқылауға арналған дөңгелек үстелге қатысып, өз жобамызды ұсынған едік. Біз ұсынған әліпби жобасында бірқатар төл дыбыстарымыздың таңбалары латын әріптеріне апостроф белгісін дәйекше ретінде пайдалану арқылы таңбаланған болатын. Мысалы: **A'a' [ә], G'g' [ғ], I'i' [ы], N'n' [н], O'o' [ө], S's' [ш], U'u' [ү]**. Бұл әліпби жобамызда 28 төл дыбыс, 2 кірме дыбыс (**x, h**) таңбаланған, яғни барлығы 30 әріптен тұрады.

9 қазанда Елбасы назарына ұсынылған жаңа жобадан өз жобамызға сай келетін көптеген сәйкестіктерді көріп ерекше қуандық. Бұрынғы жобаны талқылау барысында мамандар, зиялы қауым тараптарынан айтылған сын-ескертпелер, ұсыныстар бұл жобада барынша ескерілген екен. Атап айтқанда, жаңа жобада бір дыбысқа бір әріп қағидаты мүмкіндігінше сақталынған. Тек екі жерде аталған қағидат бұзылған, яғни **Hh [x], [h]** мен **I'i' [и], [й]** дыбыстарын таңбалауда екі дыбысқа бір әріп қағидаты ұсталынған.

Жаңа әліпби жобасының ең басты артықшылығы бұрынғы жобада ұсынылған диграфтық таңбалар алынып тасталған. Өйткені төл дыбыстарымызды диграфтық таңбалармен (қос әріптермен) беру қоғам тарапынан түсініспеушілік туғызды, қатты қарсылыққа тап болды. Әсіресе, тіл мамандары, ғалымдар төл дауысты **ә, ө, ү** дыбыстарын **ae, oe, ue** түрінде диграфтық таңбалармен беруді мықтап сынға алды. Бұл өте орынды сын еді. Себебі дүниежүзілік әліпби жасау тәжірбиесінде дауысты дыбысты қос дауыстының таңбасымен беру бұрын-соңды болмаған. Егер бұрынғы жобадағы көрсетілген диграфтар қабылданып кетсе, дұшпанға – күлкі, досқа – таба болар едік.

Жоғары айтылғандардан басқа бұрынғы жобамен салыстырғанда жаңа жобада көптеген артықшылықтар мен жетістіктер бар.

Біріншіден, жаңа жобада 9 дауысты мен 19 дауыссыздан тұратын төл дыбыстармыздың әріптері әліпбидің құрамына толықтай ендірілген. Ал бұрынғы жобада 7 төл дыбысымыз диграфтармен таңбаланып, әліпби сыртындағы қосымша таңбалар ретінде берілген. Бұл – алғашқы жобаның үлкен кемшілігі.

Екіншіден, жаңа жобада ұқсас әріптерді бір–бірінен ажырату үшін ешқандай диакритикалық қосымша белгілер қолданылмаған. Ал әріптерді айыруда жұмсалған апостроф диакритикалық белгілердің қатарына кірмейді.

Үшіншіден, дыбыстарды таңбалауда қосымша белгі түрінде қолданылған апостроф әліпбидегі ұқсас әріптерді бір–бірінен айырып қана қоймайды, сонымен бірге төл әліпбиімізді латын жазуындағы басқа халықтардың әліпбилерінен ерекшелеп тұрады. Өзгелердің қазақ әліпбиін бірден ажыратуына, тануына көмектеседі.

Төртіншіден, жаңа жобада латын әріптерімен дыбыстарды таңбалауда жалпы түркілік бірізділікке ұмтылушылық бар. Мұны **ж** дыбысын **Jj** әрпімен таңбалаудан анық көреміз. Латын жазуын қолданып отырған түркі халықтарының әліпбилерінде **ж** дыбысы осылай таңбаланған. Алғашқы жобада **Jj** әрпі **й** дыбысын таңбалаған болатын. Бұл қалыптасқан қағиданы ескермеу екені сөзсіз.

Бесіншіден, жаңа әліпбиде бір дыбыс – бір әріп қағидаты барынша сақталынғандықтан үйренуге жеңіл, жазуға қолайлы. Ал бұрынғы жобадағы әліпби жөнінде бұлай айта алмаймыз. Сондықтан алғашқы жоба көпшілік тарабынан орынды сынға алынды.

Алтыншыдан, жаңа әліпби техникалық, экономикалық жақтарынан тиімді. Өйткені латын-ағылшын таңбалары орналасқан пернетақтадағы ешбір әріп өзгертілмейді, қосымша әріптер енгізілмейді.

Жалпы алғанда, жаңа жобаның біз байқаған осындай артықшылықтары мен жетістіктері бар. Сондықтан жаңа әліпби жобасын қолдай отырып, оны әлі де жетілдіре түсу үшін мынадай ұсыныстар бергенді жөн көреміз:

1. Әліпбиімізде бір дыбыс – бір әріп қағидаты толық сақталуы керек. Бұл қағидат негізге алынбаған таңбаларды өзгерткеніміз дұрыс. Себебі, бір әріпті екі дыбыстың орнына қолдану орфографиямызда қиыншылықтар туғызады. Тіпті кейбір дыбыстардан бірте-бірте айырылуымыз мүмкін. Мұның айқын айғағын қазіргі түрік тілінен көруімізге болады. Жазудағы олқылықтар мен өзге тілдердің әсерінен қазіргі түрік тілі **к, ғ, н, ұ** дыбыстарынан айырылып қалды.

2. Жаңа жобада латынның **Hh** әрпі тіліміздегі **х, һ** дауыссыздарының таңбасы ретінде ұсынылған. **Hh** әрпі **һ** дыбысының таңбасы ғана болғаны қолайлы. Қазіргі тіліміздің сөз байлығында **һ** дыбысы ұшырасатын бірқатар сөздер бар. Мұны ешкім жоққа шығара алмайды. Тіпті осы дыбыс жоғарыда көрсетілген таңбамен 1929-1940 жылдар аралықтарында қолданылған латын жазулы қазақ әліпбиінде де берілген. Сонымен қатар қазіргі латын жазулы

түрік, әзірбайжан, өзбек, түрікмен әліпбилерінде **h** дыбысы **Hh** әрпімен таңбаланған.

3. Латын жазуындағы **Xx** әрпі **x** дауыссызының таңбасы болғаны тиімді. Себебі, қазіргі әзербайжан, өзбек әліпбилерінде аталған дауыссыз тап осылай таңбаланған. Оның үстіне қазір қолданып жүрген орыс жазулы әліпбиімізде де бұл әріп бар. Кейбіреулер **x** дыбысы мен әрпі санаулы сөздердің құрамында қолданылады деп қате түсіндіріп жүр. Тілімізге араб, парсы тілдерінен енген кірме сөздер арқылы ауысқан **x** дыбысы қазір көптеген сөздердің құрамында кездеседі. Нақты айтқанда, 15 томдық «Қазақ әдеби сөздігінде» **x** әрпімен басталатын 475 сөз бар. Бұған осы әріп ортасы мен соңында келетін сөздерді қоссақ, олардың сан-мөлшері бірнеше есеге өседі.

4. Жаңа әліпби жобасындағы таңбалар қағидатына сай келмейтін әріп – **Г'і'**. Бұл таңбамен **и** және **й** дыбыстары таңбаланған. Қазақтың төл дыбыстық жүйесінде **и** дыбысы мүлдем жоқ. Тілімізге орыс сөздері арқылы енген **и** дыбысының таңбасын төл атауларымызды жазуда кеңінен қолданып ғана қоймай, дауысты дыбыстардың қатарына қосты. Бұл - қате түсінік. Соған қарамастан осы қателік мектеп оқулықтарынан әлі де алынбай отыр. Сондықтан **и** дыбысына жаңа әліпбиде орын жоқ. Ал **й** мен **ы** дыбыстарының әліпби жобасындағы таңбалары ауыстырылуы керек. Өйткені латын жазуын қолданушы түркі халықтарында **й** дауыссызының әрпі – **Үу**. Осыған сәйкес қазақ әліпбиінде де **й** дыбысының таңбасы – **Үу** болса, **ы** дауысты дыбысын **Г'і'** таңбасымен таңбалағанымыз жөн.

5. Әліпби жобасындағы таңбаларын ауыстыратын дыбыстар – **у** мен **ұ**. Себебі латын жазуын қолданушы көптеген халықтарда, соның ішінде түркі халықтарында **Uu** әрпі **у** дыбысын таңбалайды. Бұл – әбден қалыптасқан қағидат. Сондықтан қазақ әліпбиінде де **Uu** әрпімен **у** дауыссызын, ол әліпбидегі **Ү'у'** әрпімен **ұ** дауыстысын таңбалағанымыз орынды болмақ.

6. Латын жазулы қазақ әліпбиін жасауда осы жазуға бізден бұрын көшкен түрік, әзірбайжан, түркімен, өзбек бауырларымыздың тәжірбиелерін үнемі ескеріп, жетістіктерін пайдаланып, қателіктерінен сабақ алғанымыз жөн. Әліпбидегі ортақ дыбыстарға таңба белгілеуде жалпытүркілік бірліктілік қағидатын ұстануымыз керек.

7. Жаңа жобада әліпби құрамына шетел сөздерін жазу үшін қажетті деген желеумен енгізіліп отырған **ф, и, ч, в** дыбыстары мен олардың таңбаларын алып тастау керек. Егер бұлай істемейтін болсақ, қазіргі қолданып отырған жазудағы былықтар, жазу, айту нормаларының бұзылуы, тілді қолдану өрісінің тарылуы, терминдердің ұлттық мүддеге сай жасалмауы т.б одан әрі жалғаса береді.

Қорыта айтқанда, латын жазуына көшу әдеттегі көп ғалымдардың бірі емес. Жаңа әліпби жасаудың мәні мен маңызы өте зор. Ең алдымен, латын жазулы әліпбиге ауысу тіліміздің өзіне тән дыбысталуын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Тіліміздің қолдану өрісін кеңейтіп, бәсекеге қабілетті етеді. Ал саяси, идеологиялық тұрғыдан алғанда жазу реформасы қоғамдық сананы жаңғыртудың іргетасы бола алады.

**Латын жазулы қазақ әліпбиі
(Қ.Ароновтың жобасы)**

	Жазылуы	Айтылуы	№	Жазылуы	Айтылуы
1	A a	[a]	16	N`n`	[ң]
2	A` a`	[ә]	17	O o	[o]
3	B b	[б]	18	O`o`	[ө]
4	D d	[д]	19	P p	[п]
5	E e	[e]	20	Q q	[қ]
6	G g	[г]	21	R r	[р]
7	G`g`	[ғ]	22	S s	[с]
8	H h	[һ]	23	S`s`	[ш]
9	I i	[і]	24	T t	[т]
10	I`i`	[ы]	25	U u	[у]
11	J j	[ж]	26	U`u`	[ү]
12	K k	[к]	27	Y y	[й]
13	L l	[л]	28	Y`y`	[ұ]
14	M m	[м]	29	Z z	[з]
15	N n	[н]	30	X x	[х]

Құрметті Қ.Аронов мырза!

Елбасының бастамасымен қолға алынып отырған қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесі қазіргі таңда өзекті болып отыр. Алғашқы жоба Парламент отырысында қаралып, көпшіліктің талқысына ұсынылды. Осындай жауапты іске бей-жай қарамай, өзіңіздің ұсынысыңызды білдіріп жатқандығыңыз, сіздің тілге деген жанашырылығыңыз бен құрметіңіз деп білеміз.

Сіз қазақ тілінің жанашыр азаматы ретінде қазіргі латын әліпбиіне байланысты өзіңіздің жобаңызды ұсынып, пікіріңізді білдіріп жатқандығыңыз орынды. Ұсынысыңызды мұқият қарап шықтық.

Сіз хатыңызда парламент отырысында талқыланған екі жобаны салыстыра отырып, артықшылығы мен кемшілігін ашып бересіз. Әсіресе кейінгі ұсынылған жобаны, яғни дәйекшемен беруді қолдайсыз. Бір дыбысқа, бір әріп қағидатын ұстанасыз. Бір әріпті екі дыбыстың орнына қолданған жағдайда орфографияда қиындықтар туындайтынын айтасыз. Жаңа жоба бойынша ұсыныс білдіріп, Н-ны h-мен, X-ны x-мен таңбалау керек екенін, **ы** дыбысын **I`i`**-мен, **ү**- дыбысын **u`u`** әрпімен таңбалауды ұсынасыз. Сондай-ақ **ф**, **и**, **ч**, **в** кірме дыбыстарын алып тастауды жөн көресіз. Бұл ойыңыз орынды. Алдағы уақытта сіздің ұсынысыңыз ескеріледі деген ойдамыз.

Сіздің пікіріңіз әрі қарайғы латын әліпбиін жетілдіру үшін қажет.

Сіздің әрі қарайғы жұмысыңызға сәттілік тілейміз.

*Құрметпен, А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты*

ҚР ПРЕЗИДЕНТІНЕ АШЫҚ ХАТ

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Осы жылдың ең маңызды оқиғасы – латын әліпбиіне көшу бастамаңыз қазақ халқының тарихында мәңгі қалатын іс болайын деп тұр. Қазақстан халқының, әсіресе қазақ ұлтының едәуір бөлігі латын әріптерін қолдап, оның артықшылығын жақсы түсінгенімен де, бұл әліпбидің нақты қай нұсқасына көшу керектігі ел арасында үлкен талқы туғызуда. Өзіңіз білетіндей, латын жазуының басты екі түрі – стандарт 26 әріпке негізделген және қосымша әріптері бар нұсқалары белгілі. Әр нұсқаның өз ұтымды да, кемшін тұстары бар.

Сізге хат жазуымыздың себебі, алайда, белгілі бір нұсқаның артықшылығын көрсетіп, сол нұсқаны бекітуіңізді сұрау емес. Хаттың мақсаты – қазақ тіліндегі кейбір дыбыстарды қаншалықты ұтымды да қолайлы жолмен жазуға болатынын сіздің назарыңызға ұсыну. Қарастырылатын дыбыстар: [к], [к], [ғ], [г], [ш] дыбыстары. Алдымен [к], [к] және [ғ], [г] дыбыстарын қарастырайық. Ол үшін түрікпен тілінің жазу тарихына үңілуіміз керек. Кеңес заманында басқа түркі тілдері секілді түрікпен тілі де Жаңәліп жазуын қолданған. Бастапқы кезде түрікпеннің жаңа әліпбиінде 40 әріп болатын: А а, Аа аа, В в, С с, Ç ç, D d, E e, Ә ә, F f, G g, Q q, H h, I i, J j, K k, L l, M m, N n, □ □, O o, Oo oo, Өө өө, P p, Q q, R r, S s, Ş ş, T t, U u, Uu uu, V v, X x, Y y, Yu yy, Z z, Z z, Ь ь, Ь ь.

1930 жылы Бірінші іліми тіл білімі конференциясында созылыңқы дауыстыларды білдіретін диграфтар ресми түрде түрікпен әліпбиінен шығарылып тасталды. 1934 жылы орфографиялық комиссия шешімімен Q және Q әріптері шығарылып тасталды, ал тағы екі жылдан кейін — X әрпі. Шығарылып тасталған әріптер орнына G, K және H қолданылатын болды. Бұл әдіс кейін кириллицаға көшкесін де сақталды, яғни [к] және [ғ] дыбыстары тек К және Г боп жазыла берді. Қазіргі латын әліпбиінде де бұл дыбыстарға арнайы әріптер жоқ. Түрікпен тілінде Қ деген де, Ғ деген де дыбыстар бар, бірақ олар үшін жеке әріптер жоқ. Түрікпен жазуында К және G әріптерімен таңбаланатын Қ және Ғ дыбыстары түркі тілдерінің алтын қазығы – үндестік заңы арқылы К және Г дыбыстарынан ажыратылады. Жіңішке сөздердегі К әрпі К деп оқылса, жуан сөздердегі К әрпі Қ деп оқылады. Ендігі кезекте бауырлас қырғыз ұлтының әліпбиі талқыланады. Қырғызстанда өткен ғасырдың 40-жылдары Қазақстандағыдай кирилл әліпбиі қабылданған болатын. Жазудың ерекшелігі [к] және [ғ] дыбыстарына бөлек әріптердің болмауы еді. 80 жылға жуық уақыт өтсе де, жазуда жоқ дыбыстар қырғыздардың да, түрікпендердің де тілдерінен жоғалып кетпеді. Қазақ тілі аталған түрікпен және қырғыз тілдеріндей үндестік заңына бағынады.

Әзірше бейімделмеген кей кірме сөздерді есептемегенде, қазақ сөздерінде дауыстылар тек не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке бола алады. /q/ (к) дыбысы – /k/ (к) дыбысының, ал /v/ (ғ) дыбысы – /g/ (г)

дыбысының аллофоны болып табылады. Аллофон деп жанындағы дыбыстарға байланысты фонеманың әртүрлі дыбысталуын айтамыз. Қ мен Ғ тек жуан сөздерде, К мен Г тек жіңішке сөздерде кездеседі. Бұл жайт шетелдік тіл мамандары мен әлем тілдеріне қызығушылық танытатын адамдар үшін қазақ тілі тартымдылығын сөзсіз арттырады, үйткені мұндай елеулі ерекшелік ілуде бір тілдерде ғана кездеседі. Қазақ тілі Қазақ елінің бренді бола алатынына кәміл сенімдіміз.

Осыған орай әзіргі әліпбиде бар Қ және Ғ әріптеріне болашақ латын жазуымызда жеке-жеке әріп арнамай, 4 дыбысқа 2 әріп арнасақ болады. Онда Q мен Ğ әріптері қазақ тілі үшін қажетсіз боп шығады. [к] дыбысының аллофоны боп табылатын [қ] дыбысы үшін Q деп арнайы әріп арнайтын болсақ, онда [г] дыбысының аллофоны боп табылатын [ғ] дыбысы үшін Ğ деген қолайсыз арнайы әріп арнауға немесе GH деп қос әріп жұмсауға тура келеді.

Қазақ сөздері негізінен дауысты дыбыстармен анықталады:

Kal - Қал

Kıl - Қыл

Kul - Құл

Kol - Қол

Kel - Кел

Kil - Кіл

Kül - Күл

Köl - Көл

[к] мен [қ] дыбыстары үшін – латынның К әрпі, [г] мен [ғ] дыбыстары үшін – латынның G әрпі.

Сонда мемлекетіміздің атауын сіз 1991 жылы әлемге алғаш танытқан түрінде Kazakstan деп қалдыра аламыз.

Әріптерді біріктіруге Q әрпінің жақтаушылары қарсы болуда. Кейбір кісілерге бір кездері пайда болған Қ әрпін Q деп белгілеу идеясы ұнап қалғаны сонша — жедел түрде барлық атауларды қазақ тілі тұрғысының практикалық қажеттігі ескерілместен ауыстырыла бастады.

Ендігі мәселе – [ш] дыбысы.

Кеңес одағында 1928-1940 жж. түркі тілдері үшін қолданыста болған жаңәліп жазуы негізінде жасалған ұлттық әліпбилердің басым көпшілігінде [ш] дыбысы Ş әрпімен, ал [ч] дыбысы С әрпімен берілген, алайда [ч] дыбысы жоқ қазақ тілінде [ш] дыбысы үшін С әрпін алуға шешілген. Өткен ғасыр ғалымдарының бұл шешімін оңтайлы да ұтымды деп білеміз. Қазақша мәтіндерде ең жиі кездесетін дыбыстардың бірі – [ш] үшін латын жазуының С деген ең бір стандарт әрпін алу шешімінің ыңғайлығын асыра бағалап жіберу мүмкін емес-ті. Қазақ латын жазуындағы осы жолды болашақ латын жазуымызда да қолдансақ, тіліміз үшін үлкен жеңілдік болмақ.

Сізге ұсынылған әліпби жобаларының басым көпшілігінде латынның С әрпін [ц] немесе тіпті [ч] дыбыстары үшін қолданбақшы ой білдірілген. Сіз соңғы сұхбаттарыңызда атап өткендей, қазақта [ц] мен [ч] дыбыстары жоқ. Қазақ тілі дәстүрінде дыбыс жүйесіне жат [ц] дыбысы [с] дыбысымен, [ч]

дыбысы [ш] дыбысымен алмастырылады. Демек, Ч және Ц дыбыстарын белгілеу мәселесі қазақ тілінде әлдеқашан шешіліп қойған: Ч → Ш, Ц → С.

Ш дыбысына жеке әріп арнағанша (Ş, Š) немесе қос әріп жұмсағанша (SH, SZ), қазақ латын жазуында қолданысқа жөндеп енбей тұрған бос әріп С-ні алу абзал болар.

Құрметпен,
Нұрбаев Қанат Сейітқалиұлы
Бағидолла Нұрсұлтан Маратұлы
Сейтақ Бибарыс Айбатырұлы
Ашим Ержан Жамбылұлы

**Құрметті Қанат Сейітқалиұлы
Нұрсұлтан Маратұлы
Бибарыс Айбатырұлы
Ержан Жамбылұлы!**

Сіздердің қ, ғ, ш дыбыстарын латын графикасында таңабалауға қатысты ұсыныстарыңыз – назар аударарлық және жаңа әліпби таңдарда ойланатын да пікір.

Қазақ тілі дауыссыздарының ішінде фонемалық статусы дау туғызып келген **қ-ғ, к-г** дыбыстары болғаны рас. Бұларға екі әріп арналу керек пе, әлде төрт әріп арналу керек пе деген мәселе А.Байтұрсынұлы әліпбиінен де бұрынғы жазу кезеңдерінде шыққан еді.

Көне түркі жазуында бұл дыбыстардың жуан-жіңішке және тіпті еріндік жуан, жіңішке таңбасы болды. Дауысты дыбыс әріптерінің көбейіп, дауыссыздар саны азайған кейінгі жазу кезеңдерінде дауыссыздың екі жұбы қатар сақталған осы **қ-ғ, г-к** әріптері болды.

Түркі халықтарының ішінде түрік, қырғыз, татар жазуларында бұл дыбыстарға әліпбиде екі таңба арналған: фонемалардың жуан, жіңішкелігі іргелес келген дауыстының әуеніне байланысты ажыратылады.

Қазақ әліпбиінде **қ-ғ, к-г** таңбаларының сақталуы А.Байтұрсынұлының төте жазуынан басталады. Ғалым “қ, к, ғ, г дыбыстары ауыздан шығу орны бір-бірінен алыстап кеткен, бұларды бір-бірінің жіңішке түрі деу қисынсыз” [Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. Алматы. 2005.–144 б., 41б.], сондықтан төрт дыбысқа төрт түрлі әріп арналсын деген [108 Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. Алматы. 2005.–144 б., 25б.]. Ал Қ.Кемеңгерұлы аталған фонемалардың өзіндік жуан-жіңішке варианттары қалыптасып келе жатқанын айтқан [Жұбаева О. Қ.Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары: фил.ғыл.канд.дисс. Алматы, 2002-171 б., 19б.].

Қырғыз тілінің әліпбиін түзген К. Юдахин: “Различие пары к-қ, ғ-г ничем не отличается от различия между собой вариантов других согласных. Следовательно, если нужны особые буквы для твердого қ и твердого ғ, то

казалось бы, не менее нужны они для твердых вариантов прочих согласных фонем” деп, 4 дыбысты 2 таңбамен беруге болатын тілдерге қазақ, қырғыз, ноғай, қарашай, балқар тілдерін жатқызады да, өзбек, әзірбайжан, ұйғыр әліпбиінде 4 таңба арналу керек. Өйткені соңғы тілдер тобында сингармонизм заңы бұзылған дейді. Бірақ іс жүзінде керісінше болды: өзбек, әзербайжан, татар, түрік тілдері әліпбиінде екі таңба (**к**, **г**) алынды да, қазақ графикасында төрт әріп төрт дыбыс-фонемаға арналды.

Дыбыс-фонема инварианты немесе варианты екенін анықтауда сол тілдің вокализм жүйесімен тіркестіріп көру әдісі қолданылады. Бұл тәсілді ең алғаш ұсынған К.Юдахин мен А.Сухотин: “Во всех языках, где варианты лишь сочетания қа, қо, қы, құ, ға, ғо, ғы, ғұ, но невозможны сочетания ке, кө, кі, кү, ге, гө, гі, гү, но невозможны ка, ко, кы, га, го, гы, гү, буквы қ и ғ могут безусловно быть устранены из алфавита и заменены буквами к и г. Фонематический они различаются в тех языках, в которых либо вследствие полного усвоения вокализма другой системы (узб.) либо вследствие массового наплыва арабо-персидских слов, сингармонизм оказался в большей или меньшей степени нарушенным. ...Сокращение букв қ и ғ не может быть проведено в отношении тех языков, где звуки қ и ғ могут сочетаться с мягкими гласными, а звуки к и г с твердыми гласными: *қәбір, лұғәт, қәйри, katib*” деп, <қ> фонемасының жіңішке варианты, <к> фонемасының жуан варианты жоқ деген.

І.Кеңесбаев “[к] мен [к] бір фонеманың екі түрлі айтылуы (немесе жуанды, жіңішкелі варианты) деп қарау дұрыс емес: жуан дауыстылардың [к] мен жапсарласып, жіңішке дауыстылардың [к] мен жапсарласып келуі де, жасалу (артикуляциялық) орны жағынан бұл екеуі әр қилы болып келуі де ([к] тіл арты арқылы жасалады да, [к] тіл ортасы арқылы жасалады) бұлардың екі түрлі фонема екенін дәлелдейді; [ғ], [г]-нің де бір-біріне қарым-қатынасы осы тәрізді. Қазақ тіліндегі дауыссыздардың жуанды-жіңішкелі болып келудің фонематикалық мағынамен байланысуы тек [к] - [к], [ғ] - [г] тобында бар деп түсінуіміз керек; [к] - [ғ]-ның жасалу орны бір бөлек, [к] - [г]-нің жасалу орны екінші бөлек болып келуі тәрізді қасиет өзге дауыссыздарда тіпті байқалмайды. Өзге дауыссыздардың (мәселен, [т], [з], [р] т.б.) әрқайсысының жуан-жіңішкелі болып келуінің фонематикалық мағынаға әсері жоқ; *от, оз, ар* дегендегі *т, з, р* жуан айтылады да, *өт, өз, өр* дегенде бұл дауыссыздар жіңішке айтылады. Солай бола тұрса да, бұл жуан-жіңішкелік өздігінен тұрып сөзге мағыналық ұйытқы бола алмайды. Арнаулы бір өзге дауыссыздың жуан-жіңішкелігінің бір-бірінен **қ-к**, **г-г** тәрізді артикуляциялық үлкен айырма болмайды” деп анықтайды. Сөйтіп, ғалымның пікірі А.Байтұрсынұлының пікірімен үндес келеді.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың фонемалық статусын анықтауда дыбыстың тоғыз түрлі сингармовариантта айтылуын ескереміз. Сонда қазақ тілінің төл фонемалары тоғыз дауыстымен тіркес құрап, морфема құрамында кездесе береді. Ол тіркесім, байқап отырсақ, жазуда да көрініс табатын позициялар болып табылады. Алайда дыбыстар сөйлеу тіліндегі үздіксіз

(линейный) құбылыс болғандықтан, олардың түбір ішінде, буын, сөз, сөз тіркесі жігіндегі тіркесімі шарт емес. Сондықтан <қ>, <к>, <ғ>, <г> фонемаларының жеке-жеке тоғыз түрлі сингармоварианттары сөз тіркесі шенінде кездесетінін оңай тауып алуға болады. Мысалы: /екі ай/ – [екай], /екі орын/ - [ек^о орұн], /екі өлең/ - [ек^{ОІ} өлөң], /қырық өтірік/ - [қырығ^{ОІ}өтүрүк], /екі ұры/ - [ек^о ұрұ], /екі лак/ - [ек ылақ], /қырық ән/ - [қырығән], /қырық екі/ - [қырығекі], /қырық үш/ - [қырығүш], /қырық ішік/ - [қырығішік], /көк ала/ - [көгала], /көк орай/ - [көгорай], /көк ұрсын/ - [көг^оұрсұн], /көк лак/ - [көгылақ] [161].

Ендеше <қ>, <к>, <ғ>, <г> фонемаларының әрқайсысы дыбыс парадигмасындағы басқа дауыссыз сияқты жуан-жіңішке, еріндік-езулік варианттармен түрлене алады екен. Осыған орай Н.Уәлиұлы “тіл үндестігіне ілікпей жүрген” “шөлкес тіркестер” (құрмет, құдірет, қошемет, мәслихат, рақмет, қабілет, қасірет, қауесет, қиямет, қажет, қолет, қауырт, қазір, камшат, қабір, қауіп, қате, қанден, іждағат, қадім, қасиет, қапер, қатер, қорек, құзырет) АТ-да жіңішке әуезде айтылатынын оңай байқауға болады дейді. Мысалы: [қ^{ІО}ұрмөт], [қ^{ОІ}үдүрет], [қ^{ОІ}өшемет], [мәслих^Іәт], [рах^Іімет], [қәб^Іілет], [қәсірет], [қәуөсет], [қійәмет], [қәжет], [қөлет], [қәдір], [қәзір], [камшат/кәмшәт], [қәбір], [қәууіп], [қәте], [қәнден], [іждәғат], [қәдім], [қәсіет], [қәпер], [қөрек], [қүзірет].

Ендеше А.Байтұрсынұлы әліпбиінде негізделген, қазіргі қазақ жазуында жалғасын тапқан <қ>, <к>, <ғ>, <г> фонемаларының бір-бір таңбаға ие болуы “бір фонемаға бір әріп” деген қазақ графикасының қағидасына сәйкес. Әріпке ие болатын дыбыс өзінің дыбыс қоры болуымен ерекшелену керек десек, аталған фонемалардың сөйлеудегі дыбыстық қоры мынадай:

[қ] [ақ] ақ, [қылт] қылт, [қ^оол^о] қол, [қ^оұш^о] құш

<қ>

[қ^І] [қ^Іәзір] қазір, [тығішіңе] тық ішіңе, [қ^{ОІ}өлет] қол ет, [қ^{ОІ}үдірет] құдірет.

[ғ] [ғасыр] ғасыр, [шығын] шығын, [ғ^Оой] ғой, [ғ^Оұн] ғұн

<ғ>

[ғ^І] [жоғ^Іән] жоқ ән, [қырығ^Іішік] қырық ішік, [ағ^{ОІ}өлөң] ақ өлең, [жоғ^{ОІ}ұн] жоқ ұн.

[г] [көгала] көк ала, [көг^Оұрсұн] көк ұрсын, [тег^Оот^Ұрұу] тек отыру

<г>

[г¹] [гәп] *гәп*, [jегіз] *егіз*, [jегде] *егде*, [бүг⁰¹үн] *бүгін*, [г⁰¹өрү] *гөрі*, [г⁰¹үр] *гүр*.

Тілдің даму жүйесінде қатаң дыбыстан ұяң дыбысқа қарай дауыстың жұмсару процесі белең алатын сияқты. Мысалы, XVIII-XIXғғ. араб жазулы ескерткіштер тіліндегі *чықармасаңыз, йоқарыда, жолукұсұб, достылықым, йарлықым, йаманлығына, тынычлығын, қылғанлығы* [258] деген сөздер бүгінде ғ дыбысымен айтылып, жазылады. Сондай-ақ қазіргі қазақ тілі айтылу нормасында <т> фонемасы [д] вариантында жұмсалатын сияқты: *тат басу* - [тадбасу] (Әдетте үйлестік қатаң дыбыстың ұяңды өзіне айналдырып алуымен сипатталатын еді: *тат басу* - [тат пасу]).

Біз қазақ әліпби құрамында <қ>, <к>, <ғ>, <г> фонемаларының таңбалары болуы жазу мен сөйлеуді бір деп түсінген қазақ тілі үшін ұтымды шыққан деп ойлаймыз. Екі таңбамен төрт вариантты берген түрік, қырғыз, тілдері бүгінде айтылу нормасынан ауытқып отыр. Ал азербайжан жазуы 1991 жылы латынға көшкенде қ дыбысына қ таңбасын арнап, фонемаларын түгендеді.

Ал с әрпі туралы ойлану керек, яғни өзге түркі тілдерінен ауытқу және оқылуда кирилдегі с фонемасымен интерференция жасауы мүмкін.

Сондықтан әлі де ойланайық, талқыға салайық.

***Құрметпен, А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты***
филология ғылымдарының докторы, профессор
Күдеринова Құралай Бимолдақызы

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
Әлеуметтік-мәдени даму
комитетінің төрайымы
Г.М. Иксановаға

Қазақстан Республикасы
Ұлттық мұрағатының
маманы Қ. Бекбаевтан



Құрметті Гүнар Мұстахымқызы!

Болашақ қазақ тілі әліпбиінің Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде қаралған нұсқасымен таныстым.

Жеке пікірім: бұл жобаның кемшіліктері бар, бұл әліпби негізінде қазақ тілінің сөздерін жазу да, оқу да қиындап кетеді.

Ае диграфын қазақ тілін түсінбейтін адам ә дыбысына келтіре алмайды. Олардың әлем, әсем сөздерін аелем, аесем деп айтқанынан гөрі әлем, әсем деп айтса түсінікті және қазақша дыбысталуға жақынырақ болады.

Ал н таңбасымен белгіленетін қазақ тіліне тән дыбысты латын әріптерімен **ng** деп жазу, бұл дыбысты өзгертіп естіртеді. Мысалы шансорғыш сөзі латын әріптерімен **sangsorghysh** болып жазылақ. Осылай **ng** деп үйретсек өзіміздің қазақтарымыз бұл дыбысты өзгертіп атап кетері сөзсіз.

Менің айтарым, ә әрпін латыншада а әрпінің жанына нокап белгісін қойып а' деп алу керек. Жаңа әліпбиге түсініктемеде а' қандай дыбыс беретінін, қазіргі қазақ алфавитінде және болашақ латын әріптерімен жасалған әліпбиде транскрипциясын нақтылап көрсету керек.

Осы орайда қарауыңызға жаңа әліпбидің нұсқасын ұсынып отырмын (қосымша, 4 бетте).

Ал нағыз қазақы дыбыстарды сақтап қалудың жолы балаларымызға туғаннан бастап ана тілін үйрету екені белгілі ғой.

Бекбаев Қойшы
05.10.2017.

Предложение к новому казахскому алфавиту от Бекбаева К.

К варианту нового казахского алфавита, предложенному на рассмотрении Мажилиса Парламента Республики Казахстан господином Ерболом Тлешовым - директором Координационно-методического центра по развитию языков им. Ш. Шаяхметова, возникает много вопросов.

Считаю необходимым, по возможности, избегать от обозначения звуков двумя буквенными знаками (диграфами). Обозначение диграфом сразу восьми букв в алфавите приведет к осложнению казахской письменности. Трудности возникнут при чтении слов, три и более буквы которых, будут обозначены диграфами.

Сложность звуков на казахском языке передаваемых буквами а - ә, о - ө, г - ғ, н - ң, у - ұ - ұ облегчает переход на латиницу.

Лучше буквы ә, ө, ғ, ң, ұ, ұ обозначать созвучными буквами проставленным вверху рядом значка «'» (не надстрочными и подстрочными знаками). Буквы со значками нужно включить в новый алфавит как самостоятельные буквы. При этом, в пояснениях к алфавиту нужно четко указать звучание этих букв, и их транскрипцию как кириллицей, так и латиницей.

Если принять предлагаемое обозначение букв казахского алфавита на латинице, то переход на новый алфавит не составит сложностей. Даже не востребуется специального обучения. Каждый заинтересованный человек самостоятельно сможет освоить его, всего за один-два дня.

Облегчается ведение текстовой записи и чтение текста.

Облегчается чтение и изучение казахского языка всеми заинтересованными лицами, не владеющими казахским языком.

Соблюдено требование по обозначению всех букв нового алфавита только латинскими буквами.

А чтобы не потерялись исконные звуки специфические казахскому языку необходимо:

повышение качества обучения в школах казахскому языку и литературе;

повышение качества делопроизводства на государственном языке в государственных учреждениях;

повышение роли средств массовой информации в обеспечении чистоты казахского языка;

повышение роли общественности.

Мы должны осознать, что в эпоху всеобщей глобализации сохранение и развитие родного языка зависит от каждого из нас.

Также считаю:

Обозначать буквы **І** и **И** одним знаком нельзя, так как эти буквы звучат по разному и в казахских словах часто стоят рядом (киім, тиісті). Предлагаю

букву **И** обозначить латынской буквой **Ii**, а букву **Ы** обозначить латынской буквой **Ww**.

Буквы **И** и **Й** предлагаю обозначить одной латынской буквой **Y**, так как в казахском языке бувы **И** и **Й** не имеют принципиального различия. Только в правилах нужно дать разъяснение, что после гласных букв читается **й** (и краткое).

По буквам **У**, **У** и **Ү** поддерживаю предложения об обозначении этих трех букв через латынскую букву **U**. Эти звуки похожи друг на друга. (Обозначение буквы **У** через **U** уже применяется в практике.) Предлагаю букву **Уу** обозначать латынской буквой **Uu**, **Үү** обозначить с использованием значка - **U'u'**, а букву **Үү** - **U''u''**.

Предлагаю следующий вариант нового казахского алфавита

	Казахский алфавит (кириллица)	Казахский новый алфавит (латиница)
1	Аа	Aa
2	Әә	A'a'
3	Бб	Bb
4	Вв	Vv
5	Гг	Gg
6	Ғғ	G'g'
7	Дд	Dd
8	Ее	Ee
	Ёё	Заменяется буквой - Ee
9	Жж	Jj
10	Зз	Zz
11	Ии	Yy
	Йй	Заменяется буквой - Yy
12	Кк	Kk
13	Ққ	Qq
14	Лл	Ll
15	Мм	Mm
16	Нн	Nn
17	Ңң	N'n'
18	Оо	Oo
19	Өө	O'o'
20	Пп	Pp
21	Рр	Rr
22	Сс	Ss
23	Тт	Tt
24	Уу	Uu
25	Үү	U'u'

26	Уу	U"u"
27	Фф	Ff
28	Хх	Hh
	Һһ	Заменяется буквой - Hh
29	Цц	Cc
30	Чч	CHch
30	Шш	SHsh
31	Щщ	S'HS'h
	Ъъ	отсутствует
32	Ыы	Ww
33	Іі	Ii
	Ьь	отсутствует
	Ээ	Заменяется буквой - Ee
	Юю	yu
	Яя	ya

Итого: 33 букв

Эти 33 буквы обозначены 25 буквами латиницы. Не задействована буква X.

Рассмотрим написание предложения:

На кириллице: Үлтымыздың әдет-ғұрпын ұлықтайық
 Вариант Комитета: Ultymyzdyng aedet-ghurpyn ulyqtajyq
 Мой вариант: U"ltwmwzdwn' a'det-g'u"rpwn u"lwqtaywq

Рассмотрим написание некоторых слов:

1) на кириллице; 2) вариант Комитета 3) мой вариант

мәжілістің (10) - maezhilisting (13) - ma'jilistin' (10)
 тәуелсіздігінің (15) - taewelsizdigining (17) - ta'uelsizdiginin' (15)
 шаңғышыларға (12) - shangghychylargha (17) - shan'g'wshwlarg'a (14)
 жемқоршылықтың (14) - zhemqorchylyqtyng (17) - jemqorshwlwqtwn' (15)
 өзімшіладігініздің (17) - oezimchildigingizding (21) - o'zimshildigin'izdin' (18)
 данғазашыл (10) - (dangghazachyl) (13) - (dan'g'azachwl) (11)
 жанашылдығыңызға (16) - zhangachyldyghyngyzgha (22) -
 jan'achwldwg'wn'wzg'a (17).

На мой взгляд, преимущество налицо.

Полиграфический вариант алфавита:

Аа А'а' Вв Vv Gg G'G' Dd Jj Zz
Yy Kk Qq Ll Mm Nn N'n' Oo O'o'
Pp Rr Ss Tt Uu U'u' U''u'' Ff Hh
Cс Chch SHsh S''Hs'h Ww Hh

Противически мои предложения как один из вариантов нового казахского алфавита на основе латиницы.

Қойме Бекбаев
05.10.2017.

Қ.Бекбаев мырзаға

Қ.Бекбаев мырза диграфты пайдаланудың психологиялық тұрғыдан тиімсіз екенін дұрыс аңғарып отыр. Алайда бұл жоба күн тәртібінен түсіп қалғанын ескеріп, оған қайта оралудың қажеті жоқ.

Ng жайлы пікіріне де қосылуға болады, өйткені келе-келе екі таңбаны бір дыбыс емес, екі дыбыс етіп айтып/сөйлеп кету қаупі бар екені рас.

Автор ұсынып отырған жобада теория-практикалық қайшылық көп. Бәріне тоқталып жату мүмкін емес.

Дауыссыздың таңбасымен дауысты дыбысты белгілеуге болмайды: (w-ы).

Қазақ тілінде у дауыстысы жоқ екенін ескеру керек

Ұ дауыстысын екі дәйекшімен (апострофпен) белгілеу де дұрыс емес.

Қазақ тіліндегі я, ю таңбаларының дыбыс мәнінен автор бейхабар сияқты.

Автор, негізінен, қазіргі кезде көпшілік талқысына ұсынылған «апостроф» нұсқамен үндес/үйлес ұсыныс жасап отыр. Сондықтан аса маңызды ұсынысын байқай алмай отырмыз. Көрнекілік үшін келтірген мысалдарының өзінен-ақ жобаның сәтсіз құралғандығы көрініп отыр.

*Құрметпен, А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты*

**М.Х.Дулата атындағы Тараз мемлекеттік университетінде
21.09.2017 жылы белгілі тіл мамандары мен қоғам қайраткерлерінің
қатысуымен өткен «Латын графикасы – қоғамның рухани жаңғыруы**

**мен жаһандануының негізі» атты дөңгелек үстел жұмысының
қорытындысы бойынша
ҰСЫНЫСТАРЫ**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы болашақта біртұтас ұлт болу мен бұқаралық сананы өзгертудің кепілі болды. Аталмыш мақалада қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптары бойынша даярлап, «Мәңгілік ел» болудың шарттары көрсетілді. Ұлттық сананы жаңғырту мен ұлттық бірегейлікті сақтау жолдары айқындалып, ауқымды міндеттер жүктелді. «Сандық Қазақстан», «Үш тілді білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар жүзеге асырылып, ел жаңғыруының басты міндеттері – «Латын қарпіне көшу», «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» пен «Қазақстандағы 100 жаңа есім», «Туған жер» бағдарламалары қабылданып, бүгінгі таңда олар орнымен жүзеге асырылуда. Бұл өз кезегінде жастарға жаңа сапалық деңгейде білім беріп, әлемдік бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға жол ашатыны анық. Сондықтан тәуелсіз ел болып, рухани жаңғыруда әліпбиді ауыстыру - Мәңгілік ел болудың негізгі алғышарты болмақ.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы мемлекетіміздің жаһандану көшін ілгерілету мақсатындағы маңызды құжатқа айналды. Сондықтан қоғам ағзасының соғып тұрған жүрегі іспетті руханиятымызға жанашырлық танытқан бұл бастамаға бірауыздан қолдау білдіреміз.

Барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі Елбасы ұсыныстарының маңыздылығын терең түсініп, дамуымыздың басты қағидасы екенін сезінеді. Елбасының игі бастамасын қазақстандықтар ыждаһатпен қолдайды. Оны жүзеге асыруда жоспарлы түрде іс-шаралар атқаруда. Осы орайда М.Х.Дуллати атындағы Тараз мемлекеттік университеті тіл жанашырлары, белгілі ғалымдар мен қоғамның белсенді азаматтарының қатысуымен «Латын графикасы – қоғамның рухани жаңғыруы мен жаһандануының негізі» атты дөңгелек үстел өткізді. Басқосуда халықтың талқылауына ұсынылған Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры Е.Тілешовтің әліпби жобасы талқыланып, оның артықшылығы мен маңызы жайында пікірлер айтылып, оған қоса төмендегідей ұсыныстар қарастырылды:

1. Әліпбидің үлгі-жобасын дайындау барысында еліміздегі тілші ғалымдардың жасаған түрлі ұсыныстарын жан-жақты қарастырып, бірнеше сараптамадан өткізіп, оңтайлы шешім қабылдап, оның Тұжырымдамасы жасалу керек. Бұл тұрғыда бізден әлдеқашан бұрын латын әрпіне көшіп кеткен туыстас Түркия, Өзбекстан, Әзірбайжан, Түркіменстан сияқты елдердің жетістіктері мен кемшіліктерін ескеріп, тәжірибелерін міндетті түрде ескерген жөн.

2. Сауаттылық – рухани кемелденудің негізгі алғышартының бірі. Дұрыс жазу – орфографиялық ережелерді жетік меңгеруді талап етеді. Ал

орфографиялық ережелердің жетіктігі алфавиттің тілдің фонетикалық жүйесімен толық сәйкес келуімен байланысты. Осындай заңдылықтарды біріздендіруде қазақ тілінің латын әліпбиіне негізделген орфографиялық ережелерін жетілдіріп, оны заңдық күші бар нормативтік құжатқа айналдырған дұрыс.

3. Мектепке дейінгі мекемелерде, мектептерде, жалпы оқу үрдісінде латын әріптерін жазуды үйрететін пән – «Каллиграфия» (жазу өнері) деген сабақты енгізу.

4. Ұсынылып жүрген латын әліпбиінің жобаларына қарайтын болсақ, ондағы дыбыстар санының әртүрлі екенін байқаймыз. Олар 29-42 аралығында. Осы жерде «қазақ тілінде қанша дыбыс бар?» деген заңды сұрақ туындайды. Сондықтан жобаларды талқылау, таңдау барысында, ең алдымен, қазақ тілінде қанша дыбыс бар екенін анықтап алған дұрыс. Бұл дыбыстардың санын анықтау үшін А.Байтұрсыновтың қазақтың дыбыстық жүйесіне қатысты пікірін негізге алғанымыз тиімді болады. Содан кейін ғана оларды белгілейтін әріптерді қарастыру тиімді болады.

5. Көрнекті тіл маманы, профессор Қ.Жұбанов кезінде әліпбидің «бұқарашыл» болуын ескерткен. Жалпы, әліпби қарапайым халықтың тез меңгеруіне, тіл үйренушілерге, соның ішінде баланың жас ерекшелігіне қарай жасалған жөн. Осы орайда әліпбиді түзуге педагог мамандардың қатыстырылуын ескерген дұрыс.

6. Ұсынылған әліпби қазақ сөздерін 30-40 пайызға ұзартады. Қазақ тілі, онсыз да жалғамалы тілдер тобына жатып, түбірден кейін қосымшалар жалғанып, бір сөз ұзын-сонар болып жазылады. Бұл өз кезегінде сөзді оқушылардың меңгеруіне, буынға бөліп, тасымалдауға қиындық тудырады. Сол себепті диграфтарды мейлінше азайтқан жөн.

7. Ә,Ө,Ү әріптерін ӘЕ, ОЕ UE деп таңбалап беру қолайсыздық тудырады. Себебі, қосалқы таңба ретінде берілген Е таңбасы - алфавиттің қатарында өз алдына жеке Е дауысты дыбыс деп алынған. Мұғалім алғаш әліппе ашып отырған балаға А дыбысының таңбасы А әрпі деп жазғызып, оны дыбыстап айтқызып, жаттатып әбден үйретеді. Келесі Е дыбысын да Е әрпі деп жазғызып, оны дыбыстап айтқызып, жаттатып үйретеді. Содан кейін Ә дыбысына келгенде, А мен Е әріптері қосылып Ә әрпі болады дейді. Одан кейін О мен Е әріптері қосылып Ө деп үйретеді. Сол сияқты Ү әрпін өткенде де қайталайды. Міне, осы жерде біраз қиындықтар туындайтыны сөзсіз. Жалпы таңбаларды тіркестіріп беруге болады, бірақ мұндай жағдайда емес. 5-6 жастағы бүлдіршіндерге қабылдау қиындау болады. М: дүдәмәл – duedaetael, әзәзіл – aezaezil, күнәһәр – kuenaehaer, көзәйнек – koezaejnek т.б.

7. Қазақ әліпбиін түзуде «бір әріп, екі дыбыс» принципін негізге алмағанымыз жөн. Жобада **И, I** дыбыстарына ортақ **Ii** таңбасын, **X** және **h** дыбыстарына ортақ **hh** берген. Үйретуде бұлар қиындықтар тудырады. Өйткені и, i - екі әрпі қатар келетін сөздер қазақ тілінде жеткілікті. Мәселен, *Ермін* мен *Ермин* атауының жазылуы да бір (*Ermin*) формада болып келеді. Сол сияқты *киін* - *kiin*, *тиін* - *tiin*, *иіні* - *iini* т.б. сөздерді жазғанда ажырату қиынға соғады. Ал, **h** дыбысын **X** әрпімен бергеніміз тиімді. Себебі қазақ

тіліне **Һ** дыбысы араб тілі арқылы еніп, бас-аяғы 10 шақты сөздерде ғана жазылады, бірақ табиғи дыбысы айтылмайды. Оның дыбысын **Х** әрпі береді. М: гауһар – гаухар, жиһангер – жихангер, қаһарман – қахарман т.б. Екіншіден, **Х** әрпі пернетақтада болғанымен пайдаланылмай бос қалған. Сондықтан бұл дыбыстың ерекшелігін ескере отырып, **Х,Һ**-ларды **Х**-мен беру жолы дұрыс.

8. Тура солай **Ң** дыбысын **NG** таңбасымен көрсету де қиындық туғызады. Мысалы: *Ерінге* мен *еріңе* (eringe), *шешенге* мен *шешенге* (sheshenge), *кешенге* мен *кешенге* (keshenge), *өренге* мен *өреңге* (oerenge) т.б. осы сияқты көптеген сөздер бір формада жазылатындықтан, мағыналарын ажырату түсініксіз болады.

9. **Ц** дыбысын **С** әрпімен белгілеген. Егер бұл әріпті алатын болсақ, онда **Я, Ю, Ё, Х, Щ, Э** дыбыстарын да алғанымыз дұрыс. Өйткені орыс тілі арқылы тілімізге енген әртүрлі саладағы жалпы терминдерде, еніп жатқан және енетін халықаралық терминдерде **Ц** әрпі тәрізді **Я, Ю, Ё, Х, Щ, Э** әріптері де кеңінен қолданылады. Мысалы: конституция, юрист, ядро, химия, биология, хирург, ЭКСПО т.б.

10. Жобадағы диграфтарды бас әріппен жазу да түсініксіз тудырып отыр. Сонда **ае**-ні бас әріппен қалай жазамыз? Мәселен, **Ае** ме? Әлде **АЕ** ме? Мысалы: Aerties – AErties.

11. Латын графикасы туралы қоғамдағы халық арасына танымал тұлғалардың (Ә.Қайдар, С.Елубай, М.Мағауин, Д.Исабеков т.б.) пікірлерін, көзқарастарын БАҚ-тан жариялау керек.

Латын әліпбиіне көшу – ана тіліміздің жаһандық ғылым мен білімге кірігуін, әлем қазақтарының рухани тұтастығын қамтамасыз ететін бірегей қадам. Ғаламдық істер адамзаттың игілігіне айналары анық. Осы жолда Елбасы ата-бабамыз армандаған «Мәңгілік Ел» идеясының өзі ұлттық тіліміздің тұғырын бекітіп, рухани жаңғыруға жасалған нақты қадам деп түсінеміз. Сонымен қатар жаңа жобаға жолдаған ұсыныстарымыз ескеріледі деген сенімдеміз.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
М.Х.Дулати атындағы Тараз
Мемлекеттік университетінің ректоры
М.Сарыбековке

Құрметті М.Сарыбеков мырза! Сіздің латын графикасына негізделген ұлттық әліпбиді қарайтын басты мекемеге жолдаған ұсыныс-негіздемелеріңізді оқып шықтық. Бұл қазіргі кезде күн тәртібінде тұрған мәселе екенін айтқымыз келеді.

Хатыңызда көрсетілген әдістемелік, тілтанымдық, графикалық, ұйымдастырушылық жұмыстарға байланысты әрбір ұсыныс-негіздемелеріңіз

орынды әрі сауатты. Бұл ұсыныстар жаңа әліпби қабылдау, стандарттау барысында ескеріледі.

Ұсыныс-негіздемедегі бірінші, екінші, бесінші ұсыныстар өте орынды деп білеміз. Әліпбидің үлгі-жобасын дайындау барысында еліміздегі тілші-грамматолог ғалымдардың пікірлерімен есептесу міндетті болуы тиіс. Бұл жөнінде Елбасы да айтып өтті. Сондықтан латын графикасына негізделген әліпби жобасы тілші мамандардың қатысуымен шешілетін болады.

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі бекітілгеннен кейін жаңа әліпби бойынша жедел түрде сауаттылықты арттыратын әдістемелік жұмыстар жүргізілуі тиіс екені белгілі. Сондықтан бұл мәселе өз уақытымен шешілетінін хабардар етеміз.

Хатыңыздағы 4 пункттегі ұсынысыңызды қабылдай алмаймыз. Себебі қазақ тіліндегі дыбыстар (фонемалар) саны қанша екені нақты шешілмеген. Бұл мәселе төңірегінде Ә.Жүнісбектің бірнеше монографиялық еңбектері бар.

Жақында парламенттік мәжілісте ұсынылған әліпбиге байланысты ұсыныс-негіздемелеріңіз көңілге қонымды. Бұл ұсыныстар әліпбиді стандарттау барысында міндетті түрде ескерілетінін хабарлаймыз.

*Құрметпен, А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты*

Замечания по поводу проекта нового казахского алфавита,

предложенного ДФН Ерболом Тлешовым

Строго говоря, это не совсем казахский алфавит, а латинский алфавит, включенный в систему фонем казахского языка без всякого разбора. Начнем с системы согласных фонем. Дело в том, что в казахском языке не существует фонем С – Ц, F – Ф, V – В, а были занесены, так сказать, явочным порядком после «знаменитого» 1937 года и должны быть немедленно исключены из казахского алфавита. То же относится и к фонеме Ch – Ч, отсутствующей в казахском литературном языке. Так обстоит дело с системой согласных фонем. Что касается системы гласных фонем, то здесь на первый взгляд все обстоит вполне благополучно. Однако имеется один существенный недостаток. Дело в том, что диграфы значительно увеличивают размеры текста и не совсем удобны для зрительного восприятия, к тому же это неизбежно влечет за собой дополнительную экономическую нагрузку (в частности, в виде значительно большего расхода бумаги). По этой причине применение диграфов нужно всячески избегать и использовать их только в тех случаях, когда без них не обойтись. Для решения этой проблемы следует использовать потенциальные возможности казахского языка. Это закон сингармонизма и математическая статистика речи. (См. работы выдающего казахского ученого Калдыбая Бектаева, использовавшего математические методы в языкознании). Поскольку фонемы ә, ө, ү родственны соответственно фонемам а, о, и, то их можно представить в виде ә = а', ө = о', ү = и'. Далее, поскольку символ гравис (`), выполняющий функцию знака смягчения, аналогично знаменитому знаку даекши (̣) в Байтурсуновском алфавите, в силу закона сингармонизма не требуется при написании слов, содержащих фонемы k, g, e, l, а это подавляющее количество слов в казахском языке (вот где требуется применение математической статистики речи), что позволяет осуществлять значительную компрессию текста. В остальных весьма редких случаях, когда без применения символа гравис казалось бы не обойтись (в казахском языке всего лишь несколько таких слов и словоформ – это опять-таки следует из применения математической статистики речи), тогда в виде исключения можно допустить написание этих единичных слов как с грависом, так и с диграфом (то-есть а' = ае, о' = ое, и' = ие) аналогично немецким ä = ае, ö =

2015.2
29.09

oe, ū = ue, то же используемых в виде исключения, хотя в немецком алфавите эти диграфы отсутствуют. Примеры сравнения написания слов с использованием диграфов на основе проекта казахского латинизированного алфавита, предложенного Е. Тлешовым, и символа гравис на основе проекта модифицированного латинизированного казахского алфавита, ранее предложенного Э. Азербайевым: soez – so`z, soezdik – sozdik; ael – a`l, aelsiz – alsiz; boel – bo`l, boelek – boleak; koel – kol; koer – kor; koek – kok; koengil – kongil; aerkim – arkim; oenim – onim; naerse – narse; baeri – bari; boeri – bori; eguew – eguw; kaeri – kari; soejlesuew – sojlesuw; tuegel – tuge; toertew – tortew; koesh – koc; zhaerdem – zhardem. Налицо факты весьма существенной компрессии, простоты написания и зрительного восприятия казахских слов благодаря использованию потенциальных возможностей казахского языка. Что касается иностранных заимствований, то они должны удовлетворять фонетическим нормам казахского языка, как это принято во всех языках. Примеры иностранных заимствований для ряда языков: англ. filter – яп. firuta, firutā; англ. amplifier – яп. anpurifaia, anpurifaii, anpurifaiya, anpurifaiyā, anpu; англ. relay – яп. rigē; англ. blog – яп. burogu; англ. follower – яп. foroa, forowa, horoa, horowa; рус. Светлана – яп. Субэторан; рус. Александр – яп. Арэкусандору; рус. Ландау – яп. Рандау; рус. Петров – яп. Пэторофу; рус. кровать – каз. kerewet; рус. поезд – каз. pojuz; рус. русский – каз. oruz; рус. конфета – каз. kampil; рус. станция – каз. ystansa; рус. федерация – каз. pederes; рус. Япония – каз. Zharon; рус. Россия – каз. Resej; рус. Германия – каз. German. (Здесь при написании японских слов используются латинская и русская транскрипции, а при написании казахских слов используется модифицированный латинизированный казахский алфавит). Данные примеры наглядно показывают, что никаких строгих правил относительно правописания иностранных заимствований не существует. Они просто должны подчиняться фонетическим нормам заимствующего языка. Вот и все. При этом надо стремиться к максимально возможной замене иностранных слов казахскими эквивалентами (исключения составляют топонимика и собственные слова), что, кстати, и делается в последнее время, что вызывает законное восхищение и за что следует выразить огромную благодарность казахским лингвистам.

Автору предлагаемого казахского латинизированного алфавита следовало бы в своей работе использовать «Казахско-русский словарь» Бегалиева Г.Б., Гаврилова Г.Ф., изданного в 1936 году в Кызыл-Орде, на основе научно-

выверенного латинизированного казахского алфавита (который лег в основу модифицированного латинизированного казахского алфавита, состоящего из 23 букв латинского алфавита и символа гравис) в создании которого принимали участие лучшие ученые-лингвисты того времени, в частности, знаменитый Евгений Поливанов, а также «Казакско-русский словарь» (с 1925 по 1936 г.г. казахов называли казаками) под редакцией Кеменгерова, изданного в Москве в 1926 году на основе Байтурсуновского алфавита, который тот же Евгений Поливанов назвал гениальным. Тогда бы не было тех проколов в системе согласных фонем в предлагаемом Е. Тлешовым казахском латинизированном алфавите. До 1937 года у нас были идеальные алфавиты как на основе арабской графики, так и на основе латиницы, которые нужно просто возродить. Как гласит латинская пословица: «Нет ничего сказанного, что не было сказано ранее». Необходимо сохранять чистоту и самобытность казахского языка, насчитывающего более пяти веков своего существования, и не заниматься научной профанацией путем введения ненужных для него фонем, разрушая тем самым стройную фонетико-грамматическую систему казахского языка.

Исходя из вышеуказанных замечаний, казахский латинизированный алфавит, предложенный ДФН Ерболом Тлешовым не может быть принят.

Азербайев Эрколи Губайдуллович

радиоинженер, кандидат филологических наук

(научный руководитель – академик Абдуали Кайдар)

Алматы, сентябрь 2017 года

ПРИЛОЖЕНИЕ

Модифицированный латинизированный казахский алфавит

A a, A' a', B b, C c, D d, E e, G g, GH gh, H h, I i, J j, K k, L l, M m, N n, O o, O' o', P p, Q q, R r, S s, T t, U u, U' u', W w, Y y, Z z, ZH zh.

Азербайев

Э.Азербайев показал себя теоретико-практически подготовленным специалистом в области письма, прекрасно знает и разбирается в истории казахского алфавита (алфавитов). Его корректные дискуссии с создателями латинского алфавита на основе диграфов весьма привлекательны.

На основе конкретных примеров анализирует политические решения в области алфавита, приводит буквы/звуки, которые были чужды природе казахского языка. Предлагаемое автором апостроф (дэйекші), можно сказать, уже принять в последнем варианте казахского алфавита на латинской основе. Автор показал глубокие знания в теории сингармонизма, в наследиях А.Байтурсунова и на их основе предлагает свой вариант решения проблемы. Можно смело руководствоваться его идеями при разработке алфавита.

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Сіздің көреген саясатыңыз Қазақстан халқын ақжарылқап заманға, алтын ғасырға алып келді. Барша отандастарымызбен бірге біздің отбасымыз да құт-берекеге кенеліп, мамыражай өмір сүруде. Біздің өміріміз - Қазақстан мемлекетінің азаматтардың барлық әлеуметтік топтарына тең дәрежеде қамқорлық жасайтындығының айшықты куәсі. Менің балаларымның анасы – Темирбекова Сауле Тортаевна тек қана үй шаруасымен, өз балаларының тәрбиесімен айналысатын қарапайым азаматша болса да Оңтүстік Қазақстан облысының Әкімдігі мен Шымкент қаласының Әкімдігі тарапынан бірнеше марапаттарға ие болды. 2014 жылдың мамыр айында Астана қаласына Парламент Үйіне арнайы шақыртылып, Мәжіліс төрағасының орынбасары Дариға



Назарбаеваның қолынан диплом және сыйлықтар алды. Біздің қызымыз Турсынбаева Баянға да, менің немере қарындасым Турсынбаева Айзатқа да Парламент Мәжіліснің алғыс хаттары жолданды. Парламент Мәжілісі ұйымдастырған сол

конкурстарда жүлделі орындарға ие болған еңбектерге ғылыми жетекшілік жасай жүріп, проблемалардың шешімін табуда қалыптасатын тың идеялар қайнарын өз бойымнан аңғардым. Қазіргі таңда қазақ тілінің жаңа әліпбиіне байланысты мәселе қоғамда қызу талқылануда. Қазақ тілінің жаңа әліпбиінің жобасына қатысты өз пікірімді жолдай отырып, Сіздің бірлікке, ынтымаққа, достыққа тәрбиелейтін сындарлы саясатыңыздың қолдаушылары қатарында болуымды мақтан тұтамын.

Құрметпен, ізгі ниетпен

Турсынбаев К.С.

11 қазан 2017 жыл

Қазақ тілінің жаңа әліпбиінің латын қарпінде жазылуы

№	Жазылуы	Дыбысталуы	№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	A a	[a]	22	P p	[п]
2	W w	[ә]	23	R r	[р]
3	B b	[б]	24	S s	[с]
4	V v	[в]	25	T t	[т]
5	G g	[г]	26	U u	[у]
6	H h	[ғ]	27	<	[ү]
7	D d	[д]	28	>	[ў]
8	E e	[е]	29	F f	[ф]
9	*	[ё]	30	X x	[х]
10	J j	[ж]	31	'	[һ]
11	Z z	[з]	32	_	[ц]
12	I i	[и]	33	=	[ч]
13	#	[й]	34	C c	[ш]
14	K k	[к]	35	+	[щ]
15	Q q	[қ]	36	\$	[ъ]
16	L l	[л]	37	Y y	[ы]
17	M m	[м]	38	^	[і]
18	N n	[н]	39	6	[ь]
19	~	[ң]	40	&	[э]
20	O o	[о]	41	@	[ю]
21	“	[ө]	42	9	[я]

2016-2017. Қызылорда облысының Ғылым және Білім басқармасының Ғылым және Білім бөлімі

Қ.Тұрсынбаев мырзаның жобасы қолдан жасалған, шартты белгілердің жиынтығы болғандықтан қолдауға бомайды. Өйткені автордың лингвистикалық сауаты жоқ екені көрініп тұр. Біріншіден, дауыссыз дыбыстың таңбасымен дауыстыны белгілеуге болмайды (w-ә), і таңбасы и орнына жүре алмайды, қазақ тілінде у дауысты дыбысы жоқ, диакритикалардың жиынтығы әліпбиді күрделендіріп, сауат ашуды қиындатады, басқаны былай қойғанда қаражатқа қатысты таңбаларды \$, &, және @ таңбаларын әліпбиге енгізу ғылыми-теориялық ұстанымға қайшы. Автор жобасы жазу дәстүрі мен ережесіне бүтіндей қайшы екенін ескертеміз.


**Самаматсызба аса құрметті Президент мырза
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев!**


Сізге латын әріпіне ауысу бойынша бір өтінішім бар еді.
Әріпке латын әріпі жақсы тейі, бірақ араб әріпіне ауыстырсаңыз одан да
жақсы болар еді.

Себебі Алламыздың түсірген құран кітабы араб тілінде болғандықтан,
намазды, құранды сөздерін түсінбесекте араб тілінде оқып жазырмаз.

Ал араб әріпіне ауыссақ намазымызды, құранымызды сөздерін түсініп,
дұрыс айтып оқитын едік және Алламызда Сізге риза болар еді.

Оңтүстік Қазақстан облысы
Сарыағаш ауданы
Сіргелі ауылы
А. Ошаев көшесі №1 үй
тұрғыны
М.Ә. Ошаевтан


20.08.2017 ж.



Құрметті Ошаев М.Ә. мырза!

Сіздің араб жазуына ауысайық деген ойыңыз дәл қазіргі ХХІ ғасырда, кирил, латын әліпби бейнесі әлем тұрғындары санасының денін жайлаған кезде тек әуесқойлық қана ұсыныс болар деп қабылдаймыз. Өйткені көне түркі, араб жазуы қазіргі қазақ санасында 1 пайыз да орын алмаған, өткеннің, тарихтың жазуы, жаппай елдің санасына орныққан емес, жат жазу балып танылады. Сондықтан латыннегізді әліпби нұсқасын жасуыңызды сұраймыз.

Сондықтан, құрметті, Ошаев М.Ә. мырза, әліпби түзушілерге латыннегізді кәделі ойларыңызды айтсаңыз, жәрдемдессеңіз, нұр үстіне нұр болар еді. Әліпбиге қатысты жаңа, келелі ойларыңызды күтеміз.

***Құрметпен, А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты***

Уважаемый, президент Республики Казань —
 —Тан Нуруллин Абильханов, прошу
 прошу принять меня на аудиенцию
 для рассмотрения нескольких вариантов
 издательского материала на лати-
 нском языке. Варианты я прилагаю вместе
 с моим письмом.

Вашим советам, Вашим опыту и благожелатель-
 ным отзывам буду очень благодарен для
 плодотворной работы. Если есть какие-
 то варианты издательства и мнения
 из них можно выбрать, если нужно
 подкорректировать, прошу Вас помочь
 коротко о себе. Я Тредеманович Кайрат
 Александрович родился в г. Астана (1965г.)

Учился на факультете журналистики
 АИЖО (ЦГПИ) Евразийского университета
 им. Л. Гумилева. Много читал, аме-
 риканским и немецким языками
 владею, знаю арабский и французский
 (особенно читать тур. язык) и арабского
 языков. Очень хочется, чтобы моя ра-
 бота в разных сферах знания на
 территории России была доступна не только
 тем, кто знает немецкий, но и тем, кто
 — без труда сможет ознакомиться
 с информацией написанной на казах-
 ском без особых усилий, а также могла
 свободно овладеть знаниями и ознакоми-
 тельно с информацией на других
 языках имеющих основу на латинском
 графика.

и результаты этих работ хотелось бы
 бы читать и овладеть казахским

№-Б-9018

2 -ком.

Мой опыт работы с детьми со взрослыми
более 15 лет. Я работала в сельских и
пешеходных, профессионально-технических
учебных заведениях более 20 лет, работ
вала с возраста 6, 7 лет и до выпускни
ков учебных заведений.

Жду Вашего ответа и надеюсь
на встречу с Вами. Не буду отнимать
Вам драгоценное время с
Уважением Гребенников Н.А.

Гребенников

Latin	ISO 9	ISO 10	ISO 11	ISO 12
Aa	Ja-a-coi			
Bb	Bb - [b]			
Cc - gait gbyker	Cc - [tʃ]			
Dd	Dd - [d]			
Ee	Ee - [e]			
Ff - gawerzib.	Ff - [f]			
Gg	Gg - [g]			
Hh	Hh - [h]			
Ii	Ii - [i]			
Jj	Jj - [j]			
Kk	Kk - [k]			
Ll	Ll - [l]			
Mm	Mm - [m]			
Nn	Nn - [n]			
Oo	Oo - [o]			
Pp	Pp - [p]			
Qq	Qq - [k]			
Rr	Rr - [r]			
Ss	Ss - [s]			
Tt	Tt - [t]			
Uu	Uu - [u]			
Vv	Vv - [v]			
Ww	Ww - [w]			
Xx	Xx - [x]			
Yy	Yy - [y]			
Zz	Zz - [z]			
za	za - [a]			

1 step.
 2 step.
 3 step.
 4 step.
 5 step.
 6 step.
 7 step.
 8 step.
 9 step.
 10 step.
 11 step.
 12 step.
 13 step.
 14 step.
 15 step.
 16 step.
 17 step.
 18 step.
 19 step.
 20 step.
 21 step.
 22 step.
 23 step.
 24 step.
 25 step.
 26 step.
 27 step.
 28 step.
 29 step.
 30 step.
 31 step.
 32 step.
 33 step.
 34 step.
 35 step.
 36 step.
 37 step.
 38 step.
 39 step.
 40 step.
 41 step.
 42 step.
 43 step.
 44 step.
 45 step.
 46 step.
 47 step.
 48 step.
 49 step.
 50 step.
 51 step.
 52 step.
 53 step.
 54 step.
 55 step.
 56 step.
 57 step.
 58 step.
 59 step.
 60 step.
 61 step.
 62 step.
 63 step.
 64 step.
 65 step.
 66 step.
 67 step.
 68 step.
 69 step.
 70 step.
 71 step.
 72 step.
 73 step.
 74 step.
 75 step.
 76 step.
 77 step.
 78 step.
 79 step.
 80 step.
 81 step.
 82 step.
 83 step.
 84 step.
 85 step.
 86 step.
 87 step.
 88 step.
 89 step.
 90 step.
 91 step.
 92 step.
 93 step.
 94 step.
 95 step.
 96 step.
 97 step.
 98 step.
 99 step.
 100 step.

Құрметті, К.Бейсембеков мырза!

Қазіргі қоғамда болып жатқан латын әліпбиіне байланысты өзіңіздің ойыңызды, ұсынысыңызды білдіріп жатқандығыңыз, сіздің тілге деген жанашырлығыңыз бен құрметіңізді білдіреді.

Сіз хатыңызда Елбасының қазан айында бекіткен латын әліпби жобасына қолдау көрсетесіз. Алайда апострофтың көп болуы баланың оқуына қиындық келтіретінін, яғни балалар әріпке емес көбінесе апострофқа баса назар аударатынын ашық айтасыз.

Сіз әр әріптің және апострофтың атқаратын қызметі бар екенін, оны орынды қолдану керек екендігі жайында ойыңызды білдіресіз. Сіздің осындай жауапты іске бей-жай қарамай, өз ұсынысыңызды білдіріп жатқандығыңыз, тілге деген жанашырылығыңыз бен құрметіңіз деп білеміз.

Бұл ұсынысыңызды қабылдаймыз. Сіздің ұсынысыңыз бен пікіріңіз әрі қарайғы латын әліпбиін жетілдіру ісіне қажет деген ойдамыз.

Сіздің әрі қарайғы жұмысыңызға сәттілік тілейміз.

***Құрметпен, А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты***

*Президенту Республики Казахстан
господину Назарбаеву Н.А.*

*Копия: Руководителю Администрации
Президента господину Джаксыбекову А.*

*О развитии Программы «Триединство
языков»
О переводе казахского алфавита на
латинскую графику*

Глубокоуважаемый господин Президент!

К Вам обращается пенсионерка из Астаны Измайлова Римзия Рашидовна. Благодарю Вас за интервью в Боровом Агентстве «Хабар». Это были не просто «вопросы - ответы». Прозвучала конкретная программа действий для каждой семьи, отдельно каждого гражданина нашей Республики. Национальная гордость, боль за Отечество, назидание молодежи, забота о подрастающем поколении, любовь к родной земле – все шло от души. Искренне надеюсь на то, что в душе каждого казахстанца это задело такие же позитивные струны и призвало к активному действию во благо всего народа.

Дорогой Президент! Я пишу Вам, вернее, я спешу Вам сказать, что моя гражданская активность, накопленный опыт рядового вузовского предметника (латинский язык на медицинских и юридических факультетах в русских и казахских группах), диплом школьной учительницы – «англичанки», любовь к языкам и словарям – все это вылилось в идею создания серии толковых трехязычных словарей (русский – казахский – английский). На сегодняшний день мною полностью составлены и подготовлены к процедурам, предшествующим изданию, 2(два) словаря под рабочими названиями «Начинающему юристу» и «В помощь молодому финансисту»: 4300 и 3000 словарных статей соответственно (а в «Юристе» еще аналитические статьи по юридическому словарному тезаурусу), 612 и 404 страницы А-4 компьютерного набора 12-м шрифтом. Это в будущем книги хорошего объема и формата примерно в 900 и 600 страниц соответственно.

Проделана очень большая и серьезная работа. Я вложила в нее весь свой многолетний практический опыт. Реалии сегодняшнего дня таковы, что эти словари просто необходимы обществу: юристам, преподавателям,

11.09 227-11-10143

предпринимателям, студентам, переводчикам (студентам и переводчикам — особенно). Цель и содержание словарей следующие: объяснить этимологию (т.е. происхождение, первоначальное значение) того или иного слова, привести легкое для понимания определение или описание его на русском языке, обеспечить адекватный перевод и доступное толкование на казахском и английском языках. Издание этих словарей может стать началом большого проекта: составление серии словарей под одним объединяющим логотипом по всем направлениям учебной, научной, производственной деятельности. Я владею методикой последовательного, быстрого, качественного и интересного составления толковых трехязычных (плюс этимология слова) словарей для любой специальности, любой сферы народнохозяйственной и общественной деятельности. Это мой вклад в развитие Национального культурного проекта «Триединство языков», и я лично Вам, первым объявившему и поставившему перед обществом задачи трехязычия, посвящаю свой труд.

Я обращалась за помощью в различные инстанции, общественные и финансовые организации, благотворительные фонды, даже к отдельным персонам, но, к сожалению, положительного развития дело не получило. Только Ваше выступление в Боровом, ясное определение задач, стоящих перед казахстанским обществом, снова вдохновило меня на активное продвижение своих работ. Помогите, Нұр-аға, подскажите здравомыслящим, состоятельным людям, пусть откроют свои двери меценаты и благотворители, я пойду к ним и буду убеждать их в необходимости такой работы. Ведь каждый из нас должен сделать то, что он может сделать и в чем он компетентен. Я думаю, что всем нам небезразлично развитие государственного казахского языка, сохранение русского (многие понятия вошли в нашу жизнь, в нашу речь и письмо через русский язык), внедрение английского не только в школьные и вузовские программы, но и в повседневную жизнь и деятельность в различных производственных и непромышленных сферах.

Далее: о латинице. И в этом направлении я могу быть полезна нашему народу, ведь я — один из его представителей. В Вашем интервью я нашла ответы на все мои вопросы. Предлагаю свой вариант латиниграфического казахского алфавита с подробным разъяснением и таблицами. Еще раз хочу сказать: это не мнение, не пустое рассуждение «надо — не надо, что дальше будет»; это взвешенный, продуманный подход к решению непростой задачи смены алфавита от человека, за плечами которого более 40 лет ежедневной работы с русским, казахским, латинским, английским текстами и

ежедневное пользование вначале соответствующими пишущими машинками, а затем современной клавиатурой персонального компьютера.

1. Основные критерии подхода к решению задачи и оценки результатов: *преемственность, узнаваемость, экономичность* плюс технические детали.
2. Имеющаяся на сегодняшний день латиница (уточняя: алфавит современного программного, т.е. учебного латинского языка) значительно короче казахского алфавита на кириллице (25 против 42). К латинскому алфавиту требуется только 3 прибавления (см. Приложение, таблица 1):
 - «*Ww*» – ее можно назвать «Дубль-вэ», так как слово «дубль» есть в казахском толковом словаре.
 - «*'*» - айыру белгісі, надстрочный знак, который выполнит функцию разделительного твердого знака.
 - «*,*» - жіңішкелік белгі, подстрочный знак, который выполнит функцию мягкого знака.

Эти два знака обеспечивают полноту использования (письменного и устного, т.е. написания и произношения) заимствованных слов. В собственно казахских словах «работает» правило сингармонизма. Для примера: *ролл – роль, пыл – пыль, колка – Колька; құл – кул, Қалдыбек – Замзағұл*. Технически, т.е. при наборе текстов, эти два знака не представят никакого затруднения, так как имеются в английской части клавиатуры.

3. Как передать специфические звуки казахского языка на латинице? Предложение следующее.


кириллица	латиница	кириллица	латиница	кириллица	латиница
<i>э</i>	<i>ae</i>	<i>Ұ</i>	<i>w</i>	<i>қ</i>	<i>q</i>
<i>і</i>	<i>i</i>	<i>Ү</i>	<i>ou</i>	<i>ғ</i>	<i>gh</i>
<i>ө</i>	<i>oe</i>	<i>ң</i>	<i>ng</i>	<i>һ</i>	<i>h</i>

Остановлюсь особо на букве *Qq* в передаче буквы и звука *Ққ*: преемственность и узнаваемость вполне соблюдены. Некоторые в Интернете обеспокоены тем, что, к примеру, *Qazaqstan* – это «неузнаваемо» и даже «неэстетично»(?!). Так вот, лично ничего особенного в этом не вижу, а заявленные «неузнаваемость и неэстетичность» происходят от того, что наши глаза просто привыкли видеть это название в другом начертании (ведь стало же привычным для глаз сочетание “*Qazaq banki*”?).

4. Предлагаю сохранить уже ставшие привычными начертания: *х* через *kh*, *і* через *i*, *ы* через *y*. Конечно, велик соблазн передать букву и звук *и* (кириллица) через *i* (латиница), но ведь наша задача – сохранить как можно больше привычного, узнаваемого; мы можем потерять уже готовое начертание такого специфического, очень часто употребляющегося в казахском языке *і*. (см. Приложение, таблица 3).
5. О клавиатуре. В Проекте предлагается много вариантов латинско-казахского алфавита. Есть очень красивые примеры, логически оправданные и завершенные. Но всевозможные диакритические знаки (умлауты, тильды и прочие) усложнят до бесконечности пользование имеющейся QWERTY-клавиатурой, вплоть до полной ее ликвидации вместе с программами. Предлагаемая мною латиница сохраняет все, что имеем сегодня: ничего нового не нужно изобретать, ничего не переключать, кнопки не выдергивать для установки нового алфавита, пользование обычное – английская часть QWERTY-клавиатуры. Более того, имеющаяся в нашем сегодняшнем распоряжении клавиатура позволяет одновременно пользоваться и казахской латиницей (без установления каких-либо календарных сроков введения-освоения: просто садись и работай уже сегодня!), и казахской кириллицей (а она нам какое-то время очень и очень нужна будет, хотя бы в учебных целях). Таким образом, сегодняшняя клавиатура годится для русского, английского и двух вариантов казахского (латиница и кириллица). Это снимет многие возражения технического характера, я уже не говорю об экономической выгоде: сохраняется клавиатура как «пристегивающаяся», так и встроенная во всех этих планшетах, ноутбуках, мобильных, моноблоках и что там еще завтра выдаст научно-технический прогресс.
6. Переход на латинскую графику означает *изменения в начертании* букв, знаков, символов, а ни в коем случае не *измену* казахскому языку: *язык тот же, и наше отношение к нему то же (уважительное – к государственному, бережное и любовное – к родному, ни с чем не сравнимому)*. Поэтому говорить об объединении тюркских языков (и народов!!!) или отторжении славянских мы никак не можем. Просто латинскую графику следует воспринимать как некий инструмент, посредством которого казахский язык пополнит *список языков* (заметьте: только *список*, а не языковую семью) – европейских, азиатских, заокеанских – использующих в своем начертании латиницу.

Ну вот, собственно, все о латинице. Прилагаю 4 таблицы. На «истину в последней инстанции» не претендую. С благодарностью приму любые возражения и одобрения, ведь согласие или несогласие означают неравнодушие. Надеюсь в дальнейшем быть полезной в этом очень нелегком деле.

С наилучшими пожеланиями и надеждой на ответ,

 (Измайлова Р.Р.)

Август 2017г.

Астана

Моб.тел.: 8 701 213 89 07

e-mail: rizm49@mail.ru

Адрес: гор. Астана, ул. Жаркент, 48 (Юго-Восток, левая сторона)

ПРИЛОЖЕНИЯ

Таблица 1: Латинский алфавит с предлагаемыми дополнениями.

Aa	Hh	Oo	Vv
Bb	Ii	Pp	Ww
Cc	Jj	Qq	Xx
Dd	Kk	Rr	Yy
Ee	Ll	Ss	Zz
Ff	Mm	Tt	
Gg	Nn	Uu	

Таблица 2. Специфические звуки казахского языка;

предлагаемая латинографическая параллель

кириллица	латиница	кириллица	латиница	кириллица	латиница
ә	ae	ұ	w	қ	q
і	i	ү	ou	з	gh
ө	oe	ң	ng	һ	h

Таблица 3. Казахский алфавит и предлагаемое латинографическое соответствие. Примеры слов на кириллице и латинице.

Казахский алфавит (кириллица)	Латинская транслитерация (предлагаемая)	Примеры (кириллица)	То же (латиница)
Аа	Aa	Астана, дала	Astana, dala
Әә	Ae, ae	әдет	aedet
Бб	Bb	бала, бата	bala, bata
Вв	Vv	ванна, витамин	vanna, vitamin
Гг	Gg	газет, грамматика	gazet, grammatika
Ғғ	Gh, gh	ғимарат	ghjmarat
Дд	Dd	дәм, дәрі, думан	daem, daeri, duman
Ее	Je, je	есеп, ескілеу	jesej, jeskileu
Ёё	Jo, jo	В казахских словарях слов на Ёё нет. Она дается чисто номинально для передачи русских слов	jolka, jozhjik

Чч	Ch, ch	чек, чемпион	chek, chempion
Шш	Sh, sh	шабыт, шакпақ, шакырым, шәкірт, шекер, шокпар, шілде	shabyt, shaqpaq, shacyrym, shaekirt, shjeker, shoqpar, shilde
Щщ	Sh, sh	В словарях нет казахских слов на эту букву, звук щ достигается смягчением звука ш в зависимости от соседней гласной	
Ъъ	Үү верхний надстрочный знак	подъезд	pod'ezd
Ыы	Yu	Алматы, ыстықтау, ынта, жақсылық	Almaty, ystyqtau, ynta, zhagsylyq
Іі	İi	ізденгіш, іңір, іссіз	izden gish, ingir, issiz
Ьь	Үү нижний подстрочный знак	роль, рольдер	rol, rol,der
Ээ	Ee	эффект, этнография, эмиссия	effekt, etnografija, emissija
Юю	Ju, ju	юрист, юбилей	jurist, jub, ilej
Яя	Ja, ja	яғни, яқи	jaghnji, jakji

Таблица 4. Казахский алфавит в предлагаемом латинизированном графическом исполнении. Участие латинских букв в передаче казахских букв и звуков.

Казахская латиница (алфавит с дополнениями)	Какие звуки передает (кириллица)	Примеры
Aa	а, ә, я	dala, aedet, jaghnji
Bb	б	bala
Cc	ц, ч	cekh, chek
Dd	д	duman
Ee	э, е	effekt, jesep
Ff	ф	flora
Gg	г, з, н	gazjet, ghjimarar, mjening
Hh	һ	qaharman
Ii	і, и	issiz, jigilik
Jj	я, е, ю, и	jaghnji, jesep, jurjist

		(на пример: ёлка, ёжик)	
Жж	Zh, zh	жалкау, жұма, жетім, кажет	zhalqau, zhuma, zhjetim; qazhjet
Зз	Zz	зерде, зат, зэмзэм	zjerde, zat, zaemzaem
Ии	Ji, ji	идея, инфляция, игілік	jidjija, injflicija, jigilik
Йй	Jj	йога, йод	joga, jod
Кк	Kk	карта, кәсіп, көмек	karta, kaesip, koemek
Ққ	Qq	карын-карта, каймак, қасқырлық, есеп-қисап бөлімі	qarın-qarta, qasqırlyq, esep-qisap boelimi
Лл	Ll	лайық, лебіз, ләззат	lajyq, ljebiz, laezzat
Мм	Mm	майдан, мағына, мейірім, мемлекет, мысқыл, мырқымбай, мінез	majdan, maghyna, mjejirim, mjemeket, mysqyl, myrqymbai, minez
Нн	Nn	назар, нәсіл, ниет, нұсқа, нүкте	nazar, naesil, nwsqa, njiet, noukte
Ңң	Ng, ng	меңің, аң-тан	mjening, ang-tang
Оо	Oo	олжа, олай-бұлай, орамал, ошақ, оюлы	olzha, olaj-bwlaj, oramal, oshaq, ojuly
Өө	Oe, oe	өжет, өзгеріс, мөлдір, нөмір	oeshet, oezgeris, moeldir, noemir
Пп	Pp	пайдалы, пәлен, прогресс	pajdaly, paelen, progress
Рр	Rr	рекорд, реформа, ризық, рухани	rjekord, rjeforma, rjizyq, rukhanji
Сс	Ss	сабақ, сәт, сеністік, сұрақ, сұрау	sabaq, saet, sjenistik, swraq, swrau
Тт	Tt	табақ, тайғанак, тіке, тәрбие, тентек, қуат	tabaq, tajghanaq, taerbie, tjentjek, quat, tike
Уу	Uu	уағда, уәде, уәдешіл	uaghda, uaede, uadeshil
Ұұ	Ww	ұлт, ұнтақ, ұялы	wlt, wntaq, wjaly
Үү	Ou, ou	үгіт-насихат	ougit, nasikhath
Фф	Ff	флора, фауна, фотосурет, философия, фильм	flora, fauna, fotosurjet, fjilosofija, fjilm
Хх	Kh, kh	Хадис, хатшы, хұснихат	Khadis, khatshy, khwsujkhat
Һһ	Hh	қаһарман	qaharman
Цц	Cc	цех, циклон, цирк	cekh, cyklon, cyrk (варианты: cjeekh, cjiklon, cjirk)

Kk	к,х	kaesip, khatshy
Ll	л	laezzat
Mm	м	majdan
Nn	н,ң	nazar, mjening
Oo	о,ө	oshaq, oezhet
Pp	п	pajdaly
Qq	қ	qajmaq
Rr	р	rjekord
Ss	с,ш	sabaq, shaqpaq
Tt	т	tabaq
Uu	у,ү	uaghda, uaedeshil
Vv	в	vanna
Ww	ұ	wlt, wntaq
Xx	кс	oexik
Yy	ы	Almaty, ystyqtau
Zz	з,ж	zat, zhalqau
⊖	айыру белгісі	pod'jezd
⊙	жіңішкелік белгі	rol, rol,der

27.09.17 ж.

Құрметті Р.Измайлова ханым!

Жаңа латыннегізді қазақ жазуының әліпбиіне қатысты өз пікіріңізді білдіріп әрі ұсыныс жасағаныңызға алғысымызды білдіреміз. Бұл қоғамда болып жатқан өзгерістерге сіздің бей-жай қарамай, мемлекеттік тілге деген жанашырлығыңыз бен құрметіңізді білдіреді. Ұсынып отырған жобаңызды әліпбидің құрамы нақты сызба түрінде көрсетілген әрі мысалдар арқылы жан-жақты, сауатты дәйектелген. Латын графикасына негізделген әліпби жобаңызбен мұқият танысып шықтық.

Әліпби жобаңызда қазақ тілінің дауысты ә фонемасы - ае диграфымен, дауысты ү фонемасы ои диграфымен, дауыссыз ғ фонемасы - gh диграфымен, дауыссыз ң фонемасы – ng диграфымен, дауыссыз ж фонемасы – zh диграфымен, дауыссыз ш фонемасы – sh диграфымен және дауысты ұ фонемасы w графемасымен таңбаланған. Бұдан жобаңызда бір дыбысқа бір таңба және бір дыбысқа екі таңба принципі негізге алынғанын байқауға болады.

Алайда дауысты жіңішке дыбыстарды таңбалауда белгілі бір жүйе негізге алынғаны дұрыс еді. Мысалы, жобаңызда жауысты ә, ө фонемалары ае және ое диграфтарымен таңбаланса, ал ү фонемасы ои диграфымен таңбаланып отыр. Осы жағынан алғанда дауысты жіңішке ә, ө, ү фонемалары бір принциппен таңбаланса жақсы болар еді.

Жалпы латын жазуына көшу арқылы кезінде түпнұсқа принциппен жазу үшін орыс графикасынан алынған кейбір әріптерден соның ішінде жуан және жіңішке белгілерінен арылып, кірме сөздерді қазақ тілінің үндесім заңдылығына сәйкес игеретініміз белгілі. Олай болса жобаңызда көрсетілген әріптік мәні жоқ жуан (ь) және жіңішке (ъ) белгілерді әлі де қарастыру керек сияқты.

Негізінен болашақ латыннегізді әліпби жүйесін дұрыс әрі сапалы құру үшін сіздің жобаңыздағы ұсынылған графемалық, емлелік ерекшеліктерді ескереміз.

Жұмысыңызға шығармашылық табыс және отбасыңыз бен Өзіңізге сәттіліктер мен денсаулық тілейміз.

***Құрметпен, А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты***

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігіне

ҚР БҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы
атындағы Тіл білімі институтына

ҰСЫНЫС ХАТ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында айтқан қазақ әліпбиін латын қарпіне көшіру туралы мәселесіне байланысты өзімнің жобамды сіздерге көрсетуді жөн санадым.

Латын жазуы негізіндегі жаңа қазақ әліпбиі жобасын (бұдан әрі – Жаңа әліпбиі жобасы) құрастырудағы басты мақсатым – түркі бірлігі болды. Өйткені әліпбиі бір тілдің ғана емес, тегі бір, туыстас бірнеше тілдердің мүддесіне сай қызмет етуі керек [1]. Тарихы, тілі, діні, мәдениеті және салт-дәстүрі бір басқа да туыстас түркі халықтарымен қазақ халқының тағдыры мен келешегі ортақ екенін ескере отырып, ортақ түркі әліпбиі негізіндегі жаңа әліпбиі қабылдағанымыз жөн. Сондықтан да Жаңа әліпбиі жобасын құрастыруда мынадай талаптар қойылды:

- бір дыбысқа бір әріп берілуі;
- әліпбидегі әріптер тілдің негізгі дыбыстық заңы – үндесімді дұрыс бейнелейтін болуы [2];
- 1991 жылы түркітілдес елдердің ғалымдары жасаған ортақ түркі әліпбиі жобасына сәйкес болуы;
- әліпбиі бір тілдің ғана емес, тегі бір, туыстас бірнеше тілдердің мүддесіне сай қызмет етуі;
- әліпбидің халықаралық терминдерді жазуға икемді болуы;
- қазіргі заманғы халықтың психологиясының ескерілуі;
- үйренуге жеңіл, қолдануға қолайлы болуы.

Тіл білімі институты Институт языкознания	
Түскен №	01-06/103
" 10 "	06 2007 ж.

Жаңа әліпби жобасы

№	Жазылуы	Оқылуы	Аталуы
1	A a	А а	а
2	Ä ä	Ә ә	ә
3	B b	Б б	бы
4	Ç ç	Ч ч	чі
5	D d	Д д	ды
6	E e	Е е	е
7	F f	Ф ф	фы
8	G g	Г г	гі
9	Ğ ğ	Ғ ғ	ғы
10	H h	Х х	хы
11	I i	Ы ы	ы
12	İ i	І і	і
13	J j	Ж ж	жы
14	K k	К к	кі
15	L l	Л л	ыл
16	M m	М м	мы
17	N n	Н н	ны
18	Ñ ñ	Ң ң	ың
19	O o	О о	о
20	Ö ö	Ө ө	ө
21	P p	П п	пы
22	Q q	Қ қ	қы
23	R r	Р р	ыр
24	S s	С с	сы
25	Ş ş	Ш ш	шы
26	T t	Т т	ты
27	U u	Ұ ұ	ұ
28	Ü ü	Ү ү	ү
29	V v	В в	вы
30	W w	У у (дауыссыз)	уы
31	Y y	Й й	йі
32	Z z	З з	зы

Жаңа әліпби жобасы ортақ түркі әліпбиі жобасы негізінде құрастырылған, 32 әріптен тұрады. Жаңа әліпби жобасына ортақ түркі әліпбиі жобасындағы барлық 34 әріптің 32 әріпі енген. Жаңа әліпби жобасына ортақ түркі әліпбиі жобасындағы С (дж) мен Х (х) әріптері ғана енбеді.

Жаңа әліпби жобасындағы негізгі латиница әріптеріне қосылған қосымша әріптердің түсіндірмесі: 2-әріп А-ның төбесінде екі нүкте (қос нүкте) бар; 4-әріп С-ның астында құйрықша бар; 9-әріп G-ның төбесінде айшық сызықша (қалпақ) бар; 11-әріп I-нің төбесінде нүкте жоқ; 12-әріп I-нің төбесінде бір нүкте бар; 18-әріп N-ның төбесінде ирек сызықша бар; 20-әріп O-ның төбесінде екі нүкте бар; 25-әріп S-ның астында құйрықша бар; 28-әріп U-ның төбесінде екі нүкте бар.

Жаңа әліпби жобасының 28 әріпі қазақ тілінің өзіне ғана тән, байырғы түркі-қазақ сөздері мен сөз тұлғаларында кездесетін төл дыбыстардың таңбалары да [1], ал қалған төртеуі (F, H, Ç, V) басқа тілдерден еніп қалыптасқан және болашақта да еңбекші лексикалық ауыс-түйістерді бұрмаламай, барынша дәл жазу мақсатымен ұсынылған таңбалар.

Қазақ тілінің төл дыбыстары: а, ә, б, г, ғ, д, е, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у (дауыссыз), ұ, ү, ш, ы, і. Барлығы 28 дыбыс. Енді тіліміздің байырғы (төл) сөздерінде пайдаланылмайтын әріптердің мән-жайына жеке-жеке тоқталайық. Интернет-энциклопедия «Уикипедия» мынадай анықтама береді: «В, Ё, Ф, Х, Ы, Ц, Ч, Щ, Ъ, Ь, Э әріптері қазақтың төл сөздерінде пайдаланылмайды. Ё, Ц, Ч, Щ, Ъ, Ь, Э әріптері тек кеңестік дәуірінде орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы енген сөздерде орыс емле нұсқауларымен пайдаланылған (1990 жж. бері ресми және жеке жария акпараттарда, әдеби шығармаларда пайдалануы азая түсуде, сиректеніп кетті)» [3]. Бірақ 42 әріпті қазақ әліпбиі 75 жылдан астам уақыт бойы оқытылып келгендіктен, жоғарыда берілген әріптерді қазіргі күні қазақ тілінің төл әріптері деп санайтындар тым көбейіп кеткен. Оның үстіне, ХХ ғасыр ғылымның дамыған ғасыры болғандықтан, қазір бұл әріптер көптеген ғылыми терминдерде, сөздерде көптеп кездеседі. Яғни, бүгінгі күні «импортталған» сөздерді өзге тілдің тәртібімен жазу санаға әбден сіңісті болып, стереотипке айналды. Оны икемдеп, иіп әкеліп, тіліміздің үндесіміне үйлестіретін кез артта қалды. Мысалы, *хлор* сөзін *қылор*, *холестерин* сөзін *кәлестерийн* деп жазу керек дегенге көптеген азаматтарымыз бен әртүрлі ғылыми салалардың мамандары көне қалуы екіталай. «Баяғыдағы, костілділік заманы жоқ кездегі «оқымаған» ата-әжелеріміздің сөзіне ұқсайды» деген психологиялық кедергіге тап боламыз [2]. Сондықтан да осындай психологиялық үлкен бөгетті еңсеру, яғни қазіргі қазақ әліпбиінен бірден 14 әріпті алып тастау қиынның қиыны. Демек, мұндай психологиялық үлкен қамалды бұзу ұзақ уақытты талап етеді. Бұл ұзақ уақыттың аралығына сансыз көптеген экономикалық, техникалық, медициналық және тағы басқа ғылыми салалардың терминдерін қазақ тіліне бейімдеу, қазақша баламаларын табу, халықтың құлағын үйрету және тағы басқа істер кіреді. Сондықтан да басы артық әріптерді алып тастау этапты түрде болуы, яғни кезең-кезеңге бөлінуі керек. Өйткені, қанша дегенмен, тіл деген сынақ алаңы емес қой.

Сол себептен тіліміздің төл сөздерінде пайдаланылмайтын әріптерден Ф, Х, В, Ч әріптерін жаңа қазақ әліпбиінде әзірше қалдыру керек. Мұндағы Ф мен Х әріптері қазақ тіліне орыс тілі арқылы енген халықаралық сөздермен қатар араб-парсы тілдерінен енген сөздерде де қолданылады: *Фарида, Фариза, фәни, саф, Махамбет, хабар, хақ, халық, хан, хат* және тағы басқа. Демек, ф мен х дыбыстары қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне енген. Ал В мен Ч әріптері халықаралық сөздерді қоса, Қазақстан азаматтарының тегі мен әкесінің атын білдіретін *ов, ев, ова, ева, ович, евич, овна, евна*-ларды жазу үшін өте қажет. Сондай-ақ, көптеген мемлекет пен елді-мекен атауларында, адам есімдерінде, халықаралық терминдерде, Құран сүрелерінде осы әріптер жиі кездеседі: *файл, факультет, Фатиха, Фәлақ, филология, формула, Франция, функция, футбол, Мұхаммед, Хельсинки, хоккей, Ватикан, Вьетнам, виза, волейбол, Чехия, чек* және тағы басқалар. Яғни, ф, х, в, ч дыбыстары әлемдегі көптеген халықтардың, оның ішінде туыстас түркітілдес халықтардың көбісінің тілдерінде болғандықтан, бұл дыбыстарды бейнелейтін әріптерді жаңа қазақ әліпбиінде қалдыру керек.

Ал қазіргі қазақ әліпбиіндегі Һ әрпі қазақ тілінде тек араб-парсы тілінен енген сөздерде ғана қолданылады. Оның үстіне, ауызекі сөйлеуде Һ әрпі х дыбысымен айтыла береді. Яғни, Һ дыбысы х дыбысының жай бір түрленуі ғана. Осыған бола қосымша бір әріпті алудың ешқандай практикалық та, ғылыми да мәні жоқ. Мысалы, Һ әрпі *қаһарман, шаһар* деген секілді он шакты сөзде ғана қолданылады. Бұл сөздерді біз *қахарман, шахар* түрінде жаза аламыз. Сондықтан кирилшедегі Һ мен Х әріптерін бір ғана латынша Н әрпімен жазған дұрыс. Сонда латынша жоғарыдағы сөздерді *qaharman, shahar* түрінде жазамыз.

Сондай-ақ, қазіргі қазақ әліпбиіндегі Э әрпінің де қажеті жоқ. Өйткені Э әрпі қазақ тілінде әрдайым е болып айтылады: *экран (екран) – ekran, экономика (экономыйка) – ekonomika* (мысалдағы И әрпінің ЫЙ немесе ЙЙ болып жазылу себебі туралы төмендегі И әрпіне қатысты ұсыныс қаралсын).

Кириллицадағы Ц әрпі қазақ тілінде тек орыс тілі арқылы енген сөздерде ғана қолданылады. Бұл әріпті ТС дыбыс тіркесі арқылы жазуға болатындықтан, оны Жаңа әліпби жобасына енгізудің қажеті жоқ. Айта кететін жайт: Ц әрпі келетін кейбір сөздерді бір ғана С әрпімен де жазуға болады: *цемент (семент) – sement, функция (функсийа) – funksiya*.

Қазіргі қазақ әліпбиіндегі Ё (йо), Ю (йу), Я (йа) [4] қос дыбыс таңбалары болғандықтан, бұлардың да жаңа әліпбиге еш қажеті жоқ. Ё, Ю, Я әріптері латынша тиісінше YO, YU (YÜ), YA (YÄ) түрінде жазылады: *Югославия (Йүгославийа) – Yugoslaviya, яғни (йағный) – yağnyu*. Ал байырғы қазақ сөздеріндегі Ю әрпін дыбыс ыңғайына қарай YUW не YÜW тіркестерімен таңбалаған жөн (бұл жөнінде төмендегі У әрпіне қатысты ұсыныс қаралсын): *аю (айуу) – ayuw, қою (қойуу) – qoyuw, көбею (көбейуу) – kobeyuw* [1].

Ал жіңішкелік белгісі (Ь) мен айыру белгісі (Ъ) қазақ әліпбиі үшін түкке қажеті жоқ. Сөздегі буындардың жіңішкелігі мен жуандығын біздің тіліміздегі табиғатынан жуан, не жіңішке болып келетін дауысты дыбыстардың өздері жоғарыдағыдай қосымша таңбаларсыз-ақ бейнелеп бере алады. Аса қажет

болып жатса апострофты (') қолдануға болады. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі жүз мыңдаған сөздің, лексикалық бірліктің ішінде Щ әрпі *ащы, тұщы, кешсе* деген бар-жоғы үш-ақ сөзді таңбалауда қолданылады. Бұл сөздерді ешқандай қиналмай-ақ, *ашишы, тұшишы, кешше* деп қосарлы Ш-мен белгілеуімізге болады [5].

Қазіргі қазақ әліпбиіндегі ерекше тоқталуды қажет ететін әріптер: И мен У. Алдымен И әрпіне тоқталайық. Негізі, қазақ тілінде дауысты (ұзақ) *и* дыбысы жоқ, тек қана дауыссыз (қысқа) *и* дыбысы бар. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басынан И әрпінің орнына ЫЙ, ІЙ қолдану ұсынылып келеді. Өйткені кириллицадағы И әрпі қазақ тілінде екі дыбыстың тіркесін – *ый (ій) – таңбалайтын* әріп. Сондықтан латын әріптерімен жазғанда И әрпі келетін сөздер мен сөз тұлғаларын дыбыс үндестігіне сәйкес не жуан ІҮ, не жіңішке ІҮ дыбыс тіркестері ретінде таңбалауымыз керек: *жиын (жыйын) – jıyn, жиырма (жыйырма) – jıyrta, киім (кйім) – kiyim, қиын (қыйын) – qıyn, ми (мый) – my.* Айта кететін жайт: *сия*-ны графема мәніне қарай жіктеп көрсек, *сиуа* болып шығады. Өйткені И да, Я да қос дыбыс – ІҮ (ІҮ), ҮА (ҮА) – таңбалары ғой. Ал оны біз *сиуа* деп дұрыс жазуымыз керек [1]. Яғни, *ия*-мен келетін сөздердің бәрін ІҮА (ІҮА) түрінде жазуымыз керек: *Албания (Албанийа) – Albaniya, Түркия (Түркийә) – Türkiyä, Чехия (Чехийә) – Çehiyä.*

У дыбысының жағдайы *и* дыбысына ұқсайды. Яғни, қазақ тілінде дауысты (ұзақ) *у* дыбысы жоқ, тек қана дауыссыз (қысқа) *у* дыбысы бар. Алайда қазіргі қазақ әліпбиінде *и* дыбысын таңбалайтын екі әріп болса, *у* дыбысын таңбалайтын бір ғана әріп бар. Бұл дыбыс бірде дауысты, бірде дауыссыз дыбыс болып айтылып жүр. Интернет-энциклопедия «Уикипедия» *у* дыбысына қатысты мынадай анықтама береді: «1990-шы жылдардың басынан жазу реформасының бірнеше түрлері ұсынылды. Солардың бірі: дауыссыз *у* дыбысы үшін Ұ әрпін енгізу, байырғы қазақ сөздерінде және қазақ тілінің дыбыстық ережелерімен айтылатын араб-парсы сөздеріндегі У әрпін ҰҰ, ҮҰ, ЫҰ, ІҰ түрінде жазу (қарақалпақ емлесіндегі сияқты)» [3]. Өйткені кириллицадағы У әрпі қазақ тілінде екі дыбыстың тіркесін – *ұұ (үү) – таңбалайтын* әріп. Сондықтан латын әріптерімен жазғанда У әрпі келетін сөздерді дыбыс үндестігіне сәйкес не жуан UW, не жіңішке ÜW дыбыс тіркестері ретінде таңбалауымыз керек: *су (сұұ) – suw, бару (барұұ) – baruw, келу (келүү) – kelüw, жуу (жүүү) – juww, жуыну (жүүынұұ) – juwınw.* Сондай-ақ, *оның баруы керек* деген сөйлемдегі *баруы* сөзі қазақ тілінің емле ережесі бойынша дұрыс жазылмаған. Өйткені *баруы* түрінде жазу «-ы, -і жалғаулары дауыссыз дыбысқа аяқталатын түбірге (сөзге) ғана жалғанады» деген ережені бұзып жатыр. Яғни, бұны *барұұы* түрінде жазу керек. Осы себептерге байланысты дауыссыз *у* дыбысына Жаңа әліпби жобасында жеке таңба берілді. Оның үстіне, *тау, жау, уақыт* сөздерінде дауыссыз *у* дыбысы қолданылады ғой. Айта кететін жайт: У әрпі бар кейбір кірме сөздерде екі дыбыстың тіркесі – *ұұ (үү) – байқалмайтын* сияқты. Сондықтан У-мен келетін мұндай сөздерді латынша жазғанда бір ғана U-мен таңбалаған жөн: *журнал (жұрнал) – jurnal (juwrnal емес), футбол (фұтбол) – futbol (fuwrbol емес).*

Сонымен, казак тілінің түпкі заңдылығына бағынсақ *и* дыбысы да, *у* дыбысы да – дауыссыз дыбыстар. Басқа халықтардың тілдеріндегі дауысты *и* мен дауысты *у* дыбыстарының казак тіліндегі баламалары тиісінше *і* мен *ұ* дыбыстары болып табылады. Сондықтан да дауысты *и* мен дауысты *у* дыбыстарын бейнелейтін әріптер жаңа казак әліпбиіне қажеті жоқ.

Мысал:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні

Meniñ Qazaqstanım

Altın kün aspanı,

Altın dän dalası,

Erliktiñ dastanı,

Elime qaraşı!

Ejelden er degen,

Dañqımız şıqtı ğoy.

Namısın bermegen,

Qazağım mıqtı ğoy!

Meniñ elim, meniñ elim,

Güliñ bolıp egilemin,

Jırıñ bolıp tögilemin, elim!

Tuwğan jerim meniñ – Qazaqstanım!

Urpaqqa jol aşqan,

Keñ baytaq jerim bar.

Birligi jarasqan,

Täwelsiz elim bar.

Qarsı alğan waqıttı,

Mäñgilik dosıндай.

Bizdiñ el baqıttı,

Bizdiñ el osıндай!

Meniñ Қазақстаным

Алтын күн аспаны,

Алтын дән даласы,

Ерліктің дастаны,

Еліме қарашы!

Ежелден ер деген,

Даңқымыз шықты ғой.

Намысын бермеген,

Қазағым мықты ғой!

Менің елім, менің елім,

Гүлің болып егілемін,

Жырың болып төгілемін, елім!

Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,

Кең байтақ жерім бар.

Бірлігі жарасқан,

Тәуелсіз елім бар.

Қарсы алған уақытты,

Мәңгілік досындай.

Біздің ел бақытты,

Біздің ел осындай!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайдаров Ә. Латын әліпбиінің болашағы зор // Ана тілі, 1991. № 43, 45, 46.
2. Уәлиұлы Н. Қазақ әліпбиі латынға көше ме? Талдау, талғау және саралау: үміт пен күдік // Ақиқат, 2007. № 3.
3. Уикипедия – ашық энциклопедиясы. Қазақ әліпбиі. https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақ_әліпбиі (20.05.2017 ж. алынған).
4. Махмудов Х., Мусабаев Г. Қазақша-орысша сөздік; Казахско-русский словарь. Алматы: Өнер, 2001.
5. Асылбекұлы С., Уәлиев Н. Бір күдік, бір үміт // Парасат, 2000. № 9.

Құрметпен,

Нәби Кенесарыұлы Әбілбеков

Астана, Қорғалжын тас жолы 25/1, 26-пәтер

e-mail: nabiabilbek@gmail.com

12, 06, 2017 ж.



Әбілбеков Нәби мырзаның хатына жауап

Ұсынылып жатқан көп жобалардың арасынан автордың әліпби үлгісін жоғары бағалауға тура келеді. Себебі автор ұсынып отырған әліпби түзу талаптары, сондай-ақ көптеген таңба үлгілері А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұсынып отырған жобамен түгелдей сәйкес. Алайда Институт жобасы бұған дейін көптеген басылым беттерінде ашық жарияланған, ал автор олардан хабардар болды ма/ болмады ма, ол жөнінде хатта мәлімет жоқ.

Дегенмен, автор жобасының құрамындағы төл дыбыстардың таңбалануы Институт жобасымен сәйкес келіп отырғандықтан, талдап жатпаймыз.

Тек қана *ә* дауысты дыбысын *ä* деп, *ң* дауысыз дыбысын *ñ* деп беру керек деген варианттар да көптеген ұсыныстарда бар екенін еске сала кетейік.

Қазақ әліпби тізімінде *h* (көмей дыбыс қазақ тілінде жоқ), *v* және *f* (тіс-ерін дыбыстар қазақ тілінде жоқ), *ç* (тіл ұшы аффрикат дыбыс қазақ тілінде жоқ) таңбаларының тұруы артық тәрізді. Өйткені қазақ тілінде ондай төл дыбыстар жоқ. Осы аталған дыбыс-таңбалардың және автор баса көңіл аударып отырған өзге кірме-дыбыс таңбалардың жазылымы өз алдына орфографиялық ережелермен реттеліп отыруға тиіс.

Автордың пікірін қолдай отырып, алдағы уақытта табысты болуына тілектеспіз.

Дегенмен өзіне дейінгі жобалардың, мысалы Тіл білімі институтының, үлгісіне сілтеме жасап отырғаны жөн болар еді. Өйткені ол жобалар ашық басылымдарда жарияланған, көпке таныс үлгілер.

Автордың техникалық талдауына арнайы тоқталмадық.

*Құрметпен, А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ МИНИСТРІНЕ

Қарағанды қаласы, Қазыбекби атындағы ауданы,
Можайск көшесі, 11-үй, 24-пәтерінде орналасқан
«Тоғжан - Зере» кәсіпкерлік жетекшісі, журналист
Гүлсім Мырховна Батырбековадан. Тел.: 8(7212) 42 37 52.

ҰСЫНЫС:

Қазақстандағы диаспоралардың (өзбек, тәжік, ұйғыр орыс) балалары оқитын мектептерде қолданылатын ұлттық алфавиттерге қосымша ретінде

Руналық қазақ тілінің

Әә Ғғ Ққ Ңң Өө Ұұ Үү Һһ Іі

таңбалары енгізілуі керек.

Түсінктемесі:

Сонда ғана Қазақстан Республикасының 1997-жылғы 11-шілдедегі №151-1 «Тілдер туралы» заңның 19-бабына сәйкес басқа диаспора ұлттардың тілдеріндегі мәтіндерде, ғылыми еңбектерде, ресми кеңселік іс-қағаздары құжаттамаларында (жер-су, елді-мекен, жалқы есімдер, көрнекті ақырат, ұйымдар, дәстүрлі, тарихи қалыптасқан қазақша атаулар, ұлттық белгіге тән аталымдар, кісі есімдері, тектері) тіл ережесінің емлесі сақталып (орфографиясы-транскрипциясы) бұрмаланбай дұрыс, сауатты жазылатын болады.

Мәселен,

«Бурабай»-«Боровос», «Өскемен»- «Усть-Каменагорск»,
«Қарағанды» -«Қарағанда» . «Жамбыл»- «Джамбул»,
«Майкүдык» -Майкүдук», «Алматы»- «Алма-Ата» емес.

Кеңес Одағы кезінде қазақ алфавитіне кирилл таңбасындағы

Ёё Йй Фф Хх Цц Чч Щщ Ъь Ьь Ээ Юю Яя

слова әріптері енгізілген. Сондықтан қазақ тіліндегі мәтіндерде орыс тіліне қатысты барлық атауларды дұрыс, қатесіз жазу бүгінге дейін қадағаланып келеді. Қазақ тіліне қатысты олай емес. Бұл теңсіздікті жойып, қазақ тілінің Конституциялық құқығын қалпына келтіру керек. Сонда латын таңбасына көшу оңай болады.

Төменде тіркелген «Қазақ тілінің» өмір тарихы» деп аталатын постта көрсетілгендей әр кезде қаулы-қарарлар, заңдар қабылданса да қазіргі кәсіби қазақ тілін өз Отанында орнықтыруға нақты шара қолданылмапты. Бұл мәселе тіл мамандары тарапынан бұрын-соңды қозғалып, айтылмаған да.

Тіркелген кәшірме құжаттар:

«Қазақ тілінің» өмір тарихы», Қазақ-түркі тілдерінің «коды» кирил-латын таңбасында, «Ескертулер» («ФБ» әлеуметтік желісінің барлық топтарына фото түрінде жүктеліп, көпшілік оқырмандар назарына ұсынылған посттар).

Г.М.Батырбекова
26.05.2017-жылы жазылды.

Г. Батырбекова

Тіл білімі институты
Институт языкознания
Түскен № 01-06/106
" 23 " 06 2007 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГ.
Кіші № 20 05 17
5 бет

ҚАЗАҚ-ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ «КОДЫ» КИРИЛ - ЛАТЫН ТАҢБАСЫНДА

рет саны	Баспаша Кир.- Лат.	Жазбаша Кир.- Лат.	рет саны	Баспаша Кир.- Лат.	Жазбаша Кир.- Лат.
1	Ӑә - Ä ä	Ӑә - Ä ä	6	Ұұ - Ü ü	Ұу - Üü
2	Ғғ - Ğ ğ	Ғғ - Ğ ğ	7	Үү - Uu	Үу - Uu
3	Ққ - Qq	Ққ - Qq	8	Һһ - Hh	Һһ - Hh
4	Ңң - Ñ ñ	Ңң - Ñ ñ	9	Іі - Ii	Іі - Ii
5	Өө - Ö ö	Өө - Ö ö			

Алфавиттеріне осы 9 (тоғыз) әріпті енгізгенде ғана барлық түркі тектес ұлттар арасында тығыз байланыс орнап, жазу, оқу, сөйлеу бір ізге түседі. Себебі, Руна жазба дәуірінен бүгінге дейін өз қалпын сақтап жеткен бұл 9 (тоғыз) әріп ешқандай бөтен таңбаны мойындамайды. Латынның бір «Uu»-таңбасымен «Уу», «Үү», «Үү» үш әріпті алмастыруға тура келетін тұсы бар.

Қазақ тілді түркі тектес ұлттардың көбісінің қолданыстағы алфавиттерін ғаламтордан іздеп тауып, салыстырып, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын зерделеп, көп нәрсеге көз жеткіздім. Қазақ тіліне тән деп жүрген 9 әріміз бүкіл қазақ-түркі тіліне ортақ екен. КСРО үкіметінің басшылары, орыс тілі ғалымдары түркі тілдес халықтардың ауызша, жазбаша тілдерінде қолданылуға тиіс аталмыш әріптерді «артық әріптер» (лишние буквы) санап, жойып отырыпты. Тек қазақтар ғана өз жазба тілінде сақтап, түгел қолданып келген.

Мәселен, «Ңң», «Өө», «Үү» - қаріптері қырғыз кириллица алфавитінде, «Ғғ», «Ққ», «Үү» - қаріптері өзбек кириллица алфавитінде, «Әә», «Ңң», «Өө», «Үү», «Һһ» - қаріптері татар кириллица алфавитінде, «Ӑә», «Ңң», «Өө», «Үү» - қаріптері түрікмен кириллица алфавитінде, «Ғғ», «Іі», «Ққ», «Үү» - қаріптері тәжік кириллица алфавитінде, «Әә», «Ғғ», «Ққ», «Ңң» «Өө», «Үү», «Үү», («Һһ»-Х х болып таңбаланған)- қаріптері қарақалпақ кириллица алфавитінде (қазақша «Іі» таңбасының жоқтығынан әріптердің сандары 41) бар. Башқұрт және қазақ кириллица алфавитінде әріптердің сандары бірдей 42 және «Ӑә», «Ғғ», «Ққ», «Ңң» «Өө», «Үү», «Һһ» таңбалары бар.

Бұлардың көбісі латынға көшкендердің алфавиттерінде де кездеседі.

Журналист Гүлсім Батырбекова
«Қазақ алфавиті және түркі тілдерінің тұтастығы туралы»
зерттеу кітабынан

26.05.2017 - жыл.
Г. Батырбекова -

ЕСКЕРТУЛЕР:

1. КЕЛЕШЕКТЕГІ

**ЛАТЫН ТАҢБАСЫНДА ЖАСАЛАТЫН АЛФАВИТКЕ
ҚАЗАҚША 9(ТОҒЫЗ) ӘРІП ЕНУІ КЕРЕК.**

ОЛАЙ ЕТПЕСЕ

**«күрмекке айналған күріш» сияқты
ҚАЗАҚ ТІЛІ ТҮРІК, НЕ ӨЗБЕК ТІЛІНЕ ӨЗГЕРІП КЕТЕДІ.**

**2. ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫ ОҚЫП, ЖАЗАТЫН
ТІЛДЕРДІҢ ШАРТТЫ ҰҒЫМДАҒЫ БІРНЕШЕ
ҮЛКЕН ТОБЫ бар.**

Европалықтардың	герман тілі	латын таңбасында
Қазақ-түркі ұлттарының	руналық қазақ тілі	кирилл таңбасында латын таңбасында
Славян ұлттарының	славян тілі	кирилл таңбасында
Шығыс халықтарының	араб-парсы тілі	араб таңбасында

(«ФБ»-тен алынды.)

*26.05.2017 - жыл
Г. Бағаралы -*

Құрметті Гүлсім Батырбекова!

Жаңа латыннегізді қазақ жазуының әліпбиіне қатысты өз пікіріңізді білдіріп әрі ұсыныс жасағаныңызға алғысымызды білдіреміз. Бұл қоғамда болып жатқан өзгерістерге сіздің бей-жай қарамай, мемлекеттік тілге деген жанашырлығыңыз бен құрметіңізді білдіреді. Хатта көрсетіліп отырған көптеген ұсыныстарыңыз көңілге қонымды. Қазақтың төл әріптерін көрсету үшін біраз еңбектерден дәйекті түрде анықтамаларды және олардың жасалым (артикуляция) жолын жақсы келтіресіз. Нәтижесінде **h** әрпін **x** әрпімен алмастыруды ұсынасыз. Түркі тілдерін өзара салыстырып, қай тілде қандай әріптердің бар екенін нақты көрсетесіз. Ал екінші хатыңызда **в, ё, й, ф, х, ц, ч, щ, ь, ь, э, ю, я** әріптерді әліпби құрамынан алып тастауды ұсынасыз. Мұнда да әр әріпке фонетика-фонологиялық сипаттама беріп, олардың ерекшелігін келтіресіз. Ұсынысыңызбен мұқият таныстық. Танысу барысында жалпы айтылған тұстары да кездесті. Себебі бір пікіріңізде **h** әрпін **x** графемасымен алмастырайық дейсіз, ал екінші бір пікіріңізде **x** графемасын әліпби құрамынан алып тастау керек деп келтіресіз. Бұл жағын ескерерсіз. Осындай жақсы пікірлер білдіргеніңізге рақмет.

Алайда қазақ тілі әліпбиінің кириллицадан латын графикасына көшірілуін қамтамасыз ету мақсатында 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Қазақстан Республикасы Президенті «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлығына қол қойды. Ендігі кезекте латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін жүзеге асырып, оның қолданысқа кезең-кезеңімен енуі үшін кешенді әрі жүйелі түсіндіру жұмыстары жоспарлы түрде ұйымдастырылуда.

Құрметті, Гүлсім Батырбекова ханым, болашақ латын графикасына негізделген әліпбидің қолданыс аясының кең болуы үшін және қазақ тілінің дамуы мен өміршеңдігіне бей-жай қарамайтыныңыз бізді қуантты. Жұмысыңызға сәттілік, шығармашылық табыс тілейміз.

*Құрметпен, А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты*

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә.Назарбаевқа

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі
Е.К.Сағадиевке

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі
А.Мұхамеднұлына

А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты директоры
Е.З.Қажыбекке

Аса құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

«Қазақстан-2050» стратегиясында өзіңіз атап өткендей латынға кошу идеясын көтерген едіңіз. Сол сәттен бастап, сіздің бастаманыңды қолдау мақсатында «Байлатын» латын әрпіне кошу нұсқасын әзірлеген болатынбыз. Қазақ тіліндегі 32 дыбысты латынның классикалық 26 таңбасына сыйғызып, ережелерін әзірлеп жан-жақты зерттеу жүргізілді. 2014 жылдан бастап әлеуметтік желілерде тәжірибе жүргізілді. Бірнеше дөңгелек үстелдерде, конференцияларда, БАҚ талқыланды. Нәтижесінде көпшілік ортада, әсіресе жастар тарапынан оң көзқарасқа, қолдауға ие болды. Өзіңіздің латын әліпбиін жасауда диакретикалық, яғни жұрнағы, артық нүктесі бар таңбаларды пайдаланбай, мүмкіндігінше классикалық 26 таңбаны қолдануды нақты айтқаныңызды ескере келе, Байлатын сіздің көтерген идеяға сәйкес келеді деп ойлаймыз.


Біріншіден, Байлатын - UNICODE (KZ/KAZ) стандартына, халықаралық ақпараттық жүйеге интеграциялануға тиімді, IT программасы тіліне, қазақ тілінің тол табиғатына сай келетін прагмативті жоба.

Екіншіден Байлатын нұсқасы Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиі негізінде әзірленді. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстырда таңбалағанда сингормонизм заңдылығын басшылыққа алады. Латын жобасын әзірлеуге қазақ тілі мен әдебиетінің, роман-герман филологиясының мамандары, IT мамандары тартылды. Нұсқаның ережелерін қосымшада (Қосымша-1) ұсынамыз.

Сізден осы Байлатын жобасын Қазақстан Республикасының латын әліпбиі болуға үміткер алфавиттер тізіміне енгізуге ықпал етуіңізді сұраймыз.

Қосымша: 8 бет

Құрметпен,
Қазақстан Республикасының азаматы,
филолог, DBA докторы



А. Байқалам

Байлатын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі

Мақсаты:

- Латын графикасы негізіндегі қазақ жазуын енгізу.

Міндеті:

- Латын графикасын енгізуде қазақ тіліндегі сингармонизм заңын негізге алу;
- Қазақ тілінің технологиялық, ақпараттық, коммуникациялық мүмкіндігін кеңейту;
- Мемлекеттік тілдің және қазақ халқының бәсекелестік қабілетін арттыру үшін тиімді графика ұсыну;
- Қазақстан қоғамын лингвоцентризм арқылы мемлекеттік тілдің аясында ұйысуын жеделдету және қалыптасқан қоғамды нығайту.

Талабы (Байқадам стандарты):

1. Латын әліпбиі 26 әріптен аспауы шарт;
2. Қолдануға өте ыңғайлы әрі қарапайым болуы тиіс;
3. Сингармонизм заңын барынша тиімді пайдалану;
 - a) жіңішке және жуан дауысты дыбыстарға байланысты заңдылықты назарға алу;
 - b) еріндік және езулік дауысты дыбыстарға байланысты заңдылықты назарға алу;
4. Транскрипция енгізу және сингармонизм заңына бағынбайтын өзге тілден енген сөздер мен қосымшалар, жалқы есімдер және терминдер, сондай-ақ, жазылуы дау тудыратын сөздер мен қосымшаларды ұтымды берудегі транскрипцияның рөлін арттыру;
5. Сөздің жуан, не жіңішке болуы ықтимал жағдайларда оны арнайы ережелер арқылы анықтау, дау тудыратын жағдайда апостроф (‘), болашақта оқыту методикасы, түсіндірме сөздіктер мен емлес-ереже еркін айналымға енгенде дәйекше мүлдем қолданылмайды;
6. Халықаралық терминдердің және адам аттары мен географиялық атауларды жазылуын бұзбай, түпнұсқа күйінде беру, ал дыбысталуын қазақ тілінің заңдылығына бейімдеу;
7. Қаржылық-экономикалық тұрғыдан барынша үнемді болуы үшін (kz/kaz) кодтау жүйесін пайдалану.

Байланып нұсқасы бойынша 26 әріп беріліп отыр. Олар:

№	Әліпби	Айтылуы	Транскрипциясы
1	Aa	А	[ɑ], [ə]
2	Bb	Бы	[b]
3	Cc	Кі	[k]
4	Dd	Ды	[d]
5	Ee	Е	[e]
6	Ff	Фы	[f]
7	Gg	Гі	[g]
8	Hh	Хы	[h]
9	Ii	й	[i], [i:]
10	Jj	Жы	[j]
11	Kk	Қы	[k:]
12	Ll	Лы	[l]
13	Mm	Мы	[m]
14	Nn	Ны	[n]
15	Oo	О	[ɔ], [ɔ:]
16	Pp	Пы	[p]
17	Qq	Ғы	[q]
18	Rr	Ры	[r]
19	Ss	Сы	[s]
20	Tt	Ты	[t]
21	Uu	Ұ	[ɛ], [ɛ:]
22	Vv	Вы	[v]
23	Ww	У	[u], [u:]
24	Xx	икс	[ks]
25	Yy	Ы	[ɪ], [ɪ:]
26	Zz	Зы	[z]

Диграфтар немесе екі әріппен белгіленетін дыбыстар:

1	sh	шы	[ʃ]
2	ch	Чы	[tʃ]
3	ng	Ң	[ŋ]

Біріншіден, әлемдік тәжірибені ескере отырып, латын әліпбиінің **реттік орналасу тәртібін** сол күйінде қалдырдық. Мысалы, ағылшындар, немістер, италиялықтар, түріктер, тіпті әзірбайжан мен өзбектердің де латын әліпбиінің орналасу реті (кейбір ерекшеліктерді қоспағанда) бірдей. Ал, айтылуы, оқылуы басқаша. Біз әріптердің дыбыс беруін сол күйінде қалдырдық.

Екіншіден, латын әліпбиін пайдаланатын елдерге ортақ заңдылық транскрипция. **Транскрипция** – сөздің оқылуын, дыбысталуын білдіреді. Сондықтан Қазақстандағы жазу тілі латын графикасына көшкен жағдайда, оның транскрипциясы да қоса ұсынылады.

2. Латын әріптерін үндестік заңдылығына сай бейімдеу

Көрші буындардың, дыбыстардың ілгерінді-кейінді бір-біріне ықпал жасап, өзара ұқсауы **үндестік заңы** деп аталады.

Сингармонизм заңдылықтары:

1. Сөздің алғашқы буыны жуан болса, келесі буындары да жуан немесе соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымша да жуан болады. Мысалы: ба-ла-лар, оқу-шы-лар, қа-ла-да-ғы-ла-ры-мыз.

2. Сөздің алғашқы буыны жіңішке болса, келесі буыны да жіңішке немесе сөздің соңғы буыны жіңішке болса, оған жалғанатын қосымша да жіңішке болады. Мысалы: өн-ер-ші-лер-ге, ән-ші-лер, үй-де-гі-ле-рі-міз.

3. Қазақ тілінің айтылу заңдылығына сәйкес, сөздің алғашқы буыны еріндік дауысты дыбыстан басталса, қалған буындары да еріндік дауыстылармен дыбысталады. Мысалы: өнер – өнөр, көгершін – көгөршүн, жүрегім – жүрөгүм. Сондықтан, байырғы тілдік қалпын қайта жаңғырту үшін транскрипция кезінде ерін үндестігін ережесін қолдану керек.

Үндестік заңын қазақ жазуында алғаш А.Байтұрсынов қолданған. Ол 1910 жылы араб графикасының қазақ тілі үшін қолайлы емес жақтарын түзеп, төте жазу графикасын қалыптастырады.

Бұл туралы белгілі лингвист Е.Д.Поливанов «В тюркских языках действует так называемый закон сингармонизма, в соответствии с которым первые гласные в слове уподобляются по признаку ряда гласному первого слога. Казахский просветитель Ахмет Байтұрсунов предложил (речь шла о реформировании арабского алфавита для казахского языка) при каждом слове отмечать признак переднего или заднего ряда добавлением знака, аналогичного знаку скрипичного или басового ключа в нотной записи, что значительно сэкономило число вновь вводимых знаков для гласных. Е.Д. Поливанов назвал этот проект "гениальным" - деген.

1924-29ж.ж. жасалған латын нұсқаларында, атап айтқанда Н.Төреқұловтың, Х.Досмұхамедовтың, Т.Шонанұлының, М.Мырзаұлының, Ө.Байділдаұлының нұсқаларында, сондай-ақ, Ө.Байділдаұлы мен І.Қабылов, І. Жансүгіров, Ш. Тоқжігітовтің бірлесіп жасаған жобалары да сингармонизм заңдылығына негізделіп, 26-27 әріптен тұратын әліпби жасаған.

KazLatyn нұсқасы да осы үндестік заңы негізінде 26 таңбадан тұратын латын графикасында жасалды.

Дауысты дыбыстардың ережесі

Латын әліпбиіндегі а, о, и, у дыбыстары арқылы а – ә, о – ө, ұ – ү, ы – і сынар дыбыстарын таңбалауға болады. Жуан буынды сөздерде бұл заңдылық толық сақталады. Ал жіңішке буынды сөздерді айқындау үшін мынадай заңдылықтар керек:

- а әрпі жуан дауыстылар келген кезде [ɑ] болып оқылады. Ал жіңішке е, і, ө, ү дыбыстары келген кезде [ə] болып оқылады, яғни полатаризация (жұмсарту) заңдылығы жұмыс істейді.

ɑ	
[ɑ]	[ə]
Karakat [kɑrɑkɑt]	arecet [ərek:et]
Arna [ɑrnɑ]	alem [əlem]
Aspan [ɑspɑn]	ace [ək:e]

Егер бір сөз жуан, не жіңішке болуы ықтимал жағдайларда жіңішке буынды сөзден кейін (‘) дәйекше белгісі қойылады. Бұл жерде А.Байтұрсынұлының дәйекшенің жіңішкелік белгісі екендігін көрсететін пікірін басшылыққа алдық. Мысалы,

Аі: 1. *Зат есім (ай)*. Астрономиялық атау.

2. *Одағай (әй)*. Бұл жерде мағынасына қарай екеуін ажырату үшін, егер ол одағай сөз ретінде қолданылған жағдайда сөздің соңына дәйекше қоямыз: аі’ [əi]. Ал, дәйекше қойылмаған жағдайда аі [li] зат есім күйінде қалады.

Бұдан бөлек, егер сөздің ішінде –к немесе –г әріптері келген жағдайда, дәйекше қойылмайды. Себебі, аталған дыбыстар сөзді автоматты түрде жіңішке дыбысқа айналдырады.

- о әрпі сөз ішінде жуан дауыстылар келген кезде [ɔ] болып оқылады. Ал жіңішке ә, і, ү дыбыстары келген кезде [ɔ:] болып оқылады.

o	
[ɔ]	[ɔ:]
orak [ɔrɑk]	oner [ɔ:nɔ:t]
orman [ɔrmlɑn]	ornec [ɔ:rnɔ:k]


otan [ɔtʌn] ozen [ɔ:zɔ:n]

Егер бір сөз жуан, не жінішке болуы ықтимал жағдайларда жінішке буынды сөзден кейін (‘) дәйекше белгісі қойылады. Мысалы:

Oz: 1. *Етістік (оз)*. Іс-қимылды білдіреді: *озу*.

2. *Өздік есімдігі (өз)*. Осы жерде мағынасына қарай екеуін ажырату үшін, егер ол өздік есімдігі ретінде қолданылған жағдайда сөздің соңына дәйекше қоямыз: *oz'* [ɔ:z]. Ал жалғау немесе жұрнақ жалғанған жағдайда дәйекше түсіп қалады. Мысалы: *oz' – oz + ge* [ɔ:zɡɔ:].

- **u** әрпі сөз ішінде жуан дауыстылар келген кезде [ɛ] болып оқылады. Ал жінішке ә, і, ө дыбыстары келген кезде [ɛ:] болып оқылады.




Егер бір сөз жуан, не жінішке болуы ықтимал жағдайларда жінішке буынды сөзден кейін (‘) дәйекше белгісі қойылады. Мысалы,

Ush – 1. *Етістік (үш)*. Іс-қимылды білдіреді: *үшу*

2. *Сан есім (үш)*. Осы жерде мағынасына қарай екеуін ажырату үшін, егер ол сан есім ретінде қолданылған жағдайда сөздің соңына дәйекше қоямыз: *ush'* [ɛ:ʃ]. Ал жалғау немесе жұрнақ жалғанған жағдайда дәйекше түсіп қалады. Мысалы: *ush' – ush-ten* [ɛ:ftɛ:n].

- **y** әрпі сөз ішінде жуан дауыстылар келген кезде [ɪ] болып оқылады. Ал жінішке ә, е, ө, ү дыбыстары келген кезде [ɪ:] болып оқылады.



Егер бір сөз жуан, не жінішке болуы ықтимал жағдайларда жінішке буынды сөзден кейін (‘) дәйекше белгісі қойылады. Мысалы:

Ys – 1. *Зат есім (ыс)*. Түтіннің қалдығы.

2. *Зат есім (ic)*. Жұмыс. Осы жерде мағынасына қарай екеуін ажырату үшін, егер ол жұмыс ретінде қолданылған жағдайда сөздің соңына дәйекше қоямыз: *ys'* [i:s]. Ал жалғау немесе жұрнақ жалғанған жағдайда дәйекше түсіп қалады. Мысалы: *ys' – ys-cer* [i:scer].

- *i* [i], [i:] әрпі кириллица графикасындағы и [i:], й [i] әрпін білдіреді.

- *w* [u], [u:] әрпі кириллица графикасындағы у әрпін білдіреді.

А.Байтұрсынұлы *i* (и) мен *w* (у) әрпін шала дауысты дыбыстар қатарына жатқызады. Өйткені олар дауыссыз дыбыспен қосарланып келсе дауысты, дауысты дыбыспен қосарланып келсе дауыссыз дыбыс болып табылады. Егер – *i* немесе *w* әріптері дауысты дыбыспен қатар келсе, дауыссызға айналып транскрипцияда [i], [w], болып оқылады.

- *e* [e] дыбысы қазақ тілінің төл ережесіне тек жінішке дауысты дыбыстармен ғана үндесіп келеді.

Қазақ тілінің сингармонизм заңы бойынша дауысты дыбыстардың бір сөз аясында үндесу тәртібі

	а	ә	о	ө	ұ	ү	ы	і	и	у	е
а	+										
ә		+									
о			+								
ө				+							
ұ					+						
ү						+					
ы							+				
і								+			
и									+		
у										+	
е											+

Бұдан бөлек сингармонизм заңына біріккен, кіріккен, кірме, қосарлама қос сөздер және шет тілінен енген қосымшалар бағынбайды. Оларды тек транскрипцияның көмегімен пайдаланамыз:

1.	Біріккен сөздер (оның ішінде жалқы есімдерді де қарастырамыз)	<i>атамекен, қараөткел, сарыбел, желбау, Болатбек, Нұрлыбек, Жанаркүл</i>
2.	Кіріккен сөздер	<i>кейуана, керенау, қыстыгүні, жаздыгүні,</i>
3.	Кірме сөздер	<i>кітап, мұғалім, қазір</i>
4.	Шет тілінен енген қосымшалар мен көмектес септігінің жалғауы	<i>- қой, - паз, - гей, - пікі, - дікі, - тай, - хана, - қор, - кер, - мен, пен, бен</i>

Сингорманизм заңына бағынбайтын сөздер мен қосымшаларға байланысты алдағы уақытта арнайы ережелер әзірленетін болады.

Дауыссыз дыбыстардың ережесі

Дауыссыз дыбыстар дауыс шымылдығының жиырылып, өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысындағы мүшелердің біріне соқтығысып, бір-біріне кедергі жасауынан шығады. Қазақ тілінде 26 дауыссыз дыбыс бар, олар мыналар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, һ, ц, ч, щ, ш.

Оны латын графикасындағы дауыссыз дыбыстарға түсіргенде: b, g, q, d, j, z, i, c, k, l, m, n, p, r, s, t, w, h, v, f дыбыстарын ғана қалдырамыз.

- b** – әрпі кириллица әліпбиіндегі б әрпін береді.
- g** – әрпі кириллица әліпбиіндегі г әрпін береді
- q** – әрпі кириллица әліпбиіндегі ғ әрпін береді
- d** – әрпі кириллица әліпбиіндегі д әрпін береді
- j** – әрпі кириллица әліпбиіндегі ж әрпін береді
- z** – әрпі кириллица әліпбиіндегі з әрпін береді
- i** – әрпі кириллица әліпбиіндегі й әрпін береді
- c** – әрпі кириллица әліпбиіндегі к әрпін береді
- k** – әрпі кириллица әліпбиіндегі қ әрпін береді
- l** – әрпі кириллица әліпбиіндегі л әрпін береді
- m** – әрпі кириллица әліпбиіндегі м әрпін береді
- n** – әрпі кириллица әліпбиіндегі н әрпін береді
- p** – әрпі кириллица әліпбиіндегі п әрпін береді
- r** – әрпі кириллица әліпбиіндегі р әрпін береді
- s** – әрпі кириллица әліпбиіндегі с әрпін береді
- t** – әрпі кириллица әліпбиіндегі т әрпін береді
- w** – әрпі кириллица әліпбиіндегі у әрпін береді
- h** – әрпі кириллица әліпбиіндегі х әрпін береді

Латын алфавиті негізінде у мен й дыбыстарын қоспағанда, 16 дауыссыз дыбыс шығады.

в мен ф дыбыстары қазақ тілінің төл алфавитіне сырттан енген кірме дыбыстарды береді. Қазіргі кезде бізде шет тілінен енген терминдер көп болғандықтан, оларды таңбалау үшін v және f әріптерін қалдырдық.

v – әрпі кириллица әліпбиіндегі в әрпін береді

f – әрпі кириллица әліпбиіндегі ф әрпін береді

x – әрпі (кс) деген дыбысты береді. Қазақтың төл әліпбиінде бұрын пайдаланылмаған. Бұл негізінен шеттен енген термин сөздерде және адам аттарында ғана пайдаланылады. Тілдің мүмкіндігін арттыру мақсатында қолданысқа енгізіледі.

Ал ш, ң, ч, ц дыбыстары дифтонг болғандықтан, ағылшын және кейбір өзге тілдерде екі дыбыстың қосылуынан жасалады. Сондықтан, әлемдік озық

тәжірибені пайдалана отырып, біз де екі әріптің қосарлануы арқылы бір дыбыс бердік. Мысалы:

sh - әріптері кириллица әліпбиіндегі [ʃ] ш әрпін береді. Мысалы, shar, shana, shyraqdan, jumysshy.

ng - әріптері кириллица әліпбиіндегі [ŋ] әрпін береді. Мысалы, ang, dangqyl. Ал егер күнгі, сөнген т.б. н мен г әрпі бір сөз ішінде қатар келетін болса, транскрипцияның көмегіне жүгінеміз. Мысалы: sungy [sɛ:ngɛ:], songen [sɔ:ngɔ:n]. Ал, **ing** жалғауын marketing, engineering сынды терминдерді жазғанда пайдаланамыз.

ch - әріптері кириллица әліпбиіндегі [tʃ] ч әрпін береді. Ч әрпі негізінен шеттен енген сөздерде қолданылатындықтан қалдырдық. Мысалы, chemodan, champion.

ts - әріптері кириллица әліпбиіндегі [ts] ц әрпін береді. Ц әрпі негізінен шеттен енген сөздерде және жалқы есімдерде қолданылатындықтан қалдырдық. Мысалы: Tsoi, Tswrtswmia

ю және **я** әріптері **ia**, **iw** түрінде беріледі. Мысалы: аю – aiw [ai:w], аяла – aiala [ai:la].

щ әрпі қазақ тілінде ащы, тұщы сөздерінде ғана қолданылатындықтан, оны алып тастап, ащы, тұщы сөздерін жазуда транскрипцияға жүгіндік. Мысалы: Ashy [ʌʃʃi], tushy [tɛʃʃɛ]

А.Байқадам мырзаның ұсынған латын әліпбиі жайлы пікір

Қазіргі кезде көпшілік қауым латын әліпбиіне көшудің қажетті екенін қолдап отыр. Осыған орай А.Байқадам мырзаның ұсынысын көп жобалардың бірі деп қабылдап отырмыз.

Автордың жобасында көңіл бөлерлік оң шешімдер бар екенін атап өтпекпіз. Мысалы, қазақ тілінің **жс** дыбысын латынның **j** таңбасымен беру керек деген ұсынысы ойға қонымды. Өйткені қазақтың **жс** дыбысының ұлттық ерекшелігі бар: дыбыс аффрикат болып айтылатындықтан, оның таңбасы **j** болуға тиіс. Әзірге көп мамандар дауыссыздың осы ұлттық ерекшелігін аңғара алмай (немесе біле алмай), орыс тілінің жуысыңқы **жс** дыбысымен шатастырып келеді. Сонан соң ерін үндестігін сақтап жазу керек деген ұсынысы да өте орынды. Әрине, бұл кейін емле/ереже құрастырған кезде ескерілетін болады.

Дегенмен автор жобасында қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарына қайшы, қазақы (түркі) жазу дәстүріне кереғар, әдістемелік тұрғыдан қиындық келтіретін тұстары жоқ емес.

Мысалы,

- латынның **c** таңбасын қазақтың тіл ортасымен айтылатын **к** дыбысына беріп, тілшікпен айтылатын жуан әуезді **қ** дыбысына жіңішке әуезді **к** таңбасына беру өте орынсыз;

- қатаң **қ[q]** таңбасын ұяң **ғ[ǵ]** таңбасына беру жазу теориясына қайшы, қатаң дауыссыздың таңбасымен ұяң дауыссызды белгілеуге болмайды;

- қазақ тілінің ең жиі кездесетін және морфологиялық қызметі бар **й[y]** және **у[w]** дауыссыздарының ұлттық жазылым/айтылым үлгісін автор түсінбеген сияқты, сондықтан олардың латын үлгісіне арнайы тоқталмай отырмыз;

- ең бастысы, автордың қазақ тілінің дауысты дыбыстарды белгілеуге берген амалын тіптен қабылдауға болмайды деп санаймыз, бұл - әдістемелік тұрғыдан жөнге келмейтін тірлік, жазу емлесін күрделендіріп және түсініксіздендіріп жібереді;

- жалпы сингармонизм заңы деген өте күрделі құбылыс, сондықтан сингармонизм заңдылығын пайдаланғанда сақ болу керек;

- автор **я, ю** таңбаларының дыбыс мәнін дұрыс түсінбеген;

- кирилдегі **щ** екі дыбыстың тіркесі екенін ескерген жөн, сондықтан **ashy, tushy** деп жаза салуға болмайды;

- дауыссыз **ң** таңбасының жазылымында да кездесетін жаңсақтықтарды ескеру керек болады;

- қазақ тілінде 32 дыбыс жоқ;

- қазақ тілінің фонетикалық құрылымы транскрипцияға мұқтаж емес, қолдан бүлдіріп жазып, сонан соң жасанды транскрипциялап жатуға әсте болмайды;

- дауыссыз дыбыстарда дифтонг деген болмайды, сондай-ақ *дәйекше* емес *дәйекші* екенін, қазақ тілінде *л, р, ң, й, у* дауыссыздарының аталуы *ыл, ыр, ың, ый, ұу* болатынын жол-жөнекей ескерте кетпекпіз.

- кірме сөздердің жазылымына мән берген жоқпыз, өйткені олардың қалыптасқан халықаралық үлгісі бар.

Байқадам мырза ұсынып отырған жоба қазақ жазуының теориясы мен дәстүріне үйлесе қоймайды, әсіресе сауат ашу әдістемесін қиындатып жібереді деген қорытындыға келіп отырмыз.

Сөз соңында А.Байқадам мырзаның қазақ жазуын жетілдіре түсуге деген оң ниетін қолдай отырып, біздің тарапымыздан болған ескертулерге байыппен мән береді деп сенеміз.

*Құрметпен, А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты
Дайындаған
филология ғылымдарының докторы,
профессор Ә.Жүнісбек*

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«КОМИТЕТ НАУКИ МИНИСТЕРСТВА
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, Астана қ., Есildуа, Мынтiк Етiмiзiм, 8-сүй, 11-к.
Тел: 8(7172) 74-16-58 (кабылғау)

010000, п. Астана, Бейсiлiкiй р. аи, пр. оиетi Мiнiтiк Етiмi, 8, п. 11
Тел: 8(7172) 74-24-51, 74-16-58 (кабылғау)
e-mail: edu.gov.kz

№ 31.08. №1337/16-6

**«А. Байтұрсынұлы атындағы тіл
білімі институты» РМҚК**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Ғылым
комитеті А.Байқадамның және Е.Хамитовтың хатын жолдайды. Хатта
көрсетілген ұсыныстарды қарап, *ағымдағы жылдың 5 қыркүйегіне дейін*
жауап берудеріңізді сұраймыз.

Қосымша: п.

Төраға орынбасары

ЖС

А. Жарқенов

Бланк сервистік нөмірі: АҚ/ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Бланк сервистік нөмірі: АҚ/ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

Тіл білімі институты
Институт языкознания
Түскен № *01-06/1942*
" *Ж* " *08* 200*17*ж.

016943

Қазақ тілін латыншаға көшіруге арналған жана фонетико-морфологиялық тәсілі (32 әріп)
Kazak tilin latinşağa qöşiruge arnalğan jana fonetiko-morfologiyalıq tésili (32 érip)

Түжырымдама авторы: Хамитов Е
 ukhamitov@gmail.com
 Email

Латын әрібі	Атауы	Фонетикалық сәйкестігі	Мысалы	Мисалы	Esgeripe
Aa	a	a	апарат алмасы	апарат алмасы	
Bb	бэ	б	би (*), ұлттық би билеуге руқсат берді	biy ultıtk biy biyleuge ruksat berdi	фон. {би}
Cc	шэ	ш	бірінші шектен жасалған шұжық	birinci shekten jasalğan şujıq	
Dd	дэ	д	дертті емдейтін дәрі	deritti emdeytin dári	
Ee	жэ	е, э	егемелді мемлекет	egemendi memleket	
Éé	э	э	эрдәим әрекет көрсету	érdéyim éreket kórsetu	
Ff	эф	ф	Альфияның (*), фонетика дәлтері	Alfıyanın fonetika dǎlteri	фон. {ал'фияның}
Gg	гэ	г	белгілі газет редакторы	Belgili gazet redaktorı	
Gǵ	ғэ	ғ	Ғалия алаһын аташ сабағы жадып	ǵalıya aлаһın атаş сабаǵыǵа жадыр	
Hh	ха	х, һ	Гауһар Хафиз (*), күйін арындады	Gawhar Hafiz kuyin arındadı	фон. {ғашар}
Ii	ы	ы	майлы ыдысты ыстық суға (*), жуу	maylı ıdystıstıq suǵa juu	фон. {йылық}
Iı	й	й, и	йылықты (*), іспен тартынба	ıylyқты isten tartınba	фон. {ерийді}
Jj	жэ	ж	жақсы әнге жан-жүдесі ериді (*)	jaqsıǵeǵa jan-jüyesi eridi	фон. {жазғыстан}
Kk	қэ	қ	Қазақстан (*), халығының қасиеті мықты	Qazaqstan halıǵın qasıyeti mıqtı	
Ll	эл	л	Лейламен өлең шырқау	Leylaмен óleñ şırқау	
Mm	эм	м	Мысыр мемлекетінің меңемесінде оқиды (*)	Msır memleketinın meңemesinde oqudı	фон. {оқыды}
Nn	эн	н	мына науқанға назар аударыңыз	mina nauqanǵa nazar awdarıñız	
Nñ	ың	ң	Ресейдің елтаңбасы	Reseydin eltabası	
Oo	о	о	отансыз адам — ормансыз білбұл	otansız adam - ormansız bulbul	
Öö	ө	ө	ана бәбегін аймалап өбеді	ana bǎbegin айmalar öbedi	
Pp	пэ	п	Парсы пәлсапалық шығармалары	Parı pǎsapaalıq şıǵarmaları	
Qq	кү	к	көне білік күші	qóne bitik küşı	
Rr	эр	р	ресми (*), ақпаратты растау	resmi (*), aқparatı rastau	фон. {ресми}
Ss	эс	с	Саят (*), сабаққа сүйрек (*), келеді	Sayat sabaqqa süyrek keledi	фон. {сайат, сүйрек}
Tt	тэ	т	тар жол тайғақ кешу туралы (*)	tar jol tayǵaq keshu turalı (*)	фон. {туралы}
Uu	у	ұ (жүан дауысты) + тұйық етістікпен басқа жалғаулары	асау ат жайлауда шөп жеуді ұнатады	asau at jaylauda şöp jeudi ұnatađı	
Üü	ү	ү (жіңішке дауысты)	үйрек жап еліп сүнеді	üyrek жап еліп сүнеді	
Vv	вэ	в	Павлодар зауытында жасалған вагондар	Pavlodar zavıtında jasalğan vagondar	

Ww	уә	У (Үнді дауыссыз), көбінесе сөз түбінде	ауа, әуежай, әуен, аудару, аунан, ауысу, ауыр, ауру, Аустрия, Австралия, Еуропа, Еуропа, уақыт, уағыз, уәде, уәзір, сәулә, тау, маусым, дау, дәу, жау, дәулет, рауан, рауғаш	аға, әуежай, әуен, аудару, аунан, ауысу, ақиқат, ақиқат, Австралия, Австралия, Еуропа, уақыт, уағыз, уәде, уәзір, сәулә, тау, маусым, дау, дәу, жау, дәулет, рауан, рауғаш	орыс тілі арқылы енген шетел сөздерінде кириллицаның "И" және "У" әріптері, колайлықпен латынша түпнұсқаларға сәйкестік үшін латын "I" мен "U" арқылы жазылу тиіс: biologist, qurator, pulmonolog, urolog, exquisiya, qurator, universitet, fonetika
Xx	икс	кс (Батыс Еуропа тілдерінен енген неологизмдер)	эккурсия, Ху хромосомалары, Х тұрақсыз, экспандер, экспансия, экспатриация, секстль, гексан, ксенон, саксофон, клаксон, такси, Мехико, кокс, экскаватор, экстрадиция, эксклюзив, экспресс, Александр, Асения, Оксана, Кавьер, люкс	exkursiya, Хu hromosomalar, X turaksız, expandır, exransiya, expatriatsiya, sextil, gexan, xenon, saxofon, flaxon, taxi, Mexiko, qox, exkavator, ekstradiitsiya, exkluziue, express, Alexandr, Xenia, Xavier, lyux	
Yy	йот	й	Ярославльден әкелінген юла ойыншығы	Yaroslavliden әkelingen yula oyınshygy	
Zz	зәт	з	заманға сай зымыран кәшегі	Zamanğa say zymıran kesheni	
Қазақ тіліне сәйкес арнайы дифтонгтар					
iy		и = йи	оқиды, қиналады, оқиға, тиын	okıydı, qınaladı, oqıǵa, tıyn	
iv		и = йи	киелі, икедік, билеу, тиіс	qıueli, ikelek, bıleu, tiıs	
h		һ = х	қаламнан, жалаң, һәм	qaharman, jahan, һem	
Шетел сөздерге арналған дифтонгтар					
ts		ц	цех, Целиноград	tsel, Tselinograd	
ch		ч	чек, Чехов, матч, чемпион, Чикаго	cheg, Shehov, match, chempion, Chiqago	
sch		ш	щетка	schetka	
e		é = е	щетка	schetka	
yu		ю = йу	Юваславия, юань	Yugoslaviya, yuan	
ya		я = йа	яғни, ядролық, Ямайка	yagni, yadrolyk, Yamayka	

Е.Хамитов мырзаның ұсынған латын әліпбиі жайлы пікір

Е.Хамитов мырзаның ұсынған жобасының түсіндірмесі жоқ болғандықтан, сараптама жасау қиындық туғызып отыр.

Автордың басты ұстанымы «бір дыбыс – бір таңба» тәрізді, біз латын әліпбиіне көшудің бұл амалын толық құптаймыз.

Дегенмен авторға ой салар деген үмітпен төмендегі жайларға тоқталып өтпекшіміз:

-*ш* дыбысын *с* таңбасымен белгілеген қалай болар екен, өйткені оны біз ешбір жазу үлгісінен кездестіре алмадық, кейде жазу дәстүрін сақтаған жөн болады;

-дауысты *ә* дыбысының да таңбасы күмән туғызады;

-*к* мен *қ* дыбыстарының таңбаларын ауыстырып отырғанын да құптау қиын, қалыптасқан дәстүрді бұзуға болмас;

-латынның [*u*] таңбасының бірде *ұ*, бірде *y/w* дыбыстарының орнына жұмсалуды түсінбедік, бұл – емле қайшылық;

-қазақ тілінде [*w*] дауыссыз дыбысы сөздің басында кездеспейтін заңдылықты ескеріп отыру керек болады, сондықтан оны төл сөздің басында жазбау керек;

-*и-ый*, *и-ій* дыбыс мәні өте дұрыс берілген, ендеше *y-[uw]*, *y-[iüw]* таңбаларының да дыбыс мәнін қамти кету керек еді;

-қазақ (жалпы түркі) тілінде көмей дыбыс жоқ, сондықтан *h* таңбасын пайдалу/пайдаланбау жағын ойластырған жөн;

-қазақ сөзінің құрамындағы *я*, *ю* таңбаларының дыбыс мәнін автор қалай түсінеді екен?


-кірме сөздердің жазылымына мән берген жоқпыз, өйткені олардың қалыптасқан халықаралық үлгісі бар.

Қазақ тілінде 32 дыбыс жоқ, сонымен бірге қазіргі кезде дыбыс атауларының қазақы (А.Байтұрсын) үлгісі бар екенін ескерте кеткенді жөн көрдік.

Сөз соңында Е.Хамитов мырзаның қазақ жазуын жетілдіре түсуге деген оң ниетін қолдай отырып, біздің тарапымыздан болған ескертулерге байыппен мән береді деп сенеміз.

*Құрметпен, А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты*

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«КОМИТЕТ НАУКИ МИНИСТЕРСТВА
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, Астана қ., Есіл ауд., Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, 11-к.
Тел.: 8 (7172) 74-24-59, 74-16-58 (қабылдау)
sc.edu.gov.kz

010000, г. Астана, Есильский р-он, проспект Мәңгілік Ел, д. 8, п. 11
Тел.: 8 (7172) 74-24-59, 74-16-58 (приемная)
sc.edu.gov.kz

№
2017 ж. 28.09 № 1445/16-4

А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты


Ғылым комитеті Елбасының атына Алматы қаласының тұрғыны М.
Доғудан келіп түскен хат бойынша ақпаратты **2017 жылдың 2 қазанына сағ.
16:00-ге дейін ұсынуды сұраймыз.**

Қосымша: 5 парак, 2 диск.

Төраға орынбасары

Е. Садықов

Орынд. Турсумбаева М.
74-24-84



Бланк сериалдық нөмірісіз жарамсыз болып табылады. Жергілікті қағаздарда нөмірлі түрде білім және ғылым министрлігінің сайтында жарияланған нөмірлермен сәйкестендіріліп, При отделе обязательно сверяться на наш № и дату.

2017 жыл, 12 қыркүйек, Алматы Қаласы

Аса мәртебелі Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы!

Менің аты жөнім Махмұт Доғұ, 1968 жылы Түркияда туылдым, ұлтым қазақ. 1990 жылы Ыстамбұл университеті, әдебиет факультетінің түркология бөлімін бітірдім. Мұхаррем Ергин (1923-1995), Осман Фикри Серткая, Нұри Йүже сияқты түркологтардан білім алдым. 1991 жылы Абай университеті ректоры Токмұхаммет Садықовтың шақыруымен Қазақстанға келіп, осы университеттің түркология бөлімінде сабақтар бердім. Сол жылы еліміздің егемендік жариялаған күндерін көзіммен көріп, тарихқа куә болдым.

Жас едім, үйленбегенмін, ата ана қарт болды. Университеттегі жұмыстарымды қойып, Түріктің түрлі компанияларында істеуге тура келді, біраз уақыт олармен бірге Қазақстанда және Ресейде жұмыс істедім.

1992-1995 жылдары аралығында Түркияның үлкен компанияларынан саналатын КОЧ ХОЛДИНГТІҢ Қазақстандағы сауда өкілі болдым. Жас болсам да Қазақстанға инвестиция тартуға тырыстым. 1999-2001 жылдарында ірі түрік құрылыс компаниясы ГЮРИШ фирмасының Қазақстан және орта азия елдері бойынша бизнес дамыту директоры жұмысын атқардым. 2005- 2011 жылдары аралығында текстиль саласында түрік жеңіл өнеркәсіп фирмаларының Ресейдегі өкілі болып жұмыс істедім.

1999 жылында қазақ қызымен үйлендім, үш бала тәрбиелеп жатырмыз. Қазақстан азаматтығын алдым, **жұртпен жүрген жүдемес** деп отбасымен бірге Алматыда тұрып жатырмыз. 2011 жылынан бастап, Ыстамбұл университеті, Қоғамдық Ғылымдар Институтының көне түркі тілдері бөлімінде магистратурамды жалғастырып жатырмын.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері Қазақелі, сіздің басшылығыңызда танымастай өзгерді. Қазақ **«Елу жылда өл жаңа»** дейді. Сіздің жүргізген бейбіт, даналыққа толы, ақылғөй саясатыңыз арқасында, басқа елдердің бір ғасыр ішінде жеткен деңгейіне Қазақстан 25 жыл ішінде көтерілді. Қазақ елімен бірге менің отбасым да, Құдайға шүкір өсіп келеді.

Қазақстан Республикасы
Президентінің Әкімханасы
Қазақстан Республикасының
19.09.2017 ж. 7

Сіздің, 2017 жылы, 12 сәуірде, Егемен Қазақстан газетінде жарияланған «Болашаққа Бағдар; рухани жаңғыру» мақалаңызды үй ішімізбен қызыға оқып, талқылап қуанышпен қарсы алдық. Мақалаңыздың, «Таяу Жылдардағы Міндеттер» бөлімінде, «біріншіден қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек.» деп жазғансыз.

Қазақ тілі түркі тілдерінің, қарақалпақ, ноғай, қарашай, балқар, құмық, қарайым, қырғыз, башқұрт, татар тілімен бірге «қыпшақ тобына» жатады. Қыпшақ тобы ішінде адам саны жағынан, ең көп сөйлесілетін тіл ол - қазақ тілі. Қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақтан, Ресей, Өзбекістан, Қытай, Монғолия, Түркияда тұратын 20 миллионға жақын кісінің ана тілі - қазақ тілі.

Кирилл әліпбиінен латынға ауысарда ана тіліміз үшін ең дұрыс латын әріптерін тауып таңдап теріп алу, өте маңызды. Ертеңгі күні қалай жазатынымыз барлығымыз үшін қызықты. Латын әліпбиі және қазақ тілінің келешегі тақырыбы, мамандығыма байланысты менде де қызығушылық тудырды.

Орысша, қазақша, түрікше тілдерін, арап әріптерімен жазылатын көне Османлы тілін, кешегі бабаларымыз қолдаған шағатай тілін, Ахмет Байтұрсын жазуын, сонымен қатар өзбек, әзірбайжан, татар сияқты түркі тілдерін білемін. «Латын Әріптері Негізінде Жаңа Қазақ Әліпбиі» деген шағын еңбекті, осы өзім қолданып жүрген латын әріптерімен жазып шықтым.

Сіздің, 2017 жылы, 2 тамызда хабар арнасына берген сұхбатыңыздағы, латын әріптері туралы ескертулеріңізді назарға алдым. Түркияның 1928 жылы латын әріптеріне көшерде жіберген қателіктері еске алынды. Мысалы; түріктер дәл осы жылы бір дыбыстарынан айрылып қалды, Анадолу жерінде кейбір өңірлерде әлі де қолданылып келсе де, «сонар ң» дыбысы олардың жазуларында жоқ, бізде сақталады. Сонымен қатар орысшадан қазақшаға кірген қажеті жоқ дыбыстар мен әріптер жаңа әліпбиде болмайды. Ұсынып отырған бұл әліпбидің қолайлылығы; оқуға, жазуға оңай. Жаңа әліпби, шырайлы, біртұтас, жеткілікті, бүтін.

Жазудың тарихы адамзаттың тарихындай ескі. Финикиялықтардың біздің заманымызға дейінгі 1200 жылында тапқан консонанттық жазуы «өң көне әліпбиі» саналады. Финикия жазуында алғашқы рет, бір таңба бір дауысты белгілеген. Арамей, арап, еврей, үнді, грек және грек жазуынан шыққан латын және кирилл жазу жүйелерінің барлығы Финикия жазуынан шыққан. Бір сөзбен айтқанда; қазіргі заманда қолданылған көптеген әліпбилер сол баяғы «әліптен» басталады.

Кітапшада; брифинг ретінде әліпбидің қысқа тарихы берілді, дүние жүзі халықтарының қолданған әліпбилерінен мысалдар ұсындым. Жаңа қазақ әліпбиінің әріптерін белгілеп, мәтіндерден мысалдар келтірдім.

Көптеген ұсыныстар болып жатса да, жобалардағы кемшіліктерді көрдім. Мысалы, теледидар арналарында, кейбір басылымдарда, отанымыздың атын **QAZAQSTAN** деп жазылып жүргенін байқаймыз. Көзге сүйкімді емес, Қазақ әліпбиінде **Q** дыбысының қажеті жоқ. **KAZAKSTAN** деген дұрыс болар еді. **Канада** мемлекеті **Qanada** деп жазылмаған. Терминология мәселесіне айрықша тоқталдым.

Қазақтың аты жөнін белгілеу мәселесін дүзеп алу дұрыс болар еді. Аты жөніміздегі **-ов, -ев, -ева, -ич** жұрнақтарынан алыстағанымыз жөн сияқты. Бұл туралы ұсынысымды осы кітапшада қысқаша жаздым.

«Латын Әріптері Негізінде Жаңа Казак Әліпбиі» деген кітапшам, атажұртымның бір кәдесіне жарар деп үміт етемін. Еңбегім, «Махмұт Доғұ Емлесі» деп еленіп жатса, менімен бірге, шет елдердегі миллиондаған Қазақтар үшін де бір мақтаныш болар еді. Қажет болып жатса әліпби мәселесіне қатысты комиссияларға қатысып қызмет етуге, жауапкершілік алуға дайынмын.

Еңбегімді назарыңызға ұсынамын, бағалауыңызды өтінемін.

Құрметпен,



Махмұт Доғұ

Адрес: Алматы Каласы, Макатаев Көшесі, 130- үй, 44- патер.

Тел; 8 7272 79 51 26, ұялы тел; 8 771 580 86 70, e-mail; dogu_m@yahoo.com

Құрметті М. Доғұ мырза

Қазіргі таңда Елбасының бастамасымен жүргізіліп отырған латын әліпбиіне көшу жайындағы тапсырмасына орай өзіңіздің жобаңызды, ұсынысыңызды білдіргеніңізге алғысымызды білдіреміз. Қазіргі қоғамда болып жатқан латын әліпбиіне байланысты өзіңіздің ойыңызды, ұсынысыңызды білдіріп жатқандығыңыз, сіздің тілге деген жанашырлығыңыз бен құрметіңізді білдіреді. Әсіресе, сіздің латын әліпби жобасын жасау үшін латын әліпбиінің тарихын жан-жақты, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Түрікменстан әліпбиі бойынша тәжірибелер жинақтағаныңыз сіздің тілге деген аса жауапкершілігіңізді білдіреді. Сондай-ақ көркем шығармаларды, Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауын (2014 жылғы 17-қаңтар) латын әліпбиімен жазып көрсетуіңіз, сіздің латын әліпбиіне қатысты біліктілік деңгейіңізді көрсетеді.

Сіздің латын әліпбиіне байланысты жобаңызды мұқият қарап шықтық. Ұсынып отырған латын әліпби жобасы негізгі 30 (9 дауысты, 21 дауыссыз) және қосымша 4 әріптен тұрады. Жобада бір дыбысқа бір әріп принципін ұстанған және әріпүсті және әріпасты диакритикалық таңбалар берілген: Ä ä (Әә), Ğ ğ (Ғғ), Ñ ñ (Ңң), Ö ö (Өө), Ş ş (Шш), Ç ç (Чч), Ü ü (Үү). Алайда диакритикалық таңбаларды беруде белгілі бір жүйе сақталғанда дұрыс болар еді. Яғни диакритикалық таңбаларды біркелкі етіп, астыңғы жағынан немесе жоғарғы жағынан белгілеген дұрыс деп ойлаймыз.

Сонан соң кирилл әліпбиіндегі Ққ фонемасын Кк-мен емес, Q q - мен берген жөн болар еді. Өйткені кирилл әліпбиіндегі к мен қ фонемасы жеке-жеке фонема болғандықтан, әр фонема жеке әріппен таңбаланған жөн. Сондай-ақ **buv, suv, kuv, juv, sav** (бу, су, ку, жу, сау) дегенде де у фонемасын v-мен таңбалауға болмайды. Өйткені v әрпі в фонемасының таңбасы. Егер қ-ны k-мен берсек, қазақтың төл қ фонемасын жоғалтып алу қаупі бар. У-ды v-мен беретін болсақ, шатасу пайда болады. Сондықтан бұл әліпби жобасын әлі де болса жетілдіру қажет деп ойлаймыз. Сіздің бұл ұсынысыңыз латын әліпбиін болашақта дұрыс әрі сапалы құру үшін қажет деген ойдамыз.

Сіздің отбасыңызға амандық, әрі қарайғы жұмысыңызға сәттілік тілейміз.

*Құрметпен, А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты*

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСТ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«КОМИТЕТ НАУКИ МИНИСТЕРСТВА
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, Астана қ., Есіл ауд., Мәңгілік Ел даңғылы, 8-үй, 11-к.
Тел.: 8 (7172) 74-24-59, 74-16-58 (кабылдау)
sc.edu.gov.kz

010000, г. Астана, Есильский р-он, проспект Мәңгілік Ел, д. 8, п. 11
Тел.: 8 (7172) 74-24-59, 74-16-58 (приемная)
sc.edu.gov.kz

№
2017 ж. 03.10 №1464/16-4

**А. Байтұрсынов атындағы
Тіл білімі институты» РМҚК**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті, С. Әмірбековтен, С. Тарақовтан, Д. Тугамбековадан келіп түскен латын қарпіне байланысты өтініштерін қарастырып, тиісті ақпаратты **2017 жылғы 9 қазанға дейін** bekenov.nurbol@mail.ru электрондық поштасына жолдауды сұрайды.

Қосымша: 2 б.

Төраға орынбасары

Е. Садықов

Тіл білімі институты
Институт языкознания
Түскен № 01-06/1821
" 04 10 2007

Орынд.: Н. Бекенов
Тел.: 74-20-93

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз болып табылады. Жаңап кайтарарға міндетті түрде біздің № және күні көрсетілу керек.
Бланк без серийного номера не действителен. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

Құрметті Елбасы! Қазақ тілінің жәнашырлары ретінде өзіміздің түзген қазақ тілінің латын графикасы негізіндегі нұсқасын ұсынамын. Меніңше бұл ең қолайлы, ең оңтайлы нұсқа. Кеше ғана Парламент назарына ұсынылған алфавит нұсқасында латын графикасының таңбалары толық қолданылмаған. Бар таңбаларды түгел пайдаланған соң ғана диграфтарды пайдалана бастау қажет қой.

КИРИЛИЦА- ЛАТЫН	ЛАТЫН - КИРИЛИЦА
А - А	А - А (АЕ - Ә)
Ә - АЕ	В - В
Б - В	С - Ш (СН - Ч; СС - Щ)
Г - Г	Д - Д
Ғ - Х	Е - Е
Д - Д	Ғ - Ф
Е - Е	Г - Г
Ё - ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ КЕРЕГІ ЖОҚ	Н - Х (Һ)
Ж - Ж	І - І (ІЕ - Ы)
З - Z	Ј - Ж
И - У	К - К
Й - У	Л - Л
К - К	М - М
Қ - Q	Н - N (NH - Ң)
Л - L	О - O (OE - Ә)
М - M	Р - P
Н - N	Q - Қ
Ң - NH	R - P
О - O	S - C
Ө - OE	T - T
П - P	U - У
Р - R	V - В
С - S	W - Ұ (WE - Y)
Т - T	X - F
У - U	У - И (Й)
Ұ - W	Z - З
Ү - WE	
Ф - F	
Х - H	
Һ - H	
Ц - ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ КЕРЕГІ ЖОҚ (TS - АРҚЫЛЫ ЖАЗУҒА БОЛАДЫ)	
Ч - CH	
Ш - C	
Щ - CC	
Ъ - ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ КЕРЕГІ ЖОҚ	
Ы - IE	
І - I	
Ь - ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ КЕРЕГІ ЖОҚ	
Э - ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ КЕРЕГІ ЖОҚ	
Ю - ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ КЕРЕГІ ЖОҚ	
Я - ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ КЕРЕГІ ЖОҚ	

Кирилицاداғы «Ғ» дыбысының латынның «X» әрібімен таңбалану себебі «X» батыс тілдерінде дауысты дыбыстар арасында немесе дауысты дыбыс алдында келетін болса, «ҒЗ»

2022-10-18

дыбысын береді. «Г» дыбысы «Г-ға» ұқсас, оның үстіне «Х» әрібінен басқа «Г-ны» таңбалайтын әріп те қалмады. «Е» тіркеу арқылы латын тілінде жоқ, қазақ тілінде бар дауысты дыбыстар таңбалары жасалды: Ә – AE, Ө – OE, Ы – IE, Y – WE. Ал латын тілінде жоқ «Й» дауыссыз дыбыстар латынның «Н» әрібін тіркеу арқылы жасалды: Ч – CH, Ң – NH. Кеше парламентке ұсынылған нұсқада «Ү» дыбысын латынның UE әріптерінің тіркесі арқылы беріпті. Қазақ тілінде «керуен», «әуен», «әуе» деген сияқты сөздерін латын әріптерімен жазу мен оқығанда шатастырып, қолайсыздық тудырады ғой. Сондықтан «Ү» дыбысын латынның «WE» тіркесі арқылы таңбалаған әлдеқайда тиімді болмақ.

Қазақ тілінде А мен Е, О мен Е, І мен Е, Ұ мен Е бір сөзде бірге келетін сөз жоқ. Сондықтан бұл әріптердің жазуды оқып отырған адамды шатастырмайтын тіркес екені анық. С (ш) мен X, N(н) мен X бір сөзде келетін де сөз жоқ. Бұлардың да жеке әріп емес, әріптер тіркесі екені түсінікті.

Осылайша латынның 26 әріпі толық пайдаланылады, латында қазақ тілінің жоқ дыбыстары ағылшын, француз, неміс т.б. тілдердегідей әріптер тіркесімен беріледі.

Саят Әмрібеков *SAIAT*
2017-09-11

ШЫҒЫС №01-07/362

05.10.17ж.

Құрметті С.Әмірбеков

Қазіргі таңда латын әліпби жобасы Парламент отырысында қаралып, көпшіліктің талқысына ұсынылды. Қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіруге қатысты жауапты іске бей-жай қарамай, өзіңіздің ұсынысыңызды білдіріп жатқандығыңыз, сіздің тілге деген жанашырылығыңыз бен құрметіңіз деп білеміз.

Сіздің қазақ тілінің жанашыр азаматы ретінде нұсқаңызды ұсынғаныңыз орынды. Ұсынған жобаңызды мұқият қарап шықтық. Жобаңызда «Парламентке ұсынылған әліпби нұсқасында латын графикасының таңбалары толық қолданылмағандығын, таңбаларды түгел пайдаланған жағдайда ғана диграфпен жазуға болатындығын» ұсыныс ретінде айтасыз. Айтқаныңыз орынды әрине. Алайда сіздің ұсынған жобаңыздың әлі де болса жетілдіретін тұстары бар екен. Мысалы, сіз «Ғ» дыбысын «Х» әріпімен таңбалауды ұсынасыз. Бірақ «Ғ»-ны «Х»-мен таңбалауға болмайды. Өйткені, әрбір графеманың өзіндік адам санасында қалыптасқан бейнесі бар. Егер біз «Ғ»-ны «Х»-мен таңбалайтын болсақ, шатасу пайда болады.

Сондай-ақ «Ү» дыбысын «UE»-мен емес, «WE»-мен беруге болатынын айтасыз. Алайда, «Ү» дыбысын «WE»-мен берсек те қиындық келтірері сөзсіз. Өйткені бір сөзде екі диграф кездесетін болса, сөздің тұрқы бұзылып, оқу қиындап кетеді.

Бұл әліпби жобасын әлі де болса жетілдіру қажет деп ойлаймыз. Сіздің ұсынысыңыз бен пікіріңіз әрі қарайғы латын әліпбиін жетілдіру ісіне қажет деген ойдамыз.

Сіздің әрі қарайғы жұмысыңызға сәттілік тілейміз.

***Құрметпен, А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты***

-ғы № ЖТ-Т-10869,1 шығыс хаты

Қазақстан республикасының президенті
Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлына
Азамат Тараков Сеитбек Амирбековичтен
Тұрағы: Алматы қ-сы, «Орбита 3» ы/а,52 үй,131 пәтер
Ұ.т.8747-790-07-85, 8777-329-49-14

ҰСЫНЫС –ӨТІНІШ

Құрметті Қазақстан Республикасының басшысы, сізге мынындай екі ұсынысым және өтінішім бар:

Мен біздің ел латын әріпіне көшуіне қарсымын.Оны дұрыс емес деп санаймын.

Басында айтарым: бұл жерде «Русофобия» орынсыз. Себебі, орыс алфавитін құрастырған Кирилл және Мефодий ұлты және тегі бойынша нақты кім екені жайлы мәліметтер әлі жоқ. Кейбіреулердің жорамалына сәйкес-ол екеуі біздің кең даламыздың туындылары . Шын аттары (есімдері) беймәлім.

Ол екеуіде орыс патшалары – Романовтардың әулеті (династия) сияқты болуы мүмкін. Романовтар – орыс патшалары болған, бірақ өздері –немістер.

Біздің мақтаншымыз - Мұхаммедканапия (Шоқан) Шыңғысұлы Уәлиханов – орыс офицері –бірақ ұлты, тегі-қазақ.

Оның үстіне Кирилл мен Мефодий орыс алфавитін көне түрік (древнетюркский) алфавитінің негізінде құрастырған дегенді ертеде естігенмін.

Ең қиыны: 26 латын әріптерін қалай 42- ге жеткіземіз?

Әлде немістер құсаймыз ба? Оларда «Ч» әріпі- 4 әріппен жазылады – «Т,С,Ц,Х», «Ш» әріпі – 3 әріп –«С,Ц,Х» , «Н» - 2 әріп «Н.Г.». Немістерде дыбыстар біздікінен едәуір аз. Ал «С»- әріпі - сөздің басында басқаша оқылады, ортасында- басқаша, а көшеде жалғыз тұрса ше?

Өзіңізге келейін: «Назарбаев» деп жазуға болады, ал өзіңіздің және әкеңіздің аттарын –оқығында қазақша дыбысталатындай қылып жазу мүмкін емес. «Ұ», «Ә» және «І» әріптерінің «қиялдан» шығаруымыз керек.

Ал «Күн» – (раб ,прислуга), «Күн»-(солнце, день), «Күн» -(цена,стоимость)-бір-біріне мағыналары бойынша жақын келмейтін ұғымдар,сөздер. Соларды 26 әріппен жазуға мүмкін емес.

Латын әріптеріне көшпесек- «қатардан қаламыз» дегендердікі – САНДЫРАҚ!

Бүгінгі күні ғылымы, экономикасы және мәдениеті дамуы бойынша әлемде 1-ші орындағы елдер, халактар –Жапондар, Қытайлар және Корейлер- олар өздерінің таңбаларынан көшейін деген ойларына да келген емес.

Ал бүкіл халықты қайта оқыту, электронды техниканы қайта жасату,оқулықтарды ,ғылыми еңбектерді,техникалық құжаттарды т.б.қайта құрастырып шығару –қанша триллион АҚШ доллары болады?. «Шащылып» жатқан ақша жоқ және болмайды. Халақтың сауатты түрде жазып, оқуына қанша онжылдықтар қажет?

Өзім Өзбекістан және Өзербайжан елдерінің азаматтарымен кездескенімде, олар осы күнге дейін латын әріптерімен және оған қосымша өздерінің ойлап тапқан қосымшаларымен жазылғандардың әлі де жөндеп оқи алмайтындарын, кейбір сөздерді мүлде түсінбей қалатындарын айтқан.

Бізде 10-20 жыл бойы шала сауатты (полуграмотный), надан (невежа)» болып жүреміз бе?

Ал 1929-1941 жылдары латын әріпін пайдаланғанымызды тілге тиек қылудың негізі аз, себебі, ол кезде сауаттылардың санын саусақпен санайтын кез болған.

Менің өтінетінім: Құрметті Президент! Өзіңіздің билігіңізді, құрметтілігіңізді пайдаланып, қазіргі қолданып жүрген әріптерімізді қалдыруды, латиницаға көшпеуімізді. 26 латын әріптеріне тағы 16 әріп, ойлап тауып қоссақ ,ол «латиница» емес «Қазақица» болады, ал оны бүкіл әлем оқи ала ма?

Екінші өтінішім: Еліміздің ән ұранындағы «... Қазағым мықты ғой...» дегенді «...Халқымыз мықты ғой...» деп ауыстыруды. Себебі: Ән ұран –Қазақстандікі. Бүкіл еліміздікі - ұлтына, нәсіліне байланыссыз.

Құрметпен, заңгер

С.А Тараков

Шығыс №01-07/362

05.10.17ж.


Құрметті С.А.Тараков мырза! Сіздің ұсыныс-негіздемеңізбен толығымен танысып шықтық.

Латын графикасына негізделген қазақ жазуы – қазақтың дербес ұлт екендігін сездіретін, ұлттық бірегейлікті бекітетін және ұлттық мүддені қорғауға мүмкіндік беретін құрал. Сондықтан Елбасы 2002 жылдан бері осы мәселені көтеріп келеді. Осыған байланысты осы жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын жариялады. Мұндада Қазақстанның бәсекелестікке қабілетті елдердің қатарына енуі үшін қазақ жазуын латын графикасына көшіру туралы мәселені қозғап, іске кірісуді талап етті. Сондықтан бұл мәселеге қатысты ғылыми, практикалық, әлеуметтік, саяси т.б. факторлар өз кезегінде зерттеліп, болашақ латын графикасына негізделген әліпбиге көшу кезеңдері белгілену үстінде екенін айтқымыз келеді.

***Құрметпен, А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты***

В Министерстве
образования и науки
Республики Казахстан

от Туганбековой
Даман Аманбаевна,
100407, Карагандинская
область, Буар-Мараузинский
район, посёлок Т. Мухоморова,
улица Мира, дом № 7, кв. № 14



Заявление

В связи с переездом право-
местная была казахской алора-
вита с переездом на жилищную
котелью бы получить ординатив-
ную информацию относительно
этого вопроса. Существующий
казахский алоравит отменяется
многообразием и мелочливостью
звучит, мелочливо проигрывает.
Общество не так давно при-
ступило изучать государственной
звук, который и несут на то-
звук. Не будет не представляем-

резкий переход с латиницы на латиницу в области научного языка нагляднее его изучение, употребляемое в научной и учебной среде? Какие образцы будут употребляться букв казахского алфавита:

Әә, Ғғ, Ққ, ы, Оо, Үү, Үү, Үі в латинице? Возможно,

переход следует проводить поэтапно и последовательно, в соответствии с утвержденным планом этого мероприятия.

Будет ли у изучающих, употребляющих действующий казахский язык право выбора употребляемых букв казахского алфавита на определенное для тех, кто пользуется ими с советского периода времени на письме и устно? Книжки, учебники, журналы и другие материалы латиницей давно, с советских времён, у них нет букв, это есть в казахском алфавите, имеются 42 буквы.

- 2 -

У меня, например, нет на-
деяния прощаться с Лингва.
Если мир хочет считать латин-
скую азбуку, написанную на
русском, то пусть ^{латинизацией} ~~переводит~~
латинизацию - переводчиков на
русский. Чем всё это закончится
будет неизвестно? Кроме того,
мировой языком признали английский
язык, который в РФ тоже изу-
чается и успешно употребляется,
все переводчики.

Резкий перевод казахского
алфавита с кириллицы на ла-
тинизацию потребует огромные
средства и в связи с этим воз-
никнет немало вопросов в том-
числе, какими образом будут
получать знания учащиеся сред-
них школ в дальнейшем, которые
значительно нуждаются в изучении
казахского языка на кириллице?

Не приведёт ли это к оттоку
предметов учиться и не станет
ли поводом отмирания казахского?

Меня, кто освоился с русским языком (покажу) легче и проще будет
подумать обрусение все же
латинские, а на русском
языке, поскольку латинские
или не знают. Если наши
предки когда-то пользовались
латинской, то вскоре выйдут,
все-таки, ирландия и создали
большой западный алфавит,
буквы которого в каталоге слова
более передают смысл и зна-
чение слова. Трону Вас
обратить внимание на это
и принять соответствующее
решение в вопросе, какой язык
будет в ДК государственном
с приложением латинской. На
мой взгляд, рогатый легче
будет отнять детей, а ба-
бушки и дедушки - выучить
в школе с русским языком
обучения, ну все же, чтобы
облегчить латинской, может, больше.

Примечание: котик Линди. *А. Жуков*
16.09.17.

Әліпби

А а Ә ә Б б В в Т т Ғ ғ Д д
Е е Ё ё Ж ж З з И и Й й К к
Қ қ Л л М м Н н Ғ ғ О о Ө ө Т т
Р р С с Т т У у Ү ү Ұ ұ Ф ф
Х х Һ һ Ц ц Ч ч Ш ш Ы ы Ъ ъ
Ы ы І і ь Ә ә Ю ю Я я

Созданием казахского алфавита из 42 букв был сделан прогресс в развитии казахского языка, который передает многообразие, красоту, величие, богатство, индивидуальность не только языка, но и казахского народа - казахов.

Шығыс №01-07/362

05.10.17ж.

Құрметті Д.Тугамбекова ханым! Сіздің ұсыныс-негіздемеңізбен толығымен танысып шықтық.

Латын графикасына негізделген қазақ жазуы – қазақтың дербес ұлт екендігін сездіретін, ұлттық бірегейлікті бекітетін және ұлттық мүддені қорғауға мүмкіндік беретін құрал. Сондықтан Елбасы 2002 жылдан бері осы мәселені көтеріп келеді. Осыған байланысты осы жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын жариялады. Мұнда да Қазақстанның бәсекелестікке қабілетті елдердің қатарына енуі үшін қазақ жазуын латын графикасына көшіру туралы мәселені қозғап, іске кірісуді талап етті. Сондықтан бұл мәселеге қатысты ғылыми, практикалық, әлеуметтік, саяси т.б. факторлар өз кезегінде зерттеліп, болашақ латын графикасына негізделген әліпбидің өту кезеңдері белгілену үстінде екенін айтқымыз келеді.

Ә, ғ, қ, ң, ө, ұ, ү, і сияқты қазақтың төл графемалары латын графикасы бойынша таңбалануы әлі де зерттелу, қарастырылу үстінде екенін айтқымыз келеді. Себебі жақында Парламент мәжілісінде ұсынылған әліпби (латын) көпшіліктен қолдау таппады.

Латын графикасына көшу жұмыстары бірден болмайтынын ескерткіміз келеді. Әліпби стандартталғаннан кейін латын графикасына негізделген әліпби жүйесіне өту, көшу кезеңдері бағдарламалық түрде іске асырылатын болады. Сондықтан дағдыға айналғанға дейін екі графика, яғни кирил және латын қатар жүретінін ескертеміз.

Қазақ әліпбиінде 42 әріп бар деп көрсетіпсіз. Дұрысында ұлттық қазақ жазуында 29/30 әріптен тұратын әліпби болу керек. Мұның себебі, қазақ тілінде 28 мағына ажырататын дыбыс бар.

Жалпы қазақ тілінің дамуы мен өміршеңдігіне бей-жай қарамайтыныңыз бізді қуантты. Жұмысыңызға сәттілік, шығармашылық табыс тілейміз.

***Құрметпен, А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты***

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ӘКІМШІЛІГІ



АДМИНИСТРАЦИЯ
ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет Үйі
argk@akorda.kz, факс 74 56 31
20 1 жылғы 15 мамыр
№ 3Т-П-5459

20 г.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі

ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының атына Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты А. Перуашевтан хат (№ 3Т-П-5459, 2017 жылғы 4 мамыр) келіп түсті.

Хат авторы латын графикасының негізінде казак әліпбиін қалыптастыруға байланысты өз нұсқаларын ұсынады.

Хатта көрсетілген ұсыныстарды А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтымен бірлесіп қарап, оның авторына заңнамада белгіленген тәртіппен жауап беруді сұраймыз.

Қосымша: 4 парақ.

Ішкі саясат бөлімі
меңгерушісінің орынбасары

Т. Қырықбаев

Орынд.: Абзалбек F.M.
Тел.: 74-56-41

Тіл білімі институты
Институт языкознания
Түскен № 01-08/93
30. 05 2007 ж.

16 143/3Т-П-5459
05 17

Қазақстан
Демократиялық
Партиясы



Демократическая
Партия
Казахстана

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы
Сарайшық к-сі 11, № 5 кенсе
тел.: +7 (7172) 602-676
факс: +7 (7172) 602-675
e-mail: DPK.akzhol.kz@mail.ru
www.akzhol.kz

Республика Казахстан
010000, город Астана
ул. Сарайшык 11, офис № 5
тел.: +7 (7172) 602-676
факс: +7 (7172) 602-675
e-mail: DPK.akzhol.kz@mail.ru
www.akzhol.kz

№ 2788

17 02 05
20 жылғы « »

Қоғамдық сананы жаңғырту
бағдарламасын іске асыру жөніндегі
ұлттық комиссияның төрағасы
Ә. Р. Жақсыбековке

Құрметті Әділбек Рыскелдіұлы!


Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» мақаласына қазақ тілін біртіндеп латынша көшіру туралы тапсырмасына және жана графикадағы бірыңғай қазақ әліпбиін қалыптастыруға байланысты өз ұсыныстарымды қосымшаға сәйкес жолдаймын.

Қосымша 3 бетте.

Құрметпен,

Партия төрағасы
Мәжіліс депутаты

А. Перуашев



003200

Ең алдымен, бірінғай әліпбидің басты қағидаттарын анықтап алу қажет. Меңінше, олар мынадай болуы тиіс:

1) Қазақ тіліне тән барлық дәстүрлі дыбыстар үшін ерекше таңбалануды сақтап қалу: Ә; І; Ң; Ғ; Ү; Ұ; Қ; Ө.

Жазу үрдісінде бұл дыбыстардың ерекше таңбалануынан бас тарту 2-3 ұрпақтан кейін олардың толық жойылуына және басқа дыбыстармен алмасуына әкеп соқтыруы әбден мүмкін. Нәтижесінде қазақ тілінің сәйкестілігі мен бірегейлігін сақтап қалуға, оның фонетикалық байлығына, тілдің көркемділігі мен ерекшелігіне қауіп төнуі мүмкін, біздің ойымызша, барынша күш салып, бұған жол бермеуге тиіспіз.

2) Олардың бірнеше (2-3) таңбамен жазылуын болдырмаған жөн, өйткені бұл белгілі ыңғайсыздықтар тудыруы мүмкін. Бұл дыбыстардың әрқайсысы, қазіргідей, бір таңбамен (әріппен) белгіленгені игі болар еді.

3) Сондай-ақ олардың жазылуы латыншада бірнеше таңбанын пайдалануымен бейнеленетін басқа да дыбыстардың бір таңбамен (әріппен) жазылуын сақтап қалған орынды болар еді: Ы; Ш; Щ; Ы; Ж; Э; Я; Ч; Ю.

Бұлардың көпшілігі кириллицадағы қазақ тілінде белсенді қолданылады, сондықтан 2-3 құрамды белгіленуіне (мысалы, sh, sch, zh, tsh, ya, yu, ye және т.с. сияқты) көшу олардың жазылуын күрделендіріп жіберуі мүмкін. Сонымен бірге, **кез келген жаңғыртудың мақсаты, керісінше, құралдарды оңайлату болуы тиіс.**

4) Бұл үшін, түрлі мемлекеттерде (Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Хорватия, Венгрия, Польша, Чехия және т.б.) қолданылып жүрген латын әліпбиінің түрлендірілген нұсқасына сүйенген жөн деп ойлаймыз, аталмыш елдерде жоғарыда біз аталған міндеттер сәтті іске асырылған.

Бұл әдіс-тәсілдің басымдығы – бұл түрлендірулер әлемде кеңінен қолданылуда, жаппай қабылданған және ІТ саласында компьютерлік пернетақта мен бағдарламалық жасақтама үшін бейімделген.

5) Қазақ тіліне тән немесе күрделі дыбыстарды бірінғай таңбамен (әріппен) белгілеу кезінде 2-3 қана таңбаға тоқтап, қосымша символдардың алуан түрлілігіне жол бермеген абзал.

Мысалы, шығыс-еуропа тілдерінде негізгі әріпті түрлендіруде жиі түрде «қанат белгісі» қолданылады. Түрік және әзірбайжан тілдерінде – түбірінде «қосымша белгі» немесе таңба үстінен қос нүкте пайдаланылады.

Бұл дәстүр біздің тілімізге түптөркіні мен мәдениеті жағынан жақын екені сөзсіз, алайда батыс пайдаланушыларына (ағылшын-саксон елдері, Еуропалық одақ) шығыс-еуропалық түрлендіру көбірек таныс, мысалы, ол Еуропалық комиссия мен Еуропарламенттің іс жүргізуінде кеңінен қолданылады.

6) Халықаралық тәжірибеде тұрақты оқылуы бар әріптердің «жергілікті» түсіндірілуіне жол бермеу. Мысалы, «Қазақстан» (Qazaqstan) сөзінде «Q» әрпінің «Қ» дыбысын таңбалау үшін қолданылуы шетелдік оқылымда «Қуазакьюстан» (?) деп естілуі мүмкін. Қайткенмен де, мұндайды жоққа шығара алмаймыз.

Сондықтан қазақ тіліне тән дыбыстар үшін олардың оқылымы бұрмалауды тудырмайтын ерекше таңбалар (әріптер) қажет.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, латын әліпбиінің негізінде қазақ тіліндегі қосымша символдардың мынадай нұсқаларын ұсынамын (1-қосымшаны қараңыз).


А. Теруашев

1-қосымша

Латын әліпбиіне көшу кезінде қазақ тіліндегі символдардың жазылуының талқылауға ұсынылатын нұсқалары

Кириллица негізіндегі жазылуы	қазіргі	I-нұсқа – шығыс-еуропа символдарының негізінде	II-нұсқа – түрік символдарының негізінде
Ә ә		æ æ	Ə ə +
І і		İ İ («i» мағынасын білдіретін, «I» дыбысына қарағанда, нүктесіз жазылуы ұсынылады)	İ İ +
Ң ң		Ŋ ŋ	Ŋ ŋ
Ғ ғ		Ğ ğ +	Q q
Ү ү		Ü ü	Ü ü
Ұ ұ		U u	U u
Қ қ		Ɔ Ɔ Q q +	Ɔ Ɔ
Ө ө		Ö ö Ø ø	Ö ö Ə ə
Й й		Y y	Y y +
Ш ш		Ş ş	Ş ş +
Щ щ		Š š	-
Ы ы		Y y	Y y
Ж ж		Ž ž	J j
Э э		Ě ě	-
Я я		Ā ā	Ā ā
Ч ч		Č č	Ç ç +
Ю ю		Ȳ ȳ	Ȳ ȳ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ӘКІМШІЛІГІ



АДМИНИСТРАЦИЯ
ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет Үйі
aprk@akorda.kz, факс 74 56 31
20 жылғы 29 мамыр
№ 3Т-Ж-6084

20__ г.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі

Сіздерге Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті М.Жұрыновтың ҚР Президентінің Әкімшілігіне жазған хатын жолдап отырмыз.

Дайындалған материал мен автордың ұсыныстарын мемлекеттік тілді латын қарпіне көшіру жөніндегі жұмыс тобының шеберінде пайдалануды және нәтижесі бойынша авторға жауап беруді сұраймыз.

Қосымша: 6 п.

Ішкі саясат бөлімі
менгерушісінің орынбасары

 Н.Оқаулы

Тіл білімі институты Институт языкознания
Түскен № 01-06/84
30 25 2007ж.

Нұрғалиева М.Ә. 75-00-95

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Кіріс № 160/137-22-6084
30 25 17 ж.

Экскурс в латинский алфавит

Вскоре, после обретения независимости нашей Республики, мы провозгласили казахский язык государственным и приняли все меры, чтобы на деле поднять его уровень. Недавно наш Первый Президент, Елбасы Назарбаев Н.А., в своей исторической по важности статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», опубликованной в газете «Егемен Казахстан» и «Казахстанская правда», поделился своими мыслями по одному из вопросов, касающихся будущего нации, чтобы духовная модернизация нашего народа шла впереди модернизации всей экономики страны и в том числе поднял вопрос перехода на латиницу, которая широко распространена в цивилизованных странах и является основой мира Интернета. В свое время, в 1929-1940 годы, латинский алфавит в течение 12 лет уже использовался в Казахстане.

Этот вопрос обсуждается в нашей стране с 1993 года. Соседние тюркоязычные государства, имеющие с нами общие корни, подняв этот вопрос одновременно с нами, уже давно перешли на латиницу. Разработкой казахско-латинского алфавита еще в 1994 году занимались ученые Казахско-Турецкого университета имени Х.А. Яссави, созданного по идее Президента Н.А. Назарбаева в 1991 году в г.Туркестане, где я работал первым ректором. Ученые университета под моим общим руководством разработали казахско-латинский алфавит и подготовили казахско-турецкий словарь для преподавателей и студентов из Турции. Это было нам необходимо для ведения занятий.

Как известно, во всех компьютерах и в Интернете используется основная база английского алфавита - 26 букв. За 10 лет, испробовав разные варианты, наши ученые-языковеды пришли к выводу о том, что при составлении нового алфавита нецелесообразно выходить за рамки основной базы латиницы (26 букв), которая используется в компьютерной технике.

В алфавитах отдельных тюркоязычных стран присутствуют отдельные буквы, взятые из базы Латиница - 1 (30 букв), Латиница - А (64 буквы), которых в компьютерах нет. Поэтому при его применении они испытывают значительные затруднения.

Предлагаемый нами новый казахско-латинский алфавит основан на главной базе латиницы, состоящей из 26 букв: «А», «В», «С», «D», «Е», «F», «G», «H», «I», «J», «K», «L», «M», «N», «O», «P», «Q», «R», «S», «T», «U», «V», «W», «X», «Y», «Z». Новый алфавит включает 32 буквы, составленной из основной латиницы, с добавлением к ним сдвоенных букв (знаков), так называемых диграфов. Для этого одна буква «H, h» из основной базы принимается как беззвучный знак. К оставшимся 25 буквам (знакам) основной латиницы добавлены 7 букв из сдвоенных знаков (диграфов): ah (ә), ch (ч), gh (ғ), ng (ң), sh (ш), wh (ұ), zh (ж).

Это удобно. В противном случае пришлось бы вводить в драйвер (клавиатуру) новые знаки. Например, служащий, находясь в командировке за рубежом, захочет написать письмо домой или в свою организацию, и если в алфавите, которым он пользуется, имеются знаки, не входящие в основную латиницу, то он должен будет внедрить в чужой компьютер

новые буквы. А хозяева отелей вряд ли дадут разрешение каждому постояльцу вводить в их компьютеры свои буквы. Поэтому будет целесообразнее, если мы не выйдем за пределы основы базы латиницы и создадим самый удобный в мире казахско-латинский алфавит.

При создании нового алфавита мы руководствовались следующими принципами:

- поставив перед собой цель - облегчить процесс внедрения в международную систему Интернет, опираясь на основной фонд латиницы, состоящий из 26 букв, расширив его с помощью беззвучного знака - апострофа, создать новый казахско-латинский алфавит, состоящий из 32 букв;
- согласно договора тюркоязычных стран, принятого в 1993 году в Анкаре, количество буквенных знаков не должен превышать 34;
- принять во внимание опыт тюркоязычных стран, использующих латинский алфавит, а также особенности казахско-латинского алфавита, который был в употреблении в Казахстане в 1929-1940-х годах;
- обозначить один звук одной буквой (апостроф - это беззвучный знак).

Латинский алфавит для нас не чужд, мы пользовались им. К тому же на основе латинского алфавита с 1950 года мы непрерывно изучаем иностранные языки в школах и вузах. В этой статье мы предлагаем ввести в состав казахско-латинского алфавита 32 буквы и один беззвучный знак «h». Основной недостаток большинства проектов, опубликованных на страницах наших газет, это то, что в них не указываются, как нужно обозначать сокращенные буквы из 42-значного казахского алфавита в кириллице, имеющих в настоящее время, а также новые знаки. Это может затруднить переводческую работу. Из действующего алфавита две буквы Ъ, Ь из кириллицы в новом алфавите отсутствуют, поскольку в казахском языке такие буквы, как а, э, о, ө, і, ы, у произносятся как высокими, так и как низкими звуками. Сохранены используемые в основном при написании иностранных слов 5 букв - ё, ц, ю, я, щ - в которых в соответствии с казахской фонетикой правильно произносить как «yo», «ts», «yu», «ya», «shsh» а буквы и, н, и э слиты с близкими по произношению буквами - й, х, е и обозначены в новом алфавите как «i», «x», «e».

Казахско-латинский алфавит:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
A, a	B, b	C, c	D, d	E, e	F, f	G, g	L, l	J, j	K, k
A, a	B, b	Ө, ө	Д, д	Е, е; Э, э	Ф, ф	Г, г	Л, л	И, и (Й, и)	К, к
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
I, i	M, m	N, n	O, o	P, p	Q, q	R, r	S, s	T, t	U, u
I, i	M, m	Н, н	О, о	П, п	Қ, қ	Р, р	С, с	Т, т	У, у

21	22	23	24	25	-	26	27	28	29
V, v	W, w	X, x	Y, y	Z, z	Н, h	Ah, ah	Ch, ch	Gh, gh	Ng, ng
В, в	У, у	Х, х (h)	Ы, ы	З, з	Знак без звука	Ә, ә	Ч, ч	Ғ, ғ	Ң, ң

30	31	32
Sh, sh	Wh, wh	Zh, zh
Ш, ш	У, у	Ж, ж

Примечания:

- 1) Исключены из кириллицы две буквы - **ѐ, ё**; три буквы **и, ѓ, з** слиты с близкими по произношению буквами - **й, х, и е**.
- 2) Двухзвучные буквы, встречающиеся в иностранных словах - **ѐ, ѓ, ю, ѓ, ш** обозначить диграфами - «**jo**», «**ts**», «**ju**», «**ja**», «**shsh**».

Учитывая при этом нашу языковую природу, как указано выше, мы посчитали целесообразным обозначить буквы **и** и **й** (кириллица) одной буквой «**j**» (латиница). Редко используемую букву **ш** следует обозначить двумя **ш** - «**shsh**». Латинской буквой «**i**» лучше обозначить казахскую букву **і**, а букву «**j**» произносить как буквы **и, й**.

Для 4-х букв кириллицы **ч, ш, ж, н** используются широко распространенные английские буквы - диграфы: «**ch**» - **ч**, «**sh**» - **ш**, «**zh**» - **ж**, «**ng**» - **н**. Тогда только 3 буквы остаются обозначить диграфами дополнительно: «**ah**» - **ә**, «**gh**» - **ғ**, «**wh**» - **у**. Казахская буква **ә** близка по звучанию английской буквы «**o**», которая еще обозначается и так - [ə]. С учетом главного подхода к данной проблеме - использовать все буквы английского алфавита целесообразно обозначить **ә** как «**s**».

При упорядочении букв алфавита применяется последовательность латиницы. Предложенный проект нового алфавита без всяких усилий можно усвоить за короткий срок, потому что незнакомых для наших граждан диакритических знаков и неизвестных букв нет.

В настоящее время 3 языка (казахский, русский и английский) изучаются в наших школах и вузах на основе 2-х алфавитов - кириллицы и латиницы. При переходе на казахско-латинский алфавит мы также будем пользоваться этими же двумя алфавитами. Словом, здесь нет ничего трудного, а польза неоспорима.

Этим алфавитом с небольшим изменением может пользоваться и русскоязычное население нашей страны. Для этого только две буквы русского алфавита дополнительно обозначаются латинскими буквами: **э** - «**e**», **и** - «**i**». Мягкий и твердый знаки обозначаются апострофами: **ь** - «**'**», **ъ** - «**''**». Таким образом, все 33 буквы русского алфавита имеют свои обозначения в латинице. Две буквы основной латиницы «**Q**» и «**W**» при этом остаются неиспользованными.

Наш Казахстан намерен до 2050 года войти в число 30-ти наиболее развитых стран мира. Поэтому у нас нет другого пути, кроме как перейти на латиницу, освоить английский язык, овладеть самыми передовыми знаниями, наукой и новыми технологиями непосредственно от первоисточников знаний.

В заключение хотелось выразить пожелания: у нового казахско-латинского алфавита не должно быть автора, пусть это будет коллективный труд, ученых и педагогов нашей республики и нашей эпохи нового Казахстана, который переживает свой расцвет под мудрым руководством своего Первого Президента, Лидера нации Назарбаева Н.А. Это будет одно из грандиозных дел, ведущих нас в международное цивилизованное пространство. Оставив позади все сомнения, необходимо смело перейти на латиницу в ближайшие годы. Уже в 2017-2018 годах Указом Главы государства необходимо официально утвердить казахскую латиницу и постепенно набирая опыт, внедрить ее в практику.

Нет сомнений в том, что этот алфавит еще больше укрепит авторитет казахского языка в мировой цивилизации и нашего народа, как народа-новатора. *V dobryj put', doringe sootechestvennikj!*

*Мурат ЖУРИНОВ,
Президент НАН РК, академик*

РУССКО-ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ

1.	A, a	А, а
2.	B, b	Б, б
3.	C, c	Э, э
4.	D, d	Д, д
5.	E, e	Е, е
6.	F, f	Ф, ф
7.	G, g	Г, г
8.	I, i	И, и
9.	J, j	Й, й
10.	K, k	К, к
11.	L, l	Л, л
12.	M, m	М, м
13.	N, n	Н, н
14.	O, o	О, о
15.	P, p	П, п
16.	R, r	Р, р
17.	S, s	С, с
18.	T, t	Т, т
19.	U, u	У, у
20.	V, v	В, в
21.	X, x	Х, х
22.	Y, y	Ы, ы
23.	Z, z	З, з
-	H, h - знак без звука	
24.	(')	Ь, ь
25.	(°)	Ъ, ъ
26.	Ch, ch	Ч, ч
27.	Sh, sh	Ш, ш
28.	Zh, zh	Ж, ж
29.	Ts, ts	Ц, ц
30.	Shsh, shsh	Щ, щ
31.	Jo, jo	Ё, ё
32.	Ju, ju	Ю, ю
33.	Ja, ja	Я, я

Құрметті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ұжымы!

Мен, Тұрсын Ерасыл Манаш, Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің студентімін. Мамандығым – «қазақ тілі мен әдебиеті». Бүгінде қоғам талқысындағы өзекті мәселе – қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру болып тұр. Елбасымыздың бұл шешімі – тарихи шешім. Осы арқылы біздің мемлекетіміздің, тіліміздің, сәйкесінше руханиятымыздың келешегі айқындалмақ. Сондықтан, бұл мәселе баршамызды алаңдатып отырғаны да шындық. Менің де сіздерге хат жолдап отыруымның себебі осында. 11 қыркүйек күні Мәжілісте «Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселелері туралы» парламенттік тыңдау өтіп, аталмыш жиында қазақ латын әліпбиінің жаңа жобасы ұсынылған-ды. 25 әріп, 8 диграфтан тұратын бұл жоба ғылыми ортада, қоғамда түрлі тартысты талқылаулар тудырғаны да белгілі. Бұндай талқылаулардан теріскейлік жұртшылықта қалыс қалмады. Жоғарғы оқу жайымызда осы мәселе бойынша бірнеше келелі конференциялар мен байқаулар болып өткен еді. Сондай іс-шараның бірі – «Латын графикасы бойынша өз жобанды ұсын» атты студенттік байқау. Бұл байқауға мен де өз жобамды дайындап, қатысқан едім. Жобамды аға оқытушы Г.К.Синбаева, ф.ғ.к., доцент Ж.С.Таласпаева секілді оқытушыларға көрсетіп, олардан «жобанды А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына жөнелтіп көр», – деген кеңес алдым. Болашақ тіл маманы ретінде, қатардағы қарапайым қазақ азаматы ретінде сіздерге айтар ұсыныс-тілектерім бар.

Қазақ тілін латын графикасына көшірудің маңыздылығы, пайдасы турасында көп айтылып, жазылып жүр. Бұл 42 таңбаны латынша таңбалармен ауыстыра салу емес, тілімізді жат тілдік «басқыншы» элементтерден, белгілерден тазартып, қордаланған мәселелер мен түйткілді түйіндерді шешетін де үдеріс болса дейміз. Бір сөзбен, емле реформасы арқылы «тіл реформасын» да жүзеге асырсақ құба-құп болар еді. Осы тұста графиканы дұрыс таңдау мәселесі алдымыздан кесе-көлденең шығады. Бұл тұста А.Байтұрсынұлының: «Дұрыс еміле мен қате емілені айыруға менің ойымша былай қарау керек шығар: тіл табиғатына қарай емілені ыңғайлау ма? Жоқ еміле түріне қарай тілді ыңғайлау ма? Мен ойлаймын, еміле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса, тілді бұзып емілеге ыңғайлау емес, емілені тілге ыңғайлау керек, тілдің табиғатына қарамай зорлап, емілеге таңып байласа, қытай қатындарының аяғы болып шығады», – деген алтын сөз орамдары ойға оралады. Шынымен-ақ, қабылданатын нұсқа – қазақ тілінің ерекшеліктері мен ережелері негізінде жасалғанда ғана ұлт үшін ұтымды болмақ. Қисық таяқтың түзу көлеңкесі болмайтындай, кәзіргі кирил жазбасы қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін толық түрде жеткізе алмайды. Дәл сол жүйе бойынша латын қарпін де қабыл етсек, одан пайда шамалы деп ойлаймын. Сол себептен, ендігі әліпбиді аса ыждахаттылықпен, сақтықпен таңдаған жөн. Әрі ол экономикалық,

техникалық тұрғыдан да қолайлы болса игі. Осы тұрғыдан, менің ойымша, қазақтың жаңа жазбасы латынның 26 таңбасына негізделіп істелсе тура болмақ. Әрі бұл әліппе ешбір ноқат-нүктелерсіз, артық белгілерден ада болуы да маңызды. Қазақтың барлық дыбыстарын таңбалауда бұл кемдік етеді деп ойлауға да болады. Алайда, бұл асылында олай емес. Астымыздағы атымызды алты ай іздемей-ақ, аға буын ғалым ағалардың сілтеген жолымен жүріп, дамудың даңғылына түсуге болады. Мысалы, А.Байтұрсынұлының арап жазуын қазақ тілінің заңдылығына бағындырып, тілдік ерекшелікке сәйкес реформалаған тәжірибесін неліктен қолданбасқа?!

Қазақ тілінің өзге тілден өзгешелігі – сингармонизм заңдылығының болуында. Қазақ тілінің төл сөздері не бірінғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылатыны белгілі. Бұл ерекшелік негізінде А.Байтұрсынұлы 1912 жылы 24 әріптен тұратын «төте жазуды» қазақ тіліне енгізді. Оның ерекшелігі қазақ тіліндегі жұп дауыстыларды һәмзә (дәйекше) арқылы ажырату болды. Мысалы, «ары – ‘ары (оқылуы – әрі), отын – ‘отын (оқылуы - өтін), ұн – ‘ұн (оқылуы үн)». Яғни қазақ тіліндегі жұп дауыстылар дәйекше арқылы ажыратылды (а-ә, ұ-ү, о-ө). Сөз басына қойылатын бір дәйекше келесі буындағы дауыстыларды да жіңішкерте алады. Бұл жазу принципін бүгінде Қытайдағы қандастарымыз қолданып жүр. Мен де аталмыш принципті негіз ете отырып, қазақтың жаңа латын әліпбиін жасауға болады деген пікірдемін.

А.Байтұрсынұлының «Жаңа емілесіндегі» қытай қазақтарының қолданысындағы әліпби әріптері:

ا ب پ ت ج ح د ر ز س ش ع ف ق ك گ ل م ن ك ه و و و ی ي چ ه

(а, б, п, т, ж, х, д, р, з, с, ш, ғ, ф, қ, к, г, д, м, н, һ, е, о, ұ, в, ы, и, ч, һ, жіңішкелік белгісі).

Ал менің ұсынғалы отырған жобамда латынның 26 әрпі (A B C D E F G H I J K L M N O P Q R S T U V W X Y Z) және апострофтан (дәйекшеден) тұрады. Дәйекшенің міндеті – сөздегі жуан дауыстыларды жіңішкерту, әрі ол сөз басына бір ғана мәрте қойылады. Сөз құрамында «е», «к», «г» дыбыстары кездессе, дәйекше қойылмайды. Себебі, қазақ тілінде бұл дыбыстар тек жіңішке сөздерде жұмсалады.

Аа A a	Әә ‘A ‘a	Бб B b	Вв V v	Гг G g	Ғғ G’ g’	Дд D d
Ее E e	Ёё -	Жж J j	Зз Z z	Ии -	Йй Y y	Кк K k
Ққ Q q	Лл L l	Мм M m	Нн N n	ң n’	Оо O o	Өө ‘O ‘o
Пп P p	Рр R r	Сс S s	Тт T t	Уу W w	Ұұ U u	Үү ‘U ‘u
Фф F f	Хх H h	Һ x	Цц -	Чч -	Шш C c	Щщ -
Ъ -	Ыы I i	Іі ‘I ‘i	Ь -	Ээ -	Юю -	Яя -

Дауысты дыбыстардың жазылу емлесі:

A a – ‘A ‘a (A a – Ә ә)

‘An - ән , ‘azil - әзіл , asker - әскер , areket - әрекет , aynek - әйнек , aserli - әсерлі, ake - әке , ‘azazil – әзәзіл;

Жоғарыда атап өткенімдей, сөз құрамында «е» дыбысы бар сөз басына дәйекше қойылмайды. Бұл жүйенің ұтымды тұсы, өзге түркі тілдес халықтардың жазбасын бізге, біздікін оларға түсінікті етеді. Мысалы, түрік тілімен салыстырсақ:

Әскер Asker **Asker**
Әділ Adil **‘Adil**
Әділет Adalet **Adilet**
Әдеп Adep **Adep**
Әйнек Aynek **Aynek**

Ii – ‘I‘i (Ыы - Іі)

Istiq - ыстық , iris - ырыс , izali – ызалы, kisi - кісі, ‘birinci - бірінші, kiris - кіріс,

‘til - тіл;

Өзбек, әзірбайжан тілдерімен салыстырсақ:

Қыз Qiz Qız **Qiz**
Қырық Qırq Qırx **Qiriq**
Кім Kim Kim **Kim**
Бірлік Birlik Birlik **Birlik**
Білім Bilim Bilik **Bilim**

Қазақ тілі емлесіндегі түйткілді мәселелердің бірі – «и» әріпі. Кирил жазбасында жиын, сиыр деп жазып, жыйын, сыйыр деп айтылады. Яғни, қазақ тілінде «и» деген дауысты дыбыс жоқ. Бұл орыс тілінің ықпалынан болған жат белгі (Мысалы, жизнь деп жазып, жыйзнь деп айту). Өз кезегінде бұл қазақ тілінің айтылым заңдылықтарын бұзады. Әсіресе, жас буын жеткіншектер жиын деп қалай жазылса, солай айтып жататынын жиі естіміз. Осыны ескере отырып, кирил әліпбиіндегі «И» әрпін жаңа графикада «ый», «ій» деп белгілеуді дұрыс деп есептеймін. Мысалы: жиын – **jiyin**, қиын - **qiyin**, ит – **‘iyt**, киім – **kiyim**, сиыр – **siyir**.

Қарақалпақ тілімен салыстырсақ:

Ит İyt **Iyt**
Ине İyne **Iyne**
Киік Kiyik **Kiyik**
Қияр Qıyar **Qiyar**

O o – ‘O ‘o (O o – Ө ө)

On-он , otin - отын , or – ор, ‘oniw - өну , ‘otinic- өтініш , orik - өрік, ‘ondiris - өндіріс , **Ozbekstan** - Өзбекстан.

Өзбек тілімен салыстырсақ:

Өзгер O’zgar **‘Ozger**
Өсім O’sim **‘Osim**
Өкініш O’kinch **‘Okinic**

U u – ‘U ‘u (Ү Ү – Y Y)

Un - ұн , **uris** - ұрыс , **ulan** – ұлан, **‘un** - үн , **ulgi** - үлгі , **‘uriw** - ұру,
Usen– Үсен,
kures- күрес.

Дауыссыз дыбыстар емлесі:

Qaq - қак , **qun** -құн , **qasqir** – қасқыр, **kun** - күн , **kekilik** - кекілік, **kek** - кек,

korsetuw - көрсету, **kiymesek** - кимешек.

Өзбек, әзірбайжан, қарақалпақ, қырымтатар тілімен салыстырсақ:

Қой **Qo’u** **Qoyun** **Qoy** **Qoy** **Qoy**

Қазақ **Qozoq** **Qazah** **Qazaq** **Qazaq** **Qazaq**

Қыз **Qiz** **Qiz** **Qiz** **Qiz** **Qiz**

Қара **Qora** **Qara** **Qara** **Qara** **Qara**

«Ғ» әрпін әріптен кейін дәйекше қою арқылы таңбалаймыз.

G’alam -ғалам, **g’aric** - ғарыш, **ag’a** – аға, **gul** - гүл, **kerege**- кереге, **eger**- егер,

egemen- егемен.

Өзбек, қарақалпақ тілдерімен салыстырсақ:

Аға **Og’a** **Ag’a** **Ag’a**

Қағар **Qog’oz** **Qag’az** **Qag’az**

Қырғыз **Qirg’iz** **Qirg’iz** **Qirg’iz**

C c – Ш ш

Cac – шаш, **cegirtke** – шегіртке, **cilim** – шылым, **Cardara** – Шардара, **Colpan** – Шолпан. «Ш-ны» бұлай таңбалау 1929 жылғы әліпбиде практикадан өткен.

Түрік тілімен салыстырсақ:

Бірінші **Birinci** **‘Birinci**

Ошақ **Ocak** **Ocaq**

Аш **Aç** **Ac**

Темірші **Demirci** **Temirci**

Болгарша **Bulgarca** **Bolgarca**

N’ – Ң

«Ң» дыбысы N-нен кейін дәйекше қою арқылы таңбаланылады. Бұл тұста, ң-ны диграф арқылы беру (ng) жазбада көптеген қолайсыздықтар тудырады. Мысалы, н-ға бітетін етістіктерге есімшенің -ған, -ген жұрнақтарын, н-ға аяқталған сөздерге барыс септігінің жалғауын жалғағанда, немес н мен ғ/г дыбыстары қатар келетін сөздерді жазу һәм оқуда қиындықтар тудырады: інген, Бангок, көнген, сенген, Есенге, Асанға т.б.

Таң – **tan’** , еңбек – **en’bek**, өлең – **olen’**.

«Ң» әрпін бұлай таңбалау тәжірибесі қарақалпақ тілінде бар. Қарақалпақ тілімен салыстырсақ:

Тең **Ten’** **Ten’**

Таңдай **Tan’lay** **Tan’day**

Тілінің **Tilinin’** **‘Tilinin’**

Кирил жазбасындағы «У-дың» функциясын *UW/IW* атқаратын болады. Қазақ тілінде

«У» қашан да дауыссыз дыбыс. Сондықтан оны қалай естісек, солай таңбалау қажет.

Су - **suw**, туыс – **tuwis**, сурет – **suwret**, уыс - **uwis**, күлу – **kuliw**, тау – **taw**, елемеу - **elemew**, қалау – **qalaw**, Салауат – **Salawat**.

Қырымтатар, қарақалпақ тілдерімен салыстырсақ:

Отыру Oturuv Otırw **Otiriw**

Қаптау Qaplav Qaplaw **Qaptaw**

Күлу Külüv Ku'liw **Kuliw**

Уақыт Vaqıt Waqıt **Waqıt**

Ё, Ц, Ч, Щ, Ъ, Ь, Э, Ю, Я әріптеріне жаңа әліпбиден орын бермедім. Бұл әріптер кездесетін сөздерді келесінше таңбалаймыз: Кёго – Куого, цирк - tsirk, Чита - Tcita, электр - elektr, аю – ауу, коян – qoуan.

Кирил қарпіндегі мәтін:

Есенғалым мен Сәкен Талдықорғанның шаңғышылар құрамасына сенген еді. Бұл шаңғышылардың бірінші емес, үшінші мәрте жеңілістің ащы дәмін татқан сәті. Бұл жеңілістің Есенғалым мен Сәкенге ғана емес, талдықорғандықтарға өте ауыр тигені сөзсіз. Жас жігіттердің өкініштен өзектері оты өртеніп-ақ тұр. «Басшыларымыздың көңіл-күйлері қандай екен, ә?», – деп мырс етті Есенғалым. Жігіттің соңғы күлкісі әжуаға толы болғандай.

Диграфтар негізіндегі жұмыс нұсқасындағы жоба бойынша:

Esenghalym men Saeken Taldyqorghannyng shangghyshylar quramasyna sengen edi. Bul shang ghyshylardyng birinshi emes, ueshinshi maerte zhengilisting ashshy daemin tatqan saeti. Bul zhengilisting Esenghalym men Saekenge ghana emes, buekil taldy qorghandyqtarghaoete awyr tigeni soessiz. Zhas zhigitterdin goekinishten oezekteri oty oertenip-aq tur. «Basshylarymyzdyng koengil-kueyleri qanday eken, ae?»,- dep myrs etti. Esen ghalym. Zhigitting songghy kuelkisi aezhwagha toly bolghandaj.

А. Байтұрсынұлының графикасы бойынша:

هسهنعاليم مهن تالديقو عانننگ شاكعشيلار قوراماسينا سهنگهن هدى. بول شاكعشيلاردنگ ابيرينشى همهن، ءوشينشى مارته جهنگلستنگ اششى ءدامن تاتقان ءساتى. بول جهنگلستياگ هسهنعاليم مهن ساكهنگه عانا همهن، ءبوكل تالديقورعانديقتارعا وته اوبر تيگهنى ءسوزسىز. جاس جىگنتهرديگ وكنششتهن وزهكتهرى ورتهنىپ-اق تور. "باسشيلاريمزدنگ كوگىل-كويلهرى قانداي هكهن، ءا" ،-دهپ ميرس هنتى هسهنعاليم. ءجىگنتنگ سوگى كوكسى ءاجواعا تولى بولعادي.

[есенғалым мен сакен талдықорғанның шаңғышылар құрамасына сенген еды. бұл шаңғышылардың ‘бырыншы емес, ‘ұшыншы марте жеңылыстың ашшы ‘дамын татқан ‘саты. бұл жеңылыстың есенғалым мен сакенге ғана емес, бұкыл талдықорғандықтарға өте ауыр тигені ‘созсыз. жас жығыттердың оқыныштен озектері ортенып-ақ тұр. «басшыларымыздың

коңыл күйлері қандай екен, ‘а?’», – деп мырс етты есенғалым. жығыттың соңғы күлкысы ‘ажуаға толы болғандай].

Жаңа жоба бойынша:

Eseng’alim men Saken Taldiqorg’annin’ can’g’icilar quramasina sengen edi. Bulcan’g’icilardin’ birinciemes, ‘ucincimartejen’ilistin’ acci ‘damintatqan ‘sati. Buljen’ilistin’ Eseng’alim men Sakengeg’anaemes, ‘bukiltaldiqorg’andiqtag’aoteawirtiygeni ‘sozsiz. Jas jigitterdin’ okinictenozekteriotenip-aq tur. «Bascularimizdin’ kon’il-kuyleriqandayeken, ‘a?»,- dep mirsettiEseng’alim. Jigittingson’g’ikulkisi ‘ajuwag’atolibolg’anday.

<i>Кирил қарпінде</i>	<i>Жұмыс нұсқасында</i>	<i>Жаңа жазба нұсқасында</i>
339	409	342 (31 дәйекше)

Бұл жоба, менің ойымша, қазақ тілінің заңдылықтары негізінде жасалды. «Қазақ сөзінің түбіріне соламайымен жуан айтылады. Не соламайымен жіңішке айтылады: жалқы сөздік бұл біріндегі дыбыстардың біреуі жуан болып, біреуі жіңішке болып еш уақытта естілмейді. Қазақтың негізгі жалқы сөзінің түбірінде жуан дыбыстармен жіңішке дыбыстар араласып ұшырамайды. Осы күндерде қазақ-қырғыз секілді шет жұрттармен жарытып араласпай нағыз түріктікті сақтаған елдердің тілдерінде ғана сингармонизм заңы өзгерместен қалып отыр», – деген Х.Досмұхамедұлының пікірі ойға оралады.

Бұл тұста ерін үндестігін де жазбада бейнелеу мәселесін қарастырғанымыз жөн деп ойлаймын. Жүректі «жүрөк» деп жазбасақ та, көптеген түркі тілдеріндегідей сөз басына еріндік «Y/Ў» келегенде, сөз құрамындағы «I/Ы» дыбыстарын айтылым ережесі бойынша, яғни «Y/Ў» жазудың қажеттіліктерін және де бір саралап қарағанымыз жөн (түсүнүк, құлұн) деген пікірдемін. Қорыта келе, латын графикасы әлемдік өркениет жетістіктерге жетелейтін жазба ғана емес, туған тіліміздің өресін биіктететін бірден-бір құрал болуы шарт. Ол үшін тіліміздің барлық заңдылықтары мен ерекшеліктерін өне-бойына жинақтаған, ғасырлар сүрлеуінен өтіп, тәжірибеден сәтті өткен жазу принциптері негізінде жасалған жазбаны қабылдау – басты талап! Тек солай ғана туған тіліміз кетілмейді, жетіледі!

Ванов ұсынған латын негізді қазақ әліпбиінің жобасы

Тілімізде қандай дыбыстар бар? Әліпби түзу үшін алдымен тіліміздегі дыбыстарды анықтап алуымыз керектігі түсінікті. Бұл орайда кейбір ғалымдар тарапынан тілімізде а, ә, б, г, ғ, д, е, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, ұ, ұ, ү, ш, ы, і деген 28 дыбыс бар деген пікір айтылып

жүр. Біздің ойымызша, бұлардың қатарына һ дыбысында қосқан дұрыс сияқты. Бұған қатысты «Тілімізде х, һ дыбыстары жоқ, оны қазақтар қ қылып айтады» дейтіндер бар. Алайда кейбір сөздердегі х мен һ-ны қ-мен ауыстырудың келісі келе қоймайды. Мысалы, ох, ах, аһа деген одағайларды оқ, ақ, ақа десек, мағынасы өзгеріп кетпей ме?! Ал еһе, үһһ сияқты одағайларды еке, үүк деп айта да алмаймыз. Демек, әліпбиімізде мұндай сөздерді айтатын дыбыс болуы керек. Біз ол үшін жұтқыншақ дыбысы һ-ны қолдануға болады деп ойлаймыз.

И мен у туралы. Әлімхан Жүнісбек ағамыз и мен у-ды дауысты дыбыс деп атау және оның жазу емлесі қазақ тілінің көптеген заңдарына қайшы келетінін айтып, ол қайшылықтардан құтылу үшін и-ді ій, ый деп, ал у-ды ұұ, үү деп әр уақытта екі әріппен жазуды ұсынып жүр. Алайда бұл жағдайда бірдей айтылатын өз сөздеріміз бен шетел сөздері екі түрлі жазылатын болады. Мысалы: бійт (жәндік) – бит (информация өлшемі) немесе бұұра (түйе) – бура (минерал). Сонда бит не бура деп жаз десе, қай битті, қай бураны жазайын деп сұраймыз ба? Осыған байланысты Әлекең «[i], [u] таңбаларының қазақы және халықаралық оқылымының жайын әлі де болса ойлануға тура келеді, бұл жерде шешілмей тұрған біршама қиындық бар екені рас» деп атап көрсетеді. Айтылған қайшылықтар мен қиындықтардан құтылу үшін біз и мен у-ды шектеп қолданатын мынадай ереже ұсынамыз: *И-ді ій не ый қосар дыбысы, у-ды ұұ не үү қосар дыбысы деп түсінеміз. Қосар дыбыс буынға бөлінбей айтылса, и, у деп бір әріппен; екі буынға бөлініп айтылса, екі әріппен жазамыз. Мысалы: ки-киме-кйім; асу-асулар-асұұы; сағи-сағира-сағыйа; жету-жетуге-жетууім; и-иле-ийек; у-улы-ұұыз; Иран, уран, Судан, бит. Бұл ережеге бірінші буындағы ый, үү қосар дыбыстары бағынбайды, оларды екі жағдайда да екі әріппен жазамыз. Мысалы: мый, мыйық, ыйлану, гүү, гүүлеу, гүүіл.*

Бұл ережені қолданғанда қазақ тілі заңдарына қайшылықтар да жойылады, ғылыми-техникалық терминдер мен шетел сөздері де дұрыс жазылып, оқылатын болады. Сондай-ақ оқушыларға жүргізілген тәжірибелер бұл ережені меңгерудің де қиыншылығы жоқ екенін көрсетеді. Олай болса, тіліміздегі 29 дыбыспен бірге әліпбиімізге и мен у әріптерін енгізгеніміз тиімді.

Әр таңба бір түрде оқылуы керек. И мен у-ды қысқартайық дейтіндер латынның і, u әріптерімен і, ұ дыбыстарын белгілеуді ұсынады. Біз и мен у қысқармайтындықтан і, u әріптері осыларды белгілеуге қолданылады. Алайда, и мен у-ды қысқартқанның өзінде де латынның і, u әріптерімен і, ұ дыбыстарын белгілеу тиімді емес. Өйткені, бұл жағдайда мұндай әрпі бар сөздер екі түрлі оқылып, шатастыруға душар етеді. Мысалы, ғылыми мәтіндегі uran, bit деген сөздерді латынша уран, бит деп оқудың орнына қазақша ұран, біт деп оқуымыз мүмкін. Сондай-ақ әріпті екі түрлі оқудан дыбысымызды жоғалтып алуымыз ғажап емес. Сондықтан і мен ұ дыбыстарын латынның і мен u әріптерінен басқа арнайы таңбамен таңбалаған орынды.

Латын әліпбиінде жоқ дыбыстарды таңбалау. Әліпби түзудегі түйткілді мәселе латын әліпбиінде жоқ ә, ғ, ж, қ, ң, ө, ұ, ү, ы, і, ш, һ дыбыстарын таңбалау болып табылады. Біз бұл дыбыстарды белгілеуге «Халықаралық фонетикалық әліпби» таңбаларын пайдаландық. Барлық халыққа ортақ болып табылатын аталған әліпбиде адам сөйлегенде кездесетін кез келген дыбысқа тағайындалған таңба бар, олар фонетикалық таңба деп аталады. Біз өз дыбыстарымызды фонетикалық таңбасы арқылы таңбалаған да әліпбиіміз кестедегідей болып шықты.

қаз	кир		қаз	кир		қаз	кир		қаз	кир
a	a		h	x, h		ŋ	ң		t	т
æ	ә		i	и		o	о		u	у
b	б		ɪ	і		ø	ө		ɯ	ұ
d	д		j	й		p	п		w	ў
e	e		k	к		q	қ		y	ү
ə	ы		l	л		r	р		z	з
g	г		m	м		s	с		ʒ	ж
ɠ	ғ		n	н		ʃ	ш			

Фонетикалық таңбалар оқу, жазуға қолайлы.

1) Кестеде *оғаш, жөн, ұлы, әли, күңі* деген сөздердің әртүрлі тәсілмен жазылуы көрсетілген. Бұдан сөздің біздің әліпбиіміз бойынша жазылуының қысқалығы мен көркемдігін, әріптердің салуға жеңілдігі мен арасы үзбей жазылатындығын аңғарамыз.

кирил	оғаш	жөн	күңі	әли	ұлы	сұлу
апост.	og'as'	jo'n	ku'n'i	a'li	ulı	suluw
диакр.	oğaş	jön	küñi	äliy	ulı	suluw
фонет.	ogaʃ	zøn	küŋi	æli	ulə	sulu

2) Сөздің оқылуына келсек, диакритикалы әріп біздің әрпімізден көзге шалынғыштығы мен дұрыс оқылуы жағынан кем емес. Алайда диакритикалы **ñ** таңбасы **n**-ның бір түрі сияқты әсер қалдырса, біздің **ŋ** фонетикалық таңбамыздың **n**-нан басқа дыбыс екені анық байқалып тұр. Әр дыбыстың бұлайша өз таңбасы болуы оларды ажыратуды оңайлатады.

Фонетикалық таңбалардың басқа таңбалардан артықшылығы.

1) Фонетикалық таңбалардың дыбысталуын тыңдауға болады және ол кез келген адам үшін қол жетімді. Мысалы, интернеттен «IPA Sounds», «X-sampra» тақырыптарын ашып, ондағы фонетикалық таңбаларды тінтуірмен бассаңыз, олардың дыбысталуын естисіз. Фонетикалық таңбалардың дыбысталуын тыңдауға болатындығы оны кез келген адамның, тіпті өзге ұлт өкілінің де, өзбетімен үйренуіне мүмкіндік береді. Ал диакритикалы, апострофты және косар әріптердің (ü, ş, sh, т.б) дыбысталуы жоқ болғандықтан оларды үйрену үшін ұстаз көмегі қажет.

2) Фонетикалық таңба сөздің оқылуын білдіретіндіктен және барлық халыққа ортақ болғандықтан, онымен жазылған сөзді басқа халықтар да бізше оқитын болады.

3) Басқа халықтардың жалқы есімдерімізді бізше оқуы оны дұрыс транслитерациялауына көмектеседі.

4) Таңбаларымыздың көпшілігі ағылшын транскрипциясында да қолданылатындықтан, бұл әліпбиді қолдану ағылшын тілін оқып, үйренуді жеңілдетеді.

5) Фонетикалық таңбалардың зағиптарға арналған Брайл шрифтісіндегі баламасы бар. Сондықтан біздің мәтінді Брайл шрифтісіне аударатын конвертер дайындау қиынға соқпайды.

6) Фонетикалық таңбалардың ерекше сипаты: оны ұлт әліпбиімен бірге пайдалануға болады. Мысалы, жаңа әліпбиге толық ауыспай тұрып та, Жаңақорған /ˈzɑŋɑqorɡɑn/, Көкшетау /ˈkɵkʃetɑw/ деп жазып қоя аламыз. Бұл жаңа әліпбиге бірте-бірте, қиындықсыз көшуге мүмкіндік береді.

7) Фонетикалық таңбалар ұлт әліпбиімен бірге пайдаланыла алатындықтан және барлық ұлтқа ортақ болғандықтан, еліміздегі әртүрлі ұлт өкілдерінің оны ұлтаралық қатынаста қолдануына болады.

8) Фонетикалық таңбалардың дыбысы барлығы қазақша жазуды дыбыстайтын бағдарлама жасауды жеңілдетеді деп ойлаймыз.

Біздің әліпбиімізде бас әріп болмайды. Бас әріптің болуының міндеттілік ештеңесі жоқ, ол әр елдің өзіндік ұйғарымы болып табылады. Мысалы, үнді, еврей және грузин әліпбилерінде де бас әріп қолданылмайды. 1929 жылы да латын әліпбиін қабылдағанда алғашында бас әріп пайдаланылмай, артынан жалқы есімді айырудағы қиындыққа байланысты енгізілген жоқ па дерсіз. Бірақ бізде ондай қиындық болмайды. Өйткені біз жалқы есімді ерекшелеп көрсетеміз. Нақтырақ айтсақ, сөйлемнің аяқталғанын нүкте қою арқылы білдіретініміз сияқты, жалқы есім мен сөйлемнің басталғанын білдіру үшін алдына grave accent (˘) таңбасын қоямыз. *Мысалы: Мен Оралдан келдім – ˘men ˘oraldan keldim.* Ал қысқарған сөздегі әрбір сөз бас әріптен басталатын болса, бұл таңбаға қоса сөздердің арасын нүктемен бөлеміз. *Мысалы: С.Бегалин – ˘s.begalin.*

Бас әріп болмауының тиімділігі.

1) Бас әріп болмаса, 31 кіші әріпті ғана оқып, жазып үйренесіз. Ал бас әріп болса, 62 таңбаны меңгеруге тура келер еді. Олай болса, бас әріпті қолданбау әліпбиді үйренуді жеңілдетеді.

2) Бас әріп болмаса, фонетикалық таңбаларымыздың техникалық мүмкіндіктерін көтеру қажет болған жағдайда латынның бас әріптерін пайдалана аламыз. Мұны екі тәсілмен іске асыруға болады.

1-тәсілде «Samra» не«X-samra» жүйелері бойынша ŋ, ʊ, ɪ, æ, ə, ɔ, ɵ, ʏ, ʒ, ʃ, ɦ таңбаларын сәйкесінше латынның N, U, I, A E, G O, Y, Z, S, H таңбаларына алмастырамыз. Сонда заңаҗа деген сөзді қарастырсақ, ZaNaSa түріне келеді. Соңғы сөз түгелдей латын әрпінен тұратындықтан, жоғары техникалық мүмкіндікке ие. Онымен әрекеттерімізді орындап болғаннан кейін, қайтадан фонетикалық таңбаларымызға ауыстырамыз. Аталған алмастырулар қиыншылық келтірмей ме деушілер болар. Бірақ бүкіл мәтінді алмастыру қарапайым конвертерде бір ғана пернені басу арқылы орындалатындықтан, қиындық келтірмейді.

2-тәсілде латынның бас әріптерінің босаған кодтарын фонетикалық таңбаларымызға пайдалану арқылы техникалық мүмкіндігі жоғары арнайы шрифт жасауға болады. Бізде конвертер де, шрифті де дайын.

Түркі халықтарымен ұғынысу.

1) Бірқатар адам диакритикалық таңбаларды қолдансақ, басқа түркі халықтарымен ұғыныса алар едік дейді. Иә, осындай мақсатпен 1993 жылы диакритикалы таңбалары бар «Ортақ түркі әліпбиі» ұсынылған болатын. Бірақ бүгінгі күні түркі халықтары оған бағынбай, әрқайсысы әр түрлі жазу үлгісін тұтынып отыр. Мысалы: Әзірбайжандар ә-ні ә деп, ы-ны і деп белгілесе, түркмендер ә-ні ä деп, ы-ны у деп белгілейді. Ал Өзбекстан диакритиканы мүлдем қолданбайды, апостроф пен қосар әріп пайдаланады. Алдағы уақытта да біз диакритикалы әріпті таңдасақ, қалғандар қабылдаған әліпбилерінен бас тартып, соған қосыла кетеді деп айта алмаймыз.

2) Түркі халықтары бірі диакритика, бірі апостроф, бірі фонетикалық таңба қолданса да, бір-бірінің жазуын оқи алады. Өйткені ö, o', ø таңбаларының бәрі де о-ға ұқсас болғандықтан, олардың ø дыбысының таңбасы екенін жобалайды. Сол сияқты ñ, n', ñ таңбаларының бәрі де n-ға ұқсас болғандықтан, олардың ñ дыбысының таңбасы екенін жобалайды. Олай болса, фонетикалық таңба қабылдасақ, басқа түркі халықтарымен ұғыныса алмай қаламыз деп қорықпай-ақ қоюға болады.

3) Басқа түркі халықтары да өздерінің әріптерінің дыбысталуын фонетикалық таңбалар арқылы көрсететіндіктен, оны түркі халықтарының ұлтаралық қатынас құралы ретінде қолдануға болады.

4) Басқа түркі халықтары фонетикалық таңбаларды қолданысына енгізетін болса, жоғалтып алған дыбыстарын қайта жаңғырта алар еді.

Көпшіліктің қажеттілігін өтейтін шрифт бар. Біздің фонетикалық таңбаларымыз Cambria, Calibri, Arial, Times New Roman, Arial Unicode MS, Microsoft Sans Serif, Lucida Sans Unicode, тағы сол сияқты 20-дан аса шрифтте бар. Латын әрпін ғана пайдаланайық дейтіндер онда шрифттер көптігін алға тартады. Алайда тәжірибеде адамдардың санаулы ғана шрифтін пайдаланатындығын байқаймыз. Демек, көпшіліктің жазу қажеттігін өтеуге аталған шрифттердің өзі-ақ жеткілікті. Ал көркемдеу шрифттеріне келсек, бірқатары латын әріптеріне ұқсас болып келетін 11 таңбаны жасау соншалық қиындық тудырмайды.

Пернетақта жөнінде.

1) Латын әрпін ғана пайдаланайық дейтіндердің тағы бір тілге тиек ететіндері – дайын тұрған ағылшын пернетақтасын пайдалана қоюға болатындығы. Алайда ағылшын пернетақтасында біздің кейбір жиі кездесетін әріптеріміз қолайсыз орындарда орналасқан. Мысалы, қазақша мәтіндегі әріптердің 13%-ын құрайтын а әрпі сол қолдың шынашағының тұсында тұр. Ал пернетақтаны өзіміз жасасақ, әріптерді теруге қолайлы етіп орналастыра аламыз. Бұл соншалық қиын жұмыс емес. Біз жаңа әліпбиге пернетақтаны дайындап та қойдық.

2) «Жастар жаңа әліпбиді жылдам үйреніп алғанмен, үлкендерге қиын болады ғой» деген сөздер бар. Пернетақтаны өзіміз жасауымыз осы

қиындықтан құтылуға мүмкіндік береді. Біз жасаған пернетақтамен кирилді білетін адам жаңа әріпті меңгермей тұрып та жаза береді. Сондай-ақ ол пернетақта әріптерді үйренуге де көмектеседі.

Ұсынылып отырған әліпбимен жазылған мәтінге мысал келтірейік.

`aqamet `baytorsənlə qazaqtəñ tönğəf əlipbijin tızıp, oqufəlardəñ birnefe bəwəñəñ sawatən aſqan əlippesin zazdə, til gələmənəñ negizın qaladə. `oqu-agartu isine osəñfaləq əlfewsız enbek sıñırgeñ `aqañ eldiñ sajası əmirine de aralasəp, `alaf qozgaləsənəñ ruhani kəsemi, memleket zəne qogam qajratkeri dərəzesine deñin kəterildi. `onəñ bükil əmiri – tıgan qalqə yfin qəzmet etudiñ gazajəp ylgısı.

Әліпбидің екінші нұсқасы. Кілең латын әрпінен тұратын сөзді (мысалы, qojan) оқығанда **j**-ді, сондай-ақ **y**-ні басқа халықтар **й**, **ү** деп емес, **ж**, **и** деп оқуы мүмкіндеген қауіп айтатындар бар. Соған байланысты **y**-ні оның екінші бір фонетикалық таңбасы **u**-мен белгілеуге болады.

Ал **й**-ді белгілеу үшін латынның **y** әрпін қолдануға тура келеді. Бұл орайда оның дауысты дыбыспен тете келгенде әр уақытта **й** деп оқылатынын, сондай-ақ фонетикалық таңба ретінде де еріндік **и** болып табылатынын, тіпті, кейбір американдық сөздіктерде **й** дыбысының фонетикалық таңбасы ретінде қолданылатынына иек артамыз. Сонда әліпбиіміз кестедегідей болады. Ал берілген мәтініміз былайша жазылады.

қаз	кир	қаз	кир	қаз	кир	қаз	кир
a	a	h	х, h	o	о	u	у
æ	э	i	и	ə	ө	u	ү
b	б	ı	і	p	п	u	ұ
d	д	k	к	q	қ	w	ў
e	е	l	л	r	р	y	й
ə	ы	m	м	s	с	z	з
g	г	n	н	ʃ	ш	ʒ	ж
g	ғ	ŋ	ң	t	т		

`aqamet `baytorsənlə qazaqtəñ tönğəf əlipbiyin tızıp, oqufəlardəñ birnefe bəwəñəñ sawatən aſqan əlippesin zazdə, til gələmənəñ negizın qaladə. `oqu-agartu isine osəñfaləq əlfewsız enbek sıñırgeñ `aqañ eldiñ sayası əmirine de aralasəp, `alaf qozgaləsənəñ ruhani kəsemi, memleket zəne qogam qajratkeri dərəzesine deyin kəterildi. `onəñ bükil əmiri – tıgan qalqə yfin qəzmet etudiñ gazajəp ylgısı.

Бұл әліпбиде **u** фонетикалық таңбасының техникалық мүмкіндігін көтеру қажет болғанда оны латынның көлденеңінен сызылған **u** әрпімен (**u**) алмастырамыз.

Фонетикалық таңбалар бүгінгі күнде де пайдаланымда бар. Мысалы, латынның **q, y, c, x**-тан басқа әріптері, біздің **а, ө, ұ, х** – фонетикалық таңбалар. Алайда барлық әріптері де фонетикалық таңбалар болып келіп, бас әріпсіз жазылатын ұлттық әліпби жоқ. Олай болса, бұл әліпби қабылдана қойса, оны әліпбидің қазақша түзілімі деп те айта алар едік.

Ванов Қуантқан Ырзаұлы
Ақтау қаласы

Байырғы сөздеріміз бұрмаланбаса екен

Осы тақырыпта республикалық «Ана тілі» газетіне 2011 жылы 25 – 31 тамыз айындағы № 34 (1082) санында мақала жариялаған болатынымын. Енді еліміз латын әліпбиіне көшіп отыр. Сондықтан тағы да тіліміздегі *ашы, тұщы, кеше, ищай* сөздерінің дұрыс таңбалануы жайында ой қозғағым келеді.

Қазақ тілінде «щ» дыбысына орыс тілінен енген сөздерде жазылады деп анықтама беріледі. Кейбір қазақ сөздері (ашы, тұщы, кеше, ищай) құрамында жазылғанмен, «шш» түрінде дыбысталады делінген.

Ия, бұл сөздерде «щ» - ның «шш» болып дыбысталатыны даусыз. Алайда бұл сөздердегі дыбысты «щ»мен таңбалаудың қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сай келер ме екен? Олай дейтін себебім: «щ» - қазақ тілінің байырғы сөздерінің дыбыстау артикуляциясында жоқ дыбыс.

Қайта «ящик» - «жәшік», «ямщик» - «жәмшік» сөздері қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне икемделіп айтылып қалыптасты емес пе?!

Қазіргі кезде орыс тілін, ағылшын тілін және басқа шет тілдерін қиындықсыз еркін меңгеріп отырған ұрпақ жоғарыдағы аталған сөздерді (ашы, тұщы, кеше, ищай) таза «щ» түрінде оқиды. Мұнда қазақ тілінде «щ» -ның таңбалық жағына ғана мән беру басым. Атап айтқанда, дауыссыздардың бір-біріне ықпал етіп: «аш – ты», «аш – шы» болып, оның әсерінен пайда болған геминацияланудың, яғни біркелкі дыбысқа айналудың нәтижесінде «шш» түрінде дыбысталады. Бұл біркелкі дыбыстарды (геминаттарды) айтқанда, ерекше екпінмен дыбысталады. Сондықтан да «шш» -ның «щ» болып таңбаланып жүргендігі – осы өзгешеліктен туған жағдай.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін сөз – ачуғ. Қазіргі кезде осы «ашу» сөзінен пайда болған туынды сөздер: ашты, ашымал (көже), ашытқы (қосу).

Ал «тұщы» сөзін «тұшты» «тұзды» сөзімен салыстырып қарауға да болады, өйткені тіліміздегі: *тұшу, тұшығу, тұшым, тұшымды, тұшымдылық, тұшымсыз, тұшымсыздық, тұшындыру, тұшынту, тұшыну, тұшыту* - сөздерімен түбірлес сөздер.

Тіліміз үздіксіз даму үстінде. Тілдегі қалыптасқан бірегей заңдылық емес, құбылыс деп қана қарауға болатын геминациялаудан туған бұл ерекшеліктен: *ащы, ащылату, ащылау, ащылы-тұщылы, тұщыту, тұщыландыру, тұщылау, тұщылық, тұщытқыш* - сөздері айтылып, жазылып қалыптасқан. Сол сияқты: *ащы тер, ащы ішек, ащы шындық және тұщы су, тұщы тағам* - тіркестері де осылай жазылған.

Енді бірқатар осы түбірлес сөздер «ш» - мен жазылып та, оқылып та, түсінікті болып жүр: *ашу, ашқылтым, ашырқанту, ашырқану, ашытқылау, ашытқыш, ашыту, ашы, ашыды, ашиды*.

Қазақ тілінің сөйлеу тілінде бұл (ашты, тұшты) ерекшелік жергілікті аймақ тілінде әлі де сақталып қалған. Сондықтан қиындықтан шығу жолын сырттан іздемей, қазақ тілінің өз мүмкіндіктерін пайдалану жөн деп білемін.

Бұл тұжырымдарды қорытындылай келе, мынадай ой тастағым келеді: бұл тілдегі ауытқушылық тіл маманы ретінде мені қатты алаңдатып жүр. Біріншіден, «ашты», «тұштының» - «ащы», «тұщы» болып, «щ» таңбасымен берілуіне, яғни қазақ тілінің байырғы дыбыстау артикуляциясына «щ» дыбысының еніп кетуі, екіншіден, латын әліпбиіне көшкен жағдайда, бұл сөздердің о бастағы төркінінен мүлдем ажырап қалуымыз әбден мүмкін. Осы қиындықтан шығу жолдары туралы айтар ойларым бар, егер Сіздер қажет деп тапсаңыздар, өз тұжырымымды толықтыра отырып білдіре аламын.


Жамбыл облысы.

Жамбыл ауданы.

Бесағаш ауылы.

**Абай атындағы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні
мұғалімі З.М. Бегманова**

**ПРЕДЛОЖЕНИЕ
ПО ВВЕДЕНИЮ ИНЫХ ДИГРАФОВ В
ПРЕДЛАГАЕМЫЙ ЛАТИНСКИЙ
АЛФАВИТ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА**



В 2006 году Президент РК Н. А. Назарбаев заявил, что письменность казахского языка должна быть переведена на новый латинский алфавит. Недавно в СМИ был представлен новый алфавит, также было сказано, что свои идеи по его улучшению можно направлять в Национальный институт языкознания имени А. Байтұсынулы.

В СМИ было заявлено, что одним из главных пунктов нового алфавита является полное отсутствие диакритических знаков. Также в алфавите используются диграфы «sh», «zh», «ng» для обозначения звуков [ʃ], [ʒ] и [ŋ], из чего можно сделать вывод, что за его основу использовался английский алфавит. В ниже представленной таблице мною представлены основные недостатки и пути их решения.

№ п/п	Кириллица	Транскрипция	Официальный вариант латиницы	Недостаток	Предлагаемое написание	Примеры предлагаемого написания
1.	Ғ	[ɣ]	Gh	В английском языке имеется данный диграф «gh», и он используется для обозначения звука [g]. Например, ghost, ghastly, ghoul и так далее.	Qh	Aqhash Aqha Oqhan
2.	Х, һ	[x], [h]	H	В английском языке буква «h» используется для обозначения звука [h], а звук [x] в нём отсутствует.	Предлагаю «kh» для обозначения буквы «х», и «h» для обозначения буквы «һ», потому что для записи имён собственных, где есть этот звук в английском языке используется диграф «kh». Например, Kazakh (от русского «казах»), khan, khmer и т.п.	Qaharman Zhiyhaz Khalia(y)q
3.	Ц	[ts]	C	В английском языке нет звука [ts], поэтому нет символа для его обозначения.	Исключить из алфавита букву «с», и просто записывать слова где есть буква «ц» через «ts».	Цанга → tsanga, цедент → tsedent.

				Если в заимствованном слове есть этот звук, то он записывается как «ʃ».		
4.	Ы	[ɯ]	Y		<p>Ввести диграф «ia» для звука [ɯ]. Почему? Потому что согласно закону сингармонизма, буква «a» является противоположностью буквы «e». Так как буква «e» используется для смягчения гласных, то я считаю, что букву «a» можно использовать для передачи твердой вариации звука [ɯ].</p> <p>Использовать букву «Y» для звуков [ɯ] и [j]. Для их различия вести данное правило: «Если буква «Y» стоит после согласных, то она читается как [ɯ], если после гласной как [j].</p>	<p>Iadias Iangtiamaq Durias</p> <p>Qonyr → [qonur] kiyim → [kijim] ayu → [aju] uly → [olu] и т. д.</p>
5.	Й	[j]	J	Использование буквы «j» для звука [j]. В английском языке «j» означает звук [dʒ].	Использовать букву «Y» для звука [j]. В английском языке буква «Y» обозначает звук [j]. Например, you, yes, yellow и др.	Kiyim Kaempiyt Shiye
6.	И	[ɯj], [ij]	I	Использование буквы «i» вместо буквы «и». Так же буква «и» встречается в	В казахском языке буква «и» означала псевдодифтоги [ɯj] и [ij]. Поэтому я предлагаю слова, где есть буква «и»	Iyt Shiye Qia(y)yal

				твѣрдых словах, например, мұқият, ғимарат, қиял, поэтомu есli «и» будет обозначаттса через «i», то закон сингармонизма нарушатса.	записывать через «ia(y)u» или «iu».	
--	--	--	--	--	--	--

С уваженнем,

Мухтаров Ескендір.

Ученик 7 «Д» класса КГУ Гимназия №15

г. Алматы, 21.09.2017 г.

Сәлеметсіздер ме!

Латын графикасындағы жаңа қазақ алфавитін нақтылау бойынша келесіні ұсынамын.

Бұған дейін «и» және «й» дыбыстарын – латынша *i* әрпі, «і» дыбысын – латынша *j* әрпі арқылы белгілеуді ұсынған болатынмын.

Себебі – алғашқы жарияланған вариант бойынша жазылатын *bilejik* сөзін бірде «білейік», бірде «билейік» (т.с.с. *bilik* – «білік» және билік) деп оқымау үшін.

Сол сияқты, асхана – *ashana* сөзі «ашана» деп оқылмас үшін компьютер клавиатурасында бар «'» белгісін қолдануды ұсынамын.

Мысалы: асхана – *as'hana*, сол сияқты:

z'h – зх (кісі аты Нағызхан – *Naghyz'han*);

z'zh – зж (кісі аты Нағызжан – *Naghyz'zhan*);

c'h – cx (кісі аты Алмасхан – *Almas'han*);

n'g – нг (інген – *jn'gen*).

Сәлеммен, **Ә. Тамабаев**, Астана қаласының Жолаушылар көлігі басқармасынан.

Aebdjamit Kerjmbaiuly Tamabaiev – ұсыныс бойынша

(*Tamaba'ev* емес, себебі бабам аты *Tamabai*, *Tamaba* емес)

Жанайдаров С.А.

ВОЗМОЖНЫЙ ВАРИАНТ КАЗАХСКОЙ ЛАТИНИЦЫ


В связи с принятым решением о переводе казахского языка на латиницу и развернутой в нашей стране дискуссией на эту тему вношу на обсуждение свой вариант нового казахского алфавита – он приведен ниже.

В качестве введения хотелось бы затронуть некоторые общие моменты по теме:

1. Опубликование рабочего варианта алфавита, составленного усилиями специалистов, свидетельствует о принятии важнейшего и, на мой взгляд, абсолютно верного решения об отказе от модификации стандартных букв и использовании для передачи специфических звуков казахского языка диграфов. Все языки, использующие латинские буквы с измененной графикой с целью реализации принципа «один звук – одна буква» испытывают в наше время значительные трудности в связи со всеобщей компьютеризацией и революционными изменениями в области обмена информацией.

Сторонники приведенного выше принципа максимального приближения написания к звучанию неправы в том, что это затруднит чтение и изучение языка. В этом можно убедиться на многих примерах из языков, использующих для письма латинские буквы много веков. Самый яркий и показательный пример являет собой главный мировой язык – английский, об особенностях которого А. Байтурсинов в свое время образно выразился так: «У них может быть написано «собака», а читается «свинья». Действительно, написание и фонетическое звучание в английском языке часто различаются очень сильно. Но почему-то это совершенно не мешает быстро и успешно осваивать английское письмо не только британским и американским детям, но и огромной массе разноязычных людей на всех континентах. В нашем же случае речь идет лишь об освоении нескольких *постоянных* (т.е. одних и тех же) буквенных сочетаний – диграфов для обозначения специфических звуков *родного* языка. И это все!

Показательно, что в наше время даже в некоторых европейских языках с многовековой письменной традицией стали прибегать к использованию диграфов вместо модифицированных, а значит «испорченных» для информационного обмена букв. Например, немцы стали писать сейчас “schoen” вместо “schön” или “ueber” вместо “über”. Преимущества использования диграфов столь очевидны, что остается только радоваться нашему позднему переходу на латиницу, позволяющему избежать многих ошибок и трудностей, с которыми столкнулись все наши предшественники (включая Турцию – лидера тюркоязычного мира).



2. С высказанной выше точки зрения опубликованный проект казахской латиницы безусловно прогрессивен. Тем не менее, некоторые предложения в данном проекте вызывают решительные возражения.

2.1. Для чего нужно вводить чуждый для казахского звукоряда звук «Ц», обозначив его через «С»? Буквой «С» нужно передавать звук «Ж»! И дело тут не столько в соответствии старому варианту казахской латиницы (а над ним в свое время тоже потрудились вполне компетентные люди), сколько в том, что это уже стало по сути общепоркской традицией. Что касается «Ц», то в казахской речи его вообще не должно быть, а в редких заимствованных словах звучание должно быть «ТС» или «С». Такое произношение естественно для сильных мировых языков, следующих особенностям только собственной орфоэпии, например, в английском и испанском языках латинское «С» (Ц) звучит близко к «S».

2.2. Очень нелогично и крайне нежелательно использование «W» для передачи звука «У». Буква «W» вообще не совсем обычная в латинском алфавите, она появилась позже других и используется в основном в германских языках. Учитывая очень высокую частоту ее употребления в английском языке, знание которого (по крайней мере, тесное знакомство) предполагается в скором времени для большей части наших соотечественников, использование буквы «W» в предложенном варианте представляется неприемлемым из-за сильнейшего «английского влияния».

2.3. Нерациональным видится и использование диграфа «GH» для обозначения очень часто встречающегося звука «Г». Для этого явно больше подойдет латинская «Hh». А вот для передачи крайне редкого в казахской речи звука «h» применить данный диграф будет вполне логично (имя Gaughar, например).

2.4. На буквы «Hh» и «Ii» возложена «двойная обязанность» – каждая из них должна передавать по два существенно разных звука: «Xh/hh» и «Ii/Iii» соответственно. Неприемлемость такого решения настолько очевидна, что не требует обсуждения.

2.5. Есть и другие, менее существенные замечания. Так, диграф «ch» («ч») «не наш», поэтому не стоит его официально вводить в алфавит. Следуя такому принципу, придется искать способы передачи «щ», «ы» и других, еще более экзотических для нас звуков из других языков.

Не рационально использовать букву «U» для обозначения специфического казахского звука «У», для последнего «напрашивается» диграф.

С учетом изложенных выше соображений, мои предложения по новому казахскому алфавиту заключаются в следующем.

В целом, предлагаемый вариант казахского алфавита на латинице включает весь современный стандартный латинский алфавит из 26 букв без каких-либо модификаций и надстрочных знаков. Включение в алфавит всех букв классической латиницы продиктовано необходимостью использования некоторых из них (см. табл.) для написания множества заимствованных слов, специальной терминологии и цитирования. Например, без не казахских по звучанию букв невозможно передать такие слова или названия как festival, foto, experiment, exel, whatsapp, New York, Warszawa и бесчисленное множество других. Что касается нормативного произношения таких слов, то это уже иной вопрос, связанный с общим уровнем образования и культуры. Орфоэпия языка должна сохраняться в любом случае. Например, написание слов "fakt" и "rakt" может быть разным, а произношение будет практически одинаковым. Нужно также учитывать, что сохранение оригинального или очень близкого к нему написания является сложившейся традицией в большинстве языков, использующих латиницу.

Новый казахский алфавит на латинице

Aa – Aa	Hh – Ff	Oo – Oo	Vv – Bb в заимствованных словах и при цитировании
Bb – Bb	Ii – Ii	Pp – Pp	Ww – почти исключительно для цитирования
Cc – Жж, «с» или «к» в заимствованных словах и при цитировании	Jj – Йй	Qq – Kк	Xx – Xx в казахских словах, «к» в заимствованных словах и при цитировании
Dd - Дд	Kk – Kк	Rr – Pp	Yy – Ыы
Ee – Ee	Ll – Ll	Ss – Cc	Zz – Zз
Ff – Фф в заимствованных словах и при цитировании	Mm – Mm	Tt – Tt	
Gg – Гг	Nn – Nн	Uu – Yy	

Диграфы для передачи остальных звуков казахского языка

AE,ae – Ә,ә	NG,ng – Ң,ң	UE,ue – Ү,ү	OU,ou – Ұ,ұ
OE,oe – Ө,ө	GH,gh – Һ,һ	SH,sh – Ш,ш	II,ii – И,и

Преимущества предлагаемого здесь варианта казахской латиницы:

1. Использование всех без исключения букв современного стандартного латинского алфавита обеспечивает возможность адекватного написания как чисто казахских слов, так и разнообразных заимствований из других языков, специальных терминов, топонимов и цитирования с любых языков, использующих латиницу.
2. Передача 5 из 10 специфических звуков казахского языка (Ж, Ғ, Іі, Қ, Ы) посредством одной стандартной латинской буквы для каждого звука. В опубликованном ранее проекте одна отдельная буква отведена лишь для 3 специфических звуков (Қ, Ұ, Ы) и еще 2 буквы должны обозначать каждая по 2 разных звука.
3. Более рациональное использование 8 диграфов по сравнению с опубликованным для обсуждения проектом. Изъяты диграфы для обозначения иноязычного звука «Ч» и обычного для казахского языка звука «Ж», а вместо них введены 2 других. Один - для передачи звука «Ұ», а второй – «II/ii» для обозначения долгого «И/и». При этом последний можно считать «условным», «экономным» диграфом, занимающим место только одной буквы (примеры использования: iigilik, iine). Этот прием позволяет сохранить привычное для казахского читателя восприятие буквы «і» , встречающейся в казахском тексте более, чем в 7 раз чаще буквы «и».

Конечно, любой из предлагаемых вариантов нового казахского алфавита на латинице не лишен недостатков и определенных ограничений. Это связано прежде всего с жесткими условиями поставленной задачи – найти наилучший вариант передачи всех звуков казахского языка с помощью ограниченного набора стандартных букв, не меняя их начертания и не добавляя дополнительных символов. Будут, вероятно, выявлены недостатки и у предлагаемого здесь варианта. Однако все трудности можно преодолеть путем обсуждения и отбора самых ценных предложений.

В целом, нет никакого сомнения, что тщательный критический анализ всех проектов позволит выявить оптимальный вариант нового казахского алфавита, принятие которого сильно укрепит позиции государственного языка и придаст новый импульс развитию государства и общества на многие поколения вперед.

В заключение, в качестве примера привожу текст Национального гимна Республики Казахстан на предлагаемом варианте казахской латиницы:

Altyn kuen aspany,
Altyn daen dalasy,
Erlikting dastany,
Elime qarashy!
Ecelden er degen,
Dangqymyz shyqty hoj.
Namysyn bermegen,
Qazahym myqty hoj


Qajymasy:

Ourpaqqa col ashqan,
Keng baitaq cerim bar.
Birligi carasqan,
Taeuelsiz elim bar.
Qarsy alhan uaqytty,
Maenggilik dosyndaj.
Bizding el baqytty,
Bizding el osyndaj!

Qajymasy:

Mening elim, mening elim,
Gueling bolyp egilemin,
Cyryng bolyp toegilemin, elim!
Tuhan cerim mening – Qazaqstanym!

14. 09.17

1. А. Байтурсынов атындағы тіл білімі институтының директоры Ерден Қажыбекке Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі 29 үй
2. Республикалық тілдерді дамытуды үйлестіру –әдістемелік орталығының директоры Ербол Тілешовке Астана қаласы Бейбітшілік көшесі 10 үй

Арыз

Сідерге және басқа барлық мүдделі жақтарға 11.09.2017 жылы парламент мәжілісінің қарауына ұсынылған қазақ тілінің латынға негізделген әліпбиінің жаңа жобасына байланысты сыни пікірімді жеткізуді азаматтық міндетім деп есептеймін.

Осы уақытқа дейін яғни 11.09.2017 жылы және парламентте ұсыну талқылау кезінде президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтан бастап пікір айтқан барлық қоғам, мемлекет, ғылым қайраткерлері, оның ішінде өздеріңізде барсыздар, қазақ тілін латын графикасына өткізу мына принциптерге негізделетінін үнемі қадап көрсетіп келді.

1. Қазақ тілін латын графикасына өткізу тек қана қазақ тілінің заңдылықтары негізінде, қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес жүзеге асыру.
2. Қазақ тілі әліпбиін күштен таңылған кириллицамен келген басы артық, қазақ тіліне тән емес дыбыстар мен белгілерден тазарту.
3. Бір дыбысты тек бір әріппен белгілеу.

Осы принциптерден ауытқу қазақ тілін бұзып бүлдіруге әкелетінін барлығыңыз да әлденеше рет қадап – қадап айтып, көрсетіп жүрдіңіздер. Ал енді іс жүзінде не болды?. Не ұсынып отырсыздар? Сздер іс жүзінде осы айтқан принциптеріңізден дейміз бе, әлде уәделеріңізден дейміз бе тайып, оларға тура қарсы, қарама – қайшы іс әрекет жасап отырсыздар. Яғни қазіргі кириллицалық қазақ алфавитінен жаңа жобаның принципті айырмашылығы жоқ. Сол баяғы кириллицадағы Ч,Ц,В,Х,Һ,Ф,И(долгий) жаңа жобада берік орын тепкен екен. Қазақ тіліне тән 28 дыбыстың орнына 35 дыбыс болып тұр. Жобаны жасаушылар мен қабылдаушылардың Ң әрпі мен Һ әрпіне бас әріп салып қойғаны тіпті ұят. Себебі қазақ тілінде Ң мен Һ әрпінен басталатын бірде бір сөз жоқ. Сондықтан бұл әріптер сөз басында да сөйлем басында да болмайды. Демек бас әріптер де болмайды. Керегі жоқ бас әріп таңбасын әліпбиде көрсетудің не керегі бар деген сұрақ туады. Сіздердің жария сөздеріңіздерден кириллицамен қазақ тіліне енген қосарланған әріптер мен қосарланған дыбыстардан құтылу әліпби реформасының басты мақсаттары деп түсінген едік. Бірақ бұл жерде сіздер қарама – қарсы жаққа шығыпсыздар. Ә,Ө,Ү,Ң,Ғ,Ч,Ш,Ж дыбыстарын белгілеуде екі әріп бір дыбыс жүйесін қолданыпсыздар. Ал Ә,Ө,Ү,Ң дыбыстары қазақ тілін Қазақ тілі етіп тұрғаны бәрімізге белгілі. Тіпті сіздер реформаның мақсаты осы ерекше дыбыстарды сақтауға бағытталғанын айтып отырсыздар. Яғни бұл мәселеде ешқандай тәуекелге, экспериментке баруға болмайды. Біз жаңа әліпбиді

енгізу нәтижесінде бұл дыбыстардың сақталуын жүз пайыз қамтамасыз етуіміз керек, яғни кепілдік беруіміз керек. Ал сіздердің жобаңызды енгізгенде келешекте не болады? Келешекте не болатыны айдан анық көрініп тұр. Келешекте Ә ның орнына ае, Ө ның орнына ое, Ү нің орнына уе, Ң дыбысының орнына НГ деп сөйлейтін боламыз және жазамыз. Сонда сіздердің мысалыңыздағы ӘЛЕМ сөзі АЕЛЕМ, ӨРКЕН сөзі ОЕРКЕН, ҮКІМЕТ сөзі УЕКІМЕТ, ТАҢБА сөзі ТАҢБА болып тұрады. Қазір SAMSUNG деген сөзді ешкім САМСУҢ деп оқымайды, САМСУНГ деп оқиды және айтады. ТӘҢІР деген қазақтың сөзін қазір барлығы ТЕНГРИ деп жазып және айтып жүр. БАНГКОК тайландтың астанасын ешкім БАҢҚОК деп айтпайды. Осы мысалдардың негізінде сіздердің әліпбиіңізді қабылдасак данышпан Ахмет Байтұрсынов ескерткендей «ИТ ДЕП ЖАЗЫП ШОШҚА ДЕП ОҚЫП» жүретініміз анық. Міне сіздерге соқырға таяқ ұстатқандай көрнекті мысал керек болса! Бір таңқаларлық жағдай жобада «I i» және «И» (долгий) дыбыстарына латын алфавитінен бір таңба яғни «I» әріпі белгіленіпті. Сонда бұл әріп екі дыбыстың міндетін қандай жағдайда қалай атқарады? Сол сияқты «Hh» әріпі «h» мен «X» дыбыстарының қызметін атқарады екен. Тағыда сұрақ: Қалай, қандай жағдайда неге қажет? Сіздер ұсынып отырған жобада «Й» мен «И» әріптері – дыбыстары бар. Бұл кириллицамен қазақ тіліні енгізілен ТІЛБҰЗҒЫШ десе болады. Себебі қазақ тілінде тек бір ғана тән «Й» дауыссыз дыбысы бар.

1960 жылы енгізілген ережеге сәйкес біз мына сөздерді 1960 жылдан бері мына түрде жазып келеміз: СИЫР, ҚИЫР, ЖИЫРМА тағы сол сияқты. Ал 1960 жылға дейін бұл сөздерді былай жазып келгенбіз: СЫЙЫР, ҚЫЙЫР, ЖЫЙЫРМА тағы сол сияқты. Мен мұны мектепте оқып жүрген кезімнен есіме сақтап қалғанмын. Бұл жерде «Й» дыбысы ДАУЫССЫЗ дыбыс қызметін атқарып тұр. Ал алдындағы мысалдарда ДАУЫСТЫ дыбыс қызметін атқарып тұр, бұл қазақ тілінің дыбыстық жүйесі заңдылығына қарсы. Бір сөздің ішінде екі дауысты дыбыс қатар келіп бірігіп кетіп тұр. 1960 жылға дейінгі қазақ тілі оқулықтарында бұл сөздер СЫЙЫР, ҚЫЙЫР, ЖЫЙЫРМА түрінде жазылған. 1947 жылы шыққан 25 сомдық банкнотта ЖЫЙЫРМА БЕС сом деп жабылған. Бұл нені көрсетіп тұр деген сұрақ туады. Оған жауап: «Й» дыбысы қазақ тілінде біреу – ақ және ол дауыссыз дыбыс болып табылады. Қазақ тілінде «И» (долгий) деген жоқ. Ал «И» краткий және долгий түрлерін енгізу қазақ тілін бұзып, шатастыруға әкеліп отыр. Осы сияқты «У» дыбысы жөнінде осындай шатасу орын алып отыр. «У» дыбысы бір сөздерде ДАУЫСТЫ, бір сөздерде ДАУЫССЫЗ дыбыс қызметін атқаруда. Ал шындығында «У» дыбысда біріңғай ДАУЫССЫЗ дыбыс болып табылады. Сондықтан «И» және «У» дыбыстары өз алдына және басқа ДАУЫССЫЗ дыбыстармен бірігіп буын құра алмайды. Мысалы «УАҚЫТ» деген сөзді алайық. Бұл сөзде «У» дыбысы ДАУЫССЫЗ дыбыс қызметін атқарып тұр, ал «СУ» деген сөзді алсақ ДАУЫСТЫ дыбыс қызметін атқарып тұр. Ал «ТУАДЫ», «БУАДЫ», «ЖУАДЫ» деген сөздердегі «У» дыбысын ДАУЫСТЫҒА жатқызамыз ба, ДАУЫССЫЗҒА

жатқызамыз ба? Кириллицадағы ереже бойынша бұл «У»-ларды ДАУЫСТЫ дыбыс деп есептеуіміз керек. Бірақ бұл қазақ тілінің табиғи заңына қарсы болады. Себебі екі ДАУЫСТЫ дыбыс қатарынан келіп бірігіп кетіп тұр. Бұлай болуға тиісті емес, бірақ солай болып тұр. Былайша айтқанда НОНСЕНС дейміз бе әлде ПАРАДОКС деймізбе? Бұл жерде барлық кілтипан біздің қазақ тілінде «У» дыбысының тек қана ДАУЫССЫЗ дыбыс екенін мойындамауымызда. «У» дыбысы дауыссыз дыбыс. Ал біз оны дауысты дыбыс деп есептеп, оның алдында міндетті түрде тұратын «Ұ», «Ү» дыбыстарын көрмеуімізден болып тұр. Егер «Ұ» әріпін «У» әріпінің алдындағы заңды орнына қойып УАҚЫТТЫ --- ҰУАҚЫТ, ТУАДЫ --- ТҰУАДЫ, БУАДЫ ---БҰУАДЫ, ЖУАДЫ ---ЖҰУАДЫ, СУ ---СҰУ, БУ ---БҰУ деп жазсақ қазақ тілінің барлық заңдылықтары орындалады. «Ү» дыбысы бойынша осы «Ұ» дыбысымен бірдей жағдай.

Қазірге кезде біз КИИК, БИИК. СУРЕТ деп қате жазып жүрміз: Дұрысы КИЙК, БИЙК, СУУРЕТ тағы сол сияқты.

«Р» және «Л» дыбыстары бойынша да қате жазып жүрміз. Мысалы: ЫРЫС деген сөз бар. Содан шыққан адам фамилиясын «РЫСБАЕВ» немесе «Рысбеков» деп жазамыз. Алдындағы «Ы» жазылмай қалады. ЫРЫЙЗАМЫН деген сөзді РИЗАМЫН деп жазамыз. ЫЛАЙЫҚ, ЫЛАҚ деген сөздерді ЛАЙЫҚ, ЛАҚ деп қате жазып жүрміз. Қазақтың батыр қызы Алияның туылғанда қойылған есімі ЫЛЫЙА болған. Оны Алия деп жүрміз. Ал қазақта Алия деген есім болмаған. Ал қазақстанның барлық өңірлерінде ЫЛЫЙА есімі болған. Осы мысалдар мынаны көрсетіп отыр.

1. «У», «И» дыбыстары тек қана ДАУЫССЫЗ дыбыстар.
2. «У», «И», «Л», «Р» дыбыстарынан сөз басталмайды, сөйлемде басталмайды. Сондықтан бас әріпте болмау керек.

Біз ОРЫСТЫ неге ОРЫС дейміз. Олардың өз аты РУС емес пе? Себебі біздің тіліміздің табиғатында «Р» әрпінен сөз басталмайтын болғандықтан РУСТЫң алдына «О» қосылған, ал «Ы» дыбысы қазақ тілінде «У» дауыссыз дыбыс болуына байланысты буын құра алмайтындықтан «У» дыбысын ауыстырып ОРЫС деген қазақ сөзі шығып тұр. Осы заңдылыққа сәйкес РЕСЕЙ сөзін ІРЕСЕЙ деп жазуымыз керек.

Қазақ тілінде бір буында екі дауысты дыбыс болмайды, бір буында екі бірдей дыбыс болмайды және екі дауысты дыбыс бірігіп кетпейді, екі дауыссыз дыбыс бірігіп кетпейді. Осы жоғарыда кириллица жазуымыздағы орын алып отырғар қателіктердің ең негізгі, басты, тіпті жалғыз себебі әліпбидің дұрыс түзілмеуінде, оған қазақ тіліне тән емес дыбыстардың еніп кетуінде екені жалпыға бірдей, оның ішінде сіздерде барсыздар, мойындалған, анықталған ақиқат ФАКТ.

Сіздер жоба жасауға кіріспес бұрын кириллица алфавитінің әрбір жеке факторының қазақ тіліне келтірген және келтіріп отырған және келешекте келтіретін зияндары мен зардаптарын анықтап, талдау жасап, себеп салдарын анықтап, соған байланысты жаңа әліпбиге енгізетін әр бір өзгерістер мен шешімдерді қабылдауды негіздеулеріңіз керек еді. Сіздердің

жұмыстарыңызда бұл көрінбейді, бар болса айтар едіңіздер ғой. Сол септі жұмысарыңыздарда бір ізділік, принциптілік, жүйелілік жоқ.

Мен интернеттен көрдім: Бір маманның айтуынша сіздер келіп түскен көптеген жобалардың ішінен ең төмен деп табылған жобаны парламентке ұсыныпсыздар деген сөз бар. Менімше дұрыс айтылған сөз деп есептеймін. Менің естуімше әліпбидің жаңа жобасын таңдап парламентке ұсыну үшін президент құрған беделді ғалымдардан, қоғам және мемлекет қайраткерлері, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері кірген комиссия болуы керек. Әліпби жобасын парламентке сіздер емес сол комиссия ұсыну керек еді. Ол комиссияның жұмысы жариялы және ашық болуы керек еді. Ал іс жүзінде олай болған жоқ. Сіздер ұсынылатын әліпби жобасын және баламалы әліпби жобаларын парламентке ұсынғанға дейін жабық ұстадыңыздар. Осының кесірінен осындай сапасыз әліпби жобасы парламентте тек жалғыз жоба ретінде талқыланып отыр. Бұл демократия принциптеріне қайшы және ең таңдаулы жобаны таңдап алуға мүмкіндік бермейді. Бізге, халыққа қандай альтернативті жобаларды қандай негіздермен жарамсыз деп тапқандарыңыз белгісіз. Бұл енді адалдыққа жатпайды. Ал біз адал болуымыз керек. Сіздердің бұл әліпбилеріңіздің жобасы осы күйінде қабылданса келешекте осы көрсетілген және одан да басқа жарамсыздықтары ашылып жасалған істің бәрі құрдымға кетіп «провал» болып жатса дұшпанға таба, досқа күлкі болып, масқара боламыз. Сондықтан сіздер халықтың алдында өздеріңіз түзген және парламентке ұсынған жаңа әліпби жобасының қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес келмейтінін, қазақ халқының ең маңызды құндылығы ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ зиянды екенін мойындап, одан бас тартуларыңызды сұраймын.

Ізгі ниетпен арыз иесі
14.09.2017 ж.

Әлімбаев Сұлтанбек Нәбиұлы
Алматы облысы, Қарасай ауданы,
Бұлақты ауылы, Новостройка көшесі,
тел: 8-702-170-24-13

**КАЗАХСКИЙ АЛФАВИТ НА ОСНОВЕ ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКИ
СОСТАВИТЕЛЬ: МЕЕРМАНОВ ДИМАШ АЙДАРХАНОВИЧ**

№	Кириллица	Латинский	Применение
1	а	a	
2	ә	aw	awje, awzil, awdemi, dawm, sawt, sawbiz, dawriger
3	б	b	
4	в	v	
5	г	g	
6	ғ	gh	ghalim, agha, qaghaz, qaghanat
7	д	d	
8	е	ye	
9	ё	yo	
10	ж	j	
11	з	z	
12	и	y	Jynalis, jydek, by, byci, yt, my
13	й	qayrat, sawy, baylanis	
14	к	k	
15	қ	q	qayda, ayqin, boydaq
16	л	l	
17	м	m	
18	н	n	
19	ң	ng	nwong, tangdau, mening, yeng
20	о	o	
21	ө	wo	wort, wotkir, swoz, twoleu
22	п	p	
23	р	r	
24	с	s	
25	т	t	
26	у	uw	kutuw, qauwm, ruwhanyi
27	ұ	wu	wult, twuz, bwult, wushaq, wuzin, jwuldiz, nwur
28	ү	u	uy, kuy, tuye, ulken
29	ф	f	
30	х	h	
31	һ	-	
32	ц	ts	
33	ч	tc	
34	ш	c	
35	щ	-	
36	ъ	-	
37	ы	i	inta, idis, iriq, intimaq, jil, misal, tamir, misiq, oyinci
38	і	bilim, icuw, izdeu, minez, sulgi, kezekci	
39	ь	-	
40	э	e	
41	ю	yu	
42	я	ya	

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ»
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«КОМИТЕТ НАУКИ МИНИСТЕРСТВА
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, Астана қ. а., Қазақстан Республикасының астанасы, Сауат, 11-к.
Тел.: 8 (7172) 74-24-59, 74-24-58, 74-24-57
se.edu.gov.kz

010000, Астана, Республикасының астанасы, Мейрам Е. а. 8, а. 11
Тел.: 8 (7172) 74-24-59, 74-24-58, 74-24-57

№
2017 ж. 03.08 № 1206/16-4

А. Байтұрсынов
атындағы

Тіл білімі институты

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің Ғылым
комитеті латын әліпбиіне қошу мәселесіне қатысты М.Жақыповтың отінішін
қарастыруға жолдайды.

Отінішті қарастырып, тиісті ақпаратты 2017 жылғы 8 тамызға дейін
mira1708@ilmi.ru электрондық поштасына жолдауды сұраймыз.

Қосымша: 2 п.

Төраға орынбасары

А. Жаркенов

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрілігінің Ғылым Комитетінің латын әліпбиіне қошу мәселесіне қатысты М.Жақыповтың отінішін қарастыруға жолдайды. Отінішті қарастырып, тиісті ақпаратты 2017 жылғы 8 тамызға дейін mira1708@ilmi.ru электрондық поштасына жолдауды сұраймыз. Қосымша: 2 п.

М. Түркімбаева
71-21-84

016949

Тіл білімі институты
Институт языкознания
Түскен № 01-06/124
03 08 2017 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Кіріс № ЖСМ-ЖС-1008
1 08 17
2 бет

ҚР Білім және ғылым министрлігі

Қазақтың басты әрпі

Қазақ әліпбиінде ең басты әріп қайсы деп ойлайсыз? Менің ойымша, бұл Қ әрпі. Неге дейсіз ғой? ? Еліміздің аты Қазақстан болғасын, ұлтымыз қазақ болғасын. Қазақтың ең жақсы сөздері осы әріптен басталатын болғасын: қазына, қазы- қарта, қымыз, қуырдақ, қызық, қыз, қамқорлық, т.с.с.

Ал, енді Елбасымыздың «Егемен Қазақстан» газетінде шыққан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында негізгі мәселердің ішінде латын әліпбиіне көшу туралы айтқанын еске алсақ, жаңа әліпбиге көшерде бұл басты әріпті қалай алған дұрыс болар екен, қателеспесек екен.

Қазір латын әліпбиінің бірнеше нұсқаларымен баспасөзде танысып жатырмыз. Көбінде Қ әрпін латын графикасында Q әрпімен ауыстырып та, пайдаланып та жүр (Qazaq banki, Qazaq air). Бұл қате!

Ең бастысы қазақтың Қ әрпін латын әліпбиіне К деп енгізу керек деймін. Бұл Елбасының да айтылған, ғылымның да ұстанымдарына сай келеді. Ағылшын тілінде де Қ әрпі К деп алынып жүр.

2012 жылы Елбасымыздың Жолдауында айтылған: «...Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады.». Ал, а.ж. сәуірінде газетте шыққан мақаласында Елбасы: «...Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр» деген.

Ғылым да осы ұстанымды дәлелдеп отыр. Астанадағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, «Жасанды интеллект» ғылыми-зерттеу институтының директоры, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Алтынбек Шәріпбай: «Бұл өте маңызды және дер кезіндегі жобаны жүзеге асырғанда алдымен мыналарды ескеру керек: ғаламдану дәуірінде көптпеген елдің ғылыми ортасында көлемі жылдам өсіп жатқан ақпараттық ресурстарды дайындау және өндеуге кететін шығындарды азайту үшін ғаламдық ақпараттық кеңестікте бір ғана әліпби пайдалану және ол үшін базалық латын (ағылшын) әліпбиін қабылдау мәселесі талқылануда. Себебі, дүние жүзінде шығарылып жатқан барлық компьютерлер ағылшын тілі колданатын

базалық латын әліпбиін қамтиды.» дейді. Және де бұл кирилл жазуындағы қазақ мәтіндерін автоматты түрде латынға ауыстыру программаларына да (конвертор) жеңілге түседі» дейді.

1993 жылы Министрлер Кабинетінде жұмыс істейтін Серік Сабыров әріптесім екеуміз еліміздің атын ағылшын тілінде ССРО кезінен бері қате жазылып жүр, соны дұрыс қалпына келтіру керек деп басшылыққа ұсыныс жасағанбыз. Мемтерминкомға тапсырма берілді. Филологтар, үлкен ғалымдар мен академиктер бірнеше ай талқылап, 1994 жылдың 31 қаңтарында Премьер-Министрдің орынбасары Қуаныш Сұлтанов басқарған Мемтерминком бізді қолдап, Қазақстан латын әріптерімен Qazaqstan емес, Kazakhstan емес, **Kazakstan** деп жазылуы тиіс деген шешім шығарды.

Сонымен, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандарттың нұсқасына **Қ** әрпін **К** деп алынуы дәл болады!


Ал, **Q** әрпін 1929 жылы бұрынғы әліпбиде алған. Ол кезде ағылшын тілі қазіргідей халықаралық тіл болмаған еді, интернет жоқ еді. Сондықтан **Қ** әрпінің орнына **Q** әрпін алған жаңа заманның логикасына келмейді, жараспайды!

Бұл **Q** әріпті дауыссыз жұмсақ **К** әрпінің орнына алынса орынды болады (мысалы, керек – qereq, (ағылшын, француз тілдерін білетіндер бұны түсінеді). Себебі, **К** әрпі біздің қатаң дауыссыз **Қ** әрпіне қарағанда қазақ тілі корпусында әріптер кездесу жиілігі төмен - 2,98 %, ал **Қ** әрпінің жиілігі жоғары – 3,35 %. Бұл көрсеткіш – ғылыми түрдегі тағы бір дәлел.

Осы логикамен басқа да әріптерді: **Ш** әрпін ағылшын тіліндегі **Sh** деп, **Х** әрпін **h**, **Ғ** әрпін **G** деп (жиілігі - 1,54%, ал **Г** әрпінікі – 1,20%) алсақ, қазақ мәтіндерін латын графикасына автоматты түрде аудару жеңіл де, шығынсыз да болар еді.

Бұл қазақ жазуының тарихи кезеңінде қате жібермеуіміз қажет.

Ізгі ниетпен,


21.07.17

Мирболат Жақыпов
Астана, моб.7051021707

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ




ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«КОМИТЕТ НАУКИ МИНИСТЕРСТВА
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 11-к. 010000, 1 Ақ. Мәскеу Е.Д.С.Н. 11
Тел: (7172) 44-10-55 (мүдирге), 44-10-55 (қосымша)
Факс: (7172) 44-10-55

№ _____
2017 ж. 02.08 № 1194/16-6

«А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты» РМҚК

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Н.Қырықбайдың Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жазған хатын жолдайды. Хатта көрсетілген ұсыныстарды қарап, *ағымдағы жылдың 8 тамызына дейін* жауап берудеріңізді сұрайды.
Қосымша: 39 б.

Төраға орынбасары  А. Жаркенов

А. Жаркенов
70-20-89

Тіл білімі институты
Институт языкознания
Түскен № 01-06/134
14 08 20017

016938

Біздің ақпараттық жүйемізді қолдануға рұқсат берілген. Бірақ біз қолданушының ақпараттық жүйемізді қолдануға рұқсат бермегенін растай алмаймыз. Біздің ақпараттық жүйемізді қолдануға рұқсат бермегенін растай алмаймыз.

Аса құрметпен, ізгі ниетпен
Қазақстан Республикасы президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев
елбасы қолына тисін

тіл_жазу зерттеуші
Нұрмұхаммед Райанұлынан
Астана, Бейсекбай, 12А

ҰСЫНЫС

Аса құрметті де мәртебелі елбасы, ассалаумағалайкүм!

Сіздің Латын жазуына көшу үндеуіңізді толық құптап әрі оған үн қосып, ұлы тіл_жазу ғалымы Ахмет Байтұрсын атамыз қорытындылаған Қазақ жазуы қағидаттары негізінде түзуге мүмкіндігінше жақындатылған Дана Жазу Ахмет Байтұрсын Латын Жазуын ізгі ниетпен өз қолыңызға ұсынып отырмын.

Қазақ тіл_жазуының ең биік жанашыры ретінде өзіңіз дәріптегеніңіздей, жаңа Қазақ Латын жазуы Қазақ ұлты мен Қазақстан Республикасының жаңа дәуірдегі жаңа даму қажеті үшін барынша тиімді болғаны дұрыс. Дана Жазу Ахмет Байтұрсын Латын Жазуы дәл осы шартты қанағаттандыра алады. Сондықтан, сізге жолданған осы Дана Жазу Ахмет Байтұрсын Латын Жазуын Қазақ ұлтының және Қазақстан Республикасының бірден бір заңды ұлттық Латын жазуы етіп таңдауыңызға ұсынамын.

Дана Жазу Ахмет Байтұрсын атамыздың атында аталды. Дана Жазудың Қазақ халқының, Қазақ елінің ұлттық игілігіне жарауын ізгі, игі ниетпен үміт тетмін. Істеріңізге сәттілік тілеймін.


Ізгі, игі ниетпен және аса құрметпен ұсыныс жолдаушы:

Нұрмұхаммед Райанұлы Қырықбай

Нұрмұхаммед

E_mail: danajazw@outlook.com 87752462159

25.07.2017



ДАНА ЖАЗУ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫН ЛАТЫН ЖАЗУЫ

Дана Жазу дегеніміз Ахмет Байтұрсын Латын Жазуы болып табылады.

Тіл жазу данасы Ахмет Байтұрсын атамыз Араб әліпбиінің әуелгі күрделі жазылу қағидаларын Қазақ тілінің тілдік ерекшеліктеріне бірлестірді, өздестірді, әрі осы тіл жазу заңдылықтарын жасампаздықпен байытып, өзі онай, қарапайым, төте, дұрыс, дана, қолданылымды, өнімді болған Қазақ Араб жазуын яғни Төте Жазуды барлыққа келтірді. "Төте Жазу" дың "Төте Жазу" деп аталатын себебі осы.

Ұлы тіл жазу ғалымы Ахмет Байтұрсын атамыздың "Төте Жазу" ды барлыққа келтіруде сүйенген ғылыми негіздері болса Қазақ тіл жазуының өз ішкі заңдылықтарын жасампаздықпен кәдеге жарату еді. Міне бұл Ахмет Байтұрсын атамыздың зерттеу әдісінің мәні яғни Төте Жазу әліпбесінің құралу мәні болып табылады. Тіл жазуымыздағы осы заңдылықтар Қазақ тіл жазуына қатысты келелі істердің барлығында да Латын жазуын құрауда сүйенер дәлеліміз, табан тірер тиянағымыз, адастырмас қыбыланамамыз, сөнбес шамшырағымыз саналады. Сондықтан, Қазақ Латын жазуы ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсын атамыздың атында аталады, қысқартылып Дана Жазу делінсді.

Дана Жазу әріптері негіздік 26 Латын әрібінен (ISO basic Latin alphabet) құралған. Құрамындағы дара әріптер саны 26, қос әріптер саны 7, жалпы әріп саны 33.

1 БАРЛЫҚ ӘРІПТЕР

Дана Жазу әліпбесі әріптері секілі жағынан дара әріптерден және қос әріптерден құралады. Дара әріп саны 26 + қос әріп саны 7 = жалпы әріп саны 33.

1.1 ДАРА ӘРІПТЕР

A/a, B/b, C/c, D/d, E/e, F/f, G/g, H/h, I/i, J/j, K/k, L/l, M/m, N/n, O/o, P/p, Q/q, R/r, S/s, T/t, U/u, V/v, W/w, X/x, Y/y, Z/z

Тұтас әріптік тұлғасы тек бір ғана әріптен тұратын әріп дара әріп болып табылады. Дана Жазу Ахмет Байтұрсын Латын Жазуы әліпбесі жалпы саны 26 негіздік Латын әріптерінен құралғандықтан, әліпбемізде жалпы саны 26 дара әріп бар.

Осы 26 дара әрібіміздің бейнелейтін үндер саны жалпы 26 төл дыбыс және 7 кеңейтілген дыбыс.

"Төл дыбыс" дегеніміз сәйкес әрібіне басы бүтін түбегейлі телінген бәсірелі дыбыстар болып табылады, сондықтан, төл дыбыстарды тұрақты дыбыстар деп атауға да болады. Бұндағы "тұрақты" сөзі дыбыстың өзінің дыбыстық қасиетіне қатысты сөз емес, қайта дыбыс пен әріптің өзара бір-біріне теліну шамасының түбегейлілік дәрежесіне яғни тұрақтылық дәрежесіне қаратылған.

"Кеңейтілген дыбыс" дегеніміз әріпке асатыннан тыс телінген дыбыстар болып табылады. Бұндағы "кеңейтілген" сөзі "төл дыбыс" сөзіне салыстырмалы түрде айтылған.

26 дара әріп сәйкес 26 төл дыбысты бейнелейді. Оған қоса с, q, v, x және у еріптеріне бір не бірден артық кеңейтілген дыбыс телінген.

Кеңейтілген дыбыстарды қоспағанда 26 дара әріп бейнелейтін дыбыстар саны 26. Кеңейтілген дыбыстарды қосқанда 26 дара әріп бейнелейтін дыбыстар саны 33.

1.2 ҚОС ӘРІПТЕР

Дыбыс пен әріп санын салыстыра айтқанда, тіліміздегі барлық дыбыстарды түгелімен дара әріптермен бейнелеуге саны шекті 26 дара әріп жетпейтіндіктен, жетпеген әріптер тиісті дара әріптерді жұптап қос әріп етіп жазу сәдісімен толықталады. Сондықтан, қос әріп дегеніміз дыбыстарды бейнелеуге жетпей қалған әріптерді толықтау үшін қосып жазылып біртұтас бір әріп ретінде қолданылатын әріп жұптары болып табылады.

Қос әріптер жалпы саны 7, жалпы бейнелейтін төл дыбысы 7, кеңейтілген дыбысы 1, жалпы дауысты дыбыстық қос әріп 2, дауыссыз дыбыстық қос әріп 5. Олар мыналар:

EA/Ea/ea	Ә/ә
OE/Oe/oe	Ө/ө
CH/Ch/ch	Қ/қ, Ч/ч
GH/Gh/gh	Ғ/ғ
HH/Hh/hh	Һ/һ
NG/Ng/ng	Ң/ң
SH/Sh/sh	Ш/ш

Бір қос әріп іс жүзінде екі әріптен құралғанымен, екеуі бірігіп өсіліндегі дара әріптік

CH/Ch/ch	/si: 'eitʃ/	[к] , [ч]	/k/, /tʃ/
GH/Gh/gh	/'dʒi: 'eitʃ/	[ґ]	/ɣ/
HH/Hh/hh	/'eitʃ 'eitʃ/	[h]	/h/
NG/Ng/ng	/'en 'dʒi:/	[н]	/ŋ/
SH/Sh/sh	/'es 'eitʃ/	[ш]	/ʃ/

Секілі жағынан дара және қос әріп болып жалпы әрібіміз саны 33 әріп. Осы 33 әрібіміз бейнеленген жалпы төл дыбысымыз саны 33 дыбыс, кеңейтілген дыбысымыз саны 8, төл және кеңейтілген болып қайталанған дыбыстарды қамтыған жалпы дыбыстар саны 41.

Дара әріптер 26 төл дыбыс және 7 кеңейтілген дыбыс болып жалпы 33 дыбысты бейнелейді. Яғни дара әріптік төл дыбыстар 26 + дара әріптік кеңейтілген дыбыстар 7 = жалпы 33 дыбыс.

Қос әріптер сәйкес 7 төл дыбыс және 1 кеңейтілген дыбыс ("ch" ерібіне телінген /k/ дыбысы) болып, жалпы 8 дыбысты бейнелейді. Яғни 7 қос әріп төл дыбысы + 1 кеңейтілген дыбыс = жалпы 8 дыбыс.

Дара әріп төл дыбысы 26 + дара әріп кеңейтілген дыбысы 7 + қос әріп төл дыбысы 7 + қос әріп кеңейтілген дыбысы 1 = жалпы дыбыс саны 41.

2.1 КЕҢЕЙТІЛГЕН ДЫБЫС

"Кеңейтілген дыбыс" дегеніміз дара, қос және ықтият әріптеріне төл үндерінен сырт асатынан тыс үстелген дыбыстарды көрсетеді.

Бұл арадағы "төл" және "кеңейтілген" сөздері осы екі ұғымды өзара бір_бірінен парықтау үшін шартты түрде айтылған атаулар.

Сондықтан, кеңейтілген дыбыстарды және бір қырынан түсіндіргенде қайталанған ұқсас дыбыстар деп қарауға болады, сондықтан оны "ұқсас дыбыстардың қайталануы", "қайталанған дыбыстар" яки "ұқсас дыбыстар" деп айтуға да болады. Ал, төл дыбыстарды "қайталанбайтын дыбыстар", "қайталанбас дыбыстар" яки "парықты дыбыстар" деп атауға да болады.

Әліпбемізде жалпы 8 кеңейтілген дыбыс бар, дара әріп кеңейтілген дыбыстары 7, қос әріп кеңейтілген дыбыстары 1.

2.1.1 Дара әріп кеңейтілген дыбыстары

"C/c" әрпі кеңейтілген дыбыстары үшеу: /k/, /s/ және /ts/.

"Q/q" әрпі төл дыбысы біреу: /q/ яғни [қ], кеңейтілген дыбысы біреу: /tʃ/ яғни [ч].

"V/v" әрпі төл дыбысы біреу: /v/, кеңейтілген дыбысы біреу: /v/.

"X/x" әрпі кеңейтілген дыбысы екеу: /ks/ және /ʃ/.

"Y/y" әрпі төл дыбысы біреу: /j/, кеңейтілген дыбысы біреу: /ə/.

2.1.2 Қос әріп кеңейтілген дыбысы

"CH/Ch/ch" әрпі кеңейтілген дыбысы екеу: /k/ және /tʃ/.

2.2 КӨП ДЫБЫСТЫҚ ӘРІПТЕР

"Көп дыбыстық әріптер" дегеніміз бейнелейтін дыбыстары скі не екіден көп әріптерді көрсетеді, кеңейтілген дыбыстардың әріптері көп дыбыстық әріп болып табылады. Әліпбемізде 6 көп дыбыстық әріп бар, олар с, q, v, x, y және ch.

Көп дыбыстық әріптер секілі жағынан дара әріптерді де, қос әріптерді де, дыбыстық бейнелеуі жағынан төл тұрақты дыбыстық әріптер мен ықтият әріптерін де қамтыйды.

Дара әріптік көп дыбыстық әріптер бесеу, олар с, q, v, x және y;

Қос әріптік көп дыбыстық әріп біреу, ол ch;

Төл әріптік көп дыбыстық әріптер төртеу, олар q, v, y және ch;

Ықтияттық көп дыбыстық әріп екеу, олар с және x.

2.3 ӘРІПТЕРДІҢ КӨП ДЫБЫСТЫЛЫҚ СИПАТЫ

Әріптерге көп дыбыстық сипат дарыту саны шекті әріптерден ең бай мүмкіндікте пайдаланудың қажетті алғы шарты болып табылады. Осы қажетті шарт үнемді, ғылыми, өнімді, ретті, тәртіпті, жүйелі болған, арнаға түскен жазу мәдениетінен дерек береді. Бұл заңдылық Ағылшын, Қытай және Ахмет Байтұрсын Төте Жазуы қатарлы жазу жүйелерінің бәрінің нақты қолданысында бар.

Әріптердің көп дыбыстық қасиетке не болуындай ерекшелігін образдастырып салыстырсақ, бұл бейне бір сөздің көп мағнапалық ерекшелігі, бір дыбыстың көп

мағналылық ерекшелігі яки бір санның, бір белгі_тамғаның, бір реннің көп мағналық қасиетке ие болғаны сияқты құбылыс саналады. Тіпті әуелі бір адам жөнінен айтқанда да солай. Мысалы, бір ер адам отбасында балаларына әке, әйеліне жұбай, қандастық жағынан әкесі мен шешесіне бала, атасы мен әжесіне немере, бауырларына аға, іні, басқа туыстарына нағшы, жиен, қайын ауылына күйеу бала, жезде, ал қызмет орнында бір директор, не бір мұғалім, бір тілші, бір саудегер, бір оқушы, бір ғылыми зерттеуші, бір әкімшілік қызметкері, т.б болуы мүмкін. Түрлі ортада, түрлі қарым_қатнаста салауаты, кімдігі, ұқығы және парызы әр түрлі болу, міне бұл адамның көп салауаттық ерекшелігі болып табылады.

Бейне осынау заңдылықтарға ұқсас, кей әріптердің әр сөзде өтейтін дыбыстық бейнелеу қызмет міндеті де әр түрлі болады. Әріптер де бейне адам сияқты. Олар тіке жанасқан әрібіне қарай ұқсамаған дыбыстарды бейнелейді. Бұл заңдылық Әріптердің Көп Дыбыстық Сипаты деп аталады.

Әріптердің Көп Дыбыстық Сипаты болса тіл_жазу қолданысының қажеті, әрі тіл_жазу қолданысының күрделіленгендігінің, тіл_жазу мәдениетінің дамығандығының нәтижесі.

2.4 ЫҚТЫЯТ ӘРІПТЕРІ

Ықтыят әріптері болса жеке өзіне тіке тисесілі төл дыбыстары жоқ, тек кеңейтілген дыбыстарды ғана бейнелейтін әріптерді білдіреді. Дана Жазу ықтыят әріптері екеу, олар с және х.

3 ЕМЛЕ ЕРЕЖЕСІ

3.1 Ұлт, мемлекет, жер аттары қатарлы арнаулы есімдердің, атау_терминдердің басқы әрібі түгелдей үлкен әріппен жазылады.

Ұлт, мемлекет, жер аттары жазылатын барлық текст, мәтін жағдайларында осы қағидат қатаң сақталып атқарылуы шарт.

Мысалы:

Qazaq, Qazaqstan, Qazaqeli, Qazaqya, Astana, Alty Alash, Eal_Farabiy, Abylay, Abay Qunanbay, Ahmet Baytursyn, Azya, Europa, Eurazyu, Arab, Aghylshyn, America, Canada, Japonya, Ulttyq Academyalyq Kitaphana, tb.

3.2 Араб, Парсы және Түркі тілдерінен басқа ұлттар тілінен енген сөздер әуелгі түпнұсқа Латынша жазылуы бойынша жазылуы алғы шарт, осызаман Ағылшын тіліндегі жазылуы

бойынша жазылуды қосымша шарт етіп жазылады, яғни әуелгі түпнұсқалық жазылымы негіз болып табылады.

Мысалы:

internet: жазылуы "internet" яки "ynternet" емес, Қазақша оқылуы (айтылуы яки дыбысталуы, төменде бірыңғай "оқылуы" деп алынады) [интернет].

computer: жазылуы "compiyuter", "compyuter", "compwter", "compiywter", "compywter", "komputer", "kompiyuter", "kompyuter", "kompwter", "kompiywter" yakiy "kompywter" емес, Қазақша оқылуы [компүтер].

cosinus: жазылуы "cosynus", "cosinyus", "kosynus", "kosyynus" yakiy "kosynus" емес, Қазақша оқылуы [косинүс].

institute: жазылуы "institut", "iynstiywt" yakiy "iynstiytut" емес.

university: жазылуы "wniversityiy" yakiy "wniversityu" емес, Қазақша оқылуы [үниверсіты].

universitet: жазылуы "wniversitet", "wniversitytet" yakiy "wniversitytet" емес, Қазақша оқылуы [үниверсітет]. Мен осы "universitet" [үниверсітет] яғни "университет" сөзінің орнына жоғарыдағы university [үниверсіты] сөзін алуға ұсұныс етемін. Осы сөздің артна [i]/[i] жалғауы жалғанған соң "y" әрібі [ы] емес, [и] болып оқылады да, "university" яғни [үниверсіти] болып, оқу, жазу және айтылымымызда қолайлы болады. Және бір жағынан бұл басқа ұлт тілі сөзін түпнұсқасында жазу қағидатымызға сай келеді.

bio ("biyo", "biiyo", "byo" yakiy "byyo" емес), Қазақша оқылуы [био].

biologya ("biologia", "biologiya", "biyologya", "biyologiya", "byologya", "byologiya" yakiy "byyologyya" емес),

visa ("viza", "viyza", "vyza" yakiy "vyyza" емес),

center ("senter" yakiy "tsenter" емес),

police ("polis", "poliis", "poliys", "polys", "polyys", "polise", "poliyse", "polyse", "politse", "poliytse", "polytse" yakiy "polyytse" емес),

Europa ("Evropa", "Ewropa" yakiy "Europe" емес),

Italya ("Italia", "Italiya", "Italiya", "Iytalya" yakiy "Ytalya" емес),

Iran ("Iyran" yakiy "Yran" емес),

Iraq ("Iyraq" yakiy "Yraq" емес).

America ("Ameriyca", "Ameryca", "Amerika", "Ameriyka" yakiy "Ameryka" emec),

Canada ("Kanada" emec),

diplomacy

dialect

film ("filym" yakiy "fylm" emec),

author ("avtor" emec),

economica ("ekonomiyca", "economyca", "ekonomika", "ekonomiyka" yakiy "ekonomyka" emec),

logica ("logiyca", "logyca", "logiyka" yakiy "logyka" emec),

logistica ("logiystiyca", "logystyca", "logistika", "logiystiyka" yakiy "logystyka" emec),

ecologia ("ecologia", "ecologiya", "ekologya", "ekologia" yakiy "ekologiya" emec),

republica ("republiycya", "republyca", "respublica", "republiycya", "respublyca", "respwblica", "respublika", "respwblika", "respwbliycya" yakiy "respblyca" emec).

Auckland ("Awckland", "Awuckland", "Auwckland", "Auckland", "Awkland" yakiy "Aucland" emec)

Paris ("Pariys", "Parys", "Parij", "Pariyj", "Paryj", "Parizh", "Pariyzh" yakiy "Paryzh" emec)

Oxford ("Oksford" emec)

Cambridg ("Cambrij", "Cambriyj", "Cambryj", "Cambrizh", "Cambriyzh", "Cambryzh", "Kambridg", "Kambrij", "Kambriyj", "Kambryj", "Kambrizh", "Kambriyzh" yakiy "Kambryzh" emec)

thechnologya

thechnica ?

media

sphere

industrya

ideology

olympic

comitet

phonetica

phoneme

finanice

ДИХАТ: Жоғарыдағы мысалдардағы алдыңғы сөз шетел тілінен енген сөздердің Дана Жазумен Қазақша дұрыс жазылуы, жақша ішіндегілер ықтимал қате жазылулар.

3.3 Қазақ тілінің Араб, Парсы және туысқан Түркі ұлттары тілдерімен тарихи етене жақындық, тілдік бауырластық дәстөрі бар болғандықтан, осы тілдерден енген сөздер мына екі қағидат бойынша жазылады:

3.3.1 Тарихта қабылданып қазіргі таңда тілімізде әлдеқашан өздесіп орныққан жазу, дыбыс секілі (формасы) күйінде жазылады.

Мысалы:

ghylym [ғылым], ghalym [ғалым], kitap [кітап], qalam [қалам], maqala [мақала], ghalam [ғалам], ealem [әлем], Tashkent [ташкент] ("Toshkent" емес), тб.

3.3.2 Осы үш тілдің өз тіл жазуындағы әуелгі аталуы, жазылуы бойынша жазылады.

Мысалы:

Араб, Парсы және туысқан Түркі ұлттары сөздерін жазуда осы екі қағидат қатаң атқарылады.

3.4 ДӘЙЕКШЕ

Әріптердің қатарласып жазылуы себепті оқылу қателігіне ұшырауы мүмкін болғанда, осы екі әріптің арасына дәйекше шекелік үтіршесі қойылып бөліп жазылады.

Дәйекше дегеніміз әріп емес, тыныс белгісі де емес, ол дыбыс белгісі болып табылады. Дәйекше дегеніміз әріптердің дыбысты дұрыс бейнелеуі үшін, және әріпті дұрыс дыбыстау үшін қажетті жағдайда қолданылатын шекелік үтірше белгісі. Дәйекше қою арқылы әріптерді дұрыс танып, әріптердің яки сөздердің қате жазылуынан яки қате оқылуынан сақтануға

10

болады.

Қолмен жазғанда дәйекше әріптерінің оң, сол шекесіне бейне үтір сияқты жазылады. Компьютермен жазғанда тілтақтадағы "Tab" пернесінің үстіндегі, "Esc" пернесінің астындағы ~ және ` белгілері бар пернені басу арқылы жазуға болады, яғни аталған пернені басқанда жазылған ` белгісі дәл дәйекше белгісі болып саналады.

3.4.1 Дәйекше екі әріптің арасына қойылады. Қос әріптерді құраушы әріптердің қатарласып жазылуы себепті оқылу қателігі ұшырауы мүмкін болғанда, осы екі әріптің арасына шекелік үтірше қойылып бөліп жазылады. Дыбыс яғни мағна парықтау қажеті туылғанда "п" мен "г", "s" пен "h" қос әріп құраушы әріптерінің арасына дәйекше қойылады.

Мысалы:

bvgin`gi ("bvgingi" емес),

bozin`gen ("bozingen" емес),

tvsin`gen ("tvsingen" емес),

en`gen ("engen" емес),

paydalan`ghan ("paydalanghan" емес),

as`hana ("ashana" емес), тб.

3.4.2 Сөз ішінде "y" әрпі кез келген дауысты дыбыстық әріппен тіке жанасуы себепті, дыбыстық өзгеріске ұшырауы мүмкін болғанда, осы екі әріптің арасына дәйекше қойылып "y" әрпінің дыбыстық өзгеріске ұшырауының алды алынады.

Мысалы:

Sary`arqa ("Saryarqa" емес),

Sary`oezek ("Saryoezek" емес),

Sary`aghash ("Saryaghash" емес), тб.

3.4.3 Дәйекше жоғарыдағыдай тек екі әріп арасына ғана қойылмастан, қажетті жағдайда бір әріпке де қойылады. Бұндай әдіс көбінде Араб тілі сөздерінің дыбыстарын парықтап жазу қажеті туылғанда пайдаланылуы мүмкін.

3.4.4 Дәйекше қажетті жағдайда өзі қойылған әріпке жуан яки жіңішке дауыстық сипат береді. Осы арқылы кей бір қажетті атау-терминдердің оңірлік, ұлттық яки тілдік даралығын әйгілеп көрсетуге болады. Дәйекшенің қажетті әріпті жіңішкерту яки жуарту заңдылығы осызаман Төте Жазу дәйекше емлесінде де бар қағидат.

Мысалы:

"Өзбек" сөзі Дана Жазу әліпбесі бойынша әсілі "Oezbek" болып жазылуға тиісті. Алайда, етене жақын туысқан Түркі бауырлас болуы сипатымен мемлекеттік тіл жазуында "O`zbek" деп жазылатындықтан, және жоғарыда (4.4.4 де) айтылған дәйекшенің жіңішкерту қағидасы бар болғандықтан, тіл жазуда біртұтастықты сақтау қағидаты бойынша, "Oezbek" сөзі "O`zbek" болып жазылады, сәйкес "Oezbekstan" сөзі де "O`zbekstan" болып жазылады.

Бұл заңдылық туысқан Түркі ұлттарының маңызды атауларына құрмет етіп, түпнұсқасын сақтап жазу үддесінен шыға алады. Әрі жоғарыда айтылған дәйекше белгісінің қажетті дыбыстық өнім жасау (жіңішкерту яки жуарту) заңдылығынан толық пайдаланғандық есептелінеді.

3.4.5 Дәйекшенің қойылмау жағдайы

Қазақ (және басқа туысқан Түркі тілдерінің) төл сөздерін жазуда, р, т, з әрптерімен х әрібінің арасына дәйекше қойылмайды.

Мысалы:

"Кітапхана" сөзінде "р" мен "н" тің арасын дәйекшемен бөліп "кітап хана" секілінде жазудың қажеті жоқ, себебі "ph" қос әрібі тек Индо_Еуропа, Афро_Азия тіл жүйесі сөздеріне ғана қатысты болып, Қазақ және Түркі сөздеріне қатыссыз.

3.4.6 Дәйекшенің сынар үтіршеден және қос үтіршеден парқы

Дәйекше өзі дәйектеп тұрған бір не екі әріпке ғана қатысты болады, сондықтан ол "дәйекше" деп аталады, ол тыныс белгісі емес, ол дыбыс белгісі. Ал, сынар үтірше және қос үтірше болса әріпті, дыбысты, буынды, сөзді яки сөулемді бейне жақша яки қос тырнақша сияқты алды_арты екі жағынан қоршап, оларды қажетті мәнге ие ету үшін қолданылады, сондықтан сынар үтірше мен қос үтірше болса тыныс белгісі де, дыбыс белгісі де емес, ол логикалық белгі, ал дәйекше болса дыбыс белгісі.

3.5 КӨП ДЫБЫСТЫҚ ӘРІПТЕРДІҢ ЕМЛЕСІ

Ахмет Байтұрсын Латын Жазуы емле ережесінде с, q, v, x, у және ch әріптеріне көп дыбыстық сипат үстелген, осы арқылы оларға көп дыбысты бейнелеу міндеті жүктелген.

3.5.1 "С/с" ӘРПІ

"С/с" әрпі типтік көп дыбысталымдық (көп дыбыстық) әріп болып, түрлі сөздерде /s/, /s/ және /ts/ дыбыстарын бейнелейді.

/k/ үнімен дыбысталуы

"C/c" әрпінің үнемілік дыбысталуының бірі осы /k/ үнімен дыбысталу болып табылады.

"cosinus": әріптері толық Ахмет Байтұрсын Латын Жазуымен жазылып тұрғандықтан, бүкілдей Қазақша [қосінұс] деп оқылады әрі солай аталады, [к] яғни /k/ дыбысымен дыбысталады.

"computer": бұл да ұқсас оқылуы яки айтылуы [компұтер], [к] яғни /k/ дыбысымен дыбысталады.

"Canada": оқылуы яки айтылуы [канада], [к] яғни /k/ дыбысымен дыбысталады.

"Cambridg":

"logica",

"logistica":

"economica":

"economya",

"company": kompany

/s/ үнімен дыбысталуы

finanice

police

"Mercedes": oqylwy yakiy aytylwy [мерседес], [с] yaghniy /ts/ dybysymen dybystalady.

/ts/ үнімен дыбысталуы

"cent":

"Celsi":

"center": оқылуы яки айтылуы [центер], [ц] яғни /ts/ дыбысымен дыбысталады.

3.5.2 "Q/q" ӘРПІ

"Q/q" әрпі [к] дыбысына телінген, халықаралық үнбелгісі /q/.

Мысалы:

Qazaq [Қазақ], Qazaqeli [Қазақели], Qazaqstan [Қазақстан], Qazaqya [Қазақия], Qazaqiy [Қазақи], Qazaqu [Қазақы], Qazaquy [Қазақый], aqqw [аққу], qoshaqan [қошақан], qumyzdyq [қымыздық], qyzghaldaq [қызғалдақ], тб.

"Q/q" әрпі көп дыбыстық қасиетке ие. Сондықтан ол /q/ дыбысын бейнелеумен бірге, басқа ұлт тілінен енген кей бір сөздердегі [ch] яғни [ч] дыбысын да бейнелейді, халықаралық үнбелгісі /tʃ/.

Мысалы:

Chongqing [Чончин], Qingdao [Чиндао], тб.

3.5.3 "V/v" ӘРПІ

"V/v" дара әрпіне екі дыбыстық сипат үстелген.

Қазақтың төл ұлттық үні [ү], халықаралық үнбелгісі болса /v/.

"V/v" әрпі дауыссыз дыбыс әріптерімен тіке жанасып келгенде /w/ яғни [ү] болып оқылып, /w/ яғни [ү] дауысты дыбысы әрпінің қызметін өтейді.

Мысалы:

vn [үн], kvn [күн], tvn [түн], jvn [жүн], gvI [гүл], svI [сүт], vy [үй], vyrek [үйрек], vsh [үш], tvmen [түмен], tvbit tvtw [түбіт түту], vndew [үндеу], bvrkit [бүркіт], vIken vIes [үлкен үлес], kvrkeshе [күркеше], kvllі [күллі], Vrimji [Үрімжі], saygvIik [сайгүлік], vnemdiIik [үнемділік], тб.

Дауысты дыбыс әріптерімен тіке жанасып келгенде, /v/ яғни [в] болып оқылып, /v/ яғни [в] дауыссыз дыбысы әрпінің қызметін өтейді, халықаралық үнбелгісі /v/.

Мысалы:

university [үниверсіты], university [үниверсіті], universitet [үниверсітет], visual [вісұал], video [відео], volt [волт], Pavlodar [Павлодар], Las Vegas [Лас Вегас], veterinarliq [ветеринарлық], тб.

3.5.4 "X/x" ӘРПІ

"X/x" әрпі болса Дана Жазу әліпбесіндегі көп дыбыстық әріптердің бірі.

Жеке тұрғанда /екс/ буындық дыбысын білдіреді.

Мысалы:

"X_Нұры": дыбысталуы [екс нұры], тб.

Дауысты дыбыс әріптерінің артына жалғасып келгенде, /кс/ дыбысын бейнелейді.

Мысалы:

"Oxford": Қазақша дыбысталуы [oksford] яғни [оксфорд];

"expro", Қазақша дыбысталуы [ekspro] яғни [экспо], тб.

Кей сөздерде "е" әрібінен соң /gz/ болып дыбысталады.

Мысалы:

"exam": Қазақша оқылуы [egzam], тб.

Кей сөздерде сөз басында келіп яки "і" әрібінің алдында келіп, /ʃ/ яғни [ш] дыбысымен дыбысталады.

Мысалы:

"Xiaomi": [шиаоми], тб.

Кей сөздерде сөз басында келіп /z/ болып дыбысталады.

"Херокс": [zeroks], тб.

"X/x" әрпі қатысатын осындай сипаттағы сөздердің барлығы Дана Жазу әліпбесімен жазылған кезде әсілгі жазылым секілі сақталады, яғни әуелгі "Oxford", "expro", тб секілдерінде жазылады.

3.5.5 "Ү/у" ӘРПІ

"Ү/у" әрпі көп дыбыстық сипатқа ие ең типтік әріп болып саналады әрі Дана Жазу Ахмет Байтұрсын әліпбесіндегі қолданыс жиілігі ең көп әріптердің бірі. Оған /j/ ([й]) және /ə/ ([ы]) дыбыстарының әрпі болу міндеті жүктелген.

1) /j/ яғни [й] болу жағдайы

"Ү/у" дара әрпі осы тұрған тұрқында [у] яғни [й] дыбысын бейнелейді, халықаралық

үнбелгісі /j/.

"Y/y" әрпі барлық дауысты дыбыс әріптерімен тіке жанасып келгенде, табиғи түрде өздігінен /j/ яғни [й] дауыссыз дыбысын бейнелейді, яғни "й" әрпінің қызметін өтеп, "й" әрпі болады.

Мысалы:

ay [ай], oy [ой], toy [той], qoy [қой], may [май], sheay [шай], atay [атай], eajey [әжей], eakey [әкей], sheshey [шешей], aghay [ағай], aray [арай], teay_teay balaqay [тәй_тәй балақай], vy [үй], vyren [үйрен], vylen [үйлен], svuyshenilik [сүйіспеншілік], tvytik [түйтік], uyat [ұят], qaraghay [қарағай], Abay [Абай], Altay [Алтай], Ereymenaw [Ерейментау], Bwragabay [Бурабай], Tarbaghatay [Тарбағатай], Azya [Азия], Japonya [Жапония], Germanya [Германия], аумақ [аймақ], onqay [оңай], onday [ондай], qanday [қандай], oeytkeni [өйткені], soeytkeni [сөйткені], oeytetini [өйтетіні], soeytetini [сөйтетіні], коeулек [қойлек], тб.

Барлық дауысты дыбыс әріптері мыналар: a, ea, o, os, u, v, e, i және y (ы). Осы дауысты дыбыс әріптерімен жанасқан кезде, "y" әрпі жоғарыдағы мысал сөздерде көрсетілгендей /j/ ([й]) болып оқылады.

2) /ə/ яғни ([ы]) болатын жағдайы

"Y/y" әрпі барлық дауыссыз дыбыс әріптерімен тіке жанасып келгенде, /ə/ яғни [ы] дауысты дыбысын бейнелейп, "э" яғни "ы" әрпі болады.

Мысалы:

aly [алты], toghyz [тоғыз], otyz [отыз], qutq [қырық], alpys [алпыс], myng [мың], altyn [алтын], uly [ұлы], quzy [қызы], ulymyng [ұлымның], ultyq [ұлттық], awyl [ауыл], sharwashylyq [шаруашылық], uryz aldy yntymaq [ырыс алды ынтымақ], tabys [табыс], Atyrav [Атырау], Mangghystaw [Маңғыстау], Qyzylorda [Қызылорда], Jambyl [Жамбыл], Shymkent [Шымкент], Almaty [Алматы], Talduqorghan [Талдықорған], Qaraghandy [Қарағанды], Qyzyljar [Қызылжар], Batys [Батыс], Shyghys [Шығыс], haluqaralyq [халықаралық], Aghylshyn [Ағылшын], osuzaman [осызаман], barlyq [барлық], ynta [ынта], uqylas [ықылас], qumyzmyrundyq [қымызмұрындық], qyzghaldaq [қызғалдақ], osy [осы], ony [оны], onyng [оның], sonyng [соның], songy [соны], orundy [орынды], dybys [дыбыс], dawys [дауыс], uyuqylyq [уықтылық], tynysty [тынысты], jyr [жыр], jul [жыл], july [жылы], waqyt [уақыт], ghylym [ғылым], ghalym [ғалым], ughym [ұғым], paraq [парық], тб.

Көріп отырғанымыздай, "y" әрпі барлық дауыссыз дыбыс әріптерімен тіке жанасып келгенде /ə/ ([ы]) дауысты дыбысы әрібі болады, яғни "ы" дауысты дыбыс әрібінің қызметін өтейді. Бұл бір өзгермейтін қағида. Бұның алғы шарты "y" әрібі басқа ешқандай дауысты дыбыс әрпімен тіке жанаспаған болуы керек. Дана Жазу әліпбесіндегі барлық дауыссыз дыбыс әріптері мыналар: b, c, d, f, g, h, j, k, l, m, n, p, q, r, s, t, w, x, z, ch, gh, hh, ng, sh және y

(И).

3) Сөз ішінде әрі /j/ ([й]) әрі /э/ ([ы]) болатын жағдайы

"У/у" әрпі Дана Жазу әліпбесіндегі тиістік көп дыбыстық әріп болу сипатымен, жоғарыдағы 1) және 2) жағдайларға сай, бір сөз ішінде әрі /э/ (яғни [ы]), әрі /j/ (яғни [й]) яки /j/ (яғни [и] немесе [й]) дыбыстарының әрібі болып келіп, бір әріп көп дыбыс қасиетін атқарады.

Мысалы:

paydaly [пайдалы], байлық [байлық], аутылуы [айтылуы], оянды [оянды], тб.

4) "И" әрпінің бейнеленуі

[И] дыбысы Орыс тіл жазуында дауысты дыбыс болып, Орыс тілінің тілдік заңдылықтарына сай келіп, Орыс тілінің тілдік ерекшелігін дәл бейнелеп бере алады. "И" әрпінің осы ерекшелігін сақтаған күйінде Қазақ Кирил жазуына со күйінде қолданысқа енуі Қазақ Кирил жазуы жүйесін Орыс тіл жазуымен бірдейлестіру қажетін сәтті түрде орындағанымен, Латын жазуы қамдаған жаңа тіл жазулық мүмкіндікте "и" әрпін қаз қалпында бейнелеуге зорланудың қажеті қалмайды. Сондықтан, оны Латын жазуының мүмкіндігі және Ахмет Байтұрсын атамыздан қалған әліпбиді Қазақ тіл жазуының өз ішкі заңдылықтарынан пайдаланып қарапайымдастыру қағидаты бойынша "й" яки "и" дыбысы Қазақ тілінде жіңішке яки жуан үндердің үндестік ықпалына өте ұшырайтын дыбыс болғандықтан, жіңішке дауысты үндестіктің ықпалы артса [й] болып, жуан дауысты үндестіктің ықпалы артса [ый] болып дыбысталады, мысалға "йт", "йне" деп жазбай "ит", "ине" деп жазатынымыз сондықтан.

Қазіргі Қазақ Кирил жазуы қағидатында [ый] ды дәл осы күйінде "ый" деп жазып жүрміз, ал "йй" ге келгенде әсіліндегі [йй] яки "йй" ді жоғарыда айтылған "и" әрпінің қолданылуы себебінен қолданыстан ығыстырып шығарып, оның орнына Орыс "и" дауысты дыбысы әрпі қолданылған. Әсіліндегі болуға тиісті "йй" ден уаз кешіп оның орнына "и" ді таңдау Қазақ Кирил жазуы кезеңінде жазылымды (orthography) бірдейлестіру нысайын сәтті қанағаттандырғанымен, ал Латын жазуы жағдайында Латын жазуы қамдаған жаңа мүмкіндік себебінен "и" әрпі әуелгі өз мағнасын табиғи түрде жоғалтып, ендігері дербес әріп ретінде қолданылудан қалады. Сондықтан, бұндай жағдайда Орыс Кирил әрпі қолданылғаннан бері тіл жазуымызда қолданылып келген "и" әрпін жалғасты дербес әріп етіп таңдаудың қажеті қалмай өздігінен күшін жойып, оны "йй" яғни "iy" мен бейнелеу табиғи түрде қалыптасатын болады.

Сондықтан, Дана Жазу Ахмет Байтұрсын Латын жазуы әліпбесінде "и" әрпі дербес әріп ретінде белгіленбеген. Дана Жазу Ахмет Байтұрсын Латын жазуы әліпбесінде "и" әрпін "і" және "у" әріптерін реті бойынша "iy" деп қосып жазу арқылы бейнеленеді, алайда ол Дана

siyur [сиыр], jiuyuma [жиырма], тб.

5.2) "уу" ("ый") болу жағдайы

"У/у" әрпі дауыссыз дыбыс әріптерінен кейін /ә/ (яғни [ы]) болып дыбысталып, /ә/ ([ы]) дауысты дыбыс әрпіне айналып, дауысты дыбыс әрпінің қызметін өтейтіндіктен, бұл жағдайда ол дауысты дыбыс әрпі яғни "ы" дауысты дыбысы әрпі болады да, өзінен кейін келіп артына қатарласа қосарлана тіке жанасқан "у" әрпі алдындағы "у" әрпі дауысты дыбыс әрпі болғандығы себепті табиғи түрде "й" әрпін бейнелейді.

Мысалы:

muu [мый], muulu [мыйлы], suu [сый], suulu [сыйлы], suuluq [сыйлық], quuqum [қыйқым], suuqu [сыйқы], tuuw [тыйу], tuuapaq [тыйанақ], uquuat [ықтыйат], тб.

б) "ууу" яғни үшем уай болу жағдайы

"ууу" келісінің аталуы "үшем уай" болып, ол жоғарыда айтылған "уу" келісі яғни "еліз уай" келісіне салыстыра айтылу болып табылады.

"У/у" әрпінің қатарластырылып жазылуының ең жоғары деңгейі осы үшем уай жағдайы.

Үшем уайдың дыбыстық бейнелеуі [ййй] және [ыйы] болып табылады.

6.1) Үшем уайдың /jəj/ ([ййй]) келіс жағдайы

Егер үшем уай келісінің алдында бір дауысты дыбыс әрпі тұрған болса, онда "у" әрпінің көп дыбыстық әріптік өзгеріс қасиеті бойынша, осы үшем уай /jəj/ яғни "ййй" дыбыстық келісін бейнелейді.

Мысалы:

bauyusuz [байыйсыз], qauyusuz [қайыйсыз], uuyusuz [ұйыйсыз], uuyudu [ұйыйды], тб.

6.2) Үшем уайдың /əjə/ ([ыйы]) келіс жағдайы

/əjə/ яғни "ый" келіс жағдайынан (жоғарыдағы 5.2 де баяндалған) соң, оның артына жалғасты қатарласа тіке жанасып және бір "у" әрпі жазылған кезде, осы "у" әрпі [ы] дыбысы болып табылады, осы келіс арқылы /əjə/ яғни [ыйы] дыбысы бейнеленеді. Өйткені, "у" әрпі, егер дауысты дыбыс әрпімен жанасып жазылса "й" дауыссыз дыбысы әрпін бейнелейтін, ал егер дауыссыз дыбыс әрпімен жанасып жазылса "ы" дауысты дыбысын яки "йй" дыбыс буынын бейнелейтін көп дыбыстық әріптік заңдылыққа не болғандығының себебінен.

Мысалы:

suuu [сыйы], suuum [сыйым], suuutu [сыйымы], suuumdu [сыйымды], suuumduyuq

[сыйымдылық], syuymdylyghy [сыйымдылығы], syuus [сыйыс], syuusy [сыйысы], syuusyynsha [сыйысынша], syuusym [сыйысым], syuusymy [сыйысымы], syuusyymdy [сыйысымды], syuusyymdyq [сыйысымдық], syuusyymdylyq [сыйысымдылық], syuusyymdylyghy [сыйысымдылығы], тб.

6.3) "Y/y" ӘРІПТІ СӨЗДЕРДІҢ ТАСЫМАЛДАНУЫ

boyunsha -> boy-yn-sha

rauymdaw -> ray-ym-daw

syuusym -> sy-yu-sym

6.4) ӘРІПТІК ӘСЕРЛЕСІМ ЗАҢДЫЛЫҒЫ

Бейне "y" әрпінің дауысты яки дауыссыз дыбыс әріптеріне жанасқанда /j/ яки /ə/ дыбысын бейнелегеніндей, және егіз уай және үшем уай келістері жағдайларындағыдай әріптердің бір-біріне дыбыстық ықпал ету, бірі бірінің дыбысын өзгерту құбылыстары Әріптік Әсерлесім деп аталады.

3.5.6 "CH/Ch/ch" ӘРІПІ

"Ch" әрпі кеңейтілген дыбыстық қос әріп болып, оған /k/ және /tʃ/ дыбыстары телінген.

/k/ яғни [к] дыбысын бейнелейді.

Мысалы:

technolgya [технология], technic [техник], technica [техника], technicalyq [техникалық], тб.

/tʃ/ яғни [ч] дыбысын бейнелейді.

Мысалы:

Massachusetts [Массачусетс], Chelsea [Челсэ], тб.

4 ӨЗДЕСТІРІП ЖАЗУ ҚАҒИДАТЫ

Кей бір басқа ұлт сөздері Қазақшаға әуелгі түпнұсқа жазылуы бойынша жазылған кезде Қазақ тілінде де әуелден бар сөздермен дыбыстық айтылым жақтарынан ұқсасып калуы яки ұқсаңқырауы мүмкін болғанда, шатастырудан сақтану үшін қабылданған шетел сөзіне лайықты әріптер қосу (не алу) арқылы, өздестіріліп жазылады. Міне бұл қағида Ахмет Байтұрсын Латын Жазуының Өздестіріп Жазу Қағидаты деп аталады.

Мысалға, "ture" сөзі, әсілінде әуелгі түпнұсқа жазылуын сақтап жазу деген қағидатымыз бойынша оны "ture" яки "tur" деп жазуымыз керек еді. Алайда, бұл сөзді "tyrtik" (яғни "тирттік") деп жазған кезде, дыбыстау (айту; оқу) қателігі ұшырайды. Себебі, "tyrtik" деп жазсақ Дана Жазу әліпбесінің Қазақша дыбыстау заңдылығы бойынша ол [тырттік] деп дыбысталады да тіліміздегі "тіп_тік" [тіп_тік] сөзінің дыбысталуына тым жақын болып қалады. Сондықтан, жоғарыда пайымдалған "өздестіріп жазу" қағидаты бойынша, әуелгі [и] дыбысын сақтау үшін "ture" сөзі өздестіріліп "tiur" деп жазылады.

5 ЕРЕКШЕ СЕКІЛДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ

"Ерекше секілдегі сөздер" дегеніміз кей бір маңызды тарихи атаулар, ұлт, мемлекет аттары, тауар марка аттары, сауда белгісі, өнім аты, ғылым_техникалық белгілер және басқа атаулық сипат алған сөздер, әріп тіркестері болып табылады. Бұлар қалыптасқан жазылым ережесінен тыс түрде ерекше формада жазылған сөздерді де қамтыйды. Бұл сөздер әуелгі өз жазылымдық тұлғасын сақтап жазылады.

Мысалы:

"Turk", "Turki", "Turkiy", "Turkiya" wea "Turkya"

iPhone, iKitap, iNur, iGvl, iMessage, Microsoft, Google, Sony, Alibaba, Xiaomi, тб.

6 БАСҚА ҰЛТ СӨЗДЕРІНІҢ ҚАЗАҚША ОҚЫЛУ ҚАҒИДАСЫ

Басқа ұлт сөздерінің Қазақша оқылу қағидасы болса Ахмет Байтұрсын Латын Жазуы әліпбесінің ең мәндік қағидаттарының бірі. Бұл қағидат Ахмет Байтұрсын Латын Жазуы әліпбесінің Кирил жазуынан парыкталатын мәндік абзалдылықтарының бірі.

Кирил жазуында шетел сөздерінің барлығын Орысшасын өлшем етіп, Орысша жазылымы бойынша жазып, Орысша оқылымы бойынша оқып келген болсақ, енді Ахмет Байтұрсын Латын Жазуы әліпбесінде қайсы ұлт сөзі болса сол ұлт тіл_жазуындағы яки кең таралған халықаралық біртұтас нұсқасы бойынша жазып, үнін Қазақша дыбыстаймыз, яғни Дана Жазу әліпбесіндегі әріптердің Қазақша төл дыбыстары бойынша яки Қазақша кеңейтілген дыбыстарымыз бойынша дыбыстаймыз (оқыймыз, атаймыз және айтамыз). Міне бұл Ахмет Байтұрсын Латын Жазуы әліпбесінің ең мәндік абзалдылығы, ең мәндік ілгерлеушілігі, ұлттық жазулық тиімділігі болып табылады. Бұның маңыздылығы тіл_жазу аясынан әлдеқашан алқып кеткен.

Аса құрметпен: НҰРМҰХАММЕД РАЙАН danajazw@outlook.com

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ДЕПУТАТЫ



ДЕПУТАТ
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

5

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

2017 жылғы «27» 08
№ 7-8-1368/ЖТ-4-2232

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 201__ года

Қазақстан Республикасы
Президенті жанындағы рухани
жаңғыру бағдарламасын іске
асыру үшін құрылған Ұлттық
комиссия жанындағы
мемлекеттік тілдің латын тіліне
көшуі бойынша жұмыс тобының
жетекшісі Е.З. Қажыбекке


Мәлімет үшін
Қ.Жұманазаровқа
ОҚО, Мақтаарал ауданы
Ынтымақ ауылы

Құрметті Ерден Задаұлы!

Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісіне Оңтүстік Қазақстан
облысы Мақтаарал ауданының тұрғыны Қ.Жұманазаровтан келген, латын
әрпіне қатысты берген ұсыныстарын жұмыс тобының қарауына жіберіп
отырмын.

Қосымша 1 бетте.

Тілеухан Б.Қ.



Орынд.: Н. Байрқұлова
8(7172)746129

02039

ЖОТ-ЖК-2232 4
17. 21. 09

Қазақстан Республикасы
парламенті мәжіліс депутаты
Тлеухан Бекболат Қанайұлына

Құрметті Бекболат Қанайұлы!

Қазіргі кездегі қоғамда қызу талқыланып жатқан кириллица әрпінен латын әрпіне көшу мәселесі бойынша төменде көрсетілген осы ұсынысымды қарап көрсеніз. Еліміздің игілігіне жарап жатса нұр үстіне нұр болар еді.

- 1) Ә=АН ә=ah
- 2) Ү=UH ү=uh
- 3) Ү=ҮН ү=yh
- 4) І=IH і=ih
- 5) Ғ=GH ғ=gh
- 6) Ө=OH ө=oh
- 7) Қ=Q қ=q
- 8) Ң=NH ң=nh

Оңтүстік Қазақстан облысы
Мақтаарал ауданы
Ынтымақ ауылы тұрғыны
Жұманазаров Қанай Әсетұлы
тел. 8-747-985-48-97
8-775-835-75-30

«Jay halipby»

(Простой алфавит)

Содержит букв ровно столько, сколько на клавиатуре - 26

А а - А а	В в - В в	С с - Ш ш	Д д - Д д	Е е - Е е, Э э	Ғ ғ - Ф ф
Г г - Г г	Н н - ключ	І і - І і, Ы ы	Ј ј - Ж ж	К к - К к	Л л - Л л
М м - М м	Н н - Н н	О о - О о	Р р - П п	Q q - Қ қ	Р р - Р р
S s - С с	Т т - Т т	U u - У у	V v - В в	W w - У у	X x - X x, h h
Y y - И и, Й й	Z z - З з				

и 6 диграфов:

Ha, ha - Ә ә	Hg, hg - Ғ ғ
Ho, ho - Ө ө	Hn, hn - Ң ң
Hu, hu - Ү ү	He, he - Ч ч

В алфавите только буква «Н» (ключ) не имеет собственного звучания и не используется ни в каких других случаях, кроме как перед тремя гласными «А а, О о, U u» и тремя согласными «Г г, N n, С с» буквами, которые она призвана смягчить для образования диграфов означающих казахские звуки «Ә ә, Ө ө, Ү ү, Ғ ғ, Ң ң» и звук «Ч ч», используемый в заимствованных словах.

Буквами «I j», «C o» и «Q q» - обозначаются часто используемые звуки «Ж ж», «Ш ш» и «Қ қ», соответственно.

Буквой «I i» - мягкость или твердость которой зависит от мягкости/твердости слова, обозначаются схожие звуки «I i» и «Ы ы». В различии на письме не нуждаются.

По той же причине буквой «Y y» обозначаются схожие звуки «И и» и «Й й».

Буквой «X x» - обозначаются редко используемые схожие звуки «X x» и «h h» - в основном в заимствованных словах. В различии на письме не нуждаются.

По той же причине буквой «E e» обозначаются схожие звуки «Е е» и «Э э».

Буквой «U u» - обозначается гласный звук «У у», твердая пара звука «У у» (Hu).

Буквой «W w» - обозначается гласный/сонорный согласный звук «У у».

Таким образом, алфавит «Jay halipby» в состоянии передать все звуки казахского языка. Количество единообразно структурированных диграфов минимально. Переднее расположение ключа - буквы «I i» удобно при письме и чтении, а его единственная функция исключает ошибки и облегчает процесс обучения.

Использование частными лицами и организациями приветствуется! Использование государственными органами - подлежит осуждению.

С наилучшими пожеланиями, автор - Ильяс Джалов

Примеры использования диграфов и букв:

Ha, ha - Hadilbek (Әділбек), Habic (Әбіш), haqасаn (әрақашан), hayel (әйел), shabiz (сәбіз)☺, jhardem (жәрдем), dhariger (дәрігер), dham (дәм), nhabu (нәби), hazil (әзіл), hademi (әдемі)

Ho, ho - Homirzaq (Өмізақ), Mholdir (Мөлдір), horken (өркен), holsem (өлшем) horken (өрнек); hote (өте), shoz (сөз), khoce (көше), hotirik (өтірік), bholim (бөлім), shoylem (сөйлем)

Hu, hu - Jhusip (Жүсіп), Ghuljan (Гүлжан), hukimet (үкімет), chumek (шүмек), hulgi (үлгі), shuzbe (сүзбе), hucin (үшін), khun (күн), hulken (үлкен), jhurgw (жүру), humit (үміт), hun (үн)

Hg, hg - Hgabit (Ғабит), Jahgirar (Жағинар), hgajar (ғажар), hgaricker (ғарышкер), hgimarat (ғимарат), bahga (баға), hgasir (ғасыр), tohgiz (тоғыз), hgasiq (ғашық), sahgat (сағат), hgilim (ғылым), jattihgw (жаттығу);

Hn, hn - Ohndasin (Оңдасын), tahnba(таңба), tehndigi(теңдігі), sohni (соңи), jahna (жаңа), kehni (кең), jehnis (жеңіс), zahn (заң), jahnhaq (жаңғақ), terchn (терең), menihn (менің);

Hc, hc - Hcarli (Чарли), Hserhcil (Черчилль), hsemrion (чемпион).

Cc - Сауахмет (Шайахмет), Qосаn (Қошан), uсаq (үшақ), оуінсі (ойыншы), естеме (ештеме), ігімсiq (ірімшік)

Jj - Jaqsibay (Жақсыбай), Jumadil (Жұмадыл), junalis (жинналыс), judek (жидек), juma (), janaliq (жаңалық), juan (жуан), jilniske (жіңішке)

Qq - Qoblan (Қоблан), Qayrat (Қайрат), qol (қол), taqta (тақта), aq (ақ), qiz (қыз), botqa (ботқа), suraq (сұрақ), qalam (қалам), salqin (салқын), istiq (ыстық), qisim (қысым), maqsat (мақсат), janaliq (жаңалық);

X x - juxaz (жиһаз), qaxarman (қаһарман), аудахар (айдаһар)

5.3 Апострофты латын әліпбиін өзгертуді сұрайтын хаттар

**А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының директоры
Ерден Қажыбек мырзаға**

**Ш.Шаяхметов атындағы
тілдерді дамытудың
республикалық үйлестіру-әдістемелік
орталығының директоры
Ербол Тлешов мырзаға**

Бүгін Елбасының латын әліпбиінің екінші нұсқасын бекіткендігі мәлім болды. Президент әкімшілігіне тиісті Жарлықты әзірлеуді тапсырды. Сіздер соңғы рет елбасының қабылдауында болғанда, бұл әлі соңғы нұсқа емес деп айтқан едіңіздер. Сондықтан тағы да жетілдірілген әліпби жасалатын шығар деп күткен едім.

Апострофтарды қолдану арқылы жасалған әліпби қоланысқа жарамайды. Әркез сөз арасында жоғарғы үтірді басып отыру өте қиын, қарапайым халықтың меңгеруіне өте күрделі. Осыдан барып грамматикалық қателер көп жіберілетін болады. Сонымен қатар ең бастысы, бұл әліпбимен жазылған мәтін көрнексіз, бір сөздің ғана ішінде өте көп үтір, сөз ішіндегі үтірлердің арқасында сөздердің арасындағы аралықтар көрінбей қалады. Бір бүтін мәніге қарасаңыздар сөздердің арасында ешқандай аралықтар жоқ сияқты көрінеді. Соншама уақыт талқылап, сапалы әліпби жасаймыз дегенде, осылай әлемге масқара болатын болдық.

Өз басым диакритикалық таңбалардың қолданылуына қарсы адамдардың бірі едім. Сіздердің алғашқы, диграфтарды қолдану арқылы жасаған нұсқаларыңызға риза болып, екі қолымды көтеріп қолдаған едім.

Енді мына жағдайдан кейін, осы екінші нұсқаларыңыздан диакритикалық таңбалармен жасалған әліпбидің жүз есе артық екенін түсініп отырмын.

Төменде кездейсоқ абзацты алып үш түрлі латын әріптер жинағымен жазыдым. Қарап көріңіздер, бәрі салыстыру арқылы танылады дейді халықта.

Кириллицада:

«Universal B» ЖШС, Жарғының негізінде әрекет етуші Бас директор Джон Кэрридің тұлғасында, осы хат арқылы **2017.ОК-0000 – ҚОРЕК БЛОГЫ** сатып алулар бойынша сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын құжаттардың болуының қажет емес екендігін хабарлайды.

Апострофтармен:

«Universal B» JS'S, Jarg'ynyn' negizinde a'reket ety's'i Bas di'rektor Jon Kerri'din' tulg'asynda, osy hat arqyly **2017.ОК-0000– QOREK BLOGY** satyp

aly'lar boi'yns'a satyp alynatyn tay'arlardy o'ndiry'ge, qai'ta o'n'dey'ge, jetkizy'ge ja'ne saty'g'a, jumystardy orynday'g'a, qyzmetterdi ko'rsety'ge quqyg'yn rastai'tyn qujattardyn' boly'ynyn' qajet emes ekendigin habarlai'dy.

Дигарфтармен:

«Universal B» JSS, Jarghynyng negizinde ahreket etushi Bas direktor Jon Kerriding tulghasynda, osy hat arqyly **2017.OK-0000– QOREK BLOGY** satyp alular boiynsha satyp alynatyn tauarlardy ohndiruge, qaita ohngdeuge, jetkizuge jahne satugha, jumystardy oryndaugha, qyzmetterdi kohrsetuge quqyghyn rastaityn qujattardyn'g boluynung qajet emes ekendigin habarlaidy.

Диакритикалық таңбалармен:

«Universal B» JSS, Jargynyn' negizinde äreket etuşi Bas direktor Jon Kerridin' tulghasynda, osy hat arqyly **2017.OK-0000– QOREK BLOGY** satyp alular boiynsha satyp alynatyn tauarlardy öndiruge, qaita öndeuge, jetkizuge jäne satuğa, jumystardy oryndaugä, qyzmetterdi körsetuge quqygyn rastaityn qujattardyn' boluynun' qajet emes ekendigin habarlaidy.

Қайсысы көрнексіз екені айтпаса да түсінікті. Егер де диакритикалық таңбаларды қолдану ІТ технологияларда пайдалануға үйлеспейді десеніздер, бағдарлама жасауда бұл апосторофтарды да қолдануға жол берілмейді.

Сіздерден өтініп сұраймын, уәкілетті мамандар ретінде, Елбасына дереу хабарласып, өзгерістер енгізіңіздер. Осы қалпында қалдырып, бекіту, үлкен қателік болады деп санаймын.

**Ізгі ниетпен,
ҚР азаматы А.Ахметұлы**

**Директору Института языкознания им. А. Байтурсынова
Уважаемый Ерден Зада-улы**

Хотели бы выразить свою поддержку за переход на латиницу казахского языка. Но выступая от мнения общественности, а также отмечая проблемы которые могут возникнуть в наших сферах деятельности при введении апострофов в новый алфавит казахского языка, просим вас обратить внимание и переформировать данные дополнения к алфавиту. У многих компьютерных программ возникнут проблемы, так как апострофы играют важную роль при обработке текста. Теперь заполнение форм на веб-сайтах будет очень затруднено. Очень большое количество программ придется дорабатывать, переписывать, разрабатывать чтобы учесть эти апострофы и даже это не поможет, так как апостроф имеет специальное значение в компьютерных языках программирования. Апострофы создадут очень большие проблемы при обработке, конвертировании данных с кириллицы на новый алфавит.

Есть предложенные варианты казахского алфавита с перемещением апострофов. С точки зрения дизайна, у нас будет один из самых некрасивых

алфавитов. Просто представьте, как будет выглядеть книга “Абай Жолы“? Сейчас весь мир идет к Simplicity (простоте), а у нас все наоборот. То, что здесь предложено, это просто концепт, который можно доработать. Думаю, что логика внедрения апострофов была принята чтобы не вводить новые шрифты, так как обновлять базу шрифтов это очень сложный процесс, даже сегодня после 26 лет у нас небольшой выбор шрифтов на казахском языке". Подробнее о предложенном алфавите: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/musinu-onravilsya-variant-kazahskogo-alfavita-329845/

Большое количество Казахстанцев владеют английским языком, и по этой причине необходимо сделать все условия для того чтобы казахская латиница имела аналогичные звуки. Здесь в пример можно привести букву “U”, которая известна как “У”, но в нашем алфавите для нее употребляется буква “Y”. Это также создаст удобство для иностранцев изучающих казахский язык.

С Уважением,

Джайлыбеков Суяндык, ведущий специалист разработчик отдела сопровождения систем мониторинга АО «Национальные информационные технологии»

Есенов Мейржан, преподаватель Казахского Национального Университета имени аль-Фараби

Талгатов Алишер, ведущий специалист разработчик отдела сопровождения систем мониторинга АО «Национальные информационные технологии»

**А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтына**

Желдирменмен айқасқан Кихот серідей, үтірмен жан аямай-ақ айқасып жатырмыз бүтін бодан болып. Үтір - қатер!!!! Ол бекер емес.

Басқа халықтар ЖАЛПЫ ҮТІРДЕН, ОНЫҢ ІШІНДЕ етектегі үтірдің өзінен де қатты қорқады. Оны мынадан көруге болады: Казнить нельзя помиловать / Жазалауға болмайды кешіруге - дегенде үтірдің қай жерде тұратыны беймәлім болып қалуы мүмкін деген қорқыныш санасына кірген халықтың бірі орыс халқы, совет халқы ретінде біз де соның ішінде бармыз.

Біздің көзсіздігіміз сонда, етектегі үтірді елемей, басқа шығардық! Жоғарыға шығаруын шығарып алып, енді қиқуласып жатырмыз.

Ол ол ма! Үтірді күпір қыла алсақ жақсы, одан соң кекіл, айдар, құйрықтармен айқасатын шығармыз. Шаш қойғанда бір бөлек, ал әліппеде үтір де, кекіл де, айдар да, құйрық та КЕРЕК ЕМЕС, ЗИЯН!

АҒАЙЫН-АУ, Қуандық Ыбановтың фонетикалық әліппесін НЕГЕ АЛМАЙМЫЗ!!!

БІР ҮТІРГЕ ОСЫНША КҮШ-ЖІГЕР ЖҰМСАП ЖАТЫРМЫЗ.
Басқасына қалай төтеп бермекпіз?!

Құрметпен, Болат Сыздық

ҚОРЫТЫНДЫ

Тәуелсіздік алғалы бері қазақ оқырмандарының назарын аударып отырған өзекті пікірталастың бірі – қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру идеясы. Себебі жазу – белгілі бір әріптердің жиынтығы ғана емес, ұлттың өзіндік болмысын танытатын таңбалар жүйесі, сол ұлттың тарихы, мәдениетінің таңбаланған жәдігері. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, ғылымы мен білімінің, барлық саладағы даму деңгейін көрсететін маңызы зор әлеуметтік-мәдени құбылыс.

Бүгінгі күнгі бұқаралық ақпарат құралдары мен зиялы қауым өкілдері арасында кеңінен талқыланып жатқан мәселелердің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру үрдісі. Бұқаралық ақпарат деректеріне сүйенсек, бүгінде әлемнің 70% елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда. Бұл дегеніміз – білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білідерді. Демек, латын әліпбиінің біздің отанымыздың әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу талабының орындалуы жолында маңызды роль атқаратыны сөзсіз.

Ұлтымыздың рухани әлемі үшін маңызды болып табылатын осынау өзекті мәселеге байланысты бұқаралық ақпарат құралдарында түрлі ұсыныстар, ой-пікірлер тасқыны үздіксіз орын алды әлі де жалғасуда. Күн тәртібінде тұрған осынау өзекті тақырыпты одан әрі дамытып, латын әліпбиіне көшудің тиімді жақтары мен зиянды тұстарын талдап көрсетіп жазылған мақалалар қатары күн сайын толыға түсті.

Тарихтан белгілі, қазіргі қолданыстағы кириллица – қазақ тарихындағы төртінші алфавит екені бәрімізге мәлім. Сонау сақ дәуірі, түркі дәуірі кезеңіндегі ата-бабалаларымыз өздері ойлап тауып, енгізген, құрастырған алфавиттен басқалары бодандықтың кебімен күштеп енгізілді. Сондықтан төл тіліміздің табиғи болмысын жаңғыртуда жаңа әліпби реформасы қажет екенін Елбасымыз да, халық та дер кезінде сезінді.

Президентіміз әліпбиіміздің толықтай латын тіліне көшуін 2025 жылға қарай жүзеге асыруды көздеп, 2012 жылы Жолдауында ұсыныс білдірсе, 2017 жылы латын әліпбиіне көшудің нақты қадамдарын басып айтты. Бірақ бұл мәселеге кейбір азаматтарымыз наразылығын танытты. Мұхтар Шаханов ағамыздың өзі: «Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқын екіге бөледі» деген пікірін алға тартты. Бұл мәселе елде қарама-қайшы пікірлі екі таптың пайда болуына әкеп соқтырды. Әрине, латын әрпіне ауысу – оңай шаруа емес. Осындай даулы пікірлердің болуы да заңды құбылыс.

Жаңа әліпбиге көшуге қарсылықтың тағы бір ұшқыны мынадай болды: «Бұл еліміз үшін өте ерте қадам. Себебі тарихымызды енді-енді айқындап жатқанда, бұл – теріс қадам басушылық. Әріптерімізді азайтамыз деп, болашағымызды бұлыңғырландырып, тарихымызды өшіріп алмасақ игі еді» деген алаңдаушылық та байқалды.

«Қазақстанның латын әліпбиіне көшуі – заман талабы ма, әлде үлкен саясат мүддесі ме?» деген күдікті ойлар да туындағаны рас. «Мемлекеттік тілді жиырма жылдың ішінде толық меңгермей жатып латын әліпбиіне көшіру еш қисынға келмейді» деген жанайқайлар да болды. «Егер басқа әліпбиге көшу маңызды болса, онда көне түркі жазуына ауысқанымыз дұрыс шығар» деген тоқтамды пікірлер де айтылды. «Әліпби ауыстыру қыруар қаржыны керек етеді. Ал бұл тұрғыдан келгенде біздің әдеби-мәдени мұралар қайда қалмақ? Онсыз да латынша әріпті меңгеріп, кейін ауыса берерміз. Бірақ түбегейлі ауысудың қажеті жоқ» деген жанашырлық ұсыныстар да айтылды. «Мемлекеттік тілді толық меңгеру ұзақ уақытқа созылғанымен, соңы нәтижесіз аяқталып келеді. Оның қасында ресми тіл жоғары тұр. Ал латынға көшу арқылы біз орыстан құтыла алмаймыз. Болмаса тәуелсіздік жылдарында біржола латынды таңдауымыз керек еді» деген сыни көзқарастар да ұшқын беріп отырды.

Жаңа әліпбиге көшу мәселесіне қатысты халықтың пікірі екіге жарылғанымен, Елбасымыз алдына қойған мақсатынан тайқыған емес. Міне, 2017 жылы латын әліпбиіне ауысу туралы мақала жариялап артынша, халықтың оң көзқарасын таныған Президент артынша Жарлыққа қол қойды.

Назарларыңызға ұсынылған ақпараттық кітапта қазақ тілін латын графикасына көшіруге қатысты 2012 жылдан бері қарай БАҚ-та жарияланған мақалалар, ұсыныс пікірлер, сұхбаттар берілді. Олар 5 тарауға жіктеліп, тарихи оқиғалар ізімен сабақтастырылды. Әсіресе 2012 жылғы Елбасы Жолдауынан кейінгі латын әліпбиіне көшуге қарсылықтың екпінін су сепкендей басқан ғылыми мақалалар екенін ерекше айтып өткеніміз дұрыс. Себебі сол кезеңде БАҚ бетінде ғылыми уәжімен, негіздемесімен жаңа әліпбидің қажеттілігін түсіндірген ғылыми зерттеулердің жариялануы халықтың бетін жаңа бетбұрысқа бұрғаны айғақталады.

Қорыта келгенде, мерзімді және электронды БАҚ-та халықтың, зиялы қауымның, ғылыми ортаның еркін пікір білдіруі, ойын бүкпесіз ашық айтуы демократиялы қоғамның ілгері дамып келе жатқанын байқатады. Әсіресе жастардың ғылыми негізі бар уәжді тоқтамдарға ілесіп, ақиқат болмысқа ұмтылуы қуантарлық жайт. Бұнымен қоса, халықтың бастапқыда қарсылық білдіріп, кейін қазақ тілінің жазуына жаңа реформаның қажеттілігін түсініп, мойындаған қасиеті де элиталық ортаның мәдени ортаның дамып келе жатқанын аңғартады.

Түйіндей келгенде, латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздегі дыбыстық жүйелерді нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан латын әліпбиіне көшу біз үшін, болашақ үшін әлдеқайда маңыздырақ.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Латын әліпбиіне көшуге қарсымыз! Ашық хат // Abai.kz
2. Ақын М.Шаханов латын әліпбиіне көшуге қарсы // <https://www.youtube.com/watch?v=p85uzwqfo-4>
3. О переходе казахского алфавита на латинскую графику // <http://abai.kz>
4. Қазақ әліпбиін латын әрпіне көшіру қазақ тілінің ұлттық ерекшелігін сақтап қалуға және еліміздің ғаламдық процестерге қосылуына көмектеседі // © "Интерфакс-Қазақстан" агенттігі
5. Латын қарпі: сарабалдық қажет // <http://anatili.kazgazeta.kz>
6. Латын әліпбиіне көшу Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан елдерінде қалай жүргізілді? // <http://anatili.kazgazeta.kz>
7. Латын алфавиті: сөзді қойып, іске көшу қажет! // baq.kz
8. Латын әліпбиіне көшуге қарсылық – ұлт мүддесіне қарсылық! // <http://www.qazaquni.kz>
9. «Латын әліпбиіне көшуге қарсымыз!» дегендер түбегейлі қарсы емес екен // <http://www.altyn-orda.kz>
10. Қазақ тілінің дамуын қарқындататын жаңа әліпбиді қалай таңдаймыз? // <http://el.kz>
11. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Таяу жылдардағы міндеттер // http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
12. Өзбек пен түркіменнің қателігін қайталамайық // edu.e-history.kz
13. Латын әліпбиіне көшу – заман талабы немесе латын әліпбиіне көшу қазаққа не береді? // <http://www.ziyatker-on.kz>
14. Латын әліпбиіне көшу – дұрыс қадам // egemen.kz
15. Латынға көшсек // kazakhstanzaman.kz
16. Латын әліпбиіне көшкенде қазақ тілінің ахуалы қалай болмақ // <http://e-history.kz>
17. Бұның артында үлкен саясат және үлкен экономика жатыр // <http://e-history.kz>
18. Бізге латиница емес, тиянақты мемлекеттік тіл керек // <http://e-history.kz>
19. Латынға көшсек // kazakhstanzaman.kz
20. Латын әліпбиіне көшу туралы пікірлер // egemen.kz
21. Қазақ әліпбиін латынға көшірудегі асығыстық қосымша проблемалар туғызуы мүмкін // <http://www.qazaquni.kz>
22. Еліміздің қай аймағының латынға көшуді қолдамайтыны белгілі болды // www5.inform.kz
23. «Латын әріп – ұлттық кодымызды өркендетудің жолы» манифесі // <http://www.inform.kz>
24. Пікірталас нүктесі қойылды ма? // engine.org
25. Латын әліпбиіне көшу: зиялы қауым өкілдерінің пікірі қандай? // <http://www.qazaquni.kz>

26. Аузымыздан шыққан үннің, әріптің бірлігі болмай, ұлттың бірлігі болмайды // baq.kz

27. Латын қарпіне көшу. Талқы басталды //«Астана» телеарнасы, «Біздің уақыт» бағдарламасы <http://www.astanatv.kz>

28. Латын әліпбиіне көшу – ғылыми проблема емес, өте оңай құбылыс // Qamshy.kz <http://www.qamshy.kz>

29. Латын әліпбиіне көшу өзіміздің ішкі мәселеміз. Ресей халқы араласпасын! // <http://tilalemi.kz> Қолданысқа енгелі жатқан латын әліпбиі қандай болуы тиіс?// <http://jasqazaq.kz/2017/04/13/oldanys-a-engeli-zhat-an-latyn-lipbii-andaj-boluy-tiis/>

30. Латын әліпбиі: Жаңғыру – жазудан басталады//<http://www.tilalemi.kz/article/621>

31. Латын әліпбиі: Жаңғыру — жазудан басталады // <http://www.tilalemi.kz/article/621>

а. Латын әліпбиі //«Хабар» телеарнасы «Әңгіменің ашығы» // <https://youtu.be/-DydsW7xBq4>

32. Фазылжанова А. Латын әліпбиіне көшу барысында кирилл қарпімен жазылған еңбектер қайта жаңғырады // «Астана» телеарнасы Жаңалықтар. Тікелей эфир. www.astana.tv <https://youtu.be/D6CM7xCikiU>

33. Фазылжанова А. Ұлт болашағының бағдарламасы // <https://egemen.kz/article/ult-bolashaghynynh-baghdarlamasy>, «Егемен Қазақстан» газеті.

34. Қажыбек Е. Жаңа ұлттық әліпбиіміз – болашақтың бағдары // <https://aikyn.kz/2017/06/27/18593.html> №95

35. Бағдан Момынова Ұлттық кодты жаңғырту өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді жағады

36. Жүнісбек Ә. Латын әліпбиін тез-ақ үйренеміз // <https://aikyn.kz/2017/07/29/21889.html> «Айқын» №112 (3184)

37. Сарым А. Латын әліпбиіне көшу – қазақтың өз таңдауы // <http://atpress.kz>

38. Фазылжанова А. Латын қарпіне көшу мәселесі//«Хабар» телеарнасы

39. Бетпе-бет бағдарламасы // <https://www.youtube.be>

40. Фазылжанова А. Қазақстанға қандай латын әліпбиі қажет?// Azattyq TV https://www.youtube.com/watch?v=H_tTDyjQIqk

41. Базарбаева З. Латын әліпбиіне көшу қалай жүріп жатыр? // <http://www.qamshy.kz/article/latin-alipbyine-koshw-qalay-zhurip-zhatir.html> «Жас Алаш» газеті.

42. Фазылжанова А. Казахстан ждет сильнейший лингвистический кризис//<https://www.caravan.kz/gazeta/kazakhstan-zhdet-silnejshijjngvisticheskiij-krizis-399595>

43. Қажыбек Е. Мектептердің барлығы қазақ мектебі болуы керек! //«Қазақ үні» ұлттық порталы <http://www.qazaquni.kz>

44. Қажыбек Е. Латын әліпбиіне көшу арқылы тіл саласындағы жүйесіздіктен арыламыз // Baq.kz <https://baq.kz>

45. Латын әліпбиі – ұлт болашағы //QAZAQSTAN телеарнасы. 1-студия бағдарламасы
46. Қазақ тілінің келешегіне алаңдаймыз //КТК телеарнасы Жаңалықтар <https://youtu.be/WT2p9kuIF9A>
47. Латын әліпбиі – қазақ тілінің жаңа көкжиегі. Топтама материалды әзірлегендер: Дәуіржан Т., Имамбаева Д., Есембаев Ғ. // «Ана тілі», №37 (1399)
48. Қайдар Ә. Шешуші сәттегі қолдаушы күш // Егемен Қазақстан.12 қыркүйек 2017 ж
49. Сыздық Р. Тіл тазалығына ерекше мән беру керек // Егемен Қазақстан. 21 шілде 2017 ж
50. Жұбаева О. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектері – ұлттық кодтың негізі // Егемен Қазақстан. 28 шілде 2017 ж.
51. Күдерінова Қ. Ұлттық әліпбиі ұлттық дыбыстарымызға қиянат етпеуі керек. // «Мінбер» ұлттық интернет газеті. 8 қыркүйек 2017 ж
52. Базарбаева З.М. Казахская латиница: лингвисты против программистов //Время. 6 сентября 2017
53. Фазылжанова А. Латын әліпбиіне көшуде «бір әріп – бір дыбыс» принципі бұзылмауы керек // baq.kz, 30 қыркүйек 2017 ж.
54. Күдерінова Қ. Бұл әліпбидің ең тиімсіз, сорақы нұсқасы еді // «Азаттық» радиосы, 12 қыркүйек 2017 ж.
55. Сейтбекова А. Жаңа әліпбиі – болашаққа бағдар // «Алматы ақшамы» газеті, 17тамыз 2017 ж.
56. Переход на латиницу: конкурентоспособность и безопасность // Караван. 22 май 2017г.
57. Фазылжанова А. [Сохранить самобытность языка](http://vecher.kz) // <http://vecher.kz>,7 сентября 2017г.
58. Кажыбек Е. Квинтэссенция языковой реформы // Газета «правда» 4 октября 2017г.
59. Латын әліпбиіне көшу керек пе әлде жоқ па?// Жетісу телеарнасы, Болмыс ток-шоуы .«Тіл сақшысы» бағдарламасы, 20 қыркүйек 2017 ж.
60. Әміржанова Н. Латын әліпбиі мәселесі // «Алматы» телеарнасы, «Айтарым бар» бағдарламасы. 29 қыркүйек 2017 ж.
61. Жұмабаева Ж., Әміржанова Н. Ұсынылған әліпбиі бойынша тілтанымдық талдау // <https://kaz.tengrinews.kz>, 15 қыркүйек 2017ж
62. Жүнісбек Ә. Жаңа әліпбиі құлдық санадан құтқарады // 7news.kz, 21 қыркүйек 2017 ж.
63. Аманбаева А. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің бүгіні мен болашағы // Ұлт» тәуелсіз интернет-басылым // <http://ult.kz> 28 қыркүйек 2017 ж
64. Базарбаева З. Казахская латиница: опыт и перспективы // Казахстанская правда, 27 сентября 2017
65. Жүнісбек Ә. Латын әліппесінің жаңа нұсқасы таныстырылды // «Астана» телеарнасы, «Біздің уақыт» бағдарламасы. 14 қазан 2017 ж.

66. Әміржанова Н. Ұсынылып отырған әліпбимен әлі де жұмыс істеу керек // «Қазақстан» телеарнасы, 1-студия бағдарламасы. 15 қазан 2017 ж.
67. Момынова Б. Адамды алға жетелейтін нәрсе – жақсылық // «Дидар» газеті, 24 қазан 2017 ж
68. Бизақов С. Емле ережесі – сауаттылық кепілі // «Ана тілі» газеті, 10 қазан 2017 ж.
69. Бизақов С. Емле ережесі – сауаттылық кепілі // «Ана тілі» газеті, 2 қараша 2017ж.
70. Карбозова Б. Жаңа әліпбидің пернетақтасы қандай болады? // «Ана тілі» газеті, 27 шілде 2017ж.
71. Дүйсенов Қ. Латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ әліпбиі және unicode жүйесі // Kaz.tengrinews.kz. 26 қыркүйек 2017 ж.
72. Маралбек Е. Асыл тіл, түзу емле қазақта болуға тиісті...// Ана тілі» газеті, 22 қараша 2017ж.
73. Қажыбек Е. Жаңа бетбұрыс кезеңі басталды // <https://egemen.kz>
74. Қажыбек Е. Президент всегда с народом // www.kazpravda.kz
75. Қажыбек Е. Время активных действий // www.kazpravda.kz
76. Қажыбек Е. Президент қазақ әліппесін кириллицадан латын қарпіне көшіру туралы жарлыққа қол қойды // <http://www.astanatv.kz/news/show/id/61741.html>
77. Академиктер елбасы жарлығын қолдады // egemen.kz
78. Күдерінова Қ. Апострофты әліпбиге қалай қарайсыз? // <https://www.youtube.com/watch?v=P5JE8OI3k5s>
79. Күдерінова Қ. Жаңа жобаның ұтымды тұстары қандай? // <https://www.youtube.com>
80. Күдерінова Қ. Жақсы әліпби тілге шақ болу керек // <http://anatili.kazgazeta.kz>
81. Қажыбек Е. Нажимаете апостроф, и больше ничего придумывать не нужно // <https://informburo.kz/interview/erden-kazhybek-razrabotchik-latinicy-vsyo-chto-vyzyvaet-voprosy-osushchestvlyalos-iz-pobuzhdeniy-oblegchit-i-uluchshit.html>
82. Жүнісбек Ә. Білу маңызды. Латын әліпбиі // <http://e-history.kz/kz/contents/view/6680>
83. Жүнісбек Ә. Енді латын әліпбиіне көшетіміз белгілі. Енді қалай көшеміз // <https://www.youtube.com/watch?v=4uzT7puc7SA>
84. Қажыбек Е. Латын әліпбиіне байланысты жұмыс топтары құрылды // <http://anatili.kazgazeta.kz>
85. К изучению латиницы приступили // www.kazpravda.kz
86. Языковая реформа в действии // www.kazpravda.kz
87. Жүнісбек Ә. Қазақ жазуы: төл дыбыс – төл әліпби // <http://adebiportal.kz/kz/news/view/3264>
88. Орынай Жұбаева. Елдің ертеңі бүгінгі қадамдарымызға байланысты..
89. Ерден Қажыбек. Жалпытүркілік назарбаев әліпбиі

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	4
1-тарау. ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШЕМІЗ БЕ, КӨШПЕЙМІЗ БЕ.....	9
1.1 ДҰР СІЛКІНТКЕН ЖОЛДАУ: ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІ ҚОЛДАУШЫЛАР МЕН ҚАРСЫЛЫҚТАР.....	11
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы	12
Латын әліпбиіне көшуге қарсымыз!.....	13
Ақын М. Шаханов латын әліпбиіне көшуге қарсы.....	18
Базарбаева З. О переходе казахского алфавита на латинскую графику.....	21
Фазылжанова А Қазақ әліпбиін латын әрпіне көшіру қазақ тілінің ұлттық ерекшелігін сақтап қалуға және еліміздің ғаламдық процестерге қосылуына көмектеседі..	28
Күдерина К Латын қарпі: сарабалдық қажет.....	32
Фазылжанова А Латын әліпбиіне көшу Түркия, Әзірбайжан, өзбекстан елдерінде қалай жүргізілді?.	36
1.2ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ - ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН ДАМЫТУДА ДҰРЫС ҚАДАМ.....	49
Фазылжанова А Латын алфавиті: сөзді қойып, іске көшу қажет!.....	50
Қ. Иса Латын әліпбиіне көшуге қарсылық – ұлт мүддесіне қарсылық!.....	51
«Латын әліпбиіне көшуге қарсымыз!» дегендер түбегейлі қарсы емес екен.....	66
Анар Фазылжанова. Қазақ тілінің дамуын қарқындататын жаңа әліпбиді қалай таңдаймыз?.....	67
1.3 ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ МӘСЕЛЕСІ ҚАЙТА ОРАЛДЫ: ҰСЫНЫСТАР, ШҚІРЛЕР, ОЙ-ТОЛҒАМДАР.....	71
Н.Ә.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Таяу жылдардағы міндеттер	72
Өзбек пен түркіменнің қателігін қайталамайық.....	74
Латын әліпбиіне көшу – заман талабы немесе латын әліпбиіне көшу қазаққа не береді?	77
Мәулен Әшімбаев. Латын әліпбиіне көшу – дұрыс кадам.....	79
Мұртаза Бұлұтай. Латынға көшсек.....	80
Анар Фазылжанова, Зейнеп Базарбаева, Құралай Күдерина. Латын әліпбиі.....	81

Анар Фазылжанова. Латын әліпбиіне көшу барысында кирил қарпімен жазылған еңбектер қайта жаңғырады.....	85
Амангелді Айталы. Латын әліпбиіне көшкенде қазақ тілінің ахуалы қалай болмақ.....	86
Айдос Сарым. Бұның артында үлкен саясат және үлкен экономика жатыр.....	87
Әзімбай Ғали. Бізге латиница емес, тиянақты мемлекеттік тіл керек.....	88
Әділ Ахметов. Латынға көшсек.....	88
Латын әліпбиіне көшу туралы пікірлер.....	89
Олжас Сүлейменов. Қазақ әліпбиін латынға көшірудегі асығыстық қосымша проблемалар туғызуы мүмкін. Сұхбаттасқан Аян Мырзабек.....	90
Еліміздің қай аймағының латынға көшуді қолдамайтыны белгілі болды.....	91
«Латын әріп – ұлттық кодымызды өркендетудің жолы» манифесі.....	92
Мәрия Майлықұтова. Пікірталас нүктесі қойылды ма?.....	93
Латын әліпбиіне көшу: зиялы қауым өкілдерінің пікірі қандай?	97
Аузымыздан шыққан үннің, әріптің бірлігі болмай, ұлттың бірлігі болмайды.....	98

2-тарау. БҰЙРЫҚ ШЫҚТЫ: ТАМЫЗЫҚ ШІКІРЛЕР МЕН ҚЫЗУ ТАЛҚЫЛАУЛАР.....106

2.1 ҰЛТТЫҚ ӘЛПБИ ҚҰРАСТЫРУҒА НЕ КЕДЕРГІ: ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ТИІМДІ ӘЛПБИ ЖОБАСЫН ТАҢДАУ ЖҰМЫСТАРЫ ХАҚЫНДА.....110

Латын қарпіне көшу. Талқы басталды.....	111
Ерден Қажыбек. Латын әліпбиіне көшу – ғылыми проблемға емес, өте оңай құбылыс.....	114
Айдос Сарым. Латын әліпбиіне көшу өзіміздің ішкі мәселеміз. Ресей халқы араласпасын!	116
Қолданысқа енгелі жатқан латын әліпбиі қандай болуы тиіс?.....	117
Анар Фазылжанова: Латын әліпбиі: Жаңғыру – жазудан басталады.....	119
Әлімхан Жүнісбек. Латын әліпбиі: Жаңғыру — жазудан басталады	121

2.2 ҰЛТТЫҚ ТІЛ -КОДТАРДЫҢ КОДЫ: ТӨЛ ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІ АРТСЫН ДЕСЕК, ҰЛТТЫҚ ӘЛПБИ ЖОБАСЫ ЖАСАЛСЫН.....122

Анар Фазылжанова. Ұлт болашағының бағдарламасы.....	123
Ерден Қажыбек. Жаңа ұлттық әліпбиіміз – болашақтың бағдары. Сұхбаттасқан Гүлзина Бектас.....	125

Бағдан Момынова Ұлттық кодты жаңғырту өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді жағады.....	129
Әлімхан Жүнісбек. Латын әліпбиін тез-ақ үйренеміз Сұхбаттасқан Абай Аймағамбетов.....	132
Анар Фазылжанова. Латын қарпіне көшу мәселесі.....	135
Анар Фазылжанова. Қазақстанға қандай латын әліпбиі қажет?.....	142
Зейнеп Базарбаева. Латын әліпбиіне көшу қалай жүріп жатыр?.....	150

2.3. ЖАҢА ӘЛІПБИГЕ КӨШУДІҢ БЕЙНЕТІ МЕН ЗЕЙНЕТІ: ҚАНДАЙ КЕДЕРГІЛЕР КҮТІЛУДЕ.....153

Анар Фазылжанова. Қазақстан ждет сильнейший лингвистический кризис.....	153
Ерден Қажыбек. Мектептердің барлығы қазақ мектебі болуы керек!...	156
Ерден Қажыбек. Латын әліпбиіне көшу арқылы тіл саласындағы жүйесіздіктен арыламыз.....	162
Айдос Сарым. Латын әліпбиіне көшу – қазақтың өз таңдауы.....	165
Латын әліпбиі – ұлт болашағы. Сұхбаттасқан Берік Уәли.....	167
Өмірзақ Айтбайұлымен сұхбат.....	168
Латын қарпіне дәл қазір көшкен дұрыс.....	169
QALAI QARAI SYN.....	171
Латын әліпбиі – қазақ тілінің жаңа көкжиегі. Топтама материалды әзірлегендер: Дәуіржан Төлебаев, Дина Имамбаева, Ғазиз Есембаев.....	173

3-тарау. Ғылыми сындарлы-сарабдал ойлар.....188

3.1. ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫНА ЕРЕКШЕ МӘН БЕРУ КЕРЕК.....190

Әбдуәли Қайдар Шешуші сәттегі қолдаушы күш.....	191
Рәбиға Сыздық Тіл тазалығына ерекше мән беру керек.....	194
Орынай Жұбаева. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектері – ұлттық кодтың негізі	200
Құралай Күдерінова. Ұлттық әліпби ұлттық дыбыстарымызға қиянат етпеуі керек.....	208
Базарбаева З.М. Казахская латиница: лингвисты против программистов.....	211

3.2 «БІР ӘРІП- БІР ДЫБЫС» ҚАҒИДАТЫ.....215

Анар Фазылжанова. Латын әліпбиіне көшуде «бір әріп – бір дыбыс» принципі бұзылмауы керек	216
Құралай Күдерінова. Бұл әліпбидің ең тиімсіз, сорақы нұсқасы еді... 220	
Айнұр Сейтбекова. Жаңа әліпби – болашаққа бағдар	221

3.3 ЖАҢА ӘЛІПБИГЕ КӨШУДЕГІ МАҚСАТ - ТӨЛ ТІЛІМІЗДІҢ ИММУНИТЕТІН КӨТЕРУ.....225

Переход на латиницу: конкурентоспособность и безопасность.....	225
Анар Фазылжанова. Сохранить самобытность языка.....	230
Ерден Кажыбек. Квинтэссенция языковой реформы	233
Латын әліпбиіне көшу керек пе әлде жоқ па?	238
Нәзира Әміржанова. Латын әліпбиі мәселесі	241
Назира Әміржанова латын әліпбиінің артықшылығы мен кемшілігі....	244

3.4 ЖАҢА ЛАТЫН ӘЛІПБИІНІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ.....25

Ж. Жұмабаева, Н. Әміржанова. Ұсынылған әліпби бойынша тілтанымдық талдау	252
Әлімхан Жүнісбек. Жаңа әліпби құлдық санадан құтқарады	255
Айсәуле Аманбаева. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің бүгінгі мен болашағы	260
Зейнеп Базарбаева. Казахская латиница: опыт и перспективы	262
Әлімхан Жүнісбек. Латын әліппесінің жаңа нұсқасы таныстырылды..	267
Нәзира Әміржанова. Ұсынылып отырған әліпбимен әлі де жұмыс істеу керек.....	268
Бағдан Момынова. Адамды алға жетелейтін нәрсе – жақсылық.....	269
Сейдін Бизақов. Емле ережесі – сауаттылық кепілі.....	271
Сейдін Бизақов. Емле ережесі – сауаттылық кепілі.....	276
Бұлбұл Карбозова. Жаңа әліпбидің пернетақтасы қандай болады?.....	281
Дүйсенов Қуатбек. Латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ әліпбиі және UNICODE жүйесі.....	284
Ермұхамет Маралбек.«Асыл тіл, түзу емле қазақта болуға тиісті».....	286

4-тарау. Жарлық шықты: Бейімделу жұмыстары басталды.....293

4.1 ІСКЕ КІРІСЕТІН СӘТ ТУДЫ: 32 ТАҢБАЛЫ ЛАТЫН ӘЛІПБИІ ТАҢДАЛДЫ.....294

Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы.....	294
Ерден Кажыбек. Жаңа бетбұрыс кезеңі басталды.....	295
Ерден Кажыбек. Президент всегда с народом.....	296
Ерден Кажыбек. Время активных действий	297
Ерден Кажыбек. Президент қазақ әліппесін кириллицадан латын қарпіне көшіру туралы жарлыққа қол қойды.....	298
Академиктер елбасы жарлығын қолдады.....	299

4.2 ҚАЗАҚ-ЛАТЫН АПОСТРОФ ӘЛІПБИІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ.....302

Құралай Күдеринова. Апострофты әліпбиге қалай қарайсыз?.....	303
Құралай Күдеринова. Жаңа жобаның ұтымды тұстары қандай?.....	313
Құралай Күдеринова. Жақсы әліпби тілге шақ болу керек.....	316
Ерден Қажыбек. Нажимаєте апостроф, и больше ничего придумать не нужно.....	320
Әлімхан Жүнісбек. Білу маңызды. Латын әліпбиі.....	326

4.3. ЖАҢА ӘЛІПБИГЕ БЕЙІМДЕЛУ: НЕДЕН БАСТАУ КЕРЕК?...329

Әлімхан Жүнісбек. Енді латын әліпбиіне көшетіміз белгілі. Енді қалай көшеміз.....	329
Ерден Қажыбек. Латын әліпбиіне байланысты жұмыс топтары құрылды.	332
К изучению латиницы приступили.....	336
Языковая реформа в действии.....	337
Әлімхан Жүнісбек. Қазақ жазуы: төл дыбыс – төл әліпби.....	339
Орынай Жұбаева. Елдің ертеңі бүгінгі қадамдарымызға байланысты.....	370
Ерден Қажыбек. Жалпытүркілік назарбаев әліпбиі.....	373

5-тарау. КӨПШІЛІК ТАЛҚЫСЫНА САЛЫНҒАН ЛАТЫН ӘЛІПБИІ379

Латын графикасын қабылдауға қарсы хаттар.....	382
Ұсынылған жобалар.....	403
Апострофты латын әліпбиін өзгертуді сұрайтын хаттар.....	552

ҚОРЫТЫНДЫ.....556

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ558

МАЗМҰНЫ.....562